Өрт

(оңгіме)

Қажет АНДАС

Көкпартөбе" ауылынан шыға берісте жалғыз мазар тұр. Ары өткен, бері өткендерге ақ жол тілеп аттандырып салатын бір өмірдің естелігі іспетті. Көлік жүргізуші жігіт әңгімешіл болып кездесті, тарихтың қатпарлы тұстарынан сыр шертіп бізді көп жағдайлардан хабардар етіп келеді. Енді ол жалғыз мазар жайлы әңгімелей бастады.

– Ел де кейде өз тарихын құпиялау құбылыстар арқылы көрсеткісі келеді. Ауылымыз тіршілікке ыңғайлы дей тұрғанымен оның жыра-жылғасы мен әрбір тасында өзіндік сыр бар. Ауылдастарымыз осы бір жайсаң жерге орын тепкеніне қуанса да, кешкілік және таңертең толассыз соғатын желден әбден мезі болатын. Жел тіптен күшейген күн еді. Қыстың бір-ақ мұтам күні көк шоқыдан ары аунап ымырт үйірілген кез. Кешкі тамаққа енді ғана отырғанбыз, шәу етіп үрген иттің үні шыға қалды да, қыңсылап келіп есікке тығылды.

– Қарашы, не болды мынаған? – деп ағама бұйыра сөйледі әкем, – біреу-міреу келді ме?!.

Осындай кезде үйге әкемнің достары келіп әңгімелесіп қайтатын әдеті болушы еді. Солардың бірі болар деген оймен иттің үрген көп ой бөлмей жайбатырғанбыз, шығып ... асыға кірді де:

– ...соғаргы ауыл-...ні.

– ...ніше қалдық ...

– ...елдің бұ-...аман. Бір ...ең ойлап ...шем кейін ...м екі-ақ ат-...етін ...ұзбан далаға ...е отірік, маған ...жан шошынар-...лі, жел ұшырған ...л шоқ ауылдың ...жауып тұр екен. ...ықан ұшқындар біз-...ққа жоламай ауыл-...ерістік жағына ке-...катыр. "Сақтықта ...ақ жоқ" деген, өз әлі-...е өрттен сақтану ша-...ын істеген болдық.

Шешеме жәрдемдесіп ...үріп қарбаласта байқа-...аппын, әкем әлдеқашан ...ыққан үйге кетіп қа-...ыпты. Есік алдында үрейі ...шып екі қарындасым тұр. ...йге кіріп отырыңдар – ...деген шешемнің сөзін тың-...дар емес. Осы кезде кіші ...кемнің әйелі жетті үйге. Олардың үйі өрт шыққан ...йден жоғары отыратын, ...іздің жағдайымызды білмек ...олып тез жеткен екен.

– Жүрегім күйіп кетті ...ой, – деп отыра кетті де, ...олған жағдайды қысқаша ...аяндады:

– Баягы Нұрила Бекқожаның үйіне келіп шай ішіп кеткен екен. Суыққа тоңып жүрген байқұс, қайтсін, мал қорада кіріп біраз жылынып алайын деген болар, шылым тарта отырып көзі ілініп кетіпті. Өрт алдымен мал қорада, одан кейін үйге ілініпті. Елдің бәрі өрт өшірудің қамында. Әй, қайтер екен, мал қораның маңына баруға болмайды. Абайлаңдар! – деп өзі білетін жайларды қысқаша айтты да, екі қарындасымды үйлеріне ерте жөнелді. Оларды жеткізіп салуға шешем мені артынан жүгіртті.

Қолқанатқа жарағандығыма қуансам да іштей зәрем ұшып келеді. Ауыл үсті дегенің қып-қызыл шоқ, су тасып арлы-берлі жүгіріскен адамдар, әрбір үйдің, әрбір қораның төбесінде бірден адам, ұшқын ұшып келіп түседі де, олар оны мысық көрген тышқанша сабалап өшіреді.

Үйге қайта оралғанда шешем есік алдында тұр екен.

– Апарып салдың ба? – деп келте сұрады.

– Иә.Өрт лаулап жанып жатыр, адамдар қаптап жүр.

Көңілімізде Нұрила бізді де өртен кетпесін дейтін күдік-күмән бар. Шешеме жәрдемдесейін жүргенім болмаса, ойым далада.

– Алдымыздан Нұрила шыға келсе қайтер едік, әкемнің жоқтығы мынау? – деп сөйлеп кеткенімді білмей қалдым.

– Не сөйлеп келесің? – деген шешемнің сұрағы шыға қалған соң жиыла қалдым да, ойымды қайта жалғастырдым.. – Әсем қайтті екен, үйлері өртенгенде жылаған шығар, тоңып жүр ме екен, қалың киім апарып берсем шешем жібереер ме... ой, сауап болыпты, кеше әкесі әперген етікке сонша мақтанып еді... біздің де үйге өрт ілінсе қайтер едік деген ойдың соңына түсе беріп селк етіп жиыла қалдым.

Қойшы әйтеуір, әртүрлі ойдың жетегінде жүріп, бірнеше рет оңбай жығылдым. Бір сәтте абыр-сабыр басылып, ұйқым келе бастады. Мұны сезген шешем: Үйге барып ұйықтай гой, – деді.

Үйге келіп алып та қиялға ерік бердім. Қай уақытта ұйықтап қалғанымды білмеймін, ояна келсем үйде ешкім жоқ, пештен ағаш отынның шартылдап жанған үні шығады. Орнымнан атып тұрып сыртқа қарадым, бәрі дін аман екен, жел сап басылыпты. Кеше түнгі сұркейлі қызыққа күлімсірей қарап тұрған секілді күн арқан бойы көтеріліпті, киімдерімді асығыс киіне сала көшеге тарттым.

Өртенген бір үй мен екі қораның қасында бір топ адам түндегі өрт туралы әңгімелесіп тұр екен:

– Үйдің төбесін түсіріп жіберіп өшірмегенде тағы да бірнеше отбасын ойрандар еді бұл өрт, – деп қою қасты Қасым шал сөйлеп тұрғанда бардым.

– Өрт деген тілсіз жау емес пе? – деді тағы бірі күрсініп.

– Рас.

Өрт болған жер құрысқопасы шығып қара қоңырланып жатыр.Өрттің жалыны сарытапқа айналдырған тамдар жымырайып сұркейлі көрінеді. Өртенін болған соң да көп құйылған су қоламтаны лайсаңға айналдырған екен де, суықтың әсерінен қатып шоқалақ-шоқалақ төбешік қалыптастырыпты.

Ертеңінде мектепке барғанда, барлық баланың аузынан өрт туралы әңгімені естисің. Өрт тудырушы расында Нұрила екен.

Нұрила осы ауылдың мәндайға басар бір қызы болып өсіп еді. Әжет өскен, ерке, өнерлі қыз ауылдастардың әншісі де, бишісі де аталып, думанды жұмыс бастарында, өнер бәсекелерінде жүлделі орындармен көзге түсетін. Үлкендер оған "бәрекелді" жаудыратын да, жастар бір-бірімізден қызғанып қызарақтасушы едік. Алматыға да біздің ауылдың алғашқы түлегі болып оқуға аттанып еді. Кейін бір курста оқитын Әкпар деген жігітпен тұрмыстанды. Әкпар әзілқой, тартымды жігіт еді. Олар каникул сайын ауылға келіп, бізді думанға бөлеп қайтатын. Әке-шешесінен ерте айырылған Нұрила үшін осы ауыл оның әкесі де, шешесі де еді. Өмір кейде ауыздықсыз ат секілді гой, тұнығының бір-ақ күнде лайланатыны бар. Көп жандарды күйзелткен, талай отауды ойрандаған, талай шаңырақты шайқалтқан 86 жылғы төңкеріс Нұрила болашағына да үлкен азап ала келді. Әкпар тұтқынға алынып, жалған жаламен қайтыс болды. Нұрила оқудан шығарылып ауылға қайтарылды, бұл жерде де оны тыныш тіршілік күтіп тұрған жоқ. Келекенің, қорлаудың, кемсітудің нысанына айналып, қайғы шеге жүріп, ақыры сарыуайым ойсоқты қызбалыққа ұшыратты. Қоңыр күздің жанға жайлы бір күнінде көрші үйдің ытімен тамаққа таласқаны оның жынды болғанын әйгіледі. О, байқұс содан кейін не көрмеді?....

Шіркін, бір кездері Нұрила салған әндермен көңіл қапырығын шығаратын жандар одан аулақтай берді. Тірлік те тәлкек етуін доғармады. Осы бір өмірдің бейбақ сорлысы, міне, осылай үлкен өрт тудырып, мөлшерсіз зиян салып отыр. Кейде өмірдің әділетсіздігіне налисың. Нұриланың осындай күйге түсетін не жөні бар, оның өнінің түзу, ойының өрелі болғандығына кінәлі ме? Жоқ, Әкпардың тілге шешен, іскерлігі үшін бе?.

Адамдар да қызық, бір кездегі Нұриланы ұмытқаны секілді, оның өрт тудырған кінәсін де тез ұмытты. Өмір ежелгі әуенімен тірі пенделерін оңды-солды әділеуін тоқтатқан жоқ.

Міне, содан бері 19 жыл өтті. Нұрила қайтыс болғалы да он алты жыл болды. Ел болып жерлеп, басына сайғақ қадап атын жаздық. Алайда, оның құпиялау өмірі сол қалпында қала берді.

Е, тіршілік-ай! Адам жақсы болғандығы үшін тірі жүрмейді. Жаман болғандығы үшін өлмейді екен гой! – деп жүргізуші жігіт әңгімесін доғарды.

Жалғыз мазар көз ұшында қарауытып қалып барады. Біздерді де жоқтайтын жан бласа егер, шаң басқан әлиптерден табылармыз, – деп тұрғандай болды маған.

Сенбі, 19 қаңтар, 2008 жыл — 90 — Жетісу — e-mail: Jetisu2002@mail.ru

■КЕЛІНШЕКТЕРГЕ КЕҢЕС

Маска жасау білесіз бе?



Маскалар күні бойы көптеген стреске ұшыраған: жылы үйден суық ауаға шығу немесе керісінше, жел, суық жанбыр, лымқыл қардың астында қалған теріні жұмсартуы, темалдыруы және қоректендіруі қажет.

Майлы тері үшін: екі ас қасық майсыз ірімшікті екі-үш ас қасық айранмен араластырып бетке жағу қажет.

Құрғақ және қалыпты тері үшін: екі ас қасық ірімшікті бір ас қасық қаймақ және бір шай қасық зығыр майымен араластырып беттің терісіне жақса жақсы сіңуге береді.

Қолыңа да қарап қой

Егер жақсы қорғалмаған болса, қыстығүні қол бетке қарағанда қатты зардап шегеді. Сондықтан да далаға шығар алдында міндетті түрде қолға арнайы крем жақсан дұрыс.



Егер қолдың терісі үнемі құрғап, жарылып жүретін болса сода мен ыстық майы қосылған суға салып, ванна жасауды жиілеткен жөн.

Ояндың ба? Дастарқан басына жайғас!



Ағылшын ғалымдары ертеңгі тамақты ішпеген адамдардың суық тигіш жиі ауыратынын анықтаған. Оны жүргізілген тәжірибе де нақтылай түсті. Тәжірибеге 188 адам 10 апта бойы тамақ қабылдаудың уақытын жазып отырған. Оның көрсетуінше, ОРВИ-мен бірнеше рет ауырғандар ертеңгі тамақты сирек жейтіндер болып шыққан. Сонымен қатар бұл топтағы адамдар жеке өмірінің қиындығына және жұмыстағы келеңсіздіктерге жиі шағымданған.

ОЙТАМШЫ

ЖОЛБАРЫСТЫҢ ЖҮРЕГІ

немесе ананы аялау

Қажет АНДАС

Бала кезімізде әжемізден әдемі ертегілерін естіп өстік. Оның ішінде күлкіге қарық қылатын қызықты хикаялар да, қорқынышты ұлаттатыны да, пәтік сезімнің алыс арманға жетектейтіні де кездесетін.

Патшаның ауыр аяқ әйелі жолбарыстың жүрегіне жерік болыпты.

– Осының тауын әкелген адамға сұлу қызымды және патшалығымның тең жарымын бөліп беремін! – деп жарлық етіпті хан.

Бұл жолда талай адам мерт болып, сонында ханшаға ғашық болып жүрген тағы бала сансыз михнатты бастан кешіре жүріп тапсырманы толығымен орындап мұратына жеткен екен. Осы ертегіні естігенде әжептәуір ойланып қалушы едік. Бізге де сондай бір бақыт бұйырса деп армандаған кездеріміз де болған.

Ал, мектеп табалдырығын аттағаннан кейінгі жағдай мүлде басқаша болды. Иә, мектеп – білім ордасы. Дей тұрғанмен, ол бір кездері қызыл өкметтің құралы ретінде жұмыс атқарып келді. Біз соң атышулы биліктің қаны жерге тамбай тұрған мезгілде ержеткен түлектерміз, алған тәрбиеміз де соя таптың белгілеп қойған сызығынан асып кеткен жоқ. Ол кезде әлгінде айтылған ертегіні бізге үстем таптың еңбекші бұқараны езіп-қанағандығының сипаты ретінде түсіндіріп, өте ұлттың жылтырағын санамызға тықпалады. Соның әсерінен кластерлі тағылымдамаларымызды бізнің, өзімізді керемет қайырымы мол қоғамда туған ұрпақпыз-ау деп өстік.

Өткенге салауат. Тәуелсіз ел болдық, өткен тарихымызды, ондағы мұрамызды қайтадан зерделейтін кез келді. Расында, біз көп нәрсеге басқалардың көзімен қарап келіппіз. Асылдарымызды жасық етіп, бар байлығымыздың бағасына жете қойманыпыз. "Жолбарыстың жүрегіне жерік болған" дейтін терминді еншір ұлттың мұрасынан кездестірмедік. Қысқасы, осы бір ауыз сөз бізден қайсар халқымыздың кір шалмас қасиеті сезілді. Мұнда ұлттың ұландарын дүниеге әкелетін аналарға деген құрмет, аяпау, аскақ үміт, жүкті аналарға қолдан келер барлық жақсы жағдайды жасау керек дейтін міндет, ұлт келешегіне арқалатар ауыр жауапкершілік жатыр екен-ау. Бұл – бәрінен ана мұратын бүкіл санайтын халықтың хатқа түспеген / пәлсапасы, ең - "жатырды жаманның жатқысы келмеді" дейтін ұғымның терісін. Оның артқы жағында қазіргі ерлік тоқтысоқ сынды қазақ халқына ғана тән дәстүр бар, мұның бәрі сабақтасып келіп ұрпақты бәрінен ұлық көретін ұлттық ұғым шығады. Жолбарыстан да жүректі ұлды тек жолбарыстың жүрегіне жерік болған әйел тудыра алады дейтін ой. Төл тарихымыздың тек батырларымен қоса жырланатындығы осы жағдайға байланысты шығар. Ал осындай қайсар халықтың ұрпағы қалайша Азияның барысына айналмаска?!

Алдымызда үлкен сын күтіп тұр. Ол – Пекин олимпиадасы. Бұл – елдің елдігін көрсететін, ұлттың атын шығаратын алаңан сәйкес. Осы бәсекеде қазақтың Жеңбайрағын желбіретер ұл-қыздарымыз жолбарыстың жүрегіне жерік болған аналар тарағын халықтың перзенті екенін естеріңен шығармағаны жөн.

«Жетісудың» отбасы беті • №1 • БІЗДІҢ ТІЛЕК: Отбасыңыздың қуанышы ортаймасын



Жауапты шығарушы Жанкүміс ЖӘМЕНКЕ — 24-30-57.

■ОТБАСЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ



Жас жұбайлар ата-ана болуға әзір ме?

БӘРІ ДЕ БАЛА ҮШІН...

Маған олар қыз-жігіт болып, бірін-бірі сағынып, кездесуді аңсап, қимай қоштасып, қол ұстасып ұзақ қыдырар уақытты өздерінен өздері ұрлағандай болып көрінеді. Бірі – жирмада, бірі – он тоғызда. Таныскандарына жарты-ақ жыл болған. Екеуі де студент, ақылы оқу орындарында. Көзқарастарындағы сезім ұшқынын байқап, бірбірін жақсы көретініне қуанасың; ақ көйлектің кең етегі де жасыра алмай тұрған жүктіліктің көрген сәтте жас жұбайларды енді аяй бастайсың. Жұптық өмірдің екеуден-екеу болудан емес отбасының үшінші мүшесін тосудан басталатынының өзіндік қиындықтары болатынын білмейді-ау олар. Махаббат маусымының ең қызықты шағында алі өмірге келмеген шарананың мүддесімен санасу кажет. Ал ол екеуі болса әлі өздері бала... Сол себепті жас күйеу тұрмыстың тыныс-тіршілігіне құлақ түрудің орнына отбасылық өмірдің не екенін түсінбей жатып, алаңсыз қызықты баска жақтан іздей бастайды. Келіншек болса қыз ғұмырды жауапсыздықпен өзі қыскартқанын мойындауға шамасы жетпей ендігі кезекте басына түскен сансыз міндеттер мен шектеулерден шаршағанына шағымданады.

Не керек, күйеуін қалай жақсы көруді де әлі дұрыс үйрене алмаған, әйел болудың не екенін сезініп те үлгермеген жас келін шеше болады. Тар құрсаңын кеңітіп, алпыс екі тамырын идіріп дүниеге келген нәрестесін жанынан артық жақсы көру – әйелдің табиғат еншілеген қасиеті. Ендеше шкафтан орын алған кешегі қалыңдық көйлегінің қызы сынып үлгерместен "жігітіне" деген махаббаты перзентіне ауып кете баратынына да ақықат. Ал оның орнына жас ана сәлпал есейген болса және үйленген соң олар екеуден-екеу оңаша біршама өмір сүрген болса ерлі-зайыптылық әліппесін үйренуге бетбұрыс жасаған болар еді. Өзара қарым-қатынас орнығып, бір-біріне сезім сыйлау мен жұбайлық өмірдің әдет-әдебін меңгеруге мүмкіндік болады. Соның нәтижесінде келмей жатып, құқын мойындатар отбасының үшінші мүшесі ата-анасының махаббатын "ұрлаудың" орнына ығайта түскен болар еді. Мұндай болмаған жағдайда , яғни өздерінің бұғанасы қатып үлгерместен алдымен бала жасап алып, сосын үйленетін, тойдың соңғы қонағы таркап үлгерместен нәрестелі болып жататындар – ұзамай ажырасатындар. Өйткені олардың сезімдерінің өзі ығайып үлгерген жоқ...

Сол себепті мен үйленбей жатып тұңғыштары туған жас жұбайлар халықтың санын көбейтіп жатыр деп қуана алмаймын... Мұндай отаудың керегесі кенейіп, шанырағы биіктемей жатып, қалай тез қосылса солай жылдам ажырасып жататынын жиі көріп жүрмін. Міне, сондықтан да ұл мен қызды үйленуге де, үй болуға да ерте бастан және жүйелі даярлау кажет. Әсіресе мектеп бітіріп, студент атанғанда, ата-ана бақылауы азаятын шақта жоғарғы оқу орнында тәрбие жұмысының үзіліп калмағаны абзал. Оның ішінде, әсіресе, ұлттық тәрбиенің алтын арқауы берік болғаны жөн.

Бүгінде үйленіп жатқандардың ата-анасы бір ұл, бір қызбен, асқанда үш баламен шектелгендер. Олар немере сұранысына шектеу қоймайтын, айтқанын бұлжытпай орындайтындар болса, қиындық екі еселенері хақ. Өздерінің кажеттерін толық өтей алмай жүрген студент жұбайлар ендігі жерде баланың барлық керегін қалай түгендей алады. Амалсыздан, әрине, мүмкіндігі болатын болса перзенттерімен қоса өздері де ата мен әженің жалақысына жармасады емес пе. Ұяты барлар баласына қарасқаны үшін өздері барға мәз болып, жоққа қанағат күн кешеді. Алайда қызық пен қуанышқа көп елігетін жастық шақта оған шыдау да оңай емес. Бірі төзімділік танытса, екіншісі екі аптa үстінен түспеген көйлектен безгендей жалығып шыға келмесіне кім кепіл. Немесе үйленіп ерлі-зайыпты болғанына қарамастан толығымен ата-ананың мойнына мініп алады. Өздері тапқан, қалауынша жұмсайтын қаражаты болмағандықтан достармен араласуға, көңілі қалаған кезде кешеге шығуға, ұнаған затты сатып алуға да мүмкіндігі жоқ. Мұның бәрі жас жұбайлардың сезіміне сызат түсіріп, салқындыққа жол салады.

Бала үйлесімділік орын алған отбасында ғана бақытты. Ендеше болашақ ата-ана алдымен өздерінің жан дүниесінде үйлесімділік бар ма, жоқ па, соны анықтап, оған жол салар сезімдерін сыннан өткізіп барып, үйленгені абзал. Ал оны жастарға ерте бастан үйрету, бағытбағдар беру ересектер міндеті. Өсіріп отырған ұл мен қыздың тамағы тоқ, киімі бүтін болғанмен өлшенбейді ата-ана міндеті. Өмір сүруге бейім болуы үшін тағылымды тәрбие кажет. Сол себепті ойлана жүрелік, ағайын.

Ж. АҚЫЛБАЕВА.
ТАЛҒАР ҚАЛАСЫ.

■БОЯМАСЫЗ ӨМІР

Қадірін қашырған қария

«Үлкенге құрмет, кішіге ізет». Соңғы уақыттары осы айтылған қағида ұмытылып бара жатқандай. Үлкендерімізді қастерлейтін құрметтің қашқанын көріп қалған кей сәттерде қарнымыз удай ашып жүргені жасырын емес. Бұған мысал айта кетсек, көше бойларына отырып алып, жастармен бірігіп карта ойнап жатқан қарттар кейбір ауылдарда кездесіп қалып жүр. Тойтомалақ, отырыстарда да өзінің баласындай жастармен стақан соғыстырып, шарап ішкен қарияны көргенде амалсыздан жағаңды ұстайтының шындық. Ол ол ма? Жақында мынадай бір оқиғаның куәсі болдық.

Көрші ауылда құрметті бір азаматтың мерейтойына арналған аламан байге болып өтті. Бұған Райымбек, Еңбекшіқазақ аудандарының шабандоздары да қатысты. Жиналған топ алдында үстіне қазақтың ою-өрнегі бар шапан, басына ақ қалпақ киген бір қария отырды. Алғашында «Қандай жарасып тұр», — деп ұлттық киім киген ақсақалға ішіміз жылып қалған болатын. Бірақ бұл қуанышымыз ұзаққа созылмады. Аламан байге өтетін алаңда орнатылған сахнаға шығып алған әлгі шалымыз байгені басқарушы жігіттің қолындағы микрофонды алып, қазақтың қара өлеңін оқып тұрып алды. Жүргізуші жігіттің: «Келген шабандоздарды көпшілікке таныстырамыз. Қоя тұрыңыз,» — дегеніне қарап жатқан ол жоқ. Одан сайын өршелене түсіп, жиналған көпшіліктің мазасын алып, әлден уақыттан соң барып тоқтады. Ал енді аламан байгеде келген сәйгүліктерді тіркегенде әлгі қариямыз қоярда-қоймай мініп жүрген астындағы атын жаздырды. Бабы келіспеген ат жиырма бес шақырымдық қашықтықтағы байгеде бір айналым айналмастан орта жолда жарыста шығып қалды. Қарияның бұл ұнамсыз қылықтарына жиналған жұрт бас шайқап қойып, күліп жатты. Өз қадірін қашырған қария тер басып, болдырған атын байге алаңынан сыртқа жетектеп жүре берді. Ел бетіне қайта бұрылып қарамады. Өкініштік...

Ескермес СӘРСЕНБАЕВ.

ШОНЖЫ АУЫЛЫ,
ҮЙҒЫР АУДАНЫ.

■ШАҢЫРАҚ ШАТТЫҒЫ

Жарасты жандар бақыты

Марияның ата-анасы Карл мен Елена сонау алыстағы Сібірден осы Алғабас ауылына 1959 жылы көшіп келген-ді. Ұлты неміс болғанымен олар осы ауылдың адамдарымен біте қайнасып, араласып кеткен еді. Балалары Мария мен Андрей осы Алғабас ауылында дүниеге келді. Ол әдемі болып бой жетті. «Қымызды кім ішпейді, қызды кім айтырмайды» дегендей тұрмыс құруды көздеген бірдеңкелі орыс, неміс жігіттері сыртқа келіп Марияға сөйлесе бастап еді, оларға Алғабастан ешқайда кетпейтінін өзінің көптен бері ұнатып жүрген жігіті бар екенін ескертті. «Сарғайған жетер мұратқа» дегендей оның көптен ұнатып қалай сүйгені Темірхан болатын. Темірхан да Марияны бір күн көрмесе тура алмайтын. Бұлардың жарасқан махаббатына ешкім де бөгет бола алмады. Рас, алғашында Темірханның ағайындарының ішінен: «Мариядан басқа қазақтың қызы құрып қалып па?» — деген бірдеңкелі жасы егде адамдардың күңкіл сөздері де естілмей қалған жоқ. Ондайда Мария да қойдың асығындай болып өзіміздің көз алдымызда өсіп есейді емес пе. Қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қай қазақтан кем білуші еді? — деп алғашқы пікірге қарсы дау айтушылар да болды. Үлкендер жағы келініміз келісті-ақ деп ағынан жарылатын болды.

Айнабұлақ бекетіндегі орта мектепті 1977 жылы аяқтаған Мария екі жыл ауылдағы аралас тауарлар сататын, магазинде сатушы болды. Бұдан кейін үш жыл колхоз кеңсесінде хатшылық қызмет атқарды. Мәңгі қызметі үшін колхоз жолдамасымен Болгар Халық Республикасына, ал келесі жылы механизатор болып жұмыс істейтін Темірхан да жолдамамен Болгария және Румынияға туристік саяхатқа барып қайтты. Бұрын саяхаттан алған әсерін, көргендерін Мария әңгімелейтін болса, енді көргендерін Темірхан мен екеулеп еске түсіре отырып, ақырында «өз ауылымызға жетпейді» деп аяқтайтын.

Отбасы құрған бұларға шаруашылық басшылары колхоз орталығынан жаңадан салынған кең де зәулім бес бөлмелі үй берді. Алдыңғы бөлмесін Мария көптеп сіңірген еңбектерінің далаға кетпей әкелгенімен қуанышты. Иә, еңбек құдіретті күш. Адамның қадір-қасиетін, абырой атағын да айқындап беретін еңбек. Темірхан мен Мария бұл күндері шаңырақтергендерінен күн тойын тойламақ. Өмірге Елена мен Русланды әкеліп, тәрбиелеп өсірді. Елена жеке өз алдына түрмыс құрған, Жетіғенде тұрады. Русланы қалада құрылыста еңбек етіп жүр.

Енесі Сағат та келіні Марияға дан риза. Жергілікті орта мектепте шет тілі, еңбек пәнінен сабақ берген Мария оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар арасында да құрметті. Ол Алматы шет ел тілдері институтын сырттай оқып бітірген. Гильгенберг Мария тек сабақ берумен шектеліп қалмай қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүреді. Жеті-сегіз жылдан бері мектеп кәсіподақ комитетінің төрайымы болып қоғамдық қызмет атқарып келеді. Сынып жетекшісі ретінде де өзінің сынып оқушыларымен оңай тіл тауып, оларды өзіне баурап алатын шеберлігі бар. Олардың әрқайсысының мінез-құлқына қарай үлкен адамдарша сөйлесіп, сенім артып, тапсырмалар беріп отырады. Бұдан бұрынырақ 10-сынып оқушыларымен «Күй атасы — «Құрманғазы», 11-сынып оқушыларымен өткізген «Желтоқсан ызғары» атты тақырыптардағы ашық тәрбие сағаттары алға қойған мақсатына жеткендігімен, кең ауқымдылығымен қатысушылардан жоғары баға алды. — Гильгенберг Мария қандай тақырыпта тәрбие сағатын өткізсе де алға қойған мақсатын аша біледі. Мазмұнды да тартымды өткен тәрбие сағаты ұзақ уақыт ұмытылмай есте қалады, — дейді директордың тәлім тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Үлбала Жексенбаева.

Жұбайы Темірхан жеке шаруа қожалығында механизатор болып еңбек етеді. Бақыт кілті — еңбекте. Екеуінің де жұмысы, қарасында малы бар? Ең бастысы олар ауызбірлігі, ынтымағы жарасқан өнегелі отбасын құраған бақытты жандар.

Нұртай ҚЫДЫРАЛЫҰЛЫ.
АЛҒАБАС АУЫЛЫ.
КӨКСУ АУДАНЫ.

■БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

Көңілсіздік жайлағанда

Дәл осы жерде тоқтау керек екендігін білесіз, алайда бойыңызды қысқан ашуға қарсы ештеңе жасай алмайсыз. Олай болса батыстық психологтар ойлап тапқан аса күрделі емес психологиялық әдіс арқылы көңілсіздікпен күресіп көріңіз.

Өзіңізді тыңдап көріңіз

Таза қағаз парағын, қарындаштар немесе фломастерлер алып, үстел басына жайласын отырыңыз. Бірнеше минөтке көзіңізді жұмып, өзіңізді, ішкі ойларыңызды тыңдауға тырысыңыз. Енді басыңызға алдымен не келсе соны қағазға сурет етіп сала бастаңыз. Қалам-қарындашты сол қолға ұстаған жөн. Сызықтар, кескіндемелер, неше түрлі түстер салыңыз. Ең бастысы – не салып жатқаныңыз туралы ойланбау. Мазаңызды алған нәрсені қағазға көшіруге тырысыңыз. Қағаздың беті толғанға дейін сурет салыңыз. Соған кейін парақтың екінші жағын аударып, көңіліңізді бұзып, ашу-ызаңызды тудырған жағдайға байланысты барлық жаман сөздерді жазыңыз. Өзіңізді жеңілдеткен сияқты сезінген кезіңізде жазуды тоқтатыңыз. Соған кейін аз қағазды жағып жіберіңіз немесе барлығы сонымен бірге кетсін деген ниеттен ұмаждан ақтырып жіберіңіз.

■ ТАҒДЫР

Бақытқа себеп болған... өтірік

Арман мен Анар осыдан төрт жыл бұрын аялдамада танысқан болатын. Бір қызығы сол күні екеуі де үлкен бір мекеменің жанадан ашылған филиалына жұмысқа тұруға келген болып шықты. Бірі-зангер, екіншісі – экономист. Ұзын бойлы, өзіне өзі сенімді, мығым жігітті бойжеткен аялдамаға келе жатқанда-ақ аңғарғанымен, аяқ астынан тілдесіп кетерміз деп әсте де ойламаған. Мүмкін тағдыр деген осы шығар.

Ертесіне жана жерде бір-бірін бағалардан билетін адамдардай жұмысқа кірісіп, өздерінен бұрын келгендермен тез арада үйренісіп те кетті. Жарты жылдан соң өтегердің бұлардың жай ғана дос екеніне күмәндана бастаған күдігі шынға айналып, бір-біріне деген сезімдерін енді ешкімнен жасырмайтын болды. Көп қыздардың Арманға деген көзқарастары мен сыпайгершілігі оның ерекше назарын аударатын кәсынан шықпайтыны әсер етті ме әлде қайран жинрма бестің ауылын бетке алған қызының "кәрі қыз" атануынан қорқып, көрген сайын Арманды мактай жөнелетін шешесінің "қандай жақсы жігіт, орныңды" деп қоймайтынынан шықты ма керемет бір күйіп-жанып тұрмаса да Анар кетері болмады. Уақыт деген жылдам емес пе, арала тағы бір бес-алты ай өткенде ұжымдағылар олардың үйлену тойына құп болысты.

Той сән-салтанатпен өткенмен отбасылық өмір бейне бір алдын ала сығылып қойылған кестедегідей тыныш өтіп жатты. Екеуі үйде де, жұмыста да бірге. Кейде Анардың іші пыскандай, ерекше бірдеңе жетіспегендей болғанымен, баска ештеңеге алаңдамайтын. Кейін Елнұр өмірге келді. Бала десе жаның сәдага етуге дайын тұратын Анар енді күйеуі мен нәрестесінен басқа ештене ойламай, жақсы шеше, ұзамай жар болудың жолына түсті. Жұмыстан шыршын келеді, қызметі өссін деп тіпті өз мүддесін ойдан шығарып, бар уақытын күйеуінің кас-қабағының дұрыс болуына жұмсалыкірген жүды, дәмді-дәмді таңғы піспді.

Бір күні ойламаған жерден университетте бірге оқыған құрбысы телефон шалып, кешке бір мейрамханада студенттік кездегі аралас-құралас болған топтың жиналатынын айтып, жұма күні соған келуін өтінді. Арман мұндай баскосуларды жактырмайды, уақытты боска шығын кылу деп есептейді. Оның ойынша, үйлі-баранды болған әйел тек отбасының қамын жегені дұрыс. Төрт қабырғаның ішінен шыкпау кейде жалыктырғанымен күйеуінің мынғайына жығылып, талай жерге бармай калған. Содан болар бірқатар құрбыларын да алыстап кетті. Ал бүгінгі курстастарынан жеткен хабар көңіл көжігерін алай-дүлей етті. Бәрі жиналса, Ермек те келетін шығар деген ойдың қылаң беруі сол екен студенттік өмірдің талай қызығы мен шыжығын бірлескен, тіпті құрбыларынан көнілі калса да ізден барып, мұның шағатын Ермектің мейірім мен камқорлыкка толы бейнесі көз алдынан кетпей қойғаны.

Арман екеуінің үйлену тойының үстінде алған рет Ермек Анарға деген махаббаты жайында әңгіме шертken. Бір-бірі көз алдынан күні кешегідей тізбектелiп өтіп жатты. Алыста калған студенттік шақтың жанға жылы ескертпештері біртіндеп санасын жаулап, Анардың қалайда осы кешке барғысы келді. Бір мезгіл өзімен-өзі болып, күйеуінің жолын күзетуден демалуды ойлаған ол өмірінде алғаш рет өтірік айтпақшы болды. Жұма күні Елнұрды алып, шешеге барып келетінін айтқанда бір қызығы Арман бірден құптай жөнелді, тіпті ешқайсай бір-екі күн болуға да ақыл қосты. Ұлының киімдерін жинастырып жүріп, арасына сәнді бір көйлегін де қыстыра салды.

Еркіндік деген қандай

Көптен күткен кеш те жетті. Еңбектей бастаған кішкентай Елнұр алаңсыз ұйықтап жатыр. Анар болса шешесінің күйеуі бар келіншектің жалғыз өзі қыз кезіндегі достарымен кездесуге баратындығының әбестік, ұят, дұрыс еместігі жөнінідегі ұзақсонар әңгімесін тыңдай жүріп, айна алдынан шыкпай қойды. Қоңырауы шыр еткен есікті ашып қалғанда қолына ашак түлдір ұстаған Ермек тұрды. Өзгеріп кетіпті, сәл толып, бұрынғыдан да әдемі болып кетіпті. Кеш керемет көңілді болды. Көпшіліктің назары өзіне ауғанын, Ермектің кеш бойы көзімен тек өзін іздегенін сезініп, ішкі-сезгі катқанша күліп сонпалықты жақсы демалды. Түн ортасы ауып таңай бастаған шағде Ермек шығарып салып, шешесінің үйінің алдында бағы бір кездегідей бір-бірін қимай достық жылы пейілде коштасты.

Күйеудің тамашасы

... Келесі күні Анар ұйқыдан керемет бір жеңілдік, жақсы көңіл-күймен оянды. Дәл бүгін тамаша бір өзгеріс болатын сияқты сезінді. Тек достарымен кездесу үшін Арманға айтқан кішкентай өтірігі жанын жеп, өзін кінәлі сезінгенін көп алмады. Алдағы демалыс күндерінің өтуін күтпей-ақ, тезірек отбасына барып, күйеуіне дәмді тамақ пісіріп беруді ойлаған ол ұлын тез-тез киіндіріп, жолға шықты.

Пәтеріне енген ол күйеуі дайындап қойған тамашаның үстінен түсті. Жабдыракат шай ішіп отырған хатшы қызды құп шығып, көз жасына тұншыға жұрт, опасыз күйеудің заттарын жинастырып, сөмкеге сала бастады.

– Жаным, маған да шай құйшы, – деп ванналан халаттпен шығып келе жатқан Арман мұны көріп:

– Сен бе?! – Бейне бір Анарды бетен еркекпен ұстап алғандай ашу шақты. – Бүйірі томпиған сөмкені көріп: – Анар, мұның не, сен өзің кінәлісің!

– Иә, мен кінәлімін, сені таңдап, сенен ұл туғаным үшін кінәлімін.

– Иә, шынымен-ақ, алдымен ұлымыз туралы ойламайсың ба? Қалай күн көресіңдер? Заңгерліктің азғантай жалақысы неге жетеді?

Анар ерік-жігерін жинап, үндеместен орнына тұрып кетті. Оның артынан көздеңкі жасап, бірдене деп міңгірлеген Арман амалсыз есікті катты жауып, шығып кетті.

Анар ендігі жерде басталатын жаңа өмірін ойлап ас үйде бірақ отырды. Жаңағы сонша кинаған кішкентай өтірігінің осыншалықты ашы шындықты ашкарыға тағылып және оның өзіне кажеті бар-жоктығын канша саралағанымен байқамыз таба алмады. Бөбегі алаңсыз машиналарды жарыстыруға кіріскен...

Жаңа өмір

...Бірнеше ай өткен соң Анар әйелге кажетті бақытты сезіне бастады: жаңа карым-катынас, адвокаттар бюросындағы жаңа жұмыс, өзінің кажеттігін сезіну, атқарған ісінен рахаттану, күн сайын шашы гүлдер, тілі шыға бастаған баласының дәптерге жазып көзр әрбір сөзі. Енді тіпті ноя бір кішкентай өтірік болмағанда өмірінің қандай болатынын елестету де киын...

■ Шын бақытты адам – отбасында бақытты адам.

■ Сүйікті адамыңыздың сезімі мен ұмтылысы, таным-талғамымен санасуды есте ұстағайсыз.

■ Қанша айналса да оралған жіптің шеті шыкпай коймайды.

ҚАЗАҚ ЖАҢА ЖЫЛДЫ «НАУРЫЗ» ДЕЙДІ. ОЛ ДІН МЕЙРАМЫ ЕМЕС, ТҰРМЫС МЕЙРАМЫ, ШАРУАШЫЛЫҚ МЕЙРАМЫ.

Мағжан ЖҰМАБАЕВ.

Сенбі, 22 наурыз, 2008 жыл

Жетісу

e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Тасқындатып туған елдің ырысын,

ХАЛҚЫМА БАҚЫТ БЕРЕ ТӨР

НАУРЫЗ

Шалқыма



Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

О, Наурыз-көктем, көрдім бе сені тағы да, оралдың ба екен халқымның шаттық, бағына. Шуағын төгіп көктегі күннің күлгенін, күтіп жүр едім сағына.

О, Наурыз-көктем, асқартау арман, ән-сағым, жеттің бе аман араға салып қанша күн. Ақ жаңбыр күзден, аязды қыстан шаршадым. Өзіңе содан ауа береді ансарым.

О, Наурыз-көктем, Шығыстың болған жыл басы, тірліктің мынау тынымсыз үнін тыңдашы. Көктемін күткен көудеге тағар гүл де осы, көктен үн күткен көрмеге салар жыр да осы.

Жан бітіп тәнге, мың өмір бастау алатын, тіршілік тағы қырандай жайды қанатын. Адамзат, ән-күй, бақа-шаян мен құмырсқа, тұрыңдар түгел, түрленер соқты сағатың!

О, Наурыз-көктем, жабырқау көңіл жүр едім, өзіңмен бүгін жаңардым дағы түледім. Келер деп сені Алладан медет сұраған, бере гөр жұрттың тілегін. Үмітін тапсын өзіңнен мұңлы, шемен ер, жігітін тапсын ару қыз Айға теңелер. Ғасырлар бойы азат күн көрген Алаштың. О, Наурыз-көктем, тілегің бүгін бере көр!

Жетем деп бүгін еркенді жұртқа дүрлікті ел, өзіне сенбей болмайтын істі кім жүктер. Пейілі таза, жүрегі дархан халқыма, әуелі соған алдарар сана, бірлік бер Тәуелсіз таңның атқаны қандай тым ыстық, ынтымақ барға қонады дейді ырыс-күт. Осының бәрін баянды қылғай әз-Наурыз, бере көр және бейбіт күн менен тыныштық!

Жаңарларына құйылып нұры жер-көктің, барша Аналар сәби бесігін тербетсін. Ананың тілін құндақтап бойға сіңіріп, болашақ ұрпақ қазақша сөйлеп ер жетсін. Ақын көңілмен айтармын, бәлкім, кейде өктем, ұлтымның рухы ұлсын деп мені сөйлеткен. Тұрындар өктем-білімдіге айтар базынам, тұрлаусыз кеткен тілімді қайтар, ей, көктем!

Жаңандық жаңа бастаған кезде дерт көшін, жатыр ғой әлі жастардың құрт жеп өлесін. О, Наурыз-көктем, сана бер мынау ұрпаққа, есірткі, арақ өз қылып мүлдем кетпесін. Белгілі дертім, тауып бер енді халқыма ем. Ауруды жеңбей қоғамның дағы нарқы кем. Әз-Наурыз, бізді ғарышқа қарай алып жүр, атадан қалған сара жол — дәстүр-салтымен!

Жағдайы болмай жарқырап жанбас хас өнер, ел қамын жейтін қалады мұнда тасада ер. Дінгегіміз бен діңіміз солсын демесең, биіктегілер-дің көкірек көзін аша көр. Ақиқат деген ұстатпас қолға мың сағым, адамдық үшін арымды дарға жұмсадым. Түйені түкпен, биені бүкпен жұтатын, жемқор жандарға бере көр көктем, ынсабын!

Жамылған аппақ сыпырып тастап көрпесін, арудай әсем өзекті өлкем ертесін. Еңбекқор халқым аянбай оған тер төгіп, баладай адал күлпырта берсін жер төсін. Аларын алып үйренген мынау өмірден, көлімсектер бар жерімді сорып семірген. Бұйырсын енді ұрпағына елдің ырысы, атаның қаны, ананың жасы төгілген.

О, Наурыз-көктем, арманым әлі көп менің, қаламаймын да көктемнің өтіп кеткенін. Басыма бақыт, деніме саулық сұрасам, көп тіледің деп керенау мені сөклегін. Наурызым менің, жыл басы болған Шығыстың, келдің де бүгін кеудеге құйдың бір үшқын. Ақ тілек айтып, қарсы алып жатыр әз халқым, басында тұрып тың істің.

Тілегім сенен, О, Наурыз көктем, аз ғана, қариядан қалсын ұрпаққа үлгі сөз дана. Ағадан қалсын өнеге болып өрелі іс. Қарабайлар ма? Өзімен кетсін. Қозғама. Көгімде мынау көк туым жайнап, күн күлсін, күлкісін сыйлап, көгеріп өссін бүлдіршін. О, Наурыз-көктем, бере көр бақыт халқыма, көп тілегін орындар көктем, кім білсін...

НАУРЫЗ-бата

БАҚЫТТЫ АС БЕРСІН,
ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІНДЕ
ҰЛЫҢ ОҢҒА ҚОНСЫН,
ҚЫЗЫҢ ҚЫРҒА ҚОНСЫН,
ҚЫРУАР МАЛЫҢ
ӨРІСКЕ ТОЛСЫН.
ДӘУЛЕТІҢДІ АСЫРСЫН,
ДҰШПАНЫҢ БАСЫЛСЫН.
МЕНІҢ БЕРГЕН БҰЛ БАТАМ,
ТІЛЕГІҢ ҚАБЫЛ БОЛСЫН.
ҰЛЫС КҮНГЕ САҚТАП ЖҮРГЕН
СҮР БАТАМ.

ТОЙ БАСТАЛДЫ ауылда

ЖЕРДІҢ ТОҢЫ ЖІБІП, КҮННІҢ ҚЫЗУЫ КӨТЕРІЛІСІМЕН ҚАЗАҚ ТОЙДЫҢ ҚАМЫНА КІРІСЕДІ. АЛ ҮЛКЕН-КІШІНІ, АЛЫС-ЖАҚЫНДЫ БӨЛІП-ЖАРМАЙТЫН НАУРЫЗ ТОЙЫНЫҢ ОРНЫ ЕРЕКШЕ. ТЕКЕЛІ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ БОЛСА АЛҒАШҚЫ НАУРЫЗ КӨЖЕНІҢ ДӘМІН ТАТЫП ҮЛГЕРДІ.

Қалада бас-аяғы 1550-ге жуық оралман болса, олардың 507 Қытай Халық Республикасынан көшіп келген. Міне, осы ағайындар өткен жексенбі күні №5 орта мектебінің актілі залын той-думанға бөлеп, берекелі дастарқан жайып, Наурыз тойын бастап жіберді. Ақсақалдар ақ батасын беріп, атажұртта той тойлап отырғандарына шүкіршілік білдірді.

300-ден аса адам жиналған мерекенің сәнін өнерпаздар кіргізді. Аспан асты әлінен көшіп келген бауырлардың арасында әнші, күйші, биші де, композитор да, ақын да аз емес екен. Тойдан барын аямайтын халқымыздың құты кіріп, бағы еселене бергей!

Торғын ТҰРЛЫБАЕВА.

ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ.



Талдықорған қаласындағы №45 "Арман" балабақшасындағы Наурыз мерекесін қарсы алу сәтінен.

НАУРЫЗ-алғыс

Көңілге жылу ұялатады

«Өзге елдің жерінде болғанша, өз еліңнің ұлтаны бол» деп атам қазақ бекер айтпаса керек.

Мен атамекенімді аңсап келген қазақпын. Елін, жерін, туған топырағын баса алмай шет елдерде жүрген қандастарымыз қаншама десеңізші!

Біз шамамыз келгенінше үл-қыз тәрбиелеп өсірдік. Ұлды – ұяға, қызды– қияға қондырдық. Әрқайсысы өздері қалаған мамандықтары бойынша қызмет етуде. Әйелім Талшын Абдуллаева қазақ тілі пәнінің мұғалімі. Өзге жерде жүрсе де өз ана тілінде дәріс берген ұстаз.

Қазіргі кезде әйелім екеуміз 2-ші топтағы мүгедекпіз. Денсаулықтың жоқтығы жанға батады. Амал қанша, дәрігерлер шақыртып жататын жайымыз да бар.

Біз тұрған үйде бұрын телефон жүйесі болмаған екен. Біздей мүтедек жандарға оның аудай қажет екені белгілі. «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы Қарасай аудандық филиалы төрағасының орынбасары С. Тұяқбаев мырзаға жолыққанымда, жылы жүзбен қарсы алып, жағдайымды бірден түсінді. Тиісті орындарға табыстап, жедел түрде телефон жүйесін орнатып беруге ықпал жасады.

Өзім 2004 жылдан бері «Нұр Отан» ХДП-ның мүшесімін. Атамекенге оралып келген жылы квота алдым. Осындай қамқорлықтың өзі елім, жерім деп сырттан келген оралман жандардың көңілдеріне жылу ұялатары сөзсіз.

Қуандық ҮСЕНОВ,
Қаскелең қаласының тұрғыны.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.



НАУРЫЗ-тарих

ҰЛЫС ОҢ БОЛСА, БЕРЕКЕ...

Қазақ халқының мереке, спорт және ойын-сауық мәдениетінің ұлттық өзгешелігі ерекше, айқын, түрі мол, тарихы ұзақ. Солардың бірі – Наурыз мейрамы. Әр жыл сайын үшінші айдың 22-сі күніне тура келетін бұл мейрам, байырғы қазақ күнтізбесі бойынша жаңа жылдың басталған күні болып есептеледі. Себебі, бұл күні астрономиялық жер қозғалысы күн мен түннің теңелін, күннің ұзару сәтіне тура келеді. Осы күнді "Ұлыстың ұлы күні" деп ұлықтаған ата-бабаларымыз, халықтың арман-тілегін жыр-тақпақпен айтатын "Наурыз жырын" шығарып, кеміде жеті түрлі немесе одан да көп (бидай, тары, қамыр, ет, тұз, қатық, су) дәмнен наурыз-коже жасап, ауыл-аймақты қыдырып коже ішіп, өткен жылдағы жетістіктің бағамдап, келе жатқан жаңа жылдан мейір - шапағат тілеп, мәре-сәре болып қалады.

Қазет АНДАС

Алайда, төл тарихымызға қатысы бар делінетін жазба материалдарды парақтап көрсеңіз, қандай да бір құндылығымыз басқа біреулердің пайдасына шешіліп, қанжығасына байланып шыға келетіні бар. Тарихымыздағы табандылықпен алға тартқан ұлыларымызға ақылшы болып, ұлт-азаттық күрестеріне жол көрсетіп "ага" ұлт өкілдері жүртшілік айтпағанда, бүтін тілге тіпті етіп отырған Наурыз мерекесі парсы тіліндегі нау – жаңа, руз – күн деген сөзден шыққан деп жазылып келеді.


Қазіргі күнде ғылым тілінде наурыз аталғанымен ел арасында бұл мерекені "Ұлыстың ұлы күні" деп (наурыздың ұлы күні демейді) айтады, сол күні барлық адам "ұлыс оң болсын!" деп (науыз оң болсын демейді) бір-біріне ақ тілегін арнайды. Бұл мерекенің тарихи атауы да, міне, осы "Ұлыс" сөзінің мағынасында жатыр. Менің бұл сөзге ой белгендегі максатым қазір аталмыш мерекені әлемдегі бірталай ел мойындап, халықаралық деңгейде орын беріп отыр. Мысалы, Қытайда осы күні жаңа жылдық ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі бекітіледі. Әлемді осылай өз орнын ала бастаған біздің халықтың ақыл-парасатына бұл күндері көлденең көк аттылар кірісе кететін болып барады. Тарихында наурыз-коже жасап, науыз жырын шығарып көрмеген кейбіреулер жақын жылдардан бері осы мерекені тойлайтынды шығарды. Максаты біреу-ақ, осы арқылы өздерін әлемге таныту. Мысалы, біз білетін 80 жылдары наурыз деген мейрамның нісін де білмеген үйғыр жұрты, бүтінгі күні мұны төл мерекесі етіп алды. Олар "Науруз" парсы тіліндегі сөз, Махмұт Қашқаридың "Түрік тілдері сөздігінде» жазылған. Сондықтан бұл мереке түркі тілді ұлттардың бәріне ортақ деген қағиданы ұстанады.

Қазақтың осы бір қасиетті мерекесін парсының сөзіне шықты дегенге өз басым келіспеймін. Ол қазақ даласына ислам діні таралмай тұрған кезде әдет-ғұрпқа енген, себебі, мереке барысында ислам дініне қатысты сенім, ғибадаттар мүлде орындалмайды, қайта ұлттық бояуы қанық, наурыз сөзінің этимологиясы парсыларға тән дегеннің өзінде ол бір кездегі саясы ұстанымның әсерінде, күшпен сіңдірілген ұтым. Иә, бір кездері парсылардың да қазақ даласын атойнақ қылғаны шындық. Қарахандар дәуірі мен Хорезм шахтың тұсында қыпшақтар асарын асап, жасарын жасады. Ислам дінін саяси құрал ретінде пайдаланған олар Сақ пен Түркі дәуірлерінде жергілікті халықтың жеңімпаз мәдениетін жермен-жексен етті. Ұлттық құндылықтарымызға да өздеріне түсінікті есімдерді тықпалап, өздеріне теліп жанталасты. Бірақ жоғалтып жібере алған жоқ, себебі, ол осы даланың қасиетті топырағынан өніп шыққан өміршең де, өлмес мұрагаттар еді. Соның бірі әрі бірегейі болған Наурыз мерекесі – атауы өзгерсе де, ата-бабаларымыздың философиялық ойларының ұшқыны ретінде сақталып қалды. Өйткені, бұл мереке түркі текті, тілді ұлттардың ішінде тек қазақ халқында мерекеге терең мән беріп, ұлы күнді ерекше атап өту мұрат болып қалған.

Біз ел болып еңсеміз көтерілді дегенімізбен ұлттық құндылығымызды ұлықтай алмай келеміз, өзіміздің қызыққа толы, адамгершілік пен инабатқа бай мерекелерімізге мұрын шүйіре қарайтынымызды жасыра алмаймыз. Есесіне, қазаған қыстың аязына бетімізді қарып, "Рождествода" тан атқанша есіміз кете биге басып, Баянсұлу мен Ақжүністі, Қызжібек пен Шұғаны қайырып қойып "Валентин күнінде" бесіктен белі шықпаған сәбилерге махаббаттың не екенін үйретіп, қызыл танау болып жүрміз. Оның үстіне "қытайлық", "ирандық", "моңғол", "түрік", т.б қазақ деген атаулар сөздік қорымызға сыналап еніп барады. Бұл кеңес дәуірінен қалған сарқыт. Әрине, Қытайға қорған салдырған, Еуропаға канал қаздырған, басқыншыне ақсұлы қанатын тағып Америка құрылғысын дүбірлеткен, үлдінің жігіттеріне "Таж-Махал" мешітін соқтырған ата-бабаларымыз осал болды деп айта алмайсың. Қайта осы қайсар халықты құртып, жоғалтуды мақсат еткен отаршыл жүйе адамдарды өзара жауластырып, бір-біріне айдап салып отырғаны айдан анық. Себебі, олар осы тәсіл арқылы ғана өз билігін сақтап қалатынын білді. Бұдан басқа мәдениетімізге, тіліміздің, дәлмізге жасалған қиянаттар қаншама! Бұл біз білетін дәуірдің көрінісі. Ал біз білмейтін кездегі ұлттық құндылықтарымыздың ойран болып, күші жеткендердің қанжығасында кеткені қаншама.

Өкінішке орай, бізден төл тарихымызды басқалар өздеріне ыңғайлап жазып келді. Кім өзі шыққан тауының биік болуын арман етпейді?! Араб қаламгерлері қазақты араб жасаймыз деп жаныласса, орыстар отардың бағындырғысы келді, қытайлар күле көріп, төр менікі деп отырса да, бір мезгіл иілген шыңдық шарт сынып кеткен жоқ. Орнында бар оналып келеді. Біз мақтануды білмейтін кеңпейіл халықпыз. Мақтана бастайтын болсақ, басқаларда бес мың жылдық тарихы болса, мүмкін бізідікі одан да әрмен ашауға әбден болады. Өйткені, ырысты жеріміз ұлағатты елміз, құпиятастар мен сыңғастар, жартас суреттері мен балбалдар, тәңірі тасы да, қырда өскен бір тал жусанның өзінде талай күнің сайрап жатыр. Наурыз мерекесін де кастерлеп, аялап, сақтап осы кезеңге жеткізген біздің ата-бабаларымыз. Сөнжеткізген біздің ата-бабаларымыз. Сөндыктан ол қазақ халқының жаратылыс танудағы ойлағымның түйіні. Қазақ елі өркендеген сайын, осы ғылымн ойлы сәулесі әлемдегі сынсыз адамды жылытатын болады.

Өткенге өкпе айта беруге де болмас. Тәуелсіз ел болғаннан кейін өшкеніміз жанып, жоғалғанымыз қайта оралып жатыр. Өзіміздің тарихта кім болғанымызды, қалай өмір сүргенімізді енді-енді білзін келеміз. Елді біріктіріп, еңсесін көтеретін халқымыздың соңау замандардан қалыптасып, күні бүтінге дейін сынып мен сырын кетірмей келе жатқан әдет-ғұрыптары. Оны аялап, қалірлеу – әрбір қазақтың қасиетті міндеті. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын, ағайын!



Елге келіп еңсем көтерілді

Отан, Атамекен, деген сөздердің қадірін тағдырдың жазуымен шет мемлекеттерге кетуге мажбүр болған азаматтардан артық кім білер дейсің. Біз, Қытай Халық Республикасында тұрған қазақтар ұлтсызданып, қаншама елін, жұртын сағынғанымен үнемі қағажу көріп келген ұлт болғанымыз жасырын емес. Осы орайда, өзімнің де шаруам оңға басталай, тарышылық тауқыметін тартқан едім. 1989 жылы «Өзгерту майданында» 5 жыл жүріп қайтқан Сайрашпен тағдыр қосып, сәби сүйіп, өзімізше тіршілік жасай бастадық. 1991 жылы ата-жұртымыз Қазақстан егемендігін жариялағанда жүрегіміз жарылардай қуанғанымыз да рас. Сол түста берікмізді аспанға атып «алақайлаған» көп қазақтың бірі мен едім. Содан кейін жатсам да, тұрсам да ойыма Отаным орала берді. Ақыры болмағаннан кейін нағашы жеңгем, марқұм Қанипа Бұғыбаевада бар сырымды айтып хат жаздым. Міне, солардың көмегімен 1998 жылы ақындар мен батырлар елі атанған Жамбыл ауданына отбасымдағы бес жанмен көшіп келдім. Аллаға шүкір, қазір жағдайымыз жаман емес. Балалар өз тілінде оқып жатыр. Әйеліміз екеуміз базар жағалап дегендей күнкөрісімізді айырудамыз. Бір сөзбен айтқанда, қарын тоқ, көйлек көк. Ауыл ақімдері де біздерге үнемі көмек қолын беріп тұрады. Енді айтарым, ел аман, жұрт тыныш болып, еліміз Президент жобаларындай дамыған 50 мемлекеттің қатарына қосылсын.

Дескен ДҮКЕНБАЙҰЛЫ,
оралман.

ҰЗЫНАҒАШ АУЫЛЫ, ЖАМБЫЛ АУДАНЫ.

Жібектің аппақ арымын



Мен қазақ дейтін қасиетті елдің қызымын,
Тек самал ғана аймалап өскен бұрымын.
Даладай дархан пейілін берген халқына,
Сарадай қыздың айтылмай кеткен жырымын.

Құс болып жеткен Күлэштің салған әнімін,
Жүректің қаны, Жібектің аппақ арымын.
Оққа ұшып өмірден өткен Лэззаттың,
Көкке ұшып қайта оралған қайсар жанымын.

Абайды сүйген сезімі едім Тоғжанның,
Мен-дағы, бәлкім, баз біреулерге арманмын.
Естайдай есіл 50 жыл сақтап өзімен,
Көрге алып кеткен жүзігі едім Қорланның.

Қызықтыратын қызғалдақтайын қылығы,
Қызып тұратын жүректің ғана жылуы.
Мен едім кеше Қозыдай ерді тәнті еткен
Баян сұлудың балтырын сөккан бұрымы.

Табиғатымын қыз деген қысқа ғұмырдың,
Барым да, шыным, құрбандық болар қызынмын.
Қағидасымын, қарақөз талай қызының,
Ар-ибасымын, Жамилэсімін бүгінгің.

Жамилә ОРАЗБАЙҚЫЗЫ,
ЖМУ студенті.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

НАУРЫЗ ТУРАЛЫ

Әр жыл сайын келсе
Наурыз кезегі,
Қазақ-қазан қазақ жасар көжені.
Бала-шаға, үлкен-кіші деместен
Бір тамаша қуанышты сезеді.
Тауыса ішіп қуанышты мереймен
Түнгілік санап ауыл сайын кезеді.
Біреуінен біреуі көп ішеді
Әбден ашып талғандай-ақ өзегі.

Жаңа ағытқан қозыдай,
Жамырасып өріскен,
Ұлыс күні кәрі, жас
Құшақтасып көріскен.
Шалдар бата беріскен,
Сақтай гөр деп терістен.
Кел, таза бақ, кел десіп,
Ием тілек бер десіп,
Көш, қайрақан, көш десіп,
Көз көрмеске үш десіп.

Жақсылықтың

Қаһарлы қыстың пенде атаулыны мезі ететін ұзын-сонар сергелдеңінен кейін жер-дүниені жасандырып, өзімен бірге ерекше шуақ, көлкөсір мейірім ала келетін осы бір Наурыз мерекесінің шынымен-ақ орны ерекше.


Аллаға шүкір, еліміз, жеріміз жылдан-жылға өсіп-өркендеп, қанат жайып келе жатыр. Халқымыздың әл-ауқаты да, тұрмыс-тіршілігі де күннен күнге көтеріліп келе жатқаны әркайсымызға аян! Әрине, осының бәріне Елбасымыз Н. Назарбаевтың көреген көсемдігі мен салиқалы саясатының алтын көпір болғанына ешкімнің таласы жоқ. Оны алыстан алмай-ақ өзіміздің ауданымыздың бүгінгі тыныс-тіршілігін, өскелең өміршеңдігін мысалға келтіруімізге әбден болады.

Ауданымыздың мәдениет саласындағы көл жеткізген соны серпін, тың өзгерістері үшін ең алдымен өзінің іскерлігімен әрі табандылығымен, аз уақыт басқарса да аудан халқының құрметіне бөленіп, қариялармыздың ықыласы мен батасын алған Тынышбай Досымбекұлының азаматтығын айтуымыз керек шығар.

Бірнеше жыл бедерінде аудан орталығындағы мәдениет ошағымыздың іші-сырты адам танымастай өзгерді. Мәдениет үйінің техникалық базасы, қызметкерлерінің бар- лық керек-жарағы – соңғы үлгідегі музыкалық құрал-жабдықтан бастап сахналық кинм, кабинеттің жаңа мүлкінен жабдықталуы да назардан тыс қалған жоқ. Сондай-ақ, аудандық музыка мектебіне де үлкен өзгеріс енгізілді. Мектептің хореография залы толығымен заманға сай жаңа техникалық құралдармен жабдықталып, мектеп оркестрінің ас-

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Ойыншықта да ой бар



Жыл сайын өмірге келген сәбилер саны өсіп келеді. Осыған орай, Үкімет те оларға тағайындалған жәрдемақыны көбейтіп отыр. Мұндай көмекті жыл сайын арттырып, қолдан келер жақсылық болса аянып қалмайтынын да білдірді. Тек мемлекеттің көмегіне иек артумен мәселені түбегейлі шешуге бола ма? Ата-аналар немесе ұлтжанды азаматтар бала тағдырына болашақ тұрғысынан ойланып көрдік пе, мәселе дәл осы жерде.

Қажет АНДАС

Мірдің оғы

Біз бұл күндері үлкендер ойнайтын ойыншықтарды жасауға тым әуес болып барамыз. Айталық, кешкі клуб, құмархана, бильярд залдары, карта ойыны аланы, арақ, темекі, тағысын тағылар. Осыларға әуес болып мұрынға су жеткенде ғана балалардың немен, қалай ойнап жүргенін ойлауға мұршамыз болмай жүрген секілді.

Жуырда "түнгі көбелектер" митингі өткізіп, еңбектенін тапқан ақшасын кейбіреулердің толық бермей кететіні туралы шағымданыпты. Құзырлы орындар бұл мәселеге қатты шүйіліккен көрінеді. Ал ойыншықтан уланған сәбіі үшін шырылдаған анаының зарына құлақ асқан пенде болмай шықты. Оның арызын жүре тыңдап, жұтқына жауап берген құқық қорғаушылар кәзірше ол туралы ешкандай заң тармағының немесе белгіленің жоқ екендігін тілге тиек еткен.

Расында, осы ананың құқығын қорғайтын заң жоқ па? **Біз ҚР техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы облысы бойынша басқармасына** хабарласып көрген едік.

– Биылғы жылдың бірінші қаңтарынан бастап елімізде "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" жаңа Заң қолданысқа енгізілді. Көзі қарақты жандар мұның ұлттың келешегін қамтамасыз етуге бағытталған шара ретінде қуана қолдан отыр. Жаңа заң бойынша енді ойыншықтың тек денсаулыққа зияны ғана емес, сонымен қатар баланың психикасына әсері де қатаң тексерілетін болады. Заң талабына орай түсі сәйкес келмейтін(аққуды қызыл түспен жасайтын секілді), табиғатта жоқ аңдардың бейнесінде жасалған қорқынышты ойыншықтар тәркі сараптамалардан өтуі керек. Осы сараптаулар арқылы ол баланың ойнауына жарай ма, жоқ па сол жағы нақты анықталады. Яғни, кәсіпкер саудалаусы келетін ойыншығына СЭС-тен "бала денсаулығына тигізетін зиян жоқ" деген сертификат алуы керек. Бүйыртса, жаңа заңның талаптарын орындау арқылы бала түгіл, үлкен адамдардың өзі шошып кететін ойыншықтардан біржолата құтыламыз. Сондай-ақ қолдануға арналған қазақша немесе орысша түсініктемесі жоқтарды сатуға да тыйым салынады. Жапсырма қағазға тек қытайша шатпақталған ойын құралдарын сатқан саудагерді сот алдына сүйреуге кез келген тұтынушы құқылы. Жаңа заң біздің қай жағынан да толықтай қорғайды, – деген жауап алдық.

Әрине, біз демократиялық қоғам құру үстіндеміз. Осы істің тағаны жас ұрпақты аялау мен қамқорлық арқылы жалғасын табуы керек. Балалар құқығын қорғау және қамтамасыз ету жөнінде заң бар. Алайда, осы заңды нақты қолдануын, өз әрекетімізді қорғаны етудің жолын білмеуден ақсап жатқан жағдайымыз бар. Бұл жағынан Үкіметке де кінә арта беруге келмейді. Себебі, әрбір азаматтың аталмыш заң арқылы өз мүддесін қорғау жөніндегі білімі қаншалықты дәрежеде, заңның орындалуы тиісті деңгейде қадағалана ма, басты мәселе дәл осы жерде тұрған жоқ па?

Жат жарылқамайды

Балам екі жаска келіп өзінше ой түйе бастады. Көшеге шыға қалсам болды, ойыншықтарды байқай жүретін болдым. Неше түрлісі самсап тұр, ал сатып алайын десең мығаңдысын таба алмай дал боласың. Ұсақ-түйек ойын - құралдарына жапсырған тауар белгісіне "Ресейде. Украинада жасалған" деп жазып қойыпты. Бағасы тым қымбат. Қытайдағы дүкендерден де осыған ұқсас бұйымдарды көрген едім. Тиынға да татымайды. Үрлеген сайын үлкейе түсетін "Елімізде жасалған бұйым" деген таңба басылған резинке шарды көтермешілер мен жаймашылардың бәрі сатып жүр. Бұдан оны елімізде жасалған дүние екен деп қаласың. Бірақ қытайлық балалар ойнап жүрген дүниелерде де дәл сондай "Елімізде жасалған бұйым" деген сөз бар. Оны олардың өздері жасаған шығар. Сатушылар ашып айтпайды ғой, осы жайдың анық-қанығын білу мақсатында **ҚХР-да балабақша тәрбиешісі болып жұмыс атқарған, қазір жеке сауда-саттықпен айналысып жүрген, оралман жігіттерден** сұрастырып көрген едім.

– Аспан асты елінің балабақшаларында "Балаға ұлттық ойындар арқылы тәрбие берілуі керек. Ал қатігездікке баулитын немесе денсаулығына зиян келтіретін ойын құралдарын пайдаланған балабақша жетекшілері қылмысты жауапқа тартылады", деген қағида бар. Мұндағы "ұлттық ойын" деп отырғаны қытай ұлтының мұралары екендігі айдан анық. Тағы да бір қызығы, таяу жылдардан бері ойын сабағына қазақ балалары ойнап ерженткен асық ойындарын қажетіне қарай қолдануға болады дейтін тармақ қосылыпты. Қазіргі таңда экономикасы ұшқан құстай дамып отырған әлемдік державаның бұл шешімге келуі тегін емес. Бұл біздің ұлттық құндылығымыздың жас өскін тәрбиесіне қаншама пайдалы екенін де түсіндіріп береді. "Бір отбасы, бір бала" саясатын ұстанып отырған қытайлық ата-аналар балаларына сапасы сын көтермейтін дүниелерді сатып алып бермейді. Олар өз еліндегі халықаралық өлшемге сай өнім өндіретін фирмалардың өнімдерін ғана алады. Әрине, өз елде де сапалы өнімдер өндірумен айналысатын мемлекеттің лицензиясын алған, сапа өлшеміне сай фирма жетерлік. Олардың өнімі сапалы, соған сай бағасы да біршама қымбат. Біздің саудагерлер жеке басының қамын күйттеп, пайда табуды ғана мақсат еткендіктен, жекешеленген заңғыптарда жасалған, қарақұсы базарларда сатылатын, Қытай үкіметінің өзі шектеу қойған дүниелерді тасып әкеліп базарды толтырып отыр. Олар – қоқыс үйінділеріне лақтырып тастаған машинаға арналған сүйықтық құятын резіңке ыдыстар, химиялық тыңайтқыш салынған мешектер, тағы басқа қалдық заттарды өңдеу арқылы жасалған. Осы улы материалдан өңделген дүниелердің сырты жылтырап тұрғанымен, ішінде сол кесапаттың сарқыны жоқ деп айта аламыз ба? Сондықтан бағасы да аса қымбат емес. Арзанға қызыққан қазақ елінің тұрғындары оның құрсырына толық үңілмей, басқаның қоқысын теңгеге айналдыратын сауда алаңы болып барады. Текке шашылып жатқан ақшаны есепке алмағанда, ойрандалып жатқан болашақ жаныңды мазалайды. Иә, бұл істен сапалы адам пайда таба алары хақ. Ата-аналарда не жазық бар? Баласының құмршақ ойнап ержеткеніне қуанады. Сәби денесіне сіңіп, сезімін уландырып, қанына бойлап жатқан кесалатты қолмен ұстап, көзбен көру деген мүмкін емес. Қаншама болашақ ойрандалып жатқанымен есептесіп отырған ешкім жоқ?– деген жауап алдым.

Қазақ халқында: "Баланы ойын өсіреді", дейтін даналық сөз бар. Ойнап жүріп ойланады, жүйкесі тынығады, көңілі өсіп, ойы сергиді, денесі шымырланады. Сол арқылы тұрмыстіршілік, әдет-ғұрып, дәстүр жайлы таным қалыптастырады. Бұл – шындық.

Былтыр АҚШ Қытайдан әкелінетін балалар ойыншығының құрамында улы заттар барын анықтап, оны дүкендер сөресінен алып тастаған болатын. Ал үстіміздегі жылы Жапония үкіметі қытайлық ойыншықтарға ресми түрде шектеу қойып отыр.

Біз кәзір демографияны басты орынға қойып, адам санын көбейтуді мақсат еткендігіміз- бен, өмірге келген сәбидің ойеріснің кемелдену жолын назарымыздан тыс қалдырып отырмыз. Әрине, әр отбасы шамашарқынша баласын білімді, инабатты, білікті етіп өсіруге күш салады, соған сай барлық жақсы жағдайды жасауға пейіл. Алайда ортақ қоғамдық, біртекті ойнай жүріп, ойлау жүйесі болмағасын, көп мүмкіндіктерімізді толық пайдалана алмай жатқан жеріміз тағы бар. Кәзір елдік өреге көтерілін отырған ұлт санатында болсақ та, ауылдық жерлерде баласын бір сағатқа қалдыра тұру үшін екі сағат шапқылап жүріп адам іздейді. Ал қалалық жерлердегі жеткіншектердің үштен бірі ғана балабақшаларда жүйелі тәрбие алып отыр. Ал, онын ден қоюмызғы тағы да өте ұлттың тәлімне жүгінеді. Ой қазақ десек те, табиғатына жат ой құшағында ұйықтап, оянған балдан нендей мақсат күтуге болады?

Рухы осылай ойрандалып жатқан жеткіншектеріміз енді келіп ойын құралдарының салдарынан денсаулығынан айырылып жатса, бұған кім жауап береді.

Осы мәселеге жауапты балалар дәрігерінен іздедік

– Бала денесіне тікелей қауіп төндіретін ойыншықтар бізің дүкен сөрелерінде аз емес. Мысалы, шеттері тегіс жасалмаған қоларбаларға, әртүрлі техникаға ұқсатып жасалған ойыншықтарға бала денесін оп-оңай жарақаттап алары анық. Бояуы да бала ағзасына кері әсерін тигізіп, аллергиялық реакция берсе, ал қызылдысжасылды түстері көзді ауыртады да, осының салдарынан баланың көру жүйесі зақымдалады. Қазір көзі нашар көретін балалар санының көбейіп отырғанының бір себебі осында болып отыр.

Сондай-ақ, материалдар құрамында ауыр металл түздары бар. Әсіресе, Қытайдан әкелінген дүниелерде формалдеген әдеттегіден 10-15 пайызға көп болып келеді. Бұл – бала денсаулығына қауіпті. Оның үстіне сәби айналаны тануды ең алдымен заттарды тістеп көру арқылы бастайды. Қолына түскен нәрсенің бәрін тісіне басып көруге әуес. Сол кезде боядың құрамындағы зиянды заттар ішкі ағзаға түсіп, асқазан-ішек жолдарын зақымдайды. Оның үстіне мұндай ойыншықтар баланың психикасына аз зақым келтірмейді. Байқап қарасаңыз базарда сатылып жатқан ойыншықтар сол жеңдік не аң-құстың табиғи түсіне керісінше болып келеді. Мысалы, балапан сары емес көк, піддің түсі қызыл, тағысын тағылар. Қытайдың қолтырауымымен ойнап өскен бала ертеңгі күні оның түсінің жасыл екенін білгенде таңғалуы ғажап емес. Бұл – сайып келгенде бүлдіршіндердің дүние танымын шатыстыру, жадын бұзуға бағытталған әрекет. Олардың тым ашық түсті болып келуінде бір сыр бар. Мамандардың айтуынша, мұндай түстер көзді шамадан артық тітіркендіреді. Соның әсерінен сәби санасына жүк түседі де, оның қоршаған ортаны тану мүмкіндігі әлсіреп тұрады, – деген жаңынды мазалап, жаныңды жаралайтын жауап алдық.

Иә, біз неге өз өнімдерімізді шығармаймыз деп кәсіпкерлерден сұрай қалсаңыз, олардың айтар уәжі:

– Кезінде Қазақстанда Кеңестер одағына танымал "Қызыл ту" ойыншық зауыты болған, оның орнын басқан "Сұңқар" атына заты сай бола алмады.

– Неліктен?

– Сапалы болғанымен, бағасы қымбат деген оймен тұтынушылар айналып кете барады, оның үстіне мазаңды ала беретін сансыз тексерулер жұмыс істеу былай тұрсын, өзіңді қарызға батырып тынады, – деген жауап алдық.

Сонда біздің базар толы сыры жоғарыдағыдай қытайлық ойыншықтарды, кәкыстан жасалған дүниені тұтынып жүре бермекпіз бе? Шығар жол бар ма?

Тарихты парақтап көретін болсақ, қазақ қытайлық ойыншықтарсыз да Сақ мәдениетін, Түркі әлемін, Қазақ хандығын құрған ұлы тұлғаларды тәрбиелей алған. Қазақ –әлемдегі басқа ұлттар сияқты тұрмыстіршілігі мен ұрпақ тәрбиесіне сай өзіндік қолтаңбасы бар. Сол құнды дүниелеріміз осы дәуірге үйлестіре отырып, ұрпақ тәрбиесіне қолдануға нелікten болмасын. Енді сөз Абылай хан, Қабанбай батыр, кешегі Абай аталарымыз ойнап өскен қазақ балалар ойындары туралы болмақ.

Өз отынды өшірме

Ғабиден Мұстафиннің "Миллионер" атты романында "ХАН АТПАҚ" ойыны туралы дерек бар:

– Бұл ойында бір үлкен ағаштың жебергенде "Хан" қалай түссе солай, тұрықтас түскен асықпен ата бастайды. "Ханды" қатесіз атқан сайын бір ұпайын қайтарып отырады.

Асықты Кенжекара жайып еді. "Хан" бұқ түсті. Бұқ түскен жай асықтарда көп екен. Гүлбоден "ханды" ата бастады. Үшақ ұпайын қайтарды. Төртінші атканда оғы жай асыққа тиіп кетті. Енді асықты Гүлбоден жайғанда ату кезегі Анарға тиіп еді. Ол епті екен, саусақтары салалы, көбінесе көмір күйесі тұрып қалған тырнақтарының ұзыншалау қалпы әлі бұзылмаған. Ол біраз ұпайын қайтарып, асықты жайып жібергенде "хан" шақырайын алшы түсіп еді Гүлбоден барлық асықтың үстіне құлай кетті. Бауырына басып алды да "Менікі, менікі" деп бақыра бастады. Баламен кім талассын, Кенжекара мен Анар мандайларын тоса берді. "Мә, шерте бер."

"Хан атпақ"– тарихи мәні бар ойын. "Хандық" дегеннің өзі де азып-тозып, хан дегеннен халық әбден безіп болған кезде туған ойын секілді. Ойынға қатысушылар қанша болса да "ханды" атпай қоймайды. "Ханды" атпағандардың ұпайы толмайды да өзі жаза тартады. "Хан" шақырайын алшы түссе "Ханталамақай" болады. Қазақ халқында хан өлген соң оның байлығын халыққа таратып беретін әдет болған..." деп жазады кітапта.

Иә, қазақ халқында асыққа қатысты салт-саналық құндылық та, оны материал еткен ойын түрі де жетерлік. Асық – малдың немесе басқа жануарлардың сирағы мен сан жіліктерін жалғастыратын, бір жағы қиыс, енді бір жағы дөнес төрткіл сүйек. Оның алшы, тәйке, бүге, шіге дейтін төрт тұрығы бар.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінде, салт-дәстүрінде асыққа қатысты көптеген құнды мәліметтер сақталған. Айтар болсақ, біздің халықтық дәстүрімізде күйеу мен келіншек асықты жілік тартатын құрмет бар. Себебі, асық – байланыс, дәнекер деген ұғымды білдіреді де қарымқатынасымыз, жолдас-жоралығымыз, адал да айнымас шынайы сүйіспеншілігіміз үзілмесін деген мәнді ұғындырады. Ал бұдан басқа, бала асырап алғанда асықты жілік ұстатып, ақ киізге орап алатын әдет те бар. Мұның мәні – ойнайтын асығыңды қолына алдың, енді қайтып келме дейтін ағайын арасындағы көңіл бірлігін білдіретін ұғым бар. Халқымыз бұдан өзге асықты материал еткен ойын түрлерін тапқырлықпен оны жас ұрпақ тәрбиесіне ұтымды пайдалана білген. Ал біз ата-бабамыздың мұраларын қалай қастерлеп, ұрпақтан ұрпаққа қалай жеткізіп отырмыз? Ойлайтын уақыт жетті.

ТҮЙІН ОРНЫНА

Елбасы биылғы жылдан бастап отандық шағын кәсіпкерлікке қан жүгірту үшін, керексіз тексеруді тоқтатуды ашық айтты. Мұның өзі кәсіпкерлерге ашылған жол. Енді басқа елдердің зауытын жүргізіп, солардың тұрғынын жұмыспен қамтығанша өз ұлтымыздың қасиетіне сай келетін, бала денсаулығына зиян келтірмейтін ойыншықтар да шығаға бастайтын шығар дейтін ойға жетелейді.

АСЫЛ ӘЖЕЛЕР

«Ел іші – өнер кеніші» демекші, о бастан-ақ ырысы мен ынтымағы жарасқан Тұғанбай ауылының тұрғындары арасында еңбекті емін-еркін адамдар аз емес. Кеңестік кезеңнің тұсында мал басын көбейтумен қатар, одан мол өнім алуда аянбастан маңдай терін төккен Еңбек Ерлері шыққан аталмыш ауылдың бүтінгі тыныс-тіршілігі де түрленіп, жаңғыратын жаңалықтарымен ерекшелене түсуі көптің назарын аударуда.

«Ахау бикем» салған әсем ән

ауыл көгінде қалықтап келеді

Үлбосын ИСАБЕК



Әсіресе, соңғы жыл ішінде ауыл тұрғындары үшін еңселі мешіттің есік ашуымен бірге, биылғы жыл қарсаңында құны 100 млн.-ға жуықтайтын екі қабатты амбулатория ғимаратының салынып, пайдалануға берілуі мынға жуық тұрғыны бар ауылдың ажарын ашып, тіршілігін түлете түскен еді. Адам денсаулығына қызмет ететін жаңа ғимараттың тұсаукесер рәсіміне әдейілеп атбасын бұрған облыс әкімі Серік Үмбетовтің алдында самайларын ақ қырау шалған әжелер халық әндерін тамылжыта шырқап, жиылған жұрттың ризашылығына бөленген еді. Ауыл аналарының бас қосқан мұндай өнерлеріне әсіресе, Серік Әбікенұлы да аса разы көңілмен, алғысын білдірген болатын.

Сейтіп, соңау 1988 жылдың наурыз айында ауылдың алты ауызын шырқайтын әжелер ансамблін құруды мықтап қолға алған Айша Уәлиева діттеген мақсатқа жету жолында жан аянбай еңбек етеді. Алғашқы құрамы 10 ананан тұрған ансамбль мүшелері сол жылдары тоталитарлық жүйенің тоқ жібін, халқымызбен қайта қауышқан ұлттық салт-дәстүрлерімізді жаңғырту жолындағы мәдени шараларға атсалысып, ауыл өнерінің өрістеуіне нетіз бола біледі. Әсіресе, ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекелеріне қатысып, мәні мен мағынасы зор халық шығармашылығын жаңғырту жолында біршама істер атқарады. Содан бері де халықтық өнердің тұнығынан нәр алып, қанатын кеңге жайып келе жатқан өнерпаз әжелер қатары 18-ге толып, ансамбльдерін «Ахау бикем» деп атауды жөн санапты. Бұл күнде жасы үлкені 90-ға таяған Нұржамал Мұхамедиқызы бастаған әжелердің орындауларындағы «Ахау бикем жар-жар», «Ақтамақ», Ыбырайдың әні «Гәккү», «Ағажан, Ләтіпа» сынды қазақтың халық әндері тыңдарман жүрегінен жылы орын алып келеді.

– Құрамымыз да қызық. Ортамызда өнер институтын бітірген ешкім болмаса да, өнер адамдарынан кем қалмауға тырысып бағамыз, – деген ансамбль жетекшісі Айша Уәлиева құрамның негізінен күні кеше еңбек көрігін қыздырған сауыншы, қызылшашы, есепші, мұғалім,кітапханашыдан бастап шаруа әйелдерінен тұратындығын тілге тиек етті. Соңғы жылы олардың қатарына қосылған Тәкен Сақай апа болса, ата-жұртым аңсап жеткен қандастарымыздың бірі көрінеді.

– Сақайдың қолынан келмейтіні жоқ. Халқымыздың бай мұраларының бірі – ұлттық киімдерді дамытуға сүбелі үлес қосып келеді. Сондай-ақ, сағынышқа толы әндерді де ықылымына келтіре, тамылжыта орындауы тыңдарман жүрегін тебірентеді, – дейді Айша апа.

Тұғанбай ауылының білім беру ісінде табан аудармастан 42 жыл бойы қазақ тілі мен әдебиетінен ұстаздық етken Айша Уәлиева талай шәкірттердің өмірге қанат қағып, өз орнын табуына өлшеусіз еңбек сіңірген ұлағаты мол ұстаздардың бірі болғандығын да ауыздастары мақтанышпен атайды. Сондықтан болар тіл жанашыры ретінде де халық қазыналарын қастерлеп, өнерінің өрістеуіне өз үлесін қосуды жөн санаған екен.

– Біздің ансамбль мүшелерінің алға қойған мақсаты – еріккеннің ермегі емес, ел ішіне кең тараған және ұмытылып бара жатқан маржан әндерін жинақтап, соны орындау арқылы өскелең ұрпақтың, жастардың жүрегіне рухани, мәдени мұрамыздың дәнегін себу. Халықтық құндылықтарымызды қуаттауға үйрету болып табылады, – дейді ол.

Десе дегендей, ұзақ жыл ұстаздық еткен Айша апа өзінің ұрпақтарына арнап қалың да құнды бір журнал ашқан екен. Оны парақтай бастаған адам халықтық салт-дәстүрге атап айтсақ, құрсақ шашудан бастап, баланың есіп-жетілуі жолындағы сан алуан жоралғыларға қанық боларлық дүниелер жинастырулы әдетке айналдырғанын аңғарады. Қолы қалт еткенде аздап көпті өлең жазуды да жат көрмейтін Айша Уәлиеваның өмірдегі және өнердегі қыры мен сыры осылайша астасып, бірбірімен біте қайнасып жатқанын байқалады.

Өрісті өнерлерімен ауылдың мәдени өркендеуіне айрықша үлес қосып келе жатқан «Ахау бикем» ансамблінің жарқырай көрінуіне әркез ықпал етіп, қолұшын беріп отырған ауыл әкімі Дәлібай Әбдіқұловтың еңбегі зор екенін Айша апа риза кейіппен атап өтті.

– «Адам көркі –шүберек» дегендей, ауыл әкімі өзі бас болып, барлығымызға бірдей етіп ұлттық костюм тігізіп берді. Ауылда қандай да бір іс-шара өте қалса, басы-қасында болуымыздың үнемі назардан тыс қалмайды. Өнерді бағалай, шеберлігі көңілімізге қастерлей білетіндігі көңілімізге медет, – дейді ансамбль жетекшісі.

Қасиетті ауылдың ынтымағы мен береке-бірлігіне не жетсін мына өмірде?! Бәрі бір үйдің баласындай болған ауылдастардың бір-біріне деген сәлемі түзу, жақсылығы мен ауыртпалығын бірге бөлісіп, шүйіркелесіп жүру де ауыл тұрғындары үшін басты құндылықтардың бірі дер едік. Соның көрінісі, алтын бесік – ауылдың берекесін кіргізіп, шаңырақтарына шуағын шашқан ақ жаулықты аналардың бірі, өмірін бала оқытуға арнай жүріп өзі 7 бала өсіріп, одан 12 немере сүйіп отырған Тұрсын Телтаева мен осы ауылдың әйелдер кенесінің төрайымы, кезінде қызылша өсірудің озаты атанып, еңбегі елге аныз болған «Құрмет белгісі» орденінің иегері Қазақ ССР ауылшаруашылық сезінің делегаты болған; 5 баланың анасы, 9 немере, 1 шөбереңің асыл әжесі атанған Бақытай Омарова да осы әжелер ансамблінің безді бір мүшелері ретінде еңбек сіңіріп, елге ендігі өмірлерінде өнерлерімен танылып келеді. Биылғы жылдың наурыз айында аты аталған әжелер айтулы 70 жаска қадам баспақ. Бірі ғұмырын балаға саналы білім мен саналы тәрбие беру ісіне арнап, енді бірі дала төсін дүбірлі еңбек думанына бөлеген заты әйел бола тұра қабырғасын қайыстыра тер төккен еңбек майталмандары мұндай қуанышты жаска жеткендеріне әркез тәубашылық етеді.

«Жасында бейнет, қартайғанда зейнет бер» демекші, жастайынан талай қиындыққа мойымастан еңбектің ыстық-суығына төзіп, төселіп өскен кейуаналар енді міне, ауыртпалықтың бәрін артқа тастап, бүгінде халықтың рухани, мәдени дамуына өзіндік қолтаңбаларын қалдырып, еңбек сіңірулерін ізгілікті істің жарқын жалғасы деп біледі.

ТҰҒАНБАЙ АУЫЛЫ,
ТАЛҒАР АУДАНЫ.



Қыздар, қыздар, сұлу қыздар –
Неткен ғажап сұлусыңдар,
Дархан көңіл, дәру қыздар!

Езу тартар

Әйелге көңілдесі құндыз тон сыйлады. "Күйеуіме қалай айтсам екен?" – деп қатты ойланды. Әрі ойлап, бері ойлап ақыры тапты. Үйге келген соң күйеуіне: – Қымбаттым, мен көшеден жүк сақтайтын орынның талонын тауып алдым. Жаным, вокзалға барып, қырап келші, мүмкін бір бағалы зат бар шығар. Күйеуі талонды алып кетеді, қайтып келіп: – Босқа барыппын. Іші сасық шүберекке толы бір ескі сөмке, – деді. Келесі күні күйеуінің алдында отыратын хатшы қыз жұмысқа құндыз тон киіп келді.



● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Болашақ дінде ме, тілде ме?



Бұл – менің ойымды ерітіп бұрын мына бір нәрсеге келісіп едік. Қазақстан Республикасы Ата Заңымызға сәйкес, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Бүгінгі күні тәуелсіз ел болудың алғашқы қиындықтарынан абыроймен өтіп, дамыған экономикасы бар, ынтымақты ту етіп ұстаған елдердің қатарына қосылып отырмыз. Осы кезеңде әлеуметтік-саяси өмірде дін мен тілдің рөлі де арта түсуде. Десе де, бұл ретте төрт құбылмыз тең деп айту әлі де ертерек. Неге? «Жау жоқ деме, жар астында» дейді халқымыз. Сыры көп сұқтанып «Қазақ елі неге тыныш?» деп бастарын қатырып отырғандары да жоқ емес. Ал ел ішінде саясаттан саңылау тауып, жеке пиғылын іске асыруға ұрынып жатқандар да баршылық. Алайда, қарабайыр халық үшін ел – аман, жұрт – тыныш болса болды. Бір кездері дініміз, тіліміздің айырылғанымыз шындық. Бірақ ұлттық рухымыз оңға түсті. Қазір дініміз бен тіліміздің қайтарып ала бастап едік, ұлттық рухымызды алсіретіп алдық. Мұның себебі не?

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Осыдан екі мың жыл ілгері өмір сүрген Қытай тарихшысы Сы Ма Чиеннің «Тарихнама» атты кітабының «Батыс өңір шежіресі және Ғұндар баяны» деген тарауында

– «Ғұн жасауылдары көктем шыға орта жазықты (кезіндегі қытайлар қонысы) талан-таражылауды күшейте түсетін. Хан (қытай патшалығы) патшасы 150 мың атты жасақпен ғұндарға қарсы соғысқа шықты. Әдетте, жазық жердегі соғысқа жаттықпаған хан жасауылдары таулы аймақтағы соғыста әлсіздік танытты. Оның үстіне ғұн әскерлерімен бетпе-бет келе алмады. Сонда бір уәзір: «Ғұндар – аруақтарын қадірлеп, қабірін таптатпайтын ел. Сондықтан олардың қабірлерін қазу керек» деп кеңес айтады. Хан жарлығы орындалады. Кезіккен қабірді қаза бастаса болды, аттандап ғұн әскерлері шыға келеді. Жасанған жау осы тәсіл арқылы ғұндарды талқандалық» – деп жазған.

Әрине, қазақ тегін құраған ғұндардан жалғасқан аруақ тотемі осыдан кейінгі сан ғасырлар бойы қазақ даласын біріктіруші күш болып келді. «Аруақ» деп аттандаса атқа қонбайтын қазақ жоқ. Ғұндар ыдырап, жиырма ғасыр өткеннен кейін тарих сахнасына келген жоңғар хандығына қарсы күресте қазақ баласын – даласының жау қолында қалғаны емес, аталар аруағының аяққа тапталғаны бірктіреді. Ақсақалдардың «аттанына» ере шабатын қазақ үлдарының Түркістан түбінде бас қосып, жоңғар қолын талқандағаны осының дәлелі. Ал тәуелсіз ел болып, ең алдымен аталарымыздың түгендегеніміз, одан соң тарыдай шашылған қазақтың басын қосқанымыз басқа емес, «Атамыздың ат суарған жерінде өлейік» деген ниет емес пе? Атақұрт аталуы да осында. Ендеше, осы тәуелсіздікті нығайту жолында қазақ үлдарын іріктше іріткен, бір ниетте ұйытудың жолы қайсы? Бүгінгі қазақты аруақтап жинауға болмайды. Бұл заман талабы емес. Сондықтан дін арқылы имандылыққа, тіл арқылы ұлттандылыққа бейімдегіміз келді. Әрине, аталарымыз ашқан іс қомақты. Бірақ қайырынды шәйір қылатындары да жоқ емес.

ҚҰРАННАН ҚОРЫҚПАҒАННАН ҚОРЫҚ

Елімізде тәуелсіздік алғаннан бері дінге деген бетбұрысымызды қасируға болмайды. Елімізде исламның көмкерген жатқандығын өзінде намаз оқып, ораза ұстайтындар көбеюде. Соның басым болғын жастар құрайды. Мұның нәтижесінде мектеп қабырғасында және жоғары оқу орындында сәждеге бас қоятындар саны көбейіп, намазханалар ашылып жатыр. Ал жұма намазында мешітті толтыратындардың дені 10 жас пен 30 жас аралығындағы жастар. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) бір хадисінде: «Өлім келмей тұрып өмірінің, кәрілік жетпей тұрып жастығың, ауру келмей тұрып денсаулығының, шырып іс келмей тұрып бос уақытының, кедейлік келмей тұрып байлығының қадірін біл», деп айтылған. Біз дін жолын ұстап жастарды береке мен бірлікке үйыта алдық па? Жоқ, Құраннан қорықпай өзімізді алдап жүрміз бе? Бұл – бір аллаға аян.

Әрине, қоғамға пайда келтіретін тұлға болу үшін ең алдымен иманымыз кәмел болуы керек. Мен имандылықтың басты шарты жайында бір дін өкілімен өңгімелесіп көрген едім. Оның пікірінше: «Имандылықтың басты шарты – бес уақыт намаз оқып, барлық жамандықтан тыйылу керек» Жамандықтан тыйылу – имандылықтың бастауы. Құранда «Аллаһ тағала адамға шамасы жеткен нәрсені жүктемейді» деген аят бар. «Ораза-намаз тоқтықта» дегендей, байдың баласы тойып секірсе, жарлының баласы тоңып секіріп жатқан мына, алмағайып заманда отбасын асырауға күйі келмей жатқандарға исламның шартын орындаған жақсы. Ал ел ішінде ұрлық-қарлық, зорлық-зомбылық, жемқорлық, кісі өлтіру, зинақорлық, ішімдікке салынушылық, есірткі тарату сияқты қылмыстардың бәрі де ислам дінінің қағидаларын бұзу болып табылады. Ендеше, ислам дінін ұстанған адам мұндай қылмыстарды істей ме? Ислам дінінің ұстанушылары ешқашан да ұрлық, зорлық-зомбылық, зинақорлық, ішімдікке салынушылық, есірткі тарату сияқты қылмыстарды істемейді.

Табысқа жетудің құпиясы не? Мұны оқыған оқырман ғалымдар жайлы жазады деп ойлайтын шығар. Олай емес, мен бала кезімде-ақ өзімнің ғылымның адамы болмайтынымды білгенмін. Сондықтан қоғамдық салаға қарай бейім болдым. Оның басқа да себептері болды. Саясат пен ғылым тек төзімді адамдардың шұғылданатын ісі екендігін сездім. Өйткені, сен өз идеяңды басқаларға мойындату үшін өзіңде өмір бойы сол тірлікке жеткізетін табандылық пен биліктің қуаты болуы керек. Алайда, менде ол шарт болған жоқ. Десе де, философтардың жазбаларын оқи жүріп, адам болудың құпияларын ақырындап үйрене бастадым. Сондықтан мен бұл мақалада өзім сезген табысқа жетудің шарттары мен қоғамның шындығын шендестіре отырып, жеке ой-пікірімді ортаға сала кетуді жөн көрдім.

●ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

БОЛАШАҚ – НҰРЛЫ, ЖОЛ – БҰРАЛАҢ



Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Ғұламалар: "Адам баласы алғашқы заманда туысқа тартқан және жеке мүддені көздеген. Орта ғасырда дана адамға табынған және қайырымдылыққа, сүйіспеншілікке бой ұрған. Таяу заманда асыл заттарды көтермелеп, ұлықтарды қастерлеген. Ел дана кісілерді қадірлеген соң-ақ кәбілет, мұрал жақтан бөс таласатын болған. Ал асыл заттарға табыну жеке бастың қамын қарастыруды негіз еткен.

Міне, ұқсас болмаған қоғамдық қарым-қатынас адамзат қоғамының ілгері басуына түрткі болды. Өйткені, осындай түрлі қайшылық адам баласына не керек? Өмір сүру үшін қалай істеген жен дейтін бағыт-бағдар беріп отырды" – деп жазады.

Ертеде, бір тайпаның ақылгөй қариясы болыпты. Олар жер танабынан тірлік қажетін қамдап отырады екен. Тіршіліктің қажеті үшін мал есіріп, тірлік кешіп жатқан кезді тайпамен қарым-қатынас жасауға ортада тұрған алып тау мен ондағы жыртқыш аңдар бөгет болыпты. Бір күні дана қарт тайпа мүшелерін жинап, кеңес құрады. Олардың алдында екі жол бар еді. Бірі – таудағы аң бітекті қырып, жоғалту. Енді бірі – тауды орнынан басқа жаққа көшіріп тастау. Тайпадағылар кеңесе келе екінші жобаны дұрыс деп шешеді. Қызу тірлік басталады. Бір ұрпақ, екінші, үшінші ұрпақ сансыз жала-машақатпен еңбек етеді. Десе де, арманның орындалуына өлі ерте еді. Сол тайпаның бесінші ұрпағына келгенде ғана жоспар орындалып, екі тайпа бір-бірімен емін-еркін қатынайтын мүмкіндікке ие болады. Бұл басқа тіршіліктің көзін ашып, өркениетті ары қарай жалғап әкетті. Иә, бұл жерде айтылып отырғаны нендей бір тауды көшіру емес, төзімділік пен қажырлылықтың аскар тауды да орнынан жылжыта алатын күдіретті күш екендігін білдіру. Адам баласының бүгінгі өркениетке жетуі – осының нәтижесі. Өрине, табысқа жетудің бірінші құпиясы міне, осы.

Дүниеде төрт қабырғасы сай нәрсе жоқ. Оның үстіне, бір адам немесе ұлттың өмірін тек қажырлы еңбек қана кемелдендіре алады. Баяғыда Қорқыт деген әулие адам өткен екен. Ол өлімнен қашып, бармаған жері, баспаған тауы қалмапты. Қайда барса топтасқан адамдар легіне ұшырасады. Мән-жайын сұраса, "Қорқыттың көріне" деген жауап алады. Осындай қашқындықтың салдарынан шалқар теңіздің үстіне қасиетті кілемін төсеп, қобыз тартып отырған жерінде ажал жылан болып тиіп пәниден өткен екен. Бұл бір аңыз болғанымен бізді дің ата-бабаларымыздың өмір көшірмесінің айнасы. Халық арасында ежелден айтылып келе жатқан: "Басы қарлы Балқан тау, ол да біздің барған тау, "Тар түп. Кең түп ол да біздің жер" деген тәмсіл бар. Мұндағы Балқан (Алпі тауы), Кең түп (Оңтүстік үйек), Тар түп (қазіргі Индия бұғазы) емес пе? Осы даланы шыр айналып, болашақ қажырлы деп айтпауға шараң бар ма? Талай-талай қырғын мен тақсіретті тартқан бабаларымыз осы саяхатын "Асан қайғының" ақылымсына айналдырып, "Қорқыттың көріне" шендестіру арқылы түйіндеп кеткен жоқ па? Осыдан 3 мың жыл ілгері тарих сахнасын дүбірлеткен Сақ тайпасының ертоқым мен үзеңгіні талқылап, ат үстінде соғыс салғанын "Әлем кемесіне" балап мақтанамыз. Бірақ, сол бабалардың анталаған жаумен аянбай күрескен қажырын елеусіз қарайтынымыз бар. Тіпті білмейміз де, білуге ұмтылмаймыз. Осы ойымызды өре келгенде, қазір біз: "Қазақ жалқау, өркениетті ескере бермейді" деп жеңіл-желпі баға бере салуға құштармыз. Олай емес, қазақ қатайса болаттай берік, жұмсарса мақпалдай жұмсақ халық. Тек отаршыл жүйе осы идеяны миымызға терең сіңіргендіктен сол дерттің салдарынан жастарымыз алжасып жүр. Неге? Біз әлемдік өркениетке бастау болған тарихымызбен мақтанғымыз келмейді.

А, б, с, д-ны айыра алғандар өзін ғалым санағанымен, оныcы бәрі бір химиялық формулаға жаназпайды. Есептоштты қағаз алатындар өздерін математик санағанымен, қаламмен істелген есептеу жолын көргенде одан нәр ала алмайды. Сондықтан, қазіргі заманғы оқымыстылардың қолынан барлық іс келе бермейді.

Мен бір тарихшыны білемін. Айта берсең алған атағы жетеді. Жасыратыны жоқ, орыс, неміс, ағылшын деймісің, өзге ұлттың тарихына жүріп тұр. Бірақ Қабанбай батырдың 103 рет жекпе-жекке шығып, жеңіске жеткен ерлігін білмейді. Мұны айтып отырғаным, бес мың жылдық жазба тарихы бар қытай естеліктерінде ең мықты батыр 78 рет жеңіске жетті деп тіркелген. Салыстырып көріңіз. Бізге қазір басқалардың патшасының да, байының да, бағалы тарихының да керегі жоқ. Тәуелсіз елміз. Осы орайда, кім көрінгеннің қол жаулығы болып кеткен ұлттық құндылықтарды тауып алсақ болады. Осы ретте Мұхтар Шаханның "Ғашықтық ғаламаты" балладасының алғы сөзі ойыма оралады. Сөз кезегі келгенде айта кетейін, қазіргі мектеп оқушылары пайдаланып отырған оқулықтарға қарның ашады. Қазақтың тарихынан азырақ бірдеңе білемін деген адамның өзі түсінбейтін жерлері көп. Қазақ тарихының білгірі емес, бейне бір жолаушының қолжазбасы сияқты. Оның үстіне, өр автордың көзқарасы ертүрлі. Мысалы, біз әлі күнге дейін Шыңғыс ханды жауыз етіп көрсетіп келеміз. Ал Үйсін патшалығын қазақтың патшалығы ретінде мойындамай отырған ағаларымыз бар. Тарихтың өз тіл, делдігі, ұғынықты ойы болады ғой. Мұнай мен уранды мол болғанымен, санасы ұлттық құндылыққа бай болмаған халықтың перзенттері табысқа жете алмайды. Табысқа жетудің екінші құпиясы – өз ұлтының тарихына құрметпен қарау. Өйткені, тарих қастерлі. Ол сені аспанға шығара да, тереңге батыра да алады.

Әйгілі "Мың бір түн" кітабында мынадай бір диалог бар:

– Жазықты неден пайда болады?

– Жазықтының түрі көп. Мәселен, ұрлық қылады, құл қожасының тілін алмайды, патшаларға салық төлемейді, қожаның қыз-қатындарына құлақшындайды, біреудің меншікті дүниесіне біреу қол сұғады, дін тәртібі бұзылады, толып жатыр.

– Неге өйтеді? Сен айтқан жұмақта толып жатқан асты жей бермей ме?

– Олардың иесі бар. Азда бар, көпте жоқ. Тәртіп содан бұзылады.

– Ендеше, сенің айтып тұрған жұмағың – ол тозақ. Еріксіздік тұрған жерде, ешқашан бейіш болмайды. Жекеменшік бар жерде әділет болмайды. Әділетсіздік бар жерде рахат болмайды. Қылыш тұрған жерде, еріктілік болмайды. Жылаған дауысты естіп отырып жеген қойдың етінен, жылағаны жоқ жерде жеген жылан ет артық.

Иә, бұл әңгіменің өзегінде не жатыр. Бес саусақ бірдей болмағаны сияқты адамдардың қоғамдық орны да ұқсас болмайды. Міне, осы парық – барлық пәленің бастауы. Сондықтан адамдар заң арқылы мемлекетті басқарып, адамдарын мүддесін қамтамасыз етуді ойлап шығарған. Ол үшін бірінші, заң халықтың басым белігінің еркіндігін көздеп жасалу керек. Екінші, ол бағыныштының адамдардың мүддесін қорғауы керек. Тарих бойы дәлелденген бір шындық – егер 9 есе жаза, 1 есе сыйлықты қолданған ел өркендейді. Ал 1 есе жаза, 9 есе сыйлықты қолданған ел құрып-жоғалады. Халық заңды білуі керек, сол арқылы өзінің құқығын қорғайтын мүмкіндікке ие болғаны жөн. Табысқа жетудің үшінші құпиясы – әділетті заң және оны "қара қылды қақ жарып орындайтын" билер болуы өте маңызды.

Алайда, қылмыс атаулының бәрі заңды қалау етіп жасалатыны адамды қынжылтады.

Менінше, табысқа жетудің кезі осы үш нәрсеге байланысты болса керек. Өйткені, мен білетіндулар осы шарт астында биікке жеткен немесе оны өзірлемегендігі салдарынан өмірден ерте озған.

Қоғамда не ғаламаттың бәрі болып тұрады. Барлық арманшыл не өткен шақты аңсап, не болашаққа үміт артып, ал қазіргі "шақ" деп аталатын тақырыпты жауапсыз қалдырып келеді.

Қандай күйде екенін білмесем де "болашақ" деп аталатын нәрсе, дегенмен, сөз жоқ, бар болмыс. Сөз жоқ жетіп келеді. Амал не, сол кезге барғанда, ол сол уақыттың "қазіргі шағы" болып қалады. Сарыуайымға салынудың реті де жоқ шығар. "Сол кездің қазіргі шағы", "қазіргі кездің қазіргі шағынан" жақсы болатынына сенемін.

Мұны құрғақ қиял деп дәлелдеудің де орны жоқ. Сол болашақты жасайтындардың бірі болып саналатын менің өзім жұдырық та жұмсай алмаймын, ерлігім де жоқ. Әттең, деші, қолымдағы тек қалам ғана. Осы мақала сияқты сананы сынаған, жүректі оятар ой-ерім жазуға жарайды. Дегенмен, емірдегі тамырын тереңге жайған нәрсеге түтқыл шабуыл жасап, қатқан сөзді шытынатпасам, болашаққа артатын болмашы үмітім осы ғана болар еді деген көкейімнен кетпейді. Үмітім де жоқ емес, байыздап ойлап көрсем, менімен бір пікірде болатын бірнеше адамның бар екенін байқап қалдым.

Бірақ, мен қолымнан аса көп ештеңе келмейтінін білемін. Жалпы, басшы болатын адам – бірінші ден, ержүрек болуы керек. Ал, мен өте абайшылмын. Екінші ден, құрбан беруден тайынбайтын болу керек. Ал, мен біреулердің жанын құрбан етуге риза емеспін. Сайып келгенде, газетке мақала жазудан аса алмаймын. Егер жазушы болып келсе, тілеуімді берсін, маған қосып. Менің табысқа жетуімнің құпиясы, міне, осы.

ТҮЙІН Кезінде финика мүтәлімәһ білгіс: "Әлемде бердің жоқ болатын, жоқтың бар болатын нәрсе болмайды. Бар нәрсе қашпаса бар, тек орын ауыстыру ғана болады", деген бір қанатты үйреткіш болатын. Біздің тәуелсіз ел болуымыздың сәні кезінде ата-бабаларымыздың тәуелсіздікке құштар болғанында айтты. Мысалы, мәңгол халқы тіл үйренуге бейім келеді. Себебі, омарның грамматикасында бермек үлтың тілік заңдылығы сақталған. Ал қазақ халқы жаппылықты тез меңгереді. Себебі, біз – тарихта дүниеге мәдениет тарататын халықтың мұрагерлеріміз. Бірақ дүниетаным ерекшелігі көрсетіп қажетті қырғын тауып, арыстарының айырылған халық жоқ. Бір кемсері тек қана ерекшелік болмай көп нәрселен кенжелеп қалдық. Қазір бізге тәбысқа жетудің бір ғана құпиясы бар – ол осы тәуелсіздіктің кадірін білін, қасиетін асыру. Әлі әлемді аударістетін болмаса. Болашағымыз шұрам екендігі даусыз. Бірақ бұрмалы жолдың тайсалмай отпек болы.



Келін жазған көк дәптер

●ТҰЛҒАҒА ТАҒЗЫМ

Сайлаубек БАЙДУЙСЕНОВ,
"Жетісу"

Жемқор жылдар өтпелі кезеңді жеткізіп алып, келіп барады. Заманның заңдарын құбылысына кімдер қарсы тұра алған. Кешегі көргенің бүгін көмескі тартып, шаңдің жанарында тана ішінің қалтасындай сезілетіні бар. Оған келтіре кететін хаж қанша? Соның бірі, өзіне сахнасында жалт етіп жанып, жарық жұлдыздай болып көрінген Кеңенбай Қазыбековтың өткелі көп өмірі болды. Кеңенбай актер тірі болса өткен жылдың ақпан айында 80 жасқа толар еді. Мүтелеуліке мойымай, өмір үшін өлімнен алысқан, шаңырағында шаршап отырып қалмай тағдырмен таласқан инабаттылық ортада жүрсе 80 жылдық сенгір жасын атап өтіп, көпті бір сергілтіп тастар ма еді? Әттең, асыл азаматтың көзі тірі болса оның шығармашылық жолы, өміріне айналған өнері, өскелі өсиет етілір жатар ма еді?

Ал, ағайын-туыс, бауырлардың жүрегінде жатталып қалған бөлек бейнесін қашан да көңіл көзінен өшіртпей-ақ. Өткінші ғана өмірлі, сағынып пен сезімді қатар арқалай білетін ағайын қадірлеп-ақ қашқан ұмытпайды. Соның бірі, ақ жүрегін жалап, ақ тілегін айтып көрген сайын, келген сайын нұрын сәлем беріп тұратын керемет келіндерінің бірі – Әтіркүл еді. Десе дегендей, жан-жағына жұлдыздай шашып жүретін Шаншабаева Кеңенбай актерлер үлкен апасы Ажәлтай ананың тұған келіні. Әтіркүл осы үйге келіп болып түскелде Кеңенбай секілді кенен азамат, керемет актер тұрмыс естелік жазғам деген ойы болмаған шығар. Азаматтың адалдығы, адамдығы, ағалығы еріксіз қолға қалам ұстатқан болатын.

Әтіркүл келін Кеңенбай актерды мәз адамна елестеткендей, жанары жасқарған күйі көк дәптерді ұсына берді. Күлде көзін жүрген көк дәптер болғанымен, айтары көп дәптер екенін бірден аңғардық.

– Ата үйге келсе, қуанышқұлкі, қызық-думан бірге көретін. Ол ешқашан жалғыз жүрмейтін еді. Достары, жолдастары көп болатын. Оларға бізді таныстырып отырса, достары үнемі қошеметтеп, көңілін көтеріп жүретін. Біз бұрынғы «Путь Ильича», қазіргі Көксай ауылында тұрдық. Ағаның ақ «Волгасы» көрінсе болды, бірміз башаға – көкөністе, бірімізкіршілзерге – сүт әкелуге жүгіретінбіз. Ағаның арқасында талай өнер адамдарымен тәнірі ұлттарының бірі Нұрәсіл ата Телендиев Кеңенбай көкеңнің досы болған бір балаңның есімін Айдар болсын деп атап кетті. Режиссер Сұлтан Ходжиков, Абдулда Карсакбаев сынды көрнекті азаматтармен ағаның арқасында дәмдес-тұздас болдық. Бұл бір сиякты қарапайым қазақ үйіне шоретілген үлкен құрмет еді. Қуанышы нем қайғысы ақсаталып, қатар жүретін тағдыр тауқыметі бізді айналып өткен жоқ. Тышқан жылы деп аталатын 1984 жыл орнығы толмас қайғысын ала келді. Жолдасым 34 жасында дүние салды. Мен 3 бірдей балаңмен жесір атандым. Кеңенбай ағаның керметтігі ғой, қолында «Жесірлер» атты кітап бар, маған ақылын айтып, сөз қатарластар жесірлерге өзінен сөзін беріп. Оқытуда ерекше тұрлаулы, түсі бірде қызғарып, бірде бозарып, қабағы қым-қиғаш құбыла түсіп, дауыс ырғағымен жүректі қозғай қоятын тұрғандай еді. Мен сөз кестелі сөзді етіне тұрып естідім, жылап тұрып есімді жаттаным есімде. Мен сонда актерлықтың шыңдығын, өнердің шынын сездім. Оны сездірген Кеңенбай көкем еді. Қайран Кеңенбай көкемет 61 жасына қараған шағында, 1988 жылы өмірден өтті. Содан бері де жылдар бетті 20 рет айналып келген екен. Сол кешегі 2008 – тышқан жылы Кеңенбай актер тірі болса 80 жасқа толып, туған күнін тойдап отыратын еді. Біз Кеңен ағаның туған күнін түскен ретінде жыл сайын тойлайтынымыз бар. Сексенге толған сенгір тойын өткен жылдың ақпан айынын алғашқы күндерінде атап өттік. Сол бір туған күн үстінделті жылына қайта оралды. Өнерін жазына жалау етіп, басқалар аса бермейтін ауыр тұмырға қарсы тұрған кайсар жан бірлік пен тірліктің, достықтың ғажап өнегесін калдырып еді. Өнердің тамаша дәстүрін көкке көтерген азаматтың есімін ардақтайын асыландардың көбінің көзі жоқ. Кейде өзімен үзеңгілес, бүгін елдің ортасында жүрген парасатты перзенттерді ілдійтінім бар, – деген көк дәптердегі мұстық мақалас көп нәрсені көңілге түйіндей болады.

Бұл келін дәптерінің ішінен үзіп алған бір ғана сыр. Киодағы көптеген кейіпкерлер арқылы бүгінге жетіп, есімі өнерімен ажырамастай орнын кеткен Кеңенбай Қожабеков сынды азаматтардың есімі өнірден де, көңілден де, өнерден де өшпек емес. Десек те, дүниеден жоғалғанын үдейтіндер көп. Бұ болсақ бақұлдығымыз қайтіп майтынымыз қалай? Айтайық, айтпайық актерге деген кереметтің мұстық мақалас, мәңгі мақаббаты жоғалмақ емес.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

●КӨҢІЛ ТЕРЕЗЕСІ

ӨЛГЕНДЕР ҚАЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

Демократия деп демігіп жүргендер үшін қоғамдық мәнша таптырмайтын орын. Сан қилы пікірлердің тоғысып, тоқайласатыны да осы тұс. Сондай көп гой-гойдің бірінде бір ағамыз: «Кемпіріме мен өлгенде басыма қоятын белгіге «мұның түбіне мақтан жеткен» деп жазуды өсиет еттім», – деді әзіл-шынысы аралас. Бұл сөзді өз кісі сол сәтте, әрине, мақтан үшін айтты. Өзгенің көңілін өзіне бұру үшін айтты.

Шындығында да біздің түбімізге осы мақтан жетіп жүрген жоқ па екен осы? Белгілі жазушы ағамыз Герольд Бельгер Германияға тумасынлап барады. Емен-жарқын қарсы алады. Кешкі сағат 19.00-ге қонаққа шақырған туысына шырттай боп барады. Үй иелерінде қонақ күтуге деген дайындық байқалмайды. Дастарханға шақырып бір шыныаяқ кофе мен бір бутерброд ұсынады. Қарны ашып тұрған Герольд қарбытып асап, жұмырға жұқ болмайтын кофеңі бір-ақ сіміріп: "Тағы ішуге бола ма?" деп сұрайды гой. Сонда туыстары: «Біз сізді екі шыныаяқ кофе ішеді деп ойламаған едік», – деп танырқайды. Немістің салтын түсіндіреді. Енді Гер-аға танырқайды. Сосын жазушы ағамыз аздап мақтанды: «Мен өзім бір қыста екі соғым: бір сиыр, бір жылқы жеймін. Оны аз десеңіз бізден қазақтар бір өзі 500-1000 адамға тойды еркін жасай береді. Және дастарқанында құстың сүтінен басқаның бәрі болады. Үш-төрт түрлі мастық тамақ береді». Мұны естіген дамыған елде тұратын туыстары бір адам қалайша соншама адамды күте алады деп жағасын ұстапты. Туыстарының таңдайын бір қақтырып алғанына мәз болған қалмғыр ішінен: «Қазақтар бір жыл ғой жасамаса Германияның бір жылдық бюджетін көтеріп алады екен ғой», – деп «мақтаныпты».

Расында да, тоймен мақтанғанға не жетсін. Алайда, біз бүтін тоймен мақтанғанды қойып, топырақты өлімді де мақтанның нысанына айналдырып алғандаймыз. «Бардың малын шашатын, жоқтың артын ашатын» қайғылы халді де дәңгейлік көкпарына салып жіберген сияқтымыз. Марқұмды ақиретке шығарып салудың бүтінгі үлгісіне қарап осылай демеске лаж жоқ.

Қазақта ең үлкен ас бәріміз білетін, жыр Құлагері І. Жансүгіров жырға қосқан «сапты заттың сипаттап алғанына мәз болған қалмғыр ішінен: «Қазақтар бір жыл ғой жасамаса Германияның бір жылдық бюджетін көтеріп алады екен ғой», – деп «мақтаныпты».

Расында да, тоймен мақтанғанға не жетсін. Алайда, біз бүтін тоймен мақтанғанды қойып, топырақты өлімді де мақтанның нысанына айналдырып алғандаймыз. «Бардың малын шашатын, жоқтың артын ашатын» қайғылы халді де дәңгейлік көкпарына салып жіберген сияқтымыз. Марқұмды ақиретке шығарып салудың бүтінгі үлгісіне қарап осылай демеске лаж жоқ.

Қазақта ең үлкен ас бәріміз білетін, жыр Құлагері І. Жансүгіров жырға қосқан «сапты заттың сипаттап алғанына мәз болған қалмғыр ішінен: «Қазақтар бір жыл ғой жасамаса Германияның бір жылдық бюджетін көтеріп алады екен ғой», – деп «мақтаныпты».

Расында да, тоймен мақтанғанға не жетсін. Алайда, біз бүтін тоймен мақтанғанды қойып, топырақты өлімді де мақтанның нысанына айналдырып алғандаймыз. «Бардың малын шашатын, жоқтың артын ашатын» қайғылы халді де дәңгейлік көкпарына салып жіберген сияқтымыз. Марқұмды ақиретке шығарып салудың бүтінгі үлгісіне қарап осылай демеске лаж жоқ.

Қазақта ең үлкен ас бәріміз білетін, жыр Құлагері І. Жансүгіров жырға қосқан «сапты заттың сипаттап алғанына мәз болған қалмғыр ішінен: «Қазақтар бір жыл ғой жасамаса Германияның бір жылдық бюджетін көтеріп алады екен ғой», – деп «мақтаныпты».

Расында да, тоймен мақтанғанға не жетсін. Алайда, біз бүтін тоймен мақтанғанды қойып, топырақты өлімді де мақтанның нысанына айналдырып алғандаймыз. «Бардың малын шашатын, жоқтың артын ашатын» қайғылы халді де дәңгейлік көкпарына салып жіберген сияқтымыз. Марқұмды ақиретке шығарып салудың бүтінгі үлгісіне қарап осылай демеске лаж жоқ.

Қазақта ең үлкен ас бәріміз білетін, жыр Құлагері І. Жансүгіров жырға қосқан «сапты заттың сипаттап алғанына мәз болған қалмғыр ішінен: «Қазақтар бір жыл ғой жасамаса Германияның бір жылдық бюджетін көтеріп алады екен ғой», – деп «мақтаныпты».

Расында да, тоймен мақтанғанға не жетсін. Алайда, біз бүтін тоймен мақтанғанды қойып, топырақты өлімді де мақтанның нысанына айналдырып алғандаймыз. «Бардың малын шашатын, жоқтың артын ашатын» қайғылы халді де дәңгейлік көкпарына салып жіберген сияқтымыз. Марқұмды ақиретке шығарып салудың бүтінгі үлгісіне қарап осылай демеске лаж жоқ.

Қазақта ең үлкен ас бәріміз білетін, жыр Құлагері І. Жансүгіров жырға қосқан «сапты заттың сипаттап алғанына мәз болған қалмғыр ішінен: «Қазақтар бір жыл ғой жасамаса Германияның бір жылдық бюджетін көтеріп алады екен ғой», – деп «мақтаныпты».

Расында да, тоймен мақтанғанға не жетсін. Алайда, біз бүтін тоймен мақтанғанды қойып, топырақты өлімді де мақтанның нысанына айналдырып алғандаймыз. «Бардың малын шашатын, жоқтың артын ашатын» қайғылы халді де дәңгейлік көкпарына салып жіберген сияқтымыз. Марқұмды ақиретке шығарып салудың бүтінгі үлгісіне қарап осылай демеске лаж жоқ.

Қазақта ең үлкен ас бәріміз білетін, жыр Құлагері І. Жансүгіров жырға қосқан «сапты заттың сипаттап алғанына мәз болған қалмғыр ішінен: «Қазақтар бір жыл ғой жасамаса Германияның бір жылдық бюджетін көтеріп алады екен ғой», – деп «мақтаныпты».



Қазақ тарихында аты қалған дүйім жұрты дүрілтірген кешегі Сағынайдың мазары деген ескерткіш жоқ. Бертіндегі қазақ қоғаммның алыбы Құнанбайдың да басына тәжал есның алыбы Құнанбайдың да басына тәжал ескерткіш қойылмапты. Ол туралы сөз де жоқ. Орнатуға шамалары жететін жуан атаның балалары оған мән бермеді дейсіз бе? Жоқ. Керісінше оған философиялық тұрғыдан қарағаи секілді. Демек, бәрі бертінде тәуелсіздік алғаннан кейін, әсіресе, соңғы 2000 жылдан бергі катты қарқын алғаны байқалады. Ел дәулетінің артқаны шығар.

Мұндай мәселеге дін өкілдері қалай қарайды екен деген инетпен Талдықорған қаласы, Еркін ауылының имамы Қанат Маратұлына жолыққан едік. Имам айтады: «Пайғамбарымыз ғ.с. «Үйлену мен мәйіт жөнелту сияқты нәрселер болу керек» деп өсиет еткен. Бүгін бізде керісінше осы екі мәселе ең күрделі нәрселер қатарына жатады. Әсіресе қазақтарда. Топырақты әлемде тұрып, ұлы жүзге бір шапан, кіші жүзге бір шапан деп тәбәрік таратамыз. Мәйітті босағаға жатқызып қойып, сойыс мал іздеп сабылламыз. Дастарқан мәселесімен бас ауыртамыз. Марқұмның артында қалған балы-шағасы не киеді, не ішеді дегенге бас ауырта бермейміз. Соның соң мәйітті басына белгі қоюда үлкен басөкелестік бар. Әке-шешесіне тірісінде ат ізін салмаған кейбіреулер қайтыс болғанда келіп алып, сізді марқұмның арұағы риза болсын, үлкен мазар тұрғызамын деп ала шапқын болады. Адам жақсылықты адамға тірі кезінде жасау керек қой. Өлгеннен кейін басына мазар тұрғызу тірі пенденің өз атын шығару үшін жасап жүрген жарнамасы ғана. Сондай-ақ, бейіттер нағыз етін салатын, ел ағалығы жарататын жерлерге орналасқан. Негізінде мазарлар топырақтан, ағаштан 50-60 жылда топыраққа айналып кететін заттардан жасалу керек. Тағы бір басқа айтатын нәрсе, бізде шек беру деген бар. Бұл – өзі исламда жоқ салт. Құрбан айтқан алдында шек беріп әзек-шәзек болып жатады. Одан да ол малды құрбандық инетімен сойса әдекайда қабыл болар еді. Біз осы мәселелерді шамамыз келгенше халыққа ұғындырып келеміз» Имамның айтқаны да көңілге түйіп ой салады

Осындайда қазақтың кестелі ойының кемеңгерлі сөз зергері Оралхан Бөкейдің «Егер өлген адамның тірісін келсе бізге қалай өмір сүру керектігін үйретер еді», – деген пайымы еске оралады. Шындығында да өлгендер қайтып тірілп келсе: «Айналайындар, киттеріңе рязамын. Маған арнап жұмсайтын пұлдарыңды жетім мен жесірлерге таратсаңдар, әйтпесе иманды бір іске жұмсасаңдар сол тор сауап. Мына керемет күмбездерің менің рухымның еркін ұшуына кедергісін келтіріп тұр». – деген болар ма еді, кім білсін...

Ерғазы МАНАПҰЛЫ.

●ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

САНАҒА СІҢГЕН ДЕРТ

"Дағдарыс" ел арасында неше түрлі әңгіменің өзегіне айналса да, ол қазақты алаңдата көймайтын көрінеді. Оған 14 ақпан күні қаламыздағы мектеп құралдарын сататын сауда нүктелерінідегі қызу тіршілік куә болды. Открытка сатып алуға келген адамдар легі нің тіреселі. Бала да, жас та, жасамысы да бар. Адамды қызықтатыны алушы да, сатушы да "Валентинді пір көрген" өзіміздің қарақоздеріміз.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Не керек, қарсы қабырғада самсап тұрған оқу құралдары мен кітаптарға көз қырын да салмаған бастауыш сыныптың балалары шоғырдың арасында жүгіріп жүр. "Қыздарға сыйлық аламыз," — деп қояды.

Бұнұ кішкентай "ашық хат" жасап, саудалайтын басқа орындары да төсінің өзгерткен мерекелік сыйлықтардың әкс, шеше, дос-құрбы, қыздарға арналып жасалған түр-түрі бар. Жылдағылай "Валентин" деген бадырайған жазу жоқ. Қалағанынды тандап ала бер. Осыған қарағанда аты-шулы есімді ұмытқан сияқтымыз. Бірақ санаға сіңіп алған атауды қағазға жазбаса да, алушының бірден түсіңеріне олар көз жеткізген.

– Қызым "валентинкаң" бар ма? – деп сатушыдан сұраған әжейдің таныс дауысына антарылып қарай қалдым. Бұнтыр "зейнетақым дұрыс есептелмеді" деп күнде келіп, есігімізді тоздырып, жоғарыдағыларға шапқылап, басымызды қатырған әжеміз открытка тандап жатыр. Бағасы 10 теңгеден 800 теңгеге дейінгі құттықтау қағазынан екі мың теңгеге лайықтап сатып алды.

– Әже, кімге сыйлайсың, – деп сұрап едім. Немерелеріне ұсынатынын мақтанышпен айтып өтті. "Шіркін, немересіне кітап әперсеші" деп ойладым іштей. Мүмкін, зейнетақысы көтерілген шығар, әйтпесе, мұндай кепестік қайдан бола қойсын.

Сатушылардың жүздері жадырақы. Әдетте оқу құралдары сатылатын кезде болмаса көп адам бас сұға бермейтін жерге "әулие әкей" жылдық сыйлағандай. "Күнде осындай болсаңы?", – дейді сатушылар. Олардан бір күнде канша кіріс тапқанын сұрағым келмезі. Себебі, бірнеше адамның калтасы калындағанымен, қанша тәулік ойынышқа айналып кетіп барады.

Ал, колледж және мектептердегі кызу думан тіптен айрықша, бұрынғы жылдарлағыдай жәшік қойып, оған тілек жазу немесе ұл балалар қыздарға сыйлық ұсынып, мерекені қарсы алу тәртібі бинал өзгерген. Оның орнына махаббат күніне орай дабыралы шаралар өткізілетін болыпты. Тактаға жүректің суретін салып, ішінеңің есімін бадырайтын жазып қоятын көрінестер де кезікпейді. Бірақ сана мен сезімге мықтап жазылған соң сияны сарып етудің реті де жоқ қой.

– Оқушылар мұндай шараларды өткізу жөнінде ұсыныс қойған соң, жол беріп отырмыз, – дейді басшылар ақтальп. Ал, осы ұлттың келешегін ойрандайтын жолдан тапқан "жегі құртқа" білім басқармаларының ат үсті қарап отырғанына таңданасың.

Әрине, қазақтай думаншыл халық жоқ шығар. Бірақ көрпемізге қарай көсілсек болмай ма? Мен, мұнда жастарды қинаймын деп отырған жоқпын. Барлық кателікті жастықтың жалыны өшпеген олардан көре беруің керегі де жоқ шығар. Солардың бәріне өзімізді кінәлімін. Айтпақшы, кеше ғана дүркіретін Кенес әскерлерінің Ауған жерінен шыққанының 20 жылдығын тойлап едік. Ең өкініштісі, жастарға патриоттық тәрбие береді деген ардагерлердің немерелері мен балалары "Валентинді" еске алып, есі шығып жүрсе, не сорым? Ардагері жоқ ауылдың халі қалай?

Содан кейін дүниенің кез келген жеріңде бір жаңалық болса, оны үйренгенше асық болатын Қытай елінідегі танысымызбен хабарласып қордық. Олар атауды мерекені тойламақ түгіл, "Валентин деген кім?" деп өзімізге қарсы сұрақ қоя бастады. "Өсер елдің баласы он бесінде баспын дер, өшер елдің баласы отызында жаспын дер" деген осы болмаған.

Қатысты мәліметке сүйенер болсақ, батыс елдерінде осы күні 13 пен 16 жас аралығындағы бірнеше мың қыз бала пәктігінен айырылады екен. Құдайға тәубе, бізде қазірше мұндай мәлімет жоқ. Осы жайында білейік деп бірнеше конак үй басқарушыларымен кезіккен едік. "Жоқ, білмеймізден" өзге жауап ала алмадық. Мүмкін, жастар бізді "Өздері жас болмаған соң немесе бүтінгі өмірдің түсінбегеннен кейін шырақ алып артымыздан түсіп, аяулы мерекемізді жамандап жүр" деп кінәлайтын шығар. Мен, тек қыз өсіріп отырған соң, оның ертеңгі болашағы үшін қорқып отырмын. Ал, сіз қорықпайсыз ба, ағайын!?

●АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

ҚАУІПСІЗДІГІҢІЗ ӨЗ ҚОЛЫҢЫЗДА

Еліміздегі тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық саласына жүргізілген реформадан соң көп қабатты тұрғын үйлердегі лифтік құрал-жабдықтардың барлығы өздеріне қатысты проблемалары және шешімін күткен мәселелерімен бірге сол тұрғын үйлерде тұратын адамдардың меншігіне берілді. Соған сай қазіргі кезде аталған салада алаңдатып отырған бірнеше күрделі мәселе көрініс тапқанын да айта кеткен жөн.

Лифт – тұрғын үйдегі аса күрделі әрі қауіпті инженерлік жабдық болып табылады. Сондықтан оларға қызмет көрсету үшін біліктілігі жоғары инженер-техник қызметкерлер мен электромеханиктер керек. Бүгінде лифтке қатысты өндірістік үрдістердегі ең әлсіз бөлік те осы еңбек резервтері болып отырғаны. Алғашқы мерзімі аяқталған соң олар лицензиясы бар, мамандандырылған ұйымдар арқылы техникалық тексеруден өткізілуге тиісті. Ал, бізде қазір қалада бес үйлер өткен ғасырдың 70-80 жылдары салына бастады. Қазіргі кезде алғашқы салынған үйлер бойынша орнатылған лифттердің барлығының пайдалану мерзімі аяқталды. Осыған байланысты облыстық тәтенше жағдайлар департаменті шешімі қиын проблемаға тап болып отыр. Тұрғындардың басым бөлігі алғашқы пайдалану мерзімі өтіп кеткен лифтерді мамандандырылған ұйымда тексерудан өткізуге жұмсалатын қаражатты тұрғындар қалтасынан төлеуге қатысты түсініспестік танытып жатады. Мұндайда, біздер лифттерді тоқтатып тастап, актың мерзімі өткендерді ауыстыруды талап етеміз. Өйткені біздің көпшілік адам өмірінен қымбат емтеңе жоқ. Ал 25 жылдан соң техникалық тексерудеи өткенімен, актың мерзімі болып табылатын 37 жылдан соң ауыстырылмаған лифт кез келген уақытта апатты жағдайға ұшыратып, адамдар өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан тұрғындар қауіпсіздігін ойлап, тәуелі шаралар қолданып отырған тәтенше жағдайлар жөніндегі қызметкерлердің әр қадамы қалалықтар тарапынан кедергіге ұшырмай, құптаған отырғаны жөн.

Лифтті пайдалану мерзімінің шектеуі екіні де өзекті мәселеге айналған. Мәселен, лифтті пайдаланудың мәлшерлі мерзімі – 25 жыл болса, ең ұзақ пайдалануға 37 жылға дейін рұқсат бөлшектерді, пластикалық тетіктерді артқан материалдармен ауыстырғанымен мәселе шешімін таппады деп айту қиын.

Лифтті пайдалану мерзімінің шектеуі екіні де өзекті мәселеге айналған. Мәселен, лифтті пайдаланудың мәлшерлі мерзімі – 25 жыл болса, ең ұзақ пайдалануға 37 жылға дейін рұқсат

тұр. Жыл өткен сайын лифтте қызмет көрсететін мамандар саны қысқарып барады. Оның себебі әртүрлі болғанымен, ең бастысы – білікті кадрлардың осы қызметке келмеуі. Қазіргі кезде лифт қызметіне мамандар займидану мүлде тоқтаған. Өйткені, лифт бейнша электромеханик мамандығының мәртебесі мүлде төмендеуімен бірге кәсіпорынның кадрлар дайындау мен оқытуға кажетті қаражат мүмкіндігінің жоқтығы да оның кері әсерін тигізуде.

Лифт жөніндегі білікті маман қолайсыз жағдайларда: машиналық орынға қысты сумқ, жатда аптап ыстық; шахтада үнемі жел соғып тұрады; күн сайын жалпап ауданды аралап, қоғамдағы жабдықтарымен бірге үй қабаттарына көтеріледі жән, т.т. жұмыс істейді және марзімсіз жалақы алады. Алматы облысы орталығындағы лифтті пайдалану тарифі еліміз бойынша ең төмен. Осының салдарынан лифт жөніндегі кәсіпорын дәл қазіргі жағдайда ешқандай өндм өзгеріс жасай алар емес. Электромехниктердің орташа жасы 50-ден асып кеткен. Енді бірер жылдан соң лифт қызметін көрсететін маман тапшы қазарымыз анық.

Сондықтан да бүтінгі күні Талдықорғандағы лифт қауіпсіздігі тым өткір мәселеге айналған. Бұған қосымша лифт жабдықтарын ұрлау да жиілеп кеткенін де жасырып қалуға болмайды. Жыл сайын ұрлықтан келетін шығын миллиондаған теңгені құрайды. Ал тоналған лифт жабдықтарын қайта калпына келтіру тағы да қосымша қаржы жұмсауды талап етеді. Жаппай ұрлыққа тосқауыл қою да оңай болмай тұр. Қызмет көрсететін ұйым түсті металдан жасалған

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕҢЕС ҚҰРЫЛДЫ

Балаларым, отың ішінде тегіс және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау мемлекетіміздің ұстанған саясатының басым бағыттарының бірі. Аз жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар әлеуметтік қорғаудың өзекті мәселесіне айналды.

Әлеуметтік жетімдер бұл – ата-анасы тірі, қаласынан бас тартқан, тастамды, ата-аналық құқығынан немесе бас бостандығынан айыру орындарында отырған, ұзақ емделуде, іздеудегі ата-аналардың балалары. Қазіргі кезде әлеуметтік жетімдіктің деңгейі төмендемей отыр. Осындай мәселенің тумдауына байланысты жұмыра Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі балалардың құқықтарын қорғау комитеті тарапынан 2008 жылдың қараша айында жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары директорларының республикалық кеңесі құрылды.

Кеңес құрудағы негізгі мақсат жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының қызметін ұйлестіру, материалдық-техникалық базасын жақсартуға ықпал ету, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйым басшылары мен қызметкерлерінің озық педагогикалық тәжірибесін жалпылау мен зерделеу, балалардың құқықтарын қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу, дарынды балалар мен жасөспірімдерді айқындау, таланттарын ашу және одан әрі дамытуға қажетті жағдай жасауда көмек көрсету, отбасылық балалар үйлерін дамытуға ықпал ету.

Аталмыш кеңестің құрамына Алматы облысынан Талдықорған қаласындағы «Айналайын» балалар үйінің директоры Н. Баймаганова кірді. Кеңестің алдағы уақытта атқарылар істеріне ақ жол тілейміз.

Гүлшат НҰСІПОВА,
облыстық балалар құқықтарын қорғау департаментінің бас маманы.

●ҰСТАЗ МЕРЕЙІ

БІЛІМНІҢ ШУАҒЫН ШАШҚАН

«Шәкірт алдындағы жауапкершілікті қажымай-талмай атқарғанда ғана, ұстаздықтың биік шыңына жетесіз», депті білгірлердің бірі. Қай кезеңде де мұғалімнің атқарар қызметі аса күрделі. Бұл мамандықтың шұпағасына ұстаған әр адам қайықты еңбек етуге тырысады

Ұстаз деген атаудың күдіретін терең түсінген Құралай Қыстаубаева бала кезінен мұғалім болуды армандаған жан. Асқақ арман жетегімен осы мамандықтың иесі атанды. Бүгінде ол Талдықорған қаласындағы №6 орта мектебінде география пәнінің мұғалімі болып еңбек етіп келеді.

Құралай Мақсымқызы әріптестері арасында біліктігі мен білімділігінің арқасында ерекшеленеді. Оның өткізген әр сабағы заманауи тақырыптарды қамтиды. Оқушылардың білімін ғана жетілдіріп қоймай, ойлау қабілетін дамытып, қиялын қанаттандырып, оқуға деген құштарлығын оятуға басты көңіл бөледі. Әр сабағына жете мән беріп, қызықты да тартымды өткізуге тырысады. Шәкіттерін туған жердің табиғатын қорғауға, аялауға үндей отырып, оларды пәнге ізденістерге жетелеуді басты мақсат етіп ұстанады. Олардың алды бүгінде жүлделі орындарды иеленгіжүр.

Құралай шәкірттерінің сүйікті ұстазы ғана емес, мектеп ұжымының да мақтанышы. Бар ғұмырын ұстаздыққа арнап, білімнің шұғыла шашқан білікті жанға қанатын талмай, биіктерге самғай түс демекпіз.

З. ОСПАНОВ,
№6 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі.

●ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Алматы облысының аумағында ҚР Көлік және коммуникация министрлігіне қарасты арнайы қызмет орны бар. Ол – Сарыөзек кентінде орналасқан теміржолдағы орттерді сөндіруге арналған бөлімше. Бөлімше 1954 жылдан бастап теміржолдың тілсіз жаудан қауіпсіздігін қадағалап келеді. Арнайы бөлімше Қосқұлақ пен Үштөбе стансаларының аралығындағы 287 шақырымдағы теміржол желісіне жауапты. Бөлімшеде 13 қызметкер еңбек етеді.

ӨРТ СӨНДІРУ ПОЕЗЫ

Теміржолдағы өрт сөндіру бөлімшесі болғандықтан, бөлімнің негізгі күш-құралы – поезд. Арнаулы поезд 1954 жылы жасалған. Поезд үш бөліктен тұрады. Алғашқысы тепловоз, келесісі қызметкерлер жайғасуға арналған бөлгі, үшінші бөлігі- су тасымалдау цистернасы. Поезға 100 тонна су. 7,5 тонна өрт сөндіру көбігі сияды. Басқа да қажет жарақтармен–толықтай жасақталған.

Теміржол ел мен елді бірбірімен жалғастырушы мемлекеттің ерекше жүйелерінің, экономикалық маңызды факторларының бірі. Теміржолдың бойы үздіксіз жүк тасымалымен, қозғалыста болады. Ішкі, сыртқы өнімдердің, шикізаттардың көпшілігі осы желі арқылы тасымалданады. Осындай қым-қуат қозғалыс орталығында, төтенше оқиғалар, әсіресе, өрт жиі болып тұрады. Поезд өрт сөндірушілерінің айтуы бойынша өрт көбінесе, тепловоздардың өртенуінен шығады екен.

Жергілікті жерлердегі апаттардың алдын алуға жауапты құзырлы мекеме аудандық ТЖБ болғандықтан, аталған бөлім бастығы Арнур Мүсілімов та поезд жол торабындағы бөлімшенің жұмыстарымен танысып отыруды, оларға әдістемелік көмек көрсетуді ұмытқан емес. Ай сайын олардың қызметтеріне шолу жасап, аймақтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған дайындықты бірге пысықтап отырады.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ТЖД БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Облыстық мал асылдандыру және дистрибьютерлік орталықтар субъектілер назарына

Алматы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 8 мамырындағы «Мал шаруашылығын дамытуды қолдауға жергілікті бюджеттерден субсидиялар төлеу ережесін бекіту туралы» №368 қаулысын орындау мақсатында облыс әкімдігінің 2009 жылғы 3 ақпандағы №17 қаулысымен ауыл шаруашылығы малдарын қолдан ұрықтандыру бойынша қызмет көрсететін, облыстық агроөнеркәсіптік кешенді субъектілерінің 2009 жылы субсидия алуға арналған тізімін және оларға тиесілі субсидия көлемін айқындайтын ведомствоаралық комиссия құрылғандығын хабарлайды.

Алматы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы комиссиясының жұмыс органы болып табылады **(Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі 26, телефон 27-13-46).**

Субсидиялау облыстық бюджеттен 2009 жылға бөлінген қаражат шегінде ірі қара малының аналық бастарын қолдан ұрықтайтын пункттеріне (бұдан әрі – ҚҰП) қызмет көрсететін және төмендегі технологиялық параметрлерге жауап беретін мал асылдандыру және дистрибьютерлік орталықтарына төленеді:

– ҚҰП-ді бұқалар ұрығымен мерзімінде камтамасыз ету;

– Сұйық азотты сатып алу, жеткізу, ҚҰП-де бар «Дьюар» ыдыстарды толтыру;

– Цитрат натрий және басқа да препараттармен ҚҰП-ды камтамасыз ету;

– Аналық бастардың ұрықталуын және олардың буаздығын тексеруді камтамасыз ету.

Құжаттар облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының 205-кабинетінде сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін баспаға жарияланған күннен бастап 15 күн бойы қабылданады.

Вниманию субъектам племенного и дистрибьютерного центров области

Управление сельского хозяйства Алматинской области сообщает, что во исполнение постановления Правительства Республики Казахстан от 8 мая 2007 года № 368 «Об утверждении Правил выплаты субсидий из местных бюджетов на поддержку развития животноводства», Постановлением акимата области №17, от 3 февраля 2009 года создана Межведомственная комиссия по определению сонека субъектов агропромышленного комплекса на получение субсидий, по возмещению затрат поставщикам услуг по искусственному осеменению сельскохозяйственных животных.

Рабочим органом межведомственной комиссии является Управление сельского хозяйства Алматинской области **(г. Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 26, тел.: 27-13-46).**

Субсидирование будет осуществляться, в пределах выделенных средств из областного бюджета на 2009 год, племенным и дистрибьютерным центрам, оказывающих услуги действующим пунктам искусственного осеменения (далее ПИО) маточного поголовья крупного рогатого скота области и отвечающим следующим технологическим параметрам:

– своевременное обеспечение ПИО семенем быков-производителей,

– покупка, доставка жидкого азота и своевременная заправка ими сосудов «Дьюара», находящихся в ПИО;

– обеспечение ПИО цитратом натрия и другими необходимыми препаратами;

– обеспечение осеменения маточного поголовья и проверка их на стельность.

Прием документов будет производиться в течение 15 дней со дня опубликования в кабинете 205 Управления сельского хозяйства области, с 9.00 до 18.00.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2009 жылғы 27 наурызында сағат 10-да Сарыөзек станысындағы №19 теміржол орта мектебін 1959 жылы бітіргендердің 50 жылдық кездесуі өтеді.

Хабарласу телефондары: Сарыөзек кентінде 3-10-60, 3-13-49.

2009 жылдың 5 қаңтарынан 31 наурызына дейін Ерікті Тәуелсіз корпусы мүгедектігі бар жас студенттерге арналған білім гранты бағдарламасына қатысуға құжаттар қабылданады.

Мына мекенжайға хабарласуға болады: **Талдықорған қаласы, Елекелді би көшесі №1, телефон: 21-26-02 жұмыс, 21-93-81 үй, ұялы: 87773567127.**

●САҒЫНЫШ

ҚҰРМЕТ ӨЛШЕМІ

Шәһинур Балғабекқызы Қыдырбек есімі өнерсүйер қауымға, әсіресе, өмірін өнермен байланыстыруға талпынған талапкерлер арасында, дүниежүзілік классикалық музыканың алтын қорына кірген әуездерді бағалай білетіндер арасында кеңінен танық.

Қысқа ғұмырының ширек ғасырдан астам уақытын Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваторияда ұстаздықпен өткізген абзал жан бақиға кетсе де, артында өшпес мұрасы – осы ширек ғасырда тәрбиелеп шығарған мыңнан астам шәкірті қалды. Олардың арасында дүниежүзілік, халықаралық додаларда алдына жан салмай, ауыздықпен құс тістеген сайыпқыран музыканттармен бірге, Шәһинур атқарған ізгілікті іс ұстаздықпен айналысатындары да мол.

Жуырда аталмыш консерваторияның камералық музыка залында марқұмның туған күніне орай әріптестері мен шәкірттері әзірлеген арнайы музыкалық кеш өткізілді. Кеште дүниежүзі классикалық музыкасының алтағуыттары Шуман, Брамс, Рахманинов, тағы басқа авторлардың шығармалары орындалды. Шәһинур Балғабекқызы туралы көңіл толған, көзге жас келтіретін ыстық ықыласты естеліктер айтылды. Кешке жиналған халықтың залға симай сықасы, әсіресе жастардың мол болуынан Шәһинур Балғабекқызы сынды, біреуге ұстаз, біреуге сырлас, дос, ерінтес, қай кезде де бауырмал, әр ісі мен әрекетінен жоғары мәдениеті айғайлап көрінп тұратын асыл жанға деген ел құрметінің өлшемі байқалғандай болды.

Кештен қайтқандар марқұмның өзімен жүздесіп, сөйлескендей жылы әсермен оралды.

Асқанбай АХМЕТҰЛЫ.

●ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

БАУЫР БЕРІШІ (ЦИРРОЗЫ)

Бауыр – адам ағзасындағы заттардың алмасуы мен тамақтың қорытылуында үлкен міндет атқаратын ең үлкен мүше. Ол тамақтың қорытылу үрдісіне қатысып, ағзадан уларды шығарып тастап, пайдалы заттарды жинақтайды. Қандағы еріген әрлі заттарды өңдейді. Сонын нәтижесінде онда түскен улар мен алкоголь жойылады, сырттан келетін және ағзада қалыптасатын улы заттар зарарсыздандырылады. Бауыр шығаратын қалықтар өтпен бірге өт қабына апарылады.

Сонымен бірге бауыр глюкозаның артықтарын сақтайды, темір мен тағы бірқатар дәрумендерді жинақтайды. Бауыр ауырған кезде оның зарарсыздандыру міндеті (алкоголь, улы заттарды) зардап шегеді. Содан барып бауырлық энцефалопатияның – бастағы мидың улануының дамуына ашқан совтырған, орталық жүйке жүйесі жұмысының нашарлауына да әсер ететін зиянды заттардың жинақталып қалуы орын алады.

Бауырлық энцефалопатия – бауырдың зақымдануы салдарынан оның зарарсыздандырылмайтын улы өнімдердің бастағы мидың улауы. Бұл ауру көбіне бауыр беріші және В мен С вирустары арқылы пайда болатын созылмалы вирустық гепатиттің ұзаққа созылған кезеңінде дамиды.

Түрлі зақымдануы факторлардың әрекеті барысында бауырлық жасушалардың жойылып кетуі кесірінен бауырдың қалыпты ұлпасы бауырдың барлық құрылымының қайта құрылуымен және түйіндердің қалыптасуы арқылы фиброздыққа ауысады. Ал бауыр құрылымының өзгеруі оның барлық міндеттерінің бұзылуына әкеледі. Бауыр беріпінің жүректегі кемістіктер, аутоиммундық өзгерістер (ағза өзінің меншік жасушаларын бөтен ретінде сезінеді) нәтижесінде бірқатар элементтердің (мыс, темір және тағы басқалар) патологиялық метаболизмі мен өт жылжуының бұзылуы, сондай-ақ, созылмалы В және С вирустық гепатиті салдарынан дамитыны анықталған.

Беріштің дамуындағы ең басты себептердің бірі аракқа салыну болып табылады.

Бауыр беріпімен ауыратындар денсаулығы дұрыс адамдарға қарағанда бактериалдық және вирустық инфекцияларға жиі шалдығады. Мұндай науқастар арасында несеп-қуық жүйесі мен тыныс алу жолдарының инфекциясы көп кездеседі. Кейде дене қызуы ең себепсіз көтеріліп кетеді. Бұл ішектерден «зиянды» (улы) микроағзаларды сорудың артуына байланысты.

Үй жағдайларында өзіңді қалай ұстау керек?

Жалпы кеңестер:

* шаршағанынызды сезінсеңіз, бірден демалыңыз;

* ауыр көтермеңіз. Қарын қуысына күрт қысым түсуі асқазан мен ішектерден қан кетуіне жол ашуы мүмкін;

* бауыр беріпімен ауыратындарға үлкен дәретпен бақылаудың маңызы зор. Үлкен дәреттің тиімді жиілігі – күніне екі мәрте.

Күн сайын тапертеңгісін ұмытпаңыз!

1. Кіндік тұсынан қарынның көлемін, дененің салмағын өлшеуді (қарынның көлемі мен дене салмағының артуы сұйықтық сақталып қалуының артқанын білдіреді).

2.Күн сайынғы сұйықтықтың (диурез) балансын есептеу: ішке қабылданған барлық сұйықтықты қосу, ішті дәрет кезінде шыққан барлық сұйықтықты қосу. Біздің жалпы мақсат – жағымды диурез, нақтырақ айтқанда, ісіпкен және асцитпен ауыратындар күн сайын ішке қабылданғаннан 200 мл. жақын сұйықтықты артық шығаруға тиісті: күн сайын ішке қабылданатын сұйықтықтың көлемі – 200-300 мл. Кіші дәретпен бірге сұйықтықты көп жоғалтудың энцефалопатияға жол ашуы мүмкін екенін ұмытпаңыз.

Негізгі диеталық ұсынымдар:

* созылмалы гепатитпен және бауыр беріпімен ауыратындардың басым бөлігі үшін күніне 80-100 грамм ақуыз бен 2500 ккал жеткілікті. Тамақты ол тәбет арттыратындай етіп дайындауы керек. Құрамында натрий бар минералдық суларды ішуді тоқтатқан жөн. Тамақты тұз қоспастан дайындау қажет.

* тұзсыз май, тұзсыз печенье мен нан, кепкен нан жеңіз.

* күніне бір жұмыртқа мен 100 грамм сиыр етін немесе үй құстарының, қоянның немесе балықтың етін жеуге рұқсат етіледі.

* сүт күніне бір стаканға дейін шектеледі. Майлылығы төмен қаймақ жеуге болады.

* піскен күріш жеуге болады (тұзсыз).

* кез келген көкөніс пен жемісті балауса күйінде немесе үй жағдайларында дайындалған тағамдар түрінде пайдалануға рұқсат етіледі.

Жеуге болмайтындар:

* құрамында асханалық ұнтақ немесе тағамдық сода бар (пирожныйлар, бисквиттік печенье, торттар, кәдімгі нан мен тоқаштар) өнімдер.

* тұздалған тағамдар, зәйтұн, шошқаның сүрленген еті, тұздалған ет, тіл, қақталған сельдь, ет және балық консервілері, ет және балық паштеттері, шұжық, майонез, түрлі мдыстардағы тұздықтар, сырлардың барлық түрлерін, балмұздақ.

Менің учаскемде 2006 жылы диспансерлік есепте 1 сырқат, 2007 жылы 1 сырқат, ал 2008 жылы 2 сырқат тұрды. Олардың біреуі II-топтағы мүгедек болыпы. Осы кезең ішінде олардың жалпы жағдайы нашарлаған жоқ.

Бауыр берішімен ауыратындарды емдеу тек қана дәрігердің кеңестерін қатаң сақтағанда ғана табысты болатындығын естен шығармаңыздар.

Алмагүл ЫСКАҚОВА,
«Қалалық аурухана» мемлекеттік денсаулық сақтау мекемесінің терапевт-дәрігері.


ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

ЕСКЕ АЛУ

Арқа тұтар асқар тауымыз елі...

Талдықорған қаласында тұрған, жеңгемізге асыл жар, ардақты әке, қымбатты бауыр, ағайын-туысқа дарқан ағa болған **Исаев Аблайхан Қасымұлы** тірі болғанда 2009 жылғы 9 мамырда 67 жасқа толар еді.

Асқар таудай ағамыздың пәни дүниеден озғанына 19 ақпан күні үш жыл болады. Әулетімізідің алтын тіреті, асыл ағамыздың бейнесі мәңгі есімізде сақталады.



Ақсөңгіл, ашық мінез жарқыдаған,
Дос-жардан, жақсылықтың тартылмаған.
Текті ізге тартып туған, асыл ағам,
Қайнардың кизіндей ең сарқылмаған.
Мәз едік әр ісіңе, мінеңе,
Жанымыз сағынышпен жүр өзіңе.
Пейміз торқа болсын бір өзіңе.
Иманың серік болсын бір өзіңе.

САҒЫНА ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: зайыбы, балалары, туған-туыстары, немерелері.

Райымбек ауданы Қаркара ауылының тұрғыны, асыл жар, аяулы ана **Сүгірбаева Раушан Бірмұқұлқызының** өмірден өткеніне 21 ақпанда бір жыл толады. Анамызды сағынышпен еске алып, жаны жаннатта болсын дейміз. Анамыз көрмеген жақсылықты артында қалған ұрпақтары көрсін.

Ой гүл екпің саялы сен бағыңа,
Аялаған! Аялаған сәздың да,
Кәтелімде созып ең бір гүлің,
Сен де кеттің іле-шала артында.
Жүрпінің гой, жүрпінің гой мен тәкке,
Бір көтерін өмара алмай Мекеге.
Қазды азымда анага деген парызым.
Анам, сағын мәңгі-бақи қарызым.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: жолдасы – **Мырзатай,** ұлқыздары, күйеу балалары, келіндері, немерелері.

Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының ұжымы басқарма бастығы Жүзаев Сайлау Жүкайұлына бауыры **Оңғарбаев Қанаттың**

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасын көңіл айтады.

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРГОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттелді.
Газет антасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасына редакция жауап бермейді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылды.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 197 ТАРАЛЫМЫ — 41827. ИНДЕКСІ — 65469.

Кезекші редактор: Жұматай ӘМІРЕЕВ.

Қабылдау бөлмесі және факс — 24-37-11, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 24-33-02, жауапты хатшы — 2 28-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 24-34-06, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, ұлық және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер –21-21-55, заң және жарнама бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28. Алматы қаласындағы тілшілер қосыны —279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43. Меншікті тілшілердің аудандарлағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57, Панфиловта — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33. Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

● КӨҢІЛ ТЕРЕЗЕСІ

Зымыраған уақыт... Қарбалас тіршілік... Жанбағыстың қамымен адамдар таң азаннан тұрып жұмысына асығады. Кешқұрым шаршап-шалдығып үйіне әзер жетеді. Қаладағы уақыттың біршамасын көлікте өткізесің. Қазір не көп, көлік көп. Жұмысыңа жеткенше көліктер тығынында тұрып бірер сағаттай алтын уақытыңды арнауға тура келеді. Кейде уақыт деген шіркін тоқтап тұрса ғой деп қиялдап кететінің бар. Осындай қарбалаққа толы өмірде бір сәт еркін жүріп демалғанға не жетсін.

Болат МӘЖІТ, "Жетісу"



Сезім бар дүниеде Сүю деген

немесе бүгін романтика бар ма?

Біз дос-жарандармен аптаның әр сенбісі сайын бильярд ойнап, емен-жарқын әңгіме дүкен құрғанды дәстүрге айналдырғанымызға біраз уақыттың жүзі болды. Бұл ойын түрі өте қызық. Бір жағы ойнайсың, бір жағы неше алуан тақырыпқа пікірталас тудырып, көкейде жүрген ойларымызды ортаға салып жатамыз.

Бізде әңгімеміздің ауанына романтика кейінде өрбиді. Дәлірек айтсақ, қазіргі жастардың бойында махаббат романтикасы бар ма әлде жоқ па деген сұраққа жауап іздеуге тырыстық. Ойын да қыза түсті, әңгімеміз де қыза түсті. Неше түрлі пікір ортаға тасталды. Бір досымыз: «Маған сасаң, махаббат деп армандап, ғашықтық деп қиялдап ақ ұрудың түк те қажеті жоқ. Бүгінгі карбаласқа толы уақыт ондай нәзіктікті көтермейді. Көзді тырнап ашып базарға келеміз. Ең бірінші арманымыз – затымызды ең көп сатып алса болғаны. Енді экономикалық дағдарыс келіп тіпті есімізді шығарып, қиялдан жіберді. Осындай қым-қуғыш кезде домбыра тартып, махаббат әнін шырқап, қиялдап отыру бізге жараспайды деп ойлаймын.

Өзім сияқты сауда жасап жүрген қызбен әңгімем жарасын жүр. Сәті түссе үйлесетін шығармыз. Ай астында тұрып әңгіме айтпайсыңдар деп ешкім бізді қинәлай қоймас. Кейін бала-шағамыз тұрмыстан тарықпай өссе, олардың соған жеткізе алсақ, біздікінше романтика дегеніміз сол, бауырым», – деді.

Тағы бір досымыз өз ойын ортаға салды: «Қазір сананы ақша билеген уақыт қой. Оны жасырып қайтеміз. «Ақшаң болса қалтаңда, талтаңдасаң талтаңда» дегендей кімнің ақшасы бар, сол адам – романтик. Қалтаңда көк тиынын жоқ боп тұрып, өзің ұнатқан қызға барып сезіміңді өлең арқылы хатқа түсіріп апарып берші. Қыздардан сағаң «эй, мәмбет» мазамды алмай демалшы деген жауап аласың. Өйткені қазір қыздардың көпшілігі қалталы жігіттерді ұнатады. Тұрмысының жақсы болуын қалайды. Махаббат деген екінші реттегі дүние деп қабылдайды. Сондықтан құр бастарыңды қатырмаңдар», – деп күлп жіберді. Әңгіменің қызуына берілің уақыттың таяң қалғанын да сезбей қалыппыз.

Біз барып жүрген бильярд ойын залы түнгі клубтың дәл іргесінде орналасқан. Сыртқа шықтық. Түнгі клубтың маңайында жастар өріп жүр. Бізден салт-дәстүрімізге үш қайнаса сорпасы қосылмайтын «Валентин» күнімен бірін-бірі құттықтап мәз-мейрам. Тіпті кейбіреулері «мереке құтты болсын» деп аспанға жарқ-жұрқ еткен от шашуларын атып жатыр. Бәрі қызу. Өрімдей бойжеткендердің қолында – сыра, аузында – темекі. Кейбіреуі тіпті жүруге шамасы келмейді. Сол кезде жаңағы досымыз: «Қазіргі жастардың романтикасының тірі көрінісін көргілерің келе ме? Ендеше міне, – деп қолымен клубтың маңында жүрген жастарды нұсқады. Біз не айтарымызды білмей аңтарылып тұрып қалдық. Жылы қоштасып, әркім өз көлігіне мініп үйді-үйіне тарасты.

Түнгі Алматы қарбалас тіршіліктен бір сәт арылып, керемет сұлу болып кетеді. Көшедегі көліктер де сирей бастаған. Емін-еркін жүріп тұруға мүмкіндік береді. Менің ойымнан жаңағы достарымның романтика жайындағы әңгімелері шығар емес.

Романтика – адамзат болмысында ежелден қалыптасқан ұғым. Жақсылықты, биіктікті, парасатты, сұлулықты армандаудан туындайтын сезім нәрімінің көрінісі. Солай деп сипаттасақ дұрыс болатын шығар. Адамның ойы бәрінен жүйрік. Өзі бүгіннің өрісінде тұрып, қиялын келешекке самғататыны сондықтан, Әйтеуір, олар әркашан адамгершіліктің үстем болуын тілейді. Надандық пен қулықтың, қарауылық пен пасықтықтың түбінде бір жолы кесіліп, жеңіліп жер болғанын күтеді. Романтик адамдар – өмірге ғашық адамдар. Олар ешқашан ешқашан ренжітпейді. Тіпті, кейіктер тығынында қалып қалса да көңіліне кек түсірмейді. Оған түсініспікпен қарайды. Міне, осындай ой жетегімен келе жатқанда, алдымнан қол көтерген егде тартқан ерлі-зайыпты шықты. Жолжөнекей болса алып кетейін деген оймен тоқтай қалдым. Бұл кісілер достарының немересінің үйлену тойынан қайтып келе жатыр екен. Махаббат романтикасы қазіргі жастардың жүрегін қалай толғандырады? Бұл сұраққа ағаға бұл өкілі не деп жауап берер екен деген оймен көліктегі ағамызды әңгімеге тарттым.

«Қазіргі жастар кітап оқуды қойды ғой. Біздің жастық шағымызда махаббат туралы дастандарды басымызға жастап тұрып оқушы едік. Ол кезде махаббат деген ұғым соншалық таза, мөлдір болатын. Қазақтың байырғы жыр-дастандарын қайталап саралап көрініпші. Оның басты кейіпкерлері қаншама шырғалап өмірді бастарынан кеше өтырып, ақырында ақиқаттың үстемдігін паш етті. Осыған қарап шығарма авторының нені меңзеп, нені армандағанын толық өзіңіз де аңғарасыз. Жазба әдебиеті қалыптасқаннан кейінгі кезеңдерде де романдарды туындаушыда осындай арманшыл ойлар себепкер болды деп айтуға толық хақымыз бар. Біздің кезімізде махаббатты ұлы сезім деп бағаладық. Соған жантәнімізбен сендік. Сезімнің айна қолын лайлаңбаған, мөлдір күйінде қызықтауға тырыстық. Бізді мұндай пәк сезімдерге тәрбиелеген мектепте «Қозы Көрпеш – Баян сұлу, «Қыз Жібек, «Ләйлі – Мәжнүн» сияқты мәңгі өлмейтін дастандардың әсері. Біз соларға еліктеп, пәктік пен тазалықты жаныңды салып қорғадық.

Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббатын», Әтілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдарын, Ілияс Есенберлиннің «Ғашықтарын» оқып өстік. Өлеңдетіп жазған хаттарыңды кішкентай хабаршылар арқылы жасқана жолдап, жауаптарын күтіп күйін-жанатынбыз». Осы кезде ағамыздың сөзіне қасиндағы зайыбы араласа кетті. «Ағаның жас кезінде маған арнап жазған хаттарын осы күнге дейін сақтап жүрмін. Мен үшін ол ең қымбат дүние», – деп күлімдеді.

Ағамыз сөзін ары қарай сабақтай жөнелді. «Қазіргі жастарда романтика жоқ деп үзілді-кесілді айтуға болмайтын шығар. Романтика бар. Бірақ сол аскақ сезімдер көленкеде қалып қойып жатады. Неге дейсіз ғой? Өйткені біздің жастарымыздың санасын батыстың дас мәдениеті жаулап бара жатыр. Міне біз осыдан дер кезінде арылуымыз керек. Қазіргі жастарда еліктеушілік басым. Көрсеқызарлық етек алып барады. Үят деген ұғымдар аяқ астында қалды. Тіпті кәзір сабақта отырып еркін демала алмайсың. Тапайдың тал түсінде бір-бірімен өліп-өшіп, сүйісіп тұрған жастарды көріп өзің ұялысың. Ашық-шашық кейіп көргендерін көргенде амалсыздан көзіңді төмен қаратасың. Солар үшін біз жер болып кетеміз. Сондықтан да ең алдымен бізге ата-баба дәстүрімен жүру лазым. Ар, ұят деген ұғымдарды жастар бәрінен биік қойса екен деп тілеймін», – деп әңгімесін аяқтады. Айтқан жерлеріне жеткіздім. Ол кісілер рахметін айтып түсін қалды.

Ойды ой қозғайды демекші. Жаңағы ағамыздың айтқан сөздері ойыма ой қосқандай болды. Баяғы балалық шақ еске түсті. Өзімізден үлкен ағаларымыз ұнатқан қыздарына хаттарын біз арқылы жолдаушы еді. Шымшым-ақ, ол кезде ұялық, пәктік деген сезімдер жоғары тұрған екен ғой. Осындай махаббаттың нарқы, әрине, болек.

Махаббат парасатына қылау түсірмеген Әзілхан аға Нұршайықовтың адал жарына, мәңгілік махаббатына деген сенімі мен сезіміне бас июге әбден болады. Өзінің Абайдың сөзімен «Махаббат, қызық мол жылдар» деп атаған жазушы өз кейіпкерінің ерлігі мен ерлігін өмірде өзі де көрсетті. Зайыбын айнымаған махаббатпен жалынды күйде сүйді. Өмірден өткеннен кейін басына ақ мәрмардан күмбез тұрғызып дәріптеуі нағыз ғашықтардың ұрпаққа қалдырған өнегесі деп ұғынуға тиістіміз.

Әрине, сүю мен күюдің қатып қалған қалыпты ережесі жоқ. Ақын Қадыр әңгімедің сөзін айтсақ, «Махаббат жайлы жоқ ұстаз, Бәріміз түтел шәкіртпіз». Бірақ, солай екен деп оның мөлдір әлеміне шаң жұқтыруға бола ма? Әрине болмайды. Бүгінгі таңдағы ең үлкен мәселенің бірі, аталған қалған махаббат өнегесін біз өзімізге мирас ете алдық па деген сұрақтан басталатын сияқты. Адам өзгерді немесе заман өзгерді деген сылтауларымен ол сұрақтан оп-оңай құтыла алмайтын сияқтымыз. Жүрегімізде махаббат арманының тазалығы қандай? Бір сәт оймымды бөліп радиодан ән тыңдағым келді. Қосып қалсам кешкі құттықтау бағдарламасы жүріп жатыр екен. Мұнда да біріи-бірі «Валентин» күнімен құттықтап жатқан қандастарымыз. Есіме жаңағы ағаның сөзі түсті. Шымшым-ақ, біз осы неге болмайтын нәрселерге еліктегіш келеміз? Мұның ақыры немен тынар екен? Өркениет көшіне қандай ұлт болып жетеміз деген сұрақтар мазалай берді?

Алдымнан тағы бір екі жолаушы шықты. Өздерін Арман және Мақсат деп таныстырған жас жігіттерге де баяғы сол сауалымды қойып көрдім.

Әр адам өзінше романтик болады. Бірақ оның жүрегінен өшіп қалатын кездері де жоқ емес екен. Мен де өзімше романтик болатынмын. Бір қызға көзсіз ғашық болдым. Тіпті бір күн көрмесем болды, ас батпай, түні бойы ұйықтай алмай шығатынмын. Ол қыз менен көп нәрсе талап ететін. Өзіме болмаса да сол риза болса екен деп тілейтінмін. Не алғысы келсе, соны сыйлайтынмын. 8-наурыз мерекесі болатын. Базар-базарды аралап керемет сыйлық сатып алдым. Кешқұрым жатақханасына келдім. Бір қолымда – гүлім, бір қолымда сыйлығым. Жүрегім лүпілдеп, бой-басым тағы бір көз жүгіртіп, кірер есікті бетке алғаным сол еді, жаңағы ұнатып жүрген қызым басқа жігітпен құшақтасқан күйі көлікке отырып жүріп кетті. Телефонына хабарласып едім: «Кешір, мен бүгін шыға алмаймын. Әпкемнің баласына қарап отырмын», – деді. Сол сәтте денем мұздап қоя берді. Гүлдің қалай жерге түсіп кеткенін өзім де білмей қалдым. Жалған махаббат. Менің сезімімен ойнапты ғой деп іштей күйіндім. Міне, содан бастап махаббат, романтика деген сезімдерге сенбеймін. Құр қиялдап қажеті жоқ екен. Махаббатқа адал жандар сирек қазір», – деді Арман. Ары қарай сөзін Мақсат жалғастырды: «Романтика қазіргі жастардың арасында жоқ деген пікірге келісе алмаймын. Романтика бар және бола береді деп. Біз өмір сүріп жатқан заман – ғылым мен технологияның қарыштап дамып жатқан ғасыры. Бұрындары ғашықтарына деген мұстық сезімдерін хат арқылы жеткізіп жатса, қазір де заманына қарай ұялы телефонның SMS хаттары арқылы, тіпті интернет арқылы жүректегі сөздерін ариап жатады. Сондықтан да бір жақты қарауға өз басым қарсымын. Бұрын да адамдардың бәрі романтик болды дегенге сенбеймін. Ол кезде де дас әлемге бой алдырған жастар болған ғой. Бірақ аз болған шығар. Қазір бізде ешнәрсеге тыйым салынбайды. Көшедегі ашық-шашық көрініске қарап романтика жоқ деп ақтап сауымыз мүмкін. Романтик жастар бар, бірақ жаңағыдай көріністер көп болған соң, олар көленкеде қалып қояды деп ойлаймын», – деп сөзін аяқтады. Олар да дәл тегең жерінен түсін қала берді.

...Махаббатқа адал жандар сирек... Шынымен солай ма? Мағи осы кезде ойыма үнді ақыны орала берді. Патшаның ай десе аузы, күн десе көзі бар сұлу қызына сарайдағы кір жуушы әпелдің баласы көзсіз ғашық болған екен. Тіпті оның қызға деген ғашықтығын бүкіл сарай естіп, ханның құлағына жетеді. Сонда хан жігіттің базардан қалаған затын тегін алуына жарлық шығарады. Онысы мүмкін ол райынан қайтар деген ниеттен тұмдаған. Бұл жарлық шығысымен ханның қызына ғашық болған жігіттер қаптап кетеді. Бәрі де базардан тегін заттар алып, үлкен шығын келтіреді. Бұл болмайды екен. «Менің қызыма ғашық болған жігіттің басын аламын», деген жаңадан жарлық шығарады. Сол сәтте ғашық болдық деген жігіттердің біреуі де қалмай, өз райларынан қайтады. Тек жаңағы жігіт қана өлімге басын тіксе де, қызға деген сезімінен айнымаған. Хан жігіттің адал махаббатына разы болып, қызын берген екен дейді.

«Жүрек деген сезім ғой, сезіміне, Сезімнен кел, болмаса мазалама» деп Мұқағали ақын айтқандай, ең алдымен адамдардың бір-біріне деген сенімдері таза, кіршіксіз болса екен. Адамның бойындағы махаббат деген назік сезімді ойшылмықа айналдырмаса деп тілейсің.

«Арманда жаным, арманда» деп ақындар жырлағандай, арманға тоскауыл жоқ екенін бәріміз де біледі. Кешегі Мәжнүндер, Қозы Көрпештер өмірге қайта келмейді деп айта алмаймыз. Ондай пәк махаббаттардың қалыптасуына да өз ортасының мүмкіндігі, тәрбиесі қажет сияқты. Жоғарыда айтылған ой-пікірлердің сарыны бізді осындай ой түюге жетеледі. Махаббат тазалығы міндетті түрде керек. Ондай сүйіспеншіліктен ер мінезді, әрі қайырымды, әрі мейірімді ұрпақ өрбиді деп өзімізді сендіре алсақ керемет қоймасың.

XXI ғасыр өркениеттің, ғылым мен техниканың үстем болатын ғасыры. Солай деп мойындасақ та, өзімізді өзіміз қасындыққа байлап берудің жөні тағы жоқ. Назік жүрек бәрібір ән салатын болады. Сонда ұмтылайық. Өйткені «махаббатсыз дүние боқ».

Сондай ой жетегімен үйге де жетіп қалыппын. Жаңадан бері себелеп тұрған ұшқын қар, бірте-бірте жапалақтап тұрып жауа бастады. Айнала бірдемде аппақ қармен көмкерілін кетті. Шіркін, адамдардың бойындағы асқақ сезімдер қардай таза болса деп тіледім. Аңдай жерде бір жігіт жаңа жауған қар бетіне жүректің суретін салып жатты...

● КӨКЕЙКЕСТІ

Келешек елбеті

тәлімді ұрпақ

Тарих тереңіне көз жіберсек, он бесінде қол бастаған батырларымыз аз емес. Сондықтан біз осынау Алтай мен Атырауға дейінгі ұлан-ғайыр далаға не болып қалдық. Бірақ қазіргі күнде жасөспірімдердің еліне қорған болуды емес, қызықты көшеден іздеуді әдетке айналдыруы толғандырарлық жайт. Әсіресе, мектеп оқушылары арасында белең алып отырған зақ бұзушылық, нашақорлық аландата бастады. Өз-өзіне қол салатындар да жиі тіркелетін болып барады. Статистикалық мәліметке сүйенсек, қазір ел аумағындағы бес қылмыстың бірі оқушы қолымен жасалып отыр. Ал қыздар арасындағы айтуға аузың бармайтын әбестік, сөнқой бәсекелестік өз алдына бір төбе. Халқымыз ежелден ашуын ақылына жеңдірген, ибасын иманындай сақтап келген. Ал бүгінде осы игі дәстүріміздің өзгеруіне не себеп? Оған кінәлі адам ба әлде заман ба? Болкім бұл тұста отбасындағы, білім ошақтарындағы тәрбиенің де әлсіздігі бар шығар. Осыған жауап іздеп көрген едік.

Қажет АЙДАС, "Жетісу"

АҚЫЛҒА СӘУЛЕ КОНБАСА

Сұрақ: Біз ұяты бетіне ұялаған, өрхан пейілді халық ретінде танылғанбыз. Ол туралы тарихи жазбалардан дерек келтірің жатудың керегі жоқ шығар. Ал үзбрлі ұрпақтарымыз осы ізгі қасиеттен айырылып бара жату себебі неде?

Хафиза НАУБАЕВА, Жетісу мемлекеттік университетінің педагогика және психология факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты:



– "Ел болам деген, бесігіңді түзе" демекші, ел болу үшін материалдық шарт ең өзекті мәселе емес, байлығы талшы елдің азаматтары да өмір сүріп жатыр. Шалқып жатқан мемлекеттің тұрғындарында сәулетті үйі, сәнді машинасы бар демесең олар да үш уақыт тамақ ішеді. Бірақ байлығы болғанымен берекесі жоқ, тұрмысы төмен болса да алаңсыз өмір кешіп жатқан елдер бар. Әрине, адам өзінің қажетін мейлі озық немесе тозық болсын, өз жағдайына сай жасайды. Бірақ рухани тыныштықтың болуы бір ел халқы үшін өте маңызды. Байлық үшін қырғын тауып, күзде үреймен күн кешкенше, қарабайыр тұрмыспен берекелі өмір сүрген артық емес пе? Мұны айтып отырғаным, біз бір кездегі экономикалық мәселелерді ғана негізге алдық та, ұрпақ тәрбиесін елеусіз тастадық. Қазір білім беру саласына қаншама қаржы бөліп, оқу орындары мен құрылғыларын жаңартып жатқанымызбен, қолданып отырған методикамыз, тәрбие тәсілімізі ұлттық қасиетімізге сай келмейді. Біз сөзбен айтқанда, материалдық шартымыз жеткілікті болғанымен, жас буынды жүйелі өмірге бағыттайтын ортақ жол бізде қалыптаса қойған жоқ. Былайша айтқанда, қазіргі балалар бесіктен бел шыға бере "ақша" деген ұғымға әуес болып барады. Бұл – отбасындағы тәрбиенің әлсіздігі. Әрине, өркениетті елдерді көріп жүрміз, олар жас өркенді ақша құмарлыққа емес, қайта адам болудың жолына қарай бағытпан отыр. Мысалы, алыстан гідемей-ақ қоялық Қытай елінде студенттердің өз ұялы телефон ұстап аудиторияға кірмейді екен. Бұл ақша жоқтығын білдірмейді, ол елде мың теңгеге кәдімгідей ұялы телефон сатып алуға болады. Бірақ, олар бала жастан оқушы қолына ондай зат ұстатпайды. Ал бізде мектеп оқушыларының бәрінің қолында телефон жүреді. Бұл біздің байлығымыздың асып-тасып жатқандығы емес. Жеткей жатқан жеріміз көп. Сонда да болса ата-аналар "балам баскадан қалмаса екен" деген жаңған намыс жетегінде өз ұрпағын тоғышарлыққа әкеліп жатқанын бағамдай бермейді. Мұндағы айтып отырғанымыз ұлттық мүддені ешуақытта ақшамен сатып алуға болмайды. Сол мүддені қорғайтын ұрпақ ақша құмарлықтың құрығына түссе, елдің келешегі не болмақ. Балаларды қылмысқа апаратын ең негізгі себеп осы. Сондықтан туындап отырған мәселелердің алдын алуда ата-бабаларымыздан қалған ұлттық тәрбиеден асқан құрал жоқ. Себебі, қазақ халқы "Малым – жанымның, жаным – арымның садағасы" деп өмір сүрген. Ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген. Міне, осы бабалар құндылықтарына сәйкес ұлттық дәстүр мен педагогикалық тәрбие жолын қалыптастыру керек.

РУХАНИ СЕРГЕКТІК ҚАЖЕТ

Сұрақ: Біз адамдарға "Жақсы немесе пашар отбасынан шыққан" деп баға беріп жатамыз. Қазір жаман отбасы бар деп айта алмайсың. Әркім өз жанұясын көркейту үшін жанталасып жүр. Алайда, балалардың теріс жолға түсіне не нәрсе себеп болып отыр?

Райфа ДҮЙСЕНБИНОВА, ЖМУ-ның педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы:



– Көбінесе балалардың кателесуі ата-анаға тікелей қатысты. Өйткені, ата-аналардың бәрі педагог немесе психолог емес. Менің бір студентім былай дейді:

– Мен үйге барған сөң, анамға өзім жайлы айтқым келеді. Алайда, анамның қолы босамайды. Шаршап тұрады. Достарыма да айта алмаймын. Содан барып кейде ауырып қалатыным бар.

Психологиялық тұрғыдан қарайтын болсақ, балиғатқа толмаған балалар "Өз арадағы бала" деп саналады. Бұл кезде оның психикасында және физиологиясында өзгерістер болып жатады да ересек адамға не балаға жатпайды. Осы кезде психикалық ауытқу көп болады. Мұндай жағдайда бала ата-анасын немесе ұстаздары мен достарының көмегіне мұқтаж болады. Қазіргі біздің қоғамда әйел мен еркектің орны өзгеріп кеткен. Шешс далада жұмыс істеп жүр, әкеңнің обі жоқ, бала өз бетімен күндерін өткеріп жатыр. Аз ішкі күйзеліске ұшыраған бала сыртқы көмекке не бола алмаған соң терс жолға түсіп кетеді. Көпшілік ата-аналар "баламмен қиғеш қоқ, тамағы тоқ барлық жағдайын жасап қойдым" деген оймен уайымсыз жүреді. Әрине, бұл кезде балаға дүние емес, рухани сергектіктің ауадай қажет болатынын ескеру керек.

"Жапонияда әйелдер жұмыс істемей үй шаруасымен айналысады" деген сөзді үнемі естіп жүрмеміз. Оларда артып түрған жұмыс жоқ. Үй шаруасы электрондық жабдықтармен реттеледі. Жапон әйелдерінің басты мақсаты – отбасындағы бала тәрбиесімен айналысу. Ал бізде отбасыларда тежем көп. Балаларды ата-ана балапандай бауырына тартып тәрбиелеуге жағдай жасалмаған. Міне, осындай түйық тәрбие тәсілі ұрпақ санасының жолын кесіп отыр. Көңілдегі көк, құрсағы ток болғанымен, отбасынан қолдау таппаған баланың терс жолға түсіп кетуі әбден мүмкін.

КӨКІРЕК КӨЗІ ОЯУ БОЛСА

Сұрақ: Қазір біздің қоғамда Абылайды, Абайды білетіндердің саны азайып, шет елдің қалдан жасаған жорнамасына еліктейтін ұрпақ көбейіп барады. Бұл –үлкен қатер. Осы қатердің қайнары не?

Айтбай РАХИМБЕКОВ, ЖМУ-нің кәсіптік оқыту кафедрасының меңгерушісі. Физика, математика ғылымдарының кандидаты:



– Заман жақсы, шешілмейтін мәселе жоқ. Десе де, өмірдегі өзгерістер салдарынан туындаған отбасылық қайшылықтар, жұмыссыздық, балашаққа сенімсіздік адамдар санасын шектеп отыр. Біз заманының өлшарасында өмір сүріп жатқан ұрпақтыз. Содан болар, өз жағдайымызды ғана ойлайтын болып бара жатырмыз. Бұл болашақтық іс емес, нағыз болашақ бүгінгі кейінгі істерді жалғайтын саналы ұрпақ. Сондықтан барлық тәрбие соларға сәйкес жасалуы керек. Сонда ғана туындап отырған істерден сақтануға болады.

Біздің тағы бір қателігіміз, басқалардың өміріне қызыға, өз құндылықтарымызға айнала қарайтынымыз. Бұл балалардың санасын шектеп табынуға жетелеп отыр. Мысалы, қазір ақшасы бар қазақтың азаматтары демалуға Түркия, Қытай, Германия сияқты елдерге шамалайтынды шығарды. Өз елімізде де ондай керемет жанға жайлы жерлер жетерлік. Біздің осы ашығыт әуестіктің бұл бүгінің ғана емес, жас жазушыларға бұл жайлы айтсаң бәрі "Балаларға арнап кітап жазу үшін бала болып ойна, күле алуың керек" дегенді айтады немесе бәрін ақшаға тіреп құмілжиді. Иә, біз өз жағдайымызды емес, балаларың болашағын ойлағысы келеді. Ұрпақ ертеңгі біздің қолымызда екенін ұмытпағанымыз жөн. Ұрпақ тәрбиесіндегі ең ауыр кемшілік – ұлттық құндылықтарымызды ұмытып, ұрпақтарымызды ұлттық рухтан ажыратып алуымыз.

Соңғы кездері бұқаралық ақпарат құралдары таңдарыс тақырыбынан айналсоқтап шығға алған қалды. Жасыратыны жоқ, көрелерде елеусіз қалған "Капиталды" қайтадан қолға алу басталық. Әлемдік экономиканың кожасы болмақ оймен академия құрып, "жаңа дәуірдің Маркі" болуды көксеген Билл Гейтстің ой он мың жұмыскерді жұмыстан босатуға мәжбүр болды. Себебі, бір сол "өзімді" жоққа шығарып, жаңа жол табуға тырысқанымызбен қазіргі микроэкономиканың дамуына жол сілтейтін бағыт таба алмағанымыз анық. Бүтінгі қайшылықтың бір ұшы жаһандануды жалау еткен өндірістік төңкеріс жатқандықтан, таңдарыстан маркстік қағиданың да құтқара алмасы анық. Ал қапақтың кал-жағдайы қалай? Әрине, әлемді шарпыған қиындықтан айналып кетуіңіз мүмкін емес. Оның алғашқы лебі де біліне бастады. Бірақ саясат салқынды болса, мұнан да сүрініп жүріп шығармыз. "Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаны" көрген, хан Кенесін басынан айырылған, 32-жылдың шарпылығынан шыққан қазаққа из уақыттық қиындық түк етпейді. Бірақ ертеңгі күні басқа елдермен тереземіз тең болу үшін қазіргіден басқаша ойлағатын ісгер көп. Оның бірі – студент өміріндегі таңдарыс.

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ТАҢДАРЫС ЖӘНЕ СТУДЕНТ



Қажет АЙДАС,
"Жетісу"

Біз тәуелсіз елміз. Сондықтан, алдымен елдің келешегі жайында бас қатыру керек. Ягни, қазақтың болмыс-бітіміи білмек болсаң Абайдың оқы, қазір де, бұдан кейін де қазақы қалыпты Абайша жеткізіп талдайтын адамның шыға қоймасы анық. Себебі, енді қазақтың басына 19-ғасырдың соңғы жартысындағы тамырын тереңге жайған жағдай қайта орала қоймас сіре. Бірақ, алдымызда тәуелсіз ел ретіндегі саяси күрестер орын алады. Ұлттық шеңберден шығып, әлемдегі өркениетті елдермен бәсекелесуге тура келеді. Еңлеше Ресей не ойлайды? Қытайдың бағыты қалай? АҚШ пен ықпымыз тең болу үшін не істеу керек? Тағы басқа да осы тектес мәселелер ойландырады жөн.

Тәуелсіз ел болғалы санаулы жыл болса да, іргеміздің бекітіп, басқа елдермен иықтасып жүретін жағдайға келдік. Тәубе, қазір қазақ еліне басқалар байлынған қарайтын болды. Осы деңгейге жету, әрине, оңай болған жоқ. Кенес дәуіріндегі талқысы ауыр өмірдің сан соқпағында шындалып, "жоқ" нәрсені "бар" еткен ата буынның ерен еңбегін ескермей кетуге болмайды. Біз сол келенді кинаға танымызбен, адамдарға төзімділік пен ақылдылық және өз ісіне алалдықты үйретпенің жоққа шығара алмаймыз.

Әрине, бүтінгі күн кешегі тарихпен салыстыруға келмейді. Қазір қазақ елінің ірге сін бекіп жатырмыз. Бүтінгі жастардың білімі мен білік-тілігі бүгін болашағымызды айқын белгісі. Десе де, әлемдік қаржы дағдарысының елді мазалай бастағанын жасыра алмаймыз. Дағдарыс демекші, дағдарыс пен студент – бір үтым. Студенттік өмірдің өзі түрлі дағдарыстың жиынтығы. Оның қызығы мен қиындығын жете білгендер ғана болашақтағы істердің қошбасшысы бола алады. Бұған біздің жастар дайын ба? Немесе оларды дайындай алдық па? Әрине, қоғақты жұмыстардың жасалып жатқанын айта кету керек. Бұл Президенттің тапсырмасы бойынша, 3-4 курс студенттеріне қосымша 11 мың мемлекеттік грант бөлінді. Оның сыртында медицина, техникалық, жаратылыстану мамандығын оқып жатқан қырық мың студентке жеңілдетілген несие беру қарастырылып отыр. Мұндай көмекке бестік бағамен оқыған немесе ерекше жасампаздығы бар студенттермен жетім, жартылай жетім және ата-анасы мүгедек немесе көп балалы отбасылардың балалары не болады. Ал осы мемлекет жағынан бөлінің жатқан қаражат өз орнын тауып, студенттердің қиыншылығын шешуге жұмсалып жатыр ма? Деген сұраққа жауап іздеп, І. Жансүгіров атындағы мемлекеттік университетінің ұйымдастыру жұмысы, әлеуметтік және студенттік сұрақтар бойынша проректоры Марат Малтабасовпен жолыққан едік.

Университетте қазір 6473 студент білім алады. Мұның екі жарым мыңға жуығы ақылы бөлімде. Оның 3424-і күндізгі, 3049-ы сырттай бөлімдерде оқиды. Олардың 890-ы мемлекеттік грант иегері. 120 бала Алматы облысының әкімінің грантымен оқуын жалғастырып келеді. Сонымен бірге, 165 мүгедек балаға университет тарапынан жыл сайын қаржылай көмек көрсетіледі.

Аталмыш университетте қазір 6473 студент білім алады.

Мұның екі жарым мыңға жуығы ақылы бөлімде. Оның 3424-і күндізгі, 3049-ы сырттай бөлімдерде оқиды. Олардың 890-ы мемлекеттік грант иегері. 120 бала Алматы облысының әкімінің грантымен оқуын жалғастырып келеді. Сонымен бірге, 165 мүгедек балаға университет тарапынан жыл сайын қаржылай көмек көрсетіледі. Күндізгі бөлімдегілер жатақханамен толық қамтылған. Асханалар университет әкімшілігінің келісімшарты негізінде жұмыс атқаратындықтан тамақ сапасы жақсы, бағасы студенттердің қалтасына лайықты белгіленген. Мұның сыртында университет тарапынан тұрмысы нашар отбасылардан шыққан 131 студентке ағымдағы жылы 1 млн. 357 мың теңге көлемінде әлеуметтік жәрдем жасалған. Мұнда дағдарыс жайында әңгіме болғанда, көп алаңдайтындар ақылы бөлімде оқитындар. Қазір ректор Өбдуманап Бектұрғанөвтың осы жағдайды ескеруімен, жаңа жоба іске асырыла басталы. Бұрынғы жылдары студенттер оқу ақысын жылына екі рет төлейтін болса, енді ай сайын бөліп төлеуге жағдай жасалған. Мәліметтерге сүйенсек, елімізде студенттердің бір жылдық оқу қаражаты 180 мың теңге айналасында болады екен. Аталмыш оқу орнында130-140 мың теңге. Бұл студенттерге жеңілдік әкелері анық. Тағы бір айта кетерлігі, университетте студенттерге тек қаржылық жақтан көмек көрсетіліп қана қоймай, рухани өмірін байытатын түрлі шаралар өткізілп тұрады. Мұндай шараларымен жаңадан ашылған тәрбие және ұйымдастыру орталығы айналысады. Оның мақсаты – студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыру. Қаламызда өтетін мерекелік іс-шараларда аталмыш оқу орнының негізгі жүкті көтеріп келе жатқанын айта кету керек. Студент қыздардан құрылған вокальдық ансамбль сәуір айында гала концерт көрсетуге дайындық үстінде. Студенттер театры мен "Жетісудың жетісуі" КТК командасы, белгілі айтыс ақыны Балғынбек Имашевтың "Айтыс ақындар клубы" жетісулық жастардың шығармашылық өресін республикаға паш етіп жүр. Мұндай шаралар бүтінгі дағдарыс кезінде студенттерге үлкен жеңілдік әкелгелі анық. Иә, міне, осындай атқарылып жатқан игілікті істердің изгижесінде дағдарыс студенттері аландата қойманған. Бұған студенттермен болған әңгіме барысында көз жеткіздік.

Сәуле Смаилова Шығыс Қазақстан облысынан келген. Қазір педагогика және психология факультетінің 3-курс студенті. Шоқан Уалиханов атындағы грант иегері:

– Мен, университетке түскен кезде ақылы бөлімде оқыдым. Алыс ауылдан келген соң біраз қиындық кездескені рас. Бірақ мен ұстаздарымның тәрбиесімен бірден оқуға деп қойдым. Түрлі байқауға белсене қатысып отырдым. Соның нәтижесінде Шоқан Уалиханов атындағы гранты жеңіп алдым. Бұл әлеуметтік жақтан көп көмек болды. Қазір жағдайым жақсы,

Елбасымыз, Үкімет алдағы білім алуымызға барлық мүмкіндікті жасап жатыр. Тек жақсы оқысам болғаны. Дағдарыс бізге келмейтін сияқты.

Лаура Үзақбаева 4-курс студенті, Президент грантының үміткер.

–Жастар білімді әрі іскер болса, елімізде соған сай өркендейді. Ал студенттердің жақсы білім алуына кейбір қарамалық кемшіліктер кедергі тудыратыны анық. Бынағы жылы Елбасының бөліп отырған гранты оқуға жеткілікті, бірақ жалпы шетел отбасыларының балаларына үлкен демеу. Мен де осы мекеген тәбалдырғаның арғағанынан бері бір күшімді білім алу жолына арнадым, бірталай жетістігім бар. Ал алла Президент грантын алатынына сенімдімін. Ол алдағы уақытта құлынынсіпең білім алуға жеткілікті отыр. Жасбұлаққа жаңажақты кемкорлық танытатын осындай елдің ұрпағы болғанымға мақтанышы.

Иә, атақтыға оқу орнындағы жалдай елімізде барлық жоғары оқу орындарында жасалып жатқанын білдіреді. Сондықтан дағдарыс студенттерді алаңдата қоймайды деген қорытынды жасауға болады. Десе де, Үкіметке ғана иек артып, барын қарағатқа байлап, мәселенің төркінін мұнда ізлеу дұрыс емес.

Жасыратыны жоқ, бұл қарамалық жағын қарастырғанымызбен жастар жәрдем жасалған. Мұнда дағдарыс жайында әңгіме болғанда, көп алаңдайтындар ақылы бөлімде оқитындар. Қазір ректор Өбдуманап Бектұрғанөвтың осы жағдайды ескеруімен, жаңа жоба іске асырыла басталы. Бұрынғы жылдары студенттер оқу ақысын жылына екі рет төлейтін болса, енді ай сайын бөліп төлеуге жағдай жасалған. Мәліметтерге сүйенсек, елімізде студенттердің бір жылдық оқу қаражаты 180 мың теңге айналасында болады екен. Аталмыш оқу орнында130-140 мың теңге. Бұл студенттерге жеңілдік әкелері анық. Тағы бір айта кетерлігі, университетте студенттерге тек қаржылық жақтан көмек көрсетіліп қана қоймай, рухани өмірін байытатын түрлі шаралар өткізілп тұрады. Мұндай шараларымен жаңадан ашылған тәрбие және ұйымдастыру орталығы айналысады. Оның мақсаты – студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыру. Қаламызда өтетін мерекелік іс-шараларда аталмыш оқу орнының негізгі жүкті көтеріп келе жатқанын айта кету керек. Студент қыздардан құрылған вокальдық ансамбль сәуір айында гала концерт көрсетуге дайындық үстінде. Студенттер театры мен "Жетісудың жетісуі" КТК командасы, белгілі айтыс ақыны Балғынбек Имашевтың "Айтыс ақындар клубы" жетісулық жастардың шығармашылық өресін республикаға паш етіп жүр. Мұндай шаралар бүтінгі дағдарыс кезінде студенттерге үлкен жеңілдік әкелгелі анық. Иә, міне, осындай атқарылып жатқан игілікті істердің изгижесінде дағдарыс студенттері аландата қойманған. Бұған студенттермен болған әңгіме барысында көз жеткіздік.

Сәуле Смаилова Шығыс Қазақстан облысынан келген. Қазір педагогика және психология факультетінің 3-курс студенті. Шоқан Уалиханов атындағы грант иегері:

– Мен, университетке түскен кезде ақылы бөлімде оқыдым. Алыс ауылдан келген соң біраз қиындық кездескені рас. Бірақ мен ұстаздарымның тәрбиесімен бірден оқуға деп қойдым. Түрлі байқауға белсене қатысып отырдым. Соның нәтижесінде Шоқан Уалиханов атындағы гранты жеңіп алдым. Бұл әлеуметтік жақтан көп көмек болды. Қазір жағдайым жақсы,

ұстарымызды, не орта жасты еңсеріп, ақыл тоқтатқан шақырақ несіне "мұныңыз қалай" дегенді айтарымызды білмей алқымымыздан бір нәрсе қысқандай далаға атып шыққанымыз бар.

Қазақтың ырымы бойынша

Мұнда өзгені мақтан, өзімді жамандайын деген ойдан қашқанын. Алайда, басқалардың озық тәжірибесін үйренуің зияны да бола қоймас деп ойлаймын. Анықтап айтар болсақ, экономикасы әлемді шаң қаптырған Қытай елі 1992 жылдан бастап, біртұтас ақылы оқуға ауысты. Қазақстан сияқты қаржылай көмек көрсету деген мүлде жоқ. Алайда, мемлекет тарапынан студенттерге жағдай жасалды. Әрине, Қытай әкіметі студенттердің танкырлығын әлпіреке қосып, өзінің мәлшерін арттырған кәсіпорындарды салықтан босатты. Бұл екі жақсы да тиімді болды. Студенттер білімін сатып, қаражат тапты. Олар жоғары оқу орнын бітірген соң кім көрінгенге тіленбей, өз алдарына кәсіп ашып кеткендер көп болды. Екінші жағынан Қытай экономикасының дамуына түрткі болды. Ал біздегі жағдай мүлде басқаша. Чеченстаншың футбол клубына шетпалет сатып әперіп, аяулаға сальп бермек болған жанның кіне не айтарсың. Қысқасы, қазақстанық әрбір кәсіпкер, қалталы шенеуніктер қазақтың жерінің байлығымен шалқып жүргенін ескерті керек шығар. "Жат жарлықсамайды" әлеміз-ау, өзімді жатты жарлықағыш болып барамыз. Өзгені жарлықағаннан шаршап, өз бауырын қолдауды, елінің келешегін қорғауды қашан үйренер екенбіз.

Үлкен ағасы Ұлықбек Имашевтың "Ұлы дала жұлдыздары" жобасы бойынша жастарды қолдап, қамқорлық танытып жатқанын да ерекше атап өткен жөн. Бұл жобаның жастарға қаншалықты қажет екенін ешкімге дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Ұлы дала жұлдыздарының ішінен Ұлықбек Имашевтың қолдауымен Ұлттық эстрада оркестрімен бірге ән салған Ақмарал Ахметова, Ақерке Ахметова, Ақерке Ахметова, Ақерке

БАСТЫ БАЙЛЫҚ – ЫНТЫМАҚ, ТАТУЛЫҚ ПЕН ТЫНЫШ КҮН.



• ТІЛЕК



Жолтай БАЛТАБЕКОВ, облыстық аумақ шаруашылығы басқармасы бастығы:

Сыр жылы ежелден-ақ халыққа құтберекеге жеңген. Үстіміздегі жыл да сиыр болуы деп жатқанның жағдайының сұрастырамыз. Бидайды қардың қалындығы әр көшіге астықтың шығымдылығын арттырар, несіебеміздің көбейтер деген үміт ұялатуда. Азық-түлік қоры молайса елдің еңсесі де биік болмақ. Мал өнімін қайта өңдеу барысына да көңіл бөлінуде. Төрт түліктің өз төлі есебінен көбеюі алдыңғы күндерге сенімімізді арттыруда. Бүгінгі сапақ бойынша облысымыз тұрғындарының қорасындағы қой-ешкі–2 млн. 997 мың бас, мүйізді ірі қара–801 мың бас, жылқы–225 мың бас, түйе –5 мың басқа жетті. Бұйырса мал төлдету науқаны басталады. Ол өрісіміз тағы жас төлмен толысады дегенді білдіреді. Биылдан бастап жүн өңдеуге дотацияның берілетіндігі де осы сөзімізге дәлел. Бұл орайда биязы жүнді өңдеуге мемлекеттік бюджеттен 5 млрд.-тан астам қаржының бөлінгендігі сөзімізге дәлел. Қымыз бен шұбаттың саудасы аудан, қалаларда көктемнен бастап тағы қызбақ. Ақшаңқан қазақ үйлер елдімекендердің сәнін келтіріп, ұлттық болмысымызды аша түседі.

Жергестерімізге еңбек жылы ақ мал болып, өрісіміз толе толсын, деген тілек айтпақпын.



БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Салтанат МЫҚТЫБАЕВА, «облыстық аурухана» МКК невролгия бөлімшесінің меңгерушісі:

– Халқымыздың әз-Наурыз мерекесін тойлағанына да жиырма жыздан асты. Көктемдегі әйелдер мерекесінен кейінгі жер жаңаға нұрын төгіп келетін мейрамның алар орны да ерекше. Жер-ананың төсі жібіп, кең далаға көрік кіргең, күн мен түн теңескен, үлкен-кіші төс қағысып амандасқан, ақ дастарқан жайылған Наурыз мерекесі күллі мұсылман елінің жаңа жылы болып есептелінеді. Сондықтан бұл мерекені жыл сайын ел болып тойлау дәстүрге айналды. Қайырымдылық пен ізгіліктің, ырыс пен берекенің бастауы болған Наурыз мерекесі баймақ елімізге тек тыныштық, ырыс-құт әкелсін. Адамдардың көңілі шаттыққа толы болсын. Сиыр жылында әр үйдің босағасынан ақ үзілмегей. Мерекелеріңіз құтты болсын!

• ШАЛҚЫМА

БАБАМ МҰРА ҚАЛДЫРҒАН

Қажет АЙДАС,
"Жетісу"

Адам ата мен Хауа анадан басталған өркеніет – қуаныш, жұбаныш, махаббат, парасат, мереке-мейрам... айта берсең таусылмайтын, адам баласына тән қасиеттер арқылы өріліп отырады. Иә, қымбатты қауым ел мен жердің ырысы, табиғаттың тынысы болған, жанымыз жадырап күлетін, өрісте төрт түлік өретін ұлыстың ұлы күні де келіп жетті. Ал осы бір бабалар құндылығын құнды сезбен айшықтап көрелік.


Қазақ болып тарихта қаншама рет қан кештік, қаншама рет қанжыладық, зәрға толы әнді естіп. Шұбырынды заман өтті, "Елім-айлап" шетке асып, "Желтоқсанның ызғарында" жалымызда қалмайды өшіп. Бәріне де төзбе, тәнір, тәуелсіз ел атандық, енді сені жау алмайды, дау алмайды жанкешті ұлт. Елдің ырыс-берекесі пейілімнің газабы, бүгінгі ұрпақ өз тарихын басқа жолмен жазады. Қыран құсты көк байраққа қондырып-ап баптенен, қазақ елі болашаққа қадам басып барады. Бүкіл әлем бүгін бізге таңырқайды таңдана, он-ақ жылда бой түзеді сәулеті асқақ ман қала. Бізге қарап бойын түзеп, ойланатын кез жетті, иегінің астыменен қарағандар пандана. Батылдығы, батырлығы қазақ деген халықтың, деп білгені жөн-ау мұны әрбір адам, әр бала. Ынтымақтың туын тігіп жатқаннан соң ел іші, күн-күн сайын шалқып-тасып келе жатыр өрісі. Бұл, әрине, тектен-тегін бола салған іс емес, текті әулеттің рухы болған текті ұлттың белгісі.

Біздің тарих батырлық пен парасаттан өрілген, сондықтан да қайда жүрсем қадірлімін, төрім кең. Бабалардың құндылығы өз қуатын жоғалтпай, ұрпағының ұғымына, санасына сеңбілген. Әркашанда аруақ сыйлап, ата жолын жалғадық, ар-намысты ту еттік те, арсыздыққа бармадық. Алтай менен Атырауға сапар шекті бабалар, мына, әлемге әділдікті үйретуге қарманып. Иә, солай таска жаздық тастай мығым ұғымды, талайлардың үні өшті, сансыз тулар жығылды. Өркеннет өлкесінің жібін жалғап әкеттік, міне, солай қалдырдық біз тарих-шежіре мың ұлт.

Соның бірі – әз-Наурыз мерекесі халқымның, жердің бетін өбеттұғын нұр шұғыла–алтын Күн. Әз-бабалар, ұлылықтың не екенін ұрпаққа, осы құтты мерекенің күдіретімен қалдырдың. Жеті әлемнің берекесін, мерекесін аңсаған, жеті дәннің қоспасынан наурыз көже жасаған. Бірбіріне тілек айтып, құттықтасып, әрине, қуанысып қалатұғын үлкен-кіші, барша жан.

Мынау жалған пәниде, көңілге көлдей шаттық, өмірге нұр сыйлайтұғын, әрине, қуанышты ұлан-асыр жылы лебі есетұғын әр үйде, даркандық пен молшылықтың басы болған осы күн. Ен жайлаған кең даланы, ортаймаған пейіл, далаға тән даркандығы, анадай пәк мейірі, бүкіл халық қуанышқа бөленетін осы күн. Қуанышты адамдардың бақытынан ілеген, шынын да, әкімін де, ел билеген патша да, өзін адам баласы деп сезінетін осы күн.

Үлкендерді ұлағатын ескеретін ел болып, қиындықты барша қауым еңсеретін тең болып. Әз-Наурыз халқымыздың қасиетті мейрамы, жататұғын көңілне көтеріңкі дем беріп. Бір басынан талай қызық қуанышты өткерген, бүгін, міне, қауыштық біз тағы да бір көктеммен. Сан арманды алға сүйреп, сан жүрекке от берген, жауқазындар бұршақ атып, көтерілді бөктерден. Бүгін мүлде айтылмайды, базына да, өкпе де, көкке өрлеп кете берсін көңіл деген көк кеме. Қуанышты сатып алар зат емес қой ақшаға, біреулерге сыйға тарта алмайсың-ау басқаларға текке де. Иә, солай баршамыздың үйімізге құт қонсын, ортамызда тамаша мен қызық-күлкі көп болсын. Бақуатты азамат боп балдырғандар ержетіп, арайлы таң, әрбір күнді уайымсыз өткерсін. Қыран құстай қанат қағып, өрлей берсін көк туын. Келер ұрпақ басқалардан биік болсын шоқтығын. Міне, осындай мерекелі-берекелі көңілмен, тағы да бір жаңа жылдың ауылына өт қүнім!



Жаңа жыл бақыт,
Малың тоқ,
Уайым-қайғың жоқ
болсын.
Көген толы қозы,
Желі толы құлын
болсын.
Малың базарлы,
Ұлың назарлы,
Қызың ажарлы
болсын!
Әумин.

• НАУРЫЗ-ЫРЫС

Адамның есімі тағдырына әсер етеді деген түсінік бар. Ал белгілі бір себептермен Наурыз есімін иемденген адамдардың ел құрметіне бөленетіні сыйлы азаматтар қатарын ғана құрайтындығын өмірден көріп жүрміз. Жалпы халқымыз Наурыз күнінде немесе айында туғандарды бақытты санаған.

ЕЛДЕН ЕРЕК ЕСІМІ

Алма ЕСЕНБАЕВА,
"Жетісу

Сондай себеппен Наурыз есімін беретін болған. Олардың қатарынан әйгілі тұлғалар да шыққан. Мысалы, қазақ халқында Наурызбай Күтпанбайұлы (1706-1781), Наурызбай Қасымұлы (1822-1847) атты әйгілі батырлар болған. Алтын Орданы Наурыз есімді хан (1359-1360) билегені де тарихтан белгілі.

Бүгіндері Наурызгүл, Наурызбек, Наурызәлі деген адам аттары да жиі кездеседі. Сондай бір есімді иеленген Ақсу, Көксу, Қаратал аудандарының Құрметті азаматы **Наурыз Қылышбаевпен** әңгімелесудің сәті түскен еді. Бізбен сыр бөліскен ағамыз:

– Өзім ақпан айында дүниеге келгенмін. Бірақ Ұлыстың ұлы күнін ауыл жұрты асыға күткендіктен ата-анам менің есімімді Наурыз деп атапты. Жалпы халқымызда отыз күн ойын, қырық күн тойын тойлайтын дәстүр бар. Соған сүйенсек, мен Наурыздан 40 күн бұрын туыппын. Оның үстіне ауыл жұрты мерекені ерте бастап, кезегімен өрүй Наурызға дейін көже таратып шығады. Сондықтан ақпанда туған менің Наурыз атанғаным заңды да. Өзіммен аттас болғаннан кейін Наурыз мерекесін ерекше қастер тұтамын. Оны халқымыз Ұлы істің мерекесі деп біледі. Ерекше үміт артып күтеді. Біздің отбасында да сондай дәстүр қалыптасқан. Есімім Наурыз болғандықтан басқа жандар осы күні маған ерекше ілтипат танытып жатады. Сондықтан өз атымды ардақ тұтамын. Тек кейінгі кезде Наурыз атықор болып, көлік тұрғына да, базарға да беріліп жүр. Бұрын-соңды белгілі бір ырыммен, Наурыз мерекесімен байланыстырылып қойылушы еді. Осындай көңіл толмастықтарға кейде қапаланамын, – деп ой бөлісті.

Шынында да, Наурыз – ұлтымыз үшін ерекше мейрам. Сондықтан оны арақ-шарап сатылатын дүкендерге теліп, атауына кір келтіруге еш хақымыз жоқ. Наурыз есімін иемденген ұл-қыз да осы есімге сай болуы керек.

• ЕЗУТАРТАР

ҮШ-ТӨРТЕУІҢ ЖЕДІК ҚОЙ

Бірде Наурыз мейрамының қарсаңында Алдар көсе қалаға барып қайтыпты. Қайтып келген соң Қожанасырға: «Қала деген ондай екен, мұндай екен, баліш, самса жедім, трамвай, троллейбуска мінді-ім» деп мақтанып көрінеді.

Ондай қызық әңгімені естіген Қожекен де қызығып, қалаға барып келмекші болып есегімен жолға шығады. Жолда есегі өліп, «Байтал түрмақ бас қайғы» дегендей, ойындағысы орындалмай жаурым жолдан қайтып келеді.

Келген соң Алдар көсе: «Уа, Қожеке, қалаға бардың ба?» деп сұрайтын көрінеді.

– Бардым.

– Бәліш, самса жедің бе?

– Жедім.

– Трамвай, троллейбус ше?

– Оның да үш-төртеуін жедік қой.

• АЛЫСТАҒЫ АҒАЙЫН

ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚТАР ҚАЛАЙ ТОЙЛАЙДЫ?

Әлемнің қырықтан аса мемлекетінде қазақтар тұрады. Әрине, "Әр елдің салты басқа" демекші, әр мемлекеттің саяси ұстанымына орай, қазақ диаспорасының тәл тарихын тануы мен ұлттық мәдениетін қастер тұтуда ұқсамастық сақталып отырғанын жасыра алмаймыз. Десе де, әдет-ғұрпын сақтауда өзгешелік бола қоймайтыны анық. Сол сияқты қытай қазақтары да ұлттық мәдениетімізді бүгінгідей басқа елдердің қызығуы мен ынтасын қозғайтын өрете жеткізе алмаса да, қазақ ұлтының перзенттері ретінде өз халқының дәстүрін сақтап келді.

Ал халқымыздың қасиетті мейрамы – Наурыз мерекесін тойлау жағынан қырастырып болсақ, бір өзгешелігі, Қытайда көне жыл есебі бойынша ақпан айының ортасынан бастап, Наурыз мерекесін тойлай бастайды. Наурыз мейрамы әдетте, екі апта айналасында болады. Анықтап айтар болсақ, көне жыл есебі бойынша ақпан айының 11, 13,...27 сияқты тақ күндері ауылдың үлкен үйінен бастап, жас отауларға дейін ретімен көже жасап, ауыл-үйді қыдырып, бір-біріне шынайы ниетпен ақ тілектерін айтысып, мәре-сәре болады.

Ескі жылды ұзатып, жаңа жылды қарсы алу үшін егін бітік шығып, молшылық болуды тілеп бидай, тары, үн, ет, түз, қатық, су сияқты жеті түрлі дәмнен көже жасайды. Бұл күні адамдар топ-топ болып ауыл-ауылды қыдырып, үй басын түгенден наурыз көже ішеді. "Наурыз бәйтін" айтып, бір-біріне құаныш, бақытты өмір тілейді. Қыста сойылған соғымның басы (бір бөлегі) мен көржілігін көжеге қосып асады да оны ауылдың қариясына тартады. Дастарқан басында қариялар "Малының басы өссін, ақ мал болсын" деп бата береді.

Мереке күні ақындар айтысы, бәйге, күрес, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу және түс жорыту сияқты көпшілі шаралар өткізеді. Бұл күні балалар тіпті шаттыққа бөленеді. Олар күндіз алтыбақан құрып, сауық-сайран салса, кешке жасырынбақ, ақсүйек ойындарын ойнайды.

Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері олар 22 Наурыз күнін ұлттық мереке ретінде қарсы алуды әдетке айналдырса да, бұрынғы дағдысын әлі де сақтап келеді. Қытай өкіметі де қазақ елине деген күрметі болар, осы күні сол елдегі қазақтарға екі күн демалыс береді. Өкімет қызметін істейтіндерге мерекелік сый-сияпат және ақшалай сыйақы тағайындаған.

Нұргүл ӘБДУАЛИҚЫЗЫ,
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

• ҚАРТТАРЫМ, ЕСЕН-САУ ЖҮРШІ!

ҒАСЫР ЖАСАҒАН

Бүгінгі таңда денсаулығы мықты адамдардың саралауы өншалықты көп емес қой. Керісінше, ауруына үстіне ауру қосылып жатқан тәрізді көрінеді. Соның салдарынан халықтың өмір сүру жасының да төмендегенін байқаймыз. Жалпы өзіңіз де жасы жүзден асқан академик Федор Углоның айтуынша, адамның 200 жылға дейін өмір сүру мүмкіншілігі бар екен. Онда қазіргі адамдар неліктен ол жастың жартысына да жете алмай дүниеден өтеді? Федор Углов оның себебін де жеңіл түсіндіреді. Адамдар көбінесе көрікті емес, ауруын көз жұмады екен. Сол себептен де, ең бірінші, денсаулығымызды күтіп, салауатты өмір салтын ұстануымыз керек. Міне, ұзақ өмір сүрудің күпиясы осында.

Айнұр ӘБДІРАХЫМ,
"Жетісу"

Арамызда, құдайға шүкір, жасы жүзге жақыннан қалған, тіпті жүзден асып та кеткен ата-апаларымыз бар. Олар жайында сөз болғанда ел: «Сүйектері асыл ғой», - деп жатады. Бұл сөздің мән-мағынасына енді ғана көз жеткізгендеймін.

Мұндай сүйегі асыл ана біздің көп пәтерлі үйімізде де тұрады. Жасы осы жылғы наурыздың 5 жұлдызында жүз бірге толды. Аты-жөні- Бигайша Шөкікызы Оспанова.

Ғасыр жасаған әже 1908 жылы Ақсу ауданындағы «Басқан» колхозында дүниеге келіпті. Бүтінде ұлы Тілеутай Қоныров пен келіні Нағиманың қолында тұрады.

Біз кітап беттерінен оқып жүрген тарихты өз көзімен көрген Бигайша ананың әңгімесін естіп, жүзден асу күпиясының неде екенін сұрағанды жөн көрдім.

Тіл-көзіміз тасқа, апамыз әлі тың. «4–5 жыл бұрын Алматы мен Лепсінің арасында пойызбен жалғыз өзім жүре беретінмін. Осы күні қорқатын болдым. Дегенмен, қазірдің өзінде бесінші қабатта тұратын көршілеріме көтеріліп тұрамын. Құран оқып, бата беріңіз деп көршілерім қуаныштарынан қалдырмайды. Бірақ бесінші қабатқа шығып келген соң аяным сыр беріп қалады. Менің жасымдағы адамға баспалдақтан түскен де оңай емес қой. Әйтпесе денсаулығым жаман емес. Шымырлағы бір орыстың кемпіріне емделуге барып жүр едім, өлің қалыпты», - деп күліп қояды.

Бигайша апа өмірінде түрлі қиындықтарды да көп көрген екен. Жасында зерек, пысық болыпты.

– Сөйлесе қалған бір бала: «Апа, біздің ауылда сексеннің тоғызына келген кемпір бар», – деп таңғалып отырды. Оған мен 101-ге келгенімді айтып едім: «Ой, апа, құдай сақтасын Өтірік айтпаңызшы», – деп жағасын ұстады. Өтірік айтып қайтем? Жалған айтқанды жаным жақтырмайды. Байқап отырсам, менің жасыма жақындап қалғандардың көбісі алжып қалған, дені өз беттерімен жүріп-тұра алмайды. Мен, құдайға шүкір, әйтіп отырған жоқпын. Жігердің жақсы болып отырғандығы ең алдымен Алла тағаланың, сосын осы балам мен келінімнің арқасы», – деп Бигайша апа сөзін жалғастырды.

Тұрмысқа он үш жасында шығыпты. «Мекалайдың кезі ғой, ол уақытта өздерінде мал болып тұрса да қызды қалыңмалға, 47 бас малға беретін. Қазіргідей сүю-күю деген жоқ, қызды мал берген адамға шырылдатып апарып қосады. Қайтеміз, біз де басқа салғанға көндік. Жолдасым Матайдікі еді, өзімнен бір-ақ жас үлкен болды», – деп апамыз бір сәт жастық шағын есіне алды.

Бауырлары мен ағайын-туыстары да көп болыпты. Бүтінде олардың ішінен Бигайша апаның ғана көзі тірі. Өзін бағып-қағып отырған Тілеутай ағa бауырының баласы болып келеді. Бір жаска толар-толмастан Бигайша апа бауырына басқан екен. Жас кезінде асырап алған баласы ертеректе қайтыс болыпты. Одан қалған төрт немересі бүтінде Матайда тұрады. Осы үйде де үш немересі бар.

– Ашаршылықты құдай бастырыпа бермесін. Біздің көргенімізді сендер көрмей-ақ қойыңдар. Түнделетіп қырманның айналасына барып түсіп қалған жалғыз-жарым масақ, дән іздейміз. Оны ешкімге көрсетпей үйге алып келеміз. Қырылып жатқан адамдар. Өлген кісілердің мәйіті жол шетінде жатады, оларды жеп жатқандар да бар. Мал түгіл үрерге ит қалмаған да заман болды ғой... Бірін-бірі аңдыған халық. Өліп-өшіп тапқан жарты уыс, бір уыс дәнді тез құырып, жеп аламыз. Құм төбелердің арасын кезіп, жуа теріп жеген де күндер болды. Әйтеуір, өлді деген осы екен деп өле салған жоқпыз. Өмір сүруге талпындық, – деп әңгіме арасында Бигайша апа көзіне жас алды.

Ашаршылық кезінде біреулер бауырынан айырылса, басқалары бүкіл отбасынан, әулетінен ажырап қалды. Бигайша Оспановаңың үйінде де анасы екеуі ғана қалыпты. Әкесі аштық болмай тұрып көз жұмған. Ал бауыры

• КӘСІПКЕР КЕЛІНШЕКТЕР



Әз Наурыз мерекесін көтерінкі көңіл-күймен қарсы алған Бақтыбай ауылында 8 мыңнан аса тұрғын бар. Мұндағы әйелдер саны 1903. Ал 16 жасқа дейінгі балалар саны 2526. Округте 266 шаруа қожалығы болса соның 35-ін әйел-аналар басқарады. Бақтыбай ауылы қалаға жақын болғандықтан да шығар, мұнда кәсіпорындар саны да жыл санап өсуде. Биыл елдімекендегі кәсіпорындар саны 50-ге жетті. Мұнда шаубайхана, кеспе, түшпара, шұжық шығаратын цехтар жергілікті өнімдерді өңдеумен айналысады. Бизнес құрылымдарының 34-і дүкен. Барлығына назік жандылар басшылық жасайды. Ауылдағы Бақтыбай атындағы білім ордасы мен дәрігерлік амбулатория да әйел басшылардың жетекшілігімен жұмыс жасап тұр. Бала саны өсуде. Мәселен, 2007 жылы 127 сәби дүниеге келсе, 2008-де 152 нәреста туған. Отбасын құрушылардың да белсенділігі еселеп артқан.

ЕҢБЕК БӘРІН ДЕ ЖЕҢБЕК

Ауылдағы "Отбасы" клубының меңгерушісі Роза Айманбетова бақтыбайлық аналардың қоғамдағы белсенділігін осылай саралайды. Шынында да мақтанса мақтанатындай-ақ. Роза Нұрахметқызы ауыл әкімдігінде 10 жылдан аса бас маман қызметін атқарады. Қашан көрсең келген жұртшылыққа жаңа заңдарды, балалы аналардың алатын жеңілдіктерін айтып, түсіндіріп жатқаны.

Ауылдастарының жағдайына қанық Роза Нұрахметқызы соңғы жылдары ауыл тұрғындарына қызмет көрсететін дәрігерлер санының өскендігін қуанышпен жеткізеді. Биылдың өзінде ауылдық амбулаторияға жаңадан 4 фельдшер және жедел жәрдем көліктеріне 4 жүргізуші алынған. Енді адам жанының арашашылары түнгі шақырымға баруға алма-кезек шығып отырады.

Роза Нұрахметқызы басқаратын "Отбасы" клубы ауыл тұрғындарының түскен арыз-шағымдарды да бірлесіп отырып қарайды.

"Отбасы" клубының жетекшісі Роза Айманбетова 2 ұлдың анасы. Үлкені– Дамир, заңгер. Кіші ұлы Закир, студент. Роза мен Нұрмағанбет отбасында балдан тәтті Темірлан деген немере өсіп келеді. Роза әр отбасындағы баланың өзінің Темірланындай бақытты, сүйікті болып өсуін қалайды.

Бақтыбай ауылының әйел-аналары ер атқаратын кәсіптің бәрін де меңгерген десе де болады. Олар ауылдағы мереке, іс-шараларға да барын беріп, көптің қуанышының еселенуіне көмек қолдарын созуда. Бұл орайда Роза Нұрахметқызы ауылдастары Арай Райысова, Ким Люда, Қатира Іргебай, Бота Төлегенова, Роза Сәрсембаевалардың ерекше атайды.

Міне, бір ауылдағы әйел-аналардың бүтінгі тыныс-тіршілігі осындай. "Еңбек бәрін де жеңбек" демекші, Роза Айманбетова сияқты білікті маманы, ұйымдастырушысы бар Бақтыбай ауылы күн санап көркейе бермек.

Г. МҰҚАШҚЫЗЫ.

БАҚТЫБАЙ АУЫЛЫ,
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ.



Қазақстан 50 Бәсекелестік

"Мамандықтың бәрі жақсы" дейтін сөз бар халқымызда. Дұрыс таңдай білген адамға күнделікті нәпақасын ғана таптырып қоймай, өмірлік игілігі ретінде қызмет етер кәсібінің уақыт сұранысына, мемлекет талабына сай болуы тиіс-ақ. Бірақ, біз бір саланың жілігін шағатын білікті мамандармен қатар, ешбір кәсіпті меңгермеген, соның салдарынан жұмыс табудың да қиындығын кешіп, қолына күрек пен кетпен ұстап, қара жұмысқа ғана жегілген өлсіз топ екілдерінің де бар екендігін білеміз. Бұл еңбегі үшін мардай төмен тапқан ақысын ала алмай, кейбір бүгінде Алматы қаласындағы Сейфуллин даңғылын таңсәріден торуылдап, екі қолға бір күрек іздеген, "тепсе темір үзетін" жігіттердің жұмыс сұрап тұруы куә. Біреудің жерін қазып беріп, басқа да қара жұмысқа жегілген жастар егер қолында бір кәсіптің кілті болса, осы жағдайға жетпес еді-ау дейсің іштей. Десек те, табақтай дипломы болса да жұмыс таба алмай жүргендері қаншама?

ӨМІР ЖОЛЫ САН ТАРАУ

Мамандық таңдаудың мәні зор

Алма ЕСЕНБАЕВА,
"Жетісу"

БІР ІСТІҢ ТЕТІГІН БІЛСЕМ ҒОЙ...

Міне, оқуын жалғастыра алмай қалған бүгін бір үрпақ осындай қиындыққа ұрынды. Ал ендігі жол – жастардікі. "Құласаң нардан құла" деп атамыз қазақ айтқандай, көпшілік жастар жоғарғы оқу орнына түсуді қалайды. Таңдайтын мамандықтары – экономист, заңгер. Өйткені, таза жерде, кеңседе отырып, көп ақша табамыз деп ойлайды. Бірақ, бәріне бірдей заңгерлік, қаржыгерлік жұмыс қайдан болсын. Осыдан соң білдей бір дипломын көтеріп, жұмыссыздар қатарын құрағандарды өмірден аз көріп жүргеніміз жоқ. Солардың қатарында біздің бүгінгі кейіпкеріміз – Қанат та бар. Заң институтын бітірген *он* бастапқыда ірі кәсіпкерлерден жұмыс іздеді. Тіреп тұрған көмегі не әкесі жоқ болғандықтан, жұмысқа тұра алмай, біраз мекеменің есігін тоздырды. Одан соң туған ауылына барып, аудандық ішкі істер бөліміне жұмысқа тұруға бел шешті. Олар дәл қазір бос орынның жоқтығын айтып, күзетшілік қызмет қана ұсынды. Бірдей бір институтты бітіріп, ішкі істер органында күзетші болып жүруге туған-туыс, дос-жараның үлғаң Қанат түйіншегін жинап алып, қайта қалаға тартты. Құрылыс фирмасына жұмысқа кірді. Базарда сусын сататын қызбен танысып, біраз уақыт бірге тұрып, отбасылы болды. Соңғы уақытта өзі жұмыс істейтін құрылыс фирмасы дағдарыстың салқыны тигендігін айтып, біраз адамды жұмыстан қысқартты. Оның қатарында Қанат та бар. Кешегі бір жағына шығысып, сусын сатқан қыз бүгінде екі баланың анасы, соларға қарайлап үйде отыр. (Үй деп отырғанымыздың өзі жалдамалы пәтер – А.Е.). Оларды балабақшаға беру үшін әжептәуір қаржы керек. Оның үстіне Алматыда төлемақысы кемінде 40 мыңды құрайтын балабақшаға қайдан қол жетсін. Одан да бала-шағаны үйде қараған тиімді-ақ. Осындай шырмауға түскен Қанат, отбасын асырау қамымен қазір Сейфуллин көшесін жағалап жүр. Бір жұбанарлығы – сұраныс түссе, күнделікті ақшасын тауып келеді. Кейбірде жұмысын істетіп, төлемей қуып шығатындар да табылады. Десе де, жоқтан гөрі жоғары. Айлап жұмыс істетіп, еңбекақысын бермей әбігерге салған құрылыс фирмаларынан да ауызы күйген. Сондықтан күрек арқалап болсын ақша тапқанын намыс көрмейді.



–Тек қатты өкінетінім, кезінде белгілі бір кәсіпті меңгермегенім. Ең болмаса, құрылыс саласына қажетті электрмен-газбен дәнекерлеуші, бұрғышы, ағаш ұстасы сынды жұмыстардың тетігін білсем ғой, бір кәсіптің тізгінін ұстап, осыншама қара жұмысқа жегілмес едім, – дейді Қанат.

ШАШТАРАЗ БОЛУДЫ НЕГЕ ҚАЛАМАЙДЫ?

Міне, Қанаттың кейпін бүгінде қаншама қазақ жігіті бастан кешіп жүр. Кешегі мәнсіһбей кеткен СПТУ мен ГПТУ-дың бүгінде дәурені артты. Өйткені, қай жарнамалық газеттерді ашып қарасаңыз, дәл қазір сұранысқа ие сол бұрынғы училище, қазіргі кәсіптік лицейлер даярлайтын мамандар екендігін көреміз.

Жыл санап қазақ отбасылары да кәсіптік оқытудың тиімді екендігін бағамдай бастағандай. Оны соңғы бес жылда облысымызда техникалық және кәсіби білім беретін мекемелер қатары 13 бірлікке артқандығынан көреміз. Сонымен қатар кәсіптік оқу орындарында техникалық және қызмет көрсету саласы бойынша мамандануды қалайтын жастар қатары 10-нан 30 пайызға дейін өсіп отыр. Осыған орай биылғы оқу жылынан осы сала бойынша мемлекеттік тапсырыс 225-ке артқан. Бұл істің тетігін білмей, бір нәрсеңді бүтіндеуге шақырсаң, бүлдіріп кететін біліксіз мамандардың орнын басады деп сенеміз.

Соңғы жылдары кәсіптік лицейлерге келушілер көбейгенмен, оның қатарынан қазақ балаларын көру мүлде тұр. Мәселен, Текелідегі №17 кәсіптік лицейдің 11 тобы орысша да, 3 тобы ғана қазақша. Лицей директоры Гүлнар Балтабекқызы оны Текелі қаласының тұрғындарының негізгі денін орыс ұлты құрайтындығымен және қазақ отбасылары кәсіптік білімге аса көңіл бөлмейтіндігімен түсіндіреді.

– Бізге білім алуға келетіндердің көбі орыс ұлтының немесе орыс сыныптарында оқыған балалар. Қазақ тобында оқитындар бұдан соң колледж немесе жоғары оқу орнына барып түсеміз деп бұл мамандықтарға айтарлықтай көңіл бөлмейді. Өйткені, көбісі жұмысшы болғысы келмейді. Ал бізге қазіргі нарықтың сұранысы бойынша керегі тігінші, электрик, шаштараз сынды мамандар. Бұл кәсіпті меңгергендерге жұмыс табу оңай. Осыны ескеріп, шаштараздық курс ашпақ болдық, келгені 3-ақ адам. Ал 15 адам болмаса, топтық жұмыс жүрмейді. Сондықтан кейінге ысыруға тура келді.

Неге біз осындай мамандықтарды игеруден қашамыз? Меніңше, оған жауапты тәрбиемізден, өзіміз отбасында қалыптастырған көзқарастан іздеу керек сияқты. Қазір көп отбасында бір-екіден ғана бала бар. Олар тым ерке әрі еңбек етуге үйренбеген. Сондықтан мұндай жұмыс істегісі келмейді. Көбісі қызметкер болуды армандайды. Бәріне бірдей кеңседен жұмыс табыла бермесі анық. Ал бізге дәл қазір жұмысшы мамандары қажет. Ешкім баласы шаштараз не тігінші болсын деп ойламайды. Мұны олар жай мамандық сияқты көреді.

Осының салдары қазір қатты білінуде. Бізде орта кәсіп мамандары аз. Билік және қарапайым жұмысшы арасында да өз деңгейінде жұмысты алып жүретін адамдар керек қой. Осы жағынан біз ақсаудамыз, – деп ой бөлісті лицей директоры.

Ал осы кәсіптік лицейді бітіргендердің жұмысқа орналасуы қалай деген сауалымызға:

– Былтыр 96 бала бітірді. Олардың 90 пайызы бірденақ еңбекке араласып кетті. Көбіне балалар қай жерде өндірістік тәжірибеден өтсе, сол жерде жұмыста қалады. Жұмыс берушілер тәжірибе кезінде жас мамандарды сынап, талаптарынан шыққа оқу бітірген соң бірден-ақ жұмысқа қабылдап жатады, – деп жауап қатты.

Расында да, кәсіптік лицейді бітірген кәсіби маман жұмыс таппай қалады деуге болмас. Өйткені, қазір қандай мекеме болсын есепші, құрылысшы, трактористі, электрмен-газбен дәнекерлеуші, ЭВМ операторлары сынды мамандарды бірденақ жұмысқа алады. Алматы облыстық білім басқармасынан алған мәліметімізбен бойынша өткен жылы колледжді бітірген түлектер саны 6734-ті құраса, оның 75,2 пайызы жұмысқа орналасқан. Ал кәсіптік лицейлерден түлеп ұшқан 2742 шәкірттің 78 пайызы еңбекпен қамтылған. Бұл көрсеткіштің өзі бір кәсіпті игерген маманның жерде қалмайтындығын көрсетеді.

ҮЛДАР НЕГЕ АСПАЗДЫҚТЫ ТАҢДАЙДЫ?

Мейрамхана, кафе бизнесі дамыған бүгінгі таңда аспаздыққа маманданған жастарға да жұмыс табу ешқиындыққа соқпайды. Осыған орай соңғы кездері осы салаға маманданатын ұлдар саны артқан. Бұл туралы ой бөліскен Текелі қаласындағы №17 кәсіптік лицейдің оқу өндірісі шебері Жанна Төкеева:

– Мұнда балалар үш жыл оқып, аспаз және қосымша кондитер мамандығын алып шығады. Тобымызда ұлдар мен қыздар тепе-тең. Бұрын-соңды бұл мамандыққа қыздар ғана қызығушылық танытатын болса, кейінгі жылдары ұлдардың қатары көбейіп келеді. Олардың бірі болашақта мейрамхана ашуды армандап, осы сала маманы болғысы келсе, енді бірі аспаздарға жұмыс табу оңай деп есептейді, – деді.

Уақыт сұранысына сай әр кезде әр мамандықтың беделі артып отыруы заңдылық. Кешегі "бес адамның басы біріксе, төр мұғалімдікі" дейтін кәстерлі мамандық ұстаздыққа деген бүгінгі жастардың көзқарасы қандай? Біз осы сауалды Есік педагогикалық колледжінің директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Нұр Батжанұлы Есімбековке қойған едік.

– Педагогикалық мамандықтарға көбіне қыздар келеді. Біз бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын болғандықтан осы салаға қыздардың мамандануы заңды да. Әрі қыз бала табиғатынан мұғалімдік мамандыққа жақындау келеді. Сондықтан да болар 1 топта 25 студент болса, соның 2-3-еуі ғана ұл. Қазір көп жастар қаржы саласында еңбек етуді қалайды. Десек те, мұғалімдік мамандыққа келетіндердің де легі толастады деп айта алмаймыз. Жыл сайын конкурстық негізде талапкерлер оқуға қабылданып, 400-дей маман түлеп ұшады. Бүгінгі таңда 1050 шәкірт білім алуда. Жастар педагогикалық мамандықтарға ертеңгі күні жұмыс таба алатындығына сенімді болған соң келеді. Қай қоғам болсын білімсіз алға жылжымайды. Сондықтан педагогикалық мамандықтың қадірі арта береді деп ойлаймын. Ол үшін білікті кадрлар ғана даярлап шығаруға міндеттіміз, – деді Нұр Батжанұлы.

Иә, қай саланың маманы болсын одан бірінші кезекте талап етілері кәсіби деңгей. Мейлі ол құрылысшы, аспаз немесе шаштараз болсын, өз ісінің тетігін білетін маманның қашанда басқалар алдында беделі биік, абыройы асқақ болады. Сондықтан жоғары біліммен қатар кәсіптік мамандықтың артықтық етпейтіндігін мойындауымыз қажет. Кез келген жастың бірінші кезекте кәсіптік білімді меңгеріп, одан соң колледжде не жоғары оқу орнында оқуын жалғастыруына әбден болады емес пе? Ал оқуға түсе алмай қалған жағдайда жастайынан игерген кәсіби білім қай уақытта болсын көмекке келері анық. Алазірше...

...Үйде отырып сантехник шақырсақ келетіні орыс. Телемастер, электрик те, компьютер бағдарламашылары да, түрлі техникалық жұмыстардың да ығын білетін осы ағайындар. Бұған қарап тұрып, қазақ шынымен де техникалық, ұсталық мамандықтан құралақан ба дейсің? Тек соңғы кезде жиһаз жасайтын, пластикалық терезелер шығаратын жерлерде қандас бауырларымыздың жүргенін көресің. Оған да шүкіршілік дейсің.

Осының бәрінің тетігі әлі де болса елімізде кәсіби білімнің өз дәрежесінде дамымағандығында жатыр. Десек те, мемлекет тарапынан белгілі бір шаралар қолға алынуда. Облыстық білім басқармасының бөлім бастығы Әмина Дәукенқызының айтуынша, кәсіптік-лицейлердің жұмысына ерекше серпін беріліп, материалдық-техникалық базаларды жаңартуға көңіл бөлінуде. Сонымен қатар 2008-2012 жылдарда Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында биылғы жылы 3 кәсіптік лицей құрылысын жүргізу жоспарлануда. Демек, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, қызмет көрсету саласы бойынша мамандар даярлайтын 600 орынды оқу ғимараты және 400 орынды жатақханасы бар кәсіптік лицей Ескелді, Көрбұлақ, Еңбекшіқазақ аудандарында бой көтеретін болады.

2010 жылдан 12 жылдық оқу жүйесіне көшетін болсақ, оқу бағдарламасы бойынша мектеп оқушылары кәсіптік білімді игеріп шығады. Бұл да бүгінгі тығырықтан шығудың бір жолы. Қалай десек те, техниканың тілін білетін, компьютердің құлағында ойнайтын, отандық тауар өндіруге күш-қабілеті жететін үрпақ өсіріп шығарғанда ғана халқымыздың қуаты артып, мемлекетіміз Елбасымыз мақсат еткен дамыған елу елдің қатарынан көрінері көмілі.

Алматы облысында 31 кәсіптік лицей бар. Оның 26-сы мемлекеттік, 5-сүі жекеменшік. Кәсіптік лицейлерде маманданған жұмысшы даярлау ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету саласы, құрылыс, құрал-жабдық және машина технологиясы бағыттары бойынша жүзеге асуда. Биылғы оқу жылында кәсіптік лицейлерде 35 мамандық бойынша 8019 оқушы білім алуда.

Облысымызда 39 колледж бар, оның 15-і мемлекеттік, 24-і жекеменшік. Онда аграрлық, политехникалық, педагогикалық, өнертаным, экономикалық, медициналық, әлеуметтік және қызмет көрсету күйлері бағыттары бойынша мамандар даярлаудан өтеді. Колледждерде биылғы оқу жылында 60 мамандық бойынша 29414 студент білім алуда. Оның ішінде мемлекеттік оқу орнында 14724, жекеменшікте 14690, мемлекеттік тапсырыс бойынша 4105 студент оқиды.

● БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

МЕКТЕПТЕГІ ЫСТЫҚ ТАМАҚ



Кезінде Аристотель: "Мен тамақ ішу үшін өмір сүрмеймін, керісінше, өмір сүру үшін тамақ ішуге мәжбүр боламын" деген екен. "Ас – адамның арқауы" дегендей, бәрімізге ашықарыңда ақыл болмайтынын да біламіз. Бұдан да қызығы – сіз сенімді ақпарат көздеріне сүйенер болсақ, адамдардың аурыс тамақтанбауы салдарынан сусамыр (қант диабеті) ауруына шалдыққан балаларды айтпағанның өзінде, асқазан, от жолы ауруларын 61 пайызға дейін артып кеткен. Иә, күн сайын тоқ тамақтандық астеннің өзінде тамақтану мәдениетін меңгере алмай жүргеніміз тағы бар. Сондықтан бұл мәселе бүгінгі күннің басты тақырыбына айналып отырғаны жасырын емес.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Осыған орай, мектептегі ыстық тамақ туралы да түрлі пікір айтылып жүр. Бірқсулер бала мектепке таңертеңгісін тамақтанып барады. Ал түскі аста міндетті түрде өз отбасымен бірге болады. Сондықтан мектепте тамақтану басы артық шуақат деп есептейді. Енді бірі ыстық асқа қарсы емес, десе де, төменгі сынып оқушыларына тегін тамақпен қамтуды алға тартады.

Біз бірінші пікірдегілермен келісе алмаймыз. Себебі, қазір елімізтүрғындарының 10 пайызға жуығы ғана шуақтылар санатына жатады. Олардың балаларының жағдайы жаман емес. Алайда, тұрғындардың басым бөлігін құрайтын жетім, жартылай жетім, тіпкіс көп жоқ, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балаларының төрт түлігі сай деп айта алмаймыз. Оның үстіне бүгінгі медицинаның талабына сай, күнделікті не мәзірінің 55-60 пайызын көмірсутегі мен белок, 16-20 пайызын ақуыз, 20-24 пайызын май құрап отырұы керек. Бәрімізге аян, отбасында әзірленген тағаның түрі де санаулы, әзірлейтіндер де осы саланың маманы емес. Бала отбасында асығыс-үсіріс жүрек жалғанымен оның қоректік қуаты түскі үзіліске дейін жете қоюы екіталай. Өңі күзін тұрғанымен өмешегі үзіліп отырған бала дұрыс білім ала ма? Оның жейтін білімге ұмайтынын дәлелдеу артық болар. Мына бір деректі ойымызға дәйек ретінде атап кетейік. Ресей 1998 жылы мектептегі ыстық тамақты алып тастағанда балалардың ауруы 70 пайызға көтерілген. Әрине, бізде осындай жағдай қайталанбайды деп ешкім кепілдік бере алмайды. Сондықтан мәселені түрде мектепте, әсіресе, төменгі сынып оқушыларына бір уақыт ыстық тамақ берілгені жөн.

Ал екінші пікірдегілермен келісе отырып, осы ретте, атқарылып жатқан игілікті жұмыстарды атап айтуға болады. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңын іске асыру мақсатында әлеуметтік жағынан қорғалмаған және күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан оқушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуді қолға алып отыр.

Осыған орай, облыстық білім басқармасы 2009 жылдың 8 қаңтары мен 8 ақпан аралығында облыс аумағындағы барлық мектепте жалпыға бірдей білім беру айлығын өткізді. Айлық барысында оқушылардың толық тізімі жасалып, ақыл есі шектеулі және түрмысы төмен отбасынан шыққан оқушылар анықталды. Аталған шара аясында түрмысы төмен отбасы балаларына көмек көрсету мақсатында «Қамқорлық» акциясы ұйымдастырылып, нәтижесінде, облыс бойынша 15367 оқушыға қайырымдылық көмек көрсетілді. Мұның 854-і бюджет есебінен, ал 14513 балаға бюджеттен тыс қаржылай қолдау жасалды. Оған 18680,5 теңге қаражат жұмсалды. Сонымен бірге, 2008-2009 оқу жылында облыс аумағындағы оқыту жұмысымен айналысатын 738 мектептің 491-інде ыстық тамақ ұйымдастырылып, барлығы 182204 (62,7 пайыз) оқушы қамтылған. Аталған оқу жылының басында аз қамтылған және әлеуметтік қорғалмаған отбасынан шыққан 10960 (28 пайыз) оқушыға тегін ыстық тамақ берілсе, қазір 15526-ға (40 пайыз) жетіп отыр.

Алайда, баланың бір уақыт тамағы үшін күніне 120 (төменгі сынып)-150 (жоғары сынып) теңге қажет. Табыс көзі тұрақты еместер үшін бұл аз қаражат емес. Жоғарыда көрсетілгендей, қазір облыс аумағындағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларының 40 пайызы ғана тегін тамақпен қамтылып отыр. Осыдан кейін, «оның баласы тегін тамақ ішеді, ал, менікіне неге болмайды» деген сияқты тұрғындар арасында түсінбеушілік те орын алып отырғаны жасырын емес.

Біз, осы мәселенің анық-қанығына жете түсейік деген оймен бірнеше мектепті аралап көріп, нақты жағдаймен қанығып қайтқан едік. Айнаш Ынғанбаева басқарып отырған Ломоносов атындағы №5 орта мектепте 1300-ден аса бала білім алады. Оның ішінде тұрмысы төмен отбасынан шыққан 60 бала бар. Оларға жыл сайын мектеп құрал-жабдықтары тегін берілумен бірге, басқа да материалдық көмек көрсетілін тұрады. Мектеп ұжымы 2008-2009 оқу жылынан бастап, 20 баланы бюджет есебінен тегін тамақтандырып келеді. Мәселен, 4 сыныптың бір оқушысының жесір жол апайынан қайтыс болған, шешесінің тұрақты жұмысы жоқ. Ағасы студент, әпкесі болса орта мектепте оқиды. Пәтер жалдап тұратын отбасы үшін күнделікті тамақты сатып алып шу онай емес. Оның үстіне үлкен үлдың оқу ақысын төлеу үшін ағайын-туыстарынан әбден борыштары болғаны бар. Мектеп ұжымы нақтылы жағдайды тексеріп келіп, оған тегін тамақ беруді ұйғарыпты.

Ал, Жадыраның жағдайы тіпті қиын. Әкесінен ерте айырылған үш мүшелек бала шешелерінің азын-аулақ табысын қанағат етіп келді. Қиналса да өзгелерге білдіртпеуге тырысатын. Шара не, өткен жылдың желтоқсан айында шешесі жұмыстан шығып қалды. Жұмыс іздеп сабылып, бірнеше есікті қағып көрген еді. Өкінішке орай, кетпенге шығыпты. Енді не істеу керек. Жадыраны оқудан шығарудың ойлады. Одан басқа жол да жоқ деп шешті. Отбасының жағдайын білген мектеп ұжымы Жадыраға оқу құралдарын, киім-кешек және басқа да көмек жасап отырды. Бұлардан бастап тегін тамақтанатын балалар қатарына өтті.

Тегін тамақ берілетін оқушылардың осындай әр түрлі тағдыры бар. Олар мектеп ұжымы мен ата-аналар комитетінің жан-жақты тексеруінен кейін осы мүмкіндікке жетіп отыр. Ешқандай бір жақынына жан тарту сияқты істер болмағанын есіммен айта аламыз. Халқымызда: «Көш жүре келе түзеледі», деген сөз бар. Қазір тұрмысы нашар отбасы балаларының 40 пайызы тегін тамақпен қамтылып отырса, бұл көрсеткіш алдағы уақытта әсе түсетініне қамал сенеміз.

Аталмыш мектептегі тағы бір жағымды жаңалық, мектеп асханасын жүргізіп отырған жеке кәсіпкер Бақыт Жансеркина өткен жылы тұрмыс жағдайы нашар 30 оқушыны тегін тамақтандырып келген. Енді 10 балаға қайырымдылық көрсетіп отыр. Біз бұның себебін сұрадық.

– Мен, анамын, барымын деп басқа бірсыпырасе шалқақтағым жанымқаламайды. Оның үстіне елдің ертеңгі болашағы осы балалар. Әрине, өз отбасым үшін жанталасуым керек, асып-төгіліп жатқан байлығым жоқ. Тіпті атымды шығарайын деген ойдан да аулақпын. Жағдайы нашар балаларға көмектесуді анамдық борышым деп біздім, – деп жауап берді қайырымды жан.

Иә, бұл игі істер облыстағы ыстық тамақ ұйымдастырған барлық мектепте атқарылып жатыр. Осы оқу орындарындағы асханалар мемлекеттік санитарлық-эпидемиялық бақылаудың рұқсатына сәйкес жұмыс істейді. Тағайындалған ас мәзірі жергілікті аудандық және қалалық СЭС-тің бекітуімен әзірленеді және тікелей бақылауында болады. Ал облыстық білім басқармасы тарапынан ай сайын ыстық және қоғамдық тамақтан қамтудың мониторингі жасалады.

Сонымен бірге, аталған шараларды тиянақты жүргізу үшін мектеп директоры және жәмшілік тарапынан бақылау күшейтілген. ҚР мемлекеттік бас санитарлық дәрігердің 2007 жылғы 30 наурыздағы №12 «Жалпы білім беретін және мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне жекелеген тағам өнімі түрлеріне тыйым салу туралы» қаулысы бойынша, бала денсаулығына жағымсыз әсер ететін жағдайды болдырмау үшін асханалардан тағдалған сусындар мен чипсы, қатырылып-кептірілген өнімдер алып тасталған.

ТҮЙІН

Иә, жер байлығы жағынан әлемнің тоғызыншы орнында тұрған елімізүшін адам денсаулығы аудай қажет екенін әркім біледі. Осы даланың ертеңі жас буынның қолында екенін ескерсек, олардың қалыпты ержетуі бүгінгі күннің басты талабы болмақ. Сондықтан мектептегі ыстық тамақ балалардың жақсы білім алып, қалыптасуы үшін жасалып жатқан игілікті шара. Біз жоғарыда осы мақсат негізінде облысымызда атқарылып жатқан істерге жауап тапқық деп ойлаймыз. Ал асханаларда дайындалатын ас мәзірінің түрі жеткілік. Бірінші, екінші тағам деп бөлінген. Қалтасы қалың оқушыға қанша жеймін десе де болады. Бірақ олардың қоректік мөлшері мен санитарлық жағдайы қаншалық деңгейде қадағаланып отыр. Бұл туралы жауап іздеп Талдықорған қалалық санитарлық эпидемиологиялық бақылау орталығына хабарласып көрген едік, өкінішке орай, жасыратын жайлары бар ма? Кім білеін, нақты жауап ала алмадық. Ал, қалалық балалар ауруханасының бас дәрігері жаңа жұмыс орнына келгеніне көп болмағанын алдыға тартып, сұхбат беруден түбегейлі бас тартты. Ең өкініштісі, ас мәзірінің тізімінде ұлттық тағамдардың жоқ болғандығы ойландырмай қалмайды. Асхана қожайындары баға мәселесін алдыға тартады. Алайда, химия-техникалық жолмен өңделген атық-түлік бағасы арзан болғанымен, ала сиырдың бір саптаяқ сүтінің қуаты одан бірнеше есе артық шығар деп те ойладық.

ЖЕТІСУ" ЖАЗЫП ЕДІ...

"Шыңғыс хан туралы шындық"

АҚИҚАТ ПА?...

Мен Моңғолияда тұрғанда қырық жылдан аса тарих пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеген едім. Сондықтан Шыңғыс хан туралы жазылып, зерттеліп жатқан дүниелерді қадағалап отырамын.

Жуырда облыстық "Жетісу" газетінде Қажет Андас деген жас қаламгердің "Шыңғыс хан туралы шындық" атты мақаласын оқығаннан кейін өз ойымды ортаға салып оқырман қауыммен сыр бөліссем деген ойға тоқтадым.



Алдымен "Моңғолдың құпия шежіресі" жөнінде айта кетейін. Ол XII – XIV ғасырдағы моңғол тілін, тарихын, әдебиеті мен мәдениетін зерттеуде елеулі тарихи мұра болып қана қоймай, сол тұстағы Түркі тайпаларын танудағы аса құнды дүние болып табылады. Олай дейтініміз, қазіргі моңғол үстіртінде VI –VII ғасырға дейін керей, найман, қоңырат, үйғыр, қырғыз, татар сияқты түрік текті, тілді тайпалар мекен еткені мәлім. Олар сол кездегі моңғол тайпаларымен әлеуметтік, экономикалық тұрғыда тығыз қарым-қатынаста болды. Осы негізге сүйене отырып тілінде ортақтық болды деп те айтуға болады. Өйткені Шыңғыс ханға жоғарыда аталған тайпаларды өз ықпалына кіргізіп алғаннан кейін де олармен еркін сөйлесіп, пікірлесіп отырғаны анық. Сонымен бірге, Моңғол, түркі тайпалары өзара ағайын, бауыр тұрғысынан араласып тұрғандарымен, әрі бір-біріне тісі қайрап жүретін бақталастығы да болғаны"Құпия шежіреде" ашық жазылған. Алайда, осы күнге дейін "Құпия шежіренің" авторы кім деген мәселе жұртты дүрліктіріп келеді. Олардың бір тобы, аталмыш кітап Шыңғыс хан ордасының сенімді адамдары тарапынан жазылған делінсе, екіншілері, Шыңғыс ордасының ішкі құпиялығын дәл, анық білір жазушы қараланды, Шихи ху дуг жазған деп санайды. Себебі ол ұйғыр жазуын білетін, қағанның ең сенімді серігі және мемлекеттік төрешісі болған. Шыңғыс ханның бұйрық, әмірін көк кітапшаға жазып отыратын адам еді. Екі түрлі пікірді ұстанғандардың да өз дәлелдері жеткіліксіз. Сондықтан шежіренің авторы әлі күнге беймәлім болып келеді. Алайда, шежіренің соңғы парақтарында: "Ұлы құрылтай шақырылып, Тышқан жылының (1240) мизам айында, Хәрлаиның (өзен) Хөдко аралының, Долоон-болдоғы мен Шил хин цэг екеуінің арасына қаған ордасы қонып жатқан кезде тамамдадым", – деп жазылған. Міне, осы уақыттан бастап есептейтін болсақ құпия шежіренің жазылғанына 750 жылдан аса уақыт болады.

Ал "Шыңғыс хан туралы шындықта" автор бұл шындыққа күмәнді көзбен қарайды. Иә, оқып көрелік: *"Тарихшылар әлемді жаулаушы туралы XIII ғасырда жазылған "Моңғолдың құпия шежіресі" атты кітапты бетке тартады. Иә, бұл кітаптың бар екендігі шындық, алайда ол түпнұсқа емес. Жеті жүз жыл бойы қытай патшалары үшін қызмет көрсетіп келген бұл туындының орта ғасырлық шындықты сөз етер құны да шамалы"* ... деп жазады. Мен бұл пікірге келіспеймін.

"Моңғолдың қоғамдық құрылымы" деген кітаптың 6-бетінде орыс ғалымы Владимирцов былайша тұжырымдайды: – *Орта ғасыр кезінде, бірде бір ел тап моңғол тәрізді тарихшылар назарын аударған емес, – деп айта аламыздығымыздай, өмірдің ақиқаты мен шындығын айқын бейнелеп көрсеткен құпия шежіредей тарихи ескерткіш бірде бір көшпенді елден қалған емес деп айта аламыз,* – дейді.

"Құпия шежірені" зерттеп жүрген басқа ғалымдардың пікіріне сүйенер болсақ, бұл кітап әу баста моңғолдар қолданған ұйғыр әрпінде жазылған. 1382 жылдары Қытайдың Хун Ну патшасы тұсында моңғол тілін үйренуге көмекші құрал ретінде, моңғолдардың сөйлеу тіліне бейімделіп, қытай әрпімен көшірілген. Осы нұсқа БейЖин (Пекин) кітапханасында сақталып қалған. Ал "Құпия" делінетін себебі – бұл шығарманы тек хан ордасындағы адамдардың оқуына рұқсат етілген. "Құпия шежіренің" қытай әрпімен көшірілген нұсқасы Еуропаға мәлім болғалы бір ғасырға жуық уақыт болса да, түп нұсқа ма? Жоқ па? Ол жағы белгісіз күйінде қалып отыр.

"...Кейбір тарихшылар қазақ даласындағы он екі қаланың жойылып кетуіне қарап оны қаңшөер санайды. Егер сол қалалар осы күнге қалпын сақтап жеткен болса, осы елді мекен "Қазақ даласы" аталмай басқа біреулердің атақоныс, құтты мекені болып шыға келер еді. Шыңғыс хан қытайдың елу қаласын ойрандады. Алайда, жік-жікке бөлінген қытайлардың басын бір орталыққа біріктіріп кетті. Тіпті ғасырлар бойы өзге ұлттардың мекені болып келген жерлерді де Қытай империясының мәңгілік мекеніне айналдырып берді...", – дейді. Біздің ойымызша, қазақ жері онай шығып қоятін жер емес еді ғой.

Бір ғана мысал, сол кездегі отырарлықтардың жауға қарсы алты ай бойы берілмей, күшті қарсылық көрсетіп, ерлікпен шайқасқан отансүйгіш ерлігі тарихта алтын әріппермен жазылған жоқ па? Ал қазақ даласына келсек, ол бұрын да болған, қазір де, келешекте де бола береді.

"Шыңғыс хан туралы шындықта" автор: *"Біз осыған дейін Шыңғыс ханды қатігез, қаһшөер ретінде танып келдік. Өйткені отарушыл жүйенің көзқарасы бойынша солай істемеске шарамыз да жоқ еді. Бүгінгі тәуелсіз елдің тұғырында тұрып, оған әділ баға бере алмау – біздің әлсіздігіміз болып шығады"*, – деген қорытындыға мен толық қосыламын әрі осы ойды толықтыра отырып бір мысал келтіре кетейін:

Шыңғыс ханда қатал әрі кешірімділігі мол екі жақты мінез-құлық болған. Мысалы, 1219 жылы Орта Азияға жорыққа аттанған қолбасыларына жолжөнекей мініс ат, азық-түлікті үнемдеп жұмсаумен бірге, жол бойындағы елдердің тәптәмай бұрылып өтуді қатаң ескертеді. Алайда, жорық барысында Ши Ги Хутут әскерінің бұйрыққа бағынбай етікті тапап өткенін естіп, оған өлім жазасын қолдайды. Әскербасылар мен балаларының өтініші бойынша оны өлім жазасынан алып қалады да қатаң ескерту береді. Ал қағанның қатал болумының да өзіндік себебі бар. Бір жағынан сол кездегі қоғамдық қайшылықтардың әсері болса, енді бір жағынан билік тізгінін бекем ұстап, жік-жақ болған ұлыстардың басын біріктіру үшін де белгілі дәрежеде қатал-дықтың болғаны жөн еді.

Автор қазақ жері мен еліне қатысты тарихи шындыққа тоқтала келіп:

– *"Темучин жаулап алған жерлерде жаңа, өміршең елдер бас көтеріп, тарих арбасын әрмен қарай жеткізді, қазақ елі, міне, соның бір дәлелі"*, – дейді. Мұның өзінен қазақ елінің тарихын әріден оқып, жан-жақты талдап, көп еңбек еткенін көруге болады.

"... Шыңғыс ханның тегі кім? Бүгінгі күнге дейін жұмбақ болып келе жатқан осы мәселе басқа елді қызықтырмай қоймайтыны хақ. Мейлі, Есүсейдің немесе меркіт Их-Чиледудың қанынан жаралған болсын, бізге мұның маңызы шамалы. Себебі оның қазақ халқының ұлттық рухына айналып кеткендігі жасыруға келмейтін шындық. Ол туралы қазақ тарихындағы деректер....Бұған күә бола алады", – деп тарихи шындықты ешбір бүкпесіз, қоспасыз дәлелдеп береді. Бұл тарих бойында ұлы қағанға берілген бірден-бір әділ баға деп тану керек.

"Шыңғыс хан жорығы қазақ тарихының бір саласы болып табылады. Өйткені бұл ұлы жорық қазақ даласынан басталып, шығыс Азияға, батыс Еуропаға дейін қанат жайды... Шыңғыс хан жорығы бас-басына би болған жүйенің тас-талқанын шығарды. Көшпелі тайпалардың басын біріктіріп, қазақ ұлтының тайпалық одақтан ұлттық бірлікке қарай ыңғайының іргетасын, қазақ мемлекетіне территориялық негіз қалап берді. Бұл қазақ жерінде құрылуының тарихи көрінісі, сәйкес алғышарты еді. Егер сол тарих болмағанда бүгінгі тәуелсіз қазақ елі де болмас еді. Сондықтан қазақ жеріндегі хандық құрылым Шыңғыс ханнан басталып Шоқан Уәлихановтың әкесі Шыңғыспен аяқталады деген түжырым бар". Міне, осы көзқарастардың өзі жаңыңды жадыратып, ойыңды ұштайды. Бұл қазірге дейін ешбір тарихшы қозғай қоймаған қазақ тарихына қосылар тың әрі тұшымды пікір. Бұл мақала жөнінде өз идеяма сәйкес келмеген тұстарына тиісті пікірімді айтқан болсам да жоғарыдағы ұтқыр ойлармен келіспеуге шарап жоқ.

Ботай ТҮРДЕНБАЙҰЛЫ,
ардагер ұстаз, білім беру саласының үздігі,
зейнеткер.

ЖЕТІЖОЛ АУЫЛЫ,
КӨКСУ АУДАНЫ.

■ ТАҒЫЛЫМ

Кей кезде адамның өмірі, оның жетістіктері мен құлдырауы тағдырға байланысты деп жатады. Жалпы тіршілік иесінің еркінен тыс соны бір соқпақтарға жетелейтін тылсым күштің бар екенін жоққа шығаруға болмайтын шығар. Алайда, алдына биік мақсат қойып, соған жету жолында қажымай-талай еңбектенген жан сол тағдырдың талкегіне мойынсұнбай, арман биігінен көрінері тағы шындық. Адал еңбегімен мақсатына жетіп, көпшіліктің құрметіне бөленіп жүрген азаматтардың өткен жолы осы пікірімізге дәлел бола алады.



ЕЛГЕ ТҰЛҒА ЕР КЕРЕК

Кеңт ҚАЙРАНБАЕВ

Қарапайым ғана колхозшы отбасында дүниеге келген Омар да өзге балалар сияқты талай тәңді армаңмен атырғаны ақиқат. Қазіргі оны бірде ғалым, енді бірде ел сыйлаған басшы болуға жетелейтін. Алайда соғыстан кейінгі ауыр тұрмыс жас өскіндерге дейін жұмысқа жекті емес еді. Сабақтан сәл қолы босаса ата-анасына көмектесіп, үйдің шаруасымен-ақ әр ауып-піріп жүретін. Тумп-өскен ауылы Бингашта бастауыш мектеп қана болғандықтан жоғары сыныптарды Жетісудағы орта мектептен оқуға тура келді. Күніне бес шақырым ары, бес шақырым бері жаяу жүріп қатынап оқу білімге деген құштарлығын әзірете қоймаған. Қайта, қиындықпен келетін нәнның тәтті болатыны сияқты сабаққа деген ынтасы артып, сан түрлі білімді санасына құйып алуға тырысатын. Осылайша мектепті жақсы тамамдап шықты. Алайда ол кезде әрбір түлек жоғары оқу орнына түсу үшін мектептен кейін кемінде бір жыл жұмыс жасауға міндетті болатын. Осылайша Омар да әкесі Кәрібай мен анасы Қабилаға серік болып, көмекші шопан атанған. Бала кезінен айналысып жүрген шаруасы болса да Омар малдың тірлігінің қыр-сырына қанық түсті. Осының бәрі болашақта қызметіне қажет болатынын ол болжап білген.

Екінші жылы Алматы малдәрігерлік институтына құжаттарын тапсырып, бірден оқуға қабылданды. Арман қала Алматыда өткізген бес жыл Омар Кәрібайұлы үшін боска кетпегені белгілі. Лекцияларда, кітапханада сәл қолы босаса қаланың мәдени орындарын аралап, мұражай, театрларда болып ішкі рухани дүниесін де молайтуға күш салатын. Бақ тек алған білімімен ғана емес, жан дүниесінің көркемзілігімен де көркі болатынын ерте түскен. Бірақ запы тұрмысқа көңілгіп кеткендіктен сөнбедім. Сөнбеген соң жылмадым да, ар-тына бұрылып сынғанша бердім.

Алабұртып үйге жетіп келсем, міне сұмдық, сәкісі салынып бітпеген екі бөлмелі үйдің еденіне жұққан қып-қызыл қанды жуып-шайып, өксіп жылап өлкем жүр. Тастай суық ішкі бөлмеде үркердей болып көз жастарын сығымдап іні-қарындастарым отыр. Тас босағаны құшақтап, егіле жылағанын есімнен кетпейді.

– Әндігәрі келсіңші, балтамен шауып тастаймын, оңбай кеткір!

Өлкемің өкпе кектенін жүргені бесеннен белгілі еді, сәлден соң өксігін әзерге тежеді.

– Өкем қайда? – деп сұрадым мен.

– Алып кетті, – деді. Киізді жуа жүріп.

– Қайда?

– Түрмеге.

– Түрмеге? Шешем ше?

Оқуын бітіріп, туған ауылына оралған Омар бірден еңбекке араласып кетті. Алғашында қатардағы мал дәрігері болған жас маманның қабілет-қарымын аңғарған шаруашылық басшылары көп ұзамай-ақ колхоздың төрт түлігін толықтай сеніп тапсырды. Өзіне жүктелген жауапкершілік жүгін сезінген ол күндіз-түні еңбек етіп, қоғамдық малдың аман сақталуына, оның өз төл есебінен өсуіне күш салды. Көп ұзамай-ақ еңбеккорлығы, біліктілігімен көзге түскен Омар Қасымбеков аудандық партия комитетінің ішінен жақадан ашылған ауылшаруашылық бөлімше нұсқаушы болып орналасады. Бұл оның басшылық қызметтерге жасаған алғашқы қадамы десе де болғандай.

Аупарткомда үш жылдай қызмет жасаған жігітті бұрынғы Заря ауылының негізінде құрылған Талдықорған облыстық ауылшаруашылық тәжірибе стансасына директор етіп тағайындаған болатын. Бұл өзі ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын шаруашылық болғандықтан ғылыми бағыттағы жұмыстармен ғалымдар айналысса, Омар Кәрібайұлы шаруашылық жағын алып жүрген. Аталған жұмыс онын болашақта шаруашылық жүргізуді ғылыми негізге бейімдеуге көп көмегін тигізгені рас. Еңбек ете жүріп үйренуден, оқудан жалықпаған ол әрбір жаңа істен өзіне өмірлік тәжірибе жинауға тырысатын. Сондықтан болар, экономикасы туралы, артта қалған Киров колхозын көтеру кажет болғанда таңдау Омар Қасымбековке түскен. Бұл 1987 жыл болатын.

Айналасы бірер жылдың ішінде жаңа басшы колхозды аяғынан тік тұрғыза білді. Жұмысты жаңаша ұйымдастырып, мамандарға талап қоя білу көп кешікпей-ақ өз нәтижесін берген. Бұрынғы тәсілмен шаруашылық жүргізу көп табыс әкелмейтінін сезген Омар Кәрібайұлы ең алдымен бес ферманың құрылымын өзгертіп, сауын фермасы мен мал бордақылау кешенінің жұмысына баса назар аударды. Осылайша бір жылдан кейін-ақ артта қалған колхоз сүт пен ет өткізу жоспарын артығымен орындай бастады. Шаруашылықта күз және шошқа өсіру қолға алынды. Малды жем-шөппен қамтамасыз ету ғылыми жолға қойылды. Осының нәтижесінде колхозшылар уақытылы жалақы, жыл соңында сыйақы алуға қол жеткізген. Шаруашылық экономикасының өсуіне орай адамдардың әлеуметтік-тұрмыстық ахуалы да жақсара бастағаны түсінікті. Шопан қыстақтарына монша, жайлаудағы малды ауылдың маңына дәрет-хана тұрғызыла бастағаны да осы түс. Әр сиырдан 96 бұзау, 300 литрден артық сүт сауылып, қой саны өз төлі есебінен еселеп артқан колхоз сол кезде облыстағы социалистік жарыстың алдын бермегені әлі есімізде. Осылайша айналасы екі жылдың ішінде Киров колхозы – миллионер шаруашылыққа айналып, қарығынан құтылып, тіпті пайдамен жұмыс істей бастаған. Облыстық партия комитетінің шешімімен Қаратал аудандық халық депутаттары аткару комитетінің төрағасы болып аттанғанда мұнда 3 мыңнан аса ірі қара, 800 бас жылқы, 24 мың қой, 2 мың шошқа, қисапсыз құс, ең бастысы колхоз кассасында көптеген қаржы қалған болатын. Бүгіндері Хильченко басқарып отырған тұтас тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық осындай мол дүниемен келген еді.

Ол кезде колхоз басшысынан бірден аудандық аткару комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалулар жиі-кезек. Орталық комитетке бекітуге ұсынғанда сол кездегі бірінші хатшы Колбин де осы жағына көбірек шұқшиған көрінеді. Алайда жігіттің алғырлығы мен біліктілігін аңғарған ол бұл тағайындауға келісім береді.

Омар Кәрібайұлының өмір жолына көз жүгіртер болсақ оның оқу бітіріп келгеннен кейінгі қызмет баспалдақтары бірден жоғары өрлегенін көреміз. Жаңа тағайындалған жұмысында екі-үш жыл еңбек еткеннен кейін-ақ оны келесі қызметке жоғарылатып отырыпты. Ал ол кезде қадір сақсатына асқан маңызды орын берілгені белгілі. Ендеше, кешегі қаралайым колхозшының ұлы қызмет баспалдағымен шұғыл жоғары өрлесе, ол ең алдымен азаматтың жеке басының қарым-қабілетіне байланысты шығар. Міне, осылайша Қаратал аудандық аткару комитетінде екі жыл еңбек еткен Омар Қасымбековті Киров аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне тағайындайды. Кешегі кеңестік жүйеде өмір сүру пешенесіне жазылған жандар партиямың қоғамдағы алар орны мен аткарар қызметін жақсы біледі. Иә, ол кезде партия комитетінің бірінші хатшысының мақұлдауынсыз бір шаруа жүзеге асырылмайтын. Саяси ахуал да, шаруашылық жүргізу де, әлеуметтік мәдени салада да бір алаңның қолына топ тастырылады. Егер ал алаң парасатты, білімді, еңбеккор болса ауданнан бағы жанғаны, ал керісінше болса барша халық сорлады дей бер. Осыны сезінген Омар Кәрібайұлы әр қадамын ақылдан басып, әр сөзін салмақтап барып айтуға тырысатын. Әр мәселеге болса да байыппен, біздіктікпен қараганда ғана шаруа дөңгеленеді, адамдар ризалығын білдіреді. Қарап отырса Омар да қанша жыл Көксу ауданында еңбек етсе-кте көпшіліктің алғысын ғана алыпты. Ал жасалған, аткарылған игі шаралар қанша-ма. Аудан қашанда облыс көлемінде көшбастыларының бірі болып келген. Демек, уақыттың текке кетпегені, еңбектің еш болмағаны ғой.

Көксу ауданында бірінші хатшы, аткару комитетінің төрағасы, әкімнің орынбасары болып бірақ жыл еңбек еткеннен кейін 1997 жылы Омар Кәрібайұлы өзі сұранып Талдықорған аграрлық зерттеу институты академиялық орталығы мемлекеттік қазыналық кәсіпорынға директор болып келген. Елімізге үшін әр кезеңде ғылыми-зерттеу мекемелерінің басқарып, оның мүддесі тұрғысынан ретсіз күш еңбек сіңірген ол 2003 жылы шаруашылықтың табиғи-ресурстық әлеуетін тиімді пайдалануға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ауыл шаруашылығы өндірісіне енгізуге, ғылыми жетістіктерді тәжірибеге кеңінен ендіруге, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайтуға, ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын арттыруға, ауыл шаруашылығы өндірушілерінің материалдық-техникалық ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз етуге, ауыл шаруашылығы өндірушілерінің ғылыми-техникалық қызметтерге


● БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

КАТЫГЕЗДІК

немесе медиазорлық – көпшілікті толғандыратын мәселе

Өмірімізді теледидарсыз елестету мүмкін емес. Біз жақсылықты да, жамандықты да осы төрт бұрышты көгілдір жәшіктен қабылдаймыз. Тіпті оны жатпай-тұрмай көретін, таңертең көзін ашпай жатып, теледидар пультін басатын жандар бар. Ата-анасы жұмысқа кеткенде де үйде жалғыз қалған баланың ермек етері осы теледидар. Алайда, біз баланы осы уақыттарда бақылай алмайтындықтан оның қандай хабар көріп, немен тыныстап жатқанынан бейхабармыз. Олай деуімізге себеп, спутниктік, кәбелдік телеарналарда баланың әлі қалыптасып үлгермеген жас санасын уландыратын түрлі қатыгездік, зорлық-зомбылық деректері көрсетілім жатады. Мамандардың зерттеуі бойынша, бала күніне орта есеппен 17 өлім, 37 мейірімсіздік көрінісін көреді екен. Мұндай хабарлар баланың дүниетанымының, логикасы мен психикасының қалыптасуына теріс әсер етеді. Осы телеэкрандағы медиазорлықтың алдын алу, жасөспірімдерді одан қорғау мақсатында Алматы облысының балаларының құқықтарын қорғау департаменті мен Алматы облыстық Қазақстан Халқы Ассамблеясы бірігіп, "Медиазорлық және қоғам" деген тақырыпта "дөңгелек үстел" отырысын өткізді. Ол телеэкрандағы адамның санасына жағымсыз әсер беретін медиазорлық әрекеттердегі шараны бейнероликтен басталды.

Алма ЕСЕНБАЕВА,
"Жетісу"



Теледидар – бала тәрбиешісі

"Дөңгелек үстел" отырысын ашқан Алматы облысының балаларының құқықтарын қорғау департаментінің директоры Гүлнар Ермекбаева бүгінгі басқосудың негізгі себебі мен медиазорлықтың көрсетілуі мәселесіне тоқталып өтті.

– Бала тәрбиесі – аса күрделі әрі ұзақ процесс. Жасөспірімнің мінез-құлықтары мен жеке қасиеттерінің қалыптасуына отбасы мен жақындары, балабақша мен мектеп, қоршаған орта мен көпе көпшілік әсер етеді. Соңғы жылдары оған теледидардың да әсері шексіз қосылып отыр. Балалардың кітап оқуға деген құмарлықтары жыл өткен сайын төмендеуіне де соңғы жылдары өмірімізге енген жаңа технология мен теледидарға деген құмарлық себеп болып отыр. Көгілдір экран алдында көп отыру салдарынан шетелдік фильмдердің көптеген кейіпкерлері олар еліктейтін, ең белгілі тұлғаларға айналды. Осылайша отбасы мүшесіне айналған теледидар, балалардың тәрбиешісі қатарына қосылды.

Статистикалық есеп балалар мен жасөспірімдер телеаудиторияның, аудиобейнелік медиаматериалдардің ең белсенді көрушілері екенін дәлелдеп отыр.

Балалар мөлшермен екі жастан бастап теледидар көре бастайды. Нағыз американдық бала өз уақытының шамамен 30 пайызын теледидардың алдында өткізеді. Демек, орта есеппен мектепке барғанша 5 мың сағат, мектеп бітіргенге 19 мың сағат экран алдында отырады.

Осе келе жасөспірім ересектер әлеміне енгісі келеді. Шынайы өмірді білуге әрі түсінуге, ондағы құндылықтар мен мінез-құлық ерекшелерін қабылдауға талпынады. Ересектер өмірін бала тек отбасы мен көшеден ғана көрмейді, теледидар да оның түсінігінің қалыптасуына әсер етеді.

Теледидар қалыптастыратын ересектер өмірі туралы экрандық түсінік балаңар кіретін шынайы өмірмен қаншалықты сәйкес келеді? Теледидардың ой әсері ғана емес, теріс әсері де болатыны болса, балалардың бойында қандай қасиеттер қалыптасады? Міне, бізді бүгінгі толғандырып отырғаны осы сауал.

Бұл ретте шетелдік ғалымдар көптеген зерттеу жүргізген. Онда экрандағы агрессия балаларға жан-жақты әсер ететіндігі дәлелденген. Осыған орай әлемнің көптеген ғалымдары алаңдаушылық туғызуда. Өйткені балалар көп жағдайда нақты өмір мен телеэкрандағыны айыра алмайды. Осының салдарынан түрлі ауысу категориядағы бой алдырады. Экранда зорлық көріністерін көрсетуде кейбір бұқаралық ақпарат құралдары оның балаға қалай әсер ететіндігі мен жас ерекшеліктерін ескермейді. Мұндай жағдай БҰҰ-ның нақты құжаттарымен белгіленген бала құқықтарының бұзылуына әкеп соғады. Сондықтан оны ретке келтіретін мемлекеттік саясат қажет. Өйткені шетелдік зерттеулерде экрандағы зорлықтың балалар аудиториясына әсері туралы жан-жақты қарастырылғанмен, тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінде мұндай қозғалмай отыр, – деп пікірін білдірді.

Спутниктік арнадан бас тарттым, балаларымның болашағы үшін

Медиазорлық проблемасы туралы бұқаралық ақпарат құралдары өкілі қандай қозғаушы күш? Бұл сұраққа облыстық "Жетісу" телеарнасының бас директоры Бейсен Құранбек жауап берді.

– Бізден елде мемлекеттік арналар саусақпен санарлық қана. Олардың ешбірі де адамның санасына кері әсер ететін зорлық-зомбылық көрсетпейді. Облыстық телеарна да осы мақсатта жұмыс жасап, облыстық ардагерлер кеңесімен келісе отырып, "Атадан – ұлағат", "Қарттарым – қазынам" дейтін хабарларды дайындап, ата-жәдігерлерін өнегелі сөздерін, ақылкеңестерін кейінгі жастарға жеткізуге күш салып жатыр. Бұл тұстағы негізгі әңгіме тәуелсіз және спутниктік, кәбелдік арналарға қатысты. Тіпті тәуелсіз газеттерде өлген адамдардың быт-шыт болып кеткен бейнесін басып жатады. Оны көрген кішкентай баланың санасына қатты әсер ететіндігі белгілі. Қазір телеарна туралы сөз қозғап отырмыз, ал интернет одан да асып кетті. Кез келген зорлықтың, видеоқылықтың неше түрлісі осының ішінде бар. Қазір интернетке кез келген жастың қолы жетеді. Сондықтан осы нәрсеге де назар аударуға керек. Бұл жағдайдан қалай шығамыз десек, ер ата-ана оңымен күресті өзі бастауы керек. Астанада тұрған кезімде "Алма-ТВ" кабельдік арнасын қостырған едім. Байқасам, 3 жасар қызым теледидар алдынан кетпейді, тамақ ішуге әзер мойын бұрады, уақытты ұйықтамайды. Содан алдым да арнаны өшіртіп тастадым. Журналист болсам да үйде шетелдік телеарналарды көрмейміз. Бүгінде мен спутниктік арнадан бас тарттым, балаларымның болашағы үшін. Оны сіздер жасамасаңыздар, ешкім жасамайды. Балалар тағдырына бәріміз жауаптымыз. Сондықтан оны әркайсымыз өзімізден бастауымыз керек.

Балаларыңыздың интернеттен де өзіңіз қаламаған нәрсені алуына тыйым жасағыңыз келсе, оны жаптырып тастаңыз. Мамандар өзіңіз бас тартқан нәрсеге "блокировка" қойдырып, қалағаныңызды алуға мүмкіндік жасай алады. Спутниктік, кәбелдік телеарналарда да үй ішелері келісіп, өздеріне керек емес арналарды алдырып тастауына мүмкіндік аяса дұрыс болар еді, – деп ұсыныс-пікірін білдірді.

Осы тұста Еуропа елдері мен жақын шетелдерде балаларды телеэкрандағы зорлық-зомбылық көріністерінен қорғау үшін қандай іс-шаралар жасалған деген сұрақ туындайды? Оған ой жіберсек, мәселен Латвия мен Грузияда күндізгі және кешкі мезгілде зорлық пен қорқынышты, қан шығатын, есірткілер пайдаланылатын көріністерді көрсетуге тыйым салынған. Шығыс елдерінде де балаларды медиазорлықтың теріс әсерінен қорғауға арналған көптеген іс-шара қарастырылған. Мысалы, Жапонияда өнегелік туралы кеңес жұмыс жасайды. Кеңес елдегі телеарналардың жұмысына талдау жасап отырады. Егерде қандай да бозмасын бір арна балалар көретін уақытта олар көруге болмайтын фильм немесе бір көрініс көрсететін болса, өте көп мөлшерде айып салынып, арна ойсырау жағдайына түседі.

Жапондықтар тіпті ұялы телефондарды да қолға ала бастады. Мобильдік сайттарды мұқият зерттеу нәтижесінде олар зорлықты насихаттайтын немесе порнографиялық мазмұны бар ерекше ресурстар тобын айқындады. Жапонияның байланыс министрлігі өз тарапынан порнография және басқа да қажетсіз ақпараттардың түсуінен балалар мен жасөспірімдерді қорғау үшін телефондарды блоктау жүйесін жасауымен шұғылдана бастады.

Ұялы телефондағы көрініс

Бізде балаларды медиазорлықтан қорғау үшін қандай іс-шаралар жасалған? Бұл тұрғыдан облыстық ішкі саясат департаменті директорының орынбасары Галымжан Сарыбаев төмендегідей ой өрбітті.

– Ата-аналарды, қоғамды алаңдатып отырған спутниктік, кәбелдік телеэфир, интернет, ұялы телефондар – бүгінгі күнгі технологияның дамуына байланысты келіп жатқан дүниелер. Технология дамуының жақсы жақтарымен қатар кері әсер ететін тұстары болатыны белгілі. Бүгінгі сөз етіп отырған нәрсенің көбі жекеменшіктің қолында. Оған мемлекет қадағалау жасағанмен, жекеменшіктің ішкі жағдайына араласа алмайды. Бүгінгі күнгі заңға байланысты қазіргі телеарналарда шәмшілікті насихаттауға, порнографиялық өнімдерді тарауға рұқсат жоқ. Ал "медиазорлық" деген сөздің ауқымы кең. Осыған байланысты оны тоқтату үшін арнайы сараптама жүргізілу керек. Мәселен, бір фильмді алайық, онда қан төгілсін, суға ағып, қатыгездіктің түр-түрі көрсетілсін жатыр дейік. Ал оның жалпы сюжетін алып қарағанда кітап не negizinde жасалып жатыр. Демек ол жақсылықты насихаттайтын фильм. Бұл – сарапшылардың тұжырымы. Осы себептерге байланысты, біз медиазорлық деген сөзді қолданғанда, оның мазмұнын ашып, нақтылап айтуымыз керек. Ал "медиазорлық" деген сөздің ауқымы кең. Осыған байланысты оны тоқтату үшін арнайы сараптама жүргізілу керек. Мәселен, бір фильмді алайық, онда қан төгілсін, суға ағып, қатыгездіктің түр-түрі көрсетілсін жатыр дейік. Ал оның жалпы сюжетін алып қарағанда кітап не negizinde жасалып жатыр. Демек ол жақсылықты насихаттайтын фильм. Бұл – сарапшылардың тұжырымы. Осы себептер, оқушылар ұялы телефондарына жатып алып, бір-біріне көрсетіп жүр. Осыған қарап ойлайсың, бикылау, тоқтату бағытында ешқандай жасай алмаймыз. Ұл-қыздарымызды мұндай әрекеттен сақтандырғымыз келген өткен, үйдегі тәрбие жұмысын жайқты жүргізе білуіміз керек. Үйдегі балаға күніне ең болмаса 15 минут қана көңіл бөліп, тәрбие жұмысын жүргізгенмен, одан қандай нәтиже шығатынын көрер едіңіз. Көбіне ата-аналар балаға көңіл бөлмейміз. Сондықтан олар адасады, шатасады, қылығы басқа жақтан ғадейді. Оның үстіне ұялы-кездер өнімділік айтасын сөзімді бір бөдек те, ісімді бір бөлек. Балалар оны бірден байқайды, бірден көреді. Қазіргі балалар бізден көп ақылды. Өзіне жастарымен жұмыс жасайтындықтан жиі кездесіп, пікірлесіп тұрамын. Сонда ұққаным – бізден жастардың талабының шыға алмай тұрғандығымыз. Егер Мемлекеттік тапсырыстағы телеарналар жастарды, балаларды қызықтыратын жақсы хабарлар дәуірлап, олар бүгінгідей кәбелдік арналардың құрбаны болмас еді.

Балалар телеарнасы керек

"Дөңгелек үстел" отырысында "Бірлік" жастар қауымдастығының мүшесі Зарина Алиаскарова: "Сабақ барлық балаға "Джетикс" телеарнасын көреді. Бізден елге де осындай бір телеарна керек. Әр жасөспірімнің психологиялық, физиологиялық ерекшеліктерін ескеріп отырып, бағдарламалар дайындау қажет" деген ұсынысын білдірсе, **облыстық ата-аналар комитетінің төрағасы Данна Қыдырбаева:** "Ертеңгі балаларымыз каникулға шығады, бірақтың жер жоқ, сонда не істейді, әлбетте таңы да теледидарға телміреді. Онай балмасын десең, балаларды спортқа, тағы басқа да үйірмеге, секцияларға қатыстырып, ойын жақсы арнаға бұрып, дамытуға көңіл бөлуіміз керек", – деп ой тоқтықтады.

Ал облыстық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Егубек Далбағаев:

– Қазіргі жастарға айтатын бір ескертпеміз, кітап оқу керек. Қазақтың хат таныған баласы Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романын, І. Жансүгіровтің "Құлагер" поэмасын оқымаса – сын. Әдебиет деген сөздің өзі "әдеп" және "ұят" деген сөзден шыққан. Әдебиетті оқыған адамда әдеп те, ұят та қалыптасады. Ондай адамның санасын ешбір жамандық жуып алмайды. Сондықтан кітап оқыңық, – деп жастарға аталық ақыл-кеңесін айтты.

● ОҚУШЫЛАР ОЙЫ

ЖАҚСЫ МЕН ЖАМАНДЫ АЖЫРАТА БІЛСЕК

"Дөңгелек үстел" барысында №24 мектеп-гимназия оқушылары интернеттің өскелең тамырына қарсы пікірлерін ашық айтты.

"Арман" гимназия сыныбы Темірлан ОСПАНОВ:

Медиазорлықты көре балалардың жастары үлкен деп ойлаймыз. Оған шаққа көптеп кінәлі. Бірақ ата-аналар үлкен деп ойлаймыз. Ата-аналар ұялы телефондарын жұмыс жұмыс жұмыс

● КӘСІБІҢ – НӨСІБІҢ

Шаңырағының күн сығалап қарайтын, ағаты қанат қазақтың киіз үйін кім, қашан ойлап жасағаны белгісіз. Оның адамға құтты қоныс болғаның тереңдеп зерделесек, артта қалған мыңжылдықтарға бойлайтынымыз рас. Түбі тамырлас қазақ, қырғыз, қалмақ, мұңғулардың және олардан сәбақ тартатын кешенді ғалыс, тәйпалардың тау, дала табиғатының қатымар пенен шәлқар мстарының қорған болған киіз үй құрылысы мыңжылдықтай үлгіде бізге жеткізіліп жеткені дәлелсіз.

Киіз үйі қазақтың

Мырзағали НҰРСЕЙІТ,
"Жетісу"

«Ғажырмес басқұр, сырмақ өрнегі әсте, қазақтың киіз үйі көрме емес пе», – деп Оразақын Аскар ақын жырлағандай, іші мен сырты тартымды, жарасымды өрнекке толы. Ең бастысы, оның көшпенді дала тіршілігіне өте қолайлылығы.

Қазір дамыған шет елдерде, өз елімізде де саяхатшылардың, аскерлердің ішінен тіршілікке арнап сән түрлі жаңалықты басынан ойлап тауып, көптен шығаруда. Алайда солардың қандайын болмасын киіз үйімен салыстырсақ тіршілікке қолайлылығы жағынан екені айқын. Әсіресе далықтар жазда мекіт, қыста суық тартады. Аз ішке аскан, жағын орын жасаған шегелдік донғалақты бұстарды киіз үй сияқты аскар тауын жайлау жоталарына жеткізу қиын. Қысқасы, көшпелішілдар сияқты арғы тарихы жұмбақ, жылдың төрт мезгілінде жер таңдамай қонып, қонуға қолайлы киіз үйдің теңдесі табыла қойған жоқ.

Сондықтан киіз үйге деген сұраныс бүгінде төмендей қоймады. Тіпті, соңғы жылдарда елімізде мал саны өсіп, төрт түлік өсірушілер саны көбейген сайын, дала тіршілігіне жайлы баспанаға деген сұраныс артып отыр. Елімізде жекелеген кәсіпкерлер болмаса киіз үй жасайтын арнайы кәсіпорын аз. Үштөбедегі бұрынғы киіз үй фабрикасының бір ғана станогын сатып алған қорқа Қырғыстанның Токмақ қаласындағы киіз фабрикасы өз елін де, қазақстандықтарды да өнімге қарық етіп, өндіріс өсіруде.

Орайы келгенде мал өнімдерін ұсату жөніндегі бұрын да сан мәрте айтып жүрген ойымызды қайталауға мәжбүрміз. Малдың ең құнды өнімі ет-сүттен кейін терісі мен жүні. Терідең жасалған, тігілген, қой жүнінен тоқылған бұйымдар әлемнің кез келген базарында бағалы. Ендеше, бұл Қазақстан ауылшаруашылық еңбеккерлері мен мал өнімдерін ұсатушы кәсіпорындардың әлемдік рынокқа батыл шығуының бір жолы емес пе? Алайда елімізде мал саны жыл сайын артқанымен оның өнімдерін, әсіресе, терісі мен жүнін өңдейтін, ұсататын кәсіпорын жоқтың қасы. Сондықтан мал терісі мен жүні құнсызы.

Өткен күзден бері Қытайдың тері илейтін зауыттары дардарыс салдарынан жұмысын баяулатқандықтан біздің алыпсатар саудагерлер ірі қараның терісін 200 теңгеден, қой терісін 100 теңгеден алып жүр. Бұлай қой жүнінің килесі 80 теңгеден асады. Әр қойдан орташа есеппен 3 келе жүн алса, шаруа әр қойын 100 теңгеден қырыққызады. Есептеп көрсеңіз, терілеңде, жүнінен де шаруаға келер пайда шамалы екені айғақталады.

Кезінде Панфилов ауданының Қоңыролең ауылдық округінде тері илейтін шағын цех жұмыс істеп, біршама қарымды тіршілік жасаған болатын. Сол кездегі шаруашылық басшысының басқа қызметке ауысуына байланысты цех жұмысын тоқтатты. Қазір Райымбек ауданында «Елдібай», «Дегерес» тұхымды қой жүнінен пима басып жүрген кәсіпкерлер бар. Ол мал өнімдерінің аталған салаларын өңдеп, ұсатуға мүмкіндік. Тек ел ішінен атажұрт, ұлттық өнерге шебер азаматтарды іздеп тауып, олардың шағын кәсіпорын ашуына қолдау көрсету керек сияқты. Бұл еліміздегі мал шаруашылығының бұрынғыдан да өрістеп, өркен жаюына игілікті ықпалын тигізері сөзсіз. Сонымен қатар бізге ата-бабамыздан мұра болып қалған киіз үй, ертоқым, ат әбзелдерін жасау, қамшы тоқу сынды ұлттық кәсіби өнерімізді қайта дамуына жол ашары сөзсіз.

СЕЙІТНҰР ӨЗІНЕ СЕНІМДІ

Әңгімеміздің ой өзегін аша түсу үшін ат тұрмандары мен киіз үй жасап, сатып жүрген Жаркент қаласында тұратын кәсіпкер Сейітнұр Жексенбиевтің тіршілігінен сыр тартайық. Сейітнұр шеберлікті бойына қимен дарыған атакәсібім деп айта алмайды. Әкесі Қиғаш Сейітнұр ес білгеннен Жаркент өңіріндегі атақты, екі мәрте Еңбек Ері Н. Головащий басқарған «Октябрьдің 40 жылдығы» атындағы агрофирманың жылқысын бақты. Анасы Нұрқия да ісмер адам емес еді. Жанға қажеттің бәрі бар бай шаруашылықта еңбек еткен оларға көшіп-қонып мал бағып жүргенде киіз жамап, уық түтендеудің қажеті де бола қойған жоқ.

Біздің кейіпкеріміз ұлттық дәстүрлі қолөнерді үйреніп, қажетіне жарағұмға иелік болған екі жай бар. Оның алғашқысы – сол тұрмыстық өнер бұйымдарын бала кезінен жетік біліп, санасында сақтауы. Екіншісі – отбасын асырайтын табыс көзін таңдауы.

– Ата-анам аудан орталығынан үлкен үй сатып алып, балаларының бәрін Жаркенттегі Ы. Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебінде оқытты, – дейді Сейітнұр бала кезін еске алып. – Жаңы қаныкүлді жайлауға көшіп кеткен ата-анама жетуге асығамын. Арманым – атқа мініп, көкпар тарту.

Ағұмырлық – Сейітнұрдың бала кездегі бойына сіңген қасиет. Ол қазір де қорасында Мәлімет, Күрен атты екі сәйгүлікті бағып ұстап, ауданда өтетін бәйгелерге қосып жүр. Биылғы Наурыз мерекесінде Ұлақ ауылында өткен бәйгеде Күрені – бірінші, Мәлімет – үшінші орынды иеленіпті.

Ол кәсіпкерлікті осыдан 10 жыл бұрын бастапты. Оған түрткі болған – жұмыссыздық. Алғашында атраба, сандық, ертоқым жасап, базарға шығарып сатып пиғаасын жылыратыпты. Кейіннен өзі бала кезден көріп өскен киіз үйлердің әрқимын қалысында, үй шатырларында керексіз болып, ішіпмын жатқан сүйектерін көріп ойланады. Оларды жинап, уағын, керегесін түгендеп, шаңырағын тауып, сырдап, жөндеп дегендей ретке келтіреді. Кейін Қырғызстанның Токмақ қаласынан сатып алып келіп, әйелі Гүлбүбі екеуі өздері пішіп, тігіп, ән-әдемі үй жасады. Сәтіне қарай алғашқы құрастырған үйлері көпілдегідей жақсы бағаға сатылып, кәсіпкерге құлшынас әкелді. Көбіне-көп, тұтынушылары мал бақкан шаруа болғандықтан олар Сейітнұрға ертоқым, жүген, ноқта, қамшы сияқты ат әбзелдерін жасап беруді өтінді.

Жаңа кәсібіне ынтасы артқан Сейітнұр мен Гүлбүбінің күн санап шеберліктері де арта түсті. Әкесінен мұраға қалған үйдің жанындағы жазғы сарайды цехқа айналдырып, оған тігін машинасын қойып, тұтынушы талабына сәйкес алты, сегіз қанат киіз үйлердің ішсыртын заман талабына сай оздап, өрмектеп, сәнден ұсынады.

– Биылдың өзінде өткен 5 айда 10 үйдің көзін пішіп, тігіп саттым. Алты қанат бір үйді тоғызмен өткіздім, – дейді Сейітнұр. – Бірақ түскен қаржы қанатты кең жаюға жетпейді. Киізді, үйдің ішсыртын өрнектейтін маталарды шетелдерден алып келеміз. Жұмысымыз көп күшін көп талап ететіндіктен жұмысшы жалдаймыз. Осының бәрі көп қаржыны қажет етеді.

Кәсіпкер цехтағы тігін машиналарын көбейтіп, ағаш жонып, өңдейтін станоктар сатып алып, қарымды қарақет жасамақ. «Әттең, тонның келтесі-ай» демекші, құдашты кең сілтеуге қаржының таншылығы кедергі болып тұр. Сейітнұрдың ойлаған мақсаттарын жүзеге асыруға «Атамекен» кәсіпкерлер корпорациясының Панфилов ауданындағы өкілдігінің төрағасы, аудандық мәслихаттың депутаты Құрманжан Ахметқалиев көмектесуге ниет білдіріп жүр.

– Әттең, – дейді Сейітнұр, – ең болмағанда 2 миллион теңге кепілдікпен несие алсам, ойда жүрген бірқатар істі жолға қоя едім. Бірақ жылқы сатып алып, 7-8 күн тігіп қымызхана ашармын. Сол жерде ертоқым, аттұрман, киіз үйлерімді де жарнамалап сатуға жол ашылар еді. Мал бордақылайтын да ойым бар. Мол табыс тауып жатсам қазақтың өлп бара жатқан өнері – киіз үй жасауды жандандыру арманым.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

АЛТЫ ҚАНАТ

(Әні бар)

Қарайтын шаңырағынан ынтық сөзімнің,
Жайлауда киіз үйлер алтын қанат.
Бетегелер қарағайлы жотын беріп,
жолын беріп,
Қойнауға тіккіл тұр қарсы қырат.

Мал жоғыр қайнаусыз өрістер кең,
Міне осы, нағыз құтты қоныс деген.
Жанды тыр ғаламда дастарханда,
Елімнің – ет пен сүтінің қымыз болғаны.

Қолға алсаң домбыраны көңілдегі,
Күй төгілер, әуен шалқып, кезіп өлең.
Ұсынса тұрлі өсік, әсем сүрет,
әсем сүрет,
Қымызынан кім бар оны елемеген.

Желкілдеп ұлы көшпелі майда құрақ,
Алдыңа үй жиһазын сайда бұлақ.
Қайнатып сөз мәдірден қаймақтарын,
қаймақтарын,
Қанбайсың жеңгелердің шәйдары үшін.

Ескірмес басқұр, сырмақ өрнегі әсте,
Қазақтың киіз үйі көрме емес пе.
Сыртынан ақ боз үйдің ақтандерсаң,
ақтандерсаң,
Қалғаның қолдау осы жоғарғы әсте.

Оразақын АСҚАР,
халықаралық Алаш сыйлығының иегері.

ТҮЙІН:

Арман адамды алға жетелейді. Қанаттанып, самғауға қаржының кемдігі кедергі келтіріп жүргенімен Сейітнұр жаны сүйіп шұғылданып жүрген кәсібін тастамақ емес. Тынымсыз тіршілік жасап, кәсібінің азды-көпті берекесін де көріп отыр. Жақында ары-бері тауар таситын автокөлік сатып алды.

Қалалы азаматтар тарапынан сегіз қанат сәнді үйлерге тапсырыс берушілер аз емес. Алайда олардың тапсырыстарын көрген адам тамсанарлықтай жоғары деңгейде атқарып беруге тағы да қолдың қысқалығы кедергі келтіріп жүр. Тұтынушы талғамынан шыға алатынына Сейітнұр сенімді. Елімізде ұлттық қолөнерді өрістетуге ниетті азаматтар аз емес. Тек қолдау қажет.

Рухымыз дағдарысқа ұшырамасын

● КӨКЕЙКЕСТІ

Әлемдік қаржы дағдарысы елді мазалай бастаған түста, халықаралық сараптамалар мен институттар «Қазақ халқы дағдарыс жағдайында өз мемлекеттігін сақтап қала ма?» деген мәселені көтере бастады. Былайша айтқанда, біздің азаматтығымыз, елдігіміз сынға түсіп тұр деген сөз. Десе де, дағдарысқа қарсы елімізде атқарылып жатқан жаңа жобаларды әлемдегі бірқатар елдің үлгі ете бастағаны қуантарлық жағдай. Осыған орай, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында: « *Қиындық атаулыны жеңетін бір-ақ күш бар, ол – бірлік. Елімді, жеріңді қорғау үшін бірлік қаншалықты қажет болса, тәуелсіздік жемістерін, бүгінгі қол жеткен табыстарымызды сақтап қалу үшін де қажет*», – деп елдік сана мен тәуелсіздік идеясын тұрақты өзінің туған ауылының, Отанының перзенттері болып шыққан. Ал сана, санатта жоқ отбасы қанша? Ойрандалып жатқан тағдыр ше?..

Қазақстандағы кәсіпкерлікке, жұмыс күшіне деген сұранысқа» атты сарапталудың нәтижесіне сүйенсек, жұмыс берушілердің 63 пайызы жұмыскерлердің білімі мен біліктілігінің төмендігі бизнестің дамуына кедергі болып отыр деп санайды. Сондықтан кәсіпорындар шетелден жақсы маман іздейді. Бұл – ашу да болса шындық. Жер қойнауымыз байлыққа толы болғанымен, оның қызығын өзгелер көріп келеді. Әлемдік сапа деңгейіндегі өнім өндіреміз деп жаңа технологияларды сатып алғанмен пайдаға жарататын адам жоқ. Ал жастар зиғер немесе экономист болғысы келеді. Әрине, мұндай мамандар да керек шығар. Бірақ жастардың бәрі бір жолды таңдаса, Қаныш Сәтбаевтай Жезқазғанды ашып, ұлы бетбұрыс жасайтын жастар қайдан шығады? Қазіргі таңда өркениетті елдермен тереземіз тең болу үшін техника тілін жетік меңгерген білікті мамандар ауадай қажет. Міне, көзбен көріп, көкейге ұялайтын патриоттық халіміз осылай болып барады. Біз әлемдік тәжірибелерге нек арту арқылы Қазақстанды еуропалық стандартқа сай етпекпіз. Бірақ еуропалық стандартқа ұлттық үнмен де жетуге болады ғой.

Иә, қазіргі әлемдік дағдарыстың түп тамыры рухани дағдарыстан туатыны осыдан жиырма жыл бұрын батыстың социологтары дабыл қағып айтқан болатын. Мұны ескерген елдер бүгінгі таңда өз ұлттық құндылықтарын нығайтумен бірге, экономиканың еркін даму үрдісін қалыптастырып үлгерді. Сонын бір дәлелі ретінде Сингапурдың тәжірибесін айтуға болады. Иә, 96-97 жылдары орын алған Азия экономикалық дағдарысы кезінде «Сингапур өз мемлекеттігін сақтай алмайды» деген жорамал жұртты дүрліктіріп, бір мезгіл саяси сахнадағы пікірталастың ошағына айналған еді. Алайда, олар сүрінбей өтті. Оның үстіне ұлттық байлығын екі есеге дейін арттыра алды. Тығырықтан шығу үшін мемлекет қазынасындағы байлықты халыққа таратып берген жоқ. Керісінше, тұрғындар үйлерінде сақтаулы алтыны мен жинақтын ұлттық қорға тапсырып, мемлекетін сақтап қалудың қамын жасады. Иә, XX ғасырдың басында тайпалық үрдіспен орманда жүрген халық жарты ғасырдың ішінде өркениетті деңгейге жетті. Мұның түпкі негізінде өзінің даму бағытын айқындап алған отаншылдық идея мен берік ынтымақ жатыр.

Тарихты парақтап отырсаңыз әр дәуірде мемлекет құрушы ұлттардың алдында үлкен сынақ жиі кездесіп отырған. Тіпті халықаралық аренада өз ұстанымынан айырылған ел аса ауыр жағдайға ұшыраған.

«Әр елдің салты басқа» демекші, біз ең алдымен өзімізділ атақты мемлекет екенімізді ұмытпағанымыз жөн. Қазақ мемлекеттігін нығайтамыз, әлемдік басекелестікте өз орнымызды сақтап қалмыз десек, батыстың бас пайдасын көксейтін қанағатсыз, нысапсыздыққа негізделген идеологиядан арылып, жалпыұлттық құндылық пен ынтымаққа негізделген мемлекет құруға ұмтылуымыз керек. Ортақ мақсат жолындағы ағайын, ешкімдей қиындық рухы мығым елдің еңсесін түсіре алмайтынын ескере жүрелік.

Қажет АНДАС, "Жетісу"

Алдымен ойымызға дәлел ретінде еліміздің саяси ахуалына шолу жасап көрелік, бүгінгі таңда Қазақстанда 12 саяси партия, түрлі бағыттағы 5820 үкіметтік емес ұйым (ҮЕҰ), 3340 қоғамдық қор, 1072 заңды тұлға қаумдастығы, 471 ұлттық-мәдени бірлестік, 40-тан астам конфессиялар мен деноминацияларды біздіретін 3340 діни бірлестік, түрлі меншік нысанындағы 6646 БАҚ ресми тіркелін, азаматтық қоғам құруда өзіндік үлес қосып келеді. Алайда, Талдықорған қаласық ІІБ-нің КТЖБ-нің мәліметіне сүйенсек, бүгінгі таңда қалғалаушысы жоқ және қарусыз қалған 222 бала тіркеуде тұр. Аталған шара барысында ҚР ӘҚБК-нің 336-1- бабына сәйкес 61, 336-бабына сәйкес 20, 111-бабына сәйкес 10 әкімшілік хаттама толтырылып, қаласық мамандандырылған әкімшілік сотының шешімімен айыпқа салынған. Сонымен қатар үйден қашып, мектепке бармаған оқушылардың тұрғылықты жеріне барып, ата-аналарымен әңгімелер өткізілген. Қала маңына орналасқан Қызылтас, Үйтас және Шайқорған саяжайларына тексеру жүргізіліп, қарусыз, панасыз қалған 25 бала қамелетке толмағандарды уақытша оқшаулау орталығына жеткізген. Өкінішті, осы балалардың сексен пайызға жуығы діни секталардың азғыруымен ойрандалған отбасының перзенттері болып шыққан. Ал сана, санатта жоқ отбасы қанша? Ойрандалып жатқан тағдыр ше?..

Баскасын айтпағанның өзінде, алты мыңнан аса бұқаралық ақпарат құралының сексен пайызға жуығы жекешеленген басалым. Олар біздің ұлттық рухымызға жат иәрселерді насихаттап жатқанын жасыра алмайсыз. Ал бір кездегі Голливудтың қырып-жойған дүниесінен арыла бастаған телеарналар экраның соңғы кездері Түркияның фильмдері жаулап алды. Әрине, біз өзімізді түркі текті елміз деп санағанмен, ұлттық болмысымызға сай келмейтін тұстары көп. Телеарналар арқылы санаға сіңіп жатқан махаббат пен кек салдарынан, әулет пен әулеттің арасындағы бас аралдықтың кесірінен туындайтын қызыл қырғын қазақ көрермендерінде не береді? Адамгершілік пен ақ пейілділікті өзек еткен көрей фильмдерінен не ұтамыз? Егер олар ақ пейіл болса, алақандай жерді екіге бөліп басқармас еді. «Жұмон хаизада» болып, бір-біріне садақ атып ойнап жүрген бүлдіршіндер, ертеңгі күні өзара құрал көтеріп қырқыспайды деп айта аламыз ба? Ел өкіметті, жастардың өз тарихына, тарихи тұлғаларына немқұрайлы қарағаны жанында мазалайды. Әлдебіреулер екі жыл бұрын Талдықорғандағы Абай даңғылы мен Қабанбай көшесінің қиылысына қойылған ұлы Абайдың суретін жыртып, масқара сөздер жазып кетті. Одан соң Ескелді биДің суретін айырды. Ал өткен жылы Қабанбай батырдың суретіндегі жүретін ойып, көзін тесті. Бұл мақұлнемдердің ісі еместігін әркім тошыналай алады. Өкінішке орай, ашуына мініп, аяғын іздеген қазақ шықпады. Бүгін даналарын кастерлеуді ұмытқан ұрпақ, ертең Отанына ок атпай ма?

Халқымызда: «Ән – көңілдің ажары» деген әдемі сөз бар. Алайда бүгінгі қазақстандықтар үшін ең ауыры – Мемлекеттің Әнұраны. "Мемлекеттік рәміздер туралы" Заңда көрсетілгендей «Мемлекеттің Әнұраны орындалғанда әрбір қазақстандық бойын тік ұстап, оң қолын жүрек тұсына қойып тұруы керек. Мерекелік шараларда осы Әнұранға болған құрметке қарның ашады. Тіпті қолын кеуде тұсына қоюға ерініп, маңғазданып тұратындар жетерлік. Ол, ол ма? Халықтық мерекелердің сахнасында жастарды патриоттыққа, отансүйгіштікке жетелейтін әндер орындалуы керек болса, оның орнына айқай-шуға құрылған татымы жоқ әуен берекелі мерекенің сәнін кетіріп жүр. Ал халықты толғантып, ой салатын «Қара бауыр қасқалдақ» сияқты әндерді қазақ жастары ұмытқаны қашан?!

Тағы бір мәселе, қазіргі қазақ жастарының «Жеңілдің ағы, ауырдың үстімен жүруге» дағдыланған бойкүйездігі дер едік. Дүниежүзілік банк өткізген «Қазақстандағы кәсібилікке, жұмыс күшіне деген сұранысқа» атты сарапталудың нәтижесіне сүйенсек, жұмыс берушілердің 63 пайызы жұмысшылардың білімі мен біліктілігінің төмендігі бизнестің дамуына кедергі болып отыр деп санайды. Сондықтан кәсіпорындар шетелден жақсы маман іздейді. Бұл – ашу да болса шындық. Жер қойнауымыз байлыққа толы болғанымен, оның қызығын өзгелер көріп келеді. Әлемдік сапа деңгейіндегі өнім өндіреміз деп жаңа технологияларды сатып алғанмен пайдаға жарататын адам жоқ. Ал жастар зиғер немесе экономист болғысы келеді. Әрине, мұндай мамандар да керек шығар. Бірақ жастардың бәрі бір жолды таңдаса, Қаныш Сәтбаевтай Жезқазғанды ашып, ұлы бетбұрыс жасайтын жастар қайдан шығады? Қазіргі таңда өркениетті елдермен тереземіз тең болу үшін техника тілін жетік меңгерген білікті мамандар ауадай қажет. Міне, көзбен көріп, көкейге ұялайтын патриоттық халіміз осылай болып барады. Біз әлемдік тәжірибелерге нек арту арқылы Қазақстанды еуропалық стандартқа сай етпекпіз. Бірақ еуропалық стандартқа ұлттық үнмен де жетуге болады ғой.

Иә, қазіргі әлемдік дағдарыстың түп тамыры рухани дағдарыстан туатыны осыдан жиырма жыл бұрын батыстың социологтары дабыл қағып айтқан болатын. Мұны ескерген елдер бүгінгі таңда өз ұлттық құндылықтарын нығайтумен бірге, экономиканың еркін даму үрдісін қалыптастырып үлгерді. Сонын бір дәлелі ретінде Сингапурдың тәжірибесін айтуға болады. Иә, 96-97 жылдары орын алған Азия экономикалық дағдарысы кезінде «Сингапур өз мемлекеттігін сақтай алмайды» деген жорамал жұртты дүрліктіріп, бір мезгіл саяси сахнадағы пікірталастың ошағына айналған еді. Алайда, олар сүрінбей өтті. Оның үстіне ұлттық байлығын екі есеге дейін арттыра алды. Тығырықтан шығу үшін мемлекет қазынасындағы байлықты халыққа таратып берген жоқ. Керісінше, тұрғындар үйлерінде сақтаулы алтыны мен жинақтын ұлттық қорға тапсырып, мемлекетін сақтап қалудың қамын жасады. Иә, XX ғасырдың басында тайпалық үрдіспен орманда жүрген халық жарты ғасырдың ішінде өркениетті деңгейге жетті. Мұның түпкі негізінде өзінің даму бағытын айқындап алған отаншылдық идея мен берік ынтымақ жатыр.

Тарихты парақтап отырсаңыз әр дәуірде мемлекет құрушы ұлттардың алдында үлкен сынақ жиі кездесіп отырған. Тіпті халықаралық аренада өз ұстанымынан айырылған ел аса ауыр жағдайға ұшыраған.

«Әр елдің салты басқа» демекші, біз ең алдымен өзімізділ атақты мемлекет екенімізді ұмытпағанымыз жөн. Қазақ мемлекеттігін нығайтамыз, әлемдік басекелестікте өз орнымызды сақтап қалмыз десек, батыстың бас пайдасын көксейтін қанағатсыз, нысапсыздыққа негізделген идеологиядан арылып, жалпыұлттық құндылық пен ынтымаққа негізделген мемлекет құруға ұмтылуымыз керек. Ортақ мақсат жолындағы ағайын, ешкімдей қиындық рухы мығым елдің еңсесін түсіре алмайтынын ескере жүрелік.



Жетіеудың 7 сауалы

Секен Қусайынұлы (Иманасов) – жер жаннаты Жетісудағы Алакөл өңірінің тумасы. Әдебиет сыншысы ретінде де, көсемсөзші журналист ретінде де оқырманға кеңінен танымс. Өмір мен өнер құбылысының тұтастығын тереңнен қозғап сөз ете алады. Асыл сөздің бағасын біліп, нарқын танып, ақиқатшыл көзқарасты қалыптастыруға қызмет етіп келеді. Көптеген жыл бойы "Парасат" (кешегі "Мәдениет және тұрмыс" журналында нетижелі еңбек етуде. Бас редактордың орынбасары – жауапты хатшы ретінде мәдени басылымның мазмұны мен сапасының артуына айтарлықтай үлес қосты. Қазақтың талантты қаламгері Баққожа Мұқаимен қызметтес әрі еріптес ретінде сыйласты, сырласты. Қазір де "Парасаттың" парасатты жолын жалғап келеді. "Жетісудың" жеті сауалының" бүгінгі қонағы – қаламгер Секен ИМАНАСОВ.

Жаңа ұран, Жалған уәде

адамның отандық сезімін оята алмайды

– "Азамат болу парызын" деген ұлы сөз бар. Бұл тіркестің мәнісін қалай түсіндірер едіңіз?

– Біздің елде жасы тоқсанға таяп қалған Жолжанов Исағұл дейтін ақсакал бар. Атышулы ашаршылық түсында Шұбартау-Баршатас өңіроне шұбыра көшкен елге ілесіп, Алакөлге табан тіреген, ат жалын тартып мінген күнінен бастап бар ғұмырын адал еңбекке арнаған, халқының қамын жеп, сол өңірдің көркейіп, гүлденуіне бір кісідей үлес қосқан осы ақсакалды мен **азаматтықтың бірден-бір үлгісі**, елі мен жері алдындағы адамн **парызын абыроймен арқалай білген бірегейге балаймын.** Исекең өткен ғасырдың елуінші жылдарынан бері аудан көлемінде басымдық қызметтер атқарғанымен, әлдекімдер секілді билік пен барлаларлықтың бұлма пәсіп мастанған емес, астамшылық танытпай, ел қатарлы қонырай тіршілік етті. Сенбі, жексенбі күндері аудан орталығындағы жалғыз моншаға баратынбыз. Жұртпен арасында кедек күтіп отырған Исекеңнен бөтен аудандағы билік басында жүрген бірде-бір басшыны көре алмайтынбыз. "Исеке, кезекті-ақ кіре бермейсіз бе?", – деп гөт көрсеткендерге: "Болмайды, мен де өзгелердей адаммын ғой", – деп жадырай күліп отыра беретін. Сондықтан да мен Азамат ұғымын адам бойындағы асыл қасиеттерге – қанағатшылық пен қарапайымдылыққа, кісілік пен кішіпейілдікке, мейірімділікке қарай отырып бағалау керек деп есептейміз.

– Жеке меншікке негізделген бүгінгі тіршілік қамы қарбалас. Солай болғанмен бәрібір, отаншылдық сезімі бірінші орында тұруға тиісті. Ол үшін не істеу керек?

– Күні кешегі Екінші дүниежүзілік соғыста күйрей жеңілген неміс жұрты да еңсесі түскен ұлтының рухын көтеру, отаншылық сезімін ояту үшін, сол арқылы күйреген, тұралаған экономикасын қалпына келтіру мақсатында "Бұл тек неміс ұлтының ғана қолынан келеді!" дейтін ұранмен: "Әр тиынды жұмсасаң, Отаныңның және ел азаматтарының мүддесімен есептес, бір марка шығарып шетелдік тауар сатып алсаң, өз еліне бір марка зиян келтіретініңді ұмытпа; сырттан әкелінген техникаға еуестенің, Германия өндірісінің құнын түсіріме; ауыл шаруашылығы өнімдерін шетелден тасу дастарқанға қою арқылы отандық өнімге зиян келтіріме; ел игілігіне тек немістің ұнын, немістің жемісін, немістің етін пайдалан, шетелдің тауарына ешқашан қызықпай, елге керектіні тек Германияның шығара алатынын есіңде сақта!" дейтін ой қағида ұсынғаны аян. Соның негізінде демократиялық бағыт ұстанған ГДР-дегі қандастарына қарағанда федеративті арнаға түскен ФРГ айналдырған он жыл ішінде күйретеп шаруашылығын қалпына келтіріп қана қоймай, дамыған мемлекеттер қатарына қосылды.

Бұл неңің белгісі? Көріп отырғанымыздай, қазақ жұртының бойына отаншылдық сезімін, ұлттық рухты сіңіру үшін ең алдымен әрбір азаматымызға өз жерінің қожасы екенін сезіндіру қажет. Егер біздің жігіттеріміз бен қыздарымыз Қазақстан байлығын игеріп жатқан шетелдік компанияларға жалданып жұмыс істесе, өз елінде, өз жерінде жатжұрттықтардың қолбаласына айналса, оның үстіне ауыр жұмысқа жегіліп, сол шетелдіктермен бір көлемде шаруа атқарғанымен, жатжұрттық азаматтарға қарағанда еңбекақыны бірнеше есе аз алатын болса, біз олардан қалайша отансүйгіштік қасиет талап ете аламыз?! Үйсіз-күйсіз жүргендер атамекенінде тұрып 10 сотық жерге не бола алмаса, ессесіне шетелдік компаниялар мыңдаған гектар жерді жалға алса, осының көрін жүрген азаматтарды ұлтының патриоты емессің деп айыптауға кімнің құқы бар?! Сондықтан отаншылдық сезімін ояту үшін әрбір азаматтың бойына өз елінің, өз жерінің несі екенін сезінетіндей, жан дүниесімен түсінетіндей жағдай жасауымыз керек.

– Жастар – біздің болашағымыз. Бүгінгі жастардың ынтасы мен пейілі қалай?

– "Жілік жесең біреуден, сақта оған жамбасты. Басына іс түскенде, жамбастан ол тамбас-ты, болмаса егер албасты" дейтін аталы сөз бар. Сондықтан болашақ ұрпаққа өзіміздің неидей сыбаға дайындап үлестіргендігімізді саралап, санадан өткізіп алмай, бүгінгі жастарды гайбаттаудың, тектентек құстаналаудың жөні жоқ секілді. Қыздарымыздың биссесі мен қарындарын жаланаштап жүруіне, көшеде қысылмай көптің көзінше темекі тартып тұруына, әдет-ғұрыптан, ұлттық менталитеттен ажыратуына биска емес, ең алдымен өзіміз айыптымыз. Бірінші ден, ұлттық идеологиямызды қалыптастырмай жатып, кешегі кеңестік талым-тәрбиенің барінен бейхабар, балабақшадағы, мектептеркегі тәлім-тәрбие үрдісін кежегісі санап, үзіп тастадық. Екіншіден, өркениет, жаһандану желеуімен ашайы, тұрпайы бейнекліптерді, ағыс-шабыска, қатыгездікке толы кинофильмдерді тамашасы дайындыма жіберіп, елестегіш жастарымыздың ұлттық салт-дәстүрге емес, осындай жексұрындыққа ауыздандырдық. Үшіншіден, насихат құралдарын көбейтудің орнына әлем-жәлем жарнамаларды қаптаттық. Санасы қалыптаспаған, әсіресе, ылғи үйір балалар мен жеткіншектер адамн психологиянын қалыбына сәйкес ең алдымен өзіне тансық, сыртқы жылтырақ дүниеге ауестенеді, өмірдің мәнін шетелдік идеология құралдары тарататын құбылыстар арқылы түйсінеді де, жақсылық пен мейірім атаулыны ысырып тастап, қатыгездік пен ашкөздікке ұмтылады. Бұл – әрбір баланың бойында болатын көрсеқызарлық, еліктегіштік, құмартушылық.

Жастарды құстаналап, кінәламай, оларға дұрыс бағыт беруміз, қолдап, сенім артуымыз керек.

– Ислам діні – әлемдегі ұлық діи. Және біздің ата-бабамыздың ұстанған діні. Оған ақыл, парасатпен деп қойғандар ұтады. Ал, сыртқы кейіпте ғана діншіл болып көріну деген көзқарасты да жоқ емес. Осы жөніндегі жеке көзқарасыңыз қандай?

– Өзін мұсылманбыз деп жүрген бірқатар қандастарымыз ислам дінінің мән-мағынасын, сүрелері мен аяттарында келтірілетін Ақ жол мен Алла елшісінің қасиетті сөздерін дұрыс түсініп қабылдай ма? Міне, гәп қайда жатыр? Бес уақыт намаз оқып, жұма сайын садақа берсек болғаны, бар күнодан арылсамыз деген соқыр сенімнен, бұрыла сала астамшылыққа салынатындар, имандылықты ұмытып, харам жолмен байлыққа кенелетіндер Мұхаммед (ғ.с.) ұмметі бола алмайды. Ең алдымен, адамның жүреті таза болуы шарт. Әлдебір фирманың елдің көз жасын төгілте жинаған қаражатына қасиетті мекен – Меккеге қажылыққа барып қайтқандар өзін қанша жерден "қажымын" десе де, Құран Кәрімде жазылғандай, ақиқат жолына түсе алмайды. Себебі, қажылыққа нияет еткен пенде сол сапарға қажетті қаражатты өзінің мәңдай терімен, табан ақысымен табуы шарт. Оған қоса жиған дәулеті өзі сапарға аттанғанда отбасына бір жыл талғажау етуге жететін болуы керек. Осыдан артылған пұл-қаражатын ақ жолға түсуге арнаса ғана Алла тағаланың нұрына бөленері хақ.

Исламның негізгі және қайнар көзі – Таухидке сүйенсек, Құран Кәрімнің Ықылас сүресінде тұжырымдалған екі қағиданы басшылыққа алуымыз керек. Бірінішісі – Аллаһтан басқа құлшылық етуге лайық тәңір жоқ. Екіншісі – Мұхаммед (с.ғ.с.) – Аллаһтың елшісі. Сонымен бірге ислам дінінің бес негізгі тұғыры – 1. Аллаһқа барлығына, біреу екендігіне, Хазірет Мұхаммед (с.ғ.с.) Аллаһтың құлы және елшісі болғандығына көңілмен сеніп, соны тілмен баяндау; 2. Дін негізі – намазды қаза қылмай 5 уақыт оқу; 3. Белгілі байлыққа не болған мұсылман сонын бір бөлігін жылына бір рет Алла тағаланың ризығы үшін жекет түрінде таратып беру; 4. Рамазан айында бір ай орза ұстау; 5. Денсаулығы жақсы және жетерлік мал-мүлкі болса, қажылық ғибадатын орындау.

– "Қалыпқа келгендер қонышпен басады". Әркім өз қалауынша дәстүр ойлап шығарып, тың әдеттер тапты. Осы дұрыс па әлде бұрыс па?

– Дәстүрдің де оңағы мен солағы болады. Көне салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың уақыт өткен сайын жаңалының, жетілдірілің отырғаны тәрихтан белгілі. Бірақ қазақи қонақжайлылық пен жергілікті дәстүрдің жөні осы деп астамшылыққа, шашпалыққа бой алдыру – ол парықсыздықтың белгісі дер едім.

Елге барып тұрамыз. Ата-бабаларын еске түсіріп, аруағына бағыштап біздің елдің азаматтары да ас беруді, дұға бағыштап, құран оқытады. Соңда бір байқағаным, бірінен-бірі асып түссем дейтін жиған-терген бәсекелестікке құрылған астамшылық пен мысырашылық белең ала бастапты. Жоналғандардың бас-басына сыйлық тарату – бұл аруаққа көрсетілген құрмет емес, дәнсізалық, исламға жат әрекет дер едім. Құран Кәрімде де мысырапқа жол бермеу, бос мақтанға салынбау керектігі нақты көрсетілген. Олай болса біздің дәстүр осындай деп әр өңірдің тұрғындары аруақтарға арналған ас үстінде байлығы мен барқадарлығын көрсетіп қалуға тырысу, әрине, мұсылмандылық, имандылық емес деген көзқарас келеді. Аруақты құрметтейік, еске алайық, құран аудартып, бата жасайық, бірақ астамшылыққа бара бермейік.

Осы ретте мынаны да айта кеткен орынды. Осындай аска жергілікті мешіттің имамы, найзбтары қатысады. Бірақ олар да сол елдің аксакалдары айтқан уәжге бой алдырғандай, өздерін

e-mail:
Jetisu2002@mail.ru

АРАЙЛАП АТТЫ ТАҢДАРЫМ!



БАҚЫТ БАСТАУЫ

Халық сөйк қашанда бір жықпаған ер тамысын,
Күдіксіз де ықпікте алмайтұғын тағы сын.
Ол атының ақпағын сенімімен сүғарып,
Мекен үшін жанын қиды сан батыр мен арысың.
Бүгін, міне, сол күндердің дүбірі тұр құлақта,
Естелік боп есте қалған ескерткіштен танитын.

Әнсе дағы санамызға жүгін артып, жылжып күн,
Бірақ, бірақ жібін ешкім үзе алмайды шаңдырмың.
Көсем сөздің қатқасына жасырынған жай ғана,
Мен мынадай құны тозбас бір керемет сырды ұқтым.
Елің барды еңсең биік, керісінше болғанда,
Өмірінің өрісі тар, тынысы зор мұнлықсың.

Бүгінгідей ақыл ойлы ұлығымын ер едің,
Қазақсымын деп айтсам да артық емес әлемнің.
Бір кездері жігерімнің жаншылғаны ақиқат,
Енді, міне, алыс-жақын ағайынмен теңелдім.
Көкайрақтың жезбірінен сенім алып сергіссем,
Ақтарының үнімнен тың сезімге бағендім.

Ия, иә, тәубә, тәңір, кезеңіне бұл күннің,
Бәйк арман, мұраттарға тың тебінмен ұмтылдым.
Жетпоқсанның ызғарында жерге сіңген намыстан,
Жарып шыққан жауқазындай жаңа түрмен құлпырдым.
Берекесі бейбіт күннің қашаса екен деп тілеп,
Аңсауменен келемін мен амандығын жұртымның.

Өткен күннің тарихы, табыстары екшелген,
Тұғырымыз еңкаңында мызғымайды деп сенем.
Енді гі арман биігіне жеткізетін жетелеп,
Ата Заңның айбыны мен айдынында деп білем.
Десе дағы ел пейілін бейімдейтін бірлікке,
Береке мен ынтымақтан айырылма тек, көкем.

Қажет АЙДАС.

● КОНСТИТУЦИЯ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Еліміздің Ата Заңы өз азаматтарына еңбек етуге, білім алуға, демалуларын жақсартуға, өздерінің қалаған істерімен айналысуға толық мүмкіндік береді.

ЕҢБЕК ЕТУ ЕРКІНДІГІ

Оның басты ерекшеліктері де осында. Ал езаме келер болсам, осы Ата Заң аясында дала төсінде еңбек етіп жүрген қарапайым Қазақстан азаматтарының бірімін. Сонау Түркімен жерінен атақоныска қоныс аударғанымда да кәп бола қойған жоқ. Бастапқыда елеулі қиындықтар да кездесті. Соған қарамастан түпкі төресі – түйе шаруашылығын дамытуға өзімдік үлесімді қосып жүргенімді мақтан етемін. Осыдан кейінген соң бірер жыл басқа кәсіптермен айналысып көрдім. Одан еш нәтиже шықпады. Сонан соң түйе өсірумен шұғылдануға төуекел еттім. «Дәулет-Бекет» ЖШС-гі осы мақсатпен құрылған еді. Менің бұл нәтиже облыс және аудан әкімдері С.Үмбетов пен Н. Логутов айрықша қолдау көрсетті. Әрине, нәтиже жаман емес. Өткенде біздің шаруашылық аясында түйе шаруашылығын дамытуға арналған семинар-кеңес болып өтті. Бір байқағанымдай, қазір облысымызда осы түлікті өсіруге деген құлшыныс басым. Ал біздегі түйе саны жыл сайын арта түсуде. Қазір оның саны біздің шаруашылықта 1700-ден асып-жығылады. Соның 381-і – әйел. Жыл басынан бері 232 бота алынып, түгел төл толығымен аман сақталуда.

Түйе өсірген соң оның сүтін де өңдеуге жарату шарт. Олай болса, қазір түйе сауатын арнайы орындар ұйымдастырылған. Күнделікті сауылған сүтті өзімізде өңдеуге толық мүмкіндік алдық. Бүгінде Ақши ауылында Белағаш ата атындағы кешеніміз жұмыс істеп тұр. Ол жердегі шұбат цехының жыл басынан бері 92 тонна сапалы сүсын сауда орындарына жеткізілді. Бүған қоса, осы кешенде наубайхана, әр түрлі сапт-дәстүрге байланысты алаша, өрнек тоқитын цехтар, қазақ үй құрастыру орындары жұмыс істейді. Бір айта кетерлігі, біздің шеберлердің қолынан шыққан бұйымдарға жер-жерден сұраныстар кептен түсе бастады. Қаскелең және Талдықорған қалаларында шұбатханамыз жұмыс істейді. Алдағы уақытта осындай шұбат сатын орындарды ауданнан да ашуды көздеп отырмыз.

Жалпы алғанда, адамды жақсы істерге жетелейтін еңбек болса керек. Еңбегі жақсының еңбегі де жақсы. Олай болса, алдағы уақытта да біздер тұрған халыққа қызмет көрсетудің сапасын жақсарта түсетін боламыз. Сондай-ақ, шұбат өндіруді есепен арттыру мәселесі де күндіз-түні ойымыздан кетпейді. Өзіміз өсірген түйелерді шет елге сатуды да ойластырып жатырмыз. Ең бастысы, денсаулық болсын деңіз. Дениіз сау болса, ізденістерге біздің елде өркешан жол ашық. Оған Ата Заңымыздың өзі толық кепілдік беріп отырған жоқ па?!

С. ДАУЛЕТОВ,
«Дәулет-Бекет» ЖШС-нің директоры, аудандық мәслихаттың депутаты.
ІЛЕ АУДАНЫ.

1. Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет.
2. Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмаушын және бөлінбеушін қамтамасыз етеді.

● АҚЖАРМА ТІЛЕК

ЕЛДІК пен БІРЛІК кепілі

Сөзімнің басында жер жәнәаты Жетісудың барша жұртшылығын Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтағым келеді.

Мемлекетіміздің өз тәуелсіздігін айдай әлемге жария еткелі елімізде Ата Заңы екі рет қабылданғаны белгілі. 1993 жылы ерікіндігін енші алып, аяғын апып-тапып баса бастаған егемен елдің әлемдік өркениеттен өз орнын алуға тұғыр болған тұңғыш Конституциямыз қабылданған болатын. Ол өзінің тарихи қызметін толықтай атқарды деп ойлаймын. Уақыт өте келе өскелең заман талабына сай, қоғамымызды соны биіктерге жетелейтін, адамзаттың асыл құндылықтарын әспеттейтін жаңартылған Конституциямыз қажеттілігі туындаған. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев әзірлеген Ата Заң 1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдумда қазақстандықтардың толықтай қуттауымен қабылданып, содан бері қоғамдық қатынастардың бар саласы бойынша негізгі құжат болып келеді.

Жұртшылық 2007 жылы Елбасының бастамасы бойынша мемлекетті демократияландыруға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін білетін болар. Елімізде жасалған мұндай қадам кезінде әлем қауымдастығының қазу қолдауына ие болғанын да білеміз.

Ата Заң – еліміздегі барша қатынастарды реттеп отыратын негізгі құжат ретінде қоғамның өркениет үрдісімен дамуына тұғыр болып келеді. Әлемдегі экономикасы дамыған, бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енуді мақсат етіп қойған Қазақстан өзінің ішкі әрекеттерін реттеуде, сол сияқты өзге елдермен қарым-қатынас жасауда да негізгі заңның баптарына сүйенеді. Мұнда адам құқықтарын қорғауға, мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың ара- жігін ажыратып, олардың қызмет аясын айқындауға бағытталған барша жағдайлар қамтылған.

Еліміздің Конституциясы туралы ұзақ айтуға болады. Себебі, ол бүгінгі қолжеткізген табыстарымыз бен шыққан биігіміздің кепілі болып келеді. Ата Заңның арқасында ел экономикасы өрге бағыт алып, халықтар арасында бірлік пен түсіністік қалыптасқан. Ал тәуелсіздік пен жасампаз еңбек орын алған жерде табыс та, бақыт та болатыны айдан анық. Ендеше, Жетісу жұртшылығымен бірге барша қазақстандықтарды да осы бір айтулы мерекемен құттықтап, қуаныш және толайым табыстар тілегім келеді.

Уәлихан ҚАЛИЖАНҰЛЫ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.

● АТА ЗАҢ АЯСЫНДА

Қазақта «Бүтін билікке Төле, бүтін хандыққа Есім хан жетті» деген аталы сөз бар. Ол жаугершіліктегі елдің бір тарының қауызына сынып кеткенден алмағайып таршылық заманы еді. Есім хан тұсында алты Алаштың төрт көзі түгел бірікті. Қашанда бірігудің басы бірегей төртіпке бағынудан басталады. Баршаның бірегей төртіпке бағынуы ортақ заңдылықты сақтау.

КЕПІЛДІК БЕРЕДІ

Қазақ сахарасында «Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы, өз Төуке ханның жеті жарғысы» деп танылған заңнамалар ұлан-байтақ жеріміздің түтастығына, ұлттық болмысымызға тән тіліміз, дініміз, салт-дәстүріміздің ұрпақтан-ұрпаққа берілін сақталуына қызмет еткені хақ.

Қазіргі қолданылып жүрген заңдардың барлығы Ата Заңымыздың аясынен тамыр тартады. Ата Заңымыздың негізі бабаларымыздан мұра болып қалған қос жол мен жеті жарғы, тәуелсіздік туын тіктеген еліміздің жаңа уақыт сарынындағы ішкі, сыртқы ұстанымы негізінде барша бағыттарды екшелеп жасалған.

Барша халықтың ел Конституциясына өркашан риясыз құрмет көрсетіп, қастерлеуінің өзі біздің Отанымыздағы барлық ұлттардың қамсыз қарекетін, ынтымақ, татулығын айқындайды. Ел ішінде жүргендіктен мұны біз күнделікті өмірімізде көзбен көріп, кеңілге түйіп келеміз.


Егеменділік, тәуелсіздік деген түсінік – біздің қазақ халқы үшін ерекше қастерлі ұғым. Аңсап жеткен тәуелсіздік дегентәтті сезімнің құшағында артта қалған 18 жылда орасан қиындықтарды өңсеріп, күн сайын жаңа белестерді алып, алға арындап келеміз. Тәуелсіздік туын тіктеп, Ата Заңымызды айқындап қабылдап, Елтаңбамызды, Әнұранымызды, Туымызды бекітіп, шекарамызды нақтап алғаннан кейінгі үлкен жеңісіміз – Елордамызды жаңадан, әлем жұрты қызығарлықтай жасағанымыз.

Қазір де еліміздің түрмыс тауқыметтері аз емес. Дегенмен еліміздің егеменді көшінің түзелгеніне барша-ның көзі жетіп отыр. Қазақстанның жарқын болашағына қазақ жеріне әртүрлі тарихи жағдайлармен келіп, тұрақтап қалған басқа ұлт өкілдері де шынайы сезіммен қарап, мемлекеттік мүдделерге риясыз қызмет етуде. Өйткені, Ата Заңымыздың аясында өзге ұлт өкілдерінің өсіп-өркендеуіне, тілін, дінін, салт-дәстүрлерін сақтауына мол мүмкіндік берілген.

Еліміздің өзге өңірлерінде гідей жазиралы Жарқент жерінде де қазақ халқымен бірге 34 ұлт өкілдері жасап келеді. Олардың ынтымағы, бірлігі, татулығы көз қуантады. Ауданда ұйғыр, дүнген, славян мәдениет орталықтары тәуелсіздігіміздің алғашқы күндерінен құрылып, жұмыс жасайды. Аудандық газетіміз қазақ, ұйғыр, орыс тілінде шығарылады. Өңірде бір орыс, екі ұйғыр орта мектебі, жырмадан астам аралас тілді оқу ошақтары бар.

Ата Заң аясында елімізде құқықтық демократия өркендеді. Бұл халықтың көңіліне сенім, көкірегіне қуаныш ұялатары сөзсіз. Барша халықтың болашаққа деген нық сенімі мемлекеттің өркениет өрінен көрінетініне кепілдік береді.

Ермек КЕЛЕМСЕЙІТ,
Панфилов ауданының әкімі.



1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі.
2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.
3. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай тұғызуға кемкорлық жасайды.

Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз.

● ЛЕБІЗ

АРДАҚ ТҰТАР АСЫЛЫМ

Сайлаубек БАЙДҮЙСЕНҰЛЫ,
"Жетісу"

Әр мемлекеттің тәуелсіздігін айқындайтын Ата Заңы болады. Қазақтың тарихында тұңғыш рет тәуелсіз мемлекет екенімізді айқындап, ресми түрде мәлімдеген Ата Заң – мемлекеттік Конституциямыз 1993 жылы қабылданды.

Өмір өсіп, заман жақсарған сайын Ата Заңның қағидалары да өзгеріп, жаңара түскені сөзсіз. Сәйтіп қабылданған Конституциямыз өмірмен бірге өсіп, оған айтарлықтай өзгерістер енгізу мәселелері туындады.

Осындай жолдан өткен Ата Заңымыз туралы оның мақсат-міддесі, жеңісі мен жеңілдігі жайлы не білеміз? Әсіресе Қазақстан көпұлтты мемлекет болғандықтан бүкілхалықтық болып қабылданған Ата Заңымыздың талаптары мен міндеті жайлы «Тілі басқа тілегі бір» деп жүрген, өзін «өзгеміз» деп санамайтын азаматтар не дейді?

Бүкілхалықтық мереке деп есептелетін Конституция күні қарсаңында көкейде жүрген осы сұрақты кәсіпкер, тұсқан түрік ұлтының өкілі – Асылан Могамаев мырзаға қойған болатынбыз. Ол былай деп жауап қайтарған еді.

– Қазақстан менің Отаным. Қазақ жері тұған топырағым. Менің осылай деп ортақ ой тастауым мемлекетімнің Ата Заңы – Конституцияның жемісі. Олай болса мен осы мемлекеттің бір азаматы ретінде Конституцияның талаптары мен ережелері арқасында өсіп-өнеп келемін. Өйткені, біз бәрміз Қазақстанның азаматы ретінде, қандай ұлттың, қандай ұлыстың өкілі болсақ та, Заң алдында есеп бередміз. Олай болса, Заңды құрметтеуге, мүлтіксіз орындауға тиістіз.

Мен Тәуелсіз Қазақстанымның экономикалық нығайуы мен саяси өркендеуіне өз үлесімді қосуға тиістімін деп есептеймін. Сондықтан оның әр жетістігіне қуанам. Осы жолын бағамдап отырамын.

Мысалы, 1991 жылдың өзінде елге танымал заңгер С.Сартаевтың Қазақстанның Тәуелсіздігі туралы заң жобасын даярлағанын білемін. Халық талқысына ұсынған Конституция 1993 жылы қабылданғанын қуанышпен қарсы алдым. Заң шығарушы, атқарушы және сот билігі принципіне негізделген бұл Конституцияның негізгі жеңісі мемлекеттің басшысы сондай-ақ, атқару билігінің бірыңғай жүйесіне ҚР Президентінің басшылық ететні айқындалды.

Сондай-ақ, тарихта тұңғыш рет қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде мойындалды. Өз тілімнен артық білетін қазақ тілінің осындай мерейлі мәртебесіне қуанышым шексіз болғаны шын еді.

Ал, 1995 жылғы тамыздағы бүкілхалықтық референдуммен қабылданған Конституция Президенттік басқаруды жетілдіруге, сот жүйесіне, заң шығарушы органның қызметіне өзгерістер енгізуге ықпал етті.

Осының бәрі көпұлтты Қазақстан азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауды бірінші кезекке қойды. Демек, бұл республикамызды мекендеген барлық ұлттар мен ұлыстардың мүдделерін ешқандай шектеусіз қорғалды, олардың құқықтары, бостандықтары толық қамтамасыз етілген дегенді айқындайды.

Қай заманда да талайларға қорған болған қазақ қашанда қасындағы қонақтасына қамқор болуды қасиетті борышым деп білген. Ал осы тарихи тағылым Конституциялық тұрғыда нығая түсіп отыр.

Бірлігі мен тірлігімізге тірек болар қасиетті қазақ бауырларыммен бір өмір сүріп жатқанына қуанамын. Бұл ардақ тұтар Ата Заңымыздың жемісі деп есептеймін.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

● КОНСТИТУЦИЯ ҚҰРДАСТАРЫ

Диана ҚЫПШАҚОВА, № 15 орта мектебінің оқушысы. 1995 жылы 18 желтоқсанда дүниеге келген:

– Мен жаңа Конституциямыздың қабылданған жылы дүниеге келгенімді мақтан етемін. Өйткені, бұл Қазақстанымыздың тарихында қалтын айтулы оқиға. Менің ойымша, 30 тамыз Конституция күні және 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні мемлекеттік мерекелердің ең маңыздысы. Сондықтан жыл сайын осы мерекелерге арналған шараларды тамашалауға барғанда ерекше сезімге бөленемін. Осы күнге жеткізген ата-бабаларыммен мақтанамын, қашанда қиындыққа мойымаған қазақ халқымен мақтанамын.

Омар ЕРМЕКҰЛЫ, № 6 орта мектептің оқушысы. 1995 жылы 26 қарашада дүниеге келген:

– Ең біріншіден, барлық қазақстандықтарды, қазақ халқын алда келе жатқан Конституция күнімен құттықтаймын. Еліміздің жағдайы жылдан жылға жақсара берсін.

Мен оқушы болсам да елімнің болашағы турасында көп толғанамын. Бірақ біз үлкен өмірге аяқ басқанда жағдайымыздың бүгінгіден де жақсы болатынына сенемдімін. Өйткені, Елбасымыздың жүргізіп отырған саясатының және Ата Заңымыздың арқасында қазірдің өзінде көршілес мемлекеттерден көшіміздің алға шыққаны белгілі. Олай дейтінім, қаламыздағы қара жұмыстың бәрін сол көршілеріміз өзбектер мен қырғыздар жасап жатыр. Егер олардың да елінде біздегідей болса мұнда келмес еді ғой.

КӨРІНІСІ

дігін тұңғыш жариялап қана қойған, елдік пен даналықты әлемдік саясаттың ұштастыра білген айтулы тұлға. Сондай-ақ елдің ел болып өркен жаюына, өркениетті мемлекет дәрежесіне танылуына білімі мен білігін, ойы мен парасатын, күш-қуаты мен жігерін жұмсап отырған қайраткер. Ол мемлекет басшысы ретінде елдің ішкі және сыртқы саясатының бағыттарын кемеңгерлікпен айқындап, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік жүргізу құқығын ҚР Конституциясына сай жүзеге асырып келеді. Н.Назарбаевтың алдына қойған ең басты мақсаты да адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының Конституцияға сәйкес іске асуы, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, ел бірлігін сақтау. Мемлекеттің экономикасын және саяси жүйесін дамыту, халықтар достығын нығайту, еліміздің өркениетті елдер қатарына көшу екені баршаға аян. Мемлекетіміздің атынан өкілдік етіп келе жатқан ең жоғары лауазымды тұлға Н.Назарбаев еліміздің абыройын, атағын асқақтатып, Отанымыздың беделін биікке көтеріп келе жатыр. Елбасының беделі елдің берекесі, барды бағалай білу елдің әрбір азаматының қасиетті борышы.

Қоғамды демократияландыру барысындағы сот жүйесі жетістіктеріне тоқталсақ. Президент Н.Назарбаевтың сот жүйесін жетілдіру жөніндегі бастамалары мен тұжырымдары заң ретінде толық қабылданды. Біріншіден, конституциялық реформалар барысында сот жүйесін жетілдіруге аса мән берілді. Бізде қазірдің өзінде сот жүйесі халықаралық деңгейге жұмыс жасай бастады. Оны сот орындарының жұмысын және сот мәселесіне қатысты шет елдерде өткен ғылыми конференциялардан байқап жүрміз. Сол конференциялар барысында Қазақстанның сот жүйесіне жоғары баға берілгенін көреміз.

Әсіресе, бізде мамандандырылған сотардың құрылуы айтарлықтай ілгерілеушілік болып табылады. Айталық, Алматы қаласында британ үлгісіндегі қаржылық сот құрылды. Осы арқылы Қазақстан жетілген тәжірибені өз қолданысына енгізіп, енді ол тәжірибені өзгелермен бөлісуге де даяр. ТМД аумағындағы елдер Қазақстанды өздеріне үлгі тұта бастады. Реформалар барысында жеткіншектермен жеке айналысатын ювеналдық сот құрылды. Бұл болашақ ұрпақ үшін аса маңызды. Сонымен бірге қабылданған конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес санкция беру сотқа жүктелді. Сот реформасының бір ерекшелігі, Жоғарғы сот кеңесіне біліктілік алқасы біріктіріліп отыр. Бұл болашақ судья кадрларын іріктеп алуға үлкен үлес қосатыны сөзсіз.

Депутаттар саны көбейіп, Қазақстан Халқы Ассамблеясының өкілдеріне Парламенттен орын берілді. Бұл жаңалықтың халыққа берері мол.

Мәжілістегі депутаттар саны елдегі заңға орай 154-ке жетті. Мәжіліс тарағандай болса заң шығару қызметін сенат атқармақ. Бұл заң шығару жүйесін дағдарыска ұрындырмай бірқалыпты дамытудың кепілі болып табылады. Сонымен бірге депутат сайлау пропорционалды жүйе бойынша атқарылуда. Бұл да ілкінді ілгерілеушілік. Ал Қазақстан Халықтары Ассамблеясына конституциялық мәртебе беріліп, оның өкілдеріне парламенттен орын бөлінді. Оның мәнісі тым терең жатыр. Біздің Конституциямызда мемлекетіміздің қазақ жерінде баянды болып отырғаны айрықша атап көрсетілген. Мұның өзі жердің қазақтікі екенін айқындап өзге ұлттардың қоғам ісіне белсене араласуына жол ашады. Елдегі ұлттар мен ұлыстардың барлығы өз Отанын дамытуға өздері жұмылғанда өзге ұлт деген ұғымнан да арыла бастайтынымыз анық. Мұның өзі сайып келгенде қанға сіңген кеңпейілділіктің, баянды достықтың нәтижесі. Бұл ортақ мұддеге қол жеткізуге жетеледі.

2007 жылы қабылданған ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңда осы айтқан идеялар заңдылық тұрғыда өз көрінісін тапты.

Заңға енгізілген өзгерістерді алып қарайтын болсақ, саяси партиялардың роліне ерекше мән беріліп, қоғамдық ұйымдар мен саяси партияларға үкімет есебінен қаржы көздері карастырылатын болды. Жеңіске жеткен саяси партиялар үкіметті жасақтауға үлес қоспақ. Заң бойынша жергілікті өзін өзі басқару органдардың өкілеттігі кеңейіп барлық саладағы әкімдер жергілікті мәслихаттар арқылы сайланады. Әрі жұмыстан да солардың құзырымен босатылады. Сонымен бірге өлім жазасы туралы мәселе де заңда көрініс тапты. Өлім жазасы бұрынғыдай барлық қылмыстың түрінде емес, тек екі түрлі қылмыс жағдайында орындалады. Біріншісі, соғыс жағдайында өте ауыр қылмыс жасағандарға, екіншісі, террорлық әрекетке барып, соның нәтижесінде адам өліміне себепкер болғандарға. Осындай істерді жүзеге асыруда мемлекет басшысы БАҚ өкілдеріне үлкен сенім артып отыр. Сондықтан БАҚ-на ерекше мән беріліп, құқығы заңмен реттеледі. Осы айтылғандардың барлығы, айналып келгенде, еліміздегі демократиялық процестердің халықаралық деңгейге сай жүзеге асырылып жатқандығын көрсетеді.

Бүгінгі таңда еліміздің экономикасы жылма-жыл өркендеуде, серпінді технологиялар жасалып жүзеге асырылуда, халыққа электронды қызмет көрсету, интернет жүмысын тиімді пайдалану, электрондық сауаттылықты арттыру, қаржы рыногын жетілдіру міндеттері алға қойылды. Алдағы максат – Қазақстанның Бүкілэлемдік Сауда ұйымына кіруі, Еуроодаққа төрағалық ету, дағдарыстан тез шығып, даму, өркендеу жолына бет бұруы, сәйтіп өзіміздің өндірген тауарларымызды тиімді, пайдалы бағамен сатуға қол жеткізу болып тұр. Осы алға қойған максаттардың толық жүзеге асырылуының негіздері – заңдылық пен құқық тәртібін нығайту, Қазақстанда мекендейтін барлық ұлттардың татулығы, бірлігі, конституциялық тең құқылығын қатаң сақтау болып табылады.

ӘЛЕМДЕГІ ЕЛДЕР КОНСТИТУЦИЯСЫ

Қытай Халық Республикасының Конституциясы 1949 жылы қабылданды. Қабылданғаннан кейін төрт мәрте, 1954, 1975 және 1978 жылы өзгеріске ұшырады. Төртінші, қазіргі таңда жүзеге асырылып отырған Конституция 1982 жылы қабылданған. Ал, 1988, 1993, 1999 және 2004 жылдары аталмыш Конституцияға өзгерістер енген.

***

Қырғызстан Республикасының Конституциясы 1993 жылы 5 мамырда Жоғарғы Кеңестің XII сессиясында қабылданды. Сол кезден бастап, Қырғызстан Республикасы Қырғыз Республикасы болып ауыстырылды. Ал, 1978 жылы қабылданған Қырғыз ССР Конституциясы сол күннен бастап өз күшін жойған. Конституция қабылданғаннан кейін ішінара өзгерістер енгізілген, ондағы зан күштері төрт мәрте жаңартылған. Яғни, 2003 жылдың ақпан, 2006 жылдың қараша және 2007 жылдың қазан айларында өзгерістер енген.

Ал , 2007 жылдың 21 қазанында Қырғыз Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес бүкілхалықтық референдумда, Қырғыз Республикасының Президенті Е.Бакиевтың ұсынысымен Конституцияның өзгерген жаңа қырлары қабылданды. Өзгертілген және толықтырылған Қырғыз Конституциясындағы жаңа зан 2007 жылдың 24 қазанында өз күшіне енді.

***

1992 жылдың 8 желтоқсанында Өзбекстан Жоғарғы Кеңесінің XI сессиясында бірауыздан мемлекеттің Негізгі заңы қабылданды. Дәл осы күні Президент Ислам Кәримов «Өзбекстан Республикасының Конституциясының қабылдануы» туралы заңға қол қойды. Конституция күнінің жариялануы Өзбек Республикасының бүкілхалықтық мерекесі болып аталып өтілді.

***

Ресей Федерациясының Конституциясы 1993 жылдың 12 желтоқсанында өткен референдумда қабылданды. Конституция – Ресей халқы үшін аса мәртебелі күн болып есептеліпеді. Тоқсаныншы жылдардың аяғында Ресей Конституциясы өтпелі кезеңді бастан кешті, екі бірдей саяси дағдарыска қарамастан өзіндік арыздының сақтан қалды.

Бүгінгі Конституция – Ресей мемлекетінің демократиялық дамуының басты тетігі. Бұл тек жақсы ништандардың декларациясы ғана емес, сонымен бірге жұмыс істеудің нақты әрі негізгі күші болып есептеліпеді.

***

Америка Құрама Штаттарының негізгі Заңы оның Конституциясы болып табылады. АҚШ-тың Конституциясы 1787 жылдың 17 қыркүйегінде қабылданып, Филадельфияның Конституциялық конвенциясының және сол кездегі он үш америка штатында ратификацияланған. Қазіргі түсінік бойынша ол дүниежүзіндегі ең алғашқы Конституция болып табылады. Ол жеті тараудан тұрады, осы күнге дейін Конституцияның қызмет ету барысында небары жиырма жеті өзгерту енгізілген.

Дайындаған С. ӘЙТЕНОВА.

Қазақстан-2030

Ауыл өркениеттің алтын бесігі саналады. Сондықтан оның өміршеңдігі мен оңтайлы тұстарын кең ауқымда пайдаланған елдер ғана мамыражай тірлік кешіп жатыр да, ауыл келешегіне атүсті қарап, тереңіне үңілмегендері беделді бикке шыға алмай келеді. Осыған орай, көшпенділер мәдениетінің жібін жалғап келген халқымыздың тарихында ауыл бейнесінің алар орны ерекше деп айтуға болады. Өткенді парақтап көрер болсақ, қазақтың құны төзбес мұрағаттары осы өңірден нәр алса, елге сыйлы тұлғаларының бәрі парасатын сонда шыңдап, үлкен өмірге бағыт алғанын теріске шығара алмаймыз. Ендеше, бұдан кейін де ел тұтқасын ұстайтын азаматтардың сол өңірден өсіп шығатынын мойындауымыз керек.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Ауылға тарт, жас маман

Десе де, ырысы мен берекесі шалқыған қазақ ауылдарының бүгінгі қал-күйі қандай? Бәрімізге мәлім, 2002–2005 жылдар аралығындағы «Ауыл жылдары» бағдарламасы аясында көптеген жұмыстардың басы қайырылды. Нәтижесінде, тоқсаныншы жылдары түрғындар саны сиреп, құлазып қалған ауылдың бейнесі шын жаңа түрге енді. Былайша айтқанда, төскейде малы мыңғырып, атызда егіні бітік өсіп, көңілге қуаныш ұялатын жағдайға жеткеніміз анық. Құдайға тәубе, ауылдағы ағайынның дастарқаны толықты, қарны тоқ, көйлегі көк, бас ауруы сейілген жағдайға жеттік. Алайда, мұнымен бәрін тындырдық деп айтудан аулақпыз. Алдымызда тәуелсіз ел ретінде іргелі мемлекеттермен иық тірестіретін мақсатқа жету мұраты тұр. Дамыған елу елдің қатарына енеміз дейтін стратегиялық бағытымызды ескерсек, туған өлкеміздің инфрақұрылымын түлететін жаңа технологиядан хабары бар мамандар тапшылығы салдарынан барымызды пайдаға асыра алмай жатқанымызды да жасыра алмаймыз.

Саясаткерлер мен экономистердің пікірінше, қалаға иек артқан ауылдың әлеуметтік жағдайы қашан да түйық-талып отырады. Ал, ауылға сүйеніп, қаланы дамыту үдерісін қалыптастырып үлгерген елдер бүгінгі экономиканың тетігін меңгереді деп қарайды. Сондықтан қазіргі таңда халқымыздың 60 пайызға жуығы ауылда тұратындықтан, қазақ елінің келешегін тас қорғанды қаладан емес, жусан иісі аңқыған даладан іздеу керектігін әркімге айшықтап айтып жату қажет емес те.

Бұл бағытта атқарылып жатқан игілікті шаралар да көңіл қуантарлық дәрежеде. Осыған орай, 2008 жылдың 24 желтоқсанында Елбасы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала қызметкерлерін әлеуметтік қолдау және ынталандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Маңызды құжат 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Онда ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамту, мәдениет және спорт саласының мамандарын жан-жақты қолдау шаралары көзделген. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысында бекітілген Ережесінде әлеуметтік қолдау шараларын көрсету көлемі мен тәртібі анықталған. Яғни, ауылды жерлерде тұруға және қызмет істеуге барған маманға жетпіс еселенген айлық есептік көрсеткішке тең (89100 теңге) сомадағы көтерме жәрдемақы мен алты жұз отыз еселенген айлық есептік көрсеткіштен (801990 теңге) аспайтын сомадағы бюджеттік несие беріледі. Несие сомасының жылдық пайызы 0,01 пайызбен 15 жыл мерзімде өтеледі. Ережеге сәйкес көтерме жәрдемақыларды төлеу 2009 жылдың 1 шілдесінен, мамандарға тұрғын үй алуға несие беру 2010 жылдың 1 қаңтарынан басталады делінген. Сондай-ақ бюджет кодексіне сәйкес, несиелендіру тапсырма шартының негізінде қаржы агенті болып «Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ы айналысса, комиссияның жұмысшы органы болып облыс, аудан, қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы мен бөлімдері шығылданады деп көрсетілген. Сондай-ақ, әлеуметтік қолдау шаралары мамандарға бес жылдан кем емес мерзімге жұмыс жасау шартымен жолға қойылады.

Ауылды жерлерде тұруға және қызмет істеуге барған маманға жетпіс еселенген айлық есептік көрсеткішке тең (89100 теңге) сомадағы көтерме жәрдемақы мен алты жұз отыз еселенген айлық есептік көрсеткіштен (801990 теңге) аспайтын сомадағы бюджеттік несие беріледі. Несие сомасының жылдық пайызы 0,01 пайызбен 15 жыл мерзімде өтеледі.

Мұның өзі бір жағынан ауылға беттеген жас мамандарға жасалған тың қолдау болса, екіншіден, жастардың жақсы шарт-жағдайда білімі мен біліктілігін арттыруда тың бастама болары анық. Осындай ынталандырудың нәтижесінде, қазір оқу орнын бітірген түлектер белсенді түрде ауылға беттеуде. Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының мәліметіне сүйенсек, өткен тамыз айында облыс аумағындағы елді мекендерге жолдама алған 43 жас маманға аталған қаулыға сәйкес 90720 теңгеден көтерме жәрдемақы берілген. Жалпы құны 3,9 млн. теңгені құрайды. Мұның ішінде, Ақсу ауданына медициналық оқу орнының 6 түлегі барғаны осы өңірдегі маман тапшылығы мәселесін шешуге сеп болғаны хақ. Бұл туралы аудандық емхананың бас дәрігері Әшімғали Жұмағелдиннен сұрап көрген едік.

– Ақсу аудандық денсаулық саласы білікті маманға зәру болып келген еді. Өрине, мұнда бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан мықты дәрігерлеріміздің өзіндік іс-тәжірибесі бар дегеніміздей, олардың дені зейнет жасына жетіп қалғандар. Оның үстіне жаңа емдеу аспаптарының тілін білетін адамдарға мұқтаж едік. Осы мәселені шешу үшін аудан әкімі Әскербек Дүйсембаевтың тікелей нұсқауымен өткен жылы 4 жас маман дәрігер (2 хирург, 2 анестезиогрениматор) жұмысқа алынып, олар жеке пәтермен қамтамасыз етілді. Сонымен бірге, әрбіріне 100 мың теңге көлемінде жәрдемақы төленген болатын. Жастың аты жас емес пе? Емдеу барысындағы көрсеткіштерімізде өсе түсті. Осыған орай, өткен тамыз айында қатарымыз 2 дәрігер, 4 орта буын медбикемен толықты. Оларда Үкімет тарапынан төленетін көтерме жәрдемақыларын алды. Аудан әкімдігі де қолдан келген бар жағдайды жасайтындығын білдіріп отыр. Алдағы уақытта да жас мамандарды қатарымызға тартуға даярмыз, – деді ол.

Иә, бұл бір ғана Ақсу ауданының жастарға сенім артып отырғанын білдірмейді, облыс аумағындағы барлық елді мекендегі жағдайды көрсетеді. Бірақ, аталған басқарманың осы салаға жауапты қызметкерлерінің айтуынша, қазір мәдениет, спорт, әлеуметтік қамту салаларында маман тапшылығы анық аңғарылады. Тек Қаратал ауданының мәдениет саласына ғана биыл 3 жас маман жұмысқа тұрғаны болмаса, басқа елді мекендерде ауыз толтырып айтар көрсеткіштер жоқ дерлік. Осыған байланысты Қаратал аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Жекен Теберіков:

– Елбасының «Мәдени мұра» бағдарламасы мен облыс әкімі Серік Үмбетовтің мәдени мұрағаттарды ұлықтау барысында атқарып отырған игілікті шараларын одан әрі ілгерілету үшін мәдениет саласының білгір мамандарына деген қажеттілік артып келеді. Сондықтан биылғы жылы І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетін бітірген үш түлекті жұмысқа қабылдап алдық. Атап айтар болсақ, Балтабек Көкімов Бастөбе ауылдық округіне, Марат Демеуов Айтуби ауылдық округіне қарасты Көкпекті ауылына және Ақгүл Нұрпейісова Қаражиде ауылына жұмысқа қабылданды. «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, мен жастарға сенемін» дегендей, бізде осы жас мамандардың аудан халқының мәдениет өресін көтеруге өзіндік үлес қосатынына сенеміз. Аудан әкімінің тапсырмасымен әлі де 7 адамды жұмысқа алу жоспарымызда бар, – дейді бізге берген сұхбатында.

Әйгілі Кейқауыстың «Қабуснама» кітабында: «Кім мені аялы алақанымен әлпештесе, сол менің әке-шешем, қай жерде бақытымды тапсам ол – ата-жұртым» деген нақыл сөз бар. Мұндағы айтпағымыз, өлкемізге басқа облыстардан келіп, ел игілігі үшін еңбек етемін деушілердің қатары күн сайын артып келеді. Соның бірі І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің түлегі, Қаратал ауданы Бастөбе ауылдық округінде жаңа жұмысын бастаған Балтабек Көкімов.

– Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында тудым. Ауылымдағы Шәкір Өбенов атындағы мектепте оқыдым. Мұны айтудағы себебім – Шыңғыстаудың батагөй ақсақалы Шәкір ата Елбасы Жидебайға барған бір сапарында бата берген екен. Сол батаны бүгіндері ел жыр қып айтады. Онда Президентіміздің ауылда туып, өмір жолын сол өңірден бастап, қара орман қазақтың басы болған таланты мен табандылығын Алланың қазаққа берген лекеттік университетін бітірген үш түлекті жұмысқа қабылдап алдық. Атап айтар болсақ, Балтабек Көкімов Бастөбе ауылдық округіне, Марат Демеуов Айтуби ауылдық округіне қарасты Көкпекті ауылына және Ақгүл Нұрпейісова Қаражиде ауылына жұмысқа қабылданды. «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, мен жастарға сенемін» дегендей, бізде осы жас мамандардың аудан халқының мәдениет өресін көтеруге өзіндік үлес қосатынына сенеміз. Аудан әкімінің тапсырмасымен әлі де 7 адамды жұмысқа алу жоспарымызда бар, – дейді бізге берген сұхбатында.


Әйгілі Кейқауыстың «Қабуснама» кітабында: «Кім мені аялы алақанымен әлпештесе, сол менің әке-шешем, қай жерде бақытымды тапсам ол – ата-жұртым» деген нақыл сөз бар. Мұндағы айтпағымыз, өлкемізге басқа облыстардан келіп, ел игілігі үшін еңбек етемін деушілердің қатары күн сайын артып келеді. Соның бірі І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің түлегі, Қаратал ауданы Бастөбе ауылдық округінде жаңа жұмысын бастаған Балтабек Көкімов.

– Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында тудым. Ауылымдағы Шәкір Өбенов атындағы мектепте оқыдым. Мұны айтудағы себебім – Шыңғыстаудың батагөй ақсақалы Шәкір ата Елбасы Жидебайға барған бір сапарында бата берген екен. Сол батаны бүгіндері ел жыр қып айтады. Онда Президентіміздің ауылда туып, өмір жолын сол өңірден бастап, қара орман қазақтың басы болған таланты мен табандылығын Алланың қазаққа берген

● БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

Ажырасудың СОҢЫ

немесе оның баланың мінез-құлқына әсері



Бұл мүшел жасқа аяқ басқан Айымның ойына әкесі жиі-жиі түседі. Бұрын-соңды мән бермеуші еді. Ес білім, етек-жеңін жинай бастаған соң ба, өзі сияқты басқа балаларды әкесі еркелетіп жатқанда көздері мөлтілдеп жасқа толып, сырт айналып кететінді шығарды. Содан оңашада отырып алып: "Неге менің әкем келмейді екен? Анам екеуі не себепті тіл табысып тұра алмады?" – деп өзі үшін жұмбақ сұрақтың жауабын іздейді. Шешесі жұмыс іздеп, қалаға кеткен. Біраздан бері туыстарының қолында тұрып жатқан ол: "Әкем болса гой, бүкіл біреудің қас-қабағына қарап жүрмес едім" деген ой жетегінде өзін өзі әлемдегі ең бақытсыз бала сезінеді. Содан бір уақытта "әйтеуір, әкем бір іздеп келеріне сенемін, сол күн мен үшін бақытты болмақ" деп өзіне сурет арқылы ғана таныс бейнені көз алдына келтіріп, бала қиялға беріледі.

Неке қидырмай бірге тұру сәнге айналғандай

Айымның басындағы бұл жағдай жесті өсіп жатқан әрбір баланың бастан кешпер сезімі. Некесі сәтсіз болып, ажырасқан отбасының зардабы бірінші кезекте балаға тиетіндіне осы мысалдың өзі-ақ дәлел.

"Үйлену оңай, үй болу қиын" демекші, шаңырақ, отау құрудың баланың ойынмандай санап, бүгін қосылып, ертең ажырасып жататындар қатары күн санап көбейіп отырғаны алаңдатарлық жағдай. Дерек көзіне сүйенсек, еліміз бойынша отбасылардың 73 пайызы сәтсіз болып есептеліп, әрбір 3-ші бала толық емес отбасында өсіп келеді екен. Бұл дегеніңіз, ұрпақ тағдырына немқұрайлы қарау дегең сөз.

Ажырасу екі адамның отбасылық мәселесі дегеніміздей, оның артында адам тағдыры тұр. Ол жасөскін – ертеңгі мемлекетіміздің құраушы. Сондықтан әрбір отбасының берекілігі – елімізді бүгіндігі, болашағымыздың жарқын көрінісі.

Дей тұрсақ та, кейінгі жастар арасында отбасы, ошақ қасы мәселесіне жеңіл түрде қарау белең алғаны жасырын емес. Үйленіп, үй болу тұрмақ, неке қидырмастан бір шаңырақ астында тұрып, мінезі, көзқарасы жараспаса, оп-оңай айырылысып кететіндер көбейді. Азаматтық неке деп телінген мұндай шаңырақта не еркек, не әйел жауапкершілік жүгін артпайды. Осыдан кеш, тастанды жетімдер, бақытсыз тағдырлар құралып, екі жастың ойсыз әрекеті жазықсыз сәбидің көзіндегі тұңғиық мұңға, жүрегіндегі зұлм салмаққа айналуда.

– Қазіргі қоғамда отбасының ыдырауы жаңалық емес. Оны жеңіл түрде қабылдайдымыз. Бұл, әрине, дұрыс емес. Өйткені, ерлі-зайыпты ажырасу арқылы өздерінің ішкі мәселесін шешуі мүмкін, ал оның салдары балаға тиеді, – деді бізбен әңгімесінде "Жас ұрпақ" жастар қоғамдық бірлестігінің төрайымы Бақыт Қалиева. – Тіпті ажырасуды айтпағанның өзінде отбасында кірбің орын алса, үйдегі үшінші адам, яғни бала зардап шегеді. Ата-ана арасында ұрыс-керіс жиі орын алатын үйдегі бала да безіп, далаға жан сауға іздеп кетеді. Немесе екеуінің ортасында жалғыздықты күй кешіп, түңғиыққа батып, күйзеліске түседі. Өзі сынды балалардың тұрмысымен салыстырып, жақсы тұратын ата-аналарға қарайды. Осы бір-біріне қарама-қайшы екі көрініс әлі де санасы жетілмеген баланы ұзақ, көбіне оның теріс жолға түсуіне ықпал жасайды. Өйткені, ата-анасы оған ол қалағандай қалыпты тәрбие беріп, дұрыс жолға жетелей алмайды. Олай деуімізге себеп, біз көбіне мектептер бойынша қиын балалармен жұмыс жасаймыз. Олардың тағдырына үңілгенде әке-шешесі ішкіш немесе толық емес отбасы балалары екендігіне көз жеткіземіз. Мұндай балалардың үйінде болып, әке-шешесімен де сөйлесеміз. Сонда ешбір ата-ананың "мен балама дұрыс тәрбие бере алмадым, кінәлімін" деген сөзін есті алмадық. Әке-шешесі "тіліміздің алмайды, айтқанымызды істемейді" деп көбіне балаға кінә жабады. Ал, негізгі кінәнің тәрбиені ақсатып алғандығының өзінде жатқанын ескермейді. Баланы асырап, бағып жатқанын міндет санайды. Қандай бала болсын, әке-шеше асырауынсыз да аш қалмайды. Өйткені, оны қоғам өзі тәрбиелейді. Біреуден ұрлап, тартып алса да, өзіне бір үзім нан тауып жейді. Ең қиыны – осы аралықта баланың қоғамға деген көзқарасы өзгеретіндігі. Оның кешкен қиын тағдырынан бойына жиналған ашуыза кек қылмыстарға жетелейді. Сөйтіп, түрме тордынан бірақ шыққан балалар да бар, – деген Бақыт Асанқызы бұдан соң орталық қолушыны созған кейбір баланың тағдырына тоқталды.

Жезөкшелік жолға жақын қалды

Мәселен, Талдықорған қаласындағы Мейір есімді баланың жесі ерте кайтыс болып, шешесі шкілікке салынған. Сынып жетекшісі баланың тәртібінің нашарлығын алға тартқан. Баламен жұмыс істеу кезінде оның да басқалар сияқты жүрегінде арман-тілегі бар екендігін ұққан орталық мамандары қолдан келген көмегін көрсетіп, нәтижесінде баланың тәртібі түзелін, сабаққа қатысуы жақсарған. Мектеп бітіру кезінде де қолдау көрсетіп, бір болған орталық басшысына Мейір: "Егер менің үйім болса төріме шамды емес, Рая Қасымханқызы ("Жас ұрпақ" тәрбиешісі – А.Е.) екеуіңді отырғызар едім, – деген екен. Бұл да болса, анасынан сезінбеген жылуды орталық қызметкерлерінен көргендігіне алғыс сезімін білдірген. Кейін Мейір жұмысқа орналасып, қалыпты тірлік кешіп жатқан. Алайда, бала кезінде дұрыс күтімнің болмауы себебінен екі бүйрегіне суық тигізген екен. Соның салдарынан кайтыс болды.

Отбасылық тәрбиенің дұрыс жүргізілмеуі әсіресе, қыз бала тағдырына катты әсер етеді. Мектеп жасындағы Ә. есімді қыздың ата-анасы ажырасқан, әкесі басқа отбасыны болып кеткенде, шешесі жезөкшелік жолға түскен.

Қараусыз қалған Ә. сабаққа қатыспай, қыздарға қосылып, жаман жолға түсуге жақын қалған. Анасынан алып, атасы мен апасының қолына тәрбиеге берген де оларға көнбей жиі кашатын болған. Мезі болған қауқарсыз атасы мен әжесі де қыздан бас тартқан.

Жас қыздың тағдырына алаңдаушылық білдірген "Жас ұрпақ" қоғамдық бірлестігі оның мен жеке жұмыс жүргізу арқылы және салып, балалар үйіне орналасуына ықпал жасаған. Мамандар жүргізген үлкен жұмыс нәтижесінде Ә.:

"Мен адам болу қажеттігін түсіндім. Кешегі өмірімнің ешқандай мәні жоқ екен. Көше кезіп, бұзылған қыздарға қосылу арқылы мен өзіме ғана қиянат жасапты", – деп ағынан жарылған.

Барлық баланың арманы бір – ол жақсы өмір сүру, жақсы азамат болу. Қиын тағдырына қарамай, биік-биік армандарға қол жеткізгісі келеді. Ешбір бала "террорист не баскесер болам" деп айтпайды. Мәселен Ә. үлкен қызметкер болғысы келсе, қиын балалар қатарындағы С. есімді жасөспірім заңгер болуды қалайды. Неге ол мамандықты таңдағын келеді десе, "біздің Қазақстанда заңдылықты білетін заңгер бар ма, ал мен нағыз білікті маман болғым келеді" дейді ішкі сырын ақтарып. Бұл – 15 жасар баланың жүрегінің түбіндегі арманы, ойы, қиялы. Ал осындай балаларды жолдан тайдырып, бала арманының қанатын қиып, сағын сындыратын, олардың қатал өмір кешуіне себепші болатын үлкендер емес пе? Егер ол отбасында дұрыс тәрбие көріп, жақсы оқып, білім алса, өзі армандағандай заңгер болмасына кім кепілдік береді?

Бала жүрегінің жарасы

Бүгінгі таңдағы баланың жүрегіне ауыр тиер дерт – ата-анасы ажырасқан соң, олардың басқа адаммен көңіл қосуы. Бұл турасында №14 орта мектеп-гимназиясының психологы Сайлаухұл Жансеркенова төмендегідей ой бөліседі.

– Қазір ажырасқан отбасылар немесе баласын өзі тәрбиелеп жатқан жалғызбасты аналар көп. Егер отбасында айтарлықтай материалдық қиындық болмай, ана бала тәрбиесін қалыпты жүргізе алса, ондай жағдайда баланың ашуланшақтығы, ұрысқақтығы, ата-анасына деген сенімсіздігі, қорқақтығы, ұялшақтығы, өзіне деген сенімсіздігі, ұялшақтығы, өзіне деген сенімсіздігі, ұялшақтығы, өзіне деген сенімсіздігі

Егемен Қазақстан
ГАЗЕТІНЕ – 90 ЖЫЛ

«Егемен Қазақстан» басылымы елдіктің биік мінбері десек, Елбасының көзі, құлағы, тілі «Егеменнің» бүгінгі таралымы 150 мыңдық тиражы мен Елбасының: «Отанымыздың бас газеті» деген бағасы оның бедел-биігінің жоғары екендігінің дәлелі. Газет ең алдымен ел өмірінде орын алған өркенді жақсылықтарды жұртқа жария етіп, әрқашанда тәуелсіздігіміздің ертеңін кемелдендіруге ұмтылады. Қазақ баспасөзінің қара шаңырағы саналатын басылым ағымдағы жылдың желтоқсан айында 90 жылдық мерейтойын атап өтпек. Осыған орай, тоқсанға толған басылым облыстардағы оқырмандармен кездесулерін бұдан бұрын Абай топырағында өткізсе, бұл жолы Жамбыл жері мен Жетісуда жалғастырды. Енді Махамбет туған жерінде газет күндерін өткізуді жоспарлаған. Оның да өзіндік себебі бар. «Егеменнің» өткен кезеңдердегі басшылықтарында ұлтымыздың заңғар тұлғалары тұрғанын ескерсек, Абай еліне, жыр алыбы, XX ғасырдың Гомері атанған Жамбыл жеріне, Махамбет жерінде барып тағзым ету ұлағатты қадам екендігі даусыз.

ЕЛДІК ПЕН БІРЛІКТІҢ ҮНІ

Қажет АҢДАС,
"Жетісу"

«Егемен Қазақстан» АҚ-ның президенті Сауытбек Абдрахмановтың басшылығымен қасиетті өлкеге қадам басқан топта топ жетекшісі Жұмагүл Солғы, Алматы бөлімшесінің басшысы Қорғанбек Аманжол, шолушылар Мадияр Жақып, Гүлзейнеп Сәдірқызы, Айнаш Есали, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы меншікті тілшілер Күмісжан Байжан, Көсемәлі Сәттібай мен Бақтияр Тайжан, фототілші Берсінбек Сәрсенов болды.

«Егеменнің» елдікке бастар сөзі мен дүғай сәлемін арқалағандарды облыс әкімі **Серік Үмбетов** қабылдап, жылы лебіз білдіріп, облыстың аграрлы аймақ саналғанымен кейінгі жылдары өндіріс ауқымы кеңейіп, индустрияланғанын, инновациялық тың жобалардың дамуы мен өркендеуін алға тартты. Биылғы жыл облыс үшін берекелі болды. Агротехникалық шараларды тыңғылықты атқарылуының нәтижесінде егіс-өнімінен мол өнім жиналған. Сондай-ақ, Елбасының тапсырмасымен ауылдық елді мекендерді әлеуметтік салаға облыстық бюджеттен қомақты қаржы қарастырылды. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағытында көптеген өндіріс орындары іске қосылып, жаңа жұмыс орындары ашылды. Өңдеу саласын жетілдіріп, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында Алматы қаласы маңайының азық-түлік белдеуін қалыптастырды, Талдықорғанда жаңа ғимараттар бой көтеріп, қала көркіне көрік қосылса, салт-дәстүрге сай қазақүйленіп, қонақжайланып, дастарқанынан ұлттық тағамдар орын алды. Елбасы қазығын қаққан Жетіген –Қорғас темір-жолы облыс экономикасын қанаттандырарлық оқиға десек, өзге де өркенді істер қатары жеткілікті.

Өңірдегі осындай жағымды істермен рет-ретімен танысқан қонақтарды облыс әкімінің рухани байлыққа деген көзқарасы мен құрметі қуантып тастады. Әсіресе, Серік Өбікенұлының қазақжандылығы; қазақ тілді басылымға деген жанашырлығы, төл тарихымыз бен мәдениетімізге деген қамқорлығы риза көңілге бөлейді. Сонымен бірге, рухани құндылықты назардан тыс қалдырмаған облыс әкімінің бастамасымен дәстүрлі түрде өтетін аудандардың мәдениет күндері, «Атадан –ұлағат» атты ақсақалдар жиыны, ақжаулықты әжелер байқаулары ұрпақ сабақтастығына жол салса, тарихта елеулі орын алған тұлғаларға арналған ескерткіштер елдіктің беделін өсіріп, жастардың ғибратты тәрбие көзіне айналған. Жетісу жеріндегі ақын-жазушылар мен өнер адамдарына арнайы грант бөлініп, мәдениетті мәйектетуге серпін бергені өз алдына.

Бір айта кетерлігі, кездесу барысында Серік Өбікенұлы Жамбыл бабамыз бен Нұрғиса атамыз жайында айтқан келісті ойлары мен «Егеменнің» әр қызметкеріне деген ілтипаты, жақсы лебіздері журналистердің мәртебесін көтергені анық. Басшылық қызметте жүріп, төртінші билік өкілдерінің жазғандарына зер салып, байқап отыратын қырағылығы басқаларға үлгі боларлық.

– «Егемен Қазақстан» – ел тарихында, оның өсіп-өркендеуінде ерекше орны бар басылым. Жақсы адам 90 жаста ақыл-ой дария, қазыналы абызға айналады. Бүгін, оқырман ретінде айтатын болсам, «Егемен Қазақстан» да сондай толысқан, кемелінге келген деңгейінде. «Көз жетпеген жерге сөз жететінін» дәлелдеп отыр. Сондықтан сіздер көтерген мәселенің қай-қайсысына болсын ел зор сеніммен қарайды, ел «Егеменге қарап көш түзейді. Облысымызда атқарылған игі істерде газет бетінде ұдайы көрініс тауып келеді. Осы орайда газеттің Алматы облысындағы меншікті тілшісі Күмісжан Байжанға да алғыс айтқан жөн, – деді.

Будан кейін сөз кезегін алған «Егемен Қазақстан» АҚ президенті **Сауытбек Абдрахманов** басылымның өткені мен бүгіні жайында тағылымды ой өрбітті. Облыста Елбасы тапсырмасымен жүзеге асқан табысты жұмыстарға шын жүректен тілектестігін жеткізді, ел мен жер, бүгінгі көкейкесті мәселелерге кеңінен тоқталды. Одан әрі «Егемен Қазақстан» газетінің сын сағатта байыпты көзқарас ұстануымен, Елбасының саясатын халыққа қалтқысыз жеткізуімен құнды екендігінде тілге тиек етті. Кездесуде облыс әкімі қаламгерлерге сый-сияпат жасап, әрдайым ел ертеңі үшін төккен терлерінің өтеуін көруге жазсын деген ізгі тілегін айтты.

Әкім қабылдауынан кейін журналистер І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде студенттермен кездесті. Аталған оқу орнының ректоры Өбідиманап Бектұрғанов білім ордасындағы заман талабына сай атқарылып жатқан жақсы жағдайларды жіпке тізіп, облыс әкімінің грантымен иеленген 120 білімгердің бар екендігін де атап кетті. Қазіргі жастарға артылар үміт пен сенім жүгі ауыр. Сондықтан аталған газетте жастарға бағыт-бағдар беретін материалдар жиі жарияланады. Білім ордасында аталған газет оқырмандары да мол екен. Олар Сауытбек Абдрахмановқа сұрақтар қойса, газет басшысы студенттерді қызықтыратын сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап қайтарды. Кездесудің соңы «Егемен Қазақстан» газетінің 90 жылдығына арналған концерттік бағдарламаға ұласты. Ән-күй айшықталып, «Егеменнің» қаламгерлеріне арналған жас талапкерлердің жырларына ұласқан кездесу көңіл тербеді.

Будан соң облыс әкімінің кеңесшісі Кеңесбек Демешов пен облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Гүлжиян Сүлейменова бастаған егеменқазақстандықтар Текелі қаласына жол тартты. Бөрімізге мәлім, Текелі қаласында орын алған зілзала елді абдыратып тастаған еді. Десе де, облыс әкімінің басшылығымен жағдай тез арада қалпына келтірілді. Қираған үйлер қалпына келтіріліп, 30 отбасына баспана берілді. Журналистер осы отбасылармен де кездесті. Бұзылған ғимараттар ағымдағы және күрделі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілген. Соның бірі 130 адам тұратын қарттар үйі. Аталған нысанға бас сұққан егеменділіктер қарттардың көңіл қуанышын көріп, жадырады. Қарттардың Елбасы мен облыс әкімін айтқан алғыстарын естіп, көңілдеріне жұбаныш ұяласа, қамкөңілді жандар «Егемен Қазақстан» газеті жайлы толғамды өңгімелер айтты. Будан кейінгі кездесулер қаланың №1 орта мектебінде, балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт сарайында, Текелі шипажайында жалғасты. Осы жерлердің бәрінде де Елбасы мен облыс әкімінің атына айтылған алғыстарға қанығып, бақытты да шат өмірдің қызығын сезіне түсті.

Сапардың екінші күні егеменқазақстандықтар ақындар мен батырлар елі атанған Жамбыл ауданына бет алды. Таяуда ғана 80 жылдық мерейтойын атап өткен киелі мекен әлі де сол думанда екен. Аудан әкімі Махаббат Бигелдиев пен орынбасары Жандарбек Далабаев қонақтарды қозыкөш жерден қарсы алды. «Егемен Қазақстан» газетінің күндері Жамбыл баба жерінде жалғасын табуы да жарасымды. Аудан әкімдігінде болған жылы жүзді, әдемі кездесуден кейін аудан әкімінің бастауымен Жамбыл мұражайына бет алған қаламгерлер жол бойындағы бой көтерген тұрғын үй, жасалған жол, және басқа жұмыстарды көріп, марқайды.

«Біздің ел пайғамбарлар мен мадияларды тудырмады демесек, адамның небір бүлбұлы мен дүлдүлін тудырған ел» дейтін Медетбек батырдың мәйекті сөзі тегін емес екен. Журналитер келе жатыр дегенді естіген ауыл тұрғындары ел газетінің салиқалы сөзін, өнегелі өңгімесін тыңдау үшін бізден бұрын жиналып, еменжарқын күтуде екен.

– Мен – Әлмұқұл, Жамбылдың немересі,
Өлеңнің ұшан-теңіз кенересі.
Жәкеміз бізге мирас сөз қалдырған,
Айтсын деп немересі, шөбересі, –

деген ұлы жыраудың немересі Әлімқұл Жамбылов бастаған ақсақалдар мен ақ кимешек киген аналар, гүл ала жүгірген бүлдіршіндер топты істық ықыласпен қарсы алды. Жамбыл баба мен Нұрғиса атамыздың кесенесіне құран оқылып, аруаққа арнап құрбандық шалынды. Газет ұжымы оқырман қауыммен кездесу өткізді. Онда салмақты сөздің қадірін білетін көпшілікке газет басшысы Сауытбек Абдрахманов Жамбыл баба туралы осы елдің өзі де есті қоймаған қызықты естеліктерді айтып, аты алысқа тараған дүлдүл ақынның күллі қазақ жұртына ортақ тұлға екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Мәйекті сөзге мағыналы көзбен ой бөлген тұрғындар ата-баба жолымен ақ батасын беріп жатты. Біздің байқағанымыз, Сүйінбай, Жамбыл елінде өлең жазып, ән шығармайтын адам кемде-кем екен. Кездесуде жүрек жарды өлеңдер кезегімен оқылып, ақын бабаларының жыршылық, термешілік өнерін жалғап, жұртқа жарқын үнімен жеткізетін жыршылар мен термешілер де аянбады. «Менің пірім – Сүйінбай» термесін нақышына келтіре орындаған 15 жасар Данияр Рахымбаев арқаланып, баба аруағына адалдығын танытты.

Қызыл сөзге ұрынбай, жұртты шаршатпай, нұсқалы өткен кездесуден соң көпшілік Балгабек Қыдырбекұлы ауылына жол тартты. Осы кезде ақ жауын себелеп нұр шашты. Өрине, саналы ғұмырын «Егемен Қазақстан» газетінің беделін өсіруге арнаған, жазушы-журналист, қоғам қайраткерінің жуырда ғана бой көтерген ескерткіш мүсініне тағзым етпеу егеменқазақстандықтарға сын екені хақ. Ескерткішке гүл шоқтарын қойып, әріптестік парызын өтеген газет ұжымы жазушының атымен аталатын мектептегі мұражайды тамашалады. Бір кездері жемісті еңбек етіп, «Егеменнің» тіршілігіне тың серпін берген қайраткердің аруағы бір аунап түскен шығар-ау.

Облыс әкімі Серік Үмбетовтің «Бата алған адамның басының сайда қалғанын көрмедім» дегенін жиында естіп едік. Енді міне, ескерткіш басында газет басшысы Сауытбек Абдрахмановтың: «Тірлігінде саналы ғұмырын елінің қадірі мен қасиетін асыруға арнап, бақилық болған соң да, ескерткіш боп орнығып, басқаларға салиқалы бағдар нұсқап жатқан өмірден мағыналы тірлік болмас!», – деген сөзі шындыққа сай екенін өзгелер де күптады.

Адамның рухани байлығынан артық ештеңе жоқ. Ендеше, рухани байлығымыздың үлкен бір саласы – баспасөз. Қазақ баспасөзінің қарашаңырағы саналатын «Егемен Қазақстан» газетінің күндері аясында Жетісу жерінде екі күнге жалғасқан іс-шара міне, осындай ұялы елдің ұрпағына ұлағатты ой салар жарасымды істермен айшықталды. Тәуелсіз елдің тұғыры биік болса, әлі талай тұяғына шаң жұқпайтын түлпарларды тудырады бұл мекен, бұл ел. Тәубе, келешегі кемел, мақсаты биік. Көкбайрақтың астына топтасқан Алаш сөзі қашанда биікте болғай.

● ЭНЕРГЕТИКА – ТІРШІЛІК КӨЗІ

Облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының бастығы Ызғарбек БЕКТҰРСЫНОВ:

Сыртқа қол жаймайтын кез де келеді



Электр және жылу қуатының құны аспандап тұр. Қайта экономиканың жекелеген салаларындағы дағдарыстардың салдарынан өндіріс орындарының тоқтап, құрылыстар қарқыны басеңдегені арқасында дәл қазіргі кезде энергияға деген сұраныс сәл болса да төмендеп, осы салалағымыз өсіпну дамылсыз тиімді пайдаланып, қосымша қуат көздерін іске қосып, тасымал желілерін жаңартуға, жөндеуге назар аударуда. Елбасының өзі халыққа арнаған Жолдауларын мен Үкіметтің кеңейтілген отырыстарында, тағы басқа да келелі кеңестерде электр қуатына байланысты сырт елдерге тәуелділіктен құтылуға бізде мол мүмкіндіктер барлығын, соларды толыққанды пайдалануын кезек күттірмей айтып, осы бағытта атқарылар жұмыстарды нақтылап та берген болатын. Үкімет пен тиісті ведомстволар жетекшілері мен облыстар басшыларына қаран отырған жоқ. Ішкі және сыртқы инвестициялық мүмкіндіктің бірінші кезекте барлық тіршіліктің кезі болып табылатын электр және жылу қуатын өндіретін нысандардың жобаларын жүзеге асыруға жұмсауға бел шешіп кіріскен, оның алғашқы жемісін де жей бастады. Оған Алматы облысында соңғы жылдары бірнеше шағын су электр станцысының қуат өндіруге кіріскен, энергиялық мәселені түбегейлі шешуге қатысты аса маңызды әрі сериялі ірі жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелері жасалып, іргетасы қаланып қана қоймай, бірқатарында алғашқы жұмыстар атқарыла бастағаны дәлел бола алады. Дегенмен, дәл қазір барлығы керемет деуге келмейді. Сондықтан энергетика және коммуналдық саладағы бар мен жоқты, атқарылған міндеттер мен алда тұрған жұмыстардан жұртшылықты да құлағдар ету мақсатында облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының бастығы Ызғарбек БЕКТҰРСЫНОВҚА жолығып, бірнеше сауалды көлденең тартқан едік.

– Ызғарбек Бектұрсынұлы, облысымыздың электр энергиясын өндіруге қатысты мүмкіндігі аса зор дегенді жиі естиміз. Дегенмен, дәл қазіргі кезде өзімізде өндіріліп жатқан электр қуатының көлемі қанша? Сол қуат өндірісіндегі энергиялық сұраныстың қаншалықты қанағаттандырады?

– Облыста өндірілетін электр энергиясының қуаты 316 МВт. Бір қарағанда, жеткілікті сияқты көрінгенімен, өзімізді өзіміз қанағаттандыруға шамамыз жетпейтіні жасырын емес. Өйткені дәл қазіргі кездегі облыстағы жалпы тұтынылатын электр қуатына деген ең жоғарғы сұраныс деңгейін – 625 МВт. Сондықтан өзімізде өндірілетін электр қуатынан есепе жуық асып кететін тапшылықты – 309 МВт-ты сыртқа, яғни, еліміздің солтүстік облыстарынан, Жамбыл ГРЭС-инен, Орталық Азиядан сатып алудамыз. Осыған орай айтарым, өзімізде энергия көздерінің жетіспеушілігінен электр энергиясымен қамтамасыз ету қатысты қарекеттімізді сыртқы энергия көздерине тәуелді. Сол сырттан келетін электрді тасымалдайтын желілерде немесе «КЕГОК» АҚ электр желілерінде анаттық жағдайлар болған кезде облыстың аудандарында әртүрлі мерзімді электр қуатының болмай калу жағдайы тіркелетіні рас. Сонымен бірге, электржелілік компаниялар электр энергиясының тапшылығына байланысты жаңа нысандарды электр желісіне қосуға рұқсат бермей жатады. Бұл өз кезегінде облыс экономикасының дамуына кері әсерін тигізетіні де шындық.

Мемлекет тарапынан Қазақстанның оңтүстік өңірлерін электр энергиясымен қамтамасыз етуге қатысты маңызды шаралар қабылдануда. Оның ішінде Солтүстік – Оңтүстік жаңа электр желісінің құрылысы (ВЛ 500 кВ) іске қосылды, Мойнақ су электр стансысының құрылысы 2011 жылы пайдалануға беріледі деп отырмыз. Балқаш жылу-энергетикалық стансысы құрылысының бірінші кезеңінің іске қосылуы 2016 жылға жоспарлануда. Жалпы Алматы облысында электр қуатын өндірудің ірі-ұсақты мүмкіндіктері көп. Оның аса үлкендері туралы жоғарыда айттым. Сондай-ақ, Жетісу өңіріндегі асау өзендер мен Жоңғар қақпасы, Шелек өңіріндегі желдерді ауыздықтау арқылы болашақта шағын су және жел электр стансыларын салу жөніндегі жобалар бар және олардың алғашқылары жүзеге асырыла бастады.

– Елбасының аймақ басшыларының алдына қойып отырған міндеттерінің бірі ірі маңыздысы – шағын электр қуатын өндіру мүмкіндігін пайдалану екендігін жиқсы білесіз. Осыған байланысты жобалардың барлығын айтып отырсыз. Соларға жан-жақты тоқталсаңыз дұрыс болар еді?

– Бүкіл еліміздегі сияқты біздің облыста да 2008 жылдан бастап су, жел энергетикасын дамыту бағдарламасы жүзеге асуда. Облыс басшылығының, оның ішінде облыс әкімі Серік Үмбетовтің аталған мәселеге баса назар аударып, қолдауы арқасында бастапқы жылдардың өзінде бірқатар жобалар жүзеге асырылды. Атап айтқанда, осы бағдарлама бойынша 2008 жылы жалпы қуаттылығы 11 МВт, болатын үш шағын су электр стансысының (СЭС) құрылысы аяқталып, электр қуатын өндіруге кірісті. Олар–Ақсу өзенінде салынып келтірілген, қуаттылығы 2 МВт, болатын Ақсу СЭС-8, Қаратал өзенінде іске қосылған, қуаттылығы 4 МВт-тық Қаратал СЭС-2, Есік өзенінде ел игілігі үшін 5 МВт энергия өндіруге кіріскен Есік СЭС-2. Амандық болып, ойға алғандар орындалса, бимл Қаратал өзенінде салынып жатқан, қуаттылығы 4,4 МВт, Қаратал СЭС-3 іске қосылады. Жалпы 2016 жылға дейін қуаттылығы 363 МВт-қа жететін 33 шағын су электр стансысы мен қуаттылығы 50 МВт болатын 3 жел электр стансысын салуға қатысты жобалар жасалған.

– Мойнақ су электр стансысы, Талдықорғандағы салынатын жылу-энергетикалық орталық туралы тарата айтсаңыз.

– Мойнақ су электр стансысын кезір «Гасыр құрылысы» деп мактана айтып жүрміз ғой. Шынында солай, «Мойнақ» су электр стансысы» акционерлік қоғамы жүзеге асырып жатқан құрылыстық жүзеге асыру қарқыны ойдан шығып отыр. Негізгі жұмыстар атқарылып есепе жуық асып кететін тапшылықты – 309 МВт-ты сыртқа, яғни, еліміздің солтүстік облыстарынан, Жамбыл ГРЭС-инен, Орталық Азиядан сатып алудамыз. Осыған орай айтарым, өзімізде энергия көздерінің жетіспеушілігінен электр энергиясымен қамтамасыз ету қатысты қарекеттімізді сыртқы энергия көздерине тәуелді. Сол сырттан келетін электрді тасымалдайтын желілерде немесе «КЕГОК» АҚ электр желілерінде анаттық жағдайлар болған кезде облыстың аудандарында әртүрлі мерзімді электр қуатының болмай калу жағдайы тіркелетіні рас. Сонымен бірге, электржелілік компаниялар электр энергиясының тапшылығына байланысты жаңа нысандарды электр желісіне қосуға рұқсат бермей жатады. Бұл өз кезегінде облыс экономикасының дамуына кері әсерін тигізетіні де шындық.

Мемлекет тарапынан Қазақстанның оңтүстік өңірлерін электр энергиясымен қамтамасыз етуге қатысты маңызды шаралар қабылдануда. Оның ішінде Солтүстік – Оңтүстік жаңа электр желісінің құрылысы (ВЛ 500 кВ) іске қосылды, Мойнақ су электр стансысының құрылысы 2011 жылы пайдалануға беріледі деп отырмыз. Балқаш жылу-энергетикалық стансысы құрылысының бірінші кезеңінің іске қосылуы 2016 жылға жоспарлануда. Жалпы Алматы облысында электр қуатын өндірудің ірі-ұсақты мүмкіндіктері көп. Оның аса үлкендері туралы жоғарыда айттым. Сондай-ақ, Жетісу өңіріндегі асау өзендер мен Жоңғар қақпасы, Шелек өңіріндегі желдерді ауыздықтау арқылы болашақта шағын су және жел электр стансыларын салу жөніндегі жобалар бар және олардың алғашқылары жүзеге асырыла бастады.

– Елбасының аймақ басшыларының алдына қойып отырған міндеттерінің бірі ірі маңыздысы – шағын электр қуатын өндіру мүмкіндігін пайдалану екендігін жиқсы білесіз. Осыған байланысты жобалардың барлығын айтып отырсыз. Соларға жан-жақты тоқталсаңыз дұрыс болар еді?

– Бүкіл еліміздегі сияқты біздің облыста да 2008 жылдан бастап су, жел энергетикасын дамыту бағдарламасы жүзеге асуда. Облыс басшылығының, оның ішінде облыс әкімі Серік Үмбетовтің аталған мәселеге баса назар аударып, қолдауы арқасында бастапқы жылдардың өзінде бірқатар жобалар жүзеге асырылды. Атап айтқанда, осы бағдарлама бойынша 2008 жылы жалпы қуаттылығы 11 МВт, болатын үш шағын су электр стансысының (СЭС) құрылысы аяқталып, электр қуатын өндіруге кірісті. Олар–Ақсу өзенінде салынып келтірілген, қуаттылығы 2 МВт, болатын Ақсу СЭС-8, Қаратал өзенінде іске қосылған, қуаттылығы 4 МВт-тық Қаратал СЭС-2, Есік өзенінде ел игілігі үшін 5 МВт энергия өндіруге кіріскен Есік СЭС-2. Амандық болып, ойға алғандар орындалса, бимл Қаратал өзенінде салынып жатқан, қуаттылығы 4,4 МВт, Қаратал СЭС-3 іске қосылады. Жалпы 2016 жылға дейін қуаттылығы 363 МВт-қа жететін 33 шағын су электр стансысы мен қуаттылығы 50 МВт болатын 3 жел электр стансысын салуға қатысты жобалар жасалған.

– Мойнақ су электр стансысы, Талдықорғандағы салынатын жылу-энергетикалық орталық туралы тарата айтсаңыз.

– Мойнақ су электр стансысын кезір «Гасыр құрылысы» деп мактана айтып жүрміз ғой. Шынында солай, «Мойнақ» су электр стансысы» акционерлік қоғамы жүзеге асырып жатқан құрылыстық жүзеге асыру қарқыны ойдан шығып отыр. Негізгі жұмыстар атқарылып жатқан бас мердігер – «Қытай мемлекеттік су шаруашылық және энергетика» корпорациясының Алматы қаласындағы филиалы өз мойнындағы алған міндеттің сапалы әрі дер кезінде орындалуына бар күштерін салуда. Енді бірер жылдан соң, нақтырақ айтқанда 2011 жылдың желтоқсанында пайдалануға берілетін су электр стансысының қуаттылығы – 300 МВт. Орташа есеппен алғанда, жылына 1027 млн. КВт/с электр қуатын өндіреді. Жетісу жері ғана емес, Қазақстан үшін аса үлкен маңызға ие. Өйткені, жұмыстарын Елбасының өзі қадағалап отырған жобаның жалпы құны – 54,1 млрд. теңге. 2009 жылдың 1 қарашасына дейін осы қаржының 5 млрд. 917 млн. теңгесі игеріді. Қазіргі кезде нысанда 805 адам жұмыс істейді, 278 дана техника және құрылғылар жұмырылған. Олардың ішінде 254 адам басы мердігер болып табылатын «Қытай мемлекеттік су шаруашылығы және энергетика» корпорациясының құрылысшылары. Мойнақ СЭС-інің негізгі нысандарының бірі – Бестөбе су қоймасының құрылыс жұмыстары аяқталып қалды. Ұзындығы 11,6 км. деривациялық каналдың 6,3 шақырымы қазылды. Стансының жұмысын қамтамасыз ететін энергетиктерге арналып 80 үйден тұратын қалашық салынып жатыр.

Ал, Талдықорған жылу-энергетикалық орталығына келетін болсақ, бүгінгі күні аталған жоба бойынша техникалық-экономикалық негіздеме дайындалып, мемлекеттік сараптаудан өтті. Амандық болса, мұндағы құрылыстың басталған күнінде куэ болар кез де келер. Орталықтың электр энергиясының қуаттылығы 240 МВт және жылдық қуаттылығы 660 Гкал. болады.

– Бәрекелді! Экономиканың негізгі тірегі болып саналатын электр қуатын өзімізде өндіруге қатысты жобалар баршылық екен. Осы жобалар жүзеге асса, сыртқы энергетикалық тәуелділіктен құтыламыз ба?

– Жоғарыда аталған жобалардың жүзеге асуы облысымыздың энергиялық сұранысын қанағаттандырады деген жақсы болжам бар. Сондықтан алда тұрған басты мақсат пен міндеттің бірі әрі бірегейі – Жетісу жерінің электр қуатын өндіруге қатысты мүмкіндігін толыққанды пайдалануға жасалған маңызды жобаларды рет-ретімен жүзеге асыру. Дал қазіргідей қолдау мен мінта алдағы жылдары да жалғасын тапса, басқа облыстар мен елдерге алақан жаймайтын дәрежеге жетеріміз анық.

– «Жол картасы» бағдарламасына сай облыста атқарылған және әлі жалғасын тауып жатқан бағыттарға сай жүктелген жұмыстардың басым бөлігі сіздерде екенін біліп отырмыз. Басты мақсаты – жұмыссыздықты ауыздықтау мен ел ішіндегі шешімін жылдан күткен мәселелерді шешу болып табылатын бағдарламаның орындалуына қалай атсалысып отырсыздар?

– «Жол картасы» бойынша қаралып жатқан басты инвестициялық бағыттардың бірі – «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту және қайта жаңғырту». Нақтырақ айтқанда, сумен, қарiз жүйелерімен, жылумен, электр энергиясымен, газбен қамтамасыз етуді жолға қою және елді мекендерді абаттандыру.

Үстіміздегі жылы осы мақсатты орындауға, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту (жөндеу) және елді мекендерді абаттандыру бағдарламасы бойынша республикалық және облыстық бюджеттерден барлығы 4 млрд. 777,6 млн.теңге көлемінде қаражат бөлінді. Мамыр айынан бастап қалалар мен аудандық елді мекендер бойынша 57 жобаны іске асыру бойынша жұмыстарға кіріскен. Бірнеші қаражатқа 4 млрд. 551,1 млн.теңге көлемінде қаржыны игеріп, ағымдағы жоспарды 98,8, жылдық жоспарды 95,2 пайызға орындадық.

Белінген қаржы 6439 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Бүгінгі күнде жұмыс орындарын ашу 100 пайызға орындалды. Жоғарыда 6439 адам жұмысқан қамтылды десек, оның ішінде жұмысқан қамту органдары есебінен 4442 адам жұмысқа орналастырылды. Олардың қатарында жұмыстан қысқартылғандар, оралмандар, білім беру орындарының түлектері бар. Орташа айлық еңбекақы – 32,13 мың. теңге. «Жол картасының» негізгі жобаларының бар болып саналатындар жөнінде төмендегідей.

Ауыз су жүйелерін күрделі жөндеу, қайта жаңғырту және құрылыс жұмыстары бойынша 14 жоба іске асыру, оған республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген 851,0 млн.теңге қаражатты игеру барысында 981 жұмыс орны құрылып, оның ішінде 728 адам жұмысқан қамту органдары арқылы орналастырылды. 11 жоба бойынша жұмыс аяқталды. Қалған 3 жоба қараша айында жүзеге асырылады.

Кәріз-соғыс стансысын, өң шғатын коллектор, жинақтаушы тоғандарды және кәріз жүйелерін қайта жаңғырту және құрылыс жұмыстары бойынша 7 жоба іске асырылуда. Белінген қаржы көлемі – 1 млрд. 142,7 млн.теңге. Мұнда 1499 жұмыс орны құрылып, 1049 адам жұмысқан қамту органдары арқылы еңбекке орналастырылды. Төрт жоба бойынша жұмыс аяқталды. Үш жоба алдағы айда бітеді.

Қазандықтар мен жылу жүйелерін қайта жаңғырту және күрделі жөндеу жұмыстары бойынша 9 жоба іске асырылуда. Белінген қаржы көлемі 1 млрд. 934,4 млн.теңгеге 2 551 жұмыс орны құрылды. 8 жоба бойынша жұмыс аяқталды, біреуі жыл соңында бітеді.

Электр энергиясымен қамтамасыз етуге қатысты 3 жобаны іске асыруға 151,04 млн.теңге қаржы белінді, 185 жұмыс орны құрылып, 2 жоба бойынша жұмыс аяқталды.

Сұйытылған газдың тоқтық резервуарлар құрылымдарын түбегейлі жөндеу, қазандықтарды гибен қамтамасыз етуге байланысты күрделі жөндеу жұмыстары бойынша 6 жоба іске асырылуда. Белінген қаржы көлемі – 250,21 млн. теңге. Мұнда 237 жұмыс орны құрылса, оның ішінде 176 адам жұмысқан қамту органдары арқылы орналастырылды. Алты жоба бойынша жұмыс аяқталды.

Бұдан басқара арнасы каналдарды абаттандыру жобалары жүзеге асырылады. Талдықорған және Текелі каналарын абаттандыру жұмыстары бойынша 18 жобаның 17-сі бойынша жұмыс аяқталды.

Жалпы энергетика және тұрғын үй-коммуналдық сала бойынша 47 жоба аяқталды, қалған 10 жоба бойынша құрылыс-құрастыру жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде, бюджеттің жылдық жоспарын бастырғы бітеміз.

«Жол картасы» бойынша жоғарыда атап өткен жұмыстар коммуналдық қызметтің сенімділігі мен сапасын арттыра түсер еді. Жүйелердегі жиіті мысырандарды жыйтуға оң ықпал етіп, тұрғындардың жағдайын жақсартуға, облыстағы әлеуметтік-тұрмыстық және тіршілікке аса маңызды нысандардың қалыпты жұмыс істеуіне кажетті мүмкіндіктер тұғызатынына деген үміт мол.

– «Қыр астында» деп жүргенде қыс та келді, отын-суған қысылып қалмайсыз ба?

– Алматы облысы бойынша 842 бюджеттік мекеме сұйық отынмен, 1100 -ден астам мекеме көмірмен, 100-ден астамы газбен жылытуға бейімделген. 2009 жылы облыстық бюджеттен отын сатып алуға жеткілікті қаражат бөлінді. Қажетті сұйық отын 100%, мазут 76%, көмір 100% зайындалды. Жеке секторды отынмен қамтамасыз ету ойдағыдай жүзеге асырылуда. Сондықтан жылыту маусымы жоспарланған деңгейде өтеді, қысылмаймыз деп ендігі айтқым келеді.

Әңгімелескен Болат АБАҒАН.

Мемлекет тарапынан Қазақстанның оңтүстік өңірлерін электр энергиясымен қамтамасыз етуге қатысты маңызды шаралар қабылдануда. Оның ішінде Солтүстік – Оңтүстік жаңа электр желісінің құрылысы (ВЛ 500 кВ) іске қосылды. Мойнақ су электр стансысының құрылысы 2011 жылы пайдалануға беріледі деп отырмыз

«Мойнақ» су электр стансысы» акционерлік қоғамы жүзеге асырып жатқан құрылыстық жұмыстар қарқыны ойдан шығып отыр. Негізгі жұмыстар атқарылып жатқан бас мердігер – «Қытай мемлекеттік су шаруашылық және энергетика» корпорациясының Алматы қаласындағы филиалы өз мойнындағы алған міндеттің сапалы әрі дер кезінде орындалуына бар күштерін салуда.

Сондықтан алда тұрған басты мақсат пен міндеттің бірі әрі бірегейі – Жетісу жерінің электр қуатын өндіруге қатысты мүмкіндігін толыққанды пайдалануға жасалған маңызды жобаларды рет-ретімен жүзеге асыру. Дал қазіргідей қолдау мен мінта алдағы жылдары да жалғасын тапса, басқа облыстар мен елдерге алақан жаймайтын дәрежеге жетеріміз анық.

● КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

Еңбекпен есейген жан

Қызылтоған ауылында тұратын самай шашына ақ кірген, орта бойлы, алпысқа таяп қалған жігіт ағасын Алғабас ауылдық округіне қарасты екі ауылдың үлкен-кішісі құрмет тұтады. Адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауымен іскер ұйымдастырушылығымен көріне білген оның «Алғабас» ұжымдық шаруашылығына сіңірген еңбегі елеулі «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей біздің өңгімеміз сегіз қырлы, бір сырлы, бесаспап азамат Сатан ЕЛЕБЕКОВ жайлы болмақ.

Ол ауыл шаруашылығы саласына қажетті мамандықтарды меңгеріп, мол тәжірибе жинақтаған жан. Сәкең 1974 жылы алғашқы еңбек жолын қатардағы электриктен бастаған. Бұл жылдары материалдық игіліктер өндіретін ұжымдық шаруашылықтың қандай бөлімшесінде болмасын электр қуаты маңызды міндет атқара бастаған болатын.

Маман жетіспеген 1978 жылы шаруашылық басшылығы Сатанның орталық машина-трактор шеберханасындағы токарлық станокта жұмыс істеуін қалады. Бір жыл істегеннен кейін оны тәжірибе жинақтау үшін Астрахань қаласына жіберді. Мұнда үш айлық тәжірибеден өтіп, токарлық станокта жұмыс істеу іскерлігін шыңдады.

Іле-шала Астрахань қаласынан жіберілген «1-А-62-Г» маркалы станок ауылға әкелінген кезде механизаторлар мен жүргізушілер мәре-сәре болып, қуанып қалған еді. Токарлық кәсіпке механизатор Қали Қоғыловты, жүргізуші Әуелбек Артықовты үйретіп, олардың станокта жұмыс істеу шеберлігін арттыруға ықпал етті.

1982 – 1985 жылдары өзі тұратын Қызылтоған бөлімшесінде механик болып істесе, 1985 – 1989 жылдары ұжымдық шаруашылықтың орталығы Алғабас ауылындағы машина-трактор шеберханасының меңгерушісі міндетін атқарды.

Жас жігіт мұнда кішіпейілдігімен, тапсырылған жұмыстарды тиянақты да тындырымды орындайтын елгезектігімен беделге ие болған-ды.

Сәкең өндірістен қол үзбей жүріп, сыртай оқып Қазақтың мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтын инженер-механик мамандығы бойынша тамамдады.

Сатан Елебеков 1997 жылы Алғабас өндірістік кооперативінен Қызылтоған бөлімшесі бөлініп, жеке Қызылтоған өндірістік кооперативі болып құрылғанда инженер-механик қызметін жалғастырды. 2005 жылы Қызылтоған өндірістік кооперативі «Шақлақты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қай

Азаттық жолында азапталған арулар



Міне «өлмегенге өлі балық жолығады» демекші, XXI ғасырдың тағы бір жылы тарих қойнауына сіңгіп барады. «Ескі жыл, есте қалады, жаңа жыл жаңғырады» деген осы. Өткенге ой жіберіп, келешекке бағыт-бағдар ұстанған. Тәуелсіз қазақ елі үшін тарих бетін тағы бір парақтап, парасатты-пайым жасауға мүмкіндік туындап отыр. XX ғасырдың ғалауатына айналған желтоқсан оқиғасы күллі қазақ қауымының жанарына жас үйіріп, жанының тоңдырып, жүрегін сыздатты.. Бұл күн қазақ халқы үшін қаралы күн болу керек еді. Алайда осы аты шулы оқиғадан кейін, араға бес жыл салып өз егемендігіне қол жеткізген Қазақстан 16 желтоқсанды Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні деп жариялады. Бұл үлкен мереке, бір жағы дәл осы желтоқсан оқиғасына қатысып, ұлт азаттығы жолында басын бәйгіге тігіп, қыршынынан қиылған жастардың, боздақтардың нақақтан-нақақ төгілген қанын, жазықсыз жала жабылып, он екі де бір гүлі ашылмаған бойжеткен мен бозбалаларың-аяқ қолы кісенделіп айдауға кете барғанын ойға алсаң, сай сүйегің сырқырайды. Тарихтың қатпар-қатпар қалтарысына көз жүгіртер болсақ, түркілердің патшайымы Томрис, бертіндегі Нарқыз, Гүлбаршын, Құртқа, Ұлы отан соғысы кезінде ғаламат ерлік көрсеткен Әлия, Мәншүктердің қайсарлығын қайталаған желтоқсан көтерілісінде азапталған арулардың арман-мүдесі бір емес пе еді. «Сөзді сөз түртеді, ойды ой қозғайды» демекші, сол бір ақ қар, көк мұзда алаңға шығып, ерлер мен иық тірестіре үстем тап өкілдеріне әр ұлтты өз көсемі билесін деген ашық пікірлері үшін құғын-сүргін көрген апа-ағаларымыздың көрген зорлық-зомбылығын бүгінгі ұрпақ жете біле ме? Біз сол желтоқсан оқиғсын бастан кешкен Ғания Құдышқызының өмірінен сыр шерпекпіз.

1950 жылы Кербұлақ ауданы Қарашоқы ауылында дүниеге келген Ғания апай, орта мектепті ойдағыдай тәмәмдаған соң, Талдықорған қаласындағы заң техникумына түсіп, арнаулы орта білім алып шығады.. Жалыңдай лапылдап тұрған ару қыз 1968-1970 жылдары туған ауылы Қарашоқыда комсомол комитеттінің секретары, бұдан кейінгі жыдары Иличевский ауылдық окургінде атқару комиттетінде қызметтер атқарып, жігерлігі мен көзге түскен Ғания Шоқаева Гвардия аудандық партия комиттетінде, қазіргі Маңғыстау облысында, тіпті «партия қайда болса, жеңіс сонда» деп ұрандаған жылдары Ресейдің Свердловск облысында сан-салалы қызметтер атқарған қазақ қызының басына 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы бәле болып жабысады.

Екі бүлдіршінін балабақшаға орналастыру қиын болғандықтан № 14 кәсіптік мектептің жатақханасына есепке тұрып, кезекшілік жұмысты қоса атқарған Ғания апай, желтоқсан дүрбелеңі басталған түста, көшеге шығып кеткен жатахана жастарына жауапты болып қалады. Топ жетекшісі Жанпейсов бастаған 40 қызды тұтқындаған құқық қорғау саласы, басқа да құзырлы мекемелер жаппай жазалау үрдісіне көшеді. «Бұйрық қатты, жан тәтті» дегендей пысықайлар шаш ал десе, бас алу науқанын бастап жібереді. Осылардың арасында жазықсыз жапа шеккен Ғания Құдышқызы да айыпты атанып, абақтыға тоғытылады. 22 желтоқсан күні қалалық партия комитетінің бюросында мәселесі май шаммен қаралған Ғания апай партиялық билетінен айырылып, 23-желтоқсан күні прокуратураның арнайы қаулысымен қамауға алынады. «Сол кездегі кәсіптік білім беру басқармасының бастығы Гүлшара Баталованың жастарды үгіттеп, менің үстімнен ақпарат жинатып, сот алдына тартқаны күні бүгінге дейін көз алдымнан кетпейді» дейді жәбірленуші.

- Кешегі күннің көзқарасымен қарасаң, мен құдды бір мемлекетті төңкеруші әрі қауіпті қылмыскермін. Ал бүгінгінің көзімен қарағанда азаттықты аңсаған жастардың жанында болғанымды мақтаныш етемін. Бірақ та, сот алдына барғанда, сот алқасында болған Е. Гилева: «мұндай қылмыскерлерді тұқым-тұяғымен құрту керек» десе, прокурор С. Тастандиев менің төрт жыл бас бостандығымнан айырылуымды сұрады. Алайда, сот төрағасы мені екі жылға соттап, мерзімді шараны абақтыда өтеуімді үкім етті. Не керек, «басқа түссе, баспақшыл» деген, ата-анамды, бала-шағамды жылатып, Шамалғандағы әйелдер түрмесіне айдалып кете бардым. Түрмеде көрген азабымды сөзбен айтып жеткізу қиын. Желтоқсан оқиғасына қатысқан «жазалыларды» аты шулы, әйгілі баскесер қылмыскерлермен қатар қамады. Отырсақ опақ, тұрсақ сопақ болып, түрмеде де аяғымызды аңдып басуға тура келді. Мен өзім тігін цехында жұмыс істегендіктен кейбір мата қиқымдыларын әлгі жазалаушылар жатқан жастығымыздың астына әдейі тығып қойып, бізді ұры атандырып сотталу мерзімімізді тағы да ұзаққа созбақ болғаны өз алдына бір әңгіме. Әлгі баскесер қылмыскердің бірі 25 жылға сотталған кәрі кемпір мені жазалаушылардың талай құрығынан құтқарып қалды. Аты шулы қылмыскерлерге мен тарихи кітаптан оқыған әңгімелерімді үздіксіз айтып беріп отыратынмын. Олар маған нан, маргарин беріп, аш өзегімізді жалғаған күнімізді қалай ұмытайын?! Сол желтоқсан оқиғасына қатысушы Жанар Айтжанова, Анар Серкенова, Рүстем Ибрагимұлы сияқты азаматтар мен-азаматшалардың көрмеген азабы жоқ.

Өткен өтті, кеткен кетті, желтоқсан жүрекке жазылмастай жара салды. Аққа күйе жаққан кешегі аға буындар арасындағы қызметтік бабын ар-намысынан биік қойып, өрімдей жастарды өлімге бәйлап бергендер де бүгін жер басып жүр. Заңнан қашып құтылғанымменен, Алланың алдына барғанда сол желтоқсанда судай төгілген қан, қыршынынан қиылған боздақтардың обал-сауабын өтейтін күн туғанда әлгі сатқындардың жауабы қандай болмақ?! «Бұны кейінгі ұрпақ білсін, тарихын танысын, адалдық пен сатқындықтың арасын айырсын» деп, айтып отырмын, - деген Ғания апай көз жасына ерік беріп, өзегіне кептелген екіністен әңгіме желісін әрі өрбіте алмады. Жаны жаралы жанды бұдан әрі мазалай беруді мен де жөн санамадым.

Айдын КӨЛІМХАН.
Суретті түсірген Д. АЛТЫНБЕКҰЛЫ.

Айтайын дегенім...

БӘРІНІҢ ДЕ ЕНШІСІ БАР СИЯҚТЫ



Өзімізді қаз сияқты жаны таза, ары ақ халықпыз деп мақтануға теліп тұрамыз. Әрине, әр заттың екінші қыры боларын ескере отырып, осы сөйлемге жіңішкелікпен үңіліп көрелікші?! Француздың әйгілі жазушысы Роман Роллан: «Әй, еркіндік, еркіндік, сен бағалысың, десе де, әлемде қаншама зұлымдық сенің атыңды пайдаланып жасалып жатыр» деген сөзіне жүгінсек, атантүйе көтере алмас азаматтығымыздың қалқасында жатқан әлсіздігімізді аңдауға болады. «Қаз» секілді қасиетті екеніміз анық. Алайда, кезкүйрыққа кез болғанда басымызды қоға мен қамысқа тығып алып, ол кеткен соң тыныс даланы ұлар-асар шу қылатынымыз жоқ емес. Барлап қарасақ, жоңғарға да жұлтасып шаппадық, Кенесары ханның басын да орысқа қос қолдап ұсынған өзіміз, барыс жылғы қызыл қырғында арыстарымызды атқан да, абақтыға жапқан да, Итжеекенге айдатқанда тағы біз. Иә, оның бәрін өткеннің еншісіне қалдырып көңілімізді жұбатуға болатын шығар. Ал, тәуелсіз ел болғаннан кейінгі ұлттық рухымызды көкбөріше жұлмалап жүрген есерлігімізге не дауа?

Көкбөрі демекші, несін жасырамыз, берсе қолынан, бермесе жолынан жұлқып алатын қасқыр мінезіміз де бар. Сол батырлығымыз жатқа емес, жақынымызға көрсететін деңқайбат екенін қалай жасырамыз. Жасырғанымыз емей не? Кеше он қазақтың ортасында бір орыс отырса, бәріміз оның шашбауын көтеріп, соның тілінде сайрадық. Саясаттың қысымынан имендік деп ақталамыз. Ал, бүгін оның керісінше болуы керек ед'. Не шара, әлі де сол сарын. Бас- сын айтпағанның өзінде, Елбасы «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» дегенді көперімізге алудан қалдық. «Ымды білмеген дымды білмейді» демекші, биік-биік мінберлерде жарқын үнімен жалпыны елітетін қасиетті тілдің қадірі қашқаны былай тұрсын, жиын залында қалың қазаққа орысша білгірситін шешендер көбейіп барады. Мұның өзі еркін болдық десек те, еңсемізді басқан құлдық қамытынан арыла алмағанымыздың айғағы. «Айта, айта Алтайды, Жамал апай қартайды» дегендей, айтылып та, жазылып та жауыр болған тақырыпқа мән бермесек те болар еді. Бірақ, қазақ тіліне деген немкеттілік пен менсінбеушілік басқа да құндылықтарымызға өзіндік ықпал етуде. Соның бірі, Қазақстанның ең ұлық мерекесі болуға тиісті Тәуелсіздік күніне деген самарқау көзқарас пен салқын қабылдауда болып тұр. Желтоқсан айы туысымен қала мен даладағы ағайындар жаңажылдық шыршаны жабдықтап, теледидар экраны аяз ата мен ақшақарды әспеттейтін көріністерге толып алады. Мектеп оқушылары мен балабақшадағы балдырғандар Жаңа жылға арнау өлеңдер жаттап, сыйлық дайындап қызылтанау болып жатады. Ал Жаңа жылдан жарты ай бұрын келетін Тәуелсіздік күні «Барына Пайғамбар риза болыптының» керісін киіп, алаңға жиналып, арнау сөз сөйлеуден аса алмай келеміз. Міне, осылай тәуелсіздік күніне деген құрмет қалтамызды қағып, қарық болып қалатын жаңажылдық қызықтың қалқасында қалып бара жатқаны жаныңды мазалайды.

Барлап қарасақ, бұл атаулы күн әлдекімдердің қолайына жақпайтын сыңайлы. Беделін түсіріп, атағын өшіндетіп жіберетіндей қорқа қарайтындар да жоқ емес? Оның бір себебі, атаулы күн Кеңестер Одағының қабырғасын қақ айырған Қазақстандағы Желтоқсан көтерілісінің құрметімен түспа-түс келгеніне байланысты болса керек. Әрине, мұнан жастарымыздың ерлігі ескерілмей жатыр деген ұғым шықпайды. Десе де, «батырлық» тек Бауыржан Момышұлы мен Желтоқсанда жанын қиған жастарға ғана тән болуы керек еді. Керісінше, қазір ұлт қаһармандары өріп жүр. Алайда, бабалар ерлігінің жалғасындай балаларды толғандыратын бастама жоқ. Егер 80-жылдардың жастарымен әңгімелесе қалсаң, көтерілісте бәрінің де үлесі бар сияқты. Сол тұста жоғары лауазымды билік тізгінін ұстап, төңкерісті қаралап, қазақ жастарын «нашақор, алқаш» деп айыптап, абақтыға жапқандар мен мінберде оларды даттап жалынды сөз сөйлегендер де қой терісін киіп шыға келгені қызық. Эстраданың еріккен әуеніне еліткен жастар «Қарабауыр қасқалдақ» әнін ұмытқалы қашан?! Несі бар, тірілерге батырлық лауазым жетпей жатса, аруақтарды ойлайтын уақыт қайда? Иә, желтоқсанда кеудесін суық ызғар мен аяусыз соққыға тосқан өрімдей жастар мәңгілік мекенінде «Бауырларымыз біздің ерлігімізді ұмытпай, ұлықтап жатқан шығар» деген үмітін үкілеп жатқан болар. Біздің түріміз мынау. Иә, мұнайлы елміз деп етегімізді кеңге салғанмен, рухымыз былығып бітті. Тым болмағанда алажаздай ауланды тазалап, баспанаңды түргызып қайтатын алашапаңды ағайындардан ұялмадық. Қалтамыз қалың деп шалқақтайтын шығармыз, ертең мұнайың мен уранның сарқылған да ен болмалмақсың?

Тәуелсіз ел болдық. Елбасы бастамасымен қолға алынған 2030 жылға деген жоспарымыз да бар. Барлап қарасақ, ТМД елдерінің көшбасында келеміз. Ешкімге жалтақтамай, басқаның жылтырағына елітпей егемендігімізді нығайту – керектің керегі – ақ. Ұлы Отан соғысының ардагерлерінен кейін ендігі ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің үлгісі желтоқсандағы жастардың рухы болуы шарт. Шара не? Қазірше оны ескерген ешкім жоқ. Біз өткенді ескеруді ұмытсақ, келешек бізді қалай қадірлесін.

Қажет Андас.

КӘСІПТІК БІЛІМ

Бүгінгі таңда жастарымыз қандай кәсіптің тетігін ұстарын білмей, ойын сансаққа жүгіртеді. Бірақ, көбісінің банк саласы маманы, экономист, заңгер болғысы келетіні жасырын емес. Алайда, оқуы да тегін, жұмыс табу да қиындық тудырмайтын кәсіби мамандықтың барын бағамдай бермейді. Оны көбіне қара жұмыс санатында көреді. Дегенмен, қазіргі таңда еліміздің өндіріс саласын, кәсіпорын жұмысын өркендету үшін дәл осындай мамандық иелерінің қажеттілігі артып отыр. Осыған орай елімізде кәсіптік білімнің мәртебесін көтеру мақсатында «Қазақстан Республикасының 2008–2012 жылдарға арналған кәсіптік және техникалық білімді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданған болатын. Соның негізінде алдағы жылы облысымызда жаңадан үш кәсіптік лицейдің құрылысын бастау жоспарланып отыр. Ал біз жағдайымен танысып қайтқан Текелі қаласындағы №17 кәсіптік лицейінің бүгінгі тыныс-тіршілігін көре отырып, кәсіби білімді игерген жастардың қазіргі уақыт сұранысындағы маман иелері екендігіне тағы бір көз жеткіздік.



АСПАЗ, ДӘНЕКЕРЛЕУШІ...

сұранысқа ие мамандық

Алма ЕСЕНБАЕВА,
«Жетісу»

"Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан" деп Абай атамыз айтқандай, әрбір жастың мамандық алып, өмірден өз жолын табуы маңызды. Бұл ретте жасөспірімді жастайынан белгілі бір кәсіп меңгеруге баулитын кәсіптік лицейлердің орны бөлек. Облысымызда барлығы техникалық және кәсіптік білім беретін 30 білім шаңырағы болса, оның бірі Текелі қаласындағы №17 кәсіптік лицей. Кезінде Текелі қаласындағы қорғасын-мырыш комбинатына кәсіби жұмысшыларды дайындау мақсатында құрылған кәсіптік-техикалық мектеп бүгінде уақыт талабына сай жастарға қажетті мамандықтарды меңгертетін іргелі білім шаңырағына айналды. Тынысы терең жатқан, 40 жылға жуық тарихы бар білім шаңырағы биылғы жылы қайта жаңғыру, қайта түлеу кезеңін бастан өткеріп отыр десек артық айтпаспыз. Оған өткен оқу жылынан осы салада ұзақ жыл еңбек етіп, облыстық, білім басқармасында тәжірибесін шыңдай түскен білікті маман – Гүлнар Балтабекқызы Көкімбаеваның басшылыққа келуі игі ықпал етті.

Шындығында ғимараттары ескірген, оқу базасы құлдырау алдында тұрған білім шаңырағын көргенде кәсіптік білімнің елімізге қаншалықты керек екендігін жанымен сезінген басшы жан айқайын жоғарғы жаққа жеткізіп, соның арқасында биылғы жылы күрделі жөндеу жұмысына айтарлықтай қаражат бөлінді. Оқу ғимараты іргетасы қаланған 1971 жылдан бері күрделі жөнделуден өтпеген болатын. Оның үстіне осыдан 14 жыл бұрын болған жер сілкінісі салдарынан оқу корпусы жарамсыз қалып, одан бері жатақхана ғимаратында жұмысын жалғастырған лицейліктер өндігі жерде бұл олқылықтың орнын толтырды.



№17 кәсіптік лицейінің директоры Гүлнар Балтабекқызы.

Атап айтар болсақ, оқу корпусы, жатақхана мен шеберханалар 69 950 000 қаржыға күрделі жөнделуден өтті. 5 млн. теңгеге лицей алаңы қоршалды. Білім шаңырағының материалдық-техникалық базасы 97 млн. 468 мың теңгеге толықты. Соның арқасында оқу кабинеттері мен жатақханаға жиһаздар, демек, парта, шкаф, төсек, компьютер үстелдері алынды, асхана, шеберханалар жаңа құрылғылармен жабдықталды. Информатика кабинетіне интерактивті құрал-жабдық, дәнекерлеу жұмысына қажетті арнайы құрылғылар алынды.

– Жыл сайын лицейде білім алатын балалар саны 350-ді құрайды. Олар төрт мамандық бойынша дайындықтан өтеді. Демек, 9-сыныптан кейін қабылданған оқушылар өз таңдауы бойынша бүгінгі таңда елімізге аса қажетті электрмен-газбен дәнекерлеуші, аспазшы, оператор ЭВМ, электрші мамандықтарын игеріп шығады, – дейді бізбен әңгімесінде №17 кәсіптік лицейінің директоры Гүлнар Балтабекқызы. – Бүған қосымша биылғы жылдың мамыр-қыркүйек айлары аралығында "Жол картасы" бағдарламасы бойынша жұмыссыз тұрғындарды қайта даярлау жұмыстары жүргізілді. Осыған орай Текелі қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жолдамасы бойынша 98 адам жаңа кәсіп меңгеріп шықты. Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 15 қыркүйегінен бастап лицейде «Жол картасы» бағдарламасы бойынша 250 адам қайта даярлау курстарында оқып жатыр.

Бүгінгі таңда лицейде білім алушылар үшін барлық жағдай жасалған. Оқу тегін, аудандардан келетін балаларға жатақханамен қамтылған. Соңғы үлгідегі технологиялар негізінде білім алуда. Оған мысал ретінде облыстағы құрылғыларға біз білім сапасын тәуелсіз бағалауда (НОК) жақсы нәтиже көрсеткеніміз үшін қол жеткіздік. Лицейдің осы көрсеткішіне орай ҚР Білім және ғылым министрлігі бізге арнайы тапсыс етті, – дейді лицей директоры.

Шындығында газбен-электрмен дәнекерлеу үшін виртуалды оқытуға арналған компьютерлік жабдық осы кәсіпті меңгеріп отырған балаларға және білім беретін ұстаздарға да көп көмек. Аталмыш құрылғы жұмыс істеу кезінде жіберген кемшіліктерді айна қатесіз көрсетіп, электрмен-газбен дәнекерлеу ісін шебер меңгеруге мүмкіндік ашады. Әрі ол жұмыс компьютер арқылы ғана жүзеге асатындықтан материалдар қолданылмайды. Сондықтан бұл артық шығыннан да бауға жол ашады.

Лицейде ашылған осындай мүмкіндіктердің арқасында өткен оқу жылында Талдықорған қаласында газбен-электрмен дәнекерлеушілер арасында өткен байқауда 3-курс оқушысы Виталий Бондарев екінші орын жеңімпазы атанды. Республикалық сынға қатысып, Гер-







қүйеу айлары аралығында "Жол картасы" бағдарламасы бойынша жұмыссыз тұрғындарды қайта даярлау жұмыстары жүргізілді. Осыған орай Текелі қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жолдамасы бойынша 98 адам жаңа кәсіп меңгеріп шықты. Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 15 қыркүйегінен бастап лицейде «Жол картасы» бағдарламасы бойынша 250 адам қайта даярлау курстарында оқып жатыр.

Бүгінгі таңда лицейде білім алушылар үшін барлық жағдай жасалған. Оқу тегін, аудандардан келетін балаларға жатақханамен қамтылған. Соңғы үлгідегі технологиялар негізінде білім алуда. Оған мысал ретінде облыстағы құрылғыларға біз білім сапасын тәуелсіз бағалауда (НОК) жақсы нәтиже көрсеткеніміз үшін қол жеткіздік. Лицейдің осы көрсеткішіне орай ҚР Білім және ғылым министрлігі бізге арнайы тапсыс етті, – дейді лицей директоры.

Шындығында газбен-электрмен дәнекерлеу үшін виртуалды оқытуға арналған компьютерлік жабдық осы кәсіпті меңгеріп отырған балаларға және білім беретін ұстаздарға да көп көмек. Аталмыш құрылғы жұмыс істеу кезінде жіберген кемшіліктерді айна қатесіз көрсетіп, электрмен-газбен дәнекерлеу ісін шебер меңгеруге мүмкіндік ашады. Әрі ол жұмыс компьютер арқылы ғана жүзеге асатындықтан материалдар қолданылмайды. Сондықтан бұл артық шығыннан да бауға жол ашады.

Лицейде ашылған осындай мүмкіндіктердің арқасында өткен оқу жылында Талдықорған қаласында газбен-электрмен дәнекерлеушілер арасында өткен байқауда 3-курс оқушысы Виталий Бондарев екінші орын жеңімпазы атанды. Республикалық сынға қатысып, Гер-

қәсіптік лицейлердің ішінде интерактивті тақта мен газбен-электрмен дәнекерлеу үшін виртуалды оқытуға арналған компьютерлік жабдық бізде ғана бар екендігін мақтанышпен айта аламыз. Оның құны 13 млн. теңге тұрады. Мұндай компьютерлік дәнекерлеуші жабдық Қазақстан бойынша 10 лицейде ғана бар. Бұл маманияда бағын сынауға мүмкіндік алды. Ол сынақтарда өндірістік тәжірибені үздік көрсете білуімен көзге түсті.

Материалдық-техникалық базаның нығаюына орай өткен оқу жылында педагогикалық ұжым кәсіби мамандарды даярлауда айтарлықтай жетістікке қол жеткізген. Атап айтар болсақ, 23-24 қыркүйек аралығында Ақтау қаласында өткен республикалық «Үздік дәнекерлеуші – 2009» байқауына аталмыш лицейдің 3-курс оқушысы Олжас Айсаев Алматы облысы атынан қатысты. Байқау бірнеше кезеңнен тұрды. Онда қатысушылар өздерінің кәсіби шеберліктерін ғана емес, түрлі жағдайдан шешім тауып шыға білу, компьютерлік білімі мен спорттағы мүмкіндіктерін де көрсетуге тиіс болды. Осындай қиын сынның әр кезеңінде Олжас үздіктер қатарынан көрінді. Жеңімпаздар ең соңғы турда анықталды. Олар мұнда дәнекерлеу жұмыстарының қиын сынақтарынан өтті. Сондықтан жұмыстың сапалылығы мен жылдам жасалуына баса көңіл бөлінді. Нәтижесінде лицей шәкірті Олжас Айсаев ҚР Білім және ғылым министрлігінің 3-дәрежелі дипломына қол жеткізді.

Биылғы жылы оқу бітірген лицейдің 35 түлегі өздері тәжірибелік сынақтардан өткен өндіріс орындарына жұмысқа қабылданды. Және 8 оқушы жастар тәжірибесі бойынша қаладағы ірі кәсіпорындарға жұмысқа орналасты.

Теориялық және тәжірибелік емтихандар тапсыру арқылы өз білімін дәлелдеп, Халықаралық жастар бағдарламасы бойынша іріктеу турынан өткен ЭЭВ-123 тобының 3-курс оқушысы Николай Огай Израйлда білімін жалғастыру үшін жолдама алды.

Жыл сайын лицей шәкірттері қалалық «Мұқағали – менің пірім» атты мәнерлеп оқу сайысына қатысады. Биылғы оқу жылында лицей оқушысы Қымбат Ешмұратова аталған сында 2-орынды жеңіп алған.

Бүгінде лицейдің осылайша жаңа бағытта жұмысын жүргізуіне директорының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары Сергей Пак, теориялық оқыту жөніндегі орынбасары Гүлжан Райымбекова үлкен үлес сіңіруде. Сондай-ақ, талай жылдан лицейде еңбек етіп келе жатқан оқытушылар, тәжірибелі өндіріс шеберлері бар. Барінің мақсаты біреу ғана ол елімізге қажетті мамандар даярлап, жас ұрпақтың өмірден өз жолын табуына ықпал ету. Осы игі ұстанымымен еңбек ететін білім шаңырағының күн санап көркейе береріне, кәсіптік білімді иеленген жастардың қатары көбейіп, елі үшін еңбек етеріне сенім мол.

«Кәсіптік-лицейлердің үздік әдістемелік қызметі» атты облыстық байқауға да ерекше дайындықпен қатысқан әдіскер Айнұр Малаеваның бастауындағы лицей ұжымы 3-орынға қол жеткізді.

Лицейде еңбекті қорғау мен техникалық қауіпсіздік жұмыстарын ұйымдастыруға баса көңіл аударылады. Сондықтан педагогикалық ұжым үшін 2008 жылы Республикалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау қоғамдық тыңдауда «Үздік ұйымдастыру, кәсіпорын» номинациясын жеңіп алуы үлкен мәртебе болды. Мұны ҚР Кәсіподақ Федерациясы ұйымдастырған болатын.

Білім шаңырағында орын алған соңғы өзгеріске орай қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Жұмагүл Чингетова да ой қосты.

– Кәсіптік мектепте жұмыс істегеніме 20 жылдан асып кетті. Балаларым осында оқып, білім алды. Үлкен ұлым Жақсыбеков Нұрлан электрмен-газбен дәнекерлеуші және жүргізушілікті бітірді. Одан соң Алматыдағы энергетика институтына түсті. Қазір инженер болып жұмыс істейді. Екінші ұлым электрмен-газбен дәнекерлеуші мамандығын алып, осы жерде еңбек етуде.

Соңғы жылда бізде керемет өзгеріс. Интерактивті жабдық пен тақта алынды. Сол бойынша сабақ өтеміз. Осыған орай балалардың да білім алуға деген қызығушылықтары артты. Сондай-ақ, акт залы жасалды. Бұрын мұндай болмаған. Қазір түрлі шаралар осында өтіп тұрады. Балалардың әр шараға ерекше дайындықпен қатысуынан шындығында сахнаны сағынып қалғандығын көрдік. Осы акт залы ашылғалы бері пән бойынша да апталықтар өтіп жатыр. Бұл онды өзгеріс жаңа басшының келуімен тікелей байланысты болғаны бізді қуантады.

Лицейде сұранысқа ие мамандықтың бірі аспазшы-кондитер. Ол бойынша білім алатын балалардың болашаққа деген сенімі зор. Өйткені қазіргі нарық жағдайында аспазшыларға жұмыс табу қиынға соқпайды. Кейінгі кезде бұл кәсіпті меңгеруге үл балалар да ниеттеніп отыр.

– Газбен-электрмен дәнекерлеуші мамандығына да жастар көп келеді. Былтыр 125 бала қабылданса, биыл 150-ге жеткізгелі отырмыз. Оныменен қатар автодром ашып, жүргізушілерді даярлауды қолға алудамыз. Бұрын-соңды жүргізушілік курстар болған. Бірақ жабылып қалған еді. Енді «ВС» санатты жүргізушілерді даярлау үшін «ГАЗЕЛЬ» автокөлігін алдық, – дейді Г.Көкімбаева.

Бүгінде лицейдің осы саласы бойынша 6 мамандығы бойынша оқушылар білім алуда. Оның ішінде 2 мамандық – электрмен-газбен дәнекерлеуші және аспазшы-кондитер – бойынша оқушылар қабылдау жоспарланып отыр. Ал қалған 4 мамандық – оператор ЭВМ, электрші, тігінші, сурет-оюшы – бойынша оқушылар қабылдау көлемі 2 есе артады деп күтілуде. Бұл мамандықтарға да сұраныс жоғары. Сондықтан лицейдің бүгінгі тыныс-тіршілігін көре отырып, кәсіби білімді игерген жастардың қазіргі уақыт сұранысындағы маман иелері екендігіне тағы бір көз жеткіздік.

Суреттерді түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

БІЛІКТІ МАМАН – ЕЛ КЕЛЕШЕГІ

ШЕБЕРЛІКТІ ШЫҢДАЙТЫН ШАҢЫРАҚ



Иә, ауылды көркейту, ауыл шаруашылығын өркендету Елбасымыз Н. Назарбаевтың халқымызға арнаған Жолдауының негізгі бағыттары. Ел келешегі, ауыл болашағы үшін білікті, қажетті мамандар даярлау ісі – күн тәртібінен түспек емес.

Бұл орайда, Райымбек ауданындағы Жаланаш оқу-өндірістік комбинаты туралы жылы лебіз білдіре әңгімелеуге болады.

Қанат БІРЖАНСАЛ,
«Жетісу»

Аталған комбинат 1981 жылы құрылған еді. Тоқсаныншы жылдардан кейінгі өтпелі кезең тұсында оңтайландыру саясатымен қысқаруға ұшырады. 1994 жылдан 2007 жылға дейін аталған комбинат қиындықтарды басынан кешірді немесе өз күндерін өздері көріп келді. Облысымыздың әкімі Серік Үмбетовтің кемел келешекті ойлаған, жас ұрпақ, болашағын толғаған қамқорлығының арқасында 2007 жылдан бері оқу-өндірістік комбинаты бюджет қаражына алынды. Жағдайлары жақсарып келеді.

Жаланаш ауылындағы оқу-өндірістік комбинаты облыс көлемінде алдыңғы қатардан көрініп келе жатқан ұжым. Жаланаш өңіріндегі 5 мектептен барлығы 540 оқушы келіп оқиды. Аптасына әр сынып 6 сағаттан үздіксіз білім алады. Комбинат «ВС» санатты жүргізушілер дайындайды. Қолөнеріне баулиды.

Аспазшылар әзірлейді. Фермер – арендатор саласына мамандығы үшін шәкірттер дайындайды. Оқушыларға жоғары білімді 4 инженер-педагог, 2 экономист, 2 технолог, 2 агроном, 2 қолөнер маманы, 1 жоғары білімді дизайнер, 2 арнаулы орта білімді оқу шеберлері дәріс береді. Оқудың үйретері көп, ұсынары жетерлік.

Жүргізуші мамандығына дайындауда жүріп үйрену үшін 1 тренажер, бұзылып-жөнау бөлмесі, жол жүру ережесіне арналған бөлмелер, құрылыс бөлмесі бар. Оның сыртында 2 жеңіл автокөлік, «ГАЗ-52» жүк көлігі оқушылардың қызметіне дайын. Қолөнер мен аспазшылар үшін де барлық қажетті материалдық базасы жасалынған. Фермер-арендатор мамандығы үшін оқу бөлмелері, оқу алаңы жабдықталған. Оның сыртында қысы-жазы көкөніс өсіретін жылыжай бар. Жылыжай – Бақытгүл Үзақова жетекшілік ететін оқу-өндірістік комбинаты ұжымының ізденісті еңбектерінің жұмыла көтерген жұмыстарының жемісі. Бұлтыр қысқа қарай пайдалануға берілген жылыжай алғашқы өнімдерін беріп келеді.

Комбинат қауіпсіз Қытай Республикасынан ағаш жиһаздарын жасауға аса қажетті көк тал әкеліп өсіріп келеді. Көк тал жақсы өсіп, жетіліп келеді. Көк тал көшеттерінің көлемі ұлғайтыла түсуде.

Ауыл балаларының ел мен жерге қажетті бір-бір мамандықты қоса игеріп шыққаны – аса маңызды. Оның жақсылығы көп. Бұл тұрғыда Жаланаш оқу-өндірістік комбинатының жүргізіп келе жатқан жұмыстары, игілікті шаралары, мүдделі істері көңіл қуантарлық.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

СУРЕТТЕ:
Жаланаш оқу-өндірістік комбинатынан көрініс.

ӨНЕР-БІЛІМ БАР ЖҰРТТА...

ҚАЗАҚ БАЛАСЫ БҰРАНДА БҰРАЙ АЛМАЙ МА?

Экономикамыз қарқынды дами бастағалы елімізде білікті маманға деген сұраныс күн сайын артып келеді. Өйткені, мемлекет экономикасының базалық салалары тау-кен және мұнай-газ өнеркәсібі, өңдеуші өнеркәсіп саналатын машина жасау, құрылыс материалдары өндірісі, сондай-ақ, қызмет көрсету секторындағы туризм, әлеуметтік қамсыздандыру, қызмет көрсету бағыттарында кадр тапшылығы айқын сезілуде.

Қажет АНДАС,
«Жетісу»

Дүниежүзілік банк өткізген «Қазақстандағы кәсібилік, жұмыс күшіне деген сұраныс» атты зерттеуге сүйенсек, жұмыс берушілердің 63 пайызы жұмысшылардың білім мен біліктілігі жеткіліксіз болғандықтан бизнестің дамуына кедергі болып отыр деп санайды. Сондықтан шет елден жақсы мамандар іздеу үрдіске айналды. Бұл ашы да болса, шындық. Әрине, әлемдік санада өнім өндіреміз деп жаңа технологияларды сатып алғанымызбен оны меңгеретін мамандардың жоқтығы толғақты мәселе айналып отыр.

Қазір бүкіл әлем елдері кәсіптік-техникалық білімнің қажеттілігін бірінші орынға қоя бастады. Өйткені, бүгінгі дәуір технологияның дамуын қажет етіп отырғандықтан, жұмысшы кадрлар тапшылығы сезіле түсуде. Әсіресе, құрылыс, ауыл шаруашылығы, машина және жабдықтар технологиясы, қызмет көрсету саласында біліктілі мамандар кемшін. Сондықтан кейінгі жылдары шет елдер кәсіптік білім беру мен оқытуды тегін атқарып келеді. Германия, Франция, Финляндия елдеріндегі кәсіптік-техникалық оқу орындары өзге елдерде филиалдарын ашып, кадр дайындау жұмысымен айналысуға көшкенінен хабардармыз. Өйткені, техникалық-кәсіптік білім беру – академиялық білім емес, шеберлігі жетілген іскер мамандарды даярлау. Сондықтан оған жұмсалатын шығын басқа білім беру деңгейлерімен салыстырғанда әлеуметтік және экономикалық тұрғыда ақталады.

ҚР Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев республикалық «Айқын» газетіне берген бір сұхбатында: «Жылдан-жылға кәсіптік лицейлер мен техникалық колледждерге оқуға барсам деген жастарымыздың саны көбейіп келеді. Жылына 55 мыңдай оқушы техникалық, технологиялық және қызмет көрсету мамандықтары бойынша техникалық лицейлер мен колледждерді бітіріп шығады. Бұлардың 70 пайызы мамандықтары бойынша жұмысқа орналасады. Бұл – өте жақсы көрсеткіш», – дегенді айтқан. Ал облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметіне сүйенсек, бүгіндері өңірімізде 22307 жұмыссыздың 5570-і жастар, бұл 25 пайызды құрайды. Биылғы жылы «Жол картасы» бағдарламасына орай, жастар қайтылай даярлаудан өтіп, белгілі мамандықты игеріп шыққан. Дей тұрғанымен, қазақ баласы әлі де техниканың тілін толық меңгеріп кете қойған жоқ. Мысалы, бір ғана құрылыс саласының өзінде қара көздеріміздің қатары аз. Шағын бизнеспен айналысып жүргендердің көбі өзге ұлт өкілдері. Сондай-ақ, ауламыз арам шөптен көз ашпайды. Керісінше, азық-түлік үшін Қазақстаннан қыруар қаржысы Қытай мен Өзбекстанға ағылуда. Қала көшелеріне екі қолға бір жұмыс таба алмаған жастардың қарасы жылдағыдан артып барады. Бұл туралы әркім әртүрлі айтып жүр. Егер осы пікірлердің тұмдауына себеп болған жағдайларға мән бере қарайтын болсақ, оны мынадай бірнеше жаққа топтауға болады.

Біріншіден, санадағы салқындық. Яғни, кеңестік дәуірден қалған, «үчилищеге тек нашар оқитындар барады» деген жайсыз түсінік. Әрине, кеңестік дәуірдің келмеске кеткеніне 18 жыл өтсе де осы түсініктің әлі де бары рас. Өйткені, бүгінгі күні оқуға түскен жастарымыздың ата-аналары осы бір жағымсыз қағиданы естіп өскен азаматтар. Сондықтан олар балаларын мырза мамандыққа қарай сүйрелейді. Соның салдарынан қоғамымызда ақжағалылар көбейіп алды. Бірақ, ақжағалы болу үшін ұрақты кәсібі, жақсы бағуға мүмкіндік беретін тұрпілігі және белгілі бір мамандықтың қыры мен сырын толық меңгерген болуы керек. Десек те, біздің жастар көлікпен немесе қолтырбамен кіре тартқанның арыға бара алмай жүр. Тіпті, кейбіреуінің қалтасында бірнеше диплюмы болғанымен, оған сай жұмыс табылмайды, ал табылған жағдайда ақшаның аздығынан оп салаға барғысы келмейтіні тағы бар.

Енді бірі – шаруаға қырсығамыз. «Қазақ мал бағуды өзгені білмейді» дейтін қасаң қағида бар. Әрине, жасырары жоқ, қазақтың кәсібі – мал бағу десек те, соның шекесін қыздырып жатқан ағайындардың қатары аз. Агарлап қой айдаған, табын-табын сиыр, үйір-үйір жылқысы барлар көп болғанымен, заманға сай мал бағудың батыл қадамына көшіп, өнімін ел асырып пайдаға жаратып жатқанымыз, кәне Тіпті, кәзір ет өнімдерінің өзін шет елдерден тасып жатқанымыз ата кәсіпті бір шетке шығара алмағанымызды түсіндірмей ме? Қызығына қаранық, әр жылы қажылық кезінде Сауд Арабиясында миллиондаған мал құрбандыққа шалынады екен. Оны Австралиядан әкелетін көрінеді. Сондықтан біз ауыл үйді айналсоқтай бермей, әлемдік нарыққа кіруді мақсат етсекпіті жөн.

Үшіншіден, адал еңбектің қадірін қашыратын алаяқтық. Қазіргі қазақ жастарының қолына байлау болып отырған мінеки, осы. Мұнда біздің қалталы азаматтарымыздың да кінәсі бар. Олардың қайырымдылығы өзбек пен қырғызды жарылқап, өз бауырын алдап кетуден аса алмай жүргендігі жасырын емес. Соның салдарынан темірден түйін түйетін небір азаматтарымыз үйінде бос отыр. Өйткені, олар жұмысқа барғысы келмейді. Істегісімен ақысын ала алмайды. Мына қоғамда тегіс жоқ адам не істей алсын? Халықта: «Жат жарлықамайды» деген нақыл сөз бар. Біз жатты жарлықаудың аса алмай-ақ қойдық. Басқалардың несі кетеді, қаймағыңды қалқып ішіп, қадірің қазмағанда қайқайып шыға береді.

Иә, қазақтың жастары бұрында бұрай алмайды дегендік үстірт ұғым. Қазақ азаматтарының қолынан бәрі де келеді. Мақтанып айтар болсақ, әйгі әлемде санаулы адам шыққан болса, біздің екі жерлесіміз бар. Алайда, қазақтың баласының адымын аштырмай, күйкі тірліктің құлына айналдырып отырған да өзіміз. Былайғы айтқанда, әрбір қазақтың азаматында кем дегенде бір өнер бар. Өкініштісі, оны керекке жарататын жағдайдан гана ақсап тұрмыз. Абай атамыз айтқандай, "Бай болу үшін кәсіп болуы керек?". Иә, кәсіп жай гана айтыла салған сөз болғанымен, оның қиыншылығы мен көп білімді қажет ететіндігін ескерсек, табандылық таныта алғандар гана өз үлесін алады да, төңе алмағандар жол ортада жұмысын тоқтатуға мәжбүр болады. Дегенмен, ойға алған мақсатын бір басына шығармай тұнып тапайтын азаматтар да баршылық арамызда. Міне, солардың кәсіптен нәсіп табуына жол ашатын тиімді жағдай жасалуы керек.

Жастықтың жалын жігері

Жалынды жастықтың жігері,
Биікке жетелеп жүреді.
Жас қайрат намысын
маздатқан,
Ол – қазақ халқының жүрегі,
Ол – қазақ халқының тірегі.

Сол жастық «Абылай»
дегізген,
Хан етіп көтерген киізбен.
Бүгінде ерлік бар, өрлік бар,
Толқыны қаттырақ теңізден.

Сол жастық Шоқанды
ұлы еткен,
Ғылымның көгіне ту еткен.
Қаншама іздер бар
сол жолда,
Тарихта жас жанын
тұлеткен.

Жас Сұлтанмахмұттың
өлеңі,
Күн болып шуаққа бөледі.
Нұр құйған санаға
жастар көп,
Наданға найза боп төнеді.

Сол жастық Ғаниды
бас еткен,
Жас алаш ұраны, жас өркен,
Бүгінде сол шуақ жолында,
Бүршігін жарғандай
жас өркен.

Сол жаста Әміре ән салды,
Париждің қаласы тамсанды.
Жыр болып, гүл болып
егілген,
Жастарым елім деп жар
салды.

Сол жастық Сәкенді сері
еткен,
Ақан боп, Біржан боп
өрлеткен.
Жастықтың кең ашып
сарайын,
Босаға жақтауын төр еткен.

Сол жастық Мағжанды
сендірген,
Өзгеге айбатын төндірген.
Шоқ болып маздаған сол
сенім,
От етті үмітті сөндірген.

Сол жастық Қаныпты
көтерді,
Қажырлы еңбегі өтелді.
Тау мен тас, жер – байлық
қазына,
Бұза алмас жас қайрат
өткелді.

Сол жастық Қайрат боп
түнерген,
Бас иген бодандық күні өлді.
Желтоқсан жол ашқан
теңдікке,
Жастықта бақ өмір сүр енді.

Осылай жастықта
жаныңдар,
Жас жанда жігер бар,
жалын бар.
Жастықта азаттық ары бар,
Бойында қазақтың
қаны бар!

Гүлбақыт ҚАСЕНОВА,
облыстық тілдерді дамыту басқармасының бас маманы

Жарығын іздеп ғұмырдың...

Мешеулік басқан мерт қылып елді,
Жүктелген арман жүректер шерлі.
Құмырска тірлік құндаққа түсіп,
Ұжданды көңіл үміттен сөнді.
Арадан шалғай адасып арман,
Қамалған халық қара тұманнан.
Батысты аңсап батады күнің,
Жатқандай жаннат жарқырап алдан.
Абайла жұртым әліңді білгін,
Сарпалдаң құртар сәніңді бір күн.
Жан таласумен жастығын кетер,
Жарығын іздеп жарым ғұмырдың.

Сағыныш

Сары күзде самал есіп сап-сары,
Сары адырдың сырға тұнып қатпары
Сары қыздың жүрекке ұйып аттары,
Сары таңда сағыныштан атпады.
Сағым қуып, сарғалдақ боп қиялым,
Сағыныштың салып жүрмін жиі әнін,
Сары гүлдер сабағынан үзілсе,
Саған балап сарыларын жиямын.
Сол құрақтар көгергенде сән ғұрып,
Сандуғаштар сайрап атар таң күліп.
Сары сағыныш санама ұйып мәңгілік,
Сары қызды кетсем деймін ән қылып.

Патақ АҚЫНҰЛЫ.
Көксу ауданы

Айдынында шалқысын...

«Кіріспе»демей,
«Кірісу » қойдым жыр атын.
Кірісу менің -
міндетім,
хақым,
мұратым!
Өмірде мынау бәріне,
бәрі,
бәріне
кірісу керек,
кірісу керек шын ақын!..- деп Жарасқан ақынның өзі айтқанындай «Ақ шағала» ұн парағының алға басуына, балғын жырдың бал дәмін енді тата бастаған балаң ақындардан бастап, қара өлеңнің қадір-қасиетін әлдқашан сезінген аға буын өкілдеріне дейін кірісіп кетті.

«Жер жаннаты» аталған жетісулық өрендер де ұлы Абайша айтсақ «Өлеңге өркімнің-ақ бар таласы» деп өздерінің жауһар жырларын «Ақ шағаланың» әппақ айдынына қанаттандырып, ұшырып жатыр. «Ақ шағала» жырларының қанаты талмасын, өлең айдынында өзіндік өрнегімен самғасын деген тілегімізді білдіріп, бір топ жетісулық жас ақындардың туындыларын ұсынып отырмыз.

Жылағым келіп тұр

Кеудемді ұрғылап бір ағын,
Жылағым келіп тұр,
Жылағым.
Жылайын жұбатпа шырағым,
Шыдамым таусылды, шыдамым.
Күңірене күрсінген кезім бұл,
Ет жүрек еркіңше езіл бір,
Көпіршік мұңдарды көңілден,
Көшірсін көзім бір.
Жылайын,
Жыламай нетермін,
Өтті ғой бекер жыл,
Бекер күн.
Жастықта ойнақтап жүрем деп,
Жылауды ұмытқан екенмін.
Жылайын,
Өкіре жылайын,
Жыламай қайтейін құдайым,
Көз жасым көктемгі жауындай сіркіре,
Кірлеген жанымды жуайын.
Жылайын,
Келісіп, бүгін бір,
О, жалған түңілдір,
Жылындыр.
Қаншама қайғығы қамалды,
Көз жасым соларды тірілдір.
Ішінен сыздаған жарадай,
Қыстығып жүргенше қарадай.
Келісіп бір жылап тынайын,
Дауылдан кейінгі даладай.
Келісіп бір жылап жырғайын,
Жауыннан кейінгі даладай.
Жылайын есіме ап өткенді,
Жылайын айтайын өкпемді.
Жылайын, сонан соң көңілден,
Қайта бір бастайын көктемді.
Жылағым келіп тұр...

Күнсұлтан ОТАРБАЙ.
Алматы облысы

Достық

Ойымда сан қиялдар тізбектеліп,
Тағы бір көктем келді қысты өткеріп.
Дос-жаран қашқалақтап аулақ кетті,
Шара не жүргеннен соң мұз боктеріп.
Жүрген де ауыр ойда бір ауылдас,
Халімді сұрап қайтты іздеп келіп.
Бойыма жуытпаушы-ем жайшылықта,
Ой-жүйкем қалды ауыр қайшылықта,
Алаөкпе ессіздерді дос деп біліп,
Өзімді теңеппін-ау жай шыбыққа,
Көңілдің, көркемдіктің терең мәнін,
Адамдар біледі екен таршылықта.
Бағызұр, сен алдымда тұрсың күліп,
Жүректі шымшыды ұят күрсіндіріп,
Жолдастың жолдастығы қиналғанда,
Басқалар бұдан кейін жүрсін біліп.
Ақылы – адамдардың ішкі ойында,
Кеттің сен бұл шындықты түсіндіріп,
Ой бөлмей бақыт, рахат, азабыма,
Кір жуып жүріппін-ау таза арыма.
Мән беріп мәртебе мен құр сымбатқа,
Қалыппын әділ өмір мазағына.
Достық деген мұраттың соңғы шыңы,
Жолдасың мейлі хан ба, жазалы ма.
Рахмет, түсінігі терең құрбым,
Ішінде жүрмесең де өлең-жырдың,
Жанынан табылғаның үлкен медет,
Торласа зәуде ғалам біреуді мұң.
Достыққа үстірт қарап келген маған,
Достықтың қымбат мәнін ұғындырдың.

Қажет АНДАС,
Талдықорған қаласы.

Біз қазақпыз

Біз қазақпыз – достарға
адал жанбыз,
Дұшпандарға найза боп
қадалғанбыз.
Біз қазақпыз – намысты
таптатпайтын,
Әуелден-ақ мықты боп
жаралғанбыз.

Біз қазақпыз – қиындық
көрген елміз,
Отан үшін жанын да
берген елміз.
Қаншама қиыншылық
шықсадағы,
Бейнетті ақылменен
жеңген елміз.

Біз қазақпыз – тиеңдер
арымызға,
Тек адал жан ертеміз
жанымызға.
Ежелден кең пейілдік
сіңген екен,
Мына біздің тулаған
қанымызға.

Мұқағалиға

Ешқашан білмей өткен
жасқануды,
Сырларым оған деген
ақтарылды.
Артына өшпес мұра
қалдырыпты,
Өлеңі дәл өзіндей – от
жалынды.

Өлеңің түспек емес шың
басынан,
Оқығанда киялмен қырға
шығам.
Халқымның жүрегінен орын
алған,
Өзіңе арналады мың
ғашық ән.
Кетпес бейнең елімнің
санасынан,
Сені көрем өлеңдер
арасынан,
Асыл жырың тұлпардың
дүбіріндей,
Естіледі қазақтың
даласынан.

Қаламы жыр жазудан
тосылмаған,
Пікірі жамандыққа
қосылмаған.
Ақиық ағамыздың
жолыменен,
Әрі қарай өлеңнің
отын жағам.
Өлеңінің өлмесіне сенетін,
Қанат қаққан ақыныңның
бірі едім.
Халықыма қолда барды
беремін,
Ағалардың жүріп өткен
жолымен.

Ел-жұртыма аңсағанын
беремін,
Сол үшін де армандаумен
келемін.
Өтсемдағы арманымды
аялап,
Өлеңімнің өлмесіне
сенемін.

Назерке МҰСТАНОВА
8-сынып оқушысы,
Үйғыр ауданы.

• ДҮРБЕЛЕҢ

Көсемі жоқ ел жетім

немесе Қырғыздағы қырғын

«Таудағы арқар маңыраса, ойдағы ешкінің мүйізі сырқырайды» - демекші, Алатаудың арғы бетіндегі айырқалпақтылардың ауызбірліктен айрылып, береке-бітімін жоғалтып, бір-біріне жұдырық ала жүгіруі кімге пайда, кімге зиян? Ежелден төсекте басы, төскейде малы түйіскен қазақ халқы үшін көршінің көтерілісі көңілге кірбің салуда. Азғантай қырғыздың арасынан жүгіріп өткен ала мысық, енді ұлттық мәселеге ойысып, қоян-қолтық араласып жүрген ала шапанды өзбектердің де жағасын жыртты. Мұның түбі жақсылыққа апармасы белгілі. Манас ұрпақтарының қу тақтай таққа отырған көсемдері айырқалпақтының басын біріктіре алмады. Ел мүддесінен гөрі, жеке басының қам-қарекетін көздеген көсемдерін ашынған халық көзінен шұқып, елінен, жерінен бездірді. "Оппозициямыз"деп, өздерін-өздері қырудан тайынбаған таққұмарлар момын халықты оққа байлап, отқа орады. Атам қазақ «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» деуші еді. Бізге қырғыздардан үлгі алуға болмайды. «Қатықсыз қара су ішсек те, ел аман, заман тыныш болса екен», - дейді көнекөздер. «Елдестірмек - елшіден» демекші, Қазақстан басшысы көршіде болып жатқан жаппай бас бұзарлыққа алғашқы болып ара ағайындық мәзіретін жасады. Бұл үрдіс әлі де жалғасуда. Бірақ, шаңырағы шайқалып, керегесі кертілген қырғыздар тыныштықты ойласа, тәуелсіздігін жоғалтып алғысы келмесе, бір дастарқан басына жиналып, бітімге келулері қажет.



Кеңестер Одағының ыдырауымен тарих сахнасына шыққан тәуелсіз елдердің өз саясатын бір арнаға түсіруі оңай болған жоқ. Украинадағы, Қырғызстандағы төңкеріс, Латвия, Литвадағы саяси өзгеріс, Өзбекстандағы толқулар, Әзірбайжандағы "Қарабах дауының" қайта шиеленісуі бұған дәлел. Десе де, қазіргі таңдағы жаһандық экономика, біртұтастанған әлемдік жүйе бір мемлекеттің оқшау, оңаша тұрғыда табанын нық басып тұра алмайтынын ұғындыруда. Грециядағы дағдарыс бүкіл Еуропа экономикасын құлдырауға душар етсе, Қырғызстанда болған революция айдай әлемді аландатып отыр. Тіпті, осы дүрбелеңнің әсерінен саясат майданына белгісіз күштердің келуі де мүмкін дейтін болжам бар. Ол халыққа пайдалы болса, аландаудың реті жоқ. Бейкүнә бұқараның тыныш тіршілігін бұзбасына кім кепіл?

Қырғыз жерінде болған қанды төңкеріс салдарынан жастарымыздың жігері мен сеніміне селкеу түскені анық. Сол дүрбелең салдарынан 100-ге жуық айырқалпақты ағайын қайтыс болса, 1000-ға жуығы түрлі сипатта жарақат алды. «Бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде» дегенді ұстанған халықпыз ғой. Төңге түскен жарақат жазылар. Алайда, жүрекке түскен жара жазылар ма? Сайып келгенде саяси ойынды ұйымдастырушылардың ұпайы толық, басы аман, балтыры сыздаған жоқ. Қарапайым халық пен алданған жастар ғана зиян шегіп шыға келді. Көпшілік осы бір мақсатсыз, стихиялық түрде ұйымдастырылған ойынның шынайы астарын артынан түсінді. Бірақ, бәрі де кеш болды. Маркстің пікіріне жүгінсек: «Қайшылықты шешудің ең соңғы тәсілі – соғыс». Бір ұлттың өзімен-өзі қырылысқаны мәселені шешудің тәсілі емес.

Баяғыда әжемізден «Мақта қыз бен мысық» атты ертегіні тыңдап, мәз болушы едік. Міне, енді оның айқын дәлелін көріп отырмыз. Барлап қарасақ, бес жылдың алдында Бакиев Ақаевты Ресейге қуып тастаса, енді Отынбаева Бакиевті Белоруссқа аттандырды. Не өзгерді? Өзгерген түгі жоқ. Қасқыр терісін жамылғандардың орнына, сусар бөріктілер жайғасты. Ал бұқара халықтың күйі бұрынғыдан да нашарлай бастады. Бизнес тоқырады, инвестиция тоқтады, халықтың жүрегінде Отанға деген сенім жоғалды. Кеше Ақаевты қаралағандар бүгін оны еліне шақырып, бәйек болуда. Бес жылдан кейін Бакиевті де шақырып, қонақ етпесіне кім кепілдік береді? Бір қызығы, бір елдің екі Президенті де Қазақстан арқылы шетелге шығып кетіп отырды. Әрине, бұл біздің ағайындылығымызды, бейбітшілік-сүйгіштігімізді білдіретін шығар. Осы айырқалпақты ағайындардың Әтеке жырық тұсында қазақтың қанша ұл-қызын қорлағаны, Кенесарының басын кесіп, жүрегін де жұлып алғаны тарихтан белгілі. Ал, Шудың суын тосып, біраз әлек салғаны қырғыз мәселесінің біз ойлап жетпейтін деңгейге көтерілгенін, әлемдік саяси ойынның ошағына айналғанын аңғартты.

Тағы бір жағынан, Қырғызстанда 27-маусымда бүкілхалықтық референдум шақырылды. Онда Қырғызстанның Ата заңы қабылданып, Парламенттік басқару жүйесіне көшті. Әрине, қазірге дейін әлемде ел басқарудың Президенттік, Парламенттік, бір партиялы, көп партиялы және патшалық сияқты біздің түрлі тәсілдері бар. Кеңес одағы ыдырағанда тәуелсіз елдер достастығындағы мемлекеттер Президенттік басқару тәсілін таңдағаны баршаға аян. Тек қырғыз елі ғана Орталық Азиядағы тұңғыш Франция болмаққа шешім қабылдады. Бірақ олардың байламының баянды болуы екіталай. Себебі, билік үшін болған төңкеріс саяси күрестің өлшеміне сай келмейді. Оның басындағылар да нағыз ұлт жанашырлары емес. Әрине, Парламентті құрайтын топтың басым бөлігі зиялы қауым өкілдерінен құралуы керек. Бірақ қырғыз зиялылары әлі де ықпалды орынға көтеріле алған жоқ. Демек, тағы да билікті "орайшылдар" иеленді деген сөз. Сонымен бірге, қолында ешқандай билік құдіреті болмаған, тек үкімет басқарудың символы болып саналатын Президент (кім болса да) өз күшін нығайту үшін тағы да дүрбелеңге жол ашуы табиғи жағдай. Бұл әлем тарихында сан мәрте дәлелденген шындық.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдан бері Президенттік басқару жүйесін қолданып келеді. Бүгінгі таңда еліміздің беделі биіктен көрініп отырғаны таңдауымыздың қате болмағанының айғағы. Әрине, бұл деңгейге жету үшін де қазақ елі талай сынаққа дөп келді. Десе де, батыл қадам, бағамды стратегиялық жоба елді қиындықтан алып шығып, әлемдегі беделді мемлекеттер қатарынан көрінуіне түрткі болды. Тіпті, Азия, Африка елдеріне мұрын шүйіре қарайтын Еуропаның қауіпсіздігі мен ынтымақтастық ұйымына билік етуі жай іс емес. Бұл Президентіміздің саяси көрегендігі, халқымыздың ауызбірлігінің арқасы. Ал айырқалпақты ағайындарға қандай басқару тәсілінің болғаны керек емес, ең абзалы елді жүнжітпей басқара алатын, болашаққа бастай алатын қазақтың Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтай көшбасшы қажет. Халқымызда: «Бір күн ұрыс болған үйден қырық күн береке қашады» деген нақыл сөз бар. Тәңірім, тек берекесіздіктен сақтасын. Сондықтан қырғыз бауырлар алдағы сайлауда сабырлы, салмақты, салиқалы, халқына қамқорлықпен қарайтын адамды тауып шыққаны жөн. Сонда ғана қордаланған мәселе өздігінен шешілетін болады.

Мұнан да сорақысы – Қырғызстандағы дүрбелең орайшылдар мен биліккұмар партиялардың сайқал қиялына шоқ тастауы әбден мүмкін.



Мұндай пікірге жайдан-жай тоқталып отырғанымыз жоқ. Кейде кейбір адамдардың аздырғыш пиғылын көріп, ішің жылымайтын істерді көріп жүрміз. Тіпті, биліккке наразы топтар «Жерден алтын тапқандай», қырғыз жеріндегі дүрбелеңді пайдаланып, «Аңқау елге арамза молда» бола қалмақшы. Енді біреулер "тәуелсіздік қазаққа қантөгіссіз келді" деп даурығып жүр. Олай емес, тәуелсіздік – ардан именсе де, дардан именбеген ата-баба ерлігінің өтеуі. Қазақстан, міне, сол жер үшін, ар-намыс үшін атқа қонған күрестердің заңды жалғасы, қанға шылқыған қазақ рухының өтеуі. Бірақ, шапқыншылармен жан беріп, алысқан қазақ ұландары ешқашан қырғыздарша бір-бірімен қырлыспаған. Бұл бүгінгі татулық пен ауызбірлігіміздің тарихи көрінісі.

Дей тұрғанмен, өткенімізде өзекті өртер өкініш мол. Ойға тежеу, тілге тұсау салған қатал тәртіптің салдарынан ұлтым, елім деген қайраткерлерді «халық жауы» еткен кезеңдер болды, азаматтарымызды бораған оқтың өтіне де аттандырдық. «Қаңғып келген шүрегей, елге пана болмайтынын білсек те», атақоныс билігін басқаға беріп, өз ұлымызды өзекке тептік, босып та кеттік, қара көз, қолаң шаш қыздарымыздың бұрымы кесіліп, күң болғанына да көндік, «Үндістерше қаңғытамын» дегендердің тепкісіне де көндік. Десе де, ұлт болып сақталып қалдық. Ұлан-байтақ далаға, атамекенге қорған бола алдық.

Хакім Абай қара сөздерінің бірінде: "Бірі – ішсем, жесем, қам-қайғысыз өтсем дейтін өмір. Ал, енді бірі, нағыз өмір," – деп адам баласының тіршілік жолын екіге жіктейді. Мұндағы нағыз өмір дегені, жалпы адамзаттың қымбат құндылықтарын, азаматтық, кісілік қасиеттерін бағалауға қаратылса керек. Қазақ – зерек, елгезек, талқыр, батыл халық. Барлап қарасақ, бүгінгі күн кешегі дәуірден өзгеше. Біз геосаяси әлемде өмір сүріп жатырмыз, оның үстіне, тәуелсіз қазақ елінің құраушысы болып отырмыз. Біз ең алдымен тәуелсіздіктің 18 жылында қазақтың XVIII ғасырда жетпеген биігіне жеттік. ТМД елдері не істерін білмей сансырап жатқанда, «Қазақстан-2030» Стратегиялық бағытын жасап, басқаларға үлгі болғанымыз өз алдына өрелі әңгіме. Оның үстіне, қазақ даласы бүкіл әлемдік экономика мен ынтымақтың кіндігіне айналып отыр.

Үміт те жоқ емес. Қазіргі өсіп келе жатқан жастарға сенуге болады. Алайда, оларға өткен өмірді тықпалап бермей, «Еңбек етсең емесің» деген қағиданы үйретіп, ел рухын көтеретін өзіндік байламына жол беретін де кез жеткен сияқты. Өйткені, олар – жігері жаншылмаған ұрпақ және тарихтағы қанды қырғынның түйіні болған діндердің басы тоқайласқан даланың ендігі қожайындары. Әр ұлттың өзіндік қалыптасу, кемелдену барысы болатыны анық. Десе де, біз әлемдік саяси өлшемдерге сай келетін қазақы құндылықтарды негіз еткен мемлекет құрып жатқанымызды ескерсек, қазіргі жастардың жан дүниесіне терең үңіліп, оның жігері мен сенімін ұштау керек. Ол - сенің де, менің де, баршамыздың да міндетіміз.

Қажет АНДАС.

• ДҮРБЕЛЕҢ

Көсемі жоқ ел жетім

немесе Қырғыздағы қырғын

«Таудағы арқар маңыраса, ойдағы ешкінің мүйізі сырқырайды» - демекші, Алатаудың арғы бетіндегі айырқалпақтылардың ауызбірліктен айрылып, береке-бітімін жоғалтып, бір-біріне жұдырық ала жүгіруі кімге пайда, кімге зиян? Ежелден төсекте басы, төскейде малы түйіскен қазақ халқы үшін көршінің көтерілісі көңілге кірбің салуда. Азғантай қырғыздың арасынан жүгіріп өткен ала мысық, енді ұлттық мәселеге ойысып, қоян-қолтық араласып жүрген ала шапанды өзбектердің де жағасын жыртты. Мұның түбі жақсылыққа апармасы белгілі. Манас ұрпақтарының қу тақтай таққа отырған көсемдері айырқалпақтының басын біріктіре алмады. Ел мүддесінен гөрі, жеке басының қам-қарекетін көздеген көсемдерін ашынған халық көзінен шұқып, елінен, жерінен бездірді. "Оппозициямыз"деп, өздерін-өздері қырудан тайынбаған тақұмарлар момын халықты оққа байлап, отқа орады. Атам қазақ «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» деуші еді. Бізге қырғыздардан үлгі алуға болмайды. «Қатықсыз қара су ішсек те, ел аман, заман тыныш болса екен», - дейді көнекөздер. «Елдестірмек - елшіден» демекші, Қазақстан басшысы көршіде болып жатқан жаппай бас бұзарлыққа алғашқы болып ара ағайындық мәзіретін жасады. Бұл үрдіс әлі де жалғасуда. Бірақ, шаңырағы шайқалып, керегесі кертілген қырғыздар тыныштықты ойласа, тәуелсіздігін жоғалтып алғысы келмесе, бір дастарқан басына жиналып, бітімге келулері қажет.



Кеңестер Одағының ыдырауымен тарих сахнасына шыққан тәуелсіз елдердің өз саясатын бір арнаға түсіруі оңай болған жоқ. Украинадағы, Қырғызстандағы төңкеріс, Латвия, Литвадағы саяси өзгеріс, Өзбекстандағы толқулар, Әзірбайжандағы "Қарабах дауының" қайта шиеленісуі бұған дәлел. Десе де, қазіргі таңдағы жаһандық экономика, біртұтастанған әлемдік жүйе бір мемлекеттің оқшау, оңаша түрғыда табанын нық басып тұра алмайтынын ұғындыруда. Грециядағы дағдарыс бүкіл Еуропа экономикасын құлдырауға душар етсе, Қырғызстанда болған революция айдай әлемді алаңдатып отыр. Тіпті, осы дүрбелеңнің әсерінен саясат майданына белгісіз күштердің келуі де мүмкін дейтін болжам бар. Ол халыққа пайдалы болса, алаңдаудың реті жоқ. Бейкүнә бұқараның тыныш тіршілігін бұзбасына кім кепіл?

Қырғыз жерінде болған қанды төңкеріс салдарынан жастарымыздың жігері мен сеніміне селкеу түскені анық. Сол дүрбелең салдарынан 100-ге жуық айырқалпақты ағайын қайтыс болса, 1000-ға жуығы түрлі сипатта жарақат алды. «Бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде» дегенді ұстанған халықпыз ғой. Тәнге түскен жарақат жазылар. Алайда, жүрекке түскен жара жазылар ма? Сайып келгенде саяси ойынды ұйымдастырушылардың ұпайы толық, басы аман, балтыры сыздаған жоқ. Қарапайым халық пен алданған жастар ғана зиян шегіп шыға келді. Көпшілік осы бір мақсатсыз, стихиялық түрде ұйымдастырылған ойынның шынайы астарын артынан түсінді. Бірақ, бәрі де кеш болды. Маркстің пікіріне жүгінсек: «Қайшылықты шешудің ең соңғы тәсілі – соғыс». Бір ұлттың өзімен-өзі қырылысқаны мәселені шешудің тәсілі емес.

Баяғыда әжемізден «Мақта қыз бен мысық» атты ертегіні тыңдап, мәз болушы едік. Міне, енді оның айқын дәлелін көріп отырмыз. Барлап қарасақ, бес жылдың алдында Бакиев Ақаевты Ресейге қуып тастаса, енді Отынбаева Бакиевті Белоруссқа аттандырды. Не өзгерді? Өзгерген түгі жоқ. Қасқыр терісін жамылғандардың орнына, сусар бөріктілер жайғасты. Ал бұқара халықтың күйі бұрынғыдан да нашарлай бастады. Бизнес тоқырады, инвестиция тоқтады, халықтың жүрегінде Отанға деген сенім жоғалды. Кеше Ақаевты қаралағандар бүгін оны еліне шақырып, бәйек болуда. Бес жылдан кейін Бакиевті де шақырып, қонақ етпесіне кім кепілдік береді? Бір қызығы, бір елдің екі Президенті де Қазақстан арқылы шетелге шығып кетіп отырды. Әрине, бұл біздің ағайындылығымызды, бейбітшілік-сүйгіштігімізді білдіретін шығар. Осы айырқалпақты ағайындардың Өтеке жырық тұсында қазақтың қанша ұл-қызын қорлағаны, Кенесарының басын кесіп, жүрегін де жұлып алғаны тарихтан белгілі. Ал, Шудың суын тосып, біраз әлек салғаны қырғыз мәселесінің біз ойлап жетпейтін деңгейге көтерілгенін, әлемдік саяси ойынның ошағына айналғанын аңғартты.

Тағы бір жағынан, Қырғызстанда 27-маусымда бүкілхалықтық референдум шақырылды. Онда Қырғызстанның Ата заңы қабылданып, Парламенттік басқару жүйесіне көшті. Әрине, қазірге дейін әлемде ел басқарудың Президенттік, Парламенттік, бір партиялы, көп партиялы және патшалық сияқты біздің түрлі тәсілдері бар. Кеңес одағы ыдырағанда тәуелсіз елдер достастығындағы мемлекеттер Президенттік басқару тәсілін таңдағаны баршаға аян. Тек қырғыз елі ғана Орталық Азиядағы тұңғыш Франция болмаққа шешім қабылдады. Бірақ олардың байламының баянды болуы екіталай. Себебі, билік үшін болған төңкеріс саяси күрестің өлшеміне сай келмейді. Оның басындағылар да нағыз ұлт жанашырлары емес. Әрине, Парламентті құрайтын топтың басым бөлігі зиялы қауым өкілдерінен құралуы керек. Бірақ қырғыз зиялылары әлі де ықпалды орынға көтеріле алған жоқ. Демек, тағы да билікті "орайшылдар" иеленді деген сөз. Сонымен бірге, қолында ешқандай билік құдіреті болмаған, тек үкімет басқарудың символы болып саналатын Президент (кім болса да) өз күшін нығайту үшін тағы да дүрбелеңге жол ашуы табиғи жағдай. Бұл әлем тарихында сан мәрте дәлелденген шындық.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдан бері Президенттік басқару жүйесін қолданып келеді. Бүгінгі таңда еліміздің беделі биіктен көрініп отырғаны таңдауымыздың қате болмағанының айғағы. Әрине, бұл деңгейге жету үшін де қазақ елі талай сынаққа дөп келді. Десе де, батыл қадам, бағамды стратегиялық жоба елді қиындықтан алып шығып, әлемдегі беделді мемлекеттер қатарынан көрінуіне түрткі болды. Тіпті, Азия, Африка елдеріне мұрын шүйіре қарайтын Еуропаның қауіпсіздігі мен ынтымақтастық ұйымына билік етуі жай іс емес. Бұл Президентіміздің саяси көрегендігі, халқымыздың ауызбірлігінің арқасы. Ал айырқалпақты ағайындарға қандай басқару тәсілінің болғаны керек емес, ең абзалы елді жүнжітпей басқара алатын, болашаққа бастай алатын қазақтың Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтай көшбасшы қажет. Халқымызда: «Бір күн ұрыс болған үйден қырық күн береке қашады» деген нақыл сөз бар. Тәңірім, тек берекесіздіктен сақтасын. Сондықтан қырғыз бауырлар алдағы сайлауда сабырлы, салмақты, саликалы, халқына қамқорлықпен қарайтын адамды тауып шыққаны жөн. Сонда ғана қордаланған мәселе өздігінен шешілетін болады.

Мұнан да сорақысы – Қырғызстандағы дүрбелең орайшылдар мен биліккұмар партиялардың сайқал қиялына шоқ тастауы әбден мүмкін.



Мұндай пікірге жайдан-жай тоқталып отырғанымыз жоқ. Кейде кейбір адамдардың аздырғыш пиғылын көріп, ішің жылымайтын істерді көріп жүрміз. Тіпті, биліккке наразы топтар «Жерден алтын тапқандай», қырғыз жеріндегі дүрбелеңді пайдаланып, «Аңқау елге арамза молда» бола қалмақшы. Енді біреулер "тәуелсіздік қазаққа қантөгіссіз келді" деп даурығып жүр. Олай емес, тәуелсіздік – ардан именсе де, дардан именбеген ата-баба ерлігінің өтеуі. Қазақстан, міне, сол жер үшін, ар-намыс үшін атқа қонған күрестердің заңды жалғасы, қанға шылқыған қазақ рухының өтеуі. Бірақ, шапқыншылармен жан беріп, алысқан қазақ ұландары ешқашан қырғыздарша бір-бірімен қырлыспаған. Бұл бүгінгі татулық пен ауызбірлігіміздің тарихи көрінісі.

Дей тұрғанмен, өткенімізде өзекті өртер өкініш мол. Ойға тежеу, тілге тұсау салған қатал тәртіптің салдарынан ұлтым, елім деген қайраткерлерді «халық жауы» еткен кезеңдер болды, азаматтарымызды бораған оқтың өтіне де аттандырдық, «Қаңғып келген шүрегей, елге пана болмайтынын білсек те», атақоныс билігін басқаға беріп, өз ұлымызды өзекке тептік, босып та кеттік, қара көз, қолаң шаш қыздарымыздың бұрымы кесіліп, күң болғанына да көндік, «Үндістерше қаңғытамын» дегендердің тепкісіне де көндік. Десе де, ұлт болып сақталып қалдық. Ұлан-байтақ далаға, атамекенге қорған бола алдық.

Хакім Абай қара сөздерінің бірінде: "Бірі – ішсем, жесем, қам-қайғысыз өтсем дейтін өмір. Ал, енді бірі, нағыз өмір," – деп адам баласының тіршілік жолын екіге жіктейді. Мұндағы нағыз өмір дегені, жалпы адамзаттың қымбат құндылықтарын, азаматтық, кісілік қасиеттерін бағалауға қаратылса керек. Қазақ – зерек, елгезек, талқыр, батыл халық. Барлап қарасақ, бүгінгі күн кешегі дәуірден өзгеше. Біз геосаяси әлемде өмір сүріп жатырмыз, оның үстіне, тәуелсіз қазақ елінің құраушысы болып отырмыз. Біз ең алдымен тәуелсіздіктің 18 жылында қазақтың XVIII ғасырда жетпеген биігіне жеттік. ТМД елдері не істерін білмей сансырап жатқанда, «Қазақстан-2030» Стратегиялық бағытын жасап, басқаларға үлгі болғанымыз өз алдына өрелі әңгіме. Оның үстіне, қазақ даласы бүкіл әлемдік экономика мен ынтымақтың кіндігіне айналып отыр.

Үміт те жоқ емес. Қазіргі өсіп келе жатқан жастарға сенуге болады. Алайда, оларға өткен өмірді тықпалап бермей, «Еңбек етсең емесің» деген қағиданы үйретіп, ел рухын көтеретін өзіндік байламына жол беретін де кез жеткен сияқты. Өйткені, олар – жігері жаншылмаған ұрпақ және тарихтағы қанды қырғынның түйіні болған діндердің басы тоқайласқан даланың ендігі қожайындары. Әр ұлттың өзіндік қалыптасу, кемелдену барысы болатыны анық. Десе де, біз әлемдік саяси өлшемдерге сай келетін қазақы құндылықтарды негіз еткен мемлекет құрып жатқанымызды ескерсек, қазіргі жастардың жан дүниесіне терең үңіліп, оның жігері мен сенімін ұштау керек. Ол - сенің де, менің де, баршамыздың да міндетіміз.

Қажет АНДАС.

◈Келбет

Ұлағатты ұстаз

Бақұлыққа аттанған ағайын-туыс, тамыр-таныстарға тәу етіп, құран оқыту үшін елге сирек болса да барып тұрамыз. Сондайда қапалана қайтуға батқан, сөкталдай азаматын ажал аузынан алып қалуға дәрмені жеткен жерлестерімнің: "Біліп отырмыз, емшілердің сауатсыздығынан-ақ болды. Шылбы секілді білікті бірде бір дәрігер қалған жоқ қой ауданда...", "Операцияны Шылбы Тұяқов жасайды екен дегенді естісек ертеректе ештеңеден қауіптенбейтін едік..." сынайлы реніш-күйініштерін де естіп қалатынымыз бар. Расында да, сонау 60-жылдардың ортасынан бастап, отыз жыл бойы аудандық ауруханада хирург, бас дәрігердің орынбасары, бас дәрігерлік қызметтерін атқарған Шылбы Тұяқовтың қаншалықты қадірлі, беделді болғанын ел-жұрты әлі ұмыта қойған жоқ. "Әттең Шылбы болса ғой..." деп сағына, күйіне еске алатындары да сондықтан болса керек.

Өзім күз болған аса ауыр жағдайдың осындайда ойға оралатыны бар. Қант қызылшасын өсіретіндіктен ауданның еңбектеген баласынан бастап, еңкейген кәрісіне дейін сол техникалық дақылды күтіп-баптауға, жинап алуға жаппай ат салысатын. Күндердің күнінде редакцияда отырған маған (ол кезде Алакөл аудандық "Жаңа өмір" газетінде қызмет істейтінмін) тәлі түбір жинауға оқушыларды алып бара жатқан қоратты машинаның аударылып, апатқа ұшырағаны жайында суық хабар жетті. Салып ұрып ауруханаға барсам, ақ халатты дәрігерлер мен мейірбикелерге қосыла бір топ адам ауыр жарақаттанып, ес-түссіз жатқан балаларды ішке кіргізіп жатыр екен. "Жедел жәрдем" машинасынан зембілді көтеріп түсіре берген Шылбы Тұяқов: "Мынаны бірден операционныйға апарыңдар" деді де, басқаларының хал-жағдайын жедел тексере бастады. Әдекімдерге асығыс тапсырма беріп болған соң адымдаған күйі ішке кіріп кете барды.

У-шу басылған соң білдік қой. Қант қызылшасын жинауға қолғабыс тигізу үшін қоратты машинамен егіс басына алып бара жатқан 39 мектеп оқушысы апатқа ұшырапты. Жарақат алмаған бірде бір бала жоқ. Зембілге салынған ауыр жарақаттағандарды өзі көтерісіп, хирургия бөліміне жеткізген Шылбы Тұяқов бірден операция жасауға кіріскен көрінеді. Бір тәуліктен астам аяғынан тік тұрып оқушыларды қайта тірілткен, ажал аузынан алып қалған дәрігерге аурухана есігін күзеткен ата-аналардың да алғысы шексіз еді...

Алакөл ауданын мекендеген ел-жұртының әлі күнге Шылбыңы еске ала отырып, оның емшілік, біліктілік, білімділік, қала берді азаматтық қасиеттеріне таңғалатындығы да, сағына еске алатыны да осындай қымқуыт тірлігі мен жанкиярлық істерінің нәтижесі екендігі даусыз. Себебі ажал аузынан арашалап қалған, қатарға қосқан қырыққа тарта жас бүлдіршіндер – қазір ел ағасы атанып, үрпақ өрбітіп жүрген азаматтар. Шылбы ағаларының аялы алақанын, қиналған сәттерінде өмірлері үшін жанталаса арпалысқанын, күндіз-түні көз ілмей әркайсысының жанына шипа іздегенін қалай ұмытсын?! Бұл Шылбы Тұяқовтың қажымас қайсарлығының, дәрігер ретінде кәбілет-қарымын таныта білуінің бір ғана көрінісі.

Өзінің дәрігерлік парызын орындауға келгенде ешкімді ұлтына, дініне, қоғамдағы алатын орнына, қызметі мен лауазымына орай бағаламайтын, ауыр науқасқа жедел көмек көрсету қажет болғанда ешкімнің құқайына, беделіне қарамаған Шылбы Тұяқовтың әр күні шытырман оқиғаға тола еді.

Сөзіміздің дәлелі ретінде бір мысал келтіре кетелік. Аудандық ауруханада хирург, бас дәрігердің орынбасары болып жүрген кезде ауыр жарақат алған екі адам жеткізіледі. Бірі – орыс та, екіншісі – шешен жігіті екен. Төбелескен екеуі бір-бірине пышақ жұмсапты. Ес-түссіз жатқан орыс жігітінің халін бірден байқаған Шылбы операция столына алдымен соны апаруға бұйрық береді. ауқымдаса жеткен шешендер мұндай шешімді естіген бетте Шылбыны қоршап алып: "Алдымен мына біздің бауырымызға операция жасайсың. Орыс тура тұрады. Ал көнбейді екенсің, онда өзіңді пышақтап өлтіреміз", – деп тап-тап береді. Қолын бір сілтеген Шылбы Тұяқов "сендерден келер құқайды көріп алдым" дегендей, алдымен орыс жігітіне операция жасайды. Түйсігі мен сезімі алдамаған екен. Жұмсалған пышақ әлгі жігіттің жүрегін тесіп өтіпті де, қан ұйыған жүрек шіркін тоқтауға айналыпты. Кеуде тұсын қақырата сөгіп тастаған соң байқаганы – жарадағы қан ұйып, жүрек соғысын тоқтатыпты. Әлсіз ғана бүлкілдеп, тоқтауға айналған жүректі қолымен сығымдай қысып-қысып қайтадан жұмыс істетіп, операцияны сәтті аяқтап шығады. Бұл оның жүрекке тікелей операция жасаудағы алғашқы тәжірибесі еді. Бұдан кейін де жүрекке он екі рет операция жасаған Шылбы Тұяқов үш адамның тоқтап қалған жүретіне кеудесін тіліп жіберіп, тікелей массаж жасау арқылы ажалға арашашы болған көрінеді.

1964 жылы Алматыдағы медицина институтын бітіріп, жолдамамен Алматы облысының Ақсу ауданына қарасты қазіргі Жансүгіров поселкесіндегі 35 төсектік учаскелік ауруханаға жұмысқа қабылданған Шылбы Тұяқов арада 5–10 жыл өткенде атақдақты облысқа жайылған хирург атанатынын ойламаған да болар. Жоғары оқу орнын үздік бітіріп, жолдамамен келген Шылбыны аудандық ауруханың бас дәрігері Тілеужан Закарин Жансүгіров атындағы елді мекендегі учаскелік ауруханаға қатардағы дәрігер етіп жібереді. Осының алдында ғана үйленген, баспанасы жоқ жас дәрігер уақытының көбін сол ауруханада өткізеді.

Қай жерде де қайырымды жандардың кездесетіні анық. Көпті көрген, ұзақ жылдар бойы сол учаскелік ауруханада қызмет атқарған Раиса Михайловна Бодвинаның оны туған баласындай қамқорлығына алып, онсолын тануына, алғашқы еңбек сокпағынан жаңылмай өтуіне септескенін әлі күнге ұмытпай, ризашылықпен еске алатыны бар. Бейтаныс орта, беймәлім ұжым болғандықтан ба, әйтеуір оқу бітіріп келген Шылбы Тұяқов ауруханадағы жұмысынан өзгеге көңіл аудармай, тәуліктің кез келген уақытында науқас адамдардың жанынан табылуды мұрат тұтты. Жансүгіров атындағы поселкеге іргелес жатқан шағын елді мекендердегі науқастарды аралап, көмек көрсетумен қатар, әлдебір жастар секілді ойын-сауық құмай, уақытының көбін осылайша ауруханада өткізеді. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы бастығының орынбасары Нудельманмен учаскелік аурухана басшыларын іздеп телефон соқса, түтқаны үнемі Шылбы көтереді екен де: "Дәрігер Тұяқов тыңдап тұр", – деп жауап береді. Учаскелік аурухананың басшысы да, қатардағы дәрігері де өзі секілді қашан болсын, кім іздемесін, әйтеуір орнынан табылатын. Кейінірек сол облыстағы басшысы "по Аксускому району наверно работает один единственный врач Туяков" деген әңгіме таратыпты.

Жаңадан үйленген, сол Жансүгіров поселкесін мекендейтін қайын атасы Қасым Мәсімовтің үйінде тұрып жатқан Шылбы бала-шағасы көп қайын жұртына салмақ түсірмейін десе де, ойлағанындай бола қоймайды. Жас маманға аудан, аурухана басшыларының көңіл бөлып, пәтер беретін шағайы байқалмайды. Жас дәрігерге берілетін мардымсыз жалақысы күнделікті жүріс-тұрысы мен ауқатынан аспайды. Жаңадан қосылған, шет тілдері институтында оқып жүрген зайыбы Күлайханды сырттай оқуға ауыстыртып, қасына көшіртіп алайын десе, қол қысқалығы мұрша бермейді. Осылайша әрі-сәрі күй кеше беруге шыдамаған ол аудандық атқару комитетінің төрағасы Омархан Жаппейсовке барып жағдайын айтады ғой. Жас маманның аз уақыт ішінде Жансүгіров поселкесі мен сол маңдағы елді мекен тұрғындарының құрметіне бөлене бастағанынан, бұрынғыдай емес ауыр науқастарды емдеу мен операция жасау ісінің учаскелік ауруханада қолға алынғанынан хабардар Жаппейсов аудандық аурухана басшысын шақыртып алып, жағдай тудыруды тапсырады да, қолма-қол пәтер беруге бұйрық береді.

Бірде, 1965 жыл болса керек, учаскелік ауруханаға қанысырап алсіреген, шұғыл дәрігерлік көмек көрсетпесе көз жұмуы мықтап бір әйел жеткізіледі. Тексеріп көрсе жүкті әйелдің жатырынан қан кетіп әлсіреген екен. Аудан орталығына апаруға уақыт күтіп тұрмайды, жол-көлекей қайтыс болып кетуі әбден мүмкін. Операцияға дайындап, Раиса Михайловнаны қасына көмекшілікке алған Шылбы іштегі көз жұмған шараналы алып тастап, жарылған тамырларды тігеді де, қанды тоқтатады. Осыдан бастап тамақ бездеріне, әйелдердің жыныс органдарына, өкпеге, сынған сүйектерге жеке өзі операция жасай бастайды. Сол-ақ екен бұрын аудан орталығына, облысқа шұбыратын жұрт енді Шылбы Тұяқовтың алдын босатпауға айналады.

Осылайша Ақсу ауданындағы алғашқы еңбек жолының он жылы да өте ауыр. Жұбайы Күлайханды сырттай оқыту бөліміне ауыстырған соң аудандық атқару комитеті берген пәтерге көшеді де, Алакөл аудандағы шешесі мен қарындастарын қолына алады. Бұрынғыдай емес, білікті дәрігер, қолы жеңіл хирург ретінде танылып, атақ-данқы өзі туып-өскен Алакөл аудандық ауруханының басшыларына да жетсе керек. 1966 жылғы қазан айының 16 жұлдызында Алакөл аудандық ауруханасының бас дәрігері Лұқпан Нұрғазин мен оның орынбасары Ноян Омаров Алматыға кетіп бара жатқан жолдарында ат басын Шылбының үйіне бұрады. Жоғары оқу орны жолдамамен бөлген кезде "өзімізде де дәрігерлер жеткілікті" деп қабылдаудан бас тартқан Лұқпан ағасы бұл жолы Шылбыға жылы қабақ танытып, өзінің тұған ауданына хирург болып ауысып келуіне иненттес екендігін жеткізеді. Бұл не десін, туған ауданына кімнің оралғысы келмеуші еді?! Бірақ бару-барпауын облыстық денсаулық сақтау басқармасы шешетіндіктен әліптің артын бағады. Кейін ауыс-түйіс әңгіме қайта қозғалғанда үнемі телефонмен тіздесіп, учаскелік ауруханадағы жұмыстың біршама ілгерілегенін білетін облыстағы екінші басшысы Нудельман Шылбы Тұяқовқа жақсы мінездеме беріп, қолдаған көрінеді. Міне, қазір ел-жұрты сағынып еске алатын Шылбы Тұяқовтың, білікті де білімді дәрігер-хирургтің Алакөл ауданындағы еңбек жолы осылайша басталыпты.

Дана халқымыз: "Өз жұртың – күншіл, нағашы жұртың – сыншыл, қайын жұртың – мыншіл", – деп бекер айтпаса керек. Еңбек жолын Ақсу ауданынан кейін 1966 жылы Алакөлде қатардағы хирург дауазымынан бастап, бас дәрігердің орынбасары, бас дәрігер қызметтеріне жоғарылатылған Шылбы Тұяқовтың денсаулық сақтау саласын дұрыс жолға қойғандығын, жерлестерінің мұңмұқтажын ескере отырып құруар жұмыс атқарғанын ауылдастары жақпай мойындағанымен, кезекеме тән күншілдік те Шылбы Тұяқовқа да біршама әбігер әкелді. Жаңадан салынған аурухана мен емханаға заманға лайық қондырғылар мен аспаптар орнатып, жас кадрлардың қасына топтастыра білген Шылбы айналдырған из жыл ішінде алыс мал жайылым учаскелеріндегі шопандар мен бақташы-жылқышыларға медициналық көмек көрсететін бірнеше дәрігерлік пункттерді қайта жарақтандырады. Шалғайда жүріп, ауырсырқағандарына шалдыққандарына қарамай еңбек ететін малшы қауымның денсаулығын сақтауға елеуіп үлес қосып жүрген фельдшерлердің еңбекақыларын көбейтеді, солардың пайдалануына мұқайлы әрі ыңғайлы аппараттуралар сатқызып беріп жүрді.

Дәрігер ретінде қызметінен мін таба алмаған бірқатар әріптестері мен жерлестері Шылбы Тұяқовтың беделінің артып бара жатқанын көре алмай жоғарғы жаққа боратып арыз жаза бастайды. "Мылтықтың басуына құлаының қасынуы деп келіпті" демекші, дәл сол тұста жұртты ортақ іске ұйытудың орнына есек-аяңға нек артып, аудандағы беделді басшыларды тұқыртып алуды басқарудың бір стилі санаған Қабиден Кәрібаев ауданның бірінші басшылығына тағайындалады. Қашан да жаңа басшының қолтығын пиналағысы келетін, айтақтаса болғаны жат түгілі жақынын да талауға әзір тұратын "жандайшаптар" желдің Шылбы Тұяковқа қарсы соққанын білген бойда жаңа әкімге қосыла Шылбыны жамандай бастайды да, "ішіп қойды, жеп қойды" дейтін арыз-шағымды қарша боратады. Жаңа басшыға да керегі сол, аудандық құзық қорғау органдарына тапсырма беріп, Шылбы Тұяковты темір тордың арғы жағына тоғытады да жібереді. Бұған дейінгі Мәжен Өнербеков, Рахметолла Махметов, Алат Машуров секілді аудан халқының жағдайын ойлауды алдынғы қатарға қоятын бірінші басшылар тұсында тек қолдау көріп келген, азал еңбегі әділ бағаланған Шылбы дәл осы жаңа басшы Кәрібаевка не себепті жақпай қалғанын түсіне алмай дал болады. Істің ақ-қарасы анықталғанша 5-6 ай да өте шығады. Ешкімнің басына бермесін, халқының есендігі мен саулығын ойлап, талай түнді операция столы жанында өткізген, мыңдаған адамға ғұмыр сыйлаған Шылбы Тұяковты бұл соққы шындығында да есеңгіретіп-ақ тастағандай еді. Темір тордың әр жағында жатып канша ойласа да нендей қылмыс жасағанын түсіне алмай дал болған ол әйтеуір "аққа қараның жабыспайтынына" тәубе етіп, талай күн мен түнді азапты ойлар құшағында өткізеді. Артық ақша жұмсалса, оны өзінің алмағаны, кәрісінше қызметкерлерінің атқарған ауыр жұмыстарына орай қосымша еңбекақы тағайындағаны, үйіне мұқтаж алмағаны, сол учаскелік ауруханалар мен шағайлағы емшілерінің аспаптар мен құрылғылар сатқысын әперген өзіне ғана емес, өзгеге де, тіпті зан орындарына да аян еді. Бірақ аудандағы құзық қорғау органдары ауданның бірінші басшысы алдында осыны айтуға дәрмендері жетпей, тергеу ісін жалғастыра береді. Сан мәрте аудандық ауруханаңың кіріс-шығыс, бухгалтериялық есептері, қаржының жұмсалу көздері мұқият тексеріледі. Бірақ қалай ойласа да, әйтеуір мұның әдекімдер арқылы қолдан ұйымдастырылған қысас екенін өзі де, өзіне жақтас аудан жұртшылығы анық білетін.

Озбырлыққа, меменділік пен қиянатқа төзбейтін, әдекімнің астамшылдығын көрсе алмас қылыштай қынып түсуге әзір тұратын турашылдығы да ауданның жаңа басшысына жақпай қалуы әбден мүмкін. Осындайда ертеректе естіген мына бір әңгіме еріксіз ойға оралады. Аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары болып жүрген кезі еді. Бас дәрігер Ноян Омароваты әлдебір милицияның жас балаша дірдектете алдына салып айдап келе жатқанын байқап қалады. "Әй, не болды?", – дейді де Ноян ағасына араша түспек болады. Сөйтсе әлгі милиция: "Кет жолымнан, мұны ғана емес, керек болса сені де апарып қамап тастаймын" , –деп ақиланып шыға келген көрінеді. Ноянның да, өзінің де ешкімнің ала жібін аттамағанын жақсы білетін, оның үстіне мынандай кеудемсоқтыққа төзбеген Шылбы омыраулап келген әлгі милицияны бір ұрып ұзынынан түсіріпті. Артынан аяқ-қанығын сұрастырса, аудандық кино жүйесінің басшысы Ким деген азамат 4 жасар баланы машинасымен қағып кеткен екен. Сол тұста машина ішінде бас дәрігер Ноян Омаров та болған көрінеді. Істің анық-қанығына жетпеген әлгі зан қызметкері ежелгі әпербақандығына салып тұмысынан момын Ноян Омаровты алдына салып айдап келіпті сол екен. Ауданға бірінші басшы болып келген Кәрібаев та айдауына жүріп, ілеуіне көнгісі келмеген Шылбының осындай тік мінезін жаратпағандықтан, қаптаған жандайшаптарындай кезе сала жүсығын алуды көздесе керек. Оған көнбеген, өрмекші пұсқауларына бағынбаған Шылбы Тұяқов ақыры біраз азапты күндерін осылайша өткізеді.

Осылайша үміт пен күдік арасында бірнеше ай тергеу мен тексеруде болып, абақтының атала көженесінен дәм татып көрген Шылбы Тұяқов ешқандай кінәсі жоқ екендігі дәлелденіп, ақыры ақталып шықты. Адам баласын алдамай, ауру-сырқауды жандардың бәршасын бауырындай көрген білікті дәрігер, білгір басшы әпербакан аудан әкімі мен жұмыл жерлестерінің кешірімін біраз уақыт осылайша азапқа түсіп, өмірдің де адам баласы білмес сұрқиясы болатынын алғаш рет түсінді. Бірқатар өті құралыптас ел азаматтары дәл сол тұста бой көрсетудең де қалып, жігері құм болып жүрген Шылбы Тұяковтан іргесін аулақ сала бастаған еді. Ет жақындары, ата-інілері мен жастай сүйіп қосылған сүйікті жары Күлайханнан басқа дәл осы тұста обал-сауап дегенді қатар жүрген дос-жаранарының түсінбегенине іштей күйзелгені рас. Кейін кінәсі жоқ екені анықталып, ақталған соң, тошырақ шашқан жерлестері жанарымен жер шұқыса, Кәрібаев кездейсоқ жолыққанда кешірім де сұраған екен. Тәңір ойлайтын, әдекімдерге ұқсап қызметтен қуылған ол әкімді Шылбы табаламапты, бар болғаны екі айқты пенденің біріне балап, іштей мүсіркегенімен, амандық тілеп, кек сақтамайтынын емеурінмен сездірсе керек.

Сүйіп қосылған сүйікті жары дегеннен шығады. Медицина институтының соңғы курсында жүргенде танысқан Күлайханмен үйленулері де бір мақалаға сыймайтын ерекше хикая. Күлайханға үйленгеннен соң арада біраз күй салып ауылдағы ағайындарына хабарласқан Шылбы "Ал, дайындала беріңдер. Пәлен күн самолетпен келіндерің барады, әэропорттан күтіп алыңдар" деген тосын жаңалық хабарын жеткізеді ғой. Содан ауылдағы анасы, үлкен ағалары Тұяқ, Қылқбай, Шәнту жиналып той қарекетіне кіріседі де, іні-қарындастары айтылған күні, айтылған сағатта Үшарал селосына Алматыдан қатынайтын жалғыз ұшақ "Ан-2" қонатын әэропортқа жиналады. Ұшақтан түскен он шақты адамның арасындағы жауқазын гүлдей жұрт назарын өзіне аударып ашық той көйлегін киген бойжеткен айналасына жалтақтай қарап құтүшілерге жақындай береді. Қайындары мен қайын сіңлілері жаңа-тарманғай ыңғайсыз, елістің лағындай еленделп тұрған сұлу жеңгелерін үйлерінде қарай ала жөнеледі.

Кейін естіп-білгеніміздей, Шылбы үйленген соң Күлайханның апақ той кимін киятінді де, әэропортқа ертіп апарып, Үшаралға ұшатын ұшаққа отырғызып қоя береді ғой. Ұясында көрген тәрбиелілігі мен бойына бітken тектілігі шығар, Шылбы сынды азаматының айтқанын екі етпеген Күлайхан бейтаныс елге, бейімделім жерге жалғыз жалғасып келіп қоныпты. Шайпау мінезді, тәрбиесі келіспеген басқа бір қыз болса қиялық сала алдымен Шылбының өзін алдыға салар еді. Күлайханның тектілігі де, өнегелігі де осында емес пе, ететінен ұстаған азаматының айтқанын екі етпей, алыстағы Алакөлге осылайша келіп болып түсіпті.

Шүкір, содан бергі қырық алты жыл ішінде әрбір отбасында кездесетіндей ыдыс-аяқ сындырласа сындырлаған шығар, бірақ текті жердің қызы Күлайхан қосағы Шылбының сенімді серігі, бір әулеттің сыйлы да сымбатты келіні бола білді. Киіліпкен тараған Жеңіс, Гүлнар, Дәрия, Боржай дейтін балалары Астана, Алматы қалаларында жауапты қызметтер атқарып, әркайсысы белді де беделді мекеме, кәсіпорындарды басқарып жүр. Дәрігер-хирург Шылбы Тұяковты, азамат Тұяковты ел-жұртының әлі күнге дертке шалдыққа дәрумен іздегендей сағына еске алатыны шындығында да бекер емес. Бекер болса ел-жұрты, аудан басшылары ерекше құрметтеп "Алакөл ауданының Құрметті азаматы" атағын берер ме еді? Рецепт жазудан аса алмайтын қапталған дәрігерлердің бірі емес, бірегейі екендігінің дәлелі ретінде сонау Кеңестер Одағы тұсында омырауына "Құрмет белгісі" орденін қадап, КСРО денсаулық сақтау ісінің озаты, Бүкілодақтық социалистік жарыстың бірнеше дүркін жеңімпазы атақтарына ие болып, жоғары категориялы хирург атанар ма еді?! Қалай десек те Алакөл ауданының денсаулық сақтау саласында дәрігер-хирург Шылбы Тұяқов дәуірінің болғаны, әлі талай үрпақтың Шылбы Тұяковты үлгі етері күмәнсіз. Дал қазір, Алакөлдегі ауруханаға Шылбыдай дәрігер, Шылбының ізін жалғастырар білікті хирург, бірегей басшы керек-ақ.

Секен ҚУСАЙЫНҰЛЫ.
СУРЕТТЕ: Шылбы ТҰЯҚОВ.

◈Ой түбінде жатқан сөз

Нарық ардан биік емес



Қазір ешкім бір тәуелсіздік қазаққа қайтегіссіз келді деп жүр. Олай емес тәуелсіздік – ардан именсе де, дардан именбеген ата-баба ерлігінің өтеуі. Қазақстан, мине, сол жер үшін, ар-намыс үшін атқа қонған күрестердің заңды жалғасы. Иә, біз өзіміздің шұғылалы тарихымызбен мақтануға, оны үлгі етуге тиістіз. Алайда, тәуелсіз ел болдық дегенменен, кім көрінгеннің шылауында кетіп жатқан рухымыз ғана көкректі өртейді. Тағы бір қынжылтатыны, бүгінгі таңда барлық нәрсенің ақшамен өлшенуі, адамды еңбегіне, адамгершілігіне, өнегелі өміріне, өз ортасындағы беделіне қарап бағалайтын заманның келмеске кетіп бара жатқандығы. Тіпті, ағайындығын ақшаның қалқасында қалдыратын сатқындық пен арлық, ашкөздік пен алдамкөстік етек алып кетті. Ағасы қиналмай-ақ бауырын борышты ететін, баласы әкесіне қанжар ала жүгіретін, отбасын ойрандап, опасыздыққа бой алдырған намыссыздық тағы бар. Бір анадан тараған ағайындылар да қалтасына қарап, қарым-қатынас жасайтын, қартайған соң әкешешесін Қарттар үйіне өткізе салатын заман туды. Жарайды, бауырластың өкпесін тарқатуға болатын шығар. Ал мемлекеттің мүддесін ақшаға айырбастай салатын адамдарға не дейміз. Оның үстіне қазір қазақ ұлтының мүддесі кесіліп пішілмей, бөлісіп пішілетін болып алды да. қазақты орысқа оқтайды, ағылшынға қолайлы, қытайға жұғымды. жалпы батыстың тісіне жұмсақ дап-дайын шөпозат жасағысы келетіндер де жоқ емес. Сөз орайы келген де айта кету керек шығар, көрші қытайлар қайда жүрсе де Отанын ойлап, сол мақсатпен жұмыс істейді. Олардың қойын дәптерлерінің бірінші бетінде: «Тізеңді бүксең де, кеудеңді им, ол Отаныңның илгені» деген сөз жазулы тұрады. Әр тақ сайын ұйқыдан оянған соң сол сөзді міндетті түрде бір рет есіне алады Осы күнге дейін Швейцария банкіне бірде-бір қытайлық ақша сақтамаған. Керісінше, шет елден талқан табысын елге апарып, игілікке асыруға тырысады. Қытайлардың әлемдік нарықтың көкбасшысы болуы да. АҚШ долларының үштен бірінің қытайлықтардың қалтасына түсіп кетуі де олардың отаншыл рухының мығымдығының нәтижесі.

Ал, бізде ұлтын ұлық көретін, Отанын отбасынан да бик санайтын арлы азаматтар жетерлік. Дей тұрғанмен. қалтасы теңгеге толған соң шет елге өре қашу урдіске айналғаны жасырын емес. Бір Өблязовтың өзі 83 млрд. теңгені шет ел асырып әкетті. «Кісідегінің кілті аспанда» дегендей, Отанына опа бермеген байлық оған қанша ес қатады. Біздің арамыздағы «Өблязовтар» тек осы ғана емес. Жақында Швейцария банкі жариялаған әлемдегі ең бай он адамның тізімін қарайтын болсақ, алдыңғы қатарда екі қазақстандық тұр. Оның бірі – Храпунов мырза. Қазір ол екеуі де біздің отандасымыз емес.

Бұл келеңсіздіктің салдарын бүгінгі нарықпен байланыстыратындар жетерлік. Әрине, бұған нарықты қиналуға болмайды. Тіпті, нарық қазаққа жат ұғым емес. Ол кешегі тарихымызда да болған. Бірақ онда алтынды ардан жоғары қоймаған. Ол кезде де байлығы асқандар болғанымен, туған жерін сатқандар жоқ. Сондықтан да «Малым жаным», жаным арымның садағасы» дейтін қасиетті сөз қалған. Ал тәуелсіздік алғанан кейін де бірден нарық экономикасына көшкеніміз бүл үдерістің жалғасы. Басқасын айтпағанның өзінде. қарақөздеріміздің нарыққа бейімделіп. базар заңдылығын түсінуге қол жетті. Әлемдік өреде экономикалық негіз қаланды. Бір сөзбен айтқанда. он неше жылдың ішінде еврейді таңғалдырып, өзбекті шаң қаптырып кеттік. Бірақ байлықты ардан қымбат көретін бауырласты көбейтіп алғанымызды байқамай қалдық.

Жуырда неміс ғалымдары мынадай бір тәжірибе жасаған. Неміс отбасы асырап алған ағылшын, ағылшын отбасы асырап алған француз, француз отбасы асырап алған орыс балаларын жинап, оларға сол ұлттардың тарихымен тамырласып жататын фильмдерді көрсеткенде ер ұлттың баласы тіпті түсінбесе де туған ұлтының тарихы ерлігін фильмдерді ықдағатпен тамашаланған. өзі өскен отбасының тарихына тән көріністердің тілін білмп тұрса да бейжай қарап отырған. Мұның өзін ғалымдар гендік тамырластықта жатыр деп шешкен Әрине, ассимиляция болатыны сөзсіз. Бірақ ұлттық құндылық жойылып кетпейді. Сондықтан европалықтар да кейінгі жылдары ұлттық құндылықтарға терең мән бере бастады.

Бұл жерде қазақтың бағалы тарихын кезеңмен айту қажет емес шығар Бірақ Кир патшасының басын шапқан Томирис. Римді жаулаған Еділ патша кіресілерді тас-талқан еткен Бейбарыс, жарты әлемді жаулаған Шыңғыс хан. қазақ, хандығының негізін қалаған Керей хан мен Жәнібек сұлтан, қоқанды қоқандатпай ұстаған Хақназар, Жоңғарды жойған Абылай, ұлы намысын ту еткен Кенесары хан, бұлардан басқа да алем тарихына өшпес із салған ұлы тұлғалардың ұлығын асқақтатқан қазақ емеспіз бе? Кешегі Жібек жолының бел ортасында тұрып, әлемдік нарықты меңгерген бабаларымыз ұрпағына алтынан гөрі, бағалы парасат қалдыруды көздеген. Қытайға көруен тартып, үлкен-үлкен сауда жасаған Абылайдың адамдары да жақынына жат мінез танытпаған. Олар өз еңбегін ұрпағының келешегімен байланыстыруды шамшырақ еткені анық. Міне, осындай айбыны мен ақылы асқақ қалықтың бүгінгі таңдағы рухының әлсіреуіне нарық кінәлі емес. Ол – заманның туындысы.

Әрине, өз ұлтының құндылығына суарылған намыс қана адамды бик белеске шығаратынын ескере отырып. нарық заңдылығына өзімізді ұлттық ар-ұждағымызбен үйлесуіміз. оны жүрегімізді түбінде жаттанған қазақы қасиеттімізге бағындыруымыз керек. Өйткені, біздің алдымызда мақты қазақ елін құрудан басқа жол жоқ. Ел боламыз, өркендейміз десек ұлтжанды. батыл да батыр қазақ рухы арқылы бүгінгі жаңа қазақтың жігерін жанғымыз. салт-дәстүрімізбен тәрбиелеуміз, ар-ұждандық ақшадан бик қоятын адамгершілікке бағыт алуымыз керек.

Қажет АПДАС,
"Жетісу"

◈ *Бүгінгі күн тақырыбы*

ЖӘРДЕМАҚЫ

оған жетудің қиямет



Жәрдемақы. Екі бірдей сөздің түбірі – халыққа қол ұшын беріп, көмектесу, ақшалай жәрдемдесу десе де болғандай. Еліміз егемендік алған тұстан бері халыққа қайтсек қол ұшын береміз деген мақсатта 2001 жылдан бастап мемлекеттен атаулы әлеуметтік көмек беріле бастады. Одан ері, 2005 жылдан 18 жасқа дейінгі балаларға жәрдемақы төлеу қарастырылды.

Әрине, мұның бәрі халық игілігі үшін жасалынып жатқан оңды істер десек те, жәрдемақы тағайындау барысындағы құжат жинау мәселесі, оның ішінде қорасында екі тауығы тіки бір сиыры болғандар, бір сөзбен айтқанда малы барлардың бұл көмекке қол жеткізуіне мүмкіндіктің болмауы. Нақтырақ айтқанда, ауылда кемінде төрт-бес баласы бар отбасы ең құрығанда атаулы әлеуметтік көмекке қол жеткізе алмай отыр. Оған себеп сол, қорасындағы бір бас сиыры мен бес-алты ұсақ малы. Барлық қажетті құжатты табан тоздырып әреңжигап, өткізуге барғанда «Сіздерге берілмейді, өйткені бір сиырыңыз, бір тауығыңыз бар», – деп шығарып салып жатады. Мұны да көп көрген жергілікті биліктің әрекетінен соң бала-шағасын сиырдың бір қасық сүтімен асырап отырғандар оны сатуға мәжбүр. Өйтпесе, бұл отбасы әлеуметтік жағдайының төмендігіне қарамастан, табысы бар топтың қатарына ілігеді. Сонда, қапай болғаны? Тұрмысы төмен, күнін әзер көріп жүргендер осымпай қотырындағы барынан қағылып отыра бермек пе? Бірі, табысы жанындағы бір парақ қағазды кімнен аларын білмей дел-сал күй кешсе, екіншісі жалданып жұмыс істеген жерінен анықтама қағазын ала алмай күн кешіп жатқаны...



Міне, жәрдемақыға қол жеткізудің қиямет! Бұл бір ғана Өсияның басындағы оқиға емес, мұның сыртында баласының ертеңін ойлаған қаншама ана тұр... Жәрдемақыға ілгүнде мүмкіндік болмаған жағдайда да адамның адамға деген жылы сөзі мен мейірімі қайда қалып қойды? Бұл да терең ойланатын, ойлантатын мәселе екендігі сөзсіз.

Комиссия отырысы үш жарым сағатқа созылды. Ал, есіктің арғы жағында тұрып жәрдемақыға ілігемін бе, жоқ па деген хандардың бәрі кабинетке кірген кезде құлды бір емтихан тапсыруға келгендей. Жүздері де солыңқы. Кірген бетте комиссия мүшелері не жауап айтады екен деген алаңдаушылықпен қарайды. Талқыға түскен 22 құжаттың арасында да түңкырап та, қуанып та кеткендер болды. Бұдан түйгеніміз, жәрдемақыға онайлықпен қол жеткізе алмайтындығында.

Комиссияның мұндай отырысына қатысуымыз алғаш рет.

Сарби ӘЙТЕНОВА,
"Жетісу"

ТҮЙНЕКТЕЛГЕН ТҮЙІН

Жұмыс іздеп, аяғын тоздырған жанның жанайқайына құлақ асар жан болмаса екен?! Әлбетте, жұмыс тапты делік. Бірақ, оның табысы бір отбасын асырауға жете ме? Ал кірісі болмаған күнде осы үшін мемлекеттің беретін жәрдемақысынан қағылып қалу дұрыс па? Жәрдемақысына қол жеткізу үшін олар жанын қиюға даяр. Үйінде қара нан мен қара суға ғана қарап отырған отбасылар да бар. Бұл мәселенің түйіні шешілмеген қалыпта қалып отыр. Жәрдемақының қиметін оған әзер қол жеткізген жандардың күйінішінен ғана сезіне аласыз. Сөзімізді нақтылай түсу үшін Ескелді ауданының Қарабұлақ, кенттік округі бойынша осы мәселе төңірегінде өрбіген арнайы отырыстан бастасақ. Жиынға қатысу барысында атаулы әлеуметтік көмек пен 18 жасқа дейінгі балаларға арналған жәрдемақыны төлеудегі елдің алаңына құлақ астық.

Негізінде, біздің бұл отырысқа келетінімізді білмеген комиссия мүшелері үшін журналистердің жетуі күтпеген жайт болғаны рас. Олардың көкейінде «Біреу барып шағым түсірді ме», – деген сауалдың да орын алғаны сөзсіз. Елді қабылдамай тұрып округ әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы Жанат Қожахметов біздерге жиынның мән-жайын баяндап берді. Яғни, комиссия мүшелері жәрдемақыға байланысты өтпей қалған құжаттарды қайта қарау үшін жиналған. Сонымен, комиссия талқысына 22 адамның құжаты ұсынылды. Солардың бірі – көпбалалы ана Наталья Плужникова. Ол, әлі 18-ге толмаған үш баласына жәрдемақы алу үшін құжат өткізген. Отбасында тұрақты табыс көзі жоқ. Өйткені, үйдегі отағасы белгілі бір жерде тұрақты жұмыс істемейді. Оның қазіргі кәсібі темір –терсек жинап, Шымыр ауылында тұратын жеке кәсіпкерге өткізу. Одан түскен ақша күнделікті нәпақадан аспайды. Ал, Наталяның өзі қайта оқыту курсынан өткенімен, жұмыс таба алмаған. Комиссия мүшелері Натальяға жұбайының үш айдағы табыс көзі туралы құжатын өткізуді талап етті. Бірақ, күнделікті нәпақаны темір-терсек жинаумен тауып жүрсе, оған үш айдағы табыс көзін әкеліп бер деп қалай айта аласыз? Алайда, мұның бәрі комиссия мүшелерінің талабы емес, мемлекеттен берілип отырған нұсқау. Ендеше, олар да бұл құзырдан аса алмасы анық...

ӨЗ ҚОЛЫҢДЫ ӨЗІҢ КЕСПЕЙСІҢ

Тұрақты табыс көзі болуы шарт. Бүгінгі жәрдемақыға қол жеткізудің де қиметі осы бір құжатты тапсыруда болып отыр. Бірақ, тұрақты жұмысы болмаса, табыс көзі туралы қағазды қайдан алмақ? Құжаттары қайта қаралған 22 адамның бәрінің мұңы бір жерге келіп тоғысады. Мәселен, екі баласымен бірге қарт анасына қарап отырған Бағдат Медведева, отағасы екінші топтағы мүгедек, үш балалы ана Күлаш Акимиян, айта берсек тізім саны жетіп артылады. Бұлардың бәрі мемлекеттен берілер жәрдемақыға ұлынымен-ақ зәру жандар екендігі көрген көзге бірден аңғарылады. Олардың арасында қандас ағайындар да бар. Сөздерінен аңғарғанымыз, көпшілігі жиһаз жасаумен шұғылданса, бірі үйдегі отағасының домбыра оятынын айтып өлек. Кейбірі дәнекерлеушілік кәсібімен айналысады. Бірақ, айналып келгенде олардың табысы ешжерде белгіленбейді. Әкесінің табысы болмағандықтан, балалары өз несібесінен қағылып қалып отырған жайы бар. Бір сөзбен айтсақ, жұмыс та, жәрдемақы да жоқ. Бұлыңғырланған ортада сергелдеңге түскен жандардың жанайқайы жаңғырығын тапты.

Мамандығы ақушер болса да, бүгінгі күнде тұрақты жұмысы жоқ Әсия Ыдырышева екі баласына жәрдемақы алуға құжатын өткізген. Ол комиссия мүшелеріне осы күнге дейін жалданып жұмыс істеп келгендігін айтты. Аудандық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламаларды бөлімінде барғанда жұмыссыздар тізіміне алмай, наурызда келдепті. – Екі баланы асырау үшін біреуге жалданып істеуден басқа амал қалған жоқ. Негізінде, әркімнің үйіне барып жұмыс істеуден адам шаршайды да. Бірақ, өз қолыңды өзің кеспейсің ғой, – деген ішкі назын да білдіріп қалды. Қарабұлақта тұрғанына бір жылдан асыпты. Ата-анасы Шығыс Қазақстан облысында тұрады екен. Бұған дейін ол Алматыда болған. Содан ұлы қатты науқастанып, Өскемен жаққа көшсем деп ойлаған. Бірақ, дәрігерлер оған ұлыңызды жылы аймаққа алыңыз деген соң, Алматы облысына қарай қоныс аударыпты. Ағалары Қарабұлақ кентінен үй сатып берген.

– Бұл жерде еш туысым да жоқ. Ал, менің екі баламды асырап, өмір сүрүм керек қой. Мамандығым болғанымен, тұрақты жұмыс жоқ. Сондықтан да жалданып жұмыс істеуге тура келеді. Бірақ олардың бәрі «бізде жұмыс істеді» деп анықтама бермейді. Бір күндік нәпақам үшін жүрген соң олардан жұмыс істеді деген анықтаманы сұрай да алмайсың, – дейді.

– Жұмыспен қамту бөліміне неге барып тіркелмедіңіз? – деген комиссия мүшелерінің қойған сауалына ол

– Бардым, бірақ наурызда кел, әзірге орын жоқ, – деді. Ендеше, мені тізімге кіргізіп қойыңыздар деп ренжідім де. Бастығына да кірдім. Нанбасаңыздар, барып сұрасаңыздар да болады. Сөзіме сенбесеңіздер, үйіме барып қалай тұрып жатқанымды көріңіздер. Екі баламды қатардан қалдырмауға бар күш-жігерімді салып еңбек етіп жүрмін. Егер, жағдайымды жақсы болса, жәрдемақыны алмас та едік қой. Ал аудандық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде жұмыс істеп жүргендердің алдына бара қалсаңыз, кеуделерін көріп, әзер жауап беретін бар. Солардың бірінің «Сіз мемлекет үшін бала туасыз ба?» – деген сөзі өңменімді тесіп кеткендей. Ауыздан шыққан сөз, атылған оқтай. Өзің қиналып жүргенде мемлекеттік қызметкердің аузынан осындай ауыр сөз есту оңай емейсіз бе?!

Байқағанымыз, олардың арасында алдына келген адамның сөзіне бейқам қарағаң жандар да болып жатты. Алайда, құжат өткізушілердің бәрі бұл жерге еріккеннен келмейді. Ендеше, комиссия мүшелері алдағы уақытта осы жағына кеңінен зер салып қарасаң.

ЖЫРТЫҒЫҢЫЗ ЖАМАЛМАСЫ АНЫҚ

Өлбетте, атаулы әлеуметтік көмек пен мемлекеттік жәрдемақы жағдайы төмен және көпбалалы отбасыларға нақты қолдау болып есептелгенімен, бұл қаражат жанұяның жыртығын жамай алмасы да анық. Ал оған қол жеткізудің машақаттығын бұған дейін ел аузынан естісең, енді өз құлағымызбен тыңдап қайттық. Мәселен, бір ғана 18 жасқа дейінгі балаға жәрдемақы тағайындау үшін жәрдемақыға құқығы бар өтініш беруші, отбасының тұратын жері бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне бірнеше құжатты табыстауы қажет. Атап айтсақ,

– ҚР Үкіметі бекіткен үлгідегі өтініш; баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі; өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; отбасының тұратын жерін растайтын құжат көшірмесі; отбасы құрамы туралы мәлімет (балаларға және оларды күту бойынша жәрдемақы үшін); отбасы мүшелерінің кіріс туралы мәлімет (балалар жәрдемақысы үшін).

ТҮЙІН

Иә, бүгінде мемлекет беретін дүниенің бәріне құжат жинаудың шарт. Ал, оны жинап, өткізбей ештеңеге де қол жеткізе алмайсыз. Онымен қоса арасында кеудесін кергендердің намысынды жаншып өтер ауыр сөздерін естуге де тура келіп жатады. Ал бұрынырақта сөздерін естуге де тура келіп жатады. Ал бұрынырақта қалай болды? Ол кездегі заман басқа еді дейді бір апам. – Біздер тоғыз баланы туып, еш құжатсыз-ақ өкіметтен ақша алғанбыз. Қолыма тиетін 48 сомды жұмсамай, бір керегімізге жарар деп жинайтынбыз. Ал балашағаны асыруға үйдегі отағасының еңбекақысы жететін, – дейді. Ал бүгін ше? Әкесінің табысы болмағандықтан, баласына төленер жәрдемақыға да ауыз аша алмай отырғандар бар. Депутаттар бір жиында «Атаулы әлеуметтік көмек туралы» заңға жаңа талап енгізуді ұсынды. Бұл бойынша өнімі күнделікті күн көрістен аспайтын қорадағы төрт түлік малы кіріс көзі болып есептелмейді. Егер де, бұл ұсыныс расымен де жүзеге асып жатса, бұдан былай ауылдағы халық мемлекет көмегін алу үшін қорасындағы бірлі-екілі малынан құтылуға асықпайтын еді ғой. Әрі, ендігі кезекте жәрдемақыға қол жеткізудің қиямет де туындамас. Бұл турасында сіз не айтасыз, көзі қарақты оқырман?!

◈ *Мезгіл мәселесі*

Тәубе, тәуелсіздік алдық. Жалқаулықтан құтылып, жайлы тіршілік кешетін ерай келді. Осы ретте, мемлекет құрушысы қазақ ұлтының өкілдері дарынымен, іскерлік-кәсемділігімен танылуы керек еді. Жалдай басқаша болып тұр. Қала мен далада жұмыссыз қазақ жетерлік. Әрине, байлыққа белшесінен батып жүргендер жоқ дей алмаймыз. Ақпарат көздеріне сүйенсек, әлемдегі байлардың қатарын толықтырған қазақстандықтардың саны да жыл өткен сайын көбейіп келе жатқаны шындық. Ал, қазақ неге жұмыссыз? Осы сауал төңірегінде талай білікті жандармен пікір бөлістім. Олардың айтқан уәждерін тізіп берудің қажеті жоқ шығар, бәрі «қазақ жалқау, сондықтан жұмыссыз» деуіннен арыла бармайды.



Қазақ жалқау халық па?

Қажет АҢДАС,
"Жетісу"

Қазақ жалқау ма? Мен бұл пікірге келіспеймін. Басқасын айтпағанның өзінде қазақтың қолынан іс келмейтін болса, Римді жаулап, кешегі Тәжмахалды, бүгінгі Астананы салмас еді. «Алма піс, аузыма түс», – деп отыра беретін берекесіз болса, осыншама ұлан-ғайыр өлкеге ие ете алмас еді. Басқалардың айдауына көніп, барына қанағат ететін бейғам болса, қытайға қорған соқтырып, іргесі сөгілмейтіндей болған империяны тас-талқан етіп (16-жеңтоқсанды айтам), ғәуелсіздік ала алмас еді. Тексіз болса Төле, Қазыбек, Әйтекені тудырмас еді. Көркемдікке құштар болмаса, әжелер Қыпшақбек пен Толегеннің жырын немересіне жаттатпас еді... Қысқасы, бұдан шығатын қорытынды – қазақ ешқашан жалқау болмаған. Оны қор қылған – бейбітшілік сүйгіш бейқам елге жасалған байлыққа құныққан безбүйректіктің барынтасы мен сайқал саясаттың кесірі. Жүрегін алып, жұлынына дейін жеткен қорқынышты кесапаты. Бұл әлі де жалғасып келеді. ...ТЕТЕ

Отаршылды әрбітпес ауырлам адамымен жалқаулықтың қазақ даласына қалай енгендігін зерделеп алайық. Жалқаулық қазаққа жоңғарды жоюмен бірге қона бастады. Жоңғар 1630 – 1760 жылдары аралығында өмір сүрген моңғол ақсүйектерінің шығыс Түркістанда құрған федоралық мемлекеті. Оны мемлекет ретінде қарастырудан гөрі қытай мен орыстың орта Азияны жаулау мақсатында көтеріп шыққан қолшоқпарлары деген орынды. Міне, осы жоңғар басқыншылары 1640 жылдары қазақ даласына басып кірді. Осыдан бастап 100 жылға созылған қазақ-жоңғар қақтығысы басталды. Атақонысы өзіне бұйырмаған қазақ ұлындары Қаратауды паналап жан сақтаса да, айналып келіп орыстың өткарумен қарулануын, қытайдың азық-түлігімен қамтамасыз етпеген жоңғарды жермен жексен етті. Бұл қазақ даласына сілекейі шұбырып отырғандардың төбесіне жай түсірді. Керісінше, қаншама қарапаймақтың оты өшсе де, қазақ ұландары бірлікке келсе, мыңды жығатынын дәлелдеді. Бірақ осындың кейін соғыстан қалжыраған халықты зымиян саясатымен алдай бастады. Мұмкін болса, жігерін жанышуды қарастырды. Бұл туралы жасалған талай жобаларды көзімізбен көрмесек те, сол елдердің шаң басқан архивтерінде жатқаны анық. Саудагер етіп, жансыздарын жіберді. Алыс-жақын шет елдерге қазақ баласын аттап басқызбады. Келісіпті істелген дипломатиялық қатынастар тек қана саясат жүзінде орындалып жатты да, шаруашылық пен техника жағына қатан тыйым салынды. Мұның өзі отаршыл елдердің ұзақты көздеген саясаты екенінде бүгін көз жеткізіп отырмыз. Сөзіміз дәлелді болуы үшін бір ғана мысал айта кетейік, қытайшақтармен сауда жасасқан Қабанбай батырдың адамдары тек қана жылқы өткізіп, жібек, шәй өнімдерін сатып алумен шектелген. Оны өндірудің техникасын үйренуге жол қойылмаған. Орыстар да осы тәсілді қолданғаны анық. Жоңғарға қару берген орыс пен жыл сайын өндіріс техникасын меңгерген мамандарын жоңғар жеріне жіберіп отырған қытайдың қазақтарға келгенде тағы осы заңдылықтардың біріне де бағынбайтын сынайлы. Бас-аяғы 40 жылда адам саны осудың үстіне төрт есеге немеген. Десе де, Хрущев пен Брежневтің дәуірінде қазақтың көзі біраз болса да ашылды. Мұны Кеңес саясатының жылымығынан деуге болмайды. Қазақтың бағына Дінмұхаммед Қонаевтың билікке келгендігінен. Басқасын айтпағанның өзінде, койдың басын 50 миллионға жеткізем деген Қонаевтың бастамасы қазақ баласын техниканың басына апаруға жол ашты. Былайша айтқанда Қонаев мұны қазақты койшы жасайын деп немесе койдың сынын молайтып, Мәскеудегілерге құйрық майын сорғызайын деп жасаған жоқ. Бірінщіден, бейшелтеңіп кеткелі тұрған қазақ жерінің бірлігін сақтан қалды. Әрине, койдың басы 50 миллион болу үшін оны бағатын жер болуы керек қой. Оңтүстік өзбекке, солтүстік үлкен көршіне кетсе, қазақ малды қайда жайды. Мәскеуді осылай ұландырған ұлы тұлға жермізден бүтіндігін бекемдесе, енді бір жағынан, қазақтың әлеуметтік жағдайын жақсартып алды. Малшы ауылға жол барды, мектеп салынды, Мәдениет үйлері бой көтерді, инфрақұрылым жанарды. Қаладағы емдеу, оқыту орнатуға түрі келді. Саяжымда демалушылар өсіп калды. Даланың қазағы техниканың тізім меңгере бастады. Ғылым мен білім саласында қанша дарын өсіп шықты. Қонаев мине, осылай отыз жылда қазақтың ұлы ғасыр бойы жіберіп кеткен есесін түгендегенімен, бұл бұлкыныс қазақты жалқау деп қарайтын идеяны өзгертіп кете алмады. Тағы да сол көтұрғы мен кемсітудің салқынын сезіп, шіркей тыныс жүре бердік. Әрине, осыдан жиырма жылдың алдында «Біз қаладан келдік», – деп мактанатын қазақтың саны санауды тыя болатын. Қытымұна қарасың, осыдан жеті-сегіз жылдың алдында Алматыға қонаққа барған бір әжеміз: «Мен, Алматы толған орыс па десем, қазақтар екен ғой», – деп таң-тамаша болыпты. Әрине, таңданатын жөні бар. Қазақты жалқау жасаған екінші себеп мине, осы. Былайша айтқанда, өз басының амандығына өзі нелік ете алмағандығы.

Жоғарыда қазақты жалқаулыққа баулыған тарихи себеп-салдарға хал-қадірімше тоқталып өттік. Жарайды ол тарихтың еншісінде қалды делік. Десе де, тарихтың қайталанатынын ескерсек, біз өзімізді өгейсіткен зорлықты емес, кердаяның тосқан дүбірлетіп жүрген күндерімізді қайта оралту үшін ойланатын кез жетті. Өткен ата-бабаларымыздың ерлігіне мактануға тиістіз.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары алып-ұшақ тиын-тебенімен жалғыз сомкесін арқалап Алматыға келген қазақтың жігіті бүгін банкир болып жайды орындықта отыр. Хан сарайындай үй тұрғызып, алыс-жақын шет елдерде үзеңгі шауа тыңдырып жүрген қаракөз қандасымыз қаншама! Олар бірсуді барымталаған жоқ, банк тонаған жоқ. Өз еңбегімен жол тапқан жандар. Қысқасы, қазақ жалқау емес. Әлемдегі ең төзімді әрі жағдайға бейімделгіш алғыр халық. Әрине бір кезде: «Сауданың ығын еврей мен өзбек біледі», «Көкөністі көрістен артық ешкім өндіре алмайды», – деп имандай сенім келгенбіз. Қазірше, Қытайдың бір ғасырға жалуы қазақ баласын ғылымнан жұрдай етіп, жалқаулыққа баулу емей не? Ол тұста екі империяның қыспағында қалған бабаларымыздың басқа жол табуы да мүмкін емес еді. Бұл қазақтың кінәсі емес, оппасыз империялық жүйенің қылмысы. Сондай-ақ, тарихи дерек көздеріне сүйенсек, Кенесары көтерілісінен Амангелді көтерілісіне дейін 3 мыңға жуық Үлт азаттық күресі болған екен. Бұл қазақтың тентектігін білдірмейді, қайта, ел мен жер үшін қалжырап жүрген бабаларымыздың өнер мен ғылымға мән беретін уақыты болмағанын аңғартады. Сонын салдары халқымызды «Барға қанағат, жоққа салауат-ететін» бойкүйездікке тіреді. Бұл – бірінші себеп.

Бірақ қазір бәрімен аймыласа да, ақыл-парасатынан, ұлағатты ұландырынан ажырап қалған жоқ. Соның нәтижесінде, Ыбырай, Абай бастаған алғабасар перзенттері мен Алаш зиялыларын тудырды. Кезінде хакім Абай халқын мәдениетке шақырып, орысша үйренін көкіретін оятса деп армандады. Оның орыстұ ұлағатты дегендік емес, «Ұды умен қайтару» қағидасына сайды. Тіпті, «Есектің артын жусаң да мал тап» деп тым болмаса, қалтасын қалындатсаң, жан-жағына барлап қарап, бағасын асырар деп үміттенді. Әрине, ол тұста ұлтты ұйытатын идеология болмағандықтан, Абай ақылшысын ағайынның терең түсіне алмағаны анық еді. Ал, осы Абай рухани аркалу еткен Алаш орданың ақырғы тағдырын қазіргі ұрпақ анық біледі. Олар болшысты нақтылап, не істеу керектігін жұртқа түсіндіре алғанымен тағы да сәтсіз саясаттың құрбаны болып кете берді. Дерек көздерине сүйенсек, патша үкіметінің 1989 жылғы санағында қазақтың саны 4 миллион 300 мың адам деп көрсетілсе, 1916 жылы Ахмет Байтұрсынов бастаған Алаш ордашылар қазақтың санын 6 миллионға тұрақтастырған(кейте болуы мүмкін). Бұл әлемдік аренада тәуелсіз ел болуға, тым болмағанда автономия құруға негіз болады деген сөз. Әлихан Бөкейхановтың күн көсемдем (Ленин) жолығып, автономия құруды талап етуіне осы сан себеп болғаны анық. Өйткені, сол тұста саны мен салмақты идеологиясы жағынан да қазақ тәуелсіз елдің тізгінін ұстай алатын еді. Тағы бір жағынан, бұл сан Мұстафа Шоқайдың Түркістан қырғыздарының автономиясын құруына негіз қалады. Ағайынды қырғыз бен өз ағамыз, алашшаның өзбекті бірістірсе, Орталық Азияда тағы бір исламдық мемлекеттің іргесін қалауға мүмкіндік бар болатын. Бірақ, бұл стратегия қазақты жоюдың тактикасын күн тәртібіне шығарды. Мұны қазір Голошекиннің «Аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын» деген кербақпа байламына телін жұрмыз. Анықтап қарайтын болсақ, бұл қаншіпер. Голошекиннің емес, Кремльдің саясаты екен-ау! Сол саясаттың салдарынан ақсүйек болған қазақ аулдарын санап бере алмасақ та, 1939 жылға келгенде қазақтың саны 2 миллион 800 мың адам болып жазылғанын анық біламіз. Ал, дүниежүзілік екінші соғыстан кейін бір жарым миллион болып қалыппыз. Дарвин: «Тіршілік бір клеткалыдан, көп клеткалыға қарай дамиды», – десе, Маркс: «Сан үздіксіз өсе түседі де, сапа өзгерісіне желеді», – деп дәлелдейді, математика, физика, химия, биология, экономика, кайсыбір ғылымды айтсаңыз да, бәрі үздіксіз арту мен көбеюдің үстінде құрылады. Ал, қазақ баласы осы заңдылықтардың бірінде де бағынбайтын сынайлы. Бас-аяғы 40 жылда адам саны өсудің үстіне төрт есеге немеген. Десе де, Хрущев пен Брежневтің дәуірінде қазақтың көзі біраз болса да ашылды. Мұны Кеңес саясатының жылымығынан деуге болмайды. Қазақтың бағына Дінмұхаммед Қонаевтың билікке келгендігінен. Басқасын айтпағанның өзінде, койдың басын 50 миллионға жеткізем деген Қонаевтың бастамасы қазақ баласын техниканың басына апаруға жол ашты. Былайша айтқанда Қонаев мұны қазақты койшы жасайын деп немесе койдың сынын молайтып, Мәскеудегілерге құйрық майын сорғызайын деп жасаған жоқ. Бірінщіден, бейшелтеңіп кеткелі тұрған қазақ жерінің бірлігін сақтан қалды. Әрине, койдың басы 50 миллион болу үшін оны бағатын жер болуы керек қой. Оңтүстік өзбекке, солтүстік үлкен көршіне кетсе, қазақ малды қайда жайды. Мәскеуді осылай ұландырған ұлы тұлға жермізден бүтіндігін бекемдесе, енді бір жағынан, қазақтың әлеуметтік жағдайын жақсартып алды. Малшы ауылға жол барды, мектеп салынды, Мәдениет үйлері бой көтерді, инфрақұрылым жанарды. Қаладағы емдеу, оқыту орнатуға түрі келді. Саяжымда демалушылар өсіп калды. Даланың қазағы техниканың тізім меңгере бастады. Ғылым мен білім саласында қанша дарын өсіп шықты. Қонаев мине, осылай отыз жылда қазақтың ұлы ғасыр бойы жіберіп кеткен есесін түгендегенімен, бұл бұлкыныс қазақты жалқау деп қарайтын идеяны өзгертіп кете алмады. Тағы да сол көтұрғы мен кемсітудің салқынын сезіп, шіркей тыныс жүре бердік. Әрине, осыдан жиырма жылдың алдында «Біз қаладан келдік», – деп мактанатын қазақтың саны санауды тыя болатын. Қытымұна қарасың, осыдан жеті-сегіз жылдың алдында Алматыға қонаққа барған бір әжеміз: «Мен, Алматы толған орыс па десем, қазақтар екен ғой», – деп таң-тамаша болыпты. Әрине, таңданатын жөні бар. Қазақты жалқау жасаған екінші себеп мине, осы. Былайша айтқанда, өз басының амандығына өзі нелік ете алмағандығы.

Жоғарыда қазақты жалқаулыққа баулыған тарихи себеп-салдарға хал-қадірімше тоқталып өттік. Жарайды ол тарихтың еншісінде қалды делік. Десе де, тарихтың қайталанатынын ескерсек, біз өзімізді өгейсіткен зорлықты емес, кердаяның тосқан дүбірлетіп жүрген күндерімізді қайта оралту үшін ойланатын кез жетті. Өткен ата-бабаларымыздың ерлігіне мактануға тиістіз.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары алып-ұшақ тиын-тебенімен жалғыз сомкесін арқалап Алматыға келген қазақтың жігіті бүгін банкир болып жайды орындықта отыр. Хан сарайындай үй тұрғызып, алыс-жақын шет елдерде үзеңгі шауа тыңдырып жүрген қаракөз қандасымыз қаншама! Олар бірсуді барымталаған жоқ, банк тонаған жоқ. Өз еңбегімен жол тапқан жандар. Қысқасы, қазақ жалқау емес. Әлемдегі ең төзімді әрі жағдайға бейімделгіш алғыр халық. Әрине бір кезде: «Сауданың ығын еврей мен өзбек біледі», «Көкөністі көрістен артық ешкім өндіре алмайды», – деп имандай сенім келгенбіз. Қазірше, Қытайдың бір ғасырға жалуы қазақ баласын ғылымнан жұрдай етіп, жалқаулыққа баулу емей не? Ол тұста екі империяның қыспағында қалған бабаларымыздың басқа жол табуы да мүмкін емес еді. Бұл қазақтың кінәсі емес, оппасыз империялық жүйенің қылмысы. Сондай-ақ, тарихи дерек көздеріне сүйенсек, Кенесары көтерілісінен Амангелді көтерілісіне дейін 3 мыңға жуық Үлт азаттық күресі болған екен. Бұл қазақтың тентектігін білдірмейді, қайта, ел мен жер үшін қалжырап жүрген бабаларымыздың өнер мен ғылымға мән беретін уақыты болмағанын аңғартады. Сонын салдары халқымызды «Барға қанағат, жоққа салауат-ететін» бойкүйездікке тіреді. Бұл – бірінші себеп.

Бірақ қазір бәрімен аймыласа да, ақыл-парасатынан, ұлағатты ұландырынан ажырап қалған жоқ. Соның нәтижесінде, Ыбырай, Абай бастаған алғабасар перзенттері мен Алаш зиялыларын тудырды. Кезінде хакім Абай халқын мәдениетке шақырып, орысша үйренін көкіретін оятса деп армандады. Оның орыстұ ұлағатты дегендік емес, «Ұды умен қайтару» қағидасына сайды. Тіпті, «Есектің артын жусаң да мал тап» деп тым болмаса, қалтасын қалындатсаң, жан-жағына барлап қарап, бағасын асырар деп үміттенді. Әрине, ол тұста ұлтты ұйытатын идеология болмағандықтан, Абай ақылшысын ағайынның терең түсіне алмағаны анық еді. Ал, осы Абай рухани аркалу еткен Алаш орданың ақырғы тағдырын қазіргі ұрпақ анық біледі. Олар болшысты нақтылап, не істеу керектігін жұртқа түсіндіре алғанымен тағы да сәтсіз саясаттың құрбаны болып кете берді. Дерек көздеріне сүйенсек, патша үкіметінің 1989 жылғы санағында қазақтың саны 4 миллион 300 мың адам деп көрсетілсе, 1916 жылы Ахмет Байтұрсынов бастаған Алаш ордашылар қазақтың санын 6 миллионға тұрақтастырған(кейте болуы мүмкін). Бұл әлемдік аренада тәуелсіз ел болуға, тым болмағанда автономия құруға негіз болады деген сөз. Әлихан Бөкейхановтың күн көсемдем (Ленин) жолығып, автономия құруды талап етуіне осы сан себеп болғаны анық. Өйткені, сол тұста саны мен салмақты идеологиясы жағынан да қазақ тәуелсіз елдің тізгінін ұстай алатын еді. Тағы бір жағынан, бұл сан Мұстафа Шоқайдың Түркістан қырғыздарының автономиясын құруына негіз қалады. Ағайынды қырғыз бен өз ағамыз, алашшаның өзбекті бірістірсе, Орталық Азияда тағы бір исламдық мемлекеттің іргесін қалауға мүмкіндік бар болатын. Бірақ, бұл стратегия қазақты жоюдың тактикасын күн тәртібіне шығарды. Мұны қазір Голошекиннің «Аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын» деген кербақпа байламына телін жұрмыз. Анықтап қарайтын болсақ, бұл қаншіпер. Голошекиннің емес, Кремльдің саясаты екен-ау! Сол саясаттың салдарынан ақсүйек болған қазақ аулдарын санап бере алмасақ та, 1939 жылға келгенде қазақтың саны 2 миллион 800 мың адам болып жазылғанын анық біламіз. Ал, дүниежүзілік екінші соғыстан кейін бір жарым миллион болып қалыппыз. Дарвин: «Тіршілік бір клеткалыдан, көп клеткалыға қарай дамиды», – десе, Маркс: «Сан үздіксіз өсе түседі де, сапа өзгерісіне желеді», – деп дәлелдейді, математика, физика, химия, биология, экономика, кайсыбір ғылымды айтсаңыз да, бәрі үздіксіз арту мен көбеюдің үстінде құрылады. Ал, қазақ баласы осы заңдылықтардың бірінде де бағынбайтын сынайлы. Бас-аяғы 40 жылда адам саны өсудің үстіне төрт есеге немеген. Десе де, Хрущев пен Брежневтің дәуірінде қазақтың көзі біраз болса да ашылды. Мұны Кеңес саясатының жылымығынан деуге болмайды. Қазақтың бағына Дінмұхаммед Қонаевтың билікке келгендігінен. Басқасын айтпағанның өзінде, койдың басын 50 миллионға жеткізем деген Қонаевтың бастамасы қазақ баласын техниканың басына апаруға жол ашты. Былайша айтқанда Қонаев мұны қазақты койшы жасайын деп немесе койдың сынын молайтып, Мәскеудегілерге құйрық майын сорғызайын деп жасаған жоқ. Бірінщіден, бейшелтеңіп кеткелі тұрған қазақ жерінің бірлігін сақтан қалды. Әрине, койдың басы 50 миллион болу үшін оны бағатын жер болуы керек қой. Оңтүстік өзбекке, солтүстік үлкен көршіне кетсе, қазақ малды қайда жайды. Мәскеуді осылай ұландырған ұлы тұлға жермізден бүтіндігін бекемдесе, енді бір жағынан, қазақтың әлеуметтік жағдайын жақсартып алды. Малшы ауылға жол барды, мектеп салынды, Мәдениет үйлері бой көтерді, инфрақұрылым жанарды. Қаладағы емдеу, оқыту орнатуға түрі келді. Саяжымда демалушылар өсіп калды. Даланың қазағы техниканың тізім меңгере бастады. Ғылым мен білім саласында қанша дарын өсіп шықты. Қонаев мине, осылай отыз жылда қазақтың ұлы ғасыр бойы жіберіп кеткен есесін түгендегенімен, бұл бұлкыныс қазақты жалқау деп қарайтын идеяны өзгертіп кете алмады. Тағы да сол көтұрғы мен кемсітудің салқынын сезіп, шіркей тыныс жүре бердік. Әрине, осыдан жиырма жылдың алдында «Біз қаладан келдік», – деп мактанатын қазақтың саны санауды тыя болатын. Қытымұна қарасың, осыдан жеті-сегіз жылдың алдында Алматыға қонаққа барған бір әжеміз: «Мен, Алматы толған орыс па десем, қазақтар екен ғой», – деп таң-тамаша болыпты. Әрине, таңданатын жөні бар. Қазақты жалқау жасаған екінші себеп мине, осы. Былайша айтқанда, өз басының амандығына өзі нелік ете алмағандығы.

Жоғарыда қазақты жалқаулыққа баулыған тарихи себеп-салдарға хал-қадірімше тоқталып өттік. Жарайды ол тарихтың еншісінде қалды делік. Десе де, тарихтың қайталанатынын ескерсек, біз өзімізді өгейсіткен зорлықты емес, кердаяның тосқан дүбірлетіп жүрген күндерімізді қайта оралту үшін ойланатын кез жетті. Өткен ата-бабаларымыздың ерлігіне мактануға тиістіз.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары алып-ұшақ тиын-тебенімен жалғыз сомкесін арқалап Алматыға келген қазақтың жігіті бүгін банкир болып жайды орындықта отыр. Хан сарайындай үй тұрғызып, алыс-жақын шет елдерде үзеңгі шауа тыңдырып жүрген қаракөз қандасымыз қаншама! Олар бірсуді барымталаған жоқ, банк тонаған жоқ. Өз еңбегімен жол тапқан жандар. Қысқасы, қазақ жалқау емес. Әлемдегі ең төзімді әрі жағдайға бейімделгіш алғыр халық. Әрине бір кезде: «Сауданың ығын еврей мен өзбек біледі», «Көкөністі көрістен артық ешкім өндіре алмайды», – деп имандай сенім келгенбіз. Қазірше, Қытайдың бір ғасырға жалуы қазақ баласын ғылымнан жұрдай етіп, жалқаулыққ

Құт болсын, халқым, Ұлыс күн!



Наурыз – тілек

Ағайын тату болса...

Түні ұзақ, күні қысқа қанарлы қыстың ақ сәулеге, жасыл шуаққа құштар адам жанын мейі ететін де рас. Осы бір жаңа маусымның ұзақ-сонар бұйығы тіршілікпен кейін, жер-әлемді сел-сел тербетіп жететін, өзімен бірге қуанышты мерекелер әкелетін Наурыз айының тіршілік атаулыға жөні бөлек-ау!

Наурыз айы өсіп-өнуге бейім барша тіршілік иесі үшін жыл басы, ғаламшардың ең сәнді көжесі адамзат көктемді сондықтан асыға күтеді. Соның ішінде тіршілік тауқыметі ежелден табиғатпен тамырлас болып қазақ халқы көктемнің төлбасы Әз-Наурыз мерекесін бірлік пен тіршіліктің, адами мейірім – шапағаттың, бәйтерек-дәстүрдің негізі деп таныған.

Ертеректе ауылымыздың ақсақалдары әлдеқандай жағдайда араздасып қалған ағайынды осы наурыз айында өзара келісіп, той құрып, тату-тәттілерінің бала кезімде сан мәрте көріп едім. Осы салт арада ұзақ жылдар салып, елімізге егемендік алып, ұлттық салт-дәстүрлеріміз қайта жаңғырғалы бері ауылды жерлерде жаңарып, жайланған сынайлы. Мұны өз басым күп алып, көпшілікпен бірге қуанамын.

Ежелден «Бірлік бар жерде тірлік бар», – деген елміз той. Ауылдағы ағайын өзара ыңғымақты, тату болса бітпейтін шаруа, алынбайтын асу жоқ. Бірлік пен ынтымақ мерекесі Әз-Наурыз тойы құтты болсын ағайын!

Сатыбай МЫРЗАХМЕТОВ,
зейнеткер, Панфилов ауданының
Құрметті азаматы.

Наурыз – тарих

62 жылдан соң

Тарихтың доңғалалы шыр айналған кезде жеке адамдардың тағдырын былай қойғанда, бүтіндей бір халықтар, мемлекеттер құрдымға кетіп, басқа бір құрылымдар пайда болып жатады емес пе? Өзінің сан ғасырлық тарихында небір зобалаң мен зұлматтарды басынан кешірген қазақ елі бүгінгідей мерейлі күнге жеткеніне таңданбасқа шарақ қалмайды. Әйгілі ақтабан-шұбырындыны былай қойғанда, кешегі кеңестік заманда халыққа жасаған қысастық аз болмағаны белгілі. Санамызды жадылап, өткенімізді ұмыттыру үшін ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан салт-дәстүрлеріміздің ұмыттыруға барша айла-шарғыларын жасағанның өзі не тұрады. Солардың қатарында «діни мереке» деген желеумен ежелден жыл басы ретінде тойланып келе жатқан Наурыз мерекесі де жоғалуға шақ қалды емес пе? 1926 жылы соңғы рет тойлағаннан кейін елімізде болған ұлы дүмпудің алдында, 1988 жылы Наурыз мерекесі тұңғыш рет аталып өтіліпті. Ұмытылып барып қайта тірілген осы бір ұлық мерекенің қалайша жанданғаны жайлы білу үшін біз сол кезде Алматы қаласындағы мәдениет басқармасының бастығы қызметін атқарған Елеусіз Жанпейісұлына жолығып, дүбірге толы дүрмек күндерді еске түсіруін сұраған едік.

– 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін Қазақстанда екіұдай жағдай қалыптасқаны белгілі. Осы тұста Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков Жазушылар одағына барып, қазақтың зиялы қауымымен кездесу өткізген болатын. Жиында әдеттегідей ұлтаралық қатынас, халықтар достығы мәселелері сөз болды. Өз кезегінде ақын-жазушылар мен ғалымдар ұлттық мүдделеріміз қатысты ойларын да ортаға салған. Мұхтар Шаханов алғашқылардың бірі болып сөз алып, халқымыздың ежелгі мерекелерінің бірі – Наурызды қайта жандандыру туралы мәселе қозғады. Оны академик Рахманқұл Бердібаев та қызу қуаттаған.

Осы жиыннан кейін Өзбекәлі Жәнібеков Колбиннің алдында мәселе көтеріп, Наурыз мерекесінің діни мейрам емес, шығыс халықтарында ықылым заманнан бері көктемнің алғашқы күндерінде тойланып келе жатқан Жаңа жыл мерекесі екенін айтып, түсіндіріпті. Халықтың топтасуынан сескенген Колбин алдымен тәжірибе ретінде Алматы қаласының, Алматы және Қызылорда облыстарының бір аудандарында Наурыз мерекесін тойлауға рұқсат берген көрінеді. Осылайша Алматы қаласының қазіргі Медеу ауданында, Алматы облысының – Жамбыл, Қызылорда облысының – Шиелі аудандарында Наурыз мерекесі тойланатын болып шешілген.

Шынын айтар болсақ, ол кезде Наурыз мерекесін атап өтудің бірде-бір жүйеге келтірілген жобалары жоқ болатын. Сондықтан жұмысты ең алдымен Наурыз жайлы деректерді жинаудан бастадық. Ол үшін тіпті Өзбекстан, Тәжікстан, Татарстан, Әзірбайжанды былай қойып, Түркия, Иран, Индия, Пәкістанда қалай аталып өтілетіндігі жайлы мол мағлұматтар жинадық. Оның бәрін сараптап, бізге жарамдысы мен жарамсызын талқыдан өткізуге тура келді. Дәл осы кезде «Өркен» атты жастар газетінен тіл институтының ғылыми қызметкері Тоқтасын Өмірзақов деген азаматтың Наурыз жайлы мақаласы жарияланған болатын. Осы мақалада Тоқтасын мерекені қалай өткізу керектігі жайлы жан-жақты мәліметтерді жинақтап көрсеткен екен. Рахманқұл ағамен кеңесе келіп, бұл азаматты біз өзімізге кеңесші етіп алдық. Наурызды өткізудің көркемдік жетекшісі өзім болсам, бас режиссерлікке үйғыр театрында қызмет істейтін ағамыз Қадыр Жетпісбаевты сайладық. Сол сияқты Нұрқанат Жақынбаев, Сергей Кардонный деген білікті азаматтар мерекені ұйымдастырып, Наурыз көріністерін қоюға белсене араласты.

Бір ғана күн тойланып, ертеңінде халық жадынан қайтадан шығып кетпеуі үшін Наурыз мерекесін бір ай бойы атап өту жайлы шешім қабылданған. Яғни 21 наурыз бен 21 сәуір аралығында алдымен үлкен алаңдарда өткізілген мейрам кейіннен мекеме-ұжымдарда, қоғамдық ұйымдарда, жекелеген отбасыларында тойланатын болды. Баспасөз беттерінде, теледидарда осы жайлы хабарлар жүйелі түрде жүргізіліп, арнайы насихат парақшалары таратылып жатты. Бір сөзбен айтқанда, халқымыздың ұлық мерекесін ел көлемінде атап өтудің алғышарттары осылайша қаланған болатын. Бір қызығы шығармашылық топ шырпыр болып қыруар дүние жасап жатқан кезде партия, кеңес қызметкерлерінің бірде-бірі қызығушылық таныта қоймады. Тіпті, жоғарыда айтқан бірер азаматтан басқа зиялы қауым өкілдері де белсенділік көрсете қойған жоқ. Ал Медеу ауданының екінші хатшысы Гончаров деген азамат: «Менен басқасының бәрі қашып кетті. Енді ертең партиядан шығарылып, жұмыссыз қалатын болдым-ау» – деп уайымдағаны да есімде. Соған қарамастан ол шараның өткізілуіне қолғабыс жасап, тәртіп сақшыларымен қамтамасыз етуге мұрындық болды.

Атауы үн қосқанда қазіргі Республика сарайынан бастау алған көш-көлеңкем М. Горький атындағы орталық саябаққа қарай бет түзеген. Түйелерге артылған тең-тең жүктер, сәйгүліктерге мінген қыз-жігіттер, автокөлік үстіне орнатылған ашық сахнада өнер көрсеткен өнерпаздар жалпы жұртшылықтың назарын бірден өзіне аударған. Осылайша тамашаны көруге жиналған жұрт керуенмен бірге еріп саябаққа құйылып жатты. Мұндайда мерекенің мәні ас ішіп, аяқ босатуда емес екенін ұқтыру үшін көптеген игі шаралар атқарылды. Атап айтқанда, «Бұлақ көрсең көзін аш» деген акция ауқымында саябақтағы арықтар тазартылып, «Бір тал кессең – он тал ек» деген мақсатта жас көшеттер отырғызылып, үлкен қайырымдылық шаралары қолға алынды. Бас қақпаның алдына екі үлкен қазан қойылып, келген жұртқа Наурыз көжесі тегін таратылды. «Спартак» стадионында ұлттық ат спортының түрлерінен жарыстар ұйымдастырылса, тағы бір сахнада шешендік өнер үлгілері көрсетіліп жатты. Жаздық театрда жыршы-термешілердің байқауы мен ақындар айтысы бір күн бойы толас таппаған.

Сәнтанатты жиынның ашылуында сахнаға ақын Мұхтар Шаханов және қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары Жібек Әмірханова және бірер қария көтерілді. Жиналған жұртшылық Мұхтар Шахановтың құттықтау сөзін көтеріңкі көңіл-күймен қабыл алды. Кейіннен осы күні саябаққа Колбиннің де келіп-кеткені жайлы естідік. Алайда ол халық алдына шыққан жоқ.

Ең бастысы біз Наурыз мерекесіне мұншама көп халық жиналады деп ойлаған жоқ болатынбыз. Үлкен саябақта ине шаншар жер қалмады десек, артық емес. Сонымен бірге бір адамның мас болғанын, тәртіп бұзғанын да кездестірмедік. Халықтың шалқыған көңілінен өшкені жаңып, өлгені тірілген Ұлыс күнінің келгенін аңғару қиын емес еді. Құдды бір өзімізді тәуелсіздік алғандай сезіндік.

Осы мерекені ұйымдастыру барысында қала көшелерін мерекеге сай етіп әшекейлеуге үлес қосқан Алматыбезендіру кәсіпорнының директоры Төлеубек Мұқашов, Наурыз мерекесінің эмблемасын жасаған суретші Тұрсынбай Өтеновтардың еңбегін айта кеткім келеді. Ал ең бастысы 62 жылдан кейін алғашқы рет қайтадан аталып өткен Наурыз мерекесіне деген халықтың ықыласы мен сағынышы ерекше болды. Оның барлығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

Бұдан кейін де екі жыл қатарынан өзім бірге араласа жүріп Алматы қаласында Наурыз мерекесін тойладық. Біздің бұл әрекетімізді ұлтшылдыққа балап, кедергі қойған республика басындағы азаматтар да болды. Алайда ізгі мұратты ел ағаларының көмегімен барлық кедергіден өтіп, ата-бабаларымыздың есте жоқ ескі заманнан бері тойлап келе жатқан Наурыз мерекесіне қайта жан бітіріп, оны ел аумағында кең көлемде атап өтуге қол жеткіздік. Бұдан кейін де «Наурыз – айтыс» жолға қойылып, «Наурызнама» шарасы Республика сарайында өткізіле бастады. Соның барлығы елдің өз дәстүріне деген ерекше құрметінің ұшқынынан туындаған ұлы дүбірге ұласты. Бүгіндері Біріккен Ұлттар Ұйымының қарарымен әлемдік мерекелердің қатарына қосылған Наурыз мейрамын қайта жандандыруға аз да болса өзімнің үлесім бар екенін мақтанышпен айта аламын.

Сұхбатты жүргізген
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ.

Наурыз – дәстүр

«ЕСКЕЛДІ БИ» КООПЕРАТИВІ ҚАРТТАРДЫ ҚҰРМЕТТЕЙДІ

Салт-сананы әспеттеу оны жас ұрпаққа дәріптеу емес пе? Бұл орайда ел азаматтары Наурыз мейрамын дәстүрге сай тойлауға демеушілік жасап, қаптаған шығарған қаржыға тегін наурыз көже таратып жатқандығына жыл сайын куә болып келемін. Осындай атпал азаматтың бірі – Ескелді ауданы Бақтыбай ауылында тұратын Серік Сарнев. Серік Мамаұлы «Ескелді би» кооперативін басқарады. Кооперативте 140 адам тұрақты еңбек етеді. Онда мал және егін шаруашылығы бар. Кооператив басшысы жыл сайын Наурыз мерекесінде орталыққа үй тігіп, ауылдастарының той-тойлап, көңіл көтеруіне жағдай жасайды. Қыс бойы бір-бірін көріп, емен-жарқын әңгімелесе алмаған бақтыбайлықтар бұл мерекеде бас қосып, азаматтар жайған дастарханда басқосып, арқа-жарқа болысып, той тойлайды. Жыл сайын кооператив басшысы елінде жұмыс істейтін ауыл тұрғындарына, жетім балаларға, қарттар күнінде қарияларға қаржылай көмек көрсетеді. Сондай-ақ, қыс кезінде мешіттің кемірін алып беруді мойындарына алған. Серік Мамаұлы басқарған кооператив биыл Талдықорған қаласында бой көтерген Қабанбай батыр ескерткішін тұрғызуға да атсалысып, 400 мыңға тарта қаржы жұмсаған.

Ауыл әкімшілігінің бас маманы Роза Аймантегованың айтуынша, биылғы Наурыз мерекесінде «Ескелді би» кооперативі соғыс ардагерлері мен қарттарға арнап жеке үй тігіп, құрмет көрсеткен.

Ауылда кооперативтен өзге екі мектеп, бір балабақша, екі аурухана, Мәдениет үйі және жомшілік дастарқан жайылмақ. Сондай-ақ әр көше тұрғындары бірігіп, Наурыз мерекесін тойламақты.

Г. МҰҚАШҚЫЗЫ.
БАҚТЫБАЙ АУЫЛЫ,
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ.



Айтайын дегенім...

Ұлыс күні: КЕШЕ және БҮГІН

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Тарихтың өткені мен бүгінінде зер сала қарасақ, көшпенділер мәдениетінің негізін қалаған әрі оның қалыптасуына қазіргі дейін жетуіне халқымыз көне жыл есебі бойынша төрт түліктің бағымы мен бабына қарай дәстүрлі мерекелерді ойлап шығарып әрі тойлап келген. Сол мерекелердің бірі – Наурыз мейрамы. Қазақ халқында: «Отыз күн ойын, қырық күн тойын» деп келетін нақыл сөз жиі кездеседі. Бұлардың қайсысын болсақ, «отыз күн» дегені наурыз мейрамына қаратылған. Яғни, бұл мейрам халқымыздың көне жыл есебі бойынша ақпан айының 20-сынан тойлана бастайды да тура отыз күн дегенде яғни наурыз айының 21-і күні аяқталады. Оның ертесі 22-наурызда бүкіл ұлыс болып күтуы мерекені ұзатып салады. «Ұлыстың ұлы күні» дегеніміз осы. Ал «Қырық күн тойын» шілде айына тура келеді. Ол Үркер жұлдызының көрінуі мен жасырынуына байланысты болған. Бұл аралық қырық күнді құрайды. Халқымыз мұны «Қырық күн шілде» деп атаған. Мұнда да ұлы думан, мереке болады. Той-томалақ, қыз ұзатып, келін түсіру, сүндет той, тағы басқа кең жайлаудағы керемет думандары осы кезде өткізіледі. Үркер көкке көтерілгенде жиын-терін жұмыстарына кірісе бастаған.

Ал, біз сөз еткелі отырған Наурыз мерекесі қыстың ыстық қысылып шыққан малына қауым үшін жыл басы ретінде ерекше аталып өткен. Жердің тоңы жібіп, қолдағы мал өріске шығып, қолы босай бастаған қауым бір-бірінің хал-күйін білуге мүмкіндік алған. Әрине, ертедегі көшпелі жұрт бір-бірінен шалғай орналасқандықтан қысты күні отара хабар алысуы қиынға түскені анық. Ал наурыз айының (тақ күндері) 1,3,5,...29 күндері рет-ретімен жеті дәмнен наурыз көже жасап, бір ауыл енді бір ауылға қыдырып барып, «Ұлыс он болсын, ақ мол болсын» деп тілек тілесін, аманесен тағы бір жылға жеткенін қуаныш етіп отырған. Бертін келе ел ортақтасып, ауыл болып ұйысқаннан кейінгі түста мереке салтанаты да өзгере бастады. Онда наурыз айы басталған соң ауылдың бір басынан бастап, көше-көше ретке тұрып, наурыз көже жасалатын. Адамдар топ-топ болып үй аралап қыдырып наурыз көже ішеді. «Наурыз байіттің» айтып, түрлі көңіл ашу шаралар өткізеді. Бұл күні балалар тіпті де шаттыққа шомады. Олар күнді тезірек түсіріп, батырғұмақ ұшырса, кешке жасырынбақ ойнайды, тағысын тағылар.

Дей тұрғанмен, кеңестік идеологияның салқыны атаулы мерекеге кері ықпал еткені бәрімізге мәлім. Тіпті, оны көпшілік көп ретінде шектеу қойғаны да анық еді. Алайда, бұл әуіре халықтың нанымы мен сенімінде шектеу қойғанымен дәстүрлі мен өмір сүру қағидасын түбегейлі өзгертіп кете алған жоқ. Бұрынғыдай ауыл болып мерекені тойламаса да, үй сайын көже жасап, құтты күнді кысу қарсы алу сақталып келді.

Елімізге тәуелсіздік алғаннан кейін атадмыш мерекені тойлау жандана бастады. Қазіргі таңда 22 наурызды ұлы мереке ретінде, тіпті, «Қазақтың жаңа жылы» деп тану жыл өткен сайын аукымдана түсуде. Әрине, солай болғаны да жөн. Қазір біз жаңа жыл санау есебін қолданамыз дегенмен, ауыл және мал шаруашылығымен шұғылданатын тұрғындар көшеше жыл қайыру бойынша шараусын реттеп отырады. Ауа райын, адам тағдырын, табиғаттағы тосын өзгерістерді жыл қайыру арқылы болжап отырады. Мұндағы көне жыл есебі дегеніміз 12 мүшел бойынша жыл қайыру тәртібін көрсетеді. Қазақ халқының тарихында мұнын саяси және экономикалық мәні өте зор болған. Ертедегі дипломатиялық қарым-қатынас, көші-қон іс, тіпті, мереке-мейрамдар да осыған қинайластырылып жасалған. Бұл туралы тарихи материалдардан көптеген деректер келтіруге болады. Сөз орайы келгенде айта кетейік, қытайлықтарда жылды мүшелдеп санау тәртібін қолданып келеді. Олардың тарихи құжаттарында 12 мүшел бойынша жыл санау (көне жыл есебі) заманымыздан бұрынғы 2637 жылы 6 наурыздан басталған деп жазылған. Қазір қытайлықтар әдетте, жаңаша календарды қолданғанымен, олар жаңа жыл мерекесін ақпан айында тойлауды дәстүрге айналдырған. Тіпті, экономикалық, әлеуметтік жоба-жоспарларын да көпше жыл есебі бойынша бағытқа отырады. Сондықтан біз де ата-бабамыздан ұстанымдарына иелтіп, Наурыз мерекесін тек мейрам ретінде ғана емес, қазақтың жаңа жылы деп танығанымыз жөн. Саяси-әлеуметтік, экономикалық жоспарларда соған сай құрылса ұтымайымыз дегім келеді.

САМАРҚАННЫҢ КӨК ТАСЫ ЖІБІГЕН КҮН

Жырда Біріккен Ұлттар Ұйымының бас Ассамблеясы «Наурыз – халықаралық мереке» деген қарар қабылдап, ол бірауыздан бекітіліп, Әлемдегі ең көнесі Біріккен Ұлттар Ұйымы наурызды ұлық мереке деп мойындады.

«Ұлыс күні – жаңа сәттардан Жаңа жылдың жаңа күні. Бірінші күні. Бұл күнді «Жер-Ананың тон кездесі» жібітеп, тас ешкері иген күні» деп атайды. «Самарқанның көк тасы еріген күні» деген сөз де сақталған.

Әлемнің бойынша 21 наурыз күні «Қызыр түні» деп аталған. Қызыр ата даланы кезіп жүріп, назары жерге түссе, оның той кездесіп жібітеді, ал таска түссе, тасты ерітіп жіберіп екен. Осыған орай, «Қызыр келмесін!», «Қызыр дарығыр», «Қызыр қолдасын!» деген ізгі тілектер айтылған.

Мұқағали ақынның:
Наурыз айы мұңайды,
Той болуын ойлайды.
Сағындығы ойланып,
Сағарып кеткен үйлерге. –

деуі тегін емес.

Ұлыс ой болсын, ақ мол болсын, ағайын!

К. НИЯЗОВ,
ауылдық ақсақалдар
алқасының мүшесі.
АЛАҚӨЛ АУДАНЫ.

Наурыз нақыштары

НӘЗІК ЖАНДАР – ӨМІР ШЫРАҒЫ



Иә, ақ самайлы әже, абзал ана, ибалы келін мен өнегелі қыз – тіршіліктің мәні мен сәні. Мынау өмір сондырмен нұрлы да сырлы. Дүниеге ұрпақ әкелер, оны өсірер, ұлтымыздың салт-дәстүрін ұлықтар – дәл осы бір нәзік жандар.

Райымбек ауданындағы Жаланаш елді мекенінде ауылдағы әйелдер кеңесінің төрайымы Нұргүл Қызайбекованың қолға алуымен «Ибалы келін, аяулы ана, ардақты әже» атты жайдары да жарасымды байқау өткізілді. Ауыл тұрғындары, жастар қатысқан бұл игі дүниенің әсіресе, жас ұрпаққа берер тағылымы аз болған жоқ. Алты турдан тұратын байқауға 6 отбасы қатысты. Қыз келіп, әже болып ортаға шыққан аяулы жандар салт-дәстүрді тізгілеп. Тегін білудің тектілік екенін көрсетті. Көпайым сахналық көріністер көрсетті. Бойларындағы өнерлерін ортаға салды. Қоржынынан алған сұрақтарға жауап берді.

Қызылқұм байқауда ауылдағы оқу-өндірістік комбинаттың атынан түскен Есімбаевтар отбасы I-орынға ие болды. Кәмилдай әженің, Гауһардай келіннің және Гүлназдай немерелерінің жүздері жарқырады. Ауылдағы аурухана атынан қатысқан Қалиевтар отбасындағы Ұлылхан апа, Сандуғаштай келін мен Әлиядай қызы II-орынға ие болды. Жайдақбұлақ ауылынан келген Әлімқұловтар отбасындағы Бишан әже, Зинагүл келін, Айсұлудай немере III-орын алып, өнеге көрсетті.

«Өнері бар он саусақ – тауысылмайтын ырысын» атты қыздарға арналған тосын тапсырма негізінде 6-сынып оқушысы Дәрия Мысеке жақсы өнер көрсетті. Осы күні ауылдағы кітапханашы Нұргүлсін Құдайбергенова «Ана – өмірдің қәусар бұлағы» атты көрмесін көрсетті. Динагүл мен Мирадай келіншектердің бұл көпке ұнады. Нұргүл мен Күншахан жүргізген байқау тамаша әсерін қалдырды.

Асхат
ШАРҒЫНОВ.

ЖАЛАҢАШ АУЫЛЫ.

Наурыз – кәсіп

БАҒБАН

Мырзағали НҰРСЕЙІТОВ,
"Жетісу"

Жеміс-жидегі, таз-терегі, гүл көмкерген бақтары бар әртедегі шығыс елдері қолының қасиетті қуаты мол кәсіпкер бағбандарды ерекше қадірлеген. Сондықтан да олар мақаббар мұнын бағидаған аныз, әртегі, жырлардың басты кейіпкерлеріне айналды. Шығыста иран бақтармының әсемдігін жырына қосқаған ақын аз. Бізден елде де әз-Наурызда ырымдап бағбанға ағаш көшеттерін ету дәстүрі әрдеп қалыптасқан.

Жазда жасыл желекке оранған жазираям Жаркент жері де дәнекер-бағбандардың мекені. Жеріне шыққан түп асыл бүршіктеп, көп ұзамай саялы тал болып жапырақ жайып, тамсанаттын бұл өңірде де бау-бақша бағтарын бағбандар аз емес. Олардың қатары қазір тіпті көбейе түсті деуге болады. Тек өткен жылы ғана Жаркент өңірінің кәсіпкер бағбандары 140 гектар жерге жас алма көшеттерін егіпті. Бұнда да бұл құлшынас әсте төмендеген жоқ. Өйткені, олардың ырысты ынтасына мемлекет қолдау көрсетіп, жас бақтың әр гектарына 460 мың теңгелей қайтарымсыз қаржы беріп отыр.

Бағбандарды жерсіндірілген жеміс көшеттерімен қамтамасыз ететін жеке шаруа қожалықтары да қатарға қосылды. Солардың бірі – ғалым-агроном Қаһарман Ахметовтың қожалығы. Өткен жылы ол бұландастыру арқылы жерсіндірілген 4500 алма, өрік көшетін жергілікті кәсіпкер бағбандарға сатты. Өңірде зиаталық жеміс көшетін жасаушы орнитатер ретінде танылып, мемлекеттік сертификатқа ие болған бағбанның ерінайы питомник бағы бар. Головацкий ауылының батыс жағына орналасқан 2 гектар аумақты алып жатқан бұл питомникте жеміс ағаштарының түрлі сорттарын соңғы онжылықты жылдан бері өсіріп келеді.

Нарық қатынасындағы қаржет базарлағы сұранысқа ғәуелді. Осының сезінің назарға алған Қаһарман соңғы жылдары жергілікті бағбандардың сұранысына байланысты көбіне кеш пісіп жетілетін сорты алма көшеттерін бұландастырып бағтауға деп қойып жүр. Мысалы, өткен жылы ол «Голден-делишес», «Джон-отан», «Старкримсон» және «Салтанат» деп аталатын алманың жемісін кыскы маусымда сақтауға қолайлы сорттарын өсіріп сатты. Бұдан басқа қара өрік пен сары өріктің бұландастырғандағы ірі жеміс беретін түрлерінің көшеттерін өсіруде қолайлы әрі базарда өтімді.

Агротехникалық талаптарды бұлжытпай орындауға бейімделген ғалым-агроном тәжірибе теліміндегі алма көшеттерінің жиілігін 80 сантиметрден, қатарлараның арақашықтығын 3 метрден етіп, ағашын өте биік етіп өсірмей, әр түп жемістен мол өнім жинаудың жаңа тәсілдерін қолданып келеді. Жаз бойы жеміс көшеттері агротехникалық ережелерге сәйкес күтіліп, өсіріледі. Сатуға дайын болған көшеттер күзде және көктемде қазып алынып , базарға шығарылады. Қаһарманға келіп, алдын ала келісімшарт жасап, көптеп көшет сатып алатын бағбан шаруалар да баршылық.

Жыл өткен сайын оның питомниктілері бұландастырылған жеміс ағаштарының көшеттері өсуі мен өнім беруі жағынан тұтынушысын тәнті етіп, бағбан батын байытуда. Елімізлегі Жаркент жемісінің құндылығы осындай дәмі тіл үйіретін өнімдермен дараланары да даусыз. Алматы ауылшаруашылық институтының агрономдық факультетінің жеміс-жидек саласы бойынша үздік оқып, ғалым-агроном атанған жаркенттік бағбан Қаһарман Ахметов отыз жылдан бері өз мамандығы бойынша ғылым мен тәжірибені ұштастыра еңбек етіп, қазір соның тәтті жемісін татып жүр деуге болады. Оның облыс әкімінің арнайы марапатына ие болуы да халық игілігіне қажет нәтижені еңбегінің жемісі.

Жеміс көшеттерін өсірумен шұғылданатын бағбан үшін көктем бір жылғы еңбегінің нәтижесін тарылайтын маусым. Әз-Наурыз айында Қаһарман өсірген көшеттерінің алғашқы легін базарламақ.

ЖАРКЕНТ ҚАЛАСЫ


Замандас

№2
2010

"Жетісудың" ЖАСТАРҒА арналған қосымшасы

Тап, көктем,
жастық –
Бұлар ағайынды.
Бұлар бас қосқан
көрікті тағайынды.

С. МҰҚАНОВ.



Сәлем, көктем,
Тақсы самал екенде,
Бұлт гүл болып өскенде,
Дәл мен сынды, көңілмен де, ептен де,
Көк шөптен жыр жазбаған ешпенде.

Әсет Найманбаевтың суреті.

ЕРКЕ КӨКТЕМ
8-БЕТ

Жыр, дәптерімен
7-БЕТ

ТАҒДЫР
6-БЕТ

Сәлемдесе
білеміз бе?
4-БЕТ


ОТБАСЫ ҰМЫТ
ҚАЛМАСЫН
2-БЕТ





























◈ *Мәселе*

СЭС сес көрсете ала ма? НЕМЕСЕ тәбәйлы сауда жан ауыртады



Үлбосын ИСАБЕКОВА,
"Жетісу"

АУРУ – АСТАН

Адам қарасы қалың қара базарларда не керектің бәрі бар. Оған ат ізін салмайтындар кемде-кем. Алыс-жақыннан ат арылтып келіп, табан тоздырып жүріп, тәуір бір киініп шыққанына, іздегенін тапқанына, ескінің жаңарғанына қуанып, көңілі жай тапқан соң өзек жалғап, ауқаттанып алғанды жөн көретін көпшілікке түрлі дәмханалармен қатар бей-берекет саудагерлер ыстық тағамдар мен сусындар, нан мен сүт өнімдерін, жеміс-жидек, балмұздақ сынды азық-түлік түрлерін аралап жүріп саудалап жатады.

Осындай қым-қуыт аласапыран тіршіліктің бел ортасында көзге түрпідей көрінетін көрініс-тер де жоқ емес. Мәдениеттің қара шаңырағы Алматыдай алып шаһардың айғылы «барахолка» жаймабазар, бей-берекет сауда нүктелері түп тамырымен жойылып, бір қалыпқа келер болса, көптеген кемшіліктен арылар едік. Ең бастысы, «Ауру – астан» демекші, адам денсаулығына төнген қауіптің беті қайтқан болар еді. Олай дейтініміз, бүгінде елімізде туберкулездің етек жаюы, түрлі инфекциялы аурулардың көбеюінің бір ұшығы және негізі де осы азық-түлік сапасы мен тазалығына, әлеуметтік ахуалға келіп тірелері сөзсіз. Алты ай қысты былай қойғанда, алдағы аптап жаз айларындағы тағам түрлерінің ашық саудалануы түрлі ішек ауруларының еселеп артуына түрткі болатындығы толғантпай қоймайды. Жанбағыс, күнкөріс көзіне айналған ашық сауда, әсіресе, нан мен сүт өнімдеріне бақылау жасап, тексерусіз саудалануына тыйым салуда тиісті мекемелер пәрмен-сіздік танытуда десек, асырып айтпағандық болар. Қарабастың қамы емес, бұқара халықтың, көшедегі шекілдеуік пен құртқа да негізінен балалар құмар келетіндіктен олардың денінің саулығы мен ағзасының амандығын ойласақ, азық-түліктің ашық сауда-лануына шектеу қоюға мемлекеттік тұрғыдан мән беру қажеттігі туындайды. Бұл бүгінгінің өткір де өзекті мәселесі дер едік.

Мұндай көңілге кірбің ұялатар жайттарды Талғар қаласына барар күре жол бойынан да кездестіруге болады. Жол бойында ыстық нан сататындардың да санитарлық талап-дәңгейі қанағаттанарлық деу қиын. Десе де, сауданың қашанда қарқынды жүретіні байқалады. Қаладағы орталық көпірдің о жақ, бұ жақ шетінде де ертелі-кеш сүт өнімдерінің саудасы қыза түседі. Осы тұрғыда, аудандық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының басты-ғы Көшекбаев Дәурен Абайұлына осы тақырып төңірегінде бірер сауал қойғанымызда, ол аталмыш басқарманың атқарар қызметі мен міндетінің ауқымы өлдеқайда кең екендігімен әңгіме тиегін ағытты.

ТҰТЫНУШЫЛАР ТАЛҒАМЫ ЖОҒАРЫ БОЛСА...

– Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының мақсат-міндеті – халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласына қызмет көрсетумен қатар, қоғамдық денсаулықты сақтау болып табылады. Сондықтан да, соңғы халық санағы бойынша 173637 мың халқы бар Талғар ауданын осы тұрғыдан қамту басқарма мамандарының алдына орасан зор жауапкершілік жүктейді. Облыстық басқарма ұсынған санитарлық-гигиеналық мониторинг бойынша, 13 компьютерлік бағдарлама негізінде жұмыстар атқарылып, онда ауданның елді мекендеріндегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай айқын көрініс табады. Кәсіпкерлікті кеңейтудегі шағын және орта бизнес субъектілерін тексеру ҚР «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңға сәйкес, сонымен қатар нысандардың қауіпсіздік дәрежесіне байланысты құрылған кешенді жылдық жоспар негізінде жүргізіледі.

Басқарма базар төңірегінде ғана емес, жұқпалы және паразиттік ауруларды және тамақтан уланудың алдын алу, эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру мен халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін іс-шараларды қадағалайды. Бұл орайда, басқарма бірнеше бағытта жұмыс жасайтын болса, соның ең негізгісі эпидемиологиялық жағдайды бақылау бөлімінің міндеті айрықша. Бөлімнің жұмыс жоспарында басты басым бағыттар белгіленген. Атап айтсақ, жұқпалы сырқаттанушылықтың, паразиттік жұқпалардың алдын алу бойынша эпидемияға қарсы күрес жүргізудің ұтымдылығын арттырумен бірге, бұрқетулікті болдырмау, аса қауіпті және карантинді жұқпаларды алдын алу, туберкулез бен бруцеллездің эпидемиологиялық ахуалын тұрақтандыру, тізбелей берсек, басқа да адам өмірі үшін аса маңызды шараларды атқарады. Мәселесі мұнымен бітпейді. Кемшіліктер әлі де көптеп кездеседі. Мысалға айтар болсақ, Талғар қаласының су құбырларына соңғы 30-40 жылда бірде бір күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Сондай-ақ жаңа салынып жатқан ықшамаудандарда мемлекеттік су құбырының жүйелері мүлдем жоқ. Аудандағы санитарлық-эпидемиологиялық саралтама орталығының зертханаларында ауызсудың сапасына, санитарлық-гигиеналық және санитарлық- микробиологиялық талаптар анықталады. Ауыз су мәселесімен қатар, барлық түрмыстық қалдықтарды тастауға арналған 12 полигонға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың басым көпшілігінің орындалуында түрлі қиындық барын жасыруға болмас. Мұның қай-қайсы да қоршаған ортаның ластануына, түрлі жұқпалы аурудың таралуына әкеліп соғады.

Ал жоғарыда сөз етіп отырған өзекті мәселеге тікелей тоқталар болсақ, азық-түлік қауіпсіздігін қадағалау бөлімінің бақылауында бүгінде 536 нысан бар. Тарқатып айтсақ, тамақ өнеркәсібі – 57-ні, қоғамдық тамақтану нысаны – 90, сауда нысаны – 389. Бақылаудағы нысандарда шығарылып, сатылатын азық-түлік өнімдерінің эпидемиологиялық жағдайын саралтау мақсатында зертханалық зерттеуге өткен жылы 1251 сынама алынып, олардың ішінде 24-нің санитарлық талаптарға сай еместігі анықталды.

Қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі – базар аумағындағы және жол бойындағы бей-берекет және заңдастырылмаған сауда орындарында сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттарсыз азық-түлік өнімдері көптеп сатылуы. Сатушылар санитарлық ережелер мен мөлшерлерге қайшы келетін әрекеттер жасайды. Заңсыз, арнайы мекемелермен келісілмеген орындарда, жол бойында, тротуарларда сауда жүргізеді. Азық-түліктердің тасымалдануы мен сақталу жағдайы сын көтермейді. Сапасы күдікті және шығу тегі белгісіз болғандығына қарамастан түтынушылар да ойланбастан сатып алады. Көзкелгенластықалық белгілерде, үй жағдайында дайындалатын бәліш, самса, тоқаш, майда тәтті нәндар, консервіленген өнімдер сатады. Егер түтынушылар талғампаз әрі талапшыл болса, ондай бей-берекет сауданың жолы кесілген болар еді. Өкінішке орай, мұндай деңгейден әлі көріне алмаудамыз.

Қадағалауда тұрған нысандарды тексеру барысында азық-түлікті сақтау мен тасымалдау кезінде мерзіміне көңіл бөлінбейді, олардың тауарлық көршілестігіне (дайын өнім мен шикізат бірге тұрады) мән берілмейді. Залалсыздандырғыш заттармен қамтылмауы, күрделі әрі күнделікті тазалық жұмыстарының дұрыс жүргізілмеуі сынды кемшіліктер жиі кездеседі. Осының барлығы түрлі жұқпалы аурудың туындауына әсер етпей қоймайды. Жоғарыда айқындалған белгіленбеген сауда орындарындағы заң бұзушылықтар, халық арасында тамақтан улану мен жұқпалы аурулардың бүрк етуіне әкеліп соғуы мүмкін. Осындай кәсіпкерлердің жұмыстарында жіберілген кемшіліктері мен заң бұзушылықтарға әкімшілік жаза қолданылады. Өткен жылы аудан бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы әкімшілік іс қозғап, нәтижесінде 4117629 теңге көлемінде 567 айыппұл салынды, 2 іс прокуратураға жіберілсе, 9 нысан жұмысын тоқтатты. Жұмыстан уақытша шеттетілген адамдар саны 367-ге жетті. Жүргізген санитарлық ағарту жұмысының нәтижесінде 186 дәріс оқылып, мыңнан аса санитарлық бюллетень шығарылды.

ТАЛҒАР АУДАНЫ.

Түйін:

Міне, заңсыз өрі санитарлық талапқа өш сай келмейтін өнімдерді сатып алмас бұрын тұтынушылардың әрбірі азық-түлік қауіпсіздігіне айрықша мән бергені жөн. «Сақтанғанды сақтаймын» деген қағиданы берік ұстанып, сауда-саттықта аса мұқият болу адам өмірі үшін ерекше маңызды рөл атқаратынын естен шығармағанымыз абзал.

◈ *Бүгінгі күн тақырыбы*



Жастар және уақыт

Алма ЕСЕНБАЕВА,
"Жетісу"

Жастар кешіктіріп, Сенгендікке опырып қойған сәтте кешіне алмаған, сарылған сөздерін тыңдырмақ. Сағаттарға қарасақ, кешігіп жол бергенімізге әлі-ақ біршама уақыт бар. Уақыт пен кеңістіктің өзіндік өлшемдері. Кешігу кейбіреулер үшін қалыпты құбылыс, халықтың ұлттық ерекшелігі деп қабылдайтындар да аз емес. Бірақ, өзгелердің бір-бірімен қарым-қатынасын, адамгершілік қасиеттерін төрінші дәрежеге қойған жастарымыз бұлардың бәрінен ада. Ол қазір әлемнің қай елінде болмасын, ең алдымен, уақытқа құрметпен қарайтын, оны ұтымды пайдалануды ойластыратын болды. Осының өзі «Жастар бос уақытын қалай өткізеді? Әлде-қашан, облыс орталықтарын жастардың бос уақыты мен болашақ әлеуметтік мәселелерін шешуге арналған 12 полигонға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың басым көпшілігінің орындалуында түрлі қиындық барын жасыруға болмас. Мұның қай-қайсы да қоршаған ортаның ластануына, түрлі жұқпалы аурудың таралуына әкеліп соғады.

Әсел әдетінше кеш оянды. Түнімен серік еткен ұялы телефоны. Достарымен, сүйікті жігітімен күнің бір уағына дейін SMS хат алмасты. Әселдің өміріне осы телефон нақты қай кезден дендей енген есінде жоқ. Ол кезде мектеп оқушысы болатын. Тек білері, қазір оның өмірінің айнымас бір бөлшегіне айналғаны. Күні-түні ермек ететіні де осы ұялы телефон. Оны қолына ұстап ұйықтап, сонымен бірге оянады.

Әсел үшін өмірде бұдан артық қызық жоқ. Бар уақыты, бақыты неге екені белгісіз осы ұялы телефонға байлаулы. Қай досым хабарласып қалар екен деп елеңдейді де отырады. Тіпті осы телефонның кесірінен бе, әке-шешесі, ағі-бауырларымен де ашылып, өңгіме айтуды қойды. Бар ойы, санасы осымен ғана шектеліп қалғандай. Анасы бірнеше мәрте ойын басқа жаққа аударамақ болып, өз кезінде қызыға оқыған әсерлі романдарды да әкелып берді. Бірақ, Әсел оны парақтады да қоя салды. «Баланың өз қызығушылығы болмаған соң зорлап әдебиет оқыта алмайды екенсің-ау» деп ой түйген анасы бұдан кейін қызын «кітап оқы» деп қинамайтын болды.

Қазір ұялы телефоннан жастар өзін қызықтыратын жәй нәрсені тәбә алады. Қызығырлық интернеттен бастап, жастарға арналған түрлі қызықтың бәрі осының ішінде. Ал оның тілін түсіне білмейтін үлкендер балаларының қандай іспен шұғылданып, қандай ақпарат алып жатқанынан да хабарсыз. Тек уақыт талабы болғандықтан төменгі сыныптан бастап, құрбыларынан қалмасын деп балаларына ұялы телефон сатып өлеруге мәжбүр. Өйтпеген жағдайда балаңыз мектептегі оқушылардың мазағына қалып, «ұялы телефоны жоқ» ешкім дос болмайтын оқушыға айналады. Осы ұялы телефоны жоқтықтың кесірінен талай оқушы психологиялық күйзелске тап болып, суицид жағдайына жете-қабыл болуға жақын қалған. Бұл жайындағы өзінің оқиғасын жалғыз басты ана Пәззат Төлегенқызы өңгімелейді.

– Бұрын-соңды сабағын жақсы оқыған қызымның кейінгі кездері көңілі қатты бұзылып, мектепке бармайым дегенді жиі айтатын болды. Тіпті арасында ауырып түрмын дегенді сылтауратып, төсектен түрмай жатып алатынды шығарды. Қызымды алаңдатып жүрген бір нәрсенің барын анық түсіндім. Онымен ашық сөйлескенімде ұялы телефоны жоқ болғандықтан мектептегі балалардың мазақ ететіндігін айтты. Содан соң мектебіне барып, жекелеп жасап, оқушыларымен сөйлестім. Оларға отбасында жалғыз жұмыс істейтіндігімді, ондай қымбат затты сатып өлеруге жағдайымның жетпейтіндігін түсіндірдім. Оқушылар мені түсінді. Одан соң қызымды сыныпқа қоғіздім. Алдында «мектепке баратын болсаң өле салмаймын» деп қорқытқан қызым достарының жылы қарым-қатынасын көріп, көңілі жібді. Бұдан соң оны оқушылар ұялы телефоны жоқ болғанын ұнамсыз көрсетпейтін болды.

Ұялы телефонның кең тараған соңшалық, бәрімізде бар болғанымен оны қолдану мәдениетін біле бермейміз. Әсіресе, қоғамдық көліктерде құланын бітеп алған жастар жан жағындағыларды елең қылмастан өз қиялында қалықтап отырады. Бір нәрсе айтпақ болсаңыз, бірнеше мәрте айқайлап, түртіп барып, әзіпізге әзер қаратасыз. Одан қала берді көлікке кіргеннен шыққанға дейін ұялы телефонмен тоқтаусыз өңгіме айтатындар бар. Ол қасында отырған адамға қаншалықты кедергі жасап отырғанын да байқамастан үзіліссіз өңгімесін жалғастыра береді. Әсесіне, мұндай жаманы мәдениетіміз төмендігін сіз аңғарасыз. Ол кезге ұрған танадай көрінеді тұрады. Десек те, сол жерде бір-бірімізбен қатемізді айтып, түзетіп жатқан ешкім жоқ. Ал айтқан күнде де үлкеннің сөзіне құлақ асатын жастар қайда? Көбісі «сіздің шаруаңыз қанша, жайыңызға отырыңыз» деп бірақ қайырады. Жастар арасындағы оғаш қылықты жастар арқылы сынайтын болсақ, онда мына бір пәрмеңе құлақ асайық.

Аймира ЖҰБАНОВА, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің студенті:

– Иә, өркениетті қоғамға қанша ұмтылғанымызбен мәдениеттілігіміздің кейбір кемшін тұстары көрініп қалып жатады. Ол көбіне жастардың қоғамдық орындарда өздерін ұстауына байланысты. Қоғамдық көлікте кейбір жастар үлкен кісіге орын берместен бедерейт отырып алса, енді бір студент ұялы телефонмен жайбарақат өңгімесін айтып отыра береді.

Қазір кез келген студенттің ұялы телефонында «мобильный агент» қосылған. Ол кішігірім интернеттің бір түрі. Осы арқылы жастар қызықты түрлі ақпарат алуымен қатар, өз достарының логинін (мекенжайын) білсе болды тіп-тікелей бір-бірімен хат жазысып отыра береді. Мұның ұтымды жері бір SMS хабарлама 7 теңге болса, «мобильный агенте» сағатына 3 теңге тұрады. Есесіне әлемге кең дос жинаймыз. Иә, бұл – өте тиімді, қажет, қызықты дүние. Бірақ, біз жастар осы бір «белленер» денсаулығымызға қаншалықты кері әсерін тигізіп жатқанын біле бермейміз. Күнделікті 4-5 сағат үздіксіз бір-бірімен хат алмасу, тіп-тікелей кез келу, мені, сенің сандарыңан ұялы телефондағы ультрадыбыл сәулелер зиянын тигізіп, ұйқы бұзылады, саусақтар шаршайды. Сондықтан мен өз тарапымнан ұялы телефонды жанымнан бір ел тастамайтын құрбыларыма қайта айналып келмейтін алтын уақытты ұсақ өңгімеге, әрзан күлкіге кетірмей әрбір күнімздің мағыналы өтуіне үлес қосамын, одан да хитап оқып, білім жинайық деган келеді.

Шындығында, бүгінгі қай жасты қарасаңыз да ұялы телефонға немесе интернетке тәуелді. Күн-түні, тіпті тамақ ішуді ұмытып, компьютер алдынан ысырылғандар бар. Бар қызықты осының ішінен іздейді. Ол үшін жастарға кеңе артуға болмайтын да шығар. Оның бір ұшығы бүгінгі таңда жастар үшін уақытын тиімді әр кеңілді өткізетін мәдениет-спорттық, орындардың аздығында болып тұр. Мәселен, Талдықорған қаласындағы жастардың үйі бос уақытында «Сити-плюстағы» кинотеатрға немесе «NOMAD» түнгі клубына барудың, жан қарейді. Одан басқа жастар үшін уақытын қызықты өткізетін орта жоқ. Бар болса да оған төлейтін қаржының жастардың қалтасы көтере бермейді. Осыған орай кепшілік жастардың пікірне құлақ, ассақ, теннис, фитнес клубтары болса деген тілектерін жеткізеді. Қаладағы саябақтар да олардың сұранысын өтей алмайды. Сондықтан қыздар бос уақытында сауда дүкендерін аралап, сән салондарына баруды жөн көреді. Ал қалталы отбасының балалары сенбі, жексенбі күндерін Алматыда өткізуге дағдыланған. Үлкен шаһарда жастардың бүгінгі сұранысын өтейтін осындар көп.

Осыдан шығатын қорытынды бүгінгі жастар бос уақытын тиімді өткізе алып жүрген жоқ деген пәрре сөзбен. Ал жастың – қайта айналып келмейтін шақ, оны мағыналы өткізу өрбір жастың ертеңгі өмірне ашылатын жол екендігін ескә алсақ, осы кезеңді пайдалының, көңіл көтерудің бұрын рукына жағынып бай болуға ұмтылудың, жөн белек. Ол үшін жастар үнемі театрлар мен мәдениет ошақтарының, түрлі спорттық секцияның жаныкан табылғаны жөн. Сонда ғана елімздің болашағы зор, сан тарау өмір жолындағы жастардың шығармашылық, мүмкіндігі мол болары анық.

◈ *Тақырыпқа орай*

Бос уақытыңды қалай өткізесің?

Жұлдыз МОЛБАЕВА, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің студенті:

– Мен өз замандастарымның бос уақытын бекерге көшеде қыдырып, күр әшейін далада сенделумен өткізетіндігіне ішім ашиды. Неге артық уақытын кітап оқуға жібермейді. Одан өздеріне қаншама пайдалы дүние жинайтынын сезбейді.

Мен қазір Өзілхан Нұршайықовтың «Күрлеңдия» романын оқып, бітіруге таяп қалдым. Алған әсерім өте керемет. Бос уақытымды әңгіме, роман, эпопеялар оқуға жіберем.

Беди САНА, студент:

– Менде бос уақыт бола бермейді. Сабақтан келген соң үй шаруасымен айналысамын. Үйде түрік, корей сериалдарын көремін. Сонымен уақыт өтеді. Меніңше, сериалдардың жастарға берер пайдасы көп.

Нұржанат ОРАЗАҚЫН:

– Би билеу – менің ең сүйікті ісім. Сондықтан бос уақытымда би кештеріне барғанды ұнатамын. Кейде кітапханада отырып, іздеремін. Романдар оқимын. Алайда, ол тез жалықтырады. Ондай кезде радио тыңдаймын. Ұялы телефонымда мәнді, пайдалы ұялықдарды жазып аламын, ол адамға жақсы әсер береді.

Газиза ЖҮСІПБЕКОВА, Текелі қаласындағы №5 орта мектептің 9-сынып оқушысы.

– Мен бос уақытымда кітапханаға барып, көптеген газет-журнал оқып, өзіме керекті мағлұматтар аламын. Діни кітаптар оқимын, намазға жығылуға ниетім бар. Себебі, намаз оқыған адам рухани байып, тазарады. Қазіргі жастарға айтарым, уақытты босқа өткізбей, бір мезгіл болса да дінге көңіл бөлейік.

Дина ТАУТБАЕВА:

– Менің уақытымның көп бөлігі компьютер алдында өтеді. Онда сабақ бойынша реферат, слайдтар орындаймын. Қалған уақытымда компьютерлік ойындар ойнап, ойымды сергітіп аламын. Әдеби кітаптарды да сүйіп оқимын. Қазірдің өзінде 6 роман оқып тәуістым. Кітап оқысаң, рухани жағынан кәдімгідей байып қалады екенсің. Ал, дінге көңілім түзу. Бірақ, намаз оқуға ниетім жоқ. Өйткені, бұл жағынан уағыз аз болып тұр.

◈ *Ой түбінде жатқан сөз*

Ән мен әнші көп бізде...

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Қара таудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айырылған қиын екен,
Қара көзге мөлдіреп жас келеді, – деп келетін «Елімай» әнінің жүрек қылынды тербемейтін кезі жоқ. Ән әуенін есті сала қиындығы мен азабы ұласқан кәсіпет пен қайғы көз алдыңа келеді. Иә, қазақта мұндай ән көп. Затаевич таңқалғандай, қазақтың жаны даласымен үндесіп, ән салып жататыны анық. Кешегі Біржансал мен Ақансері, палуан Шолақ пен жаяу Мұсадан бастап, ғұлама Абай, бүгінгі Шәмші, Абілахат, Әсет, Нұрғисаға дейін жібін үзбей келе жатқан өнердің халықтың жүрегіне жылу, намысына қорған, ойына орам болғанын түсіне аламыз. Әрине, сол әуендер бүгінде бүлдіргісі бүлінбей, көңіл қуанышына айналуда.

Мұхтар Шаханша айтсақ, әр дәуірдің өзіне сай алтынның да нарқы өзгеріп отыратыны осы болса керек. Нұрғисаның «Саржайлау», Абілахат Есбаевтің «Ұстазым», Дәнеш Рақыштың «Қойшы әні», «Жылқышы әні» сол тұстағы қазақ өмірінің өзегінен туған дүниелер еді. Алайда, бүгінгі өмір өзгеше, қазақтың да күнкөріс тәсілі өзгерді. Ең бастысы, тәуелсіз елдің құраушысы болып отырғаны. Тағы бір жағынан, қарақөздеріміз техниканың тілін меңгеріп, шаруасын шалқытып жатыр. Бірақ, олардың жұмыс орнына бара қалсаң тағы да өзге ұлттың әуендері шырқалып жатқанын естисің. Неге? Алдыңнын сан сұрақ көлденеңнен шыға келеді.

Тәуда қаламыздағы бір кәсіптік-техникалық колледждің құрылу мерекесіне орай ұйымдастырылған салтанатты шараға қатыстым. Мұнда бәрі де жақсы дайындалған. Студенттер білім ордасында оқытылатын 13 мамандық бойынша сахналық көрініс дайындап, оны әнмен айшықтап көрсетуге тырысты. Бірақ, осы барыста ас даярлау мамандығында ғана қазақтың «Дастарқан» әні шырқалғаны болмаса, өзгелерінде орыс немесе ағылшын тілндегі әндермен сүйемелденгені көңіліме ұнамады. Бұл туралы, шараны ұйымдастырушылардан сұрап көрген едім. Жайсыз жауапқа жаным ауырды. «Мамандықтарға сай келетін қазақша ән табылмады», – деп қайырды олар. Сосын бұл пікірдің қате екенін дәлелдемекке тырысып, қолымда бар ән жинақ пен бейнетаспаны ақтарып көргенде барып олардың айтқанының дұрыстығына көз жеткіздім.

Қарақөздерімізде өзге ұлттың әндерінс құмар емес, өкініштісі, қазір қазақта техника мен кәсіптік мамандыққа арналған ән жоқ. Әрине, машина жөндеуші жергердің тілін, балық өндеуші бақташының сырын, бағбан жиыз жасаушының ойын білмейді. Тағысын тағылар. Осының өзінеақ әр адамның мамандығына сай талғамын білуге болады. Сондықтан осы кәжеттілікке негізделген әндерге құмар келетіні анық. Алайда, техникалық мамандық иелерінің талғамына сай келетін қазақ тілінде ән болмаған соң, өзге ұлттың осы бағыттағы әуендеріне тәнті болмай, шарасы қалмайды. Біз «Техниканың тілі қазақшаланбай, қазақ тілінің көсегесі көгермейді», – деп жатамыз. Ал, техниканың қызығы мен қиындығын бейнелейтін назды да сазды әндер тумай, техниканың тілі ешқашан қазақшаланбайды деген ойға келдім. Сондықтан бұл ақтаңдақты ертерек қолға алмасақ, баяғы жартас сол жартас болып қала бермек. Яғни, қазақтың тілін қанша бұрасаң да, құлақтан кіріп бойды алатын рухани тәуелділіктен құтыла алмасымыз анық. Сондықтан қазақ композиторлары шоу бизнес деген түсінікке жармасып алмай, бір сәт осы жағына да көңіл аударса нұр үстіне нұр болар еді.

ПУБЛИЦИСТ ШЕБЕРЛІГІ

Көрнекті журналист, публицист Ұзақ БАҒАЕВ биыл 80 жасқа толады



Үсен Қарауылов бүгінгі заманға ризашылығын білдірумен бірге көкейінде жүрген ойды да ортаға салып, былай дейді: «Мал дәрігерлері мен зоотехниктер тиісті оқу орындарында білім алады. Трактор мен комбайн жүргізушілер де белгілі бір машықтану курстарынан өтеді. Ендеше шопандарды да арнаулы мектептерде оқытып, білім беруге неге болмайды», – деп бір толғаса, «Малшының еңбегі аса ауыр екені ежелден мәлім. Сонда да болса оларға неге он-он бес күндік демалыс берілмейді. Бұл ойланарлық та, сондай-ақ іске асырлық та мәселе...» (Ұ.Бағаев. Жан сұлулығы. «Қазақстан» баспасы. Алматы, 1975 ж., 306-307-беттер) деп және бір түйін тастайды. Бұл арада шығарманың құнарлы тілі мен автордың өз пікірін оқырманға жеткізу тәсілі бір-бірімен астасып, біріп-бірі толықтырып тұр.

Публицистің шығарма жазу үстінде қолданған әдісіне қарап, оның алға қойған мақсатын аңғару қиын емес. Мысал үшін Ұ.Бағаевтың «Ыбырай Жақаев және оның шәкірттері» деген очеркін алайық. Очерк былай басталады: «Тұлғасы тұтас. Келбеті көркем. Мінезі сырбаз. Сабыры дархан. Билекте күш. Көңілі шуақ. Сөзге сараң, іске жомарт! Қимылына қауым қайран қалғандай. Жігеріне жер де тәнті болғандай! Жүрегіне мейірімнен нұр құйып, дарынына даналық қосып алғандай. Ел ішінде еңбеккер замандасымыз Ыбырай Жақаев туралы осындай аңыз-әңгіме бар. Аңыздың түбі – шындық. Әдетте шыншыл аңыз ғана көңілге ұялайды, ел арасына тәрайды» (Ұ.Бағаев. Жан сұлулығы. «Қазақстан» баспасы. Алматы, 1975 ж., 5-бет).

Осы бір алғашқы толғаудан-ақ автордың кім туралы және не туралы айтқысы келетіні бірден аңғарылады. Құнарлы тілдің ағынына ілесіп, сарынына құлақ тоса отырып, атақты диқанның еңбек жолымен танысуға асығамыз. Біздің бұл құштарлығымызға әрине автордың шығарманы жазудағы, э, деп бастаудағы ұрымтал әдісі игі әсерін тигізіп отыр. Дала академигі атаған Ыбырай Жақаевтың еңбек жолы туралы аз жазылып жүрген жоқ. Әйгілі диқан жөнінде бұрынсонды жазылған Байжігіт Әбдіразаков, Уақап Қыдырханов тағы басқа журналистердің туындыларынан Ұзақ Бағаев очеркінің ерекшелігі неде? Ол ең алдымен публицистің өзіндік қолтаңбасынан байқалады дер едік. Сөз саптауында болсын, кейіпкер болмысын ашу үшін берілер диалогта болсын, Ыбырай шәкірттерінің үлгілі істерін көрсетер тұста болсын автор өзінің шаруа жайын білігі қана қоймай, адам жанына терең үңілген пайымдауларымен сүйсінтеді. Очерк арқылы атақты диқан өскен ортаның тіршілігі көз алдыңыздан өтеді. Әрине, біз бұл арада шығарманың мазмұнына тоқталуды мақсат етіп отырған жоқпыз. Айтарымыз, жинырма бес беттік очерктің оқырманға нағыз көркем туындыдай әсер ететіні, сөз жоқ, публицистің шеберлігі арқасында жүзеге асқан. Бір ғана мысал келтірейік.

«... Мен сендермен Ыбыраймын, атақ, дәулет не болғаным ең алдымен сендердің арқаларың, сендердің көшемет-құрметтерің. Осының бәрі үшін мен ең алдымен Коммунистік партияға, Кеңес үкіметіне қарыздар болсам, одан кейін туған жерге, ауылдастарыма қарыздармын. Кеше қандай едік, бүгін қандай болдық! Мен ауылдың бұдан отыз бес жыл бұрынғы бейнесін көз алдыма елестететін. Жапырайған үй, шиыт көше. Темір кетпен. Тілдей арық. Беріректе трактордың көрдік, автомашинаны көрдік, комбайнды көрдік. Бәрі де көз алдымызда өтті. Көкке самғаған кереметтің күші болдық. Осының бәрі ауылымыздың өскенін, еліміздің өскенін, өміміздің өскенімізді дәлелдейтін шындық емес пе?» (Ұ. Бағаев. Жан сұлулығы. «Қазақстан» баспасы. Алматы, 1975 ж., 15-бет). Бұл Ыбырайдың сөзі. Ойланғанға көп нәрселен мағлұмат берер сырлы сөз. Тәжірибелі диқанның жүрек сыры тәрізді. Ыбырай жалғыз емес. Оның ісін алға апарар Закыман Өткелбаев, Қатира Мұқанова, Зыйра Ержанова тәрізді ұжымшардың қала берді облыстың тағы басқа көп-көп «Жақаевшылары» бар. Очерктегі бұл да кең көлемде шынайы әңгімеленеді.

Біз Ы. Жақаев туралы Ұзақ Бағаев жазған очерктегі кейіпкер тұлғасының шебер сомдалғанын айта отырып, өзге авторлардың осы тақылеттес шығармаларына қолеңке түсірмек ойда емеспіз. Диқан өмірінің қырсырына авторлардың әркайсысы әр қырынан келді. Мақсат – біреу. Бірақ үлгісін мынға тарату. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде Ұзақ Бағаев очеркінің өзіндік қолтаңбасы мен көркемдік сапасы қалай мақтауға да, қалай мақтануға да тұрарлық дүние. Публицистің шығарма жазудағы таңдаған әдісі туралы әңгімелегенде осы тәсілдің Ұ. Бағаев шығармаларында автордың өз ойларын очерктің өн бойына кірістіріп отыруынан, кейіпкер тұлғасын сол арқылы сомдауынан көрініс беретінін айта кеткен жөн. Мысал келтірейік.

«Адам қанша болса, ерекшелігі сонша деген бар. Кейбіреудің ұзын-ырғасын тану үшін екі-үш рет ұшырасу жеткілікті. Ал кейбіреулермен қанша жыл бірге жүрсең де қайсыбір кісінің қадір-қасиетін жете ұғыну «шешен құлық қалғандай» қиын. Сол қиын болғаны үшін де қымбат. Ыбекең – осы соңғы топтың өкілі» (Ұ.Бағаев. Жан сұлулығы. «Қазақстан» баспасы. Алматы, 1975ж., 5-6-беттер). Көріп отырғанымыздай, кісінің қадір-қасиетін ұғындыруда автор, әсіресе қызыл сөздерге бармай-ақ, үш-төрт сөйлем арқылы кейіпкерлерінің қандай адамдар екенін таныта біледі.

Публицистің шығармашылық әдісі тақырыбының өзектілігімен, дәлдігімен, кәзіргі заман тарихын терең әрі ғылыми тұрғыдан талдай білуімен құнды. Публицистиканың ғылыммен айырмашылығы оның саяси-идеология майданындағы нақты мәселелер төңірегінде еңбек етуіне байланысты болса керек. Публицист өзінің білгенін, өмірден көргенін, көңілге түйгенін оқырманға дер кезінде дәл, нақты түрде, қолға ұстағандай етіп жеткізеді. Бұл жерде публицисте оның өмірдің болмысын, ағымын байқағыш қырағы көзқарасы көмекке келеді. Публицистикалық шығарма әркашан құжатқа негізделеді. Публицист шығарманы жазар алдында тиісті әдебиеттермен танысады, адамдармен әңгімелеседі. Содан кейін барып өз ойын жинақтау процесі жүзеге асады. Ұзақ Бағаев өзінің публицистикасында осы жайлардың бәрін жан-жақты болмаса да, бір қырынан немесе озық түйінмен шебер қамти біледі. Мысал үшін оның «Егер сен коммунист болсаң» атты публицистикалық шығармасын алайық. Бұл туындысында автор бүгінгі коммунист бейнесін тілге тиек етеді. Еңбек майданының әр саласында жүрген сан түрлі мамандық иелерінің Отанға, Коммунистік партияға деген сүйіспеншілігін нақтылы дәлелдермен паш етеді. Олар қарапайым еңбек адамдары, қатардағы коммунистер. Бұлар сонымен бірге, «коммунист» деген сөздің мағынасын бар жүрегімен ұғатын саналы жандар. Еңбек Ері, механизатор Қасымтай Ітілеуовтің, мектеп директоры Мінат Қалдыбаевтың, азаматтық қайраткер Ақсақал Тоқмағанбетовтың, күріштілер шеберінің жетекшісі Закыман Өткенбаевтың және тағы басқалардың өмірге саналы көзқарастары, адамға тән асыл қасиеттері нақты мысалдар арқылы беріліп, бүгінгі замандас бейнесін, олардың асқақ рухын оқырман жүрегіне ұялатады. Ұзақ Бағаевтың публицистикалық сарында жазылған әрбір шығармасы кешегі өмір салтын кең ауқымда қамти отырып, ғылыми нақтылық өлшемінен ешқашан ауытқымайды. Өмір дерегіне негізделіп, әдеби үлгіде жазылған Ұзақ Бағаев публицистикасы оқырманды өрісі кең, өрелі істерге бағыштайды, солардан үлгі-өнеге алуға шақырады. Публицистің бұл игі қасиеті «Жан сұлулығы» атты жинақтың өн бойында өрнектелген десе де болады. Ұзақ Бағаев публицистикасының көкейге қона кетер тартымдылығы неде? Ол – автордың шеберлігінде, оқырманмен жүрек қылы шертіп сөйлесе білер шешендігінде, көтерген тақырыбының барша қауымға ортақ өзектілігінде, ең соңында публицистің пайымдап сөйлейтін шұрайлы тілінде дер едік. Бүгін мысалды көптеп келтіруге болады. Кітаптағы «азамат» деген очерк былай басталады: «Өрнек кілемдей құлпырған атыраптағы қоралы қой шашылған маржанға ұқсап жайылып жатыр. Гүлден шырын сорып, жіпсіз байланған ақ көбелек төрізді» (Ұ.Бағаев. Жан сұлулығы. «Қазақстан» баспасы. Алматы, 1975ж., 58-бет) немесе «Кепкен құрайға от қойғандай әңгіме ду ете түсті» (Сонда, 59-бет). Автордың сөз саптауындағы шеберлік пен шешендік осылай бір-бірімен жалғасып, өрби береді.

Сонымен бірге, осы жерде жалпы публицистикаға тән қасиеттердің Ұ. Бағаев шығармашылығында да кең көрініс тауып жүргенін атап айта кетуіміз керек. Публицист өз шығармасын жазу үстінде замандас бейнесін сомдаудың түрлі әдіс-тәсілдерін кең қолдана отырып, айтар ойын ғылыми ой елегінен өткізуді әркез есте тұтады. Соның бірі шығарманы үнемі тың деректермен толықтырып отыру болып табылады. Бұлай дейтін себебіміз шығарманың ғылыми негізделуінің өзі публицистикадағы нақтылық пен фактіге тікелей байланысты ғой. Бұл жөнінде профессор Т. Амандосов былай деп атап көрсетеді: «Көркем әдебиетте образсыз ешбір шығарма болмайтыны сияқты публицистикада да фактісіз ешнәрсе болмайды» (Т. Амандосов. Публицистика – дәуір үні. «Қазақстан» баспасы, 1974 ж., 25-бет). Ғалымның осы бір пікірін арқау ете отырып, Ұзақ Бағаевтың публицистикалық шығармаларына көз жүгіртіп көнілімізде оның шығармаларының әркашан нақты деректер төңірегінде өрбитініне көз жеткіздік. Бұған автордың нақты деректерге негізделген көптеген шығармалары мысал бола алады. Мәселен оның «Ауылдың бір ағасы» деген публицистикалық мақаласын алайық. Мұнда бір ұжымшардың жеті күн ішіндегі өмірі нақты деректер арқылы шынайы суреттеледі.

Сондай-ақ оқырман жүрегін бауран алу – шығарманың мазмұнына да тікелей байланысты. Публицистикалық шығарманың мазмұны туралы мәскеулік зерттеуші В. Горохов «Закономерности публицистического творчество» деген еңбегінде былай деп жазады: «Публицистикалық шығарманың мазмұны дегеніміз – қоғамдық-саяси идеяларға сай келетін фактілер мен құбылыстарды автордың сол қоғамдық өмірге негіздеуі, ойлануы, пікір айтуы. Публицистикалық шығарманың мазмұнында қоғамды өмірде сол публицист көрсетіп отырған құбылыс пен публицистің өзінің ойлары, айтар пікірлері әркез бір арнада тоғысып отыруы тиіс» (В.М.Горохов. Закономерности публицистического творчество.»Мысль» баспасы, Москва. 1975 ж., 94-бет).

Сонымен публицист жазған шығарманың мазмұны қоғамдық-саяси өмір деректерімен тікелей байланысты екен. Бұған қоса публицистің жазған шығармасының мазмұнында қоғамдық өмірдегі оқиғалар мен авторлың ойлары, талдаулары мен идеялары бір арнада тоғысады. Публицистің алған объектісінің немесе құбылыстың мазмұнын ашып, жазуға кірісер шағында оған публицистік әдіс көмекке келеді. Осындай қиындығы мол жұмыстарды шебер ұштастырғанда ғана сәтті туынды дүниеге келеді. Ұзақ Бағаевтың қаламынан туған әрбір шығарма осы айтылған пікірлермен тікелей тоғысып отырады. Мысал үшін публицистің «Жүрек оты» атты очеркін алып қарайық: «Алыс сапарға аттанар алдында саяхатшының астындағы сәйгүлігі кенеттен мерт болса қайтер еді?! Орнын өкіндірер еді. Өмірдің есігін енді ғана ашқан бала балдырған шағында көріп болып қалса ше? Бұдан өткен ақиқатты нәрсе жоқ» (Ұ.Бағаев. Жан сұлулығы. «Қазақстан» баспасы. Алматы, 1975ж., 176-бет).

Бұдан әрі ақын Зейнолла Шүкіровтің соңғы балалық шақтағы мұңды тағдырынан бастап қазіргі ақындық, азаматтық сәттегі тіршілігі көз алдыңнан суреттей тізіліп өтіп жатады. Шағын ғана очеркке адам жанының күшті рухы мен сұлулығын сығыза білген публициске риза болмаска лажың жоқ. Очерктегі авторлық пайымдаулар мен оқиғаны дамытып, өрбіту әдісі де шығарманың мазмұнын байыта түскен. Бұл бір ғана мысал. Ал мұндай шұрайлы бейнелеу кітаптағы «Тірек», «Ескерткіш», «Жігіт ажары», «Қыр қызы», «Әке мен бала», «Шоқан бақыты» сияқты тағы басқа көптеген очерктерге тән. Олар мазмұн байлығымен автордың өз сөзбен көп мағына бере білетін шеберлігімен бәурайды.

Публицист Ұ. Бағаевтың шығармашылық шеберлігі туралы әңгімелегенде оның бас тақырып көлеміндағы тапқырлығын айта кетуіміз керек. Мысалы кітаптің «Дала жұлдыздары» бөлімшелері «Жаңа арна», «Селекционер», «Шынайы ер», «Қыр қызы», «Жан сұлулығы» бөлімшелері «Шыңдалу», «Алтын тан», «Екі жаз», «Қазына қамқорлы» очерктерінің басты тақырыптары шығарма мазмұнымен астасып жатыр. «Жаңа арнадағы» шаруашылық директоры Нағи Ілиясов, Кеншар еңбеккерлері ел игілігі жолында жаңа арнаға бет бұрған мығым ұжым. «Селекционердегі» Хан Се Дун күріштің түрлі сорттарын күтіп-баптауда жақсы тәжірибе жинақтап, ғалымдардың ізденісіне бөленіп жүрген жан. «Шынайы ердің кейіпкері механизатор Қасымтай Ітілеуов жұмыс бабында жүріп екі аяғынан бірдей айырылған. Сонысына қарамай ол трактор рөліне қайта отырып, Социалистік Еңбек Ері атанады. Бұл – шынайы ердің ғана қолынан келетін батылдық емес пе? Осы келтірілген мысалдардан автордың шығарманың тақырыбы мен мазмұнын астастыра білетін шеберлігі айқын аңғарылады.

Ұ. Бағаев шығармашылығының және бір ерекшелігі автор оқушыны жалықтыратын әсіре сөздерден, құрғақ баяндаудан бойын аулақ ұстайды. Мысалы, «Теңіз тарландары» деген очеркі былай басталады: «Мұз шеті көз ұшында. Көл беті көк аспанға ұқсайды. Кешегі қара суықтан кейінгі көрініс осы. Балықшылар ауылының егіні тескендей абыр-сабыр». Міне, бұл жерде артық баяндау жоқ. Мысалға келтірілген сөйлем жолдарынан публицистика үшін қажет нақтылық пен дәлдіктің үлгісі байқалады. Сол сияқты «Жігіт ажары» очеркінің басталуы да автордың аз сөзбен көп мағынаны білдіруге ұмтылғандығын дәлелдей түседі. Очерктен үзінді оқып көрейік: « ... Әр тапсырманың өз жауапкершілігі, жүктейтін жүгі бар. «Мен сондаймын» деп көкіректе нан пісіру жарамайды. Сөз тиді деп тілді безей беру және дайық емес. Тіл буынсыз болғанымен, сөйлеген сөзге буын керек. Сұйық сөз сылдыр сумен тең. Ендеше дайындалмаса болмайды. Әрбір тапсырманың артында үлкен үміт жатады. Сенім жатады. Сондықтан көп алдына салар пікіріңде ой болсын. Әйтпесе айтқан сөзіңнің бағасы кетеді. Бағасыздықтан жаман нәрсе жоқ» (Ұ. Бағаев. Жан сұлулығы. «Қазақстан» баспасы. Алматы, 1975ж., 195-бет). Бір ғана абзацқа автор қаншама ой сыйғызған. Сол арқылы өз осы очерктің кейіпкері Закыман Өткелбаевтың бейнесін сомдай түсіп отыр. Ұ. Бағаев публицистикасының және бір ерекшелігі оның мақал-мәтелдерді қажет жерде ұтымды пайдалана білетіндігінде жатыр деп батыл айта аламыз. Оларды бірде кейіпкерлер диалогында, бірде шығарманың баста лу кезеңінде, енді бірде өз пікірін ортаға салатын тұжырым барысында орынды кіріктіре отырып, автор сол арқылы айтар ойын түрлендіре, нәрлендіре түседі. Шығарма ажарына әр беретін осындай сәйлемдерді кітаптан молынан кездестіруге болады. Мысал келтірейік. «Малшы еңбегі қиын, сол үшін де қызық, қымбат қой. Қызығы неде? Қызығы неде? Осы сұрақтар алдымыздан көп шығады. «Әке көрген оқ жонар» деген мәтел бар. Біздің бүгінгі жағдайымызда «Әкесі барның өнегесі бар», «Әке көрген – үлгі көрген» десек дәлірек болар еді. Әке сөзін екі етпегендіктен бе, әлде әке өнегесі күшті болғандықтан ба, әр сөз қария кеңесіне зәру сияқты сезінемін өзімді» (Сонда, 64-бет). Бұл «азамат» очеркіндегі жас шопан Балға Нұрғожиевтың сөзі. Осында айтылған мақал-мәтелдерді алып тастаңызшы. Кейіпкердің сөзі бұрынғысынан әлдекайда солғын болып шығар еді. Публицист Ұзақ Бағаевтың шеберлігі де міне, осында. Ұзақ Бағаевтың шығармашылығына тоқтала отырып, біз публицистік шеберліктің кейбір сырларына үңілдік. Сөз орайына қарай публицист толғамдарынан тәрбиелік мәні бар ой-пікірлердің көптеп ұшырасатынын айта кеткеніміз мақұл. Соны теңеулер мен қорғасындай салмақты ойлар автордың ізденгштігінің көрегендігінің жемісі болса керек. Кітаптың қай бетін ашсаңыз да ел мен жер қамын ойлаған ақыл иесі алдыңыздан шығады. Ол бірде шопан, бірде механизатор, бірде дәрігер, бірде мұғалім, бірде директор болып сыр ақтарады. Оның сыры сенің жүрек дүрсілінмен дәл тоғысып, өзіңді осынау жасампаз жандардың ортасында жүргендей сезінесің.

Иә, публицист Ұзақ Бағаевтың кейіпкерлері өмірге құштар, жасампаз жандар. Жаңа өмірдің сәулетті сарайын соғып жатқан да солар екеніне шүбә жоқ. Сол жасампаздықтың жаршысы Ұ.Бағаев та солармен бір сапта келеді. Қатар жүрген замандас бейнесін сомдай отырып автор өз тарапынан пікір айтуды да ұмытпайды. Бұл публицистің өзіне ғана тән ерекшелігі десе де болғандай. Әрбір публицистік шығарманың соңы бір түйінді оймен аяқталып отырады. Осыған мысал ретінде мына бір сөз саптауларына назар аударайық: «Асылында Әлекең сынды адамдардың инемен құдық қазғандай істі қолға алып, халқына қызмет етіп келе жатқаны ерен еңбек! Егінші мен малшы, кенші мен құрылысшы – материалдық игілікті жасаушылар болса, ал мынау Әлекеңдер халықтың рухани байлығын байытушылар. Бұл екі байлық егіз, олар бірін-бірі кемелдендіріп, бірін-бірі толықтырып отырады» (Сонда, 174-бет). Бұл автордың «Қазына қамқоры» атты очеркінен келтірілген бір ғана үзінді. Автордың азаматтық әуендегі публицистік шығармалары өз алдына бір төбе. «Ұлылық», «Жас доска арнау», «Тұған елдің» сияқты туындылары шабытпен жазылған дүниелер.

Жинаққа енген «Саяхат жазбалары» деген бөлімде автор шет елдерді аралаған сапардан алған әсерлерін баяндайды. Публицистің қырағы көзқарасы бұл туындыларында да көрініс тапқан. Мәселен, «Франция тынысы» деген очеркінде автор осынау үлкен елдің бүгінгі тыныс-тіршілігін тың деректерге сүйене отырып көркем тілмен кестелейді. Сол сияқты «Достар елінде» деген очеркі оқушыны Венгрияның бүгінгі таңдағы көл жеткізген табыстарымен таныстырады. Екі очеркте де автордың әсерге бай, сезімтал, байқағыш қасиеті бой көрсетіп отырады.

Ойымызды жинақтай келе айтарымыз – Ұзақ Бағаевтың «Жан сұлулығы» атты кітабы публицистік шығармашылықты толық меңгерген журналист еңбегінің жемісі. Ыбырай Жақаев туралы нақылды ою-өрнекке толы очеркten басталған жинақта оқырманды тұшындырар шығармалар барпылық. Жинақтың құндылығы автордың салмақты ой, салиқалы пікір айта білуінде. Кітапты оқи отырып бүгінгі замандас келбетін көз алдыңызға елестете аласыз. Бұрын өзіңіз байқамай жүрген сан түрлі өмір құбылыстары алдыңыздан шығады. Автордың объектісі өмір, ал негізгі кейіпкерлері сол өмірді гүлдендіріп, түрлендіріп жатқан жасампаз жандар. Автор соны мақтаныш тұтады. Өсіп-өркендеген іргелі елдің осындай азаматтары бар екенін бар жүрегімен қуана жырлайды. Тіршілік тұтқасын ұстап тұрған да солар емес пе дегенді меңзейді. Осының бәрін жұрналист шұрайлы тілмен өрнектеп жеткізеді. Қысқаша түйіндер болсақ, талантты публицист Ұзақ Бағаевтың шығармашылығы Отанды сүюдің, осы игілікті жолда еңбек ете жүріп, төңірегіне ізгіліктің нұрлы шұғыласын төгудің үлгісінді.

Орынбек ЖОЛДЫБАЙ,
филология ғылымдарының кандидаты.

ОЙ ТҰБІНДЕ ЖАТҚАН СӨЗ

Басқа пәле тілден

Қажет АПДАС,
"Жетісу"



Халқымызда: «Басқа пәле тілден» дейтін нақыл сөз бар. Әрине, бір нәрсенің байыбына бара алмайтын, өйтіп, өзгенің ауызынан шыққан сөз болса, оның жөні бөлек. Тезге салып, тектеуге болар еді. Кейде, бір ауыз сөздің салдары жылдар бойы шеше алмайтын даулы мәселеге шоқ тастайтыны бар. Бұл әлем тарихында сан мәрте дәлелденген шындық.

Мұндай ауыздан шалынатын жағдайлар соңғы кезде ел билігін ұстаған саясаткерлер арасында жиі орын алатын болды. Өткен айда Ұлыбританиядағы Парламент сайлауының ең бір қызған кезінде саясаткер Гордан Браун өзінің жинаған беделінен бір-ақ сәтте айырылып шыға келді. Премьер-министрліктен үміткер Браун мырза бір қариядың шамына тиетін сөз айтқан. Болашақ сайлаушылармен кездесіп, көлігіне бет алған Брауынмен жолай кездескен бір қарт ана оған елдеріндегі білім беру және миграция мен қаржы саласына көңілі толмайтынын айтады. Жылы әңгімеден кейін кейуанамен қоштасқан Браун көлігіне отырып, кете барады. Бірақ ол микрофонның қосулы тұрғанын аңғармастан жанындағыларға : «Сендер бұл әйелді қасыма әкелмеулерің керек еді. Бұл кімнің идеясы. Ол либериалистерге дауыс бергелі жүрген әйелдердің тағы біреуі ғой», – дейді ренжіп. Айтылған сөз атылған оқ. Оның сөзі «SKAYNER» телекомпаниясының тікелей эфирі арқылы бүкіл елге тарайды. Үкімет басшысының мұндай сөзі өз беделін түсіріп қана қоймай, сайлаушыларының да қолдауынан айырды. Сарапшылардың пікіріне сүйенсек, Браун мырза осы жаңсақтығының салдарынан қарсыластарына жол беруі мүмкін.

Иә, Еуропадағы саясаткерлер тілінен пәле тауып жатқан түста, өз арамызда да оның жарқын мысалдары бой көрсете бастады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі көші-қон комитетінің төрағасы Хабылсаят Өбішевтің ауызынан шыққан ашулы айыптау өркімді бейжай қалдырмағаны анық. Мәжілістің кезекті отырысында «Көші-қон туралы» Заң жобасын таныстыру кезінде Хабылсаят мырза «Таз ашуын тырнадан алыптының» керісін келтіріп, халық қалаулыларының қолдауына ие бола алмаған жобаның кемшілігін мойындаудың орнына шеттен келген қандастарымызды қаралап шықты. Басқосуда: «...Моңғолиядан келген оралмандардың 98 пайызы сауатсыз», – деп салды. Әрине, мұны байқамай айтып қалды деуге негіз жоқ. Өйткені, бұдан бұрын консультациялық кеңестің мүшесі болып, сол жерде қазақ тілінің жанашыры ретінде де тәп-тәуір беделге ие болған Хабылсаят мырзаның аңдамай сөйлеуі мүмкін емес. Ағайындар бас қосқан дастарқан басында емес, ел мен жұрттың тағдырын шешетін Парламент үйінде жар салғаны естіген құлаққа түрпідей тиіп, талай көңілге қаяу түсіргені анық.

Қазақта Нұрсұлтан Назарбаевтай биік беделге ие болған адам жоқ. Әлем тарихында да сирек кездесетін тұлға екенін біз емес, өзге елдер мақтанышпен айтып отыр. Тіпті, есімі Вашингтон, Ататүрік, тағы басқа ұлылардың қатарында аталып жүргенін білеміз. Сондай-ақ, тарихтар бойы басы қосылмаған дін өкілдерін бір дастарқан басына жинағы, жаңа Астананы салғаны, ядролық қарудан бас тартып, бейбітшілік пен ұлтаралық ынтымақ арқылы ел құру идеясын жүзеге асырғаны талантты саясаткердің ғана қолынан келетінін дәлелдеп көрсетті. Соның ішінде тарихи ақтаңдақтар себебімен шет ел асып кеткен қандастарын жинау тек Назарбаев сияқты саясаткер ғана жасай алатын бастама. Туған жердің бір уыс топырағын аңсап жүрген ағайындар ата қонысына келіп, ат басын тіреген үшін Президентімізге мәңгі риза әрі борыштар. Немере-шөбересіне дейін борыштар болып өтері анық. «Жас өсіп, жарлы байымай ма?» Ал, төрага мырза осы жылы пейілге топырақ шашып отыр емес пе.

Өз қателігін түсінген Браун ақпарат құралдарынан пайдаланып, кешіліктің алдында айыбын мойындады. Өкінішке орай, Хабылсаят мырзаның аңдамай айтқан сөзіне бола Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Гүлшара Әбдіхалықова кешіліктен кешірім сұрады. Гүлшара ханымның кішпейілділігіне жұрт дән риза.

Өттеген-ай, Хабылсаят мырза көпке топырақ шашқанша, көші-қон төңірегіндегі толғақты мәселелерді шешуге кірісуі керек еді. Бірақ, оның жұмысына алыстағы ағайынның көңілі толмайды. Олар көші-қон ісі Елбасының құзырына тіке қарайтын агенттікке айналмай «Нұрлы көшке» қан жүгірмейді деген ұстанымда. Тіпті, бұл күннің де келеріне де сенемді.

◈ *Поэзия, менімен егіз бе едің...*



«Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі». Байтұрсынның Ахметі айтқан бұл тәмсіл бүгінгі таңда ақиқатқа айналып, қалың бұқараның айнасы болуда. Қаламы қарымды, сөздері жалынды, өздері дарынды журналистер қауым қалқадірінше қоғам тағырын доп басып, қолынан келгенінше жығылғанға сүйеніш, жылағанға жұбаныш болып келе жатыр. Редакция шеберханасында маржан ойларын газет бетіне өрнектей салған ұсталар тек күнделікті тіршіліктің күйбеңімен ғана жүрмейді. Олардың ішінде адуынды ақындар мен арқалы жазушылар бар. Көркем әдебиеттің көрігін қыздырып, көңілге сан түрлі ой салатын шынайы тіршіліктерімен қалың оқырманның қозайымына айналып үлгерген.

Тәл мерекеміздің қарсаңында «Жетісу» газетіне ғана емес, қазақ поэзиясына өзіндік қолтаңбаларымен із қалдырып келе жатқан бір топ ақынның жаңарған жырларын ұсынып отырмыз.

Желпіну

Қараймын бұл күніме ғашық жардай,
Қайнардың тұнба көзі ашылғандай.
Азияда – торқалы той!
Тобыңмен кел,
Сырым жоқ жарқын жүрттан
жасырғандай.

Азияда ақ қарға алау жағар,
Алашта жарау да бар,
Қалау да бар.
Құрлықтың құстай ұшқан
сапқақтары,
Жерімде жоны жіпсіз жалауланар.

Ат ойнатып,
Ақ құған, ауылда өскен,
Кеуделерін керіей үн дауыл тескен.
Мұз жастанып, қар ескен
қырандарым,
Тер үгіткен ақ таңға сауын кештен.

Азияда.
Арман күн. Азияда,
Дес бермесек – тар келмес такияма?!
Жалғыз жорткан көкбөрі
ұрпағы едік,
Қанат талып, қалмаспыз қапияда.

Қолдағайсың бәс тұрған батыр
бабам,
Үстінен күс,
Басынан сөз асырмаған.
Шашасына шаң жұқпас
тұлпарларым,
Найзағайдай сайыс бер шатырлаған!

Бәу, Спорт!
Неткен сиқыр, көркем едің,
Шаттықтан от боп лаулап
өртенемін.
Үйіріп бір тоғызды ақша қарда,
Келтірмес нар жігіттер өлкеме мін.

Күмбірлеп күй келеді ғазалыма,
Жыр нөсер!
Кеуде тоспай қаламын ба?!
Өрісті Ел!
Өрге тасың домалады,
Ғаламды еліктіріп ғажабына!

Әміре ӘРІП,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Мұқағалиға арнау

Арман-ай, арман...
Өзіңді, Мұқа, көрмедім,
Алдыңнан шығып ағалап сәлем бермедім.
Құйын боп келіп, қыратта асып жоғалып,
Самал боп бізге қайталап соққан жел
ме едің?

Жел ме едің, әлде, нөсерлеп келген
сел ме едің,
Мұң менен жырға толтырып кеттің кеудені.
Құлагер аға, құйындай шауып кеткің кеп
Үздің бе күйкі тіршілік тұрған кермені?

Өзімше ақын боп жүрсем дағы өркеуде,
Жабыркап кейде қалады жүрек шермеуде.
Қандай күй бастан кешер ем ерте туғанда,
Қайтер ем, аға, өзіңді кеше көргенде?

Серік боп жүріп біраз күн асыл қасында,
Бір күнім бейне көрініп тұтас ғасырдай
Абайлап жүрмей, ойымды бүтіп жасырмай
Жарқ етер ме едім жалт етіп сөнген
жасыңдай?..

Өзіңнен кейін дәуірдің жүгін көтерген
Жылауық жырды жаздым ба деймін бекерге?
Көргенде нағыз ақынды
Мынау тіршіліктен
Баз кешіп мүлдем өлеңді қойып
кетер ме ем?..

Деп жүрсем дағы тіршіліктен мынау
арлы өтем,
Қашанда өмір қанатты құска тар мекен.
Дариға-ай, Мұқа, өзіңдей болып айтарын
Айтып бір өткен ақында арман бар ма екен?

Тасқынды жырың жол салып тынған арналы
Атағың шырқау биікке қазір самғады.
Әділет деген осы ма, досың көбейіп,
Көре алмай жүрген күншілден ешкім
қалмады...

Жүзеге асып арманың – асыл ойларың,
Уақыттың түпсіз тереңіне де бойладың.
Әділет деген осы ғой, байтақ елінде
Аталып жатыр думанды мерейтойларың.

Өтеліп барлық қарызың менен парызың,
Жырларың ашты үлбіреп барлық қауызын.
Бір аунап жаткын табытта бүгін, әз аға,
Қаралып жатыр болашақ күнге арызын.

Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Ғашық жүрек

Тұрғандай алғашқы рет көріп гүлді,
Жамалың неге мені еліктірді.
Жанарың тартып кетті тұңғиыққа,
Бұл тағдыр қалай бізді жалықтырды?

Күй ме едің сағымдайын шертіп өткен,
Барасың сезімімді ертіп өктем.
Кеудемнен ұшсам дейді кептер-жүрек,
Ғашықтың қиын екі дерті неткен.

Осылай айналдың да арманыма,
Баладым бір өзіңді бар бағыма.
Жаным-ау, жазғырмағын, жазықтымын,
Ұнатып бір өзіңді қалғаныма.

Білмеймін, бейғалім жол бастадым ба?
Күлмеймін, мұнаямын кас-қағымда.
Жаным-ау, жабыркамай бір самғайық,
Шарықтап махаббаттың аспанында.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.



Шамшабаңқ

Анашым менің!
Анашым ғажап гүл еді,
Қамыстай өскен Жаныстың жайсаң
қызы еді.
Ауырып жүріп, қанатымен қалқалап,
Қаусырмақ болып аяйтын мені үнемі.

Анашым менің!
Есті әйел еді білгенге,
Жарқырайтын-ды маржан тістері күлгенде.
Бірдемде жайнап, жасарып шыға келетін,
Найзағай сынды шатырлайтын-дым бірдемде.

Аузын бір ашса қара сөз сел боп ағатын,
Мәтелден мәнді, мақалдан ырғақ салатын.
Тәмсілмен сипап, тәлімдеп алып талайды,
Талмау тұсында үәжін айтып қалатын.

Бұлтартпас дәлел бұлқынарына дем бермей,
Мойындар еді не бір мықтылар тең келмей.
– Шәмшәға бір сөз айту да қиын, Құдай-ау,
– Жауабы дайын, қайтеміз енді жөнделмей,
– дейтін де, амалсыз тайсақтап шыға беретін,
Жасамыс, жасын, қарасы менен төресін,
Алқынып келген, талпынып келген
албыртып,
Анашым менің бір ауыз сөзбен жеңетін.

Не деген шешен, ойласам менің жан анам,
Білімдар екен қазақы дәстүр санадан.
Шамадан аспай, шартарапқа үнсіз
көз салып,
Шайқақтап кете баратын еді сан адам.
Архивке кетіп калды гой бәрі, қайтейін,
Соларды енді іздесем қайдан таба алам?!

Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Ауылды аңсау

Кеше ғана түлеп ұшып өзіңнен,
Арман қуып, кеттім тұнық сезіммен.
Туған ауыл енесің сен түсіме,
Сәттерімде өзіңді ойлап көз ілген.

Ауылым жүріп, қанатымен қалқалап,
Қаусырмақ болып аяйтын мені үнемі.

Қолын жайып, берген маған батасын,
Абыз бейнең жүрегімде аташым.
Төбе биім төмпешікке айналған,
Енді сонда сен мәңгілік жатасың.

Әппақ әжем тілеуімді тілеген,
Жапырағын жайған алып бір емен.
Ауылымның шамшырағы, нұры боп,
Жаулығыңды жел тербетіп жүре бер.

Ағаларым, ауылымның қалканы,
Туған жердің тыныштығы бар қамы.
Барған сайын еркелетіп, қарсы алып,
Бәсіре гып берер бір-бір марканы.

Таңы да ыстық, түні де ыстық бұл жердің,
Арасына қызыл, жасыл гүлдердің.
Балдай тәтті қылығымды қалдырып,
Міне, мен де ана болып үлгердім.

Гүл көмкерген асқар тауды бауырың,
Қарақыстақ, менің туған ауылым.
Жамбыл жырдың нөсеріне шомылып,
Тарқамасың шаттық, думан, сауығың.

Алма ЕСЕНБАЕВА,
Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты.

Менің әкем

Көз саламын әкеме аракідік,
(Үшқын көрсем көзінен жанады үміт).
Қара шалға айналды осы күні,
Бір кездегі қасқайған қара жігіт.

Бала болдым, көбісі ұмыт қалған,
Есімдегі асауға құрық салған.
«Көктар» десе кететін қаны қызып,
Нар жігіттен серкені жұлып та алған.

Шәлкөде, Түзу Қисық, Қарағайлап!
Ән салғанда кететін жанары ойнап.
Той болса да өлеңді өзі бастап,
Топ ішінде жүретін дара жайнап.

Әкем әнмен айналған сырласыма,
Күтетінмін той болар күнді асыға.
Аласа болғанымен, асау мінез,
Қырсықтығы жететін бір басына.

Қара шал боп бұл күнде жүдеді де,
Немерелер өткенін біледі де.
Өкпелетсе қыргидай тиюші еді,
Қисайып мініп алып күреніне.

Көз саламын әкеме аракідік,
(Үшқын көрсем көзінен жанады үміт).
Қара шалға айналды осы күні,
Бір кездегі қасқайған қара жігіт.

Бір бойында бар еді небір өнер,
Еске алса етжүрегі тебіренер.
Ұлдарыма өзім айтып отырмасам,
Әкем жайлы көрмеген не біледі ел.

Жиектерін өрнектеп төгілдіріп,
Өзі өретін жүген, ноқта, өмілдірік.
Таспа тіліп отырып ән салатын,
Үйдің ішін жылытып, көңілді ғып.

Текке айтып отырғам жоқ мұның бәрін,
Бұл менің көріп, біліп, ұғынғаным.
Осы күні сақалы ойнишық болған,
Аталарын осындай құлындарым.
Қара шал деп жүрсіңдер бүгін бәрін.

Көз саламын әкеме аракідік,
(Үшқын көрсем көзінен жанады үміт).
Қара шалға айналды осы күні,
Бір кездегі қасқайған қара жігіт.

Жұматай ОСПАНҰЛЫ,
ҚР Мәдениет қайраткері.

«Дариға – Дәурен»

«Дариға – дәурен»,
Әуезді неткен әуен ең,
Өзіңе ұйып қалғандай мынау бар әлем.
Өзіммен өзім оңаша қалып бейуақ,
Тілдестім үнсіз, мұңдастым үнсіз даламен.

«Дариға – дәурен»,
Қалықтап мынау даланы,
Жан-жүрегімді өзіне баурап барады.
Өзіме аян мұңыммен менің тоғысып,
Көңілім содан іздегенін де табады.

«Дариға – дәурен»,
Үніңе сенің беріддім,
Мұңын бір шерттің бейуақ мынау көңілдің.
Құс болып ұшып, қалықтап менде
кетсем деп,
Мөп-мөлдір ғана сезімге іштей берілдім.

«Дариға – дәурен»,
Әнсіз-гой, сүйіп тыңдаған,
Әнменен әсем, әнменен сырлы бұл ғалам.
Қалықтай кетсең сезімге ғана беріліп,
Өзіңмен бірге сырымды ашып мұңданам.

Қанат БІРЖАНСАЛ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Шекараға бағынбайтын ақиқат

(Жұматай Жақыпбаевқа)

Қытайдағы бауырларымыз кезінде Мұқағали, Жұмекенді қалай қабылдаса, бүгіндері Жұматайды да солай қабылдағанын көріп, риза болдым.

Адамзаттың парасатын қанша бөлек десек те,
Ақиқаттың сан қыры бар
алынбайтын есепке.
Тірлігінде мәртебені қолдан жасап алатын,
Кейбіреу жүр арамызда бықсық,
ділсіз, бөзөкпе.
Бірақ, бірақ, қатал тарих уақыты келгенде,
Шын дарын мен дарынсызды қояды екен
кезекке.

Шырылдаған шындық үні сезіміне
тамшылап,
Қиялыңды кейде қызық мазалайды
сан сұрақ.
Жаны жақын жалғандыққа жалау болған
тірліктен,
Адамдардың мұратына арқау болған
артық-ақ.
Сырлы аяқтың сыры қанша кеткенімен
ғажабы,
Сыны мәңгі қалады екен жүректерде
жарқырап.

Біз қазақпыз, берекесін пейіліне сақтаған,
Байлыққа да сатылмаған, бермейтұғын
тақва мән.
Нағыз қайсар талантқа бас иетін табынып,
Ұрпақтарын даналақ пен жаналыққа
баптаған.
Жанарына сидыратын бүкіл айдай әлемді,
...Жұматай да дәл осындай ұлылықты
жаттаған.


Өйтпесе ол ақын болып қарар ма еді биіктен,
Өнерді өнер деп сезінбей, жол іздесе
биліктен.
Шалқайғанға шалқайып-ақ, еңкейгенге
еңкейіп,
Күреспенен ғұмыр сүрді қалғанынша
тынып дем.
Тағы да өлең айдынында қалықтады
аққу боп,
Ләйлә қызға ғашық болып өтседағы
тірліктен.

Өткен күннің естелігін байыппенен карашы,
Биіктікке әркашанда жоқ ешкімнің таласы.
Жақыпбайдың шаңырағын жалғастырған
осы ұл.
Бүгіндері бар қазақтың данасы әрі баласы.
Шын дарынды шекарада тоса алмайды
екен-ау,
Қанша алыста жатқанымен екі
ауылдың арасы.

Парасаттың дәл бағасын таразылап
береді ел,
Оған қарап деңгейінің қандайлығын
көре бер.
Заңғар ойдың тағылымды талабына бас иіп,
Бізде оқиық Жұматайдың өлеңдерін
түрегел!
Бүкіл қазақ төл перзентін құрметтесе
айып па?
«Елімен ер көгереді» деуші еді гой көнелер.

Нәр алатын шұғылаға шырай берген
таңдардан,
Биік, биік белестерге жетелемес кімді арман,
Жұматайдың табанының табы қалған
даланың,
Перзентімін және оның рухына шырмалған.
Сондықтанда болашаққа нық сеніммен
қараймын,
Өйткені мен сол аймақтың қасиетімен
шыңдалғам.

Қажет АНДАС,
республикалық, облыстық байқаулардың лауреаты.



◈ *Жыр дәптерінен*

Ажарынан көремін Жастығымды кешегі

Анашым – ардағым-ай,
Шырағым жанған ұдай.
Сүйікті сүйенішім,
Жаманға жазба құдай!

Білмедің тыным тауып көсілуді,
Жүрегің жұмсақ еді кешірімді.
Шөберең етегіне жармасады,
Жараткан көп көрмегей осы күнді.

Қызығын ұрпағының жыр етерсің,
Көңілінді қуанышпен түлетесің.
Жер басқан адамзаттың таңір тұтар,
Қастерлі аналардың бірі екенсің.

Жыл жемісі

Жаңа күндер жиылып,
Жаңа айларды құрады.
Он екі айда бірігіп,
Жаңа жыл боп шығады.
Уақыт шіркін зымырап,
Тәбылмайды тұрағы.
Тәу мен тасы баяғы,
Ағып жатыр бұлағы.
Құлап аққан өзені,
Бұзып өтер жыраны.
Ауысады маусымдар,
Суық келер біразы.
Шілде туса ыстық күн,
Тас төбеңде тұрады,
Орман толы құс біткен,
Таусылмайды «жыр-әні».
Сұңқар ұшып төбеңде.
Күзетеді қырағы.
Таңсәріде жарқырап,
Шолпан жұлдыз туады.
Аскарыңда таутеке,
Тоқ көрінер бұғағы.
Самал сокса төменде,
Сыбдырлайды құрағы.
Жыл жемісі бәрі де,
Табиғаттың жұмағы.
Жыл айналып, жыл келер,
Түбінде болар сұрағы.

«Алатау»

Сен арқылы «Алатау»,
Жетісуды шарладым.
Шекара асып кейбірде,
Ой өрнегін барладым.
Жанарың газет болдың да,
Көп мәселе қармадың.
Кешегіні бүгінмен,
Салыстыра парладың.
Сегіз жылдың ішінде.
Оза шаптың тарланым.
Оқырманды ұйытып,
Жырлап та кеттің сандағым.
Шыңғыс хан да ғиза,
Жақсы болды жазғаның.
Жалайыр ата аруағы,
Садаға етті әз жаның.
Шежіре толы мақала,
Аз емес тәлім алғаның.
Өзіңде жұмыс атқарып,
Азайды менің арманым.
Баспасөздің ішінде,
Арта берсін сапағың.
Тілек қостым өзіне,
Жастар айтсын алғаның.

Түйсік

Түтасып кейде ыдырап,
Аспанда бұлттар көшеді.
Осында жүрген секілді,
Жастығым менің кешегі.

Барады жастар желкілдеп,
Күлкіге бөлеп көшені.
Ажарынан көремін,
Жастығымды кешегі.

Бәйгеден келді атым деп,
Шабандоз бала бөседі.
Шырамытып тұрмын мен,
Балалық шақты кешегі.

Найзағайы жарқылдап,
Тәңірдің жауды нөсері.
Шапқылап жүр балалар,
Мен сияқты кешегі.

Емтиханын тапсырып,
Күн сайын жастар өседі.
Осында жүрген секілді,
Студент кезім кешегі.

Қыдырып жүр күрбылар,
Қайтпаған ешбір мәселі,
Бірге кеткен секілді,
Бозбала шағым кешегі.

Той болып жатыр ауылда,
Құлаға кілем төседі.
Құйрық-бауыр асаған,
Күндерім бұл да кешегі.

Сапарлап жүрмін әр жаққа,
Сақалым күнде өседі.
Әр нәрседен дәметіп,
Көрген күнім осы енді.

Мына біздің заманда

Мақтаулы қыздар аз емес,
Майысқақ жағы тағы бар.
Күніне мың құбылып,
Мәнсаптыға жағынар.
Абайламай ақылмен,
Нұсқаған жерден табылар.
Арзан ойын-күлкімен,
Жын-ойнақ жерге сабылар.
Базарлы күнін ұмытып,
Кететіні тағы бар.
Бара-бара бір күні,
Әумесерге жолығар.

Ақ қайың

Қайың тұр бұтақтары сүмірейіп,
Тамыры арсаланып үңірейіп.
Қажығаи бұл өмірден шал сияқты,
Ойланып отырғандай күңіреніп.

Бір кезде ақ балтырлы жас
болғандай,
Буына жастығының мас болғандай.
Оздырып өзгелерді өз бойынан,
Ақыры өр көңілі пәс болғандай.

Кезінде қатарынан озды ма екен,
Буынып болар іске белді бекем.
Алданып жалғандықтың шылауына,
Жүйкесі жүре-бара тозды ма екен?

Қарғысы қайының да бар емес пе,
Тылсым күш алғысына зар емес пе.
Аққанын жылағанын білгірмейді,
Жаралған жақсылыққа сән емес пе.

Көрінді қайың маған болдырғандай,
Менің де қылығым аз оңдырғандай.
Мүжіліп бара жатыр сұлу сымбат,
Жалғанның жасын жүті
тоздырғандай.

Асыл ару

(әнге арналған)

Ашқанда мейірлене құшағыңды,
Білмедім қонарымды, ұшарымды.
Оралтып өткен өмір, болашақты
Кескендей болдың қайта
тұсауымды.

Айнұр-ай, ай-күн-ай,
Жүр екенсің айнымай.
Тәтті жеген баладай,
Алданғандай болдым-ай.

Бұл күнде сезім бөтен, өзім бөтен,
Бәрінен күдер үзер кезім бе екен.
Үшырдың қамаудағы қаршығамды,
Адамның жасармағы көңілде екен.

Адамның жасармағы көңілде екен,
Сыйласаң сағынышы сенімде екен.
Тұратын кездескенде нұры тасып,
Арудың асылдығы тегінде екен.

Көңіл көші

Көтерейін көңілді,
Өзімді өзім жетелеп.
Ұзартайын өмірді,
Өліп калу ертерек.

Күлмейтінге күлейін,
Көрейінші еркелеп.
Білмейтінді білейін,
Не бітірем өкпелеп.


Жазып көрдім жалғанды,
Өлеңіммен кестелеп.
Орындалмас арманды,
Түсінетін дос керек.

Кейінгі ұрпақ келеді,
Асықтырып өкшелеп.
Бұрынғыдан өрелі,
Заманауи көш керек.

Анашым ардағым

(әнге арналған)

Жүруші ең шаң жұытпай құлынына,
Шашпаулап лента өруші ең
бұрымыма.
Алаңдап жүр ме екенсің
жолды тосып,
Сүйеніп немеренің құрығына.



Тәңірге шағым

Нені аңсаймын, білмеймін оңашада,
Жұбатпайтын түрі бар бала-шаға.
Ересектеу туыстар жөн білмесе,
Кеткім келіп тұрады онашаға.
Бұрынғыдай белсене ұмтылмаймын,
Жақындағы желіккен тамашаға.
Сұр шекпенді жамылып
тұрғандаймын,
Жазы кеткен жанбырлы қарашада.
Төмендерге биіктен қарауша едім,
Енді отырғым келеді аласада,
Бүтіндігі бүлінген бұл заманда,
Алпыстағы сенімен самаса ма.
Бүтінгінің бектері түсінбейміш,
Беттен алып тұрады таласарға.
Шіміркіпес былшыған жалпақ беттер,
Қауылығын кетеді жаба сала.
Көлгірсіген көп көрдім көкбеттерді,
Парасаты жетпейтін санасарға.
Көрер көзге көрінер белсенді боп,
Шапырғын тіккендей Алашорда.
Адамзаттық бұзылып бара жатыр,
Берекесіз пендене қарас, Алла!

ЖЕТІСУ ЖЕТІСУ ЖЕТІСУ

АРДАГЕР

АЙЫНА ЕКІ РЕТ ШЫҒАТЫН ГАЗЕТ ІШІНДЕГІ ГАЗЕТ

Сейсенбі, 9 қараша, 2010 жыл

3

■ *Алыстағы ағайын*

Атадан қалған асыл сөз

Шетел қазақтарының әдебиеті жайында сөз болғанда XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы жартысында ҚХР-да өмір сүрген ақын, дінтанушы Шылбы Көбекұлы туралы айтпай кетуге болмайды. Ол 1860 жылы ҚХР-дың қазіргі Бұрлатала облысына қарасты Өмірұзақ қала көрғаны деген жерде туып, 1936 жылы Іле қазақ облысының Күнес ауданында дүниеден өткен. Әкесі Көбек шала сауатты адам болса да елге сыйлы, жұртқа жағымды, инабатты кісі екен. Алайда, оның шығармашылық іргетасын қалауға нағашысы Жансейіт молда мен анасы Дина көп еңбектенген. Алғашқы сауатын анасы ашса, нағашы атасының ықпалында 13 жасында Семей қаласына барып, математика, тарих, география пәндерін игеріп, ғылымн негізін бекемдейді. Көз ашы кеңіп, қоғамдық түсінігі тереңдейді. Нәтижесінде, ескіше мен жаңашаға жетік оқымысты, ақын, әнші, домбырашы, алтын мен күмістен пеше алуан бұйым өндейтін шебер зергерге айналып, ауылына оралады. Бір айта кетерлігі, сол кезеңде қазақ ауылдарында мұндай білімді адам сананулы ғана еді. Сол тұста Қытайды билеп тұрған Манжу патшалығының атқамінерлері Күре шаһарына жұмысқа шақырады. Онда 13 жыл қоғамдық қызмет атқарады. Манжу патшалығының атқамінерлері Күре шаһарына жұмысқа шақырады. Онда 13 жыл қоғамдық қызмет атқарады. Бұл жылдар оның шығармашылығының шыңдалған кезі болса, енді бір жағынан, қытай, маңғұл, сібе, манжу, араб тілін жетік игеріп, аудармашылықпен айналысады. Қытай қазақтарының «Әлімаһұны» (Бас мүфти) деген жоғары атаққа ие болады.

Ақын Шылбы Көбекұлының артында мол мұра қалды. Оның дені ҚХР-да қазақ тілінде шығатын түрлі басылымда жарық көрсе, кейбірі қазақ тілінде оқытатын бастауыш, орта мектептің қазақ тілі мен әдебиет оқулығына енді. Сондай-ақ, ақын әдебиет оқулығына енді. Сондай-ақ, ақын өмірі мен еңбегі «Қазақ ССР энциклопедиясының» 12-томында таныстырылған.

Ақынның тағы бір қыры, оның сол құстағы қазақ зиялыларымен жақын қарым-қатынаста болғандығы. Әсіресе, Кеңес үкіметінің құдалауымен арғы бетке асып, Іле өңіріне Көкқамыр деген жерінде қоныстанған ақын, композитор Әсет Найманбаевпен сұхбаттас болады. Өкінішке орай, хат арқылы ғана танысып, сырлас жандарға айналған екі арыс тірлігінде бір-бірімен кездесе алмаған.

Бірақ, олардың дін, ғылым, өмір, қоғам, жайында жазысқан дүниелері бүгінгі күнге мұрагер болып отыр. Осыған орай, өткеннен сөзіге қалған сол мұраны оқырман назарына ұсынуды перзенттік борыш деп білдім.

Әсеттің Шылбыға жазған хаты:

– Атыңа хамду(1)сана жалғыз хақтың.
Қолған(2) тәңдесі жоқ затың фақтың.
Исламның панарына шырақ жаққан,
Көп дорт(3)рухына Ахыметтің(4).
Сен сөйлы және төрпеч мұсылмапсың,
Ішінде әлі мағлұм неше баптың.
Төрт түрлі дін пұқара(5)жол шығарған,
Баламыз сол жолында мазһапшың.
Үмбетіңіз ақырзаман Мұстапаға,
Сөндіріп дін шырағын алғазіреттің(6).
Төлегетай, Төрт қылай, бабаң Меңіс,
Тәңірберді, Құдайназар, Есенкелді.
Кененбай, Шағырай.
Келбай дін басшысы,
Асылзат адамысың мұндай жаттың.
Марқұм Көбек ұғылы Шылбы ағаға,
Шақырып шариғатқа дабыл қақтың.
Қазақтың қапты көңіл көнбестерін,
Шариғат қанжарымен тура шаптың.
Бұл күнде жұрт қалпеі атаныпсыз,
Ишаалла құлаты болсын
бақты таптың.
Бірнеше кірлі тәннің тапын қырып,
Бәйітпен пәжістарға жұлар жақтың.
Қыла бер әмір мағрұп (7) жазықпастан,
Халыбы қайыл болсын әр ақымақтың.
Мұсылман тайпасының ғұламасы.
Мағлұм тәнті жеміс бау-шарбақтың
Адамы ақырзаман көрмей таныс,
Мәшері болып еді сол уақыттың.
Мұқтарам Шылбы хәлем дүғай сәлем.
Сынарсыз халыбынан жазған хаттың
Аз сөзден көп мағына абайласын,
Жаршысы сәлем жазды дін мақаттың.

Ардақты мәлет басы Шылбы ғалым.
Ғұлама тақуадан алдың тағылым.
Баласың пәнни адам аздырмаққа.
Жол алған қан тамырдан
шайтан залым.
Арапта дін басшысын маһді дейді,
Қылады әмір – мағрұп келсе қалің.
Пәнсе келген адам қайтуы анық,
Болса да басқа жалған осы мағлұм
Жүрініз гаумаларда(8)жолға сала,
Жас жігіт қайыл болсын сәби бала.
«Іздесу сізден болғанда, беру бізден» деп.
Аятында айтып тұр хақ тағала.
«Ұлдарыңды тәрбиелеңдер» дейсің не еді.
Құранда хабар берсең сөзің және.
Сарып қыл қалған жалсты ғылым ізден,
Жіберген ібілісті жолдан бұл, – деп.
Әр адам оқу үшін ақысыз,
Алмай жалтар Алла береді көп.
Бұл аят оның үшін қазір болған,
«Оған о тұл хикіме та фалади у тіш
хапран кәсіран» деп.

Ғаламды бөліптенен сөйле жайлап,
Сөзіңді Алла жөндер рахым айлап.
Жұма да құтба оқыған хош әуезің,
Шалдының бұлқынған
тұрған сайран.
Гибадат шағында ниет қабыл болмақ,
Дәлел бар бұл тұрлы ойлқан байлап.
Ерінбей соны алдыр соқпақ таңқап,
Атады Әлішұң жұрнын сайлап.
Күнеске мен де бақ болар еді,
Дәлімнен көтерілсе рәзідық айдап.
Мен келсем, Көкқамырдан көшіп келіп,
Жұртың ем бір көруге әуес етіп.
Ишаалла, пәсіп болған, жазығарыз,
Қалмаса тәңір жеткіп, өмір өтіп.
Уа, лин айтар жауап толып жатыр,
Байқалып көрсетейін сөз өлшетіп.
Ахұнұм, қош, аман бол, жазықсаңыз,
Тұрамын өзіңізден қағаз күтіп.
Пәлен сөз, бір күн қалар қолдан қалам,
Жалықпай жазғаныл азғас әлем.
Уақыт тар, қиял жауап
жаза алмадым,
Ахұнұм Шылбы ғалым, қош бол, аман.
Бүгіктен бұл мазафат алған болып,
Тыныштық уағытқа болсын заман.
Арғын шор Әсет ақын қал қошы.
Болмаса көңіл баяу, жүріс шабан.

Ақын Шылбының Әсетке жазған жауап хаты:

– Алыдан сәлем ұғамдұ әмір айтып,
Сөзіңде айып емпе болса қатем.
Алыстан келді аңсаған көр құзандай,
Өзіңе сәлем жазып жауып қатам.
Алашқа атың шыққан шын жүйріксің,
Сөзіңде бұрлық жоқ бөтен сатан.
Ғайыптан мынау сәлем қолға келіп,
Қойып тұр зор талапты маған қатап.
Қызайға мейман болып келіп қапсың,
Ізделп кісі емессің ат пен шапан.
Сөзіңнің сыры терең, бағасы зор,
Алтынды мыс пен әсекке пеге сатам
Уа жұздің ұрнақтары қайда кетті
Жер ауып, ел бұзылып, мала-матаң.

Қайран ел, қайран жердің сәні кетті,
Кәдімгі қаптағандай апат тоған.
Қызайды келіп қапсың панаһауға,
Асыққа мен шақырып, сәлем жаздым,
Әсеке, әдейлеп кел, денің сауда.

Ассалау магалайкум, Әсет ақын,

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

■ *Таным*

Шеге жыраудың сыры көп

Жаратқан тірлігіне салтанатын
Бір Алла көрсеуді нәсіп етсін.
Болашпен ағыл ағыс, көңіл жақын.
Жазылсын ант-хадис әлгендерден,
Мирас қып хақ Расұлдан шариғатын.
Бағасын шығасалы көрінесің,
Ән мен күй шығайынған
бақ таластың.
Бүлбұл құс ғашық болып
қызыл гүлге,
Күбылтын төңсін түрлі
ән салатын.
Ажалы жоғар Алла
сабыр беріп,
А. шаркін, жолығар ма
жазған хатым.
Сөз гүлге сен де ғашық, мен де ғашық,
Танымас сөз кестесін әлі пасық.
Қылайда қалдай қазған жүрсем дағы,
Кей кезде кадандардан қалам жасым.
Сағынам ақ жүзіңді бір көруге,
Жаратқан жазығы Алла қылсын нәсіп.
Қайыр, қош жақсыларға жазығысатыс,
Кеппесе бір күн алдат дүние сасық.
Сөзіңнің танымдығі тәңдесі жоқ,
Наданға көрсеткендей көңілін анық.
Тірлік болса бір күні көрісерміз,
Қалмаса тәңдыр жеткіп,
тілеулес басып.
Мен кездім Күнес Қызай арасына.
Бір мың үш жүз отыз сегіз санасында.
Ұлтырып шариғаттан жол көрсетіп,
Ғылымның Алла берген пайдасында.
Жазылсын мағаң сәлем, қайран әсет,
Терең ой, өлтір тіліңе шамасында.
Сағынып бір көруге қалаз жағдым,
Арғын Шор Қаракесек баласына.

Мен дағы туған жерді аңсап жүрмін,
Дін білмес надандардан
шаршап тұрмын.
«Хұбуһұл ұатан минал иман»
демен де еді,
Жұртсыз Көкқамырға жол сап тұрмын.

Не шара, Алла тағала екі арыска жолығуды жазбапты. Ақын Әсет жергілікті емшінің қате дәрі беруінің салдарынан:

–Үйінде Хапаридың жатып алдым,
Алмасты кепіреш деп татып алдым.
Құдайдың мағаң берген ажалы жоқ,
Құлжадан бес тәңсіз сатып алдым, –

деген өкінішті арқалап, мәңгілікті өмірден өтеді. Ақынның қазасын естіген Шылбы қатты қайғырады. Ат қолғын жабдап, қасына жолдас-жораларын ертіп Көкқамырға тартады. Бейіт басында ұзақ сүре оқиды, соңынан өзінің ойлы да отты, сағыныш, өкінішке толы жоқтауын айтады:

– Дидарыңды көруге,
Алла нәсіп қылмады.
Аз ғана бергеп өмірге,
Бұл өзіңі қарап тұрмады.
Дәм тартпады кетуге.
Жіберпей Күнес шырмады.
Болмайды жазған сөйлуге,
Тоқтамай өмір зырлады.
Топырағың торқа, иманың
Қойнында болсын, аяғым.
Көрсем деп аңсап келгенде,
Көре алмай сені жасадым.
Опасы жоқ сұм жалған,
Өмір сенің қонағың.
Алдамшы жалған, амал жоқ,
Ұқтым өмір шолағын.
Балшатап құран оқыдым,
Алланың қалыс жолында,
«Халуатта лиллаһи»,
Қалам шәріп қолымда.

Отпісің дүниеден, қайран Әсет,
Естісем, өзіңде екен шын қасірет.
Құдайым бет аздырған жарылқасын,
Бір Алла шын берсін сақ сағынат!

Баспаға әзірлеген Әбдірахман ӘРІПҰЛЫ.

Бұл кісіні сонау сексенінші жылдардың басында «жыршы» ретінде білуші едік. Дәлірек айтсақ, жыршы ма, жырау ма, термеші ме, әлде қара өлеңнің иесі ме, ол жағының әжарын ажыратып, сөз қылған ешкімді көрмепніз. Ол кезде үгіт поезы дейтін үрдіс болушы еді. «Жұт жеті ағайынды, қыдырған қатынмен сегіз ағайынды» дегендей, аң қар, көк мұзда борандатып, айдаладағы ақ отауын біріне жетіп баратынбыз. Қыстың көзі қырау, қаламымды қолтығыма қысып, топ жиналыстың қорытындысын түртіп алмаққа редакцияның жүгін арқалап мен де баратын едім. Қоншының үйі аталатын құмшағылдың ішіндегі жалғыз отауды желпілдете үйіріп, ысқырған боранның арасында Шеге ағамыздың қапталдаса жарысып, ұзақ түнге көз ілмей жырлайтыны әлі күнге көз алдымызда. Репертуары өте бай еді. Ешуақытта бір мақамды екі рет қайталағанын естімепніз. Есте сақтау қабілеті таңданарлық. Қабілет демекші, бұл кісінің Жамбылдағы мәдени ағарту училищесінің театр бөлімін үздік бітіргені көп нәрсені аңғартса керек. Бұл кісі өз өмірінде «төрт» деген бағаны көрмеген екен. Біздің қазақта шежірешілік өнер ана сүтімен дәритын нәрсе. Сондықтан да жеті атасын білмеген жетесіз деген сөз бар, бірақ бұл кісі жеті атасын емес, үш жүздің баласын қолымен тұғызғандай түгел тарата білетін адам.



Қазақтың билік айтқан биғер атаулысын тарихта тұңғыш рет (1985 ж.) көгілдір экран арқылы насихаттаушы да осы кісі. Бірақ бір өкініштісі, бұл кісінің шешендік өнерін одан әрі насихаттап алып кетушілер табылмады, табылмайды да. Себебі ол үшін әр саланы жетік меңгерген жанжақтылы өнер қажет, яғни актерлік шеберлік, режиссерлік қиял, жазушылық ішкі қуат, дауыс диқциясы, өнер-білімнің мол қоры қажет. Сондықтан да ширек ғасыр бойы бұл өнерді жалғастырып өкетушілер табылмай отыр. Республика көлемінде тұңғыш рет отбасылық ансамбльдер көшінің көшбасшысы бола тұрып сонымен бірге көгілдір экран арқылы өзі ойлап тапқан аспаптарымен таң қалдырған. Бұған дейін Болат Сарыбаев сияқты біз білмейтін музыкалық аспаптарды өмірге енгізген адам болған. Бірақ ол тарихи құжаттар мен археологиялық қазбалар негізінде өмірге келген аспаптар. Екеуінің арасы жер мен көктей дер едім. 1982 жылы көгілдір экранға шыққанда: «Конфуций ілімін басшылыққа ала отырып, марксизмді жаңа сатыға көтеруге болады» деген де осы кісі. Бір кездесуде Шегеден сұрағанымда бар еді: «Шеке, осы өмірде не тындырдым деп ойлайсың?» дегенімде: «Мына бір нәрсе маған қымбат» деп маған бір қызыл қағазды көрсетті. Көз жүгіртсем: 1957 жылы елімізде тұңғыш рет өткен әлемдік фестивальдің облыстық байқауынан алған «Құрмет грамотасы» екен. Жарты ғасыр... сол кездегі үзеңгілес жолдастардың ең соңғысы Бағила Тынысбекова жақында қайтыс болды. Олардан қалған ескерткіш – бірге жүріп-тұрғанда түскен ұжымдық суреттер ғана. "1969 жылы республика бойынша тұңғыш рет «Халық театры» атағын алғанда басты рөлде ойнаған мен едім. Ибади Матақовтың «Өмір үшін» пьесасын жюри төрағасы В. Гасюктің алдында қойып беріп, жоғары баға алған едік» деп есіке алады Шеге ақсақал. Тағы бір еске алатын нәрсені 1983 жылы республика бойынша тұңғыш рет Талдықорғанда өткен күзгіке талсыру сайысында ақындар мен жыршылардың ақтер, көк тер болғаны есімде. Сол сайыста Мырзатай Жолдасбековтың қолынан алған «ақын әрі жыршы» күәлігі. Жүзден астам өнерпаздар қатысып, соның алтауы ғана «ақын» дейтін атақты жеңіп алса, «жыршы» дейтін атақ екі-үш адамға ғана берілген еді. Ал енді «ақын әрі жыршы» дейтін күәлікке Шеге Елубаевтан басқа ешкімнің қолы жеткен емес.

Мұның сыртында әлі ешкімге белгісіз болып келген, басы ашылмаған бір мәселе бар – ол Шеге Елубаевтың жыраулық өнері. Біз күні бүгінге дейін ақын атауының көпшілігіне «жырау» дейтінді қоса жалғырып келдік, тіпті жыршыларды да «жырау» деп соға саламыз, іс жүзінде олай емес көрінеді. Жыраудың өзіне ғана тән талап, шарты болуы керек екен. Жыраулық өнердің жыршылық өнерден жер мен көктей айырмасы бар. Ол бірыңғай ақын да емес, тоқсан тоғыз өнер мен таныымдық құбылыстар атауының басын қосатын синтездік өнер. Осы жағынан келгенде білетін адамдар Шеге ақсақалды энциклопедиялық деңгейдегі данышпан жырау деп атайды. Өйткені ол кісінің жыраулық өнеріне бүгінгі таңда ешкімнің өресі жетіп, қатар тұруы мүмкін емес. Басты құпия – сөзінің тереңдігінде. Осыны дәлелдеу үшін Шеге ақсақал жырау сөзінің бір шумағынан төрт бірдей кітап жазып отыр. Ол кісінің таңды таңға ұрып айтатынын есептесек, өлең шумақтарынан жүздеген, тіпті мыңдаған кітап туындауы мүмкін-ау. Ол өзінің әкесінен сабақтастық жолмен жеткен жыраулық өнерін мұртын қисайтпай, одан әрі биіктерге сүйреп жүрген адам. Жетісу алашордашыларының көсемі болған Қожамсейіт Ниязовтың алашорда әскерінің Елубай жырау бас әнші болған. Кейінгі репрессия жылдарында Елубай жыраудың алашорда әуендерін белгілі бір адамдар жиналып, есік-терезені киізбен тұмшалап, сыртқа күзет қойып, таң атқанша тыңдайды екен. «Өңкей құлдан би сайлап, қайран жұрттың тозғаны-ай» дегенді Елубай ақсақал жыраулық арнаға түсерде еклін алу үшін айтатын сөз басы көрінеді. Шеге ақсақалдың жыршылық репертуарын түсіну тіптен оңай. Ал, жыраулық өнері ұлы теңіздің айдынында шалқыған ұлы кеңістік дерсің. Өрең жетпей, басың айналып қалуы да мүмкін. Оны түсіну үшін белгілі бір дайындық керек. Көбінесе көрген-білгені мол, танымы терең, ақыл тоқтатқан, үзеңгіге аяқ салып көрген, кісілігі бар, биік парасаттың өкілдері ғана, яғни зерделі адамдар тыңдайтын өнер. Кез-келген адам жырауды түсіне бермейді. Мәселен, мына сөзді түсініп көріңіз: «Дулы, Нушы қос қанат әлекендей жаланған, әр қанаты бес оқтан Шорменен Іркін баланған...» Бұл сөздердің мағынасын түсіну үшін бірінші түрік қағанатының саяси құрылымдарына көз жүгіртіу керек. Бірінші түрік қағанатының жер көлемі сонау Сарыөзеннен батыстағы Азау теңізіне дейін ұласып жатқан. Осынау бір аса ірі мемлекеттің негізін қалаушы Естеми қаған билікке өзінің туған ағасы Бумын қағанды өлтіру жолымен келген еді. Естеми өзіне тиесілі жер көлемін екі қанатқа бөліп, «Дулы» және «Нушы» деп атаған, яғни шығыс қанат және батыс қанат. Әрбір қанат бес оққа (яғни аймаққа) бөлінген. Шығыс қанаттағы әрбір оқтың басшысын «Шор» деп атаса, батыс қанаттағы әрбір оқтың басшысын «Іркін» деп атаған. «Шор» менен «Іркіннің» әрқайсысы Естеминге оның адамнан тұратын бір түмен сарбаз дайындауға міндетті болған. Ол түмендердің басшысын «Шадь» деп атаған. Жыраулар осының бәрін төптіштеп жатпайды, ең керекті жірімдерін ғана еске салады. Жыраулық өнер көзі ашық, көкірегі ояу зерделі адамдар тыңдайтын өнер дейтініміз осыдан келеді. Болмаса, әр бұтаның түбіндегі торғайдың қиян санап отырса, мыңдаған жылдардың кемел көрінісін өрнектейтін келелі пікірлер желісін көз алдыға әкелу мүмкін емес қой. Яғни тыңдап отырғанда жықпыл-жықпыл, ну орман, сайда жүргендей сезінесің. Ертеде Қойгелдейтін би өткен. Жыраулық өнерге байланысты талап-түйтілді сол кісі шешіп берген. Сол кісінің айтып кеткен нұсқа сөздері: «Қойгел бидің көзінегі» деп аталады. Қойгел би көзінегінің өзіне ғана тән талап-шарты бар. Сол шарттың талабына сәйкес айтылмаса, ешбір жыраудың жолы болмайды. Ешқандай кеудемсоқ пікір мен сәуегейлік атаулы жыраулық өнердің маңынан жүре алмайды. «Жырау» сөзін жіліктеп, бұтарлап көз жіберсеңіз, «ау» дейтін қосымшасы көп нәрсені аңғартады екен. Яғни екі ойлы, дудамал пікірге мәнзеп тұратын көрінеді. Қойгел би айтып кеткен (ол жөнінде қазан көтерген кейіпкерлердің арасында отырып, бір өлеңші жігітке айтқан пікір сақталған). Қойгел бидің пікірінше жырау дегеніміз «бір пікірді бір пікір немесе алдыңғы пікірді соңғы пікір самиянан, қақпалап жолға салып отыратын балама ойдың кемеңгерлік тапқырлығы» көрінеді...

Бұл кісінің жол жетпейтін тағы бір биік өнері драматургия дер едім. Асырып айтты демес үшін сақыпсырмалы түрде айтатын: мәселен бұл кісінің «Андронов», «Афанасьев», «Пазырық-Алтай», «Сұрыл» мәдениетіне қатысты «Шұқыр сарыны» атты пьесасы дер едім. Осыдан бес-алты мың жыл бұрынғы оқиғалар қамтылады. Оның басты кейіпкерлері қазақ, қалмақ, қырғыз, қарақалпақтың әкелері Кенекес туралы, орыс халқының атасы Древлян туралы, неміс халқының атасы Гепид сияқты ұлы кейіпкерлерді өмірге әкелу оңай болып па? Айта берсе, Шеге ақсақалдың үнемі жаңалық ашу жолында, әрекет үстінде болғанын байқаймыз. Сегіз қырлы, бір сырлы деген осы емес пе. Соның бір қыры сабақтастық жолмен жеткен жыраулық өнері дер едік. Екіншіші, бұл кісінің осынау бір ұлы өнерін әр қырынан мүлде тани алмай отырмыз. Айтпақшы, осы біз ақындар мен жыршы, жыраулардың табиғатына терең үңіліп болдық па? Мәселен, тойларда қара өлеңнің айтысы дейтін болады. Бірнеше түн айтысып жеңіске алмаған ақындарды білуші едік. Суырып салма айтыстан айырмасы жаттап алып айтады... Бірақ беталды емес, сөздің орайына қарай, қуалап айтысады. Бұл айтыста да амандасу, жөн сұрасу болады. Мәселен:

Халің қалай, қарағым, денің сау ма,
Заман өтіп барады қиын-ауға...

деген сияқты.

Бұл айтыстың артықшылығы, былапыт сөз болмайды. Тек қана жүрекжарды, махаббат ирімдерінен тұрады және ғасырлар бойы әбден екшелін, сұрыпталған, өте дәмді сөздер айтылады. Осындай әдіспен де қолқа салу немесе сынайылап әлдекімді сынап көту бола береді, бар мәселе керекті сөзді керек жерінде бұра білсе болғаны. Бұл өз алдына сондай бір жанр. Ерушісін есептегенде екі-екіден төрт адам болып айтысады. Бұл жанрдың халықтық сипаты басым. Екінің бірі айтыса береді және айтыстың соңына таман табақ тартылып, тойбастарға ұласатын еді. Бұл айтыста ең көп жаттаған адам және бұра білген адам жеңген болып есептеледі. Айтыстың осы түрін тірілту үшін тағы бір Жүрсін Ермановты тосып жүрміз бе? Осындай-осындай жайттарды ескере келіп, әсіресе атын жамыраса айтқанмен затын жете түсінбей жүрген жыраулық өнерімізге жаңаша көзқарас, тың тұжырым керек. Бір өзенді екі рет кешіп өтемін дейтіндер ескі кітаптың қадірін біле алмайды.

Дүйсен МҰХАМЕТШАРҰЛЫ,
Ақсу аудандық «Ақсу өңірі» газетінің бас редакторы.

■ *Ой түбінде жатқан сөз*

Қытай – алып империя. Оның бес мың жылдық жазба тарихының бар екеніне ешкім күмән келтірмесі анық. Тіпті, кешегі ғұн, сақ, үйсін дәуіріндегі тарихымыздың там-тұм тұсын Қытай елінде сақталған архивтерден тауып жатқанымыз да жасырын емес. Тарихи оқиғаларды хатқа жазуға мүқият қытайлар өнер табудан да кенде емес. Басқасын айтпағанның өзінде, адамзат өркениетін өрлеткен оқ-дәрі, компас, қорғасын баспа, қағаз сияқты төрт ұлы тапқырлық солардың еншісінде. Әлемдегі ең ерте, ең ұзын, ең берік саналатын қорғанның авторы да солар. Біз қазір қолданып жүрген цифрдың өзін арабтың саудагерлері қытайлықтардан үйреніп, айдай әлемге таратқан. Тізбелеп айтсақ, әлі талайын табуға болар еді. Десе де, олар өнертапқыштықпен бірге өзгелердің құнды мәдениетін де өздерінің жетістігіне айналдыруға шебер екенін білетін боларсыз.



Қытайлар қазақ бийін әріптеуде оның астарында не жатыр

Өткенге зер салсақ, атқа мініп, садақ тартуды сақтар ойлап тауып еді. Үйсін хандығы тұсына келгенде мұны меңгерген қытайлар сайлауыт ат мініп, әскерін жасақтап үлгерді де Азиядағы ең мығым елге айналды. Атқа мінуге ыңғайлы шалбар мен шолақ етек шапандарды ғұн дәуіріндегі аналарымыз тігіп еді. Ұзын шапанды қытайлар оны да иемдене қойды. Қытайдың Тан патшалығы дәуірінде екі жарым мың ақын болған. Соның шәндегі ең шоқтығы биігі Ілебай (Ли Бай) еді. Қазақ дапасынан Қытай асқан қандасымыздың кім екенін біз енді білп жатқанда, олар осыдан мың жыл ілгері рухани ұстазына айналдырып алды. Ілебай қазақ еді деп қанша даурықсақ та, қытайлардың өзі Ілебайды Ахмет Иассауи (5) Пұқа (парсыша) – шығу, сөзіне, мұрасына ету.
(6) Әлгарет (парсыша) – ұйқы болу; сақтық жасау.
(7) Әмір мағрұп (парсыша) : Әмір – бұлеуші, билік жүргізуші. Мағрұп – еңімді, қиыстелінді.
(8) Гауаи (парсыша) – адастау, бұрыс кетіп, уақытсызға, шарасызға ұшырау.

Ал, таяудан бері Қытайда қазақтың «Қара жорға» би қолдау тауып, оқу орындары үзілісте оқушылардың бой сергітетін гимнастикасына айналғанын біздің ақпарат көздері мақтана жазып келеді. Тіпті Қытайдағы қандастарымыздан құралған он мың адам осы биді билеп, қазақ күйін шертіп Гиннес рекордтар кітабына енді. Өрине, қазақтың би мен күйін елем таныды деп мақтануға, оны қытайлар оқу орнында қолдана бастады деп шаттануға да болар. Бір жағынан, мұны қытайдағы қандастарымыздың ұлттық мәдениетке деген жанашырлығы деп білсек те, ертеңгі күнді ойласаң денең тұршігеді. Себебі, қытайда 56 ұлт өкілі тірлік кешеді. Оның шәнде үйғыр, қазақ, дүңген, моңғол, заңзу (тибет) жуаңзу сияқты ұлттарға автономиялы құқық берілген. Яғни, саяси жақта өзге ұлттардың өзін-өзі басқаруға мемлекет тарапынан жағдай жасалған. Бірақ, Қытайдағы жер және өнер, мәдениет, ғылым, тағы басқа салалағы тапқырлықтар мен жетістіктер ұлтқа бөлінбейді. Оның бәрі мемлекет меншігі болып саналады. Бұл олардың салиқалы заңдарында ашық жазылған. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ би мен күйі енді қазаққа емес, қытайға қызмет етеді деген сөз.

Осы жерде қытайлар қара жорғаға неге қызығады деген заңды сұрақтың туатыны хақ. Өрине, Қытайда бәрі бар, тек ұлттық би ғана жоқ еді. Енді олар көрген жанды елең еткізіп, деп-есін қоздыратын қасиетті биді қанағының астына алды.

Біз тарихта көшпелілер мәдениет жаратқан ұлттың әкілі болсақ, та қолда бар қымбатына ие бола алмаған ұрпақ болып бара жатырмыз. Болмай не, көкпар қырғызға қымыз неміске, бесбармақ жапонға кетті, тағысын тағылар. Енді келіп қазақша күреске өзбек таласып жатыр. Бірді-екілі жанашырлардың жанайқайы болмаса, басқамыз қамсыз жүрміз. Өткенде «тоғызқұмалақ» турасында қазақ-қырғыз ортасында дау ушығып, халықтық сұрақнама болғанда Қырғызстандағы барлық адам бұл ойынды біледі деп жауап берген Ал Қазақстанда тек 20 пайыз адам ғана білетін болып шықты. Енді бұл ойын қырғыздікі болу қауіп күшті. Қаражорға қытайға кетсе сонда бізге не қалады. Белгім, бәрі қазақтікі деп кеудемізді қағатын шығармыз. Бірақ, құнды қағаздар үстемдік құрған мына заманда құрақ сөзге ешкім иланбайды.

Сөз орайы келгенде айта кетken жөн болар. Тарих қойнауында қалған жоғалғамыз саналатын «Хан дойбысы» ойынын жарыққа шығарып, ұлттық спортқа айналдырамыз деп жүрген жігіттеріміздің жолы тосылып, қолдау таппай жүр. Аталған ойынды шетелдер де дәріптеуді жоспарға алған. Осындай игілікті іпп әкетер азаматтарымыз қайда жүр. Олар әлемдегі көп қаптапының қолы жетпеген Түркияның курорттық аймағы Антальядағы 700 мың долларлық құнға ие алқаны, шетелдердегі ең қымбат ғимаратты сатып алумен, Дубайдағы бір түн 3 мың доллар тұратын қонақүйлерде демалумен, сондай-сондай істермен мұрындарына су жетпей жүр. Өрине, мұны жазыла жазыла жауыр болған тақырып дерсіз. Қаперіңізде болсын, «Ешқандай құндылығы болмаған ұлттың құдіретті ел болуы да күмәнді». Бұл менің сөзім емес. Қытай философы Кунфуцийдің тағылымы.

Қажет АНДАС.



Төле би:

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі.
Өзіне келер ұятын,
Өзі білін түрса игі.
Жаудан бұққан немені,
Ортасынан қуса игі!



Қаз дауысты Қазыбек би:

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат,
Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді апаң қымбат.
Асқар тауың – әкең қымбат,
Туып-өскен елің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.



Әйтеке би:

Ашу деген ағып су,
Алдың ашсаң арқырар,
Ақыл деген дария,
Алдың тоссаң тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек,
Туысқан соң сөз қуыспау керек.
Сөз қуған бәлеге жолығады,
Жол қуған олжаға жолығады.

Бөрілі таудан аспаған,
Бедеуге қамшы баспаған,
Алысқа сапар шекпеген,
Ат қадірін білмейді.

Жақсы тағам ішпеген,
Жайлы орынды көрмеген,
Жат қадірін білмейді.
Қыста соғым соймаған,

Қозы етіне тоймаған,
Ас қадірін білмейді.

ДОСБОЛ БИ.

АРДАГЕР

№21 (51)

Сейсенбі, 9 қараша, 2010 жыл.

Атадан – ұлағат

ҚАРИЯЛАР ҚАЛТ АЙТПАЙДЫ



Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында әлеуметтік зерттеулер жөніндегі әйелдер қауымдастығының президенті Тамара Климованың қатысуымен «Елбасы Жолдауының карт адамдар өмірінде алатын орны» атты «дөңгелек үстел» өтті. Оған қаламыздағы қадірменді ақсақалдар қатысып, қарттарды құрметтеудің жақсы қырларын сөз етті. Беделі биік, берері мол шараны аталған басқарма бастығының орынбасары Еркін Қабиев ашып, өмірімізде қарттарға жасалып отырған жақсы істерді шолып өтті.

Қарттар өмірден көргентүйгендері көп, мол тәжірибе жинаған абзал жандар. Сол білгені мен жинаған тәжірибесін ұрпақ санасына жеткізсем деп жанталасып жүрген ақ сақалды қария мен ақ жаулықты әжелер, аруы аналар. Сондықтан да оларға қандай құрмет көрсетілсе де артық болмайды. Осыған орай, 1990 жылы 14 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1-қазанды Қарттар күні деп жариялады. Оның мақсаты – аз қамтамасыз етілген, жалғызілікті немесе мүтедек карт адамдар мен зейнеткерлерге материалдық, әлеуметтік, тұрмыстық жақтан көмек көрсету. Олардың парасаты мен пайымын жастарға үлгі-өнеге етуге жол ашу. Басында Еуропа елдерінде, кейін Америка құрлығында тойланған мереке елімізде де құрметпен аталып өтетін болды.

Аталған мереке кейінгі жылдары өмірімізде жоғары деңгейде тойлануда. Оған өміріміздегі мемлекеттік мекемелер, жеке құрылымдар, демеуші ұйымдар тартылған. Шара аясында соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге әлеуметтік және материалдық көмек көрсетіліп, мерекелік дастархан жайып, концерт, байқау, көрмелер ұйымдастырылу дәстүрлі түрде жалғасуда. Бір қуанарлығы, биылғы жылдың өзінде өлкеміздегі 20 мыңнан астам карт адамға лайықты сыйсияпат жасалса, оған 31,7 млн. теңге қаржы жұмсалған. Осы жайлармен қанықкан әлеуметтік зерттеулер жөніндегі әйелдер қауымдастығының президенті Тамара Климова ханым келешекке кемел жол салған жұмыстарға қанағаттанатынын білдірді.

Әрине, осыдан-ақ «Атана не істесең алдыңа сол келеді» дейтін халық даналығын бұлжытпай орындап жатқанымызды көруге болады. Десе де, «Карты бар ел – қазыналы ел» дегендей, жинап-тергені, өмірден түйгені көп карттардың тәжірибесін, біліктілігін жастарға үйрету бөлек мәселе. Алматыдан келген қонақ бұл туралы да білгісі келетінін жасырмады. Осы тұста облыстық аксақалдар кеңесінің төрағасы Егеубек Далбағаев Елбасы Жолдауындағы басым бағыттардың мүлтіксіз орындалып жатқанын тілге тиек ете келіп, облыс әкімі Серік Үмбетовтың бастамасымен өмірімізде атқарылып жатқан «Атадан – ұлағат», «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» атты тәрбиелік бағдарламалардың жақсы тұстарына, аталар мен әжелер байқауының жас ұрпаққа берер тәрбиелік маңызына тоқталды. Атқарылған шаралардың бәрі ақпарат құралдарында жарияланып, көпшілік назарына жетіп отырды. Тіпті, облыстық «Жетісу» газетінің ішінен ашылған «Ардагер» газеті карттардың пайымы мен парасатын, өскелең ұрпаққа айтар өсиетін жеткізуде мықты құрал болып отырғаны өз алдына бөлек әңгіме.

Бұдан соң Алматыдан келген қонағымыз өміріміздегі карттардың әлеуметтік және материалдық жақтан қамтамасыз етілу деңгейін білгісі келетіні де жасырмады. Бұл жайында да ауыз толтырып айтар жағымды істер жетерлік. Облысымызда аксақалдар кеңесі мен ардагер әжелер комитеті жұмыс істейді, сондай-ақ, карттарға арналған әлеуметтік дүкен, дәріхана, көңіл көтеру орындары ашылған. Жыл сайын олардың демсаулығын қамтамасыз ету мақсатында өміріміздегі демалыс орындарына жолдама беріліп тұрады. Тұрғын үймен қамту мәселесі де жыл сайын шешімін тауып келеді, тағысын тағылар. Бір ауыз сөзбен айтқанда, облысымызда карттардың алаңсыз тірлік етуіне барлық жағдай жасалған.

Шараны қорытындылаған Тамара Климова Елбасы Жолдауына сай тындырымды жұмыстардың арқарылып жатқанына ризашылығын білдірді. Осыдан кейін отырыска қатысқандар өздерінің ұсыныс-ойларын айтып, ортақ пікірге тоқталды. Өзекті мәселелер ортаға салынып, оны шешудің жолдары айқындалды.

Қажет АНДАС.

Жетесі асыл шамданбас

Аланай болмай тау болмас,
Бұланай болмай су болмас.
Ағарған сақал қараймас,
Батырды кім сыйламас,
Басқанда қара жер де ойылмас.
Жез қарғылы құмарлан
Жетпей түлкі шала алмас.
Желбіршектен оқ тисе,
Балық өрге жүзе алмас.
Біреудің жеткіншегі жығылса,
Жер таянбай ол тұра алмас.
Сауын саусаң бие сау,
Салқын түспей суалмас.
Күшті жисаң түйе жи,
Қырқадан қиялай көшсең мұңаймас.
Қатын алсаң дегдарды ал,
Артында жылай қалса кім алмас.
Көл иесіз көркеймес,
Үйректің көбін қаз сүймес.
Жеті қабат тон кисе,
Жетесі жаман көркеймес.
Жеті атасын тең сөксең де,
Жетесі асыл шамданбас.
Арқадан атан жығар жел болса,
Ойда боран борамас.
Жақсылар орға шауып жығылса,
Жаманның ешнәрсесі құрымас.
Құрымағаны құрысын,
Сол шіріктер түбінде
Қор болғанын біле алмас.
Құлқы жаман кей билер,
Пара жемей тұра алмас.

АҚТАЙЛАҚ БИ.

Ақын – елдің ардағы

Берекесі мерекесіне жарасқан Жаркент жерінің жұрты өткен сенбіде Панфилов ауданының Құрметті азаматы, ҚР білім беру ісінің үздігі, дарынды ақын, этнограф, жоғары санатты ардагер ұстаз, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі Әдепхан Төреханұлының 70 жасқа толған мерейлі мезетін дүбірлі тойымен өспеттеді.

Ұстазды ұлықтады

Аудандық Мәдениет сарайында өткізілген салтанатты шараға әрісі Астанадан, берісі Алматы мен Талдықорғаннан көптеген құрметті қонақтар келді. Мәдениет сарайының кең залына өнерді қадір тұтар қауым лық толды. Мерейлі салтанатты Жаскент ауылдық округінде құрылған Әжелер ансамблі замандас қуанышын қопдап, алдымен тәтті тұрым дәм шашумен, одан соң ән шашумен ашты. Жиында аудандық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Исламғали Үрюмбайұлы ақынның өмір жолы мен шығармашылығы жайлы кең көлемді баяндама жасады.

Баяндамадан кейін сөз сөйлеген аудан әкімі Ермек Келемсейіт осы оқиғаға орайласа келген Білім министрлігінің Ы. Алтынсарин медалін ардагер ұстаздың кеудесіне тағып, қалыптасқан дәстүр бойынша Әдекеңнің иығына шапан жапты. Он баланы өмірге әкеліп, үлгілі етіп өсірген ақынның жары Ырысжан апамыз да өзінің қолынан камзол кигізіп, ақ шелі жамылды. Салтанатты сәттегі сыйлаттың салмақтысы белгілі ақын Оразақын Асқардың Әдепхан Төреханұлына Қазақстан Жазушылар одағына мүше болғанын айғілейтін куәлігі мен құттықтау хатын табыстағаны болды. Кезекпен сөз алған ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Рамазан Сәрпеков, Астана қаласлық тіл басқармасының бастығы Оразгүл Асанғазықызы, ғылым докторы Бескемпір Сейдәлі, Алматы облыстық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы Мырзағали Молдахметов, айтыс ақыны Қален Тәжібаева, тағы басқа құрметті қонақтар мерейтой иесінің жетпіске жеткенше елжұртына сіңірген еңбегін ерекше ілтипатпен әр қырынан айғақтап айтты.

Осы мерейтой қарсаңында ақын ұрпақтары шабандоздар бәйгесін ұйымдастырып, аудандағы білім ошақтарында ақынның жастармен жүздесулері, ақын еңбек еткен Көктал кентіндегі Абай атындағы қазақ орта мектебінде мүшәйра өткізілген болатын. Сол мүшәйраның бас жүлдесіне ие болған Құсайын Бейсебай, бірінші орын алған Нұрсұлтан Нұртілеу, екінші орынды жүлдегер Дінмұхамет Нұршеков, үшінші жүлдеге ие болған Сүлеймен Керімбеков, тағы басқа да жыр жарысына қатысқан ақындар кеш барысында арнау өлеңдерін оқыды. Сонымен қатар, салтанатты жиынды аудан өнерпаздары Әдепхан Төреханұлының өз өндері мен өлеңдеріне шығарылған өндерді нақышына келтіре орындап, мерейлі мезеттің өрін кіргізді.

Шығармашылық жолында оншақты кітап жазып, соңғы жылдары «Елім дархан, жерім бай» атты үш томдық таңдамалы шығармалар жинағын баспадан шығарып, ел игілігіне ұсынған Қазақстан Жазушылар, Журналистер одақтарының мүшесі Әдепхан Төреханұлының 70-ке толған мерейтойы осындай дүбірлі дүрмекпен өткізілп, ел-жұрты ақынына үлкен құрмет көрсетті.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ.
ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

Шалғай ауыл шырағы

Жылысайды жаңа мешіт жайнатты

Иә, мынау жарық дүниеде жақсылық пен қуанышқа жетер ештеңе жоқ-ау, сірә. Жұдырықтай жүректері ақ, көңілдері пақ, сезімдері түп-тұнық жандардың бәрі соны аңсап, айналасына күннің нұрын төккендей соны тілеп жатады. Рамазан айымен астаса келіп, ораза айт мерекесіне орайласқан қыркүйек айының жайнаған жақсы күндері Райымбек ауданындағы Жылысай деп аталатын жып-жылы мекен тұрғындарын қуанышқа бөледі де тастады.

Ауылдағы көрнекті бизнес белеске орын тепкен, мұнаралары көкке бой созып, көркі жараса көз тартқан әсем ақ мешіт есігін ашты. Өз игілігіне ғана жаратар елі мен жұртын ыстық құшағына тартты. Қуанышты хабарды естіп ат арылтып алыс-жақыннан келер қонақтарын күткен жылысайлықтар бір желпінді. Құлдырандаған баланың қуанышы шексіз. Еңкейген қарт пен әжелер ақ мешітке асығулы. Ел-жұрт мұны қасиетті Рамазан айының жақсылығы деп білді. Оны салғызып берген ауданнан шыққан азамат, бұдан бұрын аудан аумағынан үш мешіт тұрғызған Ермек Мырзагелдиевке алғыстарын, аппақ баталарын арнады. Артына ізгілікті ізін қалдырып жүрген азаматына сый-құрметтерін көрсетті. Алғыспен ағарып, батамен көгергенге не жетсін. 250 орынды жаңа мешіт Жылысайды бір-ақ күнде жайнатты да тастады. Бәрекелді, достық.

Мұндай тағы бір жаңа мешіт Жамбыл атты ауылда да бой көтерді. Фирманың президенті Қуат Қонаев қаржыландырып, Алтай Ноғайбаев құрылысын қолға алған еңселі мешіт ауылға көрік берді. Қуаныш ұзағынан сүйіндірсін, жамағат!

Қанат БІРЖАНСАЛ.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

Өмірдің өзінен

ТАБИҒАТТЫҢ ТЫЛСЫМ ҚҰБЫЛЫСЫ

Әр дәуірдің өзіне ғана тән тыныс-тіршілігі, қуаныш-қайғысы болады ғой. Кеңес заманында 1961 жылдың 12 сәуірінде Юрий Гагарин тұңғыш рет ғарышқа ұшып, жерді бір айналып шыққанда жүрегіміз жарыла қуанған едік. Ол адамзат ақыл-ойының шыңындай көрінді. Ақын Олжас Сүлейменов «Адамға табын, жер, енді» деген поэма жазды. Оны біз жаттап алғанбыз. Шынымен-ақ жер де, табиғат та адамға табынады деп сендік-ау. Олардың Құдайдың құзырында екенін ойламадық. Өйткені біздің қоғам құдайсыз қоғам еді. Алғашқы күннен-ақ құдайға күрес жарияланып, атеистік тәрбие жүргізген мемлекетте туып, оқып, өмір сүріп жатқан болатынбыз. Бұл біздің ұрпақтың пешенесіне жазылған тағдыр болатын.

Атеистік сол заманда да ғарышкерлер ақылға сыймайтын жұмбақ құбылыстарды байқаған. Ғарыштағы ұшып жүрген хрусталь қаланы көрген, адам дауыстары естілген. Ғарыш кемелерімен қатарлас ұшқан «тарелкалар» болған. Ол ол ма, айға бірінші аяқ басқан американдық ғарышкер Армстронг табаны ай топырағына тиісімен азан дауысын естіген. Ұзақ жыл оны ешкімге айтпай, тек Египетке барып, ондағы мешіттен азан шақырылғанда ғана «мына дауысты мен айдан естіп едім» деп мойындаған екен. Айда мешіттегідей азан айтылса, көк жүзінде басқа да өркениетті елдің болғаны ғой. Олар да ислам дінін ұстанған ғой. Сейтіп Алла өзінің бар екенін, жалғыз екенін білдіріп тұрған. Бірақ оны сезінетін сана қайда десеңізші.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп жазды бір ғасыр бұрын Абай атамыз. Ешкімге көрінбесе де Алла тағала өзінің бар екенін әрқилы табиғат құбылыстары арқылы білдіріп тұратыны біздің заманымызда да байқалып жүр. Оған соңғы жылдары әлемде болып жатқан ғаламат апаттар да, сондағы ақылға сыймайтын айғақтар да куә.

Көзілдір экран арқылы барша қазақстандықтар да дүниежүзі елдеріндегі жаңалықтармен танысып отырады. Соңғы жылдарда табиғи апаттардың тым жиілеп кеткені аян. Оны баспасөзде әркім әрқилы атайды. «Табиғаттың тосын мінезі» дейді. Мінезін қайдам, табиғатта заңдылық бар. Құдіреттің тылсым күші бар. Сондықтан да апат ешқашан айтып келмейді. Өйткені апат – Алладан. Әлемдік баспасөзде алапат табиғат апаты кезінде адам сенгісіз құбылыстар болғаны көп жазылды. Оны ешбір ұғымға сыйдыра да алмайсың. Сенбеске тағы лаж жоқ. Соның біразын атап өтейікші.

Мәселен 1999 жылғы 17 тамызда Түркияда Измир қаласында жер сілкінді. Рихтер бағанасы бойынша 9-10 балл тіркелді. Апаттан мыңдаған адам опат болып, мыңдаған адам ауыр жарақат алды, 500 адам баспанасыз қалып, 120 мың ғимарат жөндеуге жарамсыз деп танылды. Шығынның 25 миллиард доллар болғаны ресми дерек ретінде баспасөзде жарияланды.

Алайда бұл күшті жер сілкінісі сол қаладағы мешіт пен медресеге ешқандай зиян келтірмеген. Солай.

2004 жылғы 26 желтоқсанда цунами Индонезияның Суматра аралындағы елдерді күл-талқан етеді. Бұрын-соңды дәл мұндай ірі апат болмаған екен. Өйткені Үнді мұхиты маңайындағы мемлекеттер 300 мыңдай адамынан айрылыпты. БҰҰ сарапшыларының мәліметі бойынша «Бұл адамзат тарихындағы соңғы бір ғасырдағы ең ірі табиғи апат» екен. Сондай сұмдық цунамиден ондаған мешіт дін аман қалды дегенге сенесіз бе? Сеніңіз, шындықтың аты шындық. Өйткені олардың мұнаралары да майыспапты.

«Алланың ашуы мешіттерді айналып өтті. Тәкаппарлығымыз бен сарандығымыз үшін Жаратушы бізді осылай жазалады» деп жазылты апатты көзімен көрген Мухлис Қайран деген азамат. Ал жергілікті мешіттің бас имамы Тиен Као Али: «Цунамиден қашқан 100 адам мешітке тығылып жан сақтады. Апаттан аман қалған 10 мешіттің бірі ағаштан салынған еді» – дейді. Көз көргендердің айтуынша, тек мешіт қана құламай аман қалған. Оның айналасы жермен-жексен болған екен. Міне, байқадыңыз ба, Алланың құдіреті қандай екен.

Енді Қызылағашта 2010 жылғы 12 наурызда түнде болған су апатына келейік. Ақсу ауданы Қызылағаш ауылының іргесіндегі су қоймасы арнасынан асып, тоғанды қиратады. Екі сағатта төмендегі ауылды жайпап өтеді. Қапылыста қалған тұрғындардың айқай-шуы 15 минутта басылған. Ресми дерек 45 адамның опат болғанын мәлімдеді.

Қызылағаш тауынан құлдилаған алапат тасқын су таудың иіні, қолтық тәрізді қыратқа соғылып, бейітке қарай аққан. Тура бейітке жеткенде су екіге жарылып ағып, жолындағы ауылды жермен-жексен еткен. Зират дін аман. (Өлгендердің өздерін қорғай алмайтынын біліп аяушылық танытқандай).

Ауылдың қақ ортасындағы үйлердің түгін қалдырмай, мешіттің ішіне кірген су бір жарым метрге көтерілген. Қабырғасына сызат түскені болмаса, қирамаған. Құран да дін аман (Жаратқан өзіне құлшылық ететін мекенге неге қиянат жасасын). Сол сияқты мектеп үйі де қирамаған (оқушылар да періште ғой), олардың білім ордасын алапат жанап қана өткен. «Құдайсыз құрай да сынбайды» деген мақалдың рас болғаны да. Бұл табиғатқа қатысты көз-келген оқиғада Жаратқанның құзыры бар екені тағы да өз елімізде, өз жерімізде айғақталды деген сөз.

Айғаққа жүгінсек, биыл Алла тағала қыс бойы ашықтан-ашық нышан берді ғой. Табиғаттың мың құбылысын еске түсірейікші. Әуелі қыс әзер түсті. Сонан соң екі ай қаратал суық міз бақлай тұрып алды. Одан кейін аяқасты күн жылынып, көктем орнап, жаңбыр жауып, күн күркіреді. Өкінішке қарай, бұған үкімет адамдары тұрмақ, ауа райын зерттейтін мекеме де, төтенше жағдайларды бақылайтын құзырлы орындардың басшылары да, қосшылары да мән бермеді. Табиғатпен үндесіп өмір сүруден әлдеқашан алшақтап кеткен адамдар Алланың ишарасын түсінуден қалған ғой. Менің қыс бойы табиғат құбылысынан үққаным мынау:

Алла тағала қазақ халқына жер байлығын, суды, жерді, энергияны тегін берген жоқ. Олардың иесі халық пен мемлекет болуға тиіс. Ендеше сол байлықтарды жекешелендірмей, халықтың мүддесін көздейтін мемлекетінің қамқорлығына алсын деп ескерту жасаған деп түйсінемін. Өйткені ерте ме, кеш пе, стратегиялық маңызы бар салаларды өтпелі кезеңде арзан бағаға меншіктеп алғандар тек бас пайдасын ойлап, жөндеуге қаржы қимай, соның салдары күйретуге әкелуі ықтимал ғой.

Құран Кәрімнің Шура сүресінің 30-аятында: «Бастарыңа келген бәле-жала қолдарыңмен істегендеріңнің кесірінен» деп жазылған екен. Қызылағаштағы су апатына кім кінәлі? Су қоймасының қожасы. Облыс басшыларының нұсқауын орындамай, шлюзді ашып, қоймадағы суды уақытылы ағызбай, ақыры апатты жағдай туғызды. Әрине, заң бойынша кінәлі адамдар жазасын тартар да. Өкінішке қарай, бақилық болған 45 адам тірілмейді. Мемлекет шеккен зиянның да орны толмайды. «Ертегі ауылы» қысқа мерзімде салынса да апатқа ұшырағандардың жан жарасы ұзақ уақыт жазыла қоймас.

Мен Қызылағаштағы су апатының себеп-салдарына тоқталмаймын. Ол шағын мақаланың міндетіне жатпайды. Көпшілікті мазалаған бір ой бар: Су қоймасы неге биікке, ал ауыл неге ойға салынған екен (бұл бұрынғылардың кателігі ме, әлде қылмысы ма?). Болашақта сол қоймадан су тағы да асып-төгілмесіне кім кепілдік бере алады? Міне, гәп қайда? Сондықтан да су қоймаларының мемлекет қамқорлығына алынуы туралы Үкімет шешімін халық қуана-қуана қабылдады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – апат Алладан болғандықтан да өзіміздің іс-әрекетімізді мемлекетке зиян келтірмейтіндей, халыққа кесір болмайтындай атқарғанымыз жөн болар. «Сыбырлағанды да Құдай естиді» деген нақылды әркім есіне сақтап жүрсе, нұр үстіне нұр жауады.

Мөкен ӨСЕРБАЕВА,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

Байланыс телефондары: (Талдықорғанда) 8(7282) 24-38-16, 27-41-83; (Алматыда) 8(7272) 79-13-37, 79-13-86

АРДАГЕР

2 АЙЫНА ЕКІ РЕТ ШЫҒАТЫН ГАЗЕТ ІШІНДЕГІ ГАЗЕТ

Сейсенбі, 9 қараша, 2010 жыл

Ойтолғам

САНАМЫЗДА СЕРПІЛІС БАР

ойластыратын мәселелер де жоқ емес

Республика Президентінің 1999 жылды «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы» деп жариялауының үлкен өмірлік мәні болды. Олай дейтініміз, ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы болмаса қоғам дамымайды. Бірлік пен сабақтастықтан көз жазып қалған ел, ерте ме, кеш пе, төз-төз болып, тарих сахнасын тастап кетуге мәжбүр болады.

Жетісудың сан ғасырлық тарихы ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының жарқын мысалдарына толы Осы үрдісті қалыптастырып, дамытқан жүздеген, мыңдаған арыстардың есімдерін бүгінде ілтипатпен атаймыз.

Жетісу аймағы ән мен күйдің, жалпы көп салалы өнердің туын тіккен жер. Бұл Дәнеш Рақышевті, айтыстың шаң жуытпас жүйріктері Құлманбет пен Бақтыбайды, қара жорға Үмбетәлі мен бүлбұл апамыз Нұриланы, кәсіпқой композиторлар Мұқан Төлебаев пен Еркегали Рахмадиевті, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушы Әбілхан Қастеевті, дүлдүл ақын Мұқағали Мақатаевты берген күдіретті өңір.

Ауыл шаруашылығы жайында айтатын болсақ, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенов басқарған шаруашылықтан 19 Еңбек Ері шықты. Осынау игі дәстүрді Николай Головацкий, кегендік Жолсейіт Молдасановтар лайықты жалғастырды.

Қазақ қыздарының арасынан шыққан ауылшаруашылық өндірісінің шебер ұйымдастырушысы, белгілі қоғам қайраткері, бұл күнде «Еңбекші» ауылының абыройлы анасы болып отырған Зылиха Тамшыбаеваның еңбек үлгісі ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының алтын қазығы іспеттес.

Ұлттық салт-дәстүрді, тіл мен дінді құрметтеу ең алдымен ата-анаға байланысты. «Ел болам десең – бесігіңді түзе» дегеннің төркіні осында жатыр Бесік жырынан бастап, ертегілермен сусындататын ата-ана бар ма бүгінде? Болса қандай дәрежеде?

Осы жағы босаңсыған сияқты. Қалада оқыған ата-ана бұл орайда көңілден шығып жатқан жоқ. Үйінде өзара орысша сөйлескен әке-шеше балаға ана тілін меңгертіп, ертегілермен, халық ауыз әдебиетімен қалай сусындатпақ?! Мәңгүрттіктің түп негізі де осында жатыр.

Өткеннің бәріне жаппай күйе жағуға болмайды. Бұрынғының жақсысын алып, жаманынан жирене біліп, екі жақтың да тиімділігін ұтымды пайдаланар дәуірде емеспіз бе?

Мемлекеттік тіл әлі өз дәрежесінде деуге қиналамын. Түсінбес бір жайт – мемлекеттік тілді білмеген жан мемлекеттік мекемеде қалай басшы бола алады?! Мейлі, ол орыс, неміс, баска да ұлт өкілі болсын, әлемге Президентіміз әйгілеп, беделін көтеріп отырған қазақ мемлекетінің тілін білуге тиіс емес пе?

Тіліміздің тағдыры – біздің өзіміздің тағдырымыз. Оған салғырт қарау – өзгені емес, өзіңді сыйламау. Тіл мәселесінің байыбына жетіп, түйінін шешу – өз шаруамыз, төл ісіміз. Оны сырттан келіп ешкім шешіп бермейді.

«Еңбек ер атандырады» дейді дана халқымыз. Жаздың әуе айналып жерге түсер ыстық алтабында егінінің төкпей-шашпай жинап алынуы, қысқы мал азығын дайындау ауыл еңбеккерлерінің ерен еңбегінің арқасы десек, артық айтқандық емес.

Ғасырлар бойы төрт түлік мал өсіруді кәсіп еткен қазақ жан мен малдың сауығын қатар тілеген. Мал қашаннан да қазақтың басты байлығы саналған. Халқымыз үшін төрт түлік малдың құны қазір де жоғары. Осыған орай, облысымыздың дәстүрлі саласы – мал шаруашылығында да айтарлықтай серпіліс бар. Малдан алынатын өнімнің сапалы да мол болуына қол жеткізу мақсатында облысымызда мал тұқымын асылдандыру жұмыстары жолға қойылуда.

Тәуелсіздігіміздің нығайып, ел экономикасының өсіп-өркендеуіне облысымыздың тұрғындары да өздерінің лайықты үлестерін қосып келеді. Соңғы жылдары алдағы күнге деген сенім де арта түсуде. Оған өндірістің қай саласының болсын жылдан-жылға кеңейіп, өндірілген өнім мөлшерінің өсіп келе жатқандығы дәлел.

Экономика нығайып, қаржы тапшылығы жойыла бастаған соң бірқатар күрделі мәселелерді шешуге де мүмкіндіктер туды. Қазіргі таңда ауылды өркендетіп, оның жолдарын жөндеп, ауыз су құбырларын жүргізу, ескісін күрделі жөндеуден өткізу мен көшелерге электр жарығын түсіру жұмыстары қарқынды түрде жүргізілуде. Осындай күрделі жұмыстарды іске асырып, жүргізіп жатқан облыс басшылығына айтар алғысымыз мол.

Біз Отанын, елін, жерін сүюдің негізгі белгісі – парасатты, білімді ұрпақ өсіру деп ұғуымыз керек. Ел мен елді, адам мен адамды теңестіретін білім. Осыны терең ойлаған облыс басшылары жаңа мектептер салып, ескірген мектептерді күрделі жөндеуден өткізуге мұрындық болуда. Жас бүлдіршіндерге балабақшалар салынуда.

Ұлылық пен дарқандықтан тамыр тартқан халқымыз білімдінің маңдай жығатынын ежелден-ақ ескерді: «Оқу – білім азығы, білім – ырыс қазығы» деген емес пе?

Мемлекетіміз мықты болу үшін жастарды имандылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеуіміз керек. Имандылыққа қай заманда болсын адамзат өмірінен үлкен орын берілген. Кез келген жеке тұлғаның рухани байлығының негізін иман қалайды. Имансыз ғалым адамзатқа қайғы-қасірет, зұлымдықтан басқа ешнәрсе бермек емес.

Иман деген сөздің мағынасы сенім деген түсінікті білдіреді. Бұл жаратушы Алла тағалаға деген сенім. Имандылық ар-ұятпен тығыз байланысты. «Адамнан ар кетсе, санасынан ұят кетеді» деп бекер айтылмаған. Сондықтан адам тәрбиесіндегі басты құрал – имандылық. Имандылық болмаған жерде қылмыс көбейіп, әсек-өтірік белең алып, тоғышарлық тоғаяды. Адам рухани азғындыққа ұшырайды. Отбасынан береке кетіп, қандай отбасы болса да іріп-шіріп, ыдырайды.

Қазіргі уақытта ұры, қарақшы, адам өлтіруші, әйел зорлаушы, бала ұрлаушы жоқ емес, баршылық. «Ұяты жоқ адам ойына келгенін істейді» деген екен дана бабаларымыз. Сондықтан ұрпақтарымыз ойына келгенін істемес үшін оқу-ағарту жүйесінен иман сабағы түпкілікті орын тапқаны дұрыс болар еді.

Білгенге дін – ең қиын да ізгілікті ілім. Ол философиямен тығыз байланысты, біте қайнасып жатыр. Сол дініміздің терең насихаттап, көңілге имандылық нұрын ұялатып, халқымызға деген сүйіспеншілігімізді арттырайық демекпін. Өйткені имандылық бейбітшілік пен ынтымаққа, ғылым мен білімге, мәдениет пен өркениетке апаратын тура жол.

Қазақта ата-тегі, ата жолы дейтін сөз бар. «Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген даналық та осыдан туындаған. Дәстүр деген ұғым да бар. Осы ұғымдардың тарихи, саяси маңызын дұрыс пайдалана білсек, жастарға рухани тәрбие берудің негіздері содан өрбиді.

Қазақта «Қояңды қамыс, ерді намыс өлтіреді» деген сөз бар. Ендеше намыс пен ардың орны ерекше, намысты, арлы адам тәрбиелеу – маңызды мәселе.

Хат тану, оқу, сәнді киіну – бұл нағыз мәдениеттілік емес, мәдениеттің бір ғана бөлшегі Мәдениеттіліктің тамыры, дәмі – санада.

Тарихи көзбен қарағанда жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу мәселесі қазақ халқында да ұмыт қалмаған. Мысалы, батырлар жыры, батырлық дастандар – халықтың мұддесін, ойын, пікірін жеткізген нағыз патриоттық, бұқаралық шығармалар. Халықтың ғажайып творчестволық маржандары. Бұл жастарды Отанды, халықты сүюге тәрбиелейтін берік іргетас – негіз болып табылады.

Рахман ЖАРЫҚБАЕВ.
АҚШИ АУЫЛЫ,
ІЛЕ АУДАНЫ.

Өнеге

ПАЛУАН АҚЫН

Біздің арамызда еңбегін бұлдап, қадірін асырмай-ақ қарапайым тұлғасымен үлкен-кішінің құрметіне бөленіп жүрген жандар баршылық. Өлбетте, жетпіске келу бар да, қалай келу тағы бар. Жұмабек Қуанышбаев жетпіске онын өмірі мен ерге сүйреген кісілік қалпын бір екшеп алу кімге болса да керек-ақ. Әдетте, адам спортшы болып тумайды, «Спорттың жолы ауыр жол» демекші, оның биігіне тек қажыры мен қайраты бекем, жолай келген қиындыққа мойымайтын бірбеткей жандар ғана шыға алатынын өмір сан мәрте дәлелдеп берді. Ал спорттың сайыскер, үлгілі ұстаз, ақын болудай басқыштардан сүрінбей өткен Жұмабек Қуанышбаевтың еңбек жолы көпке өнеге болары анық.

«Әркімнің туған жері Мысыр шаһары» демекші, адам баласына кендік қаны тамып, кендік бауы кесілген жердің ыстық болатыны анық. Жұмабек ата 1939 жылы Лепсі өзенінің бойындағы Қаражөз деп аталатын ауылда туып, балалық бал шағы мен жалыны жастығын сонда өткізді. Бала кезінде тентектеу болса керек. Ауыл балаларымен жиі-жиі алыса түсіп, күресе жөнелетін ұлының қылығына күле қарайтын Қуанышбай ата: «Балам тұқымымызда палуан адам жоқ. Мұның не?» – деп еркелететін көрінеді. Бірақ, Жұмабектің ер жетіп спорт саласының білгір маманына айналып, қазақша күрестен Қазақ ССР-нің чемпионы атанарын, бір ауданнан 52 спорт шеберін тәрбиелеп, қатарға қосарын аңсеңіз ата ол кезде білген жоқ.

Иә, өмірдің сан алуан бар бала Жұмабектің алғашқы арманы орта мектеп қабырғасында жүргенде-ақ оянды. Мектепаралық күресте талай әріптесінің жауырынын жерге қадап, шаң қаптырып жүрді. Ақмола ауылдағы он жылдықты бітірген соң Алматыдағы денешынықтыру институтының дене тәрбиесі және спорт мамандығына оқуға түседі. Қалаға алғаш келген ауыл баласына мұңдағы оқу басында қиындау тиді. Орыс тілінен бір қиналса, тіг. мәнезінің де пайда-зиянын көп көрді. Бірақ, күрес десе дәпебесі қоза жөнелетін, жүлқысқанын жеңіп шыққан талант таппайтын қайсарлығы талайды сан соқтырып кеткені де бар. Сонымен қатар, қазақша күрестің қадірін асырған Өбілсейіт Айханов сияқты өйгілі палуандармен қатарлас жаттыққаны тәжірибесі мен талантын ұштай түсті. Институт қабырғасына тарыдай болып кіріп, қазақша күрестен Қазақ ССР-нің чемпионы деген таудай атақты арқалап шыққан жас жігіттің бұдан кейінгі тірлігі ауылда өтті. Оп Қаражөз ауылындағы мектепте дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі бола жүріп, ауыл балаларын спортқа жаттықтыра бастады. Әрине, балкер болу оңай емес. Әрбір жас палуанның бабын тауып, тұлпар жаратқандай оның сан қилы әдіс-тәсілне аса мән қойып, палуан жанын зерттеу балкер үшін басты талап. Жұмабек осы талаптың барлық шартын орындай білді. Бір-екі жылдың ішінде ол тәрбиеленген балалар аудандық, облыстық байқауларда қара озып балкерлдің еңбегін көрсете бастады. Тіпті облыстық бірншілікте оның төрт шәкірті облыс чемпионы атанып. Ақтөбеде өтетін республикалық жарысқа жолдама алды. Аядай ауылдың данқын айдай әлемге шығарған мұндай табыстар жыл өткен сайын еселене түсті. Осындай кейін Жұмабек Қуанышбаевтың еңбегі елеулі. Ақсу ауданның спорт мектебине аға жаттықтырушы, ауданның, спорт ұйымының тарағасы болып ауысты. Осы мектепте 25 жыл жаттықтырушы болған кезіндегі табыстары да қомақты болды. Атап айтар болсақ, оның шәкірттері 20 рет облыстық жарыста бірінші орын алса, екі рет екінші, үш рет үшінші орынды иеленді. Бір ауданнан 52 бала денешынықтыру институтына оқуға қабылданды. Әрине, мұны жаза салу оңай-ақ. Алайда, спорт – көпшілікпен көз алдында өтетін шара болғандықтан ол көзболуды көңілге қарауды қаламайды. Сондықтан ербір медаль қан мен тердің бодауында келетіні анық. Ал, оған сіңген жаттықтырушының қажырын есептей берпіз. Сонымен бірге, оның беделі де өсе түсті. Қырыққа жуық аудандық, облыстық, республикалық дәрежедегі дипломи және Алғыс хатпен марапатталғаны жетістігін көрсетсе, бапкерлікпен қоса бала тәрбиелеуді де табандылықпен жалғастыра жүрді. "Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі" төсбелгісі мен «Еңбек ардагері» медалін еншіледі. Саясатқа да араласып, ауданның, мәслихаттың депутаты бола жүріп те көп шаруаның тізгін жатқызды.

Әрине, спортқа берілген адамға отбасындағы жарының түсініктілен қарағаны ең маңызды. Өйткені, айлап алыс сапарға кету, тіпті, үй шаруасына, бала тәрбиесіне қарайтын уақыттың шақпай қалатын кездері болады. Мұндайда «Сен салар да, мен салар" болып жатса, үйдің берекесі, жұмыстың берекеті болмайтыны анық. Жұмабек атамыздың да бүгінгі биікке жетуіне Шариза Бегасбаеванның бай-салды байлатпының үлкен көмек болғаны шындық. Ұзақ жылдар ауыл мектебінде бала тәрбиесімен айналысқан апамыз Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасының иегері, ағa оқытушы, қазір зейнетте. Жұмабек ата «Жарыма әзіл» деген өленінде:

Отбасының береке нұрысы да
Өзіңсің.
Үстал бізді үнсінда
Үйдің сенсіз сәні жоқ.
Өзіңе аян.
Қай зат тұрар қай бөлме қуысында. – деп жазыпты. Осындай жарасымды отбасыдан шыққан балалар өкесінің жолын құып, үлкен ұлы Қайрат Алматыдағы денешынықтыру институтын, екінші ұлы Қайырхан мен кенжесі Айбат І Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің денешынықтыру факультетін бітіріп, әр салада жұмыс жасап жүрсе де ерін күресіп айналысады. Міне, бұл жанұяны тәрт бірдей палуан шыққан «Палуандар отбасы» деуге лайық.

Жұмабек Қуанышбаевтың тағы бір қыры – ақындығы. Барлап қарасақ, қаламын қолынан тастамай жүріп жазған өлеңдері «Жайдарман», «Мөлдір бастаулар», «Шабыт», «Құрыңдасым, қарындасым», «Жетіқұдық жаңа әуендері», «Жетісу жырлайды» сияқты альманахтарда жарық көріп, оқырманның сүйіншіне бөленсе, «Ақсу жырлап ағады», «Сұлулық, саған қасықпын», «Қыран қимға самғайды», «Тағдыр арнасы», «Ақсу мұсіні», «Тұғыр» қатарлы жыр жинақтарын баспадан шығарды.

Әрине, ақын болу – өленді төпелеп жазу дегенді білдірмейді. Оқысаң, ойлауы байытып, жан сарайыңды аша түсетін Жұмабек Қуанышбаев поэзиясының тақырыбын төрт топқа жіктеуге болады. Бірінші, далаға деген терең махаббат. Енді бірі – ғашықтық сезім. Бәлкім ақын да осы ұлы сағыныштан аулақ, қала алмаған. Қай жинағын ашып қарасаң да ғашықтыққа деген сағыну, зарығу, табыну сезім өрнектелген өлеңдер жеткілікті. Бірақ, автор оны кейде түнеріп, қара нәсер болып құйын кететін, кейде жадырап ашылатын бұлтқа теңеп, өз көкейінен мәңгі ешпей жүрген ғашық сезімді ғаламат оймен түлғалайды. Осылай жаза, көрсете алмаса ақын бола ма?

Тағы бір шоқтығы биік тақырып – ауыл келбеті. Мұнда автор ауылдың жұсаны мен жұдығын, ауасы мен алтабын жырлап жатпайды. Ауыл адамдарының, ондағы қарым-қатынастың, ауылға тән ізет пен құрмет, сағыныш пен күйініш, махаббат пен парасат тілге алынып, оның үлкен философиялық мәні мен мағынасын ашып береді. Иә, "жалғыз шәуіп бәйге алмас" ақын өзінің барлық ақындық өнерін ата буынмен үндестіре жырлайды. Жыр дүлдүл бақтыбай, ақиық ақын Мұқағалиды пір тұтады. Олар жайлы естіген кесімді пікірлерді үлгі етеді Бұл туралы кемел ойлары 2006 жылы жарық көрген «Тұғыр» атты өлеңдер жинағына топтастырған. Свет Оразәевтың оны «Палуан ақын» деп бағалағаны шындамасын ақтарған.

Бір басына ақындықты, саясаткерлікті, палуандықты сыйдырған өрлігі мен өнегесі мол Жұмабек Қуанышбаев 1996 жылы Талдықорған қаласындағы Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы №18 орта мектеп-лицейінде алғашқы әскери дайындық пәнінен сабақ бере жүріп, 2002 жылы зейнеткерлікке шығады. Бір қуанарлығы, қартайдым деп қайсыбіреулерше ұзатқақтап жатпай, жас ұрпаққа білгенімді үйретсем, ұлағат сөзімсем деп жар құлағы жастыққа тимей жүрген атаның құлпынымсыз қарттарымызға үлгі боларлық. Біз тек жетпісімізде желдей есіп, сексенімізде сеңгірлеп шығыңыз деген ақ тілегімізді айтамыз.

Қажет АНДАС.



Күдіретке қараңыз,
Қала жаққа көшіп қыр,
Көшеде көп арбаған
Қос қызғалдақ өсіп тұр.

Фотоөнерпаз суретке Ж. МҰСАБЕКОВ.

Тілбұзарлыққа – тосқауыл

Дұрысы қайсы, бұрысы қайсы?

Елді мекендерлегі айшықты билбордтар өткен-кеткен жолаушының назарын аударады. Ел ексесін көтеретін, жұрт жетістігін жариялайтын үгандарға, мазмұнды да байыпты көрнекіліктерге көз қуанады. Кейде орын таппай тұрған нақылдар, қанатты сөздер қабағыңызға кірбің түсіреді.

Ақсу ауданынан шығысқа қарай шыға берісте көшені көлденеңдеп көрнекті әріптермен «Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмылып жұмыс істейік» деген ұранның жалыпағына бірнеше уақыт өтті. Кімнің сөзі, қандай дауыл ауызды шыққан деген сауал осы сөйлемдегі езілуіне келгенде еріксіз көмейіне іркіледі екен. Бағамдап, байыптап қарасақ бұл Бауыржан Момышұлының өткен ғасырдың ортасында қағазға түскен «Ел дегенде еміренің, жұрт дегенде жұмылып жұмыс істейік» деген бағыға бағытталған ұлағатты сөз көрінеді.

Мәні өзгерген бір сөз осы ұранды көрнекілікке телігенмен пейілге нұқсан келтіріп тұр. Абай бозайықшы...

Жомарт ИГІМАН,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Қарттарым, аман-сау жүрші

Өмірдің өзі шыңдаған

Ноян әже туралы үзік сыр

Ноян әжеге өмір тек арпалыстан, жанталаса әрекеттенуден, өндіре іс істеп, бірдеме тындырудан ғана тұратындай көрінеді. «Өмір дегеніміз – күрес» деген тұжырым өмірдің өзінен алынған оның қысқа да нұсқа сипаттамасы. Уақыт тез өтеді.

Адамның іс-әрекеті де уақытпен үйлесімді қимыл-қозғалыста болуы шарт.

Адамды несібесінен қағатын кесапаттың бірі – арқаны кеңге салу, жайбарақаттық болса, бергейін – жалқаулық. Қандай жұмысқа кіріссең де шынайы көңілмен, бар ынта-ықыласыңды сала істе. Тындырған ісіңде, жасаған бүйымыңда өз қолтаңбың таңбасы қалатындай болсын. Әженің өмір жайлы ой-толғамдары осындай.

*Ноян әжеге өмірдің үйреткені көп. Жетінші сыныпта оқып жүргенде соғыс басталады. Шаруасын қамдап, тыныш жатқан ауылдың өмір ағысы басқа арнаға бұрылып, қалыпты тіршіліктің астан-кестеңі шығады. Ел ішінде қарбалас басталады. Ағасы, өкесі, ауылдастары бірнен соң бірі соғысқа кетіп жатты. Олардың қайта оралып, жақындарымен қайта қауышары екіталай. Айналасы – ызы-шу, жылау-сықтау, зарлау-жоқтау. Халық басына төнген қасірет елде қалған жасты да, жасамысты да ширықтырып атқа қондырды. Солардың қатарында жас қыз Ноян да бар еді Қабырғасы қатып, бұғанасы бекімеген он төрт жасар Ноян отбасын асырау үшін оқуын тастап, кеңшар жұмысына араласады. "Сол ауыр бейнеттен жүрежүре біте қайнасып, жұмыссыз тұра алмайтын дағды қалыптастырдым" – дейді әже. «Қолым тимеген кәсіп, ай, қалмаған шығар. Таудан қарағай да жықтым, шөп те шаптым, мал да тұрғыздым, астық та сапырдым, есепші де, сатушы да болдым. Сауыншы болмағанын. Одан басқаның бәрін де істедім». Жасқануды білмейтін әжет, жабырқауды сүймейтін қайсар қыз естігенін көкірегіне түйіп алатын, естігенін есінде ұзақ сақтайтын зерделі де еді. Егер қолына кітап түсе қалса, шаршағанын да ұмытып, майшамның жарығымен түнеуі бір уағына дейін оқитын. "Әттең, қандыбалақ соғыс басталып кетпегенде оқу соңына түсерім анық еді. Тағдырына адам төуелді деп ойламаптын», – дейді Ноян ана қынжыла отырып. Тындырымдылығымен жарқырай көрінген жас қыз қай салада жүрсе де көш басынан көрінетін. Өзіне сенімсіз, іскі өнімсіз кей жандарды көргенде: «Түк бітірмей қалай жүре алады осы адам», – деп іштей солардың немқұрайлылығына табылып, қас-қабағына қарап, балаша мәпелеп күтіп-бағуын Ноян ана қатарынан бірнеше жыл бойы жалғастырады. Жақсы күтімнің нәтижесінде қатарға қосылған отағасы үзілген кәсібімен шұғылдануға мүмкіндік алады.

Нүсіпов Байжұма ағa мен Ноян апа дүниеге он бала келтіріп, оның жетеуін аман-есен өсіріп, тәрбиелеп, оқытты. Бүгінде үл-қыздарының бәрі жоғары білімді әр салада абыройлы еңбек етуде. Түңғыштары Шолпан Алматы қаласы, Жетісу ауданының жұмысшы-пен қамту және әлеуметтік салалар бөлімінің бастығы Бейбітжан – ұстаз, Айман – кітапханашы, зәңгерлік, малдәрігерлік екі дипломды. Алғадай Балекөсз ауылының әкімі. Есенғазының мамандығы – зәңгер, қазір кәсіпкерлік салада. Шамшиден – мұғалім. Политехникалық университетті, Қонаев атындағы зәң институтын және есептілік колледжді тамамдаған Роза қазір салық комитетінің қызметкері.

Шолпан айтады: «балалардың мектепте жақсы оқуына тәкелей әсер еткен анамыз. Бала тәрбиесіне баса назар аударып, қатты көңіл бөлетін. «Жақсы оқып, тәрбиелі болғандарың – ата-аналарының мәртебесін көтергендерің» – деп ескертіп отыратын. Сондай-ақ, талап қойғыш, қатал болды Бәрінің сынып жетекшілеремен тығыз байланыс жасауды да есімнен шығармайтын. Айта берсек, Ноян әженің кейінгі қыз-келіншектерге үлгі-өнеге болартық ерекшеліктері көп-ақ. Еңбекпен есейген біртуар асыл ана, отағасының адал қосағы, балаларының ақ сүт беріп аяпаған анасы, үйдің алтын діңгегі, отбасының берекесі, үйытқысы болған Ноян ана биыл 85 жасқа толып отыр. Әдем сақталған кесон-келбетіне қарап әжені 85-те деп ойламайсың. Бет-бейнесі қазір көп өзгеріске ұшырай қоймаса, ақыл-ойы да кемкеген. Зеректігі есте сақтауы, ойының тұмықтығы баз-баяғысында!

Бір сөз 2001 жылы 80 жасында дүниеден озған өмірлік қосағының артықшылықтарын, ерен қасиеттерін есіне алады. "Табиғатынан жүрегі жұмсақ, мейірімді, балажан еді ғой Байжұма Балаларының басынан құс ұшырмай



Көңіл тереzесі

Жерге түкіру – мәдениетсіздік

Германия еліне көшкен қандастардың бірі: «Осы немістер қала тазалауды біледі, ә», – дегенінде, екіншісі: «Жоқ, олар тазалауды емес, көрісінше, ластамауды жақсы үйренген», – деді. Ал біздер тазалап кеткен жерді қайта ластаудан жалыққан емеспіз. Жыл он екі ай бойы көше тазалаушылардың еңбегін елемей, бағаламай келетініміз де өкінішті. Жазғы аптап ыстығына, қыстың аязды күндеріне, күзгі жауын-шашынына қарамайтын олардың бұл ісіне алғыс айтар жан қайсы? Таразылай келгенде, қала көркіне көрік қосу тек көше тазалаушыларына керек сияқты. Сыныртан жерін күніне үш мәрте тазалау, бұл дегеніміз үйінді үш қайта жинағанмен пара-пар. Тазалық тәбалырықтан басталады. Алайда, үйден шыға бере оның сақталынбайтыны неліктен?

Сыртқа бақылап, бағдарламаныздың ербір екінші адам шекіне төменнің тұқылын қақыс сапатын жақынс емес, тұрған жерине тастай салып кете баратыны, соп секілді шемішке шаққандар да қабығын ер түсқа бір шашып жүретін әдетке айналдырса, жастардың дені отырған жерине түпре салуға құмар-ақ. Көшедегі орындықтарға жайғасып отыру мүмкін емес. Себебі жерде тұқырттерден жүрегіз айнып, құсқыңыз келеді. Әдетте жастар бұл істерін әбестік көрмейді де. Керісінше, жарысып тұқыретіндіктерін айтсаңызшы. Бұл көрініс жақынның қарағанда құдды бір жарыс өткізіп жатқандай. Ал енді жанына барып айтсаңыз, сезіңізді елемейді де кейбірі кеуделеріп кеп, «маған не істейсің» дегендей кейіп те танытып жатады. Осы бір көріністі күнделікті көз сүзгісімен өткізіп жүрген аупа сыпырушы апай өз ойын төмендегіше жеткізді:

– Аупада шашылған қақыстарды жинау күнделікті жұмысым. Сондықтан ерінбей тазалаймын. Шынымды айтсам, жанымда батарыны – жастардың жерге шырт-шырт түкіретіні. Кейде осы бір тұқыртердің жанбыр жауғандай есерде қаласың. Олардың өзі бұпай ойламас, бірақ, сол жеткіншектер өз анасының бетіне түкіріп жатқандай көріністі көз алдыма елестетеді. Жер-Ананың қанарына қалып жұмсесек болғаны деймін іштей. Осы жерді тазалаушы ретінде ескерту жасасақ, дұрыс ете қаламыз. Сол сәтте «бұл балаларды ата-анасы қалай тәрбиелеген» деп ойлайсың. Аупада қаншама бүлдіршін ойнайды, жерге отырады. Ең құрығанда солардың обалына қалмайын деп ойлау керек қой. Меніңше, олар көпшілік орында өзін қалай ұстау керектігінен, қалының көрене нұқсан келтірмеу, тазалық, сақтау мәселесінен бейхабар болып көрінеді. Айтпағым, тұрғындар арасында үгіт-насихат жұмыстары жүргізілсе

Тазалыққа қарап елдің дамуы мен адамдардың тұрмыс жағдайын, қалай өндіргенін, бойындағы патриотизмнін танып-білуге болады. Ал отырған жерін қоқысқа айналдыру мәдениеттің жоқтығын білдіреді. Облыс орталығы болғалы Талдықорған қаласының көркіне көрік қосып, шырқтап кеткен рас. Алайда, бұрын-сонды тазалығы көңілге медеу көрнетін көшелердің бүгінгі көрінісін көргенде, жүрегің сыздап сала береді-ақ. Соңғы кездері орталық көшелерден жол жиегі қоқыстан көз ашпайтын болды. Жол жиектерінде шашылған пластмас бөтелке мен күнделікті тұрмыстық қалдық, толы пакеттерді сол манда тұрып жатқандардың көзі көріп жүргенмен, еш алаңсыз болуына не дерсіз?! Бүгінгі көргенмез ертең болмас дегем оймен сол жерге қайта алып басқанымызда қоқыс толы қытай дорбасын тістелеген иттерді де кезмез көрді.

Сырт емес, орталық көшелеріміз қоқыстан көз аша алмай жатқанына не себеп? Бұл істе өншейінде қоқыс үшін ақша төлемейсіндер деп зар илейтін патер иленушілер кооперативінің төрайымдары қайда қарап отыр? Әлде олардың бұл мәселеге бас ауыртқысы келмей ме? Напақасын көше тазалаумен тауып жүрген келіншек те қаланың қоқыстан көз аша алмай қалғандығын айтып өпек.

– Тазаланған жерне үш қайталап келсең де қоқыс жатады. Мұның бәрі тұрғындардың тазалыққа баса мән бермеуінің салдары деп ойлаймын. Тазалықты сақтауда қатаң шара қолдану керектігі Алматы қаласының өкім секілді біздің де қала өкім осы бір іске баса мән берсе, құба-құп болар еді. Егер қала көшелерін ластаушыларға айыппұл төлетіп, ескерту берілп жатса көркті қаламыздың көркін қашырып жүргендер қатары сейілер еді – дейді ол.



ТҮЙІН ОРНЫНА: «Бүгін де балалар ойнайтын алаң бөтелке мен темекінің тұқылынан аяқ алып жүргісіз. Ішсе, шекке бұдан басқа жер таппай қалғандай-ақ. Тура балалар ойнайтын жерді ластап несі бар еді?» – деген назын айтып болмайынша, әлгі көліншектің баласы жерде жатқан темекі тұқылын лезде ауызына апарып үлгерді. Ана бірі босаған бөтелкеге құм салып ойнауда. Ал орындықта отырған жастар ішегі қатқанша күліп, жерге шырт-шырт түкіруде. Бұл – балалар алаңындағы күнделікті көрініс. Мұны жай ғана көрініс деп қабылдағанмен, арты қорқынышы пен үрейге әкеп тірейді. Мұны үдетіп алмас үшін қала тазалығына деген қатаң талап пен қадағалауды тез арада қолға алса. Тазалық – денсаулық кепілі

Сәрби ӘЙТЕНОВА.

◈ *Нарық пен парық*

ШОҚТЫҒЫ биік мереке

Қазақтың XX ғасырдағы ұрпақтары бақытты. Бұл ұрпақ бабалар аңсап өткен, жете алмаған тәуелсіздікті көзбен көрді. Қолмен ұстады. Оның мерейлі күндерінің қуанышына бөленді. Сондықтан, тәуелсіздіктің нарқы мен парқын өр ағайын шын жүректен сезініп, оның нығаюына жан-тәнімен қызмет етуге тиісті.



Талғат ТЕМЕНОВ, Г. Мүсірепов атындағы мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрының директоры.

Өмірде арманына жеткен адам қандай болады? Біз де сол секілдіміз. Толқып, тебіреніп шабытқа шабыт қосып, арқалануға қақымыз бар.

Тәуелсіздіктің құны өшнәрсемен өлшенбейді. Оның қасында қалған мәселелер – түйіні шешілетін ұсақ шаруа. Замандар бойы ұстатпай келген бақыт құсын тағдыр біздің шаңырағымызға қондырды. Алаштың баласы түгел болып, оны аялауға міндеттіміз. Кейде тәуелсіздік – Кеңестер Одағының тарап кетуі себебінен оңоңай орындалған шаруа болып көрінеді. Сыртқы сипаты солай болғанымен, ішкі мәні мүлдем басқаша. Өйткені, тәуелсіздікке жету жолында сандаған қазақ ұрпағының бірін-бірі толықтырған күрескерлік қайраттары жатыр.

Төгілген қан да, бастан кешірген азаптар да, басқа кедергілер де алысқа көз салған ата-бабалардың мақсат-мұраттарын тежей алмады. Олар жаңылса да сапын сындырмады. Үміттерін үзбеді. Осындай намыстың дәстүрді кейінгілерге мирас етті. Сондықтан тегінде бар намыстылықты неге тереңдетпейміз?!

Намыстылық тәрбиесін жүректерге сіңіру үшін тәуелсіздік мерекесін пайдаланудың мәні зор. Бұл күннің саяси астарын ғана қаузамай, ұлттық қасиетін болмысымызға түгелімен дарыту керек. Әрбір отбасындағы әр дастарқан тәуелсіздік дейтін қуанышқа жайылсын. Бала-шағамен бірге отырып, егемендік туралы ғибраттар айтылса ғанибет емес пе. Қаладан да, далада да ұлттық сипатқа тән мерекелік шаттықты көрсек екен деймін. Өйткені, тәуелсіздікті сүйе алған жан – ұлтын сүйеді.

2010 ЖЫЛ

Қазақстан – 2010 жылы бұрынғы КСРО республикаларының ішінен ЕҚЫҰ төрағалығы лауазымын иеленген тұңғыш ел болды.

1-2 желтоқсан. Елордамыз Астана қаласында әлем назарын өзіне аударған, 1999 жылдан бері отпеген Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммиті өтті.

◈ *Толғаныс*

Келер жылы тәуелсіздігіміздің 20 жылдығын тойлағалы отырған Қазақстанда биыл болған ең маңызды жаңалықтардың бірі әрі бірегейі – желтоқсанның алғашқы күндері арада 11 жыл салып шақырылған Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымы саммитінің Астанада өткізілгендігі. Бұл күндері төртқұл дүниенің төрт бұрышы түгелімен Қазақ мемлекетінің Елордасына көз тігіп, құлақ түріп отырды. Осылайша елдігімізді әлемге тағы бір мәрте паш етіп, мәртебемізді тағы да асқақтатқан шаранатты шара еліміздің тұрғындарын қарт құрлықтың – Еуропаның демократиялық құндылықтарына қанықтырып қана қоймай, ежелден Шығысқа, оның ішінде қазақ даласына қызыға әрі қызғана көз тігіп келген батысты Қазақстанның таңғажайып тарихы, мәйекті мәдениетімен кеңінен таныстырды.

МЕМЛЕКЕТ МӘРТЕБЕСІ асқақтай береді


ЕҚЫҰ саммитінің осы ұйымға мүше басқа мемлекеттермен бірге дәл бізбен еліміз иелігіне өзіндік маңызы да аса үлкен болды. Мәртебелі форумды жоғары деңгейде өткізу үшін қазақстандықтардың басым бөлігі өздерінің білектіліктері мен білімдерін көтерді. Бұл жайында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев: « Біз жан-жақты әрі дұрыстап дайындалып, саммитті жоғары деңгейде қарсы алып, жақсылап өткізуге тиістіміз», – деп айрықша атап көрсеткен еді. Мемлекеттік қызмет салалары мен тағы да басқа құрылымдар Елбасы сөзін шақты түрде іс жүзіне асырды. Оны көпшілікпен көріп, әлемнің әр қиырынан келген мемлекет басшыларының, мүйізі қарағайдай саясаткерлер мен сарапшылардың Қазақстан мен оның ЕҚЫҰ төрағасы ретіндегі мәртебесі туралы тұжырымды әрі толғамды толғаныстарын тебіренe отырып тыңдадық. Кеудемізді мақтаныш сезімі кернеп, осы саммит негізінде қабылданған Астана декларациясының аткарар міндеті айшықты боларына, еліміз болашағының жарқындығына катысты сеніміміз барынша бекі түсті. Саммит өтті, ал оны ұйымдастыру және өткізу мақсатында жинақталған тәжірибе мен дағдылар елде қалды және Қазақстанның одан ары дамуы үшін тиімділікпен пайдаланыла бермек.

Жалпы біздің еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізісімен дербес мемлекеттің дамуы жолындағы барлық шараларды жүзеге асыруға белсенді түрде кірісіп, барлық салада реформалар жүргізді. Мемлекет пен онда тұратын азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын кәмтамасыз етуге бағытталған құқықтық реформалардың алдын ала белгіленген кадамдары әлі күнге рет-ретімен орындалуда. Осыдан бірақ ғана бұрын Елбасы Жарлығымен Үкіметке құқықтық реформаны одан ары жалғастыру, құқық қорғау органдарының бір-бірінің міндетін қайталауын болдырмауды қамтамасыз ету міндеттелді. Үкіметен бастау алған мемлекеттік қызмет салалары мен құқық қорғау органдары мен сот жүйесін шұғылдап отырып, олардағы әрбір қызметкердің кәсіби біліктілігін арттыруға талапты күшейту бүгінде жергілікті жерлерде де жарасымды жалғасын тауып отыр.

Мемлекетіміздің басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнайтын жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында елімздің әл-ауқатының жақсарып, халқымыздың бақуатты тұрмысын кәмтамасыз етудегі басты талаптар мен міндеттердің қатарында қызметтің кез келген түріне қатысты ымырасыз көзқарасты қалыптастыруға, әсіресе, қоғамымыздағы кәртәртіпке құбылыстардың бірі болып саналатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы, батыл әрі ымырасыз үстанымда болуды жүктеп келеді. Сонымен бірге, халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімін арттырудың маңызы аса зорлығын да ескертеді. Алға қойылып отырған талаптардың орындалуына бірінші кезекте жауаптылар арасында сот органдары да бар екені айтпаса да түсінікті. Осы орайда сот жүйесіндегілердің жаңа талап үдесінен шығу жолында жан-жақты ізденісті істерді жүзеге асыруға кіріскенін айтқым келеді. Мемлекетіміздің мерейін асыру жолдағы қадамдарды алдағы кезде де жалғастыра бермекпіз.

Гүлжазира САДАБАЕВА,
Көкшетау қаласындық сотының судьясы.

◈ *Рух*



Арқаланып дүбірлеткен айтыс

Астанада айтыс өтті. Арадағы екі жыл үзіліске кейін қазақтың төл өнері ортамызға қайта оралды. Көктемде жылы жамққа бет бұрған жыл құсындай салынып ала келді көрімізге. Бұған дейін сөз сайысы дүбірлі дода неге тоқтап қалды? Бұлара себебін сан-сақа жорыды. Бірақ, қазақ бар жерде, осы жердің иесі болған ұлт барда бекзат өнер бейқам қалмайды екен. Республикамыздың түкпір-түкпірінен ауызмен құс тістеген, шашасына шаң жұқтырмас дүлдүлдер қатысты. Арқаның төрінен үшқан айтыстың ақ құсы алып далаларымызды ән-сәтте-ақ аралап шықты. Бодандықтың бұғауын бұзып, бостандықтың босағасынан ерлік аттағанда қарсы алған ұлық мерекенің – Тәуелсіздік күні.

Осы бір қасиетті күнімізді құрметпен, анығын айтқанда, желтоқсанның 11-12-13 күндер аралығында Елордамыздың төріндегі «Конгрес-Холл» концерт залында үш күн бойы рух жырының асқақтаған күні болды. Жағымды жаңалыққа балайық, бір кездері жекелеген меценаттардың демеушілігімен ғана өтетін айтысты мемлекет өз қарауына алды. Сөйтті де бұл жолғы жыр додасына «Самұрық-қазына» ал-ауқат қоры демеушілік жасады. Сонымен бірге, мемлекет назарына алғанының тағы бір нышаны деп түйдік, айтысқа Мемлекеттік хатшы - Сыртқы істер министрі Қанат Саудабаев арнайы ат басын бұрып, айтыс сайыскырандарының өнерін тамашалады. Үш күнге созылған айтыстың қорытындысы бойынша бас жүлде Арқаның ақтаңгері Аманқол Өтпаевқа, бірінші орын Астананың аруы Айнұр Тұрсынбаеваға, екінші орын шымкенттік Бекарыс Шойбековке бұйырды. Ал жүлделі үшінші орынға тігілген "темір тұлпардың" кілті Жетісудың жас жүйрігі, облысымыздың намысын қорғаған тарланбоз Жандарбек Бүлғақовтың қанжығасына байланды.

Ұлтымыздың ұлы мұратына айналған Тәуелсіздік мерекесіне орайластырып өткізілген айтыста Жетісудың жалауын көтерген Жандарбекке асыл жырымнен Алашымның рухын асқақтата бер деген ақ жарма тілегімізді арнаймыз.

Жүгіргенде сүрінбе, жүйрігім!

«ЖЕТІСУЛЫҚТАР».

◈ *Жыр шашу*

Жанарда от жанған күн

Өтті қанша жылдар жылжып,
Атты қанша таң күлп.
Құлағынан бір кетпейді,
Сол кездегі жаңғырық
Жігеріне жалын беріп, жанарға от жандырып,
Бүкіл қазақ баласының арманы мен үміті,
Біздің қайсар ғасырда тек тыныс тапты мәңгілік.

Қазақ болып тарихта қаншама рет қан кештік,
Қаншама рет қан жыладық,
Зарға толы әнді естіп.
Шұбырынды заман өтті, "Елім-айлап" шетке астық,
"Желтоқсанның ызғарында" жанарларда қалды өштік.
Бәріне де тәубе, тәнір, тәуелсіз ел атандық,
Енді сені жау алмайды,
Дау алмайды жанкешті ұлт.

Елдің ырыс-берекесі пейіліме ғажабы,
Бүгінгі ұрпақ өз тарихын басқа жолмен жазады.
Қыран құсты көк байраққа қондырып-ап баппенен,
Қазақ елі болашаққа қадам басып барады.
Жаңа Астана ірге жайып Сарыарқаның төсіне,
Бүкіл әлем қызыға да қызғана да қарады.

Шындық солай үйлеседі қарауына таңдана,
Он-ақ жылда бой түзеді, сәулеті асқақ маң қала.
Бізге қарап бойын түзеп, ойланатын кез жетті,
Иегінің астыменен қарағандар паңдана.
Батылдығы, батырлығы қазақ деген халықтың,
Деп білген жөн мұның өзін әрбір адам, әр бала.

Ынтымақтың туын тігіп жатқаннан соң ел іші,
Күн-күн сайын шалқып-тасып келе жатыр өрісі.
Бұл, әрине, тектен тегін бола салған іс емес,
Текті әулеттің тегі болған тектіліктің белгісі.
Иә, тәубе, түзеліп көш, төрт құбыла теңелді,
Артта қалып қысым, мазақ, отаршылдар езгісі.
Бірге соғып Астанамен тілегі де жүрегі,
Қазақ елі жаңаша бір бастамамен түледі.
Астананың тағанына бір тал кірпіш қойылса,
Қазақстан тарихы да қалыңдайды бір елі.
Әлі талай биіктерге салары хақ тыңнан жол,
Біздің қайсар қауым менен еңбеккерлер білегі.

Қажет АНДАС.

◈ *Ұсыныс*

Жалпы, қандай мерекені тойласақ та ең алдымен оны неге атап өтеміз деп ойланғанымыз жөн. Ал, Тәуелсіздік күні туралы мың рет толғансақ та артық емес. Тек кернейлетіп, сырнайлатып өте шықсақ, онда мәселенің мәнін тереңнен түсінбегеніміз. Жадағай шаралармен бәрін түгендей салу, жұмыстың ең оңайы. «Атап өттік» деп тиісті хаттамаға белгі соға саламыз. Бұл күннен кім, қандай әсер алды? Міне, басты мәселе осында.



Дос КӨШІМ, саясаткер.

АҚЖОЛДЫҢ БАСТАУЫ

Тәуелсіздік өзінен-өзі келген жоқ. Себеп болмаса, салдар да болмайды. 1986 жылы 17-18 желтоқсанда Алматыдағы қазақ жастары намыстарын қайрап, алдаспандай жарқырап, алаңға шыққанда өмір өзгерер ме еді, әлде өзгермес пе еді? Оның түйінін өздеріңіз де сезіп отырсыздар.

Сол күндері қазақ жастары сұмдық қатерге бас тікті. Түбінің не болатынын білді. Ешнәрсеге ойсыз ұмтылған жоқ. Тіпті олар, күрескерлердің әлемдік тәжірибесіне сүйенді деп те айта аламын. Олай дейтінім, осындай бейбіт шерулер арқылы мемлекеттік саясатты өзгерткен талай оқиғалар болған. Жастар өз істеріне сондай негіздерді басшылыққа алды. Көздегендері – нағыз ұлттық теңдікке қол жеткізудің ақ жолын ашу болатын.

Егер, жастар алаңға арзан етқызумен шықса, онда бастары бірікпей, бір күннің соңына дейін шыдамай, тарап кететін еді. Өрекпіген еріндері басылып қалатын еді. Олай болған жоқ қой. Ертеңінде де дәп бір уәдесіп қойғандай, бәрі кешегі көрініс қайталады. Қойып отырған саяси талаптарына бүкіл қазақтың атынан жауап күтті. Және олар көкірек көзі ашық, білімді жастар еді. Бұған күрескерлік деуден басқа қандай баға бере аласыз?

Сондықтан Тәуелсіздік күнін Желтоқсан құрбандары монументіне бүкілхалық болып, лек-легімен гүл шоқтарын қойып, күрескер жастар рухын құрметтеуден бастаса деймін. Жұртты соған дағдыландырсақ. «Өлі разы болмай, тірі байымайды».

◈ *Үлт ұстанымы*

Қазақтың ниеті ақ, пейілі кең. Бүгінгі тәуелсіздікті жаратқан иеміз ұлтымыздың сол дарқан пейіліне қарай берген сияқты болып көрінеді. Сондықтан оны мақтанышпен сезінуіміз керек. Тәуелсіздік күнін қазақтың ұлылығын сезінудің факторына айналдырсақ деймін. Бұл жерде мақтаныш ету мен мақтанудың ара жігін ажыратып алайық. Мақтаныш – өзін-өзі құрметтеудің сипаты. Ал мақтану, ол – құрғақ даңғойлық.



Есұхан ОБАЕВ, М. Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық Қазақ драма театрының директоры.


ҚАЗАҚТЫҢ ПЕЙІЛІНЕ КЕЛГЕН БАҚЫТ

Біздің өнеріміз, әдебиетіміз қазақ жастарын жігерлі болуға тәрбиелеуге тиісті. Бұлай дегенде, мұңды қозғама, көз жасты көрме деп отырғаным жоқ. Өнердің нәзік қылы арқылы жүректерді дірілдеткен жөн, дірілдете отырып адамның жанын жігерлендірген де жөн. Ең бастысы, тәуелсіз елдің жастарын үміттің көкжиектеріне нық сенімдер арқылы жетелей берсек дегім келеді.

Ол үшін, тәуелсіздікті мақтаныш ететін жігерлі сезімнің дәнін жүректерге молынан егу керек. Бұл – күйректікке қарсы қолданылатын ем. Тәуелсіздік күні осындай тақырыптарда өнер байқаулары, жыр жарыстары толқын-толқын болып өтіп жатса қандай ғанибет. Жігер күшіміз одан сайын тасымай ма?! Тәуелсіздіктің арқасында жеткен ұланғайыр табыстарда әрбір адам өзінің үлесі бар екенін сезінсе, оның жөні бөлек қой. Әсіресе, жастар. Менің де қолымнан бірдеме келеді екен дейтін үміттердің жетегіне ерсе, ең алдымен одан қоғам ұтады деп сеніммен айта аламын. Тәуелсіздік жетістіктерінің жаңа кейіпкерлерін сомдайтын кезеңдер жетті.

Кеше ғана Астанамызда өткен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммитін сондай жетістіктердің бірі деп бағалауымызға болады. Бүкіл дүниежүзінің мемлекет басшылары бұрын-сонды қазақ жеріне жиналып, үлкен басқосуды өткізген емес. Бұл жерде ең алдымен мынаған назар аудару керек – осы халықаралық жиын арқылы әлем халықтары қазақты одан әрі жан-жақты тани түсті деп ойлаймын. Айта берсек, тілге тиек ететін дәлелдеріміз аз емес.

Мақтаныш – халықтың еңбегіне берілетін баға. Мақтану – құрғақ ұран, желсөз. Одан сақ болу керек, мақтанышқа жақ болу керек. 19 жылдың аясында мақтаныш ететін түстарымыз бар ма, әрине, бар. Оны жасаған халық. Айтайын дегенім, мақтаныштың жыршысы атану – ұлттық өнердің бір міндеті.





◈ *Кедендегі қуаныш*

ҚОРҒАСТАҒЫ ҚОНЫСТОЙЫ



Кедендік одақ күшіне енгеннен бері қолға алынып отырған үлкен жұмыстардың бірі – еліміздегі шекаралық кеден мен кедені бекеттерінің жұмысын жаңа талаптарға сай қайта құрып, барынша нығайту. Осы орайда Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы мемлекеттік шекараның Алматы облысы аумағында орналасқан бөлігіндегі халықаралық жүк және жолаушы тасымалы өткелдері болып саналатын «Достық» кедені мен «Қорғас» кеден бекетінде нақты шаралар қолға алынуда. Мәселен, «Қорғас» кедені бекетіне еліміздің солтүстігіндегі кедендерде қызмет еткен білікті кеденшілердің біразы ауысыпты. Тәуелсіздік мерекесі мен ҚР Кеден қызметінің құрылған күні қарсаңында осы кеден бекетінде кеденшілерге арналған екі бірдей үш қабатты көп пәтерлі, тұрмыстық қолайлылықтардың барлығы қарастырылған үй пайдалануға берілді.

Болат АБАҒАП,
"Жетісу"

Кеден бекетінің жанындағы Қорғас ауылында салынған әрқайсы 18 пәтерлі екі үйден пәтер алғандардың қуанышын бөлісуге келгендер арасында Алматы облысы бойынша кедендік бақылау департаментінің басшылары мен Панфилов аудандық әкімдігінің және мердігер құрылысшылардың өкілдері болды. Дербес жылу қазандығы мен жүйесі және электр қуаты болмай қалған жағдайда жарықпен қамтамасыз етуге арналған жеке дизельдік қондырғысы, үсті жабық автотұрағы мен балалардың ойын алаңы бар аттаптырым аулаға сап түзеген кеденшілер алдында бірінші болып сөз алған Алматы облысы бойынша кедендік бақылау департаментінің басшысы Құрманбек Артықбаев:

– Өздеріңіз білетіндей, еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі қызметтердің бірі болып саналатын кеден комитетінің мемлекет қазынасы қосып отырған үлесі аса қомақты. Біздің департаментіміздің өзі үстіміздегі жылдың болжамды жоспарын қазірдің өзінде 102 пайызға орындап отыр. Бюджет қаржыныңың бүйірі әркашан тоқ болуы жолында атқарып отырған міндеттері аса салмақты әрі жауапты болып табылатын кеден қызметінің ішіндегі шекаралық кеден бекеттерінідегілердің жауапкершілігі басқаларға қарағанда екі есеге жоғары десем ешкім жалған айттың дей қоймас. Биылдан бастап іске кіріскен Кедендік одақ жаңа талаптар жүктеп отыр. Бұл бірінші кезекте шекаралық кеден жұмысына катысты. Осыған орай кеденшілерге қызметтік және тұрмыстық жағдай жасауға кірістік. Желтоқсандағы үлкен мерекелер қарсаңында болып отырған бүтінгі коныстойы осы бағытта атқарылған жұмыстың нәтижесі десек те болады, – деді. Бұдан кейін әкімдік пен құрылыс сервистестігінің өкілдері сөз алды. Кеденшілер өз пәтерлерінің кілтін департамент бастығының қолынан алып, тұрмыска қажетті қолайлылықтардың барлығы қарастырылған пәтеріне жеткенше асықты.

Қоныстойынан кейін журналистер «Қорғас» кеден бекетінің жұмысымен танысты. Қазіргі кезде бекетте кедендік бақылаудың ең соңғы үлгідегі жүйелері орнатылған. Бақылау жұмыстары адамдардың қатынасуынсыз атқарылады. Арғы беттен өткізілген жүктің экологиялық қауіпсіздігі, ондағы жүктердің түрлері мен саны немесе көлемінің декларацияда көрсетілгендермен сәйкестігі және тағы басқаларының барлығы компьютерлік техника арқылы жүзеге асырылады. Соған қарағанда жекелеген қоспаларды «Қорғасты» жемқорлық жайлап алған» деген айыптаудың негізі жоқ.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

ТҰҒЫРЫМ

диаспорасын тарихи Отанымен байланыстыратын алтын көпір рөлін атқаратын Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды. Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізуі республикадағы саяси тұрақтылық, экономикасының жандануы, дүниежүзі қауымдастығындағы беделінің күннен-күнге арта түсуі шетелдегі қазақ диаспорасына күшті әсер етіп, олардың ұлттық сана-сезімін күшейтті, ұлттық мәдениетін, тілін, әдет-ғұрпын сақтауға жетеледі және өз ұрпақтарының тағдырын тарихи Отанының болашағымен байланыстыруға ұмтылдырды. Соңғы дерек бойынша, Қазақстанға үш жүз мыңға жуық отандастарымыз қоныс аударыпты. Ал, 2015 жылға дейін Қазақстанға 2 миллионға жуық қандасымыз оралады деп болжануда.

Тәуелсіз жылдар ішінде Елбасы алдымен экономика, содан кейін саясат деген ұстанымымен еліміздің экономикасын көтере білді. Бұл жөнінде Ресейдің белгілі экономисі П. Григорьевтің баспасөзде жарияланған мақаласынан үзінді келтірсек артық болмас: «Нақты ішкі жалпы өнімнің орташа өсу қарқыны Қазақстанда 2000-2002 жылдары 10 пайыздан асып түсті, мұның өзі елді осы көрсеткіш бойынша әлемде енді болса бірінші орынға шығаргандай. Алдағы он жылға болжам шамамен 7 пайыздық өсім бермек, ал бұл дегеніміз, біз Оңтүстік-Шығыс Азия «жолбарыстарынан» кейін көрмеген жаңа даму деңгейіне сирек болатын секіріспіз бірін туғызбақ».

Қазір біз экономикасы дамыған, халқының әл-ауқаты артқан мемлекетпіз. Бұл күнде экономикамызды дағдарыстан кейінгі дамуға өзірлеп жатырмыз.


Біз алдымызға Қазақстан мемлекеті мен қазақ ұлтын, мәдениетін, тілін дамыту мен гүлдендіру мақсатын қойып отырмыз. Бұл мақсатқа жету үшін алдымен Тәуелсіз Қазақстанның болашағы үшін, қазақ ұлтының келешегі үшін жаны ашитын, тілі, діні, мәдениеті мен салт-дәстүрі, жарқын болашағы, ертеңгі алаңсыз өмірі, келешек ұрпағының бақыты үшін күресетін, берік бірлігін сақтай отырып, бір мақсатқа жұмыла әрекет ететін, «Мен қазақпын, мен қазақ екенімді мақтан тұтамын, елім, ұлтым үшін жанымды пида етемін» дейтін ұрпақ тәрбиелеуге тиістімз.

Өткенді ескеру – ескендігімздің белгісі. Қазақ халқы – тамырын жеті қат жер астына жіберген алып байтерекпіз, өзегін ғасырлар тереңіне тартып, осынау қасиетті ұлы даласынан табан аудармай, дауылдарымен алысып, тағдырымен қарысып, өсіп-өркендеп келе жатқан байырғы халық. Қазір республикамыз зайырлы, әлем таныған Азияның ең жас әрі батыл адымдап келе жатқан барысы саналы.

Барша қазақтың елімздің ұлық мерекесі – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтағым келеді!

Ә. БЕКТҰРҒАНОВ,
І. Жаңғүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор.

● *Айтарым бар*



Тойлай жүрсек те ойлай жүрейік

Нансыз қазақ болса да,
Өнсіз қазақ болмаған, –
деп көзі тірі абыз ақынымыз Қадыр Мырзалиев жырлағандай, тонсыз қазақ болса да, тойсыз қазақты көрмедік.

Ағайын-туысын іздеу, сағыну, қадірлеу деген қасиет қазақ халқында тым ерекше деп ауыз толтырып айтуға болады. «Мұнан жаман күнде де тойға барғанбыз» деген үлкендердің айтуы да осы сезімдердің нақты куәсі. Бұрындары туыстарын жаяу-жалпы, ат, түйемен іздеген ағайын бүгінгі күні техниканың жетілуіне, ел әлеуетінің көтерілуіне байланысты көрсең көз тоймайтын «темір тұлпарлармен» аралауда.

Иншалла, Жаратқан ием қазақ халқынан барын алмасын. Сол молшылықтың арқасында өткізілетін той-думанымыздың да саны мен сапасы түрлі бағытта дамуда. Бар салт-дәстүрдің бағамына жетіп, аста-төк астамшылыққа кішкене ғана мән беруіміз де қажет секілді. Бір той арқылы бірталай өнегелі істер атқарылады. Салт-дәстүрлеріміз жаңғырып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады. Өзіміз де халық арасында жиі болып, тіршілік қажеттілігімізді сол тойдан ажыратып отырғаннан кейін біраз айтар ойларымды ортаға салайын деп, қолыма қалам алып отырған жайым бар.

Жасына қарап отырып, жағына қарап сөйлейтін қазақы тектілік ұмытылып, Абай атамызша айтсақ, "бас-басына би болып қиқымдалып" бара жатқан секілдіміз. Бұл жайдан-жай айтылған дүние емес, көпшіліктің апта сайын алаңдайтын басты мәселесіне айналғалы қашан. "Дүшпаныңның тойына барғанша, досыңның шайына бар" деген қағиданы қатаң ұстаған қазекең жұма, сенбі сайын бірді-екілі ағайын-туыстардың той қуаныштарын бөлісетінді сөзсіз.

Жұмысқа кешігіп келуге болмайды.
Біреуге өшігіп өлуге болмайды, – деген Қадыр ағамның өлеңін ұрандап қанша айтсақ та, кешігуден арыла алмай келеміз. Тойға кешіккен қонақты көрсем заманның жегіқұртын көргендей боламын. Қазақтың ғой деп, сол бір жаман әдетті қазақпен бірге туылған кемдік ретінде танып қоятындарын қайтесің. "Жаман әдетті түзеуге болмайды» деген адамның тілін кесер едім" деп ғасыр толғатып, шындық кіндігін кескен ұлы Абай атамыздан да имену қалды. Шақырылған той дастарқанына уақытында жиыла алмау дегенді ағайынға түсіндіру қиынның қиынына айналып кетті. Тойға шақырылдық ба, келмейтін болсаң екі-үш күн бұрын кешірім сұрап, жөнінді айту да үйрететін іс пе екен. Жай ғана қарапайым мәдениеттің бойымызда болмағаны ұлы елдің үрпағымыз деп мақтанып жүрген атымызға сын екенін неге пайымдамаймыз, ағайын. Дүниеде күткеннен артық азапты нәрсе жоқ. Мен қара басымның қамы үшін емес, уақытында жиылып, алтын уақыттарын босқа өткізетін ата-апаларымнан ұялғаннан айтып отырмын. Ақсақалдарымызды жиып қойып, жасымызды тосу қай атамызда болып еді. Сол секілді тойда сапасынан саны көп шалған жабудың өзі көрер көзге түрпайы танылады. Аз дүниенің қадірі де мол болады. Ата жолын жалғастырғанымыз құптарлық іс, дегенмен оны да өз ретімен атқарғанымыз абзал. Қадірі қашқан қайран шаландарға қарап тұрып жаның ашиды. Шапан киер, сый көрер азаматтар да сол шапанға лайықты таңдалса нұр үстіне, нұр болар еді. Бұл да ұлттық құндылығымызды сақтауға, шынайы зиялы адамды танытуға бір септігін тигізер еді. Бойдан иман мен намыс кетсе, көрген күннің не қадірі бар. Сол себепті елді тәртіпке шақырудың бір жолын ақылдасып алсақ деймін. Біріншіден, той мейрамханасында келісілген уақыттан сәл ассақ болды, бұрындары артық ақша төлейтінбіз. Осы әдісті қаламыздағы тойхана басшыларымен келісе отырып, бірлесе қолға алсақ деген ұсыныс бар. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы 1-2 ай бұрын хабарлама жасап, жаңа 2011 жылдан бастап, елді тәртіпке шақырсақ оң болар еді.

Екіншіден, той барысындағы айтылар ақ тілектердің артықтығы жоқ әрине, бірақ мардымсыз, қызусыз, құрғақ сөз көп уақыттарды өлтіріп жатыр. Бұрындары қазекем, асқа, жиынға, тойға барғанда, өнішсін, шешенін, көсемін, биін, балуанын алып жүргені тегіннен тегін емес. Өз бетімен өлең жазғыш аталарымыз бен апаларымыз өте келеңсіз кескін көрсетіп бағуда. Топтың атынан сөйлей алатыны тандандыра, тартымды сөйлеп жатса ел өз еркімен тыңдайтын еді ғой. Амал қанша. Сол биіктікке жете алмай, қор болып жатқан жайымыз жасырын емес. Бүгінгі күнде әкесі, шешесі баласы, қызы, келіні, немересі қосылып, бір адамның айтқанын айта алмайды. Білек көтермейтін шоқпарды белінде ілудің не қажеті бар екенін бір мезгіл ескеру керек. Бұған негізінде өзіміз де жол беріп жатамыз. Себебі, жастар мен үлкендер қауымы тойда бірге болады. Келін түскендегі беташар тойы үлкендерге арналып, жастар жағының дастарқаны басқа күні немесе басқа уақытта жоспарланса екен деймін.

Келген келіннің бетін бір ай, не болмаса бес ай дегенде ашамыз. Бұл халқымызға да, салтымызға да қарама-қайшы жай. Келген келінді шымылдыққа енгізіп, алғаш көру, танысу, келін қолынан шай ішу деген салт Маңғыстау, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарында әлі жалғасып келеді. Біз, жетісулықтар да, жақсы істі жалғастыруымыз әбден қажет деп санаймын. Заманына қарай заңы, орманына қарай аңы жүгірген жайды адамзаттың шатастырып жүргеніне қайран қаламын. Беташар тойды үлкендерге арнап, арақсыз, шарапсыз түс мезгілінде өткізу өте қолайлы болар еді. Ал кешкі тойды жастардың достарымен өздерінің жалғастыра бергені оңды.

Әйтпесе, үлкенге ұнаған ән кішіге жақпай, бірі қаттыны, бірі тәттіні қексеп отыратыны анық. Міне, осындай жас сәйкестігіне орай той деңгейі де төмендеп, ел шаршап қайтады. Той басқарып жүрген інілеріме де көп ізденіп, өздеріне үлкен талап қоя білсін деп айта кеткенім артық болмас. Талай ағаларым келіп сын-ескертпелерді маған да айтып жатады. Яғни, жайдан-жай емес.

Әркім өз замандасымен көрікті. Сонда ата-ана мен балалар арасында өзара тәртіп, яғни, субординация сақталатын еді. Әркім өз қалауындағы музыканы тыңдап, өз замандастарымен еркін әңгіме өрбітіп, сәтті демалатын болады. Үлкендерге арналған беташар тойында ұлттық дүниелерге кенінен мән беру керек. Беташардың өзін де кеңірек, өз мәніне келтіре айтуға мүмкіндік тудырған жөн деп қараймын. Сондай-ақ, ұлттық дәсүрдегі әнші, бишілеріміздің де танылуына жол ашылар еді. Кейінгі кезде той иелері өздерінің немере, шөберелерін ұлттық үлгіде киіндіре бастады. Сондай-ақ ұзатылған қызды ұлттық киіммен аттандыру да өте құптарлық дүние. Жап-жақсы ұлттық киіммен ұзатылып келген келінімізге батыстың той көйлегін кигізіп, тағы бүлдіреміз. Ұлттық киімде ұзатылып келген қыз жасаулы сәукелемен келеді. Беташар тойы басталар алдында жас жұбайлардың үлкен жеңгелері алдарынан шығып, шымылдық ішіндегі келіннің басынан сәукелені шешіп орамалға ауыстыра салса тіптен тамаша болмас па еді. Содан кейін барып беташар айтылып, келіннің шымылдығы ашылып, елге таныстырылса тойдың мәні де, сәні де артатынына еш күмән жоқ. Елдің бәрі құтты болсын айтып, келіннің қолынан шай ішу құрметіне ие болады. Тойлай жүрсек те, ойлай жүрейік деген ниетпен айтып отырған ойымды бетен көрмессіз, ағайын. Әркімнің өз еркі, өз қалауы өзінде. Десек те, өмірге қажетті дүниенің бәрі түгелденіп тұрғанда өз мәдениетіміз бен салт-дәстүріміздің де, ұлттық ерекшелігіміздің де бір мезгіл есте сақтап, басқа елдің ырқына көне бермесек екен деймін. Ұлттық болмыс төмендемеу керек.

Сен жанбасаң лапылдап,
Мен жанбасам лапылдап.
Кім жанады лапылдап, – деген ой сіздерді де ойландырып, іс-шараға ат салысарсыз деп ойлаймын. Уақытпен санасу қазақтың ең негізгі қасиетіне айналсын. Тойларыңыз тойға ұлассын, ағайын...

Төлеужан ҒҰМАРОВ,
ҚР Мәдениет қайраткері.

● *Мәселенің мәнісі*

Өткен жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің сайтына Ақсу ауданының Қызылағаш ауылындағы Жансүгіров атындағы орта мектептің мұғалімдері атынан авторының аты-жөні белгісіз хат орналастырылды. Онда: «Ауылдағы дәрігерлер, пошта, мәдениет саласы, теміржол қызметкерлері кәсіподақ ұйымдарынан адам басына 100-300 мың теңгедей көмек алды, ал білім саласындағыларға ондай жәрдем жасалмады» делінген.

ЖАЛҒАНДЫҚ ЖАҚСЫЛЫҚҚА апармайды

Хат иесінің (иелерінің) ойында не болғанын кім білсін? Алайда оның мазмұны шындықтан тым алыстап кеткен. Қызылағаш, Ақтоған, Егінсу ауылдарының тұрғындары мен мұғалімдері хатта айтылған деректерді теріске шығара алады.

Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы бастаған барлық салалық кәсіптік одақтар, оның ішінде білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Талдықорған аумақтық кеңесі. Ақсу аудандық кеңесі, тағы басқалары су тасқынынан зардап шеккен Қызылағаш, Егінсу, Ақтоған ауылдарына бірнеше кезекте көмек қолын созғандар қатарында болды. Апаттан соңғы екі күн ішінде Қазақстан Кәсіподақтар федерациясының төрағасы С. Мұқашев жедел түрде Қызылағашқа жетіп, «Жансүгіров» қорғамдық қорына қолмақол 2 миллион теңге өткізді. тегеше жағдайлар жөніндегі комиссия отырысына қатысып, ауыл тұрғындарымен кездесіп қайтты. Білім саласы қызметкерлерінің Талдықорған аумақтық кеңесі тез арада кезекте тыс отырыс өткізіп, аталған көмек қорына 1,5 миллион теңге аударуға шешім қабылдады. Бұл соманы жинақтауға барлық аудандық, қалалық кәсіподақ кеңестері, кәсіподақ комитеттері өз үлестерін қосты.

Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясы қосымша 4 миллион теңгеден астам ақша бөліп, оны біздің аумақтық кеңестің есепшотына аударды. Федерация төрағасының өкімімен қаржыны қолдану туралы шешім қабылдайтын жұмыс тобы құрылды. Оның құрамына Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Талдықорған аумақтық кеңесінің денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының, Талдықорған филиалының байланыс қызметкерлері кәсіподағының Алматы облыстық кеңесінің төрағалары енгізілді. 2010 жылдың 5 мамырында жұмысшы топтың отырысы өткізілді. оған топ мүшелерінен басқа мәдениет қызметкерлері кәсіподағы аумақтық кеңесінің және тұрғын үй-коммуналдық, шаруашылық және қызмет көрсету саласы кәсіподағының төрағасы шақырылды.

Отырыста Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы берген 4 099 226 теңгенің су тасқынан зардап шеккен ауылдардағы мектеп оқушылары мен ұстаздарын демалдыруға және сауықтандыруға бағытталу туралы шешім қабылданып, хаттамаға қол қойылды. Панфилов ауданындағы «Кектал – Арасан» балалар шипажайына 60 адамды және Талдықорған қаласындағы «Ақжанель» медициналық сауықтыру орталығына 40 адамды демалуға, емделуге жіберу туралы келісімшарт жасалып, олардың есептоттарына тиісінше 2 млн. 340 мың теңге және 1 млн. 600 мың теңге аударылды.Оқушылар мен мұғалімдерді демалыс және емдеу орындарына алып бару, алып келу үшін автокөлікке тапсырыс берілді. автокалық кәсіпорынға сол үшін тағы 517 мың теңге төленді. Кәсіподақ федерациясы берген қаржы жетіспегендіктен аумақтық кәсіподақ кеңесі есебінен қосымша 372 774 теңге бөлінді. Бір сөзбен айтқанда, Қызылағаш, Егінсу, Ақтоған ауылдары мектептерінің оқушылары мен ұстаздарын сауықтандыруға барлығы 4 829 774 теңге жұмсалды. «Кектал – Арасан» шипажайында оқушылар мен ұстаздар 15 күн, ал «Ақжанель» медициналық сауықтыру орталығында 10 күн болды. Жолдаманың бағасы әр адам үшін «Кектал – Арасанға» 39 мың теңге, «Ақжанель» медициналық сауықтыру орталығына 40 мың теңге болды. Әр мұғалім мен оқушыға кәсіподақ есебінен құрауар қаржы жұмсалды. Осыны бере тұра, арызқойдың «Бізге көмек берілмеді» деуге қалай батылы барды екен?

Бұлардан басқа Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы бөлген ақысыз жолдамалармен тағы бірақ адам «Мерей» шипажайында, «Қарғалы» пансионатында демалып, денсаулықтарын түзеп қайтты.

Ақсу аудандық кәсіподақ кеңесі де қол қусырып отырмады. Аудандық кеңес төрағасы Қызылағаш ауылында жүріп Ауыл тұрғындарының ауыртпалығын бірге көтерді. Кәсіподақ қаржысы есебінен Жансүгіров атындағы мектептің мұғалімдеріне «Жарқент – Арасан», «Сарыағаш» шипажайларына 138 мың теңгеге тегін жолдамалар берілді. Егінсу орта мектебінің мұғалімдеріне 10 мың теңге қайырымдылық көмек көрсетілді. Су тасқыны кезінде ауыл тұрғындарына көмектесіп, суық тиіп ауырған Егінсу орта мектебінің мұғалімі Далайхан Қадысқа 67 мың теңге көлемінде аумақтық кеңес қаржысы есебінен қайырымдылық жасалды.

Алат салдарынан үйсіз қалғандардың ішінде ұстаздар отбасылары да бар еді. Оның ішінде бірнеше мұғалім бұрын үй (пәтер) жалдап тұрып, қызмет атқарған екен. Кезекті бір кездесуде олар маған комиссия мүшесі ретінде көмектесуді сұрады. Аумақтық, кәсіподақ кеңесінің төрағасы осы мәселе бойынша облыс әкімін бірнеше орындасам, тағекше жағдайлар жөніндегі комиссия төрағасы А. Батаповтың атына комиссия мүшесі ретінде хат жазып, қабылдауында болдым. Кәсіподақ кеңесінің ұсынысы қабылданып, жеті кәсіподақ мүшесі пәтер алды.

Кәсіподақ аумақтық кеңесінің көмегі мұнымен шектелген жоқ. Кәсіподақтың қаржысы есебінен (413500 теңгеге) Қызылағаштағы Жансүгіров атындағы орта мектепке, Ақтоған ауылындағы Қызылағаш негізгі мектебіне, Егінсу орта мектебіне және Қызылағаш, Егінсу ауылдарында жаңадан ашылған балабақшалардың еркайсысына компьютер жинақтықтары сатылып алынды. Компьютерлерді аумақтық, кәсіподақ кеңесінің төрағасы 20 тамызда болған мұғалімдер конференциясында салтанатты түрде тапсырды. Әр компьютердің бағасы 82700 теңгені құрады.

Ауыл тұрғындарының басына түскен ауыртпалықты бірге көтеріп қана қоймай, ауданның әр ауылдарында Талдықорған қаласында уақытша оқуға көшіріп отырған шәкірттермен бірге жүрген мұғалімдердің еңбегін де бағаладық. Қызылағаш, Егінсу және Ақтоған ауылдарындағы мектептердің 15 мұғалімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының, Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Талдықорған аумақтық кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.


Мине, бар шындық, осылай. Мұны барлығымыздың білгеніміз жөн.

Т. ӘБДІРЕШОВ,
білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Талдықорған аумақтық кеңесінің төрағасы.

● *Тіл – тағдыр*

МАНДАЙШАДАҒЫ мазақ

«Жарнама» латынның «реклама» - «шығыру, айқайлау» деген сөздерінен шыққан. Егер оны тиімді пайдалана білсе, қоғамдық пікірді өзгертуге орасан зор ықпал ететін алпауыт күш. Ежелгі Грекияда түрлі тауарларды дауыстап айту арқылы мақтау кең жайылып, жарнама туралы ұғымның қалыптасуына түрткі болған. Қазіргі таңда яғни, XXI ғасырдағы жарнама тауарлардың сапасы мен көрсетілетін қызметіне қарай сатып алушының тұтынуы мен қажеттілігі тілмен және бейнекөрініспен байланыстыра отырып, коммуникация тілімен жеткізуге көшті. 2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде «Жарнама туралы» Заң күшіне енді. Әу бастан маңызды құжат мемлекеттік тілде шығатын жарнама санын көбейтумен қатар қазақ тілінің бизнес әлемінде өркендеуіне үлес қосады деген үмітіміздің болғандығы рас.





Жетісу

Қажет АНДАС

2002 жылы Президенттің қатысуымен өткен кеңейтілген актив кала көшелеріне орналасқан «Синема Сити», «Сити Маркет», «Европа Палас» сияқты нысан атауларды сынға алынған болатын. Бұл туралы ақпарат құралдарында түрлі тақырыпта мақалалар жазылып, жалпақ жұртқа жария болды. Ақыры, 2006 жылы Елбасының ескертпесі басшылыққа алынып, «Синема Сити» – «Самұрық», «Сити Маркет» – «Қазына», «Европа Палас» – «Ақ Сұңқар» атауын алды. Ізінше, ішкі атауларын неленген нысандар қазақшаланып, көңілге қалімгідей қуаныш ұялатты. Сенімді ақпарат көзіне сүйенсек, Елбасының тапсырмасынан кейін өзге тілде жазылған 700-ге жуық нысан атаулары қазақшаланыпты. Бірақ, қаржы дағдарысы орын алғанда Елбасы кәсіпкерлік саласын тексеруден босату туралы мораторий жариялады. Кәсіпкерлер еңсесі түспесін деген ниетпен қолға алынған Президенттің көмегін кәсіпкерлер басқаша пайдаланды. Соның салдарынан мандайшалықты қалағанынша жазу үрдісі жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай жамырай жөнелді. Бұл осы саланы реттеміз деп жанталасып жүрген аудандық, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдеріне үлкен қиындық тудырды. Басқасын айтпағанның өзінде, Талдықорған қаласында өткен жылдың басында қала әкімінің орынбасары Марлен Қолбаев қалалағы жарнама агенттіктерінің директорларын жинап «Жарнама туралы» Заңның талаптарын қатаң орындайтын болып келіскен. Өкінішке орай, жиылғандар бұл уәдесін тез ұмытып, жарнама агенттігі де, тапсырыс берушілер де өз бетінше кетті. Жарнама жұмысымен арнайы айналысатын облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «ҚР Тілдер туралы» Заңының №151-I бабына, ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 21 сәуірдегі №371 қаулысымен бекітілген «Ішкі сауда ережелерінің» 17-бабына және облыс әкімінің 2009 жылғы 22 қаңтардағы «Тіздерді қолдану мен дамытудың 2009 – 2010 жылдарға арналған өңірлік іс-шаралар жоспары туралы» №10 қаулысына сәйкес облыс аумағындағы сауда орындарындағы, қоғамдық тамақтану және қызмет көрсету нысандарындағы жарнамалардың мемлекеттік тілде қолданылу жағдайын бақылайды. Алайда, олар сауатсыз жарнамаға кәсіпкерлерді иәлайды. Өйткені, кәсіпкер қызмет көрсету нысанын әділет басқармасына тіркетіп, сәулет-құрылыс мекемесінің рұқсатын алғаннан кейін ғана кәсіпкерлік және өнеркәсіп мекемелеріне бас сұғады. Келісімшартқа «Заң талабын қатаң орындаймын» деп қол қойғанымен, мандайшалықты өз қалауынша жазып, іле салады. Содан кейін жарнама мәтінінің қателігін немесе «Тіл туралы» Заңның талабына үйлеспейтінін ескерткен тексерушінің үстінен прокуратураға шағымданатындар көбейіп алды. Кәсіпкер қашанда заңның өз мүддесін қорғайтын жағын толық біледі де, міндетін көрсететін бапқа назар аударайды.

Шара не, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі тек әдістемелік көмек көрсетеуге ғана құқылы. Осы нысан иелерімен кездесіп, сөзге тартып көрсең, жарнама жасату ақысының тым жоғары екенін алға тартады. Иә, оны мойындауға болады. Нарық экономикасының заңдылығы бойынша біз жарнама агенттіктеріне «Сен былай істеуің керек» деп ақыл айта алмаймыз. Алайда мемлекеттік тілде жазылған жарнама мен орыс тілді жарнаманың әрбір әріпіне алынатын баға өлшемі бірдей. Оның үстіне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ішкі сауда ережелерінің» 17-бабында: «Жарнама мемлекеттік тілде, орыс және шетайы келгенде басқа тілдерде жазылуы керек» деп анық көрсетілген. Бұл түсінген жанға жарнама мәтіні ең алдымен мемлекеттік тілде жазуын керек дегенді білдіреді. Басқа тілде жазып қаражатты шығын еткеннен гөрі мемлекеттік тілмен жазып, ақшаны үнемдеуге де болады ғой.

Қарап отырсаңыз, бүгінгі таңда жеке кәсіпкердің күлдіреті артып барады. Соның салдарынан көше биткен ағылшын мен орысша, тағы да басқа мәтіндермен апталып, күмістен қапталып тұр.

Осыдан бір жыл бұрын аталған тақырыпқа тоқталғаным есімде. Сонда өзге тілде жазылған немесе мемлекеттік тілде жазылса да орфографиялық, стилистикалық кателікті молынан жіберген мандайшалықтарды санап тұрып, жіктеп жазғанбыз. Сонда көрсетілген 112 нысан иесінің тек 25-і ғана қателіктерді талапқа сай жөндеген. Қазақша жұрнағы жоқ 94 нысанның тең жартысы осылайша мемлекеттік тілде сөйлеген. Ал ескертпені орындамаған, әлі де сол баяғы мәскара жарнамаларды мандайшаға іліп қойған нысандарды тағы бір рет аралап шықтық. Олардың бәрін тізіп жазып, қатесін көрсетіп жағудың қажеті жоқ. Оны көше бойынан күнде көріп жүрміз. Десе де, бізді басқа бір жағдай қатты мазалады. Өзге ұлт өкілдері басқаратын жарнама агенттіктері мен сауда нүктелері «Жарнама туралы» және «Тіл туралы» Заңның талабын қатаң сақтап, сын-ескертпені толық орындаған. Тіпті, олар жұмыс орындарына қатысты заңдардың мәтіндерін де іліп қойған. Қазақша-орысша аударатын арнайы аудармашысы тағы бар. Тұтынушыларға заңдық тұрғыда кеңес беріп, мәтіндердің дұрыс-бұрыстығын аудандық, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдері арқылы тексертіп тұратынын да білдік. Ал «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» демекші, жоқсықсыздыққа жол беріп отырғандар қазақ кәсіпкерлері. Былайша айтқанда, қазақ тілінің қадірін қашырып жатқан ағылшын мен орыс, қытай немесе өзге ұлт өкілдері емес, өзіміздің қарақөздеріміз.

Сан ғасырлар «Қызыл қанын төгіп, өлімші халықты тірілткен, жаланаш, кедей халықты бай еткен, аз халықты көп қылған, төрт бұрыштағы халықтың бәрін бірдей қылған» ата-баба аманатының ескерілмей жатқаны ойландырса етті. Бұл заң өлшемдеріне бағынбайтын ақиқат және әрбір қазақстандық жүрегімен сезінетін борыш емес пе?

Арыстаннан күшті ең болмас,
Ә да шешті, жеңістіңіз,
Мерсіздер таудан аттаған соң.
Алалы жеңіліс, ақтығы қой,
Аңдығаң бәрі жеңіл ме,
Неге үйықтап жатқан соң, — деп Мақамбетше толғинсақ, өзіміз келеңсіздіктің кейінгері болып, айтысып, тартысып жатсақ, ұлттық құндылығымызды өзіміз аяқасты етсек, асқанымыз саналмас деп ойлаймын.





2010 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ КӨЛІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

2010 жылғы қаңтар-желтоқсанда жедел деректер бойынша коммерциялық тасымалдаумен шұғылданатын кәсіпкерлер тасымалдаған көлем бағасын есепке алғанда, жүк көлігімен 116615,8 мың тонна **жүк тасымалданды** (өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 20,6%-ға өсті). Жүк айналымы 4,4%-ға артып, 4769610 мың ткм құрады.

Жүк айналымының ең көп үлес салмағы Іле (18,9%), Қарасай (17%), Талғар (15%), Еңбекшіқазақ (13,1%) аудандарына, сондай-ақ Талдықорған қ. (11,4%) тиеді.

2010 жылғы қаңтар-желтоқсанда коммерциялық тасымалдаумен шұғылданатын кәсіпкерлер тасымалдаған көлем бағасын есепке алғанда жолаушылар көлігімен 436621,4 мың адам жолаушы тасымалданды, **бұл өткен жылғы сәйкес кезеңнен 3%-ға артық.** Жолаушылар айналымы **7868700,7 мың пкм (12,4%-ға артты) құрады. Жолаушылар тасымалы автобустармен (341846,4 мың адам және жолаушылар айналымы 6564096,2 мың ткм), таксимен (94746 мың адам, 1281116,9 мың ткм), сондай-ақ әуе көлігімен (29 мың адам, 23487,6 мың ткм) жүзеге асырылды.**

Жолаушылар айналымының ең көп үлес салмағы Қарасай (20%), Талғар (16,3%), Еңбекшіқазақ (16,8%) және Іле (12,9%) аудандарына, сондай-ақ Талдықорған қ. (18,2%) тиеді.


ОБЛЫСТЫҚ СТАТИСТИКА ДЕПАРТАМЕНТІ.

ТІЛ ТАҒДЫРЫ

e-mail: Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-sml.kz

ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

Біз 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгерген қазақстандықтардың саны 80 пайызға, ал 2020 жылға қарай 100 пайызға жеткіземіз деген мақсат қойдық. Он жылдан кейін мектебіміздің түлектері қазақ тілінде 100 пайыз сөйлейтін болуы тиіс. Бұл қазақстандықтардың бұрынғыдан да жақындасуына жетелеп, сенімді күн сайын, жыл сайын нығайта түседі. Ұлы Абай : «Басқа халықтың тілі мен мәдениетін білу адамды сол халықпен тең етеді», – деген. Бұл бүкіл әлем бір-бірімен қатынасқа түскен бүгінгі кезеңде өте қажетті. Дағыстанның белгілі ақыны Расул Ғамзатов: «Кез келген халықтың өмірі – оның тілінде», – деген екен. Бұл сөздің мәнісі зор. Тілі жоғалған ұлттың өзі жоғалады. Тәуелсіздік алғалы жиырма жылда қазақ тілінің мемлекеттік тіл деңгейіне көтерілуі үшін қомақты қаржы бөлініп, қыруар жұмыс атқарылды. Бұл жерде оның бәрін санамалап отырудың реті жоқ. Бірақ қаз-қаз басқан қазақ тілі тәй-тәйінен жаңылар емес. Ендеше, осы түйіткілдің түйіні неде? Бұл сұрақты өніріміздегі бірқатар тіл жанашырына қойып көрген едік.



Рухани мүгедектік

ана тілін білмеуден басталады

Жетісу
Қажет АНДАС

БАР КІНӘ ӨЗІМІЗДЕ

Әміре ӘРІН, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, облыстық «Огни Алатау» газетінің бас редакторы:

– Қазіргі таңда мемлекеттік тілге қажеттілік туды деп айтуға болады. Өйткені, басқасын айтпағанның өзінде, Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясында Мемлекет басшысы: «Менің арманым осы залдағылар маған мемлекеттік тілде сөйлеңізші деп айтсыншы», – дегені көп жайды аңғартады. Ал, енді, мұнан бұрын: «Қазақпен қазақ қазақша сөйлессін» деген тапсырмасы да кәдімгідей толқын тудырды. Міне, осындай жанашырлықтың арқасында қазақ тілін үйренуге деген сең қозғалды. Әлбетте, осы елмен тағдырын байланыстырып, өсіп-өнемін деген қазақ, мейлі этнос өкілі болсын мемлекеттік тілді үйренбейінше, өзінің болашағының бұлыңғыр болатынын сезінді.

Осы тұста мен тағы да бір мәселені қаузай кеткім келеді. Қазір: «Қаза тілді бұқаралық ақпарат құралдары көп нәрсені көтере жазбайды, терең дендемейді», – деген сөз бар. Бұл – жаңсақ пікір. Әрине, «Қазақ әдебиеті» газетін оқып көріңіз. Кейінгі жылдары қандай керемет дүниелерді жарқырата көрсетіп, тереңде жатқан тебіреністі нәрселерді қаузап жатыр. Кезінде «Литер» газеті қазақтың тілі, салт-дәстүрі, мәдениеті туралы біраз жазды. Қазір олар да аузын ашпайтын болды. Бұл – үлкен мәселе. Қасиетті қазақ жерінде шығып, сол елдің өркениетін көзге ілмеу, тілге тиек етпеу нені білдіреді. Сол даланың мұңын, мәселесін, қуанышын, жетістігін жазбаса, несімен құнды? Ал, сондай басылымды мадақтап мақтаған жандарға не дейсің? Осындай пікірді ұстанғандарға тағы да айтарым, өзі ана тілін білмейтін, халқының қасиетін жете түсінбейтін жандар. Өйткені, олар қазақ болып өмір сүре алмайтындар. «Бірдің үлгісі – мыңға», – демекші, мен өмір бойы қазақша жазып келе жатқан журналист ретінде айтарым, өзге тілді басылымдар қазақ тілді баспасөздің деңгейіне жету үшін әлі талай еңбектенуі керек. Неміс тілін білмесең Германияда, жапонша білмесең Жапонияда, қытайша білмесең Қытайда өмір сүре алмайсың.

Әлемде түрік тілде сөйлейтін 250 миллион адам бар. Солардың тілдерінің ішіндегі ең дамығаны – қазақ тілі. Бұны мен емес, сол ұлттың білгірлері мойындаған шындық. Демек, жалпы түрік тектестердің арасында қазақ тілі ұлтаралық тіл болып отыр. Ширек миллион халық түсінген тілді нашар деп айтуға бола ма? Қазақ тілінде кінә жоқ, бар кінә қазақтардың өзінде.

БЕС-АЛТЫ СҰРАҚ ЖӘНЕ ЖАТТАНДЫ ЖАУАП

Тұрсын СЫДЫҚ, академик, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы:

– Шындығында да, қазір республика аумағында облысымыздың қазақ тіліне деген ұмтылысы жақсы. Өткенде бір газетте: «Облыстардың бәрі мешіт салып жатыр, тағы басқа нысандар бой көтерді. Ал Алматы облысында Тіл сарайы салынды», – деп жазылыпты. Көрдіңіз бе? Бұл біздің азаматтардың ұлттық тілге деген көзқарасының айқындығын аңғартады. Бұған мақтануға тиіспіз. Кейінгі кезде үздік басылым, үздік телеарна, үздік сайт деген сияқты түрлі байқау өтіп жатыр. Мұның бәрі де тоталитарлық жүйеде табалдырықта жатқан тілді қайтсек төрге оздырамыз деген ұмтылыс деп бағалаймын. Десе де, біздің алдымызда жаппай ел болып ойланатын бір мәселе бар. Ол біз қай жақтан өзгеден озықлыз немесе неден артта қалдық дейтін идея төңірегіндегі сұрақ қана. Ал осы идеяның жүзеге асуы халықтың жасампаздығын өрге оздырады. Мұның ішінде мемлекеттік тілдің де жатқаны анық.

Тіл демекші, қазақтың тілі алдымен қазаққа қызмет етуі сонымен қатар, қазақстандықтардың бірлігі мен татулығын сақтаудың негізі туғыры болуы керек. Бірақ, орыстың ортасында өскен, сол тілде білім алған адамдар орыс тілінен шыға алмай жүр. Бұл біріншіден, ұлтына деген құрметсіздік, екіншіден, жалқаулық. Өйгілі Жәңгір хан өз ұрпағына міндетті түрде орыс, француз, ағылшын, түрік, қазақ тілін білуі керек деген талап қойған. Бұл тілді меңгергендер хан әулетінен шығарылған. Қазір біздің елдің әлеммен байланысы жақсы, сондықтан бүгінгі ұрпақ Елбасы ортаға қойған «Үш тұғырлы тілді» толық меңгеруі керек. Яғни, мемлекеттік тіл – жаныңыз, орыс тілі – жақыныңыз, ағылшын тілі – әлемдік тіл. Бірақ, қазір осы тілді үйретудің ғылыми негізі қалыптаса қойған жоқ.

Қазір қазақ тілін білу немесе оның деңгейін тексеруге тестілеуді енгіздік. Әрине, бес-алты сұрақ пен жауабын жаттап алғандар тестен өтеді де тағы бақтай сертификатты көтеріп шығады. Шын мәнінде қазақ тілін жарытып білмейді. Мемлекеттік тіл туралы айтылса болғаны әлгі табақтай сертификатты көтеріп шығып, орысша жауап беріп тұрады. Мұның өзі мазақ емес пе? Сондықтан мемлекеттік тілді білу немесе білмеуді ауызша, тіпті, жазбаша мақала жаздыру арқылы сынақтан өткізген жөн бе деген ойым бар. Керек болса, қазақ тілін үйренгендерге баспасөзде шығармасын жариялауды табыстау керек. Оған бақайқұлық араласып кетпеуін де бақылап отырған жөн шығар.

ШАЛАҚАЗАҚТАР ҚАПТАП ЖҮР

Нұрсерік ЕСКЕНДІРҰЛЫ, қалалық білім бөлімі әдістемелік кабинетінің меңгерушісі:

– Ана тіліне деген сүйіспеншілік балабақшадан, мектептен бастап қалыптасады. Осы тұрғыдан келгенде қаладағы 25 мектептің 21000 мың оқушысының 13000 мыңы қазақ тілінде оқиды. Қалғаны орыс тілінде. Ал осы 25 мектептің 6-уы қазақ, 19-ы аралас мектеп саналады. Мұның өзі осыдан 20 жылдың алдындағы жағдаймен салыстырғанда біраз жетістік деуге болады. Бұл бүгінгі таңның қажеттілігі.

Мұхтар Шаханов айтқандай, «шалақазақтар» айналамызда самсап жүр. Егер бұлай кете берсе қазақ тілі емес, қазақтардың өзінен айрылып қалуымыз мүмкін. Елбасының биылдан бастап осы мәселені батыл ортаға қойып, қадағалап отырғаны осыған саяды деп ойлаймын. Біздің жас кезімізде орыс тіліне деген қажеттілік болды, үйрендік, тіпті, орыстың өзінен жақсы меңгердік. Жаман болғанымыз жоқ. Ал тәуелсіздіктен кейін ана тілімізге ден қойдық. Алайда, әлі күнге дейін қазақшаны құрап сөйлей алмайтын жолдастарымыз жетерлік. Олардан біздің еш артық жеріміз жоқ. Тек талабымыз ғана бөлек болды. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ тілінің қадірін кетіретін тек талаптанудың жоқтығы дер едім. Бұл талапты мектеп қабырғасынан бастап қолға алу керек. Десе де, отбасындағы орыс тілі салмағының көптігі, тіпті, балаларға қазақша үйретеді деген мұғалімдердің орыс тілінің ырқына көп жүгіретін келеңсіздігі көп нәрсеге қол байлау болып келеді. Былайша айтқанда, сыныпта оқушыға қазақ тілін үйрен деп тәрбие айтқан мұғалім шыға бере басқалармен орысша сөйлесіп жатса, оны көрген бала оңа ма? Сондықтан қазақ тілді немесе қазақстандықтардың бірлігі мен татулығын сақтаудың негізі туғыры болуы керек. Тіпті, мұны заңға да енгізсе болады. Бұл жағдай осылай жалғаса беретін болса, 2020 жылы мектеп оқушылары 100 пайыз қазақша білетін мүмкіндікке жете алмаймыз.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ШЫРАЙЫ

Төлеужан ҒҰМАРОВ, облыстық мәдениет басқармасы тарихи-мәдени мұра бөлімінің жетекші маманы:

– Қазақ тілі төңірегінде біз әлі де шалқадан түсіп, жайланып жататын жағдайға келгеніміз жоқ. «Жылына, айына, аптасына өз-өзіне есеп беріп отыр», – деп Абай атамыз айтқандай, өткен күннен алыс, келер күннен жақын жоқ. Бұл жерде бар кінәні өткеннен іздеудің де жөні жоқ шығар. Бойымыздағы кемшілігіміз үшін өткен күнді қаралау дұрыс емес. «Кезінде орысша оқыдық, қазақша білмеуіміз содан», – деп ақталып жатамыз. Бұл «Балта көтерілгенше, дөңбек жал тауыптының керісі». Балабақшада топтағы екі-үш орыс баласы үшін орысша сөйлейтін тәрбиешілер бар. Бұл басқаларды сыйлағандық емес, өз тілінің қасиетіне балта шапқанмен бірдей. Әрине, сол орыс баласын ата-анасы қазақша білсін деп қазақ тобына беріп отыр. Ал, біз сол үмітті желге ұшырып, оған өз тілін үйретуге тырысып жатырмыз. Мұнан өткен кереғарлық болмайтын шығар. Мұны көрген қазақ баласының санасының қаншалық былғанып жатқанын ойладық па? Сонымен қатар, көше бойындағы көз сүрінетін мәндайшадағы жазулардың өзі де өзегіңді өртейді. «Ауруды жасырғанмен өлім өшкерелейді», бүгін болмаса да ертеңгі ұрпақ ұятымызды бетімізге басады.

Келер ұрпақ тілін жоғалтпау үшін ділін де берік сақтауы керек. Тілін қалпына келтіре алмаған ұрпақтың ділінің қай деңгейде екенін білу қиын емес. Жуырда бір газет қарттар үйіндегі бұрынғы министрдің: «Балаларымды орыс бақшасына, мектебіне бердім. Орысша тәрбиеледім. Қартайғанда олар мені тастап кетті. Ей, қазағым, есіңе түт, менің жолыммен жүрме. Балаларыңа қазақы тәрбие беруге тырыс. Сенің бақытың да, болашағың да осында!» – деген жанайқайын жазды. Ділі ұрланған ұрпақтың қолынан бұл да келеді. Олар ата-анасын емес, туған Отанын да тастап кете алады. Ал осы тілі мен діліне немқұрайды қарайтын қаракөздерімізді түрлі ағымдағы діндер төңіректейтінді шығарды. Бұл да біздің қателігіміз. Бір үйдегі бес жанның бес түрлі ағымның соңында кетіп, қайтыс болған ата-анасын қараусыз қалдырғаны туралы хабарымыз бар. Егер, ұрпақ тәрбиесін мықты ұстамасақ бұл жағдай (бетін аулақ қылсын) ертең сенің, менің, оның басына келуі әбден мүмкін. Сондықтан қазақы тәрбиенің шырайын асыратын қазақ тілін алдымен балаларымыздың санасына құюды басты борышымыз деп білгеніміз жөн.

ҚОЙЫРТПАҚ АУДАРМА

Гүлайым ТҰСТЫҚБАЙ, ақын, «Талдықорған» газеті бас редакторының орынбасары:

– Мемлекеттік мекемелерге маман қабылдағанда «Қазақ тілін өзінің кәсіптік деңгейінде білу керек» деген белгілеме бар. Тілге деген құрметсіздік осыдан басталып отыр. Қазақ тілін тек қана кәсіптік деңгейде білген адамнан қандай патриот шығады. Менінше, мұны «Мемлекеттік тілді терең білетін адам қабылдануы керек» деп, өзгерткен жөн. Мысалы, құқық қорғау органдарында жұмыс істейтін жас қыз-жігіттер редакцияға жазған жұмыстарын алып келеді де: «Басқармадан мемлекеттік тілде мақала жазыңдар деп жатыр. Мынаны шығарып берсеңіздер, біз есеп береміз?» – деп қиылып тұрады. Оңайсы көшірме, тіпті, не жазылғанын өздері түсінбейді. Сонда оларға есеп бер деп отырған кім? Бұл – мемлекеттік тілді қорлау ғой.

Қазақ тілінің адымын аштырмай отырған тағы бір кедергі ақпараттық қатер. Қазіргі заманғы компьютерлендіру үрдісі ақпараттандыру идеологиясын жарыққа шығарды. Алайда, қазақстандықтардың 80 пайызы ақпаратты орыс тілді сайттардан алады. Дерексіздеріне сүйенсек, қазір әлемде 12000-дай экстремистік сайт бар көрінеді, соның 350-і орыс тілді екен. Қараңыз, біздің жастар не көріп, нені үйреніп жатыр. Өкінішке орай, елімізде оңымен күресетін нормативтік-құқықтық негіз әлі де қалыптаса қойған жоқ. Біздің жастар тілінен тілегенін таба алмай бір қиналса, басқалардың аздырушымен алжасып жатқаны тағы да бар. Әрине, «Тіл туралы» Заң бар. Бірақ, ол бүгінгі жағдайға жауап бере алмайды. Сондықтан «Мемлекеттік тіл туралы» Заң қайта жасалуы керек деп ойлаймын. Бұл ойды өзге ерітестерім де қуаттайды деген ниеттемін.

АНА ТІЛІҢ – ҰЯТЫМ

Қанат МАРАТҰЛЫ, Еркін мешітінің имамы:

– Қасиетті Құран Кәрімде: «Біз адамдарды ұлттар мен ұлыстарға бөлдік», – деген аят бар. Алла тағала адамдарды ұлттар мен ұлыстарға бөлгендіктен оларға өзінің тілін берді. Әр тілдің грамматикалық өзгешелігі бар шығар. Бірақ, бір-бірінен ешқандай артықтығы жоқ. Тіл – Алла тағаланың берген нығметі. Сондықтан сол нығметті пайдалану – әр адамның міндеті. Екі көздің біреуі жетеді деп енді бірін жауып тастай алмаймыз. Өйткені, екіншісінің де өз орны, қажеттілігі бар. Сондықтан қажеттілігі бар тілді пайдалану керек. Бұдан соң сол тілді дұрыс пайдаланбасақ зардабы да оңай болмайды. Себебі, Алла тағала тән мен бірге тілді де берген. Екеуі бір-бірінен бөліне алмайды. Мұны ғылым да дәлелдеп отыр. Сонымен бірге, қазақ даласындағы түрлі қауіпті аурудың жиілеуі, имандылықтың бұзылуы, ақпейілділіктің жоғалуы, бауырмалдықтың әлсіреуі, қайырымсыздықтың етек алуы, тағы басқа да кесапаттың тілге деген құрметсіздіктен келіп шығып отыр деп қараймын.

Дүниеге келген сәбидің ақыл-есі дұрыс болмаса, аяқ-қолы кем болса мүгедек дейміз. Ал, Мұхтар Шаханов:

Мүгедектер тән саулығын аңсаған,
Біреуге аяқ, ал біреуге қол қайғы.
Өз міндетін сезінуден қалса адам,
Одан өткен мүгедектік болмайды, –

дегеніндей, яғни, өз міндетін ұмыту нағыз мүгедектік. Әдетте, мешітке де қазақ тілін білмейтін балалар келеді. Оларға Пайғамбарымыздың (с. ғ. с) ғадістерін айту арқылы қызықтырамыз. Содан кейін түсінбеген жерін сұрай бастайды. Жалықпай үйрете жүріп, тілді меңгеруге мүмкіндік береміз. Сондықтан мемлекеттік тілге деген қажеттілікті тудыру үшін адамдарға керекті нәрседен бастаған жөн. Мысалы, «Вечерний Талдықорған» газетін қала тұрғындарының бәрі алады. Өйткені, оған деген қажеттілік басым. Сол газеттің бірінші бетінде «Халықтың газеті» деп жазылып тұр. Сондай-ақ, газеттің бас редакторы «Қазақша жазуға тырысамыз», – деп уәде беріп, газетке жазды. Бірақ, уәдесін әлі орындаған жоқ. Қысқасы, халықтың қажеттілігі орыс тілінің пайдасымен шешіліп отыр. Ендеше, осындай газеттерді неліктен қазақ тілінде шағармасқа. Сонда мемлекеттік тілге деген қажеттілік артар еді.

Қазақстан Республикасы – Ата Заңымызға сәйкес, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Бүгінгі күні тәуелсіз ел болудың алғашқы қиындықтарынан абыроймен өтіп, дамыған экономикасы бар, ынтымақты ту етіп ұстаған елдердің қатарына қосылып отырмыз. Осы кезеңде әлеуметтік-саяси өмірде тілдің рөлі де арта түсуде. Десе де, бұл ретте төрт құбылamыз тең деп айту әлі де ертерек. Бір кездері тіліміздең айырылып қала жаздағанымыз шындық. Тіліміздің тамырына қан жүгіре бастағанымен ұлттық рухымыз асқақтай қоймады.

Ұлы Отан соғысының батыры Бауыржан Момышұлы журналистерге берген сұхбатында:

– Сен білесің бе? Мен майданда қан кешіп жүріп өлімнен қорықпаған едім. Бүгіндері қорқынышым көбейіп келеді. Сен қолыңды бұқ, мен айтайын. Қазір баласына бесік жырын айтатын келіндер, немересіне ертегі айтып беретін әжелер, ақыл айтып, жол көрсетер аталар азайып барады. Ал анасынан бесік жырын естімеген, әжесінен ертегі, атасының ақылын тыңдамаған бала балта берсең шаба салады, найза берсең сұға салады», – деп аз-кем үнсіз қалса керек.

Кім-көрінгеннің қолжаулығы болған өткен тарих ата тегімізді ұмыттырып қана қоймай, санамызға қазақтың қолынан дым келмейді дегенді сыналағысы келді. Осы дерттен әлі күнге құтыла алмай жүргеніміз жасырын емес. Тілді менсінбеудің түп тамыры осында. Алайда, шындық олай емес. Қазақ та ел басқарып, өркениетті өрге сүйрей алады. Оны осы санаулы жылдарда атқарған істеріміз дәлелдеп берді.

Тәубе, тәуелсіздікпен тел өскен жастарға разы боласың. Ғылым, өнер, спорт болсын табысты еңбек етіп жатқандар күн санап көбейіп келеді. Бізді барлық тығырықтан алып шығатын күш солардың қолында. Ендігі міндет – осы ұрпақтың санасын улап алмай, рухын бекемдейтін келешегіне кемел жол табуда болып тұр. Ертеңгі күні тілді де бик мәртебеге жеткізетін өне, солар.

Қызық-қызық қызық бар

Сақалдың да сақалы бар



Германиялық шаштараз Элмар Вайсер Норвегияның Тронхейм қаласында өткен сақал мен мұрт сәндеушілердің дүниежүзілік чемпионатында жеңімпаз атанды.

«Менің сақалым сәндемеген қалпында белше түседі. Ал қатер көлемдегі көтерілім қалды», - дейді жеңімпаз. Бәсекеге түскен 160 қарсыласын кейін қалдырған 47 жастағы неме сақалынан бұғының күрделі кейпін жасап, таңғалдырды. Вайсер осымен үшінші рет жеңімпаз атанып отыр. Ол 2005 жылы сақалынан Берлиндегі Бранденбург капкасын. Ал 2007 жылы Лондондағы Тауэр көпірін жасаған болатын. Конкурс екі жылда бір өткізіледі, алайда 2009 жылы Вайсер оған қатыспады. Конкурсқа қатысушылар әртүрлі 14 дәреже бойынша жарысады, соның ішінде ең жаксы әдемілеңбеген, ең жаксы сәнденген, ең жаксы еркін үлгідегі сақал... деген сияқты болып кете береді.

Пілдің пайдасы

Прага зообағы өз бюджетін ерекше сувенирлер сату арқылы толтырмақшы болды. Жақын арадан бастап, Пага зообағында пілдің қиы сатыла бастады. Зообақ жұмысшылары пілдің қиын жинап, арнайы жәшіктерге салады. Олардың әрқайсысына бір киледен қи сыяды. Бір жәшік қидың бағасы 70 крон (3,90 доллар).

Өткен демалыста зообақ қызметкерлері 200 келе піл қиын сатып, 780 доллар тапты. Сауданың қызғаны сонша, зообақ басшылығы піл қиын ендігі уақытта жұмыс күндері де сатуды ойлауда. Зообаққа келушілер піл қиының бақшалық жерлері үшін тапталмайтын тыңайтқыш екенін айтады.

Піл қиын сату идеясының авторы – зообақтың директоры Мирослав Бобек. Бір қызығы, оның тегін чех тілінен аударғанда «ки » деген мағына білдіреді.

Мұндай да болады



Қытайдың Чанъчунь қаласының үш жасар тұрғыны Дун Луннның есте сақтау қабілеті ерекше. Ол 1080 иероглифтен тұратын Конфуцийдің «Ди цзи гуй» (Балалар мен оқушыларға арналған жиыры тортінші ережесі) кітабын жатқа оқумен қатар тоқтамастан 300 санды айтып шыға алады. Мұны кез келген ересек адам да жасай алмайды. Ал Дун Луян болса, екі жарым жасынан бастап, елді таңдандырып келеді. Кішкентай вундеркиндтің шешесі бұлдіршінін сандарға үйір екенін айтады. Дун Луян ішінде саны бар бәбекterге арналған әндерді жақсы көреді.

Бір өзі мұхит бетінде



Лондонның 68 жастағы тұрғыны Жанна Сократес 14 айдың ішінде жер шарымен 40 мың шақырымнан астам жүріп, жалғыз өзі саяхат жасады. Ұлыбританиялық бұрынғы мектеп мұғалімі осы жетістікке жеткен ең кәрі саяхатшы болып отыр.Ол 2008 жылы өзінің «Нерейда» яхтасымен осы сияқты саяхат жасауға талпыныс жасаған болатын, алайда кемесі Аргентинаға жақын жерде бұзылды. Зейнеткеркейіпкердің айтуына қарағанда, ол мұны жас кездерінде саяхаттағанды жақсы көрген күйеуі Джордж үшін (ол 2003 жылы қатерлі ісіктен қайтыс болған) жасаған.

«Мен өзімнің жер бетін кемемен айналып шыққан саяхатымның аяқталуын өзімше, мұхитпен бірге атап өттім»,–дейді Жанна Сократес.

Өзіне-өзі қол жұмсау–қылмыс

Өмірін өз қолымен қимақшы болып, алайда тірі қалған адам екі жылдан бес жылға дейін түрмеде отыруға тиіс. Руанда парламентінің сенаты елдің Қылмыс кодексінің тиісті бабына өзгеріс енгізе отырып, осындай шешім қабылдады. Заң шығарушылар өміріне қол жұмсау–қылмыс және адам өлтіруге әрекет жасаумен бірдей деп санайды.

Ана сезімі алдамады



Жүктіліктің сегізінші аптасында дәрігерлер әйелге шарананың өлігі қалғанын хабарлайды. Алайда, оған сенбеген ана жүркегі басқа дәрігерге жетелейді, олар нәрестенің дін аман екендігін анықтайды.

Ирландиядағы Дублингадан қашық емес Донабэйт деген жерде тұратын Мелисса Редмонд 2009 жылы жазда екінәбат болады. Екі баласы бар, жетінші рет жүкті (төрт рет түсік тастаған) болған әйелге сегізінші аптада ультрадыбыстық зерттеуден өтуді ұсынады.

Мелисса бұл тексеруден өткен кезде шарананың өлі екендігін, сол себепті жасанды түсік жасау керектігін айтады. Операция екі күннен кейін жасалмақшы болады. Алайда Мелисса басқа да дәрігерлерге қаралады. Олар баланың аман-сау екендігін анықтайды. Жақында оның ұлы Майкл бірінші туған күнін атап өтті.

Отыз алты жастағы үй шаруасындағы әйел мен оның 44 жастағы күйеуі басқаларды өз бастарынан өткен келеңсіздіктен сақтандыру үшін орын алған оқиғаны жариялағанды жөн санады.

Әзірлеген
Жанқүміс ҚАБДОЛҚЫЗЫ.

ЖАҢА КІТАП

ӨЛЕҢІН ОҚЫП, ӨЗІҢ КӨР

Жайқоңыр. Әдебиет әлемінде өзіндік орны бар белгілі ақын. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жомарт Игіман өзінің кезекті жыр жинағын осылай атаған екен. Бұдан бұрын да «Жүздесу», «Шарайна» атты поэзиялық кітаптар авторының табиғатына тән қарапайымдылығына тәубешілдігіне тартып, дүние есіңе ашқан өлең-перзентіне осындай ат беруіне түсініктілеп қарадық.

Жүртқа ұсынып сан жылдар жинағымды,
Жүректегі сенім мен имәнымды.
Аспайтұғын арнадан болмысымның,
«Жайқоңыр» деп атадым жинағымды – деп ақынның өзі айтқандай, қандайда бір сөттері асып-таспайтын, өсіп-бөспейтін мінезіне тән осы тандауының өзі Жомарттың жан дүниесінен хабар бергендей болады.

Біз Жомарттың имандылық жолына бет бұрып, ислам негіздерін зерделеп жүргеннен бұрындары да хабардар болатынбыз. Ал кітаптағы «Жүректің сөзі» деп аталатын бөлімге толтастырылған діни тақырыптағы өлеңдерді оқығанда оның бұл мәселеге қаншалықты маңыз беретінін айқын аңғардық. Мұқағали айтқандай: «Поэзияның махаббаттан басталып, парасаттпен аяқталатынына» шүбә келтірмесек те, Жомарттың кешегі қызық-думанын бойын аулақ салып, халықтың жолын жырларына арқау етуі тосындау болғанын жасырмаймыз.

Имани тақырыпқа қалам тартқандар туралы айтқанда алдымен ауызға Қожа Ахмет Ясауидың ілімері хақ. Содан кейін ұлы Абайды да айналып өте алмаймыз. Міне, Жомарт та поэзияның осы екі пайғамбарын шамшырақ ете отырып, имандылық, ислам туралы тереңнен толғайды.

Сынаптайын бермеген жан құбыла,
Сыйлады Алла нысап, несіп құлына.
Бір кәдеңе жараса игі, жақсы дос,
Жыр боп тарап мына мендік шұғыла – дейді ол «Шұғыла» атты өлеңінде. («Жайқоңыр» 9-бет) Исламның ізгі мұраттарын, Мұхаммед ғалейсәлемнің хадистері мен Қожа Ахмет және Абай өлеңдеріндегі имандылыққа бастайтын сөздер, жекелеген жолдар Жомарттың жырларында өзге бір реңге ие болып, тереңдей түсетіндей. Жалпы, кешегі ақындардың түгелінде дерлік тән қасиет – тентек суға жақындық, бір жаратушының бар екеніне күмән келтіру бүгінгі жас қаламгерлер үшін жат болып бара жатқанын байқап жүрміз. Бұл, сөз жоқ, үлт болашағы саналатын кейінгі ұрпақты масқұнемдікке салынып, ештей азғындаудан аман сақтап қалатын құбылыс. Осы орайда, Жомарттың «Жайқоңырын» қолына тиіп, өлеңдерін оқыған екінің бірі өзіне қажетті өнегені табар болса, оны ақынның жеңісі деп есептеу керек.

Қазақ үшін өлең – қасиетті өнер дейтін болсақ, қазақ ақыны үшін өлең – өмірдің өзі. Сондықтан да ол қуанса да, қайырса да ішкі жан тебіренісін ең алдымен өлеңмен бөліседі. Шаттығымен ортақтасады, мұңын соған шағады. Өлеңмен кеңесіп, содан медет сұрайтын сәттері де аз болмайды. Мұны айтып отырған себебім, Жомарт та ақын ретінде өлеңмен жиі сырласып отырады. «Қаламымда түсінгенім, түйгенім» (25-бет) деп аталатын толғауында:

... Не жазсаң да көңілдің хошымен
Мәр боп тамған із боп қалған досым ең.
Бұл қалада пікірлесім сен барда
Жылнамаға өмір сырын көшірем

Екеумiз де жақсылыққа шөлдеппiз,
Мен айтайын, болашаққа сен жеткiз.
Бір жақсысы – адалдықтан айнымай,
Бір жақсысы – дұға жазып көрмептi, – дей келе,
Саған аян түнгі ұйқымды құрбан ғып,
Үндестік іс бірлесіп біз жыр жаздық.
Сен қаларсың, көрсе ұрпағым көлемдей.
Мен кешермін, келсе көктен бір жарық, – деп түйіндейді. Бұл жерде Жомартта «Өшеді өлең немесе көшеді өлең» деп жырланған Мұқағалимен үндестік жатқан сияқты.

Поэзия тілін өз тілі шыққаннан бері ұғып келе жатқан ақынның техникасы жайлы мақтау айтсаң көңіліне алып қалуы да ғажап емес. Сондықтан, біз Жомарттың оңтайына келетін әдебиеттің екінші бір жанры – прозаны меңгеруі жайлы айта кетейік. Себебі, «Жайқоңырдың» «Өмірдің өзі» деп аталатын екінші бөлімінде шағын өңгімелері мен ой түйіндері топтастырылыпты. Бұл өз тірлігіңіз сан қилы жолдарында кездесе беретін тосын жайларға қаламгердің көзқарасы десе де болады. «Екінші», «Шерменде», «Жалғыздақ», «Жиен апай», «Қарғыс соңы – қасірет», «Зауал» деген тақырыптардың өзі айтып тұрғандай.

Ақын Жомарт Игіманның баспадан жаңа шыққан «Жайқоңыр» атты кітабы жайлы ой толғағанда біз оны бастан-аяқ талдап беруді мақсат етпеген едік. Тек, ондағы бар дүниені көрсету арқылы оқырманға жол тартуына сеп болғымыз келген. Ендеше, жерпес қаламгердің жаңа туындысына құтты болсын айта отырып, өзі жырлағандай меңгілік ғұмыр тілейік.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ.



ЖҮРЕГІНДЕ МҰҢЫ БАР ӨТКЕННІҢ...

Мен – шынайы бақытымын, тәуелсіздік алған жылдары туылдым, еркіндікте өмір сүріп келем. Арасан ауылының тауы мен тасын, өз сай даласын жетік білетінім рас, ойын баласы кезімнен әрбір жерін аралап өстім. Кейін есейіп, бозбала шағыма келгенім де ауыл, ел тарихына деген құлшынысым арты. Көнекөз қариялардың әңгімелерін айрандай ұйып тыңдадым. Мені толғандырған мәселе – ауыл тарихы. Ұстазым Қарлығаш Нұрмұханқызына ішкі толғанысымды ағынан жарылып айтқаным сол-ақ еді, ауызынан мына бір сөз шығып, дене бойымды шымырлатып, бетімді қызартып, басымды салбыратты: «Туған ауылының тарихын білмеген бала кейін ауылының гүлдеп, өркендеуіне үлес қоса алмайды». Ертесіменақ, ауыл тарихын жинастыруға кірістім. Мені қызықтырған сондағы тарихтың құндылығы – Ұлы Отан соғысы жылдары. Соғыс – осы бір сөздің астарында терең мағына, үлкен ой жатыр. Арасанның майдан даласына аттанған азаматтардың жасы небәрі он жеті, он сегіз! Майданға кетіскен ардагерлердің көбі бақилық болған. Мен осы ғылыми жұмысты жасауда көп қиналдым. Ел тарихын білетін көнекөз қариялардың

ОЙ-ӨРІМ

Атаңнан мал қалғанша...

«Бақыт деген сенің бала күндерің» деп ақиық ақын Мұқағали жырлағандай, әрқайсымыздың балалық шақ дегенде есімізге түсер қызықты да өткенге қимас сәтіміз еске оралады. Сондай сәттің бірменің де жадымда сақталып қалыпты.

Көктем мезгілі болатын. Өкем үйдің маңына жеті түп ағаш отырғызды. Оның бесеуін бес саусақтай болған балаңыз қалғанын анам екеуіне арнады. Сөйтіп, әрқайсымыз күнделікті өзімізге арнаған ағаштың түбіне су құйып, күтетін болдық. Бір жылда әлгі ағаштар бұршақ жарып, жапырақ жайды. Ал мұқан арналып отырғызылған ағаш біразға дейін бой көтермей, қурауға шақ қалды. Оған өз басым аса мән бермегенмен, өкем оны күдде бір пәлсапалай байланақ қалды. Сөйтіп, тағы бір жылдан кейін қурауға шақ қалған ағаш жаңарған айдай қайта бой тіктеді.

Қазір өкемді арамызда жоқ болғанымен, ол отырғызған ағаштар жайнап, жайқалып тұр. Өткен күннің бір белгісіндей болған осы бір жайқалған ағаштарға қарап, мен де бір уақыт терең ой жетегінде қаламын. Сонсын іштей «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» деген сөз текстен-тек айтылмапты-ау деймін тағы да..

Әсем БАТЫРХАН,
ШЫРҒАНАҚ АУЫЛЫ,
РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.



ЕРТІК ТҰРАЛЫ

Шығармадан үзінді:

Қазақ халқының көрнекті жазушысы Ә. Нәсіпбековтың «Ертік тұралы» романы – ұлттық әдебиетіміздің ең көлемді, ең ауқымды туындыларының бірі. Романда ертік тұралы ой толғаған автор оны ұлттық ерекшелігіміздің, ұлттық мінез-құлықтың, ұлттық психологияның ең басты белгісі ретінде суреттейді. Ертік – ұлттық ұғым. Ертік – ұлттық ерекшелік. Ертік – ұлттық мінез. Ертік – ұлттық психология. Ертік – ұлттық болмыс. Ертік – ұлттық тағдыр. Ертік – ұлттық қасиет. Ертік – ұлттық қайғы. Ертік – ұлттық қуаныш. Ертік – ұлттық ұят. Ертік – ұлттық намыс. Ертік – ұлттық ар. Ертік – ұлттық ұлылық. Ертік – ұлттық кемшілік. Ертік – ұлттық қателік. Ертік – ұлттық жеңіс. Ертік – ұлттық жеңіліс. Ертік – ұлттық тарих. Ертік – ұлттық болашақ. Ертік – ұлттық бүгін. Ертік – ұлттық ертең. Ертік – ұлттық мәңгілік. Ертік – ұлттық уақыт. Ертік – ұлттық кеңістік. Ертік – ұлттық шексіздік. Ертік – ұлттық шек. Ертік – ұлттық мүмкіндік. Ертік – ұлттық шектеу. Ертік – ұлттық тыйым. Ертік – ұлттық рұқсат. Ертік – ұлттық заң. Ертік – ұлттық тәртіп. Ертік – ұлттық ережелер. Ертік – ұлттық нормалар. Ертік – ұлттық стандарттар. Ертік – ұлттық өлшемдер. Ертік – ұлттық сандар. Ертік – ұлттық әріптер. Ертік – ұлттық таңбалар. Ертік – ұлттық белгілер. Ертік – ұлттық символдар. Ертік – ұлттық кодтар. Ертік – ұлттық шифрлар. Ертік – ұлттық құпиялар. Ертік – ұлттық сырлар. Ертік – ұлттық ашылулар. Ертік – ұлттық жаңалықтар. Ертік – ұлттық ескерткіштер. Ертік – ұлттық мұралар. Ертік – ұлттық қазыналар. Ертік – ұлттық байлықтар. Ертік – ұлттық қорлар. Ертік – ұлттық қоймалар. Ертік – ұлттық сақтандырулар. Ертік – ұлттық кепілдіктер. Ертік – ұлттық қамтамасыздандырул

КӨҢІЛ ТЕРЕЗЕСІ

ТӘН САУДАСЫ

Кезінде Алматы қаласына ат басын тіреген ағайын Сайын және Сейфуллин даңғылына таңдана қарап өтуші еді. Кеш бата көше бойындағы ағаштың қалқасы мен алаңқайларда ары-бері өткен жүргіншіден сауға сұрап тұратын өрімдей қыздарға қызығудан қыпжылысымыз басымырақ қарайтынымыз анық-тұғын. Бірақ, кейінгі жылдары бұл жайсыз жағдай біраз сейілгендей болды. Айтуға ауыз бармайтын кәсіптен нәсіп іздеген сорақылықтар мұнымен тыйыла қоймады. Көшелерде қаптап тұратын «түнгі көбелектер» жасырын бизнесін жалғастырып келеді. Әлбетте, әлемнің сан-қилы мәдениеті тоғысқан алып шаһар үшін бұл таңсық емес шығар. Ал ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың қаймағы бұзылмаған елді мекендегі ұятсыздыққа не дауа?!

Жетісу
Кәжет АҢДАС

Тамырын тереңге тартып, жапырағын кең жайған үлгіні ұяттан, елді ертеннен айыратын тән саудасы бүгінде қызып тұр. Кезінде ата-бабамыз: «Қызға қырық үйден тыйым» деп мәнелеп өсірген қызын құтты орнына қондырғанша оның теріс жолға түсіп, алдауға арбалып кетпеуіне ерекше мән берген. Мұны бір ғана отбасы емес, бүкіл қауым болып қолға алған еді. Ал бүгінде мұндай тамырластық жоқ деп айта аламаймыз. Қай ата-ана перзентінің басқаның мазағына айналғанын қалайды. Бірақ, ақшақұмарлыққа арбалған қоғамның кесапатынан талекке түскен тағдырларды көріп, біліп, естіп жүргеніміз жасырын емес. Әлбетте, әлемдік экономиканың қайта түлеуі, адам санасын улайтын жат пиғылдың өршуі, жаһанданудың етек жаюы салдарынан бұрынғыдай ауыл, үйді жағалап тірлік кешетін дәуір келмеске кетті. Тірлік, кәсіп, нәпақа іздеп шет ел асып сабылатындар пайда болды. Сондай-ақ, кәсіпкерліктегі бәсекелестіктің күшеюі де ақшақұмарлық пен пендешілікті асқындырып жіберді. Біз нәбатты, иманды, пәк тірлікті армандаймыз. Десе де, «Сананы тұрмыс билейді» дегендей, арманы орта жолда ойрандалып, шарушылығы шатқаяқтаған кейбір кәсіпкерлер онай олжа көзіне жүгіретінді жасырын емес. Осының салдарынан тән саудасымен айналысу құлаққа тосын, көзге ерсі болса да өмірден орын алды. Дерек көздеріне сүйенсек, жыл сайын әлемде бірнеше миллион адам саудаланады екен. Оның алдыңғы қатарында Африка елдері тұрса, одан кейінгі орынды азиялықтар ұстайды. Мұның ішінде басым бөлігін балаларды сату жағдайы еншілесе, тән саудасымен айналысатындар 40 пайызды құрайды. Жиіктеп іздейтін болсақ, бейбіт заманда ары тапталып жүрген қыздарымыздың қатары мұнан да көп. Бұл жағдай кең етек жайып кетті. Тал түсте әлпештеп өсірген қызынан көз жазып қалған, жұмыс іздеп қалаға кеткен ұлын құлдықта жүрген жерінен тауып алып жатқан аналар саны артып келеді.

Міне, осындай жағдайды мұрындықтау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылы 2 сәуірде адам саудасына байланысты қылмыска қарсы күрес, оны болдырмау және онын алдын алу жөніндегі 2009-2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы №462 қаулысы шықты. Осыған орай, 2009 жылғы 27 шілдеде облыс әкімінің №129 қаулысына сәйкес құқық қорғау органдары және үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен бірқатар жұмыс атқарылды. Бұл шара әлі де жалғасын келеді.

Облыстық әділет департаменті мен салық комитетінің мәліметіне сүйенсек, қазіргі таңда облыс аумағында азаматтарды жұмысқа орналастыратын 12 ұйым, шет елге шығуды рәсімдейтін 152 туристік фирма тіркелген. Қатысты орындар қаламыздағы азаматтардың шетелге шығу құжаттарын рәсімдейтін Талдықорған қаласындағы «Турсервис», «Маяк», «ТОР Трауел», «Income-Finance», «Кемпинг», «Транзит-ТК» және Енбекшіқазақ ауданындағы «Фирма Мигрант» ЖШС-ін тексеру нәтижесінде фирма қызметтерінде адамдарды трафиктеу жүйесі бойынша зан бұзушылық анықталмаған. Ал 2010 жылы құқық қорғау органдары мен Талдықорған аймақтық әйелдерді қолдау орталығы өкілдері бірлесіп жүргізген «STOP-трафик» жедел алдын алу іс-шаралары барысында 8 жеңгетайлық және 2 жезөкшелікпен айналысу дерегі анықталып, қылмыстық іс қозғалды және жазаға тартылды. Сонымен қатар, өткен жылдың 11 айында адам саудасына байланысты, дәлірек айтқанда ҚР ҚК 128-бабының II тармағы бойынша (адамдарды жәбірленушіні қанағаттандыру үшін алдау, бір топ тұлға алдау арқылы алдын ала келісу бойынша жасалған) 1, ҚР ҚК 235-бабының I тармағы бойынша (ұйымдасқан қылмыстық топты құрып және басқарғаны немесе қылмыстық құрылымға қатысу) 1, ҚР ҚК 133-бабының II тармағы бойынша (жәбірленушіні кәмелетке толмағандарды сату) 1, ҚР ҚК 270-бабы бойынша (жезөкшелікке айналдыру) 2 қылмыстық іс қозғалған.

Жоғарыдағы келтірілген мәліметтерден қылмыска қарсы күрес, оны болдырмау және онын алдын алу жөніндегі 2009-2011 жылдарға арналған іс-шаралардың пәрменді түрде атқарылып жатқанын білуге болады. Тағы бір жағынан, тән саудасының өзегіндегі де етек алып бара жатқанын ұғындырады.

Күн сайын қатары көбейіп, саны артып келе жатқан қонақүй, сауна, түнгі клуб, тағы басқа демалыс орындары тән саудасын жасырын қосымша табыс көзіне айналдыруда. Адам саудалаушылардың өзіндік тәсілі, тәжірибесі бар. Олар ең алдымен жұмыссыз сенделіп жүрген немесе өзіне деген сенімін жоғалтқан, отбасында қиындығы бар немесе қалаға оқуға, жұмыс іздеп келген аңқау жастарды айналсоқтап, арбай бастайды. Сонымен қатар, жергілікті газет, интернет құралдары және ұялы телефон қызметі немесе көше бойындағы жарнама тақталарын пайдаланып, жан жылытатын хабарламалар жібереді. Тақырыпқа орай тексеріс барысында көше бойындағы жарнама тақталарын аралап жүріп мына бір жазбаға көзім түсті. Онда : « Біз сіздерді Еуропаның кез келген еліне жұмысқа орналастырамыз! Онда сіз күніне 300 доллардан ақша табасыз. Өзіңіз таңдаңыз. Англияға күтуші ретінде, Португалияға құрылысшы, ал Германияға даяшы болып жұмыс істеуге барына болады. Біздің әр жерде өз адамдарымыз бар. Сондықтан құжат реттеу бізге қиындық тудырмайды...», – деп жазылған. Расында, мұны оқығанда мен де сенің қалағанымды жасырмаймын. Алайда, осындай азғырғыш хабарламаның құрбаны болған Көркем (аты өзгертілді) атты бойжеткеннің өкінішті өмірін білген соң барып шындыққа көзім жетті. Университетті жаңадан бітірген Көркем мен құрбысы жұмыс іздеп жүріп хабарландырулардың бірінен жұмыспен қамту агенттігінің «шет елдегі ақысы жоғары жұмыс» ұсынысына көзі түседі. Көркем көрсетілген номерге хабарласады. Телефон тұтқасын көтерген адам: «Иә, бізде жақсы жұмыс өте көп», – деп жауап береді. «Ол үшін не қажет?» – деп сұраған Көркемге: «Қаласаңыз болғаны. Ақша үшін кам жеменіз, шығынды өзіміз көтереміз», деген жауап алады. Құрбысы бұл адамдардың құмәнді екенін білш, хабарласудан бас тартады. Ал жесір шешесі мен екі інісінің жағдайын ойлаған кейіпкеріміз өз күшімен ақша тауып, оларға көмектесем деген ниетке келеді. Содан кейін агенттікке хабарласып, шет елде жұмыс істеуге пейілді екендігін білдіреді. Бірақ, ол кезде торға түскенін білмей қалады. Виза мен билет бір жеттен кейін дайын болады. Көркем мен тағы екі қыз даяшы болып жұмыс істеуге шет елге жол тартады. Алдымен поездбен жолға шыққан қыздарға жолсерік өздері баратын елде жоғары білімнің керегі жоқтығын тіпті, шет тілін білмесе де бола беретінін айтып сендіреді. Алайда, шекарага жеткей олар поездан түседі. Сол жерде оларды күтіп тұрған кәліктерге бөлін орналастырып, жанжаққа экетеді. Ақыры шет елге емес еліміздің белгілі бір қаласындағы конакүйге күтуші болып жұмысқа тұрады. Алайда, бұл тек ауызша айтылған міндет еді. Іс жүзінде жезөкшелікке салады. Күніне канша клиент қабылдаса да, оның қолына бір теңге ұстатпайды. Қайта, басқалармен тіздесуге, телефон шалуға тыйым салады. Егер сенікті жағдайы байқалып қалса туыстарының өміріне қауіп төнетінін ескертіп, қорқытады. Өлімші ету соққыға жыққан күндері де аз болмаған. Кейін оған қонақүйдің тазалығына жауапты бір әйел көмектесіп, құрбысына хабар береді. Құрбысы ата-анасына, ал олар полицияға мәлімдейді. Құқық қорғау органдарының араласуымен Көркем үш жылдан кейін ауылына оралды.

Осыдан біз бүгінгі таңдағы жезөкшеліктің салдары жұмыссыздық екенін білеміз. Алайда, терт тұлғі сай адам да кейде торға түсіп жатады. Бірақ, біздің ендігі кейіпкеріміз аңғарымпаздығының арқасында өмірін қорлаудан аман алып қалған еді. Сұлу есімді қыз шетелдік жігітке тұрмысқа шығуды армандайтын. Оның ойынша, өзге елдің жігіті жерлестеріне қарағанда мейірімді әрі келбетті болып сезілетін. Алайда, оның шет елге шығуға мүмкіндігі жоқ еді. Содан кейін неке агенттіктеріне жұмыс істейтін Қымбаттың екі баласы бар. Күйеуі болса жұмыссыз. Жарымағы жалақысы отбасының ішіп-жемінен арыға аспайды. Сондықтан Қымбат ыңғайы келгенде жезөкшеліктен айналысады екен. Кірісі де жаман емес. Кейде күніне долларлап табыс табатын көрінеді.

Мен одан:

– Күйеуіңіз бұл ісіңізді біле ме? – деп сұрадым.

– Біледі, – дейді ол қиналмай.

– Ойланыңыз, сіз анасыз ғой. Ұрпақ тәрбиелеп отырсыз. Бұл ісіңіз олардың келешегіне кесірін тигізбей ме? – дедім тағы да.

– Мына қоғамда ақшасы жоқтықтан өзге қиындық бар ма? Адамдарда ар қалған жоқ. Бір жерге жан дайындап айтып бара қалсаң бәрі алдымен қалтаңа, одан кейін өтегіңе қол салады. Үлкеннен ұят, кішіден ізет кеткелі қашан. Баланы дұрыстап оқыта алмасаң, арманыңа жеткізе алмасаң, алаңсыз өмір сүретін жолға сала алмасаң олар да ертең осындай дас кәсіптен нәпақа табу жолына түспейтініне кім кепіл? Мен қайта соз балаларымды арын сатудан сақтау үшін осы кадамға барып отырмын, – деді.

Осыған ұқсас жауапты конакүй мен саунада нәпака табатын өрімдей қыздардың да аузынан естідім.

Түнгі клубта дәшпі болып жұмыс істейтін студент қыз:

– Басында мені халық бизнесіне деп жұмысқа алған еді. Кейін жалақыны өзім білетіндей керек болып шықты. Бізден міндетімізге сондай-ақ, келушілердің жанына отырып, қымбат тағам мен ішімдіктерді алғыту керектігі талқыланды. Тіпті, клиентке жезөкшелік қызмет керек болса, біз оған қарсы тұрмауға тиіспіз, – десе, сауна жағалаған бойжеткен:

– Қожайындар бізге мен сенің жұмысқа алдым. Бәрін мен айтқандай істеуің керек. Есіне сақта, менің үстімнен шағымданушы болма. Бардық жерде байланысым бар. Сондықтан бір ағаттық жіберсең өзіңді де, отбасыңды да қиын жағдайға қалдыресың деп қорқытады, – дейді.

Бір кітапқа жүк болатын осындай жағдайды бүгінде канша қызның бастан кешіріп жүргенін деп басып айта алмаймын. Дәл қазірдің өзінде әлдекімнің алдауға түсіп жатпасына кім кепіл? Өткенде еңбек демалысымен Қытайға қонаққа бара жатқанымда шекарада Үрімші қаласында шаштараз болып жұмыс істейтін ресейлік Наташа есімді қызбен таныстым. Қытайша мен қазақшаны кәдімгідей үйренін алған

– Қытайда шаштараз болып жұмыс істеуге инеттті қыздарды алып барамын, – деп таныстырды өзін. Қасында жүзі албырағаң қаракөз қыздарымыз да бар. Мүмкін, Наташа рас айтып тұрған шығар. Бірақ, оның ойнақтаған көзі, жылпып тұрған мінезі маған ұнамады. Бір жайсыздықты ішім сезіс де тексеруші емеспін ғой. Ал балауса қыздардың алдында қандай тағдырдың күтіп тұрғанын бір Алла ғана біледі. Мұнда айтайын дегенім, біз қанша мәлімметті келтіріп, тән саудасының орын алып отырғанын ашына айтпық десек те, зан әлі де мұндай кәсіптің жолын кесуге дәрменсіз екенін жасыра алмаймын. Күн сайын Наташаларға еріп, жалған байлыкка мастанып, шекара асып жатқан қыздар қанша?! Оны тексеріп, түгендеген адамды кәзірше кездіктірмедім.

Халкымызда: «Қызға қырық үйдең тыйым болмаса қарақазан» деген қағида бар. Оның мәнісі – тілге көнбеген қызға қазаннын күйесін жағып, бойжеткендерді алжастырған жігіттің мойнына құрым ілін, елді дұрыстап, ағаттық жіберсе, ұятсыздыққа жол ашылады. Бір күні әлгі клубқа мен де кірдім. Кірсем, бір қатарда 20 шақты компьютер орналасыпты. Осындай қатардан тәртеуі бар екен. Клубтың ішінде отырғандардың дені өңшең жастар. Мен де ақшамды төлеп компьютердің біріне жайғастым. Ешкім-ешкіммен шаруасы жоқ. Бәрінің көздері тек мониторда. Біреулері атыс-шабысқа толы ойын ойнап жатыр, енді біреулері «майл. ру агент» арқылы хат алмасып отыр. Жаңағы ауладан көрінбей кеткен көрші балалардың бәрі осында екен. Ғимараттың ішіндегі ауа адамды тұншықтырады. Тынысың тарылады. Шыдамым таусылған соң, үйге қайтып кеттім. Түннің бір уағында қайта кірсем, менімен бірге кірген балалар тапжылмай әлі отыр. Осыншама уақыт экранға телміріп отыруды мен өз басым бірінші рет көруім. Олар басқа кеңістікке кіріп кеткендей. Виртуалды әлем деген осы екен ғой дедім ішімнен...

Жалпы, интернет деген сөз «байланысқан желілер» деген мағынаны білдіреді. Оның шығу тарихы былай екен. XX ғасырдың 50 жылдарының соңына қарай АҚШ-тың алдыңғы қатарлы әскери зерттеулер агенттігі соғыс бола қалған жағдайда жылдам ақпарат алмасатын желінің қажет екендігін айтып, компьютерлер желісін құру жайлы ұсыныс жасайды. Сөйтіп төрт мекеме бірігіп алғаш рет ARPANET желісін жасап шығарады. 1983 жылы аталмыш желі қарыштап дамып, оны енді INTERNET атауымен алмастыру орын алады. Ары қарай интернет желісі бүкіл әлеммен байланысуға жол ашады. 2008 жылғы статистика бойынша әлем халқының төрттен бірі интернетті пайдаланады екен. Ол дегеніңіз 1,5 миллиард адамды құрайды. Әрине, интернеттің пайдасы адамзат үшін үшан-теңіз. Қазір қай саланы алмасақ та интернет желісіне қосылған. Бір сөзбен айтқанда қазіргі таңда интернетсіз жұмыс істеу мүмкін болмай қалды. Телекоммуникация және IT саласында зерттеумен айналысатын ICT-Marketing төуелсіз компаниясының мәліметінше, өткен жылдың аяғында Қазақстандағы интернет тұтынушылардың үзын-саны 3,16 миллионға жетіпті. Яғни, халқымыздың 20 пайызға жуығының интернетке шығуға мүмкіндігі бар деген сөз.

Соңғы жылдары елімізде ресейлік Mail.ru бағдарламасын тұтынушылар қатары артып келеді. М-агент – бұл ТМД аумағындағы ең жылдам хабар алмасу бағдарламасы. Статистикалық деректерге жүгінсек, бұл бағдарламаны айына 9 миллион пайдаланушы тұтынып, бір уақытта 2 миллионнан аса адам қосылып отырады екен. Әрі ыңғайлы, әрі арзан қатынас құралын еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін тұтыну үрдісі қалыптасты. Десек те, адамзаттың ортақ игілігіне айналып үлгерген интернеттің пайдасымен қоса, зиян тұстары да жоқ емес екенине көзіміз енді жете бастағандай.

Жасыратыны жоқ, қазіргі таңда компьютерге немесе ұялы телефонға телміріп отыратын жастардың саны күн санап көбеюде. Қазір ұялы байланыс шалғай ауылдардың өзінде қызмет көрсететін болды. Бірде көптен көріспеген танысыммен кездесіп қалдым. Демалыс уақытын ауылда өткізіпті.

– Мына компьютер, ұялы телефон дегенің бәле болды. Қатарынан қалмасын деп мен де балама сатып алып берген едім.



Енді одан құтылудың жолын іздеп жүрмін. Балам үйден шықпайтын «ауруға» ұшырады. Содан не керек, үйде компьютер ұстамайтын болдық. Ұялы телефонын алып алайын десең, қалада онсыз жүре алмайсың. Ең болмаса жазғы демалысын таза ауада, далада доп теуіп, асық ойнасын деген оймен ауылға апарғам. Сөйтсем, ауылда да осы тірлік. Ағайынның баласы да компьютердің алдынан түспейді екен. Не істеуге болады, – деп шарасыздық танытты.

Өкінішке орай, бұл шындық болып отыр. Мектеп оқушылары түгелдерлік ұялы телефон байланысын қолданады десек, артық айтқандық емес.

– Қазір мектепте сабақ тыңдамай, бір-бірімен сөйлесетін Есесіне, бәрі де ұялы телефоны арқылы хат жазысып отырады. Үнсіздік орын алған. Сабақ сұрасаң, кіріп кеткен әлемінен екі-үш рет ескерту алып әрең шығады. Айтып жатқан сабағында жұмысы жоқ. Сондықтан да, мектеп оқушыларына мынадай талап қойған жөн шығар деп ойлаймын. Сабақ басталмас бұрын әр оқушы ұялы телефонын өшіріп, мұғалімнің үстелінің тартпасына салып қойса. Сабақ аяқталғаннан кейін қайта алса дұрыс болар еді, – дейді мұғалім ағаймен осы туралы әңгімелескенде. Бұл кісінің де айтып отырған сөзінің жаны бар сияқты. Осы талапты мектеп басшылары назарына алса нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

Жастар арасында «майл.ру» агент арқылы танысу көбейіп барады. Жарайды, танысқанда тұрған не бар деп ойлайсыз. Бірақ, жені жоқ бетін көрмеген, жүзбе-жүз кездеспеген адаммен бір жыл, екі жыл бойы хат алмасып отыру кейде құлаққа кірмейді. Тіпті, кейбір жастар бірбірімен тек «агент» арқылы танысып, үйленіп отбасын құрғандар да кездесіп қалып жатады. Бірақ, олардың ары қарайғы отбасылық өмірі, өкінішке орай, ұзаққа бармайды екен. Және бір мынадай жаңтүршігерлік оқиғаны естігенде жағамызды ұстағанымыз бар. Мектеп жасындағы қыздармен хат арқылы танысып, әдемі-әдемі сөздермен арбап кездесуге шақырып, оның арты жаныстық қатынасқа итермелейтін айуандық әрекеттері әшкереленді. Міне, өзінің ішкі сырын танымайтын, өмірінде бет жүзін көрмеген адамға айтудың арты неге апарып соғуда. Агенттегі танысқан «жаңа досың» оның «әлеміндегі» көрініп тұрған суретінен мүлде басқа болуы мүмкін. Ол жақ бұл діршіндермен өзі қатарлас болып өңгімелесе берсе де өз еркі. Оны ешкім біліп жатқан жоқ. Сондықтан да, агент арқылы кім көрінгенмен танысудың салдары қайғылы жағдайларменаяқталып жататынын естен шығармасақ дейміз. Әсіресе, мектеп жасындағы жасөспірімдер үшін бұл дегеніңіз өте қауіпті болып отыр. Адам ұрлау да осы агент арқылы іске асып жатқаны жасырын емес. Сонымен қатар, интернет арқылы шет мемлекеттермен хабарласып, сөйлесу ақысын төлегенде ата-анасын қарызға белшесінен батырған оқиғалар орын алуда. Тіпті, компьютердегі ойындардан жеңіліс тауып, сағы сынған балалар өздеріне-өздері қол жұмсаулары кездеседі. Айта берсе, мұндай жаңтүршігерлік оқиғалар аз емес.

Психологтардың айтуынша, компьютерде күнін өткізген адамдар өзін қоршаған ортадан оқшауланып қалатын көрінеді. Оның мінезі де, адамдармен көзбе көз сөйлесу мәнері де бірте-бірте бұзыла бастайды. Томаға-тұйық қалыппен, өзімен-өзі қалғысы келіп тұратынды дағдыға айналдырады. Бұл айтылған сөздердің де жаны бар. Өйткені, өзім көрген талы бір көріністі айтпасқа болмай отыр. Компьютеріме бір бағдарлама керек болып, танысыма хабарластым. Өлөзі ақсы білетін компьютершіге апаратын болды. Сөйтіп екеуміз жаңағы компьютердің маманы деген жігіттің үйіне бардық. Үйдің есігін анасы ашып, баласы отырған бөлмеге қарай алып жүрді. Бөлмеге кіріп қалып едік, терезелері қап-қара пердемен жабылған, қараңғы бөлмеге ендік те кеттік. Орындығынан бізге қарай бұрылғаны сол еді, жүрегім дір ете қалды. Беті өлген адам сияқты қуарып кеткен. Сүп-сүр. Өзі дұрыстап сөйлесе алмайды екен. Сұрағына ғана жауап береді. Артық сөзі жоқ. Кәдімгі робот секілді. Жан-жағында тау болып үйілп жатқан дискілер. Міне, компьютерде шамадан тыс көп отыру адамның түріне де, мінезіне де кері өзгеріс алып келетініне осылайша көзім жетті.

Компьютерде көп отыру адам денсаулығына зиянды екенін ғалымдар мойындап отыр. Сондықтан да, компьютермен жұмыс жасайтын әр адам жарты сағат сайын үзіліс жасырылап, таза ауада жүріп қайтқаны жөн. Бір орында ұзақ уақыт қозғалмай отыру –омыртқаға кері әсер ететіні белгілі дүние. Осыдан барып омыртқаның қисаюы, ерлер арасында бүйрығының ауруы көп пайда болады екен. Сонымен қатар, монитордан шыққан сәулелер балалар арасында қыликездікке душар ететіні де дәлелденіп отыр. Ғалымдар компьютер алдында ұзақ отырған балалардың миына түскен салмақ операция жасап жатқан хирургтің миына түсетін сал- мақпен бірдей екенін айтады. Яғни, бала стреске жиі ұшырайды. Уақытында тамақ ішпеу де асқорыту мүшелеріне кері әсерін тигізетіні анық. Айта берсе, компьютерді дұрыс пайдаланбаудың салдарынан туындайтын зиянды нәрселер шаш етектен.

Әрине, әуел баста компьютер, интернет желісін, майл.ру агент сияқты бағдарламаларды адамдар өздеріне зиян келтіру үшін шығармағаны белгілі. Олардың пайдасы да өте зор. Әр нәрсенің өз орны бар екенін кейде біз ұмытып кететініміз бар. Әр нәрсенің шегі бар екенін біле тұра кейде шектен шығып жататынымыз да сондықтан. Оны пайдаланудың да өзіне тән мәдениеті болады. Көбіне ата-аналар балаларымыз қатарынан қалмасын деп оларға компьютер де, ұялы телефон алеріп, құралақан қалдырмайды. Ол да дұрыс шығар. Компьютерді үйрену – қазіргі заман талабы. Бірақ, баланы бақылаусыз интернетке отырғызудың арты орға жығатынын ата-аналар ұмытпағаны абзал. Әсіресе, оң-солын әлі ажырата алмаған мектептегі баланың компьютерді, ұялы телефонды дұрыс қолдану ережесін үнемі құлағына құйып отырудың еш артықшылығы жоқ. «Жақсысын үйреніп, жаманынан жиренетін» етіп тәрбиелесек қана интернет бізге зор мүмкіндіктерге жол ашатыны сөзсіз.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ГАДЖЕТ ТАМТЫҚ

немесе компьютерді кім қалай пайдаланып жүр?

Жетісу
Болат МӘЖИТ

Бұл тақырыпты қозғамас бұрын ең алдымен өзім куә болған оқиғаларға тоқталып өтейін. Мен Алматы қаласындағы көп қабатты үйлердің бірінде тұрамын. Бір-екі жылдың жүзі болды, біздің көшенің бойындағы үйдің бірінші қабатында бір ғимарат орын тепті. Маңдайшасында «интернет клуб» деген жазуы бар. Күнде таңертеңгісін автокөлігімді қоятын тұраққа осы жолмен барамын. Сонда байқағаным, алгі клубтан екі көздері қызарып, есінен шығып келе жатқан жастарды көзің шалады. Ол ол ма, кешкісін үйіңе қайтар жолда «аға, жүз теңге беріп тұрыңызшы» деп «қайыр» сұраған балаларды кездестіресің. Мұндай клубтар қазір тым жиілеп кетті.

Екінші таңғалған жайттың бірі, бұрындары ауладан мектеп оқушыларының ойнап-күліп жүргенін жиі көретінмін. Қазір солардың бірін де жолықтырмайсың. Көрші тұратын Саша да, Бауыржан да, Алихан да көрінбей кетті.

Үшінші бір тап болған оқиға дәл көшенің ортасында орын алды. Көлігіммен келе жатқан мен жолдың шетімен емес, ортасымен кетіп бара жатқан жас баланы байқадым. Алыстан бірекі рет белгі беріп едім, маған бұрылып та қараған жоқ. Е, мылқау бала екен ғой деп жолдың шетімен жүріп қасына барып тоқтадым. Сөйтсем, ол баланың екі көзі ұялы телефонда екен. Басқа бір әлемде жүргендей. «Машинаның астына түсіп өлгелі жүрсің бе», – деп едім, «Кешіріңіз аға, байқамай қалдым», – деп жүзін маған қаратқаны сол еді, таңғалып қалдым. Көрші үйдің баласы.

Осы оқиғалардан кейін мені ғаламторға байланған жастар туралы ой мазалады. Бір күні әлгі клубқа мен де кірдім. Кірсем, бір қатарда 20 шақты компьютер орналасыпты. Осындай қатардан тәртеуі бар екен. Клубтың ішінде отырғандардың дені өңшең жастар. Мен де ақшамды төлеп компьютердің біріне жайғастым. Ешкім-ешкіммен шаруасы жоқ. Бәрінің көздері тек мониторда. Біреулері атыс-шабысқа толы ойын ойнап жатыр, енді біреулері «майл. ру агент» арқылы хат алмасып отыр. Жаңағы ауладан көрінбей кеткен көрші балалардың бәрі осында екен. Ғимараттың ішіндегі ауа адамды тұншықтырады. Тынысың тарылады. Шыдамым таусылған соң, үйге қайтып кеттім. Түннің бір уағында қайта кірсем, менімен бірге кірген балалар тапжылмай әлі отыр. Осыншама уақыт экранға телміріп отырудың мен өз басым бірінші рет көруім. Олар басқа кеңістікке кіріп кеткендей. Виртуалды әлем деген осы екен ғой дедім ішімнен...

Жалпы, интернет деген сөз «байланысқан желілер» деген мағынаны білдіреді. Оның шығу тарихы былай екен. XX ғасырдың 50 жылдарының соңына қарай АҚШ-тың алдыңғы қатарлы әскери зерттеулер агенттігі соғыс бола қалған жағдайда жылдам ақпарат алмасатын желінің қажет екендігін айтып, компьютерлер желісін құру жайлы ұсыныс жасайды. Сөйтіп төрт мекеме бірігіп алғаш рет ARPANET желісін жасап шығарады. 1983 жылы аталмыш желі қарыштап дамып, оны енді INTERNET атауымен алмастыру орын алады. Ары қарай интернет желісі бүкіл әлеммен байланысуға жол ашады. 2008 жылғы статистика бойынша әлем халқының төрттен бірі интернетті пайдаланады екен. Ол дегеніңіз 1,5 миллиард адамды құрайды. Әрине, интернеттің пайдасы адамзат үшін үшан-теңіз. Қазір қай саланы алмасақ та интернет желісіне қосылған. Бір сөзбен айтқанда қазіргі таңда интернетсіз жұмыс істеу мүмкін болмай қалды. Телекоммуникация және IT саласында зерттеумен айналысатын ICT-Marketing төуелсіз компаниясының мәліметінше, өткен жылдың аяғында Қазақстандағы интернет тұтынушылардың үзын-саны 3,16 миллионға жетіпті. Яғни, халқымыздың 20 пайызға жуығының интернетке шығуға мүмкіндігі бар деген сөз.

Соңғы жылдары елімізде ресейлік Mail.ru бағдарламасын тұтынушылар қатары артып келеді. М-агент – бұл ТМД аумағындағы ең жылдам хабар алмасу бағдарламасы. Статистикалық деректерге жүгінсек, бұл бағдарламаны айына 9 миллион пайдаланушы тұтынып, бір уақытта 2 миллионнан аса адам қосылып отырады екен. Әрі ыңғайлы, әрі арзан қатынас құралын еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін тұтыну үрдісі қалыптасты. Десек те, адамзаттың ортақ игілігіне айналып үлгерген интернеттің пайдасымен қоса, зиян тұстары да жоқ емес екенине көзіміз енді жете бастағандай.

Жасыратыны жоқ, қазіргі таңда компьютерге немесе ұялы телефонға телміріп отыратын жастардың саны күн санап көбеюде. Қазір ұялы байланыс шалғай ауылдардың өзінде қызмет көрсететін болды. Бірде көптен көріспеген танысыммен кездесіп қалдым. Демалыс уақытын ауылда өткізіпті.

– Мына компьютер, ұялы телефон дегенің бәле болды. Қатарынан қалмасын деп мен де балама сатып алып берген едім.

Енді одан құтылудың жолын іздеп жүрмін. Балам үйден шықпайтын «ауруға» ұшырады. Содан не керек, үйде компьютер ұстамайтын болдық. Ұялы телефонын алып алайын десең, қалада онсыз жүре алмайсың. Ең болмаса жазғы демалысын таза ауада, далада доп теуіп, асық ойнасын деген оймен ауылға апарғам. Сөйтсем, ауылда да осы тірлік. Ағайынның баласы да компьютердің алдынан түспейді екен. Не істеуге болады, – деп шарасыздық танытты.

Өкінішке орай, бұл шындық болып отыр. Мектеп оқушылары түгелдерлік ұялы телефон байланысын қолданады десек, артық айтқандық емес.

– Қазір мектепте сабақ тыңдамай, бір-бірімен сөйлесетін Есесіне, бәрі де ұялы телефоны арқылы хат жазысып отырады. Үнсіздік орын алған. Сабақ сұрасаң, кіріп кеткен әлемінен екі-үш рет ескерту алып әрең шығады. Айтып жатқан сабағында жұмысы жоқ. Сондықтан да, мектеп оқушыларына мынадай талап қойған жөн шығар деп ойлаймын. Сабақ басталмас бұрын әр оқушы ұялы телефонын өшіріп, мұғалімнің үстелінің тартпасына салып қойса. Сабақ аяқталғаннан кейін қайта алса дұрыс болар еді, – дейді мұғалім ағаймен осы туралы әңгімелескенде. Бұл кісінің де айтып отырған сөзінің жаны бар сияқты. Осы талапты мектеп басшылары назарына алса нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

Жастар арасында «майл.ру» агент арқылы танысу көбейіп барады. Жарайды, танысқанда тұрған не бар деп ойлайсыз. Бірақ, жені жоқ бетін көрмеген, жүзбе-жүз кездеспеген адаммен бір жыл, екі жыл бойы хат алмасып отыру кейде құлаққа кірмейді. Тіпті, кейбір жастар бірбірімен тек «агент» арқылы танысып, үйленіп отбасын құрғандар да кездесіп қалып жатады. Бірақ, олардың ары қарайғы отбасылық өмірі, өкінішке орай, ұзаққа бармайды екен. Және бір мынадай жаңтүршігерлік оқиғаны естігенде жағамызды ұстағанымыз бар. Мектеп жасындағы қыздармен хат арқылы танысып, әдемі-әдемі сөздермен арбап кездесуге шақырып, оның арты жаныстық қатынасқа итермелейтін айуандық әрекеттері әшкереленді. Міне, өзінің ішкі сырын танымайтын, өмірінде бет жүзін көрмеген адамға айтудың арты неге апарып соғуда. Агенттегі танысқан «жаңа досың» оның «әлеміндегі» көрініп тұрған суретінен мүлде басқа болуы мүмкін. Ол жақ бұл діршіндермен өзі қатарлас болып өңгімелесе берсе де өз еркі. Оны ешкім біліп жатқан жоқ. Сондықтан да, агент арқылы кім көрінгенмен танысудың салдары қайғылы жағдайларменаяқталып жататынын естен шығармасақ дейміз. Әсіресе, мектеп жасындағы жасөспірімдер үшін бұл дегеніңіз өте қауіпті болып отыр. Адам ұрлау да осы агент арқылы іске асып жатқаны жасырын емес. Сонымен қатар, интернет арқылы шет мемлекеттермен хабарласып, сөйлесу ақысын төлегенде ата-анасын қарызға белшесінен батырған оқиғалар орын алуда. Тіпті, компьютердегі ойындардан жеңіліс тауып, сағы сынған балалар өздеріне-өздері қол жұмсаулары кездеседі. Айта берсе, мұндай жаңтүршігерлік оқиғалар аз емес.

Психологтардың айтуынша, компьютерде күнін өткізген адамдар өзін қоршаған ортадан оқшауланып қалатын көрінеді. Оның мінезі де, адамдармен көзбе көз сөйлесу мәнері де бірте-бірте бұзыла бастайды. Томаға-тұйық қалыппен, өзімен-өзі қалғысы келіп тұратынды дағдыға айналдырады. Бұл айтылған сөздердің де жаны бар. Өйткені, өзім көрген талы бір көріністі айтпасқа болмай отыр. Компьютеріме бір бағдарлама керек болып, танысыма хабарластым. Өлөзі ақсы білетін компьютершіге апаратын болды. Сөйтіп екеуміз жаңағы компьютердің маманы деген жігіттің үйіне бардық. Үйдің есігін анасы ашып, баласы отырған бөлмеге қарай алып жүрді. Бөлмеге кіріп қалып едік, терезелері қап-қара пердемен жабылған, қараңғы бөлмеге ендік те кеттік. Орындығынан бізге қарай бұрылғаны сол еді, жүрегім дір ете қалды. Беті өлген адам сияқты қуарып кеткен. Сүп-сүр. Өзі дұрыстап сөйлесе алмайды екен. Сұрағына ғана жауап береді. Артық сөзі жоқ. Кәдімгі робот секілді. Жан-жағында тау болып үйілп жатқан дискілер. Міне, компьютерде шамадан тыс көп отыру адамның түріне де, мінезіне де кері өзгеріс алып келетініне осылайша көзім жетті.

Компьютерде көп отыру адам денсаулығына зиянды екенін ғалымдар мойындап отыр. Сондықтан да, компьютермен жұмыс жасайтын әр адам жарты сағат сайын үзіліс жасырылап, таза ауада жүріп қайтқаны жөн. Бір орында ұзақ уақыт қозғалмай отыру –омыртқаға кері әсер ететіні белгілі дүние. Осыдан барып омыртқаның қисаюы, ерлер арасында бүйрығының ауруы көп пайда болады екен. Сонымен қатар, монитордан шыққан сәулелер балалар арасында қыликездікке душар ететіні де дәлелденіп отыр. Ғалымдар компьютер алдында ұзақ отырған балалардың миына түскен салмақ операция жасап жатқан хирургтің миына түсетін сал- мақпен б

ЗАМАНДАС КЕЛБЕТІ



Мемлекет, қоғам қайраткері, үлкен ақынымыз Олжас Сүлейменов: «Менің толқыным жас пен жалынға шомылды, оның белгілері шектен шығады. Өлі біраз тыныштық болмайды, жүрек өділдік алаңында дүрсілдейді. Менің толқыным – жер бетіндегі «тыртықтай», – деуінің астарында терең сыр жатыр. Сол жас пен жалынға шомылған, ата-ана мен жерірдің жүрегіне жазылмас, «тыртығын» қалдырған XX ғасырдың отызыншы-қырқыншы жылдардағы желкілдеген жас құрақ сәбилік, балалық шағын аямай таптап, өртеп өтті. «Ұстаз болу – жүректің батырлығы, ұстаз болу – сөзімнің ақындығы, ұстаз болу – мінездің күншуағы, ұстаз болу – адамның асылдығы» (Ғ. Қайырбеков) демекші, бұл қатарда білімді, білікті, күрескер, табанды, патриот, іскер, енерлі, жомарт, техника тіліне де, әлем тіліне де жетік ғалымдар мен ұстаздар жетерлік. Соның бірі филология ғылымдарының докторы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің профессоры, академик Тұрсын Сыдық та 70 деген белеске жетіпті. Жетпіс жасқа келу бар да, оған қалай келудің өз құпиясы болады. Осыған орай, Тұрсын ағаны өңгімеге тартқан едік.

– Тұрсын ағa, жетпіс деген белеске сергек, сезімтал қалпыңызбен жеттіңіз. Десе де, жастар жағы сіздің сол бойыңе қалай жеткеніңізді өзіе бермейді. Бұл тұста мені жастардың көкейінде жүрген «Бала Тұрсын кемел Тұрсынға қалай айналды екен», – деген сұрақ ойландырып отыр. Мұны өзіңіздің ауызыңыздан естісек.

– Адамды жан тереңдігі, ой кемелдігі жетілдіреді. Жүрегі жомарт, көзірек кең өткір, кемшілікке төзімсіз, жаксылықты, ізгілікті сүйіпе ерін, елжіреп, кісілікті көрсе, сүйсінін тұрғы – оның жасына жетпей өмірдің ашы дәмін ертерек татуына қатысты. Біз жұмыр жерлің үштен екісін шарлыған, 90 миллионнан (Англия ғалымдарының есебі бойынша) астам адамды жұтқан екінші дүниежүзілік согыстың алапат зұмұртпалығын бесіктен белі шыққай жатып басынан кешкен ұрпақпыз. Сондықтан тез есейіп, төңірегімізге балалық оймен емес, ағалық көзбен қарап, құлын шағында тайлың, тай шағында тарланның қамытын киюге мәжбүр болдық. Қолымызды жетпеп демейтін, қалтамызды қаржатпен сыкап, білім, өнер жолына шығарып салатын ата майдан даласынан оралмадық.

«Менің азабын тартсаң, соның рахатын көресің», – демей ме? Бізділ «толқынға», ұрпаққа өмір, қатал тағдыр ұғынған дарыған.

Қиналып жүрсек те, мектептен алған білім бойымызға әдебиетке деген құштарлықтың отын жақты. Сол от ҚазПИ-те жеткен экеді. Институттан өзім таңдаған қазақ тілі, әдебиеті мен тарих мамандығын меңгеріп, академик Қажым Жұмалиев, Серік Қирабаев, Х. Әділгереев, Нұржамал Оралбаева, Совет Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиндерден тәлім алдым. Институт қабырғасында жүргенде Қ. Жұмалиевтің сәт сапар түлеуімен «Коммунизм таңы» («Жетісу») газетінде суретімнен бір топ өлеңім, «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз» журналдарында туындыларым жарық көрді. Сол тұста талантты сыншы, жазушы, Аскар Сүлейменов «Жұлдыз» журналының сын бөлімінде меңгеруші болып қызметке тұрды да, сол талаптерімнің ұсынысы бойынша жазушы Қаратай Құттығабаевтың «Сыр көктемі» повестер жинағын сынаған «Мезгілсіз көктем» атты көлемді макалам «Жұлдыз» журналында басылып шықты. Осыдан кейін белелім күрт көтерілін, бұл саланың белдеуіне ат байладым.

Академик Қ. Жұмалиев мені институтты бітірер кезде аспирантураға алып қалмақты болды. Алайда, отбасының жағдайына байланысты ұстазымның шешімін бұзуыма тура келіп, мектепке ұстаз болып оралдым. Қызыл дипломмен іске кіріскендіктен қызметім тез жоғарылады. Бірақ академик Қ. Жұмалиев қайтыс болып кеткенімен, оның орнына кафедра меңгерушісі болып қалған профессор Серік Қирабаев ағамыз әуелдағы бар мансабымды тастап, аспирантураға түсіп, ғылымның шырағын жағуды талап етті. Аспирантураға баруға жиналып жүрген мені ауылдық партия комитетінің «Үсемұнан қызметке келмеді», – деп қысымшылық көрсеткені де жанға батты. Алайда, колхоз төрағасы Нұрболат Түшкенов пен ауылдық партия комитетінің бірінші хатшысы Кенес Жанылбаев кен қолдау танытты. Егер ол да ғылым кандидаты, сұғымда, мәрт Кенес ағамыз ақ батасын беріп, Нұрболат ағамыз ұлықлай еркін ұстап, отбасына жағдай жасамаса, академик Серік Қирабаев көкемізбен ұсынысы он шешімін таппай, ғылымдағы жолымның кесілері анық еді. Ал Зейнолла Кабдолов ағамыздың шығармашылығын талдауға арнаған мақаламды оқып, Сәуле апамыздың көнине мекіреніп, «айналайын!» деп мандайымнан нискегені әлі күнге жадымнан өшпейді.

Жақсылы, ақтықтары, ұшыра мен өмір жолы бұйырмаса, тайғанақ сүрлеумен ғылым ақтарын ормелеп, кемел ғалымға айналмасақ, құза құлармыз анық. Иә, әділдік, ізгілік, турашылықтың мерей үстем жерде сақ, осу бар. Бізден ағаларымыз таланттарды құшағына тартып, ғылымды сәулаға салғандарын кешпеген. Даналық сабағы соны ұқтырады.

– Кезінде Алматыда, қазақ жазғы оқу орындарының қара шаңырағы Абай атындағы УПУ-да ширек ғасыр еңбек етіп, ғылыми дәрежелер мен атақтарды алдыңыз. Кейіннен облыс орталығы Талдықорғандағы университетке ауысып келдіңіз. Басқалар ірі қалаларды жағалап, Алматы, Астанадан орныкты орын ілген жүргенде сіздің осындай байламға келуіңізге не себеп болды екен?

– Мен Абай атындағы ҚазПИ-дің аспирантурасына бұрынғы Талдықорған облысының Қапал ауданындағы «Көшкентал» орта мектебінде директор болып істеп жүргенде кеттім. 1978 жылы кандидаттық диссертациямды қорғасымен институт еншайда жібермей, өзінде қалдырды. Екі рет үй берді, докторлық диссертациямды сонда жүріп қорғап, профессорлық атақты да сонда алдым. Кенес өкіметі құлады. Тәуелсіздігімізге қолымыз жетті. Кенес өкіметінің орнына жаңа, қуатты мемлекеттік ірғетасы қалынды. Осы тұста көреген Елбасымыз жас, тәуелсіз мемлекетіміэді бірлесе құру үшін, білімді, атак-данкы бар, өнерлі азаматтарымыз Алматыда жайғасып отырып алмай, Отанымыздың түкпір-түкпіріне барып, халықтың ортасында сініп, тіреу болуға үндеу тастады. Алғашында Ақорда да қоныс тепкен Астана қаласындағы Л. Гумилев атындағы Еуразия университетіне кетуге шақырту алған едім. Мұнан екі бұрын Талдықорғандағы І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті де осындай өтініш айтқан. О бастә Алматыға мен өз еркіммен «орныкты орын» ілген барғаным жок, ғылым ілген бардым, керегімді алдым, тіп тұрдым. Енді «қызыл жактан» өз қолім, туған жерімде оралуым кажет деп таптым. Мен туған жерім Талдықорғанға келгеніме өкінбеймін. Кайта шығармашылық өрісуді бастан кешіріп жүрмін. Алматыда ғылыми дәрежеге алу майданының жауынгері болсам, мұнда жеткен биігімізден өсірген жемісімізді ұсынып: «Өзінде тұлпар мінгендер», «Тағылік сабағы», «Қазақ тарихи романының поэтикасы», «Жетісу дулыдуларінің дүбірі», «Ілияс Жансүгіров және дәстүр жалғастығы» аттық, әрқайсысы 35-40 басна табақтан тұратын кітап жазып, елге ұсындым. «Ілиястану» ғылыми-зерттеу орталығын ашып, осы салада ғалымдарды іске жұмылдырып жатырмын.

– Әлбетте, адам есейген сайын өмірден көрген, білгенін екшеп, қайталай ой елегінен өткізіп отырады. Сіз ұстаздық пен зерттеуді тең ұстанған және оның қыры мен сырын жетік меңгерген қаламгерсіз. Осы тұрғыдан келгенде, өзіңізді қандай әдебиеттің өкілі санайсыз, ғылымдағы ұстанған бағытыңыз қандай?

– Мен әлебиет санаткыс ретінде қалыптастым. Ғылымға келгенше жұртқа бейімін көсемнің сөзімен қалап, кірпіміз көлдармай сүзіп, жинап, зерттеп, қорытып, ғылымға тұжырам жасауға міндетті болдық. Талант, дарқан сыншыға қарағанда бір қанатты тәрізді қажет болса, ғылым, білім, мәдениет екінші қанаты. Демек, сыншымдағы өзі – ғылымның кеп құралының бірі. В. Белинский «Сының таланты – сирек талант» дегенде көрегендігіне көзіреп өзі өткір, талдауы терең, тағамы нәзік, әділ, ізі жүректілігін айтпақ болған. Теңдігін ламін таныпдан жаратылмағай, жазушы-ақынның бір шығармасы арқылы оның күлі суреткерлік болмысына баға беруге болады. Менің ағашқы ғылыми-зерттеу еңбегім Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясының өткен бағалы еңбектерінің тұғырнамасы қалыптасқан кезеңге тұспа-тұс келгендіктен, ғылыми ізденістерім әдебиеттің әлеуметтік табиғатын ашуға бағытталды. Содан бері барлай еңбек етіп, оны конкреттік ықпырын біледі. Жетісу өлкесіне келгеннен бері қазақ әдебиетінің тарихында есімі аталғанымен шығармашылық мұрасы зерттелмеген немесе социалистік идеологияның табанында тапталған, соның ишаймағына бағынып, айтар ойын ақтарып жеткізе алмаған туындыларды бүгінгі оқырманға бастамы қалпында ұсынадыру мақсатында еңбек етіп келемін. Ал ғылымдағы ұстанған бағытым, ғылым ретінде көркем туындының ішкі құрылысын бүте-шүтесіне дейін ақтарып, жіктеп-жіліктеуге тер төксем, жазушы, ақынның мұрасын насихаттап, жемісін әлемімен жанына жылу мен сәуле дарыту. Сынды ретінде әділдылыкты құдіс етіп, қызбалыкка салынбай, қазымырлыкка ұрынбай, салкындылыктан жаңылмай, қалам-гердің жеке басына тиспей, әпсілікка, мазакка айналдырмай, ақылдың ақ жолынан жаңылмау. Бастысы, көбеи көрп, сүйегіне сініп өмір шындығы көркемдігі жүрегінде қорытып, көркем туындыға айналдыра алған ба, жок па, соны ғылым сарабдал талғамнан талдап беру.

– Орыне, бұл өміріңіздің өлшеуіші деуге тұрарлық пікір. Десе де, қазір кейбіреулер көркем әдебиеттің дағдарысқа ұшырағанын алға тартып, керісінше, публицистиканың алға өтіп кеткенін айтып жүр. Тәжірибелі ұстаз, зерделі зерттеуші, қарымды қаламгер ретінде осындай көзқарасқа қандай?

– «Көркем әдебиеті дағдарысқа ұшырады» деу әбес пікір. Рас, нарықтық заман да кенестік кезеңдегідей бірнеше баспадан жоспар бойынша кітап шығарып, өздері халыкка таратып, жазушы, ақынға, сыншыға қаламақы төлейтін күннен жылап көрсін жүргеніміз шындық. Кімнің қалтасы қалың, сол жекеменшік баспадан қалағанынша жазғанын шығартатын болып алды. Сөпаны сән басып бара жатканы да шындық. Алайда, мемлекет тарапынан, облыстық әкімдік тарапынан қолдау көрсетілмеген соң, баспа ісі бірталай еңбек етіп. Оны конкреттік оқырман біледі. Жетісу өлкесіне келгеннен бері қазақ әдебиетінің тарихында есімі аталғанымен шығармашылық мұрасы зерттелмеген немесе социалистік идеологияның табанында тапталған, соның ишаймағына бағынып, айтар ойын ақтарып жеткізе алмаған туындыларды бүгінгі оқырманға бастамы қалпында ұсынадыру мақсатында еңбек етіп келемін. Ал ғылымдағы ұстанған бағытым, ғылым ретінде көркем туындының ішкі құрылысын бүте-шүтесіне дейін ақтарып, жіктеп-жіліктеуге тер төксем, жазушы, ақынның мұрасын насихаттап, жемісін әлемімен жанына жылу мен сәуле дарыту. Сынды ретінде әділдылыкты құдіс етіп, қызбалыкка салынбай, қазымырлыкка ұрынбай, салкындылыктан жаңылмай, қаламгерлердің жеке басына тиспей, әпсілікка, мазакка айналдырмай, ақылдың ақ жолынан жаңылмау. Бастысы, көбеи көрп, сүйегіне сініп өмір шындығы көркемдігі жүрегінде қорытып, көркем туындыға айналдыра алған ба, жок па, соны ғылым сарабдал талғамнан талдап беру.

– Орыне, бұл өміріңіздің өлшеуіші деуге тұрарлық пікір. Десе де, қазір кейбіреулер көркем әдебиеттің дағдарысқа ұшырағанын алға тартып, керісінше, публицистиканың алға өтіп кеткенін айтып жүр. Тәжірибелі ұстаз, зерделі зерттеуші, қарымды қаламгер ретінде осындай көзқарасқа қандай?

– «Көркем әдебиеті дағдарысқа ұшырады» деу әбес пікір. Рас, нарықтық заман да кенестік кезеңдегідей бірнеше баспадан жоспар бойынша кітап шығарып, өздері халыкка таратып, жазушы, ақынға, сыншыға қаламақы төлейтін күннен жылап көрсін жүргеніміз шындық. Кімнің қалтасы қалың, сол жекеменшік баспадан қалағанынша жазғанын шығартатын болып алды. Сөпаны сән басып бара жатканы да шындық. Алайда, мемлекет тарапынан, облыстық әкімдік тарапынан қолдау көрсетілмеген соң, баспа ісі бірталай еңбек етіп. Оны конкреттік оқырман біледі. Жетісу өлкесіне келгеннен бері қазақ әдебиетінің тарихында есімі аталғанымен шығармашылық мұрасы зерттелмеген немесе социалистік идеологияның табанында тапталған, соның ишаймағына бағынып, айтар ойын ақтарып жеткізе алмаған туындыларды бүгінгі оқырманға бастамы қалпында ұсынадыру мақсатында еңбек етіп келемін. Ал ғылымдағы ұстанған бағытым, ғылым ретінде көркем туындының ішкі құрылысын бүте-шүтесіне дейін ақтарып, жіктеп-жіліктеуге тер төксем, жазушы, ақынның мұрасын насихаттап, жемісін әлемімен жанына жылу мен сәуле дарыту. Сынды ретінде әділдылыкты құдіс етіп, қызбалыкка салынбай, қазымырлыкка ұрынбай, салкындылыктан жаңылмай, қаламгерлердің жеке басына тиспей, әпсілікка, мазакка айналдырмай, ақылдың ақ жолынан жаңылмау. Бастысы, көбеи көрп, сүйегіне сініп өмір шындығы көркемдігі жүрегінде қорытып, көркем туындыға айналдыра алған ба, жок па, соны ғылым сарабдал талғамнан талдап беру.

Ғылымның қос қанаты – ЖАУАПКЕРШІЛІК пен ПАРЫЗ

Жетісу
Қажет АНДАС

рантураға баруға жиналып жүрген мені ауылдық партия комитетінің «Үсемұнан қызметке келмеді», – деп қысымшылық көрсеткені де жанға батты. Алайда, колхоз төрағасы Нұрболат Түшкенов пен ауылдық партия комитетінің бірінші хатшысы Кенес Жанылбаев кен қолдау танытты. Егер ол да ғылым кандидаты, сұғымда, мәрт Кенес ағамыз ақ батасын беріп, Нұрболат ағамыз ұлықлай еркін ұстап, отбасына жағдай жасамаса, академик Серік Қирабаев көкемізбен ұсынысы он шешімін таппай, ғылымдағы жолымның кесілері анық еді. Ал Зейнолла Кабдолов ағамыздың шығармашылығын талдауға арнаған мақаламды оқып, Сәуле апамыздың көнине мекіреніп, «айналайын!» деп мандайымнан нискегені әлі күнге жадымнан өшпейді.

Жақсылы, ақтықтары, ұшыра мен өмір жолы бұйырмаса, тайғанақ сүрлеумен ғылым ақтарын ормелеп, кемел ғалымға айналмасақ, құза құлармыз анық. Иә, әділдік, ізгілік, турашылықтың мерей үстем жерде сақ, осу бар. Бізден ағаларымыз таланттарды құшағына тартып, ғылымды сәулаға салғандарын кешпеген. Даналық сабағы соны ұқтырады.

– Кезінде Алматыда, қазақ жазғы оқу орындарының қара шаңырағы Абай атындағы УПУ-да ширек ғасыр еңбек етіп, ғылыми дәрежелер мен атақтарды алдыңыз. Кейіннен облыс орталығы Талдықорғандағы университетке ауысып келдіңіз. Басқалар ірі қалаларды жағалап, Алматы, Астанадан орныкты орын ілген жүргенде сіздің осындай байламға келуіңізге не себеп болды екен?

– Мен Абай атындағы ҚазПИ-дің аспирантурасына бұрынғы Талдықорған облысының Қапал ауданындағы «Көшкентал» орта мектебінде директор болып істеп жүргенде кеттім. 1978 жылы кандидаттық диссертациямды қорғасымен институт еншайда жібермей, өзінде қалдырды. Екі рет үй берді, докторлық диссертациямды сонда жүріп қорғап, профессорлық атақты да сонда алдым. Кенес өкіметі құлады. Тәуелсіздігімізге қолымыз жетті. Кенес өкіметінің орнына жаңа, қуатты мемлекеттік ірғетасы қалынды. Осы тұста көреген Елбасымыз жас, тәуелсіз мемлекетіміэді бірлесе құру үшін, білімді, атак-данкы бар, өнерлі азаматтарымыз Алматыда жайғасып отырып алмай, Отанымыздың түкпір-түкпіріне барып, халықтың ортасында сініп, тіреу болуға үндеу тастады. Алғашында Ақорда да қоныс тепкен Астана қаласындағы Л. Гумилев атындағы Еуразия университетіне кетуге шақырту алған едім. Мұнан екі бұрын Талдықорғандағы І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті де осындай өтініш айтқан. О бастә Алматыға мен өз еркіммен «орныкты орын» ілген барғаным жок, ғылым ілген бардым, керегімді алдым, тіп тұрдым. Енді «қызыл жактан» өз қолім, туған жерімде оралуым кажет деп таптым. Мен туған жерім Талдықорғанға келгеніме өкінбеймін. Кайта шығармашылық өрісуді бастан кешіріп жүрмін. Алматыда ғылыми дәрежеге алу майданының жауынгері болсам, мұнда жеткен биігімізден өсірген жемісімізді ұсынып: «Өзінде тұлпар мінгендер», «Тағылік сабағы», «Қазақ тарихи романының поэтикасы», «Жетісу дулыдуларінің дүбірі», «Ілияс Жансүгіров және дәстүр жалғастығы» аттық, әрқайсысы 35-40 басна табақтан тұратын кітап жазып, елге ұсындым. «Ілиястану» ғылыми-зерттеу орталығын ашып, осы салада ғалымдарды іске жұмылдырып жатырмын.

– Әлбетте, адам есейген сайын өмірден көрген, білгенін екшеп, қайталай ой елегінен өткізіп отырады. Сіз ұстаздық пен зерттеуді тең ұстанған және оның қыры мен сырын жетік меңгерген қаламгерсіз. Осы тұрғыдан келгенде, өзіңізді қандай әдебиеттің өкілі санайсыз, ғылымдағы ұстанған бағытыңыз қандай?

– Мен әлебиет санаткыс ретінде қалыптастым. Ғылымға келгенше жұртқа бейімін көсемнің сөзімен қалап, кірпіміз көлдармай сүзіп, жинап, зерттеп, қорытып, ғылымға тұжырам жасауға міндетті болдық. Талант, дарқан сыншыға қарағанда бір қанатты тәрізді қажет болса, ғылым, білім, мәдениет екінші қанаты. Демек, сыншымдағы өзі – ғылымның кеп құралының бірі. В. Белинский «Сының таланты – сирек талант» дегенде көрегендігіне көзіреп өзі өткір, талдауы терең, тағамы нәзік, әділ, ізі жүректілігін айтпақ болған. Теңдігін ламін таныпдан жаратылмағай, жазушы-ақынның бір шығармасы арқылы оның күлі суреткерлік болмысына баға беруге болады. Менің ағашқы ғылыми-зерттеу еңбегім Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясының өткен бағалы еңбектерінің тұғырнамасы қалыптасқан кезеңге тұспа-тұс келгендіктен, ғылыми ізденістерім әдебиеттің әлеуметтік табиғатын ашуға бағытталды. Содан бері барлай еңбек етіп. Оны конкреттік оқырман біледі. Жетісу өлкесіне келгеннен бері қазақ әдебиетінің тарихында есімі аталғанымен шығармашылық мұрасы зерттелмеген немесе социалистік идеологияның табанында тапталған, соның ишаймағына бағынып, айтар ойын ақтарып жеткізе алмаған туындыларды бүгінгі оқырманға бастамы қалпында ұсынадыру мақсатында еңбек етіп келемін. Ал ғылымдағы ұстанған бағытым, ғылым ретінде көркем туындының ішкі құрылысын бүте-шүтесіне дейін ақтарып, жіктеп-жіліктеуге тер төксем, жазушы, ақынның мұрасын насихаттап, жемісін әлемімен жанына жылу мен сәуле дарыту. Сынды ретінде әділдылыкты құдіс етіп, қызбалыкка салынбай, қазымырлыкка ұрынбай, салкындылыктан жаңылмай, қаламгерлердің жеке басына тиспей, әпсілікка, мазакка айналдырмай, ақылдың ақ жолынан жаңылмау. Бастысы, көбеи көрп, сүйегіне сініп өмір шындығы көркемдігі жүрегінде қорытып, көркем туындыға айналдыра алған ба, жок па, соны ғылым сарабдал талғамнан талдап беру.

Қилы-қилы қызық бар

Тек қана етіздер



Бір-бірінен қажырлатуы қиын етіздерді сөзіту шеберлігіне ұрын келді. Ал жаңа сөз жолдының бастамасы ретінде бір бірінен ұйқасымдатып бес жұп тайлақ бегеді екен! Міне, ана оқиғалай жағдай бізден бұрынғыларға. Жорғаларді бастауыш мектеп оқушыларына бастық түсті. Сабақтың дайындығын ұйымдастыру керек жақтағы ұл бала ағаларының ішінен Тәңір мен Дәулет, Жасеннің мен Дидар, Алмас мен Кәрім, Ерлаң мен Дидар жұлдыз бізнің басқарды. Мұғалімнің бақылауы сырт, Тәңір мен Дәулет, сонадай-ақ Жасеннің мен Ләззат бір-бірінен ұйқасайтын, қа ескертпелерді қалай да болсын бір бастауға жаттығуға бағытталған ойлерді ой. «Мектептегі барлық оқушылар ерлі-зайыпты екі жұп етіп бар, алайда бір оқу жылының бес жұп етіздің бірінен мектеп табалдырығын аттауы бүтін дейін әлі болған емес, дейді оқу ісінің меңгерушісі Бәлдеке қаным. – Бізге қанағатсыз үлгіге Тәңір мен Дәулеттің ағалары үлгі болып қалды. Бірінен кейін бірінің орнын қысқарық етіп қосып үлгіреді. Тағы екі жұп бір-бірінен ауысып, ерлі-зайыпты болыстырылған түсі ғұрғын».

Арман орындалады



Көпшілікке қызық болған Алтайға дейінгі дәмді даланы ешкімге бермей бітте жеткіліксіз күшеретті күш, оқ – ұлттық сана, ұлттық құндылық, ұлттық тәрбие, бір сөзбен тұжырымдасақ, ұлттық мектептет. Үйлесімділік – ешқ ұлттық мектебінде ғана, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, өзін жетілтуы. Бала бесік жырын тыңдаумен, тұлғаланған жүзі пішбеттің өзгеше зарапатымен, көңілінің күйі және дәстүрлі ұлттық ырымдарымен, ұлттық құндылықтарымен сусындап, ұлттық ұғым-түсінікпен, ұлттық ойлаумен, ұлттық тәрбиемен

ТАНЫМ

Конфуций ілімі туралы не білеміз?

Елімізді алыс теңіздің алыбын тірі аңыздар жан-жақтан еліктіре аңызды. Ол кезде елді тәрбиелеуде, ең сыртқы дипломатияның басты ерінде ұстынан Ұлағаттың оның бәрін жақсы дәріптеп, насихаттауға мүмкіндігі болмады. Сондықтан, ұлттық ұстанымға жат деп сөздықтар әрекеттің тыйым, шамырғанып алды. Қайбір кезде ақиқаттың қанағаттың деңгейде жаңа салып отырғанын бірінші де білеміз. Алайда, бүгін бәрін әрекеттің көріп, білік тыйғым) десек те, кейбір жаңа анықтар, ұғымдық, наным-сенімдерге қызығушылықтар қалыптасып бастады.

Әрине, оның бәрі мағынасыздықтың кезіне мен заң шеберінде жұмыс істейтінді аңғық. Дегенде, «Сұлудың жүйкі алдында бейіл» дегендей, бұл анықтар санына сіңіп, дінге тереңдеген алыптан кейін ішке еріп, есімізді шығарып бек мүмкін. Қысқасы «Ауру мысқылдап көрі, балтадан шығады» дегенің көрі болмайды. Сондықтан кесапаты жасырған алыптың надандардан сақтанып қана сақтана алмаң. Енеңіз, сағаттың бір шеңбер айналғанда тарихы, сәт бағасық деген ойға келдік.

...«Конфуций: «Тәнді, шаштың, терінің – осының бәрін ата-ана берген, оған дақ түсіруге болмайды. Опалықтың басталуы, міне, осы», – деген екен. Сонда «Отан үшін құрбан болу» опалықтың аяқталуы ма?».

«...Сұң хандығы кезіндегі оқымыстылардың ахлақ және мінез-құлық туралы ілімді насихаттауының, Конфуцийге сыйынуының бәрі бір сарынды болып келді. Содан бастап ел қоғаммен қатысы жоқ ескі әуенді Сұң хандығы құрып бітке-ніше шырқап келді».

Сұң хандығы екінші мыңжылдықтың басындағы Қытай патшалығы, бұл патшалықты моңғолдар жойғаннан кейінгі мыңжылдықта, яғни, 1136 – 1911жылдары қытайларды көшпенді тайпалар билеп келді. Әлбетте, көшпенділер саясатта заңшылдардың ағымын қолданып, бұқара арасында Конфуций ілімін дәріптеп, өз билігін мығым ұстап отырды.

Одан жағын қоя тұрлық, енді біз әулиенің бірқатар нақылына тоқталайық: *«Мәртебелілер ақыл-ойын, мәртебесіздер қара күшін жұмсасын», «Салтқа сыймысыз нәрсені көрме, сөзді естіме», «Мәртебелілер қазан басына жақын келмейді», «Өш алмаңдар, қайырымды, кешірімді болыңдар», «Жамандыққа жамандық істемеңдер», «Соғылсаң да көңілге ауыр алма», «Өткенгі жамандықты ұмыт қалдыр», «Салтқа сыймағанды қарама», «Қарага әдеп көрсетпес», «Аруаққа нәзір берсең бардай, болады ол сондай», «Жан аялаған жар түбінде тұрмайды», «Ардақты ұлыңды құлайтын үйге отырғызба», «Ата жолын үш жылға дейін өзгертпеу опалылық», «Әйелдер мен мәртебесіздерді асыраудан қиыны жоқ, оларға жақындаған қадір-қасиетің қалмайды, алыстасаң кінә тағады», «Бұқараның ойын бытыратпау үшін әуесін қозғайтын нәрселерді көрсетпеу», «Аштан өлу кішігірім іс, ар-намысын аяқасты ету орны толмайтын іс»,* тағысын тағылар. Сөздің мәнін түсінетін адам болса, бұл тағылымдардың астарында не жатқанын парықтай алады. Ал конфуцийтанушылар қазақтың момақан балаларына бұл тұжырымдарды қалай түсіндіріп жатқанына таңым бар?

Егер біз Қытай тарихын шолып шығар болсақ, қашанда заңшылдар билікте тұрғанда, мемлекеттің гүлденгенін, ал тағылымшылдар билік ұстаған тұста күйреп, жоғалғанын аңғарамыз. Айталық, Қытайды ең алғаш бірлікке келтіріп, бір орталыққа бағынған үкімет жүйесін орнатқан Шин Шы Хуан, ұлы хан патшалығын құрған Лю Бан, кешегі Мау Цзе Дун бәрі де заңшылдардың өкілі еді. Ал қытай билігін тас-талқан еткендердің бәрі де тағылымшылдардың өкілі болып келеді. Мұны қытайлардың өздері де әбден мойындаған шындық.

Әлбетте, әлемдегі озық өркениеттің оқу-білім арқылы жалпы адамзат үшін қызмет етуіне қарсы емеспіз. Ал Қытайдың өзінде сын садағына ілініп келе жатқан Конфуций ағымын дәріптеу ұлылықты ұлықтау емес, қытайлардың ынғайына жығылу ма деген ойға қаласың.

Кезінде Наполеон: «Шығыста алып арыстан ұйықтап жатыр. Ол оянғанда бүкіл әлемді алақанында ойнататын болады», – деген екен. Бұл сөздің астарында да бес мыңжылдық тарихы бар халықты бұғаулап келген тағылымшылдарға деген ашу-ыза жатса керек.

Ендеше, өз кандастары қадірлі Конфуций ілімі қазаққа не береді. Лу Шунше айтқанда: «Қазіргі заман адамы бола тұрып, періштеге табынуды ансаушылар «Қазіргінің жендеттері». Бұлардың қазіргіні құртуы болашақты құртуға ұрынғаны.

Біз қазір өзімізді білімді, техниканы меңгерген ұлт ретінде елестеткенімізбен әлі де бабалар парасатына деңдей алған жоқпыз. Еврейлер баласын жеті жасына дейін, жапондар 12 жаска дейін өз ана тілінде оқытып, өз ұлтының ақыл-парасатымен сусындатады екен. Олардың өркениеттің тетігін ұстап тұрғанының бір ұшы осында жатса керек. Біз де сол жолды ұстансақ, ұтылмайтын шығармыз деген ойдамын. Ендеше, жастарымызды алдымен халқымыздың қайсар парасатымен тәрбиелеп алып, одан кейін олардың еркіне жол берсек те кеш калмаймыз, ағайын.

Жетісу
Қажет АНДАС

Жасырпаны жоқ, кейінгі кездері Конфуцийді ұлықтайтын пысықайлар көбейіп барады. Кейінгі кездері аты кейбір ғылыми конференцияларда анда-мұнда бір аталатын әулиенің тағылымын зерттейтін ғылыми орталықтар мен арнайы шәкірт тәрбиелейтін институттар бірінен соң бірі жұмыс істей бастады. Ақтөбеден Конфуцийді зерттеумен шұғылданатын екі институт ашқан қытайлар ұлан-асыр той жасап, бабаларын ұлықтаған көрінеді. Ал еліміздегі ең ірігелі оқу орны әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінен ашылған әулие атындағы институт айбарын асырып, білегін бүкке білей бастады. Оның ықпалының да зор болғаны анық. Әулиенің есімі қарапайым халық арасында да кең таралып барады. Алайда, Конфуций кім? Оның ұстанымы қалай болып еді деп бас қатырған пенде жоқ. Білместіктен қателесуге болады. Ал біліп тұрып ескертпеу сын саналады.

Тарих бойы қытайлар екі ағымның қайшылығында өмір сүріп келді. Бірі – Конфуций негізін қалаған тағылымшылдық ағымы. Оның негізігі бағыты: «Алдыңғы өткен патшаны үлгі-өнеге тұту, бұқара халға, бала әкеге бұлжымай бағынуы керек. Ардақтылардың парасаттылығы, топастардың құраштығы өзгермейді» дейтін ұстан. Енді бірі – Шау Жын Мау негізін қалаған заңшылдар тобы. Олар ескі салт пен санаға бағынбай, тұқым қуалайтын мирастық мансап, жалақыны күшінен қалдырып, мансаптыларды көрсеткен қызметі, қабілетіне, атқарған қызметіне, елге сіңірген еңбегіне қарай таңдап өсіруді ұстанды. Заң берік тұрғанда күшке не болып, елді өркендетуге болады. Ал заңға қайшылық жасағанда, былық туады деп санады.

Екі ағымның негізін қалаған Конфуций мен Шау Жын Мау бір дәуірде өмір сүрді. Бір уақыт ішінде шәкірт тәрбиеледі. Алайда Шау Жын Маудың идеясы караша халыкка, мемлекеттің гүлденуіне пайдалы, алғабасар болғандықтан Конфуцийдің шәкірттері кашып барып, оның лекциясын тыңдайтын. Бұл Конфуцийдің ашу-ызасын тудырады. Ақыры Конфуций Лу бектігінің сот ұлығы және уақытша уәзір болған кезде Шау Жын Мауды жауыздықпен өлтіреді. Десе де, қытай тарихында Шау Жын Маудың дәріптемесін Ли Күй, Уу Ши, Шаң Ян, Шүи Куан, Хан Фи, Иың Жың (Қытайды бірінші рет бірлікке келтіруші), Ли Сы, Лю Баң, Лю Хы, Жия Ий, Шао Суо сияқты әйгілі ғұламалар жалғастырып, дамытып отырды. Ал Конфуцийдің 3 мыңнан астам шәкірті болған. Бірақ олардың іске жарамдылары тек 72 екен де, өзі шынайы сенетіні біреу-ақ. Бірде ұлы әулие: «Егер, менің жолым жарамай калып, салға мініп теңізде калықтап калар болсам, сонда маған ілесетін тек Жоң Иу болар ма?», – деп құсаланыпты. Бірақ, сол сенімді шәкірті бір реткі шайкаста жаудың коршауында калып, карсы жактың бір мергені оның дулығасының шашағын атып түсіреді. Сонда есіне ұстазының: «Мәртебелілер өлсе де басындағы тәжінен айырылмауы керек», – деген сөзі оралады да, жаулары кескілеп жатса да дулығасының шашағын тағып отырып, өледі.

Конфуцийдің тағылымшылдығына бірден-бір карсы шыккан адам кытай философы Шүн Куан (біздің дәуірімізден бұрынғы 313-238 жылдары жасаған). Ол Конфуцийдің «Тағдырдың жазмышы» назариясындағы: «Өмір-өлім тағдырдан, байлық-бақыт тәңірден» деген сандырактарын өлтіре шенеген. «Жарнама» деген кітабында Конфуцийдің «Тума білгіш» дейтін сәуегейлік назариясын сынға алып, топырактың жиналып тауға, судың жиналып теңізге айналатынды сияқты білімнің де кейін келе топталатынын түсіндірген. «Ақсүйектердің тума әулие-әнбие, асыл тектілер» екендігін жоққа шығарады. Ал Хан Фи (біздің дәуірімізден бұрынғы 280-233 жылдары жасаған) егіншілікпен шұғылданбайтын, эскери міндет өтеуден қашатын конфуцийшыларды, көпірме сөздің селін ағызатын созуларды, кезеген қаңғыбастарды, жалдаптық істеп пайда табатын саудагерлерді «5 құрт» деп атап, егіншілікпен шұғылдану, эскери міндет өтеуге шақырады. Ал конфуцийтанушылар қазақтың момақан балаларына бұл тұжырымдарды қалай түсіндіріп жатқанына таңым бар?

Конфуцийшыларға ең пәрменді соққы берген Қытайды тұңғыш рет бірлікке келтірген Шин Шы Хуан (біздің дәуірімізден бұрынғы 259-210 жылдары). Ол тағылымшылдықты (Конфуций ағымындағылар) дәріптейтін кітаптарды өртетіп, қайта тірілуге ұрынған 460 тағылымшылды тірідей көміп тастаған. Ал Хан хандығының негізін қалаған Лю Баң тағылымшылдардың «мәртебелілер» назариясына батыл соққы беріп, қабілетті адамдарға тегінің кандай болуына қарамай сіңірген еңбегіне негізделіп ақы, қабілетіне қарай қызмет беруді белгіледі.

Әлбетте, қытай тарихын жіті зерттесек, Конфуций бастамашылық еткен тағылымшылдық ағымын олардың өздері де қаламағанын білеміз. Өйткені, оның адамдардың санасын улап, халықты жатыпішер жалкауға, ел мүддесін ойламайтын сән-салтанатка итермелейтінін ертеде-ақ сезген.

Енді біздің дәуіріміздегі тағылымшылдар ағымымен күресті батыл жалғастырған қытай жазба әдебиетінің негізін қалаған жазушы Лу Шүи (Нобель сыйлығынан бас тартқан Толстойдан кейінгі екінші жазушы) Конфуцийдің «Сыпайылық жолы» мен «Қайырымдылық саясатын» – алдамкөстік, «Қайырымдылық, әділеттік, моральдық, ахлақтық» дейтіндер – кісі өлтіретін «Макта пышақ», «Аралықта тұруы» – құлдық қорқақтық, «Конфуций жолы» кертартпашылардың «кақпаға кағар кірпіші» деп көрсетеді. Бұл пайымдарын Қытайдың өткені мен бүгінін салыстыра отырып дәлелдей береді. Сөзіміз нанымды болуы үшін сол айтылғандардың бір-екеуіне токтала кетейік:

«...Конфуцийдің өз еліндегі сүйкімсіздігі XX гасырда гана басталған жоқ. Мың Зы оған бага бергенде «Әулиелердің ішіндегі дәуреңдегені», – депті, мұны қазіргі заман тіліне аударсақ, «Мода әулие» деуден басқа амал жоқ».

«...Сайып келгенде, Конфуцийді Қытайдағы билеушілер көтермелеген, билеуші немесе билеуші болғысы келетіндердің әулиесі, оның жай бұқарамен үш қайнаса сорпасы қосылмайды».

ҒИБРАТ

Тұлымшағы желбіреген кіп-кішкентай ғана сары қыз өзімен-өзі әр кез мұғалім болып ойнап отыратын еді. Сыртынан қызыға қарайтын ауылдастары оны мұғалім қыз дейтін. Қашанда қалт айтпайтын халық осынау бүлдіршін есейгенде шынымен ұстаз деген мамандықты игеріп, Елбасының мектептегі мұғаліміне айналатынын білді ме екен? Әлде, сол елдің аузына мұғалім деген сөзді құдай салып, періште әумин деген шығар?!



Білім шаңырағын жақтан

Жетісу
Нүрбол ӘЛДІБАЕВ

Нұрсұлтан Әбішұлы мектеп мұрағайында болып, Мария Хамзақызына өз қолтаңбасы бар алтын сағат сыйға тартты.

...Мария Хамзақызының барлық саналы ғұмыры мектеппен, білім беру саласымен біте қайнасып кеткен. Оның өзінде де 40 жылға жуық бір ғана мектепте табан тіреп еңбек ету екінің бірінің еншісіне бұйыра бермейтін бақыт. Ол табандылық пен төзімділікті қажет етеді.

Оның балалық шағы Ұлы Отан соғысының зұлматты ауыр жылдарына тап келді. Әкесі, кезінде сол облыска белгілі кеңес, партия қызметкері болған Хамза Мұқанов Ұлы Отан соғысынан оралмады. Анасы Әсима Сыдықова біраз уақыт партия, кеңес органдарында, содан соң ұзақ жыл ұстаздық қызмет атқарған, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі атанған құрметті жан болатын.

Халқымызда «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген қанатты сөз бар. Мария Хамзақызының алдынан тәлім-тәрбие алып, бұл күндері егеменді еліміздің халық шаруашылығының әр саласында еңбек етіп жүрген еңселі азаматтар көп-ақ. Олардың қатарында Үйғыр ауданы әкімінің орынбасары Дәулетжан Деменбаев, ғылым кандидаты Жомарт Уәлиев әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің механика-математикалық факультетінде жұмыс істейді, сол оқу орнының оқытушылары Арайлым Жаңғабылова, Бақытжан Сапаров, мектеп директорлары Күмісай Садықова сияқты шәкірттерін мақтаныш етеді.

Сөз реті келгенде құдай қосқан қосағы Тұрғанбай Сәрсенбаев туралы айта кетсек, 1765 жылы Қаздауысты Қазыбек би қайтыс болғанда бидің сүйегін Түркістандағы Ахмет Яссауи мешітіне жерлеуге Тұрғанбай ағаның аталары алып барып жерлеп, сол жерде Түркістан өңірінде қоныс теуіп қалыпты. Тұрғанбай ага Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтының агрономдық факультетіне оқуға түсіп, 1967 жылы институтты ойдағыдай аяқтап, ғалым-агроном мамандығын алып шығады. ҚазССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің бөлуі бойынша жас маман жолдамамен Алматы облысының Қаскелең ауданына қызметке жіберіледі. Сол аудандағы «Жетісу» совхозына қатардағы агроном болып орналасып, еңбек жолын бастайды. Жастық жігермен алғашқы еңбегінен іс-тәжірибе жинақталған Тұрғанбай Сәрсенбаев 1970 жылы білімін ары қарай жетілдіру мақсатында ғылым жолына түсіп, ғылыми-зерттеу институтында табан аудармай 32 жыл бір орында жемісті еңбек етеді.

Тұрғанбай Омарұлы Алматы облысы ауылшаруашылық қызметкерлерінің «Алтын кітабына» есімі еніп, Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. «Еңбек ардагері» медалін де иеленді.

Тұңғыш немересі Тоғжан Елбасы бітірген Абай атындағы мектеп-гимназияны «Алтын белгіге» бітіріп, Қазақ-Британ техникалық университетін тамамдады. Немересі Салтанат та аталмыш мектепті «Алтын белгіге» бітіріп, қазір әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің экономика және менеджмент факультетінің 3-күрсында оқып жүр. Немересі Мади Абай мектебінің 11-сыныбында оқиды. Кенже немересі Ансар балабақшада.


Мария Хамзақызының 60 жылдық мерейтойына арнап халқымыздың сүйікті ақыны Исраил Сапарбаев:

Бар ма екен деймін
Сізде арман,
Сыйлаған бақыт баршаға?!
Құлап бір аққан құздардан
Өзен мен бұлақ қаңшама!
Қара бір жерге қақ тұрар
Көктемнің көркем сәтінде.
Сіз айтқан сөзге тақ тұрар
Патша да, хан да, әкім де.
Ұшырып ұлттың түлегін,
Гүл жайнай берсін күніңіз.
Өлеңмен айтқан тілегім –
Исраил деген іннің, –

деп өлең жолдарын жолдаған.

***

Шағын мақаламызда қосағымен қоса ағарған қос қарияның өмір дерегіне баса тоқталғанымыз – табандылық, шыдамдылық, білімділік, ақылмандық, ең бастысы, әуелгі кезекте жүрек қалауымен таңдап алған мамандықтарына деген адалдықтарын аңғарту еді.



АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Қиын сұрақ, күрделі мәселе. Әйел қауымының, әрине, бірауыздан «иә» – деп жауап берері хақ. Тіпті, қазіргі уақытта әзіл-шыны аралас «Әйелдер айтады, еркектер таратады» деген жаңа мәтел пайда болды. Кейде, керісінше де айтылады.

Еркектер өсек айта ма?

Осы бір әдетке қазақ ата баласы қалай тап болды? Үлкенкіші демей жаппай біреуді даттау үрдіске айналып бара жатқандай. Бүгінгі күні сабақ үстінде студенттерімізді, оның ішінде үл балалардың «өңгімесін» қойдыру проблемаға айналып тұр. Сабақ үсті үлдардың пыш-пыш, күбір-сыбырынан мезі бола бастағандаймыз. Бұған жігіттердің ұсақ-түйек нәрсе үшін қыздармен салғыласып үрсысатының қосыңыз. Бәрі емес, дегенмен, көпшілігі осылай. Біздің буын мектеп, университет қабырғасында жүргенде ұстаздарымыз қыздардың өңгімесін тоқтатумен өлек болатын. Қазір бәрі керісінше. Жаңағы жігіттеріміздің өңгімесін кейде құлағымыз шалып қалады. Айтатындары көр-жер, біреуден естіген, біреуден біреу естіген, т.с.с. дүниелер. Әрине, мақтау, марапат емес. Масқара-ақ! Уақыт болғанда, халқадірмізше, тіліміздің жеткенінше түсіндіріп бағамыз. «Ер-азамат мұндай өңгіме айтпас болар», – дейміз. Қайсыбір шәкіртміз айдың-күннің аманында аузы-басы қисаймай: «Қыздар да айтады ғой!», – деп салғаны бар. Бұл не? Гендерлік саясат па? Тең құқылық па? Білместік пе?

Жалпы, әйелдер қауымы ерте заманнан бір-бірімен «ақпараттар алмасып» келеді. Бұл қазіргі уақыттағы сылайы атау Әйел тіршілігі отбасы, ошақ қасында болған соң кітап, телерадио жоқ кезде шыққан әдет. Барлығы қолмен істелетін бағзы заманда еркектің жаугершілік пен шаруашылықтан қолы босай қоймағаны, өсек айтар уақытының болмағаны ақиқат. Сондықтан, ерте кезден осы бір әдет тек әйелдерге тиесілі болып кеткен десем артық кетпеспін. Әйел адамға «өсек айтасың» – деп ренжи алмайсың ғой. Бәрі заңды, қыздар еншісіне жазылған, қалыптасқан құбылыс.

Өзім көзім көрген үлкен әкелерім Ақашбай мен Жанғазы ақсақалдар келін-кепшік, жалпы әйелдер қауымымен амандық- саулықтан басқа арыға бармаушы еді. Әйел адаммен ішін ашып сөйлесіп отырғандарын бір көрмедім. Отбасында тамақ желініп, шай ішіліп болған кезде бет сипап, ас қайырып сіресіп тұрып кететін. Көбіне Жанғазы ақсақал: «Ішіп болсаңдар, тұрыңдар. әйелдер өңгіме айтқан жерде не бар?», – деп қатты қайырып тастаушы еді. Ол кісілердің өңгімесі көбінесе Қапал өңірі мен арғы бетте болған барымта, би-болыстар, ақындар туралы болып келетін.

Ешқандай жаңаша мектеп, университет бітірмеген осы екі кісі керемет ұстамды, парасатты болатын. Әсіресе, Ақашбай атам көкірегі даңғыл, өте зерек, ағып тұрған кітап сияқты, қияпатты сұлу адам еді. Бала кезімізде осы кісілерге кіржіңдеп, ішімізден ренжіп қалатын уақытымыз болатын. Сөйтсек, бұл тәрбие екен, тәрбие болғанда қазақы ұлттық тәрбиенің жоғары сатысы екен. Жандары жаннатта болғыр, осы екі бекзат маған ескі ақсақалдардың соңы сияқты болып көрінеді.

Хош, тақырыбымызға қайта орапайық. Жаңағы ерлер қауымында дертке айналған әдеттің тереңдеуіне осы мақала авторы тәуір-ақ бас қатырған. Себебін іздегенмін. Неге ұсақталып барамыз?

Баяғы батыр-бағлан бабаларымыздың күшімен, әжелеріміздің сүтімен жалғасқан ұстамдылық, маңғаздық, сырбаздық сияқты қасиеттеріміз қайда кетті? Не себепті жоғалттық? Қалай айырылып қалдық?

Кеңес үкіметі тұсында әйелді еркектен теңестіру саясаты жүрді. Осы бір кезеңде әйел еркектен теңесіп қана қоймай, асып түсті. Білім алды, мамандық игерді, билікке шықты, ел басқарды. Бұл осы бір саясаттың жақсы қыры. Жаман жағы – еркек әйелдің заңдастырылған басымдығын көрген соң ұсақталды, өкіметтен қаймықты, сонында елктеу ауруына ұшырады. Бабамыздан қалған мінез ұмытыла бастады. Көмескіленіп, жоғалды десе де болады.

Тоқсаныншы жылдардың аласапыранында сауда мен арақтың қызған кезінде әйелдер қауымы базар жағалады. Жұмыссыз қалған еркектің сағы сынды, күйзелді, қамықты. Кейбіреулері «ащы суға» ден қойды. Мұны көрген балашағаның шешелерінде жалтақтау процесі пайда болды. Ақша тауып тұрған әйел болғандықтан ер-азаматтың әйелдің қолына қарап, жалпақтауы көбейді. Отбасында шешенің дауысы өктемірек шығып, үл балалар әкеден көрі шешесін көбірек тыңдайтын дәстүр пайда болды.

Екі мыңыншы жылдың басынан бастап ер-азаматқа құрылыс, жол жөндеу, вахталық көсіп сияқты жұмыстар табыла бастаған болатын. Ауыр жұмыстан қажыған азаматтарда «ақша тапсам болды, арғы жағы бірдеңе бола жатар» деген психология пайда болды. Ал үнемі шешесінің жанында болған үл баланың анасынан көрген нәрсен істеуі әбден заңды. Ертеде үлдың тәрбиесі әкеде, қыздың тәрбиесі шешеде болған. Әке үлын қасынан тастамай, оңы-солын танытқан, жақсы-жаманды айыруға үйреткен. Өзі білетін кәсіпті игеруге баулыған. Әке тілін алмайтын қияңқы үл шықса, тезге салып, жөнге түсіретін көзі от аузы дуалы ақсақалдар болған. Қазіргі уақытта осы бір тамаша тәрбиелік дәстүрдің бірен-саран белгісін ғана табуға болады. Жарайды, бір әулеттің әр отбасы әртүрлі қала мен ауылда тұрады дейік. Той-томалақ, жиында басы қосылған ағайынды әулет ақсақалы ақылға келтіріп отыруы керек қой. Теріс кеткенді жөнге салмаушы ма еді? Бұл үшін ақсақалдың өз арақ-сыра, көрші-жер әңгіме, ұқсақ-түйек бақай құлық, жақшылдық ауруынан ада болуы керек. Ақсақал тұрашыл, әділ, адал, ұстамды, білімді болса ақылға тоқтамас үл бар ма? Қазақтық қаны бар үл теріс кетпес, бағынады, орындайды.

Үл балалар сөйлессе өсек айтасың деп жекіретін отбасыларды да көріп жүрміз. Тіпті, бір шәкіртім: «Өңгіме мен өсектің айырмасын қалай білемін?», – деп сұрағаны бар. Өсек дегеніңіз үстемеленген, қосылған, боялған, солғын жері алынып тасталған, көзің көрмеген, біреуден біреу естіген, кез келген адамды дәлелсіз даттау мен сынаудан тұратын сөз. Осыдан басқаның барлығы өңгіме», – деп жауап беріп едім. Бұрынырақта өткен қоғам және өнер қайраткерлері, ақын-жазушылар туралы естелік естісеңіз, ол естелік дәлелді болса, онда ол – тарих болып шығады. Біреуді өтірік мақтасаңыз, бұл өзі өсектен төуірірек, бірақ, жағымпаздық та жақсы нәрсе емес. Мынау неменеге таусылып отыр деп қалуыңыз мүмкін. Қыз мінезді, көп еңгімелі ұлығыздың ертең Қазақ елі мен отбасын қорғайтынын ұмытпау керек. Азаматтың өзіне тән өжеттік, керек жерінде ұстамдылық, таныту сияқты қасиеттері болуы керек екенін естен шығармағанымыз жөн. Қазіргі статистика бойынша әйелдер еркектерден гөрі ұзақ жасайды. Себеп, 25 жастан асқаннан кейін еркекке қатер көбейеді. Көбіне жол апаты, оқыс келген ауру ауыр жұмыс, т.с.с. Оған қосарымыз, әйел адам ішіндегі өкпенәзын, мұңы мен қайғысын жылау, яғни көз жасы арқылы шығарып, жеңілдеп алады. Еркектердің 30 пайызы: «Сыр алдырмаймын, осалдығымды білгізбеймін» деп, намыс-ұят деген тағы бар жүрек ауруынан о дүниелік болып жатады. Сырын досымен жақын-жуығымен бөлісіп жеңілдейін десе, жайылып кете ме деген сенімсіздік заманға дертке айналған. Ер-азамат бір-біріне сенуден қалған уақыт. Барлығы деп кесіп-пішіп айту қиын. Әйтсе де, көпшілігінің басында бар жағдай. Сөз соңында айтарым, қазіргі ақсақал-қарасақал, ел ағасы елудегі ағаларымыз өздері түзелмей, кішілер түзеледі деу өте қиын. Ол үшін аталар мен ағалар өзін жақсы қырынан көрсетуі керек. Сонда ғана Алаш баласы елін қорғайтын, жерін сүйетін, парасатты, білімді, білікті, мәрт болып туса керек!

Қаптағай
ТОҒЫЗБАЙТЕГІ.

Қалған намыс

(Соңы. Басы 5-бетте)

Бұл жерде пікір білдірген әлеуметтік желі қолданушысы өз білімінің қаншалықты сай екендігін аңғартты. Өйткені, жер көлемі жағынан дүниежүзі бойынша тоғызыншы орын алатын Қазақстанды сәнси картадан немесе глобустан бұдан бұрын танымаған адамның білімі қаншалықты екенін ойлай берініз. Тіптен карта да, глобус та жоқ делік. Соның өзінде Еуропадағы ең ықпалды ұйым ЕҚЫҰ мүшелері басын біріктіріп, он бір жыл үзілістен кейін 2010 жылы саммит өткізген Қазақстан туралы ешбір ақпары жоқ па? Саясаттан хабары жоқ делік, ендеше әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының тұрақты бас қосатын мекені Астана туралы естімеді ме? Тіптен, діннен хабары жоқ десек те, бұл «CNN» телеарнасы Қазақстан туралы арнайы жоба дайындап, бағдарламалар легін эфирге шығарғаны бар. «CNN» – таратылым ауқымы жағынан әлемдегі үздіктер қатарында екені анық. Географиядан, саясаттан тіпті діннен алшақ азамат деп қарастырсақ, спорт төңірегінде пікір білдіргеніне қарап, осы салаға қатысты мысал келтірелік. Бірақ, әлемге әйгілі «Astana» брендін насихаттаушы велоклуб пен қатарынан екі жыл Давкар раллиіне қатысушы команданы білметіндігі бұл қолданушының «іқ-ы» қай дәрежеде екендігін аңғартады. Ягни, жоғарыда айтылған сөздің дәлелі деп қабылдағайсыз.

Енді кезекте әлеуметтік желілерде отандастарымыз тарапынан айтылған пікірлерге назар аударалық. Газетімізден алдыңғы сандарында облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ергөбек Далбағаев спорт және саясат екеуі екі дүние деп қарастырған болатын. Десе де, Ұлыбританияда өткен спорт додасындағы жерлестеріміздің жетістігі еліміз ұстанған саясаттың жемісі демей, немене. Бұл – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал саясатының бір жемісі. Өйткені, Президент спорттың дамуын әрдайым ерекше назарда ұстап, спортшыларға өз шеберлігін дамытуға бар мүмкіндіктің жасалу қажеттілігін үнемі тілге тиек етіп, тиісті тапсырмалар беруде. Осы қамқорлықтың қайтарымы ретінде спортшыларымыз жеті алтынды қанжығаға байлап мерейімізді асырып, кеудемізде мақтаныш сезімін оятты. Бір ғана зілтеміршілеріміздің өздері төрт бірдей алтынға қол жеткізу қазақ ауыр атлетикасының кай деңгейде екендігін әлем жұртшылығына паш етті. Зілтеміршілердің жоғары жетістікке қол жеткізудегі банкердің ролін жете түсінген белгілі әлеуметтанушы Ғазілбек Әкім, Айдос Сарым және Аскар Құмыран («Facebook-та» Түрк Медна деген лакап атты қолданады) сынды қоғамдық белсенділер Қазақстан Республикасының ауыр атлетика бойынша бас банкері Алексей Нидің ерен еңбегін ескере келе, Елбасына банкерді «Халық Қаһарманы» атағымен марапаттау турасында хат жолдау туралы ұсыныс білдіріп, арнайы бет ашып, өз ойларын ортаға салды. Бастамашыл топ Елбасына жазар хаттың мәтінін әлеуметтік желі қолдаушыларының талқысына салды. Ақордаға хат жолдауды ұйғарған үштік Алексей Ниге жоғарғы марапатты ұсыну себебіне тоқтала келе: *«Біздің спортшыларымыздың байрақты бәсекеде алынған медальдар алулары – бүкіл Қазақстан халқының жеңісі! Олимпиада біздің ауыр атлетика құрамасы төрт бірдей алтын медальға қол жеткізулері арқылы ерекше еңбекпен жігер көрсетті. Зульфия Чиншанло, Майя Манеза, Светлана Подобедова және Илья Ильин – еліміздің мақтаныштары, олимпиадада қазақ ауыр атлетика мектебінің бар мықтылығын көрсетті. Алға, қарымды жылдамдықпен дамып келе жатқан Қазақстанның жеңісіне, жеңісте көтерілген Көк байрақка бүкіл әлем таңғалып отыр. Бұл жеңістер Сіздің жүргізіп отырған саясатыңыздың жемісі, жемісті жеңіс Сіз бастап жасап отырған экономикалық реформалардың бір бөлігі. Дегенмен де, мұндай толымды*



жеңістер Қазақстанның ауыр атлетика бойынша бас банкері Ни Алексей Геннадьевичсіз болуы екіталай еді.

Бұл адам қазақстандық арманның айқын мысалы десе де болады. Банкерлік кәсіпті төменгі деңгейден бастай отырып, бұл кәсіптің шынар шыңына жете білді және де әрдайым өз Отаны үшін, өз Қазақстанына жұмыс жасады, жасап та келе жатыр. Басқа мемлекеттердің құрамаларын дайындау үшін легионер болып кеткен жоқ. Ол өткерген бес Олимпиада және қазір өтіп жатқан Лондон Олимпиадасы ең нәтижелі болды, бұл жеңістерден келіп нәтижелер Қазақстан азаматтарының жүректеріне өз ең үшін мақтанышпен тамсану сезімін одан сайын арттырғаны белгілі.

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Сізді, Ни Алексей Геннадьевичті қазақ елінің белделімен абыройы үшін жасаған адал еңбегі үшін Қазақстан Республикасының «Халық Қаһарманы» жоғары атағымен марапаттауыңызды сұраймыз! Бұл, осы кезіге Қазақстан халқымен оның жетекшісі атынан айтылған лайықты ілтипатымен алғысы болары еді.

Одан қоса, 8 жыл бойы отандық спорт үшін тер төккен, еліміздің ауыр атлетика құрамасының кеңесшісі, бауырлас Түркия елінің маманы Энвер Түркелердің де еңбегін ескеріп мемлекеттік деңгейдегі сыйлықпен марапаттауыңызды сұраймыз!» – деп, ойларын қорытқан.

Атам қазақ «қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» деп бекер айтпаған болса керек. Қазақ ауыр атлетикасының тасын өрге домалатуда барын салған қос банкердің еңбегін мемлекеттік дәрежеде жоғары бага беріп, ұлықталық деген ұсынысты қолдаған адамдардың қатары күн санап өсті. Дегенмен, өздерін қарағайға қарсы біткен бұтақ көріп, «самауырынның тасығанын Самарқанды су басқанымен» теңестірген тұлғалар да табылды. Бізді алаңдатқаны да осы. Тіптен әлеуметтік желі алаңын мінбер көріп, спорт тақырыбынан ауытқып, елдегі қаймағы бұзылмаған ынтымақ пен бірлікке нұқсан келтірер қарсы пікірлер де айтылды. Осылайша, ел мерейі асқақтап, қуанышы қойнына симай жатқанда, қайғы сөзді қайыра сөйлетендердің кылығы бізді қайран қалдырды.

– Егер Ни шетелден спортшылар тасымай, өз еліміздің жігересе қазақ балаларын арнап, таланттар тауып, соларды кішкентайынан тәрбиелеп, баптап, қазір чемпион етіп жатса, оған қандай да болса атақ беруге болар еді. Ал, Ни болса, Түркелери екеуі, штангистер қаптап жүрген Қытай мен Ресейден зілтеміршілер алып келіп, медаль санын қуып кетті. Лондонда алтын медаль алған төртеудің үшеуі - легионер. Олар болмаса, шынтуайтында өз спортшыларымызды Олимп шыңына шығару ісінде ешқандай ілгерілеу жоқ – Бейжіңде Ильин алтын алса, қазір де алтын алған сол ғана. Демек, бұл тұрғыда мақталатын ештеңе жоқ деп есептеймін.

Бұл – «Жаса, Азаттық!» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Жасарал Қуанышалин ағамыздың айтқан сөзі. Ер жасы елуді еңсеріп, елге ақыл айтудың орнына, «тілде сүйек жоқ» дегенге сайып отандық ауыр атлетиканың бас басшысі Алексей Ни мен оның кеңесшісі Энвер Түркелердің ерен еңбегін ешқашан ұмытпауымыз керек. Бұл пікірге қарсы шыққан өзге қолданушыларға жауап ретінде

– Егер менің бұған дейінгі айтқандарым жеткіліксіз болса, оған қосарым – Алексей Ни шын мәнінде банкер емес, шетелден зілтеміршілер тасып медаль жинау арқылы ұлай мен атақ іздеуші спорттағы алаяқ. Менің бұл принципті пікірімнен бірсүдің талағы тарс етіп айырылып кетсе де айтарым осы. Және мен еншімнен де «ұрыспаймын», бар болғаны – өзімнің дәлелді пікірімді айтамын да, соз пікірімді, әлбетте, табандылықпен қорғаймын. Ал егер менің мұндай «әдетім» біреулерге ұнамай жатса, ол менің емес, олардың проблемасы. әдіресе самасын большевиктік психология жайлап алғандықтан, жұрттың барлығы бір пікірде болуға тиіс деп есептейтін диктаторлардың проблемасы, – деген ой айтып елді әбігерге салды. Халал еңбекті «адалақтыққа» теңегені үшін айтылған сан жауапқа Жасарал ағамыздың айтқаны:

– Ниге, маған десе, «бүкіл әлем қаһарманы» атағын беріңдер. Қазіргі Қазақстанда қалыптасқан маниакалдық үрдіске сәйкес.

Міне, жоғарыда айтқан ойларымыздың түйіскен жері осы. Спорт турасында басталған пікірталастың соңы саясатқа ұласын, алдыңғы буын ағалардың кейінгі ұрпаққа берер тәрбие-аманатының кейіп. Жұртқа жұдырық түйе жүгірмегенімен «таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді» деген бар, Жасарал Қуанышалиннің бейбіттшілік бесігі атанған Қазақстан Республикасының саяси тұрақтылығын «маниакалдық үрдіс» деп бағалауы кімді болмасын алаңдатарлығы анық. Әлеуметтік желінің ең қауіпті тұсы да осы. Осындай өлкылықтарға қарсы шығып, қарымта жауап қайтарар азамат табылмаса, ғаламтордағы «идеологтар» емін-еркін ойға келгенін жүзеге асыруға бермек. Бұл мақалада Жасарал Қуанышалиннің не бары үш-ақ пікірін келтірдік. Бірақ, үшеуі де астарлы және тура мағынада елді елеңдетерлік ойға толы...

«Қолда бар алтынның қадірі жоқ», – дейді осындайда. Лондонда алтыннан алқа асынып, Гимнімізді жеті рет шырқаған чемпиондарымыз бен күміс пен қоланы қанжығаға байлап мінбеге жеті рет шыққан спортшыларымызды мадақтаудың орнына еңсесін басып, жігерін жіберіп кей азаматтардың қылығына қарап, қайран қаласың.

Алексей Ниге «Халық Қаһарманы» атағына ұсыну бастамасы көп ұзамай «Намыс» журналының ресми сайтында жалғасын тапты. Журналист Азамат Битан «Қаһарман кім?» атты мақаласында: «Алексей Ни мырзаның өз ісінің шебер маманы екеніне талайлардың көзі жетті. Орынсыз тұрып шапалақ ұрды. Дегенмен «Халық Қаһарманына» ұсынуға сіз қалай қарайсыз? Оның үстіне «енді ешкімді жаттықтырмаймын, жастарға жол беремін, тоқтаймын!» деп тоқетерін айтып алып, кейін жаңағы сөзінен айнып кеткен бас банкердің қылығына іштей ренжігендер де көп-ау», – деген ойымен бөлісті. Расында, «Алексей Ни банкерліктен бас тартпақшы», деген ақпаратты отандық БАҚ өкілдері жапа-тармағай жазып, нәтижесінде күллі қазақстандық жаттықтырушының орны босады деген ойда қалғаны белгілі. Алайда, Лондонның оралған бас банкер журналистермен сұхбат барысында ол ойын тек бір-ақ адамға айтқандығымен бөліскен. Ягни ексуара әңгіме барысында ауыр атлетика банкерлік штабына жақын, әдебиреуге іштегі кобалжуымен бөліскен Алексей Ни ертеңінде бұл ақпараттың жаһанға таралғанына өзі таңғалғанын жасырмады. Демек, Азамат Битанның «кейін жаңағы сөзінен айнып кеткен бас банкердің қылығына іштей ренжігендер де көп-ау», – деген пікірі орынсыз. Өйткені, бұл оқиғаның орын алуына басты себеп, есек-аяңның салдары. Қайта, Алексей Нидің құрамаңың бас банкерлігінде қалатындығын естіген қалың жұрт Рио де Жанейрода өтетін келесі Олимпиадалық ойындарда биылғы жетістіктің жалғасатындығына сенім білдірді.

Мақала жарияланған сайтта пікір білдіру кетігі қарастырылған. Бірақ, біз ресурстағы ойларды ортаға салудан аулақпыз. Мұның себебі сайтта анонимді хат жазу үрдісі кең етек жайған, әрі қолданушылардың екі сөзінің бірі гайбат. Тіптен кей бірі ұлтаралық араздыққа итермелейтін сөздерден таймаған.

«Қазнет» пен халықаралық әлеуметтік желіде орын алған олқылықтарды саралай келе, көптеген күрделі мәселердің басын ашғардық. Еліміз үшін ең жемісті Олимпиадада мемлекетіміздің намысын абыроймен қорғап, жанқүйерлердің сенімін ақтаған спортшыларымыз бен олардың бабын баптаған банкерлерді қалай мақтасақ та жарасады. Ал, жоғарыда көрсетілген мәселе, әлеуметтік желіде түсаусыз бой сауғалаған «серілердің» еліміздің жеткен жетістіктерін елемей, жастардың санасына жат пікір орнатумен әлек болу, алаңдатарлық жағдай!..

Тұманды Лондон, қазаққа дұманды Лондон болды. Жеті алтын қоржынға түсіп, қуанғанымыздан төбеміз көкке жеткен тұста алдыңғы буын ағаларымыздың терс сөйлеуі көңілге қаяу түгызды. Өкініштісі сол, өзімізден түгіл өзгенің өзі асығымыздың алшысынан түсуін Елбасының саясатының арқасы деп мойындаған тұста, өзімізден іріткі шықты. Мәселен, «Московский комсомолец» газетінің тілшісі Игорь Кармазин Қазақстанның алты алтын алуына ұлтаралық татулық себеп деп бага берді. Ендеше банкерді алалап, спортшыларымызды өзіміздікі деп танымаған Жасарал сынды азаматтардың көксегені не? Адасудан алшақ болайық, ағайын!



Қажет АҢДАС ✓

Қазіргі таңда экономикалық сұраныстың алға шығып, рухани дүниенің кеңжелеп бара жатқанын жасырмаймыз. Сондықтан, дамыған елдерде өнер саласының майталмандары бір-бірімен етене араласып, қоғамдық мәселелерге ықпал жасауға кешті. Ал бізде әр сала – әдебиет, музыка, театр, кино өз қазанында өзі қайнайды. Зиялы қауым ортасында бір-бірімен қолын-қолтық араласып, қызу талқы өрістету жағдайы жоқтың қасы.

Біртұтас рухани орта

Әрине, мемлекет қуатты болса, білімі, өнері де қуатты. Қуаттылық оның жерінің байлығы, сол байлықты игеріп, халқының ал-ауқатын күннен күнге арттырып, әлемнің озық елдерінің қатарына кетерілуімізден көрінеді. Демек, экономикамыз өркендесе, басқа саланың да бітеліп қалған арналары ашылып, түлері сөзсіз. «Қырық қыранды қиядан көреді» демекші, Қазақстан Кеңестік құрылыстың үйреншікті пыр етіп көтерілген еді. АҚШ, Германия, Англия, Индонезия, Сингапур, Малайзия, Жапония, Қытай тәрізді дамыған елдер қолтығынан сүйеп, шыңырығынан тартып, инвестиция құя бастады. Қазір елімізде Самұрайдар, Орта Азияның барысына айналып, тартуын дүниеге шәкі байлығы, рухани құндылықтары, саясат сахнасындағы орны, дипломатиялық алпауыртығымен танылып үлгерді. Кеменгер Елбасымыз ата-бабамыздан мұра болып қалған астын-үстіні кенге, ырысқа кенен жерімізді ғана емес, кешегі отарлық жүйе есеңгіретіп тастаған, жартылай мәңгүрттеп айналдырып, пайдана бастаған рухымызды асқақтатты. Жауынгер, батыр, ер, мәнеміздің қайрап, замана ағымына алдына шығару үшін «Мәдени мұра» бағдарламасын ұсынды. Соның нәтижесінде 100 томдық «Бабалар сөзі» жарыққа шығып, өлеңмаз тіріліп, өшкенмез жаныл жатыр «Жұлдыздар отбасы» журналының бетін ашып қалсаңыз, қаптал жүрген жанр жұлдызы топтардың есебінен жаңыласын. Құрылып жатқан оркестрлер мен театрлар қысқасы, көз алдыңан бұлақтар қаңғыма. Қазақ өнерінің күндері Германия, Франция, АҚШ, Қытай т.б. алпауыт елдердың сахнасында сахараның саумал самалын естіргенде зал қопарыла көтеріліп, қол соққаны – ойы да, жаны да, иегі, пиғылы, өнері де жомарт халқымыздың күдіретті екенін мойындағаны емес пе?.. Демек, мемлекет кемелденуінің басты белгісі – демократияның берік орнығуы саналса, «Үлттық рухсыз демократия дегеніміз – ұлттың барып тұрған қас жауы» (Т. Медетбеков). Рухсыз мемлекет – тұғыры өлсіз ғимарат төрізді, сәл сілкінсе шаңдамай, үйіліп қалатын.

Халық өте талғампаз. Олар заман талабына сай қуатты да шуақты көрермен мен тыңдарманы. оқырманының кіріпіш талғамының шыңына көзге қамшы тигендей сырт айналып, безіп кетуі, басқаның отына жылынуы ғажап емес. Уақыт талабына жауап беру үшін әдебиет, сәнгерлік, сурет, өлең, кино, музыка, театр өз қаранында ғана қайнап қоймай, бірін бірі жебеп, баяытып, ортақ арнаның шеңбе, толқи ағатындай күйді біле алмаса – тектілікке, мәртікке құштар ұлтымызған тағылық. Ұлылық деген – өзімнен өзің күресу. Адамдық, адамгершілік, әділеттілік, ізгілік, дарынға жомарттық, ұлылық үшін күрес. Ол бізді әрқы тамырымыздан дарыған қасиет: «Көк түркіперді сөзіне берік, ең ақылды, жаңалық атаулыны жасаушы, тәртіпсізді түзейтін үлт ретінде жаратқан» (Махмұт Қашқари). Генетика ғылымы заңына жүгінсек, сол қасиеттер жетсулықтардың бойында бар, мәселе соны өнер тілімен иесіне жеткізе алмай жатырмызда. Ел тұтқасы зиялы қауым осы жағын қабырғасымен кеңескені абзал.

Бірақ, кейінгі кездері өнер адамдары арасында ию-қию талас-тартыс пен бір-бірінің етегінен тартып, жағасына жармасқан, «Менікі-сенікі» деген безбүйрек даулар қаптап кетті. Бабаларымыз: «Өсер елдің барасы бірін-бірі батыр дейді» деуші еді. Біздің елдің жігіттері бірін-бірі жарға итеруге әбден машықтанып барады. Алдымен қалың оқырман екі Мұхтардың талас-тартысына куә болды. Бірі – Шаңғыс ханды жазуы десе, бірі – данышпан деп ақтап жатты. Шынтуайтына келгенде тартысқа Шыңғыстың қайнағы Кенесары Қасымұлы мен Абылай ханның қайсысы ұлы тұлға болғаны туралы ой-пікірлер ортаға салынды. Ақыры, Шыңғыстың қайнағасы Кенесары Қасымұл

Қыз құлаған шыңға сан бардым,
Аты өшсін ваң жоңғардың.
Астында қалды-ау көп тарих,
Мәңгілік кетпес тоң-қардың,
Сұрағышысы жоқтардың,
Мәңгі өшпейін ақтардым.
ХАЛЫҚ АУЗЫНАН.



Қыз құлаған шың

Машық қол мұлт кетпеді. Адырнасы кең ауыр садақтың жебесі керіле тартылды да шыңға атылған ала шұбар жыландай шаңның сүмбіл ұшына қарай зулай жөнелді. Шеңбері төмен салбырай ұшқан ала арқанды ұшыра зулаған жебе шаңның ұшына ілініп, арқан мықтап шегенделді. Сырт-жайғаса бастағанын жеткізеді ол.

Алпақ қар басқан шыңдары көк төсіне сұғына енген, бүлттан бөрік киген бұл ұлы тау қазақ тарихымен біте қайнасып, жоңғарлармен қазақ әскерлерінің талай шайқасының куәсі болған. Жоңғар хандығының нояндары қазақ жерінің шұрайлы бөлігі, байлығы тұнған Алатау сілемдеріне көптен көз тіккен. Қазақтарды Балқаш көлінің маңындағы бетпақ құмға қуып тастап, Алатау шыңынан бар әлемге шекесінен қарауды армандаған. Сол мақсатпен жоңғар жортуылы бұл өлкеге аз өлек, лаң қырғын әкелмеген. Сондай айтулы оқиғаның куәсі "Қалмақ қырылған" аңызымен толған мешіттер қорымы және мәңгі ескерткіштей.

"Қыз құлаған шың". Сол оқиға бүгінде көмескі тартып, мұхит түбіне құпаған шөгіндідей ізсіз жойылып, мәңгі үнсіздікке кетуге айналған. Бірақ өлтіруге қимастың, елім, халқым деген жас қыздың қазіргі жастарға да үлгі боларлық ісін тіріптуге тырыстым.

Алқам-салқам зор денелі, сом-сом сүйектері шодырайған, бітімі ерекше түпқалы жігіт ат басын еркін жіберіп, "тік қияң" атанған биік басынан жұлқына ұшып келеді. Бес қаруы түгел қалың қол аңтарыла қарауда. "Жиһангерді қарандар, аты жығылмағай, кезсіз ерім-ай, атадан үл боп тусаң ту", – деп дабырласады көпшілік. Қарсы қиядан тағы бір атты самғай шығып, Жиһангерді беттеп құйындатып барады. Қалың ескер үйіріле топтасқан сайға тақау бөрін елеңдетіп: "Ей, мынау кім? Ялыр-ай, бұл да жаңа батырлардың танымаған бірі болар ма?" – дегізіп, Жиһангерге қылышын суыра ұмсынған. Талдырмаш болса да етті де, жұмыр денелі жас жауынгер, енді болмаса басын қағып түсірердей сұстылықпен төнді. Бетін түмшалап алғанына қарағанда жау, ия, өз ескеріміздің бірі екені белгісіз. Жиһангер саспады, айғайлай сейлеп: "Елгүлі, кессең басым міне, қызға қол көтерер мені кім деп ойлайсың?" – деді. "Сен мені қыз деп қомсынба: "Онсыз да бәрі қыз санап, күш сала нағыз жаттығу өткізуге мүмкіндік болмай жүр, барыңды сал, жеңілсең өкінбеймін, жеңілсең батыр атыңа сын. Жігіт болсаң шық, жекпе-жек, жекпе-жек", – деп қайта шүйіле бастады.

Айқас қыз бен жігіттің ешқайсысына да жеңіс өкелген жоқ, жігіт тек қорғаныста болды. "Біз аяусыз бір-бірімізді жарақаттайтын жау емеспіз, бұл шеберлігімізді де, ерлігімізді де жаумен соғыста кәдемізге жарар жаттығу, шындалу әрекеті деп саналық", – деген Жиһангерге қыз: "Осы күшпен әдісті жаудың жауыздарына қолданғанымыз жөн, сондықтан қазіргі кезде менің намысымды емес, қазақ деген жанған да қымбат халқымыздың намысын, елін, жерін қорғауға пайдаланып, сонда озған оғланды үлкен жүректі, ұлық мінезді азамат деп білуміз дұрыс", – деді. "Елгүлі, бұл жер айтарда жерім емес, аттың жалы, түйенің қомында ел қиналып жатқанда, қызық қуар жайым да жоқ.

Дегенмен, соғыста аман қалуға ешкімге де кепілдік берілмеген, ол жолда өлсек шейт, тірі болсақ ел мерейін тасқындатармыз да, бірақ іште сыр боп тұла бойды елжіреткен, тек өзіңе ғана арналған ғашықтығымды айтпасам арманда өтермін бе, кім біледі? Соғыста, басқа да махаббатқа тосқауыл бола алмайды, онсыз тірлікте мән-мағына болмақ емес қой". "Жиһангер, сезің серттей, сезімің өрттей, ел дегенде өзегің дерттей жан екеніңді білемін. Ол түйін шешілер тек жауымызды жеңгеннен кейін, сондықтан жерімізге қан ізденкелген жатжұрттық, өз қанына тұншығуы керек. Елін, жерін сүйген, жатқа да жамандық тілемеген. Біздер өмір сүруге тиісліз. Ендеше, біз өлмеуіміз жөн, сен өлме, өлуге тиіс емессің. Шайқаста көрсеткен ерлігіңе байғазы менің көңілім болар. Өз махаббатымыздан елге, жерге дегенде басқа махаббатымыз бар емес пе? Онда махаббатымызды қорғауға перзенттік парызымызды ақтауға барымызды салалық. Ертең жауымызға қан құстыру жолында жолығалық, енді бұл өңгімені созбалық", – деп қозғала бергенде арттарынан хабаршы да жеткен. Өздерін хан мен бас қолбасшы шақырып жатқанын, жау әскерлері бері қарай беттеп, тау биігіндегі терең сай бойындағы өзенді жағалата шатырларын тігіп қы кимдерін шешінген қыз лып етіп арқанмен бойлап өрлей жөнелді. Қары талып шаршай бастады. Тоқтап дем алуды ойына да алмады, ертерек үлгеруі, хабар беруі керек-тін. Денесін жауған тер көзіне де құйылған өршіл жас бәрібір алға жылжи берді. Межелі биігіне іліккенін көрді, алдында ала арқан тартылып тұр. Арқаннан үстап күш алғандай маңайын шола қарады. Тіпті ап-айқын жаудың ордасы, оның маңындағы қыбырлаған оншақты адам ғана көрінді. Шатыр алдында ұшына жылқының құйрық қылы байланған ала туы, жаралы құстың жалғыз қанатындай ебінің желімен далбаң қағады. Екі адам өлденеге дәуірығып батыс жаққа қолдарын сілтеседі. Қыз қанша жіті қараса да басқа ештеңе де жоқ екенне көзі жетті. Төменге жау әскері жоқ деген белгі берді. Әкесінің шұғыл қимылдағаны байқалды, зуылдаған екінші жебе өке қолынан атылып, төбе басындағы аң тудық сабына қадалды. Бұл жасырын бұлықтарды майданға салуға берілген бұйрық еді. Кенет қыз өзі үстап тұрған арқанның өлденеден дірілдегенін сезді, жалт қарап таңдана шошынды. Кешегі бері осы шыңды айнала ұшып шаңқылдаған бір бүркіт мына жанталас қырғынға наразыдай бірсе бұлт арасына сіңіп бірсе шың сілеміне қарай жоғалып кетіп жүрген. Байқаса, төрт-бес құлаштай жерде аузы аңқайған үңгір бар болып шықты Содан таз бастарын жыланша созғылаған қос бүркіт балапаны дәл алдына келіп тартылған арқанды поршалап түтіп жатыр. Қыз тез төменнен сырғи жөнелді Тау алқабын дауылды да қаһарлы айғай ұранға бөлеген қазақ әскері жауды тықсырта бастады. Моңғолдың аласа тұрықты көнбіс аттарына мәнген, өмірбақи ат үстінде күн кешкен, имек аяқ, бура сан жоңғар нояндары арттарына жалтақтай қарап қаша соғысты. Қашқан жауда береке бола ма, үсті-үстіне өкпе құлаған жатжерліктер, қиял өрін емес, мәңгі көрін осы жерден тауып жатты. Қыздың оңай өм тез түсемін деген ойы, өлдекайда қиынға айналды. Шығарда тірек болып тұрған тас бедерлерімен аракідік өскен тасжарған түсер жолда ілгек болып ер жеріне тірелп келеді. Кейбір ұшпа, шығып тұрған үшкір тастар ұяң төнине у сепкендей тілгілей ашытып барады. Орта тұстан асқанда енді біраз сырғыса жерге табаны тиердей. Бірақ ұясындағы ала арқан оқыс солқ етті де, халқының бір жеңісі үшін құрбан болуға пейіл жас қыз ала арқанды тас қып үстаған қалпы төменге сорғалай жөнелді. Хан мен бас қолбасшының алдындағы қой тасқа барынша соғылған қыз денесі бөлшектене шашылды. Аткылаған асау қан маңайдағы таспен ағаштағы тегіс жуды. Барлық ынтасы соғыс жағдайына ауған ел ағалары беттеріне шашыраған ыстық қанған ғана көз алдындағы жайды түсінді. Өке тас мүсіндей көзіне бір тамшы жас та алмастан, қызының денесін бір жерге жинақтады да, жер тарпып тұрған ақбоз атымен жау ордасына қарай құйындай ақты. Батырдың көзі де, құлағы да дым сезбестей, арадағы қауіп күшті иек артпа белден де асып, жаудың орда шатырына жетіп жуан найзамен іле төңкеріп тастады. Төрде бірнеше нөкерімен жаңы шыға көзі аларған, төбесіндегі өрілген тұлымы тас үстіндегі жыландай бұлғақтаған жуан қара жан-дәрмен басын қорғай берген. Қайта айналған батыр айбалтамен қазандай басты томар бөлгендей екіге айырып түсірді. Осы соғыста жүрегіне кек мұзы қатқан батыр, жаудың бірде-бір әскерін қалдырмай тегіс қырды. Жиһангер де ерек көзге түсіп ел аузына батырлығы аңыз боп тарады. Бас қолбасшының соңғы перзентінің қазасына елінең қабырғасы қайысты. Қалың қол үш күн аза тұтып, сол жерге қорым тастардан өріп жал жасап, қыз бейтінің басына мәңгі өлмес белгі қойыпты. Жүрек тақылеттес "Қыз ұшқан шың" осылай пайда болыпты. Кейіннен сардар атағын алған Жиһангер батыр, аза тұтушылар қайтса да соңынан тағы да үш күн сол жерде Елгүлі қыздың рухымен қоштасып жатыпты. "Мен қалдым, сен пейшке кеттің, Елгүлі, енді өлгенмше сен айтқан махаббатты қорғап өтем", – деп ант етіпті. Үйленбей елдің шетінде, жаудың өтінде жалғыз үйлі-тұмыр кешіпті.

Бірлік БЕКБАУЫЛҰЛЫ.

ҚЫЗЫЛЖАР АУЫЛЫ,
КӨРБҰЛАҚ АУДАНЫ.

Ата Заңның адам игілігіне бағытталған басты қағидаларының қоғам өмірінде кеңінен көрініс тауып, орнықты орындалуында ардагерлердің үлесі ұшан-теңіз. Ардагерлер еліміздегі тұрақтылық пен татулықты нығайтуда, өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуде мемлекетке мықты тірек бола отырып, ұрпаққа ұлағатты жол сілтеп, еліміздің жарқын болашағы үшін үлкен еңбек сіңіріп келеді.

ҰЛАҒАТ

Жетісу

7

Бүгінгі күні қоғамда қалыптасқан әлеуметтік тұрақсыздық жағдайында заң өз күшін толық жүзеге асыра алмай отыр. Сол себепті балалар үйінің тәрбиелеушілерін баспанамен қамтамасыз ету ең өткір мәселе болып қала бермек.

Бейсенбі,
30 тамыз,
2012 жыл

www.Zhetysu.sm.kz e-mail: Jetisu2012@mail.ru



Ақай ата

Ата Заңның адам игілігіне бағытталған басты қағидаларының қоғам өмірінде кеңінен көрініс тауып, орнықты орындалуында ардагерлердің үлесі ұшан-теңіз. Ардагерлер еліміздегі тұрақтылық пен татулықты нығайтуда, өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуде мемлекетке мықты тірек бола отырып, ұрпаққа ұлағатты жол сілтеп, еліміздің жарқын болашағы үшін үлкен еңбек сіңіріп келеді. Арамызда жүрген осындай қазыналы қарияларымыздың бірі Ұлы Отан соғысының ардагері, Ұзынағаш ауылының тұрғыны-Ақай Шәріпбаев.

Ақай Шәріпбаев 1921 жылы бұрынғы Кеген ауданы Қарабұлақ ауылында туған. Әкесінен үш, ал анасынан он бес жасында айырылған Ақай 13 жасынан бастап Көлбастау колхозында жұмысқа араласқан. 1941 жылы әскерге алынып, Ұлы Отан соғысына қатысты. Соғыста майдан даласындағы кескілескен ұрыстарда үш рет жарақаттанды. Емделіп шыққан сайын қолына қару ұстап қатарға қосылып, Отан үшін қар жастанып, мұз төсене жүріп жан аямай күресті.

Соғыста бөлімше командирі болып тұрған кезінде барлауда немістердің шебіне өтіп, жаудың бір солдаты мен бір офицерін қолға түсірген. Осылайша "тіл" алып келгені үшін оған жауынгерлік "Қызыл Жұлдыз" ордені берілген. Соғыста көрсеткен басқа да ерліктері үшін көптеген медальмен марапатталған. Фашистік Германиямен соғыс аяқталысымен оның одақтасы Жапониямен болған соғысқа қатысты. Сейтіп, 1941 жылы соғысқа алынғаннан Отанына 1947 жылы оралды.

Елге келген сол 1947 жылы отау құрып, жан-жары Нұсқалымен тоғыз бала тәрбиелеп өсірді. Колхоз жылқысын 25 жыл бойы бағып, құрығы құтты жылқышы атанды. Одан кейін де колхоздың сан түрлі жұмысын абыроймен атқарып, еңбекте алдыңғы қатардан көрінді.

Ақай ата бүгінде балаларынан 24 немере, 30-дай шөбере сүйіп отыр. Енді аз күнде немене күтіп отырған жайы бар. Ұзынағаш ауылында кенже баласы Талғат пен келіні Жібектің қолында тұрады. Біз барғанда үлкен үй шаңырағында, аталарын аялы алақандарына салып отырған бақытты отбасының куәсі болдық. Немерелері – Айдана би билеп, Әли ән салып, ойнады. (суретте)

Тоқсан бір жастағы қазыналы қариямызға енді неменеңің қызығын көріңіз демекпіз.

Серік ӨШІМБЕКҰЛЫ.

Ата Заң айбынытым

Халық едік қашанда біз жықпаған өр намысын,
Кеудесін де ілікпіре алмайтұғын талы сын.
Әз атаның аманатын сенімімен суарып,
Мекен үшін жаның қиды сан батыр мен арысың.
Бүгін, тәйір сол күндердің дүбірі тұр құлақта,
Естелік боп есте қалған ескерткіштен танитын.

Өтседағы санамызға жүгін артып, жылжыған күн.
Бірақ, бірақ жібін ешкім үзе алмайды шындықтың,
Көсем сөздің қалқасына жасырынған жай ғана,
Мен мынадай құны тозбас бір керемет сырды ұқтым.
Елің барда еңсең биік, керісінше, болғанда,
Өмірінің өрісі тар, тынысы зар мұңлықсың.

Бүгіндері азат ойлы ұланымын өр елдің,
Қожасымын деп айтсам да артық емес әлемнің.
Бір кездері жігерімнің жаншылғаны ақиқат,
Енді, міне, алыс-жақын агайынмен теңелдім.
Көк Байрақтың желбірінен сенім алып сергісем,
Әнұранның үнімменен тың сезімге бөлендім.

Иә, иә, тәубе, тәңір, келгеніне бұл күннің,
Биік арман, мұраттарға тың тебінмен ұмтылдым.
Желтоқсанның ызғарында жерге сіңген намыстан,
Жарып шыққан жауқазындай жаңа түрмен құлпырдым.
Берекесі бейбіт күннің қашпаса екен деп тілеп,
Аңсауменен келемін мен амандығын жұртымның.

Өткен күннің таразысы, табыстары екшелген,
Тұғырымыз ешқашанда мызғымайды деп сенем.
Ендігі арман бүгіне жеткізетін жетелеп,
Ата Заңның айбыны мен айдынында деп білем.
Десе-дағы ел пейілін бейімдейтін бірлікке,
Береке мен ынтымақтан айырылма тек көкем.

Қажет АҢДАС.

Балғын шағымызды бірге өткізіп, есейгенде де жұбымыз жазылмаған құрбы, ең бастысы білім саласына өзіндік еңбек сіңіріп, тер төккен білікті маман иесі Айтбала Мұқашева туралы айтуды жөн санап, қолыма қалам алдым. Мектеп бітірсек, оқуға түссек, бір-бір мамандық иесі болсақ деп армандап жүргеніміз күні кеше ғана сияқты еді, қалай уақыттың зымырап өткенін байқамай да қалыппыз.

ІЗГІЛІК ІЗІ



Сыныптас досым Айтбала Найманқанқызы 1952 жылы 1 қыркүйек күні Алакөл ауданының Үшқайың ауылында дүниеге келген. Әкесі Найманқан ағаң ауыл мектебінде өмірінің соңына дейін ұстаз болып, физика-математика пәнінен сабақ берді. Он бір баланы өмірге әкеліп, барлығын дерлік оқытып, жоғары мамандық алып беріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған "Алтын алқа" иегері Қайнекен шешеміз бүгінде 90-ның төрінде отыр.

Әке жолын қуған Айтбала да оқытқыштық Фурманов орта мектебінде 1969 жылы бітіріп, сол жылы ең қадірлі мамандық - ұстаздықты таңдап, Алматы қаласындағы Абай атындағы педагогикалық институттың экология-география факультетіне түсіп, 1974 жылы география-биология мамандығын алып шығады. Институт бітіріп келген жылы Ө. Өлімжанов ағың, Т. Бейісқұловтың туған ауылы Қарлығаш орталау мектебіне географиябиология пәнінің мұғалімі болып орналасты. 1976 жылдан 1980 жылға дейін осы аталған мектепте директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары қызметін атқарады. 1980 жылдан бастап осы мектептің директоры болып зейнеткерлікке шыққанға дейін де 2 жыл басқарды. Қазір құрметті демалыста. Ол осы жылдар аралығында қаншама шәкірт оқытып, білім шаңырағынан түлетіп ұшырды. Олар қазір еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет етуде. Өлі де болса кейінгі жастарға берер тәлім-тәрбиесі зор Айтбала досымның еңбегі елеусіз қалған жоқ. Қазақ ССР халық ағарту қызметінің озық қызметкері атанып, Алматы қалалық білім басқармасының, аудан әкімінің, Алматы облыстық білім басқармасының Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Ұстаздық ғұмыры өткен Қарлығаш ауылында жары жайсаң жан Сәкен Дәулетханұлымен отау тігіп, өмірге 4 бала әкеліп, өнегелі отбасы бола білді. Алайда, жолдасы Сәкен өмірден ерте кетіп, қыздарына әке де, шеше де бола білген бір өзі. Балаларының бәрі жоғары білім алды. Атап айтар болсақ, қызы Қымбат – экономист, Зәмзат – заңгер, Зарина – ұстаз, Арайлым – С. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университетін биыл бітіріп шықты. Екі қызы осы ауылда шаңырақ көтеріп, бүгінде Айтбала 3 немеренің әжесі атанып отыр.

Ер мінезді, адалдықты, ізгілікті қастерлей білетін, көкірегі ояу жан Айтбала Найманқанқызы қандай құрмет, марапатқа болсын лайық. Білім күні өмірге келіп, бүгінде 60-тың асқарына көтеріліп отырған үлкен жүректі ұстазды мерейлі жасымен құттықтай отырып, мақаламды мына өлең шумағымен аяқтағым келеді:

Ізгіліктен алауланған нұр жүзі,
Кім сағынбас бала күнгі күрбыны.
Адал еңбек абыройға бөленген,
Аяулы ұстаз білім беру үздігі.
Құтты болсын 60 деген кемелің,
Өмірде бар өз бигің, өз орның.
Мен өзіңнен мақтанамын Айтбала,
Алтысыңа шашу болсын өлеңім.

Сара ЗӘУРЕНБЕКҚЫЗЫ.

АЛҒАБАС АУЫЛЫ,
КӨКСУ АУДАНЫ.

Қоғамның ең әлсіз қорғалған санаты – балалар. Оның ішінде тағдыр тауқыметін арқалаған жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың төңірегінде талай мәселенің түйіні тарқамай жүр. Бұл жердегі ең өзекті жайттың бірі – аталған санаттағы жандардың құқықтық қорғалуы, сондай-ақ баспанамен қамтылуы. Осы жағдай белгілі бір ретке келтірілсе, ол балалардың әлеуметтік өмірге бейімделу мәселесі шешілетіні сөзсіз.

БАСПАНА



оны жетім бала қалай алады?

"Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Заңының 14-бабында, ҚР "Білім туралы" Заңының 6-бабы 18-тармақшасында және басқа заңнамаларда баланың тұрғын үйге құқығы бар екендігі айтылғанымен, іс-жүзінде бұл мәселе орындала бермейді. Алайда, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жергілікті атқарушы органдар тарапынан жүргізілуі тиіс екендігі көрсетілген. Осы орайда облыс аумағындағы қала, аудандарға әлеуметтік аз қорғалған санатқа жататын жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды баспанамен қамту мәселесін алға қою, тиісті жұмыстар жүргізу, іс-шаралар ұйымдастыру туралы хаттардың үнемі жолдануына қарамастан бұл сатыдағы жұмыстың өз деңгейінде орындалмауы алаңдатуда.

Департамент тарапынан бұл істі алға бастыру мақсатында "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйге құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР Заңының жобасы бірнеше рет ұйымдастырылған семинар-кеңестерде мүдделі ұйымдармен, яғни облыстық білім басқармасы, аудандық, қалалық білім беру бөлімдерінің қорғаншы және қамқоршы органдары, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру және үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен талқыланып, тұрғын үй мәселесі аясындағы заңнамаларға енгізілген өзгерістерді толығымен қолдады.

Негізінен, кез келген интернаттық ұйымға жаңадан түскен әрбір бала жас ерекшелігіне қарамастан тіркелген күнінен бастап бірден баспанаға кезекке тұрады. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспана алу үшін жергілікті атқарушы органда Қазақстан Республикасы "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 67-бабына сәйкес жергілікті атқарушы орган жалдаған мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаждар есебі жасалатыны белгілі. Мысалы, департамент тарапынан жүргізілген мониторингке сүйенсек, жыл сайын балалар үйлерінен 100-ден астам түлек түлеп ұшады. Бұл санаттағы жасөспірімдер мен бойжеткендер техникалық, кәсіптік, жоғары оқу орындарына қабылданғаннан кейін аталған білім мекемелерінің жатақханаларында тұрады. Бірақ, оқу орындарын бітіргеннен кейін балалар үйлерінің түлектері баспанаға ерекше зәру болады. Осы орайда, олардың әлеуметтік өмірдегі келешек тағдыры тек өздерінің күш-жігеріне табыстаалады. Егерде аталған Заңның 74-бабына сәйкес балалар ол кезектің жеткенін күтетін болса, тек қартайған шағында ғана баспанаға қол жеткізуі мүмкін. Осы орайда, қорғаншы және қамқоршы органдары аталған санаттағы балалардың әлеуметтенуі жолында баспанамен қамтамасыз етуге байланысты қоғам арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, демеушілерді тарту қажет.

Бүгінгі күні қоғамда қалыптасқан әлеуметтік тұрақсыздық жағдайында заң өз күшін толық жүзеге асыра алмай отыр. Сол себепті балалар үйінің тәрбиеленушілерін баспанамен қамтамасыз ету ең өткір мәселе болып қала бермек.

"Балам деген елі болмаса, елім деген бала қайдан шығады" демекші, мемлекеттік органдар арасындағы өзара байланыстың нығаюы, қоғамдық бірлестіктер мен жеке азаматтардың көметі арқылы жетім балалардың мәселесін шешуде белгілі бір жетістіктерге жете аламыз.

Әсел СМАҒҰЛОВА,
облыстық балалардың құқықтарын қорғау департаментінің бас маманы.

Жаңа айдар: ҮШТҰҒЫР: тәрбие, білім, ғылым



Алма ЕСЕНБАЕВА
"Жетісу"

ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ әлсіреп бара ма?

Бүгінгі бала білімге ұмтылғыш, керек десеңіз үш тілде де жақсы сөйлейді. Кез-келген жерде тайсалмайды, ойын ашық айтады. Алдыңғы буын аға-әпкелері сияқты үлкен отыр-ау деп жасқанып жатпайды. Демек, еркін тәрбие алуда. Ол дұрыс та болар. Алайда, осының астарында ұлттық болмыс, мінез-құлықтың жоғалып бара жатуы белең алатындай. Өйткені, қазақ қызы ұялдығы, биязылығымен ерекшеленсе, ер балалар «ата тұрып сөйлеген ұлдан без» деген тәрбиенің жетегінде өскен. Кейінгі кезде осы бабамыздан жеткен тәрбие дәстүрі ақсап, жастар ұлттық болмыс-бітімнен ажырап бара жатқандай. Әсіресе, ұлдар қызға ұқсап таш қойып, таранып, сылanып, өздерін күтуге әуестенсе, қыздарымыздың аузынан темекі, былапыт сөздер түспейді. Бұл тәрбиеде жіберген кемтіліктеріміздің салдары ма, өзге жастарымыздың заман ағымына ілесуінен туындаған өзгеріс пе?



Рысалды ЕШІМОВА, Қапшағай қаласалық білім бөлімінің бастығы



Жібек БАКЕНОВА, Қапшағай орта мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі



Қарлығаш САМЫЛТЫРОВА, ата аналар мектебінің мүшесі

Теледидар тәрбиеші

бола алмайды

Рысалды ЕШІМОВА:

– Еліміз тәуелсіздік алған жиырма бір жылда жеткеніміз көп, жоғалтқанымыз да жоқ емес. Экономика жағынан алға озып, дамыған 50 елдің қатарына қосылғанымызбен ұлттық тәрбиеге келгенде ұтылып жатқан тұстарымыз бар. Қазіргі баланы ата-анадан бұрын, теледидар, компьютер, интернет тәрбиелеп жатыр. Соған орай балаларымыздың түсінігі батыстанып, жүрген жүріс-тұрыс, істеген әрекеттері де өзгеріске түсіп барады. Бір себептен алып қарасақ, балаларымыз бізге қарағанда батыл. Жасқанбайды, ойын еркін айтады. Тіпті үлкен ата-әжелеріміз, сыйлы қонақтарымыздың алдында да қымсынбай, айтар сөзін шорт кескендей жеткізеді. Бұл дұрыс та сияқты. Алайда, мұның астарында қазаққа тән мінез-құлқымыз, биязылық, инабаттылық қасиеттеріміз жоғалып барады. Бұл, ерине, қасірет. Ұлдарымыздың жеңіл өмір сүруге бейімділігі, қыздардан бетер сенделіп-сылануы ұлттық рухымыздың өлсізденіп бара жатуының дәлелі.

Әркениет көшінен орын алғымыз деп балamызға үш тілді үйретіп ала шапқан боламыз. Бұл әлбетте, уақыттың талабы. Онсыз болмайды. Ол әлемдік білім кеңістігінен ойып тұрып орын алу үшін керек. Ертеңімізге үш тілді меңгерген маман аударқ қажет. Осы тұрғыдан алғанда мен жастардың тіл үйренуін құптаймын. Қалалық білім бөлімінің басшысы ретінде оған айрықша көңіл де бөлемін. Өйткені, көп тіл білгенің ешқашан зияны жоқ. Бірақ қазақ баласы әуелі бесіктен ана тілін еркін меңгеріп, ұлттық тәрбиенің қайнарына сусындап өсуі керек. Ұлттық тамыры үзілмеген бала ғана кейін қанша тіл үйренсе де, өз тілін ұмытпайтын болады. Ал бала қазақша оқып-жазып үйренбей жатып, оған басқа тілдерді тықпалау – меңгеше, дұрыс емес. Шет елде оқып, білім меңгеріп, алайда ана тілін ұмытып кеткендер бар. Бұл өзінің ақ сүт берген анасын, ақ батасын алған атасын, түбін, тегін, Отанын ұмытып, сатып кеткенмен бірдей емес пе? Ұлттық рухта тәрбиеленген балалар ағылшынша оқып, меңгеріп жатса, мәне, солардан бірдеңе күтуге болады. Осы орайда жастардың тәрбиесіне қатты көңіл бөлетін уәжеттік бағдарлама керек. Қоғам, әр саналы азамат, әр отбасы бала тәрбиесіне басты назар аударуы тиіс. Бесікте жатқаннан-ақ баланы ар-ұят дегенге тәрбиелеуміз қажет.

Ең бастысы, ертеңгі ана, елдің болашағын тәрбиелейтін қазақ қыздарының тәрбиесіне көбірек көңіл бөлгеніміз жөн. Бұл орайда қыздарымыздың бойына алдымен ұлттық тәрбиені сіңіруге тиіспіз. Бүгінгі қазақ қыздары джинсын киіп берсін, шашын қисық, бірақ қазақ қызына тән ибалылығын ұмытпаса екен дейміз. Бұған отбасынан бастап, мектеп мұғалімдері атсалысуымыз керек. Барлық қыз өзіне өмірлік қажетті ас пісіруді, медициналық көмек көрсетуді, шаш қиюды, қолөнерді уақыт талабына сай ағылшын тілін меңгеріп шыққа, қандай ғанибет!

Ал ұлдарымыз әкесінің қасында жүріп, шеге қағуды үйреніп, тұрмыстық бұйымдар жасап, үзілген ток-сымдарды жалғап, техниканың тілін білуге мәшықтанса, біз бүгінде соз қылып отырған ұл балалардың бойында болуға тиіс ер-азаматқа тән қасиеттердің қайтып ораларына кәмл сенемін. Осыларды меңгере жүріп, тегімізді білсек, тіліміз ұмытпасақ, қазақ болып жаратылғанымызды мақтанып тұтсақ болды. Басты мәселе – ұлттық рухта. Рух биік болуы үшін, тәрбиенің діңгегі мықты болуы керек. Ол үшін аналар сәбиін қазақша өлдилеп, бесік жырын айтып, ата-әжелерімз нақыл сөздермен тәрбиелей білуі шарт. Сонда ғана түн қатып көше кезіп, біздерге жат әдет-қылыққа баратын үл-қыздардың қатары сейрек еді.

Заман көшіне ілескен жастар

Жібек БАКЕНОВА:

– Елімізде болып жатқан әлемдік жаңалықтардан жан-жақты хабардар, заманның көшімен, уақыттың тезімен өз бетбейнесін қалыптастырып жатқан жаңа жастардың қоғамдағы орны, білімі, тәрбиесі – қазіргі басты мәселелердің бірі.

Елбасы өзінің жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауында ел болашағы – жастарға ерекше тоқталады. «Қазақстанның болашағы – жастар» деп отырып, «Болашақ» бағдарламасы аясында олардың шетелдік жоғары оқу орындарынан білім алуға мүмкіндік жасады.

Отанның отбасынан басталатын ұлы ұғым екенін халық тәрбиені талбесіктен бастаған. Ол жөнінде «Ел болamын десең, бесігіңді түзе», «Әжеге қарап үл өсер, шешеге қарап қыз өсер», «Ұятқа не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп отбасындағы төлім- тәрбиеге үлкен мән берген. Біз қазақ халқы қанымызда «атадан өсиет, анадан қасиет» дарығанын халықпыз. Үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, іскерлік, инабаттылық бойымызда сақталған.

Қазір кейбір жастарымыз заман ағымына ілесіп жатырмыз деп, ұлттық тәрбиеден ауытқып бара жатқан жастар тіліне де басты назар аударуымыз қажет. Жеңіл күлкі, таяз ойға, қателеу топы бір-бірне жазып жататын ұялы телефон хабарламалары көңілді қынжылтпайды.

Елбасымыз ұлттық тәрбиені тіл сақтаудың негізге ала отырып, қазіргі жастардың алдына, әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің тілдерін, соның ішінде ағылшын, орыс тілін, өзінің тарихы мол ана тілін жетік меңгеруін мақсат етіп отыр. Еліміз дүниедегі бәсекеге қабілетті өркениетті елдер қатарына жетіп, олармен иық тірескен осынау кезеңде жастарымыз қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде еркін сөйлеп, өз ойын ең алдымен ана тілінің шұрайлы сөздерімен әуелша және жазбаша сауатты білдіре алса, нұр үстіне нұр емес пе?

Сөзімнің соңында ата-баба дәстүрінен тамыр алған қазақтың қазіргі ұл-қыздары елімізді болашаққа жетелейтін, мәдениетті, жоғары білікті, әлемдік мәдениет пен ұлт мәдениетін бойында сабақтастыра сіңірген жоғары интеллектуал тұлға болады деп сенемін.

Тақырыпқа орай

Қызыңыз темекі тартып жүр!

Жұмыс бабымен бір мектепке барып қалдық. Үзіліске бала болып ақтық. Мектеп ұйымының тұрған екі-ақ қыз бала қолынан жасқап. Өлімдерін қара көзбен. Темекінің, спиртың соның оқушылар екені айдай сөзсіз тұр. Қасқарғаның өзін бора жайлап мені көрсе де назар аударғанға келмей. Сақтасқарының, арақтарын тығынды ара-тұра құшырлана сорып. Қара зәйнет кіріп кеткенді.

Қазақ қыздарының ішкіге деген қасиеті болушы еді. Қасқарғаны мектеп директорын емес, ата-анасын келсе де сасқанын тығылып жүр. Өздерін ерекше ұстайды. Мінезінің көпірі ата-ана. жұмысқорлық қайда? Сақтыны жоқтап балалай, ішкі жан дүниесі алай-дүлей болып кетті.

Қала мектебінің алды. Кешкі мезгіл. Оқушылардың сабақтан бітіпті болуы керек, үйлеріне тарапты. Тағы да қатыс көрініс. Бастарын қосынып екі-үш қыз сәлекелерінен алған бір-бір тал темекілерін тұтатып, мәз болып барады. Дүниенің бар рахаты, бар қызығы темекі тартуда қалған секілді. Кімге айтасың, жалықпағанын? Кімге керек? Кім есітеді?

Айналайын, ата-ана, қыз балаларының ақыл қалмақ жағда бәйбіш барады. Сол кез қыздарға ішімде сізіліп, қынжылып жүр ме? Балаңыздың болашағы сізді толғандырса, бері кел. Бетпай тұрғанда қыз балаңызға зер салып қарақшыны! Сақтасында темекісі жоқ па? Қалтасы темекі тартып жүр... Сенбейсіз бе?!

СИҚЫЛИБЕКТІҢ, Алтынбайдың

1970 жылы Нағима апамыз аудандық театрдың бас режиссері болып тағайындалып, өңірдегі өнерлі жастарды жұмысқа тартады. Ал театр құрылғаннан бергі 45 жылда 45 қойылымды сахналап, көрермен көңілінен шықты.

Қазір кейбір жастарымыз заман ағымына ілесіп жатырмыз деп, ұлттық тәрбиеден ауытқып бара жатқан жастар тіліне де басты назар аударуымыз қажет. Жеңіл күлкі, таяз ойға, қателеу топы бір-бірне жазып жататын ұялы телефон хабарламалары көңілді қынжылтпайды.

Елбасымыз ұлттық тәрбиені тіл сақтаудың негізге ала отырып, қазіргі жастардың алдына, әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің тілдерін, соның ішінде ағылшын, орыс тілін, өзінің тарихы мол ана тілін жетік меңгеруін мақсат етіп отыр. Еліміз дүниедегі бәсекеге қабілетті өркениетті елдер қатарына жетіп, олармен иық тірескен осынау кезеңде жастарымыз қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде еркін сөйлеп, өз ойын ең алдымен ана тілінің шұрайлы сөздерімен әуелша және жазбаша сауатты білдіре алса, нұр үстіне нұр емес пе?

Сөзімнің соңында ата-баба дәстүрінен тамыр алған қазақтың қазіргі ұл-қыздары елімізді болашаққа жетелейтін, мәдениетті, жоғары білікті, әлемдік мәдениет пен ұлт мәдениетін бойында сабақтастыра сіңірген жоғары интеллектуал тұлға болады деп сенемін.


Отбасының орны бөлек

Қарлығаш САМЫЛТЫРОВА:

– Бала тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын ойшылдары мен зерделі зиялыларын толғанысқа, уздіксіз ізденіске түсіргені даусыз. Балаларға ұлтымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін оның сабилік шағынан бойына сіңіріп, ойына ұялату, сол арқылы ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу – қоғамның басты мәселесі. Бұл туралы Абай атамыз: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады, бірінші – ата-анасынан, екінші – ұстазынан, үшінші – құрбысынан», – деген екен. Ұлы Абайдың өзі де бірінші ата-ананы қойып отыр. Сондықтан мен тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы деген болар едім.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дейді халқымыз. Иә, ұрпақтың тәрбиесі – қоғамның болашағы және оған аса зор жауапкершілікпен қарау әрбір саналы азаматтың борышы. Ұлы Абай 7-ші қара сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – шешем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – төннің құмары, бұлар болмаса, тән жаңға қонақ үй бола алмайды. Және өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен дейді. Не көрсе соған талпынып, жалтұр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса дауысына ұмтылып, одан ер жетіңкіреңде ит үрсе не мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «Ол немене?», «Бұл немене?», «Ол неге үйтеді?», «Бұл неге бұйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігенің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Бұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен», – дейді. Сондықтан өмірге келген баланың білсем, көрсем, үйренсем деген талпынысына шек қоймай үйретеміз. Енді оған тек ата-ана ғана емес, қоршаған орта, қоғам, мектептің міндалы зор. Заманымыз дамып, озық технологиямен қарулanған бүгінгі қоғамда балamызды жат қылықтардан аулақ болуға, қазақи қалпымызды сақтауға тәрбиелеуміз керек. Елбасы өз Жолдауында: «Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек», – деп айтқан сөз бізді бала тәрбиесіндегі басты бойтұмарымыз болуы тиіс.

Осындай келелі мәселелерді талқылау үшін балаларым оқитын орта мектеп-гимназияда «Ата-аналар мектебі» жұмыс істейді. Өзім сол мектептің мүшесімін. Әр отырыс сайын ата-аналармен лекциялар, тренингтер, «дөңгелек үстелдер», пікір-алмасу сабақтары өтеді. Өз ойымызды ортаға салып мектептегі бала тәрбиесінің өзекті мәселелерін талдап, өз үсыныстарымызды ортаға саламыз. Ұрпақ – болашақ! Оп – адамзаттың болашағы. Ұлды ертеңгі ел қорғар аптап азамат, қызды отбасының берекесін келтірер ұйытқысы етіп тәрбиелеу – бүгінгі ата-ананың міндеті.



Жаңа айдар: КӨРІНБЕЙ КЕТКЕН БІР БЕЙНЕ...



Бұл айдардың кейіпкерлері театр мен өнер, әдебиет пен сазгерлікте біркісідей қажыр-қайрат жұмсаған. Алайда, қазіргі таңда өткені ескерілмей, бұйық сахналардан көп көріне бермейтін өнер иелерінің өмірі мен өрлігі сараланады. Азын-аулақ базынамыз бен ұсынысымызды да іле кетпекпіз.

Қажет АНДАС
"Жетісу"



Әкөрлік

Өмірде қараған басының қамын күйттемейтін, болдым-толдым деп асып-саспайтын, Алласы аузынан түспейтін, бәрінен де адамгершілік қасиетті жоғары бағалайтын жандар болады. Оларға мәртебенің де, биліктің де, өзін көрсетіп эспеттеудің де керегі шамалы. Өйткені, олардың жан дүниесі, ішкі әлемі, болмыс-бітімі тұтас елдің рухымен, халықтың қамымен кабысып жатады. Жатса-тұрса да, үйде-түзде де ойлайтыны жұмыс жайы. Тіпті, отбасының да қызығын сол мамандығының жолында құрбан етуге дайын. Бір өкініштісі, өмірдің заңы ма, әлде, пендешілдік пе бар ғұмырын баршаның қажетіне жұмсаған осындай адамдарды назардан тыс қалдырып жататынымыз жасырын емес. «Өз ағасын аталай алмаған, кісі ағасын жағалай алмайды» демекші, қазақ жастары ұлттың өркениетін төрге оздырамын деп жүріп, өзегі талып біткен аға буынның еңбегін, асыл қасиетін ескеріп отырмаса, олар ертеңгі болашаққа не айтпақ? Ойландырар сауал көп. Ендеше, әңгімені төтесінен бастайын. Сіз өлкеміздің театр саласының өркендеуіне, кемелденуіне, дамуына барын салған, жалпы өнер сахнасында 54 жыл, Райымбек ауданындағы «Кеген халық театрының» алғашқы уығын қадамаса да, сол өнер ұжымында табан аудармай 43 жыл жұмыс жасаған Нағима Таласбаева апамызды білетін немесе естіген боларсыз. Айтпақ болған ой, тізгінтартар ұсынысымыздың тиянақты болуы үшін алдымен әңгіме ауашы апамыздың өмірі мен еңбектерін тағы бір екшеп алуға арнасақ.

Нағима апамыз 1941 жылы Көксу ауданында туып, Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенов пен Жылқайдар Егінбаевтан үлгі алып балалық арманын үкілеп, 1959 жылы Талдықорған қаласындағы драма театрына әртіс болып қабылданады. Сол жылы Жұмаш ағамыз да театрға жұмысқа кіреді. Өкінішке орай, олардың театр сахнасындағы өнері шыңдалып, талантына жол ашылар тұста, Талдықорған театры Қызылордаға қаласына көшіріледі де, көптеген жас әртіс жұмыссыз қалады. Осы кезде аудандарда халық театрлары ұйымдастырыла бастайды. Енді Жұмаш ағa мен Нағима апа Нұрмолда Алдабергенов басшылық ететін шаруашылықта жаңадан құрылған халық театрына жұмыска тұрады. Бұл таңдаулары теріс кетпейді. Осы шаруашылықта Нағима апамыздың ұйымдастыруымен екі халық театры шаңырақ көтереді. Сол жылдары, яғни, 1965 жылы Нағима апамыз біліктілігін шыңдаумен қатар, өмірлік жолдасы Жұмаш атамызбен отау құрады. Кейін Нағима Таласбаева апамыз бен Жұмаш Әлдибеков атамыз Жылқайдар Егінбаев ұйымдастырған халық театрында 5 жыл еңбек етеді. Өмірге жас сәбилері келіп, олардың келешегін ойлаған олар Жұмаш атамың туған ауылы Төкеске біржола көшіп келіп, орналасады. Осы кезде ауданда жаңадан құрылған театрға өнерлі жастар керек болады да, екеуі көп ойланбастан 1970 жылы аудандық халық театрына қабылданады. Нағима апамыз театрдың бас режиссері болып тағайындалып, өңірдегі өнерлі жастарды жұмыска тартады. Сол қатарда бүлбүл әнші Жанил Сабаншиева, күйші-термеші әрі әнші Тоқтарбай Бірімжанов, Айтбек Сайлыбаев, Жақсылық Абдрамanов, Құлайберген Ешпаев, шебер актерлер Б. Салқынбаев, Н. Дүкенбаев, Т. Мырзаханов, Т. Бибеков, Б. Салімбаева, Т. Жанзілова, С. Әлдекенова, Т. Мұқажанова, тағы басқа өнерлі жастар

Өнер саласында 54 жыл, ал бір өңірде, ауылда, ортада, ұжымда, табан аудармай 43 жыл жұмыс істеу екінің бірінің қолынан келе бермейтін табандылық. Мұндай табанды жандар арамызда санаулы немесе жоқ.

Нағима апамыздың жетекшілігімен әр жылдары театр репертуарын тың дүниелермен толықтырып, ұжым атын республикаға танымал етуде мол қажыр жұмсады. Мұхтар Әуезовтің «Қарақоз», «Еңлік – Кебек» драмасы арқылы халықтық атағын қорғаған аудандық театр құрылғаннан бергі 45 жылда Мұхтар Әуезовтың «Айман – Шолпан», Қасым Аманжоловтың «Досымның үйленуі», «Қарақоз қарындасым» спектакліп, Оралхан Бөкейдің «Құлыным менің» драмасын, Тәкен Әлімбайдың «Даладағы дүбір» сияқты 45 қойылымды сахналап, көрермен көңілінен шықты. Сол қойылымдардың көрнекті рөлдерінде апамыздың сомдағанын айта кеткен артық болмас.

Талмай ізденудің нәтижесінде аталған театр аз уақыттың ішінде үлкен белесті бағындырды. Өтесін айтпағанның өзінде Бүкілодақтық I, II, III театр фестивалінің лауреаты атанып, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында «Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» деген мәртебелі атаққа ие болды. Бұндай жоғары атақ аудандағы мәдениет саласы қызметкерлеріне бірінші рет берілуі еді. «Кеген халық театры» құрылғаннан бері елімізді барлық облысында өнер көрсетумен қатар, көршілес Қырғыз Республикасына гастрольдік сапармен барып, көрерменін тәнті етіп қайтты. Мұның бәрінде Нағима апамыздың қолтаңбасы сайрап жатыр.

Әрине, Нағима апамыз өмірден атақ немесе мәртебесіз қалды деп шағымданғалы отырған жоқпын. Кезегінде талай биіктен көрінді. Еңбегінің жемісін жеді. Елі сыйлады, жүрт сүйісінді. Бірақ, бір өңірде, ауылда, ортада, ұжымда, табан аудармай 43 жыл жұмыс жасау екінің бірінің қолынан келе бермейтін табандылық. Бұндай табандылықтың театр фестивалінде «Үлкен алтын» медальмен марапатталды. 1988 жылы Польшада өткен халықаралық фольклорлық-этнографиялық ансамбльдер байқауында театрдың жанынан құрылған «Тоғызқұмалақ толқындары» ансамблі I дәрежелі дипломға ие болады. Нағима апамыз 1983 жылы Қазақстан Республикасының «Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» деген мәртебелі атаққа ие болды. Бұндай жоғары атақ аудандағы мәдениет саласы қызметкерлеріне бірінші рет берілуі еді. «Кеген халық театры» құрылғаннан бері елімізді барлық облысында өнер көрсетумен қатар, көршілес Қырғыз Республикасына гастрольдік сапармен барып, көрерменін тәнті етіп қайтты. Мұның бәрінде Нағима апамыздың қолтаңбасы сайрап жатыр.

Әрине, Нағима апамыз өмірден атақ немесе мәртебесіз қалды деп шағымданғалы отырған жоқпын. Кезегінде талай биіктен көрінді. Еңбегінің жемісін жеді. Елі сыйлады, жүрт сүйісінді. Бірақ, бір өңірде, ауылда, ортада, ұжымда, табан аудармай 43 жыл жұмыс жасау екінің бірінің қолынан келе бермейтін табандылық. Бұндай табанды жандар арамызда санаулы немесе жоқ. Тіпті "Гиннесс" рекордтар кітабын парақтап отырып та дәл апамыздың табандылығына тең түсетін ұжастықты таба алмағанымды айта кетейін. Сонымен қатар, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қайта құру кезінде өнер шаңырақтары бірінен кейін бірі жұмысын тоқтатып, ауылдағылар қалаға ағылып, өнер адамдары кәсіби тастап басқа жолдан бақ іздеп кетті. Осы тұста аталған театрды сақтап қалу үшін жанын шүберекке түйіп, сол ортадан тағылымдай бірді ұжсатып, жоқты жоқтап аудандық театрдың үзігін жалғап бүгінгі халге жеткізген де Нағима апамыз. Бұл да екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ал өнер үшін барын арнаса да, ешкімнің алдына барып, алақан жайып атақ, мәртебе, орыстық сұрамаған да сол кісі. Мұнан өткен ризасыздық жоқ шығар-ау, тегі. Кейде, арамыздағы кейбір ағаларымыз, қатарластарымыз, інілерімізі қандай да бір атақ пен данқка бөлене қалса, жұмыс телефонына маза бермейді немесе өзін насихаттаудан жалықпайды. Сол кезде көз алдыма өнерге деген ықыласы басым Нағима апам оралады. Сондайақ, бүгінгі таңдағы орындығы жайлы, ақшасы мол, дәрежесі жоғары жұмыс іздеп, бір мекемеден екіншісіне шапқылап жүретін жастарды көргенде: «Шіркін! Нағима апамыздан үлгі алса етті», – деп те ойланатын кезім аз болған жоқ. «Баба бүркіт бармап ұшады, бала бүркіт парлап ұшады», – дегендей, әр басқан жолын барлап, содан түйін тауып, оны өмірлік азық ете жүріп, білімі мен парасатын елі мен жерінің кадірине жаратқан, парасат биігі сан сынаққа дөп келсе де, алға жетелеп отырған апамыздың табандылығы – көптеген жанға үлгі боларлық ұлы қасиет. Мұмкін бүгінгі өмір, қоғам, түсінік, материалдық шарт-жағдай, қажеттілік басқа шығар. Бірақ, бір ағамыз: «Жұмыстың жақсы, жаманы жоқ. Бірақ жақсы-жаман пәтіже бар» дегеніне сүйенсек, қарымы кең қалада тұрып та, қазақы қалыптың қаймағы бұзылмаған ауылда тұрып та сүбелі еңбек етуге болатынын білуге болады. Тіпті, қолында барының бағасына жетпей, шаруасын шатқаяқтатып жүргендер де көп. Ал табандылығын талабымен ұштап, үміттің үзігін, атаң түйеге жүк болар мақтанарлық пәтижелерге қол жеткізгендерді де көріп жүрміз. Сіз қайсы саналтасыз? Оны өзіңіз екшеп алыңыз?

Тақырыпқа орай



– Естен кетпес оқиғаңыз?

– «Кеген халық театры» Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрында әзербайжан драматургі Шамхалдың «Қайын ене» спектаклін қойып жатқан кез. Қойылымдағы режиссер рөлін ойнайтын Ернат Кенжебаев өзінің кезегі келмей тұрып сахнаға кіріп кетді. Мен сахнада тұрғанымды ұмытып, әдеттегі дайындық үстіндегідей ойнап.

– Неге келдің, сенің кезегің келген жоқ, – деймін дауыс көтеріп. Көрермен ән-тән болып тыңы қалды. Сонда ғана қайда тұрғанымды есімге түсіп, барып жатқан жоқпын. Бірақ, қойылым күпке кетіп, көрермендер мұны байқамай қалды.

– Сүйікті рөліңіз?

– Шыңғыс Айтматовтың «Ана – Жер-ана» қойылымындағы Толғанай рөлі. Өйткені Толғанайдың бойында аналардың барлық сұлу қасиеттері жинақталған. Бізді де биіктерге жетелеген сол арман.

– Бүгінгі көрерменнің театрға ықыласы қандай?

– Бүгінгі көрерменнің театрға деген ықыласы өте жоғары. Өкінішке орай, біз олардың шөлін қандыра алмай келеміз.

ҮСЫНЫС

Ендеше, басында айтқандай, Нағима апамыз атақтан кенде емес. Райымбек, Көксу аудандарының Құрметті азаматы, тағы да басқа медальдарды кеудесіне жарқыратып тағып жүр. Бірақ, өнер, театр, мәдениет саласына сіңірген еңбегіне лайық атақ беретін кез келді-ау, деймін. Мүмкіндік бар ғой. Мүмкіндігі бар нәрсе мүмкін болар, иншалла. Дей тұрғанмен, өнерге жанашыр көзбен қарайтын, өнер адамдарының сіңірген еңбек, төккен терін әділеттіліклеп бағалайтын азаматтардың, Райымбек ауданындағы атқа мінерлердің құлағына алтын сырға.

МЕРЕКЕЛІК

• әзіл

Ескі таныстар жолығып қалады:
– Жағдайың қалай?
– Жақында жұмысқа тұрғанмын.
– Қанша айлық аласың?
– Күтпеліктің нанға жетеді, әйтеуір.
– Сонда күніне 52 теңгеден табасың ба?

• думан

Иудей халқы Жаңа жыл мейрамын қыркүйектің ортасында атап өтеді екен. Ай күнтізбесімен жүретін олардың Жаңа жылы жыл сайын бірер күнге өзгеріп отыратындықтан, ол қай күнге тура келсе, сол күн Жаңа жыл болып жарияланады. Былтыр мерекені иудейлер 13-14 қыркүйекте атап өткен. Олардың жыл санауы бойынша бұл 5770-ші жыл. Мұсылмандардың хижра бойынша жыл санауы бар екендігін енді-енді ғана білетін қазақ үшін еврей халқының бес мыңнан жылдамдықта өмір кешіп жатқанын тағы газеттық болып көрінеді ғой.

• тілек



Нәйла УМБЕТОВА, Құрмет орденінің иегері, облыстық мәслихаттың депутаты:

– 1980 жылы Мәскеудің Тимирязев атындағы академиясында оқыдым. Ол Кеңес Одағының кезеңі. Сол жылдары Қиыр Шығыстан батысқа дейінгі 15 мемлекеттің өкілі болды ғой. Сол елдерден жылған біздер түнгі 12-де Жаңа жылды қарсы алған соң, әр сағат сайын әр мемлекеттің ұлттық салт-дәстүрін, әнжырын, тағам мәзірлерін тамашалап, таңды-таңға жалғастырып той-думан жасағанымыз әлі күнге есімнен кеткен емес. Түркмен, өзбек, украин, белорусь пен молдаванлар, біздің қазақтар, тізбелей берсең осындай ұлттардың біргіп, Жаңа жылды тойлауы тәуіп бойына жалғасып, өбден қызыққа кенелген едік. Содан бері 32 жыл өтсе де сол жаңа жылдың есерін ұмытқан емеспін.

Қазір ойлап қарасам, Жаңа жылдық мерекеде ұлтаралық татулыққа, әр елдің, ұлт пен ұлыстардың дәстүрін құрметтеуге ерекше мән беріпті, достық пен татулықтың ұйытқысына айналған екен. Бұл жайт, бүгінде жалғасын тауып келе жатыр. Елбасымыздың жыл сайынғы Қазақстан халқына арнайтын дәстүрлі Жолдауында да көпұлтты мемлекетімізді достығын нығайтып, ынтымағын арттыру мәселесі басты назарда тұратынын жақсы білеміз.

Мерекенің қай-қайсы да адамдарға жақсы көңіл күй мен қуаныш сыйлайтыны хақ. Ал жаңа жылда адамдар өткен жылына размет айтып, алдағы жылдан үлкен үміт күтетін ақиқат. Сондықтан Жаңа жылымыз құтты болып, жаңа табыс, мол береке, ынтымақ-бірлік өкелсін!

МҮСІНШІ



(Әңгіме)

Шәкен КҮМІСБАЙҰЛЫ

Бір күн кедей, бір күн бай,
Дүниенің тасындай

Шыр айналған дүние-ай! – деп бастап, күрсініп ап, көмей бұзған судай ағытылып жөнеледі.

– Бірде жауласқан көршілері Мәде қағанның елін менсінбей күніне мың шақырымға еркін көшетін тұлпарын сұратыпты. Мәде билермен ақылдасса: «Тұлпар еліміздің құты емес пе, бермейміз!» – дескеді. Батыр елдің тыныштығын ойлап тұлпарды бергізеді. Көршілері біраздан соң Мәденің ханымын сұрап хат жазады. Батыр елінің жайын ойлап, оны да бергізеді. Қытайлар: «Бізден қорқады екен» – деп, «Үзындығы мың шақырым жерін берсін» деп сөз салады. Билердің бірі Мәдеге жағымпазданып «жерді берейік» дейді. Сонда Мәде: «Жер – елдің байлығы. Өз байлығымды берсем де, ел байлығын бермеймін!» деп қаһарына мінеді. Өзіне жағымпазданған бидің басын алдырып, соғысқа шығып жауын қиратады. Сөйтіп, Мәдеден қорыққан көршілері бес мың шақырымға созылған Қытай қорғанын салғызыпты. Иә, балалар, біздің бабалар осындай болған, – деуші еді Қали ақсақал.

– Сол әңгімені естіп өстік қой, – деп күбірледі Ақан.

Нөсер қас-қағымда желдіртіп өте шықты. Бейіт пен екі орта елу-алпыс қадамдай жер. Адымын алшақ алып, жүре бере қалт тоқтады. Көзін ашып-жұмды. Бейіт басынан әдекімнің қарасы көрінді. Құдды ескерткіш сияқты. Қалшиып тұр. Тірі жан екен. Кеудесі есіктей, сары жігіт. Үстінде жылтыр сулық, аузында темекісі. Астында қоңыр төбел ат. Ақан бірден жақтырмады. "Неткен әдепсіздік. Көрді таптап... Аруақ атсын-ау, сені" деп күбірледі.

– Ассалаумағалейкум, – деді содан соң ат үстінде отырған бейтаныска қолын ұсынып.

– Әліксалам, жол болсын, – деді жалпақ сары. Мылқау ма деп еді, тілі бар екен. Пысы биік. Мінісінен түскісі жоқ. Құдды шекараның атты қарауылы сияқты. Бетауызында қыл-қыбыр атаулыдан ырым жоқ. Үстін жауын жуып өткен аты, әлсін-әлсін құйрығын шыбықын-шыбықын еткізіп, иесіне: «Бұл не тұрыс?» – деп сауал тастап тұрғандай. Сәлден соң:

– Әй, батырекесі, шырамытып тұрмын. Сен осы ауылдың баласы сияқтысың, – деді атынан түсіп, құрығын жерге қойған бейтаныс. – Белгібайдың бір суреткі баласы бар деуші еді?

Жалпақ сарының даусы темірдей шыңылдайды екен. Тұнық ауаны дір еткізді.

– Болсақ болармыз, – деді Ақан.

– Мал қарауылдап жүрсіз бе? – Жалпақ сары жымын етті. – Әлгі Оташ әкім төсегімде жатқан жерімнен сирағымнан суырып алды емес пе? – деді кешет жүзі қайнаған судай бұзылып.

– Ол иттің бойына бірдене кірмесін, орындамай қоймайды. Бетіне келер уәтты өзі біліп жұмайтындар әлі көп қой. Тойғанша жеп, өлгенше қарғанатын басшылар жетерлік. Адам қарауылдап жүрмін...

«Жұмбақ жанның бөтекесінде қылықылы сыр бар екен», – деді Ақан ішінен күбірлеп. «Адам қарауылдағаны несі?...»

– Иә, атыңның басын қайда түзедің, інім?

Жауап орнына Ақан ауылды иегімен нұсқады.

– Былай қарай...

– Ауылдың «Тамашасының» концертін көресің, бауырым, – деді бейтаныс мырс етіп.

– Түсінбедім, – деді Ақан сарының жүзіне антарыла қарап: «Мынау өзі шала есті ме?»

– Ет жемегенмен, сорпа ішкендей боласың. Ха... Ха... Жалпақсары көмекейін көрсете, қарқылдай күлді.

– Түсінбедім гой, аға, – деді Ақан көпелімде, сұрағын қайталап.

Түсінесің, інішек... Ха... Ха...

Бейтаныс одан сайын есерлене күлді. Жалпақ бетіндегі әжімдер құртша жыбырлап қоя берді. Үнінде кекесін ой, мысқыл ма, реніш пе, бір гәптің ізі аңғарылады. Ақыл салып сөйлеген түрін қара, мынаның... Піскен қаздай беті, бүлкілдеп...

– Жолың әне, бізге мешайт етпе, – деді жалпақ сары жүзін түнертіп. Түгі тікірейіп салды. «Айтқаным тура келді. Мынаның дені дұрыс емес».

– Үлкен басыңызбен бабамыздың кәбірін таптаған өзіңіз жөніңізді табыңыз, – деген кіжінің аузынан шығып кеткенін сезбеді.

– Не дедің?

– Сойдеймін.

Жалпақ сары бір басып, екі басып, атын жетектей Ақанның үстіне үнірейе кеп тоқтады.

– Сөз бірсу, құлақ ексу...

– Оны үйіңіздегі жеңгейге айтыңыз.

– Мынаның қорлығын-ай, э. Оташ әкім осы жерге шеңгелден байламаса, көрер ем өнерінді. Өзің де бір сазбет бала екенсің.

– О заман да, бұ заман, кәбірдің үстіне ат ойнақтаткан қазақты көргенім осы, – деді Ақан да қасарысып.

Жалпақ сары атын жетектей кері айналды. Қытығына дөп тигендей. Алғашқы екпінінен айырылып, күбірлей берді.

Өзі де тісінің қанқұрты қозған адамдай кіржиіп, мәшинеге беттеді.

Жауынған кейінгі көгілдір аспан, мөлмөлдір тозаңы жоқ. Әлгінде ғана төгіп жіберіп, балағы сұйылған қарабауыр бұлт көкжиекке сіңіп барады екен. Пай-пай, ауылдың ауасы-ай! Сарайың ашылып, тынысың кеңіп, гажап бір сәтті бастан кешесің. Аспан қақ бөлген кемпіркосақ. «Жауыннан» құтылған күн жарқырап, ең далаға нұрын төге салыпты. Аспанға асылған қоңырау күс шырылын тоқтатар емес. Мандайының тырысқаны жазылып, көңілі марқайып салды. Бейіт жаққа көзін салып еді, жалпақ сары бейіттің үстінде қаққан қазықтай қалшиып тұр.

«Қаскалдақтың қалың қамысын қақ жарып жүзген көк тұлпар, қос беті құрай, құрақ жамылған алаңқайға шыққанда ауыл көрінді. Жылан – жол ауылға сұғына кіріп шығып, беткейге өрлеп, қыр асып жатыр. Сұлукөз ауылы. Атын кім қойды екен? Өзені тұнық, нәрімінің тасы көрініп жатады. Қайран балалық, балдәурен! Тыр- жалаңаш күйі үстіне қара батпақ жағып алып, суға сүңгіп кетуші ек. Тап-таза болып шығатынбыз. Көңілің шат, ештеңе ойламайтын, мөлмөлдір уақыт қайта оралса гой... Не істер ең, болашақ мүсінші Ақан Сұраншыұлы?.. Дауысы қаттырақ шығып кетті. Сөйтті де күрсінді.

Ойда-жоқта сол жақ беттен алдекімдердің дауластағаны, басқа мотордың қосамжарласа шыққан үні естілді. Көзін тастады да, күбір етті.

– Пішеншілер гой. Ауылға жақындап қалыпты.

Мәшинеден асықпай түсті. Сәлем беру – парыз. Таныс біреулермен кездессе дегендей. Сырғыма құмды жол жиегіне шыға бергені сол еді, қалың құрақтың арғы бетінен әдекімнің:

– Мына келген кім екен? Шеф емес пе? Мәшинесі шетелдікі, – деген дауыс естілді.

– Әй бала, сен де жөнсіз тыпырлап... Әлі белгі берілген жоқ. Оташ әкімнің бақылауында гой, бәрі, – деді үні жер астынан шыққандай гүр еткен бірі.

– Әуестікі сақтық қой. Оған ұрсып не бар? Түшкіріктің өзі емес, оны күткен ләтап, – деді барқырай күлген бірі қарсы дау айтып. «Пай-пай! Ауылдың әр қазағы шешен әрі философ. Белгісі несі?» деп күбірледі ішінен.

– Мүмкін мынау да солардың хабаршысы шығар. Ерте жетіп, сыпайы сыпған жүруі күдіктендіреді.

– Тсс, естіп қойып, төбеңе шай қайнатып жүрмесін.

– Әй, қауға түскен өрттей жалпылдамашы.

– Жә, тоқтатыңдар, түге! Жер-жебіріне жеттіңдер гой, келмей жатып. Түсініксіз жұмбақ. Естігені шалма сөз, әулекі пайым. Кері бұрылып, аулақ кетсем бе екем? Сонау ат терлетіп ауылым деп келгенде, кеудемнен өтеретіндей не жаздым, бұларға?! Саржалпағы анау... Ел аман, жұрт тыныш та, ер-тоқымын бауырына алған аттай, үркіп... Екі тізгін, бір шылбырын қолына ұстаған біреуі жоқ па? Көк құрақты сыналай кеп, ашып еді, арғы жағынан шалғынды алаң көрінді. Кәдімгі көңіл тоқтатып, жіті көз тастайтын нағыз пейзаж – көрініс. Сыбызғы шалған жел көкорай шабындық тербетіп толқынды тепсізге айналдырған сонадайда екі трактор көк шөпті шауып кеп қатарласа тоқтапты. Шалғыларын жинамаған күйі дүрілдеп тұр. Одан арыда тағы бір трактордың артында тоқ аттың текірек үстінде тастаған тезегіндей боп, сіріңкенің қорабына ұқсаған бұлған шөптің он қашасы көрінеді. Түтіні бұрқыраған енді бір «тұлпар», жетегін сүйрете қабаттасыпты. Қызу науқан сәті. Әттең, қаладағы көп суреткшіні түртіп алса, дап-дайын полотно шығар еді...

Қызықты қараңыз. Есік пен төрдей жерде бес-алты шал-шауқан арықтың бойына жайғасып әңгіме-дүкен құруда. Сонадайда күпге шағылысқан қол шалғылары. Төс, балға... Жақындап кеп сәлем берді. Мұндайда ауыл карты ширақ. Кеудесін көтеріп, компаңдасып мәре-сәре болды. Бетауызын қырып, елірейген таңқы мұрнының алдына мұртын, бір шөкім етіп иріп тастаған тайқы мандай жігіт:

– Жоғары шығыңыз, – деп тақ етті. Бірақ жақтыра қоймаған пиғылдың шетін кылтитып, қабағын кіржің еткізді. Кенет көк үстіне жантайып, карта ойнаған топтың ішінен біреуі орнынан тұрып кеп, құшақтай алды.

– Сіз Ақаңсыз гой? Белгібай ағаның баласысыз гой? – деді тез-тез аптыға сөйлеп. Басын изеді. Отырған карттар елең етті. Біреуі орнынан тұрып еді, басқасы үдере көтерілді.

– Оу, қарғам-ау, Бекемнің көзімін деліз бе? – деп мандайынан сүйді.

– Өз кісінің жақсылығын талай көріп ек. Қатал мұғалім еді, жарықтық. Нағыз Аталық бабасына тартқан еді, – деді екінші бірі қолын алып.

– «Ат тұяғын тай басар» деген осы. Міне, азамат, ауылын іздеп келіпті. Атасының шуынан түсін қалғандай...

– Бәсе, мен де шырамытып ем, – деді шоқ сақалды, қимылы шапшаң, пысықай шал. – Жүрміз, міне, картайғанда жас атанып. Кезінде колхоз едік, енді жоғары мырзалар басқарған кооперативпіз.

– Өнімен зейнеткерлерді әкімнің күрметтегені осы. Демейді қарсы алмақ боп, қолымызға шалғы алдық. Жағынып жатырмыз, – деді пысық карт.

– Сен де айтасың-ау, Аталық баба жауды жеңіп, жұртын жинап: «Ау, қара орман халқым! Оң-солына қара. Жағымпаздық жарға жығады. Жеңіс темірдей тәртіптің, бірліктің арқасында келді», – деген екен.

– Ал қазір шенеунік те, бизнесмен де, біз де күнімізқаран, – деді алғі карт күрсініп. Сөйткенше сары жалпақ белгі берді.

– Қызыл шүберек желпілдет тұр, – деді сонадайдан екі өкпесін қолына алып, жүгіріп жеткен алғіндегі тайқымандай әкім дауыстап.

– Белгісі несі? – деді Ақан жанында тұрған сымпитасына бұрылып. Алғашқыда сымпитасы мұржың етіп күлді де, жан-жағына қарап, Ақанның құлағына сыбыр етті.

– Кооперативтің облыстағы қожасы Қожамбердінің көпірінен өткенде, сары-жалпақ қызыл шүберек байлаған құрығын бұлғап белгі береді. Сол кезде біз тамашаны бастап кетеміз. Ых... ых...

– Түсінбедім? – деді Ақан.

– Пау қаланың қазағы-ай! Оташ әкім дөкейіне жағымпазданып, еселі еңбек етіп, пішенді қырып жатқанымызды көрсетпей ме? Тамаша емей, немене?

– Тфу! – деді терісіне сыймай ашуланған мүсіншіқолын бір сілтеп.

Кешеу күзде Сұлукөз жұрты Аталық батырдың басына қойылған ескерткіш басына жиналған. Қолына найза ұстап атқа қонған мүсіннің сұқ саусағы: «Ау, қара орман-жұртым. Көк түріктің ұрпағы! Жағымпаздық жарға жығады. Жеңіс темірдей тәртіптің, бірліктің арқасында келеді. Оң-солыңа қара! – деп алтын әріппен жазылған жазуға бағытталып тұр еді. Ақан өз еңбегіне риза.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ.

КӨҢІЛ ТЕРЕЗЕСІ

Үйден 40 қадам шыққанда немесе қара жолдың қадірін қиналғанда білесің

Соңғы кездері жол апаты жиі талқыланатын тақырыпқа айналды. Үкімет те жол-көлік оқиғасының алдын алу үшін түрлі амал-тәсіл ойлап табуда. Бірде көліктердің терезесін тұмшалаған күңгірт өрнекті алып тастауды ұсынса, тағы бірде қауіпсіздік белбеуін тағыну қажеттігін міндеттеді. Бірақ, бұдан шырғалаңның азаяр түрі көрінбейді. Түрлі сылтау айтып, жауапкершіліктен жалтаруымызға болатын шығар. Алайда, күре жолда қаншама тағдырдың қиылып жатқанын жасыра алмаймыз. Ең бастысы, қайғылы жағдайға әкеліп соғатын шырғалаңның емін таппай-ақ қойдық. Ресми мәліметтерге сүйенсек, автокөлік апатынан елімізде соңғы он жылдың ішінде 28 мыңнан аса адам көз жұмып, 162 мыңы жазылмас жарақат алған. Оның себеп-салдарын талдай берсеңіз таусылмайды. Мұның өзінен өркениет көшінде жолда жүру мәдениеті деңгейінің қай дәрежеде екендігін анық ұғындық. Мүмкін, әлдекімдер: «Жол жүрудің мәдениетпен қандай қатысы бар», – деп ойлайтын шығар. Ендеше, сол тақырыпқа бір үңіліп көрейік.

Қажет АНДАС
"Жетісу"

АҢЫЗБЕН ӨРІЛГЕН ШЫНДЫҚ

Халқымызда: «Бір жол бар алыс, алыс болса да жақын. Бір жол бар жақын, жақын болса да алыс». «Алыс жүрсең де жолмен жүр» деген нақыл сөз бар. Осы тұжырымның дұрыстығына бүгінгі таңда ғылыми дәлелдер «көз жеткізіп» отыр. Ғалымдардың пайымдауынша, кейбір жердің адамға жағымды және жағымсыз әсер ететін қасиеті болады. Жердің терең түкпірінен шығатын белгісіз жоғары күш адамның психикалық және физикалық жағдайына әсер ететіндіктен жүргізушілердің сезімталдығы мен қан қысымын ерекше арттырып, басын шаңыпдатып, құлағын бітеп болмаса дел-сал шаршатып тастайтынын алға тартады. Алайда, өңірде төрткелген жол-көлік апаттары кей жағдайда жүргізушілердің кінәсінен емес, жолдың жағымсыз аймаққа салынуына байланысты болатынын да бүгінгі ғылым растап отыр. Көрікелдер жол-көлік апаттарының 10 пайызы жүргізушілердің кесірінен, ал қалғаны жоғарыда айтылған тылсым күштің әсерінен болатынын айтады.

Мұндай жерлерді ажырату үшін ата-бабамыздың салт-дәстүріне үйлген жөн. Қариялардың айтуынша, ондай орынды мысық жақсы парықтайтын көрінеді. Ал ит ешқашан жаман жерге жатпайды. Себебі, мысықтың бойында жаман энергияны сезетін «антенна» бар. Оп мұндай жағымсыз энергияларды өдеп іздеп, бойына жинайды. Сондықтан бабаларымыз ауыл көшкенде міндетті түрде жолбасшының алдына мысық, жетегіне ит байлап отырған. Жолшыбай олар біздің тілмізде қасиетті, ғылымның тілінде жердің белгісіз тарту күші орын алған жерлерді анықтап беріп тұрған. Ал егер өсіп тұрған қисық ағаш көрсеңіз, ондай жердің де жақсы орын болмағаны. Соны білетін аталарымыз қисық өскен ағаштың маңына үй тіктейтін. дикәншылар шығынға ұшырамас үшін ондай жерге ең екпеген. Егерде ата-бабаларымыз жайлауға үй тіккес бұрын, алдымен таңдаған орынға мал жаятын немесе байлайтын болған. Үй тігетін орынның жайлылығын сол байланған малдың сойылған ішегі, өкпе-бауырына қарап анықратқан.

Осы тұста, «Расында, біз ата-баба парасатын, олардың қасиетін ескермей отырмыз ба?» – деген сұрақ туындайды. Аңыздың да астарында ақиқаты барына сенесіз. Айталық, Алматыдағы Райымбек даңғылын салу барысында батыр бабаның қабірін орнынан алып тастамақ болған адамдардың түрлі кесірге тап болғанын көргендер әлі де арамызда жүр. Мұндай мысалды елімздің кез-келген өңірінен, тіпті, шетелдегі қазақтар қоныстанған аймақтардан да кездестіруге болады. Мысалы, Қытайдың Күлжа – Қашқар магистралды жолымен жүрсеңіз жолдың қақ ортасындағы үлкен қарағашты кездестіресіз. Жол салу барысында осы ағашты орнынан алып тастамақ болған адамдар өлім құшып, техниканың шамасы жетпегендіктен өз орнында қалдырыпты. Осыдан-ақ, күрежолдың да өз иесі барлығына сезінесіз. Халқымыз алыс сапарға аттанған немесе басқа да мақсатпен жол жүргендерге: «Алла жар болсын, жолдасың Қыдыр болсын, жорытқанда жолың болсын!» – деп ақ жол тілеп, ырымдайтыны да осыдан болар.

Жасыратыны жоқ, Кеңестер одағы кезінде тарихи құндылығымыз аяусыз аяққа тапталды, өшірілді, ескерусіз қалды. Сондықтан, бабаларымыздың қасиетінен бұтындеп алыстауға мәжбүр болдық. Нәтижесінде, қасиет деген ұғымнан құралақан қалдық. Тоқсаныншы жылдардың басында жазылған «Құм басқан қала» атты кітапта Қазақстандағы елекгі он бес қаланың екеуі жұртына орыс оташылдары мен кеңестік биліктің жаңа қала тұрғызғаны туралы жазылады. Айталық, ежелгі Баласағұн қаласы қазіргі Тараз қаласының, Талхиз қаласы Талғар қаласының астында жатыр. Оларды ашу үшін сол қалаларды орнынан алып тастауға тура келеді. Сол өңірден өкпіңізді істердің жиі орын алатынына да осыған байланысты шығар. Өйткені қазақ қашанда қасиетті таптамаған. Сол секілді сол тұста салынған жолдардың дені біздің даланың мүмкіндігіне емес, кеңес ғалымдарының жобасына негізделді. Енді, міне, оның зардабын көріп келеміз. Сондықтан оң-солымыз бүтіндеген бүгінгі таңда күрежолдардың сілемін ел арасында өрбіп жүрген ақиқатқа берілсіз аңыздар негізінде бір екшел алған артық болмайды. Жол апаты жиі орын алатын жерлерге тақта орнатып, сол маңға келіктің қарқынын көрсететін немесе жүргізушілерді сақтандыратын белгі қою керек. Тіпті, өупие бабалар жатқан өңірдегі жол сілемін басқа бағытқа бұрып, қасиетке деген кішкпті танытқанымыз оңды.

ТОПЫРАҚҚА КӨМІЛГЕН КӨШЕЛЕР

Осындайда Еуропа мәдениетінің бастау көзінде жолға деген мұқият жоспарлардың тұрғаны ойға оралады. Англияның қайта гүлдену дәуірін ауылдық жерлердің жол құрылысын дамытудан бастағаны, итальялық билеушілердің «Жол дұрыстапмай, жан дұрыстапмайды» дейтін Аристотель ұстанымын ғасырлар бойы үлгі етіп келе жатқандығы, Америка құрлығының ашылуына Колумбтың із салғандығы мұның дәлелі бола алады. Кезінде Германия екінші дүниежүзілік соғыстағы тоқыраудан кейін Конрат Аденауэрлер жол салуды мемлекеттік, ұлттық идеологияға айналдырған. Соның нәтижесінде экономикасы қарыштап дамыды. Жүйелі жұмыс 30 жылдың ішінде жемісін берді. Германия жер көлемі жағынан Еуропадағы ең үлкен мемлекеттердің бірі болып саналса, әлем бойынша тас жолы ең көп мемлекет те осы ел. Айта берсек дәлел жетеді. Жапонияда белгілі бір нысандарды салу үшін алдымен жол төселеді. Сондай-ақ, нысанды қолданысқа берерде жасалған жолдың сапалы немесе сапасыздығына тексеру жүргізеді.

«Жол азабы – көр азабы» дегендей, автокөлік жолдары комитеті облыстық департаментінің мәліметіне көз жүгіртсек, республикалық маңызға ие автокөлік жолдарының талапқа сай жүйделенген алға тартады. Ақ қағаздағы «тап-түйнақтай» етіп жазылған ақпаратта көрсетілгендей. «Кешенді бағытты бағдарлама» бойынша шұңқырларды жою, жол белгілерін, қоршауларды, ескертпе, шақырым бағандарын орнату, жол-белгі сызығын жасау, тағы басқа құрулар жұмысты жүзеге асырған. Жол қозғалысына қауіп тудырған «тар жол» ретке келтіріліп, басқа да осы бағыттағы жұмыстар тиянақталған. Дегенмен Талдықорған қаласының еншісіндегі Ерікн, Өтенай, Еңбек елді мекеннідегі көшелермен автокөлікті былай қойғанда жалау жүргіншің жүруі қиын. Көшелердің қалып, қиналғанша «Үндемеген үйдей паледен құтылады», – деген оймен оның ырқына көнесің. Айналып келіп, не сорыласың, не аударыласың. Бұл жағдай – біздегі жолаушы тасымалдаушылардың ғана емес, сонымен қатар жеке көлік иелерінің де басты проблемасы. Ал, шындығында, бұл мәселе Алматы қаласының ғана емес, облыстың барлық аудандарының проблемасы. Мәселен, Қарасай ауданының Ақсу ауылдық округіне қарасты Ақсу ауылынан Қаскелең қаласына дейінгі 15 шақырым жолдың 10 шақырымы ауылдық округтің қарамағында. Ал қалған 5 шақырымы Қаскелең қаласының қарамағында. Ауылдық округтің қарамағындағы 10 шақырым жолдың 7 шақырымы қиыршық тас төселіп, 3 шақырымы асфальтталған. Ал Қаскелең қаласының қарамағындағы 5 шақырым жолдың 4 шақырымы асфальтталған. Ал 1 шақырымы қиыршық тас төселіп, ұзақ уақыт жөнделмеген. Ауылдық округтің қарамағындағы 7 шақырым қиыршық тас төселген жолдың 3 шақырымы ғана жөнделіп, қалған 4 шақырымы жөнделмеген. Ал Қаскелең қаласының қарамағындағы 4 шақырым асфальтталған жолдың 2 шақырымы ғана жөнделіп, қалған 2 шақырымы жөнделмеген. Ал 1 шақырым қиыршық тас төселген жол ұзақ уақыт жөнделмеген. Ауылдық округтің қарамағындағы 3 шақырым қиыршық тас төселген жолдың 2 шақырымы ғана жөнделіп, қалған 1 шақырымы жөнделмеген. Ал Қаскелең қаласының қарамағындағы 1 шақырым қиыршық тас төселген жол ұзақ уақыт жөнделмеген. Ауылдық округтің қарамағындағы 4 шақырым асфальтталған жолдың 2 шақырымы ғана жөнделіп, қалған 2 шақырымы жөнделмеген. Ал 1 шақырым асфальтталған жол ұзақ уақыт жөнделмеген. Ауылдық округтің қарамағындағы 3 шақырым асфальтталған жолдың 2 шақырымы ғана жөнделіп, қалған 1 шақырымы жөнделмеген. Ал Қаскелең қаласының қарамағындағы 1 шақырым асфальтталған жол ұзақ уақыт жөнделмеген. Ауылдық округтің қарамағындағы 2 шақырым асфальтталған жолдың 1 шақырымы ғана жөнделіп, қалған 1 шақырымы жөнделмеген. Ал 1 шақырым асфальтталған жол ұзақ уақыт жөнделмеген. Ауылдық округтің қарамағындағы 1 шақырым асфальтталған жолдың ғана жөнделіп, қалған 1 шақырымы жөнделмеген. Ал Қаскелең қаласының қарамағындағы 1 шақырым асфальтталған жол ұзақ уақыт жөнделмеген. Ауылдық округтің қарамағындағы 1 шақырым асфальтталған жолдың ғана жөнделіп, қалған 1 шақырымы жөнделмеген. Ал Қаскелең қаласының қарамағындағы 1 шақырым асфальтталған жол ұзақ уақыт жөнделмеген.

КӨЗБЕН КӨРГЕНІМ

Өткенде еңбек демалысында Қытайға жолға шықтым. Қорғас кедендегі жолаушылар тасымалдаңды өзгеруге сай, жан тыныштығын күйттеп, Алматы–Құлжа автобусына мендім. Кешке қарай Алматы қаласының бараколка базарының аттаған жолаушы көлігі түн ортасында Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Көлкелті елді мекенінде орын тепкен шағын қонақжайға тоқтады. Айналасы жап-жазық далада өзге нысан көзге шалынбайды. Осында тамақтану, одан кейін автобустағы өз орнында ұйықтап таң атыруың керек. Көліктен түсіп, жамырай асханаға кірдік. Қатар-қатар қойылған үстелге жайғастық. Бірі сойдағдай. Бірақ, үйдің бір бұрышына қойылған көк сандықтан «қытайлық телеканалдардың» бағдарламасын тамашалауға мәжбүр болдық.

Қызығына қараңыз, бұл жерде отандық телеарналар көрсетпейтін болып шықты.

– Қазақстанда тұрып, қытайлықтардың бағдарламасын тамашалайтын болдық-ау. – деді жолаушылардың бірі қынжылып.

Жерге кіре жазадық. Бізді Қазақ – Қытай шекарасына жақын орналасқан елді мекендердің дені осындай күйді басынан кешіріп келе жатқаны қынжылтты. Бұл қазақстандық мәдениетке қаншалықты кері әсерін тигізіп отырғанын есептеп бере алмастың.

Қызықтың кәнесі Қорғас кеденнне барғанда болды. Бізбен бірге Алматыдан аттанған жолаушы келгінің көбір құжаттары дұрыс ресімделмегендіктен кеденнен кері қайтарылды. «Қазір Жаркентке барып, құжатымды реттеп, қайтып келемін», – деп өлердегі уәдесін айтқан жүргізуші кеш батқанша оралмады. Тағаты таусылған жүргіншілер оның ұялы телефонына қайта-қайта қоңырау шалғанымен: «Байланыс аясынан тыс жерде?» – деген хабар ғана естіліп отырды. Кеден күзетінде тұрған солдаттарға уақ айтқанымен: «Біз білмейміз?», «Қатысымыз жоқ», «Өздерің келістің, өздерің шешіңдер?» – деген жауап алды. Мне, осылай. сол көліктегі 28 жолаушы далада қалды. Жан-жақтағы тамыртаныстарымен хабарласып жатқандар да болды. Бірақ, өздерінің пікірін айтып, жөнді жауап алатын құзырлы орынды таба алмай қиналған жігіттің жан толқынысы бізді де өбектетті. Талас-тартысқа араласып кіріп едік. Бірақ, «Басқа көлікте болған соң жұмыстарың болмасын», – деген келеке жауап естіп тындық. Біздің көліктің кезегі келіп, жолға шықтық. Несін жасырайық, жолда қалған жолаушылар кеш батқанша шекараның түбінде сабылып жүріп, амалсыз Жаркентте түнеп, ертесі шекарадан өтіпті. Расында, қазіргі мемлекетаралық жолаушы тасымалымен айналысатын автобустардың бері жекеменшік көліктер. Осында: «Оларға неге мемлекет тарапынан бақылау болмайды? » – деген сұрақ туады. Тіпті, жекеменшік көліктерді жолға шығарғанша мемлекет тарапынан біртұтас жүйе нелктен қолданылмайды немесе сол автобустарды бараколканың бір қуысынан емес. «Сайран», «Саяхат» сияқты автобекеттерден нелктен жолға шығармайтынына таңым бар. Қызықтың кәнесін Жаркенттен көрдік. Жан-жақтан жиналған автобус Жаркент автобекетіне тоқтап, Жаркент – Қорғас бағытындағы автобусқа билет алуы керек. Онсыз шекарадан өте алмайсың. Алайда, сол автобекеттің жағдайы жаныңды мазалайды. Кешегі кеңес дәуірінен қалған ескі ғимараттың жалғыз терезесіне жармасқан жолаушылардың жаға жыртысқан айғайын көріп, үялдың. Үлкенді – үлкендей, кішін – кішідей сыйлап жатқан ешкім жоқ. Мақсат – билетті тезірек алып, басқалардан бұрын шекарадан өтіп кетудің қамында жүргендер. Адамгершілік, ар, ұждан аяққа тапталды деген сол емес пе? Мне, осындай ақшаға арбалған мәдениетсіздік рухты ойрандап, сананы жаулап барады. Мұндай безбүйректікке нүкте қойылмаса, өзгеге ұятты бола бересіңмез анық. Бұл жағдай тек Қорғас кеденнде емес, елімізді барлық шекарасында сақталып отырған келеңсіздік. Осыдан-ақ, қазақстандық жолаушы тасымалдаумен айналысатын кәсіпкерлердің құзыреттілігін реттейтін уақытың келгенін білуге болады.

Әлбетте, жол апаты жайлы жазылған, талқыланған материалдарды оқи бастасаңыз, бәрі дерлік, жастарды кінәлап шыға келеді. «Жүргізуші куәлігін сатып алған», «Тәжірибесі аз», тағы сондай кінә тағып жатамыз. Ресми дерекке сүйенсек, жол апатының 10 пайызы жас жүргізушілердің себебінен болған. Ендеше, 90 пайызы тәжірибелі жүргізушінің еншісінде деген сөз. Мақаланың басында көрсеткендей 10 пайыз жол апаты жүргізушілердің кесірінен, ал қалған бөлігі жолдың нашарлығынан немесе басқа себептің салдарынан орын алғаны анықталып отыр. Ең қызығы, қазірге дейін жол апатына жол сапасыздығы себепкер болып жатқанын жасырумен келеміз. Бірақ, «Ауруының жасырсаң, өлесің». Ең бастысы, біз осы шындықты мойындауымыз керек.

Түйін

КӨҢІЛ ТЕРЕЗЕСІ

ӨМІР мен МЕЗГІЛ

Алдын өңше болып, солбұсықтаған сөккан ызғарлы желмен ілесіп сыздап күздің келгеніне де біраз болды. Сабақтағы сарғайған жапырақтарға қарап көңілім құлазиды.

Айналама зер сала қарасам, бәрі әлдебір жаққа асығып барады, бәлкім жұмысына не үйіне, әлде сабағына. Неге біз осы өміріміздің асығумен, жанталаспен өткіземіз? Шыр етіп жарық дүниеге келеміз, сосын балдай тәтті балалық шағымыз басталады, одан соң мектеп табалдырығын аттаймыз, сосын оқу орны, еңбек күтіп тұрады. Өмір солай жалғаса береді. Табиғат та солай-ау! Қақаған қыс құрсауынан босаған жер-әлем көктеммен бірге жасарып, жаңарып, жапырақтар бұр атып, өзен сағасына жетуге асығады. Одан кейін келіп жететін жаз да өзінше бір әдемі мезгіл. Бірақ күз жетісімен осы құбылыстардың барлығы бәсеңдеп, бәрі күзге еріп бір ауыр мұң құшағына еніп, түнерген қара бұлттар еңсені езіп-ақ жібереді.

Иә, адамның өмірі де дәл табиғат сияқты. Өткені адам табиғаттың төл туындысы ғой, оның ажырамас бөлігі. Қайда асықсақ та, қалай жанталассақ та, біздің өмірімізге де бір күні күз келеді. Сондықтан сол күз келіп жеткенше, біз жан мен тән үйлесімін сақтап, жақындарымызға, бізді қоршаған адамдарға қолдан келгенше ізгі істермен көмектесіп, алдымызда кезіккен тосын қиыншылықтар мен өзгерістерді асқан сабырлылықпен қабылдап, өзгелерге зиян тигізбейтіндей әрекет етуіміз керек.

Көктем – көгеру мен жаңару, жаз – жылылық, күз – тыныштық, қыс тазалық уақыты. Сол уақыттың ара жігін ажыратып, қай уақытта не істеу керектігін білсек, көктем болып қайта жаңаруға мүмкіндік туады...

Назира МОЛДАБЕК.

ҚАЗАҚТЫҢ ДАСТАРҚАНЫ

Құрт-май, ірімшік...

Мал бағып, аузынан ақ ажырамаған халық ежелден «ағы бардың бағы бар» деп құрт-ірімшік, айран-қатық, сары май жеп күнелткен. Әсіресе, Ұлыстың ұлы күнінде қазақ дастарқаны мұндай тағам түріне өте бай болған. Жаңаша жанданған бұл үрдіс қазір де солай жалғасуда. Яғни, өзгелер тамсана жейтін ұлттық асымыз өзіндік ерекшелік, құндылығымен айшықталып келеді.



Айгүл БАЙБОСЫНОВА
"Жетісу"

Бүгінде дәрумені мол мұндай ас түрі дүкендер мен базарларда көптеп сатылады. Сондықтан оларды қалауымызша алып, дайын күйінде дастарқанға қойып, сыйлы қонақтарға тарту ете аламыз. Әсіресе, мереке күндері. Наурыз мейрамы қарсаңында сауда көрігін қыздырып, тары-талқан, сары май, құрт сатып тұрған қыз-келіншектер өз өңгімесін былайша өрбітті: – Бидай, арпа, жүгеріден дайындалған тары-талқан негізінен жақын маңдағы ауылдардан әкелінеді. Сондықтан оның бәрі табиғи таза өнім. Аса дәмді әрі құнарлы тамақ болғандықтан өтімділігі де жаман емес. Әсіресе, оларды құрғақ күйінде жақсы алады. Себебі, алушылар оған май, кілегей немесе қаймақты қалауынша қосып, пайдаланады. Құмшекер араластырып дастарқанға құрғақтай қоюға да, шайға салуға да болады, – дейді.

Ал, жент сатып тұрған Балжан апа: – Жент – сүйсінін жейтін дәмді астың бірі. Мұның бір ерекшелігі қыста қатпайды, жазда бұзылмайды. Жентті жасау үшін де шеберлік қажет. Мәселен, ақталған тарыны келіге түйіп ұнтақтайды, сосын оған құмшекер, ұсақталған ірімшік салып араластырады. Бұдан соң қазанға жылқының майын құйып қыздырып, жаңағы араластырған тары мен ірімшікті салып, баяу жанған отқа қояды. Жент майды бойына сіңіргеннен кейін ыдысқа салып, салқын жерге қояды. Жентті ешкінің немесе қойдың қарнында да сақтауға болады. Бұзылмайды. Ауа өтпегендіктен оның иісі де, дәмі де сол қалпында қалады. Балалардың ерекше сүйсініп жейтіні де сондықтан, – деп тәжірибесімен бөлісті.

Алаңның өзін жалғастырған келесі қатардағы сатушы қыз: – Бізде құрт та жақсы өтеді. Мұны қалалықтар көп тұтынады. Әсіресе, Наурыз мейрамы қарсаңында халық оны көжеге қосып, дәмін кіргізу үшін мол алады. Құрт негізінен өңірдегі ауыл-аймақтан әкелінеді. Мынау Сарқандықі, анау Ақсудікі, арғысы да сол жақтан. Көлеміне байланысты бағасы да әр түрлі. Мәселен, үлкен сап-сарысы жұз теңге, ал, келесісі жетпіс, ары қарай елу, ең кішкентайы отыз, жиырма бес теңге. Жасалу тәсіліне қарай сықпа, ақ, қара, майлы деп түр-түрге бөліп сатамыз, – деп құрттың түрімен таныстырды.

Мұндай тағамдардың пайдасы көп-көрінер. Табиғи, таза өнім болғандықтан дәмділігі де ерекше, сұранысқа жоғары. Сондықтан олар ешқашан қазақ дастарқанынан ұзаймақ емес.

● Жыл келді!



Ерғали АХМЕТ,
ардагер журналист:

Жақсылықтың жаршысы

– Журналдың жазылушыларын өзге көпшіліктен бір ерекшелігі – тіршілік тынысының тамырғысындай болуында шығар. Жұртқа әлдебір мәселе тұрасында ой айту үшін ең алдымен өзіңде ол жайлы мәлімметтің мол болуы шарт. Сол себепті үнемі іздену, оқу, үйрену үстінде жүресің. Әлдеқалай ағзаңдан бастап, экономика, әлеуметтік сала, қоғамның түрлі топтарындағы көңіл-күйлер, адамдардың халі-ахуалы назарыңнан тыс қалмай, оларды сараптау арқылы өз пікіріңді айта білу маңызды. Саналы ғұмырымды толықтай қазақ баспасөзіне бағыштаған екенмін. Әсіресе, биыл 95 жылдық мерейтойын атап өтіп отырған «Жетісу» газетінде өткен жылдар жемісті болыпты. Жасырмаған несі бар, кезінде кеңестік идеологияның жаушыларға ретінде сол бір мылтықсыз майданның бел ортасында жүрдік. Онда да жұртшылықты жасампаз еңбекке, әлеуметтік теңдікке, әділеттілікке қолға құрал шақырдық. Ел мүддесі қашанда бірінші орында тұратын.

Тәуелсіздікке тура жол салған Желтоқсан көтерілісі, ұлттық рухымызды серпілтіп берген Наурыз мейрамының алғашқы тойларының көпшілікке терең із қалдырған талдырмашты оқиғалар еді. Біз сол бір дүрбелеңге толы дәуірдің бел ортасында жүрдік. Алматыда бастау алған қазақтың жаңа жылы – Наурыз мейрамы ұлттық құндылықтарға сусыраған жұрттың қолдауына ие болып, кең байтақ қазақ жерін шарлап бара жатты. Оны көрудің, сезінудің өзі бір бақыт екен ау. Содан бері де 24 жыл өтіпті. Әз Наурыз бүгінде тәуелсіз Қазақстанның ұлық мерекесіне айналып, әрбір жұрттан орын алған осынау мерекеге халқымызбен бірге жасап, өркендеу мен жаңару мейрамы болып қалғанына сенімдімін. Ұлыстың ұлы күні – өз Наурыз құтты болсын. Жаңа жылда әр шаңырақ қуанышқа бөленгей.

БАЛАЛЫҚ ШАҚҚА САЯХАТ

Қызыл алма

Мен де бала болдым. Балалығым кең жайлауда өтті. Көбелек қуып, көйлек желтіп, желмен жарысып, асық атып, доп тептім. Балауса кезеңімнен қалған ыстық та қызық оқиғаларды тілге тиек етсем деймін...

Жаз мезгілі. Таң атыпты. Күн нұры шашырап, сәулесі бетіме түсіп тұр. Бөлме іші сондай ыстық. Иретілген жылан құсап өрең тұрдым. Жуынатын бөлмеге қарай беттедім. Кенет бір күтпеген, аяныштау дауыс естілді. Үйде менен басқа ешкім жоқ. Ата-анам жұмысқа кеткен.

– Адамдар, сендер оңбағансыңдар, аяқтарыңның астына қарамайсыңдар, таптап кетесіңдер, – деген зарлы дауысты естіп күлт тұрып қалдым. Жан-жағыма қарайымын, ешкім жоқ. Аяғымның астына қарасам, бір құмырсқа жұдырығын түйіп алып, көкіп тұр.

О, тоба! Құмырсқа сөйлей ме?! Жөндөкке тіл біткені қалай?!

Зуылдап күндер өте шықты. Есейдім, бойым, ойым өсті. Құмырсқаның халін енді түсіндім. Бала кезімде темірден кішкентай арба жасап, құмырсқалар мен қызыл қоңыздарды ат қылып арбаға жегуші ем...

***

Қайсар қиқар бала еді. Көрші тұратынбыз. Екеуміз тетелес, бір жылдың тумаларымыз. Екеуміз де ерке, бұзықпыз. Жұбымыз жазылмай бірге ойнап өстік. Біздің үйдің алдында үлкен терек өсетін. Әлгі ағаштың үшар басына шығып, бұтақтарына ұя жасап ойнайтынбыз. Біз құстардың ұясын көрсек қуанып, жұмыртқаларын жарып, тас лақтырып, қызық көруші едік. Ауылда Қайсарды «рогаткалы бала» деп атайтын.

Бір күні Қайсардың бетіне қоңырала дақтар пайда болды. «Ол дақтар құс ұясын бұзғаннан болады». – деп әжем айтқан. Қайсардың өңкелбеті ажарлы болатын. Енді дақ түсті.

– Құс ұясын бұзбандар, оларға мейірімділік танытып, жанашыр болыңдар! Құс – қанатты дос! Балапандары сендер сияқты жас бала ғой, – деп көршілер ұрсатын. Бірақ бәрін кеш ұғындық.

Көшеде көрші қыздар – Бердігүл, Айым, Қуаныш тас жолға тор көз ұяшықтар сызып ойнап жүр. Ойындары өте қызық. Секіріп, тез-тез орысша бірденелерді айтады. Қызықтым. Алайда мен олар ойнатпады. Ызаланып тұрдым да көше бойындағы ағып жатқан арықтан суды құмырға толтырып әкелтіп, қыздарға су шашып, үйлеріне қарай тырқыратып құдым. Ойын алаңы өзіме қалды. Бірақ қалай ойнау керегін білмей аңтарылып қалдым. Секенденген лақтай болған қыздар да қырсығып үйлеріне шықпай қойды.

***

Менің бірінші сыныпта жазуым өте нашар еді. Жо-жоқ, әлі де әдемі, оқтай түзу жазамын деп айта алмаймын. «Көркем жазу» пәнінен беретін мұғалімім күнделігіме былай деп жазып беріпті: «Құрметті ата-ана! Балаңыздың жазуы өуеде үшып жүр, қадағалаңыз!» Шешем менің жазуымды жол бойына сыйдырып, қалыпқа келтірді ғой өйтеуір.

Әблез деген көрші шал болатын. Мен ылғи ойнап, зығырданын қайнататынмын. Бір күні ағам сол шалдың атын сұрап, көкпарға кетіпті. Мен есік алдында тұрған трактордың төбесінде ойнап жүрмін.

– Ей, Елдос. Айдын ағаң келді ме?! – дейді. Мен естімегендей жорта:

– А, не дейсіз, естімедім, – деп қоямын. Әлгі шал ерінбестен көшенің ортасына келіп дауыстады. Мен тағы да естімеген сыңай танытпын. Шал тағы біраз жүріп, тіп қатты. Мен әдетімше тұрмын. Қарияның өбден тағаты таусылып, тура қасыма келді. Қабағы қатулы, өңі суық. Пом-мим деп тіл де қатпады. Мен лезде сөз тауып.

– Ата Айдын дейсіз бе? Ол көкпардан өлі келмеді. – дедім. Шал күпіп жіберді, менің өтірік естімей тұрғанымды сезіп ұзағынан күлді.

***

Желтоқсан айы. Бесінші сыныпта оқитынбыз. Сынып өз ішінде екі топқа бөлініп дәріс алатын. Біздің топта ағылшын сабағы болып жатыр. Мұғалімміз жоғары сыныптарға кеткен. Жаңа есімді сыныптасым тақтаға шығып, үй жұмысын жазып тұрған. Бор бітіп қалды. Бор іздеп, мұғалімнің партасын қарадық. Бір сөмке алма тұр. Қып-қызыл, жұдырықтай алмалар көздің жауын ұрлап, бүкіл сынып балалары қызығып, аузымыздың суы құрып жеглміз келді. Қыстың күні алманы қайдан жейсің?! Мұғалімнің сөмкесіне ұрлыққа түстік. Жапа-тармағай таласып алмаларды жеп, қалғанын сөмкемізге сүңгітіп те жібердік. Ешкімге тіс жармадық. Мақпал апай біздің алғанымызды бірден білді. Сынып сағаты болды. Ата-аналарымыз келіп, сынып жетекшіміз бен мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары сазайымызды тартқызды. Жаңа жыл қарсаңында үйіне алма алған ұстазымыздың шығынын қайтардық. Балалықпен жасалған ұрлықты осы күні еске алсақ күліп, өз-өзімізден алмадай қызарып, қысылып қаламыз.

***

Өткен күндер менің бақытым екен. Осы күні алаңсыз ескен бала шағымды аңсаймын. Мектеп жылдары есіме жиі түсіп, бір күліп аламын. Сағынышым шексіз. Мауқымды өткен күндерімізден қалған белгі – фотоларға қарап басамын. Қиялымнан қанат қаққан мың армән, бәрі-бәрі сағыныштан құралған екен ғой...

Осы күндері мектебаме барсам таңғалмын. Өзім оқыған сынып бөлмесі, мен отырған парта, барлығы да өзгеше, жаңа. Өзім отырған партаға отыра бергенде, бір кішкентай балақай келіп:

– Аға, тұрыңыз, бұл – менің партам, – дейді. Мектеп өміріне зер сала алмадым-ау?! Менің әуреленіп өткенім сезіндім.

Менің қолымда ғажайып сағат бар! Нанасың ба, сол сағаттың ғажаптығы сонда, оған өткен жылдардың нақты уақытын, күнін, айын, мерзімін толық енгізсең, өткенге апарады...

Балалық кезім таза, жазылмаған дәптер еді қазіргі кезім шимай-шатпақ дәптер секілді. Шіркін, балалық шаққа қайта бір саяхат жасасамшы?!

Елдос ТОҚТАРБАЙ.

ҚАЗАҚЫ ТҰРМЫС

Қара сабын

Бүгінде сабынның сан түрі бар. Әрине, тұрғындар шет елдің хош иісті жуыну бұйымдарын тұтынуға әуес. Оны теріске шығармаймын. Десе де, сан ғасырлар бойы ұлтымыздың күнделікті тіршілігінің айырылмас бөлігі болған қазақтың қара сабыны және оның емдік қасиеті мен жасалу жолдарын жастарымыз біле бермейді. Оның қай дәуірде жасалғанын анық айтып бере алмаймын. Алайда, қазақ арасында сабын сөзі ертеректе пайда болғанын мына мысалдардан аңғаруға болады. Мәселен, Бұқар жырау:

Қара қойдың терісін,
Қара сабыннан жусаң ағармас,
– десе,
Шал ақын Күлекеұлының
жырларында:
Сабының сақар болды
деп келін,
Көрмедің шыбын құрлы
мені келін, –

деп келетін өлең жолдарын кездестіресіз. Бұл біз білетін мысалдар. Біз білмейтіндері қаншама. Осыдан-ақ, өткенін өлең тілмен өрнектеген халқымыздың мол мұрасының бірі – сабынның тіршілігімізбен тіректе айналғанын біле беріңіз. Сонымен бірге, ол – жасалу техникасы ұзақ жылдық тәжірибе барысында қорытындыланған, шеберколды аналарымыз арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан асыл қазына.

Қара сабынның негізгі шикізаттары – сақар мен малдың майы. Сақар әдетте сексеуіл, алабота, сарқұрай, ермен, балдырған, күнбағыс қатарлы өсімдіктің күлінен алынады. Жоғарыдағы өсімдіктер күзде әбден піскен соң орып алып, кептіріп (ұрығы мен сабағын түсірмей) таза жерде өртейді. Осыдан кейін дайындалған күлді ұя (күлді еріту, сүзуге арналған қондырғы) жасап, ерітіндіні қайнаған сумен сүзіп ыдысқа құйып, тұндырады. Алынған тұнбаны сүзгіштен өткізіп, жалғасты буландырады. Ерітінді толық буланып болғанда ақ сарғыш түсті қатты зат ыдыстың түбінде қалады. Бұл біздің өндірген сақарымыз. Сақар дайындалған соң, оны қазандағы ерітілген жылқы малының майына салып қыздырамыз. Қыздырылған майға сақар салынған кезде көпіршіктенеді. Оны ұзынырақ ағаш қалақпен қоймалжың затқа айналғанша араластырамыз. Осыдан кейін қоймалжыңды басқа ыдысқа құйып алып, оған азырақ қойдың жүнін немесе ұнтақталған жылқының тезегін араластырып, үлкен немесе кіші, домалақ, сопақ, тағы басқа да түрлі формадағы сабын жасалады.

Қара сабын табиғи өсімдіктерден шикізат етіп жасалатындықтан оның кірді кетіру қуаты жоғары болумен қатар, теміреткі, бөртпен сияқты тері ауруларын емдейді және терінің майлылық құрамы мен сұлулығын сақтайды. Сондай-ақ, нәрестелердің іші кеуіп ауырғанда кіндік бөлімін қара сабынмен сылағанда өзіндік емдік рөлі жоғары болған. Сонымен бірге, адамдардың ішек жолында болатын түрлі ауруға таптырмас шипа болады.

Өкінішке орай, бүгінгі жастар шетелдің хош иісті бұйымдарын тұтынуға әуес. Әрине, бұл да жөн шығар. Десе де, медицина саласының зерттеулеріне жүгінсек, балалардың бойындағы түрлі дерттің туындауына сыртқы тітіркендіргіш күштердің әсері мол болады екен. Бертінгі жылы Қытай ғалымдары жылқыдан шығатын тері мен оның қиының құрамында адам денесінен шығатын керексіз заттарды (кірді) ыдырататын, қан айналысын реттеп, түрлі жұқпалы вирусты жойып отыратын белгісіз заттың болатындығын анықтады. Осы мақсатта дәрі-дәрмек және тұтыну бұйымдарын өндіруді бастап та кетті. Олар мұны ұлы жаналық деп жарнамалап жатыр. Негізінде бұл жаналықтың авторы біздің ата-бабаларымыз болуы керек. Бала күнімізде ата-аналарымыз жаз жайлау, қыс қыстау да жүрсе де, қаншама шаң мен тозаңға малынып еңбек етсе де кір басып жүргенін көрмейтінбіз. Керісінше, бетінен нұры ойнап, терілері аппақ қардай жылтырап жүретін. Мұның себебі біріншіден, ұлтымыздың танымында ер қанаты есептелген жылқы түлігінің бойындағы емдік қасиет болса, екіншіден, бабаларымыз ойлап-тапқан қазақтың қара сабынының көмегінен болғанын білеміз.

Қара сабынның жасалуы қарапайым, өзіндік құны төмен болғанымен оның пайдалы жақтары мен емдік қасиеті жоғары. Алайда, халқымыздың осы қасиетті мұрасын зерттеу, кәдеге жарату жағы жеткіліксіз болып келеді.

Әуезхан МАЖАЙ,
зейнеткер.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

ТӘРБИЕ

Кемпір-шалдың баласы...

*Баланы ата-әженің бауырына салу деген қазақта ежелден бар. Мұны үлкендер жағы «Бірінші бала Алланікі, екінші бала атаңдікі, үшінші бала ғана өзіңдікі» деген тәмсілмен түсіндіреді. Баланы басқаның бауырына салудың екінші бір түрі – баласы жоқ ағайынның көңілін қимаудан асырап алуға беру. Екеуінде де бауырласу мен өше қатар жүреді. Сәбиді «өзімдікі» деп жекешелендіріп алған ата-әже немересі өз әке-шешесі сөйлесе бөле қылады. Есейе келе қояды. «Бала өзімдікі, ауыздарыңды аңдандар. Көзімнің тірісінде қаңғытпа қақтырмай, тұмсықтырға шоқтырмаймын. Мен кеткен соң өздерің білерсіндер», – деп көз жасымен қорқытатын қарияларды да кездестіреміз. Қорғаушыға арқаланған балақай: «әке-шешесін көрмеді» деп жеңешелердің ренішін көрдіңдер ме, малан сөйлеуге, ақыл айтуға қақпалары жоқ» – деп өседі. Ал күндердің күнінде қарттар көз жұмғанда жоғалы ерекетсіз өз бетімен жүре алмай, әке-шешесі адам құрлы көрмей басын тауға да, тасқа да соғып жатады. Бұл, әрине, ата-ана үшін қасірет. Бірақ, қариялардың қарғысында болған баланың бәрі осындай деуден аулақпыз. Енді бір үй-қызын үлкенмен тәрбие алғалы бізінің тұрады. Ол қарттармен қос қолдап амандасып, олармен емен-жарқын сөйлесіп, хал сұрасып, жөн білетіндігін көрсетіп жатады. Ондайды сырт көз бірден байқап, үлкендерден тәрбие алған-ау деп ризашылық білдіріп жатады. Яғни, есті қариядан тәрбие алған ұрпақ. Оның бойынан әжеден сіңген мейірім есіп тұрады. Бір кезде бүкіл ауыл-аймақ бір ғана қариядан сәлем құсқа асып, қысылғанда шақта сол кісінің жолымен жүрген. Абыз қарттар мәселенің мәнісін өмірлік тәжірибесі арқылы көрсетіп беріп отырған. Бүгінде қарттарымыздан осындай тәрбие алуда ма? Кемпір-шалдың балаласымын дегізіп алып, әке-шешемді атын ататын қәзіндар да бар. Есейгенде сол бала шешесін «анам» деп айта алмай, анасы баласын жан ботам деп еркелете алмай, жат бауыр болып кететіндер қаншама. Мен ұстаздық өмірімде, ата-анасына жатбауыр болып өскендерді көп көрдім. Ер жеткен шағында, қариялардың көзі кеткенде балалар қаптап қоядағы екен. Бұл да дерт. Сондықтан мен әр бала өз ата-анасының алаңын жылуын сезінін өссе деймін. Ал ата-әже басқа жұрты мен тілін тәрбиесін беріп, немересіне ата-анаңды қадірлеңдер ал, – деп тәрбиесіне жөн болар еді.



Шолпан ЖАБЫҚБАЕВА,
ЖМУ колледжінің оқытушысы.

САҒЫНЫШ

Ақ жаулықты ана көрсем...

«Анаң өлмес болсайшы» деген өсиет сөздердің маңызын мен бүгіндері қыздарымды қинға, ұлымды үйсына қондырып отырған кезде анаға деген сағыныштың сарқылмайтынын бұрынғыдан да анық сезіндім. Бізді туып өсірген анамыздың бұл дүниеден өткеніне, міне, он сегіз жылдың жүзі болыпты. Төрт қызымнан кейін туған кенже ұлымды қырқынан шығарып, төсек тартып жатқан анама көрсетуге алып барған көктем айының көкегі әлі көз алдымда. Хал үстінде жатқан жарықтық анам бірденені сезгендей, басын көтеріп қарап, көзінен мейірім шашылып, әжесін көрмей өсетін немересінің туғанына қуанып, Алладан өзіне емес перзенттің есендігін тілеген еді. Иә «бұл опасыз жалғанда, анаң да өлмес болсайшы» – дегендей, мен сол мейірбан әзіз анамның ақ орамалы ағарандай, ұзақ сапардан қайтып оралып ортамызда отырғанын ылғи елестетем. Енді бізге әр кезде зиярат қылып еске алып тұру парызымыз. Солай да етеміз.

Анамыз Гауһар Содуакасқызы туралы айтсам, ол кісі бесеумізді өсіріп ел қатарлы өмір сүрді. "Басты ерекшелігі барды базар етіп, көпшіл мінезімен отбасы берекесін арттырып отыратын. Заманның тыныштығын, елдің амандығын тіледі. Балаларының оқу оқып көп нәрсені біліп жатса - дүниедегі бар бақыты мен қызығы сол сияқты көрінетін. Әке-шешеміз балаларына бола аудан орталығы қалаға көшіп келіп, бізді сол кездегі жалғыз қазақ орта мектебіне берген болатын. Анамыз төте жазудан сауатты болғанымен, біз оқыған әріпті танымаса да ешбір сасқан емес. Өзінің өмірлік мектебінен алған тәлімдерін мүлтіксіз жүзеге асырған. Әлі есімде үйде қалың батырлар жыры кітабы бар болатын. Ол кезде бүгінгідей теледидарды білмейтінбіз, кешқұрым бөрімізбір бөлмеге жиылып әлгі батырлар жырын анамыз бізге кезек-кезек оқытатын. Сол батырлар жырын қайта-қайта оқығандықтан кей жерлерін тастап кетіп оқи қойсақ, оны біле қойған анамыз ауызша толтырып отыратын. Сойтсек, өзі біле тұра бізге ұлт тарихы мен салт-дәстүрін мол терең түсініп оқысын деген талабы екен ғой. Соны дәл ұқтық.

Қазақтың намыс туына айналған Бауыржан Момышұлынан неден қорқатынын сұрағанда, ол кісі бесік жырын айтпайтын келіндерден, ертегі айта білмейтін әжелерден қорқатынын білдірген екен. Шынында да, қазіргі қазақ қоғамының бір шыңдығы бар, Анамыз да осыны меңзеп айтқан сияқты себебін осы қағидаларға қарап түсіндік. Анамыздың осындай ізгілікті қылықтарын қазір ойласам есіме орала береді. Біздің бойымызға ізгілікті өнегені дарыта білді. Әке орнын да толтыра білді. Әкеміз көкпарда бас жарақатын алып, ұзақ жылдар жарымжан болып отырып қалған болатын.

Ойлап отырсақ, бізді өз қатарының алды болуға тәрбиелепсіз. Үл-қыздарыңызды Алматыдағы республикалық олимпиадашылар даярлайтын спорт мектеп-интернатында оқуға итермелегенсіз. Осының бәрін терең түйсікпен алдын ала ойластырып, бізді алға жетелеп отырған өзіңіз екенсіз-ау, Ана! Бұл да болса сіздің өзіңізге ғана тән ерекше бір қырыңыз еді.

Сіз зейнетке шықсаңыз да қоғамдық белсенділігіңізді таныта білдіңіз. Жаркент жерінде Орбұлақ шайқасының 350 жылдығын республикалық көлемде аталып өткен шақта, осынау тарихи оқиғаның театрландырған көрінісіне түстіңіз. Тағы бір анамыздың өміріндегі ең бір жарқын сәттерінің бірі, 1993 жылдың жазында «Қапал – Арасан» шипажайында демалған кезде Алланың ісі болар елу жыл ел басқарған Д. Қонаевпен кездесуі. Марқұм шешем ол кісімен жүздесіп, амандасып дидарласқан соң қатар тұрып естелікке фотосуретке түскен. Осы суретті әрдайым сағына қарап, тағдырдың сыйындай сақтап жүрмін.

Өмірінде қандай шуақты болса, өтуінде де өз ерекшелігімен таңырқатты. Осы бейнеңіз әрдайым көз алдымыздан кетпейтіні анық, Ана!

Сұлтанғазы ҚОҚАБИ.
ЖАРКЕНТ ҚАЛАСЫ.

Қаламгер

АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Біз: «Баспасөз – билік пен халықтың дәнекері», – деп жиі айтамыз. Десе де, осы дәнекерліктің түп-негізі баспасөздің бағын ашатын тілшілер қауымының білімділігі, заман үнін дөп басатын шеберлігі, ойлылығы, айта берсек, кете беретін кәсіби талантымен тікелей қатысты болады. Ол үшін өзіндік ойы, бағыты, ізденісі бар журналистерді дайындайтын оқу орындарында жақсы жағдайлар қарастырылғаны жөн. Осы тұрғыдан келгенде, кейінгі жылдары Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің гуманитарлық факультетінен журналистика мамандығы ашылып, осы сала мамандарын тәрбиелеу жұмысын қолға алды. Міне, биылғы жылы алғашқы түлегін ұшырғалы отырған оқу орнының ректоры Әбдіманап Бектұрғановтың қолдауымен «Журналист мамандығын оқып жатқан студенттер мен БАҚ қарым-қатынасы» ғылыми жобасы өз жұмысын бастап кетті. Бұл мақсатта студенттер өңірдегі ақпарат құралдары өкілдерімен кездесу өткізіп, пікір алмасып, көптеген тәжірибелік шеберлігін шыңдауға мүмкіндік туды.

Қаламгерлік қаржымен өлшенбейді

Бұл бір жағынан, сырт көзге төкаппар, көп ашылып, сыр айтпайтын журналист ағайларымыздың жан дүниесін тереңірек түсінуге мұрындық болса, екіншіден, аталмыш мамандықтың алғашқы шарттарын бойымызға сіңіруге жол ашты. Соның бір дәлелінде, көкейде жүрген біраз сауалымды арқалап, облыстық «Жетісу» газетінің табалдырығын аттаған едім. Алдын ала дайындаған сұрақтарымның дені мәдениет және өнер саласына қатысты болғандықтан, осы басылымның әдебиет және мәдениет бөлімін басқаратын **Қажет АНДАС** ағайға жолықтым.

– Қажет ағай, адамзат қоғамында мәдениет пен өнер өзекті тақырып екендігі анық. Осы тұрғыдан келгенде, газеттегі мәдениет дегенді қалай түсінуге болады?

– Адамзат өркениетінің дәл қай кезеңнен бастау алғанын нақты айтып бере алмасам да, қоғамның алға жылжуы мен кері кетуі мәдениетке деген ұмтылыс пен өнерге болған сүйіспеншілікпен қатысты болатынын жоққа шығара алмаймын. Әлемдегі газет өндірісінің бастау алғанына бес жүз жылдан астам уақыт болыпты. Француздар шығарған (нақты аты есімде жоқ) әлемдегі ең алғашқы газеттің бірінші нөмерінде жазылған тақырып француз мәдениеті мен өнеріне арналған екен. Өйткені, қоғам, жеке тұлға қашанда осы екі ұғым төңірегінде өрістейтіні шындық. Егер белгілі бір қоғамның немесе жеке тұлғаның мәдениет пен өнердегі деңгейі қаншалықты жоғары болса, ол өркениет көшінен өзіндік орнын ала алады. Керісінше болса құрдымға кетеді. Адам әдемі киінуге, көңілді жүруге міндетті. Бірақ, сыртқы әдеміліктің бәрі көркемдік болып табылмайды. Бастысы, ішкі жан дүниесіндегі кеңдік, мейірімділік сияқты адамдық қасиеттің жоғары-төмендігімен өлшенеді. Сырты жылтырап жүргенімен, іші түтініп тұратын, жеке пайдасы үшін екіжүзділікті санасына сіңірген, сөйлеген сөзі істеген ісіне сай келмейтін адамды көркем мінезді деуге келе ме? Сол сияқты ақпарат құралдарын да адам сияқты елестетуге болады. Әдемі безендірілген газеттің бәрін ұлттық өркениетке үлес қосып жатыр деп айту қазірше ерте. Бүгін де қаржылық қажеттіліктің салдарынан жағымсыз бәсекелестікке бой алдырған басылым жетіп-артылады. Олардың мақсаты – оқырманның психикалық әлсіздігінен пайдаланып, напақа табу. Замана тудырған құндылықтарға сай көптеген басылым осы жолға түсіп кетті. Ал діни қасиеттерді пайдаланып, жеке мүддесін қанағаттандырып жүрген басылымдар қанша? Олар адамзаттың қас жауы. Бұл сайып келгенде мәдениет пен өнердің жегі құрты. Құрт бәйтеректің өзегін кеміріп тауысқанша тыным таппайды. Осындай мәдениет пен өнерді жегі құртша кеміріп жатқан басылымдар біздің ұлттық болмысымызды ойрандамай тынбайды.

– Ендеше, өзіңіз жұмыс жасайтын облыстық «Жетісу» газетінінің бағытын қалай бағамдайсыз?

– Бүгінде 95 жылдық тарихты артқа тастап, қазақ мәдениеті мен өнеріне, жалпы ұлттың өміріне өзіндік сүрлеуін салған басылымның бағасын бізден бұрынғылар беріп кеткен. Өйткені, осыдан тоқсан бес жыл бұрынғы қазақ қоғамы ақпаратқа сусап тұрған кезде дәуір бұзар жаңалығымен жарық етіп, өмірге келген басылым ұлттың ұлағатты ұлдарын елге танытумен, қазақ классиктерінің қаламын ұштаумен, қоғамның алға ілгерілеуіндегі дәуір бұзар жаңалығынан ешуақытта да жаңылған жоқ. Басылымның сарғайған нүсқаларын парақтап отырсаңыз, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов, тағы басқа да ұлылардың алғашқы түсауы «Жетісу» арқылы кесіліп, оқырманына жетіп, ұлттық ұстанымның бағдаршамына айналғанын аңғарасыз. Расында, бұл басылым қоғамдық-саяси газет. Десе де, мәдениет пен өнер тақырыбына кең мүмкіндік ашылған. Өткенге бармай-ақ қоялық, егер сіз бүгінгі газеттің әр нөмерін парақтап отырсаңыз өңір мәдениеті мен өркениеті жайлы өрқандай тақырыпты тауып ала аласыз. Тіпті, еліміздегі тек мәдениет және өнер бағытын ұстанған басылымдармен салыстырған шоқтықты болып көрінетінін еріксіз мойындайсыз. Бұл – басылымдағы басшылықтың жауапкершілігінде, журналистердің біліктілігінде жатыр. Сонымен қатар, «Жетісу» газетінің батыл ұстанымы 95 жылдық тарихында жинақталған. Бүгінде басылым 50 мыңнан астам тиражбен таралады. Өткен жылы «Алтын Жұлдызды» басылым деген мәртебелі атақ алдық. Елімізде үш мыңнан астам газет болса, мұндай атаққа санаулы басылым қол жеткізді. Ал облыстық газеттердің ішінде «Жетісу» газетінің ғана жұлдызы жарқырады.

– Халқымыз «Жас өседі...» демей ме, өздеріңіздей көргені мен түйгені көп ағалары бар бүгінгі жастар да төселер, жығылып жүріп жол табар. Бірақ қалам ұстаған адамдарға ортақ бір парыз бар. Ол – халқына қызмет ету. Осы тұрғыдан келгенде журналистердің қадірін асыратын, беделін қашыратын не нәрсе?

– Журналистердің қадірін асыратын – шындықты айту. Беделін қашыратын – шындықтан жалтару. Мұнда біз алдымен шындық дегеннің не екендігін парықтай білуіміз керек. Ол үшін сезгіштік, сезімталдық, мәселеге нақты талдау жасайтын қабілеті болғаны жөн. Сонымен бірге, журналист қоғамда орын алған келеңсіздіктерді термелей бермей, бүгінгі дамуымыздың ең өзекті мәселелерін байқай алуы керек. Өзіңіз барлап қараңыз, алғаш тәуелсіздік алған кезде қалай болдық, абдырадық, не істеудің жайын білмей сансырап қалдық. Десе де, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында бар қиындықты сырып тастап, бүгінгі өркениетті өмірге жеттік. Осыдан он жылдың алдында облысымыз қандай болып еді? Енді ше?.. Шындық деген міне, осы. Нағыз журналист осы кезеңдерді сараптай отырып, елді ынтымаққа, береке-бірлікке, ұлтаралық татулыққа үгіттеуі керек. Өйткені, қазақ елі бүгінгі таңда татулықтың құтты бесігіне айналған қасиетті мекен. Қаншама жақсы дүниелер жасалып жатыр. Осы жұмыстардың бүгіні мен ертеңгі болашағын, ол кімдер үшін жасалып жатқан жақсылық екенін халыққа дұрыстап ұғындыруы керек. Тағы да айтамын, шындық деген міне, осы. Мен өмірімде осы ұстанымда берік тұрдым деп ұялмай-ақ айта алатын адамдардың бірімін.

Қоғам болғаннан кейін түрлі жағдайлардың орын алатыны даусыз. Әрине, қазіргі нарықтық қатынастардың салдарынан көпшік қойып, көтермелеп жататын жағдайлар жоқ дей алмаймын. Сондықтан бүгінгі журналистерге көйлар талап та ауыр. Тек жалаң қызығушылық пен беделжинауды мақсат еткен журналистен үлкен нәтиже шықпайды деген ойдамын. Сөз орайы келгенде айта кетерлігі, қазіргі көптеген (бәрі бірдей дей алмаймын) жас журналистердің теориялық даярлығы төмен. Өйткені, бүгінгі таңдағы оқудың дені ақылы болып кеткендіктен, көптеген жастар диплом үшін ғана оқиды. Журналистика мамандығын бітіргендердің дені еңбекақысы жақсы, беделі биік орындарда жұмыс жасауға ұмтылады да, тәжірибе жинақтауы кемшін түсіп жатады. Қолға байлау, аяққа тұсау болатын жайттың бірі осы.

– Биылдан бастап І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры Әбдіманап Бектұрғановтың бастамасымен «Журналист мамандығын оқитын студенттер мен БАҚ қарым-қатынасы» ғылыми жобасы өз жұмысын бастады. Бұл ең ұтқыр, ұтымды жоба дей аламын. Әрине, жастар шыңдалуы, өмірді үйренуі керек. Сонда ғана халыққа қызмет ету сынды өмірдің нағыз шындығын жете ұғына алады. Осы жоба төңірегінде нақтылы айта кетсеңіз?

– Бұл жоба негізінен екі бағыттан тұрады. Бірі – жас журналистердің қаламын ұштаумен қатар, оларға журналист болудың алғашқы тәжірибелерін үйретуге бағытталған. Ал екіншісі, Жетісу өңіріндегі баспасөздердің тарихына шолу жасап, жас журналистерге керекті әдістемелік оқулық жазу. Бұл жұмыстар өз ретімін бастап та кетті. Тағы бір айта кетерлігі, осы жобаға жаңадан ашылған облыстық «Вечерний Жетісу» газеті ұжымы мен облыстық «Огни Алатау» газетінің бас редакторы, жас қаламгерлердің жанашыры Әміре Әрін ағамыз қолдау танытып, студенттердің шығармашылығын басылымда жариялануына қолдау танытып келеді. «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» демекші, жүдырықша жұмылған тірлік барда жоспарымыз нәтижелі болатынына көмілсенемін. Міне, бүгінгі сіз бен менің азырақ әңгімеміз осы мақсатты жұмыстың бір парасы іспетті.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан Айжан ИМАНАСОВА,
ЖМУ-нің студенті, «Журналист мамандығын оқитын студенттер мен БАҚ қарым-қатынасы» ғылыми жобасына қатысушы.

МЕРЕКЕЛІК ӘЗІЛ

«ЖЕТІСУДЫҢ» ҚЫЗДАРЫ



Бетімізді шымшымайды ақпанғы аяз ызғары,
Далада су ағып жатыр,
Еріп қыстың мұздары.
Қайта оянып нән табиғат, аспан күліп төбеден,
Қайта түлеп тіршіліктің жанды елітер гүлзары.
Міне, осындай жылылықты ала келген ортаға,
Мерекеңіз құтты болсын, Жетісудың қыздары.

Әз басынан талай қызық қуанышты өткерген,
Талай нәзік сезімдерге ғашықтықпен от берген.
Өрлікті де бірге көріп, шаттыққа да шомылып,
Қырдың қызыл қызғалдағын бірге терген бөктерден.
Сан арманды алға сүйреп,
Сан жүректі тербеген,
«Жетісудың» қыздарындай ақылды қыз жоқ мүлдем.

Сенің қайсар жігерің мен парасатың түрғанда,
Қажырыңды қажыта алмас шіліңгір де, ызғар да.
Бүгінгінің сырын іздеп, ақиқатқа аптығып,
Батылдықпен жол салатын келешекке, тыңдарға.
Еңбегіңді бағалайды ел, бағалайды болашақ,
Біздер үшін одан биік мәртебе мен шың бар ма?!

О, құдірет, тірлік деген дария да өтпелі,
Әр бағытқа сүйрелейді өмірдің сан ескегі.
Алдыңғыға есеп беріп, болашаққа жол нұсқап,
Әр күн сайын жыртылғанда календардың беттері.
Қажет деген атыма сай бола алдым ба, білмеймін,
Бұдан былай қажетіңе жарамасам кеш мені.

Қажет АНДАС.

Қуанышты хат

(Әңгіме)

Алтынай мектепке ерте тұруы керек. Ол биыл 11-сыныпта. Кеше жай жатқан болатын, үйдің шаруасын бітіремін деп. Байғұс, өбден шаршап жүр, сабағын жақсы оқиды, алғыр, зерек, айтқаныңды екі етпейді. Бос уақытында үйдің жұмысымен айналысады. Анасы аурушаң. Алдыңғы жылы өкпесіне суық тигізіп, ауруханадан ауруханаға жатты. Сырқаты жазылар түрі жоқ. Бұл жағдай отбасына ауыр тиді. Әсіресе, әкесінің жанына қатты батты. Бар ауыртпалық соның мойнында. Әкесінің де қолы тимейді. Балалары аш қалмасын деп, оның үстіне әйеліне керек дәрі-дәрмегіне ақша табу үшін күндіз-түні жұмыстан қолы босамайды. Алтынай жалғыз емес, сіңлісі бар, шүкір. Оны да жанындай жақсы көреді.

Ертемен оянып, жуынып-шайынып, сабаққа кетті. Пән мұғалімі балаларға жаңа тақырып түсіндіріп жатыр. Алтынайдың сыныбында Ұлттық бірыңғай тестке дайындық жүріп жатқандықтан оқушылар өз-өздерімен әуре-сарсаңға түсіп өлек...

Алтынай өзіне сенімді, бәрін ойдағыдай жазып шықты. Үйреншікті ісі ғой. Ол мұндай тесттердің қаншамасын жазған.

Мектептен шықты да, дереу үйіне қарай жүгірді. Алтығып, терлеп-тепшіп үйіне де жетті. Анасына асықты. Үйге кіріп, анасының төсегінің жанына барды да:

– Мама, бүгін қалыңыз қалай, төүірмісіз? – дөп сұрады. Анасы:

– А-а, сенсің бе? Иә, Алтөшім, жақсымын, кешегеқарағанда бүгін біршама төүірмін. Кеше өкең қымбат дәрілерді өкеп берді. Соларды ішіп едім, жақсарып қалдым, – деді көңілі шаттана.

Осы сөздерді естіген Алтынай күні бойы анасын ойлаумен болды. Анасының тезірек жазылып кетуін тіледі. Кешкі тамақ жасауға кірісті. Бір жағынан тамақ жасап жүріп, сіңлісінің сабағын оқытып жүр. Үйлерінің де кішкене болғаны барлық жұмысты қиындатады, шашылып кеткен. Соған қарамастан қиындықтың бәрін жеңемін деп іштей өзіне уәде берді. Әкесі жұмыстан келіп, тамақ ішіп, кішкене қызын алып, ұйықтап қалды. Түн жарымы болды, Алтынай әлі жатқан жоқ. Ас ішкен ыдыстарды жинастырып, сабақ оқуға кірісті.

Сабағы да қиындап барады. Тестілеудің де күні ұзақ емес. Ал оның болса сабаққа дайындалатын уақыты жоқ. Аурушаң анасын, әкесінің жағдайын, оқуын, мына күйбең-тіршіліктің бар ауыртпалығы тек өзіне ғана түскенін ойлап, қатты қынжылып, бір жылап алды.

Арада біраз күн өтіп, Алтынайға хат келді. Өткен жолы интернеттен өкпе ауруын тегін емдейтін емханаларды қарап, хат жолдаған болатын. Бірақ, жауап келмегеннен кейін ол туралы ұмытып кетіпті.

Хатты ашып, тез оқи бастағаны сол еді, көзінен мөлдіреген жас дөңгелей жөнелді. Қас-қаққанша әкесі де жұмыстан келіп, есіктен кірді. Алтынай алдынан жүгіріп шығып, әкесіне маңағы хатты берді. Хатты оқып болған әкесі:

Енді қиындықтың бәрі артта қалады, қызым. Біз енді жаңа өмір бастаймыз, – деді қуанып. Алтынай әкесін қатты құшақтап, болашақтың жарқын өмірін елестете бастады. Ол өзінің армандарының, алға қойған мақсаттарының орындалатынына еш күмәнданған жоқ...

Айдана ЕРТІСОВА.

Талғар ауданы.

Әлем және қазақ әдебиетіндегі руникалық жазбалардың лингво-әдеби көрінісі

Ұлттық сананың өсуі мен ұлттық дүниетанымның қалыптасуы рухани бастауларға негізделетіндіктен қазақ халқының дүниетанымы да көне түркілердің рухани-танымдық құндылықтарынан бастау алады. «Дүниетаным ақиқатты рухани-практикалық тұрғыдан игеру жүйесі болып табылса» [1,85], тіл санада танылған әлемдік бейненің, танымның ақиқат өмірдегі бейнесі ретінде дүниетанымның қалыптасуына арқау болады, ұзақ хронологиялық мерзімді қамтитын ұрпақ сабақтастығының, таным бірлігінің алтын желісі қызметін атқарады. Ұрпақтан–ұрпаққа жалғасып келе жатқан адам түйсігіндегі филогенетикалық белгілердің санада жаңғырып, оның тілінен көрініс тауып отыруына орай тіл этностың болмысын айқындайтын, оның барлық рухани-мәдени құндылықтарын (әдет-ғұрпы, наным-сенімі, өнер-білімі т.б.) кешенді түрде бойына сіңірген рухани күшке айналады.

Түркі философиясының негізгі – дәстүрлі түркілік дүниетаным жалпы түркілердің мәдени тұтастығы мен табиғи ерекшелігіне сай қалыптасқан адам санасындағы әлемнің космогониялық жаратылысы, әлемді елестету құбылысы, кеңістік пен уақыт, адам және оның әлемдегі, қоғамдағы орны, жан мен тән, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, мәңгілік пен жалғандық т.б. әмбебап түсініктер жиынтығынан тұрады. Аталған түсініктердің лингвистикалық бірліктер арқылы объективтенуі ғаламның тілдік бейнесін сомдайды. «Дәстүрлі дүниетанымдық архетиптер мәдениеттің трансформациялық және трансляциялық түлеу процестерінде негізгі тұғыр қызметін атқаратындықтан» [2,33] дүниетанымдық архетиптердің лингвистикалық архетұлғалары да белгілі бір уақыт шеңберіндегі әрбір мәдениеттің негізгі құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдаушы қызметін атқарумен қатар құндылықтар жүйесінің тұтастығы мен тепе-теңдігінің сақталуын да қамтамасыз етеді. Тіл мәдениет пен дүниетаным үйлесімділігінің көрсеткіші.

Жазу – сан ғасырлар бойы келе жатқан адамзат мәдениетінің ойлап тапқан ең басты, ауқымды құндылықтарының бірі әрі бірегейі. Ол адамзат мәдениетін қалыптастыратын ең негізгі фактор болып табылады. Әлем тарихының қай кезеңінде болмасын жазу-сызу жоғары өркениеттің бірден-бір белгісі болғандықтан, әрбір өркениетті ел өзінің жазу жүйесі, рухани дәстүрімен ерекшеленеді. Кез келген халықтың ежелгі өркениетін алсақ, жазу-сызудың басты орынға ие болғанын көреміз. Қашанда халықтың өткен тарихы мен рухани мәдени құндылықтарын, жалпы адамзат баласының жасаған алуан түрлі рухани мәдениет үлгілерін оның тілі мен жазба ескерткіштерінсіз толық тану да, түсіну де мүмкін емес. Тіл адам қатынасының аса маңызды құралы болып, өзінің қызметін жазба тілде де, ауызекі сөйлеу тілінде де шебер атқарып келеді. Бірақта жер жаһанда өзінің төл жазу жүйесін, әліпбиін жасап шығарған халықтар санаулы, осыдан-ақ бұның қаншалықты маңызды екенін бағамдауымызға болады.

Жазу-сызу адамдардың кеңістігі пен уақытына тәуелді болмай, өмірдің барлық саласында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал болғандықтан, ол – салауатты қоғамның ең жоғарғы деңгейдегі көрінісі, негізгі белгісі болып саналатын мәдениеттің бастау-бұлағы. Байырғы түркі елі сан ғасырлық, өркендеу, даму тарихы барысында өз ақыл-парасатына сүйене отырып, біліктері мен ерліктерін кең байтақ даланың рәміздеріне айналған тастарға қашап жазып кетті. Мәселен, Орхон-Енисей жазбаларында дәстүрлі түркі мәдениетінің рухы мен бет-бейнесі, ғаламның жаралуы, дүниетанымы, халықтың білімі, қарапайым халықтың өзінің жазу–сызудан хабардар болуы, рухани жадысы, түркі тілдес халықтардың тарихы мен тағдыры, жеңістері мен өкініштері, елі мен жері, ерлігі мен бірлігі жайлы, мемлекет ұстындары, уақыт пен кеңістік түсініктері, отанға деген сүйіспеншіліктері, жұртының намысы мен ар-ожданы, тілі мен діні, түрлі елдермен қарым-қатынасы, тәуелсіздік жолында күресуі, осы жолда халқына шынайы сезіммен адал қызмет еткен Білге қаған, Тоныкөк, Күлтегін сынды ұлы көсемтұлғаларымыздың бастан кешкендерінің баяны рәміздік тұрғыда берілген. Осы жазуларды оқу арқылы халқымыздың өткен тарихы, танымы мен нанымы, арманы мен тілегі, тіршілік бейнесімен танысып, ой елегінен өткізіп, өзіміздің биік өрелі, іргелі, ежелгі жұрттың ұрпағы екенімізді мақтан етудеміз. Сондай-ақ, бұл бүгінгі ұрпақтардан тарихымыз бен болашақ алдындағы үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бізге мирас пен мұра болып қалған осынау тасқа басылған таңбалы жазулардан сонау бағзы замандарда-ақ көшпелілер қоғамында, өсіресе түркі қағанатының дәуірлеп тұрған кезінде түркілер өздерінің төлтума жазуын қолдана білгенін байқаймыз. «Байырғы түркі графикасы түркілік дүниетанымды тұғыр еткен түркілік мәдениет қазанында пісіп жетілген түрік тілінің фонетикалық жүйесіне негізделген. Оның арғы жағында немесе қайнар көзінде түркілердің Тәңірлік діні, Тәңірлік дүниетанымы жатыр. Осы философиялық-дүниетаным жүйесі арқылы байырғы түркілер тілінің фонетикасының табиғи ерекшелігін ашып, әліпбиінің лингвистикалық графикасын жасаған» [3, 180-б.]

Бұл жазбаларды түркі өнері мен мәдениетінің жетістігі ғана емес, сонымен бірге адамзат өркениеттің шоқтығы биік өрелі көрінісі, мұрасы деп ауыз толтырып айтуымызға болады. Мәселен, түркітанушы-ғалым Эрнст Добльхофер «Мы и сейчас не можем равнодушно относиться к языку древнотюркских памятников... Выросший в постоянном общении с древними культурными народами этот народ в VI веке стоит уже на поразительно высокой ступени развития» [4, 334-б.] деп, түркі мәдениетіне жоғары баға береді.

Байырғы түркі елінің сан ғасырлық сүрлеуді басып өткен жазу дәстүрі мен жазба тіл тарихы туралы айтқанда, ең алдымен, «Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін» тілге тиек етуден бастаймыз. Байырғы түркілер бұл жазу үлгісін V-X ғасырлар арасында қолданғанына, әрине, Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған ескерткіштері дәлел болады.

Бұл ескерткіштердің табылған аймақтарына қарай жеті топқа бөлеміз:

1) Орхон өзені маңындағы өңірлерден табылған ескерткіштер;

2) Енисей өзені маңынан табылған ескерткіштер;

3) Байқал көлі маңынан табылған ескерткіштер;

4) Талас, Шу өзендері мен Сыр бойы, Ертіс пен Іле өңірлерінен табылған ескерткіштер;

5) Ұлы құмның терістігінен табылған ескерткіштер;

6) Тұрпан (идиқұт Тұрпан) ауданынан табылған жазба мұралар,

7) Шығыс Еуропадан табылған табылған хазар хандығының ескерткіштері.

Байырғы түркілер өздерінің ресми жазуын «түрік бітік» деп атады. «Бітік – [bitik] Көне түркі тілінде бітік: бітіг, бітік – (Радлов) – «жазу, сызу, жазба, мәтін, хат» деген мән-мағынаны білдіреді. Бітік деген көне түркі тілінде біті – «жазу, сызу» деген мәнді түбір морфемадан туындаған. Қазіргі түркі тілдерінде «бітік, бітіг, бижик, пичик, пічік, пытық, бүтүк, бідіг» және т.б. түлғаларында кездеседі... Түркі тілінің басқа тіл сөйленістерін айтпағанда, қазіргі қазақ тілінде pīt- түбір морфемасы біз, бітік, бедер, бәдіз, быт, және т.б. түлғалы сөздерде сақталған» [5, 12-б].

Түркі мемлекетінде маңызды болып саналатын елші жіберіп хат алмасу, бұйрық, үкім шығару т.б құжаттары түрік бітік арқылы жүргізілді. «Қағанның алтынмен апталған таңба-мөр сақтаушы-«тамғачы», «алтын тамған тархан», ал іс құжат хатшысы- «бітікші» деп аталды [5, 12-б]

Түркі жазуын зерттеушілер сыртқы нұсқасы көрінісі жағынан Скандинавия руналарына ұқсас келгендіктен гот тілінде құпия деген ұғымды білдіретін «руна» сөзінің негізінде «руникалық» деп атап кетті. Осыған қатысты түркітанушы Қ.Сартқожаұлы «байырғы түркі жазуына талай уақыт «руника»-құпия деген атау таңылып келді. Бүгінгі күні оның құпиялығы жоқ. Әлем түркітанушылары бұл жазудың алфавиттік жазу екенін бір ауыздан мойындады. Кәдімгі дыбыс үндестігіне құрылған, дыбыстардың кескіндері мен таңбалары классикалық алфавит дәрежесіне көтерілген жазу екені дәлелденді. Сондықтан біз зерттеушілердің осы пікірлерін назарда ұстай отырып, ежелгі түркілердің әлем өркениетіне енгізген осы классикалық алфавитін «Байырғы түркі жазуы», «Байырғы түркі алфавиті» деп, осы алфавитті жасаушы әрі қолданушы этностың өз атауымен атағанды жөн көреміз» – деп жазады [7, 5-б].

Батыс ғалымдары мен кейбір Ресейлік ғалымдар осы құндылықтардың шығу тегіне байланысты сыңаржақ көзқараста болып, көшпелі түркі халықтарын мәдени мұралары мен өткен тарихы жоқ, әдеби тілсіз, қараңғы, жабайы, хат танымайтын, рухани құндылық жасайтын дәрежеге жетпеген деп еуропацентристік таным тұрғысынан қате бағалап келді. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің табылуы, дәл сондай жазулардың Қазақстан жерінде жиі кездесуі, атап айтсақ, Талас өзенінің бойындағы, Тараз қаласы, Шығыс Қазақстан, Алматы маңынан табылған жазулар және т.б. нұсқалардың зерттеліп оқылуы арқасында байырғы түркі тілді халықтардың дүниетанымы, саяси-әлеуметтік ой-санасы мен өткен қоғамының сыры ашылып, әлем халықтары алдында тіл қатуы өткен мұрағаттарымыздың тарихи айнасына айналып, түркі халықтарының әлем өркениетіне қосқан қомақты үлесінің бірі болды.

Байырғы түркі жазулары халықтарға XVIII ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап қана белгілі бола болды. Атап айтсақ, неміс ғалымы Д.Месершмидт пен швед офицері И.Страленберг тапқан бұл жазулар Орхон-Енисей ескерткіштері деп аталып, XIX ғасырдың соңына дейін ғалымдар үшін мұның қандай жазу екені белгісіз болып келді.

1893 жылы 15 желтоқсанда әйгілі дат ғалымы В. Томсен Дания қаласының ғылыми хандық қоғамындағы өз баяндамасында, отыз сегіз таңбадан тұратын Орхон-Енисей руна жазуларының кілтін тауып, оны алғаш түркі халқының тілі екендігін дәлелдеп берді.

Байырғы түркі жазу нұсқаларын зерттеумен шұғылданған шетел, орыс және қазақ түркологтары елеулі еңбектер жазды. Нақтылап айтсақ, В. Радлов, Н. Ядринцев, В. Васильев, В. Носилов, С. Малов, П.Мелиоранский, Н. Баскаков, Ю. Аристов, М. Жолдасбеков, А. Аманжолов, Ғ. Айдаров, Н. Келімбетов, Қ. Сартқожаұлы, Н. Базылхан т.б. сүбелі зерттеу еңбектері арқылы өз үлестерін қосты.

Орхон-Енисей жазу таңбаларының шығу тегі туралы түрколог ғалымдар арасында қалыптасқан өртүрлі пікірлер бар. Нақтылап айтар болсақ:

I. Н. Аристов [7, 12-б], Н. Маллицкий [8, 12-б], Д. .Соколов [9, 12-б], С. Аманжолов [10, 15-б] т.б байырғы түркі әліпбиін ру таңбаларынан шықты деген ұсыныстың негіздейді.

II. В. Томсен, В. Лившиц, С. Кляшторный т.б. ғалымдар бұл жазу негізін ескі пехлеви, соғды тілі арқылы арамей әліпбиінен шықты деп жорамалдайды.

Түрколог зерттеушілердің көпшілігі түркі елінің ресми жазуы әуелде соғдиялық әліпби болған, соның негізінде алғашқы ежелгі түркі жазуы дүниеге келген деп есептейді. О.Сүлейменов «түркілердің жазуы ешбір дәлелсіз ирандықтардан алынған деген желеуге де иек артты» [11, 192-б] – деп, осыған орай күдік келтіретін ойларын айтып қана қоймай, соғдия әліпбиі мен түркі жазуының арасындағы ерекшеліктерді анықтап көрсетті .

Орхон-Енисей ескерткішінің мәтінінде манихейлік, не болмаса буддизм туралы ешқандай тұспалдар жоқ екені белгілі. Ескерткіштердің басынан соңына дейін тәңіршілдік туралы айтылады. Томсеннің ең алғаш оқыған рәміздік сөзінің өзі 𐰇𐰃𐰍𐰣-tangri-«құдай», «аспан» болды. Оның үстіне соғдылық жазу курсивті түрде болса, байырғы түрік бітігі бұрышты (линейный) формада жазылды. Мұндай жазу б.з.д. бірінші мыңжылдықтағы фин, арамей және ежелгі Скандинавияның руна жазуларының үлгісіне ұқсас келеді. Алайда, бұлардың наным-сенімдері Тәңіршілдіклен еш ұқсастығы жоқ. Егер ол соғдылық жазу болса, көптеген «жазу», «әріп», «хат» т.б сияқты сөздер сол тілден шыққан болар еді. Керісінше, кейбір түркі терминдерін соғды және басқа да иран тілдерінен кездестіреміз [12, 90-б]. Біз бұдан байырғы түркі жазуының кейіннен соғды-үйғыр және мәнджүр жазуларына трансформацияланғанын және оның астарында мәдени, діни-саяси қарым-қатынастар жатқандығын көреміз.

III. Енді бірқатар зерттеушілер бұл жазудың қайнары сонау ежелгі Мысырдан бастау алған дейді.

Байырғы түркі бітік мәдениетінің біздің заманымызға дейін сақталып жеткен тас үстындардағы жазулармен бір уақытта пайда болмағандығы анық. Оны біздің дәуіріміздің бастапқы ғасырларында қалыптасқан ерекше бірегей дүниетанымдық құбылыс ретінде қарастыруға болады. Әлемде байырғы түркілердің мәдениеті ілкі заманнан қалыптасқаны жөнінде қазіргі кезде анықталды.

Осыған байланысты «Түркі тілі жөніндегі алғашқы мәлімет Месопотамияның оңтүстігінен (Шумерден) табылған б.з.б. IV-III мыңжылдықтарды меңзейтін идеографиялық жазба ескерткіштерінен байқалады. Лексикалық сәйкестіктерге сүйене отырып, алғашқы түркілердің бір бөлігі бұдан бес мың жыл бұрын Месопотамияға (Шумерге) келген, соның нәтижесінде алғашқы шумер ескерткіштерінің тіліне де белгілі деңгейде әсер етті деген тұжырым жасауға болады»- деп жазады А.Аманжолов. [13, 25-б]. Жалпы ежелгі шумер жазуы мен байырғы түрік бітігінің адамға, табиғатқа қатысты сөздері мен аспанға сиыну нанымдарының ұқсастығы байырғы түркі жазуының қалыптасу кезеңін табуға көмектеседі. Мәселен, шумер тіліндегі «дингир», көне түркі тілінде «тәңгір» деп айтылады. Шумер тіліндегі «ада» көне түркі тілінде «ата» деп айтылады. Мысалы, шумер жазуындағы 𒀀- иероглифі «кур», «кир» деп оқылып, бұл «ел», «отан», «жер» деген мағынаны білдірсе, ежелгі түркілерде де осыған ұқсас «йер», «йир»деп оқылатын таңба-𐰚, «жер» атауын білдірді Сондай-ақ,, шумерлік бірлік белгісін танытатын таңба-𒌑, «аш» деп айтылса, ежелгі түркілердің жазуында да осы мағынаны білдіріп 1- «ас» деп дыбысталды. [14, 29,30-бб]. Бұл тілдерде осы сияқты көптеген сөздер бір-біріне айтылуымен қатар жазылуы да ұқсас келді. Бұл жайында О. Сүлейменов шумер лексикасымен түркі лексикасын салыстыруға өбден болатындығын айғақтап, өз ойын былай келтіреді «мысалдар бұл тілдердің ұзақ уақыт бойы тығыз қатынаста болғанын дәлелдейді. Кейбір мысалдар шумер сөзі түркі сөзіне тәуелді болғандығын айқын аңғартады»-дейді [11, 231-б]. Ғалым бұл жерде шумер мен түркі лексикалық материалдарының жақындығы сөздіктері жақын осы екі тілдің тектік туыстығын дәлелдей алмайтындығын тілге тиек етеді, бұл олардың мәдени туыстығының ғана айғағы деп қабылдауымыз қажет деп сараптайды. Олай болса, Орхон-Енисей жазуының түпнұсқасы тым алыста жатқанын байқаймыз.

Біздің пікіріміз бойынша, байырғы түркі жазуы тек түркілердің тілі мен діліне, сингармонизм ерекшелігіне сәйкес келетін тың тұрғыдағы жаңа төлжазба болған деп есептейміз. Бұл түркі халқының дамыған мәдениетінің жемісі деп санаймыз.

Түркі халқы өздерінің әліпбиін құруда әрбір әрпіне мағыналық мән берді. Академик В.В. Бартольд түрік әліпбиіне қатысты мынадай пікір айтады: «Здесь мы имеем сложное письмо, которое приспособлено к тюркскому языку гораздо лучше, чем все другие алфавиты. Число гласных букв незначительно, но согласные разделены на две категории согласно закону звуковой гармонии, таким образом, получается алфавит, вполне соответствующий тюркскому языку. Благодаря большому количеству знаков употребляется довольно сложная орфография»[15, 0б].

Бағзы заманда-ақ түркілер өз елінің экономикасы мен саясатын, тарихы мен танымын, қағаны мен елін, жалпы тіршіліктің болмысын философиялық тұрғыда қысқа мәтіндермен жеткізуі, түркі жазуының кең тарағандығының, әрі көп жерлерде оны танитын сауатты, білікті халық болғандығының да белгісі. Бұл жазу үлгісі әр түрлі даму кезеңдерін бастан кешіріп, өзінің дәстүрлі сабақтастығын тауып, халқымыздың дүниетанымы мен мәдениетін, тарихын танып білуде маңызды рөл атқарады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Батманов И.А., Кунаа А.Ч. Памятники древнетюркской письменности Тувы. –Кызыл, 1963. -192 стр.

2 Сулейменов О. Тюрки в доистории о происхождении древнетюркских языков и письменностей. –Алматы: Атамұра, 2002. –319 стр.

3 Аширалиев К.А. Древнетюркские элементы в современных тюркских языках. На материале орхоно-енисейских памятников. Автореф. дисс... канд.филол.наук. – Фрунзе, 1969. -27 стр.

4 Ахметов М.А. Глагол в языке орхоно-енисейских памятников (в сравнительном плане с современным башкирским языком). –Саратов: Изд-во Саратовского университета, 1978. -131 стр.

5 Махматкулов М. Аналитический способ словообразования в языке древнетюркских памятников. Автореф. дисс... канд. филол.наук. –Ташкент, 1973. -25 стр.

6 Аманжолов А.С. Глагольное управление в языке памятников древнетюркской письменности. Автореф. дисс... канд.филол.наук. –Алма-Ата, 1969. -28 стр.

7 Аманжолов А.С. Материалы и исследования по истории древнетюркской письменности. Автореф. дисс... докт.филол. наук. –Алма-Ата, 1975. -54 стр.

8 Шервашидзе И.Н. Формы глагола в языке орхоно-енисейских надписей. Автореф. дисс... канд.филол.наук. –Тбилиси, 1977. -27 стр.

9 Кулиев А.А. Наличные формы глаголов в языке орхоно-енисейских памятников (в сравнении с азербайджанским языком). Автореф. дисс... канд.филол.наук. –Баку, 1978. -26 стр.

10 Левин Г.Г. Лексико-семантические параллели орхонско-тюркского и якутского языков (в сравнительном плане с алтайским, хакасском, тувинским языками). – Новосибирск: Наука, 2001. -187 стр.

11 Махпиров В.У. Имена далеких предков. Истоки формирования и особенности функционирования древнетюркской ономастики. –Алматы: Ғылым, 1997. -245 стр.

12 Сартхожаулы К. Объединенный каганат тюрков. –Астана: Фолиант, 2002. -218 с.

13 Жалмаханов Ш.Ш. Қазақ лексикасының семантикалық деривациясы. –Қарағанды: Қарағанды мемлекеттік университеті, 2003. - 211 б.

14 Тектігүл Ж. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. –Алматы: Ғылым, 2002. -303 б.

15 Бекжан О.Д. Жай сөйлемнің теориялық мәселелері және Күлтегін ескерткішіндегі ұйысымдық, типтік сипаттары. Филол.ғыл.канд.дисс. автореферaты. –Алматы, 1997. -30 б.

Қажет АНДАС,
ЖМУ-дің қазақ филология кафедрасының магистранты.

● *Мемлекеттік қызмет істерінің сұрақтары мен жауаптары*

ЖАУАП:

Құжаттарымды қалай тапсыра аламын?

– Мен С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің салық, экономика факультетінің мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша 4-курс студентімін. Келер жылы оқуымды аяқтаған соң туған жеріме оралып, мемлекеттік қызметке орналасқым келеді. Ол үшін не істеуім керек? Құжаттарымды қашан және қалай тапсырамын?

Серік ҚАРАБЕКОВ.

ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫ.

– «Мемлекеттік қызмет туралы» 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы редакциясындағы Заңының 12-бабының 1-тармағына сәйкес ҚР азаматтарының мемлекеттік өкімшілік лауазымға орналасуға құқығы бар. Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, «Б» корпусындағы мемлекеттік өкімшілік лауазымға орналасу конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Конкурсқа Заңының 10-бабы 4 тармағында, 13-бабының 1 тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін, конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестіленуден өткені туралы қолданыстағы сертификат

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қарудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Конкурс комиссиясы ұсынылған құжаттарды қарау қорытындысы бойынша құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін үш жұмыс күн ішінде оларды тиісті «Б» корпусы мемлекеттік өкімшілік лауазымдарға қойылған біліктілік талаптарына сәйкестігі мен конкурсқа қатысушыларды өңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылдайды. Өңгімелесу кандидаттар хабардар болған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде конкурс жарияланған мемлекеттік органдарда өтеді.

Кандидаттардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау кезінде конкурс комиссиясы біліктілік талаптарына және тиісті бос лауазымның лауазымдық нұсқауларына сүйенеді. Өңгімелесу өткізілгеннен кейін екі жұмыс күннен кеш емес өткізілуі тиіс. Қорытынды отырыста конкурс комиссиясы кандидаттардың берген құжаттары, өткізілген өңгімелесудің нәтижелері негізінде бағалайды және олардың қатарынан бос лауазымға орналастыру үшін ұсынуды жүзеге асырады. Конкурс комиссиясының шешімі бос лауазымға орналасудың немесе мұндай лауазымға орналастырудан бас тартуға негіз болып табылады.

Мемлекеттік органның басшысы, конкурс комиссиясының ең қорытындысын алған кандидатты жарияланған лауазымға қабылдайды.

Оқу орнының талаптары қандай?

– Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында оқығым келеді. Оқу орнының талаптары қандай?

Беген НҰРБЕКҰЛЫ.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

Оқырман сұрақтарына ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің инспекция және бақылау бөлімінің басшысы **Е. Сабитов** жауап береді.

– Оқуға қабылдау туралы ережеге сәйкес Академияға Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты түрде тұратын адамдар қабылданады.

Магистратураға кәсіби жоғары оқу бағдарламаларын меңгерген азаматтар қабылданады, докторантураға – магистратура оқу бағдарламасын меңгерегендер қабылданады.

Магистратура мен докторантураға қабылдау дәрлік мамандықтары мен оқу мерзімі көрсетіле отырып, құжаттарды қабылдау басталған күнге дейін он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей, республикалық, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарияланады.

Магистратураға мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға қабылдау мына оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады: «Мемлекеттік және жергілікті басқару»;

«Заңтану»;

«Халықаралық қатынастар»;

«Экономика» (оқу мерзімі 2 жыл);

«Мемлекеттік және жергілікті басқару»;

«Саясаттану» (оқу мерзімі 1 жыл).

Докторантураға оқуға қабылдау мынадай оқу бағдарламалары бойынша жүргізіледі:

«Мемлекеттік және жергілікті басқару»;

«Халықаралық қатынастар»;

«Әлеуметтік жұмыс»;


«Экономика».

Академияда білім алушылардың контингентін қалыптастыру мемлекеттік білім тапсырысы шеңберінде, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың қаржысы мен өзге қаржы көздері есебінен жүзеге асырылады. Академияға қойылатын талаптарының бірі, мемлекеттік қызмет өтілі міндетті түрде болуы.

Қосымша талаптар академияның http://www.pa-academy.kz сайтында көрсетілген.

Туындаған сұрақтар бойынша 010000 Астана қаласы, Абай даңғылы, 33 "а" мекенжайына, +7 (7172) 75-32-68 тел./факсіне хабарласа аласыз.

● *Дін – діңгегің*



Матуриди ілімі

ұлттық болмысымыздың ұйытқысы

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Бүгінгі күнің сындарлы мәселесін қаузап, қазіргі заманғы ислам дініне қатысты өткір мәселелерге жауап беру, Қазақстанның тарихи дамуындағы ұлттық-рухани құндылықтарды дамыту жөніндегі мемлекеттік Стратегияны жүзеге асыруды мақсат еткен жиналысты облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов құттықтау сөзбен ашып, алдымен басқосудың маңыздылығына тоқталды:

– *Қадірменді қауым!*

– *Құрметті конференция қонақтары!*

– *Халықтар мен этностар арасында дін арқылы түсіністік пен сыйластықты, келісім мен татулықты, сабыр мен шыдамдылықты, мейірім мен сүйіспеншілікті орнатуға болатынын белгілі. Дін ұлттық сана-сезімді қалыптастырып, Отанға деген мақтанышпен оның тарихына деген сүйіспеншілікті, ез елге, мәдениетіне, салт-дәстүріне яғни патриотизм деген сезімге кіретін түсінікке тәрбиелейді. Ғасырлар тоғысында дамыздың үлкен жаңашыры, ері қамқоры Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев дінің осындай қасиеттерін, ықпалын ынтымақтастықты дамытуға бағыттай білді.*

Тәуелсіздік жылдары біздің елімізде татулық, келісім және өзара сыйласымдық қатынастар берік орнықты. Адамның шкі бостандығына құрметпен қарау конфессияаралық төлерантттылықты дамытуға мүмкіндік берді.

Дәстүрлі ислам дінімен қатар елде барлық дүниежүзілік және дәстүрлі діндерді дамыту үшін жағдайлар жасалды. Дінге бөделі мен мәртебесі көтерілді, дінге сенушілер қатары көбейіп, жетаықшысы артты.

Кең байтақ қазақ елі қазіргі таңда дінаралық келісім мен ұлтаралық татулықтың алтын ордасына айналды. Көптеген әлемдік және ұлттық діндердің басшылары рухани келісім мен дінн тәзамділікті орнатуда Қазақстанан әлдеқайда мол екендігін мойындап отыр. Қазақстан әлемдің алуан түрлі мәдениет пен өркениеттің түйіскен жері. Шығыс әлем мен Батысты жалғастыратын, әлемдік өркениеттің жауһарын бойына сіңіре білді. Сол игіліктің көрінісі Алматы облысында да қанат жайды. Өңіріміздегі дінн ұстанымның өралуандығына қарамастан, жергілікті халқымыз арасында тәртіпті сақтауда облыстық ардагерлер Кеңесі айтарлықтай жұмыс атқаруда. Ал білім басқармасымен бірлесе, өңіріміздегі мектептерде «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» тақырыбында сыныптан тыс тәрбиелік сағаттары жүргізілуде.

Бүгінгі конференция барысында ислам дінін сенім жүйесіне, оның ішінде еліміздегі мұсылмандар ұстанатын матуриди дінн сенімнің ролін нақтылау және ханафи мазхабының жалғасы ретінде халқымыздың ғасырлар бойы өзіндегі алатын орны талқыланады. Істеріңізге сәттілік тілеймін, – деді ол.

Өрине, Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет ретінде ешқандай дінге басымдылық бермейді. Барлық дінге тең дәрежеде заң талаптарына сәйкес қызмет істеуге кепіл болады. Бұл туралы Елбасы Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің төртінші съезінде: «Мен полимәдениеттілік, этностық және дінн саналуандық, – ол қоғам үшін қатер емес, орасан артықшылық деп есептеймін». – деп үлкен сенімнен айтқан еді. Ендеше, дін мемлекеттен бейтарап болғанымен, ол мемлекеттігіміздің бір тірегі болып қала беретіне анық.

Өйткені, дінның түбегейлі негізі – адамдарды имандылыққа шақыратындығы. Яғни, иманды адам – қоғамдық қарым-қатынаста ар-ождан тазалығын, әдептілігін, әділеттілігін ерекшен да жоғары қояды. Әдептілікті өзі адамның дұрыс тәрбие алуына, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына септігін тигізеді. Тарихқа көз жүгіртсек, дінді қастерлемеген бірде-бір қоғам болмаған. Әлемдік діндерге ортақ қасиеттердің бірі ол – зұлымдық, зорлық-зомбылық атаулыға, адам бойындағы жаман қасиеттерге қарсылығы. Конференция барысында осы мәселені терең талқылаған Пәкістан Ислам Республикасы Ислам идеологиясы Кеңесінің төрағасы Малик Мұхаммад Хан, Ұлыбритания мұсылмандары Кеңесі Бас хатшысының көмекшісі, Еуропа дін көшбасшылары Кеңесінің мүшесі Шайх Ибрагим МОГРА, «Нұр» Қазақ-Египет ислам университетінің ректоры Махмуд Хиджази қазіргі әлемдегі Ислам дінінің орны мен ролін жан-жақтылы түсіндіріп өтті. Өрине, олардың ойын аудармашының көмегімен білсек те, жүрек, иман, түсінік, сенім ортақ болғандықтан, терең ойлы, шамыр тұжырымдар бізді толғандырмай қоймады. Бастысы, шетелдік ғалымдардың пайымынан Ислам дінінің қасиеттілігі мен Матуриди ақидасының Әбу-Ханифа ілімінің жалғасы екендігін түсіндік.

Ендеше, біздің елдің дінге қатысты ұстанымы қалай? Бермізге аян, Қазақстан Республикасы Ата Заңымызға сәйкес, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Бүгінгі күні тәуелсіз ел болудың алғашқы қиындықтарынан абыроймен өтіп, дамыған экономикасы бар, ынтымақты ту етіп ұстаған елдердің қатарына қосылып отырмыз. Осы кезеңде әлеуметтік-саяси өмірде дінніңң ролі де арта түсуде. Соған сай, түрлі ағымдарда өмірімізге денден кірді. Бәрі де Ислам дінн ұлық тұтқанымен, мақсаты сан алуан. Ендеше, солардың ішінде орта Азия мұсылмандарына, соның ішінде қазақ халқына ең тимдісі қайсы ілім? Оның жауабын конференция барысында сөз кезегін алып, пікірмен бөліскен, көпшіліктен түскен сұрақтарға түщымды жауап қайтарған Қазақстан Республикасы дін істері агенттігі төрағасының орынбасары Марат Әзілханов, Қазақстан Мұсылмандар дінн басқармасының наиб муфтийі, Астана қаласындағы «Әзірет Сұлтан» мешітінің бас имамы Қайрат Жолдыбайұлы, Атырау облыстық дін істері басқармасының басшысы Ерқанбек Шоқаевтың ой-пікірлен таптық.

Олардың айтуынша, дәстүрлі дінміз ислам – он төрт ғасырдан бері бүкіл адамзатты сенімі мен наныымға, тегі мен несіне қарамай бейбітшілік пен ынтымаққа, сабырлылық пен тазалыққа шақырып келе жатқан бірегей дін. Ислам дінінің ғылым-білім мен өркениеттің сарқылмас көзбұлағы екендігін әлем мойындауда. Ислам дәні әлемге тек қана орта Азияның өзінен әбу-Насыр әл-Фараби, әбу Әли ибн-Сина, Әбу Райхан әл-Бируни, Ұлықбек, Мұхаммед Зәһір ад-Дин Бабыр, Мұхаммед Хайдар Дулати секілді кемеңгер ғұламалар мен көрнекті мемлекет қайраткерлерін берді.

Олар ғылымның көптеген саласына жол ашты. Ал, халқымыз атақты ислам ғұламасы, фиқһтың (мұсылман заңы) білгірі нұғман ибн Сәбит (расул алла) (699-767) негізін қалаған Ханафи мәзһабын (дини құқықтық мектеп) ұстанып келеді. Біздің халқымыздың бұл мазһабты қабылдауының тағы бір себебі – оз дүниетанымы, болмысы мен дінне оның тоғының ішкі бауындай жақындығында. Ханафи мәзһабы тұла-бойы адамгершілік пен бүкіл адамзатқа ортақ асыл құндылықтарға бай. Орта Азия мен Қазақстанда қанша ғасырлардан бері дінн алауыздықтың болмай, ұрыс-керіс, дау-жанжалдан өркеш аулақ сапуының да бірден бір сыры осында.

Қазақ – қашанда жақсылықты тез меңгеретін халық. Ата-бабаларымыз ежелден дінді жүрегімен, дәлмен қабылдаған. Пайғамбарымыздың хадисінде халыққа жеңіл тиетін мақал мен мәтелге айналдырып жаттаған. Мысалы, «Атаңа не істесең, алдына сол келеді». «Неексең, соны орасың». – тағы басқалар. Дін бізден өмірзге осылай орнықты. Ендеше, қазіргі таңдаған қаптаған ағым мен ислам жайындағы үстірт түсініктерге, жат мәдениет ықпалына көзсіз еруге, жат идеологияның жетегінде кетуге қарсы тура алатын бірден-бір күш – бізді қазақы мұсылмандығымыз. Осы тұрғыдан келгенде ақыл мен нақыл жұптасқан Әбу-Ханифа ілімінің жалғасы болған Матуриди ақидасы ұлттық болмысымызға үйлесін, өмірмізді өркендете алады.

Өйткені, Матуриди ақидасының басты ұстанымы – өз кезіндегі Әбу-Ханифаның ақидаға байланысты пайымдауларының шеңберінде, «ғылым» әдісі арқылы жүзеге асырғаны. Ал мақсаты – Ислам дінінің жан-жақ болып ағымдарға бөлінуіне және дінн алауыздыққа жол бермеу болып табылады. Шынтуайтында, Матуриди Әбу-Ханифаның кезіндегідей оқып үйреніп, оның мәзһабына бағына отырып аят хадистерді қолдануымен қатар, ақыл-ойға да үлкен басымдық берген. Самарқанда және сол аймақтағы ағымдар мен бағыттарға қарсы пікірталастарда кепам әдісін қолдану арқылы үлкен жетістіктерге жеткен.

Орта Азия өңірінде ғалымның қалыптасқан Матуридилік жүйесі мен әдісін ұстанған және осы жолда еңбек етіп, танымал болған көптеген ғалым жарық ұшықты. Ал XIX – XX ғасырларда ғұмыр кешкен ұлт мақтаныштары Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Ыбырай Алтынсарин, тағы басқа да қазақтың қай ғұламасын алсаңыз да ілім де Матуриди сенімін, амалда Ханафи мазһабын ұстанғандығын, яғни, қазақ даласына 13 ғасыр бұрын келіп, орныққан дәстүрлі ислам жолынан, ауытқымағандығын тарихи деректер осылай сөйлей береді.

Дете де, бұл ретте төрт құбыланың бәрі деп айту әлі де ертерек. Неге? «Жау жоқ деме, жар астында». – дейді халқымыз. Сырт көз сұқтанып, «Қазақ елі неге тыныш?» – деп бастарын қатырып отырғандарды да жоқ емес. Түрлі ағымды тықпалап, жемтік ізден жүргендер де жетерлік. Жастарды азғырып, арам олжаға батып жатқандарда баршылық. Сондықтан, енді үрпақтар Матуриди ілімін бойына сүйеніш, ойына арқау, бағытына алтын қазық етсе еш адаспайды деген ойдамыз. Бәлендамашылардың түйнді ойлары да осылай өрілді.

Расында, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы Имам Ағзам Әбу-Ханифа мазһабы мен имам Матуриди сенім мектебін ұстану арқылы ел ынтымағын айрандай ұйытып, оны атадан балаға мұра етіп қалдырған. Енді кезекте соны бекем ұстанып, болашақ ұрпаққа аманат күйінде жеткізу – бізді мойнымыздағы басты міндет. Осыған орай, конференция соңында шараға қатысушылар Қазақстандық мұсылмандарға: «Матуриди ақидасы исламды бөлінп-жіктеуге емес, тұтастығы мен бірлігін сақтауға бағытайды. Ол елімздегі ислам дінінің жасампаздығы мен ізгілік қасиеттерінің маңызын арттырудағы бірыңғай дінн сенімне айналуы тиіс. Сондықтан, Қазақстан Мұсылмандары дінн басқармасы халықтың шынайы рухани дәстүрлерін, соның ішінде, Әбу-Ханифа ілімін жалғастырушы Матуриди ілімін насихаттауда сындарлы ағартушылық жұмыстар жүргізуі керек», – деген үміт тастады. Салиқалы бастама бір ауыздан қабылданды.

ЖЕР-ЖАҺАН
Әлем жаңалықтары

Қазақстандық студент қайтыс болды



АҚШ-тың Чикаго қаласында жол көлік оқиғасынан 23 жастағы қазақстандық азамат Талғат Орымбаев көз жұмды. Ол техникалық ЖОО-ры бірінің студенті болған. Көшені қиып өтпек болған кезінде жергесімізді көлік қағып кеткен. Ауыр жарақаттарымен ауруханаға жеткізілгенімен, Талғатты аман алып қалу мүмкін болмады, – деп хабарлайды КТК телеарнасы.

Талғат емдеу орталығында бірнеше күн бойы кап үстінде жатқан. Оның оқуды бітіруіне небәрі 1 ай ғана уақыт қалған еді. Марқұм Көкшетаудағы үйіне қайтуды жоспарлап, дайындалып жүріпті. Талғаттың достары ақша жинап, оның денесін елге алып келуге қамданып жатыр. Қазір қажетті 15 мың доллардың 8 мыңы жиналған.

Ал, Талғаттың анасы болса АҚШ-қа ұшып кетті. Кетер алдында ол ҚР СІМ-не хат жазып, ұлының денесін Чикагодан Көкшетауға жеткізіп беруін өтінпті.

Содырлар өлтірді



Нигерияның солтүстік-шығысындағы Йоба штатында 29 қыркүйекте исламшыл содырлар колледж жатақханасына шабуылдап, ондаған студентті атып өлтірді. Содырлар колледж жатақханасына студенттер ұйықтап жатқанда басып кірген.

Дәрігерлердің хабарлауынша, 40 студент қаза тауып, 5 студент жараланған. Содырлар бұдан өзге колледждің бірнеше кабинетіне өрт қойып кеткен.

Шабуылды экстремистік "Боко харам" тобы мойнына алды. Нигерия президенті Гудлак Джонатан шабуылды айыптап, елде ислам заңдарын орнатқысы келетін "Боко Харам" тобының іс-әрекетін сынады.

2009 жылдан бері Нигерияда зорлық-зомбылық пен терроризм шабуылдан бір жарым мыңнан аса адам мерт болған. Жылдың басында содырлар мектептер мен университеттерге шабуылдайтындарын мәлімдеген еді.

БҰҰ қарарына бағынады



Сирия президенті Башар Асад БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің химиялық қару-жарақ қорын жою туралы қарарына мойынсұнатынын мәлімдеді.

27 қыркүйекте БҰҰ қарары қабылданғаннан кейін итальялық телеарнаға берген сұхбатында Асад "АҚШ әдал саясат ұстанған жағдайда" Вашингтон мен Тегеран қарым-қатынасының жақсаруы Дамаск пен бүкіл аймаққа оң ықпал ететінін айтты.

Башар Асадтың айтуынша, қараша айына Женевада Сирия мәселесіне қатысты өтетін бітімгерлік конференциясында бір де бір европалық мемлекет "шешуші рөл атқара алмайды".

1 қазанда Сирияға химиялық қаруға тыйым салу жөніндегі халықаралық ұйымының жиырмаға жуық сарапшысы бармақ. Олардың бірі Асад режимінің өз химиялық қару-жарағына қатысты ұсынған мәліметіне "күдіктенуге негіз жоқ" екенін айтады. – деп хабарлады azattyq.org

Сарапшылар Сирияға қатысты есебін қазан айының соңына дейін дайындауды көздеп отыр.

Алғаш рет кездесу өткізді



Үндістан мен Пәкістанның премьер-министрлері Кашмир шекарасындағы даулы жағдайларды азайтуға күш салуға келісті.

Екі жетекшінің кездесуі Нью-Йоркте БҰҰ-ның Бас ассамблеясының үзілісі кезінде өтіп, екі сағатқа созылды.

Екі елдің өкілдері өзара сапарға шақыру келісімдерін қабылдады, алайда олардың қай кезде болатыны жайлы ештеңе айтылмай отыр. Бұл – Пәкістан билігіне премьер-министр Наваз Шариф қайта оралғаннан кейінгі олардың бірінші тікелей келіссөзі.


Марихуана толы сөмке



АҚШ-та үш жасар қыз балабақшаға марихуана салынған пакеттерге толтырылған сөмкемен келген. Сөмкенің ішінен шыққан иіс Гарлемдегі мекеме жұмысшыларының бірінің назарын аударған, – деп хабарлады Қаз-Ақпарат.

Балабақшаға келген полицейлер рюкзактан есірткі салынған 17 пластикалық пакет тапты. Қыздың әкесінің 24 жастағы досы күдікке алынды. Оған есірткі ұстап, сақтағаны үшін айып тағылды.

20 миллиард еуроға қысқартады



Франция Үкіметі бюджет шығынын 20 миллиард еуроға қысқартатын болды. Бұл туралы елдің 2014-жылға арналған бюджет жобасында қамтылған.

Осыған орай түрлі жеңілдіктер мен субсидиялар қысқартылып, одан 2 жарым миллиард еуро үнемделмек. Ал елдің автокөлік өндіру саласына берілетін жеңілдіктен 230 миллион еуро қысқартылады. Сондай-ақ, ел үкіметі білім беру, тұрғын үй саласына арналған 720 миллион еуроны да жұмсамауды көздеп отыр. Францияның қаржы министрінің мәлметінше, мұндай шаралар елді салықтардың қымбаттауынан сақтайды. Енді аталған жоба алдымен Еурокомиссияда, сосын Франция Парламентінде дауысқа түседі. Бірақ француз оппозициясы «Бюджетті қысқарту елдің экономикалық өсуіне кедергі болады», – деп отыр.

ЖЕР-ЖАҺАН
Әлем жаңалықтары

● *Жолдауға – қолдау*

КЕЛІСІП ПІШКЕН ТОН КЕЛТЕ БОЛМАС

Жуырда Талғар қаласындағы «Астана» балалар мен жастарға білім берудің инновациялық орталығында Мария Сиқымбаева жетекшілік ететін аудандық «Ауыл әйелдері» қоғамдық бірлестігінің ұйытқы болуымен «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауын халық арасында насихаттау және онда көрсетілген міндеттерді бірлесе орындауға жұмылдыру мақсатында «Елбасы Жолдауы – жарқын жаңа дәуірдегі істердің бастауы» атты «дөңгелек үстел» өткізілді.

Үлбосын ИСАБЕК
"Жетісу"

Аталған "дөңгелек үстелге" аудан әкімінің орынбасары Дарменияр Қыдырбекұлы, «Нұр Отан» ХДП Талғар аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Аскар Байұзаков, Талғар қаласының әкімі Дәулет Батталғазиев, «Нұр» қайырымдылық отбасылық үйінің директоры Тұяқ Қазкенқызы және үйірлі этномәдени орталығының басшысы Розахун Дүгашев, аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры Райхан Джулимбетова және аудандық жастар ұйымының өкілдері қатысып, келелі ой, маңызды міндеттер жайын талқыға салды.

– Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізген 20 жылдан астам уақыт ішінде талай асуды бағындырып, төрткүл дүниемен тереземе теңестіре тіршілік етіп келеміз. Бұл, әрине, Елбасымыздың салиқалы саясаты мен көрегендігінің арқасында жүзеге асып келеді. Жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауы арқылы көпұлтты халқымыздың жарқын болашағына айқын бағыт-бағдар беруінің нәтижесінде табысымыз өрге домалап, ынтымақ-бірлігіміз нығаюда. Аянынан нық тұрған мемлекетіміздің жақсылығы мен шарапатын ауыл тұрғындары айқын сезінуде десем асыра айтқандығым емес. Ауылды көркейтіп, көсегесін көгертуге барынша жағдай жасалып, шағын және орта бизнестің өркендеуіне мол мүмкіндік жасалуда, – деп алғысөз айтқан аудандық «Ауыл әйелдері» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Мария Ордабайқызы тақырыпты таркату үшін баяндама тізгінін «Астана» балалар мен жастарға білім беру орталығының директоры, «Құрмет» орденінің иегері Найля Үмбетоваға ұсынды.

– «Қазақстан – 2030» Стратегиялық бағдарламасы қабылданғанда жасыратыны жоқ көпшілігіміздің күмәнмен қарағанымыз рас. Тіпті, мұндай батыл қадамға барып, жетістікке жететініміз сенбеген едік. Міне, Елбасымыздың көреген де кемел саясатының арқасында дамыған, өркениетті 50 елдің қатарына қосылып отырмыз. Оған ынтымағы жарасқан еңбеккор халқымыздың қосып отырған үлесі аз емес. Енді дамыған 30 елдің қатарына ілігу үшін білім көкжиегін кеңейтіп, шет тілдерін шебер меңгерген жастарды тәрбиелеуіміз керек. Жаңа қоғамның уақыт көшіне ілесіп, заманауи техника мен технологияны жетік игергенде ғана алға қойған мақсат-міндеттердің орындалуына қадам жасаймыз. Мұның барлығы Елбасымыздың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саясаты» атты халыққа арнаған Жолдауында жан-жақтылы баяндалған, – дей келіп, Жолдаудың негізгі бағыттары мен міндеттерін, ондағы атап көрсетілген ой сын-кәтердің мән-маңызын ашып түсіндірді.

– Елбасының жыл сайынғы Жолдауларында әлеуметтік салаға үлкен мән берілетіні белгілі. «Қазақстан – 2050» Стратегиялық бағдарламасы да әлеуметтік саясаттың жаңа сипатын ашты. Биылғы Жолдауда ел Президенті ұсынған 10 бағыттың көпшілігі осы салаға арналып отыр деуге болады, – деді басқосуда келесі сөздің кезегін алған аудан әкімінің орынбасары Дарменияр Қыдырбекұлы. – Сондықтан кемел келешектің кепілі болмақ 2050 жылға бет бұрған мемлекетіміз кедейшілікке жол бермейтін болады, болашақта әлеуметтік қолдауды тек бұған мұқтаж топтарға ғана көрсетеді. Өңірлік даму барысында әлеуметтік проблемаларға жете назар аударылады, көші-қон мәселелері кешенді түрде шешіліп, еңбек төлемі саясаты жаңғыртылады, – деген ол, ауыл-аймақтарда мұндай келелі кездесулер мен басқосулардың өткізілуіне үкіметтік емес ұйымдарды қолдау мақсатында мемлекет тарапынан арнайы қаржылық көмек көрсетілудің пайдасы тиіп отырғандығын атап айтты. Нәтижесінде, бірнеше қоғамдық бірлестік жұмысын жұмыла бірлесе жүргізіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеуіне өзіндік септігін тигізіп отырғандығына алғысын білдірді.

«Дөңгелек үстел» басында А. Байұзаков, Д. Батталғазиев, тағы басқа жиынға қатысушылар сөз алып, Елбасы Жолдауының мақсат-міндеттерін ел ішінде талқылап, түсіндірудің аса маңыздылығына тоқталып, тұжырымды ой-пікірлерін білдірді. Бұдан ауданның белсенді жастары да шет қалған жоқ. Басқосу соңында пікір алмасушылар арасында сауалнама жүргізіліп, жеңімпаздар арнайы сыйлықтармен марапатталды.

ТАЛҒАР АУДАНЫ.

● *Облыстық байқау*

ЖЫЛ ӘДІСКЕРІ

Жуырда Талғар қаласындағы № 7 дарынды балалар лицейінде «Жыл әдіскері» облыстық байқауы өтті. Байқауды «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамы мен Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты бірлесіп өткізді. Күннен-күнге дамып, кешегі жаңалық бүгін ескіріп қалғанын байқатпайтын ерекше жылдамдықпен өркендеп келе жатқан бүгінгі күннің ұстаздарға қояр талабы теңдессіз жоғары екендігі даусыз мәселе. Осы орайда ұстаздар біліктілігін көтеруде әдіскерлердің алар орны үлкен. Сондықтан да бүгінгі байқау елден артық білгеніңді ортаға салып бөлісу, білмегеніңді үйренуге жол ашатын алғашқы қадам деп қарау қажет.

– Қиындығы мен жауапкершілігі мол осы саланың мамандары білгенін күнбе-күн дамытып, жаттап, жаңартып отырмаса, уақыт талабын орындай алмай өз-өзінен білім деген шеті мен шегі жоқ дарияның ағысына ілісе алмай шетте қалуы мүмкін. Сондықтан да әдіскерлерді өзіл-шынын араластырып ұстаздардың ұстаздары деп атайды, – деді байқауға жиналған әдіскерлерді құттықтап сөйлеген сөзінде «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы облыстық филиалының директоры, Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры Қанат Дүйсебаев.

Байқауға қатысушыларға сәт-сапар тілеп сөз сөйлеген Г.Тұрысбекова мен С. Сапарғалиевалар да әдіскер еңбегінің аса қажеттілігіне баса тоқталды. Бұдан кейін әдіскерлер төрт секция бойынша кабинет-кабинеттерге бөлініп, өздері білгенді өзгеге үлгіруі тәсілдері мен, жалпы білім жүйесіндегі тандайқақсыз жаңалықтар жайлы білгендерін ортаға салды.


Мектепке дейінгі дайындық, жалпы орта, техникалық және қосымша білім беру әдіскерлерінің тәсілдері мен жаңалықтарында өріптестер үйреніп, қолданатын құнды тәсілдердің мол болғандығын және оларды тез арада басқалар игерсе нұр үстіне нұр болатынын атап өткен әділқазылар алқасы 41 әдіскер қатысқан байқауда бірінші орынды ең үздіктер қатарынан көрінген Талдықорған қаласынан келген Гүлниса Тұлымшақова мен Мәрия Садуақасоваға, қарасайлық Сәнім Төлемісоваға, алакөлдік Гүлзипа Сейтқазинова сынды жүзден жүйрктерге берді. Ал, екінші орын Анар Жүнісова, Дәния Қоспаева, Жұмагүл Насырбаева, Нұрзиға Темірханова, Әлімхан Бейсебаева, Зейнел Гүлия, Раушан Байгөзоваларға үйғарылды.

Байқаудың басқа қатысушыларының еңбектеріндегі ерекшеліктерді атап өткен әділқазылар мүшелері оларға мәрапат қағаздары мен сертификаттар табыстады.

Асқанбай АХМЕТҰЛЫ.

Қабанбай батыр көшесі, 32.
Тел.: 24-12-84, 24-58-87. Факс: 24-75-66.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Расында, ел тәуелсіздігінен кейін санамызға күшпен де, саясаттың қысымымен де, тіпті, өз еркімізден тыс қабылданған даламыздың тарихи шындығына жат, жанымыздың тазалығына кір түсірген талай елді мекен атауы қазақшаланды. Бастысы, жерімізге де, елдігімізге де үйлеспейтін келеңсіздіктен ойымызды тазарттық. Бірақ, тағы да қиындықтың қылауы еріген жоқ. Бір қызығы, елді мекендердегі кейбір ұлағатты есімдерді қазақшалаудың өзі қиынға соғып отырған жайы бар. Айталық, Сарқан ауданында Пушкин көшесінің атауын өзгертудің өзі талай ми шаршататын әңгімеге арқау болғанын естігенбіз. Егер ауылдастарымыз сол көшенің атауын өзгертсе, батыстағы бауырмал көршіміз: «Мәскеу қаласындағы Абай атындағы көшенің атын алып тастауға қол жинаймыз», – деп шу шығарғаны кеше ғана.



ПУШКИНДІ қозғасаң, АБАЙДАН айырыласың

Пушкиннің қазаққа өкпесі жоқ шығар. Әдебиетін ұлықтадық, қазақтың қаласы мен даласында Пушкин аты мақтанышпен ілініп, аталып жүр. Ендеше, ресейліктер Абайға берген жалғыз көшеге неге көлсініп отыр? Пушкиннен бастап, орыс классиктерін Абай арқылы танымадық па? Бір қызығы, биыстағы көршіміз Абай данаға ұлықтауда өзімізден кем қалмай келеді. Тіпті, сол елде жарық көрген «Әлемдегі 100 әйгілі адам» атты (Қытайша) кітапта Абайды алдыңғы ондыққа кіргізіп, ұлттық мақтанышқа Конфуциймен қатар қойған. Жоғары оқу орындарында Абай тағылымы жоғары деңгейде насихатталады. Тіпті, Қабай атты моңғұл азаматы аударған Абай өлеңдерінің топтамасы бірнеше мәрте басылып, оқырмандар арасында кең қолдау тапты. Өкінішке орай, аспан асты елінде адам атына көше беру дәстүрі жоқ. Егер болса, біраз елді мекен атауы ғұламаның есімін еншілейтіні күмәнсіз еді. Осыған қарағанда, орыс ағайындардың айғайына жөн болсын. Кейде: «Сол бір көшені қызғанса, алса алып тастасын, одан қазақтың мұрты қисайып қалмайды», – деп айтып салғың келеді. Өзгенің көңілін жықпаймыз деп, бәрінен төменшіктей берсек атауы қисық көше мен елді мекен атауы айналып келгенде өскелең ұрпаққа тағы да құлдыққа толы жылдардың сесін білдіріп, жүректі шымырлатпай ма?

Расында, қазақ - көңілшек халық. Бұл оның кемшілігі емес. Көңілшекпіз деп именшіктей берсек кім болғанымыз. Еңсесі биік ескерткіштер орнатып жатырмыз, сүлкінімізді сол көтеретін күн тумағаны ма? Бұлай бола берсе, қызылдар қызыл қырғын жасаған Черкасск де, орысты өрге жетелеген Петропавл да жуық маңда



Аңырақай мен Абылайға айналуы күмәнді. Тек бір білеріміз, тіл төңірегінде жауапкершілік арқалап, жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген азаматтардың басын қатырып, қайта-қайта есеп алып, есін кетіре беру болмақшы. Жарайды, бұл әңгімені осында доғарайық та, өз өңіріміздегі жиі көріп жүрген орашолақ қателіктерге тізгін берейік.

Орайы келгенде айта кету керек шығар, екі тізгін, бір шылбыр қолымызға тиіп, ономастика мәселесі еркімізге бағынғалы талай сорақылыққа бардық. Тіпті, халық үшін қайырымды жандар тасада қалып, «Көрші үйдің моншағын күндіз ұрлап, түнде тағынғандар» елді мекен атауын еншілеп шыға келгенін де айттық, жаздық. Батырлар тасада қалып, бала-шағасы қалталы барымташының есімін әрбір үйдің жақтауына іліп қойдық. «Әй» деген халық болған жоқ. Міне, соның азабын тартып келеміз. Оның бәрін зерттеп жатпай-ақ қоялық. Қисықтың түзелер, қатенің дұрысталар кезі болады. Уақыт бір күні бәрін шешер, орнына қоятын шығар.

Бұған қарап: «Мемлекеттік тіл өрге баспай тұр», - деп ойланудың керегі шамалы. Осынау жиырма неше жылда ана тілдің бағы үшін барынша тырысып еңбек еттік. Жеткен жетістікте баршылық. Сол қатарда облыстық тіл басқармасының, аудандардағы бөлімдердің, тіл жанашырларының еңбегінің арқасында атқарылған шаруа шаш етектен. Бірақ, өңірдегі «Тіл туралы» Заңның сақталуы мен бақылау жөніндегі және облыстық ономастикалық комиссияның отырысы өткен сайын тілімізді тістеп қайтатынымыз тағы бар. Үніміздің өшетіні жиналыс сайын ономастика мәселесіндегі орашолақ қателіктердің шешіліп бітпейтіні. Тапсыру мен бұйырудан кенде емеспіз. Бірақ, өнімді іс өрге баспай тұр. Неге? Жауапкершіліктен құтылудың да жолы дайын: «Осыдан бірнеше жыл бұрын елді мекен, көше, мектеп, тағы басқа, нысандардың атауын беру жергілікті биліктің құзырында болғандықтан, бұрынғы ел басқарған ағаларымыз өз білгенін істей берген».

Бұдан былай не болмақ? Көпшіліктен үн шықпайды. Оның жауабын кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы №72-V Заңынан талқандай болдық. Аталмыш заңның 11 бабының бірінші бөлігінде: «4» тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, аудандардың жергілікті өкілді және атқарушы органдарының ұсынуы бойынша облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде ауылдарға, кенттерге, ауылдық округтерге атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту жөніндегі мәселелерді шешеді», – деп көрсетілген. Демек, кезінде жіберілген көп қатені Заңмен реттейтін мезгіл жетті деген сөз. Білермендіклен немесе қолдағы құқықтың күшімен бейберекет қойылған атаулардың ақ-қарасын анықтап, аражігін ажыратуға өңір тұрғындарына да мүмкіндік берілгенін білеміз. Осы тұста: «Осы мүмкіндікті қарақөз қандастарымыз қаншалықты іске асырып жүр немесе соны толық біле ме?», – деген сұрақ көлденеңдейді.

Мен баспасөз саласының өкілімін. Күн сайын ауыл, аудандардан оншақты оқырман хаты келіп жатады. Әрине, алдымен авторы мен мекенжайын қарап шығатынымыз анық. Сонда дені пәлен округу немесе түген село, поселке деп жазады. Кейде ақпарат құралдарында да әлі де солай жазылып жүргенін байқап қаламын. Ал жоғарыдағы заңды ақтарып отырып:

«1» бүкіл мәтін бойынша «поселке», «поселкелер», «поселкелерге», «поселкелері», «поселкелерді», «поселкелердің» деген сөздер тиісінше «кент», «кенттер», «кенттерге», «кенттері», «кенттерді», «кенттердің» деген сөздермен ауыстырылсын;

«2» бүкіл мәтін бойынша "село", "селолық", "селолардың", "селоларды", "селолар", "селоларға" деген сөздер тиісінше «ауыл», «ауылдық», «ауылдардың», «ауылдарды», «ауылдар», «ауылдарға» деген сөздермен ауыстырылсын делінгенін көргенде ішім қылп ете қалды. Расында, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «поселко» мен «село» атауы қазірге дейін қолданыста болғаны рас, ал «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне микроқаржы ұйымдарының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы бойынша поселко – кент, село – ауыл болып аталуы керек. Осыған байланысты тұрғындардан сұрақ-жауап жүргізіп көрген едік олар да бұл жайлы білмейтін болып шықты. Ендеше, кінә кімде? Өзіміздің Заңға деген түсінігіміздің төмендігінде жатыр. Демек, Заң толығымен тұрғындарға жеткізілмейді немесе тұрғындар өз бетімен білуге құлықсыз. Ал осыны білмей тұрып, ономастикаға қатысты неше түрлі қиыр пікір білдірген жерлестеріміздің желі сөзіне жөн болсын.

(Жалғасы 9-бетте).



Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 24-12-84, 24-58-87, факс: 24-75-66
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

кенге біржолата қайтуға белді бекем буып 60-жылдардың басында алғашқылардың бірі болып 30-шақты жанұяны балашағаларымен өзі бастап шекарадан аман-есен елге алып өтті. Бұл да бір ерлік шығар.

Туған жерге туыңды тік демекші, Нұрқожа ақсақал Отанына оралған соң Жерүйығы Жетісудың бұрынғы Қапал (Қазіргі Ескелді би) ауданына қарасты Калинин атындағы совхозда табаны күректей 30 жыл тапжылмай, малшаруашылығында жемісті еңбек етіп озаттар қатарынан көрініп, үш жыл қатарынан асыл тұқымды ірі қара малын өсірудің майталман шебері, жеңімпаз атанып екі рет Бүкілодақтық халықшаруашылығы жетістіктері көрмесінің күміс медалімен марапатталып омырауына «Құрмет» белгісі, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалін тақты.

Бір ақиқат анық: 10-15 жыл оқып, шетел асып қос-қостан диплом құшақтап ғалым атанғанның бәрі бірдей білікті де, озық ойлы кемеңгер бола алмас. Ал Нұрқожа атамыз дәл қазіргі ғылым мен мәдениеттің шарықтап дамыған заманында дүниеге келіп, рухани білім алса ғылымның бір саласын толық меңгерген ғұлама, ал өмірін ислам дініне, өркениетке бет бұрса, сөз жоқ, толыққанды діндар, қария хафис болып шығар еді-ау деп ойлаймын.

- Қазақта тектілік деген ұғым бар, қарағым. Ол ананың сүтімен 8-16 атаға дейін қанмен дариды. Бұрынғы өткен тектілер құдайсыз құрай сын-байтынын, құдайсыз қоғамның ұзаққа бармай құлайтынын өз тәжірибе, тағылымдарымен дәлелдеді. Қазіргі Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев келешекті болжай білетін зор тұлға. Көзі өткір, сезімтал адам. Әйгілі Райымбек батырдың шарапаты тиген әулие кісі.

Қазақстан дәл осы қарқынмен дами беретін болса қазақтың бақыты әлі алда. «Алтын ғасырға» жетеріміз сөзсіз.

Иә, жаратқан ием өзі сүйген құлына ерекше қасиет беретіні анық. Ғайыпты Алла тағала қаласа кез-келген құлына білдіруі мүмкін. Қалай ғана данышпан деп атамассың, айтқан сөздері әрдайым дәлме-дәл анық келіп тұрса.

Соңғы рет жолығып, әңгімелесіп сыр шертіскенім әлі есімде. Әйгілі Қаблиса әулие (Қабан Жыраудың) ұрпағы емес пе, көсіле сөйлеп, тереңнен толғап, ой бөліскен еді.

- Алланың қалауымен әр адам өзін жан-жақты дамыта білуі тиіс. Алдымен шынайы ықылас керек. Тән тазалығы оған қоса рух пен жүрек тазалығы толық болса, нұр үстіне нұр. Осы қағиданы имамдар әрдайым естен шығармаған жөн. Халық дін адамынан тек жақсылық күтеді. Сол үшін де сананы тұрмысқа билетпей «толық адам» күйінде қалу керек. Басқа діннің етегінен ұстаған жастарымыздың жағасынан ұстап, жармасып өз ата дінімізге келуіне дәл қазіргі таңда толық жағдай бар. Әйтпесе, кешігеміз. Дін мен діл түзелмесе ұлт болып қалуымызда қиын. «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде екенін еш уақытта ұмытпағанымыз жөн», - деп ой бөліскен еді абыз ата.

- Біз базардан қайтқан адамбыз. Бұл өмірге қонақпыз. Қонақтың да қадірін қашырмай қайтатын кезі болады. Қолыңды жай, қарағым, батамды берейін. Алладан аян келді. Келесі жұмада жанбасың жерге тиеді. Иә, «Өлді деуге болама айтыңдаршы, өлмейтұғын артыңда сөз қалдырған» деп хакім Абай айтқандай, сұңғыла атамыз Шаймұратұлы Нұрқожа ақсақал 2009 жылы ақпан айының 3 жұлдызында жұма намазын өтеу үстінде бақилыққа аттанып кете барды. Жаның жанатта, топырағың торқа болсын Әз ата.

Оспан ҚАШҚАРОВ,
«Жетісу» мешітінің алқа мүшесі.

(Жалғасы. Басы 5-бетте).

Сонымен қатар, қазіргі таңда қайталанған елді мекен атаулары жеткілікті. Әлбетте, ұлыларымыздан елді мекен атауын қызғанып отырған жоқпын. Бірақ, жаңа Заңның «25-5 бабындағы ономастика жұмысының критерийлерінің төртінші тармағында: «Бір әкімшілік-аумақтық бірліктің шегіндегі елді мекендерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне бір атауды бір мәрте ғана беру", – деп өзгертілген. Мұндағы: «Бір әкімшілік-аумақтық бірлік" дегені ауыл, аудан, облыс сияқты әкімшілік құрылымды білдіреді. Тағы да сол Заңның 25-5 бабының 3-4 тармақшасында: «Жеке адамның есімімен аталған, ол берілген (өзгертілген) күннен бастап кемінде он жыл өткен соң берілген есімді қайта атау, оны өзгерту», – деп көрсетілген. Сондай-ақ «14-1 бап. Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру», – деп өзгертілген. Ендеше, елді мекен тұрғындарының да маңызды іске қатысы нақтыланды деген сөз. Осы жерде сол қайталанған атауларды қайталай қарап, Заң бойынша бірлікке келтіру керек шығар. Бұл біздің құзырымыздағы іс емес, десе де, осы мәселемен айналысып жүрген мамандардың құлағына алтын сырға.

Осы тұста ойыма тағы да бір күлкілі жай оралып отыр. Бірде ауылдағы жолдасымның үйіне қонаққа бардым. Аты - Асқар Иманов болатын.

– Бұл менің атыма берілген көше, – дейді досым қуланып. Сөйтсек, ол тұрған үйдің ангшлагында А. Иманов деген жазу тұр. Расында, жөнге саяды. Менің білуімше, А. Иманов – Амангелді Иманов болса керек. Бірақ, Асқар Имановты да А. Иманов деп түсінуге болады ғой. Әрине, қазір көше бойындағы ангшлактар жаңаланып, қалыпқа келгенімен ондағы осындай қателер толығымен жүйеге түспей тұр. Осыған дейін айтылып, айтылып жауыр болған «Әуезова», «Абая», тағы басқа да атауларды бұл ретте айналып өткеннің өзінде, көшелерге тек адамдардың тегін жазып қана іле салуды әдетке айналдырғанымызды қалай жасырайық. Өкінішке орай, қазақта тегі ұқсас адам көп қой. Оның бірі қоғам қайраткері, енді бірі қылмыскер болуы да мүмкін. Сондықтан көше атауын жазғанда аты-жөні, тегімен қоса толығымен көрсетілсе көптік етпейтін еді. Бұл тіл саласының немесе аудан, ауылдағы осы салаға жауапты мамандардың ғана жұмысы емес, ұлттық ұстанымға, мақтанышқа қатысты жағдай. Бірақ, санасына сіңірер адам табылса ғана.

Бірде журналистік іссапармен шалғай ауылдың біріне жолым түсті. Тұрғындармен кездесіп, өзіме керекті мәлімет жинап жүрмін. Әлеуметтік жағдайға саятын бір мәселе туралы ауыл тұрғыны Иванов деген азаматтан сұрап алуға тура келді де есігін қақтым. Іштен қараторы қазақтың жігіті шықты. Аң-таң күйде:

– Маған Иванов керек еді, – дедім. Үй иесінің көршісі немесе жолдастарының бірі болар деген оймен.

– Сол Иванобыңыз мен боламын, – деді күлімсіреп.

– Атың кім?

Бірде журналистік іссапармен шалғай ауылдың біріне жолым түсті. Тұрғындармен кездесіп, өзіме керекті мәлімет жинап жүрмін. Әлеуметтік жағдайға саятын бір мәселе туралы ауыл тұрғыны Иванов деген азаматтан сұрап алуға тура келді де есігін қақтым. Іштен қараторы қазақтың жігіті шықты. Аң-таң күйде:

– Маған Иванов керек еді, – дедім. Үй иесінің көршісі немесе жолдастарының бірі болар деген оймен.

– Сол Иванобыңыз мен боламын, – деді күлімсіреп.

– Атың кім?

– Кенжебай.

– Қызық екен.

– Тегімді айтсам естігеннің бәрі таңғалады, – деді жігітім ақталып, мен туғанда қазақшасы шалалау маман Иманов деген тегімді Иванов деп жаза салыпты. Содан бері осы текті иеленіп келемін, қайта өзгерту үшін біраз жерге бардым, бітпеді, сонымен қойдық, – дейді ол.

ПУШКИНДІ қозғасаң, АБАЙДАН айырыласың



– Кенжебай.

– Қызық екен.

– Тегімді айтсам естігеннің бәрі таңғалады, – деді жігітім ақталып, мен туғанда қазақшасы шалалау маман Иманов деген тегімді Иванов деп жаза салыпты. Содан бері осы текті иеленіп келемін, қайта өзгерту үшін біраз жерге бардым, бітпеді, сонымен қойдық, – дейді ол.

Иә, айта берсек, мұндай қызық жеткілікті. Осындай орашолақ тектер бүгінде ономастика саласында қаптап жүр. Тағы бірде алдыма бір мұғалімнің материалы келе қалды. Несін айтасың, қазіргі таңдағы өткір мәселені қаузаған тамаша дүние. Бірақ, автордың тегі Шубунтаев деп жазылған. Алайда, біз қазақ тілді басылым болғандықтан автордың аты-жөнінде қазақша беруге міндеттіміз. Қазақта Шубунтаев деген тек болмайды. Ендеше, бұл Шыбынтаев дегеннің қате жазылған нұсқасы дедім де, сол бойынша газетке жібердік. Көп кешікпей мақала шықты. Бір күні кабинеттің есігін салауатты қазақтың азаматы қақты. Таныса келе оның өлгі Шубунтаев екенін білдім. Өкінішке орай, қатысты орындар материал авторының тегі құжаттағы жазылумен бірдей болмағандығы үшін қабылдамай тастапты. Шынтуайтында, оның тегі Шыбынтаев екен де құжаттандыру кезінде Шубунтаев болып жазылып кетіпті. Мұндай іс бізде жиі кездесіп жатады. Осындайда не істеу керек? Қазақ тіліне құрмет ету керек пе? Әлде, құжатқа бағынамыз ба? Былай тартсаң арба сынады, былай тартсақ өгіз өледінің керісі. Көптеген елді мекен, көше атауларының орысшаның ыңғайына қарай жазылатыны да орыс тілді мамандар жазған шешім, толтырған құжаттың кесірінен болып отырғаны да жасырын емес. Бұғанда тіл саласының мамандары кінәлі ме? Ағайындар бәрін өзіміздің іздестірейік. Түптеп келгенде ұлттың болашағына, халқының қасиетіне сенімін суғармаған сормандайлықтың сипаты осы. Ал қашанғы осылай сорлап жүре береміз.

Мұндай мысалды тізе берсек жеткілікті. Сосын сұрағымыздың жауабын әділет басқармасының мамандарынан табатын шығармыз деп үмітімізді үкілеп барып едік: «Біз елді мекен атауларын ономастикалық комиссияның шешімінде көрсетілгені бойынша, ал жеке тұлғаларды туу туралы куәлігінде жазылған мәліметтер негізінде тіркейміз. Өйткені, заңнан асып кете алмаймыз», – деген қысқа жауап алдық. Жарайды, мұндай бассыздыққа Кеңес дәуірінде жол болсын, ал қазіргі күнде шала сауатты маманды жұмысқа алып жүрген қандай дөкей. Шешімді қате жазған, құжатты талғаусыз толтыратын маманды тектеп, тежейтін заң жоқ па бізде? Тіліңді тістейтін жерің осы. Өз ортаңдағы осындай былықты дұрыстай алмаған соң орыс ағайынның: «Абайды алып тастаймын», – деген қоқайына көнбегеннен басқа шараң жоқ. Өйтпесе, айыбыңды бетіңе басып, өлемге масқара қылады. Біз заңды көзге ілмегенімізбен, сол масқарадан қорқамыз. Өйткені, ұятымыз басым халықпыз. Демек, ұятымыздың сиқы осы. Бұл ұяттан арылудың бірден-бір жолы тіліміздің тазалауда тұр, ағайын! Сонда ешкім бізді қорқыта да, масқаралай да алмайды.

Қажет АНДАС.

Жетісу
WWW.zhetysu-smi.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ЖІГІТТЕРІ

№141
15
20. 12. 2014 ж.

МЕНІҢ ЗАМАНДАСТАРЫМ

Бүгінгі әңгіме желісіне арқау болып отырған кейіпкер қоғамның қазандай қайнаған тірлігінің ортасында жүрген азамат. Қызметімен, қызықты өмірімен, адами қасиеттерімен есімі елдің аузындағы адамның жақсы істерін өзгелерге айтып, жеткізу қиынның қиыны екенін сезінемін. Міне, бүгін сондай күйдемін. Өзім жақсы көретін, құрметтеп, қадірлейтін адамдар жайлы ой-орманымды аралағанда осындай күй кешемін.



Жақсылар жолы жаңылдырмайды

Сайлаубек БАЙДҮЙСЕНҰЛЫ
"Жетісу"

Омархан бауырым жайлы ойымдағы сәуле-сезімдерімді көпке ұсыну көңілімде жүретін. Соның сәті түскен сияқты. Себебі, Омархан Нұртайұлы Өксікбаев – 60 жасқа толды. Алпыс деген асқаралы биіктің шыңына көтерілгенде киелі қасиетін оріп, өмір жолын өрнектеп, не болмаса өсиет етіп айтатын кездің келгені осы болар деп түйіндегенмін. Дей тұра «өмір шіркінің өткіншілігін осындайда ғана танып-білуге ұмтыламыз-ау» деген қоңыр ойдың көлденеңдейтіні бар.

Ажарынан адалдық төгіліп тұратын азаматты қай уақыттан бері білетін едік. Әрине, мұндай сұрақтан соң жылдар жылжып, оқиғалар ойына орала береді.

Әңгіме басы балалықтан басталғандықтан адамның тәтті шағы – еске оралады. Балқаш бойы, кәрі Іленің жағасы, ата-бабасының құтты қонысы ескі Көктал деп аталатын жерде дүние есігін ашты. Жазира жалпақ даланың ауасын жұтып, топырағына аунап, суын ішіп, өсті.

Мұны айтып отырғаным, осыдан бірнеше жыл бұрынғы оқиға ойыма түсті. Кішкене ғана ауылда тұратын туған әкесі, Омарханның өзі "аға" деп кеткен Нұртай ақсақалдың үйінде кездескенім бар. Әңгімеден әңгіме қозғалып, сөздің басы бала жайлы болған соң Омархан Нұртайұлы:

– Сонау жылдарда «Литературная газета» деген үлкен басылымның тілшісі Лев Балян деген жазушының ағa мен немере арасындағы әңгімесін оқыдым, – деп сөзге араласты. Алдымен күліп алды да:

– Немересі атасына қарап, «Ата, сіз қашан өлесіз» деп сұрақ қойыпты. Оқыс қойылған «суық» сұрақтан сасыңқырап қалғанымен, сәбидің кіршіксіз көңілін көріп, белгісіз дүниені білгісі келіп отырғанын сезген-ау. Кідіріп қалса да немересін ойлауға жетелеуді мақсат санап «қошақаным-ау, сен қашан өлсең, сол күні мен де өлемін» деп жауап беріпті. Немере емес, оқыс айтылған ойды естіген адам ойланбай қоймайтыны сөзсіз. Кеше ғана өмір есігін ашқан еркесіне өлім тілегендей болған карттың сөзі таңғаларлық еді. Ал, шындығына жүгініп көрейік, – деді де әңгіме желісін қайта жалғады.

– Байқап қарасақ, олай болуы мүмкін екен. «Адам өлген күні өлмейді, ұмытылған күні өледі». Немерем-ау, сен жақсы болсаң, ұзақ жасасаң менің есімім өлмейді. Сіз де, мен де біреудің немерелеріміз. Олардың аты біз тұрғанда өлмейді. Өксікбай атамның сұлу әңгімелерін әлі ұмытқан жоқпын. Қыздарқұл әжемнің сары самаурынынан шай ішіп отыратын кездерім көз алдымда. Кеше ғана өмірден өткен әрі әкем, әрі аға деп кеткен Нұртай Өксікбайұлының, анам Зылиха Болысбайқызының есімін еске алған сайын ол кісілер жүрегімде жүргендей сезінетінім бар.

Әуелгі жұмысын жай, қарапайым жұмысшыдан бастаған әкем Нұртай Өксікбайұлы қоғамдық-саяси ұйымдарды, шаруашылықтарды басқарды. Еңбегіне қарай ілгерілеп өсті. Адал еңбектен таймай еліне қызмет етті. Аудандық партия комитетінің хатшысы қызметін атқарып жүріп зейнеткерлікке шықты. Күрделі жолдан өту бір адамға оңай жүк емес. Драматург Қалтай Мұхаметжанов ағамыз «Біз де періште емеспіз» деп кеткендей періште болу қиын, әрине. Дегенмен адамға тазалық қажет. Адалдыққа талпыныс арлы адамның ісі. Бұл қасиет адам бойына бала кезінен қалыптасса, ол өмірдік болып қалатыны бар. Міне, әкемнің біздерге, балаларына қалдырып кеткен қасиеті осы.

Бір қарағанда ата мен немере арасындағы әңгіменің желісі қорқынышты ұғымнан басталып тосын көрінсе де, мәнінің мағыналы екені талассыз, – деп әңгімесін аяқтаған еді.

Кейіннен бір ауылдың азаматы ретінде Мемлекеттік қаржы- бақылау комитетінің төрағасы Омархан Өксікбаевпен кездесуге тура келді. Әрине, қайда жүрсе де, қандай қызметтер атқарса да көз алдымызда, теледидардан болсын, баспа беттерінен болсын сойлеген сөздерін көңілге тоқып жүру әдетке айналған. Өйткені, ол Балқаштың байтағында тәрбиеленіп, білім-тәлім алып, республикалық деңгейде қызмет арқалап жүрген жерлесіміз. Кішіпейіл қалпын бұзған емес. Соған қарамастан, мүмкін қандағы қасиет болар, айтатын жерде ойындағысынан тартынбайтыны бар. Қажетті тұста пікірін дәлелдеу үшін қарсы тұратын кездері жиі ұшырасатынын байқаймыз. Ондайда бетің бар, жүзің бар демейді. Ойын ашық ортаға салады. Әрине, тура айтудың қатты да, тәтті де жағын ескермеу естілікке жатпайды. Оны жақсы біледі. Қайтеді?! Туа біткен мінез солай. Мұндай қасиет те адамға таңдап қонатын сияқты. Омарханның түсінігінде ақиқаттан артық ештеңе жоқ. Өзі айтқандай «өтіріктің балын жегенше, шындықтың ащы дәмін татқан» дұрыс. Өмірдегі басты ұстанымы еді.

Біз білетін Омархан Нұртайұлы осы жолдан адасқан емес. Атадан, әкеден қалған тәрбиенің төресі – адалдық. Қуаныш – сезім де, өмірге сенім де, мұң мен наз да, ащы сын да ән бойынан өткенде оның адалдыққа сүйінетіні содан. «Кім болсам екен» деген сұрақ мектеп қабырғасынан мазалайтын. Жастардың жарасымды ойлары жарысып, әр түрлі мамандықты алдына көлденең тартатын. Ол кезде оқуға түсу оңай шаруа емес. Сондықтан Омархан жаңа жол іздеді. Алдымен қаражат қажет екенін ойдан шығарған жоқ. Осыны мақсат етіп алған ол аудандағы ондатр өсіретін шаруашылыққа жұмысқа орналасты. Бұл оның алғашқы еңбек жолы еді. Мұнан соң студенттік шақ. Үйлену, үй болу. Жан-жары Раиса екеуі қиындықты да, қыспақты да көрді. Әркімнің еңбек жолын бастаған алғашқы ұжымы өзіне ыстық. Алматы облысының қаржы бөлімі ол үшін осындай еді.

Алматыдағы төрт жылдай еңбек қаржы мәселесінің қаншалықты қиын екенін көрсетті. Өзіне салса бірдеңе үйреніп, тәжірибе жинақтағандай көрінді. Бірақ экономикада майдашүйде деген болмайды. Сағат сайын үйренуге, күн сайын ізденуге тура келді. Бұл жауапкершілік Алматы облыстық егістік жерді суландыру басқармасының жоспарлау-экономикалық бөлімінде қатардағы экономистік қызметке барғанда сезінді.

Мұнан соң осы басқармаға қарасты Балқаш ауданында жаңа ашылған «Тыңның 25 жылдығы» атындағы кеңшарға бас экономист болып барды. Жаңа шаруашылықтағы адамдарға еңбекақы төлеу, өндірістік-техникалық жоспарларын жасау сияқты жұмысына кірісті де кетті. Шаруаның басы есептен басталмаса тарыдай шашырап кетері анық. Шаруаның экономикалық шамасын шашау шығармай екшеп, саралау қатал сынақтан да қиын. Оның сыртында бас маман ретінде жаңа кеңшардың өзге де шаруасы жетіп артылады.

Қайсар мінезді азамат адалдығымен, алғырлығымен алға жылжи берді. Сөйтіп, Қаржы министрлігінің Бас тексеру-бақылау басқармасына аға тергеуші-ревизор болып орналасты. Жұмыстағы қызметін адал орындаған іскер маман еңбекте ширай түсті. Бақылау-тексеру басқармасы (КРУ) бастығының орынбасары дәрежесіне дейін өсті. Сол кезеңде еліміз жаңа жүйеге көшті. Тәуелсіз Қазақстан бұрынғы КРУ-дің негізінде мемлекеттік қаржылық-бақылау комитетін құрды.

Бұл – 1996 жыл болатын. Осылай Омархан Нұртайұлының қызметтегі саяси бағыты басталды. Ол қызмет істейтін есеп комитетінде 23 қызметкер бар еді. Бір ғажабы, осы орынға таңдалған азаматтар бес жылға ғана қызмет ететін. Бұл Ата Заңмен айқындалған. Осыған дейін есеп комитеті мекемелердің қаржылық жағдайын тек өздері берген ақпарат арқылы біліп отыратын. Міне, осы жайдың қаржыны бақылауда жеткіліксіз екенін дәлелдеуге тура келеді.

– «Біз сараптамалық қызметпен көп нәрсенің байыбына барып, бетін аша алмаймыз», – деген ойын Омархан осы тұста ашып айтқан еді. Бақылаушы органдардың бірлескен, топтаса жұмыс істеуі, бірлесе қимыл етудің нәтижесінде комитеттің жұмысы басқаша көрініс тапты.

Қайда кімді тексерсе де, оның ойынан кетпейтін бір ұстаным – ол мемлекет мүддесін қорғаушы екендігі. Қаржылық шығын қажетті іске жаратылуы тиіс деген мақсат қашанда бірінші орында тұрды.

Кейіннен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссияда, Қауіпсіздік кеңесте жүргенде Оралбай Әбдікәрімов ағасының тәлім-тәрбиесін, көмегін көрді. Қауіпсіздік кеңестегі хатшының екі орынбасарының бірі болды. Экономист, қаржыгер ретінде елімздің экономикалық қауіпсіздігі саласын басқарды. Кейін ол арнайы бөлімге айналды. Омархан сол бөлімге кураторлық жасады. Елімздің экономикалық саласындағы проблемаларды қарастыруда кең ауқымды жұмыстар осы тұста жасалды.

Аталмыш қызметте жүргенде Президент әкімшілігінің жанынан Бас бақылау инспекциясы құрылды. Елбасының өзі шақырып:

– Қаржы саласының қыр-сырын жетік білесің. Осы инспекцияны басқарасың, – деген. – Бұл бұрын-соңды болмаған басқарма, – деп өзі бағдарбағыт берген. Сөйтіп, ең әуелі Елбасы тапсырмаларының орындалуын қадағалау жұмысы басталды.

Омархан Нұртайұлы Қауіпсіздік кеңесінде жүргенде көтерген бір мәселе, бүкіл тексеру жүйесін шоғырландыруды қайта қолға алып, қозғау салды.

Кейін Елбасының қабылдауында қайта болды. Мемлекет басшысы оған Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы қызметін жүктеді. Әрине, жүрексіну болды. Сенімін білдірген соң шегінуге жол жоқ. Осы қызметте бір жыл еңбек етті. Аз уақыт болса да мемлекеттік мәні үлкен істер атқарылды. Маңызды шешімдер қабылданды. Әскери доктринамызды, сыртқы істер доктринамызды, экологиялық, экономикалық қауіпсіздік стратегиямызды және басқа да өмірімізге қажетті маңызды концептуалды мәселелер қамтылып, пайдалы шараларға қадам жасалды. Осы істердің басы қасында Омархан Нұртайұлы Өксікбаев жүрді.

Бүгінгі күннің де міндеті жеңіл емес. Омархан Нұртайұлы – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты. Халықтың қамы, заң шығару мен заң талаптарының нақты жұмыс істеуі, ел мүддесінің орынды шешімін табуы сияқты депутаттық жұмыспен айналысып, халықтың аманатын арқалау оңай шаруа емес. Елінің сенімін ақтап, ар мен намысын қатар ұстап, әділеттілікпен еңбек етуде. Әрине, елі мақтаныш ететін азамат болып қалу – екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ондай көшеметке не болу – марапаттың биігі. Осы жолда талай қиындықтардың кездесері анық. Бүгін алпысты аттап отырған Омархан Нұртайұлы Президентімізбен бірге тәуелсіздіктің туын жоғары көтеріп, елінің ертеңі үшін аянбай еңбек етіп келе жатыр. Халық қалаулысының жұлдызы жоғарыдан жана берсін дейміз. "Жақсылардың жолын қуған жаңылмайды" деген осы.

ЖАҢА КІТАП

«ЖЕРҰЙЫҚ МЕКЕН»
Президент кітапханасына қойылды



Қуаныш ТҰҢҒАТАР
"Жетісу"

Әлемдегі ең алып құрлықтың алтын кіндігі ежелден қазақ елінің атақонысы саналады. Бұл өлкеден батыс пен шығысты жібекпен жалғаған даңғыл жол өтіп, дала рухын төрт тарапқа таратты. Мұнда зерлі қабырғадан құрылған зәулім үйлер, көк күмбезді көркем ғимараттар көшпенді елдің сәулетінен сыр шертті. Тұлпардың тұяғы талатын осынау дала төсінде теңдесі жоқ көшпенділер мәдениеті қалыптасып, текті халықтың жүрегі тек өнер деп соқты.

Жуырда Алматы облысының мәдениеті мен өнерін қамтыған «Жерұйық мекен» атты кітап-альбом жарық көрді. Жетісудың өні мен жырын, рухани уызы мен киелі өнерін арқалаған құнды мұраның авторы – қаламдас әріптесіміз әрі өнірге белгілі журналист Қажет Андас. Атап өтерлігі – жинақта жер жаннатының мәдени тынысы тұңғыш жүйеленіп, қағаз бетіне бір ізбен түсіп отыр.

Кітап-альбом Жетісудың ең көрікті жерлерін паш ететін фотолардан тұрады. Сонымен қатар, кітапта облыс басшыларынан бастап мәдениет саласында тер төккен тұлғалардың есімі суреттерімен қоса берілген. Әрбір театр мен кітапхана, әрбір музей мен филармония туралы мәлімет мәтіндері деректі фотолармен толыққан.

Кітап авторы жаңа жинағының бір данасын жуырда Жетісудың төл перзенті, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлына жолдап, ыстық ықыласпен сыйға тартқан болатын. Көп ұзамай, ҚР Президенті кеңсесінің бастығы Махмұт Қасымбековтен жылы лебізге толы жауап келді. Автордың өнір өнері туралы еселі еңбегін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жоғары бағалап, Президент кітапханасына сақтап қойыпты.

«Құрметті Қажет Андас! – делінген хатта. – Жіберген хатыңыз бен сый ретінде жолдаған кітабыңыз Мемлекет басшысына таныстырылды. Президент сый-құрметіңіз үшін алғысын және Атамекендегі өміріңіз бен қызметіңіздің сәтті қалыптасқанына шынайы қуанышын жеткізуді тапсырды. Елбасы сізге зор денсаулық пен шығармашылық табыстар тілейді. Жіберген кітабыңыз Президент кітапханасында сақталатын болады».

– Қазақ халқының кешегісі мен бүгінін зерделеу, Жетісу жерінің айрықша белгілерін айқындау – осы еңбектің басты түйіні, – дейді кітап авторы. – Кейінгі жылдары мемлекетіміз дамыған елу елдің қатарына өтіп, еңсеміз көтеріліп, елдігіміз артты. Ал ендігі мақсат дамыған отыз елдің қатарына еніп, беделімізді бекемдеу болып отыр. Бұл – Мәңгілік Ел құрудың шығар биігі. Мәңгілік Ел болуды экономикалық өрлеу ғана емес, өнер мен мәдениеттегі жетістіктеріміз де құрайды.

Жетісу өлкесінің өнерін өрнектеген көлемді кітап «Рухани уыз» және «Мәдениет мәйегі» деп аталатын үлкен екі тарауға топтастырылған. Жинақтың бірінші бөлімінде «Өнер» деген ортақ атау қойылып, Б. Римова атындағы облыстық драма театры мен Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының құрылу тарихы сөз болады.

«Өнер – халықтың өзегін жарып шыққан уыз мәйегі. Мәдениет арқылы ұлттың мәйегі айқындалар болса, қазақ өнерінің жалпы әлемдік өркениетте өзіндік сүрлеуін салғаны, өрнегін айшықтағаны анық. Сол қаймағы бұзылмаған шырайлы өнірі Жетісу өн мен өуеннің, жыр мен терменің, мың бұралған бидің, күмбірлеген күйдің құт мекені саналады», – деп жазылған кітапта. Оқырман қауым осы бөлімде Талдықорған қаласындағы және Жаркент өніріндегі Әбілхан Қастеевтің Көркемсурет галереяларымен кеңінен танысады. Әрі облыстық халық шығармашылығы орталығы туралы мағлұмат та аталған бөлімде ұсынылған. Сондай-ақ, облыс орталығының рухани мұраларын толықтыратын Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық өлкетану кітапханасы, қала сәулетіне сән қосқан Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайы һәм Достық үйі мәдени кітаптың мәнін ашқан.

Альбом жыр сүлейі Сүйінбай мен жыр алыбы Жамбылдан басталатын Жетісу ақындарын жілке тізеді. Әсіресе, кітап авторы жыршылық дәстүрдің бастауына Қабан жыраудың өнегелі толғауларын қояды. Бұлардан кейін Үмбетәлі Көрібаев, Кенен Әзірбаев және Бақтыбай Жолбарысұлы сынды қара өлеңнің қаймақтары қазақтар кітаптан орын алған. Қазіргі қаламгерлер мен суырыпсалма айтыскер ақындар «Шындық – сөздің жебесі», «Біздің елдің жігіттері» атты тарауларда аталады.

Бұл бөлімде автор Жетісу дәстүрлі ән-жыр мектебінің негізін қалаушыларға, қылқалам шеберлеріне, танымал сазгерлерге, кино мен театр саңлақтарына, тележурналистер мен фототілшілерге кеңінен тоқталады. Жетісу ән мектебінің көсіби негізін қалаған Жәнібек Кәрменовті һәм осы өлкеде өнердің шамын жаққан Шалтабай Арпаұлы, Қапез Байғабылұлы, Пышан Жөлмендеұлы, Сәдіқожа Мошаңұлы және Қожеке Назарұлы сияқты тарихта есімі сирек кездесетін тұлғаларды алға тартады.

– Жетісу – мәдениет пен тарихқа бай өңір. Тарихи деректерге сүйенсек, осыдан 4 мың жыл бұрын Жетісу өлкесін егін өсіріп, мал баққан, қос дөңгелекті арба жасап, алыс-жақын шетелге жортуылға шығып, құдіреттілігін әйгілеген тайпалар мекен еткен. Дәл осы өлкеде сақтар тұңғыш өздерінің мемлекетін құрды. Дәулеті мен сәулеті асқан бұл ел Жетісудың шұрайлы табиғатын пайдаланып, ірі де кемел мәдениет үлгісін қалыптастырды, – дейді кітап авторы.

Кітап Жетісудағы өнер ұжымдарының тарихын ғана емес, қазіргі тынысынан да керек дерек келтіреді. Жетісудың рухани өмірінен мәлімет беретін құнды жинақтың «Мәдени мұра» бөлімінде тарихи-өлкетану музейлері қамтылған. Тереңнен тамыр тартқан өзенді өлкенің тарихын 21 музей өңгімелейді. Альбомда әр музейдің құнды жәдігері мен қазіргі қызметі туралы толыққанды мағлұматтар айтылады. Автор альбомның екінші бөлімінде жер жаннатының сұлу табиғатын сөз етеді. Табиғаттың құйып қойған құдіретті мүсіндерін жеке-жеке айшықтайды. Оның қатарында әйгілі Хантәңірі шыңы, Тамшыбұлақ, Әулиеағаш, Айғайқұм бар. Сонымен бірге, автор тарихи ескерткіштерге тоқталып, кітапқа ерте дәуірдегі қалашықтарды енгізген.

Сиясы кеппеген жаңа жинақтың жауапкершілік жүгі салмақты. Ғасырлар қойнауынан толғатқан қазақтың төл өнері мен мәдениеті бүгінгі буынның рухани мұрасымен ұштасып жатыр. Осынау ұзын-сонар мәдениет желісін шашау шығармай, көлемді кітаптың аясына қондыру оңай соқпағаны белгілі. Кітаптың соңғы сөзінде автор: «Осы бір еңбек өскелең ұрпақтың елім деп, жерім деп соққан жүрегіне қарлығаштың қанатымен су сепкендей болса да елжандылық сезімін ұялата алса, маған одан артық қуаныш жоқ», – деп тамамдайды.

Жаңа кітап – біртұтас қазақ мәдениетіне қосылған елеулі рухани үлес. Тарих пен өнерді алтын арқау еткен еңбек тағдырдың тар соқпағымен Жетісу топырағына қоныс аударған түрлі ұлт өкілдерінің төл мәдениетін де байыта түсері сөзсіз. Кітап авторы мәдениет пен өнердің тілі ортақ деген түйінге келіп, Елбасы ұсынған «Мәңгілік Ел» идеясын болашаққа бағдаршам етеді. Бір сөзбен айтқанда, автор «өлкеміздің мәдениеті мен өнерін бағамдап, өскелең ұрпақтың қолына ұстатсам деген ізгі мақсатпен осы еңбекті қолға алған».

№141
4
20. 12. 2014 ж.

ЕҢБЕК ТҮБІ – ЗЕЙНЕТ

Жетісу
WWW.Zhetysu-gazeti. kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

БӘРЕКЕЛДІ!

Мерейі асты



Тәуелсіздік күні қарсаңында бірнеше поэзиялық және прозалық кітаптардың авторы, филология ғылымдарының магистрі, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР спортына еңбегі сіңген қызметкер, Алматы облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы, ақын Әміре ӘРІНГЕ Көксу ауданы мәслихатының шешімімен «Көксу ауданының Құрметті азаматы» атағы төсбелгісімен берілді.

Жиында бұған дейін «Қаратал ауданының Құрметті азаматы» атағымен марапатталған Әміре Әріннің бар саналы ғұмырын арнап келе жатқан шығармашылық өрісі, руханият кеңістігі мен мемлекеттік қызметтегі салмақты да сындарлы еңбегі ерекше аталып өтілді.

БӘРЕКЕЛДІ!

Әріптес жетістігі



Биылғы Тәуелсіздік мерекесі облысымыз үшін мерейлі әрі мәртебелі болды. Облыс басшысы Амандық Баталов бастаған бір топ жетісулықтар Елбасы Жарлығымен мемлекеттік наградаларға ие болды.

Солардың арасында біздің әріптесіміз, елімізге есімі белгілі журналист, қоғам қайраткері, облыстық «Огни Алатау» газетінің директор-бас редакторы **Атсалим ИДИГОВ** те бар. Журналистігімен жұртты мойындатып, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі ретінде ел бірлігіне үлес қосуымен жұртқа үлгі болған Атсалим Саламұлын кеудесіне қонақтаған кезекті марапат – «Құрмет» орденімен құттықтай отырып, шығармашылық табыстар тілейміз.

«ЖЕТІСУЛЫҚТАР».

ЭКСПО-2017

Ел жүрегі – АСТАНА

Астана – алаш елі мен оның бүгінгі әлеуетінің айнасы. Бас қала мәртебесіне ие болғанына көп уақыт бола қоймағанымен де, арқа төсіндегі арман шаһар бүгінде мемлекет дамуының айқын көрсеткішіне айналып үлгерді. Осыған орай, бағаналы да басты ордамыздың халықаралық беделін арттыруға үлкен көңіл бөлініп, қыруар қаржы жұмсалуда.

Елорданың, сол арқылы күллі қазақ мемлекетінің күш-қуатын әлемге танытуды көздейтін «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесіне байланысты қазірде көптеген шара қолға алынып отыр. Астана ажарын айшықтайтын сондай жобаның бірі – «Ел жүрегі – Астана» туристік бағдары. Аталмыш жаңа туристік маршрут 5 мыңға жуық адамды қамтымақ. Қала қонақтары осы бағдар бағдарламасының ішіндегі «Сити-турды» пайдалана алады. Маршрут турының құны 10 АҚШ доллары шамасында болады деп жоспарлануда. Ұйымдастырушылардың айтуынша, «ЭКСПО» көрмесі дүниежүзі туристік қауымдастығы мен өзге де көптеген елдің Қазақстан туралы көзқарасын түбегейлі өзгертеді. Сол сияқты, халықаралық көрмеге дайындық барысында іске асырылып жатқан түрлі жобаның отандық туризмнің дамуына үлкен серпін беретіні де анық. «ЭКСПО – 2017» көрмесі аясында шетелдік қонақтар мен мыңдаған туристің көзінің жауын алатындай бірегей ғимараттар салынбақ. Сонымен қатар, елімізде жүзеге асырылып отырған «жасыл экономиканың» жетістіктерін паш ететін эко-қалашық салу жоспарлануда.

Байқау қорытындысы шығарылды

Ерке Есілдің жағалауына орын тепкен Елордасы Астананың ажары күн санап артуда. Шетелдік туристер Сарыарқа төсіндегі әсем шаһарға көз тастап, егемендікпен бірге еңсесін тіктеген елдің әлеуетін де бағамдайтындай. Осыған орай, бүгінде Алаштың бас қаласының халықаралық, туристік тұрғыдағы тартымдылығын арттыруға үлкен күш жұмсалуда. Осы мақсатта «Астана ЭКСПО – 2017» ұлттық компаниясы «Елордадағы үздік туристік маршрут» байқауын ұйымдастырған болатын. Жуырда аталмыш байқаудың жеңімпаздары анықталып, үздіктер марапатталды.

Айтулы конкурсқа жалпы саны 19 жоба қатысыпты. Ал үздіктерді анықтау ҚР Инвестициялар және даму министрлігі, Қазақстан туристік ассоциациясының өкілдері мен туризм саласының білікті мамандарына жүктелген еді. Сөйтіп, байқаудың нәтижесінде «Саят» туристік фирмасы, «Comp[illegible] Service» халықаралық туристік компаниясы мен «Кру[illegible] туристік агенттігінің бағы жанды. Үздіктер қатарынан көрінгендерге арнайы сертификаттар мен сыйлықтар табыс етілді. Сондай-ақ, ЭКСПО – 2017 халықаралық көрмесіне орай бірнеше арнайы туристік бағыттың дайындалғандығы белгілі. Соның бірі «Түнгі Астананың оттары» туристік маршруты. Жаңа туристік бағыт 3 – 5 мың адамды қамтуға қауқарлы. Ол Астанаға алғаш аяқ басқан туристердің ең көп қызығатын жері – Есілдің жағалауынан бастау алады. Ерке өзенді тамашалаған қала қонақтары маршрут бойынша осыдан кейін Астананың сол жағалауына бет алмақ. Сонымен қатар, саяхат барысында туристерге кешкі ас беру жағы да қарастырылыпты. Жазғы және қысқы түрлері әзірленген аталмыш бағыттың құны 34 мың теңгеден басталады.

Мұрат МҰҚАШҰЛЫ.

ҚАРЖЫ САЛАСЫНЫҢ МАЙТАЛМАНЫ

Халық алдындағы зор жауапкершілігі мен мерейлі міндетін шынайы сезінетін азаматтың адамгершілік өлшемі – адал қызмет қана. Ел өзегін жарып шыққан төл перзентін қашанда ардақ тұтады. Өз өлкесінің гүлденуіне елеулі үлес қосып, туған жерінің даму даңғылында дамыл таппайтын ердің ертеңі жарқын. Елбасының Жарлығымен қазынаның сергек сақшысы Нүсіп ҚҰДАЙБЕРДИЕВТІҢ қаржы саласындағы қажырлы еңбегі еленіп, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Ер мерейін үстем еткен медальді облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ табыс етті.



Қуаныш ТҰҢҒАТАР
"Жетісу"

Сонау 2005 жылдан Алматы облысының қаржылық бақылау саласында жетекшілік қызметтерді атқарып келе жатқан Нүсіп Қасымжанұлы – балалық шағынан сүйіп таңдаған мамандығының білгірі. Ол алғашында облыстық қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу басқармасы бастығының орынбасары, одан кейін облыс бойынша қаржылық бақылау инспекциясы бастығының орынбасары лауазымдарын абыроймен атқарды. Соңғы бес жылдан бері осы инспекцияның басшысы.

Білікті басшының қаржы, оның ішінде қаржылық бақылау саласындағы сындарлы еңбегі, ұтымды ұйымдастырушылығы ескерусіз қалған жоқ. Отыз жыл бойы қажырлы еңбекпен қаржы саласында тер төккен Нүсіп Құдайбердиев әр кезде ел мерейіне бөленіп келеді. Алғаш Кеңестер одағында орталық комитеттің марапатына ілікпе, кейін ҚР Тәуелсіздігінің 5 жылдығына орай Үкіметтің және ҚР Қаржы министрлігінің Құрмет грамоталарымен, ҚР Тәуелсіздігінің жиырма жылдығы медалін алды. Үшінші дәрежелі «Қаржы сақшысы», «Қаржы қызметінің үздігі» төсбелгілерін кеудесіне тақты.

– Қаржы саласында табан аудармай еңбек етіп келе жатқаныма табаны күректей отыз жылдан асыпты. Сырт көзге біздің жұмыс еленбейді. Тіпті, өзімізге де байқала бермейді. Бірақ бақылау жұмысы өте үлкен жауапкершілік жүктейді. Бюджеттің қаражаты әрқашан біздің мекеменің байыпты бақылауында тұрады. Айта кетерлігі – екі жыл бұрын 40 миллиард теңге түсірдік. Бұл басқа облыстардың бюджетке түсірген бүкіл қаржысымен тең. Ойлап қараңыз, әрбір тиын, әрбір ұсақ-түйек біздің жіті назарымызда. Биыл тоғыз айдың ішінде ғана 25 миллиард теңге түсіріп отырмыз. Бұл біздің ұжымның қажырлы еңбегінің жемісі деп білемін. Мемлекет өркендеуіне, ел болашағына еңбек етсем, ең басты бақытым осы. Елбасының Жарлығымен отыз жылдық қажырлы еңбегім еленіп жатса, халқымның ортасында амандықта жүре берсем, мен үшін ең мерейлі сәт осы, – дейді облыстық қаржылық бақылау инспекциясының басшысы Нүсіп Құдайбердиев.

Иә, Алатау қойнауындағы қазақтың қаймағы бұзылмаған ауылда туып, мектептен кейінгі өмірін ару Алматымен, асқақ Астанамен байланыстырған, мақсатқа жету жолында сан түрлі кедергілерді салмақтылықпен еңсеріп, бүгінде биік белестерді бағындырған қаржыгер іскер азаматтардың көшін бастап тұрғандай. Ол ата-ананың ақ тілегін ақтап, артындағы інікарындастарына үлкен өмірдегі асуларды қалай бағындырудың даңғыл жолын салып берді.

Қазынаның сергек сақшысы Нүсіп Құдайбердиев Тәуелсіздіктің жиырма үшінші белесінде тағы бір мерейге ие болды. Бұл жолы мемлекет басшысының Жарлығымен қажырлы қаржыгер «Ерен еңбегі үшін» медалін кеудесіне қадады. Отыз жылдық орасан еңбегі еленген қазынаның қырағы сақшысы ел мен Елбасының сенімін ақтауға әрқашан даяр. Мемлекет өркендеуіне қосқан үлесін абыройлы міндетім деп біледі.

Еліміздің басты мерекесі – Тәуелсіздік күні қарсаңында Қазақстанның дамуына зор үлес қосқан қоғам қайраткерлері Елбасының қолынан марапат алды. Олардың қатарында жетісулық Сәуле ӘБІШЕВА да бар.

СӘУЛЕНІҢ СӘУЛЕЛІ ШАҒЫ

Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынуымен жерлесіміз Сәуле Нұрқасымқызы Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденін иеленді. Ол 1995 жылдан бері Ш. Уәлихановтың «Алтынемел» мемлекеттік мемориалды музейінің директоры қызметін атқарып келеді. Еңбек жолы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік қиындықтар кезеңіне тұспа-тұс келсе де ол мұражай жұмысын бір сәтке тоқтатпай, бар жиған-тергенін сақтап, қорын молайтты. Сондай-ақ, оның басшылығымен мұражай ұжымы Ш. Уәлихановтың 180 жылдық мерейтойын лайықты түрде атап өтуге зор үлес қосты.

Ұзақ жылдар бойғы тынымсыз еңбегінің арқасында Сәуле Нұрқасымқызы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 10 жыл толу мерейтойына орай Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылдың 4 ақпанындағы Жарлығы бойынша «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен, Алматы облысы мәдениетінің дамуына қосқан елеулі үлесі мен музей саласындағы ұзақ жылғы жемісті және абыройлы еңбегі үшін, Алматы облыстық мәслихатының «Құрмет грамотасымен марапатталды. Ал бұл жолғы марапаттың орны тіптен ерекше. Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденін халықтар достығының символына айналған ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығын зерттеуге, жалпы адамзаттық құндылықтарды насихаттауға қосқан үлесі үшін Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынып отыр.

Сәуле Нұрқасымқызының, ол басқарған ұжымның зор еңбегі еленгені облыс жұртшылығы үшін үлкен қуаныш. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» деген аталы сөз осындайдан қалса керек. Біз де, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, Сәуле Әбішеваны көзайым қуанышымен құттықтаймыз.

Ғабит ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ,
облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі.

ҚҰРМЕТТІ АТАҚ БЕРІЛДІ

Талдықорған қаласының әкімі Ермек АЛПЫСОВ шаһардың дамуына елеулі үлес қосқан азаматтарды марапаттап, еңбегіне жоғары баға берді. Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өткен салтанатты шараға үкіметтік емес ұйымдар, мәслихат депутаттары мен әлеуметтік саланың өзге өкілдері жиылды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал саясатын тілге тиек етіп, береке-бірліктің берік қамалына айналған Қазақстанның дамуы, халықаралық қауымдастықтағы беделін атап өтіп, ортақ іске үн қосқан талдықорғандықтардың ерен еңбегіне ерекше ден қойған қала басшысы Ел Тәуелсіздігін нығайтып, тұғырын бекітуге атсалысқан азаматтардың еңбегі елеусіз қалмайтындығын қадай айтып, ардагер журналист Тұрсын Әбдуалиев пен облыстық кардиологиялық орталығының директоры, мәслихат депутаты Рахымберді Сұлтанбековке Талдықорған қаласының Құрметті азаматы атағын тапсырып, көшемет көрсетті. Сонымен бірге өскелең ұрпақты тәрбиелеуге сүбелі үлес қосқан Айнашкүл Ингебаева мен Клара Ташеновалардың кеудесіне «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» және «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгілерін тақты. Сондай-ақ, мерекеге орай, шаһардың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі, адал еңбегі және жоғары кәсіби біліктілігі үшін бірқатар азаматтарға Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын табыстады.

Салтанатты жиын талдықорғандық өнерпаздардың мерекелік концертіне ұласты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ОНОМАСТИКА

Бірқатар ұсыныс қаралды


Тіл сарайында облыс әкімінің орынбасары Бақтияр Өнербаев және облыстық тіл басқармасының басшысы Әміре Әріннің қатысуымен «Тіл туралы» Заңның сақталуын бақылау және облыстық ономастикалық комиссиясының отырысы өтті. Отырыстың күн тәртібінде екі мәселе қаралды.

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Алдымен облыстық білім саласын бақылау департаменті білім саласын сырттай бағалау бөлімінің басшысы Гүлмира Әжікенова мен Алматы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті ұйымдастыру-кадр жұмысы және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Мәруа Нұрышеваның аталған бөлімдердегі ҚР «Тіл туралы» Заңының сақталуы туралы және Қаратал ауданы әкімінің орынбасары Күлпаш Байтаеваның аталған аудандағы ономастика саласында атқарылған жұмыстар туралы баяндамасы тыңдалды. Сондай-ақ, комиссия мүшелері Қаратал ауданының Қаңбақты ауылдық округінің атауын «Байшегір баба ауылдық округі» деп өзгерту жайлы түскен өтінішті қарады. Енді бұл ұсыныс мемлекеттік ономастика комиссиясының қарауына ұсынылады. Сөтін салса ізгілікті іс тұрғындардың игілігіне асады деген ойдамыз. Отырыс барысында мемлекет меншігіндегі объектілер мен аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдың, ауылдық округтің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгертуге байланысты ұсыныстар қаралып, оны комиссия мүшелері бір ауыздан мақұлдады.

Соңында ономостика комиссиясы 2015 жылға арналған жұмыс жоспарын бекітті.

◈ *Елбасы тапсырмасы*



Долларсыздандыру кімге пайдалы?

Ел Президенті Үкімет алдына маңызды міндет қойды. Ол міндет – экономиканы долларсыздандыру. Жалпы, долларсыздандыру деген не? Қарапайым тілмен айтсақ, экономиканы доллардан тазалап, ұлттық валютаға басымдық беру. Әлемді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап келе жатқан доллардың үстемдігіне қарсы Елбасының бастама көтеруі бірінші емес. Биылғы Астана экономикалық форумында да доллардың жетегінде кетпей, әділ валютаға көшуді ұсынған. Расында, барлық ел мен жерді доллар жаулап алды. Осы ақша бүкіл АҚШ экономикасын «асырап» отыр. Барлық қаржылық операциялар Нью-Йорк арқылы жүргізіледі. Біздің елдің де сол валютаға басы байлаулы.

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Айталық, қазақтың мұнайы долларға сатылады. Экономикамыздың 40 пайызы долларға тәуелді екендігі де осыдан болса керек. Зерттеулер бойынша банктегі салымшылардың 45 пайызы қаражатын долларда ұстайды екен. Пәтер сатылса да, көлік сатылса да айырбас доллармен жүргізіледі. Әсіресе, әлемдік экономиканың дамуы әлсіреп, мұнай бағасының қырық құбылғаны долларға тәуелділікті тіптен ұлғайтып, Қазақстан үшін бас қатыратын жағдай туындады.

Осы тұста әлемдік экономикалық дағдарыс жағамызға жармаса бастады. Расында 2008 жылы әлемді бір рет шарпып өткен дағдарыстан Қазақстан Ұлттық қордың арқасында қиналмай етті. Ал жаһанды жайлап келе жатқан кезекті дағдарыстан Қазақстан қалай шығады? Ол жағы әзірше беймәлім. Бірақ, қазіргі таңдағы әлем елдеріндегі экономикалық тұрақсыздық төңірегінде қарастыратын болсақ, бір ғана ақиқатқа көз жеткізуге болады. Демек, осы күнге дейін долларға тәуелді елдердің экономикасы «дағдарыс» дейтін тұмауға жиі шалдығады. Яғни, долларға тәуелді елдердің оған қарсы тұрарлық қуаты шамалы. Себебі, ол елдер өз валютасы арқылы сырқатын емдей алмайды. Яғни, алдымен өз ақшасын долларға ауыстырып, содан кейін ғана ем қабылдай бастайды. Осы қатарға біздің еліміз де кіреді.

Еліміз ес жиып, етек-жеңін түзеп, экономикасын біріздендірген тұста доллардан туындайтын кедергілерді білсе де, одан бірден бас тарту мүмкін болмады. Десе де, осыдан кейін валютаға қатысты мәселе жиі көтерілді. Шаңхай Ынтымақтастығы Ұйымы құрылған тұста да маңызды келісімдердің бірі валюта төңірегінде өрбісе. Кедендік одақ тұсында ақша мәселесі аз айтылған жоқ. Биыл қаңтардан бастап іске көшкен Еуразиялық Экономикалық Одаққа қатысты елдер арасында «Ортақ валюта» болғаны жөн деушілер көптеп табылды. Қысқасы, долларға қарсылық елімізде ғана емес, әлем елдерінің бірқатарында бой көрсетіп келеді. Мәселен, Франция Қытаймен арадағы сауда операцияларын доллардан тыс, яғни, евромен не болмаса юаньмен айырысуға ниетті екенін мәлімдеген. Сарапшылардың пікіріне сүйенсек, 1973 жылы өрбіген араб-израиль соғысы барысында АҚШ қысым көрсету арқылы араб елдерін мұнайды тек долларға ғана сатуға көндірген екен. Міне, сол уақыттан бері мұнайдың баррелі тек доллармен есептеледі. Ал Франция Қаржы министрлігі мұнай үшін евромен немесе басқа да валютамен есеп айырысуға ешкімнің де кедергі емес екенін алға тартумен әлек. Шындығында, дәл осы долларға қарсылық саясаты Иранда, Венесуэлада, Аргентинада, Бразилияда жиі көрініс береді. Сонымен бірге, доллардың жетегінде жүруден шаршаған Ресей де «көк қағаздан» бірден бас тарта алмағанымен юаньге көңілді көбірек бөле бастады. Сол қатарға Қазақстан да еніп отыр. Әлбетте, еліміздегі ауқымды операциялар доллармен жүзеге асады.

Осы тұста, «экономиканың долларсыздануы қазақстандықтарға не береді?» деген сұрақтың туындайтыны анық. Ең алдымен, еліміздегі қарапайым халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылату үшін өте тиімді. Сондай-ақ, Қазақстан шикізатпен қамтамасыз етуші ел болғандықтан өз байлығын экспортқа шығарып, қауырт пайдаға кенелуге болады. Тағы бір жағынан көлеңкелі бизнестің жолын кесіп, мемлекеттік кіріс көлемін арттыруға және оны қадағалауға мүмкіндік туады. Ендеше, біз осы мүмкіндіктерді қарапайым түрде түсіндіріп берелік. Расында көптеген отандасымыз өзіміз өндірген тауарды екі рет сатып алып жатқанымызды біле бермейді. Мысалы, тұрғын үй немесе көлік сатып алғыңыз келсе, алдымен қолыңыздағы теңгеге доллар сатып аласыз, содан кейін ғана доллармен үй немесе көлік сатып алуға кірісесіз. Үңіліп көрсеңіз, тұрақты мүлік алу үшін доллар екі рет сатылымға түсіп отыр. Ал шетелдіктер еліміздің шикізат сатып алу үшін міндетті түрде доллармен есеп айырысады. Ендеше, тағы да саудаланып отырған отандық өнім емес, Америка валютасы болып отыр. Шетелдермен туризм, инвестиция, кәсіпкерлік, зат алмасу, тағы басқа да салалардағы алыс-беріс, барыс-келіс осындай тәсілмен жүріп келеді.

Бір қызығы, қазіргі дамушы елдер түгелімен өз валютасын нығайтып, доллардан ақырындап ажырай бастаған. Басқа емес, бұған көрші Қытайдың тәжірибесі дәлел бола алады. Қысқасы, Қытай экономикасының қарқынды дамуы долларсызданған экономиканың дағдарысқа ұшырамайтыны мен тиімділігін көрсетіп тұрғандай.

◈ *Ұлы Жеңіске –70 жыл*



Қарт жауынгерді құттықтады

Қарияларын қадірлеп, құрметтеу, ардагерлерін ардақтау –халқымызға тән тағылымды қасиет. Аға ұрпақтың еңбегі мен ерлігін ескеру, оларға қамқорлық таныту бүгінгі ұрпақтың басты міндеті. Осындай ардагерлер қатарында қарт жауынгер Солтанбай Жарықбасов та бар.

Аудан әкімнің есеп беру жиынында Отан үшін от кешкен ардагер Солтанбай Жарықбасов облыс әкімі Амандық Баталовқа оның өмір жолын, қызмет баспалдақтарын, әкесінің ұлына айтқан ақылын жатқа білетінін көрсете отырып, ақ тілек батасын берген еді. Ал сәл кейінірек басшылармен естелік суретке түскен кезде абыз ақсақал үштөрт күннен кейін туған күні екенін айтқан болатын. Мұны естіген Амандық Ғаббасұлы аудан әкімі Бинәлі Ысқаққа Ұлы Отан соғысының ардагерін туған күнімен құттықтап, гүл шоқтарын ұсынуды тапсырған еді.

Күні кеше аудан әкімі ардагер ақсақал Солтанбай Жарықбасовты облыс әкімі Амандық Ғаббасұлының атынан туған күнімен құттықтап барды. Жарықбасовтардың қара шаңырағында болған аудан басшысы ардагерге ізгі ниет көрсетіп, сый-сияпатын табыс етті.

Тоқсан екіге аяқ басса да Солтанбай ақсақал белсенділігін жоғалтпаған жан. Құттықтауға басшылар барған күні де қолынан ұялы телефоны түспей Алға деген туған ауылына мешіт салу қамымен жүргенін көзбен көрдік. Сондай-ақ ол шығармашылықпен де айналысып жүрген қария.

– Бір кітабым жарық көрген, екіншісін дайындап жүрмін, – дейді ақсақал әңгіме барысында. С. Жарықбасов зәулім де кең үйінің бір бөлмесінде отбасылық мұражай жабдықтап, ұрпақтарына өнеге боларлық өмір белестерін, Ұлы Отан соғысы жылдары өткен майдан жолдарынан экспонаттар қойып, жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриоттыққа баулуда.

– Күш-қуатыңыз кемімесін, Солтанбай аға. Туған күніңіз құтты болсын! Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған парадқа баратын сапарыңыз оң болсын – деп игі тілектерін білдірген облыс, аудан басшыларына өз кезегінде Солтанбай ақсақал батасын беріп, ризашылығын білдірді.

Хайролла АХМЕТЖАНОВ.
«Еңбекшіқазақ» газетінің бас редакторы, облыстық мәслихаттың депутаты.

◈ *Маман мінбері*

Экономикалық білімнің маңызы зор

Білім саласы алдында тұрған негізгі міндет – білімі жоғары, зерттеушілік-шығармашылық қабілеті дамыған, құзырлығы мен өмірлік дағдысы қалыптасқан, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеу. Осы мақсатты жүзеге асыруда дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын М. Арын атындағы №24 «Экономика және бизнес» арнаулы лицейінде берілетін экономикалық тәрбиенің мәні зор. Мұнда 5-11-сыныптар аралығында үздіксіз экономикалық білім беру қалыптасқан. Өйткені, жас ұрпақтың экономикалық және қаржылық сауаттылығын арттыру – бүгінгі күннің талабы.

Бұл орайда лицейдің «Экономика және бизнес» аталуы да үлкен жауапкершілік жүктейді. Еліміздегі әлеуметтік-саяси жағдайдың, әсіресе, нарықтық қатынастардың дамуы оқушылардың экономикалық сауаты мен мәдениетінің жоғары болуын талап етеді. Сондықтан сабақ беру барысында да, сабақтан тыс уақытта да оқушы шығармашылығын, қабілетін дамытуда сандық көрсеткіштермен қатар сапалық көрсеткіш дәрежесін де арттыруды мақсат еттім. Ол үшін оқушы экономикалық ақпарат негізін бөле білу, салыстыру, проблеманы көру, субъективті көзқарастарды айыра білу, пікірдің объективті емес жақтарын айқындау, қорытынды жасау, альтернативті шешім қабылдай алу, өз шешімін тәжірибе жүзінде тексеру, өз ойын, логикаға негізделген көзқарасын көрсете білу дағдыларын меңгеруі қажет. Сонда ғана экономикалық дайындық жүйелі білім арқылы оқушының тұтас өмірге көзқарасын қалыптастырудағы мақсатына жетеді деп ойлаймын.

Экономикалық білім беруде оқушылардың ғылыми-зерттеушілік қабілетін дамытудың мәні зор. Бүгінгі таңда оны жүзеге асырудың мүмкіндіктері мен жолдары жеткілікті.

Оқушы шығармашылығын арттыруда іскерлік ойындардың тиімділігі айтарлықтай жоғары, өйткені оқушы білімді меңгеріп, біліктілікті арттырумен бірге ойнау іс-әрекетіне бейімделеді.

Ең көп тараған компьютерлік-іскерлік ойын – экономика мен менеджментті модельдеу және банктер іс-әрекеті. Бұл ойындарда көптеген компания мен банктер өз өнімдерін өндіріп, нарықты жаулап алуға, жоғары пайда табу мақсатында бірбірімен бәсекеге түседі де, өндіріс көлемін жоспарлауда, баға тағайындауда, шығындарын анықтауда тиімді шешім қабылдағандары жеңіп шығады. Сонымен қатар «Банктер іс-әрекеті» іскерлік ойыны да оқушыларды шығармашылыққа баулиды, мұнда командалар коммерциялық банктер ретінде шешім қабылдап, монетарлық саясатқа орай процент мөлшерлемесін белгілеп, жоғары пайда табуға тырысады, қаржылық сауаттылығын арттырады.

Қорыта айтқанда, әрбір оқушының қызығушылығы мен қабілетіне қарай жоғарыда көрсетілген бағыттар бойынша жұмыс істеу оқытудың мазмұны мен мәнін арттырады, білімнің тәжірибелік бағытын күшейтеді, өз бетінше оқуды, ізденушілікті дамытады.

Лицейді тамамдап, үлкен өмірге аттанған түлектер қай сала маманы болса да алған экономикалық білімі өмірдің көптеген жағдайында көмектесері анық. Оқушылардың үлкен жетістіктерге жетуіне бір ұстаздың ғана еңбек сіңіруі мүмкін емес, онда лицейдегі нәтижеге бағытталған жүйелі білім мен тәрбиенің негізі жатыр. Жас ұрпақты заман талабына сай бәсекеге қабілетті, қоғамның алдыңғы қатарлы саналы азаматы етіп тәрбиелеуде лицей ұжымының әлі де берері көп деп білеміз.

Гүлбаршын ДОЛАЕВА,
дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын М. Арын атындағы №24 «Экономика және бизнес» арнаулы лицейінің экономика пәні мұғалімі.

Талдықорған қаласы.

Теңгені төрге шығарудың жолы.

БҮТІНГІ НӨМІРДЕ:

БОЛАШАҚТЫҢ бағдары 2-бет

ЖАРКЕНТТІҢ қос жайсаңы 3-бет

ЖҰЛДЫЗДАР бағын ашады 4-бет

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ


Жетісу

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 33 (18021) Бейсенбі, 19 наурыз, 2015 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

▲ НАУРЫЗ-ТАРТУ

Ұлыстың ұлы күні ағаш ексең, жеріміз құт-береке дариды. Көктем туа Жер – ана бусанып, айнала құлпырған шақта жас көшет отырғызудың маңызы зор. Табиғатпен етене өмір сүрген халық «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын!», «Бір тал кессең, он тал ек!» деп Наурыз мейрамында жас көшет егетін болған. Сол сияқты, ұлтымыздың береке-бірлігі мен мол ырысын айғақтайтын мейрамға орай бүгінде көптеген игі іс атқарылуда. Жұртшылық асыға күткен өз Наурыз қарсаңында жер жаннаты Жетісудің кіндігі – Талдықорған қаласының «Жастар» саябағында тал егу шарасы өтті. Сондай-ақ, аталмыш шара биыл ел тарихындағы елеулі даталар – Қазақ хандығының 550 жылдығы, Ұлы Жеңіс мерекесінің 70 жылдығы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы сынды мерейтойларға орайластырып өткізілгендігін де айтып өткеніміз жөн. Өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы зор осынау бастамаға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ қатысып, демалыс саябағының болашағын бағдарлап қайтқан болатын.

«Жетісу»
Мұратхан ТҰРАР



ЖАҢҒА САЯ САЯБАҚ

Түгін тартсаң майы шыққан құтты мекен қашанда өзінің орман-тоғай, өзен-көлімен ерекшеленген. Бүгінгідей игілігі мол бастама Жетісудың жасыл желекке орана түсіп, Талды қаласының көркейе түсуіне жол ашқаны анық. Шараға айрықша көңіл бөлініп, жанжақты дайындық жүргізілгені бірден байқалды. «Жасыл Ел» жасағының қатарындағы студент жастар, мемлекеттік қызметкерлер мен қала тұрғындары мерейлі мейрам қарсаңында сауапқа кенеліп, тал егуге иіне білдірді. Облыс басшылығының бастамасын, сондай-ақ, өңіріміздің Еңбекшіқазақ, Іле, Панфилов және Талғар секілді бірнеше аудан әкімдері қолдап, арнайы келіп қатысып қайтты. Аталған аудандар «Жастар» саябағының өздеріне тиесілі телімдеріне жас көшеттер екті. Шарада жалпы саны 400 жас көшет егілді. 105 көк шырша, 200 Тянь-Шань шыршасы мен 95 қарағай енді саябақтың көркіне көрік қосып, ажарын арттыра түспек. Игілігі мол істе өзгелермен бір қатарда белсенділік танытқан Амандық Ғаббасұлы өз қолымен көшет егіп, көпшілікке үлгі көрсетті. Халқымыздың өз Наурызды ықылым заманнан атап өтуінің түп-негізінде табиғатқа деген зор құрмет, махаббат пен адамгершілік қағидаттары жатыр. Бұл күні ақ жаулықты әжелер салт-дәстүрімізді жаңғыртып, жаңа егілген ағаштарға ақ бүркіді. Алаш жұртының мәдениеті мен салт-санасынан хабар беретін осындай асыл ғұрыптың өткізілуі өте ұтымды болды деп ойлаймыз. Өйткені, гибраты мол салт-дәстүр арқылы бұл ізгі бастамаға қатысқан көптеген жастың санасына сәуле қонып, өскелең ұрпақтың ұлтын тани түсуіне жол ашылғаны анық.

Шара барысында Амандық Ғаббасұлы демалыс орнының бас жоспарымен танысып, саябақты абаттандыру сынды маңызды тұстарына қатысты өз ойын ортаға салды. Қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатқан саябақты бастан-аяқ аралап, мұндағы шараның барлығымен жақын танысты. Облыс әкімі тал егуге қатысқан жұртшылықпен емен-жарқын әңгімелесіп, мұның барлығы болашақ үшін, кейінгі ұрпақ қамы үшін жасалып жатқанын айтты. Ал жұртшылық, оның ішінде, әсіресе, жастар жағы өңір басшысынан демалыс орнына аттракциондар салып беруін сұраған болатын. Амандық Ғаббасұлы көңіл көтеруге арналған аттракциондар жасыл желекке орайған саябақтың ажарын айшықтай түсетініне тоқталып, бұл ретте де біраз жұмыстың қолға алынатынын жеткізді. Жетісудың орталық шаһарының тамырына қан жүгіртуді ойлайтын Амандық Ғаббасұлы саябақтың төсеніш плиткаларынан бастап, Мемлекеттік Ту ілінетін тұсына дейін мұқият танысып, сан емес, сапаға көңіл бөлу керектігіне ерекше назар аударды.

Бұл күнгі игі іске қатысушының денін жастар құраған. Аға буынның бастамасына қолдау білдірген өскелең ұрпақ өз болашағы үшін үлкен шаруа атқарғаны ақиқат. «Жасыл Ел» жастар еңбек жасақтарының республикалық штабының облыстық филиалының кеңесшісі Бақтияр Жақсығелдиновтың айтуынша, шараға 200-ден астам жұмысшы және білімгер жас қатысқан. «Жасыл Елдің» жас жасақшылары сәуір айынан басталатын жаңа маусымға тыңғылықты дайындалуда. Өз замандастарына өнеге көрсетуді көксейтін жалынжүрек жастар Талды қаласының көркейе түсіне белсенді атсалысып, өз үлесін қоспақ.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен Шалтабаев Дастан Тұрарбекұлы Алматы облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы болып тағайындалды.

"ЖЕТІСУ"-ақпарат

ЕЛІМІЗДЕ

Шеберлік сынына түсті

Жуырда облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен «Кәсібінің үздігі» атты байқау өтті. Талдықорған сервис және технология колледжінде басталып, будан басқа бірқатар кәсіптік білім беру мекемесінде жалғасын тапқан байқаудың мақсаты – жастардың кәсіби даярлығын шыңдау, шеберлік сырын меңгерген үздік жас маманды анықтау болып табылады.

Байқау «Ақпараттық жүйелер», «Дәнекерлеу ісі», «Аспазшы» «Шаштараз» сияқты төрт бағыт бойынша өтті. «Бөйге бар жерде жүйрік бар, бабына қарай құйғытар» демекші, сынған сүрінбей өтіп, өзінің кәсіптік шеберлігін көрсеткендер жүлдеге ие болды. «Ақпараттық жүйелер» сынында Талдықорған политехникалық колледжінің білімгері Рүстем Сайлаухан ақпарат заманының ағымында өзінің сүйіп таңдаған жаңа үлгісімен көпшілікті таңғалдырып, бас жүлде иегері болды. «Дәнекерлеу ісі» сайысы бойынша қабілет-қарымын ерекше көрсете білген Текелі кәсіптік колледжінің білімгері Александр Путенко жеңімпаз атанды. «Аспазшы» сайысында Алматы облысының қызмет көрсету және тамақтандыру саласындағы инновациялық технологиялар колледжінің шәкірті Ержан Сейтжаппар озық шықты. «Шаштараз» байқауында Талдықорған сервис және технология колледжінің білімгері Юлия Старкова жүлдегер болды.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың, «Еліміздің ертеңі, мемлекетімздің жарқын болашағы – білімді де білгір жастардың қолында», – деп атап көрсеткендей, байқауға қатысқан жастарымыз болашақта өз мамандығының шебері болып, еліміздің гүлденуіне үлес қосары сөзсіз. Ертеңімздің бүгінгі күннен жақсы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға қарай жетелеуші күш – білім. Ендеше, осы жолда талмай ізденіп, кәсібінің нәсібін көрем деп талпынған жастардың қадамы сәтті болғай.

АУДАНДА

Партиялық бақылау күшейеді

Жақында «Нұр Отан» партиясының Панфилов аудандық филиалында партиялық бақылау комиссиясының кезекті отырысы өткізілді.

Онда «Нұр Отан» партиясы Панфилов аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының жаңа құрамын сайлау, биылға арналған жұмыс жоспары таныстырылды және басқа да мәселелер қаралып, бекітілді.

Комиссияға төраға болып аудандық мәслихат хатшысы Төлеубергн Оспанов сайланды. Құрамына «Көктал – Арасан» балалар шипажайының бас дәрігері Қ. Ахметқалиев, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Е. Нұрахметов, зейнеткер Н. Рақымбаев, «Үркер» ЖШС директоры Ж. Ақшалов, Жаркент көпсалалы колледжінің директоры Б. Сабырбаев сайланды.

Комиссия отырысында партиялық жарнаны уақытылы төлеу, еріптестер арасындағы тәртіп пен жауапкершілікті арттыру жайлы өңгіме өрбіді. Бұл мәселелерді жаңа сайланған комиссия құрамы алдағы уақытта тұрақты назарда ұстап, партиялық бақылау ісін күшейтпекші.

ҚАЛАДА

Жұмыссыздар жоқ емес

Әркім нәпақасын әрқалай табады. Бүгінде өңірде жұмыссыз жүргендер аз емес. Ал жұмыс істейтіндерінің басым көпшілігі ойынханаларда жүр. ҚАПШАҒАЙ қаласында да әлеуметтің тыныс-тіршілігін бақылап отыратын қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мен жұмыспен қамту орталығы жұмыс істейді.

Былтыр жоғарыда аталған бөлімге 1079 жұмыссыз жүгінген болса, олардың 821-і бірнеше кәсіпорынға жұмысқа орналастырылған. «Плаза», «Арма», «Алтын жарма», «Сине Мидас Строй», «Азтек Азия» ЖШС, «Zhersu Metal» АҚ сияқты өндіріс орындары жұмысқа қабылдағандарды алдымен оқытып, содан кейін жұмысқа алған. Мұның өзі көңілге демеу.

– Бірақ айта кету керек, осындай кәсіпорындарға мамандар жетіспей жатады. Жұмыссыз жүргендер ауыр жұмыстан қашып, жолай бермейді, барған күнде де шыдамай кетіп қалып жатады. Әйтпесе алатын жалақысы жаман емес, – дейді жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Айгүл Іңкәрбекова.

Өткен жылы 60 адам 4 мамандық бойынша (есепші, электромонтер, электргазбен дәнекерлеуші, аспазкондитер) кәсіптік оқуға жіберілген.

Сонымен қатар, мүгедек жандардың белсенділігін арттыру мақсатында оларды жұмысқа орналастыру бойынша былтыр екі мәрте бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізілген. Нәтижесінде 3 мүгедек жан есепші мамандығына кәсіптік оқуға, 42-сі қоғамдық жұмыстарға жіберілген. Ал, жалпы 2014 жылы барлығы 50 мүмкіндігі шектеулі жан тұрақты жұмыстарға орналастырылған. «Бұл топтағы азаматтарды жұмысқа орналастыру мәселесінде «Нұр Отан» партиясымен тығыз бірлесіп жұмыстар атқарылуда», – дейді бөлім басшысы

▲ ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ШАРУАЛАРДЫ ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСАДЫ

Облыс әкімдігінің үлкен жиынжайында ҚР Ауылшаруашылық министрлігі мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті басшысының міндетін атқарушы Берік Нигмашов пен аталған министрліктің өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті директорының орынбасары Бақыт Ілиясов жетісулық шаруалармен кездесіп, өнімді субсидиялаудың жаңа жолдарын түсіндірді.

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Сала мамандары қатысқан жиынды облыс әкімінің орынбасары **Серікжан БЕСКЕМПІРОВ** ашып, өңірдегі ауылшаруашылық саласының өткен жылы қол жеткізген жетістіктерін айтып өтті. Келесі сөз Астанадан келген қонақтарға тиді. Олар «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ несиелендіретін ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің етті бағыттағы мүйізді ірі қараны өсіруге бағытталған 2011 – 2015 жылдарға арналған «Сыбаға», жылқы шаруашылығын дамыту бойынша «Құлан», қой шаруашылығын асылдандыруға негізделген «Алтын асық» жобасы мен «ҚазАгроҚаржы» АҚ несиелендіретін «Ырыс» сүтті мал шаруашылығындағы отбасылық фермаларды дамытуды несиелендіру бағдарламасы, жайылымды тиімді пайдалану үшін бұрынғы құдықтардың көзін ашу немесе жаңасын қазуға бақытталған тың жобалардың аткарылып жатқандығын сөз етті. Бұл – шаруасын шалқытуды мақсат еткен азаматтарға қолдау танытатын бірегей жобалар.

Шыны керек, осыдан біраз жыл бұрынғы жағдайға қарағанда мал басы өсіп, қора толға толды. Бірақ, саннан гөрі сапаны талап ететін бүгінгі заманда ауылшаруашылық өнімдерінің сапасы қаншалықты деңгейде? Елбасы 2016 жылға қарай экспортқа шығарылатын ет көлемін 60 мың тоннаға жеткізуді міндеттеді. Сол үшін төрт түлікті асылдандырып, Елбасы айтқан: «Қазақстан ет өнімдерін экспорттайтын өңірлік ірі елге айналуы тиіс» деген тапсырмасын орындауға тырысуымыз керек. Сондай-ақ, егін, құс, балық шаруашылықтарын барынша қолдаудың тетіктерін де жетілдіріп отыру қажет. Осыған орай, министрлік өкілдері бұл жетістіктерді одан ары жетілдіру үшін толықтырулар енгізілген демеукаржы төлеудің бнылға арналған жаңалықтарын таныстырды.

Осыдан кейін сөз алғандар демеукаржы төлеудегі жетімсіз тұстарды әңгімелесе, енді бірі жаңа тетіктің ауылдағы шаруалардың нақтылы жағдайына үйлеспейтін тұстарын айтып өтті. Ал қант қызылшасы мен жүгері өндіретін шаруашылық жетекшілері осы екі дақылдың өнімін субсидиялаудағы түйткілді тұстардың жаңа тетікте нақтылы көрсетілмегені жөніндегі ойларын ортаға салды. Көпшіліктен түскен осы және басқа да сұраққа министрліктен келгендер нақты жауап берді.

Жиынды қорытындылаған Серікжан Бескемпиров көпшіліктен түскен өтініштердің ескерусіз қалмайтынын ескерте отырып, ауылшаруашылық дақылдарының егістік көлемін кеңейту мақсатындағы іс-шараны жеделдетуді және шаруалардың уақыт талабына сай жұмыс істеу керектігін міндеттеді.

▲ ҚҰРЫЛЫС

Соңғы жылдары Талдықорған қаласында көз тартатын әсем ғимараттар мен салтанатты сарайлардың, көпқабатты тұрғын үйлер мен өнеркәсіптік кешендерінің көптеп салына бастағанына куә боласың. Соған орай, Жетісу өңірінің орталығы жыл озған сайын бой түзеп, әсемдігімен айшықталып келеді. Жасарып, жаңарған қалада әлі де заманға лайықты көрікті мекемелер салынып, жаңа ғимараттардың қатары толыға түспек. Шаһар аумағының сәулеттік келбетін қалыптастыру бағытындағы жұмыс бүгінде жалғасып, жандану үстінде.

«Жетісу»
Айгүл БАЙБОСЫНОВА



ҚАРҚЫН БӘСЕҢДЕМЕЙДІ

Жақында облыс әкімінің орынбасары **Ғалымжан ӘБДІРАЙЫМОВ** бастаған топ Талдықорған қаласында жаңадан салынып жатқан бірқатар әлеуметтік сала нысандарын аралап, ондағы құрылыс қарқынымен танысты. Алдымен ол шаһардың «Шығыс» ықшам ауданынан орын тепкен, 320 орынға арналған балабақшаның құрылысына көз жүгіртті. Мұндағы жұмыс қызу. Барлығы сексенге жуық адам еңбекпен қамтылған ғимаратта құрғыш қолды құрылысшылардың әрқайсысы өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқаруда. Бұл істі «Гөкжу Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қолға алыпты. Сала қызметкерлерінің айтуынша, өткен жылдың қазан айынан басталған шара биылдың тамызына дейін аяқталады деп күтілін отыр. Келесі кезекте Еркін ауылындағы 100 орынды шағын орталығымен 300 оқушыға лайықталған мектеп құрылысына да көңіл аударылды.

Білім ошағының құрылыс барысын байқап көрген облыс әкімінің орынбасары ең бірінші сала жағына баса мән берді. Үш қабаттан тұратын білім нысаны заманауи үлгіде салыныпты. Терезелері мен жылу батареялары орнатылып үлгерген. Сол манда «АСК Ауыл Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Анатолий Рябинин келгендерге білім ордасының құрылысы жайлы бүге-шігесіне дейін өңгімелеп берді. Оның айтуынша, былтырдың сәуірінде басталған мектептің құрылысы биылдың тамыз айында аяқталмақ. Бұл жұмысқа барлығы жүзден аса адам еңбекке тартылған. «Қаратал» шағын ауданында бой көтерген көп салалы аурухана жобасы да назардан тыс қалған жоқ. Төрт бөлектен тұратын нысанның құрылысы алдыңғы жылдың шілде айынан басталыпты.

Барлығы үш жүз төсектік медициналық мекемеде болашақта травматология, хирургия, нейрохирургия, офтальмология, эндокринология, неврология және пульмонология мен терапия бөлімдері жұмыс істемек. Заманауи талапқа сай бой көтерген үш қабатты ғимарат жаңа құрылғылармен жабдықталып, білікті мамандармен де толығатын көрінеді. Жобаның жалпы құны 8,3 млрд. теңгені құраса, қаржының басым бөлігі қажетті жабдықтар алуға жұмсалмақ. Нысан шеңдегі кейбір бөлмелер әктелп, еденеше плиталар салына басталпты. Соған қарағанда, бас мердігер «Астана–Құрылыс» ҰҚК» АҚ жұмысты жыл соңына дейін бітіретін көрінеді.

Ғалымжан Райымұлы қайта қалпына келтіріліп жатқан «Жастар» саябағын да көріп қайтты. Заман талабына сай демалыс орнына айналатын саябақта қазір жұмыс қызу жүріп жатыр. Талдықорған қаласының бас сәулетшісі Қаби Бауыржанұлы сазар жүгінсек, күрделі жөндеу істері жыл соңына дейін тамамдалып, халықтың алаңсыз тынығуы үшін барлық қолайлы жағдайлар жасалмақ. Бүгінде саябақтың басым бөлігі жасыл желекпен көмкерілп, Тянь-Шань шыршасы мен қарағайлар отырғызылыпты. Адам таңымастай көз алдында өзгеріп жатқан саябақта қазір құрылыс қарқыны артқан. Жүргіншілер жолына тас төселіп, әртүрлі мәдени іс-шара өткізілетін орынның құрылысы басталған. Алдағы кезде орындықтар орнатылып, музыкалық сүбұрқақтар салынбақ. Саябақ жақын күндері жасыл желегімен ерекшеленіп, сәулеттік көркемдік жағынан көз тартатын ерекше демалыс аймағына айналатын болады.

Сала жетекшілері Солтүтік – батыс тұрғын ауданында орналасқан 280 орынды балабақшаның құрылысымен де танысты. Қалалық құрылыс бөлімінің тапсырысы бойынша салынып жатқан ғимаратты «Сұрмақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мерзімінде алған. Өткен жылдың шілде айында тұрғызыла бастаған нысан қыркүйек айында пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр. Мұндағы құрылыс ісінің негізгісі аяқталып, усақ-түйектері қалған. Сондай-ақ, қазір шаһардың Оңтүстік-батыс тұрғын үй алабында заманауи жаңа шағын аудан бой көтеруде. Бүгін республикалық және облыстық бюджет есебінен қомақты қаражат қарастырылып, бүгінде ол мақсатты жұмсалуда.

Қазіргі кезде аймақта тұрғын үйлермен қатар әлеуметтік нысандар да көптеп бой көтеруде. Солардың қатарында Оқушылар сарайын айтқан жөн. Облыс әкімінің орынбасары салынып жатқан бұл ғимаратқа да кіріп аққақтар. Үш қабаттан тұратын білім ошағының құрылысы келесі жылдың қыркүйегінде аяқталады деген болжам бар. Қазір мұндағы құрылыс алаңында жетпіс құрылысшы еңбек етуде.

Түйін

Осылайша, Ғалымжан Райымұлы біраз уақытын шаһарда жаңадан бой көтеріп жатқан құрылыс нысандарын аралауға арнап, ондағы атқарылып жатқан барлық іске ден қойды. Әсіресе, ол жұмыстың сапасына айрықша мән берді. Жіберілген кәтеліктерді сол жерде сынға алып, төз арада түзетуді тапсырды. Сонымен бірге салынып жатқан ғимараттардың мерзімінде аяқталып, ел игілігіне берілуін міндеттеді. Осыған байланысты ол мердігер мекеме өкілдеріне құрылыс қарқынын бәсеңдетпеуді, ең бастысы, сапаға көңіл бөлуді тапсырды.

Хроника

Алматы облысы әкімінің өкімімен Шалтабаев Дастан Тұрарбекұлы баска жұмыска ауысуына байланысты Алматы облыстық сәулет және қалақұрылысы басқармасының басшысы қызметінен босатылды.

САЙЛАУ – 2015

Елбасы – өркендеу кепілі

Қазақстан Республикасының президенттігіне кандидат Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ Республикалық қоғамдық штабының мүшелері 2015 жылдың 10 сәуірінде Қызылорда облысында болды. Бұл жерде олар облыс активімен, теміржолшылармен және фермерлермен кездесті.

Делегация құрамында Қазақстан Республикасы президенттігіне кандидат Н. Ә. Назарбаевтың Республикалық қоғамдық штабының жетекшісі Мұхтар Құл-Мұхаммед, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, ҮЕҰ өкілдері, ғылыми және шығармашыл зиялылар, белгілі қоғам және мәдениет қайраткерлері, спортшылар болды.

Қызылорда облысының активімен кездесу Нартай Бекежанов атындағы драма театрының қабырғасында өтті. Өз сөздерінде қызылордалықтар Елбасының өз өңірлерін дамытудағы айрықша рөлін атап өтті.

Мемлекет және қоғам қайраткері Сейілбек Шаухаманов облыс тұрғындарының Президентке Арал теңізін құтқару жөніндегі күш-жігері үшін риза екендігін жеткізді.

«Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша салынған бөгеттің арқасында су қоймасындағы судың деңгейі қазірдің өзінде 12 метрге көтерілді, ал Арал қаласы мен теңіздің арақашықтығы 100-ден 20 шақырымға дейін қысқарды. Өңірде балық шаруашылығы қайта жаңғыруда», – деп мәлімдеді С. Шаухаманов.

«Тоқсаныншы жылдары Арал мәселесі бүкіл әлем халқын толғандырған болатын, бірақ Елбасы тұтас өңірді құтқарып қалып, тамырына қан жүгіртті», – деп атап өтті өз сөзінде «Арал балық» зауытының жұмысшысы Айшабақ Бәйтімова.

РҚШ мүшелері, сонымен қатар, вагон жөндейтін депода болып қайтты.

«Теміржол тарихына «Жезқазған – Сексеуіл – Бейнеу стратегиялық жобасы алтын әріптермен жазылған, бір кезде бұл қашықтықты өзара жалғастыру арман болатын, бүгінде Президент бұл арманымызды іс жүзіне асырды. «Сексеуіл – Қоскөл» теміржолы 363 адамды жұмыспен қамтып отыр, солардың қатарында Сексеуіл стансысында жас жұмысшыларға арналған салынған жаңа үйден пәтер алған жас маман – мен де бармын. Жаңа магистральдар – бұл тәуелсіздіктің үлкен жетістігі, бұл Елбасының еңбегі!», – деді жас теміржолшы Нұрлан Өрекешов.

Кездесуде автожолшылардың атынан «Қазжолжоба» ЖШС-нің жұмысшысы Юрий Немченко сөз алып, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» магистральдарының және «Қызылорда – Жезқазған» автожолының аймақ өңіріндегі тарихи рөлі жайында айтып өтті.

«Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асқан, өзінің көлемі жағынан теңдесі жоқ жобалар мыңдаған қызылордалықтарды жұмыспен қамтамасыз етті, ең бастысы, олар нағыз «өмір жолына», тұтас облысты «асыраушыларға» айналды», – деп атап өтті Ю. Немченко.

РҚШ мүшелері түстен кейін өңір фермерлерімен кездесті. Олар Мемлекет басшысына аграрлық секторға қолдау көрсеткені үшін алғыс айтты.

«Бүгінде ауыл тұрғындары өздерінің болашағына сенімді, елімізде өз бизнесінді дамыту үшін барлық жағдайлар жасалынған, аграрийлер берік сеніммен астық өсіріп, мал шаруашылығын дамытуда, олар ертеңгі күндеріне сенімді, өздерінің Көшбасшысына сенеді, өйткені Елбасының саясаты жасамаздық пен табысқа бағытталған», деді өз сөзінде Жалағаш ауданының фермері Әліби Бекжанов.

Қызылорда облысының тұрғындары 26 сәуір күні Ұлт Көшбасшысына дауыс беретіндіктерін білдірді, өйткені Нұрсұлтан Назарбаев тұрақтылық пен өркендеудің кепілі болып табылады.

Жат үлгілерге еліктеуге болмайды

ҚКХП ұсынған Президенттікке кандидат Түрғын СЫЗДЫҚОВ «Защита локомотив жөндеу ДЭПО-сы» жұмысшылар ұжымымен кездесті. Кездесу барысында кандидат Сыздықов өзінің сайлауалды тұғырнамасының басты бағыттарымен таныстырды.

Кездесу кезінде кандидат батыстық стандарттар мен тұтынушылық мәдениеттің теріс ықпалына тоқталып өтті.

«Бүгін буындары қатып үлгермеген әлемнің барлық жастары батыстық кимдерді киеді, шетел әуендерін тыңдайды, голливудтық фильмдерді және сериалдарды көреді. Мұның барлығы – жай бос уақыт өткізу емес, бұл тұтыну мәдениетінің жалғыға бірдей таралу үрдісі.

Дәстүрлі адами құндылықтарды насихаттауды жоққа шығарып, жат үлгілер мен өмірлік шарттарды кезсіз кешіру адамилықтан ауытқуға, жекелей енжарлыққа, жалпы материализм мен азаматтық немқұрайдылыққа әкеледі», – деп атап өтті кездесуде Түрғын Сыздықов.

ҚР президенттігіне кандидаттың ойынша, жаппай интернет арқылы таратылып отырған батыстық өмір мәнінде, қатыгездік, енжарлық, немқұрайдылық, іс-әрекетке деген жауапсыздық белгілері жатыр.

Мұндай жаппай шектеусіз өмірлік қағидаттар кез келген ұлттың құлдырауына алып келеді.

Стандарттар мен тұтынушылық мәдениеттің теріс ықпалы өз жемісін беруде: Батыста туу көрсеткішінің төмендеп, дәстүрлі неке институттарының күйреуі нәсілік және рухани тәрбиедегі жүгенсіздік, жауапсыздық пен немқұрайдылықтың жемісі болып табылады. Жастар өздеріне отбасылық міндеттерді алғылары келмейді, өз істеріне жауапкершілікпен қарамайды, нақты азаматтық ұстанымдары жоқ.

«Батыс сән үлгісінің ең қауіпті көріністері - компьютерлік ойындар, фильм-блокбастерлер, сапасыз әдебиет арқылы кең таралған зорлық-зомбылық, қаталдылық культтері.

Шектеулі тұтынушылыққа тәрбиелейтін жаппай зорлық-зомбылық насихаты жастарды өз торына түсіріп, ақыл-есінен, адамгершілік қасиеттерден айыруда. Сол арқылы адам өмірі құнсыздандырады.

Әрбір екінші батыстық фильм, бейнеклип немесе әуеннің астарында қатыгездік, енжарлық, немқұрайдылық, іс-әрекетке деген жауапсыздық белгілері жатыр», – деді Т.Сыздықов.

ҚКХП жетекшісінің сөзіне қарағанда, батыстық өндірушілердің басты мақсаты – есірткі тәрізді, теріс эмоцияларды сыртқа шығарып, бойға адреналин сыйлайтын өнімдерге адамды тәуелді ету арқылы оларды көптеп сату.

Сонымен қатар, батыс жастары отбасылық құндылықтар, дәстүр, бірізділік, үлкендерді құрметтеу, отансүйгіштік сияқты адамгершілік қасиеттерге мүлдем жат тұтынушылық стандарттарымен өмір сүріп жатыр.

Мұндай қоғамда өмір сүрген адамдардың өмірлік қағидаттары – жалқаулық және материалдық ашкөздік, толық моральдық жауапсыздық.

Батыстық өркениет елдері ақыл-ес пен генетикалық аурулар бойынша және ғаламдық семіздік рейтингінде көш бастап келеді. Осылайша, олар өздерінің тегін жоғалтуда. Бұған дұрыс өмір сүру салтын ұстанбай, фаст-фуд тағамдарын және басқа да түрлі генді-модификациялық өнімдерді тұтынулары себеп.

«Мықты моральдік негізі, түп тамыры, ұлттық санасы, қандай да бір діни ұстанымдары мен ұлттық рухани идеялары болмаса, ол елдің болашағы да жоқ.

Мемлекеттің басты байлығы – оның адамдары. Салауатты, зайырлы ұлт қағидаттары адамдарға нәресте шағынан сіңдірілуі керек. Балалар тек қана пайдалы тағамдармен қоректеніп, дене шынықтырумен айналысып, сезім, сыйластық және құрмет сияқты отбасылық құндылықтарды танып өсуі керек.

Жастар дәстүрлі құндылықтар мен қоғамдық идеалдарды танып өскенде ғана батыстық мәдениеттің ықпалынан құтылады», – деп аяқтады өз сөзін Түрғын Сыздықов.

Одан әрі сөзді облыстық сайлауалды штабтың жетекшісі Ш.Байдәулетов алды. Ол қатысушыларға сайлауалды науқан кезіндегі үгіт-насихат және іс-шаралар туралы айтып берді.

ҚКХП Республикалық сайлауалды
штабының баспасөз қызметі.
Тел.: 8 (7172) 78-47-96
+7778 888 24 34, +7 701 461 78 58
knpk2015@mail.ru, www.knpk.kz

Сайлау науқаны заңға сәйкес өтуде

Қазақстан Республикасы президенттігіне кандидат Өбілғазы ҚҰСАЙЫНОВТЫҢ Астана қаласындағы республикалық штабында Қазақстан Республикасы президенттігіне кандидат Өбілғазы Құсайынов Қазақстан Республикасындағы кезектен тыс президент сайлауын бақылау жөніндегі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ миссиясының басшысы Корнелия Йонкермен кездесті.

Кездесу барысында ҚР президенттігіне кандидат Өбілғазы Құсайынов ЕҚЫҰ өкілдерін республикалық штабтың жұмысымен таныстырып, Қазақстан Республикасы президенттігіне кандидат ретіндегі болашақ жоспары жайында әңгімелеп берді.

«Бүгінге дейін 5 аймақты аралап, Астана қаласында бірнеше кездесу өткізіп үлгердік. Жалпы алғанда, сайлаушылармен 12 кездесу өткізіп, онда сайлауалды бағдарламаммен таныстырдым, сайлаушыларды қызықтырған сұрақтарға жауап бердім», – деді Ө. Құсайынов.

Сонымен қатар ҚР президенттігіне кандидат Ө. Құсайынов аймақтық сайлауалды штабтарында 200-ден аса сенімді тұлғасы жұмыс істеп, олар да сайлаушылармен кездесу өткізіп, сондай-ақ өзінің сайлауалды тұғырнамасының негізгі бағыттарын түсіндірумен айналысатынын атап өтті.

ЕҚЫҰ өкілдерімен кездесу барысында ҚР президенттігіне кандидат Ө. Құсайынов осы жылдың 20 сәуіріне жоспарланған Астанада өтетін аймақтық сайлауалды штабтарының слеті туралы айтып, ЕҚЫҰ өкілдерін аталмыш іс-шараға қатысуға шақырды.

Аймақтық штабтардың слетінде үгіт-насихат жұмыстарының алдынала қорытындысын шығарып, аймақтық штаб жетекшілерінің атқарылған жұмыстар жайлы есептерін тыңдау жоспарланған.

Ө.Құсайынов ЕҚЫҰ өкілдерінің назарын Қазақстан Республикасы президенттігіне кандидат ретіндегі жұмысын ешқандай кедергісіз жүргізіп жатқанына аудартып, аймақтардағы барлық кездесулері заңға сәйкес ұйымдастырылғанын атап өтті.

Сонымен қатар Ө. Құсайынов барлық қажетті кеңестерді шұғыл ұсынып отырған аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерінің ашықтығы мен біліктілігін ескерді.

ҚР президенттігіне кандидат Ө. Құсайынов, сондай-ақ, БАҚ-пен тығыз қарым-қатынас орнатып, жемісті жұмыс жастап жатқандарын назарға алды.

«Барлық республикалық телеарналар іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу үшін өз алаңдарын ұсынып отыр. Үгіт-насихат роликтері медиа-жоспарымызға сәйкес эфирге шығып жатыр.

Жалпыұлттық газеттерде менің сайлауалды бағдарламам жарияланып, үгіт-насихат модульдеріміз орналастырылды.

Жалпы, республикалық деңгейде болсын, аймақтық деңгейде болсын, біз жүргізген сайлауалды науқанын ақпараттық сүйемелдеу барысына көңілім толады», – деді Ө. Құсайынов.

Ө.Құсайынов атап өткендей, сайлау науқаны Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» заңына толық сәйкестікте өтіп жатыр.

Одан бөлек, ЕҚЫҰ өкілдерімен кездесу кезінде ҚР президенттігіне кандидат Ө. Құсайыновтың республикалық сайлауалды штабының жетекшісі Рүстем Жоламан сайлау науқаны аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар жайында әңгімелеп берді.

Атап айтқанда, ол ҚР президенттігіне кандидат Ө. Құсайыновтың елордадағы және аймақтардағы штабтары ыңғайлы жерде орналасқанына тоқталды. Оның айтуынша, штабтарға консультациялық қолдауды Орталық сайлау комиссиясы, облыстардағы аумақтық сайлау комиссиялары көрсетіп отыр.

Үгіт науқаны қарсаңында қажетті көлемде үгіт-насихат материалдары әзірленді. Мысалға, Астана мен Алматы қалаларында әрқайсысында 4 билбордтан, облыс орталықтарында 2 билбордтан, сонымен қатар Жезқазған мен Семей қалаларында бір-бір билбордтан ілінді.

Плакаттар әзірленіп, қандидаттың сайлауалды бағдарламасы басып шығарылды (50 мың плакат пен сайлауалды бағдарламасының 3 мың данасы).

Жалпы, Р.Жоламан атап өткендей, сайлауалды науқанын толыққанды жүргізу үшін барлық жағдай жасалған.

■ ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ

КМК-нің инвестициялық болашағы жарқын

ОКҚ-да өткен брифингте Республикалық кен өндіру және кен-металлургиялық кәсіпорындар ассоциациясының атқарушы директоры Николай Радостовец пен атқарушы директордың орынбасары Бақыт Манасбаева кен-металлургиялық кешені дамуының негізгі мәселелері жайында айтып берді.

КМК-нің өндірістік саясатының нәтижелері жайында айта келіп, Николай Радостовец алғашқы бес жылдық кезеңінде сала бойынша жалпы құны 2,5 млрд. доллар болатын 60 жаңа өндірістің пайдалануға берілгенін атап өтті. Бұл орайда 16 мыңнан астам жаңа жұмыс орыны ашылған.

Ресей, ҚХР және Еуроодақ елдерінде өнімге деген нарықтық сұраныстың біршама тарылғанына қарамастан КМК-нің экономикалық даму динамикасы бұрынғысынша тұрақты күйде қалып отыр. Металлургиядағы өнеркәсіптік өндіріс көлемі 2010 жылдан 2014 жылға дейінгі кезеңде қаражат бойынша алып қарағанда 22 % – 1 трлн. 570 млрд. теңгеден 1 трлн. 915,2 млрд. теңгеге өсті. Металл рудаларын өндіру 35 пайызға немесе 2010 жылғы 651,2 млрд. теңгеден 2014 жылы 882,3 млрд. теңгеге үлғайды. Дайын металл бұйымдарын шығару осы уақыт ішінде 57 пайызға – 95,9 млрд. теңгеден 150,2 млрд. теңгеге өсті.

Металлургиялық өндірістегі еңбек өнімділігінің 2010 жылдан бері 59 пайызға (әр адамға шаққандағы 68,2 мың доллардан 2014 жылы 108,2 мың долларға) өскенін атап өткен маңызды. Бұл жерде кен өндіру саласының негізгі қаражатына инвестициялар салудың оң динамикасы сақталуда. Қатты пайдалы қазбаларды өндіруге инвестициялар салудың өсу қарқыны соңғы 2 жыл ішінде 25-30 пайыз деңгейінде қалып отыр, мұның өзі жалпы экономика бойынша алғанда толымды көрсеткіш болып табылады.

Биылғы жылы Үкіметпен бірге «2015 жылға өнеркәсіптік кәсіпорындарды қолдау шаралары бойынша іс-шаралар жоспары» жасалынды. Бүгінгі күні жекелеген кәсіпорындарға магистральдық теміржол жүйесінің қызметіне уақытша төмендетілген коэффициенттер беріліп отыр, мұның өзі жекелеген экспорттық бағыттарды сақтауға, соның ішінде өнімдерді диверсификациялау жөніндегі міндеттерді белсенді шешуге мүмкіндік берді. Сала кәсіпорындарына электр қуатын беруге де жеңілдіктер жасау мәселелері ойластырылуда.

– Экспорт жайына келсек, бұл орайда сыртқы нарықтағы жағдай тез өзгеріп отыр. Егер бұған дейін ҚХР-да сұраныстың оң динамикасы болса, соңғы айларда аталған нарық біздің өнімімізге қатысты айтарлықтай салғырттық танытып отыр. 2014 жылы қара металдың бағасы арзандады. Мұндай жағдайда біз Иранға үлкен үмітпен қарап отырмыз. Аталған мемлекеттің нарығы ондағы санкциялардың алынып тасталуына байланысты біз үшін басқа дәстүрлі экспорттық бағыттардан да тартымды бола түсуі мүмкін. Біз экспортты алдағы уақытта да дамыта түсуді көздеп отырмыз, дегенмен, бұл орайда нарықтан өз орнымызды тауып, сол орында тұрақтап қалуымыз маңызды, – деді Н. Радостовец.

КМК ассоциациясының басшысы ел Парламенті 2016 жылы қабылдайын деп отырған «Жер қойнаулары туралы» ҚР Кодексі тұжырымдамасын биылғы жылдың маусым айында Үкіметте бекітіп алуды жоспарлап отырғандарын жеткізді. Бұл үшін ол, тиісінше, қоғамдық талқылау үдерісінен өтеді.

– Бағдарламаға сәйкес, қара металлургияда 390 млрд. теңгенің, ал түсті металлургияда – 1 трлн.-нан астам теңгенің жобалары жүзеге асырылатын болады. Бұл алдын ала болжанып отырған көрсеткіштер ғана, өйткені нақты жағдай жұмыс барысында өзгеріп кетуі мүмкін. Бұл жерде аталған секторға инвестициялардың келуіне деген белгілі бір дәрежедегі сенімділік те бар, – деді спикер.

Инвестицияларды зерттеу жөніндегі көптеген халықаралық агенттіктердің болжамы бойынша Қазақстан биылғы жылы экономикалық даму қарқыны бойынша 9-орын алуы тиіс. Мұның бәрі ел экономикасына шетелдік инвестициялар салу динамикасына оң ықпал етеді. Бұл жерде инвестордың республикаға келуінің барлық шарттары мен ережелері заңнама деңгейінде қарастырылып, бекітілген «Жер қойнаулары туралы» Кодексінің болуы инвесторлар үшін жағымды жаңалық деп санайды Радостовец.

Ол, сонымен бірге, бүгінде іс жүзінде алғанда барлық жүйе құрайтын ірі кәсіпорындарда кәсіподақтар мен өкімдіктердің ықпалдасуымен жұмыс орындарын сақтау жөніндегі меморандумдарға қол қойылғандығын мәлімдеді.

Бақыт Манасбаева өз кезегінде биылғы жылдың Республикалық кен өндіру және кен-металлургиялық кәсіпорындар ассоциациясы үшін мерейлі жыл болып отырғандығын еске салды – ассоциацияның құрылуына 10 жыл толып отыр. Соған орай ол кен-металлургиялық кешені қызметкерлерінің кезекті съезін өткізудің биылғы жылдың маусым айына жоспарланып отырғандығын мәлімдеді.

■ ШОЛУ: КӨЛІК ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ

Осыдан біраз бұрын жолақы 50 теңгеден 70 теңгеге қымбаттаса, Талдықорған қаласы әкімінің қаулысымен наурыздың 31-нен бастап қоғамдық көліктердің жолақысы 60 теңгеге, яғни 10 теңгеге арзандады. Баға бағамының осылай құбылуына бензин және Ресейден әкелінетін автобөлшектер бағасының арзандауы себеп болыпты. Бұл хабарды жүртшылық қуана қарсы алып, түрлі жорамалдар жасай бастады. Не болса да қалтада қалған 10 теңге өркімге артық емес, өрине. Бірақ «Ертең бензин қымбаттаса тағы да баға өсетін шығар» деген күдік жүртты сан-саққа жүгіртті.

Жолаушы тасымалы жолға қойылды



Ермек Алпысовтың шаһар тұрғындарымен өткен есептік кездесуінде жүрттан түскен шағымның басым бөлігі осы шағын автобустардың қызметіне қатысты айғын автобустардың жұмысын тоқтату туралы нұсқау берді.

Өрине, бұл бір күндік жұмыс емес. Алайда, естеріңізге сала кетсек, былтыр тасымалдаушы мекемелер 70-тен астам жаңа автобус алған. Яғни жүйткіген «ГАЗельдердің» орнын басар автобустардың санын арттыру күні бұрын қолға алынды. «Жолаушылар тасымалын басқару орталығы» ЖШС-нің директоры Данияр Қанаевтің сөзіне сүйенсек, бұрындары қалада 100-ге жуық шағын автобустар түрлі бағыттарда қатынаған. Бүгінде олардың барлығы алынып тасталды. Сонымен бірге, осыған дейін қала ішіндегі барлық бағыттарда 130-ға жуық автобус қызмет көрсеткен, бүгінде олардың саны 160-қа артқан. Бұдан бөлек, қосымша резервте 10-ға жуық автобус тұр.

Енді жолаушыларға тек автобустар қызмет көрсетеді. Осы жерде «Қаладағы автобустардың қалалықтарды баратын жеріне кешіктірмей жеткізуге әлеуеті жете қоя ма?» деген сұрақ туындайды. Осыған қатысты мекеме мамандарының айтуынша, шағын автобустар қызметі шектелгендіктен жолаушыларды жолдан қалдырмау мақсатында көлік саны арттырылған. Таңғы және кешкі қарбалас сәттерде автобустардың арақашықтығы 7-8 минуттан аспайды. Ал, күндізгі уақытта ұзаса 13 минут болмақ. Сонымен бірге, жүргізушілердің жол ережелерін сақтауы қалалық ІІБ-ның қатаң бақылауында. Шағын автобустар кез келген жерде адам отырғызып, түсіре берген болса, автобустар тек аялдамаларда ғана тоқтайтын болады. Жолсерік, яғни, кондукторлар жұмысы ретке қойылып, автобустарда билет тарату ісі қолға алынды. Демек, қызмет саласымен бірге қауіпсіздік мәселесі де назардан тыс қалмайды.

Бүгінгі таңда мектеп оқушылары мен студенттер, мүмкіндігі шектеулі жандар мен мүгедектер, зейнеткерлер әлеуметтік жеңілдіктер негізінде автобуста тегін жүреді. Сондай-ақ, жетер жеріне бірнеше бағытқа ауысып баратын қалалықтар «автобуста тегін жүретін билеттерді» (айына 3500 теңге) қолданады. Автокәсіпорындар өкілдерінен білгеніміздей, автобус жүргізушілері тұрақты қызметкер ретінде айлық еңбекақымен жұмыс істейді. Бірақ айлық жалақысын толық алу үшін күн сайын келісімшартта көрсетілген соманы төлеп отыруы керек. Күнделікті табысы келісімшарттағы сомадан артық болса, жүргізушінің қалтасында қалады. Керісінше, келісілген сомаға жетпей қалса, оны жүргізушінің айлық еңбекақысынан ұстап қалады. Демек, тегін жол жүретіндер көбейген сайын жүргізушілердің табысы міндетті түрде төмендеп отырады. Сондықтан автобус жүргізушілері «автобуста тегін жүретіндерге арналған билеті» бар жүргіншіні жақыны болса да жақсы көрмейді. Кейде міндетін орындай алмай қалған сабырсыз жүргізушілер мен билетті жүргіншілер арасында даужанжал орын алады. Демек, автобус көбейген сайын тегін жүретіндер молайып, реніштің де жиі орын алатыны анық. Ендеше, автокәсіпорындар жүргізушілермен келісімшартты қайта қарауы керек шығар. Ол жағын құзырлы орындардың еншісіне қалдырдық. Тек жүргіншілерге: «Жүргізушілермен келеңсіз жағдай туындап жатса «Жолаушыларды тасымалдау басқармасы жөніндегі орталық» ЖШС-нің қызметтік телефонына (32-31-38) хабарласыңыздар», – дегенді ғана естеріне сала кетпекпіз.

«Жетісу»
Қажет АНДАС

1 Саят ЖАМАНТУКОВ, такси жүргізушісі:

– Мен «Газельдерге» отырмағалы көп болса да, олардың кесірін жолда көріп жүрген едім. Жол жиегіндегі адамды көрсе бітті, жол жүру ережелерін елемей, бағыт шамдарын жақластан бірден бұрылып, не тоқтап қалатын. Бүгін байқағаным, шағын автобустар кетісімен көше біраз ашылып қалды. Тілті, үнем кептеліс болып тұратын Ақын Сара – Қабанбай батыр көшелерінің қиылысы да ашылды.

2 Мағира ХАССЕЙН, зейнеткер:

– Мен бұрындары да кішкентай автобустарға отырмайтынмын. Жас балалар отырып алып, дүрс-дүрс еткен музыкаларымен басты ауыртып жіберетін. Оның үстіне көлік тізгінінде отырғандар жау қуып келе жатқандай қатты айдап заремізді ұшыратын. Ал, автобустарды ақыл-есі тоқтаған ересектер жүргізеді. Олар мен секілді кісілердің қыр-сырын біліп, байыпты жүреді.

3 Жанар ӘДІЛБЕК, балабақша тәрбиешісі:

– Шағын автобустардың алынғаны дұрыс болды. Себебі, олардың көбісінің төбесі аласа болғандықтан, еңкейіп тұруға тура келеді. Бұл әсіресе қыз балалар үшін өте ыңғайсыз болатын. Ал жаңа автобустар жолаушыларға барынша ыңғайлы, кең әрі биік.

4 Қабанбай ӘДІЛ, студент:

– Микроавтобустарға қарағанда автобустарда біз жол жүру билетімізді қолданамыз. Сондықтан, бізге жақсы болды. Тек, бір ғана өтініш – автобустар кешке ерте тоқтауын дағарса жақсы болар еді.

Сайт: www.zhetysu.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

▲ ШОЛУ: КӘСІПКЕРЛІК

ОТАНДЫҚ ӨНІМ әлеуеті қай деңгейде?



Өткен жылдың қараша айындағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ жұртшылықты әлемдік дағдарыс жағдайында отандық өнімдерді сатып алуға үндеу тастап, «Қазақстанда жасалған» акциясын жүргізуді тапсырды. Президент үндеуінен кейін «Қазақстан – 2050» жалпыұлттық қозғалысының белсенділері бірден ірі дүкен желілерімен және өндірушілермен келіссөз жүргізуді бастап кетті. Аталған қозғалыс үйымның акция өткізу туралы ұсынысын алашқылардың бірі болып облысымыздағы «SMALL» супермаркеттер желісі қолдап, отандық өндірушілердің өнімдері орналасқан сауда серелерінің тұсына «Қазақстанда жасалған» деп жазылған түрлі түсті белгі-тақтайшалар қойылды. Бұл қазақстандық өнімді ерекшелеп, сатып алушылар үшін тартымдылығын арттырды. Шындығында, аталмыш акция басталмай тұрып-ақ облыс әкімдігінің бастамасымен өндіргені жергілікті шаруа қожалықтарының өнімдерін тұрғындарға насихаттау мақсатында ауылшаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылып, кәсіпнелерінің тауарларын сатуға қолдау танытқалы бірнеше жыл болды. Ал Елбасы Үндеуінен кейін басталған «Қазақстанда жасалған» акциясы отандық тауар өндірушілерге үлкен қолдау болғаны сөзсіз. Десе де, бір сөреде қатар тұратын шетелдің бренд өнімдеріне қарағанда жергілікті тауарға деген жұрттың ықыласы әлі де төмен.

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Тәуелсіздіктің жиырма неше жылында қазақстандықтардың жеткен жетістігі аз болған жоқ. Әу баста сауда-саттықты негіз етіп кәсіп ашқан жерлестеріміз қазірдің өзінде іргелі өндірістердің тізгінін қолына ала бастады. Бірақ олар өз брендін қалыптастыру үшін әлі де біршама уақыт керек. Сондықтан міндетті түрде қытайдың жібегін, түріктің матасын, немістің машинесін, француздың әтірін, жапон мен көрістердің тұрмыстық техникасын қолдана тұруға тура келеді. Десе де, бұл жағдай отандық өндірушілер мен шетелдік кәсіпкерлер арасындағы бәсекелестікті күшейте түсті. Кім ырықты орында болса, нарықтың иегері сол болмақ.

«Әр нәрсенің екі жағы бар» дегендей, бәсекелестіктің дамуы тауар өнімділігін арттырудың мүмкіншілігін кеңейтумен қатар шетелдік өнімнің елімізге көптеп енуіне жол ашты. Ендеше тұтынушылар кімнің өнімі сапалы, көңілге қонымды болса, соны сатып алады. Бұл біздің кәсіпкерлердің алдында тұрған сын-сынақ. Мысалы, шетелдерде екі ғасыр бойы әйнек өндірісімен айналысқан қытайлық Ли әулеті, жарты ғасырға жуық компьютер техникасын өндірген американдық Билл Гейтс, машине бөлшектерін өндіретін германиялық Морган отбасы сияқты бір кәсіптің жолын ұстап, мұрагерлікпен дамыған кәсіпкерлер жетерлік. Сан жылдар бойы белгілі бір кәсіптің тетігін игеріп, негізін қалағандықтан олардың әлеуеті мығым, оңай шағыла қоятын жаңғақ емес. Олар өндірген тауар сапасы, өтімділігі, танымалдылығы жағынан отандық өнімді сан орайды. Осыдан-ақ бәсекелестік тұрғысынан отандастарымызға түсер салмақтың қаншалықты ауыр болатынын ойлай беріңіз. Бірақ қазақстандық кәсіпкерлер бүгін Қытайға, ертең Түркияға, одан ары Америкаға ұшып, тәжірибе жинап, жол іздеп жүр. Ал мемлекет тарапынан отандық кәсіпкерлерге жасалып отырған қолдау мен көмек, демеу жолдары да жетерлік. Ал осы бәсекелестікке біздің кәсіпкерлер қаншалықты дайын?

Жыл сайын елімізде көптеген іргелі кәсіпорындар іске қосылады. Өкінішке қарай, миллиардтаған қаржымен салынған өндірістің көбі болжаған қуаттылығына жетпей, жол ортада жұмысын тоқтатып, нарыққа шығаратын өнімін тапсырыс арқылы қытайлық немесе басқа шетелдік зауыттарда дайындап, қазақстандық сауда маркасымен саудалап жүргенін біреу білсе, біреу білмейді.

Бұл біреудің құлағына жағар, енді бірі таңғалатын шығар. Осы жайлы көзбен көрген бірнеше мысалды айта кетсем, артық болмас. Осыдан біраз жыл бұрын қойдың құлағына тағатын сырға жасайтын шағын цехта жұмыс істедім. Алғашында бірнеше адамды жұмысқа алып, жанталаса өнім шығарған цех біраз уақыттан кейін сырғаны қытайдан тапсырыс арқылы өндіретін жеңіл жолды тауып алды. Көп өтпей цехты жауып тынды. Бірақ қойдың құлағын сырғалау үшін жыл сайын миллиондаған қаржы бөлу әлі жалғасып келеді. Ал бірде Жаркент пен Көкталдың арасында Қытай шекарасынан кірген «КамАЗ» автокөлігінің құлап жатқанының үстінен түстік. Жол шетіне шашылып жатқан көлік толы «Сарыағаш» сусынын көріп, жағамызды ұстап: «Біз кімнің суын ішіп жүрміз?» деген ойға ырық беріп едік. Қазақстанның брендіне айналған сусынның сиқы осылай болса, күнделікті дастарқанымыздағы азық-түлік жайлы бас қатыру артықтау сияқты. Әрине, бұл жағдай аздаған адамның қаржысын молайтып, қалтасын қампайтатын шығар. «Көп адамның жұмыссыздыққа ұшырауына, елдің қаржысының шашылуына, экономикасының әлсіреуіне, техниканың тілін білетін жастардың жетілуіне тосқауыл болмай ма? Ертең ел арасына іріткі түсіп жатса, тісіміздің тістеп қалмаймыз ба?» деген суық ой сымдап шыға келеді. «Алдыңғы арба қалай жүрсе, соңғы арба солай жүредінің» кері келіп тұрған жоқ па?

Бір қуанарлығы, кейінгі жылдары алыс-жақын шетелдердің қазақстандық азық-түлікке деген қызығушылығы арта түсті. Бұған, біріншіден, қазақстандық өнімдердің әлемдік нарықтағы бағасының арзандығы, екіншіден, сапасының жоғарылығы себеп болып тұр. Кейінгі кезде ғаламтордан шетелдік кәсіпкерлердің үнғә өк қосып ағарту, бағасы қымбат жеңсік астарды арзан шикізаттардан дайындау, дәмдеуіштерді химиялық қосылыспен өндіретін жаға ұстатар жағдайларды жиі еститін болдық. Бұл адамдық тұрғыдан олардың пендешілігі десек те, кәсіптік тұрғыдан техниканың әлеуеттілігі жағынан қазақстандық кәсіпкерлер шетелдің деңгейіне жете алған жоқ. Сондықтан біздің өнімдер қауіпті қоспасыз, таза, сапалы өндіріліп жатыр. Осы жағдайдан хабардар шетелдіктер қазақстандық азық-түлік өнімдерін көптеп сатып алуға пейілді. Осындайда: «Шетелге сатылған сапалы тауардың орнын олардың сапасыз азық-түлігі толықтырып жатқан жоқ па? – деген сұрақ туындайды. Ендеше, кәсіпкерлерді шетелге экспорттайтын тауардың көлемін арттыруға дем берумен қатар денсаулыққа зиянды өнімдердің елімізге ағылуын қатаң қадағалау керек.

Осы тұста, отандық өнімнің ұлттық менталитетке қатысты түстарының көп болатынын айта кеткен жөн. Мысалы, біздің оюөрнектермен әспеттеліп, көздің жауын алатын киім-кешектеріміз той мен мереке-думанның ғана сәніне айналып келеді. Неге ұлттық киімдердің брендін қалыптастыра алмай келеміз? Түрік, қытай, кәріс, итальяндардікі сияқты күнделікті тұрмысқа үйлесімді ұлттық киім бізде неге тапшы? Осы жайлы сарапшылардың пікіріне сүйенсек, олар бұл жағдайға ұлттық мата өнеркәсібінің өркендемей отырғанын алға тартады. Әрине, мата өндірісі өнеркәсіптің қарапайым өңдеуші саласы болып табылғанымен оған өңдеуші ұлттың ішкі сезімі, ұлттық таным, халықтың пайымы, сүйіспеншілігі сіңіріледі екен. Кейінгі кезде қазақ шеберлерінің қолынан шыққан жүннен жасалған бұйымдардың сұранысы артып келеді. Бұл жоғарыдағы ойымызды дәлелдей түседі. Айтпақшы, осы күндері біз жастарды не болса соны киеді деп кінәлауға дайын тұрамыз. Түптеп келгенде, жастар да киімдігін жауып, көрдесін жалаңаштамай киінгісі келеді. Өкінішке қарай, базарда саудаланып жатқан киім-кешектің бәрі солай болса, жастарда не кінә? Қателіктің бәрі – киім-кешек өндірісін еркендетіп, қазақстандық талғамға сай өнім өндіріп бере алмаған отандық кәсіпкерліктің нашарлығында. Енді техникалық, энергетикалық, құрылыс заттары, машине бөлшектері, тағы басқа да ірі кәсіпкерлік тұрғысынан келгенде бүгін-ертең шетелдік іргелі кәсіпорындарды шаң қаптыратын өнім өндіреміз деу артық болар. Бірақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік индустриялды-инновациялық даму бағдарламасы аясында бірқатар жақсылықтың болатындығына күмән жоқ.

Кейде: «Еліміздегі кәсіпкерлерді кінәлай берудің қажеті шамалы» деп қаласың. Себебі, елімізде кәсіпкерліктің дамуына сара, салиқалы жол ашылды дегенмен де жетіспей жатқан тұстарымыз да жоқ емес. Бір сөзбен айтқанда, осы тұста мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған шараларды қайта ширату керек. Осыған дейін бірнеше рет Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен еліміздегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге мораторий жарияланғанын біледі. Ол кәсіпкерлердің түрлі тексерістерден босап, алаңсыз жұмыс істеуіне мүмкіндік бергенімен кәсіптенудің дамуына дағдыл жол аша алмай келеді. Тағы да кәсіп көзін ашып, шаруасын шалқытуды ойлаған жерлестеріміз үшін заңның сансыз тармағы қолбайлау болып тұр. Міне, осы маселе толық қарастырылғаны жөн. Сондай-ақ, Елбасы «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде шетелдерге шығаратын брендтік өнім дайындау керектігін тапсырды. Қазір оған да толық дайын емесміз. Мысалы, қытайлықтар шетелге тауар шығаратын кәсіпорындарды тұтастай салықтан босатумен бірге, шетелге шығарған өнімінің 13 пайызын мемлекет есебінен төлеп отырады. Былайша айтқанда, мұндай мүмкіндікке ие кәсіпорындар мемлекет үшін жұмыс атқарады. Есесіне, олардың қалтасына түсер ақшасы аз болғанымен қытайлық тауарлардың шетел базарын иеленуіне, тұтынушылардың қатарын көбейтуге көп септігі тиіп келеді. Бізде де сондай ынталандыру тетіктері ойластырылғаны дұрыс. Сонда ғана өнімізді өзге елде еркін саудалап, өндіріміздің өркендеуін тездетер едік.

ТАЯУ ЖӘНЕ АЛЫС ШЕТЕЛДЕРГЕ ШЫҒАРЫЛАТЫН ҚАЗАҚСТАН ЭКСПОРТЫ 2014 ЖЫЛЫ 78,2 МИЛЛИАРД АҚШ ДОЛЛАРЫН ҚҰРДЫ. МҰНЫҢ 16 МИЛЛИАРДЫ ИТАЛИЯ, 9,8 МИЛЛИАРДЫ ҚЫТАЙ, 8,7 МИЛЛИАРДЫ НИДЕРЛАНДТЫҢ ЕНШІСІНДЕ.

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША 1912 КӘСІПОРЫН 18,5 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕ КӨЛЕМІНДЕ ӨНІМ ӨНДІРДІ. МҰНЫҢ ІШІНДЕ ЖЕТІСУЛЫҚ 143 КӘСІПОРЫННЫҢ ДА ЕНШІСІ БАР.

ӨУ БАСТА САУДА-САТТЫҚТЫ НЕГІЗ ЕТІП КӘСІП АШҚАН ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ҚАЗІРДІҢ ӨЗІНДЕ ІРГЕЛІ ӨНДІРІСТЕРДІҢ ТІЗГІНІН ҚОЛЫНА АЛА БАСТАДЫ. БІРАҚ ОЛАР ӨЗ БРЕНДІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН ӘЛІ ДЕ БІРШАМА УАҚЫТ КЕРЕК.

▲ МӘСЛИХАТ ШЕШІМІ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ТАЛДЫҚОРҒАН, ТЕКЕЛІ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІНЕ АТАУ БЕРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЙТА АТАУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Республикалық ономастика комиссиясының 2014 жылғы 7 қыркүйектегі қорытындысы негізінде Алматы облысының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Талдықорған қаласының мына көшелеріне:
жаңа көше – Балқарағай көшесі;
жаңа көше – Бәйтерек көшесі;
жаңа көше – Астана көшесі;
жаңа көше – Тұран көшесі;
жаңа көше – Данабұлақ көшесі;
жаңа көше – Жастерек көшесі;
жаңа көше – Қыран көшесі;
жаңа көше – Жаскент көшесі;
жаңа көше – Қайнар көшесі;
жаңа көше – Сұңқар көшесі;
жаңа көше – Наурыз көшесі;
жаңа көше – Парасат көшесі;
жаңа көше – Бестерек көшесі;
жаңа көше – Арасан көшесі;
жаңа көше – Арқарды көшесі;
жаңа көше – Құлан көшесі;
жаңа көше – Қарағаш көшесі;
жаңа көше – Сарыбұлақ көшесі;
жаңа көше – Жарбұлақ көшесі;
жаңа көше – Матай көшесі;
жаңа көше – Асылтас көшесі;
жаңа көше – Жетікөл көшесі;
жаңа көше – Сұлутөр көшесі;
жаңа көше – Отжас Құлжабеков көшесі;
жаңа көше – Нұрила Жидебаева көшесі;
жаңа көше – Тәнеке Досетұлы көшесі;
жаңа көше – Шалбай Раймбеков көшесі;
жаңа көше – Шұғыла көшесі;
жаңа көше – Көксай көшесі;
жаңа көше – Аджил көшесі;
жаңа көше – Еламан көшесі;
жаңа көше – Шінелі көшесі;
жаңа көше – Тоқжайлау көшесі;
жаңа көше – Райымбек батыр көшесі;
И.Белов көшесі – Әбубакір Тыныбаев көшесі;
2. Текелі қаласының алаңы мен мына көшелеріне:
«П. Козлов» орталық алаңы – «Тәуелсіздік» алаңы;
Бауман көшесі – Ойқолық көшесі;
Горняцкая көшесі – Мынбұлақ көшесі;
Ключевая көшесі – Қайнар көшесі;
Лермонтов көшесі – Тұрар Рысқұлов көшесі;
Островский көшесі – күйші Дәулеткерей көшесі;
Подгорная көшесі – Бөктерлі көшесі;
С. Лазо көшесі – Ынтымақ көшесі;
Тимирязев көшесі – Күншығыс көшесі;
Западный көшесі – Батыс көшесі;
Ватутин көшесі – Ойсал көшесі;
Энергетиков көшесі – Жиделі көшесі;
Железнодорожная көшесі – Теміржол көшесі;
Ломоносов көшесі – Жүсіп Баласағұн көшесі;
Чкалов көшесі – Қасым хан көшесі;
Пархоменко көшесі – Маржантас көшесі;
Подхозная көшесі – Шұғыла көшесі;
Титов көшесі – Ертай Берікбаланов көшесі;
Октябрьский көшесі – Теректі көшесі;
Молодежный көшесі – Көктем көшесі;
Пионерский көшесі – Ұлан көшесі;
№ 1 көше – Шалқар көшесі;
№ 2 көше – Жетісу көшесі;
№ 3 көше – Бірлік көшесі;
№ 4 көше – Береке көшесі;
№ 5 көше – Алмалы көшесі деп атау берілсін және қайта аталсын.

3. Осы бірлескен Алматы облысы мәслихатының шешімі мен Алматы облысы әкімдігінің қаулысын әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді басылымдарда, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген интернет-ресурста жариялау Алматы облысының мәслихатына жүктелсін.

4. Осы бірлескен Алматы облысы мәслихатының шешімі мен Алматы облысы әкімдігі қаулысының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б. Өнербаевқа (келісім бойынша) жүктелсін.

5. Осы бірлескен Алматы облысы мәслихатының шешімі мен Алматы облысы әкімдігінің қаулысы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі
А. БАТАЛОВ.
Алматы облысы мәслихаты сессиясының төрағасы
Қ. ДӘҢСЕБАЕВ.
Алматы облысы мәслихатының хатшысы
Е. КЕЛЕМСЕИТ.

▲ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Жетісудың шұрайлы жерлерінің бірі – Үйгентас. Ертеде Қабанбай бастаған қол жоңғарларды тұтқынға түсіргенде, қазақ батырлары өзара кеңесіп, оларды қазақ даласына қайта келместей етуді ұйғарған деседі. Жоңғарлар үлкен бір шұңқырға өздері көтере алатын бір-бір тасты тастап, енді қайтып осы шекарадан өтпеуге ант берсін деген шешімге келеді. Жаудың көп болғаны соншалық, үйілген тас тауға айналады. Осы жер «Үйгентас» деп аталған деген аңыз бар.

ҮЙГЕНТАС өңірінің байлығы

Осы өңірде орналасқан Жоңғар Алатауы табиғатымыздың байлығы. Еліміздің шығыс бөлігінде жатқан тау сілемі солтүстігіндегі Алакөл қазаншұңқыры мен оңтүстігіндегі Іле өзені арнасының аралығында созылып жатыр. Тау жүлгесінің ұзындығы 450 шақырымға, ені 100-200 шақырымға дейін жетеді. Батысында Көксу мен шығысында Буратал өзендері кесіп өтетін екі бөлік Солтүстік және Оңтүстік Жоңғар Алатауы деп аталатын екі үлкен тау жотасын құрайды. Қыста қар қалың жауады, ал тау шыңдарындағы мұздықтардан ірілі-ұсақты өзендер бастау алады. Тау бөктерінде 200-ден астам дәрілік шөп өседі. Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген сирек кездесетін және жойылу қаупі бар сиверс алмасы, сепкілгүл, жоңғар тасшөбі сияқты өсімдіктермен бірге әлемнің еш жерінде өспейтін өсімдіктердің 76 түрі осы тау қырқаларында өседі. Бұл өңір сондай-ақ, кәдімгі өрік, кәдімгі бөрікарақат, дөңгелек жемісті бөрікарақат, Тяньшань шиесі, Альберт итмұрыны, Мейер қарақаты сынды жабайы жеміс-жидектің каптеген түрімен ерекшеленеді. Аймақ таулы агроландшафтурлілікке бағытталған маңызды орталық болып табылады. Оның 1,5 пайызын сиверс алмасы алқаптары алып жатыр. Бұл – әлемдегі барлық алма сорттарының атасы. Сондықтан оны ерекше қорғау қажет. Алма ағаштарының жаңа сорттарын жасауда таптырмайтын әлемдік маңызы бар генетикалық ресурс көздері саналатын бірегей алма ағаштарының қалпына келтірілуі мен сақталуына бүгінгі таңда ерекше көңіл бөлінуде. Қазіргі уақытта жабайы жеміс алқаптарын сақтап қалу проблемасы ұлттық шеңберден шығып ғаламдық сипат алуда.

Биік шыңдарда тасты жарып өскен әсем қарағайы, мың бұралған ақ қайыңы мен тал-теректері, дәмі таңдайдан кетпейтін қарақаты, бүлдіргені, таңқурайы, доланасы, алмасы, сыңғырлаған мөлдір бұлақтары көрген адамды тамсандырып, өзіндік ерекшеліктерімен тәнті етеді. Бүгінде елге, жерге көрік беріп тұрған орман-тоғай мен аң-құстарды қорғау үшін мемлекет қарауына алынып, табиғатты қорғау, өсіресе, ормандағы жасыл желектің оталуына жол бермеу қолға алынған. Табиғатты қорғап, сақтауға үлес қосу мақсатында құрылған мемлекеттік мекемелердің бірі – «Үйгентас орман шаруашылығы» мемлекеттік мекемесі. Бұл мекемеге бекітілген жалпы жер көлемі – 76402 гектар. Оның ішінде орманды алқап – 17665 гектар. Шаруашылықта 62 адам еңбек етеді.

Мекеменің негізгі міндеті – мемлекеттік орман қорының аумағы мен орман қорын өрттен, ағаштарды заңсыз кесуден сақтау, орман қорын көбейтіп, еркінше өсуіне жағдай жасау. Осынау орман қорларын қорғауды күшейту бағытында мекеме тарапынан атқарылатын іс-шаралар жыл басында талқыланып, бекітіледі. Сондай-ақ, түрлі іс-шаралар нәтижесінде ормандағы болатын өрттің алдын алуда ерт сөндіруді ұйымдастыру штабының жедел топтары, ерікті өрт сөндіру жасақтары құрылады. Орман зандылықтарына байланысты орман күзеті қызметкерлері орман алқаптарымен шектес орналасқан фермерлік шаруашылықтар және елді мекендердегі тұрғындар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Осыған орай, жеке құрам мүшелері және орман күзеті қызметтік міндеттерін орындау мақсатында техникалық қауіпсіздік және орман өрттерін сөндіру тәсілдері бойынша арнайы бағдарламаға құрылған түрлі оқу-жаттығу сынақтарын өткізеді. Адам – табиғаттың ажырамас бөлігі. Табиғатты қорғау, аялау – әр адамның міндеті. Бабаларымыз аманаттап кеткен ұланғайыр даламыздың әр талы мен тасы, бауырында өріп жүрген аң-құстары – баға жетпес байлығымыз. Біз үшін қоршаған ортамыздың тазалығы, сұлу табиғатымыздың адамзатқа берері әлі көп. Сондықтан сұлу табиғатымызды көздің қарашығындай сақтап, қорғау – баршамыздың қастерлі борышымыз!

Ержан БАКУАШЕВ,
«Үйгентас орман шаруашылығы» мемлекеттік мекемесі орман шаруашылығының маманы.

Әлем тынысы

Пан Ги Мунның сапарын доғартты



Пхеньян БҰҰ бас хатшысы Пан Ги Мунның Солтүстік Кореяға жоспарлаған сапарын ақ астынан доғартты. Пан Ги Мунның баспасөз хатшысының хабарлауынша, бұл туралы Пхеньян кеше хабарлаған.

"Бүгін таңертең Корей Халық Демократиялық Республикасы билігі дипломатиялық арналары арқылы менің Кэсон индустриялық кешеніне сапарымды доғаратындарын хабарлады" деді 20 мамырда Пан Ги Мун Сеулде. "Соңғы сәттегі шешімнің себебін айтпады" деген БҰҰ бас хатшысы Пхеньянның бұл қадамын "өте өкінішті" деп атады.

Оңтүстік Корея дипломаты Пан Ги Мун Сеул мен Пхеньян бірігіп басқаратын Кэсон кешенін осы апта басында "Қос Корея үшін үлгілі модель болды" деп бағалаған. "Кэсон Оңтүстік Корея мен Солтүстік Кореяның артықшылықтарын өзара бір-бірін толықтырып негізінде пайдаланудың ерекше жолын бейнелейді" деді Пан Ги Мун.

БҰҰ бас хатшысы бұған қоса Сеул мен Пхеньян арасындағы қарым-қатынасты жақсарту үшін бар күшін жұмсауға ниетті екенін де айтты.

Алжирде 22 содыр қаза тапты



Алжирде ел астанасынан 100 шақырым қашықтықта жүргізілген арнайы операция барысында 22 қарулы содырдың көзі жойылды.

Алжир қорғаныс министрлігінің хабарлауынша, әскерилер содырлардан автоматтар, оқ-дәрілер мен басқа да қару-жарақтар тәркілеген. 1990 жылдары Алжирде содырлар жасайтын зорлық-зомбылық саны күрт артқан. Қарулы топтар елдің орталық және шығыс аймақтарында әлі де ерекет етеді. Бұл елде биыл жыл басынан бері 56 содырдың көзі жойылды.

Дональд Туск пікірі



Еуропа кеңесінің президенті Дональд Тусктің сөзінше, Грузия, Молдова және Украинаның Еуропа Одағына кіруді армандауына хақы бар.

Бірақ Туск мұндай интеграцияның болашағына қатысты қазір ешнәрсе айтпайтынын жеткізді. Мамырдың 21-22-сінде Ригада өтетін ЕО-ның Шығыс әріптестік елдері саммиті қарсаңында Азаттыққа берген сұхбатында Туск Шығыс әріптестігі бағдарламасы бұл елдерді ЕО-ға кіргізуді ешқашан мақсат етпегенін, бірақ Киев, Тбилиси және Кишиневтің "еуропалық болуды армандауға құқығы барын" айтты.

Ригадағы кездесу қарсаңында үш ел үкіметі ЕО-ны өздерінің одаққа кіруіне қатысты кесімді жауабын бермеді деп айыптаған. ЕО-ның бірқатар мемлекеті Шығыс әріптестігі елдерінің ЕО-ға үмітшілу туралы тілектерін саммиттің қорытынды қарарына қосуға ниетті емес.

Польша премьер-министрі болып тұрғанында Дональд Туск Әзербайжан, Армения, Беларусь, Грузия, Молдова және Украина қатысатын Шығыс әріптестігі бағдарламасын белсенді түрде қолдаған. Туск қазір өзінің ЕО кеңесінің президенті ретіндегі мандаті бұл елдердің болашақтағы үмітіне бақылау жасау екенін айтады.

Киев ұсталған ресейліктерді босатсын



Мәскеу Киевтен Донбаста ұсталған ресейліктерді дереу босатуды талап етті. Ресей қорғаныс министрлігі кеше кешке украин әскерилері сепаратистермен қақтығыс жүріп жатқан Луганск облысында тұтқынға алған екі адамның ресейлік азаматтар екенін растаған.

Бірақ министрліктің ресми өкілі, генерал-майор Игорь Конашенковтың айтуынша, ресейліктер "тұтқынға түскенге дейін-ақ Ресей қарулы күштері қатарынан шығарылған".

"Біз Украина жағының ақпаратын тексердік. Қолға түскендер бұған дейін расымен Ресейдің бір әскери бөлімінде қызмет еткен және әскери дайындықтан өткен" деді Конашенко. Оның сөзінше, арнайы әскер ардагерлері ассоциациясының басшылығы министрлікке "жаралы жолдастарын" босатуға жәрдемдесуді сұрап өтініш білдірген.

Киев жағы тұтқынға түскендер - "Ресей бас барлау басқармасы арнайы жасағының сарбаздары" деп мәлімдеген. Мамырдың 17-сінде украиналық ақпарат құралдарында видео жарияланып, онда тұтқынға алынғандардың бірі тергеу кезінде өзін Ресейдің Тольятти қаласынан келген Ресей қарулы күштерінің сержантымын деп таныстырады.

Украина қауіпсіздік қызметінің басшысы Валентин Наливайченко кеше екі сарбазға қарсы "террористік әрекет жасады" және "террористік сипаттағы қылмыс жасады" деген айыптар тағылатынын мәлімдеген.

Кремль Украина шығысында ресейлік әскерилер соғысып жүргенін жоққа шығарады. Бірақ Донбастағы қақтығысқа Ресей әскерінің қатысуын зерттеп жүрген ақпарат құралдары ресейлік әскерилер Украинаға жөнелтілетінінің алдында запасқа шығарылып жіберілетінін бірнеше рет хабарлаған. Мұндай мәлімет көбінесе қастандықтан қаза тапқан оппозициялық саясаткер Борис Немцовтың "Путин. Соғыс" деп аталатын зерттеу есебінде жиі келтірілген.

Таллин-Мәскеу теміржол қатынасы тоқтады



Сұраныстың азаюынан Ресей мен Эстония арасындағы теміржолмен жолаушылар қатынасы тоқтады. Эстониялық ақпарат құралдарының хабарлауынша, мұндай жағдай соңғы 65 жылдан бері бірінші рет болып отыр.

Эстонияның GoRail теміржол компаниясының өкілі Керсти Горстовтың айтуына қарағанда, соңғы пойыз Мәскеуден Таллинге 19 мамыр күні келіп жеткен.

Еуропа Одағының Мәскеуге салған санкциялары Ресейден Эстонияға қатынайтын жолаушылар санын күрт азайтып жіберген. Санкция салдарынан Таллин-Мәскеу бағыты экономикалық жағынан тиімсіз болып қалған.

Таллин мен Мәскеу арасында жолаушылар тасымалдаумен 1998 жылдан бері айналысып келе жатқан GoRail компаниясы осы айдың басында Эстониядан Санкт-Петербургке де теміржол қатынасы тоқтатылғанын хабарлаған.

■ ОБЛЫС ӘКІМІ ПОЧТАСЫНАН

Басқару мұраты: БИЛІК пен БҰҚАРА

Облыс әкімдігінің zhetysu-gov.kz сайтындағы Алматы облысының әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ жеке блогына келіп түскен сауалдар мен оларға берілген жауаптардың бірқатарын оқырман назарына ұсынамыз.

Психолог мамандығы бойынша жұмыс кажет

– Сәлеметсіздер ме! Мен Алматы қаласындағы Орталық Азия Университетін психолог мамандығы бойынша 2009 жылы аяқтадым. Дипломыма сәйкес Алматы қаласындағы № 60 балабақшада жұмыс істедім. Бірақ отбасылық жағдайыма байланысты ауылға қайтуға мәжбүр болдым. Қазір жұмыссызбын, мамандығыма сай жұмыс тауып беруге көмектессеңіздер екен, сіздерден көмек күтемін.

Газиза БАРАТОВА.
Панфилов ауданы, Үлкеншыған ауылы.

– Құрметті Газиза! Панфилов ауданы Нұркент ауылындағы «Арай» балабақшасының психологы отбасы жағдайымен жұмыстан кетуіне байланысты 2015 жылдың маусым айынан бастап аталған балабақшаға жұмысқа орналаса аласыз. Осыған байланысты тиісті органға хабарласуыңызға болады.

Тамшылатып суару құрылғысы қымбатқа түсіп тұр

– Құрметті Амандық Габбасұлы, бүгінгі күні Алматы облысының қант қызылшасын өсіру мен өндірудегі алдыңғы қатарлы облыс мәртебесін қайта жаңғырту – өзекті мәселелердің бірі. Мұнай бағасы төмендегеннен кейін біздің басым бөлігі шикізатқа негізделген экономикамыз тіпті мұнай өндеудің өзі бұрынғыдан жақсарта түсуді қажет ететінін байқатты. Алда жаңа технологияларға ден қоюға, әсіресе, ауылшаруашылығына жаңа инновациялық технологияларды енгізуге мүдделі болуымыз керек.

Мен жемнің атынан хат жазып отырмын. Ол бұрыннан бері ауылшаруашылығымен айналысады, қазіргі кезде қант қызылшасын тамшылатып суару ісіне белсене кіріскісі келеді. Дәстүрлі тәсілмен суарғанда қант қызылшасының жұмысы өте көп, жүгі ауыр – бірінші шоптеу, екінші шоптеу, т.б. және оған адам ресурсы қажет. Ал ауылдарда, өзіңіз білесіз, жұмыс істейтін адам ресурсы жеткіліксіз, оған қоса өнімділігі гектарына ең көп дегенде 25-30 тонна, ал тамшылатып суару тәсілін қолданғандағы өнімділік орта есеппен 1 гектарына 90 тоннадан асады. Бұл тәсіл жердің тарлығынан алқапты неғұрлым тиімді қолдану, мал өнім азуды мақсат еткен Израильде кеңінен қолданылған.

Біздің ілгі (азық, бұл 3000 гектар қант қызылшасын себуді, 100 мың тонна өнім жинауды жоспарлап отырсыз. Мұндай өнімге қол жеткізу үшін 1 гектарынан орта есеппен 25 тонна алу қажет. Менің әкем израильдіктермен сөйлесті, бірақ нәтижесіз, себебі құрал-жабдықтары өте қымбат және алдын ала төлем сұрайды. Мұнан соң ол Қытайдан дәл сондай құрал-жабдықтарды 50 мың долларға тапты, оған қоса олар жабдықтарды өздері әкеліп орнатып, біздің мамандарды оқытып береді екен. Бірақ бізде дәл қазір ондай ақша жоқ. Өнім жинайтын кезде есептескеңе олар көнбеді, ал кепілге қоятын тағы ештеңе жоқ. Осы орайда мен әкеме мемлекеттік органдардан көмек сұрап көруді ұсындым. Кейін бұл тәсілді озық үлгі ретінде басқа да шаруашылықтарға таратуға болады ғой. Бұл әдіс табиғи катаклизмаларға төуелді болудан құтқарар еді (құрғақшылық т.б.) Сіздер қолдау көрсетеді деп сенемін.

Жанар САНЗЫБАЕВА .
Сарқан ауданы, Бақалы ауылы.

– Ауылшаруашылығына жаңа технологияны енгізу – расында да бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Сондықтан мемлекет өз тарапынан АӨК дамуын инвестициялық жобаларды қаржыландыру («КазАгро» ҰБХ» АҚ қаржылық институттары арқылы) негізінде ынталандыруды жүзеге асырып келеді. Соның ішінде ауылшаруашылығы техникалары мен құрал-жабдықтарын сатып алу, айналымдағы қаржысын толықтыру, негізгі қаржыны табу, тамшылатып суару жүйесін қолдану арқылы жеміс-көкөніс өндірісін дамыту, ауылдық несиелік серіктестіктерді, ауылдық тұтыну кооперативтерін және микрокредиттік ұйымдарды несиелеу де бар. Аталған шаралардан басқа тамшылатып суару жүйесін қаржыландыру жолымен мемлекеттік қолдау жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 421 қаулысымен бекітілген агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің инвестиция салу кезінде шеккен шығындарының бөлігін өтеу бойынша субсидиялау ережесінде шығын көлемінің 30 пайыздан кем емес көлемі деп көрсетілген.

Тамшылатып суару құрал-жабдықтарын сатып алу үшін несие алуға қатысты мәселені толық қарастыру үшін Сіз төмендегі мекенжайға және телефон нөміріне хабарласуыңызға болады.

Несиелік институттар мекенжайы:

1. «КазАгро» ҰБХ» АҚ тел:. **8-7172 705-600** Астана қ.

2. «КазАгроФинанс» АҚ тел. **8-7172 580-437, 580-438** Талдықорған филиалы тел:. **8-7282 59-44-04.**

3. «Аграрлық несиелеу корпорациясы» АҚ тел. **8-7172 591-591, 591-489** Астана қ.Алматы филиалы тел:. **8-7272 272-121.**

4. «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ тел:. **8-7172 678-252, 678-243** Астана қ. Алматы филиалы тел:. **8-7273 341-969; 341-968**

Биыл қызылша өсіретін бес ауданда жалпы көлемі 4 мың га. алқапқа қант қызылшасы себілді. Көксу қант зауыты қазіргі уақытта жөндеуден өткізілуде. Күзде өнім қабылдайтын болады.

Ауыл квотасы неге міндеттейді?

– Құрметті Амандық Габбасұлы! Менің сұрағым ауыл квотасына қатысты. Ауыл квотасы деген – менің түсінігімше, ауылдан барған балаларға көмек ретінде берілетін басымдық. Сол ауыл квотасымен жоғары оқу орнын бітірген соң ауылда міндетті түрде жұмыс істеу керек пе? Егер ауылда жұмыс істемесе үкіметтің ақшасы деп қайтарыла ма? Жауап беріп жатсаңыз, алдын ала рахмет.

Динара ШЕШЕНГЕЛДИНОВА.
Талдықорған қаласы.

– Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 26-бабының 8-тармағының 3-тармақшасы негізінде ауыл жастары арасының шыққан азаматтар үшін квота көзделген. Осы заңның 4-бабы 22-2 тармағы және 47-бабы 17-тармағында квота шегінде оқуға түскен ауыл жастары кемінде үш жыл оқып шыққан саласы бойынша жұмысты өтеуге міндетті деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 04.07.2014 №769 Қаулысына сәйкес азаматтардың жұмысты өтеуі жөніндегі тәртібін бізім беру саласындағы уәкілетті орган сенім білдірген агент анықтайды.

Балама жеке сәйкестендіру нөмірін қалай аламын?

– Құрметті әкім! Егер басқа мемлекеттен келген қазақтар, яғни оралмандар қазақ жеріне келгеннен кейін перзенті болса, бірақ өздерінде азаматтық болмаса, онда сол туған балаға ИНН нөмері берілуі керек пе? Берілетін болса қалай және қай жерден алады? Берілмесе осы турасында қандай зан бар және қай тармағында? Жауабыңызды күтемін.

РАЙЛА.
Еңбекшіқазақ ауданы, Бәйдібек ауылы.

– Бұл мәселе Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеудің кейбір мәселелері туралы» бұйрығының 82-бабында көрсетілген. Осы бапқа сәйкес, балаларға ЖСН (ИИН) генерациялау үшін ата-аналарының бірі (заңды өкілі) балалардың тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын азаматтарды тіркеу кітабын, не болмаса мекенжай анықтамасын, туу туралы куәлік пен ата-анасының (заңды өкілінің) бірінің жеке куәлігін ұсынады.

Құрылысты рұқсатпен жүргізіп жатыр ма?

– Селекцияға бара жатқан жолда өзен маңында (19 шақырым) газ құбыры мен қоршау арасында радиолокациялық алаң бар. Сол жерде тұрғын үй құрылысы жүріп жатыр (газ құбыры мен қоршауға етене жақын). Норма бойынша мұнда құрылыс жүргізуге болмайды, сонда неліктен бұл жерге тұрғын үй салынып жатыр?

Вера МОРОЗОВА.
Қарасай ауданы.

Ортақ мәселелерге алаңдаушылық білдіріп, азаматтық белсенділік танытқаныңыз үшін ризашылығымды білдіремін.

МСҚИ бөлімінің тексеруі барысында сіз айтып отырған мекенжайда тұрғын үй құрылысы құрылыс-монтаж жұмыстарына рұқсат ету құжаттарынсыз жүргізіліп жатқаны анықталды. 2015 жылғы 20 мамырда құрылыс-монтаж жұмыстарын тоқтату және нысанның рұқсат және орындау техникалық құжаттарын ұсыну туралы № 730 және № 731 ұйғарым берілді.

Қосымша үстемақы қашан төленеді?

– Құрметті, Амандық Габбасұлы!

Панфилов ауданының бір топ педагог қызметкерлері 2014 жылдың желтоқсан айында деңгейлік курстың екінші деңгейі бойынша сертификат алдық. Қаңтар айының 14-і күні облысқа бекіту үшін аудандық қаржы бөліміне сертификат көшірмелерін өткізгенбіз. Ақпан айынан бастап төленеді, қаңтар айына үлгермейді деген, бірақ та сол қосымша 70 пайыздық үстемені әлі алмадық. Одан бері бірнеше ай мерзім өтті, енді жақында еңбек демалысына шығамыз, сонда қосымша үстеме төленбей қалуы да мүмкін ғой. Соның анығын білір берсеңіз.

ГҮЛНАЗ.
Панфилов ауданы.

– Деңгейлік курстан өткен педагог қызметкерлерге республикалық бюджеттен қосымша ай сайын төленетін үстемақының жетпеуіне байланысты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне қажетті қаржыны жылдың соңғы айларынан жылжытуға сұраныс берілді. Сұраныс қабылданған жағдайда үстемақы 2015 жылдың маусым айында төлеу жоспарлануда.

Құраған ағаштар үшін кім жауапты?

– Түймебаев-айналма жол бойында ағаштарды алып тастап жатыр. Орнына жас көшеттер отырғызып жатқан жоқ. «Қазпошта» мен қоймалардың маңында ағаштар мазут секілді қап-қара судан құран қалуда. Құраған жасыл желек үшін ешкім жауап бермей ме?

АИДА.
Іле ауданы, Түймебаев ауылы

– Түймебаев – айналма жол трассасының автожолы облыстық маңыздағы жолға жатады. 2003 жылғы 8 маусымдағы № 477 Қазақстан Республикасының Орман кодексінің 87-бабына сәйкес автожолдардың бөлінген алабында отырғызылған көшеттерді күзету, қорғау мен пайдалануды сол жерде орналаскан жер пайдаланушылар жүзеге асырады. Соған сәйкес ағаштарды құлату мен құраған ағаштарды кесуге рұқсатты «КазАвтоЖол» АҚ уәкілетті органы мен «Алматы облыстық автомобиль жолдары және жолаушылар тасымалы» мемлекеттік мекемесі береді.

Құрамында Қаскелең орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары Г. Бердібаев пен орман дақылдарының инженері А. Есембаева бар комиссия 2015 жылғы 19 мамырда аталған жерге барып, ағаштарды заңсыз кесу фактісі бойынша тексеру жүргізді. Тексеру барысында хатта айтылғандай, ағаштарды рұқсатсыз кесу орын алғаны анықталды. Ағаштарды заңсыз кесу жөніндегі материалдар құзық қорғау органдарына жіберілді. Жасыл желек кесілген орындар тегістеліп, қиыршық тастар төселді.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

■ 5 РЕФОРМА ЖӘНЕ 100 ҚАДАМ

19-қадам

СУДЬЯЛАРДЫҢ ЕСЕП БЕРУ ТӘРТІБІН КҮШЕЙТУ. СУДЬЯЛАРДЫҢ ЖАҢА ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІН жасау, соның негізінде азаматтар судьялардың әрекеттері бойынша еліміздің Жоғарғы Сотының жанынан құрылған арнайы Сот Алқасына шағымдана алатын болу керек.



Бақытжолді ТҰРЛЫБЕКОВ, Алматы облысының №1 комелетке талмағаидырлын істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамы негізінен «2050 – Стратегиясын» жүзеге асыруға және Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға мүмкіндік береді. Еліміздің алдына қойған үлкен жоспары ретінде бұл халқымыздың ел-ауқатын, әлеуметтік-экономикалық ахуалын көтеруге жасалып жатқан амалдардың бірі. Сол нақты 100 қадамға кірген сот жүйесіндегі реформаны ерекше айтуға болады. Өйткені сот жүйесіне тигізер оң ықпалы, әсері үлкен болмақ.

Сот жүйесін жетілдіреді

Ең алдымен сот жүйесінің құрылымы өзгереді. Қазіргі күні облыстық және Астана, Алматы қалалық соттарында қылмыстық істер мен азаматтық-әкімшілік істерді қарайтын екі алқа және кассациялық алқа бар. Енді соңғы кассациялық алқа облыстық соттан алынып, Жоғарғы соттың күзетіне берілмеңіз. Өйткені, апелляциялық алқа мен кассациялық алқа бір адамның төрағалығында болмауы керек. Бұл әдетте шешімге әсер етіп, адам тағдырын толкек етуі мүмкін. Сондықтан екі алқа белек сот болуы қарастырылуда. Мине, ең үлкен мәселе осы. Қазір осы бағытта жұмыс жасалып жатыр. Елбасы өзінің 5 институттық реформасының екіншісі ретінде заңның үстемдігін қамтамасыз етуді бекерден бекер алып отырған жоқ. Алдағы уақытта бес сатылы сот жүйесі үш сатылы сот төрелігіне көшеді. Яғни, кейбір жылы Құдай қаласа, осы бағытта жұмыс істейтін боламыз.

Одан кейін айта кететін тағы бір мәселе – сот қызметкерлерінің, судьялардың жалақысы, зейнетақысы. Бөрмизге белгілі, көпшілктің түсінігі бойынша соттардың айлық еңбекақысы көп деп айтылады. Шынын айтқанда, бүгінгі күні сот қызметкерлерінің жалақысы ішкі істер органдары мен прокуратура мамандарының алатын жалақысынан әлдекайда төмен болып қалды. Сондықтан бұл мәселен депутаттар айтып, талқыланып өтті. Тіпті, соттардың жалақысын көтеру керек, сонда сыбайлас жемқорлықтан құтыламыз деген пікір де айтылып қалды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының бүгінгі күні алдыға қойып отырған міндеттерінің бірі – халықтың алдында соттың беделін көтеру. Бұл Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың идеясымен үндес. Халық, сотқа неғұрлым сенсе, неғұрлым жүгінсе, дау-дамайдың бері сот арқылы шешілп жатса ең арадағы байланысты нығайтып, сот беделін арттыра түсері анық.

Жалпы сот жүйесінің ашықтығын, жариялылығын, ықшамдығын үсынып, халыққа қолжетімділігін дамыта түсіне қоғамдағы әділеттілік үстемдік алады. Бұл әділеттілік қазір жоқ деген сөз емес. Дегенмен, халық, айтқан кемшіліктердің барлығын жоққа шығара алмаймыз. Соны болдырмау бірінші міндетіміз. Президенттің де алға қойып отырған 100 қадамның ең негізгі түйіні сот жүйесін жетілдіру, сот беделін көтеру. Сондықтан да жаңа бағдарлама бойынша сотқа сұды болып қызмет істейтін талаптерді іріктеу мәселесі жаңа деңгейде ұсынылып отыр. Себебі, бұған дейін 25 жасқа толған талапкер аттестациялық іріктеуден өтіп, алты айға дейін соттарда жұмыс істеген жағдайда судьялық қызметке орналаса алатын. Енді іріктеу 30 жасқа дейін көтеріліп отыр. Бұл оң мен сопын таныл, қалыптасқан, ақыл тоқтатқан, отбасылы, бала тәрбиесін білетін адамның ғана судья бола алатынын білдіреді. Жалпы, судьялыққа барлық заңгердің ерісі бар. Бірақ Президент қойған межеде судьяның міндетті түрде 5 жыл сотта қызмет етуі керектігі анық айтылған. Меніше, бұл ең дұрыс шешім. Өйткені осы уақытқа дейін полиция, адвокат, заңгерлер, прокуратура қызметкерлері судьялық лауазымға өтіп келсе, енді тек талап бұрынғыдан да жоғары болады. Содан өткендер ғана судья болып қызмет істей алады. Бұның өзі қоғамның жегіқұрты саналатын сыбайлас жемқорлықты жоюға, дау-дамайды шешуде орын алатын сенімсіздікті сейілтеді. Жұмыс сапасын көтереді. Яғни, нақты 100 қадам сот жүйесін бастан-аяқ өзгертуге мүмкіндік беріп, жетілдіре түсері анық.

Бұрынғы тарихымызға көз жүгіртер болсақ, сайын даладағы әділеттілікті билер орнатқанын көреміз. Тілге шешен, дүниетанымы кең, даналығы терең, көрегек көзі ашық адамды халық би сайлап, құрметін асырған. Яғни таңдап алған. Сол тұста үлкен даулар, қылмыстық даулар мен азаматтық даулар шешімін тауып, екі жақ та риза болып тарасатын. Қазіргідей технологияның арқасында дамыған, адамдардың қабілет-қарымының ерте жастан ашылатын заманында өмір ағысы да жылдам жүруде. Бүгінгінің бәрі – судья өсіп-өркендеп, дамып бара жатқан мемлекетімздің үрдісіне ілесуі, өзгеленіп, ағымына үйлесуі керек. Тіпті, кейінгі жастардың алдындағы жүріп жол көрсетуі тіс. Мине, нақты 100 қадамның бойында қойылып отырған талап осындай. Осы бағытта біздің облыста да дайындық жұмыстары жүріп жатыр. Оның нәтижесін алдағы уақыт көрсетеді.

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ

Сот төрелігі көз келген азамат үшін ашық әрі қолжетімді болады. Бұдан былай біздің елдің бес сатылы сот жүйесі үш сатылы сот төрелігіне көшеді. Сонымен бірге, судья лауазымына қойылатын біліктілік талабы күшейтіледі. Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ бес халықтық реформаны жүзеге асыруға бағытталған 16-шы қадамын сот жүйесін жетілдіруге арнаған.

Бүгінде азаматтар бес сатылы сот жүйесімен, атап айтқанда, бірінші, апелляциялық, кассациялық, қадағалау және қайта қадағалау жұмыстары бойынша зан көмегіне сүйенді. Мұндай көпсатылы сот белгілі бір деңгейде тұрғындардың зан үстемдігіне деген қолжетімділігін төмендетуі мүмкін. Сол себепті, сот жүйесіндегі саты санын қысқартып, бірінші, апелляциялық және кассациялық сот төрелігіне көшудің маңызы зор. Нәтижесінде, мемлекетте әділетті сот жүйесі орнап, азаматтардың сенімі нығая түсері сөзсіз.

Елбасының баса назар аударған түсы – судья лауазымына кандидаттарды іріктеу кезінде қойылатын талап. Әсіресе, сот істерін жүргізуде судьяның бес жылдық еңбек өтілінің болуы міндетті. Сондай-ақ, олар кәсіби дағдысын шыңдау үшін жыл тест тапсырып отырады. Ал судьялыққа үміткер мамандар міндетті түрде бір жылдық тағылымдамадан, одан кейін тағы да бір жылдық сынақ мерзімінен өтуі тиіс.

Бес халықтық реформаны жүзеге асыру тек сот төрелігімен шектелп қалмайды. Мемлекет басшысы 19-шы қадамда судьялардың есеп беру тәртібіне қатаң талап қояды. Оның ішінде, атап өтерлігі – судьялардың жаңа этикалық кодексін жасау. Мұндай реформа біздің азаматтардың сот алқасына шағымдануына тікелей жол ашады. Бұдан былай сот үдерісі теріс бейнетаспаға түсіріледі әрі бейнематериалдарды судья түзей алмайды. Елбасы ел игілігі үшін жасалған бұл міндетті өзінің 20-шы қадамында жүктейді. Бір сөзбен айтқанда, халықтық реформаны тиімді жүзеге асыруға арналған 100 қадамның екінші саласы тұтас сот жүйесі мен полиция қызметін жетілдіруге бағытталады.

Алтай АЕНОВ,
Талдықорған қалалық сотының судьясы.

Туризмге қолдау мол

Қазіргі таңда Қазақстан сөулеті дәулетіне сай, іргесі берік, әлемде мерейі үстем болған мемлекеттердің қатарына қосылды. Осы сара жолдағы көшіміздің ілгері жылжуының бірден-бір кепілі мемлекеттік саясаттың сәтті жалғасын табуында деп білемін. Алдағы уақыттағы жұмыс ретіде ауқымды. Алдымызда «EXPO – 2017» халықаралық байқауын өткізу міндеті тұр. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы дамушы ел ретінде өзінің әлеуетін жеткен биігінен әлсіретіп алмауы керек. Бұл үшін ел дамуына тиімді бағдардан ажырап қалмағанымыз дұрыс.

Соның бірі өңірдің туризм саласын дамыту Бұл Елбасының экономиканы әртараптандыруға негізделген индустрияландыру және экономикалық өсім деп аталатын үшінші бағыттағы реформасының тараптарына-сай келеді. Қазіргі осы салада атқарылып жатқан жұмыс жеткілікті. Статистикалық мәліметке жүгінсек, дүниежүзінде әр жылы туристік сала бойынша 75 миллион жұмыс орны ашылады екен. Ендеше, осы кәсіптен түсетін қаржы көлемінің мөлшерін есептей беріңіз. Кіріс көзі жағынан автомобиль және мұнай өндіру саласынан кейін үшінші орынға тұратын елеуетті саланың еліміздегі, әсіресе, облысымыздағы туризм сапасы жақсы дамып келеді. Атап айтар болсақ, облыста туристерді қабылдайтын 543 нысан бар.

Алдағы уақытта осы нысандардың санын арттырып, инфрақұрылымын тоғыстыру жайлы жоспарлар ауқымды. Соған орай туристік салаға елеуетті инвесторларды тарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Бұл бағытта, яғни, Алакөл, Балқаш көлдерінің жағалауында және Талдықорған қаласында қонақүй бизнесін инвестициялауда жақалықтар жеткілікті.

Осы тұста аймағымыздың туристік елеуетін насихаттай отырып, өңіріміздің таңғажайып нысандарын, тарихи, мәдени ескерткіштерді және табиғатты көрсетуге мүмкіндік беретін «Жетісу» интерактивті туристік картасы өзірленгенін қоса кеткен жөн. Онда Балқаш маңы құмдарынан Тянь-Шаньның биік таулы шыңдарына дейінгі барлық географиялық аймақтар оңай ажыратылады. Аталған интернет-портапда қайталанбас фото және видеоматериалдар қоса берілген. Туристік нысандар мен бағыттардың егжей-тегжейлі құрылған дерекқоры, туристік кешендер бойынша ақпараттар, фото және видео материалдар тұрақты негізде толықтырылып және жаңартылып тұрады. Портал осы жылдың ақпан айында ресми қолданысқа енгізілді.

Бақытжан ОРАЗБАЕВ,
облыстық туризм басқармасының бөлім басшысы.

■ ШОЛУ: EXPO – 2017

Ерекше атап өтетін жайт, Қазақстан – бұрынғы кеңестік көністіктегі елдердің ішінде EXPO көрмесін өткізетін тұңғыш мемлекет. Астананың Халықаралық көрмелер бюросына ұсынған тақырыбы – «Болашақтың энергиясы» да әлем елдерінің бірде- бірінде қозғалмаған ең өзекті, тың тақырып. Бұл Қазақстан үшін ғана емес, күллі ғалам үшін өмірлік маңызға ие бастама болмақшы. Сол себепті, көптің таңдауы бізге түсті деуге толық негіз бар. Көрме 2017 жылғы 10 маусымнан 10 қыркүйекке дейін созылады. Оған әлемнің 100-ге тарта елі және 10-ға жуық халықаралық ұйым қатысады деп күтілуде. Көрмеге 5 миллионнан астам адам келмек.

EXPO 2017 • Future Energy • Astana Kazakhstan

ЖАҢАНДЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІГІ

«Жетісу»
Қажет АНДАС

«EXPO – 2017 көрмесі Астана қаласында өтетін болды», – деген қуанышты хабарды Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев жұмыс сапарымен Парижде жүргенде естіп, қазақ халқын үлкен жеңісімен құттықтап.

– ЭКСПО-дағы жеңіс, біріншіден, біздің қандай ел екенімізді тағы да дүниежүзі білетіндіген көрсетті. Екіншіден, біздің Елордамыз Астана қаласы ауқымды жоғылыстарды өткізуге мүмкіндігі бар екенін байқатты. Бұл үшін, біз көп тер төктік. 20 жылда істеген шаруамыз, бұл – Қазақстанның өсіп-өркендеуі, дүниежүзімен терезесі тең болуының тағы бір дәлелі. 2010 жылы біз ЕҚЫУ жиналысын өткізгенде елдің төбесін көкке көтерген болатынбыз. Мынау дәл осындай, тіпті, одан да үлкен шара. Өйткені "EXPO – 2017" шарасына бес миллион адам келетін болады. Біз үлкен құрылыс жасайтын боламыз. Астанада жаңа орталық, жаңа бренд болады, әдемі құрылыстар салынады. Енді 2017 жылға дейін көп шаруалар атқарып, дайындалуымыз керек. Менің ойымша, біз бұл шараны да дұрыс өткізіп, тиісті шараның барін жасаймыз деп сенемін, – деген болатын.

Бірегей көрме маңызы жағынан дүниежүзілік экономикалық форумдармен, ал туристік тартымдылығы бойынша ең танымал әлемдік деңгейдегі спорттық жарыстармен салыстыруға тұрарлық жаһандық ауқымдағы оқиға. 1851 жыл. Лондонның Хрусталь сарайында Еуропаның өнертапқыштары бас қосып, шағын көрме ұйымдастырады. Кейін, дәстүрлі үрдіске айналған ЭКСПО көрмесі Лондон, Париж, Сан-Франциско, Нью-Йорк, Брюссель, Осака, Атланта, Чикаго және Мельбурн сияқты ірі қалаларда жоғары деңгейде өткізілді. Қазақстан Халықаралық көрмелер бюросына 1997 жылдан бастап мүше. Еліміз 2005 жылы жапон елінің Аичи қаласында өткен көрмеден бастап тұрақты түрде қатысушы болып есептеледі. 2008 жылы Испанияның Сарагоса шаһарында өткен көрмеде 104 елдің ішінде Қазақстан қола жүлдені жеңіп алған еді. Демек, бұл саладағы тәжірибеміз мол. Бірақ алдымызда тұрған сын-сынақ қазақстандықтар үшін жауапкершілік жүгі ауыр болып табылады. Сондықтан оған мықты дайындық керек.

Мине, Астана қаласы EXPO – 2017 көрмесін өткізу мүмкіндігіне ие болғалы да аттай желіп 3 жыл уақыт өте шықты. Біраз жұмыстың беті де қайырылды. Айтпақшы, "ЭКСПО – 2017" көрмесі өтетін құрылыс аймағын тұрғызуға Астана қаласының оңтүстік-шығыс бөлігінен 113 гектар жер телімі бөлінді. Оның 25 гектары халықаралық көрме өтетін кешенге арналса, қалған бөлігі автотұраққа, сыртқы құрылыларға және "ЭКСПО – 2017" қалашығына арналған.

Елбасы атап көрсеткендей, EXPO-2017 көрмесінің «Болашақтың энергиясы» тақырыбы ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясын, күн, жел, теңіз, мұхит және термалды су тәрізді бүгінде бар баламалы энергия көздерін пайдалануда жаңа өзірлемелер мен технологияны пайдалануға мүмкіндік береді. Астана осы саладағы ең үздік әлемдік өзірлемелер мен трендтер көрсету үшін тимді алаңға айналуы мүмкін. Сондай-ақ, көрме елдің өндірістік қуатын мен ғылыми базасын технологиялық жаңғырту және экономиканы жүйелі әртараптандыруда мол мүмкіндікке ие. Осы тұрғыдан келгенде, жел, су, жарық, қысқасы, энергия көзінен тапшылық көрмейтін, жеті өзен өрнектеген Жетісу жұрты бұл көрмеге не береді, дайындығымыз қай деңгейде, не жасалып, не орындалып жатыр деген сұрақ төңірегінде бірқатар басқармаға хабарласып, жұмыс ретімен танысып шыққан едік.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы берген ақпаратқа сенсек, EXPO көрмесіндегі мандеттерге орай қызу жұмыс, жүйелі жоспар жасаған өңіріміз аймақтағы энергия көздерін ашу, қайта қалпына келтіру, дамыту облыстық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында бірқатар жұмыс тындырыпты. Осыған дейін аталған мақсатта облыс аумағында жалпы қуаты 24,45 МВт. 8 шағын СЭС-і бір күн электр станысының және қуаты 300 МВт. «Мойнақ» СЭС-і іске қосылды. Олардың қолданысқа берілуі тұтынудың жалпы көлемінде «Жасыл электр энергиясын» үлесі 16,6 пайыздан, 26 пайызға дейін өсті. Алдағы уақытта, яғни 2015 – 2017 жылдары энергия көздерін қалпына келтірудің 35 жобасын іске асыру көзделген. Оның ішінде биыл қуаты 50,7 МВт., жалпы құны 13,1 млрд. теңге энергия көздерін қалпына келтірудің 7 нысанын, атап айтқанда, 6 су электр станысын және 1 жел электр станысын іске асыру жоспарланған. Келесі жылы қуаты 270 МВт., жалпы құны 148,8 млрд. теңге энергия көздерін қалпына келтірудің 14 нысанын, атап айтқанда, 11 су электр, 2 жел электр және 1 күн электр станысын пайдалануға беру күтілуде. 2017 жылы қуаты 150,1 МВт., жалпы құны 59,3 млрд. теңге 12 су электр станысын қолданысқа енгізбек.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта бұрындары болған, кейін белгілі себептен жұмысын тоқтатқан, алайда келешегі бар санатқа жататын энергия көздерін қалпына келтірудің 79 нысаны белгілен. Бұл жобалар бойынша жер учаскелерін бөлу нормативті ресімдері мен инвестиция анықтау жұмыстары жүргізілуде. Нысандардың жалпы сомасы 1 триллион теңгеден артық, жалпы қуаты 1977 МВт-ты құрайды. Осы барыстағы ең ірі жобаларды облыс әкімдігімен ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойған «СамрукЭнерго» АҚның қатысуымен жүзеге асыру көзделген. Сол қатарда "Жетісу" ӨКК" ҰК" АҚ бірлесе Еңбекшіқазақ ауданында қуаты 60-тан 300 МВт. Шелек энергия көздерін қалпына келтіру құрылысы енген. Сондай-ақ, 50 МВт.-ты Қапшағай КЭС-2, Іле ауданында қуаты 51 МВт. Шелек ЖЭС-1, Еңбекшіқазақ ауданының құрылыс жоспарында қуаты 34,8 МВт Шелек СЭС–29 да осы санаттағы жұмыстарға жатады.

Келешекте 2020 жылға дейін Жамбыл ауданы Қазыбек бек ауданында қуаты 100 МВт.-ты құрайтын күн электр станысының құрылысы жоспарлануда. Кербұлақ ауданында қондырғы қуаты 150 МВт.-ты құрайтын Қызылкүнгей СЭС, Райымбек ауданында жалпы қуаты 188,38 МВт. Баянкол 10 СЭС каскады. сонымен қатар, жалпы қуаты 220 МВт. Шарын өзенінде 4 су электр станысын қолданысқа енгізбекш. Демек, ЕХРО – 2017 көрмесі аясында өңірімзде осындай жұмыстар атқарылып, облысымыздың энергия тапшылығын жоюдың алғышарты қалыптасып үлгермек. Оның сыртында осы жобаларды жүзеге асыру барысында қаншама жұмыс орны ашылып, инвестициялар тартылатынын мәлшерлеуге болады. Ал оның болашақтық мүмкіндігін көз алдымызға елестетер болсақ, 2020 жылға қарай еліміз энергетика мәселесінде шетелдерге тәуелділіктен біржолата құтылатын болады. Бұл да ЕХРО-ның ерекше сергін демеске лажың жоқ.

Мұндай ауқымды іс-шараны өткізу шағын және орта бизнестің дамуына да елеулі серпін берді. Бұған Жетісу жеріндегі кәсіпорындардың үлесі салмақты болатыны анық. Айтпақшы, ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыру шеңберінде іс-шаралар жоспарының 9-тармағын орындау мақсатында ЭКСПО объектілері және ілеспелі объектілерін салуына орай көрме кешенін салу жұмысына қатысуға еңіріміздегі құрылыс компаниялары да барынша ынталы. Тіпті, өздері ендірген жергілікті құрылыс материалдарын да ұсынып отыр. Облыстық индустриялдық-инновациялық даму басқармасының мәлметі бойынша, «Сабырбаева и К» ЖК (Ақсу ауданы), «Компания құрылыс К» ЖШС «Жамбыл ауданы), «Строитель» ЖШС-пар (Көксу ауданы) кірпіштің түр-түрін, «Жартас» ЖШС (Жамбыл ауданы), «Сарыозекский завод микрокальцитов» ЖШС (Кербұлақ ауданы), "Хенкель Баутечник Казахстан" ЖШС-пар (Қапшағай қаласы) құрғақ құрылыс материалдарын, "КнауфГипс-Капшагай" ЖШС (Қапшағай қаласы), ПолимерМеталл-Т" ЖШС-пар (Қапшағай қаласы) гипсокартон өнімін, "АГОЙ" ЖШС (Талдықорған қаласы), Транито-Плюс" ЖШС-пар (Талдықорған) түрлі плиталарын, «Компания Sonik» ЖШС (Іле ауданы), «Галаксиі» ЖШС (Талғар), «Данекер» ЖШС-пар (Панфилов ауданы) әртүрлі қимадағы бейнді трубаларын ұсынып отыр. Демек, Астана қаласында бой көтеретін саупетне салтанаты сай көрме қалашығының құрылысы жоғарыда көрсетілген жетісулық кәсіпорындардың өнімдерімен шырайлана түседі деген сөз. Осы кәсіпорын басшыларымен өткен кезекті бір семинарда олар ЕХРО көрмесіне ұсынатын құрылыс материалдарының сапасы мен әдемілігіне барынша көңіл бөлетіндігін білдірген.

Көрме Елордаңың көрмелер объектілерін құрылысы мен инфрақұрылымына едәуір жекеменшік инвестицияны тартуға мүмкіндік туғызады. Оны өткізу кезінде Қазақстан астанасы әлемнің түкпір-түкпірінен келген түрлі мәдениеттер үшін толады. Көрменің аумағында күн сайын концерттер, шоу, ұлттық күндер және өзге де ойын-сауық іс-шаралары өтетін болады. Тіпті, сол барыста облыстық туризм басқармасының да өңіріміздің бай табиғат мұрасы мен жұрт қызықтыратын сұлу өңірлері туралы арнайы шаралар ұйымдастырылып, қонақтардың көңілінен шығамыз, деп дайын отыр. Ал көрмені ұйымдастырудың және өткізудің 2013 – 2018 жылдарға арналған ұлттық жоспарының 56.2-тармағына сәйкес облыстық жастар ісі жөніндегі басқарма тарапынан жыл сайын «Very Innovative People» инновациялық ой-пікір жобаларының байқауы өткізіліп. «Үздік» деп танылған жоба иесі қ

Бүгінгі нөмірде:

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫС
көбейіп барады
2-бет

ЕҢБЕКПЕН ЕСЕЙГЕН
әулет
4-бет

МҰҒАЛІМ КӨП,
ұстаз аз
10-бет

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Жетісу

№ 78 (18066)
Сенбі, 11 шілде,
2015 жыл.


Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

■ ҰЛТ МАҚТАНЫ

АЙДЫННЫҢ АЙЫ ОҢЫНАН ТУМАҚ



«Мақтанса бүгін мақтансын қазақ, төбесі көкке тимей тұр аз-ақ». Көкке тимей тұрған жоқ-ау, Көк байрақты ел атанғалы көк аспанды еркін шарлап, елдің еңсесін көтеріп, ұлттың рухын асқақтатқан қос ұлымыз бар емес пе?!

Бір дәуірде жерде тұрып жұлдызға қарап бағытын айқындаған көшпенділер елінің перзенттері ендігі жерде жұлдыздың қасынан жерге көз салып, алып даланы алақанында ұстағандай жағдайға жетті. Енді, міне, уақыт тынысын дәп басып, замана көшіне ілесе білген ұлттың ұлықты ұлдары тағы да атағымызды Айға дейін апармақ. Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаевтан кейін аспан әлеміне жол салып, Айды айналып шығуға дайын екенін керсеткен жетісулық жерлесіміз Айдын Аймбетов Елбасының қабылдауында болды. Көк аспанның астында қанатын кеңге жайған қыран елдің қырағы ұлы Айдын Мемлекет басшысына штаттық режим бойынша Халықаралық ғарыш стансысына ұшуға дайын екенін айтып, соған лайық барлық қажетті тестер мен емтихандарды сәтті тапсырғанын жеткізді. Айбынға асқақтап тұрған Айдын Аймбетовпен бірге Елбасы қабылдауында Президенттің көмекшісі – Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Н. Ермекбаев және Аэроғарыш комитетінің төрағасы Т. Мұсабаев болды. Кездесуде ел Президенті Айдын Аймбетовке ұлтымыздың мақтан тұтар ұлдарының бірі болуын айта келіп, Т. Мұсабаевқа ғарыш қызметі саласына қатысты бірқатар тапсырма берді.

Алла жолын оңғарса, Айдын Аймбетов Алаш жұртына Айдың арғы бетінен сәлем жолдайтын күн де алыс емес.

Жұматай ОСПАНҰЛЫ.

■ БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

Ұлтын елден ерек сүйген Елбасымыз өткен екінші шілдедегі телекөпір үстінде кауқарлы қоғамымызға тағы да бір салмақты да орнықты ой тастады: «Біз – Ұлы даланың перзенттерміз. Біздің бабаларымыз осы далада өмір сүріп, көкке табынған. Тәңірі дегеніміздің өзі – көк аспан. Біздің туымыздың көк түсті болуының астарында да осындай сыр бар. Бірегей көк түс – еліміздің бірлігінің белгісі. Ендеше, бізге неге өзіміздің Ұлы дала еліміз деп атамаска!»

ҰЛЫ ДАЛА ҰЛАҒАТЫ

«Жетісу»
Әміре ӘРІН

Сол жолы өзі мысалға келтіргеніндей, әдетте гой Жапонияны – күшығыс елі, Кореяны – таңғы шық елі, Нидерландыны – қызғалдақтардың отаны, Қытайды – аспанасты елі деп жатамыз. Негізінде Ұлы дала ұғымы байтақ мекеніміз қатысты көнеліктен қалыптасқан ұғым. Ежелгі Греция, Рим және византиялық дереккөздерінен де Ұлы даланың болмыс-бітіміне тән дәл осындай пәрменді пайымдауларды кездестірер едіңіз. Орта ғасырларда, әсіресе соңғы екі-үш жүз жыл көлемінде өзіміздің қандастарымыздың бұлай қойғанда, шетелдіктер тарапынан Ұлы даламыздың ұлықтығын мойындап, әулеттер паш еткен нешеме құнды кітаптар мен салмақты зерттеу еңбектері жазылды! Азаттықтың ақ күсы қолымызға қонғалы берді кезеңдегі бұл ауандағы ізденіс ізгері тіптен бедерлене түскен.

Ұлы даланың ұлағаты бүгінгі жарқын заманымызға дағдыл жол ашып отыр. Халқымыз ақ әлемге танылып, мәндайы жарқыраған Елбасымызды ауыз айға білеген жаһандық саясаткерлердің мойындап қана қоймай, кездескен сайын кеңінен тіл қатысып қалуға тырысуы, тым болмағанда аптаға айналдыра қонырау шалуға ұмтылуының өзі, түйеіне білсек, біздің терең тегімізде, соны тегеурінді қалтында бойға сіңіруімізде және сыртқы-лардың мұны сөзге келместен мойындауында! Нұрсұлтан Әбішұлының Ұлы далаға қатысты бұл жолғы ұсынысының да басты сыры осында! Өйткені Елбасымыз сонау жылғы «Тарих толқынында» атты бағасыз еңбегінің өзінде: «Көшестік насихат пен ғылымның көшпелілер тарихын саналы түрде кемсітуі қазақтың ұлттық сана-сезімін күйретіп-құртатын рол атқарды. Сондықтан, әділдікке дес берер болсақ, біздің алдымызда төл тарихымызды қалпына келтіріп, жетістігі мен кемшілігін, жеңістері мен жеңілістерін барша шындығымен көрсету міндеті тұр», – деп бар шаралатты шаруаны өзі бас болып бастап берген-ді!

Дегенміздей, Ұлы даланың иелері де ұлы болса керек-ті! Енді еркін қолымызға тие бастаған тарихи деректемелер мен археологиялық ескерткіштер солай болғандығын жаһанға жарқырата жариялап та жатыр. Сол себепті де ғаламның ақиқатқа деп қойған тарихшылары «Азия – барша адамзаттың Отаны» – деген пікірге амалсыздан тоқтасып отыр. Еуразия құрлығын еркін жайлаған көне түркілер адамзат атаулыға алдымен өркениет сәулесін шашты. Ұлы даламызда тұңғыш жазу мәдениеті, қала тұрғызу өнері пайда болды. Металлургияның отанына айналдық, жылқы бастаған жабайы малдарды тұңғыш қолға үйреттік, алтын адамды мүсіндедік. Б.э.д. үшінші мыңжылдықта Қосөзенде әлем өркениетінің алтын бесігіне айналған шумерлер ғаламатын қолдан жасағандар – осы Ұлы даладан ығысып барған біздің данқты бабаларымыз! Демек, көне түрік тілі б.э.д. үшінші мыңжылдықта шумер тілімен қатар қолданылғандығын, тіпті шумер тілі деп жүргеніміздің өзі нағыз түрік тілі екендігі айғақталды дәл бүгін. Өркениет атаулы, міне, осы арадан Мысырға және Еуразия құрлығының өзге өңірлеріне жетті емес пе! Ал көршілес Қытайшылыда өркениет ошағы б.э.д. екінші мыңжылдықтың екінші жартысында ғана пайда болғандығын ескерсеңіз, еркіндікті еншілеген ерлер ісіне есіңіз кете таңданасыз да!

Біздің заманымызға дейінгі VII ғасырда Алып Ер Тоңа (Афрасиаб) бабамыз қаһармандықпен билеген Түран патшалығынан бастау алды дегеннің өзінде біздің мемлекеттігіміздің ғұмырбаяны 2600 жылдан асып отыр. Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі аралықта Қиыр Шығыстан Батыс Еуропаға дейінгі, Сібірден Үндістанға дейінгі кеңістікте ғұн, сақ, үйсін, қаңлы, түрік, Шыңғыс хан және оның ұрпақтары құрған қаншама белді мемлекеттеріміз бен қабырғалы қағанаттарымыз дәуірлегендігін қазір жетесі бар әр қазақ жете білсе керек!

Біз сөз етіп отырған мыңжылдықтар көгіндегі адамзат игілігіне айналған өрелі де озық өркениетіміз тек қазақ халқының үлесіне тиесілі екен деген ұғым тумаса керек. Бүгінгі қырғыз, өзбек, түрік, татар, башқұрт, ноғай, ұзын-ырғасы отызға жуық ұлт пен ұлыстар бабаларының ортақ жемісі, айтып таусылмас жеңісі еді. "Көктен Тәңірі баспаса, жер айырылып жатпаса – кім қорлар қалың түркі елін" деп аскақ армандарын алмас қылыш, алдаспанмен суарған дауылпаз түркілер үні қазір де басыла қойған жоқ әлемде. Керісінше, көрікте қайта піскен сом темірдей бекем бекіп, белдене түскен. Бүгінде дөңгеленген дүниеде шырек миллиардтан астам түркілер түтінін түзу шығарып жатыр десек, солардың баршасының көшбасшысы тұғырына түркі тектес мемлекет басшылары – пәтихасымен Нұрсұлтан Назарбаевтың көтерілуі мәртебенің мұзарт шыңы емес пе?! Кеминде төрт мыңжылдықтың шеңберінде алдынан құс ұшыртып, жан қараптаған тұрандықтардың қара орман жұртында бөрілі байрақты қолға ұстап қалуымыз – миллиондаған қандасымыздың шабытының шалқары, мерейінің асқары! Ұлы қағандардың асыл тақтарынан құрыштай құйылған төл табиғатымыз төрінен Мәңгілік елдің мәрт оғландарына сай жасындай жарқылдай білуіміз – Ұлы Даланың ұлағаты, жасампаздығымыздың жарқын белгісі! Ал Алланың атқан әр ақ таңында Тәуелсіздік шапағатына шомылу – шексіз бақыт!



■ ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ЭЛЕКТРОНДЫ ЖЕР КАРТАСЫ таныстырылды

Осыдан біраз бұрын жер телімі мәліметтерінің электронды базасын құру жұмысы қолға алынып, құрамына бірнеше басқарма, сондай-ақ, бірқатар кәсіпорын өкілдері енген жұмыс тобы құрылған болатын. Бұл бастама Жетісу жерінде еліміз бойынша бірінші рет жүзеге асты. Енді кез келген инвестор, мейлі ол отандық немесе шетелдік болсын, интернеттің көмегімен жер аумағы, индустриялды аймақта өндірістік, инфрақұрылымдық нысандардың бар-жоқтығы туралы деректерді көріп, өзіне қажетті нысан туралы мәліметпен таныса алады. Оған облыстық әкімдікте облыс әкімінің қатысуымен өткен электронды жер картасының тұсаукесер рәсімінде көз жеткіздік.

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Аталмыш шараны облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** жүргізіп, негізгі баяндаманы облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Жолан Омаров жасады әрі электронды жер картасын қолдану жолдарын түсіндірді. Ал облыстық жердің пайдалануы мен қорғалуын бақылау басқармасының басшысы Асқар Жолдағұтов, республикалық «Жер ғылыми өндірістік орталығы» облыстық филиалының директоры Дастан Жантелиев, облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Дәркен Нұржановтар салалары бойынша атқарылған жұмыстарды баяндап, электронды жер картасының алдағы уақытта атқаратын жоспарларын ширатуға зор көмек болатынын тілге тиек етті.

Баяндамашылардың сөзіне сүйенсек, облыстың жер қорының көлемі 22 млн. 358 мың гектарды құрайды, оның ішіне ауылшаруашылық алқаптары, егістік және жайылымға пайдаланатын жерлер кіреді. Осы алқапта жермен айналысатын серіктестік, акционерлік қоғам, ауылшаруашылық кооперативі, мемлекеттік емес кәсіпорын, мемлекеттік кәсіпорын және шаруа қожалықтары жұмыс істейді. Десе де, жер ресурстарын тиімді пайдалану, пайдаланылмай жатқан жерлерді айналымға енгізу қазіргі уақыттағы өзекті мәселелердің біріне айналып барады.

Өткен жылы Елбасы Жетісу өңіріне жасаған сапарында ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімсіз пайдалануға қатысты сын-ескертпе айтып, облыс басшыларына қатаң тапсырма берген болатын. Осыған орай, өңір басшысы Амандық Баталов тиісті басқармаларға ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді басқа мақсаттар үшін негізсіз өзгерткен, заңсыз құрылыс нысандарын жүргізген тұлғаларды анықтап, ол жерлерді мемлекет меншігіне қайтару және жер учаскелері туралы мәліметтердің халыққа қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында облыстың жер картасын дайындау туралы міндет жүктеген болатын.

Аталған тапсырманы орындау бойынша облыстық жер қатынастары басқармасы тарапынан жүргізілген тексеріс нәтижесінде Алматы қаласының қала маңы аймағында орналасқан Іле, Қарасай және Талғар аудандарындағы 3 400 га бағалы ауылшаруашылығы жерінің түрғын үй құрылысын жүргізуге, саяжай құрылысы және коммерциялық мақсаттарға пайдаланылғаны анықталған. Ал ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерге жүргізілген ревизия және түгендеу жұмыстарының нәтижесінде пайдаланылмай жатқан 233 мың 775 гектар жер анықталып, олардың бір бөлігі мемлекет меншігіне қайтарылса, бірқатар жердің иесі келісілген мақсаттарға сай өндеуге кіріскен, ал иесіз мүлік ретінде есепке алынған және ауылшаруашылығынан басқа мақсатта пайдаланылған бірқатар жердің материалы сот қарауына, жер инспекциясының тексеруіне жолданған. Қысқасы, енді жерді иемденіп алып, оны игілікке айналдырмасақ немесе ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайда табудың жолына айналдырсақ жерді пайдалану құқығынан айрыласың деген сөз.

Жоғарыда көрсетілген себептермен мемлекетке қайтарылған ауылшаруашылығы мақсатындағы жер қоры мен пайдаланылмай жатқан бос жерлер туралы мәліметтерден түрғындар дер кезінде хабарланып отыруы үшін тығылықты жобалар қолға алынуы керек. Осыған орай жерді түгендеу және ревизия жұмыстарының материалдарын пайдалана отырып, облыстың электронды жер картасы дайындалды. Аталмыш карта электронды түрде және қағаз нұсқасында облыс бойынша 16 аудан, 3 қала және 245 ауылдық округ бойынша жеке-жеке дайындалыпты. Онда пайдаланылмай жатқан жерлер, барлық ирригациялық суару жүйесі, облыс аумағында жүзеге асырылатын ірі жобалар, маңызды инженерлік-инфрақұрылымдық жүйелер және автомобиль жолдары толық қамтылған. Сондай-ақ, бұл мәліметтер өңірге инвестиция құюға ынталы отандық және шетелдік инвесторлар үшін де көп көмек болады. Тіпті, әрбір адамның интернет ресурстары арқылы ауылшаруашылығы жерлері туралы қажетті мәліметті алуына болады. Олүшін Алматы облысы әкімінің сайтына кіріп, электронды жер картасы бойынша қалаған сұрағыңызға жауап таба аласыз.

Алдағы уақытта жер алқаптарының қартасы әр елді мекеннің, Алматы қаласы аймағының, соның ішінде ерекше қала құрылысын реттеу, су объектілерін қорғау аймақтарының, магистральдық құбыр желілерінің, стратегиялық маңызы бар нысандардың шекарасын енгізу арқылы жетілдіріле түспек. Сондай-ақ, туристік-рекреациялық мақсаттағы ірі объектілер, республикалық және облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының бойындағы бас жоспарлар да енгізілмек. Тіпті, заңсыз түрғызылған құрылыстар мен елді мекендердегі көлік инфрақұрылымына қатысты ақпараттар да жер картасынан орын алмақ. Бірегей жоба күн өткен сайын толығып, кемелдене бермек.

Жиналыстың соңында журналистер сұрағына жауап берген Амандық Ғаббасұлы жер картасындағы мәліметтер жер ресурстарын тиімді пайдалануға, атап айтсақ, облыс аумағында жүзеге асырылатын мемлекеттік маңызды жобаларға қажетті жер учаскелерін алдын ала резервке алуға, аталған жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруды жеңілдетуге, автомобиль жолдарының бойында, газ құбырларының күзет аймағында заңсыз жер учаскелерін табыстауға жол бермеуге орасан зор септігі тиетінін жеткізді.



Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

■ ОҚЫДЫҚ, ПІКІР АЙТАМЫЗ



Серік МҰҚАНОВ,
«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары.

Көпшілік көңілін тербетті

Адам баласы өзі үлгі тұтатын адамнан алған тәлім-тәрбиесін «жақсыдан – шарапат» деп қабылдайды. Бұл жағынан алғанда хәкім Абай «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» дегенді бекер айтпаса керек. Оның бәрі игі тілек, ізгі қадамнан туындайтыны белгілі. Енді, ондай құрметке кім лайық дегенге келер болсақ, ең алдымен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ойға оралады. Ол кісінің өмір жолы, атқарған ісінің жас ұрпаққа үлгі болары анық.

Жақында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының «Өмір өткелдері» атты тамаша бір кітабы жарық көрді. Жаңа туынды негізінен сұхбат жанрында жазылған. Сұхбаттасушы белгілі журналист Сауытбек Абдрахманов.

Кітаптың кіріспесінде Президент: *«Сіздің өміріңіз жайындағы әңгіме ең алдымен жас оқырмандар үшін керек» деген сөздің жаны бар. Мемлекет басшысының өмір жолы ел азаматтарының қай-қайсысына да қызықты десек те, өмір айдынына жаңа құлаш жайып жатқан жастардың орны бөлек екені түсінікті.*

Біздің жастарымызға осының бәрінің қалай басталғаны, оқығалардың қалай өрістегені, ел үшін сондайлық күрделі кезеңде қабылданған қандай да бір шешімдердің негізгі ой қисыны неде екендігі жөнінде нақты фактілер мен әділ талдаудың жетісе бермейтін кезі көп.

Сондықтан мен бұл кітапты біздің елімізді болашағын қалайтын, жеріміздің авлайтын, қорғайтын жас қазақстандықтарға арнап әңгімелеп шықтым. Бүгінде тәуелсіздіктің тақ сәрісінде дүниеге келген балалардың өзі университет, институт бітіріп, үлкен өмірге аяқ басты» – деп кітаптың қалың оқырманға арналғанын атап өтеді.

Иә. Мемлекет басшысының ғұмырбаяндық сипатта жазылған жаңа туындысы оқырманын қазірдің өзінде қызықтырып отыр. Кітап қолыма тиісімен бас алмай оқуға кірісіп кеткенім шындық. Себебі, туынды ішіндегі деректер, бүгінде тарихқа айналған сәттер мен оқиғалар оқырманды Елбасының балалық шағына, мектептегі жылдарына, Днепродзержинскіде оқыған кездеріне, Теміртаудағы еңбек жолына, Қазақстан Магниткасындағы жылдарға, қалалық, облыстық партия комитеттерінің, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы, Үкімет басшысы болған жылдарға жетелеп әкетеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиын да жарқын сәттер шұрайлы тілмен әдіпteліп, оқырманға 20 жыл бұрынғы оқиғалар күні кеше ғана болғандай әсер етеді.

Кітаптағы «Ұшқан ұя ұлағатты», «Құрыштың құйылуы», «Теміртау – алтын бесік», «Кемелдену кезеңі», «Тоқырау тұсында», «Сергелденнің соны», «Сын сағаты соққанда», «Тәуелсіздік табалдырығында», «Егеменділіктің елең-алаңы», «Конституция үшін күрес», «Шекараны шегендеу», «Сыртқы саясат соқпақтары», «Тар жол, тайғақ кешу», «Нұрлы жол», «Астана – елдік ерлігі» деген тақырыптар атауы айтып тұрғандай, өткен күндердің белерінен сыр шертеді. Мысалы, «Тәжалды тұлпықтыру» деген тақырыпта Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 1991 жылғы 29 тамыздағы Жарлығымен Семей полигонының жабылуы, жаһандық қарусыздану ісіне қосқан үлес, адамзат тарихындағы тең дәрежесіз қадам ретінде қабылданған шешімге әкелген жағдаяттар, әйгілі шешімнің қабылдануы, оның кейінгі өмірге, жалпы ғаламшардағы қарусыздану үдерісіне әсері ұтымды тілмен жан-жақты түсіндіріліп, бір кездегі оқиғаның қозғаушы сәттері әбден жіліктелген.

Шындығында әркім өз заманының күәгері. Алайда бүтіндей ақпараттар тасқынын өрбіткен кезеңде өткенді оңай естен шығаратынымыз жасырын емес. Сондықтан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен журналист Сауытбек Абдрахмановтың еркін әңгімедүкен құра отырып, өткенге ойды көзбен назар салуы оқырманды бейжай қалдырмайды. Тіпті, бір оқиғаның паркын Мемлекет басшысының көзімен көруін, Президенттің дүниетанымына зер салудың әркім үшін қызықты көрінері хақ. Сол себепті, «Байқоңыр» ғарыш айлағының мәртебесін белгілеу, мемлекет шекарасын делимитациялау секілді аса маңызды істердің жауапкершілігін әркім өз ойынан өткізіп, өз көңілімен таңи алады.

Көлемі 500 беттен асатын жаңа кітаптың оқырманға берері мол. Оның көтерген жүгінің салмақтылығы мен маңыздылығын толығымен зерттеу келешектің еншісінде.

■ АУЫЗАШАР



Қасиетті Рамазан айында жасаған жақсылықтың, мақсатсыз шақырған ауызашардың, жан басы үшін берілетін пітір садақаның сауабы бірнеше еселенеді. Бұл айда айтқан жақсы тілек пен ақ бата тез қабыл болып, арналған жанды қуанышқа кенелтеді. Сондықтан да барлық жерде ауызашар көптеп беріліп, көпшіліктің көңілінен шығуда. Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ өңір ақсақалдарына, облыстық әкімдіктің, департаменттер мен басқармалардың, құзырлы орындар мен мәдениет мекемелерінің ораза ұстаған қызметкерлеріне өз отбасының атынан ауызашар берді.

Ел-жұрттың батасын алды

Әсем күй мен көркем ән орындалып, ізгілікті шараға жиналған көпшіліктің көңілін серпілтіп алған жергілікті өнерпаздардан соң Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Талдықорған өңірлік өкіл имамы Серікхан Ахмадиев Құран оқып, қасиетті Рамазан айында берілер сауапты бірнеше еселеді. Жүргізушінің алқалауымен сөз алған ақсақалдар көпшілікке ауызашар беріп, Алла тағаланың разылығын алуды көздеген оңір басшысына ризашылығын білдіріп жатты.

«Жетісу»
Мәдия АЛЖАНБАЙ

– *Барша әлемнің амандығын, дүниенің бүтіндігін тілейтін барша мұсылманның бес парызының бірі – оразаны ұлықтап, қасиетті Рамазан аймында жасаған тілектеріңіз, ұстаған оразаларыңыз қабыл болсын! –* деген облыс әкімі Амандық Табасұлы елімізде атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесіне шүкіршілік білдірді. – *Еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері көптеген жетістіктер мен ауыл тағдырын айтатын нәтижелерге қол жеткізді. Әсіресе, ақ жаулықты аналар мен ақ сақалды қарттардың, өрімдей қыздар мен еңселі жігіттердің ауыз бекітіп, адамгершілікке, мейірімділікке, әділеттілікке шақыратын Ислам дінінің құндылықтарын таңуға ұмтылуы көңіл қуантады. Бұл ең алдымен Жаратқан Алланың рахымының, екінші Елбасының сарабдал саясатының арқасында жүзеге асып отыр.*

Жақында Түркияға барғанымда халықтың 90-95 пайызы Ораза ұстайтынын білдім. Біз де дәл сондай болмаса да ауыл бекіткендердің мәлімері 40-50 пайызды құрайды. Құдайға шүкір, біртіндеп бұл көрсеткіш өсе түссін деп тілейік, біздің әжелеріміз заманы қандай қиын болса да ораза ұстайтын. Ярық, бүгінгі біздің осындай жағдайларға қанағат, жетістікке жеткен отырғанымыз бұрынғы өткен ата-аналарымыздың, әжешелеріміздің жақсы тілегі, ақ батасынан деп білу керек.

Ораза қабыл болсын, бәріміз аман-есен бойлайық! Жетісу жері жайнай берсін!

Отырыстың сәнін кіргізген әншілер мен күйшілердің орындауындағы туындылар тыңдаушының құлақ құрышын қандырып, қасиетті айдың шырайын кіргізді.

■ СЕЛЕКТОРЛЫҚ КЕҢЕС

Сақтық шаралары талқыланды

Облыстық әкімдікте төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері, басқарма басшылары мен комиссия мүшелері және аудан әкімдерімен онлайн түрінде селекторлық кеңес өтті. Жиналысты облыс әкімінің бірінші орынбасары Махаббат БИГЕЛДИЕВ жүргізіп отырды.

«Жетісу»
Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

Келелі кеңесте екі мәселе қаралды. Бірншісі, өрт қауіпсіздігі мен оның алдын алу және күтілетін жаңбырдың әлеуметтік-экономикалық салаларға әсері мен ықтимал салдарларын азайту жөніндегі облыстық және аудандарда мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы қаралды.

Күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып болғаннан кейін облыс басшысының бірінші орынбасары облыстық төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Себит Битаевтың баяндамасына кезек берді. Департамент басшысы өрт қауіпсіздігі мен судан құтқару жұмыстарына кеңінен тоқталды. Соңғы алты айдағы істелінген жұмыстардың қорытындысымен таныстырып, күрмеуі қиын мәселелерді де алға тартты. Ең алдымен, төтенше жағдайлардың алдын алу, тілсіз жауды ауыздықтау кезінде жергілікті атқарушы органдардың салғырттығын тілге тиек етті. Көптеген аудандарда ауылдық округтердің қасынан өрт сөндіретін жасақтардың құрылымағаны да еңгізе өзегі болды. Сонымен қатар жергілікті төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері әсіресе өзен, көл жағасында отырған елді мекеннің басшыларын өзен, көл жағалауына қауіпсіздік шараларына байланысты арнаны ескертпе тақтайшаларын ізмейтіндей бір сәтбен айта кетті. Департамент басшысының баяндамасынан кейін Махаббат Сарқақасұлы, атының сын айтылған аудандарға, кемшілікті түзеуді тапсырды. Әсіресе, судан құтқару жұмыстарының нашар жүргізілп жатқаны жайында көп еңгіме қозғады. Мәселен, шілде айының өзінде 9 адам суға кеткен. Алты айдың көрсеткіш бойынша жылжма сегіз адам суға батып, көз жұмған. Оның жетеуі бала. Мәне, осы келеңсіздіктерді болдырмау үшін жұмыс жасауымыз керек деп, қатаң табыстады. Әсіресе, өзен, көл жағалауындағы аудандарға қаратып, аудан басшыларына нақты тапсырма жүктеді. Жалпы 497 пост құрылып, 6443 адам жұмысқа жұмылдырылған. Қауіптің алдын алу кезінде осы адамдардың бірқатарының іске салғырт қарайтындығын да тілге тиек етіп, аудан басшыларына шаруа қожалықтарының иесі мен жергілікті тәтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлерімен тығыз жұмыс істеуді тапсырды.

Бұдан кейін екінші мәселеге тоқталды. Мұнда жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Қанибек Айтжановтың баяндамасы тыңдалды. Мұнда да алты айда істелген істер мен бағдарламалардың орындалуы кезіндегі кедергілер сөз болды. Ұзақ-сонар баяндаманы аяғына дейін тыңдауды жан көрмеген Махаббат Сарқақасұлы басқарма басшысынан нақты істелінген және іске аспай жатқан жұмыстарды атап өтуді талап етті. Биылғы жылға 49 жоба қолға алынып, онда 690 жұмыс орны ашылуы керек. Бұл бағдарламаларға бюджеттен қаражат қарастырылғаны белгілі. Өкінішке қарай, көптеген аудандарда бұл жұмыстардың толықтай атқарылмай жатқан жайын облыс басшысының бірінші орынбасары Махаббат Бигелдиев жақтап айтты. Мысалға, 49 жобаның ішінен іле ауданында ашылу керек еді. Бүгінгі күнге дейін бірде-бір бағдарлама бойынша жұмыс орны ашылмаған. Осы мәселенің негізге алған он аудан әкімнің орынбасарына нақты тапсырмалар жүктеді. Сондай-ақ, Сарқан ауданында да шағын несиені беру кезінде кемшіліктердің орын алғаны анықталып, аудандық жұмыспен қамту орталығының басшысына және осы іспен айналысатын барлық пауазымды тұлғаларға қысқа уақыттың ішіне кемшілікті түзеуді тапсырды. Бұл мәселелерге ұқыптылықпен қарау қажеттігін қадап айтқан облыс басшысының бірінші орынбасары Махаббат Сәдуақасұлы жиынды қорытындылап, келесі кеңесте айтылған жұмыстардың орындалуын тексеретінін ескертті.

■ ҚҰРЫЛЫС

СӘНДІ ДЕ САЛТАНАТТЫ ЖОБА

Облысымызда құрылыс жұмысы қызып тұр. Тіпті облыс аумағындағы түрлі нысанды салуға республикалық және жергілікті бюджет есебінен қомақты қаражат қарастырылумен қатар өңірімізге жеке инвесторлар да қаржы құюға қызығушылық танытуда.



Десе де, саннан гөрі сапаны басты орынға қоятын жерлестеріміз нысандардың сәулетіне, өңіріге сән беретін көркемдігіне, тұрғындардың тіршілік өтуіне ыңғайлығы мен сапасына ерекше назар аударады. Сондықтан құрылыс басталмас бұрын оған тапсырыс беруші және жобалаушы мекемелердің жұмысын осы шаруаға қатысты мекеме басшылары және құрылыс саласының мамандары, өлімізге танымал сәулетшілерден құралған комиссия мүшелерінің қатысуымен әбден саралап, сараптап алу дәстүрге айналды.

Бұған Тіл сарайында өткен сәулетшілер басқосуын айтуға болады. Онда алдағы уақытта өңірімізде салынатын 11 нысанның жобасы таныстырылды. Облыстық мекеме басшылары, Қазақстан Сәулетшілер және Дизайнерлер одақтарының мүшелері мен аудан, қалалардың бас сәулетшілері шақырылған шараны облыс әкімінің орынбасары **Ғалымжан ӨБДІРАЙЫМОВ** ашып, облыстың бас сәулетшісі Дәркен Нұржанов жүргізіп отырды.

Облыс әкімінің орынбасары алдымен өңірімізде салынып жатқан құрылыстардың жағдайы мен алдағы уақытта бой көтеретін нысандар туралы ақпарат беріп өтті. Келесі кезекте жобалаушы кәсіпорын өкілдерінің өз жобасын таныстыруға уақыт бөлінді. Осы орайда, алғашқы болып сөз алған «Дарт» шығармашылық-өндірістік кәсіпорнының өкілі Тимур Сүлейменов Талдықорған қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің тапсырысы бойынша атқарылған Талдықорған қаласына кіреберістегі арка мен Еркін ауылындағы Қазақ хандығының 550 жылдығына орай салынатын ескерткіштің жобасын таныстырды. Сол қатарда «G4City» ЖШС жобалаған Алматы – Қапшағай тасжолының бойынан салынатын «Қоянқұс» құрылыс аумағының жобасы, «Вадуре» ЖШС атқарған Талғар ауданының Қарабұлақ және Панфилов ауылдарындағы «ALMA VILLAGE» коттеджді тұрғын алаңының жобасы, Талғар ауданының Түздыбастау ауылындағы «Авиатор» тұрғын үй комплексінің және Талғар ауданындағы Бесағаш ауылындағы машина жөндеу, көлік жуу және қонақүй құрылысы мен 10 және 20 орынға арналған акушерлік пункт, тағы да басқа құрылыстардың жобасы көпшілік назарына ұсынылды.

Басында осыған дейін де талай мамандың алдынан өтіп, сансыз өзгерту мен түзету, толықтырудан өткен, әбден иіні қанған жұмыстар бізге кемшіліксіз сезілгені рас. Алайда, елімізге танымал сәулетшілер мен жобалаушылардың сынағына түскенде олардың кейбір олқылығы айқындалып, жетерсіз жерлері белгілі болып жатты. Әсіресе әр жобаның қала мен елді мекендердегі жол қауіпсіздігі ережесін сақтау мен қаланың сәулетіне тигізетін кері әсері туралы көп айтылды. Бір-екі нысанның жобасы сол өңірдің бас жоспарында көрсетілмегендіктен құрылыс жұмысын жүргізуге рұқсат етілмеді. Ал қалғандарына тиісінше сын-ескертулер беріліп, алдағы уақыттағы құрылыс жұмысын жүргізу барысында түзетулер енгізу тапсырылды.

Осылайша, Ғалымжан Райылұлы өзінің жарты жұмыс күнін алдағы уақытта салынатын сәулетті нысандардың жобасымен танысуға арнады. Әсіресе, ол жұмыстың сапасына айрықша мән берді. Жіберілген кәтеліктерді сол жерде сынға алып, тезарада түзетуді тапсырды. Осыған байланысты тапсырыс беруші және жобалаушы мекеме өкілдеріне сапаға көңіл бөлуді айрықша міндеттеді.

Қ. ШАКЛИН.

Барлық білім кітапта,
Ерінбе оқып көруге.
Абай.

■ ШОЛУ: СЕБЕП ПЕН САЛДАР

Заңсыз құрылыс көбейіп барады



Жетісу жерінде республикалық деңгейдегі маңызды жобалардың жүргізілуі, қала, өңірлердің ұзақ уақыттық даму жоспарының қайта қаралуы, жеке тұрғын үйлер қатарының көбеюі заңсыз құрылыстар санының артуына әсер етіп жатқаны шындық. Десе де, Қазақстан Республикасы "Жер" Кодексінің талаптарын өрескел бұзып, республика деңгейінде шу болған Шортанды, Қоянды-дағылай елдің мазасын қашырып, билікпен басын қатыратын ауқымды заңбұзушылық қазіргіше біздің өңірде тіркелген жоқ. Бірақ облысымызда жеке тұлғалардың немқұрайлылығы салдарынан бой көтерген заңсыз салынған құрылыстардың қатары көбейіп барады.

Кезінде жеке және заңды тұлғалар құрылыс жұмысын бастамас бұрын оның жобасын жасауда, тағы да басқа талаптарды орындауда кездесетін қиындықтан қашып, алдымен үйді немесе басқа да нысанды тұрғызып алып, сосын заңдастыру үшін құжат толы сөмкесін арқалап, қатысты мекемелердің есігін тоздыратын. Сол құрылыстар әркімнің өз қалауы бойынша тұрғызылғандықтан сәулеті, сапасы, архитектуралық деңгейі төмен болса да мәселенің көпшілігі айыппұлмен шешілетін. Ол кездегі айыппұлдың мөлшері 35 мың теңгенің айналасында болғандықтан қалтаға жүк салмайтын.

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін, яғни, биылғы 1 қаңтардан бастап заңсыз салынған құрылыстар жаты Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқықбұзушылық» Кодексінің 462-бабы, 3-тармағы бойынша сотқа жолданыпты. Ал «Шығыс» шағын ауданындағы көпқабатты тұрғын үй құрылысының да жобажоспары жоқ және құрылыс жұмысын сейсмикалық ауданда жүргізуге рұқсаты болмағандықтан оның ісі Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқықбұзушылық» Кодексінің 463-бабы, 1-тармағы бойынша сотқа жолданған. Балпық би көшесі, №70 үй телімінде салынып жатқан тұрғын үй кешенінің иесі де осындай заңбұзушылық жасап отыр.

Көптеген жерлесіміз "кең-байтақ қазақтың жерінде басқалар емін-еркін қоныстанып жатқанда, мен неге үй сала алмаймын?" деген әпербақандық пиғылмен іске кіріседі. Оның салдары, жоғарыда айтылғандай, шығынға батырып отыр. Сондықтан Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқықбұзушылық» Кодексінің 462-бабы, 3-тармағы бойынша сотқа жолданыпты. Ал «Шығыс» шағын ауданындағы көпқабатты тұрғын үй құрылысының да жобажоспары жоқ және құрылыс жұмысын сейсмикалық ауданда жүргізуге рұқсаты болмағандықтан оның ісі Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқықбұзушылық» Кодексінің 463-бабы, 1-тармағы бойынша сотқа жолданған. Балпық би көшесі, №70 үй телімінде салынып жатқан тұрғын үй кешенінің иесі де осындай заңбұзушылық жасап отыр.

Көптеген жерлесіміз "кең-байтақ қазақтың жерінде басқалар емін-еркін қоныстанып жатқанда, мен неге үй сала алмаймын?" деген әпербақандық пиғылмен іске кіріседі. Оның салдары, жоғарыда айтылғандай, шығынға батырып отыр. Сондықтан азаматтар бұрынғыдай: «Алдымен үйді тұрғызып алайын, сосын ағайындықтың есебімен құжаттандырып аламын» деген ойдан аулақ болып, алдымен заңға жүгініп жұмыс істегенде ғана ұтылмайтынын ескерте кетейік.

Жоғарыда аталған басқарма мамандарынан білгеніміздей, заңсыз құрылыс салатын тұрғындардың көпшілігі жер теліміне берілетін жекеменшік құқығын білдіретін мемлекеттік актіні талап етпей, рұқсат қағазынсыз-ақ құрылыс жұмысымен өз бетінше айналысады. Мысалы, Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, №99 үйдің жанынан қосалқы құрылыс ретінде салынып жатқан сән салоны жұмыс жобасын жасаттай, сараптамадан өткізбестен құрылыс жұмысын бастағандықтан, оның құрылыс нормасына сай келмесе бірден сүрілін тасталады әрі 120 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Ол нысан тек қайталай жұмыс жобасы жасалып, бас жоспарға сай барлық рұқсаты алынғаннан кейін ғана қайта тұрғызылады. Болмаса істелген еңбек желге ұшып, қаншама қаржыдан да қағыласыз. Сондықтан азаматтар бұрынғыдай: «Алдымен үйді тұрғызып алайын, сосын ағайындықтың есебімен құжаттандырып аламын» деген ойдан аулақ болып, алдымен заңға жүгініп жұмыс істегенде ғана ұтылмайтынын ескерте кетейік.

Кеңінгі кездері салынып жатқан құрылыс жайлы сын-ескертулер жиі айтылып жүр. Тіпті жұмысы тоқтатылған, сот арқылы сүрілін тастау туралы шешім қабылданған, қатысты мекемелер тарапынан айыппұл салынған құрылыстар жайлы жиі еститін болдық. Былай қарағанда, сол нысандардың бәрі заңды, орынды сияқты сезіледі. Бірақ ол құрылыстар тұрғындардың алаңсыз тіршілік етуіне, нысандардың халыққа қызмет көрсету сапасын жақсартуға кері ықпал етеді. Бұған облыстық сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау басқармасы басшысының орынбасары Сәметай ДӘУЛЕТХАНОВПЕН әңгімелесу барысында көз жеткіздік.

«Жетісу»
Қажет АНДАС

2006 жылдың 1 тамызындағы №726 қаулысында: «Жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскелерін беру Ережелеріне сәйкес, тұрғын-үй құрылысы тек елді мекендердің шекараларын шегінде жеке тұрғын үй құрылысына бөлу үшін, тағайындалған алаңқайларда жүзеге асырылады» деп тайға таңба басқандай көрсетілсе де, оны ескеріп жатқандар аз. Сонымен қатар, азаматтар көл жағалауында кәсіпкерлікті өркендету мақсатында қонақүй, дәмхана, сауда дүкендері, тағы басқа да туристерге қызмет көрсететін нысандарды өз беттерімше салып, сәулет-қала құрылыс бөлімінен «Сәулеттік жоспарлау тапсырмасын» алып, сонда көрсетілген құжаттарды толығымен жинап, облыстық сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау басқармасынан рұқсат алғаннан кейін ғана құрылыс жұмысын бастау қажеттігін ескерткіміз келеді. Өйткені аталған басқарма содан кейін ғана заңда көрсетілген авторлық және техникалық қадағалау талаптары бойынша көмек көрсете алады. Сонда ғана заңсыз құрылыс салынбайды.

■ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ



ЖАҢА ЖОБАЛАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Экономикалық дағдарыс қыса түссе де өндіріздегі құрылыс қарқыны бәсеңдер емес. Басқасын айтпағанның өзінде Талдықорғанның 6–7-шағын аудандарындағы тоқтаусыз салынып жатқан құрылыс нысандарына қаран, көңіліңіз жайлана түседі. Облыс аумағындағы нысандарды салуға республикалық және жергілікті бюджет есебінен қомақты қаражат қарастырылумен қатар жеке инвесторлар да өндірісте қаржы құюға қызығушылық танытуда. Десе де саннан гөрі сапаны басты орынға қоятын жерлестеріміз нысандардың сәулетіне, өнірге сән беретін көркемдігіне, тұрғындардың тіршілік етуіне ыңғайлылығы мен сапасына ерекше назар аударады. Сондықтан құрылыс басталмас бұрын оған тапсырыс беруші және жобалаушы мекемелердің жұмысын саралап, сараптан алу дәстүрге айналды.

Осыған орай облыстық әкімдікте облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан Әбдірайымовтың қатысуымен жаңа жобалардың таныстырылымы өтті. Оған облыстық мекеме басшылары, Қазақстан Сәулетшілер және Дизайнерлер одақтарының мүшелері мен аудан, қалалардың бас сәулетшілері шақырылыпты. Жиналыска қатысқандар алдағы уақытта өңірімізде салынатын бір инвестициялық, 9 мемлекеттік, жалпы 10 бірегей жобаның мүмкіндігімен танысты. Шараны облыстың бас сәулетшісі Дәркен Нұржанов жүргізіп отырды.

Облыс әкімінің орынбасары алдымен өңірімізде салынып жатқан құрылыстардың жағдайы мен алдағы уақытта бой көтеретін нысандар туралы ақпарат беріп өтті. Келесі кезекте жобалаушы кәсіпорын өкілдерінің өз жобасын таныстыруға уақыт бөлінді. Осы орайда, алғашқы болып сөз алған «Бис Проект» ЖШС өкілі Талғар ауданы, Бесагаш ауылында салынатын құрылыс заттарын сақтайтын қойма мен тұрмыстық қызмет көрсететін торап құрылысының жобасын таныстырды. Келесі кезекте «ЭнергоРесурсСнаб» ЖШС-нің Талғар қаласында салынатын денешынықтыру-сауықтыру кешенінің жобасы, «ПСК Градиентр» ЖШС-нің Талдықорған қаласының оңтүстік-батыс аумағынан салынатын 570 орынға арналған бассейн құрылысының жобасы, «Ару-ана» ЖШС-нің Талдықорған қаласында бой көтеретін музыка мектебінің жобасы, «БарысЖоба» ЖШС дайындаған Талдықорған қаласының оңтүстік-батыс аумағынан салынатын 16 қабатты 3 тұрғын үйдің құрылыс жобасы, «Казгипроград» ЖШС-нің Алаколь жағалауының құрылыс жобасы, «Урбостиль» ЖШС-нің Жаркент – Қорғас қалақұрылысы мен өнірлік агромаркетинг орталығының дамыту жобасы, «Нур Саулет» ЖШС-нің Қорғас шекара бойындағы халықаралық шымкаттастық орталығының толық жобасы сияқты өңіріміздің өркендеуіне үлес, сәулетіне сән қосатын жобалар көпшілік назарына ұсынылды.

Басында осыған дейін де талай маманның алдынан өтіп, сансыз өзгерту мен түзету, толықтырудан өткен, әбден иі қанған жұмыстардың бізге көмшіліксіз сезілгені рас. Алайда, елімізге танымал сәулетшілер мен жобалаушылардың сынағына түскенде олардың кейбір олқылығы айқындалып, олқы тұстары белгілі болып жатты. Әсіресе әр жобаның қала мен елді мекендердегі жол қозғалысы қауіпсіздігіне үйлесімділігі туралы көп айтылды.

Осылайша, Ғалымжан Райымұлы өзінің жарты жұмыс күнін алдағы уақытта салынатын сәулетті нысандардың жобасымен танысуға арнады. Әсіресе ол жұмыстың сапасына айрықша мән берді. Жіберілген кателіктерді сол жерде сынға алып, тез арада түзетуді тапсырды. Осыған байланысты тапсырыс беруші және жобалаушы мекеме өкілдеріне сапаға көңіл бөлуді айрықша міндеттеді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

■ШОЛУ: МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА

ТҰРҒЫН ҮЙДІ жаңғырту – уақыт талабы

Бүгінгі таңдағы жастың да, жасамыстың да басты байлығы – баспана. Бұл күнде ондай баспанасы жоқ, кім-көрінетінің үйін жалдап тұрып жатқандар қаншама? Аз баспанасы болса да қолысын заман талабына сай жаңғыртып алмай жүргендер де жетерлік. Шыны керек, ұзақ жылдар бойы кешегі Кеңес дәуірінен мұраға қалған, тұрғындардың меншігіне берілген көпқабатты үйлерді жөндеу, коммуналдық инфрақұрылымдарды жаңғырту мәселесі уақыт өткен сайын түйткілдене түсті. Елімізді тәуелсіздігін алып, экономикамыз алғынан тік тұра бастағаннан өзінде бұл салаға түбегейлі бетбұрыс жасауға мүмкіндік болмады. Соның салдарынан көптеген көшелері жағдайлар туындай бастады. Еліміздегі жылу жүйелері мен электр тарату желілері және жабдықтау көндырғыларының, газбен жабдықтау жүйесінің басым бөлігі шұғыл жөнделуді қажет етеді. Көпқабатты тұрғын үйлердің жағдайы да жетісін тұрған жоқ. Толықтай бұзып тастауды қажет ететін апатты жағдайда тұрғындары да бар. Міне, осы мәселені шешу үшін Елбасы Үкімет басындағыларға тапсырма берді.

«Жетісу»
Қажет АҢДАС

Сол тапсырма Елбасының кезекті «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында нысықталды. Онда Елбасы: «Тұрғын үй шаруашылығын, су мен жылу құбырларын жаңғырту салысындағы мәселелелер туралы бәрі біледі. Ол жайында Парламент депутаттары да, бәріміз де хабардармыз. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының қаншалықты тозғаны да белгілі. Жалпы, оған 2 триллионнан кем ақша кетпейді. Сондықтан 2020 жылға дейін біз жыл сайын 200 миллиард теңгеден бөлетін боламыз. Демек, сол ақшаны жыл сайын бөлетін болсақ, алдағы он жылдың ішінде бұл мәселені толығымен шешуіміз керек», – деп анықтап көрсетті.

Президенттің айтуынша, бүгінде «Еуропаның қайта құру және даму банкі», «Азия даму банкі», «Ислам даму банкі» және жеке инвесторлар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту жұмысына қаржы салуға дайын. Әрине, осыдан соң Үкімет басындағылар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту жобасын бекітіп, бағдарлама аясында кешенді жұмыстарды атқара бастады. Бұл жергілікті жерлерде де кең қанат жайды. Жаңа бастаманы іліп әкеткен жетісулықтарда ел игілігі үшін бірқатар жұмыс тындырды.

Аталған бағдарламаның негізгі үш бағыты бар. Бірінші, «Жол картасы» аясында жылу, электр және газбен жабдықтау жүйелерін модернизациялау. Бұл бағыттың басым түсі жүйелердің апатты жағдайын жойып, оларды жаңғырту арқылы жылу және электр шығындарын болдырмау. Екінші, көпқабатты тұрғын үйлерді күрделі жөнделуден өткізуді қамтамасыз ету. Үшінші, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын саласының тиімділігін арттыру. Бағдарламаға сәйкес көппәтерлі тұрғын үйлерге жөндеу жүргізуді қаржыландыру жұмыстары да екі бағытта атқарылатын болады. Оның бірінші жолы, терможаңғырту элементтері бар көппәтерлі тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жергілікті атқарушы органдарға нысаналы түрде бөлінетін бюджеттік қаражаттар есебінен қаржыландыру. Осыған орай, жергілікті атқарушы органдар республикалық бюджеттен трансферттер алады. Сондай-ақ, жұмыс барысы пәтер иелері кооперативі, пәтер иелері, мерзімгерлер мен әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы араларындағы келісімдер арқылы жүргізіледі. Оған пәтер иелері жөндеу жұмыстарының жалпы құнының кем дегенде 15 пайызын құрайтын қаражатты құю арқылы қатысады. Бұл қаражат мердігер жасайтын жөндеу жұмыстарының жақсы төлеу үшін пайдаланылады. Ал әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы жөндеу жұмыстарының жалпы құнының 85 пайызын төлейді.

Екінші жолы, жөндеу жұмыстарының жекелеген түрлерін жүргізу үшін облыс әкімдіктеріне республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер беруді қарастырады. Әкімдік мамандандырылған уәкілетті ұйым 100 пайыз мемлекеттік қатысумен жүретін ЖШС немесе АК құрады не дәл осылай әрекет етуші ЖШС және АК-ты жұмысқа тарта алады. Одан кейінгі тапсырыс беруші болып табылатын ПИК пен ЖШС өз араларында келісім жасайды. Пәтер иелерінің жалпы жиналысындағы келісім бойынша, уәкілетті ұйым күрделі жөндеу жұмыстарының жекелеген түрлерін жүргізетін қосалқы мердігерді таңдап алады. Уәкілетті ұйым өз күшімен және қосалқы мердігерлерді тарта отырып кондоминиум нысанының ортаңа мүлкіне күрделі жөндеу жұмыстарының жекелеген түрін жүргізеді. Пәтер иелері жөндеу жұмыстарына кететін қаржының кем дегенде 50 пайызын төлеу арқылы жаңғыртуға қатыса алады. Осы тәсілді таңдаған жағдайда көпқабатты тұрғын үйлерді жөндеу кезінде терможаңғырту әдісіне барынша басымдық берілетін болады. Бұл дегеніміз, нысандардың қабырғаларын, төбесін, терезе және есік жақтауларын жылу сақтайтындай терможылыту әдісімен бекіту болып табылады. Көппәтерлі тұрғын үйлерді осындай әдіспен ағымдағы жөндеуден өткізгенде 10 пайыз, күрделі жөндеуден өткізгенде 30 пайыз жылу энергиясын сақтап қалуға болады.

Демек, бағдарлама осындай жолмен атқарылады. Енеше, ол тұрғындарға немесе пәтер иелеріне қаншалықты тиімді. Бағдарламаның тағы бір мақсаты – үнемлеу саясатын жүзеге асыру. Яғни, энергия үнемдейтін технологияларды барынша кеңінен пайдаланып, шығындарды кіс қарта отырып, энергия тұтынуды оңтайландыруға жол ашу. Еліміздегі тұрғын үй және әлеуметтік нысандардағы энергия қуатын мөлшерден тым көп пайдалануды негізгі себебі, гимараттардың жылу сақтау тиімділігінің төмен болуына байланысты. Яғни, бұл нысандар нашар термоизоляция, жылу энергиясын есепке алу аспабының болмауы, бүтінгі заманның энергия үнемдейтін жабдықтарының орнатылмауы және басқа кешенді шараларға байланысты болып отыр. Бағдарламаға сәйкес тұтынылған жылу энергиясын нақты үнемдеу үшін нысандарда жылумен жабдықтаудың автоматтандырылған жүйесін кеңінен қолдану көзделген. Сонымен бірге автоматтандырылған жылу қондырғыларын енгізу тұрғындардың тұтынылған жылу энергиясына төлейтін өтемдерін азайтып, жаңа жылу көздерін салуға бюджет қаражатын үнемдейді. Көппәтерлі орташа бір тұрғын үй жылына 600-700 Гкал жылу энергиясын пайдаланады. Егер автоматтандырылған жылу қондырғысы орнатылса, бір үйде жылына 100-130 Гкал жылу энергиясын үнемдеуге болады. Әрине, өніріміздегі көппәтерлі тұрғын үйлердің шамамен 70 пайызында жылу сақтау мүмкіндігі жеткіліксіз. Осы ретте берілген жылудың бір бөлігі көпқабатты тұрғын үй қабырғаларының тозығы жеткендігінің арқасында ысырап болуда. Шыны керек, көппәтерлі тұрғын үйлерде жылу энергиясын үнемдеуді терможаңғырту толықтай жүзеге асырмақ. Оның ішінде шатырды, сыртқы қабырғаны жөндеу және автоматтандырылған жылу реттеу жүйелерін орнату мен жертөлелерді тазалау жұмыстары жүргізіледі.

Енді бағдарламаның өміршеңдігі, атқарылу барысы, мерзімдері жайлы. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының осы жылдың бірінші шілдесіндегі мәліметіне сүйенсек, аймақтағы тұрғын үйлерді жөндеуге 2011 жылы 323,0 млн, 2012 жылы 812,5 млн, 2014 жылы 567,9 млн, биыл 170,4 млн теңге, яғни 1873,8 млн теңге қаржы бөлінген. Талдықорған, Қапшағай, Текелі қалалары мен Қаратал, Қарасай, Балқаш аудандары көш бастап тұр. Мұның ішінде бөлінген қаражат есебімен жөнделген тұрғын үйлер бойынша 2011 жылдан бері облыс аумағында барлығы 147 үй жоспарланса, нәтижесінде 160 үйге жөндеу жұмыстары жүргізілген. Пәтер иелерінің үйді жаңғыртуға алған қаражатының 2011 жылдан бергі 313,5 млн теңге несиенің 261,0 млн теңгесі қайтарылған. Қайтарымның орташа деңгейі 83,3 пайызға жеткен. Сондай-ақ, қайтарылған қаражат есебінен 2011 жылы 2, 2012 жылы 6, 2014 жылы 7, 2015 жылы 2 тұрғын үйге жөндеу жұмысы жүргізілген. Осыған дейін қаражат бөлініп, жөндеу жұмысы басталмаған, сапасыз немесе толық көлемде жасалынбаған дерек тіркелмеген. Бұл көрсеткіш, аталмыш бағдарламаның жүрт көңілінен шығып, қалтасына жүк түсірмегенін көрсетеді.

Бірақ, кезіргі таңда аталған бағдарламаның тиімділігін толық түсінбей, алыпқашпа сөздерге ырғай танытып, мақсатты жұмыстың жүйелі жүргізілуіне кедергі келтіретін жағдайларда орын алуда. Оған Талдықорған қаласындағы «Самал» шағын ауданындағы №18 үйде жүргізіліп жатқан жаңғыру жұмыстарының барысымен танысқанда көз жеткіздік. Яғни, аталған үйдің бір бөлігіне жаңғырту жұмысы жүргізілсе, тұрғындардың наразылығына байланысты екінші бөлігінде жұмыс басталмаған. Алайда, жаңғырту жұмысы жүргізілген бөліктегі пәтерлердің коммуналдық төлемі жаңғыртудан кейін бірқатар есе арзандаған. Екінші бөліктегі тұрғындар бұрынғыдай бірнеше есе қымбат коммуналдық ақы төлеп келеді. Тіпті, жаңғыртудан өткен бөліктің тазалығы, ауасы, ортасы мейлінше жаңа жайлы бола түссе, екінші бөлік сол баяғы тозығы жеткен қалпында көзге сүреңсіз көрініп тұр. Осы тұста бізді: «Тұрғындар пәтер иелерінен осындай мүмкіндіктен нәтижектегісі келмейді?» деген сұрақ ойландыра бастады.

Әрине, әр адамның ойы әр басқа. Ең алдымен тұрғындар қарыз деген сөзден қашқақтайды. Мүмкін, мамандардың бұл бағдарламаның мүмкіндігін тұрғындарға толық түсіндіре алмай жатқанынан да шығар. Расында, жаңғырту жұмысына пайыздық несие берілетіндіктен тұрғындардың қалтасына ауырлық түсірмейді. Осы тұста айта кетерлігі, жаңғырту жұмысы көпқабатты тұрғын үйдің ортақ мүлкіне жататын болғытне ғана жүргізіледі. Яғни, үйдің шатыры, құбыры, подъезі, жылу, жарық желілері ортақ мүлікке жатады. Мысалы, бір үйді толықтай күрделі жөндеуден өткізуге 1 миллион теңге кетеді десек, ол қарыз сол үйдегі әр пәтерге бөлінеді. Егер сол үйде 20 пәтер болса әрбіріне 50 мың теңгеден тура келеді. Бір тұрғынның бір уақытта 50 мың теңгені қалтасынан суырып бере салуы мүмкін емес. Ал бағдарлама бойынша бұл қаражатты 84 айға бөлсеңіз түкке тұрғысыз қарыз болып шығатыны анық. Несие үйді жаңғырту жұмысы аяқталып, тапсырып алу актісіне қол қойылған күннен бастап төленеді.

Тағы да. «Жаңғырту жұмысы жасалған соң үйімізді сатуға тура келсе қайтеміз? – деген сұрақпен жүргендер де бар. Алайда, олар несиенің жеке адамның басына емес, тұрғын үйге алынғанын білмейді. Яғни, үй сатылған соң қалған қарызды төлеу үйді сатып алушыға міндеттеледі. Осы тұста тұрғын үйге жаңғырту жұмысы ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның талаптарына сай жүргізіледі Ол үшін құжырлы органдар жаңғыртуға тиісті деп шешілген үйдің тұрғындарымен әңгіме жүргізеді. Егер тұрғындардың 70 пайызы жаңғырту жұмысына келісімін берген жағдайда ғана жұмыс жоспары басталады. Жұмыс басталғаннан аяқталғанға дейін құжырлы органдар мен пәтер иелері тығыз қарым-қатынаста болып, жөндеу жұмыстарының сапасын қадағалап отырады. Құрылыс жұмысының сапасына жауапты компания сол үйді жаңғырту жұмысы аяқталғаннан кейінгі 7 жыл бойы жауапты болады. Қысқасы, аталмыш бағдарламадан алаңдаудың реті жоқ. Қайта, кезіргі таңда жаңғырту жұмысы жүргізілген үйлердің нарықтағы бағасы дәл сондай үйлердің 30-40 пайызға қымбатқа саудаланып жатқанын айта кеткен жөн.

Иә, кезіргі таңда елімізде ұлттық экономикамыздың барлық саласында модернизациялау жұмысы қызу жүргізілуде. Ал тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласын жаңғырту – осы мақсатты жұмыстың маңызды салаларының бірі. Көпқабатты тұрғын үйлерді күрделі жөндеу жұмыстарынан өткізу, негізінен, мемлекет тарапынан несие алып, тұрғындардың жағдайын жақсартуға жасалған мүмкіндік. Енді тұрғындар бағдарламаға атсалысып, ортақ меншіктегі тұрғын-жайларын жөндеуге мұрындық болғаны жөн. Бұл айналып келіп, тағы да тұрғындардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға жасалған игілік.

Нур Отан

«Нур Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Асқар Мырзахметов қазанның 5-і күні партия филиалдарымен бейнебайланыс форматында кеңес өткізген болатын. Алқалы жиында жергілікті филиалдарға басымдық берілетіні айтылып, ондағы қызметкерлер санының артатыны сөз болды. Атап айтқанда, партияның Орталық аппаратындағы құрылымдар саны, әкімшілік шығындар оңтайландырылып, филиалдарға қосымша 358 штаттық бірлік берілді.

БАСТАУЫШ ҰЙЫМДАР белсенділігі артады

Аткарылған жұмыстардың нәтижесінде Мәжілістің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың фракциялары жанындағы комиссиялар арасында «Нұрлы Жол» бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау бойынша өзара іс-қимыл күшейтілді. Яғни, бақылау жүргізудің жаңа критерийлері жасалып, өңірлерден алынатын мәліметтерді біріздендіру жұмыстары қолға алынды. Сонымен қатар, «Аудан — облыс — орталық» қағидасы бойынша ай сайынғы мониторинг және ақпаратты жинаудың жаңа тәртібі енгізілді. Бұл жұмысқа бастауыш партия ұйымдарының белсенді мүшелері, 242 филиалдың барлығы және мәслихат депутаттары қатыстырылған. «Нұр Отан» партиясының жетекшілігімен партиялық бақылаудан басқа УЕҰ мен жергілікті жұртшылықтың қатысуымен де қоғамдық мониторинг қамтамасыз етілмек. Үкіметтің және Мәжілістегі фракцияның қатысуымен, сондай-ақ, жергілікті жерлерде өңірлік билікпен өзекті мәселелерді тұрақты қарау бойынша уағдаластық жасалған. Осыған ұқсас бюджет қаражатының жұмсалуына, Сайлауалды тұғырнамасының орындалуына тәуелді салалық және мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуына партиялық бақылау күшейетін болады. Бастауыш партия ұйымдарымен жұмысты күшейту бағытында олардың материалдық-техникалық және әдіснамалық базасын нығайту жұмыстары атқарылды.

Сонымен бірге, биылғы жылдың соңында бастауыш партия ұйымдарының 1-республикалық форумын өткізу жоспарланған. Уәждемелеуді арттыру мақсатында Мәжілістегі, мәслихаттардағы сайланатын лауазымдарға және партияның билік құрылымдарына ілгерілету үшін БПҰ белсенді мүшелерінің «кадрлық резерві» ережесі жасалды. Бұл ретте жаңа партия мүшелерінен келіп түсетін жарналар бастауыш партия ұйымдары мен филиалдарда олардың жұмысын ынталандыру және ағымдағы міндеттерді шешу үшін қалатын болады. Филиалдардың жұмысын бағалау үшін бірыңғай нысаналы индикаторлар әзірленді.

Жалпы алғанда, алдағы айда партияның 27 регламенттеу құжаты қабылданады деп жоспарланған. Соның ішінде, мәслихаттардың депутаттығына партиядан үміткерлерді іріктеу критерийлерін қабылдау, қоғамдық-саяси жағдайға мониторинг жасау, кадрлық резерв және құжат айналымын қысқарту жөніндегі құжаттар әзірленбек. Орталық аппараттың инспекторлары ай сайын өңірлерге шығып, талдау жүргізеді. Оның қорытындысы жөнінде есеп беріліп, бастауыш партия ұйымдарының жұмысы мен өңірлердің өзекті мәселелері жіті назарда болмақ.

Еркін ҚАЛДАН.

Бата – сөздің мәйегі

(Соңы. Басы 1-бетте).

Алдыңғы буын ағаларымыздан абыз Абайдың жеті адамнан бата алғанын естігенбіз. Сол қасиетті жеті санына тоқтаған аталы сөздің уақыт төрелігінде бағасы биіктемесе, ешкемнен кем емес. Ұлы қазақ рухания ұшық алған дүбірлі ай, халқының ықылымнан бері келе жатқан бұрынғы бата-тілектермен қатар алдыңғы сынған сұрыпталған қатысушылардың өз баталарын жатқа айтуымен ерекшеленді. Мұнан бөлек жоғарыда атап өткеніміздей ұйқасқа, ырғаққа құрылған аталы сөз бен жай тілектің айырмашылығын сезіндіру мақсатымен жүлделеп үміткерлерге тілек те айтқызды.

Осылайша облысымыздың аудан қалаларынан келген батагой ақсақалдарымыз өз өнерін сарапқа салды. Осының бәрін мұлтіксіз айтып, сыннан сүрінбей өткен карттарымыз жиналған жұртты таңғалдырды. Түрлі байқау ережелерін ретімен сәтті адақтап шыққан Талғар ауданынан келген Ыдырыс Әбдіғұлов бас жүлде иегері атанды. Ал бірінші орынды алаколдік ақсақал Шынасыл Шотпақұлы қанжығасына байласа, екінші орынды Қарасай ауданынан келген батагой Анаят Нұрғалыұлы, үшінші орын Кербұлақ ауданынан Өмірбек Самылтырұлына бұйырды.

Мұндайда, жалпақ елге жарым ырыс болған жақсы тілектің қасиетінен айналмай көр. Шараны тамашалауға келген жұрт шілденің шіліңгір ыстығында аспаннан ақ нөсер жаугандай күйге бөленіп қайтты.

Тұтқабай Иманбеков, Сейфолла Оспанов, Оразақын Аскар, Сейсен Мұқтарұлы тәрізді ақын-жазушыларымыз аска, тойға, әртүрлі қуанышқа, жас келін, ұл-қызға арналған баталарын жазған.

Сол дәстүрдің жалғасындай бүгінде облысымызда құлпы ретінде қолға алынған «Батагой» бәйгесі ұлт жадында жатталып келе жатқан бұрынғы бата-тілектермен қатар, жаңа заманның сұранысына сай жаңадан туындаған баталарды да насихаттауда. Бәйгеге қатысуға ниет білдірген ақын-жазушылар, ақсақалдар мен ақжаулықты аналарымыз облыстық филармонияның ұйымдастыруымен өтетін «Батагой» бәйгесінің кезекті кезеңіне қатысуға шақырылады.

Ерлан ЖҰМАҒАЛИЕВ.

■КҮН ТӘРТІБІНДЕ

Жер тиімді пайдаланылсын

Жер ресурсы – елдің ұлттық қазынасы, экономикалық байлығы, әлеуметтік ахуалының негізгі тіреғі. Осыны басты қағида тұтқан сала мамандары жердің тиімді пайдаланылуы мен қорғалуына, жер заңнамасы талабының сақталуы мен заңбұзушылықтың алдын алуға баса мән беріп отыр. Осыған орай, жер телімін бөліп беру тәртібі мен оз бетінше иеленіп алуға қатысты қарастырылған әкімшілік жауапкершілік жайын назарларыңызға ұсынамыз.

Мемлекеттік меншіктегі жерден жер телімін құқық алу үшін мүдделі тұлға жергілікті атқарушы органға өтінішпен жүгінеді. Жер телімін беру туралы шешім ауданның жергілікті атқарушы органдары құратын комиссияның ой қорытындысы және жерге орналастыру жобасы негізінде қабылданады. Егер құрылысқа арналған жер телімі және оны беру туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жыл *(егер жобалау-сметалық құжаттамада аналғұрлым ұзақ мерзім көзделмесе)* ішінде мақсатты пайдаланылмаса, онда ҚР азаматтарының жеке тұрғын үй құрылысына арналған өз меншігіндегі жер телімін қоспағанда, мұндай жер ҚР Жер кодексінің 94-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп алынады. Егер жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер телімі дайын емес алаңдарда жер пайдалану құқығында берілген жағдайда, мұндай жер телімін игеру мерзімі оны тиісті инженерлік (коммуналдық) инфрақұрылыммен қамтамасыз еткен кезден бастап есептеледі.

Өзіндік қосалқы шаруашылықты *(үй маңындағы телім)* жүргізу және жеке тұрғын үй салу үшін жер телімдерін жеке меншікке тегін беру жер телімдері игерілгеннен кейін жүргізіледі. Жер телімдерін көрсетілген мақсаттар үшін игеру кезеңіне беру осы Кодекстің 92-бабына сәйкес жер телімдерін игеру талаптары мен мерзімдері белгілене отырып, уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығында жүргізіледі. Жерді пайдаланудың нысанапы мақсаты мен режимін, сервитуттар мен нормативтік-құқықтық актілер негізінде белгіленген басқа да пайдалану талаптарын жер телімі меншік иесінің немесе оны пайдаланушының өз бетінше өзгертуіне болмайды. ҚР азаматтарына бағбандықпен айналысу және саяжай құрылысы үшін жер телімдері ауылшаруашылық мақсатындағы, вуылдық елді мекендердегі және босалқы жатқан жерлерден беріледі.

Азаматтар мен заңды тұлғаларға бағбандық, саяжай құрылысы үшін берілетін жер телімдерінің көлемі 0.12 гектарды құрайды. Жеке қосалқы шаруашылық жүргізуге, бағбандықпен айналысуға және саяжай құрылысына арналған жер телімдерінің меншік иелері болып табылатын азаматтар ортақ мүдделерінде қарай құқықтық жағдайы ҚР Заңдарында айқындалатын жай серіктестіктерге, бағбандық немесе өзге де тұтыну кооперативтеріне біргуге құқылы. Бағбандықпен айналысуға немесе саяжай құрылысына арналған жер телімдері ҚР азаматтарының бөлек меншігінде болып, ал жер телімдері меншік иелерінің ортақ мүлкіндарын қанағаттандыруға арналған жер телімдері мен басқа да мүлік олардың ортақ үлестік меншігінде болған жағдайда, ортақ мүлікке байланысты меншік иелері арасындағы қатынастарға кондоминиум туралы нормалар қолданылады.

Жер телімін өз бетінше иеленуге – жер телім меншік иесінің немесе жер пайдалану-шының рұқсатынсыз бөтен жерді иелену, мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер телімін ҚР Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның тиісті шешімінсіз алу жатады. Жергілікті атқарушы органының жер телімін беру туралы шешімінде өзгеше көзделмесе, жердің нақтылы (белгілі бір жердегі) шекарасы белгіленгенге және құқық белгілейтін құжаттар берілгенге дейін пайдалануға жол берілмейді. Осы ережені сақтамау – жер телімін өз бетінше иелену болып саналады және әкімшілік жауаптылықты көздейді. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекснің 136-бабына сәйкес заң бұзушылыққа жол берген жеке тұлғаларға 75 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) лауазымды тұлғаларға, кіші кәсіпкерлік субъектілерге 100 АЕК, орта кәсіпкерлікпен айналысушыларға 150 АЕК, ірі кәсіпкерлерге 700 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

Жолан УМАРОВ,
облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы.
Асқар ЖОЛДОҒҰТОВ,
облыстық жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының басшысы.

АРТРОЦИН БУЫНДАРЫҢЫЗДЫ ЖАСАРТАДЫ!

Жас ұлғайған сайын буындарымыз тоза бастайды және одан ешкім сақтандырылмаған. Шеміршек тіні ақырындап күйрей бастайды да буындар сырқырап ауырады. Алайда енді ауруға шыдай бермеу керек! Дәріханаларда буындарыңызды жасартатын кешен пайда болды. Ол - АРТРОЦИН препораттары-капсулалар, крем мен гель.

Толықтай табиғи кешен АРТРОЦИН буындарыңызды аурудан, қабынудан ісінуден арылтып, оларға жастық сыйлайды. Оның құрамында емдік өсімдіктер, табиғи микроэлементтер және табиғи заттар бар. Ешқандай химиясыз!

Сіздің ағзаңыз буынның саулығын қамтамасыз ететін заттар түзілуін тоқтатқан кезде буын ауруы мазалай бастайды. Буыныңызды қалпына келтіру үшін ағзаңызға қолдау көрсетіп көмектесіп отыру керек. Оны АРТРОЦИН капсулалары көмегімен іске асыруға болады. Капсула құрамына кіретін заттар буын құрамындағы сұйықтықтың түзілуіне әсер етіп шеміршек тінін қалпына келтіреді және оны бекітеді. Нәтижесінде буынның жағдайы жақсарып, жүрісіңіз жеңілдейді.

АРТРОЦИН КЕШЕНІ ТАБИҒИ ПРЕПАРАТТАРЫН ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ, БУЫНЫҢЫЗДЫҢ АУЫРҒАНЫН ҰМЫТАСЫЗ!

АРТРОЦИН ФОРТЕ-де капсулалар. Алайда олардың құрамында қосымша заттар – D3 дәрумені және кальций бар. Бұл капсулалар остеопороздың емдеп сүйек тіндерін сынудан сақтайды.

Тағы бір препорат- АРТРОЦИН КРЕМІ. Ауырған жеріңізге жақсаңыз ол тіндеріңізге терең бойлап буындарыңыздың зақымдалған шеміршектерін қалпына келтіреді. Крем ісіну мен қабынуды жояды, ауырғаныңызды басады, буындарыңызды бағалы табиғи заттармен қамтып, зақымданудан сақтайды.

Егер аурудан тез айыққыңыз келсе АРТРОЦИН ГЕЛІН пайдаланыңыз. Оны да ауырған жеріңізге жақсаңыз тіндеріңізді қыздырып, буындарыңыздың сырқырауы басылады. АРТРОЦИН гелі ревматизмге көмектеседі, сондай-ақ, бұлшық еттеріңіз бен сіңірлеріңізді қалпына келтіреді.

Дәріханалардан сұраңыздар!



ЖАРНАМА. БАД. Дәрігермен болып табылмайды. Пайдалану алдында мамандармен кеңесіңіз.

Шұғыл желідегі тегін телефон: 8 (800) 080-59-59 (жұмыс уақыты: 08.00-23.00)
Алматы қаласындағы анықтама телефоны: 8 (727) 297-59-59

ЖҮРЕККЕ ҰЯЛАҒАН ЖОЛДАУ

ЖАҚСЫ СӨЗ ЖАН ЖЫЛЫТАР

Құралбек СӘБИТОВ

Қазақстандықтардың орташа өмір сүру ұзақтығы 72 жасқа жетті. Бұл дәрігерлердің жауапкершілікті жұмысының жемісі. Елімізде денсаулықты нығайту жолында қыруар шаруа жүріп жатыр. Күні-түні тынбай қызмет ететін дәрігерлер адам жанының арашасы. Сейсенбіде медицина мамандары Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық шақты ақуалда: өсу, реформалар, даму» атты жолдауын талқылады.

Жиынға облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Галиаскар Сарыбаев қатысты. Ол өз сөзінде облыстық бақылар ауруханасының өткен жылғы жұмысын сараптап, алда атқаратын іс-шараларды айтып өтті. Елбасының халыққа арнаған кезекті Жолдауы емханаңыз барлық бөлімше түсіндіріледі. Сол жерде айтысқан шараларды іске асырылуы барысы бағамдалды. Қызметті алға басқан, табысқа тасқын көсіпкерлер жан-жағындағы жағдайы ауыр адамдарға көмек көрсетуі тиіс. Себебі, ол осы қоғамның адамы. Қоғам бір болған соң, ондағы жағдай да барлына ортақ. Сонымен қатар әлеуметтік көмек көрсету өз дәрежесінде қалады. Бірақ бұл қолдау мүмкіндігі кім көрінгенге беріле бермейді. Тек мұқтаж жандарға ғана көмек көрсетілуі тиіс. Әйтпесе осы күні орныққы қолынан келіс кандабай, орынсыз көмек сұрайтын кержақпалар мен жалпаңтөстер көбейген. Көмек тек мұқтаж жандарға ғана көрсетілсін. Өз еңбегімен өрге өрлеген жерлестеріміз қолдауға үлгі. Денсаулыққа аса мән беріп, салауатты өмір салтын сақтау туралы түрде жүртшылық. Әрбір өз денсаулығын күтуге дағдылану керек. Себебі ұят сауқым басты нағада болады. Ғалиаскар Төлендіұлы дәрігерлерге бала тәрбиесіне баса мән беруді табыстады. Ол өз сөзінде:

– Адамды емдейтін дәрі емес, сіздерсіз бірауы шын пейілді жылы сөздеріңіз. Дұрыс ақыл мен жақсы сөзге тыңдаған баланың тәрбиесі де түзу, – деді. Жолдауда айтылғандай бұл дәрігерлердің жалжасы 28 пайызға артады. Жиын соңында сөз алған облыстық бақылар ауруханасының басшысы Марат Досқалиев медицина мамандарының еңбегі елеулі жатқанына риза болғанын білдіріп, алдағы күндерде абыройлы іс атқаруға уәде етті.

ШОЛУ: ЖОЛДАУ АРНАСЫ

ӘЛЕМ НАЗАРЫНДАҒЫ ҚҰЖАТ



Егер әлем тарихын парақтап көретін болсақ, халқын тығырықтан алып шығып, шұғылалы күнге жеткізген тандаулы саяси шешімдер аз болмаған. Мұндай шешімдер экономикасы қиындыққа тап болған мемлекеттерді әлем сахнасына қайта шығарған сара жол сілемдей. Мұндай ауыз толтырып айтар жақсы бастамалар бүгінгі тарихымызда да кездеседі. Елбасының «Нұрлы Жол» Сратегиясы сол ұлылықтардың бүгінгі заңды жалғасы. Ол «Мәңгілік Ел» ұғымымен астасып, Ұлы Дала мұратымен жалғасып, елімізді өркениетті елдердің қатарына жеткелі келеді.

Қажет АНДАС

Жыл сайын елді өркениетке бастайтын Мемлекет басшысының халыққа Жолдауы алғашқы 1995 жылы жарияланды. Демек биыл ел дамуының локомотиві болған құжаттың жарияланғанына 20 жыл толып отыр.

Өткен жылғы қос Жолдауда «Нұрлы Жол» бағдарламасы бекітілсе, «Мәңгілік Ел» болудың тетіктері нақтыланды. Биылғы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, дамуатты Жолдаудың орны ерекше. Ендеше, жаңа құжаттың маңызына тоқталайық.

Алдымен аталмыш Жолдауды шетелдің сарапшылары жоғары бағалап отырғанын айтқан жөн. Жаңа құжат көпші Ресейде қызу талқылануын жатыр. Себебі, Ресей бізден тағы көршіміз ғана емес, басты одақтасымыз, ең ірі сауда әріптесіміз саналатын елдердің бірі. Сондықтан Қазақстанда болып жатқан өзгерістерді жіті назарда ұстап отырғаны ресейлік мамандар алдағы бірнеше жылдық дамуын бағдарлап алғандықтан беретін маңызды құжатты жік-жіктеп, өз пікірлерін білдіруде. Биылғы Жолдаудың басты ерекшелігі – оның нақтылығында деп қараған ресейлік сарапшылар: «Нұрсұлтан Назарбаев әлемдік нарықтағы өзгерісті ескере отырып, бұл жолы дағдарыспен күресті басты назарға алды. Қазір көптеген ел дағдарысты басқаруға көбейтін табиғи апатқа балап отырса, Қазақстан Президенті алғашқылардың бірі болып осы қиын кезеңді еңсерудің нақты жолын ұсынып, экономикалық дамудың бағытын көрсетті», – деп жарыса жазуда. Ал қытайлық сарапшылардың Нұрсұлтан Назарбаев бастамаларының жаһандық маңызы бар тұстарына ерекше көңіл бөлгендігі көрініп тұр. Яғни, ресейлік мамандар Жолдаудың нақтылығына мән берсе, қытайлық сарапшылар жинақылығына ден қойды. Олардың пікірінше, тарихтың қандай сынақтына да қарымқатай, қайсарлық, тәуекелшілдік, ең бастысы, жеңіп шығу қазақ халқына тән мінез. Нұрсұлтан Назарбаев сол мінезді таныстып, халқын жарқын болашаққа бастайтын басты құжатты ұсынып, оны атқарудың түйінін тарқатып берді. Сонымен қатар шығыстағы көршіміз Елбасының адамның ғана емес, заманның да тілін таба алатын ірі саясаткер деп түсінеді. Қысқасы, қытайлық сарапшылар елімізде атқарылып жатқан іргелі жобалардың аймақтық қана емес, жаһандық маңыз алатынына айрықша мән беруде.

Өз кезегінде Европа елдеріндегі сақа саясаткерлер Президенттің биылғы Жолдауын талқылап, онда көтерілген мәнжеттерді сараладың қызу жарыстыруда. Әсіресе, еуропалықтар Елбасының әлемдік дағдарысқа қарамай жалақы, зейнетақы, шекіртақының өсіргенін,жастарға тегін кәсіби техникалық білім беру тәсілін ерекше жоғары бағалауда. Расында, ең ауқатты деген Европа елдерінің өзінде оқу ақылы. Ал сөңғы кездері жалақының, еңбекақының, зейнетақының қысқаруына байланысты Европа елдерінде туындап жатқан ереуілдер мен дүмпулерді ақпарат құралдары арқылы көріп жүрміз. Осындай тұста Қазақстанның әлеуметтік мәні бағасының түсуі көптеген елді валютасын әлсіретті. Егер мұнай бағамы көтерілсе, теңге бағыңдай нығая түседі. Алайда олар осы аралықта ел нарығын доллардан босатып, төл төлегелерінің нарықтағы айналымын реттеп алады деп ойын түйіндейді жапондық тілші. Ал «Рейтер» агенттігі Елбасы Жолдауы туралы ақпарында Қазақстанның қаржылық-экономикалық жағдайына айрықша тоқталады. Мақала «Қарашаның отызынан бастап Қазақстан валютасының еркін айырбасын қолдап, активтерін сатады» деген тақырыппен жарияланған. Британдық халықаралық агенттігі Жолдауда Президент келтірген мәліметтерге сүйене отырып, Үлттық қордағы 63 миллиард 900 миллион доллардың енді тек 30 миллион доллары жұмсалмайтынын хабарлаған. Және де тілші Президенттің зейнетақы қоры туралы мәлімдемесінен де үзінді келтіре келіп: «Назарбаев бұл күнде Орталық банк басқаратын зейнетақы қорындағы 17 миллиард 800 миллион доллар активтерді 2016 жылы жекемеңшік және шетелдік менеджерлердің басқаруына көшіру қажеттігін айтты. Бұл 2013 жылға дейінгі жүйеге қайтып оралуды білдіреді», – деп жазады. Сондай-ақ, Ел басшысы: «Қазақстан Бүгінгін бастап Дүниежүзілік сауда ұйымына толыққанды мүше болды» деген мәлімдемесі өлеңнің түпкір-түпкіріне жедел тарады. «Назарбаев: Қазақстан ДСҰ-ның толық мүшесі» атты мақаласында ресейлік тілші Елбасының: «Әлем тез өзгеріп келеді. Ехі негізгі держава арасындағы қарсыластық пен өзара санкциялар дүниежүзін тығырыққа тіреуде. Қазақстандықтарға ел мүддесі үшін жұмылып, бірлігін сақтап, қажырлы еңбек ететін уақыт жетті» деген сөзін мақаласына арқау ете отырып, қазіргі әлемдегі текетіресте мен күш сынасулардың себеп-салдарына тоқталады. Және оны шешудің жолын Назарбаевтың ынтымақтастық жайлы айтқан ұсынысынан іздестіреді.

Ал түріктің «XABERLER» басылымы аталмыш Жолдауға Анкара мен Мәскеу арасындағы түсіспеушілік тұрғысынан тоқталған. «Назарбаев ұшақ дағдарысын шешу жолын ұсынды. Бұл көшкен комиссия құрсын!» деген тақырыппен түріктің сайтқа шыққан мақалада журналист Қазақстан Мемлекет басшысының Түркия мен Ресей қатынастарын жақсартуға жылдар бойы атсалысқанын атаһеттіді.

Қытайдың ең ірі басылымы «Жэньминь жибао» газетіне берген сұхбатында Біліктілік маман, белгілі қытайлық дипломат Яао Бишы: «Жаһандық дағдарыс жаңа мүмкіндіктер ашады. Нұрсұлтан Назарбаев та өз Жолдауында халыққа осы ойды жеткізе білген. Дағдарыстың салдарын ұ тымды пайдаланып, өзінде көсіпкерлікті, өндірісті дамытудың жолдарын ашып айтты. Қытай тілінде дағдарыс «уей жи» деп дыбысталады. Мұндағы «уей» – қауіпті дегенді білдірсе, «жи» – мүмкіндік деген мағынада қолданылады. Яғни, дағдарыстың қай қырынан қарасаң жұмысың солай қарай жүреді. Нұрсұлтан Назарбаев өз Жолдауында мүмкіндіктерге аса мән беріпотыр. Оны маңызды құжаттың жаңық байқайсың», – деп Жолдауды ерекше бағалаған. Заманның мүмкіндігін ұтымды пайдаланып, қиындықтарды еңсеру Елбасының басқа саясаткерлерден ерекшелеп тұратын басты қасиеттердің бірі. Бүгінде Елбасы Жолдауы туралы жариялаған мақалаларға ой қосып, сілтеме жазғандар 5 миллион адамнан асып түскен. Бұл Елбасы Жолдауына әлем елдерінің баса назар аударып отырғанын білдіреді. Саяси жағдайы шатқаяқтаған украиналық саясаттанушының: «Нұрсұлтан Назарбаевтай мықты саясаткерлер көп болғанда,болқым,әлем бүгінгідей мәселелерге тап болмас па еді», – деген пікірі көп жайды аңғартса керек.

ЖАҢА ҚҰРЫЛЫМ

ЖЕРГІЛІКТІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІН БАСТАДЫ

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті полиция қызметінің жұмысы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы жергілікті полиция қызметіне құзыққа тұмсықтардың, қызметтік құзыреттіліктерінің алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау, жолын кесу, әкімшілік құқықбұзушылық жөнді бойынша іс жүргізу, қылмыстық теріс әрекеттер бойынша хаттамалық нысанда сотқа дейінгі тергеп-тексеру сынды аса жауапты міндеттерді жүктейді.

Осы Заңның қолданысқа енгізілуіне байланысты елімізде жаңа құрылым – жергілікті полиция қызметі өз жұмысын бастады. Оның орай облыс аудандарындағы күзетпен орган басшыларын көпшілікке облыс әкімінің бірінші орынбасары Махаббат Бигелдиев пен облыстық жергілікті полиция қызметінің басшысы Марат Құштібаев таныстырып, жаңа құрылым жұмысына табыс тіледі.

Жамбыл аудандық мәслихатының кезекті тың 57-сессиясында аудан әкімі Жандарбек Дәлбаев аудандық жергілікті полиция қызметінің басшылығына Арман Қуатбекөвты ұсынып, мәслихат депутаттары оны бірауыздан мақұлдап, тағайындалуына келісім берді. Сол сияқты Қарасай аудандық мәслихатының кезекті тың сессиясында да аудандық жергілікті полиция қызметінің басшысы лауазымына кандидатураны келісу мәселесі қаралды.

Аудан әкімі Аманғелді Дәуренбаев Қарасай аудандық жергілікті полиция қызметінің басшысы лауазымына ұсынған Мейрамбек Әділдің кандидатурасын халық қалаулыларына бірауыздан қабылдады. Ал, Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының кезекті тың 56 сессиясында аудан әкімі Бекқұл Ысқақ ішкі істер саласындағы жаңа реформаның қоғамдық тәртіпті сақтауда үлкен рөл атқаратынын айта келе аудандық жергілікті полиция қызметінің басшысы лауазымына Айдос Жүнісовты Жүнісовтың кандидатурасын ұсынды. Осыған байланысты аудандық мәслихат депутаттары Айдос Жүнісовты лауазымға лайық деп тапты. Үйлыр аудандық мәслихатының кезектен тыс 55-ші сессиясында аудандық ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметінің басшысы лауазымына ұсынылған кандидатураны келісу туралы мәселе қаралды. Жергілікті полиция қызметінің басшысы лауазымына лайықты кандидатура ұсыну үшін сол аудан әкімі Алпамқан Толтасұлын Құдайбердіұлов Аманғелді Қасымжанұлын үміткер ретінде ұсынып, ешбек жолымен таныстырды. Ор жылдары облыстың құқық қорғау саласында абыройлы еңбек сіңіп Аманғелді Құдайбердіұлының кандидатурасын мәслихат депутаттары бірауыздан қолдап, дауыс берді.

Бұдан соң облыс әкімінің бірінші орынбасары Махаббат Бигелдиев бастаған жұмыс тобы Кербұлақ аудандық мәслихатының депутаттарымен кездесіп, жергілікті полиция қызметі басшысының кандидатурасын талқылады. Халық қалаулыларына полиция майоры Уәлиханның Қусайынұлы Мақсатының кандидатурасын таныстырған аудан әкімі Бағдат Өлжеев үміткердің қызметін абыроймен атқарғанын атап өтті. Кербұлақ аудандық мәслихатының депутаттары жергілікті полиция қызметінің басшысына ұсынылған азаматтың кандидатурасын бірауыздан қолдап, дауыс берді. Жиынды қорытындылаған облыс әкімінің бірінші орынбасары Махаббат Бигелдиев жиынға қатысқан аудан активине бұл қызметтің жай-жағдайын түсіндіріп, жаңа басшыға Елбасы тапсырысын орындауға, жергілікті жерлегі қоғамдық тәртіптің, құқықбұзушылықтың алдын алуға еселі еңбек ету қажеттігін тапсырды.

Жергілікті полиция қызметінің басшылығына ұсынылған азаматтардың кандидатурасы енді ішкі істер министрлігінің бекітуінен өтуі тиіс.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

КӘСІБІ – НӘСІБІ



ТАЛПЫНҒАН жетер мұратқа

Ескелді ауданының Еңбекшімек ауылында дүниеге келген Бағдат Серікқожаев мен өмірлік жары Айгүл екеуі бидене өсіруден пайдасын бұлің, интернет жүйесі арқылы бидене жайлы және оны өсіру жөнінде кәнігелеп ақпарат жинап, ой елегінен өткізіп. Ақыры тәуекелге бел буып, Алматыдан бидененің жұп балапанын, сатып әкелін, үйде ұстауға кіріседі.

Бұл құсты өсіруді де өзінің ерекшеліктері мен жинақтаған жеке мен ңгеруге келеді, тәжірибесі де белгілідықтан балапандарын бірақ шағынға ұямырлы. Алайда «Шешкен суда тайтабан» дегендей, бағдат бастамасынан бас тартпай, бидене өсіруді қыр-сырын жақынай үйренді, тәжірибесін толықтыра түсті. Құсты талапқа сай, қолайлы жағдайда өсіру мақсатында Бағдат тұған-туыстарының көмегімен жұмыста 400 шаршы метрге жуық ауқайы қоражай салып, оның ішін ауқайы тақсырысымен жасалған торлармен сөрелермен жабдықтады. Бірден 2000 балапан бастырып ынтарлы шағын инкубатор сатып алып. Қоражайын ішіне шағын қасиеттана жабдықтап, сөйлегін бөлмелерді қауырсынның тазартатын автоматты қондырғы орнатты. Жемді ұқсатып, дәрумендер арналастырып беру үшін шағын жемхана да іске қосынты. Сонын арқасында қазір Бағдаттың бизнесінің ауқайы 1200-ге жетті.

Дәсе де, бидене өсіру оңай емес. Бағдаттың айтуынша,18 түрлі ауқ беріп асырауы екен. Олар бидай, арпа, тары, жүгері сияқты дәнді дақылдарын жарамсыз жемге жейді. Адам ет, балық пен де қоректенеді. Сондай-ақ, бидеңлер күрт-құрт, жәнішқандар түқымымен де ауқатқады.

Құс ет пен жұмыртқасының аса пайдалы екендігі барлаға аян. Пайдасы ұшан-теңіз тауық жұмыртқасы мен ет салыстырылғанда бен құс тұмауы дертіпен тарамуына ретінде де белгілі. Ал бидененің қалыпты дене қызуы 42 градус болғандықтан аталмыш жұқпалы дерттерге құсқа тұрғын қабілеті бар жағдай құс екен. Облыстымыздың Алматы маңайындағы аудандарында кейінгі жылдары бидене өсірушілер көбейіп келеді. Өзге құстарға қарағанда комиссіяны жоқ бидене өсіру тиімді екен. Бір бидене бір күнде 30 грамм ғана жем жейді. Бұл құсты үй жанұйымда да өсіріп, қол-көсір пайдаға келтіруге болады. Мәселен, қаз, үйрек, тауыққа қарағанда бидене жиі жұмыртқалайды. Жылына 300 жұмыртқа табады. Бидене жұмыртқасының 37,8 градус жылылықта инкубацияда 15 - 17 күн ішінде балаған өріп шығады. Бірден ағы-су беруге болады. Бұл балапандар 45 күннен кейін әр 16 сағат сайын жұмыртқалайды. Бір жұмыртқаның қара базардағы құны 25-30 теңгеден. Бір жылдан кейін жұмыртқадан сүрсіпіндіктен сойып, етін кілетке жарытқан жөн. Еті жұмсақ әрі ақуызға бай. Салмақ қосу қиын емесе, керісінше, семіздікке ұшырап, дәрет ұстап жүруен адамдарға тәтірмас тағам. Оны да мейрамханалар тапсық ет ретінде пышақ үстінен талап ақтетін көрінеді. Өнтіпе барысында Бағдаттың бұл кәсіпкен айналасуы қолға алғаны бірақ шағынға батынып, алайда жұмысын ретпен алғансон кішкентайлықтан арта қалатынына сенімді екенін білдік.

Бидене өсірумен шұғылданушы қолға алғалы бері Бағдат облыстық кәсіпкерлер палатасы Ескелді аудандық филиалына да жиі бас сұғатын болыпты. Өйткені ол осы жерден бизнестің ағамдық ілгіпесін үйренушілерге тегін дәріс беретінін естіп, оның кезін ерінбіп кәсіпкерлік сауатын ашу курсынан өтіпті. Сонымен қатар, филиал директоры Абен Тайжанов тың тілекті қолдауы мен көмегінің арқасында өзіңдікті бүгінгі өндіріп отырған бизнесінің ең мен жұмыртқаның іс жүзінде көрсету арқылы аудандық филиалда тұсаукесер рәсімін өткізген екен. Қазіргі кезде және кәсіпкерлік құру үшін осы жердің мамандарынан көмектімек құжаттарын әперіп, тапсырмын жүргізіп жатыр екен.

– Егер бидене асырайтын адамға қайтарымсыз гранттар немесе пайызы аз несие алуға мүмкіндік туса, бұл салаңы да өркендетіп, өндіріс көлемін ұлғайтуға мүмкіндік туар еді. Бұсынысты кәсіпкерлік палатасының Ескелді аудандық филиалының директоры Өкен Тайжанов.

Осындай пайымдауларын кейін бізбен де бұл кәсіпкін келешегі кемел екенін сенімімізді күшейте түсіп, Бағдаттың бастамасы бағында болуын тіледік.

Шора БАТЫРБАЕВ.
Ескелді ауданы.

«ТАЛҒАР» ГАЗЕТІНЕ – 80 ЖЫЛ

Алтын көпір

Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлының «Газет — халықтың көзі, құлағы һәм тілі», — деген даналығы журналистер қауымының бойтұмары іспетті. Күнделікті жылт етіпе жаңалықтармен қатар, шынайылық пен шындықтың қоңырауын қағып, қоғамдық ахуалды, әлеуметтің әлеуетін, экономикалық дамуын сүзгіден өткізіп, сүбелі мақала жазу — журналистердің абыройлы міндеті саналады. Осы бір жауапкершіліктің жүгін арқалап жүрген аудандық «Талғар» қоғамдық-саяси газеті Жаңа жыл қарсаңында 80 жылдық мерейтойын атап өтті.

Осы уақыт аралығында журналистиканың устаханасына айналған аудандық, басылымнан көптеген тілшілер түлеп ұшса, тақа басылған тарихында КСРО және Қазақстан Журналистер одағының мүшелері Мұхамед-Әли Сайн, Мұса Жаһанділов, Нұрсадық Сарғожаев, Инна Нүрпеисова, Гүлбаршын Құсмашаліева сынды танымал қаламгерлердің қолтаңбасы қалғанын айту әбзал. Ага буынның шығармашылық жолын жалғастырып, ауданның тыныс-тіршілігін жазуда үнемі ізденісте жүрген сақа журналистер Тұрсынбек Жалғасбаев, Райхан Әзімова, Фатима Ерханова, Перизат Нұрқаева мен Гаухар Тұрсынқожаның есімі оқырмандарына көнінен танымал. Ал аудан айнасының ақпарат айдынында жұлдыздай жарқырап, руханияттың қайнар бұлағына айналған ұжымды айрандай ұйытып отырған газеттің бас редакторы Бақтияр Қабасовтың да еңбегі ерекше аталары сөзсіз. Міне, сексеннің сеңгіріне қарағайдай қалың оқырманның ризашылығына белене қадам басқан басылымның мерейтойы зор қошемет, достық ықыласпен басталды. Қазақ баспасөзінде өзіндік орны бар ақпарат жаршысының өткені мен бүгінін сабақтастырған салтанатты шарада аудан әкімі Райхан Садықова сөз алып, шығармашылық ұжымды мерейлі мерекелерімен құттықтады.

— «Талғар» газеті — еліміздегі өзіндік ерелі тарихы бар, бағыт-бағдары айқындалған,қалың оқырманы қалыптасқан беделді басылымдардың бірі. Әр кезеңде артұрлі атауға ие болып, ауданның айнасына айналған басылым талғарлықтардың ел ырысын молайту жолындағы ерен еңбегін насихаттап, көпшілік оқырманға жеткізуден жаңылған емес. Газет ұжымы қарапайым халықтың мұңмұқтажын жоқтап, әр-намысын қорғап,олардың әлеуметтік мәселелерін батыл көтеріп келеді. Соның нәтижесінде жыл сайын оқырмандар қатары артуда, — деген аудан әкімі газет ұжымына шығармашылық табыс пен отбасыларына амандық тіледі. Сондай-ақ, басылымның жарқырай жарыққа шығуында табандылық, таныпын, ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек еткен қаламы қарымды қарт журналистер Мұса Жаһанділов,Нұрсадық Сарғожаев,Наталья Сохтасқа мен басылымның бүгінгі ұжымына мерейтойлық Алғыс хат пен бағалы сыйлықтар тарту етті.

Біз де мерейлі мерекелерімен құттықтап, шығармашылық тың шынынан көріне берулеріне тілектестігімізді білдіреміз!

Ұ. БӨРІБАЙҚЫЗЫ.
Талғар ауданы.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Қазіргі нарық заманында өндірген өнімін саудалау арқылы бизнес көлемін ұлғайтуды ойлайтын кәсіпкерлер нарықты игеру, бағаны ықпалында ұстап қалу мақсатында түрлі айла-тәсілді ойлап табуда. Осы орайда жарыққа шыққан жарнама қызметі бәсекелестер арасындағы жеңіс пен жеңілістің қызыл сызығына айналып отыр. Сарапшылардың пікіріне сүйенсек, әлемдегі бренд тауарлардың өтімділігінің жетпіс пайызы жарнамаға тікелей қатысты екен. Ал сапасы, көркемдігі, шыдамдылығы, материалы сияқты басқа себептер қалған отыз пайызын құрайды. Демек, тауардың құндылығын жарнаманың күшті-әлсіздігі көрсетіп отыр. Бұл бүгіннің туындысы емес, Қожанасырдың жалғыз тауығын айла-шарғы арқылы қоралы қойға айналдырғаны өткеннен қалған бір мысал. Осыдан-ақ, бизнесін айналысуды мақсат еткен немесе өндірісінің ауқымын кеңейтуді ойлаған кәсіпкер ең алдымен өнімінің базардағы бағын ашып, жұрт арасындағы ықпалын кеңейтетін жарнама қызметі жайлы жақсы біледі жөн.

ШӨЛМЕК БОЛҒАН қайран өрнек







Қажет АНДАС

Жасыратыны жоқ, бүгінде жарнаманың сан түрі бар. Алайда, жарнама қызметін жандандыру мақсатындағы дүрмектің арасында, көңілге қонымсыз жайлар да қылаң беріп қалады. Сондықтан кейінгі жылдары әр елде жарнама қызметі туралы түрлі заң қабылданып, аталған қызметтің тазалығын, тәртібін, шынайылығын тандық тұрғыда реттеп отыру қолға алынуда. Тіпті кейінгі кездері жарнамада қолданылған бейнесюжеттермен оған қосымша келтірілетін мәтіннің еларалық ынтымаққа, ұлтаралық татулыққа, жеке тұлғаның ар-намысына қауіп төндірмеу жағдайы әлемдік деңгейде ескерілетін болды. Осындай жұмыстар жасалып жатқанымен қалтаның қамы үшін қисынсыз дүниелерді ойлап шығарып, жұрттың наразылығын өршітетін келеңсіздіктің тоқтайтын түрі жоқ. Жарнамадағы жағымсыз жайлардың мемлекеттік деңгейдегі кездесулерде әңгіме өзегіне айналып жүргені соның дәлелі. Оның ішінде бізге белгілісі бір қаума, ал білмейтіндеріміз қаншама?

Өткенде «Камшы.kz» сайтында жарық көрген «Қазақтың камзолы Қытай арағының сәніне айналды» деген мақала әлеуметтік желі қолданушылары арасында қызу талқыға түсті. Арақ өндірумен айналысатын қытайлық кәсіпорын түк таппағандай «Сорбұлақ» деп аталатын арақты қазақ қызының камзолы бейнеленген ыдысқа құйыпты. Сайттағы мақалада: «Қытай қазақтарын шулатқан бұл арақ жақында ғана сатылымға шыққан көрінеді. Естеріңізде болса, көршіміз осыдан бірнеше жыл бұрын домбыра пішінді «жынды су» шығарып та қазақтың тамырын басып көрген. Енді, міне, аталарымыз бен әжелеріміздің сан ғасырлық көз майын тауысып, ұрпаққа қалдырған ұлы мұрасы – ою-өрнектер де әзәзіл арақтың сәніне айналды», – деген сілтеме жазылған. Сондай-ақ, атышулы ыдыстың суретін де беріпті. Расында біздің жұрт әйел затының әрбір кезеңін үстіндегі киім үлгісі, шашындағы шолпысы, құлағындағы сырғасының өрнегіне қарап ажыратқан. Камзол – қазақ қызының адалдығын, пәктігін, ибасы мен ұятын білдіретін ұлттық киім. Осыдан-ақ қытайлық шарап өндірушілер арымызды, жанымызды, ұятымызды аяққа таптап отыр деп есептеуге негіз жеткілікті.

Аталмыш мақаланы қызу талқылаған әлеуметтік желі қолданушыларының пікірі екіге жарылды. Оның бір тобы: «Қытайлықтар қазақтың ұлттық өрнегін мазаққа айналдырды», – деп жұрттың намысын қайраса, енді бір бөлегі: «Бүгінгі нарық заманындағы, әсіресе, экономикалық дағдарыс қыспаққа алған тұстағы өз бизнесін сақтап қалу жолындағы жанталастың көрінісі», – деп көршілерімізге даушылық танытуда. Әрине, екі жақтың да өз дәлелі жеткілікті. Расында адамгершілік, ұлттық мүдде тұрғысынан келсек, қытайлықтар қазақтың намысына тиюде. Мұндай жағдай әлемнің қай түкпірінде орын алса да ол қазақтың ұлттығына кір келтіріп отыр. Сондықтан көкірегіне ұлт намысы ұялаған әрбір азамат ұлттық мұрамыздың сайқымазаққа айналмауы үшін үн қосуы керек. «Өз Қытайда болыпты, біз Қазақстандамыз. Бізге келіп-кетері шамалы», – деп қыңыр қарауға болмайды. Тағы бір жағынан, біздің елде шетелдің немесе басқа ұлттар мен ұлыстардың намысына тиетін келеңсіз жағдайларға мықты тосқауыл қойылған. Яғни, Қазақстан халқы Ассамблеясы аясында мәдени орталықтар өз ұлттарының мүддесін қорғай алады. Өкінішке орай, бірнеше миллион қазақ тұратын көрші Қытайда әлі күнге дейін қазақ мәдениетін дамытумен айналысатын бірде-бір орталық жоқ. Айтпақшы, бұл бірінші рет болған жағдай емес. Аталмыш мақалада айтылғандай, сол арақ зауыты осыған дейін де домбыра бейнесіндегі арақ ыдысын ойлап тауып, кейін Қытайдағы қазақтардың наразылығымен нарықтан алып тастапты. Тіпті аталмыш зауыт шарап ішіп, шалқып билеген қазақ қызын жарнамалағаны үшін сотқа тартылып, айыппұлмен құтылыпты. Қытайлық азаматтардан телефон арқылы білгеніміздей, сот отырысында зауыт өкілдері: «Біз бұл арқылы қазақтарды мазақтайық деген ойдан аулақпыз. Біз өндірген шарапты көбінесе қазақтар тұтынады. Сондықтан тұтынушыларды қызықтыру үшін осындай жарнама жасауға тура келді. Сондай-ақ, қазақтың оюөрнектері әдемілігі, тартымдылығымен жарнаманың көркемдігін аша түседі», – деп ақталыпты. Қытай соты бұл іске қатыстыларды айыпты санағанымен олардың әрекетінің қылмыстық негізі жоқ деп тауыпты. Осы тұста бізде: «Қытайлар неліктен қазақтың оюөрнегіне жабысып қалды?», – деген сұрақ мазалады. Оның жауабын өзіміздің ұлттық мұрамыздың құндылығынан таптық.

«Қазақтың ою-өрнегі» деген кітапта: «Қазақтың ою-өрнегі таза табиғаттан алынатындықтан оған өмірде бар барлық түс қолданылады. Егер қазірге дейін он екі түрлі түс бар делінсе, соның бәрін қазақтың бір ғана өрнегінен табуға болады. Ал өзге ұлттардың мұрасынан мұндай үйлесімділікті таба алмайсыз», – деп жазыпты. Қазақтың ою-өрнегіне басқалардың қызығуы да осыған байланысты болса керек. Кейінгі кезде жапон, корей сериалдары ерте заман үлгісіндегі киім-кешектерде қазақтың ою-өрнегін мейлінше пайдаланып келеді. Демек, олар ұлттық мұрамыздың таңғажайып қасиетін икемді пайдаланып отыр. Керісінше, біздің сериалдар басқалардың жылтырағын жырғата алмай жүр. Сөйте тұра өзімізше намысты болып шыға келеміз. Расында, қытайлар біздің қадірлі мұрамызды ділімізге жат шарап құятын ыдысқа қолданғандықтан кінәлі болып отыр. Кәсіпкерлер үшін қазақтікі ме, орыстікі ме, қытайдікі ме, бәрібір. Бастысы, өзінің қолайына жағып, елдің назарын аударып, өнімін ерекше етіп, қалтасына қаржыны молынан түсіретін жарнамаға жабысады. Осы тұста: «Біздің азаматтар ұлттық өрнектермен әдіптелген жарнаманы шығаруға неге құлықсыз?», – деп ойланасың. Керісінше, жерлестеріміз майысып тұрған орыс қызының, жалаңаш ағылшын қызының суретін жарнамалауға әуес. Тіпті қымыз бен шұбат құятын ыдыстың сыртына сондай ұятсыз көріністерді көрнеклендіріп қойды. ВКонтакте желісінде дәретхана маңдайшасына ілінген, Қазақстанның Мемлекеттік Туы үлгісінде әзірленген маңдайшаның суреті жарияланды. «Шамның түбі қараңғы» деген осы шығар.

Бұл жердегі айтпағым, өзгелердің еншісінде кетіп жатқан құндылықтарымызды ұқыптауды үйренгеніміз жөн-ау. Ол үшін өз арамыздағы ұлттық мұрамызға мұрын шүйіріп қарайтын ұятымызды тазалап алғанымыз дұрыс болар.

ЗАМАНДАС КЕЛБЕТІ

Қылықты қыз, қайдасың?



Халқымыз бағзы заманнан бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Әсіресе, қыз баланың жүріс-тұрысы басты назарда болғандығы белгілі. «Қызға қырық үйден тыйым» деген сөздің астарында талай мән жатыр. Өзгенің отын тұтатып, шаңырағын ортасына түсірмейтін сыйлы келін болсын деген ниетпен жасынан салт-дәстүр мен өнерге, үй шаруасына баулыған.

Бүгінде бұл тәрбие өз жалғасын тауып келеді. Әлі де қазақтың қарапайым, инабатты, ақылына көркі сай қыздары жетерлік. Дегенмен, «сырты бүтін, іші түтін» арулар да жоқ емес. Мәселен, үйінде сыпайы, ибалы қыздың кейпінде жүріп, сыртқа шыққанда не болмаса достарының арасында мүлде өзгеше түрге енетіндер де бар біздің қоғамда.

Ер адамдармен қатарласа көшенің бұрышында темекі шегіп тұратындарын қайтесіз?! Бұрындары тым болмаса жасырынуға тырысушы еді, қазір тығылмақ түгіл, ақыл айтпақшы болған кісіге дүрсе қоя береді. Ішімдікке құмар, темекіге әуес, тілі ащы, мінезі дөрекі «арулардың» саны мына заманда тым көп-ақ.

Өз басым бірде мынадай жағдайға куә болдым. Сабақтан кеш шығып, қараңғы түсе үйдің бұрышына жете бергенімде шамамен жоғары сынып оқитын қыздардың әрекетіне мойын бұрмай өте алмадым. Қасынан өткенде темекінің көк түтінінен шашалып қала жаздадым. Түріне қарасаңыз, сүйкімді қазақтың бойжеткендері. Ал тұрған тұрысы мен істеген ісін айтуға ұят.

Жалпы, темекіге көбіне жасы 30-дан асқан, күйеумен ажырасқан не болмаса тұрмыс тапшылығынан зардап шеккен қыз-келіншектер үйір болады екен. Яғни, қыз-келіншектердің басым көпшілігі күйзелістен арылудың бірден-бір жолы осы деп есептейтін көрінеді. Ал мектеп қабырғасындағы жеткіншектердің мына қылықтарына қарап, жаға ұстауға болады. Сонда олардың тәрбиесіне, іс-әрекетіне жауапты ата-ана қайда қарап жүр? Неге іштен шыққан перзентінің тәрбиесіне салғырт қарайды? Мені қынжылтатын осы сұрақтар. Қысқасы, жауабы жоқ сансыз сауалдар.

Барлық қыз осындай деп желке тоңырақ шашудан аулақпын. Алайда күннен-күнге артып келе жатқан қылықты қыздардың санын көмігуге аз да болса өз үлесімді қосқым келеді. Бір қызды тәрбиелеу арқылы ұлтты тәрбиелейтінімізді ұмытпайықшы.

Назерке ТІЛЕУБАЕВА,
студент.
Талдықорған қаласы.

ОЙМАЗДАҚ



Мадина МАЛИКОВА,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің студенті.

Не ұттық, неден ұтылдық?

Жаһандану заманы деп ұлттық құндылығымыздан айырылып бара жатқандаймыз. Атам қазақ айтушы еді «Қарнымның ашқанына емес, қадырымның қашқанына жылаймын», – деп. Айтқандай-ақ, қадырымыз қашып барады. Қашырып жүрген де өзіміз. Басымнан өткен деп айтпай-ақ қояйын. Қазір әлеуметтік желі деген жақсы болды. Жақсыны да, жаманды да жариялап, соған пікір қосқан ағайынның ойына мәз болып отыра береміз. Оның арты не боларының байыбына бармай кезте пішіп шешім шығарамыз. Сөз бостандығы деп ойымызға келгенді жариялау арқылы абырой жинаймыз деген пікір қалыптасып үлгерді. Әңгімеміз сүйық болмас үшін көзбен көргенді мысал ретінде келтіре кетейін.

Жуырда «Фейсбук» әлеуметтік желісінде тойда билеп жүрген ата мен апаның бейнекөрінісін жариялап, «бүгінгі күннің атасы мен апасы», – деп айдар тағып қойған. Оның астына пікір жазғандардың қарасы көп. Бірі даттап, екіншісі мақтап жатыр. Сонда ол бейнетаспаны жариялаған адамның көксегені не? Нені айтқысы келді? Ата мен апа қуануға болмайды деген ме? Ағайынның қуанышына ортақтасып, ортаға шығып билесе несі кетті?! Жасамыстың секендеп жүргені ерсі көрінген болар. Әйтсе де оны әшкерелеудің қажеті қанша? Сол арқылы пайдасы жоқ, ұпай жинау және абырой? Жақсыны асырып, жаманды жасырған текті елдің ұрпағы емеспіз бе? Онда қайда біздің тектілігіміз? Жалпақ жұртқа жария ету арқылы жастардың ойын теріске бұрғаның білсе игі еді. Үлкен мен кішінің арасындағы құрмет деген қасиетті ұғымды аяқасты етті. Қазір әлеуметтік желіде жас та, жасамыс та отыратыны белгілі. Ананы көрген жас баланың ата мен апаға деген көзқарасының мүлдем өзгермесіне кім кепіл?!

Басымнан өткен бір жағдайды баян етейін. Ауылда ойнап жүріп, нағашы ағамның ащы суды артық тартса керек, көшеде құлап қалғанын үйге жүгіріп келіп айтқаным бар. Сол кезде анам мен әкем тыйып тастады. «Тәйт, олай айтпа, үлкен кісінің кемшілігін жариялауға болмайды. Ол бапаның ісі емес, ойыныңды ойна да тыныш жүр», – деп ақырын ескерткен шығып кетті. Әкемнің артынан ұрланып мен де шықтым. Қарасам шарбақ түбінде қисайып жатқан ағаны қолтығынан демеп, үйіне апара жатыр екен. Мұны көрген мен, істеген ісіме таң-тамаша болдым. Кейін ойлап қарасам, қанша маскүнем, бұзақы болса да, үлкенге деген құрметті жас буын ешқашан ұмытпауы керектігін ұғындым. Әкем жаманды жасыру арқылы жақсылыққа үндеп тұрғаны сананмен ешпейді.

Ал қазір қалай, керісінше, жария ету арқылы кемшілікті түзейміз дейді. Жоқ, ертең бөлеңді алып, жас пен кәрінің арасы алшақтайды.

Одан кейін той үстіндегі тағамды пакетке салып жатқан апаларымызды да салып қойыпты. Бұл енді жарияланатын нәрсе емес. Үстелден алған кәшкене той дәмінен біреудің ырысы кемеп, екіншінің тасып кетпейді. Қазақ – ырымшыл халық. Ырым етіп алуы да мүмкін. Балаларым ауыз тисін, той болсын деуі де мүмкін ғой. Жалпы мұндай дүниені жариялау – мәдениетсіздіктің белгісі.

Қорыта келгенде, бауырмалдықты жоғалтпайықшы. Ұсақтану – біздің ұлтқа жат ұғым. Текті елдің ұрпағымыз деп жүргенде онсыз да үзілгелі тұрған сыйластықтың жібін үзіп алсақ, қайта жалғау қиынға соғады. Сауабы жоқ бейнекөрініс арқылы не ұттық, кім ұтылды?

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

ТЕКТІЛІКТІҢ ОРНЫ – ТӨР

Кейбір ақпарат құралдары мақтаулырының оқуға ізден, қазақтың қадір-қасиетін төмендетіп, арындағы әлеуметтік мәселелерді республика көлемінде желге шығара басмады. Алайда, бұл біз үшін ұят. Қандай жағдай болса да ұлттың рух, намыстың басқадан жоғары тұруына жұмыс жасауымыз керек. Бұқаралық ақпарат құралдарында ұлттың мүддені көздейтін, тәрбиелік мәні бар мақалалар ғана басылуы керек.

Осы ретте мына бір жайтты айта кетпекпін. Бірде отандастарымыз бірнеше рейс жасап, америкалық католиктерді тиушіакпен шөб шуйін, ауасы таза, тауы қарағайлы, форельди көлі бар Асы жайлауына алып барады. Сол кезде олар әйелдердің ауыстырып жерге тастаған шұлықтарын жинап жатқан кезді, тырнақалғаш, әрзанкөл ашекей бұйымдарға малшылардың таласып жатқан шағын, жастардың қалай болса солай киініп, айғайлап әлтен шауып жүргенін, бүтін қоса қонақтар дәм татқаннан кейін дастарханға лап қойған адамдардың легінен шатырдан бір шеті құлаған суретке түсірген.

Қандай да болсын іс-шараға малшы қауым шақырусыз жиналады. Сондайда саудагерлер ішімдікті үйіп тастайды. Католиктерге жайлауды көрсетіп, малшы қауымды дүрлікпіп, сосын дұрыс киінбеді, ұсақ-түйекке қызылып таласты деп кінәлауға бола ма?

Иә, қонақжайлық – жақсы қасиет. Алайда малшы қауымға католиктерді апарудың қажеттігі бар ма еді? Онсыз да шетелдің түрлі қоғамдық қорлар мемлекеттік емес ұйымдарға қаржылай көмектескен болып, ұсақ-түйек мәселелерді көтеріп белсенділік танытқандарға сый-сияпатын аямай, басқа ұлт өкілдерімен байланысып, «қайырымдылық жасап» әрамызға жік салу үшін саңылау іздеп бағуда. Елегенді елиткен, білдірем деп бүлдірген басшылар сол сәтте қалай ұялмай қарап тұрды екен? Ар-ожданнан бастау алатын ұлттық намыс рухани құндылықтардың қадірін білумен негізделмей ме? Ұлттық намыс – елдің тұтастығы, рухани бірлігіне қызмет жасайтын еңдилен егіз ұғым.

Ұлттық намысты ту еткенде түрік әртісінің мына тектілігін сөз ете кеткен жөн. Ол 1 миллион долларға келісім жасасып, киноға түседі. Бірақ, бір эпизодта кеудесін ашық көрсетіп, Голливуд актерінің оның кеудесіне гүмсығын қойып тұруына қарсы болып үйіне қайтқан. Бұл ар туын аспандатқан қыздың әрекеті.

Әр адамның өз пайым-парасаты, жігері, алдағы мақсаты, жаманнан жиреніп, жақсыға ұмтыла білуі дара тұлғалық дәрежеге жетелемек. Ізгі қасиеттерді бойына жиған адам иманды да болмақ. Текті ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген қазақтың баласы қоғамда қалыптасқан моральдық нормалар мен түсініктерді мүлтіксіз орындайды. Ал қалталы, білім, тәртіп сақтау саласындағы кейбір мамандар, кәсіпкер азаматтар бұл талаптарды елемейді. Бұған мына мысалды келтіруге болады. Шетелдің бірлескен кәсіпорын құруға келген кәсіпкерлерді әуежайда жауапты қызметкерлер күтіп алады. Жолшыбай қонақтар өздері келе жатқан көлік жүргізушісінің жол ережесін бұзғанын байқайды. Мейрамханаға беттеген бұрылыста «көлік қоюға болмайды» деген белгіге қарамай аулаға кіреді. Мейрамханада тамақ мәзірінде көрсетілген тағам жоқ болып шығады да, «темекі тартуға болмайды» деген ескертпе тұрса да шылым шегіледі. Қонақтардың біреуінің басы ауырып, дәрігер бөлмесіне барса, бөлме жабық тұрады. Түстен кейін құжаттарды талқылауға тиіс қонақтар ақылдасып: «Өз елінде қоғамдағы қарапайым талаптарға мән бермеген адамдармен бірлесіп жұмыс істеу қиын болар, елге қайтайық», – деп ұшаққа билет алған екен.

Атам қазақ «Өсер елдің баласы бірін-бірі батыр дейді» деген. Бізде, керісінше, кемсіту басым болып барады. Бүгінде «қытайлық, оралман, шала қазақ, мәмбет, мәңгүрт, маргинал, космополит» деген сөздер қолданыла бастады. Онымен қатар рушылдық пен жүзге бөлінушілік белең алып барады. Халқымыз «Ауруды жасырсаң, өлім әшкерелейді» деген. Енді ауруды асқындырмау керек. Біреу тақта отырса, білім, біліктілік, тәжірибеге қарамай-ақ, құрықтап отырады. «Команда» деген пәле шығып, жағымпазды тау, шағымшылды жау санап, өзінді ысырып тастап, сырттан маман әкеліп, тер соларға берілгенмен ешқайсысы қызмет орнын талантымен көркейте алмауда. Кезінде әр жүз өз хандарын сайлап, алауыздықтың салдары бодандыққа жеткізгенін ұмыта бастадық па?

Кезінде Сібір губернаторы М. Сперанский: «Қырғыз-қайсақтардың жерінде сексеуіл деген ағаш өседі. Соны бір-біріне ұрып жарады екен. Сол сияқты қазақтар үш жүзге, руға бөлінеді. Біз оларды бір-біріне ұрып жаруымыз керек», – деген.

Зұлмат, қудалау кезін өзіңде хат тексеріп, ату жазасына кесімді Мәскеу шығарған жоқ еді. Бұл жерде «Тектілік пен тексіздік текетіресетін қоғамда, таңір тексіздіктен сақтасын» дегенге қосылуға болады. Бірлік бар жерде тірлік бар. Аз ғана халықпыз. Күн болып күліп келіп, ай болып нұрын шашқан елеменідіге өзіңді-өзің сыйламасаң, сені кім сыйлайды? Сол үшін бір-бірімізді жат санағанша, «бауырым» деп тесқағыстырып жүргенге не жетсін, шіркін?

Құранда: «Қай қауым болсын өз жағдайын өзі өзгертпесе, олардың жағдайын Алла өзгертпейді», – делінген. Ешкім біздің жарылқамайды. Сондықтан Көк байрақты аспандатайық, қасиетімізі, кісілік келбетімізден айнымай, келешектің үмітін ақтап, тұтастық, елдікті сақтайық, бірлік пен тірлігімізді еңбекпен нығайтып, халық тектілігін төрден түсірмейік.

Нұрлан ЕРДӘУЛЕТҰЛЫ.
Шелек ауылы,
Еңбекшіқазақ ауданы.

1

КӨКЖИЕК



Отшашуды әдетте алаңдарда өтетін мерекелерде жиі көреміз. Жылына бір келетін Жаңа жыл мерекесіне де сән беретін осы – отшашулар. Бір қарағанда өте әдемі көрініп, ерекше әсерге бөлегенімен оның ауаға келтіретін зияны да аз емес. Адамдар да отшашу салдарынан жарақат алып жатады. Алайда, қызылды-жасылды болып аспанға атылар отшашуға көз тоқтатпайтын адам жоқ. Ол туралы мәліметтің де көпшілікті қызықтырары анық. Осыған орай отшашудың қалай пайда болғандығы жайында ақпарат ұсынбақпыз.

ОТШАШУ қалай пайда болды?

Жалпы ежелден бері мейрамдарда от пен жарық пайдаланылып келеді. Әуелде лаулаған оттың ұшқындары алынса, кейіннен жетілдірілген түрлері, бүгінде өздеріміз көріп жүрген заманауи отшашулар пайда бола бастаған.

Грек, рим халқы Лампадарио мерекесіне орай әулие Минерваның құрметіне көп шамның көмегімен мереке өтетін аланды жарықтандырған. Ал ежелгі мысырлықтар тіпті «жарық шамдар» мерекесін тойлаған екен. Үндістер мен ежелгі славяндардың көп салты да осы отпен байланысты. Славяндар күнге де табынған, өйткені оны көктегі тәңірдің жіберген оты деп таныған. Қытайлықтар IX ғасырға дейін бамбуктан жасалған жарқыншақтарды жын-сайтандарды қуу мақсатында қолданған.

Отшашуларды жасаған үздік шеберлер ретінде XIV – XV ғасырларда итальяндықтар танылған екен. Олар өз мерекелік отшашуларын ағаш көпірлерде ұйымдастырған көрінеді. Аса жоғары сапалы, қымбат түрлерін басты діни мерекелерде пайдаланған.

Қазір жүргізілік көбінесе отшашу түрлерін Қытай елінен әкеліп пайдаланады. Бүгінде аспанасты елі ойын-сауықтық пиротехникаларды шығаруда әлемдік өндірісте алғашқы сапта деп айтуға болады. Қытай шеберлері жыл сайын жаңа үлгідегі әсерлі отшашуларды ойлап тауып шығарады.

2

Түстердің маңызы

Әртүрлі түстердің адам өмірінде атқаратын рөлі зор. Бірақ біз күнделікті өмірде оған мән бере бермейміз. Түстер арқылы көңілді көтеруге, денсаулықты да түзетуге болады. Әркімнің өзінің сүйікті түсі болады, ол түстер сіз туралы барлық сырды ашып қойды. Мәселен, ақ түс – тазалықтың белгісі. Ол адам энергиясының тазалануына өз әсерін тигізеді. Ақ түс таңдайтындар, әдетте, жинақы, адал ниетті адамдар болып табылады.

Қызыл түс – өмірлік энергия түсі. Адамның өмірге деген талпынысын күшейтеді, адам ағзасындағы қан айналым жүйесін жақсартады. Бұл түсті таңдайтын адамдар күшті, қайсар болып келеді.

Сарғыш түс – бостандықты бейнелейді. Ол арқылы адамдардың байқалмайтын қабілеттері артады. Күйзеліс, қорқыныш билеп жүрген адамдардың көңіл-күйін жайландырады. Сарғыш түс киген адамдар көбіне танымал болуға ұмтылады.

Сары түс – адамның ойлау, тез қабылдау қабілетін жақсартады. Өз-өзіне сенімсіз, ұялшақ адамдарға оң әсерін тигізеді. Адамға күлкі, қуаныш әкеледі. Әдетте, бұл түс қуаты мол, көп сөйлейтін, әртістік өнерге, шығармашылыққа жақын адамдарға тән.

Жасыл түс – нағыз гармониялық түс. Адамның жүйке жүйесін тыныштандырады. Бұл түс біреудің қуанышы, реніші не ортақтаса білетін, достары көп адамдарға тән. Жасыл түсті ұнататын адамдар тұрақты, сенімді болып келеді. Бұл түсті кез келген жерде қолдана беруге болады. Жасыл түсті киім киссеңіз, сіз кез келген ортада тек жақсы жақтан ғана көзге түсесіз.

Көк түс – арманыңыздың орындалуына әсер етеді. Бұл түс шындықтың, біреуге деген сенім адалдығының белгісі ретінде көрінк береді. Егер сіз біреуге, ешкімнің қолы жете бермейтін адам болып көрінгіңіз келсе, көк түсті киім таңдаңыз.

Ашық көк – салқындатқыш, тыныштандыратын түс. Бұл түс – бейбітшілік, тыныштық символы. Әрдайым тепе-теңдікке, ақылдылыққа шақырады. Ашық көк түсті рухани жетістіктерге ұмтылатын адамдар ұнатады.

Қара түс – жұмбақ, құпия түс. Оны ортада өзіндік дайынсты орны бар адамдар ұнатады. Тәуекел, беделді көрінгіңіз келсе, қара түсті киім таңдаған жөн.

3

Қырық саны – біздің өмірімізде айтарлықтай мәнге ие. Оған байланысты дәстүрімізде де, ділімізде де көп нәрсе қамтылған.

40 САНЫ қазаққа тән

Атап айтар болсақ, дәстүр-салтымызда жаңа туған сәбиді қырқынан шығару рәсімі бар. Яғни, сәби туылғаннан кейін 40 күн толмайынша далаға да шығармайды, көпшілікке де көрсетпейді. Себебі қырық күн – сәби үшін де, анасы үшін де қауіпті әрі қатерлі кезең. Ол кездері сәбидің сүйектері мен еттері әлі қатая қоймайды. Байқағандар болса 40 күндік болмаған сәбидің көзі біртүрлі тұмандануп тұрады, ал 40 күн өткен соң көздері жайнап сала береді. Ұлды 40 күнге жеткізбей, ал қызды 40 күннен кейін барып қырқынан шығарады. Ол ұл бала шымыр, қыз нәзіктеу болғандықтан. Онымен қоса қырық күннен асырып қырқынан шығарған қыздың қалың малы көп болады деп те ырымдайды.

Халқымыз қызға қырық үйден тыйым жасаған. «Әйелдің қырық жаны бар», «Әйел қырық шырақты» деген де түсінік бар. Одан кейін қазақтар бір нәрсені әдемі теңеулермен де түспалдап айтады. Мысалға «Ұрысып, төбелесіп жатыр» деген сөздерді «қырықпышақ болып...» деп бірден ұқтырады. «Қырық иттің құйрығын түйістірген қу» деген сөз тіркесі де аса айлакер адамға қарата айтылған. Адамның реніп, кейіп, жақтырмай отырған бейнесін «қырық қабаттанып отыр» дейміз.

Бала кезден «Қырық өтірік» өлеңін, қырық хадисті жаттап өстік.

Дініміз бекіткен мұсылман парыздарының ұзық саны да қырыққа жетеді. Тырнақ алу сынды тазалық амалдарын да 40 күннен көп кешіктірсе күнә болады.

Міне, қырық санына байланысты біршама дүниемен таныскандаймыз. Қырық деген ерекше санның қасиеті әлі де таусылмақ емес.

4

КӨКЖИЕК

Ата-анаға 14 кеңес



1. Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек.

2. Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңыз да балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.

3. Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, оның сөзін бөліп, ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.

4. Перзентіңізге өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің ұсынысыңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.

5. Баланың кез келген қалауын орындауға асықпаңыз.

6. Жеткіншек ең алдымен ойланып, содан соң ғана шешім қабылдауды үйренуі керек. Ең бастысы, ол сеніммен танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет.

7. Жасөспірімді қоршаған әлемді танып білуге дағдыландырыңыз.

8. Оның жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.

9. Баланы тым еркелетпеңіз. Онымен өзіңізбен тең дәрежедегі адам ретінде сөйлесіңіз. Сіздің сөйлеген сөзіңіз, іс-әрекетіңізді баланыз қайталайтындығын ұмытпаңыз.

10. Жеткіншекке өз бетінше жекебасының тазалығын қадағалауды және әртүрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін түсіндіріңіз.

11. Жақсы іс-әрекеті үшін сыйлықпен мадақтап көтермелеңіз.

12. Бала кішкентайынан бастап ата-анасын, үлкендерді, жақындарын сыйлау керектігін білу тиіс.

13. Ешқашанда баланың икемсіздігін күлкіге айналдырып, қорқыныштарына күлмеңіз. Қайта, керісінше, баланың қорқыныштарын бірге жеңіп, сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.

14. Қаншалықты уақытыңыз аз болса да баланыздың жан-жақты дамуына көңіл бөліңіз. Есіңізде болсын, бала сіздің ең басты байлығыңыз.

ШОЛУ: әлеумет

БЕЙНЕТТІҢ ЗЕЙНЕТІН қалай көреміз?

Зейнетақы жинақтары – бұл стратегиялық қаражат. Сенімді ақпарат көзінен білгеніміздей, бүгінгі таңдағы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы зейнетақы қаржысы 5,36 триллион теңгені құраған. Бұл еліміздің ішкі жалпы өнімінің 11 пайызына тең. Шарттың барлық түрлері бойынша салымшылар 10 миллион бірліктен асқан. Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қорының акционері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі болса, қорды басқару Ұлттық банкке жүктелген.



Қажет АНДАС

Өткен жылдары 10-нан аса компанияның меншігіндегі зейнетақы жинақтарын бір ортаға шоғырландырып, мемлекеттік зейнетақы қоры құрылды. Осы кезде көпшілік өздерінің болашақ зейнетақыларының сақталуы мен кепілдендірілуіне зор үмітпен қарады. Әрбір салымшы мемлекет басқаруындағы қордың жұмысы, кірісі мен шығысы, елдің зейнетақы жинақтары қандай жобаларға салынуда, инвестициялық кіріс көлемі қандай деген мәліметтер барынша жария болады деп сенді. Алайда, мемлекет меншігіне өткенімен зейнетақы жинақтарының айналымы мен оларды басқаруды Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қорының жұмысы бастапқыдай құпия болып қала берді. Десе де, азаматтардың зейнетақы жинақтарын қорғау және индекстеу 2013 жылғы «ҚР зейнетақымен қамту туралы» Заңында көрсетілген механизмі бойынша атқарылады.

Зейнетақы мәселесі өткен жылдан бері өткір талқылана бастады. «Казахстанская правда» газетіне сұхбат берген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ басқарма төрағасы Руслан Ерденаев зейнетақы активтерін қорғау мәселелеріне тоқтала келіп, қаржы нарығындағы ауытқулар, мәселен валюта бағамының өзгеруі салдарынан туым мүмкін шығындардың орны қалай өтелетінін түсіндіріп берген болатын. Қазақстан экономикасы әлемдік экономикаға интеграцияланған және жаһандық нарықтағы жағдайға, соның ішінде энергиялық ресурстар бағасына тәуелді. Сондықтан мемлекет ұлттық валютадағы зейнетақы жинақтарының сақталуына жауапкершілікті мойнына алды. Сондай-ақ, былтыр Парламент Мәжілісінде депутаттарға елдің экономикалық әлеуеті туралы есеп берген Ұлттық банктің эк төрағасы Қайрат Келімбетов банк секторы мен құрылыс саласына демеу беру үшін қазақстандықтардың зейнетақы қорындағы жинақтарын пайдалану мүмкіндіктері қарастырылып жатқанын мәлімдеді. Осы мәселеге орай Мәжілістегі Үкімет сағатында Ұлттық экономика министрі Ерболат Досаев кәсіпкерлікті қолдау үшін Халықаралық қайта құру және даму банкінен 40 миллион АҚШ доллары көлемінде қарыз алу туралы келісімді мақұлдауды сұрады. Бұл ұсынысқа да депутаттар қарсы болмады. Ал ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова зейнетақы жүйесін 2030 жылға дейін жаңғыртудың тұжырымдамасын түсіндіріп берді. Мұның бәрі де болашақ зейнетақы жүйесіндегі өзгерістердің бастамасы.

Бүгінде Қазақстанда 2 миллионға жуық зейнеткер болса, 665 мыңға тарта адам жәрдемақы алады. Елбасы Жолдауында көрсетілгендей, 1 қаңтардан бастап зейнетақы 9 пайызға ұлғайды. Базалық зейнетақы төлемі 11 мың 965 теңге көлемінде белгіленді. Ең төменгі зейнетақы мөлшері 25 мың 824 теңге болды. 2016 жылы зейнетақы төлемінің төменгі мөлшері ең төменгі зейнетақы мен базалық зейнетақыны қосқанда 37 мың 789 теңгені құрады. Сонымен қатар, биыл және алдағы уақытта мүгедектік пен асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, мұғалімдердің жалақысы, шәкіртақы, мәдениет саласы қызметкерлерінің еңбекақы мөлшері өседі. Ол алдағы уақыттағы зейнетақы мөлшерінің көбеюіне ықпал етпек. Қысқасы, биыл зейнетақы жүйесі үлкен серпіліс күтіп тұр.

Республикалық «Егемен Қазақстан» газетіне сұхбат берген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Басқарма төрағасы Руслан ЕРДЕНАЕВ зейнетақы мөлшерін түсіндірпті. Оның айтуынша, 2017 жылдан бастап базалық зейнетақы тағайындау тәртібі өзгереді. Ортақ зейнетақыны тағайындау тәртібі сияқты бұдан былай дифференциалды тәсіл қолданылады. Мәселен, егер еңбек өтілі 35 жыл болса, зейнеткер 1 ең төменгі күнкөріс көрсеткіші мөлшеріндегі зейнетақы алады. Егер еңбек өтілі 10 және одан да аз жыл көлемінде болса, 0,5 ең төменгі күнкөріс көрсеткіші мөлшеріндегі зейнетақы алады. Еңбек өтілі 10 жылдан асқаннан кейін әрбір жылға 2 пайыз қосылып отырады. Сөйтіп, «теңестіру» мүмкіндігі базалық зейнетақы тағайындау кезінде шешім табады. Ал зейнетақының жинақтаушы бөлігі ең әділ үрдіске құрылған: кім қанша жинады – инвестициялық кірістерді қоса есептегенде, сонша зейнетақы алады.

Сондай-ақ, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова: «2043 жылға дейін зейнеткерлік жасқа келетін адамдардың базалық зейнетақысы 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін жинақталған еңбек өтілі және жинақтаушы зейнетақы жүйесіне 1998 жылдан кейінгі қатысу өтілі ескеріле отырып есептелетін болады. Зейнеткерлікке 2043 жылдан кейін шығатын адамдардың базалық зейнетақысы жинақтарына байланысты есептелетін болады. Сондай-ақ, 1998 жылы зейнетке шыққан адамның зейнетақысы 32 мың 182 теңгені құрайды. Оның 22 мың 732 теңгесі борыштық, 10 мың 450 теңгесі базалық болып саналады. Біздің белгілеу бойынша, сіз оның 42 жылдық еңбек өтілі болса, оның борышты зейнетақысына 10 мың 450 теңге емес, 20 мың 900 теңге қосылатын болады», – деп базалық және борышты зейнетақы мөлшерін анықтап көрсетті.

Зейнетақы мөлшерінің жыл сайын инфляция деңгейінен 2 пайызға ілгерілеп, индекстелуі қарастырылған. Бүгінгі болжам бойынша тұтыну бағасының индексі 6-8 пайызды құрап отыр. Сол себепті қаңтар айынан бастап зейнетақы 9 пайызға көбейді. Осыған орай әлеуметтік жәрдемақы мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің өзгеруіне байланысты 7 пайызға ұлғайса, мемлекеттік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің де көлемі 7 пайызға артады. Демек, тұтыну бағасының индексі төмендесе жәрдемақы мөлшері, сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлем төмендейді, өссе өсіп отырады. Бұл зейнеткерлердің мүддесін қорғаудың таптырмас тәсілі.

Тағы бір айта кетер жайт, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның қабылдануына байланысты Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры қызметінің негізгі функциялары мен қағидаттарының өзгеретіні туралы алыпқашпа әңгіме көп. Біз жұртты алаңдататын орасан өзгерістің болмайтынын сенімді түрде айтқымыз келеді. Қор бұрынғысынша 10 пайыз көлеміндегі міндетті зейнетақы жарналарын, 5 пайыз көлеміндегі міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын қабылдайды. Олар салымшылардың жеке меншігі болып табылады. Алайда, жаңа жүйе бойынша зейнетақы жинақтаудың тәсілінде біршама өзгерістің болатыны анық. Жаңа заңда жеке тұлғаның зейнетақы қорын жинақтауының үш түрлі тәсілі көрсетілген. Біріншісі, екі компоненттен құралған бюджет есебінен берілетін зейнетақы. Бұл 1998 жылдың 1 қаңтарына дейінгі жағдай бойынша кемінде алты ай жұмыс өтілі бар адамдарға төленетін ортақ зейнетақы, сонымен бірге, 2017 жылдан бастап көлемі еңбек өтіліне байланысты болатын базалық зейнетақы. Екіншісі, жұмыс берушінің жарналарынан құралатын жинақтаушы зейнетақы. Оған 1998 жылдан бастап төлене бастаған жұмыс істеушінің ай сайынғы кірісінің 10 пайызы көлеміндегі міндетті зейнетақы жинағы, 2014 жылдан бастап зиянды өндірісте еңбек ететін жұмыс істеушілерге жұмыс беруші өз есебінен төлейтін 5 пайыз көлеміндегі зейнетақы жинағы, 2018 жылдан бастап жұмыс беруші өзінің барлық қызметкерлерінің шартты зейнетақы есепшотына аударатын жаңа 5 пайыз көлеміндегі жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарнасы жатады. Үшіншісі, ерікті жинақтар. Осы топтағылар 1998 жылға дейін 1 ай көлемінде де еңбек өтілі жоқ болса да 2030 жылдардың соңына таман зейнеткерлікке шыға бастайды. Олар ортақ зейнетақы алмайды, тиісінше зейнетақысының жалпы көлемі қысқарады. Айталық, жоғарыда аталған үш түрлі тәсіл бойынша төленетін зейнетақы адам зейнеткерлікке шыққаннан кейін 10 жыл өмір сүрсе де немесе 40 жыл өмір сүрсе де, яғни өмірбақи, тіпті шартты зейнетақы есепшотындағы қаржы біткен күннің өзінде де төлене береді. Бұл зейнеткерлік сақтандыру үрдісі болып табылады. Десе де, көп адамдар ерікті салынған зейнетақы жинағының қорғалуына күмәнмен қарауда. Алайда, алаңдауға негіз жоқ.

Егер әркім өзінің есепшотындағы қаржысы туралы ақпаратты білуге ниеттенсе, оны пошта арқылы және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының бөлімшелері арқылы қағаз түрінде ала алады. Ол үшін аталған қордың тұрғылықты жеріндегі филиалдарына барып, зейнетақы шотын тұрақты түрде бақылап отыратын логин және пароль алса болғаны. Сонымен бірге, халыққа қызмет орталығы арқылы электрондық-цифрлық қол қою үлгісін алып, содан кейін e-gov порталы арқылы тұрақты түрде есепшоттың көшірмесін алып отыруға болады. Бұл да зейнетақы жинақтарын кепілдендірудің бірден-бір жолы.



ЗАҢГЕР КЕҢЕСІ

Сұрақтарға Алматы облысы әділет департаментінің жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы Асқат РАЙЫМҚҰЛОВ жауап береді.

– ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ЖОҚТЫҒЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМАДА ДЕРЕКТЕР ДҰРЫС БОЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА ҚАТЕНІ ҚАЛАЙ ТҮЗЕТУГЕ БОЛАДЫ?

– ҚР ИКМ Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметтерін үйлестіру комитетінің 2014 жылғы 6 ақпандағы № 5 және ҚР ӘМ Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің 2014 жылғы 6 ақпандағы № 4 бірлескен бұйрығымен «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» мемлекеттік деректер базасындағы қате мәліметтерді түзету тәртібі туралы нұсқаулық бекітілді. Осы нұсқаулық «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» мемлекеттік деректер базасындағы (бұдан әрі – ЖМТ МДБ) қате мәліметтерді түзету тәртібін белгілейді. Нұсқаулыққа сәйкес ақпараттық қызметтер нысандарында қате мәліметтерді анықтаған жағдайда (жылжымайтын мүлік иесі не оның уәкілетті өкілі) анықталған қатемен және құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының, техникалық паспорттың түпнұсқасын бере отырып халыққа қызмет көрсету орталығының жауапты қызметкеріне хабарласады. ХҚКО жауапты қызметкері ұсынылған құжаттарды және өтініш берушінің жеке куәлігін сканерлейді. Өтініш берушінің жүгіну мақсатына байланысты ХҚКО жауапты қызметкері әділет департаменттері немесе «Жылжымайтын мүлік орталығы» РМҚК-ға арналған ақпараттық хабарлама береді. Әділет департаментінің немесе «Жылжымайтын мүлік орталығы» РМҚК-ның жауапты қызметкері ХҚКО-дан барлық қажетті ақпаратты алған сәттен бастап бір сағаттан аспайтын уақыт ішінде ЖМТ МДБ-да анықталған қатені жою бойынша шараларды қабылдайды. Бұл әрекет тегін негізде жүзеге асырылады.

– ҚР АЗАМАТТЫҒЫН АУЫСТЫРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРЫЛУҒА ТИІС ПЕ?

– «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы № 2337 Заңының 9-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер тұрғын үй қатынастарында Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын пайдаланады және солар сияқты міндеткерлікте болады.

Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер жеке меншік құқығында тұрғын үйге (уақытша жүрген шетелдіктерді қоспағанда) және басқа мүлікке, ғылым, әдебиет пен өнер шығармаларының, ашылған жаңалықтың, өнертабыстың, рационализаторлық ұсыныстың, өнеркәсіптік үлгінің авторлық құқығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, өзге де мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие бола алады. Осылайша, егер шетел азаматының ықтиярхаты болмаса, онда тұрғын үй-жай иеліктен шығарылуы тиіс. Адам шетел азаматтығын алған сәттен бастап үй жер учаскесімен бірге оның иелігінде болмауға тиіс, сондықтан басқа мемлекеттің азаматтығын алған сәттен бастап бір жылдың ішінде тұрғын үй-жай иеліктен шығарылуы тиіс деп жорамалдаймыз.

– ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ТІРКЕЛГЕН ҚҰҚЫҚ БЕЛГІЛЕЙТІН ҚҰЖАТТЫҢ ТЕЛНҰСҚАСЫН ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

– «Жоғалған немесе бүлінген құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру және түпнұсқасының (куәландырылған көшірмесінің) күшін жою ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2007 жылғы 24 тамыздағы № 244 бұйрығына сәйкес негізінде құқықтық кадастрда тіркеу жүргізілген жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжатының немесе Куәліктің түпнұсқасы (куәландырылған көшірмесі) жоғалған немесе бүлінген жағдайда құқық белгілейтін құжатты немесе Куәлікті қалпына келтіруді тіркеуші орган тіркеу ісінде сақталған сол құжаттың көшірмесін телнұсқа беру арқылы жүргізеді. Құқық белгілейтін құжаттың немесе Куәліктің телнұсқасын алу үшін өтініш беруші мыналарды ұсынуы тиіс: Құқық белгілейтін құжаттың немесе Куәліктің жоғалуына, бүлінуіне (бұзылуына) себеп болған жағдайларды көрсете отырып, құқық белгілейтін құжаттың немесе Куәліктің телнұсқасын беру туралы осы ережеге 1-қосымшаға сәйкес өтініш, құқық белгілейтін құжаттың немесе Куәліктің түпнұсқасын жарамсыз деп тану туралы хабарландыру жарияланған жылжымайтын мүлік объектісін тіркелген жер бойынша жергілікті немесе республикалық газеттің данасы.

ӘКІМ ЕСЕБІ: ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН СЕНІМ



ТӘТТІ ТҮБІРДІҢ ТҮСІМІ

Жыл басында аудан басшыларының ауылдарды аралап, өткенді саралап, алда тұрған міндеттерді межелеп есеп беруі дәстүрге айналған. Сол дәстүр бойынша Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Сабит ҚОРҒАНБАЕВ халық алдындағы есебін Ойтоған, Қаракөз, Жаңалық ауылдық округтерінен бастады. Есеп беру жиынына аудандық мәслихат хатшысы Серік Серпербаев, білім, жер қатынастары, су құбыры, жолдарды жөндеу, тұрғын үй, ветеринария, ішкі істер бөлімі, жұмыспен қамту орталығы және аудандық аурухана қызметкерлері қатысты.

Суықсай ауылдық округінен басталған есепті кездесуге облыстық ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Нұрлан Жебегенұлы келді. Жиында ауыл әкімі Сағит Бекболатовтың 2015 жылы атқарған жұмыстары туралы есебі тыңдалды. Мұнда тозығы жеткен ауыл клубы тұрғындардың бірлігімен қайта жасалып, жастар үшін спортпен айналысатын күрес залы ашылған. Әкім келешекте округке қарасты Ақтөбе ауылында жаңа электр стансасы салынатынын айтты. Сонымен бірге қант қызылшасын көбейтуді тілге тиек етіп, алдағы көктемде 60 гектар тәтті түбір егілетінін, соған ауыл болып атсалысып, жақсы өнім алу қажеттігін атап өтті.

Сабит Бейсебекұлы өз сөзін аудан әкімі Әділбек Далбағаевтың өткен жылы атқарған жұмысы «Ақсу өңірі» газетіне жарияланғанын айтып, бірден тұрғындар үшін ең маңызды мәселелерге тоқталды. Қой жылы халықтан ұзын саны алты ұсыныс түсіпті. Соның бесеуі орындалып, тек бір ұсыныс – Қарасу ауылдық округіндегі Сарқан өзенінің көпірі жасалынбай қалған. Алайда бұл жұмыс биыл шешімін табуы тиіс.

Әу бастан аудан ауылшаруашылығына бейім. Алайда биыл қант қызылшасының өнім бойынша ойдағы жоспар орындалмай қалған. Ауданда тел дақыл саналатын қызылша көлемін ұлғайту және қант зауытын іске қосу – басты мәселе. Әкімнің орынбасары ол үшін аянбай еңбек ету қажеттігін баса айтты. Ауылда ата кәсіппен шұғылданатындар көп. Десек те, қысы-жазы төрт түлік ауылдан шақпайды. Ауыл іші кеңге, қорадағы толып кеткен. Сырттан түлік тасымалдамай, бабалар жолымен жайлауды жаңғыртқан жөн.

Жер – ел байлығы, ұлт қазынасы. Жерді толық игеру маңызды. Игерілмеген жердің салығы болашақта 10 есеге көтеріледі. Әкім орынбасарының айтуынша, таза ауыз су бойынша өткен жылы тоғыз ауылға су құбырын қорғау жоспарланса, оның алтауының жұмысы аяқталған. Сондай-ақ, өткен жылы 50 пәтерлі бес қабатты тұрғын үйдің кілті тұрғындарға табысталды. Бүгінде тағы он үйдің құрылысы аяқталып тұр. «Туған жерге тік» акциясы аясында «көппен жерлесіміз Сабыр Қадырұлы аудан орталығындағы екі, үш қабатты, 30 пәтерлі және 20 пәтерлі тұрғын үйлерді қайта қалпына келтірді. Үйдің бір шаршы метрі – 70 000 теңге. Өнеркәсіп саласы бойынша таяуда Б.Сырттанов ауылында сүт зауыты. Матайда трактор құрайтын цех, Арасанда гранит өңдейтін шағын кәсіпорын ашылады.

Арасан ауылының әкімі Нұрболат Келдейбаев мал басын асылдандыру жұмыстары жайлы баяндама жасады. «Сыбаға», «Құлан» бағдарламасымен екі шаруашылық айналысып жатса, «Алтын асық» бойынша бір адам құжаттарын дайындап қойған. Есепті кездесуден кейін гидротехник Мамырхан Жақыпов тоғандарды тазалау туралы ұсынысын айтса, зейнеткерлер Сейдахмет Алашов пен қызылжарлық Жексенбек Тазабеков Қапал–Арасан шипажайы туралы айтып, облыстан келген Нұрлан Жебегенұлына өз өтініштерін жеткізді. Ал Қапал ауылының әкімі Нұрқасым Өміров қант қызылшасын егу үшін 30 га жер дайындап отырғанын айтты. Аталған үш ауылда да аудан әкімінің есебіне қанағаттанарлық деген баға берілді.

Ербол СЫМХАНОВ,
Ақсу ауданы.

БІЛІМ ОРДАСЫ БОЙ КӨТЕРЕДІ

Лабасы ауылдық округінің әкімі Ержан Шалқыбеков қой жылы атқарған жұмысы мен биылғы алға қойған міндеттері туралы Жамбыл ауылындағы тұрғындар алдында есеп берді. Әкім өз сөзінде округке қарасты Мамбет, Талапты, Жамбыл және Еңбекшіқазақ ауылдарында 5600 тұрғын барын айта келе, халықты әлеуметтік қорғау мақсатында тұрмысы төмен тоғыз отбасы, 1-ден 18 жасқа дейінгі балалары бар 99 түтін бірыңғай жәрдемақы алатынын атап өтті.

Тұрғындарды жұмысқа орналастыру және жұмыссыздық деңгейін азайту мақсатында округте әлеуметтік салада 134 адам жұмысқа орналасқан. «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» бағдарламасының екінші бағыты бойынша үш адам несие алып, өз кәсібін жандандырса, 15 адам кәсібі қайта даярлаудан өтіп, жұмысқа тұрған. Мал шаруашылығын дамытуда ауыл тұрғындары «Жеті Нар» серіктестігі арқылы несие алып, төрт түлік санын көбейткен. «Алтын асық» бағдарламасымен Мамбет ауылының тұрғыны 208 бас асыл тұқымды қой, 10 бас қошқар алып, нәтижелі жұмыс жүргізіп отыр.

Өнеркәсіп, кәсіпкерлік, шағын және орта бизнесте азық-түлік дүкендері, шаштараз, тігін цехы, мейрамхана халыққа қызмет көрсетсе, «Шаңырақ» ЖШС мал бордақылау орнын ашқан. Осындай игі ісі көп ауылда қылмыстың алдын алу және болдырмау, заң бұзуға жол бермеу жұмыстары жүйеге қойылғанын көрсетті. Баяндама тыңдалған соң Жамбыл ауылының ақсақалдар алқасының төрағасы И. Рахымбеков сөз сөйлеп, әр үйге таза ауызсу кіргенін, ауыл көшелері самаладай жарқырап тұрғанын айтты.

Ауыл әкімінің баяндамасына Жамбыл атындағы орта мектеп директорының орынбасары Б. Әділқожаев пікір білдірді. Оның айтуынша, ауылда неше жылдан бері армандап келген 120 орынды жаңа мектеп бой көтереді. Құрылысы басталып та кетті. Мұнда ауыл тұрғындары жаппай жұмысқа қабылданып жатыр. Келешекте екі толырақ жолға асфальт төселіп, бір көшеге жарық шамдары орнатылады. Осындай игі шараларға қарқы беліп, қолға алып орындауға мұрындық болып отырған басшыларға ауыл тұрғындары алғыс айтты. Есеп соңында ауыл әкімінің біржылдық жұмысына оң баға берілді.

Ақбөпе ЖИЕНҚҰЛОВА,
Көксу ауданы.

ОҚЫС ОҚИҒА

Халқымыздың «қысқа күнде – қырық өлім» деген нақылы шетін оқиғалар көбейген кезеңді меңзесе керек. Күні кеше ғана Жетісу жұртшылығы қайғылы күнді бастан өткеріп, тікұшақ апатынан қаза тапқандардың қайғысына ортақтасты. Алакөл ауданының орталығы Үшарал қаласынан ауыр науқас сәбиді Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханаға жеткізу үшін апақ-сапақ уақытта ұшып шыққан тікұшақ апатқа ұшырап, төрт отбасы қара жамылды.

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

Мәди АЛЖАНБАЙ

Тарқатып айтар болсақ, сәрсенбі күні кешкі сағат 17.10-да Талдықорған әуежайына қонуы тиіс «МИ-600 Helicopter» (АҚШ) тікұшақтың дерегі 16 сағат 55 минутта із-түссіз жоғалып кеткен. Әуежайдың навигациялық қызметі жедел дабыл соғып, облыстық Төтенше жағдайлар департаментіне хабар береді. Оқиғаға орай облыс әкімі, облыс бойынша төтенше жағдайлар жөніндегі комиссияның төрағасы Амандық Баталов жедел іздестіру-құтқару жұмыстарына барлық күшті салу жөнінде тапсырма беріп, құзырлы органдар мен еріктілер тобын жұмылдырды. Жедел іздестіру-құтқару шарасы жөніндегі хабар облыстық ІІД, ҚР ҚМ Талдықорған гарнизоны әскери бөлімдері мен ҚР ІІМ Ұлттық гвардиясы «Оңтүстік» аймақтық командованиесіне, ауылдық округтер әкімдеріне, полицияның учаскелік пункттеріне, шаруа қожалықтарының шопандарына таратылып, облыс әкімінің бірінші орынбасары Махаббат Бигелдиевтің басшылығымен шұғыл штаб құрылды. Ескелді ауданы Ақын Сара ауылының маңынан басталған іздестіру-құтқару жұмыстарына облыстық прокуратура, ҰҚК Алматы облысы бойынша департаменті қызметкерлері қатысып, тікұшақ құлаған орынның координаттарын анықтауға техникалық көмек көрсетті. Құрамында 282 адам, 45 техника бар 18 іздестіру тобының жұмысы ұйымдастырылып, оқиға орын алған аймақты 2 қар көшкіш көлік, қиын жерлерде жүруге жарамды «Трекол», «Шаман» автокөліктері, АСО-20, КШМ және Алматы облыстық ТЖД-ның басқа да техника түрлері таңға дейін апатқа ұшыраған тікұшақты іздестірді. Алайда кез түртсе көргісіз қараңғы түннің түнеріп сейілмей іздестіру-құтқару жұмыстары нәтиже бермеді. Ақыры таңғы сағат 8.20-да Қапал ауылының бұрылысына жақын маңдағы шатқалдан тікұшақ қирандысы мен 5 адамның денесі табылды. Тікұшақтың құлаған орны анықталысымен оқиға орнына арнайы барған облыс әкімі марқұмдарды жерлеуді ұйымдастыру және мерт болғандардың отбасыларына 1 миллион теңге көлемінде көмек көрсету туралы тапсырма берді. Оқыс оқиғаның себептерін анықтау мақсатында қылмыстық іс қозғалып, тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

«Аспан» АҚ-ға қарасты тікұшақтың пилоты Виталий Кондратюк, гематолог дәрігер Бақытгүл Қайсанова, фельдшер Гүлнұр Хамитова, екі айлық Балым Өбілқасым және анасы Қарлығаш Өбілқасым қаза тапты. Ұшқыш марқұмның біліктілігін айтқан «Аспан» АҚ-ның мамандары жалпы ұшқан уақыты 3050 сағат екендігін мәлімдеді. Виталий Тарасович осы тікұшақпен 390 сағат ұшқан. Тікұшақ апатының нақты себебін тергеу анықтайды.

БЖК2020
БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ 2020

КӘСІПКЕРЛІК АУҚЫМЫ

Мемлекеттік бағдарламаның қолдауымен Балқаш ауданында құрылыс дүкені ашылады. «Бизнестің жол картасы – 2020» бірыңғай бағдаламасы бойынша былтыр ауданда алғашқы жоба қолдау тапты. «Даму» қорының кепілдігін пайдалана отырып «Қарой» ЖК Қазақстан халық банктен несие алуға қол жеткізді.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Бақанас ауылындағы «Қарой» кешені алғаш рет осыдан алты жыл бұрын ашылған. Кешен аумағында азық-түлік дүкені, қонақүй және асханасы бар. Бұл сол өңірдегі жалғыз қонақүй болып табылады.

– Жылдан жылға өз бизнесімді ұлғайтудамын. Бастапқы кезде азық-түлік дүкенін, содан соң асхана және қонақүй аштым. Кейіннен аудан тұрғындарының қажетіне орай құрылыс дүкенін ашу көзделді. Сөйтіп, мемлекет қолдауына жүгіндік. Ендігі кезекте «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша «Даму» қорының қолдауымен Қазақстан халық банктен несие алып, сол қаражатқа құрылыс және шаруашылық дүкенін ашу жоспарланып отыр. Осы бағдарлама аясында көрсетіліп жатқан мемлекеттік қолдаулар біз сияқты талай кәсіпкердің ісінің одан әрі өрістеуіне үлкен көмек болуда. Сондықтан, бұған біз ерекше алғысымызды білдіреміз, – дейді кешен басшысы Лейла Құланбекова.

Сондай-ақ, былтыр мемлекет қолдауын тиімді пайдалана білген жеке кәсіпкер Жұмахан Ержанов Текеліде балабақша ашып, қала тұрғындарының қуанышын еселепті. Кәсіпкердің айтуынша, «Даму-аймақ III» бағдарламасы шеңберінде Ресей жинақ банктен несие алуға мүмкіндік алып, сол ақшаға «Даму» қоры кепіл болған. Мемлекет қолдауының арқасында қол жеткізілген қаражатқа балабақша ғимаратын сатып алып, мектепке дейінгі білім мекемелерінің санын көбейтуге өзіндік үлесін қосқан. Ендігі кезекте тағы жиһаз алып, жөндеу жұмыстарын жүргізіп, қосымша топтар ашуды көздеп отыр. Қазіргі кезде мұнда барлығы 85 орынды 3 топ жұмыс істеуде.

Балабақша қызметкерлерінің алаңсыз еңбек етуі үшін барлық жағдай жасалған. Әртүрлі ойыншық пен жиһаз секілді қажетті жабдықтармен де толық қамтамасыз етілген. Қазақ және орыс тілдерін үйрететін топтар да бар. Қазір 85 бүлдіршін би билеп, ән айтуды, сурет салып, мүсін жасауды, сондай-ақ, оқу мен жазу-сызуды үйренуде.

Кәсіпкерліктің көкжиегін кеңейтіп, көш соңына ілескен Баянбай Байбатша да моноқалада үй жиһаздарын жасайтын құрал-жабдықтар алып, шағын цех ашады. Бүгінде ілекімді істің пайдасын көріп жүрген кәсіпкердің бұл істегі тәжірибесі мол. Қазіргі таңда оның бизнесін тұрақты әрі орнықты деп санауға болады. Ол өзінің сапалы қызмет көрсетуінің арқасында тұтынушылардың ықыласына бөленіп, көп көңілінен шығуда. Бастаған ісін одан әрі ілгерілету үшін кәсіпкер былтыр 5,9 млн. теңге көлемінде несие алды. Ол банкке алған несиесінің 6 пайызын ғана төлейді, қалған 10 пайызы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша «Даму» қоры арқылы өтеледі. Байбатша бұл қаражатқа ПВХ ағашын өңдейтін автоматтандырылған құрылғы сатып алды. Онымен ЛДСП және МДФ ағаштарын жаңалап жасайды.

Қазіргі таңда өндірісте бес адам жұмыспен қамтамасыз етілген. Өнімдер тұтынушылар тапсырысы бойынша жасалып, дүкендерде саудаланады. Текелі қалалық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Жандос Тұрысбековтың сөзінше, бұл кәсіпорын былтыр мемлекеттік қолдау алған сегіз жобаның бірі екен. Жалпы, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында аталған қала бойынша шағын және орта бизнес саласында 898,9 млн. теңгені құрайтын инвестиция тартылған. Облыс бойынша «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша 85 жоба кепілдік алды.

АСҚАҚТА, АЛАШЫМНЫҢ АСТАНАСЫ!

КЕЛБЕТ

Кисе Курокаваның бас жоспары

Әлемдегі ең жас шаһардың келбеті мен сәні жарасып, бірлігі мен достығы нығайған. Бүгінде Арқаның төсінен орын тауып, еркелей аққан Есілдің төңірегінен бой көтерген бас қаламыз еркіндігіміздің нышанына айналған. Иә, қалаға көз тастап ғимараттардың биіктей түскенінен еліміздің еңсесін, Тәуелсіздігіміздің тегеурінін, жасампаздықтың жаңғырығын айқын көреміз. Бұл кереметке куә қылған бас шаһар ол – Астана!

Құралбек СӘБИТОВ

[illegible]

ЖҮРЕКЖАРДЫ

Ермек АЛПЫСОВ,
ҚР Президенті
Әкімшілігінің инспекторы:



Өркендеу үлгісі

[illegible]

Айзат СҮЛЕЙМЕН,
ҚР Президенті жанындағы
Әйелдер істері және
отбасылық-демографиялық
саясат жөніндегі ұлттық
комиссия төрағасының
орынбасары:



Мақтанышым – мерейім

[illegible]



ОЙТОЛҒАУ

Жасампаздық жобасы

Тәуелсіз Елбасының «Еуразия жүрегінде» атты кітабын тағы бір қайтара зор ықыласпен оқып шықтым. Оқи отырып, сәулеті келіскен қазақтың кіндік қаласы Астананы орнықтыру жолында қаншама жаңа бастамалардың, қажымас күш-жігердің, ерен еңбектің қажет болғандығын терең түсіндім. Расында, Елбасының Сарыарқа төсіне, қазақ жерінің қасиетті төріне Астананы көшіргені тегін емес. Бұл өңірде небір өркениет дамыған.

Қажет АНДАС

[illegible]



ЕСКІРМЕГЕН ӘН

Бас шаһар турасында жазылған өн де, жыр да аз емес. Жас қаланың жасампаздығы талайдың таңдайын қақтырып, шабытын еселеп келеді.

Жарқырап, жайнай берші...

Меруерт
МОЛДАҒАЛИЕВА

[illegible]

АСТАНА АЙШЫҚТАРЫ

Журналистер кешені



«ҚАЗМЕДИА ОРТАЛЫҒЫ» – 22 қабатты ұлттық теледидар және радиохабар арналарын жасау және тарату кешені. «Қазмедиа орталығы» телерадиокешені Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарын бір орталыққа біріктіру мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша салынған. Кешеннің жалпы аумағы — 75,5 мың шаршы метр. Кешен құрамында аппаратты-студиялық блоктар, көп арналы телетарату блогы, көп арналы радиотарату блогы, 1000 орынды киноконцерттік залы, ұлттық медиа-мұрағаттың техникалық кешені бар. Қазақстанның мемлекеттік үлесі бар телеарналары «Қазмедиа орталығы» телерадиокешеніне қарайды. «Хабар агенттігі» АҚ, «Қазақстан» РТРК», «Kazakh TV», «Мәдениет», «Балапан» телеарналары, «Мир» мен «Еуразия+ОРТ» телекомпанияларына қарасты арналар 2012 жылдың қыркүйек айынан бастап телерадиокешен ғимаратынан хабар таратады. Кешенде одан басқа «Қазақ радиосы», «Шалқар» және «Астана» радиолары орналасқан. Телерадиокешен негізінде тәулік бойы «24.KZ» жаңалықтар таратады. Орталықтың негізгі мақсаты — мемлекеттік телеарналардың техникалық базасын қазіргі заман талабына сай стандарттарға келтіру.

Тәрелке цирк



ЦИРК жобасының авторы, архитектор – Төлеген Әбділда. Ол цирктің «ұшатын тәрелке» бейнесіндегі теңдессіз ғимаратын салды. Классикалық диаметрдегі көрермендер залы 2 000 адамға арналған. 36 орынды VIP-қындақ бөлек орналасқан. Цирк ғимаратына 113 орынға арналған 4 қабатты қонақүй блогы жалғасқан. Сонымен қатар, әкімшілік-шаруашылық блок та бар, мұнда цирк әкімшілігі, әртістердің киіну бөлмесі, жаттығу манежі, аңдарға арналған вольер, шеберханалар жұмыс істейді. Алаң цирк өнерінің талаптарына сәйкес жасалған, акробаттардың ұшуына арналған құрылғылар, лазерлік шоу жабдықтары, мұзды алаңға айнала алатын тасымалдаушы манеж. Астаналық манеждің шеберлері Италия, Испания, Қытайда өткен ең беделді халықаралық фестивальдер мен конкурстардың жеңімпаздарының қатарына кіреді. Шығармашылық ұжымның халықаралық ынтымақтастығының шеңберінде цирк әртістері өз бағдарламаларын Ресейде, Қырғызстанда, Өзбекстанда, Түркия, Жапонияда ұсынады.

Шатырлы стадион



АСТАНА АРЕНА – Қазақстанның бас қаласы Астанада орналасқан стадион. Бұл стадионға 30 000 көрермен сияды. Әлемдегі қозғалмалы шатыры бар алты стадионның құрамына кіреді. Стадион бастапқыда, ресми ашылу күнінде де қазақтың атақты күрескері Қажымұқан Мұңайтпасұлының құрметіне Қажымұқан Стадионы деп аталған. Кейінірек, стадион оның ағымдағы «Астана Арена» атауын алды. Стадион, ең алдымен футболға бағытталған. Арена 33 000 орындық екі деңгейлі құрылымы бар ірі амфитеатр ретінде ойластырылған. 16 000 орынды төменгі террассалар, қоршаған, және 17 000 орындық жоғарғы жағдай, батыс және шығыс жағында ілулі. Жылжымалы шатыры 20 минутта ашылып-жабылады. "Астана Арена" 2009 жылдың 3 шілдеде ашылды.



(Соңы. Басы 1-бетте).

ТОҒЫЗ АЙДЫҢ толайым табысы

Тұрғын үйлерді инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етуде 19 жобаны жүзеге асыру үшін кажетті қолжеке қаражат қарастырылып, бүтіндеу дейін соның басым бөлігі игерілген. Биыл елді мекендерді орталықтандырылған сумен қамту деңгейін 84,5 пайызға жеткізу жоспарланып, тоғыз айда ол 82,7 пайызды құрады. Қазіргі кезде 136 жоба іске асырылып жатқан кезеңді. Оның ішінде сумен қамту және су бөлу жобасы бар. Сол сияқты жылыту маусымын ойдағыдай өткізу үшін дегенлетін көлемде қаражат қарастырылып, екі мыңнан астам бюджеттік сала нысандары мен мыңнан астам тұрғын үйлер дайындалған. «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде төрт мыңнан астам жұмыс орындары құрылып, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуда төрт жүзден аса жоба жүзеге асырылуда.

Білім саласында 52 нысан салынуда, оның ішінде «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында 27 мектеп, 3 балабақшаның құрылысы жүруде. Денсаулық сақтау саласында күрделі жөндеу жоспарланған 13 нысанның 6-уы аяқталып, қалғандары жұмыс кестесі бойынша жүргізілуде. Қатерлі ісік пен қан айналымы жүйесі ауруларынан қайтыс болу деңгейі төмендеген. Бірқатар ауданда қылмыстың саны өскен. Автоколік жолдарында мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркелін, өткен жылмен салыстырғанда бірнеше пайызға артқан.

Сөйтіп, тоғыз айда жүзеге асқан жұмыс пен орын алған олқылықтарды тізбектеп, алда атқарылар міндеттерге шолу жасаған Талхат Махатұлы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын, «Нұрлы жол», «Өңірлерді дамыту –2020», «Бизнестің жол картасы – 2020», «Жұмыспен қамту жол картасы –2020», «Балапан» бағдарламаларын жүзеге асыруды, өнеркәсіп саласындағы жұмысқа екпін қосуды, жаңа-терін науқанын уақытылы бітіруді, мал қыстатуды ойдағыдай өткізуді, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақты ұстауды, бизнеспен жоспарланған нысандардың құрылысы мен күрделі жөндеуін дер кезінде аяқтауды және жылыту маусымын талапқа сай орындауды назарға салды. Жиын барысында облыстық кәсіпкерлік және индустрияландыру-инновациялық даму басқармасының басшысы мен Жамбыл ауданы және Текелі қаласының әкімдері қабылдама жасап, құн тәртібіндегі мәселелерге байланысты ойларын ортаға тастады.

Мәжілісте Еңбекшіқазақ, Талғар, Іле аудандарының қысқа дайындығының талапқа сәйкес еместігі мәлім болып, әкімдерге оны тез арада ретке келтіру тапсырылды. Осы сияқты басқа да кемшіліктерді сынға алған облыс басшысы оны түзетуге салдға жауапты басшыларға қойылар талаптың күшейтінін жеткізіп, өз орындасарларына нақты тапсырмалар жүктеді. Сондай-ақ, ол осы істердің орындалуы қатаң бақылауда болатынын нықтап ескертті. Алқа мәжілісін қорытындылаған Амандық Ғаббасұлы:

– Жалпы, облыс бойынша барлық салада ілгерілеушілік бар. Бұған масаттанбай қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отырып жыл соңына дейін одан да биік көрсеткіштерге жетуіміз керек. Мәселеленген жоспардың бәрі орындалуы тиіс. Мемлекет басшысы қойған мақсат-міндетті кешенді түрде іске асыруда бастамашы бола білуіміз кажет. Әсіресе, «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында берілген қарқынын дер кезінде игерілуіне ерекше назар аударған жөн, – деді және облыс бойынша Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған іс-шараларды өткізу міндеті тұрғанын еске салып, барлық бағыт бойынша белсенді әрі салалы жұмыс істеу керектігін де айтып өтті.

ЕҢБЕК. ОТБАСЫ. ҚҰТ-БЕРЕКЕ



ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ...

Қиындығы мен қызығы қатар жүретін мамандық көп. Соның ішінде өзіңнің уақытын аямай, өзгенің уақытын бағалай білген ұлағатты ұстаздар қауымын ерекше екпінмен айтсақ артық етпес. Өйткені бұл мамандықты иеленген жандар ғалымды да, шахтерді де білім нәрімен сусындатқан. Сондықтан бәріміз де әрдайы да асыл ұстаздар қауымына қарыздармыз.

Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келетін мектептің жүрегі саналатын ұстаздарға артылатын сенімнің күші зор. Сол жүкті ақыл-парасатымен, адал еңбегімен, темірдей тәртібімен ұштастыра білген ұстаздар қатары көп. Соның бірі әрі бірегейі көк ұстаз Өтеген Шалқабекова апайымыздың жас ұрпақ үшін істеген игілікті істері ерен.

Ақын Қабан жыраудың есімине берілген Қабылиса ауылының Ақшоқы бөктеріндегі 1947 жылы дүниеге келген Өтеген апайды танымайтын адам кемде кем. Кезіндегі Күйбышев атындағы орта мектепте білім алған соң оқуын мектеп қабырғасымен қоштасып, Қарағанды машина заводында жұмыс жасап, дайындық тобына барып, Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1970 жылы қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шығады. Сол жылы кіндік қаны тамған ауылында келіп, еңбек жолын жалғастырады. Ұстаздың жолын бастаған жас маман өмірлік серігі Орынқұл апаймен бірін ордасында танысып, екеуі де еңбек жолын бір мектептен бастайды. Аталған орта мектептің қатардағы мұғалімі болып он жыл қызмет етеді. Білімді де білікті маман аз ғана уақыттың ішінде бөлек белестерді бағындырып, оқушыларды алға жетелеп, мектеп ағын жаксы жағынан шығаруға атсалысады. Өз ісінің білгір, білімді ұстаз директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып тағайындалады. Тынымсыз еңбектің нәтижесінде мектеп тізгінін қолына алып, табан аудармай жиырма жыл қызмет етеді. Жылмен есептесек аз ғана уақыт болуы мүмкін. Алайда жиырма жыл дегенмиз бір адамның ғұмырындай уақыт екенін де есепке шығарғанымыз жөн. Бір мектептеғ 41 жыл еңбек еткенінде көптеген шәкірттеқ саналы тәрбие, саналы білім беріп, жол нұсқап, бағдарлшам бола білді. Сонын нәтижесінде бүтінде елімізідің әр саласында еңбек етіп жүрген оқушылары ұстаз еңбегін ұмыткан емес. Оған жыл сайын мектеп түлектерінің ағылып, мектеп қабырғасына келіп, ұстаздарымен кездесуі дәлел. Абыройлы еңбек етken Өтеген ағайымыздың бен Орынқұл апайымыздың еңбек жолы кейінгі ұрпаққа дара жол.

Өтеген ағайымыз басшылық қызметте жүргенінде мектебіміз жоғары нәтижеге қол жеткізді. Атап айтар болсақ, 1993 жылы Талдықорған облыс болып тұрған кезде республикалық «Сөкыры қазан» тамырдық ойында Қостанай облысының сынға түсіп, жақсы нәтиже көрсетіп, республиканда облыс, аудан, ауыл намысын қорғады. Облыстық жарыстарға қатысып екі рет жеңімпаз атанды. Аудандық жарыстарда мектебіміз, білімді оқушыларымызды жақсы жағынан көрсете білді. 1992 жылы 15 наурызда жалпы білім беретін мектептерге есім беру туралы қаулы шықты, Күйбышев атындағы орта мектебіміз атауын « Қабан Қабан жыраудың» атындағы болып беретін орта мектеп деп өзгертілді. Өтеген ағайдың жетекшілік етуімен мектепке Қабылиса атамызға мұражай ашылды. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» демекші, Өтеген ағайдың бауырлы Нұрбақыт Шалқабеков ағамыздың еңбегін айта кетпесе болмас. Жетісу өңірінде танымал тұлға, Нұрбақыт ағамыз бен мүсіпші Жеңіс Молдабеков ағалардың мектебіміздің алдына Қабылиса бабамыздың ескерткішін орнатуға үлкен үлестерін қосты. Қазір ауылымызда Нұрбақыт Шалқабеков ағамыздың атына көше берілген. Мұндай игілікті іс-шараларына бізділ үнемі әмірмізден өзгеріс айналған Өтеген ағамыздың еңбегі ерен. Ол кісі басшылық еткен жылдары мектебіміздің үлкен күрделі жөндеу жұмыстары жасалды. Мектеп жағдықтары жүз пайызға ауыстырылды. Осының барлығы Өтеген Шалқабекөвтың тынымсыз еңбегінің жемісі. Күйбышев колхозының түып-осін, осы мектепте білім алып, туған жерге ту тіккен, тарыдай болып кіріп, таудай болып шыққан білім ордасының 41 жыл еңбек еткен ұлағатты ұстаздың өмір жолының алатын гибрат мол. Республикаға, облыска, аудыемызға ерен еңбегімен танымал болған, «Қаран түскенге қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз шәкіртіне талмас талап сыйлайды» демекші, аязайын шәкіртерінің ой мектепте ұстаздық қызмет атқарып, әр салада қызмет етеді. Шәкірттері Құлаш Бокебаева осы мектепте оқып, ұлағатты ұстаз болып зейнеткке шықты. Лаззат Керімбекова аудандық білім бөлімінде еңбек етсе, Фарида Абдрайымова, Нұрила Әлімбалданова, Әсеем Колбасевалар бір-бір мектепте басшылық етуде. Қазіргі таңда мектебімізідің директоры аудандық мәслихат депутаты қызметін ойдағыдай атқарып жүрген Бактыхан Оразбаева да Өтеген ағайдың ауданға танымал шәкірті. Республикамызға да танымал Бағлан Мақұлбеков, Бағдат Маназоров және Түркия елшілігінде Аян Колбаев сынды шәкірттерін кейінгі ұрпаққа үлгі етуден шаршаған емес.

Қазақстан Республикасы Ғылым білім министрінен үш рет мақтау қағазын алған ағамыздың еңбегі күні бүгінге дейін еленіп келеді. Облыс, аудан әкімінің, облыстық білім басқармасының, аудандық білім бөлімінің берген мақтау қағаздары мен алғыс хаты еңбегінің елеулігі. «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен және жоғары санатты ага мұғалім атағын иеленгендігі де текке емес. Ауыл шаруашылығы саласында 10 жыл еңбек етіп, 2011 жылдың қаңтар айында зейнеткерлікке шықты.

1997 жылы бес баламен методист жоғары санатты мұғалім болып аталмен тендей қызмет жасаған Орынқұл апай зейнет жасына шыққа да, қолындық жұмыстардан қалып көрген жоқ. Ақулы ұстаз, асыл ана бірнеше рет облыстық, аудандық, білім басқармасынан, аудандық әкімнен алғыс хат пен грамотамен марапатталған. Мектепте үлгілі ұстаз отбасында асыл ана мейірімді әже бола білген, бес баланы тәрбиелеп жеткізген. Балалары әр салада қызмет етуде. Қайырханы сәулетші, Бауыржаны теміржолшы, Ерханы Лабасы ауылдық округінде әкім болып халыққа қызмет жасап келеді. Кіші баласы Ерболат ата-анасының жолын қуып, оқу-агарту саласында қызмет етуде. Бес баладан немере-шөбере сүйін олардың қызығын көріп отырған ұлағатты ұстаздардың өмір жолы бір мектеп.

«Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан», – деп ұлы Абай ұстаздықтың ұлылығын айқындай түссе, ел ертеңі жас жеткіншектердің тәрбиесіне саналы гұмырын арнап жүрген ұстаз еңбегі әрқашанда ышнайы құрметке лайық. Бәрекесі мен бірлігі жарасқан шаңырақ шаттыққа толы. Оның босағасы берік, керегесі кең. Мұндай шаңырақты қалыптастырған аскар таудай әке мен ақылы ағатын өнерлі жолы көпке үлгі болары анық.

Марал АХМЕТОВА,
кітапханашы.
Қабылиса ауылы,
Кеңсу ауданы.

ДЕНСАУЛЫҚ

МІНДЕТТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ақпараттық түсіндіруді қажет етеді

Міндетті медициналық сақтандыру жүйесі медициналық-санитарлық көмек, жеке медициналық кәсіпкерлік дамыту, медициналық ұйымдар арасындағы бәсекелестікті күшейту арқылы медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттырады. Облыстық әкімдіктегі жиын медицина мамандары мен жергілікті әкімдік өкілдерін міндетті сақтандыру жүйесінің шаңылықтарынан хабардар ету мақсатында өтті. Басқосуға облыс әкімінің орынбасары Бактияр Өнербаев қатысты. Міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыруды жүзеге асыру жөніндегі республикалық штабтың мүшесі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Құрал Құрақбаев жиынға қатысушыларға ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізді.

Гүлжан ТҰРСЫН

Бүтінде республикалық бюджеттен қаржыландырылатын медициналық көмектің базалық пакеті құрылды. Ол Қазақстанның барлық азаматтары үшін кепілдемді болмақ. Пакеттің құрамына жедел-жәрдем қызметі, сырқаттын алдын алу үшін екпе жасау кіреді. Бүгінгі тәңда үйде, төсек тартып жаткан сырқаттың күтіп-қарау мәселесіне тарашаи ескерілмеген. Ал, міндетті сақтандыру жүйесі енгеи кезде төсек тартып жаткан науқастарды үйге барып емдеу мәселесінде қолдау көрсетіледі. Сондай-ақ, мемлекет экономикалық белсенділігі төмен халық үшін жарна төлейтін болады. Ал жұмыс берушілер – жалдамалы жұмысшыларға, қызметкерлер мен салық органдарында тіркелген өзін-өзі табыспен қамтылған азаматтар өздері үшін жарна аударады.

Тұрғындар медициналық қызметті және сақтандыру компанияларымен келісімдері жасасу арқылы да алатын болады. Осыған орай, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры құрылады. Кәрізнің құрылтайшысы әрі акционері Үкімет болмақ. Қорды құру үдерісін, жарна аударудың бірден-бір мақсаты – қаражатты есептеу. Медицинаға бөлінген қаржының мақсатты жұмсалу болып табылмақ.

– Зан жобасына сәйкес, халықтың әлеуметтік әлжуаз тобы үшін мемлекет төлейтін жарнаның мөлшері орташа айлық еңбекақының 7 пайызын құрайды. Оның көлемі бөртіндеп өседі, сөйтіп, мемлекеттің жарнасы 2017 жылы 4 пайыз, 2018 жылы 5 пайыз, 2023 жылы 6 пайыз, 2024 жылдан бастап 7 пайыз көлемінде болады, – деді Қ. Құрақбайұлы. Ақпараттық түсіндірден түйгеніміз, қызметкерлер жарнасының мөлшеремесі кірістің 2 пайызын құрамақ. Бұл орайда, қызметтестер 2019 жылдан 1 пайыз, 2020 жылдан бастап 2 пайыз мөлшеріндеде денсаулығы үшін жарна аудара бастайды. Әлеуметтік қорғалуды кажет ететін тұлғаларды Үкімет өзі қамқорлыкына алады. Олар: «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері, «Батыр ана» атағын алғандар, сондай-ақ, I және II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталған көп балалы аналар; ҰОС ардагерлері мен мүгедектер, жұмыссыздар, интернат тәрбиеленушілері, білім алып жатқан адаматтар, бала түып немесе асыранды азамат, 3 жасқа дейінгі бала күтімінде байланысты демалыстағы азаматтар, жұмыс істемейтін екінабат әйелдер, 3 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеп отырған жұмыссыз азаматтар, зейнеткерлер, әскери қызметкерлер, арнаулы мемлекеттік қызмет жұмыскерлері, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, қылмыстық-атқару ұйымдарында сот шешімімен жазасын өтеушілер дәне уақытша ұстау және терге ізолеторлардағы адамдар жарна төлемейді.

Денсаулықты міндетті сақтандыруған жөн-жоралғысын түсіндіруге арналған жиынға қатысушылар Қ. Құрақбаев мырзаға өздерін толғандырған жүрек әгуреп сұрақтар қойды. Міндетті сақтандыру жүйесінде қаражатты жұмсаурға байланысты әгуреп күтірмылыққа жол берілмеуе дегеи өтінш айтылды.

ШОЛУ: ИНВЕСТИЦИЯ

ИГЕРГЕН САЙЫН КӨБЕЙЕТІН БАЙЛЫҚ

Осыдан алты жыл бұрын Елбасының тікелей араласуымен «Үдемелі индустрияды-инновациялық даму бағдарламасы» бекітілді. Бағдарлама аясында осыған дейін елімізге шамамен 33 миллиард доллар шетелдік инвестиция тартылып, ауқымды жұмыс атқарылды. Әсіресе, бағдарламаның бірінші бесжылдығында мұнай өңдеу және металлургия кешені, тамақ және химия өнеркәсібі, өнеркәсіптік жабдықтар және құрылыс материалдары өндірісін дамытуға барынша назар аударылды. Осыған орай, қолға алынған барлық жоба толығымен жүзеге асып, ел экономикасын өркендетуге қомақты үлес қосты.

Қажет АНДАС



Тұтастай алғанда, индустрияландыру бесжылдығы нәтижесінде қазақстандық экономика құрылымында маңызды қадамдар орын алды десе де болады. Мәселен, осы аралықта бесжылдықта қазақстандық экономикада өндеуші өнеркәсіптің өсім қарқыны дәстүрлі өндіру саласынан асатын деңгейге ұлғаып отыр. Бұл туралы Елбасы: «Өткен бес жыл ішіндегі индустрияландырудың сипаты бірмәтке айқын. Біз әр уақытта Қазақстан бай, жер қойнауында темір де, көмір де, мұнай да, газ да, алтын, күміс, мырыш та бар деп жүрдік. Алайда, соз байлықтың барлығын шикізат ретінде басқа елдерге тасымалдап, қызығын соз елдер көріп жатты. Неше жылдардан бері мен осынды айтып келдім, аз қазір бұл сыртта жасап жаткан байлықты елімізге экелуге бет бұрдық. Бұл – Тәуелсіздікті жариялап қана қоймай, оны ұстап қалуның бірдей қиын шаруа. Себебі, бізде өндіріс болған жоқ. Басқа мемлекеттерде болды. Кеңес Одағының басқа республикаларында болды. Бүгінде біз осының орнын толтырып жатырмыз», – деген ойын білдірді.

Елбасының тапсырмасымен қолға алынған бавнды бағдарламаны ілін жеткен жетісуліктар бұл бағыпта бірқатар жұмыс тындырды. Айталық, бірінші бесжылдықта облыс халқының табысы екі есе артып, жұмыссыздық деңгейі 4,8%-ға дейін төмендеті, есесіне, өнеркәсіпте қосымша жеті мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылған. Сол кезеңда облысымызда алюминий өнімдерін шығаратын «Aluminium of Kazakhstan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жобасы жүзеге асты. Іле ауданының Түймебаев ауылында бой көтерген шуыт кәзіргі заманғы озық технологиямен жабдықталып, әлемдік өлшемге сай өнім шығаруға бағытталған. Толық қуатымен жұмыс істей бастағанда 1000 тонна өнім өндірілетін болады. Бүгінде шуытта 250 адам еңбек етуде. Алдағы уақытта жұмысшылар саны 500 адамнан асады деп болжануда. Қазіргіп өзінде бұл кәсіпорынның шығатын алюминий кесінділері «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрме алаңынан құрылысқан кәзеттті материалмен қамтамасыз етуде. Айта берсек, инвесторлар есебінен қолға алынған басқа да жобалар осындай жетістіктерімен жүрт сүйінішіне болеиуде.

Міне, осылай «Елімізің әлемдегі дамыған елдердің қатарына қосылуға жол ашады» деген үміттен туындаған бағдарлама алғашқы қазымын қоюқты табыстаған ақталды. Демек, екінші бесжылдықта атқарылатын жобалар да облыс тұрғындарына тиімді болатыны белгілі. Әсіресе, алдағы бес жылда өнірімізідің мұнай-газ химиясы, автомобиль құрастыру, құрылыс материалдарының өндірісі, машина жасау, автомобиль жолдары құрылысына басымдық берілмек. Осы арқылы отандық бизнесті дамытып, бәсекеге қабілетті өнім жасау және сыртқы нарыққа шығу жолы қарастырылады. Әсіресе, өндеу секторын саналы, жаңа деңгейге көтеруге және әлемдік өлшемге сай өтімді қолік-логистикалық инфрақұрылымын құруға мүмкіндік туды. Осы тұрғыдан кезеңде «Алматы – Қорғас», «Батыс Еуропа – Батыс Қытай», «Алматы – Қапшағай», «Орталық – Оңтүстік», «Алматы – Өскемен», «Ұшарал – Достық» жолдары құрылысына тартылатын қаржыр инвестиция өнір экономикасының дамуқарқынын еселей түспек.

Индустрияландыру саясаты экономиканың үлкіді секторы – құрылыс саласына да тың серпін берді. Индустрияландыру бағдарламасы аясында Қазақстанда отандық құрылыс материалдарын шығару көрсеткіші 2 есеге артқан. 2010 жылы Қазақстанда шығарылған құрылыс материалдарының 15 пайызы құраса, кәзір бұл көрсеткіш 80 пайызға жетіп отыр. Соз материалдармен салынған сәулетті ғимараттар бүтінде өлкеміз ең бе-руде. Бұл қатарда жетісулықтардың да жетістігі жетерлік. Кейінгі кезде облыс орталығында бой көтерін, заманына сай сәулеттілігімен таныдған Тіл сарайы, Достық үйі, «Жастар» спорт кешені, Жастарға қызмет көрсету орталығы, Журналистер үйі, Оқушылар сарайы, алдағы уақытта ел игілігіне асатын Салтанат сарайы, Көрме үйі, жаңа театр ғимараты инвестициялық жобалар негізінде шығарылған құрылыс материалдары арқылы жүзеге асып келеді. Тіпті, инвесторлардың қолдауында облысымыздағы жас отбасылар мен облыс тұрғындары несиелік, жалдамалы тұрғын үйлерінің тұрғын атанумен қатар, қолжетімді бағада пәтер сатып алуға жеңілдік тұды. Елбасының халыққа Жолдауында және Үлт жоспары мен оны жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадамда» инвесторларды көптеп тартып, индустрияны аймақтарды құрып, отандық экономиканың дамуына серпін беру керектігі басқа көрсетілген. Осының орай, облысымызда «Талдықорған», «Боралдай», «Қайрат», «Арна», «Қабылбек бек» сынды 5 индустриалды аймағы мен «Шамалған» агропөнеркәсіпті аймағы мен «Дәму» индустриялды-логистикалық орталығының жобасы жасалып, жер дуғаны белгіленіп, алғашқы жұмыстар жүргізіле бастады.

Расымен, кәзіргі таңдағы дағдарыстың кесірінен экономиканы өркендетудің жолы шетелдік немесе отандық инвесторлардың қаржысына сүйенуге тәуелді болып отыр. Инвесторлар өзіне пайда әкелетін өндіріске ғана қаржы бөзетінін ескерсек, өз жобасын инфрақұрылымы тиімді жерзерде атқарғысы келеді. Елімізге қаржы салуды ойластырған инвесторлар бірінші кезекте тұрғындар тығыз орналасқан Алматы қаласының маңындағы өндіріске өнімін нарыққа қинатмай шығаратын жерлерге ұмтылады. Кейінгі бір-екі жыл көлемінде Талдықорғанға жылатын инвесторлардың да саны артып, қатары кобейін келеді. Семімді ағалардың сенсек, 15 шетелдік, 35 отандық инвестор Талдықорған қаласына қаржы құйып, ірі өндіріс ошағын салуға ынта білдіріп отыр. Демек, осы жобалар іске асса Талдықорған айнағы бірақ жылда аграрлы өңірдеи гүлденген өнеркәсіпті бар, тұрғындары толығымен жұмыспен қамтылған өңірге айналып болады.

Осы ретте жаркын бастаманын басында облыс әкімі Амандық Баталовтың тұрғаиын айта кеткен жөн. Өткен жылы облыс әкімі бастама көтеріп, Талдықорған қаласының «Шығыс» шағын ауданында 594,9 гектар жер бөлін, «Талдықорған» индустриалды аймағының жобасын бекітіп, инвесторларды қызықтыру мақсатында жергілікті бюджеттен комақты қаржы қарастырды. Сондай-ақ, осы қаржы есебінен индустриалды аймақты өндірісе қолайлы етіп жағдәерту арқылы инвесторларды қызықтыру мақсатында 15 шақырым су құбырын, 14 шақырым кәртәуіесін, 12 шақырым автожол, 5 шақырымнан астам теміржол салу жұмысын қолға алды. Ягин, қазір Талдықорғанна инвестиция құюды мақсат еткен инвестор үшін мұнда жер дайын, инфрақұрылым толығымен жанартылған, коммуникациялық қызметтер сақдай сай. Демек, кәсіпкер бірден кәсіпорын құрып, жұмысын бастаумен қатар өндіреи өнімін вагондарға тиеп, әлемнің кез келген нүктесіне тасымалдай алады. Талдықорғанда кәсіпорын ашып, жұмыс жүргізудің тиімді екеніне көздері жеткен 10 кәсіпкер жұмыс бастау алдында. Айта кәтерлі, өткенде ғана шымылдығын түрген «Жетісу Инвест – 2016» халықаралық инвестициялық форумының қорытындысы бойынша «Алматы облысының инвестициялық жобалар жол картасы» бекітілді. Облыс әкімі Амандық Баталовтың бұл бастамасы қазір басқа облыстарға үлгі болып, жетісулық тәжірибеге ықылас танытқандардың саны артып барады.

Тағы бір жағынан, «Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында құрылыс, жер қойнауын пайдалану, энергетика және тасымалдау салаларындағы реттеу ісінің озық технологияиын жабдықталу керектігі айтылған. Бұл жағынан да жетісулықтар ұтып тұр. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 қаңтардағы №43 қаулысымен бекітілген Қазақстанда балаамалы және жанартұлған энергетиканы дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес 2015 жылға дейін инвесторлар тарапынан 12 жаңартылған энергетика жобасын жүзеге асыру жоспарланған, оның ішінде 2 күн электр стансысы, 8 су электр стансысы және 2 жел электр стансысы бар. Жоспарланған мерімде Сарыжаз ауданындағы Жоғарғы-Басқан ГЭС-і пайдалануға беріліп. Бүтінде облысымызда халықаралық серіктестермен бірлескен 8 жоба атқарылса, соның ішнуі энергетика саласына қатысты болып отыр. Облыстық энергетика, тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық басқармасынан алынған ақпараттарға сүйенсек, биыл 6,5 миллиард теңгеге жалпы қуаттылығы 16,05 МВт болатын бір ГЭС және бір биоэлектр стансысы іске қосылады. Ягин, Іле өзеніне салынған Кербұлақ су электр стансысының су реттеу құрылысы, аз Шелек долинде жел электр стансысының құрылысы қарқынай алуда. Өңірдің энергетикалық әлеуетін арттыру бағытындағы инвестициялық жобаларды «Самұрық-Энерго» холдингі мен Қытайдың су шаруашылығы корпорациясы бірлесіп атқарады.

Жер жүзінде 7 миллиард адам тұратының білеміз, ал соның ішінде 15 жасқа жоғары, жұмысқа қабілетті адамдар саны 5 миллиардтан астам. Статистика бойынша, жер бетінде тек бір жарым миллиард жұмыс орны бар екен. Енеише, қалғаны уақытна жұмыс орнында немесе жұмыс іздеп жүр дегеи сөз. Бүкіл әлем кәзір ең бірінші кезекте жұмысшылықты жойғысы келеді. Осы тұрғыда жана, өнімді жұмыс орындарын кобрек ашы алған мемлекет қана жеңіске жетеді. Ягин, жұмыс орындарының көптеп ашылуы инвестицияға тікелей байланысты. Дегенмен, дүниедеті дағдарыс әлі де жалғасу үстіне. Ал бұл дағдарыстың лайықты еисеруі үшін импортқа тәуелді болмай, елдің экономикасын одан сайын тәуелсіз ете түсу керек. Расында, іздегеп сайын көбейе беретін бір ғана қалына – индустрия мен инновация. Бұл ретте ғылымда өндіріспен ұштастырып, инновацияға не болғанда ғана өркеиеттеті ел болу мақсатымыза бір табан жақындай түсеміз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасында терроризм және экстремизм қаупімен байланысты хабарларды қабылдайтын бірыңғай тегін **«110 шұғыл желісін»** іске қосылды. Егер Сіз терроризм актілерін дайындау, қаржыландыру, үгіттеу және қаруландыру, радикалды көзқарастағы дәстүрлі емес діни ағым өкілдерін оқыту, терроризм мен діни экстремизм идеологиясын насихаттау және зарату фактілеріне қатысты ақпарат естісеңіз немесе күзгеріі болсаңыз ақпаран номерге хабарласуыңызға болады.

Бүкіл Қазақстан судьяларының кезекті тен тыс VII съезі өтпек.

Өткізгелі отырған съезд судьялардың бас қосуы ғана емес, бұл – сот саласын дамытудың өзекті мәселелері жайлы ортақ ой бөлісетін маңызды мәжіліс алаңы.

Сот жүйесіне сенімді нығайтады

Съезде қозғалатын мәселелердің бірі – Судьялардың жаңа әдеб кодекін бекіту. Судьялардың қойылатын талаптар, оларға жүктелетін жауапкершілік те жыңдан-жыңа артуда. Бұл –төуелсіздіктің аз ғана жылында көптеген мемлекеттерді жете алмаған биік белестерді еисеруге Қазақстанның өлемнің алдыңғы қатарлы 30 елінің қатарына қосылу үшін жасаған қасарлы мәжісі.

Елбасының жарлығын «Бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарының үлкен бір тарауы болып табылатын. Қойылған бұл міндеттер заңнамалық тұрғыда толығымен орындалуға дауге болады. Жаңа Азаматтық процестік кодекс қабылданды. «ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға, Қылмыстық процестік кодекске, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске тиісті өзгерістер енгізілді. Қабылданған заңнамалар халықтың сот жүйесіне деген сенімін одан әрі арттыруға ықпал етеді.

Ғани БАБАЛЫКОВ,
Жамбыл аудандық сотының судьясы.

САЙЛАУ – 2016

Халық сенімі

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының бекітілген жоспарына сай шығын қалғандардың орнына мәслихаттар депутаттарын сайлау анықталды. Бұл туралы облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Тимур Дауітов пен комиссия мүшесі Шырақбай Жылқайдаровтың қатысуымен өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте баяндалды.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Мәслихаттар депутаттарын сайлауды өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралар көзделген жоспармен «ҚР сайлау туралы» Конституциялық Заңына сай өткізілді. Іле, Көксу және Еңбекшіқазақ аудандары мен Қапшағай қаласындағы 29 сайлау учаскелерінде сайлаушылар дауыс берді. Оған бас-аяғы 27812 (88,1%) адам қатысып, өз таңдауларын жасады. Облыстық мәслихаттың №41 Жетіген сайлау округі бойынша сайлаушылардың жалпы саны – 22120. Кеш бастап тұрған Ғалиаскар Сарыбаевты 16 220 адам қолдап, облыстық мәслихат депутаты атанды.

Ал Көксу аудандық мәслихатының №2 Измайлов сайлау округі бойынша барлығы 1824 сайлаушы. 1342 дауыс жинаған Маман Қаблисанов Көксу аудандық мәслихатының депутаты болып сайланды. 7641 сайлаушы таңдау жасаған Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының №10 Қарашеңгел сайлау округі бойынша 5819 дауыс жинап Қайнар Жұмағожа Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының депутаты атанды.

– Аумақтық және округтік сайлау комиссияларынан сайлаушылар немесе кандидаттар тарапынан шағымдар мен өтініштер түскен жоқ, әділ өттік. Ескере кетерлігі, сайланған 3 депутат та «Нұр Отан» партиясының мүшелері. Мұны халықтың зор сенімі деп білеміз, – деді Тимур Ермекұлы.

Іле ауданы аймағы бойынша Жетіген ауылындағы № 3 орта мектепте орналасқан № 970 сайлау бөлімшесіне 30 қаңтар күні сайлауға келген дауыс беруші тұрғындар белсенділік танытты.

Белсенділік танытты

Мақпал МЫСА

Аталмыш бөлімшедегі сайлау комиссиясының төрайымы Асия Татарованың айтуынша, дауыс беруге тиісті 1510 адамның түс ауа 700-ге жуығы өз таңдауларын жасап, облыстық мәслихат депутаттығына лайық деп танған кандидаттарға дауыс берген.

Сайлау бөлмесіне өз жұмысын бастаған уақытта ең бірінші болып зейнеткер Нинель Романчук келді. Ол 70 жасқа толса да елімізде қоғамдық-саяси ахуалын назардан тыс қалдырмауға тырысатынын айтты. Қазақстан азаматы ретінде Елбасына, депутаттарға дауыс беруді негізгі әрі маңызды іс-шара деп есептейді. Дауыс беру жауапкершілігін Конституция алдындағы парызым деп санайды. Бөлмеше төрайымы Асия Татарова қарияға бірінші келіп дауыс беріп, белсенділік танытқаны үшін арнайы сыйлық сыйлады. Сонымен қатар, сайлау комиссиясының мүшелері денсаулығына бола жүре алмайтын мүмкіндігі шектеулі тұрғындардың да дауыс берулеріне жағдай жасап, үйлеріне барды. Ұлы Отан соғысының ардагері 99 жастағы Дәврия Гасанов өз пайдасын өз таңдауын үміткерге дауыс берді.

Аудандық сайлау комиссиясының төрайымы Галина Чинаеваның берген мәліметі бойынша, сайлау қорытындысының нәтижесінде Ғалиаскар Сарыбаев 83 пайыздық көрсеткішпен облыстық мәслихат депутаты болып сайланды.

Іле ауданы.

Ел игілігі жолында

№10 Қарашеңгел сайлау округі аумағында аудандық мәслихаттың шығып, қалған депутаттарының орнына сайлау өткізілді. Депутаттыққа үміткер болып Махаббат Әбдікәрімова, Қайнар Жұмағожа және Динара Төлемісовалар қатысты. Үміткерлер туралы ақпараттар сайлау алдында жұртшылыққа кеңінен таныстырылған.

Болат МӘЖИТ

Ақши ауылындағы №137 сайлау учаскесінде дауыс беру таңғы сағат жетіде басталды. Сайлау комиссиясының төрайымы Салтанат Жошыбаева өзінің кіріспе сөзінде сайлауға қатысты барлық шара ҚР Заңына сәйкес атқарылғанын айтты.

– Мемлекет, әрбір азамат өзінің дауыс беру құқығына құрметпен қарауға тиісті. Сондықтан мен де сайлау үйіне жетуге асығыстым. Өйткені елдің маңызы бар сәкеи шарға қатысу үлкен қуаныш. Кандидаттарды зайыпты таңдау дегеи де үлкен жауапкершілік. Бұл – ел игілігі үшін атқарылатын іс, – деді 82 жасқа келген қарт сайлаушы Асубек Арғынбетов.

Бұдан кейін дауыс беру үрдісі басталды. Учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері қату жұмысқа кірісті. Сайлау кабиналарында өзіндік таңдауда жасалып жатты. Аумақтың барлық учаскесінде дауыс беру ойдағыдай өтті.

№10 Қарашеңгел сайлау округінен 88 пайыз дауысқа не болған Қайнар Жұмағожа аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланды.

Еңбекшіқазақ ауданы.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Облыс мәслихаттарының шығып қалған депутаттарының орнына депутат сайлау өткен жексенбіде Көксу ауданында өтті. Тұрғындар аудан орталығындағы Қадырғали Жалайыр атындағы орта мектептегі № 525 сайлау учаскесіне келіп, дауыс берді.

Көксулықтар таңдауын жасады

Ермек КЕНЕБАЕВА

Аталған сайлау учаскесінде 1824 тұрғын тіркелген. Ал дәстүрлі жағдайма, денсаулығына байланысты сайлау учаскесіне келе алмаған 28 тұрғын да сайлау комиссиясының назарынан тыс қалмады. Олар «Нұр Отан» партиясы ұсынған үміткер Маман Қаблисановқа және де өзге де төрт үміткер сайлауға қатысқан үміткерлер Алдияр Бабашов пен Нұрила Нұрдәулетоваларға дауыс берді.

– «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 101-бабы 4 тармағына сәйкес облыстық сайлау комиссиясы шығарған қаулыға орай күнтізбелік жоспар құрдық. Сол бойынша тұрғындарға барлық түсіндірме жұмысы да уақытында жүргізіліп, кеңейтілген ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланды. Тұрғындар да өте белсенділік танытуда, – дейді сайлау учаскесінің төрағасы Мұратбек Төлеқанов.

Үміткерлерге дауыс беру жұмыстары қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылған. Сайлау учаскесіндегі дауыс беру жұмысы таңғы сағат 07.00-де басталды. Бірінші болып сайлау учаскесіне ұлттық шапанмен келген Стан Өлкенов ақсақал дауыс беру – әрбір тұрғынның азаматтық міндеті екенін айтты. Ал 18 жасқа толып, үлкен таңдау жасауға бірінші рет қатысқан Қанат Оразбаев әрбір жас мемлекеттің болашағын бүгінінен ойлау керектігін алға тартып, әсіресе, жастар мемлекеттің саясатына бей-жай қарамай, белсенділік таныту керек деген ойымен бөлісті.

Сайлау нәтижесінің қорытындысы бойынша Көксу ауданық №525 сайлау учаскесінен 80,2 пайыз дауысқа не болған Маман Қаблисанов аудандық мәслихатының депутаты болып сайланды.

Көксу ауданы.

ИНДУСТРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

Жетісу жері аграрлы аймақ санатында болғанымен өңірде индустрияландыру жұмыстары да қарқынды жүргізілуде. Кейінгі жылдары өңірімізге құйылған инвестициялардың көбеюіне байланысты индустрияльды-инновациялық бағыттағы жобалар қолға алынып, қауырт жұмыс атқарылды. Индустрияландыру картасы бойынша облыста бірінші бесжылдықтың шеңберінде 7141 жұмыс орны құрылып, жалпы сомасы 282,3 млрд. теңгені құрайтын 47 жоба іске қосылды. Келесі бесжылдықта өңірлік индустрияландыру картасында 2274 жұмыс орнымен жалпы сомасы 156,8 млрд. теңгені құрайтын 12 жоба іске асады деп көзделген. Өткен жылы «Абди Ибрагим Глобал Фарм» ЖШС-нің фармацевтикалық зауыты, «Aluminium of Kazakhstan» ЖШС-нің алюминий профильдерін шығару зауыты, «Алакөл-Көмір» ЖШС-нің асфальтбетонды өндіру зауыты пайдалануға берілді. Биыл индустрияландыру картасы шеңберінде «Вару Mining» ЖШС инновациялық технология бойынша темір кенін өндеу мен қайта өңдеу арқылы шекті шойынды алу, «Агрокомплекс Жетысу Мажико» ЖШС қоспажем және майлы өнімдерді шығару өндірістік кешенінің құрылысын іске қосу жоспарланған.

ӨНЕРКӘСІПТІҢ КҮРЕТАМЫРЫ



Ақсу ауданындағы «Жетісу-Гранит» ЖШС-нің өңдіріс аймағындағы көру жұмыс.

Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Қажет АНДАС

Алдағы жоспарлар да ауқымды. 2017 жылы «Базалт-НПА» ЖШС-нің компонентік өнімдерін базальт тазшикатарын шығару зауытын, «АлматыАгроФуд» АҚ қарамағындағы сүрленген құрғақ қрахмал мен жүгері өнімдік майын алу өндірісін жаңғыртуды, «Meat Processing and Service» ЖШС-нің ет ті қайта өңдеу кешенінің құрылысын, «Агро-Инвест-Карагай» ЖШС шошқа кешені базасында ет және шұжық өнімдері өндірісінің құрылысын іске қосу жоспарланған. 2018 жылға «Алатал» ЖШС-нің қалдықсыз алюминий қорытпасынан құрылыс материалдарын шығару зауытының жобасы бітеді. 2019 жылы «Шонжа-Агро» ЖШС-нің жемістерді тікелей сығумен айналысатын шағын зауытының құрылысы аяқталады. 2021 жылы «Global Generation» ЖШС, Талдықорған қаласындағы ЖЭС құрылысы мәресіне жетеді. Әрине, бұл үшін де үлкен таңдалмыс пен жауапкершілік керек.

Қазақстанның табысы негізінен шикізат сатудан түседі. Америка мен Сауд Арабиясының мұнай өндеудеи бас тартуы шикізат нарығындағы сұранысты есеппей түсті. Тұрмыстық және азық-түлікке қажеттілік шикізат қоры бай мемлекеттерге емінді. Әсіресе, мұнай бағасының арзандауы азиялық мемлекеттер мен әлемдегі даму үстіндегі елдер экономикасын жаңғыртуды деп күтуде. Бұл қазақстандық шағын кәсіпорындардың жұмыс өнімділігін арттыруға қозығуы болып, тамақ өндірісі индустриясын дамытуға серпін береді. Мысалы, соңғы уақытта қазақстандық тамақ өнеркәсіп өнімдерінің шетелдерге сатылуы көбейген. Елімізді шағын және орта бизнестің әлеуеті дамыған елдердегі өнімді деңгейнеc көсіпорынның әлдеқайда тиімді, өндірілген тауардың өзіндік құны арзан. Сондықтан бізге инвестиция құйып, тамақ өндіру индустриясын дамытуға шетті кәсіпкерлер санының есеппеи түсетіи түрі бар. Өнім үстіне келесі жылы Астана қаласында өтетін халықаралық көрмеге келетін шетелдік конакгарды күнделікті азық-түліктен, ұш уақыт тамақпен қамтамасыз етудің өзі де белгеилі жұмысты талап етеді. Яғни, бес миллион адамды үш уақыт тамақтандыру, жұмыс үш ай бойы жалғастыру осы салаиың жұмысын ширатуды күн тәртібіне қойып отыр. Сонымен қатар, көрме барысында кол қойылатын сөзжатыс меморандумның дені азық-түлік өкілдіздігі топырегіне болмақ. Бұл жетісуліктарға тиімді.

Индустрияландыру картасы жасалудың Жетісу жеріндеі энергия көздерін пайдалану мен дамытуға серпін беретіні белгілі. Өңірдегі энергия көздерін ашу, қайта қалпына келтіру, дамыту бағытында облыс әуматында бүгін дейін жалпы қуаты 24,45 МВт 8 кіші СЭС-іиің, 1 күн электр стансысының және қуаты 300 МВт Мойнақ СЭС-ініің іске қосылғаны белгілі. Олардың қолданыска берілу нәтижесінде тұтынудың жалпы көлеміндегі электр энергиясының үлесі өсті. Осыған орай 2015 – 2017 жылдары энергия көздерін қалпына келтіруді отыздан астам жобасын іске асырып, бірқатар энергия нысанын салу көзделген. Бұл жобалар облыс әкімдігімен қоятмақтастық жөнінде меморандумға қол қойған «СамрукЭнерго» АҚ-ның қатысуымен жүзеге асырылмақ. Келешекте Жамбыл ауданы Қаттыбек бек ауылынан күн электр стансысы, Кербұлақ ауданынан Қызылқұмгей СЭС, Райымбек ауданынан 10 СЭС каскады, сонымен қатар Шарын өзеніиен 4 су электр стансысы қолданыска енгізілмекші. Осы арқылы облысымызда энергия тапшылығын жоюдың алғышарты қалыптасып үлгереміз.

Айта кетерігі, өткен жылдың бастап «Индустрияльды-инновациялық даму» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы жобаларды іске асыру жауапкершілігі Инвестициялар мен даму министрлігі, әкімдіктер мен Ұлттық кәсіпкерлік палатаға теңдей жүктелді. Осы тұрғыда ұлттық палата өңірлік келімдегі жобаларға бақылау жасамақ. Яғни, бағдарламаға қатысу туралы өтінімді қабылдаған соң әкімдік бұқыл құжаттар пакетін өңірлік кәсіпкерлік палатаға жібереді. Олар сарапшылар тобын ұйымдастырып, жобаның пайдалылығына талдау жасап, қорытынды шығарады. Бұдан кейін жаңа жобаларды индустрияландыру картасына кіргізу үшін тандау жасалады. Тандауды өңірлік үйлестіру кеңесінің мүшелері жасайды. Оның тең жартысы өңірлік кәсіпкерлер палатасы өкілдерінен болуы керек. Палата өкілдерінің ақпаратына сенсек, индустрияландыру бағдарламасын атқару барысында кезекген киыншылық та жоқ емес. Әсіресе, өңірлерен өнімді өткізу мәселесі өзекті болып отыр. Алдағы уақытта бұл киыншылықтың шешімі табылады деген сенімдеміз.

Өңірдің экономикалық дамуының әрегасы өнеркәсіп өнімі десек, осы салада бүгін дейін өндірісі өркендеп келеген дәнекер және алуан үлесіиің арта түскені байқалады. Сол катарда Сүмсекі ауылындағы «Жетісу – Гранит» ЖШС-нің жетістігіне ерекше тоқтала кетken жөн. Өнімі әрісті кәсіпорын «Ақсуда инвестиция жоқ» деген сөзді жоққа шығарғандай. Жолтар Алатауы бауырына басып жатқан байлықты ел игілігіне асыруда ұжым ерекше табандылық танытып келеді. Олар өткен жылы «Даму – өндіріс-2» бағдарламасы бойынша Қапал өңіріндегі гранит кен қазба орнын әзірлеу және өндіру мақсатында 256 млн. теңге несие алып, кен барлау, анықтау жұмысын жүргізген. Сол жұмыстардың нәтижесінде шілде айынан бастап гранит блоктарын өндіре бастауты. Қазіргі жұмыс ауқымы да ойдағыдай. «Олар «ЕХРО -2017» ыысандарын салу үшін «АБК Құрылыс» ЖШС-ін құрылыска қажетті 17585 текше метр гранит бұйымдарымен қамтамасыз ету туралы 374 млн. 471 мың теңгеге келісімшарт жасасқан. Бүтінгі күні соның 12330,92 шаршы метрі немесе 229,7 млн. теңгесін өнімін өткізіп үлгерті. Қазірде мұнда жұмыс істеп жүрген 60-қа жуық адамның бәрі сол өңірдің тұрғындары екен. Жұмысшылар жатақханасының өзінде қаладағыдай жағдай жасалған. Сонымен қатар, «Жетісу – Гранит» ЖШС жобалық құны 1 млрд. 800 млн. теңге гранит өңдейтін зауыт салып, өңірлік даму картасына еиу үшін тиісті құжаттарын облыстық кәсіпкерлік және инновациялық-индустриялық даму басқармасына өткізеді. Егер жоба бекітілсе, тиісті қаржы бөлініс, Сүмсекі ауылынан 100-ге жуық адамды жұмыспен қамтитын ірі өндіріс орны бой көтермек. Бұл Ақсу өңірінде құйылатын инвестицияны көбейте түсуге мұрындық болатыны анық. Демек, осының өзінен «индустрияландыру-инновациялық даму» мемлекеттік бағдарламасының Алматы қаласының айналасындағы аудандарда ғана емес, шалғай ауылдарда да тың серпіннен жұмыс істейтіи ірі кәсіпорындардың ашылуына ықпал етkенін көруге болады.

Иә, облысымызда индустрияландыру бағытында қомақты жұмыстар атқарылуда. Оның табысын жұрт көреді. Көріп те жүр. Демек, кәи ұзамай облысымыздың ағрарлы аймақтан өндірісті аймаққа айналуына негіз жетеріік.

І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында «Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздік» атты жастар форумы өтті.

Ел бақыты – Тәуелсіздік

Меруерт МОЛДАҒАЛИЕВА

Алматы облысы жастар саясаты мәселелері басқармасы мен жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен форумның басты мақсаты – «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңын облыста жүзеге асыру және ел Тәуелсіздігіне 25 жыл толуын атап өту болды.

Мемлекет басшысы «Елімізді болашағы – жастардың қолында» деп оларға зор жауапкершілік жүктеген болатын. Соған орай жастар қоғамның қозғаушы күші ретінде озық идеяларымен қарулануы, еліміздің дамып, өркендеуіне лайықты үлес қосып келеді. Себебі, олардың алдында үлгі алар аға буын өкілдері бар. Келешекте де ел тізгінін ұстайтын, еліміздің әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті, экономикасы дамыған, өркениет көшіиен лайықты орын алуына өз үлесін қосатын қоғамның негізгі белсенді күші жастар болмақ.

Форумға облыс әкімінің орынбасары Бақтияр Өнербаев қатысып, өңірдің жалпы жастарының жалы лебізін жолдады. Содан кейінгі кезекте еліміздің қоғамдық-саяси өмірінің жан-жақты дамуына және облыс көлемінде мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға қосқан үлестері үшін Тәуелсіздік құрдастары болып табылатын бір топ белсенді жасты марапаттады.

– *Бүгін еліміз үшін мерейлі жыл. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы. Ұлы құндылықтарды ұлықтай білу әрбір жастың жауапкершілігі. Патриот болу дегеніміз – өзіміз Ұлы Даланың ұрпағы екенін мақтан ету: Елдің болашағын жарқын қылуға өз үлесін қосу: Жастардың мәртебесін жоғарылатып, озарға жан-жақты көмек көрсетіп, толыққанды білім беруге, мүмкіндіктерін толық көрсете білуге мемлекет және облыс әкімінің тарапынан барлық жағдай жасалуда. Ендеше: «Кәзіргі заман білектің емес, білімнің күшіне сенетін заман», – деген бекзаттың, Сенің ұлы ұлт Абайдың жастарға деген кезіеиеуіне сенемін және зор үміт артамын,* – деді құттықтау сөзінде Бақтияр Өлтайұлы.

Облыстық жастар форумының соңы концерттік бағдарламаға ұласып, жиналғандарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Алматы облысы прокуратурасы, Талдықорған қаласы, Гайдар көшесі, №17 үй, 3-қабат, 305-кабинет, анықтама телефондары: 8-(7282)- 24-17-81, 24-81-16, бос лауазымдарға конкурс жарияланды:
Алматы облысының прокуратурасы

1. Панфилов аудандық прокуратурасының прокуроры С-RGP-5 (1 бос орын)

2. Үйғыр аудандық прокуратурасының прокуроры С-RGP-5 (1 бос орын)

Функционалдық міндеттері: Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-тіздеттіру қызметінің, қылмыстық процестің сотқа дейінгі кезеңінің заңдылығына, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді жүзеге асырады.

Еңбекақы төлеу шарты мен көлемі қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленеді (айлық жалақысы 76235 теңге).

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – жоғары құқықтану (заңгерлік); денсаулық жағдайы бойынша құқық қорғау органдарында қызмет өткеруге жарамдылығы; нақты лауазым бойынша функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті міндетті білімінің, шеберлігінің, дағдысының болуы;

Құжаттарды қабылдау мерзімі конкурстың соңғы жарияланғанынан кейін 5 жұмыс күндері ішінде төмендегі мекенжай бойынша жүзеге асырылады: **Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Гайдар көшесі, №17 үй, 3-қабат, 305-кабинет.**

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар мынадай құжаттарды тапсырады:

1) белгілі нысанға сәйкес өтініш;

2) белгілі нысанға сәйкес сауалнама;

3) белгілі нысанға сәйкес (тұрғылықты тұратын мекенжайы мен телефоның, оның ішінде байланыс телефоның көрсете отырып) толтырылған кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы;

4) жақын туыстарын, оның ішінде бұрынғы ерлі-зайыптарын көрсете отырып, белгілі нысанға сәйкес толтырылған көлеи немесе басылып жазылған толық өмірбаяны;

5) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

6) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

7) еибек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

8) әскери билеттің немесе әскери шақыру учаскесіне тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі;

9) 3х4 үлгідегі (2 дана) сурет;

10) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес азаматтың және оның жұбайының (зайыбының) табыстары мен мүліктері туралы декларацияны тұратын жері бойынша мемлекеттік кіріс органына табыс еткенін растайтын құжаттар;

11) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды өткізу кезінде жарамды, шекті мәнінен төмен емес қолданыстағы заңнаманы білуге арналған компьютерлік тестілеуден нәтижелері;

12) прокуратура органдарында қызмет өткеруге жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссиялардан медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, сондай-ақ полиграфологиялық зерттеуден өтудің және міндетті арнайы тексеріс құжаттарын;

13) құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарының сотгылығы жоқтығы, сот тәртібімен соңғы бір жылдық ішінде қасақана әкімшілік құқықбұзушылық жасағаны, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары үшін тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылмағаны туралы анықтама;

14) соңғы жұмыс (оқу) орнынан мінездеме.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және іскерлік беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми (академиялық) дәрежелер мен атақтардың берілуі, мінездемелер, ұсыныстар, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері) қосымша ақпарат бере алады.

Жетісу

3

№29-30 (18306), 14 наурыз, сейсенбі, 2017 жыл

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazetikz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫС

ОБЛЫСТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ ҮШ ЖЫЛДА ӨҢІР КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ҚҰНЫ 1 МЛРД. ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙТЫН ҚҰҚЫҒЫ МЕН МҮДДЕСІН ҚОРҒАДЫ.

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ОБЛЫСТЫҚ ПАЛАТАҒА 319 ӨТІНІШ ТІРКЕЛІП, ОЛАРДЫҢ 70%-Ы КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ПАЙДАСЫНА ШЕШІЛГЕН.

БИЗНЕСТІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ БАҒЫТЫНДА ӨТКЕН ЖЫЛЫ КӘСІПКЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ 9 ОТЫРЫСЫ ӨТІП, ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ 80%-ЫҢ ОҢ НӘТИЖЕМЕН ШЕШІЛІПТІ.

АУЫЛ КӘСІПКЕРЛЕРІ қолдауға мұқтаж

Кәсіпкерлердің құқығын қорғау және бизнеске әкімшілік кедергілерді төмендету облыстық кәсіпкерлер палатасы жұмысының негізгі бағыты болып табылады. Өңірлік коммуникациялар қызметінде тұрғындармен тікелей байланысқа шыққан облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ләззат Шыңғысбаева атқарылған жұмыстар мен кәсіпкерлердің мүддесін қорғау бағытындағы жетістіктерді әңгімелеп, алдағы жұмыс жоспарын таныстырды.

Жемісу

Қажет АНДАС

Оның айтуынша, облыстық кәсіпкерлер палатасы үш жылда өңір кәсіпкерлерінің жалпы құны 1 млрд. теңгені құрайтын құқығы мен мүддесін қорғапты. Өткен жылы облыстық палатаға 319 өтініш тіркелсе, олардың 70%-ы кәсіпкерлердің пайдасына шешілген. Палата сарапшылары бизнесмендердің құқығын қорғау мақсатындағы 155 сот дауына қатысса, оның 108-і бизнестің пайдасына шешілген. Сол қатарда «Баға белгілеуде сыбайластыққа бардық» деп кінәлаған «Алель Агро» және «Алатау Құс» фабрикасының мүддесін қорғап, оларды 30 миллион теңгелік айыппұлдан арашалап қалған. Сонымен қатар, жергілікті жерде әкімшілік құжырлаушылыққа жол беріп, кәсіпкерлік жалпы ауданы 769 гектар болатын жер телімін иеленіп алған, тіпті басқа бір тұлғаға сатып та үлгерген дау-шарға палата мен прокуратура араласып, кәсіпкерлік құқығы қорғалған. Сонымен қатар, Көксу ауданындағы кәсіпкердің 1000 гектар жерін қайтарып алуына көмек беріпті.

Бизнестің құқығын қорғау бағытында өткен жылы кәсіпкерлер кеңесінің 9 отырысы өтіп, қаралған мәселелердің 80%-ы оң нәтижемен шешілпті. Десе де, кәсіпкерлерге әкімшілік кедергі де жоқ емес. Кәсіпкерлік палатасы әкімшілік кедергілерді төмендету мақсатында қоғамдық мониторинг пен кәсіпкерлердің өтініштеріне талдау жүргізіп келеді. Өткен жылы палата мамандары 49 әкімшілік кедергіні анықтап, оның 80%-ы оң нәтижемен шешкен. Айталық, Текелі қаласының кәсіпкерлі цехын кеңейту үшін қала әкімшілігінен 10 сотық жер сұраған. Мәселе алты ай бойы шешімсіз қоң облыстық кәсіпкерлер палатасына арыз-данады. Сосын прокуратура, мемлекеттік органдардың жемқорлық қауіп-катерлерін анықтау мақсатында 32 бағыт бойынша талдау өткізетінін айта кеткеніміз жөн. Әсіресе, денсаулық сақтау, кедең синяты салалар бойынша түйінді жұмыстар атқарылуда.

Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасының жасалуы да өткен жылдың маңызды оқиғасы болып саналады. Осы картаға облыс бойынша 22 инвестициялық жоба ұсынылып, Панфилов ауданында балық өңімдерін қайта дайындау жөніндегі зауыт құрылысы, Талдықорғандағы спорттық-сауықтыру кешенінің және Жамбыл ауданындағы этномейрамханаының құрылысы қаржыландырылды. Облыстық палатаның инвестициялық жобалары Қытайдың Бейжің және Чанша қалаларында өткен 8-ші инвестициялық жобалар жәрмеңкесі мен 10-шы мерейтойлық «Чанша-ЕО – 2016» инвестициялық форумында таныстырылды. Сондай-ақ, өңірлік карта жобасы «Made in Kazakhstan» тауар өндірушілері мен жәрмеңкесінің және кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасы жобаларының инвестициялық жәрмеңкесінің қатысушысы атанды.

Тағы бір айта кететін мәселе, мамандарды даярлаудағы халықаралық тәжірибемен таныс мақсатында палата мамандары былтыр Қытайдың Таньсу провинциясына іссапарға барып, студенттерді ауыстырып оқытуға келісім жасап қайтты. Бұл олардың алғашқы тобы қорыл елге бармақшы. Осы тұста даулы оқытудың да жұмыс берушілер үшін маңызы зор екенін айта кеткен жөн. Қазір облыстағы 27 колледж 140 кәсіпорынмен бірігіп, 17 мамандық бойынша кадрларды даулап оқыту әдісімен даярлауда. Бұл қатарда «ТАТЭК» АҚ, «Глазман» мен «Кайнар АКБ» ЖШС-лары бар. Сондай-ақ, былтыр «Байсерке-Агро» компаниясы Талғар агробизнес және менеджмент колледжін сенімділік басқаруға алды. Бұл Елбасының қолдауымен елімізде алғаш рет сынақтан өтіп жатқан жоба саналады. Сондықтан, бұл облыстық палата халықаралық деңгейдегі жұмыс берушілердің форумын ұйымдастырмақшы. Оған 300-ден астам кәсіпкер жинақын, даулы оқытудың тиімді жақтарын айтып береді.

Айта кетерлігі, облысымызда 47 мыңнан аса шаруа қожалығы ауылшаруашылығы жұмысымен айналысады. Алайда, өңір тұрғындарының арасында бұрынғы кеңестік кооперативтер туралы теріс пікірдеп әлі де арыла қойғандар баршылық. Облыстық кәсіпкерлік палатасы сарапшыларының тиянақты түсіндіруінің нәтижесінде 22 ауылшаруашылық кооперативі тіркелді. Қазір сол кооперативтердің сауда желілерімен әріптестік орнатуына көмектесуде. Мысалы, «Ақөзек» АӨК Новосибирск қаласындағы супермаркет желілеріне шикі жеткізе бастады. Сондай-ақ, Алматы қаласының сауда желілері ет, киноиіс және жеміс-жидегі сатып алуға қызығушылық танытуда. Нәтижесінде, өңірлік «Федор» АӨК мен алматылық «Golden Food» компаниясының арасында 60 тонна көкөніс пен жеміс жеткізу туралы келісім жасалды.

Жетісу өңіріне сапары барысында Елбасы қант қызылшасын өсіруді жандандыру бойынша тапсырма берді. «Атамекен» ҰКП шағын несиелеу пилоттық бағдарламасын сәтті жүзеге асырған жетісулықтар «Өңірлер бизнесін деп аталатын жобаны барынша шұрата түсті. Оған «ALMEX» инвестициялық қоры арқылы «Атамекен» ҰКП мен облыс әкімдігі 300 млн. теңге бөлді. Жобаны жалғастыруға керекті несиелердің «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ ұсынды. Осы жоба аясындағы кәсіпкерлердің өтінішін облыстық кәсіпкерлер палатасының несие комитеті қарап, облыстың бизнес-қоғамдастық өкілдері ҰКП ұсынысы бойынша 87 жобаны қаржыландырды. Жобалар мен қаражат алу мәселесі кәсіпкерлерден құралған несие комитетімен қаралып, мақұлданып отырды. Барлығы бағдарлама бойынша 150-ден астам кәсіпкерге несие берілді. Қазіргі таңда несиелерді қайтару бекітілген кесте бойынша жүргізілуде, бірқатары толығымен қайтарып үлгерген. Бұл даулы кәсіпкерлері екінші деңгейлі банктердің қаржыландыруынан қорықпауы керек дегенді білдіреді.

Әрине, ауылшаруашылығы салasында судың пайдалану, оның ішінде судың жеткізу бойынша бағa мәселесі толғантпай қоймайды. Мысалы, өткен жылы Көксу ауданының кәсіпкерлері 1 тәкшеметр судың құны 52 тиынға дейін қымбаттағанын айтып облыстық кәсіпкерлер палатасына арыздanды. Тексеріс кезінде Ескелді ауданында 1 тәкшеметр суға 18 тиын бағa белгіленгені анықталды. Осылайша палата мамандары «Қазқұрылысшаруашылығы» мекемесімен келіссөздер жүргізіп, су тарифтерін қайта қарау туралы ұсыныс берiп, судың бағасын төмендетуге түрткі болды.

Агрооперәсіп кешенін дамыту аясында облыстық кәсіпкерлер палатасы агробілiктілік орталығымен бірлесе облыс шаруа қожалықтарында оқыту семинарын жүргізген. Жыл бойы 135 семинар ұйымдастырылып, оған 2 мыңнан астам адам қатысқан. Сонымен бірге, облысымызда сервистік-дайындау орталықтарды құрдық. Оларға бөлінетін қаржы алдымен облыстық кәсіпкерлік палатасының сапаптауынан өтеді. Сонымен қатар, кооперация құру мен тауарларды өткізу бойынша жұмыстар да палатаның құзырына өткен. Осы орайда көрменшеп түскен сұрақ өте көп болды. Оған палата директоры:

– Палатаның қолдауымен пилоттық негізде 22 жеке ауылшаруашылығы кооперативі құрылды. Олардың тауарларын өткізу мақсатында алматылық кәсіпкерлермен кездесу ұйымдастырып, келісімшартқа қол қойылды. Шара Тимур Құлыбаевтың тәрағалығымен, облыс әкімі Амандық Баталовтың және Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбектің қатысуымен өткенін айта кетейік. Бұл барыста біз ауылшаруашылығын дамытудың жаңа механизмін енгізу, құрал-жабдықтарды тиімді шарттармен алу бойынша сұрақтарға жауап таптық», – деп жауап берді.

Облыстық кәсіпкерлер палатасы кәсіпорындарға түрлі байқау арқылы да қолдау көрсетіп келеді. «Атамекен» ҰКП-ның «Алтын сапа», «Қазақстанның үздік тауары» сияқты республикалық байқауларына былтыр облыстан 20-дан астам компания қатысты. Астана қаласында Президенттің қатысуымен өткен жиында «ТК Метанол» компаниясы «Елбекті қорғау салasындағы үздік кәсіпорын» атағына, ТАГЖ компаниясы «Экологияға қосқан үлесі үшін» қола медалына қол жеткізді. Қазақстанның үздік тауары байқауында «Үздік өндірістік мақсаттағы тауарлар» аталымы бойынша «Алматы бояулары» компаниясы 3-орын алды. Сонымен бірге, «Кайнар АКБ» компаниясына «Ұлы Дала елі» брендін пайдалану құқығы берілді. Осылайша, бұл компаниялар Жетісу жерінің абыройын асқақтатып, бизнесінің даму қарқынын көрсетіп тұр.

Кәсіпкерлік салasында әлі де күрмеуі мәселелер жетерлік. Облыстық кәсіпкерлік палатасының директоры Ләззат Шыңғысбаевaның айтуынша, даму институттарының, коллегиялардың жұмыс жасап жатқанына қарамастан сектордa тұмшаң қалатын қиындықтар жоқ емес. Мәселе адам факторына та-на емес, сонымен қатар, заңдағы кедергілерге де тіреліп тұр. Осы кедергілерді жою керек. Десе де, отандық бизнес ішкі нарықтық және сыртқы экономикалық өзгерістерге қарамастан дамудың дағдыл жолын тауып, өз жұмысын жалғастыруда. Бәлкім, кәсіпкерлік қызметтің бір ерекшелігі де осында шығар.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының алдағы жоспары да ауқымды. Олар биылғы жылды «Аудандар мен аумалар жылы» деп жариялап, аудандық филиал директорларының есебін тыңдауды бастады. Сондай-ақ, жергілікті жерлерде кәсіпорындарға, тауарлы-сүт фермасын ашу, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ), туризм мәселелері бойынша өңірлік форумдар мен конференцияларды өткізуді жоспарлап отыр. Ең бастысы, облыстық палата өбір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін Кәсіпкерлер үйін құруды ұсынды. Бұл бастаманы Алакөл ауданының әкімі Әділбек Жақанбаев қотеріп отыр. Өйткені бұрын жерде кәсіпкерлер мен әкімдердің қарым-қатынасы бір деңгейде емес. Бүгінгі таңда Текелі мен Қапшағай қалалары, Қаратал, Ескелді, Үйғыр аудандарының әкімдері кәсіпкерлерге мүмкіндік тудырып отырғанымен кейбір аудандардағы әкімшілікті кедергілер азаяр емес.

«Бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін Кәсіпкерлер үйі құрылса кәсіпкер әкімдіктің табалдырығын тоздырмай, бар мәселені бір жерде шеше алады. Расымен, ауылдық жерлерде тұратын кәсіпкерлер қолдауға мұқтаж. Олар заңдағы соңғы өзгертулер, жеңілдіктер және бизнесті қолдау тетіктері туралы біле бермейді. Сондықтан бизнес палата өкілдері ауыл кәсіпкерлерін қолдау тетігін күшейтуді мақсат етуде. Осы тұста кәсіпкерлердің ауданның кеңесінің жұмысын шырату мәселесі де күн тәртібіне қойылып отыр.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ЖЕРДІ ЗАҢ АЯСЫНДА пайдаланайық

Облыс бойынша жер қорының жалпы көлемі 22358,4 мың гектарды құрайды. Оның 8,6 млн. гектардан астамы ауылшаруашылығы мақсатына ие десек, 1023,3 мың гектары егістік, 453,4 мың гектары суармалы алқап. Жер қатынастарын реттеудің бірден-бір жолы жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау болып саналады. «Алматы облысының жерлін пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы» (бұдан әрі – басқарма) ММ жерлін пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті орган болып табылады.

Жер қатынастары саласындағы түйінді мәселелердің қатарына мемлекет меншігіндегі жерлерді өз бетімен басып алулар жатқанұуға болады. Бұл мәселенің басқадай жер заңнамаларын бұзушылардан айырмасы – кең көлемде және жүйелі түрде сипат алуы мен жылда қайталанылуы. Бұл мәселені бағамдаған Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы «Жерді өз бетінше басып алуға қарсы іс-қимылдың ұсақты мәселелері туралы» 2016 жылдың 3 қарашасында өткен алқа отырысында қабылданған хаттамалық шешімінің негізінде «Жер заң аясында пайдаланылсын – басып алуды тоқтатайық» жобасын (бұдан әрі – Жоба) жүзеге асыру бойынша негізгі тәсілдер мен ұсыныстарды мақұлдап, жергілікті жерлерде іске асыруға жолдады. Осы Жобаны жүзеге асыру бойынша жасалған іс-шаралар жоспарының 1,2,3. тармақтарына сәйкес облыс прокурорының келісе отырып облыс әкімі бекіткен Алматы облысындағы жер заңнамаларын бұзып пайдаланушылар мен пайдаланбаушылардан жерді қайтарып алуды қамтамасыз ету жөніндегі Жол картасын жүзеге асыру мақсатында жергілікті атқарушы органдар іске кірісті.

Мұндағы мақсат – жергілікті атқарушы органдар мен «Аламатарға арналған үміжет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес АК Алматы облысы бойынша филиалы «Жер құжаттық жазу жұмыстарын мүлкіті техникалық тексеру» департаментінің жер заңнамаларын бұзып пайдалануышылар мен пайдаланбауышылардың жер телімдерін зерделеп, мониторинг жүргізу, яғни облыс аумағын аралап шығу, жер телімін игеру мерзімін, нысаналы мақсаты мен мекенжайын анықтау, мұлдегі мемлекеттік органдардан ақпараттар жинау болып табылады. Жол картасы бойынша атқарылған жұмыстардың есебі жарты жыл сайын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасы Үкіметіне және Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылық министрлігіне тапсырылады.

Жерді басып алуды қалай түсінуге болады?

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 12-бабының 27) тармағында меншік иесінің немесе жер пайдаланушының рұқсатынсыз бөтен жер учаскесін иелену, сондай-ақ, мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскесін Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органының тиісті шешімісіз иелену – жер учаскесін өз бетінше иелеиіп алу деп танылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 136-бабында жерге мемлекеттік меншік құқығын тіркелген меншік құқығын бұзғаны үшін жауапкершілік көзделген, бұл жерде мемлекеттік жер учаскелерін заңсыз иеленіп алу немесе айырбастау не жерге мемлекеттік меншік құқығын тіркелей немесе жанама пысанда бұзғаны басқа да жәмілелер жасау, сондай-ақ, уақытша иеленген мемлекеттік жерді уақытыны қайтармау – жеке тұлғаларға жеттіс бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз сау, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жеті жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғатыны қарастырылған.

Мұнымен қоса жерге заттай құқықтарды бұзу бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 201-бабының 1. тармағында «...бөтен жер учаскесіне заңсыз кіріп жеу, сол сияқты бөтен жер учаскесін заңсыз басып алу еді мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға қазаланады» делінген. Мемлекет меншігіндегі жерді заңсыз иеленіп алу өзекті мәселенің біріне айналуда, яғни мемлекет қорындағы жерлерді ең бетімен иелену бойынша 2015 жылы 49 субъект әкімшілік жауапқа тартылып, жер заңнамасын бұзушыларға әкімшілік не қозғалып айыппұл салынып, заңсыз иеленген жерлерді қайтару жөнінде нұсқамалар берілген болса, 2016 жылы 17 субъект әкімшілік жауапқа тартылды. Бұған азаматтардың өзінің жер телімінен тыс 3,5,15 метрее дейінгі жерлерді қосып, қоршап алуы, бос жатқан жер деп автоқараңдарды орнатуы, тағы сол сияқты әрекеттерді жатқызуға болады. Басқарманың аудан, қалалардағы мемлекеттік инспекторларының жер иеленушілерге жер заңнамасын түсіндіріп, тексеру жүргізу кезіндегі қажеттілігінен басқасында 2016 жылы жерді өз бетінше басып алу оқиғалары айтарлықтай азайды.

Жер иеленушілер мен пайдаланушылардың назарын Кодекстің 164-1-бабына сәйкес заңсыз иеленуші өз бетінше иеленіп алған жер учаскесін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген әкімшілік жазалар қолданылған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде келісу және өз бетінше иеленіп алған жер учаскесінде сатылған (сальған жатқан) құрылысты, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзі немесе өз есебінен бұзуды және жүзеге асыруға міндетті екенін ескертеміз келеді. Зан талаптарын бізмегендік жауапкершіліктен құтқармайды. Барлық жер пайдаланушылар алған жер телімдері жер заңнамасының аясында күтіп-бағпақ, нысаналы мақсатқа сай, қорғаған орнаға зиян келтірмей пайдалануға қажет.

Нұрғали БАҚТОРАЗОВ, Алматы облысы жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы-мемлекеттік инспекторы.

СЕМИНАР



Жүсіпін қанағаттанған, жетімін жылатпаған текті елдің ұрпағы едік. Өзіңізге қарай, бүгінде жетім-жесірлерді былай қойып, шіміркіпей ата-анасын да Құртар үйіне өткізіп әбігерттіңдер кездесін қалады. Алайда, адамның нәсілі өзгерсе, қоғамның бағыт-бағдары да түгелетіні қоғамның бағыт-бағдарын көрсетпеген жаңынан қорғалмаған жаңдарға деген жанашыр көңілдестікті аңғарып жүрмін. Бұлай деуімізге Қарасай ауданында өткен екі шара негіз.

Балалар болашағы

Облыстық прокуратураның ұйымдастыруымен Қасқелең қаласындағы Абай атындағы мектеп-гимназиясында өткізілген «Балалар үйінсіз Жетісу» атты семинар, яғни айтып тұрғандай, жетім балаларды үйде тәрбиелеуді мәселесіне арналған болатын. Аудандағы мектептердің директорлары, мұғалімдер, аталандармен қатар қалалық және ауылдық округтердің әкімдері де қатысқан бұл алқалы басқосуды аудандық білім бөлімінің басшысы Тұлпар Такимова ашып отырса, Қарасай аудандық прокуратурасының прокуроры Ермек Балғарбек, облыстық білім басқармасының мамандары Олия Молотова мен Меруерт Әбілхалиева көпшілік қауымға қажетті ақпарат жеткізіп, жетім балаларды асырап алудың, қамқорлыққа алудың заңдық жолдарын түсіндірді.

Бүгінде елкемізде мемлекет қамқорлығына зәру ұл мыңға жуық жеткіншек бар. Олардың 51 пайызы жетімдер болса, 49 пайызы ата-анасынан қарауынсыз қалған бейқұзы бұлақ. Бір ғана Қарасай ауданында жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған 248 бала тіркеуге алынған.

Семинар барысында жиналғандарға балаңы өз атына жазылуды, қамқорлыққа алуды, қорғаншылық жасауды рәсімдеудің қыр-сырлары, отбасылық балалар үйін ашуды, құжаттандыру мен қарқындырудың жолдары кеңінен түсіндірілді. Соңғы жылдары елімізде қарусыз жеткіншектерді отбасылық тәрбиеге алу жайы артып келе жатқанына байланысты балалар үйі азайған. Бұл жас өскіндерді мақсыздық көзқарастан құтқарып, ата-ана қамқорлығын көрсе өсуіне септігін тигізері өністі.

Шараның ашылуы «Samruk-Kazyna Trust» корпоның әлеуметтік жобаларды қолдау бағдарламасы бойынша «Солнечный круг» үйкметтік емес ұйымы қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Қасқелең мектеп-интернатында өтті. Мұнда аталған қордың комитимен жұмсақ сенсорлық безмейін, логопед кабинетінің жиһаздары толықтай жаңартылып, коррекциялық және дидактикалық құралдар орнатылған. «Жұлы жүрек – жомарт қол» тақырыбындағы семинарға қатысқандар осының бәрін көз-жеремен көріп, қалай жұмыс жасайтынымен танысып қайтты. Шарада «Самұрық-Қазына» корының өкілі Аслжан Жортқожа, «Солнечный круг» УЕҰ-ның төрайымы Сәуле Оразбаева және оның орынбасары Нұрия Литвинова өздері атқарып жатқан шаралар мен мақсаты жайлы түсініктеме берді.

Қуат ӘБІЛ.
Қарасай ауданы.

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Әйелдер құқығы шектелмейді

Соңғы жылдары ішкі саясаттың құрамдас бөлігі ретінде «гендерлік саясат» ұғымы көп айтылып жүр. Қазақстанда гендерлік саясат жүргізу жөніндегі жұмысты ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Оның негізгі міндеті отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Қазақстандағы гендерлік саясаттың міндеттеріне әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарына тендестіруін қатысуына қол жеткізу, экономикалық тәуелсіздігін барлық тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, әз бизнесін дамыту және қызмет бабында өтуерілу, отбасында құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Мемлекет басшысы бекіткен гендерлік теңдік стратегиясы мен гендерлік мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізу мақсатында билік пен қоғамның азара тиімді әрекет етуіне бағытталып цаңғарылған зең. Бүгінде азаматтық қоғамда ұлттық гендерлік саясатты жүзеге асыруға және өмірдің барлық салasында гендерлік теңдікке қол жеткізу тетігін жасауға белсенді түрде, кең көлемде жұмыстар жүрп жатыр.

Елімізде әйелдер теңдігін қамтамасыз етуге ықпал ететін екі заң қабылданған. «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Жұрнық заңы, зомбылық профилактикасы туралы Заң, тек әйелдерге ғана емес, отбасының басқа да мүшелерінің тең құқықтарын сақтап, тұрмыстағы қысымды болдырмауға ықпал етеді. «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» демейді ме? Бүгінгі күні әйелдер қоғамдық бағыс, саласында белсенділік танытуда. Олар қандай қызмет атқарса да үлкен жауапкершілік пен сенімділік, жоғары кәсібилікті үлгісін көрсетіп, уақыт көшімен қалмай, болашаққа деген сенімін зор үйлікпен болуда.

Г. МАЛЫБАЕВА,
Жамбыл аудандық сотының жетекші маманы.

ЖАЙДАРМАН

ЖАСТАРҒА МОЛ МҮМКІНДІК

Астана қаласындағы G-Global баспасөз орталығында өткен брифингте жастарға арналған «Менің жасыл Қазақстаным» байқауының бастапғаны туралы айтылды. Байқау шарттары мен өткізілу тәртібін «Ресурстық үнемдеу мен энерготиімділік қоғамдық палатасы» ЗТБ басқарма төрағасы Ердос Абақанов пен БҮҮ биоәртүрлілік саласындағы жобалар менеджері Талғат Кертешев түсіндіріп берді.

Ең алдымен аталған байқауды Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен БҮҮ Даму бағдарламасының қолдауымен «Энергия тиімділік пен ресурстарды үнемдеу қоғамдық палатасы» ЗТБ бірлікте ұйымдастырып отырғанын айта кеткен жөн. Сондай-ақ, байқауға сәтті жалғасуына G-Global халықаралық қатынастары мен «Жасыл» экономиканы қолдау мен G-Global даму коалициясы» ЗТБ және «Қазақстанның ерікті ірі компаниялар альянсы» ЗТБ қолдау көрсетуге ниет білдіріп отыр. Байқау жайлы қосымша ақпаратты www.greenkaz.org www.group-global.org сайтарынан көре аласыздар.

– Аталмыш байқаудың бірнеше түрлі мақсаттарын бар. Бірінщден, біз осы арқылы жастардың жасыл технологияға деген қызығушылығын оятамыз. Екіншіден, өндірістегі жасыл технологияның жұмыс жасайтын мекеме немесе басқа да ұйымдарды анықтауға мүмкіндік туады. Үшіншіден, байқаудың тақырыбы бізге елімізде өтетін ЭКСПО – 2017 халықаралық көрмесінің тақырыбымен үндесіп жатыр. Сондай-ақ, байқауда үздік деп танылған жұмыстарды ел аумағында насихаттап, басқаларды үлгі алуына мүмкіндік береміз, – дейді ұйымдастырушылар.

Демек, елімізде тұрғын рет қолға алынған байқаудың арқайтын жүгі аз болмайтыны анық. Бйткен, ол «Жасыл көпір» сериестік бағдарламасы және Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға өту тұжырымдамасын жүзеге асыру жасыл технологияларды мен жаңартылған энергия көздерін қолдану мен өнеркәсіпте жұмылдыру мақсатында «Қазақстан Республикасы Үкметне қолдау көрсете» жобасы аясында ұйымдастырылуда.

Оған ел аумағындағы 15 пен 29 жас арасындағы азаматтар толық, қатыса алады. Басты талабы қатысушы тұрғылықты жерінде жасыл технологиялар немесе жаңартылған энергия көздерін қолданатын мекеме, шаруашылық, және кәсіпор, тағы да басқа субъектілер жайлы 30 секундтық, бейнероли тусіруі. Онда технологиялық қолдан жұмыс жасайтыны және оның артықшылықтарын толығымен көрсетуі керек. Сонымен қатар, бейнероли пен қатысушылардың ағналған сауалнаманы толтырып, 10 мамырына дейін energy-2050@mail.ru электронды мекенжайына жіберуі тиіс.

Қатысушылардың жұмысын ҚР Мәжіліс депутаттары, қоғам қайраткерлері, халықаралық ұйым өкілдері, мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлері, бейнеіскерлер, жетекшілерінен құралған сарапшылар анықтайды. «Жасыл көпір» сериестік бағдарламасы конференциясы ақпанда шілдеиін, 12, 13-жұлдызында Астана қаласында марапатталады.

Гүлназ КЕНЖЕХАНОВА,
ЖМУ-дың студенті.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazetikz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

МӘСЕЛЕ САНДА ЕМЕС, САПАДА

Өткен аптада облыстық әкімдікте республикалық қой шаруашылығы палатасының жиыны өтті. Жиналысты облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров ашып, жүргізіп отырды. Шара аясында республикалық қой шаруашылығы палатасының төрағасы, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты Тынышбай Досымбеков палата құрылғалы бергі бір жыл көлемінде атқарылған жұмыстармен таныстырып, алдағы міндеттерді сараладық. Сондай-ақ, қой шаруашылығын өркендетуге кедергі келтіріп отырған кемшіліктер мен оны түзетудің жолдарын сөз етті. Жарыссезге шыққан ҚазҰҒА мүшесі, академик, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, қой шаруашылығы палатасының мүшесі Төрехан Сабырқұлов, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Мамай Прманшаев қой шаруашылығын дамытудың құры мен сырын салмақтады.

Жетісу
Қажет АНДАС

Бағындамашының сөзінен бастеп мәлдей, Кеңес одағы кезінде Қазақстанда 37 миллион бас қой болған. Кейін бұл көрсеткіш құлдырағанмен, қазір еріс қайтадан қойға толып, түлік саны 18 миллион бастан асты. Мұның ішінде ағылсымдағы 3 миллионнан астам қой өсірілуде. Айта кетерлігі, отандық қой етінің деңгейлік шығаруға сай емес. Сыртқы нарықтағы бәсекелестігі, рентабельдігі төмен, тауарлық түр нашар. Сондықтан қойдың санын есірумен қатар оның өнімінің сапасын жоғарылату үшін Үкімет тарапынан «Алтын асық» бағдарламасы қабылданып, жүйелі жұмыс атқарылуда. Десе де, бұл қой шаруашылығын дамытудың күрмеуі мәселелерін түбегейлі шешпейді. Сондықтан 2010 жылдан бастап еліміздегі ауылшаруашылық ғалымдары, республикаға, тіпті әлемге белгілі ауылшаруашылығы саласының мамандары бірлесіп, қой шаруашылығын нарықтық қатынасқа сәйкес дамытудың нешенді бағдарламасын жасапты. Осы бағдарламаны аяғына дейін жеткізу үшін өткен жылы республика бойынша қой шаруашылығы палатасы құрылды. Оның мәжілісінің төрағасы палата төрағасы Тынышбай Досымбеков:

– «Қой шаруашылығы палатасы ҚР Ауылшаруашылық министрлігінің 2020 жылға дейінгі қой шаруашылығын дамыту, оның өнімдерін өңдеу туралы шеберлік жоспарына сәйкес жасалған. Сондай-ақ, бұл палатаның жарғысы Елбасының 2015 жылдың желтоқсан айындағы «Қазақстан Республикасы бойынша қой шаруашылығы палатасын құру туралы» Жарлығында көрсетілген талаптарға да сай. Жарлық өткен жылдың қаңтар айынан бастап жүзеге асырыла бастады. Демек, отандық ғалымдар жасаған жаңа жоспар мемлекет мүддесінен сәйкес келеді», – деп жан-жақты айтып берді.

Осындай себептермен құрылған палата жұмыс жасағалы да бір жыл уақыт өтті. Келесі кезекте палата төрағасы өткен бір жылда жеткен жетістіктер мен алдағы жұмыстар ретіне де тоқталып өтті.

– «Қой шаруашылығының өнімдеріне тоқталсақ, 1990 жылы 284 мың тонна. 2015 жылы 164 мың тонна қой еті өндірілген. Ғалымдардың дәлелдеуінше, қазақтар жылына 48 келе ет жейді екен. Оның 10 келіге жуығы қойдың еті болуы керек. Енді 164 мың тонна етті 17 миллион тұрғынға шағатын болсақ, бүгінгі Қазақстанда өндірілетін ет шын сұранысқа ие емес. Ең сырқаты – оның сапасы. Экспорт көлемін қарайтын болсақ, 2015 жылы 100, былтыр 191 тонна қой етін экспорттаған. Демек, қазіргі қой шаруашылығының өнімділігі экспорттың тағдырын әзірге қоймайды. Тағы да бір толғақты мәселе – қой жүнінің керекке жарамай жатқандығы. Бүгінде елімізде жылына 37 мың тоннаның төңірегінде жүн өндіріледі. Бұл жүннің 5500 тоннасы шетелге кетеді. 5500 тоннасы өзімізде өңделеді. 26 мың тоннасы іске жарамай қалып жатады. Ал, жоғарыда айтқандай, жылына 7 миллионнан астам қой сойылады. Жыл сайын шетелге 10 мың дана тері сатылады екен. Іші сұраныс та шамалы. Демек, қой терісінің 99,8 пайызы далаға тасталып жатыр.

«Қой түлігінің өсіп-өнуі үшін жайылым болуы керек. Бүгінде әр жердің жесі бар. Тіпті, ауыл ірісіндегі жерлерге дейін жекеменшікке өтіп кеткен. Мал басын көбейту үшін алдымен жайылым мәселесін шешуге тура келеді», – деген Тынышбай Досымбеков палата мүшелерінің осы мәселемен жүйелі айналысып жатқанын тілге тиек етті.

Қой шаруашылығын дамытуға кедергі болып отырған тағы бір мәселе – ветеринария мәселесі. Жасыратыны жоқ, бүгінде бұрынғыдан жұмыс істеп келе жатқан мал дәрігерлері тезірек зейнеткө шығуды қлмеген күн санап жүрсе, жастар мал дәрігері болып жұмыс істегісінен таяқ жүргізіп, жүргізгілегісі тасығанды ұнатады. Палата мүшелері өткен жылдан бері малды емдеу жайындағы ұсынысын ветеринария комитетіне тапсырған. Онда мал дәрігерлерінің біліктілігін арттыру сынды бірқатар маңызды бағытқа қарастырылған. Бұл қатарда әрбір ауылдық округ орталығынан малдәрігерлік пункт салу жобасы да бар.

Осы тұста Тынышбай Досымбеков: «Ең қызығы, бүгінде елімізде малға салынатын сырғаны шетелден тасиды. Бұл да қой шаруашылығы палатасы мүшелерінің ойынан шықпайтын мәселе. Кәктемде малшының қолына тиюге тиісті сырға тендер, шекара дегең кедергілерден өтіп күз айланып шаруашылықтарға үлестіріп жатады. Сондықтан малды сырғалау жұмысы кеше түсті. Ал сырға болмағанын кейін қойға тексеру жұмысы да жүргізілмейді», – деп тағы бір кемшіліктің айтып салды. Осы мәселеге дер уағында шешу үшін палата мамандары Ауылшаруашылық министрлігіне хат жазған екен. Министрліктен: «Қазір еліміз бойынша 8 миллион қойда сырға бар. Қалған 8 миллионы жұқ арада сырғаланады» деген жауап алынған. Уәде қағазда жазылғандай орындалса игі еді.

Асыл тұқымды қошқар өсіретіндердің де қамы жеткілікті. Олар: «Жыл бойы асыл тұқымды қошқар өсіреміз. Оның бізден гөрі сатылады да, қалғаны өтпейді. Оны қыстан шығарудың өзі қаптаға жүк түсіреді», – дейді. Әдетте 30 саулыққа бір қошқардан келеді десек, 500 саулыны бар шаруа қожалығы 16 қошқар сатып алу керек. Сондықтан қалыптасуы мен дамуына сіңірген еңбегін бағалай отырып, оны шығыстың Махатма Ганди, Мұстафа Кемал Ататүрік және батыстың Франклин Рузвельт, Шарль де Голль секілді көрнекті тұлғаларының қатарына қосады.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев мыңжылдықтар межесінде XX ғасырдағы тарихи тұлғалардың еңбектері мен табыстарын зерделей отырып, сол кездегі мемлекеттік билік пен басқару органдарын реформалап қана қоймай, сондай-ақ, оларды қайта жаңғыртты.

1995 жылдың 21 желтоқсанында жаңа Конституцияның ережелеріне сәйкес Президент «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» заңдық күші бар Жарлыққа қол қойды. Бұл заңдық акті еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінде қалыптасқан ұлттық қауіпсіздік органдарының рөлі мен орнын, оның міндеттерін, мақсаты мен құзырлылығын нақты анықтады.

Заңнамалық деңгейде белгіленген Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының жауапкершілік аукымы «Ұлттық қауіпсіздік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Терроризмге қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік құпиялар туралы» заңдардың қабылдануына негіз болып, бұдан әрі қарай құқықтық, базалық жетілуіне жол ашты.

Ұлттық қауіпсіздік органдары өзінің даму жолында Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес, сонымен қатар республикадағы саяси және экономикалық жаңғыртуларға орай бірнеше рет құрылымын, жіне функционалдық өзгерістерге ұшырады.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының алғашқы қалыптасу жылдарындағы айтарлықтай өзгеріске Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету жүйесінің құрылғандығын атап өткен орынды.

1992 жылдың 18 тамызында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрлық арқылы өтетін әлемдегі ең ұзын мемлекеттік шекарамызды қырағылықпен күзету үшін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрамында Шекара әскерлері құрылды.

Азия өңіріндің «тұрақсыз нүктелерінен» бақылаусыз ағылған бостқындар тарапынан тұындайтын қауіп-қатерлерді ескеріп болсақ, онда заман талабының сай техникалық тұрғыдан толық жабдықталған, тыныштығымызды күзетуде мол іс-тәжірибе жинақтаған шекара әскерлерінің алар орны маңызды екендігі сезіліс.

Шекара тыныштығын қорғау мәселесі қазіргі уақытта түпкі ойларын жасырып, адамзаттың басты бақытына – дін және адамның бостандығын желеу етіп, жымысқы әрекеттерін жүзеге асыру үшін түрлі құйтырқылыққа баратын XXI ғасырдың «индеті» – халықаралық терроризмнен тығыз байланысты.

Орын алып жатқан террорлық актілер географиясының кеңеюі, терроризмге қарсы сорыстың жүргізудің түрлері мен тәсілдерінің өзгеруі және жаңа халықаралық террористік, діни-экстремистік ұйымдардың пайда болуы – терроризмді ескерту бойынша барлық мемлекеттік органдардың іс-қимылын үйлестіруді, бұған азаматтық қоғамды бірегей қатыстыра отырып, шаралар қабылдауды қажет етеді.

Ортағлық Азия аумағындағы жаңадан туындаған қауіп-қатерлер жағдайды ушықтырып, терроризмге, діни экстремизмге және сепаратизмге қарсы күрестің өзектілігі 1999 жылдың шілдесінде «Терроризмге қарсы күрес туралы» жаңа Заңның қабылдануына негіз болды.

Аталған заң терроризмге қарсы күрестің ұйымдастырушылық және құқықтық негіздерін қалады, терроризмге қарсы әрекет етуге байланысты қандай да қызметті жүзеге асыруда мемлекеттік органдар және меншік түріне қарамастан барлық ұйымдар, сондай-ақ, әрбір азаматтың құқығы мен кепілдіктерін тайға таңба басқандай айқындап берді.

Сонымен бірге, халықаралық терроризм және діни экстремизмге қарсы күрес мемлекеттерден барлық деңгейде өзара әрекеттестікті талап ететіндігін *(жалпы, өнірлік, екі жақты)* жете сезіне отырып, Қазақстан бірқатар халықаралық, мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге қол қойды.

Бүгінгі таңда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Терроризмге қарсы күрес орталығы *(ТМД ТҚО)*, Шанхай ынтымақтастық Ұйымының өнірлік терроризмге қарсы күрес құрылымы *(ШҰҰ ӨТҚҚ)*, сондай-ақ, терроризм және діни экстремизмнен күрес іс-шараларын шеңберінде Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымдарымен ынтымақтастықтың дамуына ерекше мәнқ беріледі.

Мәскеу қаласында 2000 жылдың 19 қыүірінде Қазақстан Республикасының Президенті ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің қауіпсіздік органдары мен арнаулы қызметтері басшыларына төнесінің *(ҚОБК)* 7-отырысында Тәуелсіз мемлекеттер достастығы құрылымында Терроризмге қарсы күрес қауіпсіздігі орталығын құруға бастама көтерді.

Жоғарыдағы аталған өнірлік құрылымдық, отырыста қабылданған шешімдерді жүзеге асыру барысында түрлі бағыт бойынша өнірлік және ұлттық қауіпсіздік, терроризмге қарсы әрекет етуде ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Оқу-тактикалық жиындар, террорға қарсы жаттығулар тұрақты негізде өткізіліп, заманалық базасы жетілдірілп тұрады.

Терроризмге қарсы күрес бойынша жүйенің дамуына Мемлекет басшысының бастамасымен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылымында ведомстволаралық Терроризмге қарсы күрес орталығының (ТҚО) құрылғаны ерекше орын алады. Бұл мүддені мемлекеттік органдардың терроризмге қарсы күрес жөніндегі өкілдігі деп атауға болады.

Бүгінгі таңда Ұлттық қауіпсіздік комитеті қоғам мен мемлекеттің елеулі бөлігін қамтыған, саласында елімізің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жүктелген міндеттерді орындауға толығымен қабілетті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Алматы облысы бойынша департаменті.

ТЫНЫШТЫҚ КҮЗЕТІНДЕ

...Біз жаңа қауіптің бетін қайтаратын ұлттық қауіпсіздіктің жаңа тетіктерінің жасалуы қажет екенін барынша пайымдауымыз қажет.

Н. НАЗАРБАЕВ.

ҰЛТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

XX ғасырдың 80-жылдардың аяғы мен 90-жылдардың басында бұрынғы Кеңестер Одағының керегесі сөгілін, уығы ыдырап түбегейлі өзгеріске ұшырады. Бұл жағдай экономиканың «мемлекеттік жоспар» моделін күйретіп, кешегі «қуатты да мызғымас Социалистік Республикалар Одағының» құрамында болған халықтың ұлттық сана-сезіміне ықпал етіп, жаңа кезең өзінің жаңа сындарын алға тартты.

Жетісу
Қажет АНДАС

- **1990 жылы 284 мың тонна, 2015 жылы 164 мың тонна қой еті өндірілген. Ғалымдардың дәлелдеуінше, қазақтар жылына 48 келе ет жейді екен.**
- **Экспорт көлемін қарайтын болсақ, 2015 жылы 100, былтыр 191 тонна қой еті экспорттаған. Демек, қазіргі қой шаруашылығының өнімділігі экспорттың тағдырын әзірге қоймайды.**
- **Тағы да бір толғақты мәселе – қой жүнінің керекке жарамай жатқандығы. Бүгінде елімізде жылына 37 мың тоннаның төңірегінде жүн өндіріледі. Бұл жүннің 5500 тоннасы шетелге кетеді, 5500 тоннасы өзімізде өңделеді, 26 мың тоннасы іске жарамай қалып жатады.**



СЕМИНАР

3000 БАЛА АНА МАХАББАТЫНА ЗӘРУ



Жесірін қаңғытпаған, жетімін жылатпаған қазақпыз. Бірақ кейінгі уақытта қоғамды дұр сілкіндірген оқиғалар жиілеп кетті. Нәтижесінде қарттар мен жетімдер үйі көбейді. Осындай қоғамдағы келеңсіз жайттарды болдырмау мақсатында «Балапан үйінсіз Жетісу» жобасы жүзеге асуда. Бұл жөнінде ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Зағипа Балиева мәлім еткен болатын. Аталған жоба аясында «Мемлекеттік қолдауды қажет ететін балаларды отбасына орналастыру» тақырыбында Ескелді ауданының Қарабұлақ орта мектебінде семинар өтті.

Жетісу
Еңлік КЕНЕБАЕВА

Ата-ана махаббатынан шеттетілген жауқазғдерге мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалып жатқанымен мандайынан сүйіп, еркелетіп, аймалап, толғанатын әкуілі жаның, алақаны жетіспейді. Мұндай теріс әрекеттердің белең алуы ең әуелі отбасындағы тәрбиемің, таяздығынан. Ресми дерек-терге сүйенер болсақ, елімізде отыз мыңнан астамы жетім балалар бар. Оның 80 пайызы ата-анасының қамқорынсыз қалған.

Басқосуда облыстық, білім басқармасының қамқоршылық және қорғаншылық, органы бөлімінің басшысы Әлияш Молотова жоба туралы кеңінен баяндама жасады. Әлияш Максимқызының айтуынша, облыс бойынша жетім және ата-анасының қамқорынсыз айырылған 3 мың бала бар.

– Жыл сайын жетімдер үй жауқазғдерге толып келеді. Бізді мақсат – жетімдер үйін азайтып, ондағы тәрбиеленет жатқан балалардың толық отбасында өсіру. Осы жолда бірақ үлкен бір құлшыныспен, базалық отбасында есіруді қолдаймыз. Мысалы, 2014 жылғы есеп бойынша 328 бала асырап алынса, 2015 жылы 333, 2016 жылы 264 бала ата-аналық ақылы алақанын сезінді. Асырап алатын ата-аналар кәбе жаңа туған өз есі бір қоймайтын балаларды алғашқы келеді. Ал үш жастан жоғарылары ата-ана махаббатын сезінбей, жетімдер үйінде қала береді, – дейді Әлияш Молотова.

Ал патронаттық тәрбие жүйесі облыста 2004 жылдан бастап жүзеге асып келеді. Әсіресе, Еңбекшіқазақ, Қаратал, Іле аудандарының көрсеткіш жоғары. Патронат ата-ана үш балаға дейін тәрбиелеуіне заң жүзінде рұқсат бар. Әрбір балаға мемлекет тарапынан қажетті қаражат бөлінеді. Сонымен қатар, отбасының жетімдер үйі бар. Мемлекет тарапынан жұмыл отбасында тәрбиеленген балаға жылына 624 мың теңге төленеді. Ал мұндай балаларды тәрбиелеп отырған ата-анаға 70 мың теңге айлық беріледі.

Кездесуге келген тәжелік Құдыс есімді азамат өзінің алты баласына қоса, тағы екі бала асырап алмақшы екенін айтты. Ол ең-шешенің махаббатына зәру балаларды толық, отбасында есіруді қолдайтынына ең жыл болған. Осы басқосудан кейін ол барлық құжатты ресімдеп, жауқазғдерге отбасылық махаббат сыйлайтын болды.

Жетім және ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудың базалары нысандары бойынша Ескелді ауданы бұл бағымен бас маманы Шолпан Жақанова тәрбие саласындағы өзекті мәселелер туралы облыстық, білім басқармасының, тәрбие бөлімінің басшысы Айнагүл Үшкемірова баяндама жасады. Ескелді ауданының ағa прокуроры Самат Оспақ аталған жобаны бірауздан қолдап, оны жолда негізгей жұмыс жасайтынын айтты. Басқосу сонында Қарабұлақ орта мектебінің педагог-психологы Ирина Лебедева «Бақытты отбасындағы бақытты бала» атты практикалық кәмекті кәңілінен бөлісті.

Ескелді ауданы.

ӨНЕР



Жас бала тал шыбық сияқты, дұрыс бағыт-бағдар көрсетсең, ертең-ақ жайқалып өсіп, биікке қарай ұмтылары хақ. «Тәрбие басы – тал бесік», – деп осыдан айтылған. Осы орайда қазақ өнерінде өзіндік орны бар «Шаншар», «Алдараспан» театрлары арқылы халыққа кеңінен танылған актриса Жұлдызай Дүйсембиеваның республикалық балалар театрын Қаскелең қаласында ашқанына жылға жуықтады.

Жұлдызайдың ТЕАТРЫ

«Жұлдызай жұлдыздары» театры өзін жарнамалямай, нақтылы нәтиже арқылы танылуды ойласа керек. Бүгінгідей 5 пен 18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдерді қамтитын өнер ұжымында 70-ке жуық талапкер өнердің қыр-сырын меңгеруде. Айта кетерлігі, актерлік шеберлікке машықтанғысы келетіндердің қатарында Алматыдан, Талғар мен Есік қаласынан қатынайтындар да бар көрінеді.

Өнерге қалта қамын ойлағындар емес, рухани жан дүниесі бай адамдардың келетіні түсінікті. Әсіресе, ұлттық өнерге деген құштарлықтарына қанат бітіріп, олардың алғашқы қадамдарына демеу болуды ойлаған Жұлдызай шәкірттерінің бойындағы шығармашылықты дамытуды есten шығарған емес. Сахнада рөлдерді сомдап қана қоймай, қойылымдарға сценарий жазу бойынша ұйымдастыруы осының айғағы болса керек. Талапты жастарды анталаңдауы үшін жеңімпаз 100 мың теңге сертификат та тағайындапты. Аталған жүлдені жеңіп алып, мерейі өскен оқушылар да жоқ емес.

Өнерге баулуын, оны шыңдауын жолдары сан тарау. Соның бірі – айтуы сахна шеберлерінің ойынынан үлгі алып, солармен қатар өнер көрсету болса керек. Осы орайда Дүйсембиеваның жас шәкірттері Габит Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында Т. Миннуллиннің «Диләфүзаға төрт күйеу» атты татар спектаклінде ойнап, кнелі шаңырақтың сахнасына шығып үлгерген. Осы арқылы Жұлдызай балалардың сахна өнеріне деген қызығушылықтарын арттыра түскелі. Сол сияқты таңымал өнер тарландары арнайы келіп, шеберлік сағаттарын өткізіп тұру үрдісі жолға қойылған. Бала бойындағы дарынды жан-жақты ашуды мақсат еткен ұстаз драматургиямен ғана шектелмей, әзіл әлемінде де бақтарын сынап, көңілділер мен тапқырлар сайысы «Жайдарманға» шығып, студенттер арасындағы байқауға қатысқаны бар. Құрылтайшының айтуынша, бұл тек бастамасы ғана қорянді. Алда алар асулар мен аттқрылар іс жетерлік.



Шымкент қаласынан да осындай орталық ашып, оңтүстік өңірдің балаларын өнерге бауын бастаған Жұлдызайдың театрдың келіктен Қаскелең қаласында бой көтергенін білгіміз келді.

– Әрине, алып шаһар – Алматыдан ашып, кілең ауқатты адамдардың балаларын жинап алып, шалқып отыра беруіне де болар еді, – дейді ол. – Алайда мен де зиялы, өнер әрдалары жоқ жерде өстім емес пе? «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей, егер уақытында қолдау көрмесе, мүмкіндік жасалынбаса, бала бойындағы дарын жұл астындағы қоламтадай өшіп қалуы әбден мүмкін. Осыны ойлай келе ауыл адамдары үшін шығайын жерді таңдадым. Бұл жұмысымнан айтарлықтай пайда көріп отырмын деп алмаймын. Керісінше, жинақталған қаражат болса оны балалардың өзіне салып, қинтасын арттыруға жұмсап жатырмын.

Мен барлығы өнімнің сүбегім деп кеуде кағудан аулақпын. Балалар театрының барлық жұтаң орталықтың директоры Жеңісбек Жекебаев арқалап келеді. Ал шәкіртгерге дәріс беру, оларды шеберлікке баулу менің міндетіме кіреді. Басты мақсатым – бар білгенімді, жиған тәжірибемді оскелең ұрпаққа үйретіп, олардың өнер әлеміне барар жолын ашу.

Міне, Қаскелең қаласындағы Абылайхан көшесі бойындағы «Нұрилла» ғимаратында орналасқан өнер орталығының алғашқы қадамы осындай. Алдағы уақытта Жұлдызайдың кішкене жұлдыздары қазақ өнерінің аспанында жарқырай жанады деп сенгіміз келеді.

Қарасай аудиан.

Жазушы
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

ДЕНСАУЛЫҚ

ДҰРЫС ТАМАҚТАНА білеміз бе?

Халқымызда «Ауру – астан» дейтін нақыл сөз бар. Бабаларымыз да дұрыс тамақтанудың жөнін ертеден білген. Оның сан түрлі мысалын санап беруге болады. Бірақ қазіргі таңда сөл құндылықтарды ұмыттық. Нәтижесінде жүрекке жүк, қалтаға салмақ түсіретін неше түрлі ауруды емін-еркін тауып алмайтын деңгейге жеттік. Қазіргі медицина тілімен сырқаттардың дені тамақтанудың үйлесімді болмағандығынан туындайтынын дәлелдеп отыр.



Жазушы
Қажет АНДАС

Әрине, көптеген жерлесіміз: «Үш уақыт құнарлы тамақтарды немесе жаңа шөпе ұлттық дәмдерді, тіпті, Қазақстанда жасалған экологиялық таза өнімдерді тұтынамыз», – деген ойда болатыны анық. Бірақ қанша жерден құнарлы мол тамақ өнімдерін тұтынғанмен, үйлесімді, өлшемді пайдаланбаса бәрібір денсаулыққа пайда әкелмейді. Қашанда дұрыс тамақтану – сұлулыққа және денсаулыққа пайдалы, өзіңді жақсы көріп-күйге ұстап, түрлі дәурлардан құтылудың бірден-бір жолы. Егер тамақтанудағы негізгі ережелерді білсең және қолдансаң, онда бір көптеген дерттен құтыласың, өмірімізді ұзартамыз.

Айтпақшы, кейінгі кезде өнірімізде дұрыс тамақтанудың әдіс-тәсілін үйрететін қызмет түрі жарыққа шықты. Сол қатарда Талдықорған қаласындағы жеке кәсіпкер Денис Кириченконың тұрғындарға аптасына жеті күн қызмет көрсететін «Диета үйі» деп аталатын сервистік бизнес орталығын айтуға болады. Оз үйде арнайы мамандар тұтынушыларға тамақтанудың үйлесімді жолын үйретіп, арнайы әзірленген бағдарлама бойынша артық салмақтан арылудың мүмкіндігін көрсетеді. Сонымен қатар, жүкті әйелдерге босанғаннан кейінгі дене пішінін қалай қалпына сақтаудың бағысын үйретеді. Әрине, бүгінгі таңда қаламызда тамақтану саласын реттеуге қатысты жұмыстармен айналысатындар көп. Алайда «Диета үйі» салыстырмалы түрде басқалардан гөрі сапалы қызмет көрсетеді және есімізді.

– «Өндіріс» өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қолдау бағдарламасы бойынша мемлекеттік қолдауға ие болып, көптен бері пайдаланушысы келген өмірлерге сатып алып, қаламызда алғашқылардың бірі болып тамақтанудың диеталық бағытындағы өндірісті іске қостық. «Диета үйіне» тіркелген тұрғындарға тек кенес беріп қалмастан, калориясы есептелген тамақты мекемежайлары бойынша жеткізіп берумен де айналысамыз. Сондайақ, салауатты өмір салтын қалайтындарға майсыз, тәбет ашатын, бірақ артық салмақ қоспайтын тағамдарды дайындаймыз. Жаңа пісken және жоғары сапалы азық-түлік өнімдерді ғана пайдаланатын әрбір тұтынушы жайлы толық ақпарат сақталады, – дейді Денис Кириченко.

Бүгінгі таңда қаламызда кәсіпкер Денистің жаңа қызметіне қызығушылық танытқандардың қатары көп. Алдағы уақытта олар тұтас қызмет кешенін бір орынға жинақтап, түрлі жолдармен тұтынушыларға белсенді түрде ұсынбақ. Сонымен бірге, қызмет көрсету аясын тек белгілі бір мекежайға байлап қоймай, бизнестің онлайн қызметін пайдаланатындарға да ұсынуын көздейтінек. Мұндағы барлық қағидат пен бағдарлама диетологтармен бірлесіп, пікірлесіп, әзірленбек.

ОЙЛАНАЙЫҚ...

Сәндік не, сұмдық па?

Жексенбі. Киім ізден базар аралап қайттым. Қара базардағы ілінген киімнің сұрқын көрсеңіздер, жаға ұстатады. Сауда нарқына айналған күлдіреп оңып кеткен жейде мен жыртық шалбарлар. Ең сорақысы, сол киімді талап алып жатқан қазақтың қарақоз қыздары. Шеттен әкелінген жыртық шалбарға таласып, сән қуып жүр. Ой, Алла, жыртық киімді үят көретін қаймана қазағыма өрім-өрім жейде мен тізесі тілінген шалбар кию сәндік пе, сұмдық па?

Жазушы
Айдар ҚАЛИЕВ

«Брендке» айналған киімдердің бағасы да шарықтап тұр. Алайда оз бүтінгі жастарды қызықтырып тұрған жоқ. Керісінше, ақшасы болса жыртық киім алуға тырысады. Қалтасын қарағат қысқанда, амал нешік, «бүтінін» киеді. Сатушылар да жарнамаға сұлдерлып тұр. Жыртық шапанымен байды алдаған Алдарқоседей өлеңдетіп тұрғандар да бар. Ал енді биыздың сәнді киюне көшейік. Тізесі тілінген шалбардың ішінен, пиязын өңдеткізбей тор-тор шұлғаған көрсетіп, іріген сағыздай жейде кию. Ойпырмай, ким ойлап тапқан? Батыстан келген бәле жақтарды әбден быпыққа батырып бітті. Тіпті, кішкентай балаларымыз өзі «бренд» деп жыртық киім киюге әуес. Ата-анасы бүтінін алып беруге бұртиып қалғындары да бар. Бұздыршыздерді бүтіннен осылай тәрбилесеек, ертеңгісі не болмақ? Қазақы қалпымыз қайда қалмақ?

Өткеніміге үйілсек, бабаларымыз ешуақытта балаларына жыртық киім кигізбеген. Бала күнімізде шалбарымыз жыртылып қалса анамыз «ұят болады» деп ұрсатын. Тындамай көшеге шыққан күлкіге қалатынсың. Соз үшін анамыз оны тігіп үйге кию тастауға не жұмысқа жарайды деп береді. Ал бүгінгі қоғамда біреуі шалбарын әдейі жыртса, екіншісі, жаңаю киюді сәнге айналдырды. Бұл не сұмдық? Өздерінен сұрасаң ерін-ерін киюне шаң жұқпайды. Балаларды алушылардың біріне бұл бізден қыздарға жат дүние ғой. Неге жыртық шалбар, бүтінін киюбесіз бе десең:

– Жыртық шалбар киюнің несі айып? Керісінше, оның пайдасы көп. Отырғанда жайлы, шалбардың тізесі шығып кетпейді. Жыртық шалбар киген қыздар сезімтал, кезік дегендей біздіреді. Ең бастысы – от сән, – дейді.

Қазақ қызына жаныем ашылды. Өзіңіз ойланыңыз, қырық ерін киюнен кейін, кіндігі ашық жүретін қазақ қызын көретінің ой сұмдық емес пе? Өкінішке орай бұл әдет кең етек жайып келеді. Шынжыр киімді күнде көріп жүр. Тіпті, кейбір ерекстер де жыртық шалбар мен қызыдарын киюне үксас жейдені жабыстырып киюді сәнге айналдырды. Ал бұл бізді жігіттік болмысымызға сай ма? Жемтір-жемтір киімнен құтылайын деп шыксам, біреуі иттің қарқыбауы секілді мойнына бір шұберек оран алыпты. Сұрастыра келе «чокер» болып шықты. Сатушылардың айтуынша, бұған соңғы кезде жастардың танымасы көп. Бұл да шетелден келген сән екен. Атылшын тілінен аударғанда «тұншықтырғыш» дегенді білдіреді. Не сәні, не мәні жоқ. Өйтсүр, біреудің киюнін көріп елістеп жүрміз. Өзіміздегі өртеңнің, нағыз қайтпын. Бірақ бір күн базар аралайын деп бүтінгі заманның жастарын көрдім. Олардың өз бойынан өзге елге елестеуінді басымырақ болып тұр. Соның кесірінен қазақы қалпымызды жоғалтып алмасақ игі болар еді. «Үз бұтыңа отбасы бұғызалы, қыз бұзақыға үйі бұғызалы», – деп дана халқымыз тегке айтпаса керек. Біреудің жыртығын жамылғанша, өзіміздің бүтінімізді киейік.

Дініміздe де жыртық киім киюге тыйым салынған. Алла тағала Құран Кәрімде: «Ей, адам баласы ұятты жерлеріңді жабу үшін киім және сәндік бұйым түсірдік», – деседі Пайғамбарымыз хадисінде: «Ұят пен иман бір-бірімен тығыз байланысты. Егер біреуін алып тастаса екіншісі өз кетігі қалады», – дейді. Иә, жыртық киім көмей-ақ, заман көшінен қалмай өмір сүрулеріне болады. Өйткені бұған өз салт-дәстүрімі, өзіндік киім кию әдебімі бар. Шетелде жыртық киюн сәндік шығар, бізде сұмдық! Рас, бүгінгі жастардан сәндік деп, бүтінді алып тастадық, ұят өзі кетіп қалды.





БІРАУЫЗ СӨЗ

ДОСТЫҚ ФОРМУЛАСЫ

Жалпы әр нәрсені формула түрінде келтіретін болсақ, алдымен Пифагордың теоремасында жүгінетініміз анық. Бірақ бұл қағиданың достық тақырыбына қандай қатысы бар? Әлде достық формуласы «алу, қосу» амалдарымен шектеле ме? Неге біз қалтаға қаран топ ішеміз? Ойланып көрейікші... Қазақтың көрегісіз ақыны Қадыр Мырзалиевпен: «Достық мектебінде есеп нәзі жүрмейді» деп айтатыны бар. Енді осы тұрғыдан сөз қозғасақ.

Қазіргі кезей бай болсам, бай құдай болсам дейтін заманда адам баласы дүниедегі ең ұлы сезімдердің бірін өз иғілігіне жаратуға машықтанып алған. Оған дәлел қоғамның қарапиеттілігі мен қара басының қамын күйттеген тірлігі. Сенімділік, бауырмашылдық, ізгілік сияқты ұғымдарымыздан гөрі, материалдық құндылықтардың бағалану деңгейі әлдекайда жоғары. Адам адамды тапдап, дос болса ма? Адал достық пен амал достықтың аражігін ажырата аламыз ба? Мәселе осында. Белгілі бір сатыға көтерілу үшін ауқатты, дәрежелі серік іздейді. Бұл – екінші санантағы достық. Әрине дәреже адамға ақыл бермесе де, ақылды бәп көрінетін адет беретіні бар. Оның ішкі жан дүниесіне пайым-парасаттылығына назар аудармайды. Іш-бауырына біртіндеп кіріп, сыртқы көрінісіне масаттанып, кеременет кештерде көңіл жарастыруға құштар. Математика сабағын өте-мөте жақсы меңгерген. Сыйласымдылық сырт жүзінде жүзеге асады. Олар бір-бірінне беделін түгел келтіреді өз меншігіне пайдаланды. Ал бастарына пәле жабыса қалса, өзі-деп тайқып, сатып кетуі де тажап емес. Мәміледен тосылып, уәждеи жағылса ондай достың қажеттілігі шамалы. XXI ғасырда осы форматтағы достық түрі кең етек ала бастаған сияқты. Өкінішті-ақ. Осы орайда, американдық өнеркәсіпші, Ford компаниясының негізін салушы Генри Форд: «Менде атақ та, абырой да, кәсіп те жетерлік. Бірақ қуанышымды бөлісетін, қайғымя сүрлайды. Сертке селкеу түсірмейтін, сенімнің шоқысындай. Дүниемен не бұйымсеп өлшенбейді. Сондықтан да, достық формуласында «алу, болу» амалдары қолданылмауы тиіс.

Мұхтар КҮМІСБЕК,
ЖМУ-дің студенті.

ҰЯТ-АЙ!

Педофилдің арам пиғылы



Сарқан ауданында жантүршігерлік жағдай орын алды. Алаңсыз ойнап жүрген 9 жастағы қыз баланы педофил сүйреп кетіп, жымысқы ойын жүзеге асырмақ болған.

Аудан прокуроры Ерлан Ақдәбелетың айтуынша, оқиға Сарқан қаласында болған. Күндізгі сағат 16:00 шамасында шамдыкке сынған тойған 1988 жылы туған азамат кішкентай қызды зорлауға әрекеттенген. Ол кешеде ойнап жүрген қызды көзден тыса жерге алып барғанымен, арам ойын жүзеге асыра алмаған. Абырой болғанда, тұрғындар дер кезінде көмекке келіп, 9 жасар баланы азғынған арашалап алған. Қазір аталған дерек бойынша қылмыстық іс қозғалды. Айыптаушының қылмысы дәлелденсе, ол 15-20 жылға дейін немесе өмір бойына бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

3772 қылмыс



Жыл басынан бері ішімдік салдарынан 3772 қылмыс жасалған. Бұл жөнінде ҚР ІІМ Мемлекеттік тіл және ақпарат департаментінің директоры Алмас Садубаев өзінің «фейсбуктегі» парақшасында жазды.

«Қылмыстардың басым бөлігі ұрлық, бұзақылық, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, тонау, кісі өлтіру, зорлау, көлікті ұрлап кету және билік өкіліне күш қолдану». – деді ол. Сондай-ақ, департамент басшысының айтуынша, көлікті мас күйінде басқарған 7977 жүргізуші ұсталған. Сонын сандарынан 103 жол апаты тіркелін, 20 адам мерт болса, 158 адам түрлі деңгейде жарақаттанған.

Құрт арасындағы есірткі



Атырау қаласында Ұлттық ұлан жауынгері түрмедегі бауырына келген азаматшаны тексеріп кезде құртпың ішінен марихуанаға және ақ түсті гашишке ұқсас есірткіні тапты.

«Батыс» өңірлік қолбасшылығының баспасөз қызметінен түскен мәліметше, 5546-әскери бөлім сержанты Эльмира Бегжбаева қылмыстық-атқару жүйесі ҰІ 157/9 мекемесінің қызметкерлерімен бірге сотталған У-ға келген С. дерек азаматшаның және заттарын қарады. Сол кезде құрттың арасынан марихуанаға ұқсас өсімдік затын, сондай-ақ, ақ түсті гашиш іспеттес ұнтақ, шыққан. Тыйым салынған заттарды тәркілеген жаңнде бөлімнен акт түзіліп, түзету мекемесі қызметкерлерне берілген. Сол бойда оқиға орнына Атырау қаласын, ішкі істер басқармасының жедел тергеу тобы шақыртылған.

Нашақор ұсталды



Петропавл қаласы ІІБ есірткімен күрес бөлімінің қызметкерлері өз патерінде есірткі сатып келген қылмыскерді қолға түсірді.

«Ұсталған күдікті 30 жыл өмірін түрмеде өткізген. Абақтыға мүлкті ұрлау қылмыстары үшін отырған. Күдікті тұратын үйдің басқа тұрғындары соңғы уақыттарда белгісіз адамдардың жиі келетіндігіне, әрбіреуінің шырқтер жатағынына байланысты полицияға шағым түсірген. Арнайы тексеру қызметкерлері патерден есірткі заттарын тапты. Сараптама оның героин екенін анықтады», – деді СКО ІД баспасөз қызметі. Қылмыскер үйде ерде анасының барына қарамастан, оны есірткі тұтыну алаңына айналдырған.

Түрмедегі жүкті әйел



Қарағанды қаласында АК 159/1 тергеу оқшауғашы жедел бөлімінің бастығы мен режимдік жұмыс бойынша орынбасары арнаны мекемеде жазасын өтеп жатқан әйелдің жүкті болуы салдарынан қызметтерінен босатылды.

Қарағанды облыстық қылмыстық-атқару жүйесі департаменті бастығының бұйрығымен бүл екі қызметкерге қатаң тәртіптік жаза қолданылып, лауазымды қызметтерінен босатылды. Ұрлық жасағаны үшін соттапған әйел ерлер блогындағы басқа сотталушымен жақындасып, жүкті болып қалған. Кейін ер адамның АИТВ жұқпасын таратушы екендігі анықталды. Қазіргі таңда ол колониядa емделіп жатыр. Тергеу шұғласы бойынша, режимдік нысанда ең соттапушының кездесуіне көмектескен оқшауғашы қызметкерне қатысты сот тыңдалымы жүріп жатыр.

EXPO 2017 Future Energy Астана Казахстан

Астана қаласындағы «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі, Астана қаласы мен Алматы облысының әкімдіктері, «Оператор РОП» ЖШС және Қазақстанның экологиялық ұйымдары өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. «Samruk» павильонында өткен басқосуда алдымен Елорда әкімі Әсет ИСЕКЕШЕВ сөз сөйлеп, бүгінде тұрғындарының саны 1 миллионнан асқан бас шаһар үшін бұл құжаттың маңызы зор екенін айтты, Энергетика вице-министрі Бақытжан ЖАҚСАЛИЕВ те әріптестік байланыстардың өзектілігін тілге тиек етіп, келісім аясында ірелей істерідің атқарылатынына сенім білдірді.

ҚОҚЫС ПОЛИГОНДАРЫНЫҢ САНЫН АЗАЙТАДЫ



Сүреті түсірген Д. ГРОССЕ

Жыл басында облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** өңірдегі қоқыспен жиналу мен өңдеу жағдайына, алдағы жоспарлар жайына тоқталды. «Жетісу өңірі халқының саны 2 миллионнан жетіп үлгерді. Оған қоса, аймақ үлкен мегаполис саналатын Алматы қаласымен іргелес орналасқан. Сондықтан қалдықтарды жинау, сұрыптау, тасымалдау, өңдеу ісін жолға қою – біз үшін аса қажет шара. Біз «Алматы облысында қалдықтарды басқарудың аймақтық жүйесінің» ТЭН-ін әзірледік. Онда мемлекеттік-жекеменшік серіктестік тетігін қолдану арқылы 14 аймақтық кешеннің бірыңғай операторын құру қарастырылған. Сонымен қатар, 16 қоқыс тиеу станциясы, 16 полигон, 3 қоқыс өңдеу зауытын құрылыстары жүзеге асырылуы тиіс. Нәтижесінде 500 жұмыс орны құрылып, 2025 жылға қарай тұрғындар тұрмыстық қатты қалдықтар шығарудың үйымдастырумен 100 пайыз қамтылады деп жоспарланып отыр. Бұл қалдық жинау көлемін 2 миллионнан жетіп үлгерді. Оған қоса, аймақ үлкен мегаполис саналатын Алматы қаласымен іргелес орналасқан. Сондықтан қалдықтарды жинау, сұрыптау, тасымалдау, өңдеу ісін жолға қою – біз үшін аса қажет шара. Біз «Алматы облысында қалдықтарды басқарудың аймақтық жүйесінің» ТЭН-ін әзірледік. Онда мемлекеттік-жекеменшік серіктестік тетігін қолдану арқылы 14 аймақтық кешеннің бірыңғай операторын құру қарастырылған. Сонымен қатар, 16 қоқыс тиеу станциясы, 16 полигон, 3 қоқыс өңдеу зауытын құрылыстары жүзеге асырылуы тиіс. Нәтижесінде 500 жұмыс орны құрылып, 2025 жылға қарай тұрғындар тұрмыстық қатты қалдықтар шығарудың үйымдастырумен 100 пайыз қамтылады деп жоспарланып отыр. Бұл қалдық жинау көлемін 2 миллионнан жетіп үлгерді. Оған қоса, аймақ үлкен мегаполис саналатын Алматы қаласымен іргелес орналасқан. Сондықтан қалдықтарды жинау, сұрыптау, тасымалдау, өңдеу ісін жолға қою – біз үшін аса қажет шара. Біз «Алматы облысында қалдықтарды басқарудың аймақтық жүйесінің» ТЭН-ін әзірледік. Онда мемлекеттік-жекеменшік серіктестік тетігін қолдану арқылы 14 аймақтық кешеннің бірыңғай операторын құру қарастырылған. Сонымен қатар, 16 қоқыс тиеу станциясы, 16 полигон, 3 қоқыс өңдеу зауытын құрылыстары жүзеге асырылуы тиіс. Нәтижесінде 500 жұмыс орны құрылып, 2025 жылға қарай тұрғындар тұрмыстық қатты қалдықтар

жүйесін құру мен оны одан әрі дамыту, жеке және заңды тұлғалардан тұрмыстық қатты қалдықтарды жеке жинақтауды енгізу, тұрмыстық қатты қалдықтарды шығаруға шақыруды жүзеге асыратын келік құралдарының қозғалысын спутниктік навигациялық жүйелердің мәлімет бойынша бақылап отырудың акпараттық жүйесін ұйымдастыру және жергілікті қоғала алынбақ. Оған қоса, тараптар алдағы уақытта мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті дамыту шеңберіндегі келісімдерді қарастыратын болады.

Айта кетерлігі, облыста жыл сайын 1,2 миллион тонна қалдық жиналады. Соның 640 мың тоннасы облыс аумағына Алматы қаласынан шығарылады екен. Өңірдегі елді мекендердің тұрмыстық қалдықтарды шығарумен қамтылу көрсеткіші 67 пайыз болса, бұл көрсеткіш қалалар мен ірі елді мекендерде 100 пайызды құрайды.

Асхат РАЙҚҰЛ.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖАЛҒАСАДЫ

Бүгінгі таңда бөлінген қаржы мақсатты игерілуде. ҚР «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен ішкі істер департаментінің жергілікті инспекторы Данияр Байсейітов және Әлмерек баба мешітінің ішкі имамы Нұрбол Әлімбековтің ағасалысуымен өткізілген жиында басқа ағамдағы жат пиғылды адамдардың теріс әрекеттері туралы айтылып, ислам дінінің негізгі ұстанымдарына қайшы келмейтін әдамерилік қағидалары жайлы кеңінен түсіндірілді.

Өңір кітапханаларды жоспарға сәйкес діни экстремизм, терроризмнің алдын алу мақсатында оқырмандар арасында мәдени көпшілік шаралар ұйымдастырды. Мысалы, Алакөл ауданық кітапханасында «Діни экстремизм және оның алдын алу» тақырыбында сәуір сағат өтті. Шарага Алакөл ауданның имамы Әнет Молдахметов, Талапкер орта мектебінің 8 – 9-сынып оқушылары, кітапхана қызметкерлері қатысты. Сәуір сағат барысында имам Әнет Молдахметов дін саласы туралы кеңінен әңгімелеп, оқушылармен елімізде тарастармен «Бірлігіміз бен ынтымақтастығымызға қол сұғуға ешкімге жол бермеймін!» атты «дөңгелек үстелі» өтті. С. Серкебаев атындағы мектептің жоғары сынып оқушылары мен ішкі істер департаментінің жергілікті инспекторы Данияр Байсейітов және Әлмерек баба мешітінің ішкі имамы Нұрбол Әлімбековтің ағасалысуымен өткізілген жиында басқа ағамдағы жат пиғылды адамдардың теріс әрекеттері туралы айтылып, ислам дінінің негізгі ұстанымдарына қайшы келмейтін әдамерилік қағидалары жайлы кеңінен түсіндірілді.

Жыл сайын мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базаларға артып келеді. Халықтың бос уақытын тиімді өткізетін орындарын талапқа сай ұстау – мәдениет саласының басты міндеті. Оның ішінде терроризмнің алдын алу мақсатында бейнекодырғыларда қарастырылған. Осының барлығы халықтың мәдени өмірін қамтамасыз ету, келешек ұрпақтың санасын жат қылықтардан сақтау жолында көрсетілін жатқан мемлекет көмегі екені белгілі. Алдағы уақытта жұмыстар жүйелі түрде атқарыла береді.

Төлеужан ГҮМАР,
облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы.

ӨЙ-ӨРІМ

Еңбек ет те мақтан,
Ойнап-күл де шаттан.

ОНОМАСТИКА

Қазақ елінің Тұңғыш Президенті дүниеге келген Алатау бауырындағы ауылға тарихи атауын қайтару керек. Соңғы жеті жыл Үшқоңыр аталып келген ауылға жүз жылдық Шамалған атауын беруді мақсат еткендер ауыл тұрғындарымен кездесулер өткізіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

ТАРИХИ АТАУЫ ҚАЙТАРЫЛСА...

Жиын барысында «Шамалған» атауының шығу тарихы жөнінде түрлі пікір айтылып, дәйектер келтірілді. Осыған байланысты Үшқоңыр қазақ орта мектебінің оқушысы Әсия Дүйсенбаеваның тілеу жұмыстары назарға. Жас зерттеуші ауылдағы көнеқоз қарияларды пікірі мен ақпарат көздеріндегі мәліметтерді зерделей келе «Шамалған» атауының шығуына негіз боларлық бірнеше жайтты анықтады.

Бағзы заманда ақылы көркіне сай бойжеткен деңесіндегі жаралан ерекше емдік қасиеті бар өзен суына шомылып айыққандықтан, өзен «қыз шомылған», бертін келе өзеріске ұшырап, «Шамалзаң» атанып кетіпті. Оның жағасына орналасқан ауыл да содан аталған көрінеді. Екінші дерек көзі – ауылдың ескілі тілінде «шамал кан» немесе «чамал ган» сөз тіркестерімен байланыстырады. Мұндағы шамал, чамал – самал жел, ал кан, ган – тау ангары деп пайымдап, «шамалзаң» – тау ангарынан соғатын самал жел деп келтіреді. Тағы бір тіл маманы А. Нұрмағанбетов шамал сөзін «салқын» сөзімен алған морфемасын айтып, жер деген түлық сөз деп есептей келе, «Шамалғанды» «қоғалды, шалғын жер» деп анықтайды.

Өткен ғасырда Ресей империясының отарлау саясаты кезінде келіп қоныстанған орыс ұлты өкілдері (Аристократ, Күзнецовтар және тағы басқа отбасылар) балауыз шам сатып, сауда жүргізгендіктен жергілікті тұрғындар «шам сатып алған жер», «шам алған жер» деп айтып кетуінен «Шамалған» атауы қалыптасқан деген де пікір бар. Ал тарихи деректерде Наурызбай батыр алғашқы ұрысында жоңғар батыры Қасекеңді найзасымен түйреп өлтіріп, келесі жекпе-жегінде Шамал хандық шоқпарымен соғып өлтіргеи манай кейін «Шамалған» деп аталғанын мәнеиейді.

Жетісу өңірінде «халықтық этимология» негізінде жер-су атауларына талдау жасаған Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-тұқиянан өзіме шейін» атты еңбегінде Шамалған атауының шығуына байланысты мынадай анықтама беріледі: «Арын деген атамыздың үш баласы болған: Қалман, Шом, Қалған. Қалман үшеуі тау жақтап, даланы жұрмей өтіпті. Оның тұрағы Лабасы тауының үстіндегі Үлкенсаз жайлауында екен. Үлкенсаз үстінде Қалман биігі деген тау бар. Қалмаиның екі інісі, керісінше, тауға шықпай өткен адамдар болыпты. Олар егіншіліктен айналысып, дала жайлап, қыстаған. Олардың тұрған жері де бүгіне дейін екеуінің атымен Шомқалған аталадьі». Сонымен қатар, Шомқалғанның жоғары жағындағы Үшқоңыр жайлауы Қалманның баласы Қоңыр мен немересі Үшгін аттарына байланысты қойылғаны айтылады.

Жас зерттеуші жоғарыда келтірілген дәйектердің барлығының да өмір сүруге құқылы екендігін айтып, қайсысының ақиқат екендігін анықтауды уақыт тезіне салуды жөн көреді. Қалай болғанда да Үшқоңыр ауылның тарихи атауы Шамалғанның қайтарылуын жөн санап, құптайды.

Н. МОЛДАМҰРАТОВ,
Үшқоңыр қазақ орта мектебі директорының оқылым-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары.

ЗЕЙНЕТКЕ ЕРТЕ ШЫҚҚЫҢЫЗ КЕЛСЕ...

ШОЛУ: ӘЛЕУМЕТ



Елбасының Үлт жоспары аясындағы тапсырмасына сай, келесі жылдың 1 қаңтарынан бастан, еліміз әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа сипатына көшеді. Бұл тұста еңбекке жарамсыз, мемлекет қолдауына мұқтаж азаматтардың барлығы көбейген жәрдемақы алатын болады. Зейнетақы жүйесіндегі өзгерістерге орай, еңбекке қабілетті азаматтар әлеуметтік қолдаудың 2 пакеті бойынша қамтамасыз етіледі. Олар бір жағынан атаулы әлеуметтік көмекке не болып, зейнетақы мөлшері ұлғайса, екіншіден, жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша мемлекет есебінен оқу, шағын несие алу, еңбек ресурстары ташпы өңірлерге қоныс аударуға мүмкіндік алады.

Жетісу

Қажет АНДАС

Қазақстан – посткеңестік кеңістіктегі зейнетақылардың зейнетақысын жыл сайын көтеріп отырған санаулы елдердің бірі. Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпаратты бойынша, биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап бағалық зейнетақы мөлшері 14 466 теңгені, ең төменгі зейнетақы 31 245 теңгені құрап, 1 тамызда зейнетақы алушылар саны 2 116 609 адамды, ынтымақты зейнетақымны алушылар қатары 2 099 638 адамға жетті. Алдағы уақытта еліміздің бірақ адам зейнеткерлікке ерте шығып, 50-55 жаста-ақ зейнеткер атануы мүмкін. Бүгінде екі милиоп қазақстандық зейнеткер өткен жылмен салыстырғанда 20 пайызға өскен зейнетақы алып үлегрді. Ал келесі жылдан бастап, 460 мың мүтедек үшін жәрдемақы инфляцияға қатысты жыл сайынғы индексацияда тыс, 16%-ға өседі.

Айта кетерлігі, қазіргі зейнетақы төлемдеріи тағайындау тәсілі азаматтардың жинаған қаржысына байланысты болады. Ал жаңа зейнетақы жобасы бойынша зиянды және қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтардың зейнетке ерте шығу шаралары қарастырылған. Сонымен бірге, мұндай мүмкіндіктің нтілгін барлық қазақстандық көре алады. Ол үшін жалақы мөлшері өте жоғары болуға тиіс немесе өз бетіише зейнетақы жинағына мол ақша аударып тұруы қажет. Егер мұсықердің өзінің 1998 жылдан аударатын міндетті зейнетақы жарнасының сомасы немесе жұмыс берушілерінің 2014 жылдан жасайтын жарнасы және ерікті зейнетақы қорларымеиың сомасы зейнетақы аннуитетін сатып алуға жеткілікті болса, онда ол азамат зейнетке 50 жасында шыға алады. Бұл үшін 2017 жылдың 1 шілдесіндегі талап бойынша әйел адам 8 миллион 900 мың, ал ер адам 12 миллион 477 мың теңге жинауы міндет. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының дерегіне қарағанда, бүгінде ерте жаста зейнеткерлікке шығу құқығын шыңды еңбек жағдайындағы 640 адам пайдаланса, 2019 жылға қарай тағы 1000 қазақстандық аннуитетті сатып алуға керекті жинаққа ие болады.

1988 жылдан кейінгі жинақтаушы зейнетақы жүйесіне зейнетақы аударымдарының түсу аралығы ғана есептелініп қойылай, 1998 жылға дейінгі де еңбек өтілі назарға алынатын болады. Мұндай әдіс, 30-40 жыл еңбек өтілі болса да, төмен зейнетақы алып отырған адамдарға қатысты әділдік орнатпақ. Айталық, 1998 жылға дейінгі 33 жылдан астам өтілі бар тұлғаларға базалық зейнетақы жұмыдағы көлемнен салыстырғанда екі есеге көбейеді. Егер бұл сома қазір 12 мың теңгені көрсетсе, 2018 жылдың 1 шілдесінен зейнеткерлердің аталған тобы ынтымақты жинақтаушы зейнетақыға қоса 28 мың теңгені иемденетін болады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің хабарлауынша, 2018 жылдың 1 шілдесінен 2,1 млн. зейнетақер үшін базалық зейнетақы 1,8 есеге жоғарылайды.

Айта кетерлігі, жаңа сипаттағы әлеуметтік көмекке дайындық шеңберінде елімізде төртінші жыл «Әлеуе» жобасы іске асырылуда. Жоба өз тиімділігін дәлелдегендіктен, бүгінде оның барлық облыс қамтылған. Биыл жобаны жүзеге асыруға 7,1 млрд. теңге қарастырылыпты. Жалдың алғашқы жартысында жобаға қатысқан 107087 адамның 95%-ы жұмыспен қамтылып, олардың жан басына шаққандағы орташа табысы 4949 теңгелеи 15 325 теңгеге өскен. Тұрақты жұмыс орнындарына жобаның барлық еңбекке қабілетті қатысушыларының 73,3%-ы орналасқан. Осылайша, жаңа сипаттағы атаулы әлеуметтік көмекті енгізу тәсілі әлеуметтік жәрдемді алушылардың жауапкершілігін күшейтіп, жұмыс ілеу мен өзін қамтудағы шитәсын жоғарылатып отыр. Сондай-ақ, аз қамтылған азаматтарды ел экономикасы мен қоғам өмірін жақсартуға атсалысу белсеиділігін шырага түседі.

Тағы бір айта кетер жағдай, елімізде 2009 жылдан бері әлеуметтік қызметтер жүйесін жаңғыру жүргізіліп келеді. Аталған реформа бүгінде өз розін көрсетуде. Айталық, бұған дейін адамдарды 100-600 адам өмір сүретін интернат-үйлерге жіберетін болса, қазір аталған қызметтерді үйлестік емес ұйымдар көрсетуде. Бүгінде 106 үйлестік емес ұйым 6 мыңнан астам адамды қамтуда. Нәтижесінде, бұрындары интернат-үйлерде болған алты жүзден астам бала отбасына орналып, қызметті күндізгі бөлімдерден алуда. Арнаулы әлеуметтік қызметтерден тегін көлемін алу құқығы жоқ азаматтар үшін қосп қаржыландыру мүмкіндігі ұсынылуда.

Әлем тынысы

«ТЕРМИНАТОР — 6» ТҮСІРІЛЕДІ



Өткен ғасырдың соңында миллиондаған көрермен жиналған «Терминатор» фильмі тағы жалғасын табады. Американдық актер, Калифорния штатының бұрынғы губернаторы, 70 жастағы Арнольд Шварценеггер өзіне асқан танымалдылық алып келген «Терминатор» фильмінің алтыншы бөліміне түседі.

Бұл туралы «Fox News» телеарнасы хабарлады. «Келесі жылы «Терминатордың» түсірілеме қатысамын. Режиссер Джеймс Кэмерон мен продюсер Дэвид Эллисон түсірілім тобының құрамына қайта оралады», — деиді Шварценеггер. Калифорниияның экс-губернаторы осы жолы тәржима тоқдың өмес, оның прототипі — адамның рөлін сомдамақ. Шварценеггер 1947 жылы Австрияның Тірақ қаласының маңындағы ауылда дүниеге келген. АҚШ-қа 21 жасында келіп, кинода өзіне тамаша мансап жасай алды. Оған әлемдік танымалдылықты «Конан-варвар», «Терминатор», «Коммандос», «Жиіркіші» фильмдері әкелі келді. «Терминатордың» бұған дейін түсірілген бес бөлімінің төртеуінде Шварценеггер роботтың рөлін ойнады.

РОБОТҚА САЛЫҚ САЛЫНДЫ



Аз уақытта адамның күшін роботтар толық айырбастайды. Есесіне мыңдаған адам жұмыссыз қалмақ. Осындай қауіпті болдырмас үшін Оңтүстік Корея Республикасы қазіреден бастап роботтарға салық салуды ұйғарды.

Оңтүстік Корея — роботқа салық салған алемдегі бірінші ел. Корея автоматтандырылған технологға инвестиция құятын компаниялар үшін салықты жеңілдету арқылы робот техникасына бөлек толықтай жаңама салық салмақ. «Өнгіме роботтарға тікелей салық салу туралы болмаса да, оны осы саясатқа жатқызуға болады. Себебі екеуі де енеркәсіпті автоматтандыру проблемасына байланысты», — делінген «News News The Korea Times» газетінің дерекхозінде. Қазіргі уақытта әлем бойынша Оңтүстік Кореяда роботтар ең көп шоғырланған. Өнеркәсіптс әр 10 000 қызметкерге 531 көп қызметті өнеркәсіптік робот сәйкес келеді. Олар адамдардың жұмысын азайтып,түрлі салада көмек көрсетуде. Бұдан бұлай тан самалы елінде роботтарға адамдармен тең дәрежеде салық мөлшері бекітіледі.

АШЫҚ КИНҮГЕ БОЛМАЙДЫ



Сауд әуе компаниясы шолақ шәлбарлы ерлер мен жартылай ашық киім киген әйелдер үшін жаңдық тұрғыда тыйым енгізді. Бұл жайында «РИА Новости» агентігі хабарлады.

Бірнеше жолаушы киген киімдерінің тасымалдау ережелеріне сәйкес келмегені үшін «SAUDIA» әуе компаниясының рейстеріне жіберілмеген. «Жолаушылар қоғамдық, орындарда басқа жолаушыларға ыңғайсыздық тудыратындай, мәселен, әйелдердің аяқтары немесе қолдары ашық, немесе денесі көрінетін киім,ал ерлер шолақ шәлбар кисе,онда олардың талаптары бұзылған болып саналады», — делінген компания сайтында жарияланған ережеде. Эр-Риядтың бұрынғы басшысы Әли Гамди мұндай ережелердің Халықаралық азаматтық авиация ұйымының талаптарына қолданылатындығын айтты.

ПІЛДІ АТЫП ТАСТАДЫ



Үндістанда билік орындарының өтінішті бойынша аңшы екі штатта 15 адамды таптап өлтірген пілді атып тастады. Жануар 25 жаста болған. Піл науқысқан бастап Джаркханд штатында 11 адамды өлтірген және бірнеше үйді қиратқан.

Алдын ала болжамға қарағанда, бұдан бұрын Бихар штатында төрт жергілікті тұрғынның өмірін қиған. Қауіпті жануардың көзін жою аңшы Шафат Али Ханға жүктелген. Оның айтуынша,алдымен арнайы дәрмен ұйықтатып тастамақ болған,бірақ дәрі асер етпеген көрінеді. Амал жоқ,атуға тура келіпті. Өлгеннен соң пілдің азуын алып,жергілікті дәстүр бойынша тұз сеуіп және гүл қойып орманға жерлеу шешімі қабылданған. Хан билістің осы тәрізбес тапсырыстарын жиі орындайды. Бұл — жетінші піл. Өткен жылы ол елдің басқа өңірлерінде адамдардың өміріне қауіп төндірген бес жолбарысты,сегіз барысты өлтірген. Үндістанда жабайы аңдардың шабуылы салдарынан күн сайын кем дегенде бір адам ажал құшады.

СӘБИДІ ПОШТАМЕН ЖІБЕРДІ



Қытайдағы Фучжоу елді мекенінің тұрғыны жаңа туған қызын балалар үйіне пошта арқылы жіберіп әлемді дүр сілкіндірді. Бұл туралы «South China Morning Post» атты жергілікті басылым жар сала жазды.

Пошта тасымалдаушысы өзіне берілген пакет қозғалып,артынша баланың дауысын естігеннен кейін бір-ақ полицияға хабарласқан. Цзинань аудандық ауруханасының қызметкері сарсеиібде пошташыдан баланы алғандарын растады. Бірнеше күн бұрын дүниеге келген бала сап-сау болып шықты. Жергілікті полиция 24 жастағы анасын өз баласынан бас тартты деп айыптады. Ол бес жылға дейінгі мерзімге сотталуы мүмкін. Еске салсақ, шілде соңында Украинаның Запорожье қаласында ата-аналары балаларын бес мың долларға сатпақшы еді. Жаз басында Полышамен шекарада чемоданмен баланы алып өтпекші болған Украина азаматшасы ұсталған болатын. Ең соракысы,мұндай жағдай Қазақстанда да бірнеше мәрте тіркелді.

КОНКУРС

«Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» байқауы

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы мен Қоры баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған **«Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы»** тақырыбы бойынша таңдаулы материалдарға жыл сайынғы дәстүрлі ашық конкурсын жариялады.

Конкурстың мақсаты – елдің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін көрсету. Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде «Назарбаев моделін», Елбасының идеялары мен бастамаларын танымал ету.

Конкурс төрт номинация бойынша өткізіледі:

1) **«Үздік теледидар материалы»;**
2) **«Үздік радиоматериал»;**
3) **«Газеттер мен журналдардағы үздік мақала»;**
4) **«Ғаламтор-БАҚ-тағы үздік жарияланым».**

Номинациялардың әрқайсысы бойынша жеңімпаздарға **1 миллион теңге** мөлшерінде ақшалай жүлде беріледі, ал екінші және үшінші орындар үшін тиісінше – **500 мың** және **200 мың теңге** беріледі. Одан басқа, барлық жүлдегерлерге дипломдар мен төсбелгілер тапсырылады.

Конкурсқа кәсіпкой журналистер жеке және ұжымдық негізде қатыса алады.

Конкурсқа **2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 10 қазан аралығында** мемлекеттік және орыс тілдерінде ресми жарияланған (басылған, эфирге шығарылған, ғаламторда орналастырылған) бірегей материалдар қабылданады.

Конкурстың қорытындысын құрамына белгілі журналистер, Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері енген комиссия шығарады.

Жеңімпаздарды марапаттаудың салтанатты рәсімі Тәуелсіздік күні қарсаңында өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер **2017 жылғы 1 маусымнан бастап 10 қарашаға** дейінгі мерзімде жеке тұлға немесе заңды тұлға өкілі беру тәртібімен немесе пошта арқылы мына мекенжайда: Z05S5X1, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Ә. Бөкейхан көшесі, 10, 213-каб, «Қазақстан тәуелсіздігі және Елбасы» конкурсына» деген белгісімен қабылданады. Байланыс тел.: **8 (7172) 69-30-57, 69-30-52, 69-30-50, 69-30-53, 69-30-56.**

Конкурсты өткізудің шарттары мен уақыты туралы барлық ақпаратпен www.presidentlibrary.kz, www.presidentfoundation.kz сайттары арқылы танысуға болады.

ІЛТИПАТ



Карттарға құрмет көрсетті

«ҚАРТЫ БАР ҮЙДІҢ ҚАЗЫНАСЫ БАР», – ДЕП БЕКЕР АЙТЫЛМАҒАН. ТӨРДЕ ОТЫРҒАН АҚСАҚАЛДАР МЕН АҚЖАУЛЫҚТЫ ӘЖЕЛЕРІМІЗДІ КӨРГЕНДЕ ТӨРТ ҚҰБЫЛАМЫЗ ТЕҢ ЕКЕНІ СЕЗІЛІП, БАЙЛЫҒЫМЫЗ БЕН БАЗАРЫМЫЗ КӨБЕЙІП, КӨҢІЛІҢ БІР ЖАЙЛАНЫП ҚАЛАДЫ. НЕМЕРЕСІН ҚУШАҒЫНА АЛЫП, МЕЙІРЛЕНГЕН АТА-ӘЖЕЛЕР БАҚЫТТЫ БЕЙНЕСІМЕН-АҚ ШАҢЫРАҚТЫҢ БЕРЕКЕСІН КІРГІЗІП ЖІБЕРЕДІ. АЛТЫН БУЫН АСЫЛДАРЫМЫЗДЫ ҚҰРМЕТТЕУДІ ҚАЗАҚ БАЛАСЫ ЕШ УАҚЫТ ЕСТЕН ШЫҒАРҒАН ЕМЕС. ОСЫ ОРАЙДА ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ БАҒДАТ ҚАРАСАЕВ ҚАРТТАР КҮНІНІҢ ҚҰРМЕТІНЕ ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖҮЗ АРДАГЕРДІҢ БАСЫН ҚОСЫП, ІЗГІ ІЛТИПАТЫН БІЛДІРДІ.

Жетісу

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

Халықаралық мерекe аясында «Заңғар» мейрамханасына жиналған ата-апалардың құшағы гүлге толып, кеудесін қуаныш кернеген. Жайылған ақ дастарқан басындағы ақсақалдарымыздың алдына Бағдат Әбілмәжінұлы шығып, құттықтау сөзін арнады.

– Елдің киесі де, иесі де сіздерсіздер, құрметті ата-апалар, – деп бастаған қала әкімі Талдықорған қаласының даму барысына тоқталды. Қаламыздың жайнап, күлпұрыма қариялардың да үлестері бар екенін айтқан әкім бар ақсақалдарымыздың ұлағатты сөзі мен көрсеткен тағылымды шаралары бүгінгі жастардың қанаттануына көп септігін тигізіп отырғанын жеткізді.

Әр уақытта қоғамдық жұмысқа белсене атсалысатын ардагерлердің еңбегі өлшеусіз. Ақсақалдардың игілікті істерін тілге тиек еткен қала әкімі қарттарымызды төл мерекесімен құттықтап, естелік сыйлықтар табыс етті. Сонымен қатар, жастарға ата дәстүрді насихаттауда, қоғамдық жұмысқа атсалысып, үрпақ тәрбиесіне көңіл бөлуде көп еңбек сіңірген Тортай Ізбасқанов, Марат Байжанов, Сағым Қабақбаев, Білмдік Қасенов, Данекүл Сейтқұлова, Адалят Шарафеев, Барыс Қаусов және Роза Ақжеркенова, Арман Махатов, Елдос Баялышбаев сынды белсенді буын өкілдеріне қала әкімінің Алғыс хаты мен грамотасы табыстады.

Өнер иелері қарттарымызға арнап әннен шашу шашса, ақсақалдарымыз көзек-көзегімен шығып, құттықтау сөзін арнап, құрмет көрсеткен қала әкіміне және оның аппаратына ризашылықтарын білдіріп, ақ батасын арнады. Бақыт пен шаттықтың құшағында көңілдерін бір серпілткен ардагерлер ауезді әнге би бие билеп, жайылған ақ дастарқаннан дәм татып, қуанышпен тарқасты.

САҒЫНЫШ



▼ ӘКЕМ ЖАЙЛЫ ЖАЗУДЫ БАСТАҒАНДА БІРДЕН ЖОРҒАЛАТЫП АЛА ЖӨНЕЛЕМІН ДЕП ОЙЛАҒАН ЕДІМ. БІРАҚ КОМПЬЮТЕРДІҢ АЛДЫНА ОТЫРҒАНДА КӨҢІЛДЕГІ КӨРІКТІ ОЙЛАР САН-САҚҚА ШАШЫРАП, НЕ ЖАЗАРЫМДЫ БІЛМЕЙ ДАҒДАРЫП ҚАЛДЫМ. ӨЙТКЕНІ, КӨКЕЙГЕ ТОЛЫ САҒЫНЫШ КӨРІКТІ ОЙЛАРДЫ ТІЗБЕЛЕЙ ЖӨНЕЛУГЕ КЕДЕРГІ КЕЛТІРДІ. ӘУ БАСТА НЕ ЖАЗАРЫМДЫ БІЛМЕЙ ДАҒДАРЫП ҚАЛҒАНЫМ ШЫНДЫҚ. ОСЫ ТҰСТА ӘКЕМНІҢ ӨМІРБАЯНЫН ТІЗБЕЛЕП, МАҚАЛА ЖАЗСАМ ҚАЛАЙ БОЛАР ЕКЕН ДЕП ТЕ ОЙЛАНДЫМ. ОНЫҢ ДА ҚИЮЫ ҚАБЫСПАДЫ. АҚЫРЫ КӨПТЕН БЕРІ «ӘКЕМ ЕКЕУМІЗ» ДЕГЕН АТПЕН ЖАЗЫП ЖҮРГЕН КӨЛЕМДІ ЕҢБЕГІМНІҢ КӨРНЕКІ ТҰСТАРЫНАН ҮЗІНДІ АЛЫП, САҒЫНЫШЫМДЫ БАССАМ ДЕГЕН ОЙҒА ТОҚТАДЫМ.

ӘКЕ РУҚСАТЫ
бес жыл күткен басты құжат

Қазақ ұғымында үйдің үлкені ата баласы саналады. Өткен екеуміз бала күнімізде атамыздың баласы болып өстік. Сондықтан үлкендердің үйретуімен әкешешеміздің атын атап кеттік. Атамды аулаластар «Омарақан әпті» деп атайтын. Оның қандай мәртебелі атау екенін ержеткенде білдік. Атам ең осылай атаған сайын бойын аулаққа салып, сынайы күлің, жанына жұлтаурауға тырысатын. Бала көңіл оның байыбына бармасақ та, атамның әр әрекеттен сақтанып, әр жұмысты байыптап, сабырмен салмақтап істейтінінің іштей сезінетінбіз. Ал әкем бозса үйге кіп кезмейтін. Ауылдастар кешкі аска отырған кезде Ұрымхан апам әкемді екеумізді жетелеп, ауылдың маңындағы төбешікке шығатын да: «Әкелерің анау жақта тұрады», – деп қолын ебедейсіз сермеп, әлдебір алыста нұсқайтын. Одан кейін көп жасын бізге көрсететей сыпап алып жататын. Балғын көңілміз әкемізбің жақын арада қасымызда болмайтынын ғана сезетін.

Атам өмір бойы бес уақыт намазын қаза қылмаған тақуа адам еді. Намаз уақытында әкем екеуміз есік күзетінде тұратынбыз. Әлдебіреу бізбің үйге келе жатса атама дереу хабар жеткіземіз. Құлшылығын өтеп болғанша кейін тәрбе ілулі тұрған көнетоз кәптардағы жұқалтаң кітапшаны алып, әр бетін еппен парақтап, ұзақ сүрелерді күбірлеп оқитын. Апам әлгі кітапшаны «Әптиек» деп атайтын. «Әптиектіп» не екенін атамнан сұрауға батпай, әпкем екеуміз апамның мазасын алатынбыз. Бірақ апамс: «Ол атаңның кітабы», – дейтін де қоятын. Шешемізден сұрай қалсақ, бізге шапалақпен ғана жауап беретін. Десе де, біз үлкендердің күлкішіл әрекеттерінен үйдегі құлшыны сыртқа шығармау керектігін мықты меңгердік.

Осындай мұқияттылықтың мәнін кейін ес білгенде, Қытай елінідегі күрделі саяси жағдай жылымық тәртіпқа барып түсіндік. Сөйтсек, бұл кез атамыздың «Жұрты азғырып, қызыл өкіметке қарсы шыққан, көпелікті жақтап, жанылықты шеттеткен, ұлтшыл, кері төңкерісші, халық жауы» деген мәртебелі атақтарға не болып, бақылауда жүрген кезі екен. Жасы ұлғайған адам болғандықтан және денсаулығының нашарлығы себепті үйқамақта отыруға бұйырылыпты. Ал әкеміз жастайынан қолына қалам алып, өлең мен өнер құып ерекшеленіптен, «Сары өлең жазып, сары ән орындаушы, Ухан, Жыңтоның (Қызыл өкіметті мойындамаған қытайлық жазушылар) Кеңсұлын басына қағып кеткен қазағы» деген айып тағып, еңбегінен өзгертуге жіберіпті.

Бір күні бізбің үйде таң атпастан абыр-сабыр басталды да кетті. Көптен бері есітіп, көріп жүрген «Ассалаумағалейкум» деп алақанымызды ала жүгіреп, теріс айналып кететін ағайлар атамның айналасынан табылды. Есіктің алдындағы қара ағаштағы қарғалар да аксарбас қой шиыршық атады. Сол күні әкеміз үйге оралды. Жұртқың аузынан «Төртіқ төбе талқандалып, заман тыныштады», – дегеп сөздерді жиі еститін болдық. Онын не екенін кайдан білейін, әйтеуір әкемізбің ортамызға келгенінбе бала көңілмен барынша мәз болдық. Сол күні ауылдық өкіметте істейтін жас жігіт атамнан Қаракер атын әкелін берді. Құлағын қайшылап, маңына жақындағандарға осқырына қарап, тықсырынып тұрған жануар атамды көргенде басын мама ағашқа тіреп, тыныш қалды. Арғы алты жыл сайын барып қайта табысқан атам мен Қаракер бірімізге дейін көңілімен сыр бөлісіп, сағынышын тарқатқандай болды. Сосын Қаракердің тізгінін әкеме ұстаттық. Осыдан кейін әкемді конвоика шақыратындар көбейді. Қайда барса да мені ертіп алады. Атам денсаулығы сыр беріп жүргенінбе қарамай тан атпастан тұрып, Қаракерге жем-суын беріп, ертіп қостыңды әдетке айналдырды. Күншілік жолға шыққанда майда жүрісінен бір танбайтын Қаракер кейін аулға арасындағы көкпар тартыста мертікті. Атам оны сойдырды да етін аулаластарға толығымен бөліп берді. Тек қос жауырынының астынан өнін шығып құстың қанаты сияқты сүйемдей ғана екі сүйекті өзіне алып қалды. Қаракер аттың қанатын қайтыс болғанша басына жастап жатты. Өлжеті бойынша жылдық назірін бергенбе кінәге қарап, ақыретінің басына қоюп кейдық. «Ат – ердің қанаты» дегеп ұғымда бала күнімнен осылай білін өстім.

Әкемнен бірге өткіпген қызық күндер көпке барған жоқ. Бір күні пошташы карт алыстағы Үрімжі қаласынан келген хатты үйге жеткізді. «Сол жердегі ақындар жеңді шақырып, хат жіберіпті», – деп түсіндірді шешеміз. Ол кезде біз қалам ұстағанының бәрін ақын деп есептейтінбіз. Ал Үрімжі деген қаланың атын естісек те, оның қай жақта орналасканын білмеуші едік. Бірақ қазақта «қара шаңырақ» деген ұғымда бар. Әкем қаршаңырақтың несі болғандықтан отбасымыздың Үрімжіге көшуіне тұыстар қосылмады. Ақыры үлкендердің шешімінен қара шаңырақ аулада қалатын болды да, әкем Үрімжіге сапт барын, қызмет істеуге атанды.

Ол кезде Қытайда тұрмыс тіпен, ауылдың жағдайы да қиын еді. Ауылдағы жалғыз дүкенге айында бір рет қана тауар келетін. Оның өзін қолында билеті барлар алатын. Әкеміз үлкен қалада жұмыс істейтіндіктен біз елдің баласы кіметеңді кіп, жеметеңді жеп өстік. Әкеміз келіпен сайын ауылдағылардың түсіне де кірмейтін неше түрлі затты әкеліп беретін. Қысқасы, біз өскен ауылда бірінші рет ағаштан әдемілеп жасап, әлемжелем киіндірген құыршақ балажем ойнап, ішіне неше түрлі дәмдеуіш себілген конфет, печенье жедік, велосипедті алғаш біз тептік, қолына көтеріп кете беретін шағын радио аппарат бізбің үйде болды. Ел аузында бір кезкеті жаудың баласы енді болған біздер жаңында жалпағынан басқан байдың баласы атанып шыға келдік. Кешке қарай ауылдың маңындағы төбеге қалың бала жиналып, радио тыңдаймыз. Ол кезде әкемізбің есімі радиодан түсінеді. Өзеңі оқылып, айтыстары берілін жатады. Бала болсақ та жатқан мәністі білеміз. Сондай кезде төбем аспанға бір-ақ қарыс жетпей тұрады.

Әлі есімде, Іле қазақ автономиялы облысының бірінші рет ұйымдастырған ақындар айтысы Алтай аймағының Болбдай жайлауында өтті. Әкемнің сол айтыста барлық ақынды жеңіп, бірінші жүлдені қанжығасына байлағанын радиодан естідік. Айтыс өткеннен кейін облыстың барлық ақыны бас қосып, бізбің ауылға қонаққа келді. Ол кезде біз жеңіл көлікті көпке деп атайтынбыз.



Жыр – арнау

Жолбасшы

Арман, мұрат қатар қондым өлшемін,
Туған елің арқалатты зор сенім.
Дәметпеді өскен ортау мейлінше,
Ел деп соққан жүрегіңнің болмесін.

Асқақ едің арманыңмен, мұратың,
Мығым едің қаламгерлік қуатың.
Мықтымын деп жүргендердің ішінде,
Сізбің орын болекше бөп тұратын.

Ұстазым ең маған білім сыйлаған,
Шәкіртің деп жанындыққа қосқаған.
Тон-том болып мұрағ қалды артында,
Еңбектерің ел аузынан жинаған.

Салмағың тұған жерге көшесің,
Оған да мол сіңді асыл үлесің.
Аспан таулар арасында енді, ағa,
Жас бұлпаға жолбасшы бөп жүресің.

Әлиқ ІСКЕНДІРҰЛЫ,
шәкірті.

Жетісу

Қажет АНДАС

кейін аулға арасындағы көкпар тартысты мертіктеді. Атам оны сойдырды да етін аулаластарға толығымен бөліп берді. Тек қос жауырынының астынан өнін шығып құстың қанаты сияқты сүйемдей ғана екі сүйекті өзіне алып қалды. Қаракер аттың қанатын қайтыс болғанша басына жастап жатты. Өлжеті бойынша жылдық назірін бергенбе кінәге қарап, ақыретінің басына қоюп кейдық. «Ат – ердің қанаты» дегеп ұғымда бала күнімнен осылай білін өстім.

Әкемнен бірге өткіпген қызық күндер көпке барған жоқ. Бір күні пошташы карт алыстағы Үрімжі қаласынан келген хатты үйге жеткізді. «Сол жердегі ақындар жеңді шақырып, хат жіберіпті», – деп түсіндірді шешеміз. Ол кезде біз қалам ұстағанының бәрін ақын деп есептейтінбіз. Ал Үрімжі деген қаланың атын естісек те, оның қай жақта орналасканын білмеуші едік. Бірақ қазақта «қара шаңырақ» деген ұғымда бар. Әкем қаршаңырақтың несі болғандықтан отбасымыздың Үрімжіге көшуіне тұыстар қосылмады. Ақыры үлкендердің шешімінен қара шаңырақ аулада қалатын болды да, әкем Үрімжіге сапт барын, қызмет істеуге атанды.

Ол кезде Қытайда тұрмыс тіпен, ауылдың жағдайы да қиын еді. Ауылдағы жалғыз дүкенге айында бір рет қана тауар келетін. Оның өзін қолында билеті барлар алатын. Әкеміз үлкен қалада жұмыс істейтіндіктен біз елдің баласы кіметеңді кіп, жеметеңді жеп өстік. Әкеміз келіпен сайын ауылдағылардың түсіне де кірмейтін неше түрлі затты әкеліп беретін. Қысқасы, біз өскен ауылда бірінші рет ағаштан әдемілеп жасап, әлемжелем киіндірген құыршақ балажем ойнап, ішіне неше түрлі дәмдеуіш себілген конфет, печенье жедік, велосипедті алғаш біз тептік, қолына көтеріп кете беретін шағын радио аппарат бізбің үйде болды. Ел аузында бір кезкеті жаудың баласы енді болған біздер жаңында жалпағынан басқан байдың баласы атанып шыға келдік. Кешке қарай ауылдың маңындағы төбеге қалың бала жиналып, радио тыңдаймыз. Ол кезде әкемізбің есімі радиодан түсінеді. Өзеңі оқылып, айтыстары берілін жатады. Бала болсақ та жатқан мәністі білеміз. Сондай кезде төбем аспанға бір-ақ қарыс жетпей тұрады.

Әлі есімде, Іле қазақ автономиялы облысының бірінші рет ұйымдастырған ақындар айтысы Алтай аймағының Болбдай жайлауында өтті. Әкемнің сол айтыста барлық ақынды жеңіп, бірінші жүлдені қанжығасына байлағанын радиодан естідік. Айтыс өткеннен кейін облыстың барлық ақыны бас қосып, бізбің ауылға қонаққа келді. Ол кезде біз жеңіл көлікті көпке деп атайтынбыз. Ақыу ауылдан қатар-қатар тізіліп, ауылға бөлінген кезде жатқан бір топ қонақпен көрісуге ауылдастар абыржып қалды. Айына бір-екі рет дүкенге тауар әкелетін жүк көлігі болмаса, тау сағалаған жұртпың ауылға мұндай көлік тізбегі бірінші рет келіп отыр. Әкем бастаған қонақтардың қарсы көрінгенде атам мені Қаракердің алдына мінгізіп, қонақтарды қарсы алуға барды. Ол кезде дейсаулығы сыр беріп жүрсе де білдіртуге тырысатын. Қалың ақын атамнен сынайы амандасып, мені бірінен соң бірі көтеріп алып, бетімнен сүйіп, әлдеп әлпештеді. Танымал жазушы Сұлтан Мәжит ырымдап ауызма түкіріс, айтыскер ақын Бұырылхан апам шалғайына орап, батасын берді. Қалың ақын бізбің ауылда бір апта қонақ болды. Күн сайын жыр-думан. Бір жағында ақындар айтысса, бір жақта балуандар күш сынасын, ат бәйгесі ұйымдастырылды. Құлжа мен Үрімжі қаласынан арнайы шақырылған аспаздар түрлі тағам әзірлеп, ауылдастарды қызықтырды. Сол күнінің естелігі мен жеген астың дәмі әлі күнге есімнен кетпейді. Бұл жаңы жүдеп жүрсе де бересінін қашырмаған қазақы қасиеттің белгісі еді.

Өкпішке орай, сол жолы атамның сырқаты ауырлай түсті. Ақындар Үрімжіге қайтқанда әкем атамды қимай ауылда қалып қойды. Егер әкем сол жолы Үрімжіге кете бергенде өмірі басқаша өрілер еді. Атама деген адал пәрзенттік борышы атақпен дақпты сырып тастады. Алайда әкем өмір бойы бұл шешіміне өкінген емес. Қайта өле-өлгенше атама деген құрметті қастерлеп өтті. Өмірде әкесіне деген шынайы сүйіспеншілікті қастерлеп өткен адам екеу болса бірі, біреу болса ол менің әкем еді. Кейде мен өзіме: «Адамгершілік пен атақ қатар келсе қайсысын таңдаймын?» – деп сұрақ қойып көремін. Алайда нақты шешімін айта алмаймын. «Әке көрген ок жонар», – деген ғой. Әкемнің жолын қуып шығармын.

Жұпыны ауылдың жұтаң тіршілігі әкемнің еңсесін әбден түсірді. Арада ауылдағы орта мектепке мұғалім болып жұмысқа шықты. Бірақ көкірек сарайы таяз, әпербақан, мөңкеншіл жандардың қақпайына көп ұшырады. Әкемнің бір мінезі ешкімнің алдында жалтақтап, кішіреймейтін. Көңіліне жақпаса бетің-жүзің демей айтып тастайтын. Осы мінезімен де талай олжадан қалғанды. Тағы бір жағынан қызыл өкіметке де сенбей өтті. Талай рет коммунистік партия қатарына өту туралы ұсыныс жасалса да өмір бойы партияға отпей кетті. Ол да адымын аштырмай, артқа тартты. Кейде: «Егер мен осындай таңдауға бетпе-бет келсем не істер едім?» – деп сұрақ қоямын. Нақты жауап тағы да айта алмаймын.

«Таза мінезі асыл тас ғу түбінде жатады. Су түбінде жатқан тас жеті толқытса шығады» дегендей, өмірдеп бірақ жыл қағажу көрген әкем қайта орнынан тік тұрды. Оған 1988 жылы Қытайда халық мұраларын жинау, реттеу, халық қазетіне жарату мақсатында қолға алынған үлкен бастама себеп болды. Бұл міндетті бізбің өңірде әкемнен басқа епкім орындай алмайтыны белгілі еді. Сонымен 1988 – 1993 жылдар аралығында өлкені шарлап, қазыналы қарияларме сұхбат құрып, табиғынан тоқып жүріп, «Күнее ауданының ақсұа-дастандары», «Күнее ауданының өлең-жырлары», «Күнее ауданының мақалметелдері» атты төрт кітапты жазып, баспадан шығарып, ел алғысына бөледі. Осыдан кейін, ягни, 1994 жылы «Күнее ауданының тарихи материалдары» деген желіее кітапты жазу міндеті жүктелді. Бұл кітаптарда қазақ тарихында ең алғаш ірге қаланған Үйсін патшалығынан тартып, бүгінгі Іле өңіріндегі елеулі оқиғалар жайлы тарихты түгендеген 10 кітап жазып, баспадан шығарды. Оның төртеуі қытай тілінде, бір кітап ағылшын тілінде аударылды. «Жылдар ғи», «Сарыкөзең сазы» атты жыр жинағы, «Дода» атты айтыстарының жинағы, «Тарих талағындағы тарландар» атты тарихи зерттеулер кітабы жұртшың қызығушылығына бөленген еді. Осы еңбектері арқылы Қытайдың Мемлекеттік сыйлығын еншіледі. Айта кетерігі, әкемнің өмірінде ең алғашқы, ең соңғы, ең бағалы сыйлық осы біреу ғана. Бірақ әкем миллиардтар еліндегі екінің бірінде әрен бұйыратын марапатқа не болғанын айтып, мақтанып, шаттанғанын көрген жоқпын. Басқалар сияқты баспасөзге жазып, жарнамалаған да жоқ.

Әкем бала тәрбиесіне ерекше қатаң қарайтын. Біз үш бөлмелі жер үйде тұрдық. Біреуі ас үй, енді бірі жатын бөлме, енді бірі күн сайын үйлемейтін әкемнің достары мен апамның қонақтары түнейтін бөлме. Ас үйге екі жер үстел қойылған. Бірінде тамақ шеміз, ал бірінде сабақта дайындаламыз. Әкем үйде болғанда бізбен бірге жатып, бірге тұратын. Біз сабақта дайындалсақ, ол кісі шығармашылықпен айналысатын. Әкемнің осы қасиеті балаларының бәріне дарыды. Бірақ әлдебір тапсырманы толық орындамай немесе кездейсоқ кемшілік жасасақ, оған бола ашу шақырып қиналамайтын. Күлетін де қоятын. Сонын ой өрмеңізіне қажағдай қалдаттын.

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары атажұртқа оралуды қанша армандағанмен, әкемнің ұрқсатын ала алмай бес жыл күттік. Толқжаттық уақытты бітуге 15 күн қалған кез еді. Ол кезде бірнеп ерженбі, бірміз үйлі-баранды болсақ, енді бірміз алыс қалада оқуда жүрген кез. Бір күн әкем жеңеуімізді үйге шақырды. Сол күні Құран оқылып, тілеу тілеңді. Кешкі астан кейін төрде отырған әкем маған қарады да:

– Сен шынымен Қазақстанға кеткің келе ме? – деп түтесінен сұрады.

Мен де:

– Иә, – деп жауап бердім.

– Менің де, әулетім де жалғыз ұлы сен емессің, бірақ атаң сенен үлкен үміт күтетін. Атаңжұртқа барам десең бетіңді ақпаймын. Онда да алдыңның жарық сәуле шашылатынын анық. Менің өкпішімді қайтадан жатсам епкімнен көрме, – деді.

– Иә, – дедім.

Осы уәде мені әлі күнге алға жетелеп келеді. Әр қадамымды басқан сайын жаны жомарт, көңіл көкжиегі кең, пейілі шалқар адамдар алдымнан шығып, бүкіке жетелейді. Әкем менің де, басқа балаларының да жетістігін көріп, немере-шөберелерінің мандайынан иіскеп, көңіл жадырап өмірден аттанды. Орнине, аталарымыздың сүйегі жат елде қалса да әкеміз іргемізде жатыр. Жұма сайын зиратына барып, іштей ұұымнен сырласып, жетістігімізді бөлісіп қайтамын.

БжЗк

Елімізде зейнетақы жүйесіне деген тұрғындардың сенімі арта түсуде. Естеріңізде болса, өткен жылы еліміздің жинақтаушы зейнетақы жүйесінің құрылғанына 20 жыл толды. Әрине, бұл тым аз уақыт болғанымен зейнетақы жүйесін кемелдендіру, өркендету жолында үлкен жұмыс атқарылды. Қиындықтар да аз болмады. Десе де, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарып келеді. Бүгінде Қор өз қызметінде ашықтық қағидатын ұстана отырып, 2017-2021 жылдарға арналған корпоративтік даму стратегиясын ойдағыдай жүзеге асыруда. Әрине, мұның барлығын жай сөзбен айта салу оңай. Ал олардың жұмыс барысын қору, жүрекпен сезінудің әсері басқаша болады. Сондықтан біз бір күндік уақытымызды бөліп, Қордың Алматы облыстық филиалының жұмыс барысымен таныстық.

ТАБЫС ТАЛПЫНЫСПЕН КЕЛЕДІ

Қажет АНДАС



Талдықорған қаласының Жансүгіров көшесі бойындағы екі қабатты сәулетті ғимаратта орналасқан Қор филиалы жаңынан өткен адамға ерекше бір жылылық сыйлайтыны анық. Бұл ғимараттан әр апта сайын дүйсенбіден сенбі күні жұмаға дейін таңғы сағат 8.00-ден кешкі 19.00-ге, сенбі күні таңғы сағат 9.00-ден кешкі 19.00-ге дейін адам дағы үзілмейді. Әсіресе, мекеменің операциялық бөліміндегі жұмыс қызу.

– «Болашақ табалдырықтан» дегендей, бізден жұмыс барысы да ең алдымен кіреберістен басталады. Ең қызығы, бізден қызметке әр деңгейдегі, әр жастағы, әр саладағы адамдар жүгінеді. Әр тұтынушының сұрағы да әр алуан. Сондықтан, мамандар сонын бәрін мүмкіет тыңдап, барлық мәселе бойынша түсінік беруге тырысады. Келушілер, ең алдымен, кіреберістегі құрылғы арқылы қандай сұрақпен келгені туралы нөмір алады. Сосын электронды шақыру тақтасындағы рет бойынша мамандарға жолығып, сұрақтары бойынша түсіті жауабын алып, жұмысын тыңдырып қайтады, – дейді операциялық бөлім маманы Динара Алпысбаева.

Операциялық бөлімнің заманауи техникамен толық жабдықталғанын көріп тұр. Таза, жарық, адамдар жүріп-тұруға, отырып кезек күтуге ыңғайлы. Бөлімнің бір қабырғасына көрсетілетін қызмет түрлері мен құжаттарды тоқтаусыз үзілмей жазылып, ілініпті. Бұл бөлімде маман, жетекші маман, бөлім бастығы болып барлығы 11 адам жұмыс істейді. Олардың әрбірінің күнделікті атқаратын қызмет бөлінісі бар. Ең бастысы, әр маман өзінің жауапкершілігін түсініп, қызмет көрсету сапасы жоғары, тұтынушымен қалай сөйлесу, тіл табысу жөнін әбден меңгеріп алған. Бұл жерге қарт кісілер жиі келеді. Озардың зейнетақы төлегіндегі сұрағы да, шағымы да көбірек болады. Сонымен қатар, шетел азаматтығын алған тұлғалардың зейнетақы аударымдарын рәсімдеу де оңай болмайды. Осындай қиын-қыстау кезде Қор мамандары тұтынушылардың көңілінен шығуға тырысады.

Біз мамандармен кездесіп, сұхбат алып жүргенде есіктен елуді еңсеріп қалған бір ағамыз кіріп келді. Оны жетекші маман Ақтолқын Омарова қарсы алып, алдымен амандасып, ағамның сұрап, әрі қарай электронды тұрде кезекке тұруды ұсынды. Сосын тақтада көрінген рет нөмірі бойынша оң қабылдап, сұрақтары бойынша ақпарат беруге кірісті. Өзін Үсен Бейсқұлов деп таныстырған ағамыз болашақ зейнетақысының мөлшерін алудың ала есептегіш қоруге келген. Ақтолқын өзін Қор сайты арқылы Жеке кабинетке қалай кіруін және оны қолданудың барлық жолын көрсетіп, кәнігі табысы және зейнетақы жинақтарының көлемі бойынша болашақта алатын зейнетақысының мөлшерін есептеп берді және бұл қызметтерді электронды түрде қалай пайдалану керектігін түсіндірді. Ағамыздың жүзінен қуанышты лебін көріп: «Болашақ зейнетақысының мөлшері аз болмайтын сияқты», – деп ойладық.

Іле-шала кіріген жас жігіт Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің салымшысы ретінде баспана алу мақсатында зейнетақы жарналары мен жинақтарының мөлшерін білуге келіпті. Оны келесі маман ілтипатпен қабылдап, құжаттарын қарап жатты. Осы кезде бұл зейнетке шығуға дайындалып жүрген апайымыздың жұмысы бірақ кинодық тұрлеуге. Оны қабылдаған маман бірақ боғелді. Арасында Қордың Алматыдағы орталық аппаратының мамандарына хабарласып, апайдың жұмыс орнымен сөйлесіп, мұрағатын актарыстырып жүріп, құжаттарын толықтан берді. Расында, түрлі себептерге байланысты бүтінгі күні зейнетке шығатын адамдардың ешбір өтілін есептеуде түрлі кедергі бар. Зейнет жасына келіп қалғандардың алдына ала білгілері келетіні де осы сұрақ. Алайда мамандардың көметімен қиыншылықты тез шешіліп тұтынушылардың риза көңілмен аттанып жатқанын көріп, қуанып қалдық.

Әрине, күн сайын жаңа өзгерістермен бетпе-бет келіп жататын бүгінгі дәуірде зейнетақы жүйесі соған сай өркендеп, заңдарға өзгертулер енгізіліп, қызмет көрсету сапасы жаңаланып отырады. Осыған орай зейнетақы қорында жұмыс жүргізетін мамандар да білімін толықтырып, біліктілігін жетілдіріп отырулары керек.

– Біз жеке адаммен жұмыс істейміз. Сондықтан, ең алдымен, шыныйлық қағидасына бағынамыз. Тіпті жал сайын қызмет көрсету сапасын арттыру үшін орталық аппараттың есебін мамандары мекемеге келіп, мамандарды оқыту, олардың біліктілігін арттыру бағытында оқу-жаттығу жұмысын жүргізеді. Осындай курстан өткен біздің мамандар үйренгендерін әдан, аумалдағы филиал мамандарына үйретіп, білім мен біліктілігін жетілдіріп отырады, – дейді БЖЗК облыстық филиалы директорының орынбасары Әнуар Елеусізов.

Тәуелсіз «Е-нотариат» жүйесі мен БЖЗК ақпараттық жүйесінің өзара мықталдастығы жүзеге асырылды. Соған сәйкес енді нотариустар мен шетелдік консулдық мекемелер өздерінің өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша (мұрагерлер өтінішін берген жағдайда) қайтыс болған салымшылардың (алушылардың) Қорда жеке зейнетақы шотының және онда ақшаның болуы туралы сауалдар жолдап, жауап ала алады. Бұл қызмет нотариустарға жүгінген мұрагерлерлің уақытын үнемдейді және қағаздық құжат айналымын жояды. Сонымен қатар, Қазақстаннан шетелге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қор бөлімшесіне өздері келе алмаса, тіпті құжаттары Қордың ресми сайтында көрсетілген үлгі бойынша толтырып, нотариус арқылы куландырып, пошта немесе сенім білдірілген жеке тұлға арқылы жібере алады.

Осылайша сан түрлі қызмет көрсетуімен айналысатын операциялық бөлімдегі мамандар кезігіп қалай батып, жұмыс уақытының шектелген қалғанын сезбей де қалады. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін жұмыс ешкімді жалықтырмайды. Ең бастысы, осы мекемеге көңілің қадам басқан әрбір салымшының кетерінде алғысын айтып, жадыран шығып бара жатқанын көресіз.

Операциялық бөлімге жапсарлай орналасқан барын қызмет көрсету бөлімінің де жұмысы ертеден кешке дейін бір тоқастамайды екен. Жарна түскен сәтте зейнетақы шоты автоматты түрде ашылады.

Аталмыш бөлімнің мамандары салымшылар мен алушыларға барын қызмет көрсету үшін өздерімен бірге компьютер, принтер, тағы да басқа интернетке қосылатын құрылғыларды алып жүреді. Барған жеріңде осы құрылғылар арқылы Қор базасына қосылып, қызмет көрсетеді.

Қордың Алматы облыстық филиалында «Мобильдік кеңсе» жобасы жүзеге асырылады. Жоба аясында жүріп-тұру үшін ГАЗель NEXT базасында жасалған, жерсеріктік жабдықтары бар, заманауи технологиялармен жабдықталған шағын автобус пайдаланылады. Оның салоны операторларға арналған екі автоматтандырылған жұмыс орны және азаматтарға арналған екі орындық бар. Кезек күтушілер үшін тағы үш кісілік орын қарастырылған. Бұл автобустың барлық қызметтерді онлайн тәртібінде көрсететін өзіндік бір жылжымалы дербес кеңсесі көрсету орталығы деп атауға болады. Филиал мамандары 13 аудандағы алыс елді мекендегі қор қызметін ала алмаған тұрғындарға мобильдік кеңсе арқылы қызмет көрсетеді.

Қорфилиалының жұмысымен таныссу барысында Талдықорған қаласындағы «Ерлік» когнациық бірлестігінің төрағасымы Роза Ақжарқеновадан мүмкіндігі шектеулі бірнеше салымшының үйге маған жіберілуін сұраған ұсынысы түсті. Олармен бір де бірге барып, қандай қызмет көрсетілетінне көз болдық. Біз мекемеге қайта оралғанда мобильді кеңсе мамандарының Ескелді ауданының әкімдігінің шақыртуымен аттаналы жатқанының үстінен түстік. Сонымен Ескелді ауданының Қаратал, Кокжазық, Жетісу, Қайнарлы ауылдарын аралап, мобильдік кеңсенің қызмет көрсету мүмкіндігін көрсетіп қайтық. Расында, шалғай ауылға сапар шегу оңай болмаса да, бар жұмысты жеңілдеткен мобильді кеңсе мен онда жұмыс істейтін мамандар тұрғындардың алғысын алып оралды.

– Биыл наурыз айында Жаркент, Үшарал, Талдықорған қаласында Ашық есік күнін өткіздік жоспарлап отырмыз. Осы шара барысында аудандардағы филиалдардың жұмыс қарқынын да білім отырға мүмкіндік болады, – дейді БЖЗК облыстық филиалы директорының орынбасары Әнуар Елеусізов.

Әрине, бұл мекеменің бір күндегі жұмысын шағын мақалаға сыйдыру мүмкін емес. Десе де, көзбен көріп, өзіңіз куә болған жағдайларды сараптай келіп, филиалда жұмыстың қалай ағқарылып жатқанын білдік. Бұл ретте зейнетақыларды келешегі үшін жасалып жатқан жақсы істер көңілімізге қанат бітірді.

ҚОНЫСТОЙ

Ұлыстың Ұлы күнінде 56 отбасы көптен күткен баспаналарына ие болды. Қоныс иелерін облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ құттықтап, жаңа пәтер кілттерін табыстады.

Еңлік ҚАБДЕШ

ПӘТЕР КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ



Көпқабатты үй қаланың жаңа 8-ші шағынауданында орналасқан. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті облыс бойынша департаментінің 49 қызметкері жаңа пәтер кілтінің иесі атанды. Ал қалғаны «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» арқылы баспаналы болды.

Пәтер иелерінің қуанышымен бөліскен Амандық Баталов:

– Облыс орталығы жыл сайын өсіп, көркеюде. 56 отбасы Наурыз мерекесін жаңа баспанда қарсы алуда. Жақын арада сәбақ және сәкер салуды жоспарлаудамыз. Ал сәуір айында футбол алаңының құрылысы басталады, – деді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті облыс бойынша департаментінің қызметкері Гүлнұр Оразымбетова көпбалалы ана ретінде баспаналы болғандар қатарында. Оның айтуынша, бұл күнді ол төрт жылдан аса уақыт күтken.

– Бүгін менің ең үлкен арманым орындалды. Облыс басшылығына және бізді қолдап келгендерге рахмет. Балалар да ризa. Үш бөлмелі кең үйде Ұлыстың ұлы күнін қарсы алудамыз. Біз үшін бұл – қос қуаныш, – дейді ол.

Тұрғын үйдегі бір бөлмелі пәтердің аумағы 49 шаршы метрді құраса, төрт бөлмелілері 100 шаршы метрден асады. Құрылыстың бас мердігері – «СурМАК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ ОБЛЫС ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сұлылыққа кандидаттар туралы өз пікірлеріңізді 728-0208@mail.kz электронды поштаға немесе 55-87-73 телефоны арқылы жеткізе алаcыздар.

Алматы облысы бойынша Сөттар Әкімшісі аудандық және оған теңестірілген сотгардың төрағалары мен сұлылаушын, облыстық және оған теңестірілген сотгардың сұлылаушын бос орындарына орналасу үшін төменде тізімде көрсетілген кандидаттарға қатысты Сотгарнен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес отырысының **ағымдағы жылдың наурыз айының 29 күні сағат 10.00-де** және облыстық сотгың жалпы отырысының **осы күні сағат 15.00-де** өткізілетінін хабарлайды.

№	ФИО
1	Абдолданова Рабига Зауатбекқызы
2	Амирбаева Айнаш Абдыкалыққызы
3	Арстанова Жамиля Науханбекқызы
4	Арыстанбеков Жарас Себжанұлы
5	Бейметов Аскарбек Адайбекұлы
6	Дарханова Құралай Дүйсеханқызы
7	Дуанбекова Калима Құлайбергенқызы
8	Жақсыбаев Әділ-Омар Тлегенұлы
9	Жансарбаева Қарлығаш Жолдыкөнқызы
10	Жұмаділова Жанар Гәбдіс-Фазылқызы
11	Жұрханов Айдын Елемесұлы
12	Иманханов Кайрат Маметайұлы
13	Каримова Асем Біртаскызы
14	Касенова Айгүль Сембекқызы
15	Кеземсейтов Еркебұлан Ермекұлы
16	Кожанов Абзал Тулебайұлы
17	Кожахметов Берік Акишханұлы
18	Күзембай Берік Тілеуталіпұлы
19	Садабаева Гүлжазира
20	Сүлейменов Руслан Алмасұлы
21	Тапірбергенов Мұрат Ембергенұлы
22	Ташимбаев Сәят Куатбекұлы
23	Тоқтағұлова Мерей Өмірзаққызы
24	Тохтахунов Мухидин Тохтасунович
25	Тохтыбакиева Анара Салықжанқызы
26	Төреқұлов Дәурен Әлібекұлы
27	Тұрсынов Румин Арқенұлы
28	Тұрысов Бейбіт Тұрыспекұлы
29	Тыпысбекова Гаухар Каримқызы
30	Өмірбаев Данияр Хасенұлы
31	Шәймерденов Нұрлан Садықұлы
32	Шакуал Абзал Шакуалұлы

КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ

Бүгінгі күні Қазақстан армиясы еліміздің барша азаматының мақтанышына айналды. Өз кезегінде әскери қызметтің құрметі артып, беделі биіктегені белгілі. Соған орай әскерге шақырылушылардың ең үздіктері Президенттің «Айбыны» және «Батыр» полктеріне іріктелін алынады. Мемлекеттік күзет қызметіне қарасты Президент полктеріндегі әскер қатарында кешенді тексерістер мен іріктеуден тыныштықты өткен жігіттер ғана қызмет етеді. Мұндай қатаң талап оларға жүктелетін жоғары жауапкершіліктен туындап отыр. Өйткені ҚР Мемлекеттік күзет қызметі Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп беріп, бағынатын, елімізің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және күзетілетін тұлғалар мен нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзет шараларын жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік органның қатарына жатады.

ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ



Мади АЛЖАНБАЙ

Бекітілген талаптарға сәйкес Президент полктерінің қатарын азаматы мен Отанға жанашырлығы басым, батыл және жинақы жігітдайда дұрыс шешім қабылдай алатын тәртіпті әрі қырағылық қасиеттері бойынан табылатын жас жігіттер толықтыра алады. Әскери борышын мүлтіксіз орындауы үшін жауынгерлерден мінсіздік тұрақтылығы, тәндік төзімділігі, әскери қызметке ішкі дайындығы талап етіледі. Әскерге жаңа шақырылған жігіттерзін спорттық және басқа да жетістіктері ҚР МКҚ құрамындағы Президент полктеріне іріктеу кезінде шешуші рөл ойнайды. ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің басты ерекшелігі – жауынгерлер мемлекеттік протоколды қамтамасыз ету міндеті жүктелген құрметті қарауыл ротасына түсуге мүмкіндік алады.

Армияда әскери борышын өтеу кезегі жасөспірімдерді сабырлы да салмақты, өз Отанын сүйетін ер ретінде тәрбиелейді. Әскери кәсіптің олардың дүниетанымын кеңейтіп, шынайы өмірді қабылдауын қалыптастырады. Сол арқылы жігіттердің өмірлік ұстанымы мен бағытын анықталуына мүмкіндік беріп, ерлік пен батырлықтың, айбын мен алдақтықтың үлгісіне айналдырады, ең бастысы – ол халық пен Президенттіне шынайы берілгендігін бекітеді. Өйткені, озар мемлекетімізің бейбіеесі іспеті.

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

◆ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Фридрих Эберт атындағы кордың және Қазақстан-неміс университетінің қолдауымен «Қазақстан көміртегісіз болашақ жолында» атты республикалық эссе және журналистік жұмыстар байқауы ұйымдастырылды.

Байқауға өткен жылы қыркүйектің 1-нен желтоқсанның 20-сына дейінгі аралықта жарияланған, тұрмыста, шаруашылықта және кәсіпорындардың жұмысында және үй шаруашылығы жағдайында жаңартылатын энергияны пайдалану, өндіріске энергия үнемдеу, ауыл және мал шаруашылығында метан шығарындыларын азайту, азық-түлік қауіпсіздігін сақтау, тағы да басқа тақырыптарды өктемдеген журналистік жұмыстар қабылданды. Оған еліміздің түкпір-түкпірінен 60-тан аса материал түскен.

Сарапшылардың және әділқазылардың бағасы бойынша аталмыш байқауға қатысқан әріптестеміз Қажет Андас http://7-su.kz және https://ognialatau.kz сайттарында жарияланған экология тақырыбындағы мақалалары бойынша үздік журналист болып танылды. 23 желтоқсан күні Алматы қаласындағы Қазақстан-неміс университетінде өткен марапаттау шарасында әріптестеміз дипломмен мен сыйлықтар алып, мәртебесі өсіп қайтты. Дәз осындай марапат республикада 7 тілшіге табыстады.

Бұл біздің газеттің де жетістігі. Алдағы уақытта да оқырмандар қызыға оқитын ел мен жер келешегі үшін кемел ой түйген материалдар газет пен сайт парақшасынан түспейтін болады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Әріптесіміз «ҮЗДІК ЖУРНАЛИСТ» атанды

Жұмыра «Арал теңізі бассейнінде климаттың өзгеруіне бейімделу және оның салдарын жеңілдету жөніндегі бағдарлама» (CAMP4ASB) жобасын жүзеге асыру шеңберінде Орталық Азия аймағында экологиялық орталығының (ОЛӨЭО), Қазақстан мен Өзбекстандағы

◆БАЙҚАУ

Облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Жетісу ғажайыптары» атты жас мамандардың алғырлар мен тапқырлар клубы ойыны өтті. Сайыс педагогтардың мәртебесін арттыру, жас мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту, олардың қарым-қатынас кеңістігін кеңейтуді көздеді.

ЖАС МАМАНДАР САЙЫСЫ

Алма ЕСЕНБАЕВА

Шараны орталық директоры Алуа Жанатайқызы ашып, бұл ойынның Жастар жылы аясында облысымызда алғаш ұйымдастырылып отырғанын атап өтті.

– *Дәрбір жас түлек жерін сүйіп, ел өлкесінің тарихын жете білуі керек. Осыған орай өткен жылы оқу бағдарламасына қосылған «Өлкетану» оқулығын неғұрлым алып, алғырлар мен тапқырлар клубы ойынын өткізуді жөн көрдік. Әрі ол арқылы жас мамандардың алғырлар мен тапқырлар клубы ойынын насихаттады. Шара алғырлар мен тапқырлар клубы ойыны негізінде өткендіктен қатысушылар оқулықтың ерекшелігін, мектептегі тұрлі қызметы жайтұғын қатыстырып, әдемі әзіл-қалжың түрінде жеткізді. Осы орайда олар «Шежіреші түнеуін өлкем» тақырыпымен, капитандар байқауы, «Өлке тынысы» шығармашылық кезеңдері бойынша сайысқа түсті.*

Әр аудан-қаладан келген құрама командалар ойынына арнайы бекітілген әділқазылар алқасы дәз бағасын берді. Атап айтар болсақ, барлық сынған сүрінбей өткен Көксу ауданы 1-орынды, Жамбыл, Қаратал аудандары 2-орынды, Сарқан, Талғар аудандары мен Текелі қаласы 3-орынды еншіледі. Ал, Қарасай ауданы «Ең бірлескен команда», Іле ауданы «Ең көпілді команда», Алакөл ауданы «Ең алғыр команда», Еңбекшіқазақ ауданы «Көрермен қозайымы» номинацияларын иеленді. Жеңімпаздар арнайы дипломдармен марапатталды.

Әр жас маман өзінен бірге жақсы зат ала кетеді. Бүгінгі ойынымыз да қызықты, тартысты өткені деп есептейміз, – деді ол.

Сайысқа 18 команда қатысып, «Өлкетану. Алматы облысы» оқулығы негізінде туған өлкелерінің өзіндік ерекшелігін насихаттады. Шара алғырлар мен тапқырлар клубы ойыны негізінде өткендіктен қатысушылар оқулықтың ерекшелігін, мектептегі тұрлі қызметы жайтұғын қатыстырып, әдемі әзіл-қалжың түрінде жеткізді. Осы орайда олар «Шежіреші түнеуін өлкем» тақырыпымен, капитандар байқауы, «Өлке тынысы» шығармашылық кезеңдері бойынша сайысқа түсті.

Әр аудан-қаладан келген құрама командалар ойынына арнайы бекітілген әділқазылар алқасы дәз бағасын берді. Атап айтар болсақ, барлық сынған сүрінбей өткен Көксу ауданы 1-орынды, Жамбыл, Қаратал аудандары 2-орынды, Сарқан, Талғар аудандары мен Текелі қаласы 3-орынды еншіледі. Ал, Қарасай ауданы «Ең бірлескен команда», Іле ауданы «Ең көпілді команда», Алакөл ауданы «Ең алғыр команда», Еңбекшіқазақ ауданы «Көрермен қозайымы» номинацияларын иеленді. Жеңімпаздар арнайы дипломдармен марапатталды.

◆ӘЛЕУМЕТ

2020 жылы Алматы облысында «ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» салымшыларына 500 пәтер ұсынылады. Дәл осындай хабарламен Қапшағай қаласында банк қызметкерлері брифинг өткізді.



ӨЗ ҮЙІМ – ӨЛЕҢ ТӨСЕГІМ

Мақпал МЫСА

Аталған басқома «Тұрғын Үй Құрылыс Жинақ Банкінің» «Өз үйім» атты бағдарламасы аясында сыналады. Жалпы, облыста 10 нысанды пайдалануға беру жоспарланған. Олардың ішінде 128 пәтерлі екі көпқабатты үй Қапшағай қаласында орналасқан. Бұл «DIFT GROUP» ЖШС-нің TENIZ TOWERS тұрғын үй кешені және жеке кәсіпқор Светлана Субхановтың «BALSU LUX» тұрғын үй кешені. Бұл үйлердің құрылысы бүгінде қызу жүріп жатыр.

Шара аясында журналистер қазіргі сәлемен жатқан тұрғын үй нысандарын аралап көрді. Олар алдымен «Инушка» ықшамауданы мен Степная көшесі, № 4 жер телімінде салынып жатқан 60 пәтерлі 5 қабатты үйдің құрылыс жұмыстарымен танысты. Бас мердігер болып табылатын «DIFT GROUP» ЖШС директоры Жамбыл Бақтар құрылыс материалдарымен сапасында, дәйекті өткізбес кабырғаларды мен орналасу жүйесін қолайлылығына мән беріп отырғандарын айтты.

– «Өз үйім» бағдарламасы «Тұрғын Үй Құрылыс Жинақ Банкінің» салымшыларына жаңа пәтерлерді жағдайларда тұрғын үй сатып алуға мүмкіндік береді. Пәтерлер нарықтық бағадан арзанға сатылады. Бағдарлама басқа жылжымайтын мүлікпен болуына мүмкіндік береді. «Өз үйім» бағдарламасына қатысу үшін ең төменгі төлем тұрғын үй құнының 50 пайызын құрайды. Несие мөлшерлемесі жылдық 7% құрайды, содан кейін 5% дейін төмендейді. Мысалы, TENIZ TOWERS-тен пәтер сатып алған кезде несие бойынша ай сайынғы төлем оттаған есеппен 58 333 теңгені құрайды, – деді Алматы облысы бойынша ТҰҚЖБ бизнесті дамыту бөлімінің басшысы Дәурен Есембеков.

«Өз үйім» бағдарламасы бойынша потенциал ескерген қызметкерлерге «Ескерген басқама» бағдарламасына аясында алуға болады. Тұрғын үй жарнамасын сатып алған кезде бастапқы жарнаның тұрғын үй құнын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ескерген қызметкерлер кірістерінің көп бөлігін қарызды төлеуге жұмсамайтынын айтты.

«Тұрғын Үй Құрылыс Жинақ Банкінде» депозит ашқаннан кейін салымшылар жеңілдетілген шарттармен несие алу мүмкіндігіне ие болып қана қоймай алғашқы жарнаны төлей алады. Бұған мемлекет пен банктің өзі жыл сайын 2% көлемінде сыйақы сатып алуға қаражат бөледі. Сондықтан, 2019 жылдың қорытындысы бойынша ТҰҚЖБ клиенттері үшін сыйлықақының максималды мөлшерін алу үшін 2019 жылдың 31 желтоқсанына дейін депозитті толтырып үлгеру қажет.

Осындай мағлұматтарды алған қала тұрғындары алғашқы жарна, жеңілдетілген несие, цоттарын толықтыр сыйлықақы мөлшері жайлы ақпараттарын толықтай таныстыр.

Қимталай қалқы

◆СҰХБАТ

Биыл — Қазақстан Республикасы мәслихаттарының құрылғанына 25 жыл. Осынау шырек ғасыр аралығында халық қалаулылары елдің мұң-мұқтажын тындап, әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысты. Мерейтойға орай Қаратал аудандық мәслихат хатшысы Бақыт СМАИЛОВҚА жолығып, тілдескен едік.



ШИРЕК ҒАСЫР ШЕЖІРЕСІ

— Бақыт Жексембіұлы, мерекелеріңіз құтты болсын! Осы жылдар ішінде біраз түйткілді мәселе өз шешімін тапты деуге толық негіз бар. Өткенге көз жүгіртіп, қарбаласқа толы жылдарды ой елегінен бір өткізсеңіз.

– Құттықтауыңызға рахмет! Жергілікті өкілді органдар қызметінің тиімділігін арттыру қазіргі жағдайда маңызы зор міндет болып отыр. Өйткені мәслихаттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес халықтың өркін білдіретін, өңірлерді әлеуметтік-экономикалық реттеудің елеулі өкілеттіктеріне ие бірден-бір құрылым. ҚР жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің даму тарихы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың әрдайым орташа мөлшерді шешім келуінің өзі үлкен жетістік дер едім. Мысалы, егемендік алған жылдары мәслихат қызметкерлері жергілікті экономиканың күрт құлдырауымен және жаппай жұмыссыздықпен байланысты мәселелерді шешуге мәжбүр болды. Қазір заман түлегіне кеңде де бөдөжет қаражатының тиімді пайдалануы, мемлекеттік қызметтер сапасын арттыру, қоғамдық кеңестердің жұмысын қамтамасыз ету сынды экономиканың және азаматтық қоғамның дамуымен байланысты мәселелерді шешуге ден қоямыз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында халықтың көтерген мәселелері тұрмыстық жағдайын төмендетіне болса, қазір жалпы жұртшылыққа орта ауызсу, мектеп, ауыл сөкілді маңыздылығы жоғары мәселелер жиі көтеріледі. Естеріңізде болса, тоқсаныншы жылдары халық «жұмыс керек, еңбекақымыз көбейсе, бақпана қажет» деген пікірлерді жиі айтса, қазір жұрт жеке басынан гөрі мектеп салу, білім орталарын, Мәдениет үйлерін күдеді жөндеуден өткізу сөкілді мәселелерді көтереді. Бұдан бөз халықтың әл-ауқаты көтерілін, инфрақұрылымның дамуына назар аудара бастағанын байқаймыз. Осыны жұмыстарға мәслихат депутаттары өз үлестерін қосып, халықтың зор сеніміне ие болып отыр.

— Өрине, мәслихат қызметкерлерінің мойнына артылар жауапкершілік жүгі қашанда ауыр. Қазіргі таңдағы депутаттық құрам жайында айтсаңыз.

– Қазіргі уақытта жергілікті өкілеті органдардың алтынғы шақырылымы белсенді жұмыс үстінде. Бірінші шақырылымда 21 депутаттан құрылған Қаратал ауданық мәслихатында бүгінгі күні 13 депутат белсенді қызмет атқаруда. Олардың он екісі «Нұр Отан» партиясының мүшесі болса, бір депутат «Ауыл» партиясының мүшесі. Өткен 25 жыл ішінде мәслихатқа өкілдік, ауылшаруашылығы, денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет салаларының таңдаулы өкілдері депутат болып сайланып келеді. Олар өздерін халықтың мұң-мұқтажын, талап-тілектерін іске асыра алатын абыройлы халық қалаулысы ретінде көрсете білді. Халыққа жасаған еңбегім ешкім кеткен жоқ. Аудандық мәслихаттың екі шақырылымының мәслихат хатшысы, «Құрмет» орденінің, Құрметті профессор атағының иегері, Қаратал ауданының Құрметті азаматы атандым. Мен ғана емес, ауылшаруашылығы ғылымының кандидаты, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан көрілері көүмдастығының Талдықорған филиалының төрағасы Владимир Ли, үшінші шақырылымнан аудандық мәслихат депутаты, ал бүгінде Алматы облыстық мәслихатының депутаты, «Құрмет» орденінің иегері Базархан Байтзев сынды азаматтар дайысты марапатқа ие болып отыр. Сонымен қатар, бірінші шақырылымнан депутаттары К. Жазықбаев, Г. Қосжанова, Н. Пак, Р. Өтегенов, екінші шақырылымның мәслихат хатшысы қызметін белсенділіпен атқарған тіл жанашыры Ж. Тебериков, сол шақырылым депутаттары Қ. Рымжанов, Ж. Сарқанова, В. Спиридонова, Б. Жиенбаев, үшінші шақырылымның депутаттары Қ. Өмірғанов, М. Жебегенов, Р. Тәненоң, А. Шмелева, төртінші шақырылым депутаттары Л. Котова, А. Пұсырманов сынды азаматтар өз қасіптерімен қоса депутаттық мандаттарын да абыройлы атқарды. Ерекше айта кетерлігі, төртінші шақырылымда халықтың сенімінен шығып, бесінші шақырылымға қайта сайланған С. Дәрменбаева, У. Досмолданова, М. Тілеубай, Ю. Малыгин И. Мәслихатқа сынды халық қалаулыларының атын ерекше атауға болады. Ең алғаш құрылған мәслихаттың тізгінін ұстап, бірінші шақырылымның мәслихат хатшысы, әі екінші және үшінші шақырылымдарда мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы болған Болат Байтзевтің ең үшінші және төртінші шақырылымдардың мәслихат хатшысы болған, Алматы облысы мен Қаратал ауданының Құрметті азаматы Мақсат Рақымбаевтың есімдерін мәслихатпен тығыз байланыстыруға болады. Үлкен құрметке ие болып, депутаттық жандатын абыроймен атқара білген, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен үлес қосып, қоғамдық өмірге белсене атсалысқан, өмірден өткен Рысбек Жұмашев, Тәйтілеу Сәрсембекова, Асылбек Пұсырманов, Афанасий Эм, Қайрат Рысқұлов, Юрий Малыгин, Исатай Молжігітов сынды азаматтар да халық сенімінен шыға білген еді. Кейінгі жылдары депутаттар корпусы билікті мекеме басшылары мен білімді жастар Біржан Құмаров, Әміржан Аидасбаев, Алтай Смаилов, Аскар Пұсырманов, Жандос Темелбаев, Гүлшохира Құлсалкова, Сәкт Толеубекова есебінен толысты.

— Қоғамдық кеңестің құрамын депутаттар бекітеді. Осы бағытта қандай шаралар атқарылды?

– Елбасы Н. Назарбаевтың «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарының 99-қадамында атап өрістелген, «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңда айқындалған міндетті жүзеге асыру мақсатында аудандық Қоғамдық кеңес құрылды. Үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестік өкілдері және жеке кәсіпкер адамдардың өзін-өзі ұсынуы арқылы қалыптастырылатын кеңестің құрамын мәслихат сессиясында депутаттар ашық дауыс беру жолымен 3 жылдық мерзімге бекітеді. Қоғамдық кеңес мүшелері өз міндеттерін мінсіз атқарды. Олар аудандағы көптеген тұрмыстық-әлеуметтік мәселелердің ең шешімін табуына, атқарушы билік пен әлеуметтік арасындағы келісім мен түсінушілікті жандандыра түсу тәрізді түйткілдерді тарқатуға себепкер болды. Бұл құрылым аз уақытта жергілікті өзін-өзі басқару төртібінің бір саласы есебінде азаматтық ақылдасу алаңына айналып үлгерді. Құрманы тек депутаттар кіретін тұрақты комиссиялар мәслихаттар жұмысының тағы да бір маңызды тармағы саналады. Күн тәртібіндегі барлық маңызды мәселелер алдын ала осы комиссияларды қарауына ұсынылып, жан-жақты кең талқыланған өтелі. Осы арқылы шағын және орта бизнес салаын дамытуды жолға қою, зан шеберлерінде оларды қаржыландыру, ауылшаруашылығы кооперативтерін дамыту мәселелерін назарда ұстайды. Сондай-ақ, тұрғындар денсаулығын сақтау, білім және мәдениет саласарының қолжетімділігін мен олардың заманауи талаптарға сәйкестігіне аса мән береді. Депутаттық корпус жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, облысымыздың әлеуметтік-экономикалық және рухани өсу қолтаңбасын бағдарламаларын жүзеге асыруға және бұл мақсатқа жұмсалатын қаржының мақсатты игерілуін қадағалап отырады.

— Сіз үшін мәслихаттың 25 жылдығы несімен ерекше? Осы жылдар ішінде тәжірибе жинақтаып, мәслихат маңызы зор үлкен саяси күшке айналғанын білеміз. Мерекеге орай әріптестеріңізге айтар тілегіңіз.

– Иә, мәслихаттардың 25 жылдығы – өткен істерге марқайып, жинаған іс-тәжірибені бағамдай ой қорытып, есеп беретін кезең ғана емес, бұл – алға ауқымды жоспарлар жасап, әлеуметтік дамудың болашақ бағыт-бағдарларын айқындайтын жауапты уақыт. 25 жылдың ішінде құрамында әртүрлі сағада еңбек еткен халық қалаулылары бар аудандық, облыстық мәслихат өкілдік әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өмірінде маңызды істердің жүзеге асуына зор үлесін қосты. Сессия отырыстарында маңызды шешімдер қабылданып, ол өңірдің әлеуметтік жағдайын түзеуге мұлат етті. Елдің ілгері дамуы үшін еңбек еткен органның назарынан қоғамдағы өткір мәселелер, жұрттың мұң-мұқтажы ешуақытта тыс қалған емес. Депутаттар Елбасы алға қойған саяси-әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыруға сүбелі үлес қоса беріді. Аудандық мәслихаттың барлық шақырылым депутаттарын барлық деңгейдегі мәслихаттардың 25 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Халық бен билік арасындағы алтын көпір болып отырған әріптестеріме зор денсаулық, қажымас қайрат, мол бақыт тілеймін. Бірлігіміз бекем, тіліміз тәуелсіз болып, тәуелсіз еліміздің абыройы арта берсін!

— Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Асхат ӨМІРБАЕВ

Қаратал ауданы

БЖЗК
ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ САЛЫМШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТТІ.

ЖИНАҚ ҚҰНСЫЗДАНБАЙДЫ

«Nur Otan» партиясының өңірлік филиалдарында өткен шараға мемлекеттік, мемлекеттік емес органдардың, тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсететін қоғамдық бірлестіктер,«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы,облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының өкілдері қатысты.

Шара барысында «БЖЗҚ» АҚ мамандары келушілерге зейнетақыны жоспарлаудың жолдарын түсіндіріп,мобильді қосымшаның мүмкіндіктері туралы толық ақпарат берді. Зейнетақы калькуляторы келушілер арасында ерекше сұранысқа ие болғаны сонша лық, көпшілік қосымшаны ұялы телефондарына жүктеп, қызметін пайдалынып көрді.

«Жинақтар құнсыздануы мүмкін» деген теріс пікір көпшілікті алаңдатқанын осы шара барысында білдік. Қор қызметкерлері мұндай жағдай орын алуы мүмкін емес екендігін түсіндірді. Мұнда әрбір салымшының атына жеке зейнетақы шоты ашылып, оған зейнетақы жарналары мен инвестициялық табыс түсін отырғындығы айтылды. Жинақ ақша әрбір салымшының меншігі екенін тілге тиек етекен қызметкерлер елдегі зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз етіп бірегей модель жұмыс істейтінін жеткізді. Соған сәйкес мемлекет инфляция деңгейін ескере отырып, жарналардың міндетті түрлерінің нақты енгізілген мөлшерінде сақталуына кепілдік беретіндігі сөз етілді.

Аталмыш шара еліміз бойынша жоғары деңгейде өтті. Қатысуға ниет білдірушілер көп болды және олар жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен Қор қызметіне ерекше қызығушылық танытты. Сондай-ақ,Ашық есік күні соңында барлық қатысушыға арналған сыйлықтар ұсынылды. Сауалнамада келтірілген пікірлер мен ұсыныстардың барлығы жақын уақытта ескерілетін болады.

«БЖЗҚ» АҚ
баспасөз орталығы

Сайт: www.7-oi.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisuqazeti
Jetisý
№36-38 (18746) 4 qyrkүiek, 2020 jyl

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласын данышпан Абайдың 175 жылдық мерейтойы қарсаңындағы еліміз үшін, қазақ азаматтары үшін өте терең мазмұнды бағдарлама деп қабылдадым.

ҰЛЫ ҰСТАЗ

Мақаланың «Ұлттық болмыстың үлгісі» тарауында тылым мен білімнің, педагог мәртебесі, тіл үйренудің маңызы туралы данышпан ойларының қазіргі сағат сайын өзгеріп дамып жатқан әлемдегі маңызы да айқындалған. Қазақ қоғамы үшін Абайдан бастау алатын интеллектуалды ұлт қалыптастыру, ұлттың өресін осыру бағдарламасы үшін аудай қажет деп қабылдағанымыз маңызды. Ұлы ақын мұрасына жүгіне отырып, елдің мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктету, сол арқылы әлсіретіп қоған орнату ісіміз XXI ғасырдағы еліміз үшін аса құнды деген ойлар көптеп сеніп ұялатады. Мақалада поощыстіру мен каракан басының кәмемен жүргендерге ой салғаның тұжырым да айтылыпты. Президент «білім халыққа әрдайым құлақ түріп отырғаны жөн» деген ойларын ұнда да бекемдей түскен екен. Осы тұжырымға бүкіл отырғайдар шын ниеттерімен қолдауы болса деген ой келеді.

«Абайды жаңа Қазақстанның бренді ретінде әлем жұртшылығына көпінен таныстыру керек. Бұл – бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы». Құптауға да, қолдауға да тұрарлық тұжырым. Осы тұжырымның жүзеге асуына Алла жар болып, абырой берсін деп тілейік.

Абайды қазақ халқының ұлы ұстазы деп танумның керек деп едім. Оның арғы жағында әлемдік деңгейдегі «ұлы ұстаз» деген ой тұнғандай. Әлемдік деңгейдегі «ұлы ұстаз» атандыру бізгерге үлкен аманат, парызды міндет. Себебі, әлемге данышпандық аударма арқылы таныстырғанымыз анық. Ал аударма Абай ойларын от дәрежесінде жеткізе алмайды. Абай ойлары мен нәбраттарын тіл де, дін де, жанға да қазан тап басып түсіне алады.

Бір ғана мысал айтайын: «Сегіз ақа» деген Абай ойынан бөрінің білетін шығармыз?! Әр тармағы сегіз жолдан тұратын өлеңдегі философиялық тұжырымды жалпақ тілмен талдап түсіндіру үшін бір ғылыми көбекке тұрарлық мақала жазу қажет. Ал әр сегіз жолдың екі жолы бір ойды айтып, үшінші жолмен қорытындыланатынын алдыңғы алты жол таңы екі жолмен түйінделетінін Абайдан басқа акын дүниеге әкеле алған жоқ. Бұл ақындық пен данагылық қой ұстасын тұрған мығырмас жазушардың дүние. Басқа ең акын мұны қайталай алмас деп ойлаймын. Үкпас шумақтардағы бұын сындарының да бірдей болуы кереметемес пе?! Сезбесеңіз зерделеп көріңіз. Абайдың өлеңдерін қолға алып, көңірек кизығыбен оқып талдаңыз.

Ақтадан алтау, ақылдан тоғыз,
Жалғыздық көрер жеріне жоқ.
Адайлы бек кең, айтамын епті,
Сөзіндей ұлар біреу жоқ,
Молаеводай бақсының,
Жалғыз қазақта, тек шешен.

Міне, Абайдың тылсым да жұмбақ жаратылысы мен еңбектерін өзіміз ұғыла-шұғылықпа дейін түсініп, ұрпақтарымызды соған тәрбиелегенде ғана, ол «Ұлы ұстаз» деген өз дәрежесін иеленеді.

Абайдың философиясы туралы айтылып жүр ғой, ал мектеп қабырғасынан бастап балаларымызды тәрбиелейтін Абай педагогикасын қалыптастырып өмірге енгізуіміз қажет деймін. Бұл қазақ баласы үшін ұлттық педагогикамның негізі болуы керек. Абай нибраттары арқылы ұлттық педагогикамызды жаңа заманға лайық жасауымыз керек-ақ. Басқа елдің педагогикасын қазақша таңа бермей, өзіміздің қазақтың ұлттық педагогикасын қалыптастырайық. Ол басы, ошақ қасынан бастап балабақша, мектеп, жоғары оқу орындарында тәрбиенің ұлттық сарынын сақтауды қажет ететін болады. Ал ол жаңа технологиялар мен заманның дамуға епкіндай кедергі келтіремейді.

М. ЖҰМАБЕКОВ,
Балқаш ауданының Құрметті азаматы

◆ТАҒЫЛЫМ

ТӘЛІМДІ КЕЗДЕСУ

Көксу ауылшаруашылық колледжінде тәрбиелік мәні зор мәдени шара өткізілді.

Таялымда шарага 40 жыл шәкірт тәрбиелеп, болашақ маман даярлауда аянбай тер төккен, тәлімгер ұстаз Қарлығаш Қопабаева мен 15 жыл атағының білім ошағының шаруашылық бөлімінде еңбек еткен ақулы ана Мәкен Есімбекова шақырылды.

Ақ сүтімен бойымызды дарытқан, бесік жырымен көңілімізді нәрлендіріп, ауыра қалсақ, түнімен күзетіп емдеген, шаршаулы мүлдем білмеген аяулы да ардақты жандарға құрмет көрсетілген кешті колледж әдіскері Комшат Албакова құттықтау сөзімен ашты.

Сонан соң Қарлығаш Құлайбергенқызы өзінің ұстаздық жолы туралы білімгерлерге көпінен әңгімелеп берді. Ұстаз 1981 жылы Алматы қаласындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ ауылшаруашылық институтын тамамдап, сол жылы осы білім ордасына жас маман ретінде жұмысқа орналасады. Сол жылдан күні бүгінге дейін колледжде үздіксіз еңбек етеді.

Қынылығы мен қызығы қатар жүретін ұстаздық еңбек жолын кеш көпшілдеріме бірге бастаған тәлімгер ұстаздар Көбегең Мұсапиров, колледжде 34 жыл кітапханада қызмет атқарып, бүгінде еңбек демалысында жүрген Светлана Пасарева өз сөздерінде олардың адамн қасиеттерін, кәсіпке келбетін, жас ұрпаққа берген орасан зор еңбектерін әңгімеледі.

Ұстаздардың әр жылдары білім алған шәкірттері бүгінгі таңда түрлі салада еңбек етуде. Атап айтар болсақ, ұстаздар Марал Секербекова, Мөлдір Данияқова, Тұлжат Қазиева, Мадина Талғатқызы, Балғын Кенжебекқызы сынды шәкірттерін мақтан тұтады.

Шәкірттері кеш барысында ұстаздарына арнап жылы жебілдерін білдіріп, жыр шумақтарын арнады. Бүгінгі жас ұрпаққа берер тағылымы мол бұл кешті колледж білімгерлері әуелете ән салып, би бишеді, ана, ұстаз тақырыбына жазылған әкындардың жыр шумақтарын оқиды.

Кеш соңында конақтарға естелік сыйлықтар мен гүл шоқтары табыс етілді.

Б. ТҰРҒЫМБАЕВА
Көксу ауылы

◆ЭКОЛОГИЯ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАЙЫҚ

Қоршаған ортаны қорғау әрбір адамның қасиетті борышы. Оқушыларға экологиялық білім беріп, табиғатты қорғауға тәрбелеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Экология – бүкіл адамзат баласының шалыс басқан әрбір іс-әрекетіне келешекте шек қоятын, оның тыныс-тіршілігіне тікелей ағсалысатын тылымның жаңа саласы. Ол қоршаған ортаны қасқан жағдайлардан, кейбір оқиғалардан сақтауға, табиғаттан арадағы тепе-теңдікті қалпына келтіруге бағытталған маңызды мәселелік және әлеуметтік шара. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру бала кезден басталады. Ал балаларға қоршаған орта туралы қоғарасын үлемі кепейтуге ұмтылуы керек. Экологиялық білімді әрбір азаматтың санасына, ой-өрісіне, дүниеге деген қозқарасына қоршаған табиғи ортаның өзі мен қоған үшін қажеттілігін сезіндіре отырып қана сіңіру керек.

Экологиялық білім берудің түп негізі отбасынан басталады. Өкінішке қарай, кейбір адам табиғатқа байлық көзі немесе табас көз ретінде қарайды. Осындай ойдан бүгінгі жастар қорытынды жасауы керек. Экология тылымы табиғатты тиімді пайдалана отырып, оның заңдылығын бұзбауға үйретеді. Табиғат заңдылығы дегеніміз? Ол жердің бетікі қабаты – литосфера, оның үстіндегі қабаты – гидросфера, оның жоғарғы қабатын құрайтын – атмосфера. Осы үшеуінің арақатынасындағы биосфера – тіршілік қабаты. Осылар бір-бірімен үйлесімді ұштасып жатқан уақытта таңа жер тозбайды, ауа ластанбайды. Мысалы, Финляндияда тал тұрмақ, бұтақты кесуге тыйым салынған. Сондықтан да бүгінгі таңда халыққа экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесін мемлекеттік деңгейде кең көлемдегі қамтуымыз қажет. Әсіресе, әрыстан, жолбарыс, қабылан, құлжа, тауешкі, бұғы, бөкен бейнелер бар. Ертіедгі атты ұстап тұрған адамдар мүсіні құйылған шамдадар тіпті таңаша. Өңіелердің әшекейлі бұйымдарында түйелі қоян, алуан түрлі құс бейнелері бар. Демек, бабаларымыз табиғатты, ұшқан құс пен жүгірген аңды қорғау идеяларын тұрмыстық бұйымдарда бейнелеп, оны аптап, жүмістеп айтады. Бұл да табиғатты қорғаудың катка түсіреп, бірақ тұрмыс-тіршілік тәсілі арқылы ғасырға жүгетеп адамзатқыны ең ертедегі заңдық үлгісі. Қысқасы, бізгің бабаларымыздың шыр етіп өмірге келгеннен жер қойнына кіргенге дейінгі өмірі таза табиғат, көркем қоршаған орта, елеулі экологиялық тазалықпен бітe-қайнасып жатқанын бөлдіреді. Бұл туралы сан түрлі дәлел келтіруге болады.

Біз осындай таза халықтың ұрпағы едік. Алайда бүгін сол бабалар салған табиғатты қорғау жолынан адастап барамыз ба, қалай өзі? Әлемді мақтанышқа алапат өрттер, тіршілікті жермен-жекөсе етken сілкіністер, құм апаты, су апаты, шегіртке апаты, бүгінде адамзат баласы бетпе-бет келген обыр, оба дерті, таңа да басқалар сол өткенің өкінесін ескермеуден туындаған сөсіз қалықтар деп топшылауға болады. Қазақ баласы жерді анаға балап, Жер-ана деп құрметтеді. Басқалар да осылай бағалады. Ананың қарысына қалуды дүниедегі ең қауіпті іс деп санады. Сол құрметке немкеткіл қарағандағдат баласы бүгінде жұмыр жердің ашуын тұлғын жатқаны жасырын емес. Тіпті, алып атом бомбасын, биологиялық қарушн, қырып-жоятын құралын бірі-бірінe жезегген адамдар Жер-шарының күзін көкке ұшыруға шақ қалғандай.

Табиғатты қорғаудың санаалық тұрғыда осылай жадамызға жаттатқан бабаларымыз ұрпақтарын, ел берекесін болып, жеке бастың бақыты үшін айналасын жұлып жеп бара жатқан тұста сол таңымдарын жаңғыра бекітіп, кемел күшпен келешекті қорғаудың жолын қарастырды. Расында, біз қазір өткеніміздс жазба тарихымыз болмаған деп, басқалардың жазып кеткен полсақтаңына деп қомақ. Бірақ бүгінгі жұқдеті түгендеген тарихты түгіп қарасаң, бәрінде қазақ тегін құрған ертеледгі тайпаларда бекітілген заң-жарлықтардың болғаны дәлелденіп жатыр. Өрине, бізден тезімі және озардың дүниге көзқарасы, қоршаған ортаға құрметі, ерлік жолдары жайлы Қытай археологтерінен көп дерек табуға болады.

«Ханнама. Батыс өңір бәяны Үйсін баяндында» атты атақта Ұлы Күйбі Седелтің: «Малыңа қауымға айтыңдар, пырайлы ірісіңе жылқа апармасын, ел ішіне ағын бір заманынан да орнықты болсын», – деп жарлық шығарғаны жазылады. Бұл туралы бізден бұрынғы зерттеушілер мен білктілер сан түрлі жорамал жасаған. Оның бірегуі өндіріспік қатынастың реттеудің шарасы деп қарасаң, енді бірі үйсін қоғамындағы ақсүйек билеушілердің қактығысы мен шиленісін тудырмау үшін жасалған қадам деп бағалады. Бізгің пайымымызша, бұл Седелтің қоршаған ортаны қорғаудағы ең ұлықсы тәсілі деп қарайміз. Өйткені, сол тұста үйсіндер Доңхуан өңірі мен Сарұ өзенінің аңғарындағы цивилгті аймақта қонысталды. Жайылым аз, жылқы түлігі көп. «Көрегі ет, сусыны» айран, қымыз» болған үйсіндер үшін қоршаған ортаны қорғау ең ұлымды жолдың бірі болды. Осындай шаруашылықтың талабы, сұлы тұлық, шөбі мол, шұрайлы өңірге деген құнтірлық үйсіндерлің сол қонысын тастап, Іле өңіріне қонуыне тұрткі болды. Қысқасы, қазақтың ерте дәуірден бастап көшпелділікке жаны үйір болуы, міне, осындай таңғажайын табиғат, таза экологияға деген құштарлық еді. Мұндай жазбалар Түркі даласының мәңгілік ескерткішіне айналған «Тоныкөк құлпытасы», «Күлтегін құлпытасы», «Білге қаған құлпытасы», «Қолшор құлпытасы», «Онғон құлпытасы», «Хуйто-тамыр құлпытасы», «Мойынор құлпытасы», «Терхин құлпытасы», «Тес құлпытасы», «Сұжы құлпытасы», «Талас құлпытасы» сынқты ескерткіштер мен тас бетіне салынған тарихи жазбаларда тұнып тұр. Қысқасы, басқа жұрт жазу дегенінш не екенін сездіруді ұйғарып жүргенде бізгің аталарымыз табиғатты қорғаудың, жер-ананы қадірлеудегі асыл арманын осындай таска қашап жазып кетті. Экологиялық қолжетім алғашқы авторларды да осы адамдар.

Ал экологиялық қорғау туралы сонау ертедегі бабалардан бер қарай жалғасқан ұлы әдептерды жинақтап, оны хатқа түсіріп, жаңғыра бекітken алғашқы адам Шыңғыс хан болатын. Шыңғысханның бекіткен «Ұлы жасақ» заңының Шихэхуту жазған «Көк дәптердегі» тұпнұсқасы табылмағанымен талымдар оны «Монғолдың құпия шежіресі», «Чингис хаңның білгі сұрғалы», Рашид ад-Диннің «Жылнамалар жинағы» және А.Жувейнидің «Әлемді жаулап алушының тарихы», Марко Полоның мәлметтері арқылы зерттеп, негізгі сырын там-тұмдап шеше алды. Қытай ғалымы Ли Туфэн «Шыңғыс хаңның жаңа өмірбаяны» атты еңбегінде, ұлы жасақты есті бөлімге жіктеп көрсеткен.

Ал моңғол ғалымдары Ли Зу Финнің әдеттегі тыйым ережелерін «заматтық заң ережелерінің бір бөлімі деп есептеп, «Ұлы жасақтың» жеті тыптамаға бөледі. Айтылық, «Ұлы жасақтың» «жайылым жер» туралы бабы ежелгі Қидан заңдарының әсе түсіреді. Көк дәптерде түскен бір жарлықта «Ал, құстан осп-ону төлдану мезгілінде оларды рұқсатсыз аулауға қатаң тыйым салынады» деп көрсетілген. Ал «Ұлы жасақтағы» «Көшкен жұртқа ошақ орнына және өзен-суға зор сыйлырға тыйым салатын» ережесі түркітердің қазір тіпкалық салт. Ежелгі заңның бұл ережесі кейін мұсылман дін ережелерімен ұштасып, түрлі халықтарының арасында моралдық дәстүрге айналды.

Мысалы, қазір қазақ халқында «Әділетсізге ерген сұға сөгді (жамандыққа бармадың) деген мәтел бар. Шыңғысханның «Ұлы жасақтағы» табиғатты қорғауға бағытталған жарғысы кейін келе «Қасым ханның қасқа жолында», «Есім ханның ескі жолында», әз-Тәукеннің Жеті жарғысында да қолданылды.

Шыңғысхан бағаска жорық жасаудан бұрын қазақ даласындағы халықларда қорғаған органы қорғау және тазалық шарт-жағдайларын жасқарту үшін құлық жүйесін қалыптастырған. Оның бірнеше түрлі себебі болды. Біріншіден, клематы құрғақ қазақ даласының көп жерінде өзен-су көмпіл. Екінші әскери істердің қажетіне болған құлық жүйесін мықтап өркендетуге тура келді. Тарихи материалдар мен археологиялық зерттеулердің нәтижесіне қарайтын болсақ, қазақ даласындағы қалалар сол дәуірдегі білік басындағылардың қорғаны ретінде дамыған. Оңда қала тұғызғанда білік басындағылардың отбасын қорғаудың басты мақсат еткен. Сөнімс кезінде жер бетіндегі сулар оның бұзғышылығынқа ұшырайтын және қарсы жақ су кәйтарын үшін тастау, суға ұялу сияқты тәсілдерден пайдаланып кетпесі үшін жалпы бөтік құлық істеткен. Үшіншіден, қорғаған органын тазалығы және әдет-ғұрыптың қажеті үшін де осындай қадамға барған.

Қазақтар негізінен малшаруашылығымен шұғылданғандықтан қалалы жерлерде де мал басы көп болған. Сол тұстағы тайпалар мен ұлыстарда ауылсу мен суатты бөлек ұстайтын жағылмаған заң болған. Қазақ тілінде-гі бүгінгі ауылсу атауы ерте замандағы құлық суы мен бастау суын меңзейтін. Ал суат мал суғаратын орын. Сол тұстағы қалалы жерлерде арнайы суаттар белгіленіп, тұрмыздар үшін құлықтан су ішу тәртібі орнаған.

Қазір ойласақ, Шыңғысханның осы құлық жүйесі ел бигелуін де таңаша жаңалықтың жарқыла шығарғаны. Ол кезде техника тым таңша болмағандықтан әр отбасы алға-алдына құлық қаза бермейтін, 20-30 отбасы бөрін, бір құлық қазып алатын. Осыншама отбасы бір құдықтан су шөкпеуінен бірге-бірге бауырласып, аталасып, жақындасып, белгілі бір топтың бірлігін қалыптастырған. Құдықтың аттары да әртүрлі болған. Көбіресі құлық несіне атымен, кейбіреуі құлық қазылған материалдан атымен аталған. Қазақ тілінде: Тасқұдық, Құмқұдық, Шеген құдық, Талқұдық, тағы да басқа атаулар, міне, осындай тілдік қорымызға енген. Сонымен қатар, ел арасына хабар-ошар таратқан кезде құдықты бірік етіп, құдық басындағы аузы ақсақалдары арқылы іс жүргізіп отырған. Судың қадірін, маңызын жақсы түсінген қазақ халқының таңымында суға байланысты, суды қастерлеп, қалрлейтін әрым-тәсілем сөздер көптен кездеседі. «Сүйінсең құмығыңды түкірме», «Шелектегі суға ауыз салма», «Түнде су алуға бармаң, «Кәлдың жұған соң сілкіме», тағы да басқа тыйым сөздер қазақ халқының сү қадірін, табиғатқа таза-лығын түсінетін ең керемет ұғымдары. Шыңғысхан халықтың осы асыл парасатын тиімді қолданып, байыптап сарапқан, оны ел басқарудың жарғысына енгізіп, қазақ емес, түрки әлемінің, тіпті тұтас адамзат баласының таңқында ең алғашқы экологиялық жарғыны жасаған адам ретінде тарих сахнасынан орын алды.

Шыңғысхан орнатқан табиғатты, әсіресе, су қорғау жайлы тәртіпнің бір ұшығын біз де бала күнімізде көріп қалдық. Кыс қыстауда шеру суды арнайы белгіленген бұлақ басынан тасып шегінбі де, белгіленген суаттарға ғана мал суғарыстатын. Ауылсу аталған бастауларға мал аяғын тигізбейтін, ал суаттан шеру сү алмайтын. Бұл жағдай балалық шағым ауылда өткізген менің құрдастарымның да басынан өткен шақ. Шыңғысханның осы бір қарапайым жарғысы мыңдаған жылдар бойы қазақстардың арасында табиғи қалпында сақталып келді.

◆НҮСІПБЕК ӘШІМБАЕВ — 110



Тарих деген ұлы жазбаның әр бетіне бедерленер тұлғалар болады. Олардың бірі көмейінен сөз нілін тамызған көсем, бірі кәрі еменнің тамырындай шатысқан дүниені бірауыз лепеспен шешер шешен, енді бірі аттың жалын жастанып, қара жұрттың қамы деп қара адырларда шашақты найзасына сүйеніп қалғыған батыр болуы бек мүмкін. Ал солардың қатарында ерен еңбектің көрігін қыздырған атан жілікті, қара нардай қажырлы тұлғалардың есімі де қосарлана айтылып, қапталдаса таңбаланып жататыны бар! Неге? Өйткені, сан мехнатты жол жүріп өткен халықтың болашағының кемел болуы үшін маңдай терін қара жерге шүмектете төккен еңбекторлы азаматтардың да әр ісі жау жапырған батыр ерлігімен пара-пар! Міне, сондай тұлғамыздың бірі де бірегейі деп Социалистік Еңбек Ері Нүсіпбек ӘШІМБАЕВ атамызды айтамыз.

АҢЫЗҒА БЕРГІСІЗ ТҰЛҒА

Сағатбек ОМАРОВ

◆ДҮНИЕ ДАБЫЛ



АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

Кейінгі бір-екі ғасырда адам баласы Жер шарын аялап, басқа жан иелерінің қалыпты тіршілік етуін қамтамасыз ету сынды жауапкершілігін ұмытып, табиғатты мейлінше бүлдіруге көшті. Осының салдарынан неше түрлі жойқын апаттар орын алып, тарих парақтарына қанмен жазылған қасіреттерді таңбалап кетті.

Қажет АНДАС

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti
Jetisý
№66-68 (18776) 13 маусым, 2020 жыл

Жер шары да адам сияқты. Ол сүйіспеншілікті сезінеді, көрсеқызарлыққа жаны қас. Өз сезімін таптаған әрбір қитұрқы әрекетті анық біледі, бірақ есебін алуға асықпайды. Жер қадірін жете түсінген халқымыздың да бітім-болмысы осыған келеді. Сондықтан халқымыз ақылды, байсалды, сабаз адамдарға: «Жер қозғалса да қозғалмайды», – деп баға берген. Бірақ олар бір қозғалса, тауды бұзып, тасты жарып, өзенді сапырады. Алайда адамдар осы күнге дейін өзімізді тым ақылды, білімді, парасатты сезінін, ойымызға келгенді істеп, Жер шарының берекетін қашырып жатырмыз. Бабаларымыз «Жер-ана» деп қастерлеген осы қара топырақтың қадірін сезінуден қалдық. Ана өз перзентіне ешқашан жамандық ойламайды, кешіримді. Десе де, ананың қарғысы мен наласына қалған ұрпақтың көсегесі көгермейін осы күнге дейін көрген жоқпын.



ЖЕРГЕ ДЕ ЖЫЛЫЛЫҚ КЕРЕК

Қажет АНДАС

Атам үнемі: «Мұнан да жаман күнде тойға барғанбыз», – деп жаны қинылғанда айтып, жылы сөзбен өз-өзін сергітіп алатын. Ал табиғатта тіл жоқ. Ол өлшеусіз мен өлшеуін айтып жеткізе алмайды. Сондықтан, адамдардың өзіне жасаған қиянатына төсын зекеттер, қайғысы озғалар әрқилы жаңа дерт береді. Берін те келеді. Біз осыған дейін табиғатқа төсын озғаларды пызым тұрмысынан түсіндіріп келдік. Соны сүйіспеншілік тұрғысынан түсіндіруге құлқымыз барғанды. Өйткені, оған сана-сезіміміз жетпей жоқ. Көстөм киіп, талстұк байлағанымызға, ұшақпен ұшып, қымбат маркалы көлік мінгенімізге жеппіздік. Оның бәрі бізден ақыл-парасатымызды тұмаздасы емес, табиғаттың сыйы екенін сезінуден қалдық. «Қорқа жесең, қой қалады, тарта жесең, тай қалады», – дейтін халық даналығын қайрын қойып, бізден бәлкімен бұрынғы қалпынша қолыстік.

Абай Құнанбайұлының «Есекмідір» поэмасын өмір бойы өшіп өтсек те, әлемді билетсек, байлыққа қызықпан билеушінің шенеуқызғын бір-ақ ұлес топырағын тойдырған табиғаттың құдіретіне назар салмадық. Нәтижесінде, жер шарына жылылық тапшылық ұласты. Есесіне, Жер шарын адам айтқысыз апаттар жеделтен жылынуға жеделей келеміз. Шындығына келер болсақ, осы кәсіретке бүгін біз жауаттыммыз. Демек, кейінгі жұрқа тасырда өмір сүртіп бізден адамзат тарихындағы ең қайырымсыз ұрпаққа айналдық.

Ғалымдардың көрітеуі көрсеткендей, 1980 жылдан бастап галамшардағы орташа температура 0,8°С-қа көтеріліп. Егер зерделеп қарар болсақ, жылдық жылжуында 20 өкіріктің 19-ы 1980 жылдан кейінгі уақытқа тұспа-тұс келеді. Кәне жер шары бұрынғыға қарағанда 1,1 градусқа жылынған. Егер жер қыртысы 3-4 градусқа қызса, адамдар арасында ойламған апаттың орын алатындығы анық. Осындай күнінь шамадан тыс қызуы салдарынан полюстік мұздар тез ерін бара жатыр. Мәселен, Арктиканың мұздықтары еруін жарты ғасыр бұрын бастаған. Гренландия мұздары ерін кетсе, мұхит деңгейі 7 метрге көтеріледі. Мұндай жағдай орын алғанда Мальдив сияқты төмен деңгейлінен бір метрге ғана жоғары орналасқан елдердің су астында қалары сөзсіз. Ал Антарктида мен Арктика мұздары ерісе, мұхит суы 60-70 метрге жоғарылайды. Ядролық бомбаның зардаптары түкке тұрмайсы болып қалады. Егер осы айтқан болып жатса, жер бетіндің өсімдіктер мен жануарлар әлемі түгелдей өзгеріп, су тапшылығынан 3 мұрдай адамның өмірі қыл үстінде қалады.

Осы апаттың жақындағанын бұлағы жақсай да көрсете бастады. Адамзат баласын бір тарынын қаусынға сыйғырған ілдет енді әлемдегі мұхыт жүзіне ұласты. Шетел басшаларын өзі аяқтарына сүйенсек, Оңтүстік, Орталық Африканы қамтып кәрнешының орнап, төмендегей көтеріліп кетпек. Осыған байланысты Европа елдерінің бірқатарында аномальді жылдық түрлеуі. Бірақ еліміздегі ауа температурасы да бірге-бірге көтеріліп келеді.

Жақындық жылынудың қатерін жеткізбегіңіз да жөнді тиіп тұрған жоқ. Бірнеше жыл қатарынан жаз айлап мезгілсіз жер тамабын қуырғанымы шығар. Статистиканға сенсек, жақындық жылыну процесінен Іле Алатауынан бастау алатын өзендердің суы соңғы жылдары 16 пайызға кемиті. Мұндай келеңсіздік жер жаннары атанған Жетісудың эр тұсынан кезіккелі. Егер осының өртерек қолға алып, оған шешу қолдамын таппасақ, жеті өлкә сарқаарат ағып, құзар шыңдары көшке бой созған және көкпектей көздері көздің қарашығындай мөлдіреген жерлерінің мекеңді құм түске айналдырумыз әбден мүмкін.

Өткен аптада Америка галымдары күн сәулесі коронавирусты жоя алады деген мәлімдеме таратып, айды аспанға шығарды. Озардың айтуынша, Солнцтік еңдіктің талтұс кезіндегі 40 градус ыстығында 5,8 минуттан кейін коронавирустың 90 пайызы сілекейінің, ал 13,4 минуттан кейін тіршілік ортасындағы белсенділігі қасқалдағы екен. Осы 40 градустық параллельде Испания, Португалия, Италия, Греция, Түркия, Қытай, Жапония, АҚШ-тың оңтүстік штаттары орналасқан. Өкінішке қарай, коронавирус осы өңірлерде ең белсенді таралып жатқанын байқап отырмыз. Мүмкін, галымдардың көпке айтпай-тын ісі құпиясы бар шығар?!

Бұған қарап, шіспік шу ықтималдығын инфекциялық эпидемиологтер деп сенің, қамсыз отыра беруге болмайды. Мәселенің екінші жағынан ойланып көрейік. Ягни жылдың жылы маусымында күннің бір градусқа жуық перебраскаулардың дуралдың артуына түрікі болады. Бұл жерде ең дуралдың туралы айтылып отыр. Медицинаның тілмен айтқанда, индағы қан айналысы бұзылып, перебраздық қан тамырлары патологиялық өзгерістерге ұшырайды. Ал индағы қан айналысының бұзылуына болатын дуралдың көп жұмұ көрсеткіш жүрек сырқаттанған кейін екінші орында тұр.

Коронавирус – тұмау сияқты жануарлардан жұққан кесел. Атам заманнан бері адам өмірін қауіп төндіріп келеді. Шындығына келер болсақ, осы кәсіретке бүгін біз жауаттыммыз. Демек, кейінгі жұрқа тасырда өмір сүртіп бізден адамзат тарихындағы ең қайырымсыз ұрпаққа айналдық.

Ғалымдардың көрітеуі көрсеткендей, 1980 жылдан бастап галамшардағы орташа температура 0,8°С-қа көтеріліп. Егер зерделеп қарар болсақ, жылдық жылжуында 20 өкіріктің 19-ы 1980 жылдан кейінгі уақытқа тұспа-тұс келеді. Кәне жер шары бұрынғыға қарағанда 1,1 градусқа жылынған. Егер жер қыртысы 3-4 градусқа қызса, адамдар арасында ойламған апаттың орын алатындығы анық. Осындай күнінь шамадан тыс қызуы салдарынан полюстік мұздар тез ерін бара жатыр. Мәселен, Арктиканың мұздықтары еруін жарты ғасыр бұрын бастаған. Гренландия мұздары ерін кетсе, мұхит деңгейі 7 метрге көтеріледі. Мұндай жағдай орын алғанда Мальдив сияқты төмен деңгейлінен бір метрге ғана жоғары орналасқан елдердің су астында қалары сөзсіз. Ал Антарктида мен Арктика мұздары ерісе, мұхит суы 60-70 метрге жоғарылайды. Ядролық бомбаның зардаптары түкке тұрмайсы болып қалады. Егер осы айтқан болып жатса, жер бетіндің өсімдіктер мен жануарлар әлемі түгелдей өзгеріп, су тапшылығынан 3 мұрдай адамның өмірі қыл үстінде қалады.

Осы апаттың жақындағанын бұлағы жақсай да көрсете бастады. Адамзат баласын бір тарынын қаусынға сыйғырған ілдет енді әлемдегі мұхыт жүзіне ұласты. Шетел басшаларын өзі аяқтарына сүйенсек, Оңтүстік, Орталық Африканы қамтып кәрнешының орнап, төмендегей көтеріліп кетпек. Осыған байланысты Европа елдерінің бірқатарында аномальді жылдық түрлеуі. Бірақ еліміздегі ауа температурасы да бірге-бірге көтеріліп келеді.

Жақындық жылынудың қатерін жеткізбегіңіз да жөнді тиіп тұрған жоқ. Бірнеше жыл қатарынан жаз айлап мезгілсіз жер тамабын қуырғанымы шығар. Статистиканға сенсек, жақындық жылыну процесінен Іле Алатауынан бастау алатын өзендердің суы соңғы жылдары 16 пайызға кемиті. Мұндай келеңсіздік жер жаннары атанған Жетісудың эр тұсынан кезіккелі. Егер осының өртерек қолға алып, оған шешу қолдамын таппасақ, жеті өлкә сарқаарат ағып, құзар шыңдары көшке бой созған және көкпектей көздері көздің қарашығындай мөлдіреген жерлерінің мекеңді құм түске айналдырумыз әбден мүмкін.

Өткен аптада Америка галымдары күн сәулесі коронавирусты жоя алады деген мәлімдеме таратып, айды аспанға шығарды. Озардың айтуынша, Солнцтік еңдіктің талтұс кезіндегі 40 градус ыстығында 5,8 минуттан кейін коронавирустың 90 пайызы сілекейінің, ал 13,4 минуттан кейін тіршілік ортасындағы белсенділігі қасқалдағы екен. Осы 40 градустық параллельде Испания, Португалия, Италия, Греция, Түркия, Қытай, Жапония, АҚШ-тың оңтүстік штаттары орналасқан. Өкінішке қарай, коронавирус осы өңірлерде ең белсенді таралып жатқанын байқап отырмыз. Мүмкін, галымдардың көпке айтпай-тын ісі құпиясы бар шығар?!

Бұған қарап, шіспік шу ықтималдығын инфекциялық эпидемиологтер деп сенің, қамсыз отыра беруге болмайды. Мәселенің екінші жағынан ойланып көрейік. Ягни жылдың жылы маусымында күннің бір градусқа жуық перебраскаулардың дуралдың артуына түрікі болады. Бұл жерде ең дуралдың туралы айтылып отыр. Медицинаның тілмен айтқанда, индағы қан айналысы бұзылып, перебраздық қан тамырлары патологиялық өзгерістерге ұшырайды. Ал индағы қан айналысының бұзылуына болатын дуралдың көп жұмұ көрсеткіш жүрек сырқаттанған кейін екінші орында тұр.

Коронавирус – тұмау сияқты жануарлардан жұққан кесел. Атам заманнан бері адам өмірін қауіп төндіріп келеді. Ал индағы қан айналысының бұзылуына болатын дуралдардың көп жұмұ көрсеткіш жүрек сырқаттанған кейін екінші орында тұр.

Коронавирус – тұмау сияқты жануарлардан жұққан кесел. Атам заманнан бері адам өмірін қауіп төндіріп келеді. Шындығына келер болсақ, осы кәсіретке бүгін біз жауаттыммыз. Демек, кейінгі жұрқа тасырда өмір сүртіп бізден адамзат тарихындағы ең қайырымсыз ұрпаққа айналдық.

«Ештеңе кеш жақсы» дегендей, бұл мәселені әлі де қолға алсақ, кеш қалмаймыз. Десе де, мәселенің түйінін тарқату үшін жоғарыдағы жұмұларға қатар ең бұлын қолдау тапқыр керек. «Жаз-ғанның іші жазында, ақыреттің ісі бармында» дегендей, әрбір жер шарына жасаған қиянаты үшін түптің-түбінде жауап беретінін есте ұстайық.

Мұндайда өндіріуші, кеп орындарының қалыуы, сәнсіз заууыт-фабрикаларын шығатын қалдықтар жұмұр жерге жерді әсерін тигізбей қоймайды. Әрине, мұнын бәрі өркенет үшін іспеттің жалғыз жолы болып отыр. Бірақ табиғатқа зиянымызды тигізбеудің бұдан басқа жолын қарастырып көрдік пе? Басқасын айтпай-ақ қояйық, жыл сайын қаншама жер отау құрып, шаңырақ көтереді? Сән-салтанатты келіскен той жасап, шетелге қыдырып, бұл айын өткізген сол жастардың бірде-бірі отау бастағанының құрметіне бір тал ағаш отырғызғанды дегенді естімегені екенбіз. Бір тал ағаш бір жылда қанша мөлшерден қалқоря оттегін бөліп шығаратынын білесіз бе? Ол аудағы сүтегімен тотығын, суға айналады. Су – тіршіліктің қүретамыры болып қалмастан, жер шарының жылынуын тоқатын бірден-бір себеп. «Денсаулықты жақсарту үшін күн сайын таңертеңгі ауаның ең ыңғайлы кезінде 15-20 километрее дейін оскен, таңырланған қарағай көшетіне айналады. Содан бастап жасыл шырынын көшеті ез жоғары оқу орындары ҚазҰУдың он тәжірибесін қолданыска енгізуде.

Өзімдік рейтингте жетекен бөлік жетістікте университет ректоры, академик Ғалым Мұтанбаев басшылағымен ҚазҰУ-дың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша университет ұжымы атқарған қырыр жұмыстар түр. Кластерлік тұрғыдан кешенді құрылымдық модернизациялау жүзеге асырылып, нәтижеге бағытталған басқару жүйесі енгізілді. Алдыңғы қатарлы шетелдік университеттермен бірлесе кос диплом бағдарламасы және ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда, сонын нәтижесінде Қазақстан бойынша ең көп шетелдік студенттер ҚазҰУ-да білім алуда. Тек соңғы жылдың өзінде олардың саны 15 есеге өсті.

«Майкрософт» компаниясы ҚазҰУ цифрлық моделін ең озық тәжірибелердің бірі ретінде таныды. Университетте «ғылым идеядан бастап оны коммерциализациялауға дейінгі» технологиялық дәлелі құрылған. Оны тәжірибе қолданған университетте 5 жыл ішінде ғылыми жобалар көлемі 2,5 есеге артты. Халықаралық рейтингі жоғарғы журналдардағы қазақстандық авторлардың әрбір бесінші жарияланымы – ҚазҰУ ғалымдарының үлесі. Соңғы 5 жылда университет инфрақұрылымын жалпы жұмыс көлемі 17 пайызға дейін өсті.

БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасының Жаһандық хабы ретінде ҚазҰУ жаңа бұлын университетінің «Университет 4.0» моделін жасап енгізді. Нью-Йорктегі БҰҰ-ның штаб-пәтерінде тапыстырылған «Университет 4.0» моделі халықаралық деңгейде көпшілік таразуға қойылады. ҚазҰУ әлемнің 12 елінде әл-Фараби орталықтарын ашты.

Қазақ ұлттық университетінің әлемдік білім беру көнісілігіндегі көшбасшылық деңгейі басқа да халықаралық рейтинг агенттіктерде көрініс табуда. ҚазҰУ әлемдегі үздік 200 экологиялық және ең озық технологиялық университеттердің үздік 50 тобына кіреді. Еуропалық ғылыми-өнеркәсіптік палаталық рейтингінде ҚазҰУ «АА+» бағасын иеленіп, жетекші еуропалық жоғары оқу орындарының қатарына енді. Барлық осы жетістіктер арқасында ҚазҰУ түркі және ислам әлеміндегі ең үздік университет ретінде танылды.

Осының бәрі жетпес нәтіжеге бөлыпы көптемде де жалғасын тапты. Бөлыс да мекемге қарасты 5 орманшылықтың орманасаларының жұмыскерлері жұмыстың жылы кезінде 17 гектар тау бөктеңдерінде 176200 түп Шренк шыршасының балғын көшеттерін отырғызды. Оның сыртында бөлыс 1000 түп сосна қарағайын, 950 түп тұз, 30 түп алма, 50 түп абрикос, 300 түп шетен, 300 түп долана көшеттерін отырғызуды жоспарлаған. Кеген орман шаруашылығы мекемесінің түрлі жеміс ағаштарын өсіріп отырған арнайы орындары да бар. Ғұдаеңіп-түрғеңіп тұрған шағалалы барсаңыз, тіпті де тамаша көлеңкелі куанышқа бөласыз. Кеген орман шаруашылығы мекемесіне қарасты орманшылардың ерен еңбегі, көпке тегіліп жатқан шаралары деуге болады, бөлыпы жылы да облыстағы орман шаруашылығы мекемелеріне 129720 түп Шренк шыршасының көшеті бекітілмек. Аудандағы мекемелерінің айналасына отырғызылады, жалпы, көгалдандыру жұмысына қажетті сұранас бойынша берілетін шырша көшеттері жетіп-артылады. Осындай шаста мекемеде ұзақ жылдан бері еңбек етіп келе жатқан орманды өсіру, қалпына келтіру жөніндегі бас инженер Гүлнара Ауғанқорованың айына жылы лебіз білдіргені артық емес. Тәжірибелі маманның ұзақ іске тиғізіп жүрген шаралары бөзек.

Орманшылардың ез мен жерге тигізіп келе жатқан шапағаты осындай. Қарағанша, жыл сайын орман алқабын толықтыру үшін 17 гектар шырша көшеттерін отырғызу дегеннің өзі неге тұрады? Сонау 20 жылдың жұмысында 340 гектар орман алқабы толықтырылғанын. Бұл оның көрінетер сүйінішті жағдай. Рас, тауландың қуанышына сапар шегіп жатсақ, бірелегі бой түгел өсіп келе жатқан балғын қарағайлы алқап ерекше көңіл ез түсіп жатады. Бұл орманшылардың еңбегі екенін ризи болып, үлкен әсерге бөленесің. Орман – Отанымыздың байлығы, ұрпақтың қоныстануына болса, оны көптеген көрейтуге, молықтыруға, толықтыруға кепіл қалап жүрген орманшыларға алғыстан басқа айтар жоқ.

Кеген ауданы.

ҚАРАҒАЙ КӨШЕТІМЕН КӨРКЕЙЕДІ

Жап-жасыл боп сап тұрған қарағай,
Бағіңнемен құйылады тау арай.
Ғасырлардан ғасырларға жасай бер,
Тауларыма көрік беріп жасағалай, –

деп ақын жырлағандай, өлкемідің мәні мен сәні, шерітлер жыры мен әні, өсімдік әлемінің жаны мен бағы іспетті қарағайға жетер ештеңе жоқ. Қарағай – кең өлкемідің, тауларымыздың әрін кіртізін отырған мәнгілік жасыл ағаш.



Қанат БІРЖАНСАЛ

Шын мәнінде, 500-600 жылға дейін өмір сүреді. Бұл әлем қарағаны, толған-толқын 5-6 ұрпақтың ғұмыры. Қарағай – адамзатын басына түсіп жатқан неше түрлі өмір өткелдерін, талымда болған жайқи оқу мен оқу, жаңсыру кезіндерін көріп, куз болып тұрғын қысы-жазы оның бұзбайтын ғажайып өсімдік. Ең негізі, өміріміздің тек күн шығыс жағына қаптай, сап түзей орналасып алған қарағайлар күндегі аумалы тазарып, тыныссымызды кеңітіп, көрген сайын жан сарайымызды ашып тұрады. Тәуелсіз Отанымыз үшін қарағай әлемі бағы жеткіргісіз бәйгілемыз! Үрпақтан ұрпаққа нәсіп болып қалған қасиеттерімізді. Мемлекеттіміз үшін, оның қуанышына жүрген әрбір адам үшін қарағайдың неғұрлым көшетімен көбейіп, көріктене, жайнай, жаңғыра түскені аса қажет.

Бұл орайда айналамызды қоршаған орман әлемін, қарағай дүниесін көздің қарашығындай сақтайтын, әр жыл сайын көшетімен көрейтін жағатын орманшылардың орны бөлек. Жүздерін күн сүйіп, күлдіреңдей шырайланып қана жүретін орманшыларын ұрпақ болашағына, ұлт келешегіне арналған игілікті де ізгілікті істері ерен, еңбектері орасан. Біз соп өткелі отырған Кеген орман шаруашылығы мекемесінің көздің қарашығындай сақтайтын, әр жыл сайын көшетімен көрейтін жағатын орманшылардың орны бөлек. Жүздерін күн сүйіп, күлдіреңдей шырайланып қана жүретін орманшыларын ұрпақ болашағына, ұлт келешегіне арналған игілікті де ізгілікті істері ерен, еңбектері орасан. Біз соп өткелі отырған Кеген орман шаруашылығы мекемесі облыстағы ең алдыңғы қатарлы ұйым екені белгілі. Мекеменің жас-жасаң "МТЗ» маркалы тракторы арнайы агрегатымен 4 жылдық Шренк шыршасының көшетін қазып жүр. Тамырымен қопарылып түскен балауса шырлалар жеке-жеке отырғызуға дайындалуда. Бұл шын мәнінде орманшылар үшін 4 жылғы еңбектерінің нәрлі нәтижесін көрумен пара-пар. Тұқымбасының ши кыру еңбек. Дәурен Досайбеков бастаған Жалаңаш орманшылығының жігіттері 80 сотық жерге, Ерлан Еңсебаев бастаған Екпіна орманшылығының ұжымы 70 сотық жерге Шренк шыршасының көшетерін отырғызуда.

– Өткен жылы Жалаңаш орманшылығындағы тұрақты тұқымбастан және Темірлік орманшылығындағы уақытша тұқымбастан барлығы 348030 түп Шренк шыршасының көшеті алынып, 17 гектар орман алқабы толықтырылды. Оның сыртында 1150 түп сосна қарағайы, 896 түп қырым қарағайы, 950 түп тұз, 50 түп алма, 50 түп алмұрт көшеті отырғызылды. 346830 түп Шренк шыршасының көшеті орман көрген молайту мақсатында облыс аумағындағы орман шаруашылығы мекемелеріне бөлінді, – дейді Кеген орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Айболат Сәлтанғазиев.

ҚАЗҰУ – ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырған және Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасына енгізілген 2020 жылы әлемнің ең үздік 200 жоғары оқу орнының қатарына кем дегенде 2 қазақстандық ЖОО-ның кіруі міндетін абыроймен орындап шықты. Қазақстандық университет QS жаһандық рейтингісінде 165-орынға көтерілін, феноменалды серпіліс жасады. ҚазҰУ халықаралық ғылым және білім кеңістігіндегі өзінің әлемдік көшбасшы университеттер қатарында екендігін дәлелдеді.

Жаһандық ең танымал және беделді Quacquarelli Symonds (QS) рейтингтік агенттігі әлемнің жоғары оқу орындары бойынша зерттеуін бағалау жылғы нәтижелерін жариялады. QS аналитикалық есебінде атап өтілгендей, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 42 орынға көтерілсе, жаһандық рейтингте 165-орынды иеленді және «әлемнің ең үздік 200 университеттерінің қатарына енген алғашқы қазақстандық жоғары оқу орны болды». Постпенстік елдерден тек екі университет қана осы топқа енп отыр – М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

Әлемдік жоғары білім беру тарихында бұрын-соңды болмаған қарқынды дамуды көрсете отырып, 9 жыл ішінде университет шамамен 500 орынға алға жылжыды. Әлемдік рейтингте қысқа уақыт ішіндегі бұндай бірегей шегерісу «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ феномені» деп аталып шетелдік сарапшылар назарын өзіне аударғы. Қазақстандық жоғары оқу орны қарқынды дамыпын жаңқын үлгісі халықаралық академиялық орталарда белсенді түрде талқылануда. Көптеген шетелдік жоғары оқу орындары ҚазҰУ-дың он тәжірибесін қолданыска енгізуде.

Өзімдік рейтингте жетекен бөлік жетістікте университет ректоры, академик Ғалым Мұтанбаев басшылағымен ҚазҰУ-дың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша университет ұжымы атқарған қырыр жұмыстар түр. Кластерлік тұрғыдан кешенді құрылымдық модернизациялау жүзеге асырылып, нәтижеге бағытталған басқару жүйесі енгізілді. Алдыңғы қатарлы шетелдік университеттермен бірлесе кос диплом бағдарламасы және ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда, сонын нәтижесінде Қазақстан бойынша ең көп шетелдік студенттер ҚазҰУ-да білім алуда. Тек соңғы жылдың өзінде олардың саны 15 есеге өсті.

«Майкрософт» компаниясы ҚазҰУ цифрлық моделін ең озық тәжірибелердің бірі ретінде таныды. Университетте «ғылым идеядан бастап оны коммерциализациялауға дейінгі» технологиялық дәлелі құрылған. Оны тәжірибе қолданған университетте 5 жыл ішінде ғылыми жобалар көлемі 2,5 есеге артты. Халықаралық рейтингі жоғарғы журналдардағы қазақстандық авторлардың әрбір бесінші жарияланымы – ҚазҰУ ғалымдарының үлесі. Соңғы 5 жылда университет инфрақұрылымын жалпы жұмыс көлемі 17 пайызға дейін өсті.

БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасының Жаһандық хабы ретінде ҚазҰУ жаңа бұлын университетінің «Университет 4.0» моделін жасап енгізді. Нью-Йорктегі БҰҰ-ның штаб-пәтерінде тапыстырылған «Университет 4.0» моделі халықаралық деңгейде көпшілік таразуға қойылады. ҚазҰУ әлемнің 12 елінде әл-Фараби орталықтарын ашты.

Қазақ ұлттық университетінің әлемдік білім беру көнісілігіндегі көшбасшылық деңгейі басқа да халықаралық рейтинг агенттіктерде көрініс табуда. ҚазҰУ әлемдегі үздік 200 экологиялық және ең озық технологиялық университеттердің үздік 50 тобына кіреді. Еуропалық ғылыми-өнеркәсіптік палаталық рейтингінде ҚазҰУ «АА+» бағасын иеленіп, жетекші еуропалық жоғары оқу орындарының қатарына енді. Барлық осы жетістіктер арқасында ҚазҰУ түркі және ислам әлеміндегі ең үздік университет ретінде танылды.

QS рейтингісінде Массачусетс технологиялық университеті қоп бастайды, екінші және үшінші орында сәйкесінше – Стэнидфорд және Гарвард университеттері (барлығы АҚШ-тың жоғары оқу орындары). Ең үздік әлемдік жоғары оқу орындарының ондығын толығымен американдық және британдық жоғары оқу орындары құрайды.

www.kazgu.kz

◆ ДИДАР



Әдебиетке әр қаламгер өзінше келеді. Ал әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Жетісу деп аталатын жерұйық мекеннің бір пұшпағы – қасиетті Қарадаланың тумасы Құнипия Алпысбаев әдебиетке ән арқылы келген азамат.

ӘН мен ӘДЕБИЕТ

1969 жылдың шілдесі еді. Сол жылы шілденің ыстығы әлі есте. Әлде ол мектепті жаңа бітіріп, арман жетегінде туған жерден ұзап бара жатқан шәкірт жанының қуаныш пен күдік араласқан көңілінің қызуы ма екен? Батыстан Шығысқа, Шығыстан Батысқа тартқан ұлан-ғайыр жолдың бойындағы тынымсыз қозғалыс – өмір ағысы мені де албырт арманмен тербетіп, Батыстан Шығысқа алып келе жатты. Сонау қиырдан, сол кездегі Гурьев атты өңірдің Аққыстоғай деген шалғайдағы ауылынан он бала – сыныптастар Алматыға жол тартып келеміз. Тақылдаған тақтай төсекте, жиі тоқтап, шабан жүретін жолаушылар пойызының ішінде алты күн түнеп, әрең дегенде Алатаудың қарлы шыңына көз қададық. Басқаларды білмеймін, бейтаныс жоқ, бейхабар қалада кімдермен кездесеміз, қайда түсеміз, қайда барамыз деген сансыз сұрақ жанымды жегідей жеп, ой үстінде жаттым. Алаң көңіл, абитуриент деген атауға әлі үйренбеген біздерді Алматы жайбырлатып қарсы алды. Сол түні Алматының тау жағындағы жаңа шағынаудандың шетінде, әлдай гүлдердің орындықтарында жаурап, жаурап түнеп шықтық. ҚазГУ-дың филология факультетіне құжат тапсырдым.

«Алаш да алаш, алаш жұрт» деп бабаларымыз жырлағандай, алаң көңілмен емтиханға кірістік. Сәті түсіп, сүрінбей келе жаттым. Сол күндерде қалың талапкердің арасынан бізден сәл ересектеу, сәл шаруагерлеу көрінетін, шашын артқа қайырып, күреңқызыл портфель ұстаған, абыржыңқы жүрісі ғана абитуриенттік мінезге келетін, балаң көңілмен қарағанда ҚазГУ-дың жас оқытушысы секілді көрінетін бір жігітті көріп қалып жүрдім. Ол кезде мұндай әдемі, абыройлы портфельді профессорлар ғана ұстайтын. Оны көбіміз жас оқытушы деп қабылдаппыз.

Емтихандардың бәрінен, конкурстың көрінен өтіп, ректордың бұйрығы оқылған кең аудиторияға бой үйретіп, жан-жағыма қарасам, күреңқызыл портфель де орта тұстағы партаның үстінде жатыр екен. Оқытушы дегенім өзіміз секілді албырт абитуриент болып шықты. Көп ұзамай Талдықорғанның Қытай жақ шетіндегі, шекара бойындағы Дұңған деген жерге жүгері жинауға келіп түстік. Неге екенін қайдам, бұл жолы күреңқызыл портфельдің иесін көре алмадым. Жолдағы асулардан асып келе жатқанда да, жол бойы аңқ суытқанда да көзіме түсе қоймады. Кім болды екен деп ойлап қойғаным бар.

Жүгерінің осынша ормандай болып өсетінін білмеуші едім, оның ішінде алғашқы күні адасып, шеп бойлап шығанға кеткен біздерді шекарашылар ұстап алып, тіпте тергеп, жол білетін комсоргымыз Анарбай Бұлдыбаевтың арқасында жатақты зорға тапқанбыз. Егін даласынан күн бата көңілдене ән салып, Ақтауды айырып, Қаратауды қайырып келгендей болып ораламыз. Жүгері тиеген жүк машинасының үстінде торғайдың балапанындай шуырлап жатып, сол кезде енді жұртшылыққа кең жайыла бастаған «Алтыным» деген әнді айтамыз. Машинадан түскенде қарнымыздың ашқанын біліп, Бақыт Наушакеқызы куратымыз дайындап қойған кешкі асқа жиналып, қаз-қатар отыра қалып, әзіл-қалжыңды қоздата отырып тамаққа бас қоямыз. Шамасы, екі-үш күннен кейін болса керек, кешке келсек, ымырттағы оттың жарығында жүн жалқындана көрініп, бір жігіт домбырамен сызылтып ән салып отыр. Тыңдай қалдық. «Біздің ауыл Кетпеннің етегінде, ерте тұрсам ауылыма жетемін бе?» деп өзеурете келіп, қайырмасында «Сарыбидай, сағындым қалқам, даусыңды-ай» деп үзіліп-реді. Бұрын естімеген ән. Сарыбидай деген қыздың аты болды-ау шамасы деп ойлап қоямын. Еркеқызға еркелете қойылған есім болар. Өйткені, «Қыз емес, қыздың аты қызыл бидай» деген де ән бар. «Ақбидай» деген ән және бар. Жас жүрекке жақсы ән баладай көрінгендей болды. Халқымыз қалқаның атын әнге қосқанда талай тамаша есімдері тапқан ғой, ал бидайға қатысты аттардың бәрі ұйыбретен сағыныш, үлкіммен үмітке келіп тірелгенде, тыңдаушының да жүрегіне ұя салып, таңдайына тати кетеді. Сондай ән енді мына жерде шырқалып жатыр. Ымырттың жамылып, мықтыға жеттік.

Жиналып қалдық. Таңи кеттім, баяғы күреңқызыл портфельдің иесі. Сұрай келсек есімі Құнипия, фамилиясы Алпысбаев екен. Бірге оқитын болыппыз. Ол бұл жерде шаруашылық жұмыстармен айналысатын болды. Қыздарға көмектесіп, су әкеліп, отын жарып, қолы босағанда домбырасының құлақ күйін келтіріп, күнде кешке студенттік думанды ортаға шығып, көпшілікті әнге бөктіреді. Бізбен бірге осында келген талантты қаламгер, журналистер Тұрсын Жұртбай, Несіпбек Айтовтар да етене араласып, етек-жеңіміз қосылып кетті. Осы алғашқы таныстық елу жылға созылды. Алла нәсіп етсе әрі қарай да созыла берсе дейміз. Жақында елу жылдан соң бас қосып, Алматыны әнге бөлеген қызықты сәтті қайыра бастан кештік. Құнипияны қолқалап, сәл сырқаттанып жүргеніне қарамастан «Сарыбидайды» салдырдық. Сағынып қалыппыз. Сағынышты әнді қосыла шырқап, шуақтанып қалдық. Осынау нәзік ырғақты әннің авторы әнші-композитор, Құнипияның туыстас атасы Сәдікова Мошиқұлы екенін де кейін біліп, талайлы тағдырымен таныс болдық.

Сонымен, жүгері алқабы әнге бөгіп, күйге кенеліп қалды. Ертеңгі кеште «Молдабай» деген ән кетті. Бұл ән маған бала күнімнен таныс еді, әкем де айтатын. Батыста даусы шығанға кететін, әншіліктен алдына адам шыға қоймаған Молдабай деген әнші Орынбор өңірінде, Ойылдың Көкжар жәрмеңкесінде аттас әнді шырқап, халықты тік тұрғызып, талантына бас иіргізген екен. Кешегі арсыз ашаршылықта, жарықтық аштан өліпті, сүйегі қазір Ақтөбе облысының Мәртөк деген жерінде жатқан көрінеді дейді. Орынбор көзден бұлбұл ұшты, әйтеуір, Елілдің бойын тербеген ерекше ән аман қалды. Мұндай әнді бүгінге жеткізген осындай азаматтар ғой. «Молдабай» мені бірден Құнипияға жақындата түсті. Осы екі әнді бас қосқан жерде, бірге оқыған достар кездесуінде Құнипия айтпай кеткен емес. Осылайша халық әндері, халық композиторларының сырлы шығармалары студент Құнипия Алпысбаевты әдебиеттанудың ғылыми орбитасына алып келе жатты.

Әдебиеттің материалы – сөз өнері. Сөз өнерінің ғылыми майданы – әдебиеттің үш тегінің көркемдік-идеялық деңгейіне баға беру. «Өлеңге әркімнің де бар таласы» деп абыз ақын жазғандай, әдебиетке де қазақ баласының таласы бар. Бірақ олардың да таңдамалысы, танымдысы, әдеби жүгінің қарымдысы және бар. 1974 жылы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетін бітіріп, арман жолында жан-жаққа тарап кеткенде соңғы кештегі қоштасу дастарқанында «Сарыбидай» әнін тағы бір шырқаған, қоңыр домбырасын құшақтап, көзінен жасы моншақтап, ресторанның алдында жалғыз қалған Құнипия дос ол кезде әдебиеттің ғылыми ортасына дендеп кететінін өзі де білмеген де болар. Оқыған адамға дауа бар ма, жылап тұрып, «жұртта қалған күшіктей жалғыз қалдым» деп Абай атасының белгілі шумағын өз ыңғайына қарай айтқанын біздер елу жылдан соң күліп еске алдық. Өткенімен күліп қоштасасың деген осы екен. Құқан оқу бітіргесін өзіне білім берген университетінде қызметке қалды, осындағы кәсіподақ комитетінің белсендісі болып алғашқы еңбек жолын бастады. Бірте-бірте өрлеп, ғылымға қарай өкпе көтерді. Туған елдің ғажайып әндері жас ғалымның рухани деңгейін көтеріп, көпке танытып, көркем әдебиеттің жолына салды. Кешегі нәубет жылдарда кеңестік зұлматтан бас сауғалап, тау асып, арманда қалған алыс жерге қоныс аударған Құнипияның ата-анасы 1956 жылғы жылымық кезінде атакүлдікке ат байлап, оңғанын тұтатты. Жеті жасқа келіп, білімнің ауылына аңсары ауған Құқан туған елінің түпкіріндей болып мектепке барды. Ұлтымыздың талай зиялы да зерделі, талантты түлектерін ұшырған Алматыдағы атақты №12 мектепті бітірген Құнипиямен біздің жолымыз 1969 жылы осылай тоғысқан болатын. Дұңған даласындағы думанды күндерде ол бізге Жетісу ән мектебінің тумалыларын жеткізіп, халық әндерінің қасиетін танытты. Соның ішінде өзінің өскен жері Кетпеннің аты аталатын Сарыбидай әні оның ән әлеміндегі паспортындай болып, көңіл парағында мөрленді. «Сарыбидайды» салған жылдар ұзап кетсе де, бұл ән балаң шақтың бақыты дәурені болып, жанымызда әлі жылытып келеді...

Ауылшаруашылығы жұмысынан келіп, Виноградов көшесіндегі студенттік жатақханадан орын алғанда біздер бөлмелес болып шықтық. Әнге одан әрі дендедік. Кешке қарай біздің бөлмеде ән шалқып, өткен-кеткен қыздар есікті бұрала ашып, бұйымтай сұрағандай болғанда, шуша жігіттердің ықыласы артып, әзіл-қалжың асқындап кететін. Бір күні сабақтан кейін бізге дөңгелек жүзді, жылы қабақты, байыппен сөйлеп, биязы күлетін бір жігіт келді. Құнипиямен көптен таныс екен. Біраздан соң әнге кезек беріліп, әлгі жігіт домбыраның құлақ күйін асықпай, баппен келтіріп әнге басты. Сәкен серінің «Тау ішінде» атты әнін көзін жұма отырып шырқаған кезде біздің бөлменің өзі ат үстінде келе жатқандай тербеліп, тау жақтан, көптің жұмбақ тынысы жанымызды баурап, сұлуына асыққан Сәкенге айналып кете жаздадық. Бұл кейін қазақ даласы мен қаласын әнге бөлеген талантты әнші, тамаша азамат Жәнібек Кәрменов екен. Осылайша Құнипияның досы арқылы біз енді Арқаның ән мектебіне де шәкірт болып шыға келдік. Кейінгі жылдарда Құнипиямен бірге атақты әнші Дәнеш Рақышевтің ауылына арнайы барып, ән кейіпкері – Кетпеннің етегінде оның өз аузынан «Сарыбидайды» тыңдадық.

Бір қуаныштысы, біздің асыл ұстаздарымыз ол кезде сайтағы сарбаздай болып университет аудиторияларын толтырып тұратын. Соның ішінде ол кездегі жарқылдап тұрған жас жігіт кейін академик атанып, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болған ұстазымыз Рымғали Нұрғали біздің бәрімізден мықты ғалым, талантты ақын-жазушы шығады деген кәміл сеніммен болатын. Рыкеңнің жетекшілігімен Құқан 1986 жылы «Қазіргі қазақ поэмасының жанрлық мәселелері» деген тақырыпта филология ғылымының кандидаты атағын қорғап шықты. Қазақ поэзиясының поэма жанры 60-70-ші жылдарда идеялық, көркемдік, тарихи-танымдық жағынан үлкен белеске көтерілген еді. Хамит Ерғалиев, Қалижан Бекхожин, Әбу Сәрсенбаев, Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов, Қайнекей Жармағамбетов, Ғафу Қайырбеков, олардан кейінгі Мұқағали мен Жұмекен бастатқан талантты топ, одан кейінгі жас толқын поэмаларының тыныс-деңгейін жан-жақты аша көрсеткен ғылыми еңбегі қазақ әдебиетіндегі жанрлық жаңғырудың бүге-шігесін дәйектеуде елеулі еңбек сіңірді. Поэманың тақырыптық танымын саралтауда, жанрлық жүгін жіктеуде, оның мазмұндық-пішіндік тұтастығын танытуда көшелі еңбек жазған ғалым одан кейінгі 2000 жылы сәтті қорғаған: «Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным мен көркемдік» атты докторлық диссертациясында тарихи сана мен көркем әдебиеттің арақатынасы байланыс пен сабақтастық туралы кеңінен сөз қозғап, ұзақ жылдардан бері Еуразия Ұлттық университетінің болашақ әдебиетшілеріне осы пәндерден дәріс оқып келеді. Бір кездері, абитуриент шақтағы жұқалау келген күреңқызыл портфелі әрі жаңданып әрі салмақтырақ бола түскен. Профессордың портфелі деген термин білімнің қоржыны деген қазақы ұғымға да дендеп келеді. Осындай «профессорлық портфельді» ұстап келе жатқан ғылым докторлары, профессорлар: Балтабай Әбдіғазиұлы, Анарбай Бұлдыбаев, Тұрсынбек Баймолдаев, Сейфолла Сүтжанов, Алтын Бақраденова, Сұлушаш Бекмырзаева, Дәметкүл Байжігитова, Қоңыр Мұқатаева, Ләззат Ережепова, белгілі ақындар Жақсылық Айжан, Зейнолла Әкімжанов, жазушы Жанар Әбдішева, белгілі әдебиетші ұстаз Серік Сұлтанғалиев бірге оқыған, Құнипияның «Сарыбидайына» сағынышымызды қосқан курстас, құрдас достарымыз.

Жазушылар одағының мүшесі, ғалым-ұстаздың қаламынан және қолаумынан туған бірнеше оқулықтар, әдістемелік құралдар, бағыт-бағдарлық бағдарламалар туған әдебиетке қызмет ететін болашақ қаламгерлер мен ғалымдардың назарында болып, жас толқынның жан дүниесіне білім сәулесін себуде. Осынау жылдарда еліміздегі ең басты екі білім ордасы – әл-Фараби және Гумилев атындағы Ұлттық университеттердің филология факультетінде жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, іздеміс жолына бағыттаған Құнипия Алпысбаев ән мен әдебиеттің қос тізгінін қатар ұстап, еремен еліміздің білім сапасына өзінің елеулі үлесін қосып келеді. Әнмен басталған әдемі ғұмыр әдебиет деген ұлт қайнарының қазынасымен толығып, оның қаламынан туған оқулықтар жоғары оқу орындарының бағдарламасына кіріп, оқытылу үстінде.

Ән мен әдебиетті қатар ұстап, өз ортасында құрмет пен ілтипатқа бөленіп келе жатқан жақсы дос, жайсаң азамат, белгілі ғалым Құнипия Алпысбаевтың өмір жолын айту арқылы мен өз курстастарымның жеткен жетістіктерін де бейіл тоғайта біліпе отырып, көңіл аспанын жоғары көтердім.

Жолың болсын, ән мен әдебиеттің жолаушысы!

Өтеген ОРАЛБАЙҰЛЫ,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

◆ ДҮНИЕ ДАБЫЛ

Келісім қатаң сақталуы тиіс

Қазақтың талантты ғалымы Шоқан Уәлиханов Қашқария сапары барысында жазып қалдырған «Іле өлкесінің географиялық очеркі» атты еңбегінде: «Бұл (Іле өзені) қазақ даласындағы ең суы мол өзендердің бірі екендігі сондай, ол терең құмды бойлай отырып, 200 шақырымнан астам жолды басып өтсе де өзінің мол сулы қалпын өзгертпестен тура Балқашқа барып құяды», – деп таңдана жазады. Сондай-ақ, Іле өзеніне құятын өзеншелер мен сол аумақты мекендеген қазақ тайпалары туралы да құнды мәліметтер қалдырды. Осы жазба хатқа түскелі бір жарым ғасыр уақыт өтті. Бұл адамзат тарихы үшін аса бір ұзақ уақыт саналмайды. Бірақ ғалымның жазбасындағы ақиқат пен бүгінгі Іле өзенінің жағдайы, салыстыра зерделейтін болсақ, терең ойларға жетелейтіні анық. Кешегі ақжал толқындары жағаны осқылап, аяқтыға өткел бермеген алып өзен бүгінгі таңда он жасар бала кешіп өте шығатын жағдайға жетті. Оны қойшы, Іле өзеніндегі су деңгейінің азаюы Балқаш көлінің экологиялық жағдайын бұза бастады. Оған кім кінәлі?

Қажет АНДАС

Алдымен бұл кінәні осы өзенді жағалай қоныстанған қазақ, қытай тарапындағы елдің табиғат байлығы мен экологиялық ахуалға немқұрайлы қараған пендешілігінен іздеген жөн. Ең алдымен, орман байлығының орасан бүлінуі, өзен суының мақсатсыз пайдаланылуы қиындық туындатып отыр.

Әрине, бұл үшін басты жауапкершілікті Қытай тарапы арқалауы керек. Өйткені аталған өзен суының 80 пайызы көрші елден ағып шығады. Жалпы, Іле өзенінің Қытай жағындағы жалпы ұзындығы 125 шақырым, оған оңтүстіктен 26 өзенше мен бұлақ, солтүстіктен 12 өзенше мен бұлақ құяды.

Қытай тарапынан Іле өзеніне құятын Текес, Күнес, Шапшы өзендерінің 2004 жылғы су мөлшерін 1959 жылғы мөлшермен салыстыра зерделесек, жаға ұстатар қауіпті сезінуге болады. Яғни Текес өзенінің 1959 жылғы жалпы су ағыны 17 миллиард 729 миллион, Күнес өзенінің су мөлшері 1 миллиард 648 миллион, Шапшы өзенінің су ағыны 839 миллион 370 мың текше метр болса, 2004 жылы Текес өзені 12 миллиард 773 миллион, Күнес өзені 964 миллион, Шапшы өзені 588 миллион текше метрге түсіп қалған. Жоғарыда айтылған 26 өзенше мен бұлақтың жалпы су ағыны 1959 жылы 636912 текшеметр болса, 2004 жылғы есепте 433374 текше метрге дейін азайған.

Содан бері 16 жыл уақыт өтті. Аталмыш өзен-бұлақтардың дәл бүгінгі су қоры туралы нақты ақпарат қолымызға түспегенімен нәтижесінің көңіл көншітпейтіні бесенеден белгілі.

Осындай жағдайдан туындайтын басты олқылық – ормандардың мейлінше отапуы. 1984 жылы Қытайдағы жаппай сыртқа есік ашу саясатының нәтижесінде орман байлығы мен су көздері мейлінше бүлінушілікке ұшырады. Соның салдарынан Іле өзенінің екі жағалауындағы, нақтылап айтсақ, Ерeнқабырға мен Борахожыр тауларындағы сыңсыған орман қаржы табу жолына құрбандыққа шалынды. Бастағы жиырма жылдың ішінде қарағайлы алқаптар қу тақырға айналды. Сонымен қатар, өнеркәсіптің өрлеуіне орай өзен-бұлақтарды жағалай қалашықтар мен электр станцияларының салынуы, көп өндірістің зауыт, су қоймаларының көптеп бой көтеруі салдарынан бөлініп шыққан улы газдардың мөлшері артып, тау шыңдарындағы мұздақтардың еріп кетуін тудырды. Бұл келеңсіздіктер Іле өзеніне құятын өзен-бұлақтардың тартылып қалуына әсерін соқтырды.

Кейінгі жылдары Қытай тарапы ормандық алқаптар мен жайылым жерлерді қайта тынықтыруға қатысты жобаларды атқара бастады. Бірақ бұл қадамның 20 жылда бүлінген дүниені енді қанша жылда қалпына келтіре алатындығына кәзірде белгілі уәж айту қиын.

Қазақстан тарапынан орманды отау немесе Іле өзенінің жағалауына зауыт салып, тоспа құру сынды заңсыздық оқиғалары жаппай орын алған жоқ. Сондықтан Іле өзеніне құятын өзен-бұлақтар суының азаюы Қытай тарапына қарағанда көп емес. Бірақ, кейінгі жылдары Батыс Қытай – Батыс Еуропа автожолының салынуына байланысты және аймақтағы құрылыс жұмыстарының қарқын алуы салдарынан өзен арнасын бүлдіретін әрекеттер көбейіп барады.

Әдетте, өзен арнасынан қиыршық тас, құм алу бір қарағанда тұрғындардың қажеттілігін өтеу үшін істеліп жатқан сияқты көрінеді. Бірақ оның су байлығын азайтып, өсімдіктерді өлтіріп, су жануарларының тіршілігін бүлдіріп жатқанын ескеріп жатқан ешкім жоқ.

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 125-бабы, 1 тармақ, 5-тармақшасында: «Өзен арналарынан ешқандай қазба байлық алынбауы керек» деп көрсетілген. Осы тұрғыдан келгенде мұндай әрекеттің барлығы заңсыз деп саналуы тиіс. Мұндай келеңсіз әрекеттер күткендегідей экономикалық пайда әкеліп жатқан жоқ. Есесіне, өзен арнасын бұзып, судың бір бөлігі Балқаш көліне жетпестен жер астына сіңіп кететін жағдайға әкелуде.

Өзен арналарынан қиыршық тас, құм алып, оны құрылыс жұмысына қолданатын мысалдар әлемнің барлық елінде бар. Дамыған елдерде мұндай жұмыспен айналысатындар өзен суы тартылып, бос қалған арна бойынан, тас пен құмы мол жерден құрылыс материалын өндейтін зауыт салып, ел игілігіне асырады. Оның пайдасы да көп, экологияға, әсіресе, өзен суларының азаюына тигізер қатері де аз. Демек, біздің компаниялар да өзен арнасы тартылған аңғарлардағы құм мен қиыршық тасты дәл осылай өңдеп, табыс табумен айналысуы керек еді. Өкінішке қарай, олар өңдеу жұмысымен айналысып жатқан жоқ. Оңай олжа табу мақсатымен өзен арналарынан қиыршық тасты қазып, құмды сүзіп алып, оны тасымалдаумен ғана айналысып келеді. Көп шығын шығармай, мол пайда табудың жолында жүр.

Алматы облысындағы өзен аңғарларынан қиыршық тас алумен айналысатын компаниялар бұл орайдағы жұмыстарға 2025 жылға дейін рұқсат алған. Олардың заңды құжатында «Өзен арнасын баптау» деп көрсетілген. Оларға бұл рұқсат Қазақстан Республикасының Экология кодексі қабылданбай тұрған мезгілде жергілікті жердің өкілетті органдары тарапынан берілген. Ал 2007 жылы қабылданған ҚР Экологиялық кодексі бойынша бұл рұқсаттар заңсыз деп табылып, келісімшарттар мемлекет тарапынан қайта қаралуы керек. Жаңа Су кодексі бойынша өзен арналарының бойында өнеркәсіптік қызметпен айналысуға ешбір мекеменің құқығы жоқ, демек, рұқсатты қайтарып алу қажет.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Парламентінде жаңа Экологиялық кодекстің жобасы қаралып жатыр. Мүмкін, сол кодекс қабылданған кезде аталған кемшілікке бір тосқауыл қойылатын шығар...

Егер, табиғатты біртұтас тұлға деп санайтын болсақ, бір өңірдегі экологиялық ахуалға жасалған қиянат тұтас табиғаттың бүлінуіне ықпал етеді. Сондықтан Іле өзенінің экологиялық ахуалын тұрақтандыру үшін Қазақстан мен Қытай тараптары бір мәмілеге келіп, өзен арнасының қаусап қалмауы үшін жұмыс жүргізуі керек.

Расында, елімізде трансшекаралық өзен-суларды тиімді пайдалану өте өзекті мәселе саналады. Соған орай Қазақстан Республикасы осы мәселеге қатысты барлық халықаралық конвенцияларды ресми ресімдеген. 2011 жылдың 12-15 маусымында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтаоның кездесуінде трансшекаралық су ресурстарын тиімді пайдалану мен оны қорғау туралы келісімге қол қойылды. Десек те нәтиже ойлағандай болмай тұр. Халқының саны көп болуына байланысты қытайлықтар ішкі өзен-көлдері мен су қоймаларындағы тіршілік көзін көп тұтынады. Салдарынан елімізге ағып келетін өзен суының мөлшері тиісті деңгейде болмай тұр. Мұның өзі көршілеріміз бізге берген уәдесі мен халықаралық келісімшарттың талабын толық орындамай отыр деген сөз.

2000 жылғы есеп бойынша Іле өңірінің жалпы су қайнары 17 миллиард 244 миллион текше метр деп есептелген. Бұл судың 957 миллион текше метрі Қазақстан жерінен ағып өретін өзен сулары құрайды. Дәл сол жылғы есеп бойынша Қазақстанға Қытай жағынан Іле өзенінің бойымен 11 миллиард 226 миллион текше метр су кіретін. Өкініштісі, кейінгі жылдары көрші ел түрлі қитұрқы әрекет арқылы Іле өзені бойынша келісілген мөлшердегі су қорына түрлі шектеу шараларын қолданып келеді.

Бірнеше жылдың алдында ҚХР Мемлекеттік кеңесінің тапсырысымен ҚХР Мемлекеттік даму-реформа комитеті, Су игілігі министрлігі, Тұрғын үй және қала-ауыл министрлігі су шаруашылығы саласын реформалау мен дамытудың «13-ші бесжылдық жоспарын» жариялады. Жоспарда Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы ауданындағы 18 су қоймасының саны 25-ке жеткізілетіні анық көрсетілген. Демек, оның бірқатары Іле өзенінің аңғарынан орын алады. Бұл жоспар орындалып та қойған шығар деп ойлаймын. Қазақстан мен Қытайдың трансшекаралық өзендерде бөлінбеген еншісі көп екенін ескерсек, бұл жерде кімнің сөзі жөн бе болғысы келіп тұрғаны түсінікті болып тұр.

Осы жоспарда тағы да: «Қытай үкіметі кейінгі жылдары шекаралық аймақта орналасқан кіші және үлкен су қоймаларында өмір сүретін балық және тамаққа пайдаланатын омыртқасыз су жәндіктерін өсіретін шаруашылықты мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру жұмысын жүргізеді» деп нақтыланған. Бұл қадам Қазақстан мен Қытай арасында ағатын трансшекаралық өзендердің және жерасты суларының ластануы мен азаюына әсерін соқтырады. Мұның зияны екі ел ортақ пайдаланатын Іле өзеніне ғана емес, Жоңғар Алатауынан ағып шығып, Балқаш көліне құятын Ақсу, Көксу, Тентек, Қаратал, Сарқан өзендеріне де тиюі мүмкін.

Қысқасы, Іле өзеніне жасалған қиянат ең алдымен Балқаш көліне құятын су мөлшерінің азаюын туындатады. Бұл тұтас Орта Азияның экологиялық ахуалын реттеп отырған Балқаш көлінің тартылып қалуына себеп болуы бек мүмкін. Егер Балқаш көлінде Арал қасіретіндей жағдай орын алса, оның зардабы Қазақстанның Жетісу өңірі ғана емес, Қытайдың Тақламақан шөліне дейінгі өңірдегі тіршілікке қауіп төндіретіндігі белгілі. Бұл көршілес екі мемлекет тұрғындары үшін де қауіпті іс. Сондықтан Қытай тарабы екі ел Президенттерінің 2011 жылғы келісімі және трансшекаралық өзен суларын реттеуге бағытталған халықаралық келісімдер бойынша Іле өзенін ортақ пайдалану және оның экологиялық ахуалын қорғаудағы жауапкершілігін айқындап, тоспа салып, канал қазып, суды бұрып, Қазақстанға ағып шығатын су мөлшерін азайтуды тоқтатып, адамзаттың ортақ игілігі жолындағы мақсаттарға ұмтылғаны дұрыс. Ал Қазақстан тарапы да келісімде көрсетілген жауапкершілікті өзек ете отырып, өз міндетін заңмен реттеп, жоғарыда айтылғандай кемшіліктерге тосқауыл қойғаны жөн. Сонда ғана адамзат баласын алдағы күндері ауыр қасіретке душар ететін қауіптен сақтап қалуға болады.

◆ӨНЕГЕ

ҒАЛЫМНЫҢ аты өлмейді



Болашақта өркениетті елдер қатарына ену үшін заман талабына сай ғылым қажет. Тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елдің қатарына терезесін тең ететін ғылым. Сондықтан, біздің болашағымыз ғылымда екенін ұмытпауымыз тиіс. Республикамыздың дүниежүзі қауымдастығында өзіне сай орын алуына бәріміз атсалысуымыз керек. Кезінде заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов: «Елдің әлемге танылуы сол елдің ғылымына байланысты», – депті. Ғылым саласында көп жыл еңбек еткен Жазкен Тайчиқұлы Жиембаевтың – ғалымның үлкен істері, үлкен өмірі жайлы шолу жасадық. Академик, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Жазкен Жиембаевтың өмірі жас ұрпаққа өнеге. Ғалымның өмірі жайлы жазып отырып, жастарымызды ғылымға талпынуға, ұлтжандылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеуді мақсат тұттық.

Өткен ғасырдың 30-шы жылдары елімізде ғылымға үлкен көңіл бөле бастады, оның ішінде ауылшаруашылығы ғылымына да. Бұрынғы одақтас республикалар көлемінде көптеген ғылыми зерттеу институттары ашыла бастады. Қазақстанда да егін, мал, қой, жеміс, бау-бақша ғылыми зерттеу институттары ашылды. Сол жылдары Алматыда өсімдік қорғау ғылыми зерттеу институты құрылды. Басқа ғылыми зерттеу институттарына қарағанда біздің институтта көптеген қиыншылық болды, соның бірі қазақ халқы егіншілік, мал шаруашылығымен атам заманнан бері айналысып, осы шаруашылықтарды жақсы игергенімен, егін және мал шаруашылықтарында кездесетін зиянкестермен айналыспаған ғой. Негізінен сол ауылшаруашылығы егіс алқаптарында кездесетін әртүрлі аурулармен, құрт-құмырсқа, шегіртке, қоңыз, көбелек сияқты жәндіктермен және арамшөптермен күресу тәсілдері саналы түрде жүргізілмеген. Жоғары оқу орындарында осы сала бойынша мамандықтар даярланбады. Әрине, ондай мамандар, ғалымдар жергілікті халықтар арасында жоқ болды. Осы кенжелеп қалған саланы және ғылымын дамыту үшін осы ғылыми зерттеу институтына алғашқы директоры болып ғалым Жазкен Тайчиқұлы тағайындалды.

Негізі, ғалымдардың ұйымдастырушылық қабілеті төмен болады деп айтылып жатушы еді ғой, алайда, Жазкен Жиембаевтың іскерлік қабілеті де жоғары болды. Ол өзінің командасын құрып, олардың алдына мақсаттарын қоя білді, қаржы тапты, ең маңыздысы, бастаған істі соңына дейін жеткізе білді. Алғашында Әсем Алатаудың бөктерінен әйгілі апорт алмасы өсетін теңіз деңгейінен 1000 метр жерден 46 гектар жер бөліп алды. Сол үшін Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы Фазыл Кәріпжанов жолдасқа барып, сол жерге рұқсат алды. Бүгінде бұл ауа райы таза, халыққа тұруға ең ыңғайлы жер – «Рахат» шағынауданы деп аталады.

Осы бөлініп алынған жерге Ж. Жиембаев институттың үш қабатты корпусын және үлкен ғылыми акт залын, ғылыми қызметкерлерге, бөлім меңгерушілеріне төрт және үш қабатты үй мен аспиранттарға жатақхана, комбинат, медпункт, балабақша, асхана, дүкен салғызды. Қызметкерлерді қаладан таңертең және кешкі уақытта таситын автобус жүргізді. Новосибирскіден үлкен қазан алып келіп автономды жылу орталығын орнатып, қалаға дейін жолды асфальттады. Жылда институттың ғылыми қызметкерлерін лабораториялық реактивтермен, приборлармен және жабдықтармен толық қамтамасыз етіп отырды.

Осы жасалған жұмыстардың барлығы Ж. Жиембаевтың ұйымдастырушылық қабілетінің жоғары екенін көрсетсе керек. Еліміздің жоғары оқу орындарында осы мамандықтарды даярлайтын факультеттерді ашуға атсалысты. Алғашқы жылдары Қазақстанда осы ғылым саласында істеп жүрген басқа республикалардан, Ленинград, Мәскеу, Кишинев, Новосибирск қалаларынан ғалымдарды елімізге шақырып, оларға ғылыммен айналысу үшін көптеген жағдай жасады. Мәселен, Степан Тимофеевич Бубенцов Ленинград қаласынан шақырылса, Лундин Домасович Казенас – Ригадан, Е. Фадеев – Кишиневтен алынды. Кейінірек еліміздің ауылшаруашылығы университетін алғашқы болып бітірген жастарымызда да қанатының астына алды. Олар Н. Алмұратов, Ш. Жарасов, Ж. Исмұхамбетов сынды білікті мамандар болса, соңғысы аталмыш университеті қызыл дипломмен бітірген лениндік стипендиат еді. Қазақта «Бұлақ көрсең көзін аш» демекші, бүгінде осы мамандыбітірушілердің бірі Жұмабай Дүйсенбекұлы Исмұхамбетов Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі осы институтта әлі қызмет істеп жүр.

Жазкен Жиембаев талантты жастарымызды қанаттандыруда да көптеген іс жасады. О. Жаймұрзина, Б. Сүлейменов, А. Сағитов сынды жастарымызға Мәскеуге, Ленинградқа баруға жол ашып, оқуға жіберіп, білікті маман болуына мүмкіншілік ашты. «Әлия Жаймұрзина өте білімді, кішіпейіл, адал, жігерлі, ынталы, қайсар қыз. Аяқ алысына көңілім толады, болашағынан көп үміт күтуге болады» – деуші еді Жазкен Жиембаев. Сол Ә. Жаймұрзинаны ол МГУ-дің биология факультетіне аспирантураға жіберіп, білгір бактериолог маманы етіп даярлады. Ол кезде өте керек бактериолог маманы бізде тапшы еді. Ал Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, биология ғылымдарының докторы, профессор Абай Оразұлы Сағитов осы біздің ғылыми институттың бас директоры және Қазақтың ауылшаруашылық университетінде «Өсімдік қорғау және карантин» кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарған болатын. Осынау талантты ғылымнелерін бір арнаға тоғыстырған, әрине, біздің кейіпкеріміз екені де даусыз.

Аса қадірлі Жазкен Жиембаев ұлтжанды ғалым, игін, ұлты үшін қызмет етуді өзінің басты мұраты санайтын тұлға. Оның жоғарыда істелген еңбектері үшін ғылыми зерттеу институтының ғылыми қызметкерлерінің көңіліне жылулық, мақтаныш сезім ұялататыны белгілі. Сондықтан, ол туралы жан-жақты пікір жазу әлі де алдағы міндет.

Жазкен Тайчиқұлы тоғыраның кіндігі Қарқара, Баянауыл, Кереку өңірінің тумасы. Кереку өңірінің тарихы мен табиғаты кімді де болмасын қызықтырмай қоймасы анық. Бұл өңір көптеген дарындармен, тума талантармен белгілі. Осы аймақтан Ұлттық ғылым академиясының 21 академигі шықты. Әсіресе академик Шокинмен кездесіп, ғылым туралы ой бөлісуші еді. Әрине, осы өңірдің азаматы деп біздер Жазкен Жиембаевпен мақтанамыз. Мектеп бітірген соң Омбыдағы ауылшаруашылығы институтын бітіріп, 1943 жылы әскерге барып, соғысқа қатысып, майданда политрук Ж. Жиембаев күн-түн демей жауды жеңуге бар күшін салды, жеңіспен оралғаннан кейін кеңес органдарында біраз жауапты жұмыста болды.

Жазкен Жиембаевтың директорлық қызметтегі кезінде біздің институттың ғылыми жұмыс тәжірибеміз көптеген шет мемлекеттерін қызықтырып отыруша еді. Сол уақытта жасалған жұмыстарымызбен оның нәтижелері көңіл қуантарлықтай еді. Мәселен, сол кісінің редакциясымен шыққан, институттың бірінші ғылыми томы әлемнің ең дамыған мемлекеттерінің ғалымдарын қызықтырушы еді және сұранысқа ие еді. Мәселен, сол кезде институттың ғалымдары шығарған бірінші томына Американың акарологтарының қызығушылығы зор болды. Олар осы томда өздерінің шығарған ғылыми томдарына алмастыруды сұрап талай рет институт директорының атына, кітапханаларымызға хат жазды. Институттың алғашқы томдарының әлем ғалымдарының сұранысына ие болуы академик Жазкен Жиембаевтың ғалымдарға дұрыс бағыт-бағдар бере білуі деп ойлаймын.

Ж. Жиембаевтың 200-ден астам еңбегі, оның ішінде, 5 монографиясы, әдістемелік жобалары Отанымыздың ғылымына қосылған қазына.

Жыл сайын Мәскеу, Ленинград және одақтас республика көлеміндегі өсімдік қорғау институттары ғалымдарының қатысуымен конференциялар Киевте, Ташкентте немесе Балтық елдерінде өтуші еді. Ж. Жиембаевтың директорлық кезінде бұл шара Алматыда өтетін болды. Міне, осындай келелі істердің басында жүріп, ұйытқы болатын Ж. Жиембаев өзінің қажымас-талмас қызметімен Қазақстан ауылшаруашылық, оның ішінде өсімдік қорғау ғылыми зерттеу ғылымын дамытуға үлкен үлес қосты.

Негізінде, профессордың адамгершілігі биік, ерекше адам болды. Ол кісі институттың қызметкерлерімен қай уақытта кездескенде де алдымен үй іші, бала-шағаның жағдайын сұрап, қысқа дайындықтың қалай екенін біліп, содан кейін ғана жұмыс жайлы, ғылым мәселесіне көшуші еді. Институттағы әрбір ғылыми қызметкердің қуанышын өз қуанышындай көріп, барлық жақсылықтың ортасында жүретін ақжарқын ғалым жиын-той, кештерде өзінің қоңыр даусымен жақсы көретін «Қараторғай» әнін орындайтыны әлі күнге дейін есімізде.

Мен өзімді бақытты адаммын деп санаймын. Себебі, осы ұлы ғалымның жанында көп жыл қызмет істедім. Ғалымның нұсқауымен көптеген ғылыми тәжірибелер өткізіп, көптеген дүниені үйрендім. Ұстаз ретінде мені алғашқы ғылым саласына баулыған да Ж. Жиембаев болатын. Ұстаз жайлы еліміздің көптеген ғалым, академиктері, ғылыми қызметкерлер жылы естеліктер, жақсы пікірлер айтып жүреді. Мұның өзі ғалымның атының да, хатының да өшпейтіндігіне айғақ.

Ғылыми зерттеу институтында көп жыл еңбек еткен ерен азамат, академик, ғалымның есімін есте қалдыру мақсатымен Қазақ өсімдік қорғау ғылыми зерттеу институтына аты берілді. Бұл өнегелі істе шәкірттері, оның ішінде, академик Абай Сағитовтың еңбегі зор. Ғалымның есімі тек қана институтымызға ғана емес, Алматы қаласының бір көшесіне де берілген.

Бүгінде Жазкен Жиембаев салған Қазақ ғылыми зерттеу институты ірі ғылым ошағына айналды. Қазіргі кезде сол ошақтан шыққан ғылыми қызметкерлеріміз әлемнің көптеген ғылыми орталықтарымен байланыста және қарым-қатынасымыз кеңеюде. Ғалымдарымыз үш тілді жетік біледі. Америка, Еуропаның көптеген елдерімен ғылыми қатынастарымыз жақсы жолға қойылған. Сол елдің ғалымдары біздің институттың халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларына, симпозиумдарға, семинарларға қатысады. Талантты жастарымыз, яғни, Жазкен Жиембаевтың нағыз ізбасарлары көптеп өсіп келеді. Олар АҚШ, Франция, Германия, Испания, Түркия университеттерінің докторанттары ретінде шетелдерде ғылыми жұмыс жүргізуде. Біз олармен мақтана аламыз.

Қазақ ауылшаруашылығы ғылымына өз еңбегімен сөнбес сәуле қалдырған ауылшаруашылығы ғылымының докторы, академик, профессор, Қазақ өсімдік ғылыми зерттеу институтының негізін салған, ғалымдық талантын, ұйымдастырушылық қабілетін осы ғылыми институтты құруға жұмсаған Жазкен Жиембаев баршамыздың ойымызда, жүрегімізде десем, артық айтылған сөз емес. Оның сара жолы сайрап жатыр. Ол хаты өшпес, аты өшпес қақтар талантты ғалым екені көпке мәлім.

Ә. МӘУИ,
биология ғылымдарының докторы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры

Алматы қаласы

◆БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Халқымызда «Судың да сұрауы бар» дейтін нақыл бар. Оның шынайы мәніне үңілетін болсақ, бұл сөздің мағынасы – судың ішкі құрамындағы қасиетін бағалай біл дегенге саяды. Қазақ даласының қай тұсына барсаңыз да неше түрлі арасан бар. Бірақ біз сол емдік сулардың денсаулыққа тікелей қатысты екенін естен шығарып алдық. Қысқасы, ата-бабалар нарқасынан алыстаған сайын қауіпті індеттерге барынша жақындай түстік.



Емдік судың ПАЙДАСЫ

Қажет АНДАС

Бәрімізге белгілі, 2017 жылы елімізде «Қазақстанның қасиетті жерлері» атты бағдарлама қабылданып, біраз жұмыс істелді. Сол орайда бірнеше экспедицияға қатысып, сол сапарда емдік қасиеті бар арасан көлдері туралы және зерттеу жұмысын қолға алдық. Жалпы, аймағымыздағы емдік табиғи киелі орындардың қатарына халық қастерлейтін, өсіп тұрғанына 700 жылдан асқан «Әулиеағаш» (Панфилов ауданы), «Мазар терек» (Ұйғыр ауданы), «Найзатапқан» (Панфилов ауданы), «Жаманты минералды бұлақтары», (Жамбыл ауданы), «Шиырбай бастаулары» (Кербұлақ ауданы), «Әулие бастау» (Көксу ауданы), «Қандағатай аро тұмасы», «Байжұман ата бастаулары» (Алакөл ауданы), «Әлмерек ата бастауы» (Іле ауданы), аса тұзды «Рай көлі» (Ақсу ауданы), «Түзкөл» (Райымбек ауданы), тағы басқалары жатады. Әсіз минералданған бастаулар қатарына «Жаманты минералды бұлақтары», «Әулие бастау», «Тамшы бұлақ», «Байжұман ата», «Қандағатай ата», «Шиырбай» бастаулары), орташа минералданған бұлаққа «Найзатапқанды», күшті минералданған жылы түріне Ескелді ауданындағы «Емсуды» жатқызуға болады.

Табиғи емдік киелі орындар ерте заманда ашық аспан аясындағы рулық табиғи ғибадатхана қызметін атқарған. Оған «Найзатапқан», «Әулие бастау» арасандарының маңындағы биік жартасқа салынған аң бейнелі суреттер мен «Жаманты минералды бұлағының» жанындағы үңгірдегі шағын мешіт дәлел болады. Өкінішке қарай, біз осыған дейін аталған қасиетті орындарды тек нанымдық тұрғыда түсіндіруге баса мән бердік те, оның суының емдік қасиеті туралы ақпараттарды анық айтпай келдік. Сондықтан жұрт өз жерлерді танымдық тұрғыда киелі деп қабылдап, табынушылық сипатқа ден қойды. Ал ғылыми тұрғыдағы адам ағзасына пайдалы тұстары сырт қалды.

Жоғарыда айтылған экспедиция барысында Жетісу жеріндегі жұрт көп біле бермейтін, білетіндер назар салып көрмеген «Найзатапқан», «Жаманты минералды бұлақтары», «Әулие бастау», «Рай көлі» сияқты табиғи киелі арасан суларынан сынамалар алып, талдау жұмысын жасауға мүмкіндік болдық. Сол жылдары жоғарыда аталған арасан көлдерінен жалпы 12 сынама алып, «Жер туралы ғылымдар, металлургия және байыту орталығы» акционерлік қоғамының ұлттық ғылыми зертханасына жіберген едік. Аталған зертхана жаңашылдық заманауи жабдықтарды қолдана отырып, ғылыми талдау жасап берді. Ендігі кезекте сол жайлы баяндайық.

Жетікөл (Бұғылы) тауындағы Жаманты өзенінің шатқалындағы Жаманты минералды бастауларын көнекөз қариялар Жаманты өзені шатқалында болған есті қыстаумен байланыстырады. Оған келетін адамдар ең алдымен биіктігі 10-15 метрлік тік жартастағы үңгірде орналасқан мешітке барып намаз оқиды. Ел аузында сақталған аңыздарға сәйкес Жоңғар шапқыншылығы кезеңінде көптеген қазақ отбасылары осы үңгірдің ішіне тығылып аман қалған деседі. Қазбек бек Тауасарұлы «Түп-тұқияннан өзіме шейін» атты еңбегінде, Ебобат Айдабосын «Сүйін қара» хикаятында жоңғар шапқыншылығында жараланған қазақ сарбаздарының осы бұлаққа келіп емделгенін жазған.

Жаманты минералды бұлақтарынан төрт минералды бастауының суына жүргізілген зертханалық талдау қорытындысына сәйкес бастау суы катиондық құрамына қарай калийлі-натрийлі-кальцийлі-магнийлі, ал, аниондық құрамына қарай сульфатты-гидрокарбонатты-хлоридті сулардың қатарына жатады. Құрамында радонның болмауына, фтор үлесінің рұқсат етілген санитарлық-гигиеналық шектен аспауына байланысты арасан суы ішуге жарамды. Арасан суында Менделеев кестесіндегі 11 элемент бар. Олардың ішінде әсіресе, К, Na, Ca, Mg көп кездеседі. Киелі арасандағы «Жүрек», «Бүйрек», «Асқазан» тұмалары суының химиялық құрамына жасалған салыстырмалы талдаулар әр бастаудағы химиялық элементтер үлесінің әртүрлі екенін көрсетті. Атап айтсақ, «Жүрек» тұмасында қантамырлары мен жүрек қызметін, бұлшық еттің жиырылуын қамтамасыз ететін Mg, K, Na, Ca, Cl үлестерінің басқа екі тұмаға қарағанда біршама жоғары, сульфаттың үлесі төмен екендігі белгілі болды. Шипажайтанушы ғалымдар мен дәрігерлердің пікіріне сәйкес магний, натрий, калий жүрек-қантамыр жүйесінің қызметін жақсартатындықтан аталған арасан суын ішкен адамдар науқасынан жылдам айығады деген қорытынды шығаруға болады.

Панфилов ауданындағы Шыжын ауылының батысында 15 шақырым қашықтықта Алтынемел (2928 м.) тауының Көңыреленң ойысына ұласатын тектоникалық жарықтар аймағында орналасқан «Найзатапқан» киелі арасаны бір-бірінен арақашықтығы 1-3 метрден аспайтын 10-12 тұмадан тұрады. Арасан көзінен минутына 5-6 литр су ағып шықса, ыстықтығы 16-21°С аралығында болады.

Емделушілердің пікірі мен ғылыми дерекке сәйкес «Найзатапқан» арасаны суының құрамындағы пайдалы элементтер адам ағзасының жалпы жағдайын нығайтып, барлық жүйенің жұмысын жақсартады. Зертханалық талдау нәтижелері «Найзатапқан» арасаны суының құрамында ағзаның жұмысын реттеуде ерекше орын алатын еріген микроэлементтер көп екенін көрсетті. Минералды су құрамында Na, Cl, K, Ca иондары және карбонат пен сульфаттың үлесі басым. Зерттеу нәтижелері ұсынылған үлгінің су сапасын бағалауға қойылатын талапқа сәйкес келетінін және емдік мақсатқа пайдалануға болатынын көрсетті. «Найзатапқан» суының денеге түскен жарақатты және бөртпе сияқты тері ауруларын емдеуге өте пайдалы келетіндігі ғылыми түрде дәлелденіп отыр. Жүрек, өкпе, бауыр сияқты ішкі ауруларға аса көмектесе бермейді. Ел аузында сақталған аңыздарға сәйкес киелі табиғи емдік минералды суынан жоңғар шапқыншылығы кезінде жараланған қазақ жауынгерлері емделген. Кейіннен соғыстан қалған найзаның ұшы табылуына орай жергілікті халық Найзатапқан атап кеткен.

Ерте заманнан киелі саналатын, емдік қасиеті бар, еріген минералдарға бай Рай көлі Балқаш ойысында, Ақсу өзенінің төменгі ағысында теңіз деңгейінен 351 метр биіктікте орналасқан. Беткі ауданы 4 гектар, ұзындығы 400, ені 100, жағалау сызығының ұзындығы 1150, орташа тереңдігі 2,6 метр. Көл құм жалдарының аралығындағы ойыста түзілген.

Адам ағзасына пайдалы әсері бар алуан түрлі химиялық элементтерге бай әрі қасиеттері тепе-тең суына жақын болғандықтан Рай көлі талассотерапиямен шұғылдануға мүмкіндік береді. Жүргізілген зерттеу жұмыстары аталған көлдің минералдық және химиялық құрамының қалыптасуына сағадағы мен тұйықтығы, жазда буланудың қарқынды жүруі күшті әсер ететінін көрсетті. Зертханалық талдау нәтижелері көрсеткендей, көл суы құрамы жағынан сульфатты-хлорлы-натрийлі сулардың қатарына жатады. Зертханалық талдаулар қорытындысына сәйкес 1 литр суда 138-140 грамға дейін еріген минералды заттар бары анықталды. «Жер туралы ғылымдар, металлургия және байыту орталығы» акционерлік қоғамының Ұлттық ғылыми зертханасында жүргізілген спектрлік талдау нәтижесіне сай Рай көлінің суы мен табанындағы тұнбалардың құрамында Менделеев кестесіндегі 13 элемент бар. Көл табанындағы тұнбаларда, әсіресе мыс, мырыш, стронций, хромның үлесі басым. Зерттелген сынама үлгісінің физикалық-химиялық қасиеттері шипажай мен физиоемдеуде қолданылатын емдік балшықтардың нормативті көрсеткіштеріне сәйкес келеді. Рай көлінің табанына шөккен емдік балшықтың химиялық құрамында магний, кальций, натрий, мыс, хром, марганец иондарының және сульфаттың үлестері басым. Зерттеу нәтижелері бойынша ұсынылған үлгі су мен тұнбалардың сапасын бағалауға қойылатын талаптарға сәйкес келетіндіктен көл суын емдік-сауықтыру мақсатында пайдалануға болады. Халықтың шоғырлы қоныстанған аймақта орналасқан шағын көлге емделу мақсатында көптеп келуі, оны киелі орын санауы құрамындағы химиялық элементтердің адам ағзасына жағымды әсер етуінен деген қорытынды шығаруға болады.

Суға шомылу кезінде адам иондалған көл бетінің ауасын жұтады. Соның нәтижесінде жүректің жұмысы, тыныс алу үдерісі, адам ағзасына оттегінің келуі көбейеді. Ағзадағы зат алмасу үрдісі жақсы жолға қойылып, дене шынығады. Көл табанына шөккен тұнбаның құрамындағы тұз, әсіресе ширидесі, сондай-ақ, оларды қорек ететін ұсақ ағзалар терідегі рецепторларға, дәнекер тіндерге, ішкі секреция бездеріне әсер етіп, ағзадағы зат алмасу, регенерация үрдісінің жүруін реттейді, ауырсынуды басады.

Жоғарыда минералдану дәрежесінің үш тобына жататын әрі өзім көріп, сынама алып, зерттеу барысына қатысым бар үш арасан көліне тоқталдым. Өкініштісі, жерлестеріміздің көбі өз аймағында осындай емдік қасиеті бар киелі жердің бар екенінен бейхабар. Аталған нысандарға шетелдік туристердің көбірек келетінін көрдім. Біз осындай іргемізде тұрған пайдалы сулардай әсерлемей, шетел асуға құмармыз.

Әрине, әр адамның өз таңдауы өзіне. Алайда, әркімнің денсаулық жағдайы да өзіне мәлім. Демек, арасан суларының ауруды болдырмай, дерт-дербесін жеңеден құлайтын қасиетін ескеретініміз жөн.

Жылына бір рет осы аталған және де басқа емдік сулармен емделіп, ағзамыздың қуатын күшейтсек, иммунитетін үзарта түсетіні сөзсіз. Соған орай, аймағымыздағы маңдайалды емдік шипажайлар санын көбейтіп, сауықтыру орнына айналдырсақ игі. Мұның экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан да пайдасы мол.

АЛАҢАН

"Жетісудың" спорт алаңы

◆ ҚАЗАҚ КҮРЕСІ





ЖЕҢІЛІСТЕН ЖЕҢІС КӨП

Бүгінгі таңда спорт саласы қарыштап дамып келеді. Жалпы әлем бойынша көптеген спорт түрлері өзінің өміршеңдігін көрсетіп, мемлекет, жеке демеушілердің арқасында қанатын кеңге салуда. Біз білмейтін, көрмеген спорттың түрі қаншама? Олардың барлығы сол ұлттың төл ойындары, ата дәстүрі, ұлтын айшықтайтын өнер екені анық. Сондай бекзат әнерді серік етіп, онымен шұғылдануышылар қатары артып, кейін спорттық ойынның санатына кіріп жатқаны қаншама. Кей кезеңдерде тіпті олимпадалық ойындардың қатарынан табылып, күллі әлем елдері белсене атсалысып, бір-бірімен бәсекеге түсіп жататынын көріп те, білім де жүреміз. Ал сондай қызықты спорттық ойындар біздің елде де жеткілікті. Интеллектуалды ойындарды былай қойғанда, күш қолдану, ұлттық спорттық ойындарымыз да бар. Біз осы жолы сонау ата дәстүрімізбен бірге жасасып келе жатқан қазақ күресіне және сол салада еңбек етіп жүрген банкер мен спортшыларға тоқталсақ.

Рашад ТҰРҒАНБАЕВ

Облысымызда қазақ күресі мектептерінің дамып келеді. Ауыл толғырып айтар толағым табыстарымыз да жетерлік. Ондай жетістікке жетудің бірден-бір себебі, ең бірінші – мемлекеттің қолдауының арқасында екенін айта кеткен жөн. 2013 жылы қазақ күресінен Алматы облыстық қазақ күресі федерациясы құрылып, бүтінде күш жұмыс істеуде. Сол жылдардан бері жарыр шарға атқарды. Қазіргі таңда федерацияны Қанат Келкенов басқарып отыр.

Ересектер арасында ага жаттықтырушы Тимур Абылханов жетекшілік етуде. Білікті банкер талай тарланның томағасын сыпырып, тонға қосып жүр. Тимурдың өзі де Жетісу жерінің талантты тұлғаларының бірі. Талай мәрте бокілемнің үстінде атой салып, өз салмағында жүлдені ұсынған түсіріп жүрген жоқ болуын. Кейін банкерлікке дән басып, өзінің бойындағы таланттың жастардың бойына сіңдіріп келеді. Осы орайда Тимур баптаған оқушылардың жетістігіне тоқталып өтсек. Сайдың тасындай іріктелген сақа жігіттердің басында А. Қасаев тұрады. 2017 жылы Алматы қаласында өткен ел чемпионатында 100 келі салмақта қарсылас шақ келтіріпті ғой. Ұлтарауда отқан КР күбәсында үшінші орын алып, кейін әлем чемпионатында өнер көрсетті. Одан бөлек дүбірлі дода «Жетісу бөрісінде» де жеңіс тұғырынан көз бұлғап, келісті тізіммен жадымдадық деп ешкім ойлаған жоқ. «Қазақстан Барысы» республикалық бәсекесінде ең әрі әлемді әдіс істеп, қарсыласын 3 секундта жыққан болуын атадық. Осындай талантымен «Көрермендер қонайымы» деген номинацияны ұтып, астына «темір тұлпар» мінген еді. Одан кейін Ербол Алдуханды да мақтанышпен айтуға болады. Құлжаның асығындай жұмыр келген жас жігіт, Жетісудың мақтанышына айналды. 55 келі салмақта өнер көрсетпен Ербол КР күбәсын қанжығасына байлады. Ағыруы қаласында өткен қазақ күресінен Азия чемпионатында бірінші орын иеленіп, Азия чемпионы деген атаққа ие болды. Дәл осы жетістігі үшін «Халықаралық дәрежедегі спорт шебері» деген атақты иеленді. Қ. Мұңайпаздов атындағы халықаралық турнирде де ода шашты. Бала күнінде Еркін Қожахметовтың шекпенінен шыққан Ербол болашағынан көп үміт күттіретін балуан екенін байқатты.

Амангелді Сатыбалдинов жайлы айтпаған сөз өзгеше. Амангелді қызын күйінен бастап спортпен күрес өнеріне берілген азамат. Қазақ күресінен 60 келі салмақта азалыпа жан салмаған сандық. Талдықорған қаласында қазақ күресінен ел чемпионаты өтіп, сол күресте Амангелдінің жүлдесіз оңынан тұған еді. Жарысты ұйымдастырушы басшылар таланты балуан, дәнекерлеп Сидней Олимпиадасының қола жүлдегері Айдын Смағұловты құрметтеп, 60 келі салмақ дәрежесіне Айдынның салмағы деп көпір тіккен болатын. Міне, сол бәсекеде барлық қарсыласының кабырғасын сөкпен Амангелді «темір тұлпарды» тізгіндегені есімізде. Дәл сол кезде бірқатар баспасөз «Арыны қатты Амангелді» деп жарқа жазғаны да көз алдымызда. Амангелді мәнімен тоқтап қалған жоқ, КР күбәсын да қанжығасына байлап, «Еуразия барысының» командалық есепке бірінші орынға не болды. 2015 жылы ҚХР Азия чемпионатында да айдарынан жел есті. Белоруссияда өткен дәнекерлеп чемпионатына қатысып, қола жүлдені қанжығасына байлаған еді. Осындай ауыз толтырып айтарлық жетістіктері Амангелдіні банкерлікке бет бұрынна да себепші болды. Бүгінде облыста әйелдер құрамасының ага жаттықтырушысы.

Енді тағы бір таланты балуанға келейік. Ол 2011 жылы Индия чемпионатында өткен Азия чемпионатында алтынмен алқа тағынған Нұржан Жұмажан. Ел бірінші лігінің бірнеше дүркін чемпионы. Самбо күресінде де олжа салған ңағыз майталман. Қанар Рауанөлімұлы қолаңсыз тер төгіп, бүгінде жастар арасында самбо күресінен ага жаттықтырушы. Қазақан Күлпейсөлұлы тәлім алған Қайбек Рамазанов та таланты балуандардың санатында. Өзіндік ерекшелігі бар, бокілемде тас неше жабысып, ұстаған жерінен әдіс шығаратын Қайбек «Жетісу бөрісін» түрнирінде екінші орынға не болған. Қазақстан чемпионатында да қолаңсыз сүйінтілеңіп, талай балуанның жігерін құм еткен майталман. Ал 60 келіде өнер көрсеткен Ержан Еренқайыповты да ерекше атап өткен жөн. Петропавлда өткен ҚР чемпионатында алтын тұрғаң қол бұлғап, Ақтөбеде өткен әлем чемпионатында қолаға қол созғанға дәл есімізден кете қойған жоқ. Облыстық жастар құрамасының ага жаттықтырушысы, «Облыстық «Бөрі» қазақ күресі федерациясының президенті Қанат Келкеновтың да жұмысқи ерекше атап өткен жөн. «Ат тұяғын тай басар» дегендей, алдыңғы ага буынның жетістігін жастарымыз да қайталап келеді. Білікті банкердің айтқаны мен кіземіз төгілген тердің өтеуі ақталып келеді десек артық айтпағанымыз. Жүйелі жұмыс пен банкерлердің аузыбірлігі, олардың таланты дұрыс таңдай білуімен қатар оларға дұрыс бағдар берулінің арқасында облыстық қазақ күресінің айы оңынан туып отыр. Осында болашағы жарқын жастардың арасында Амржан Аршқидинов 90 келіде бақ сынап жүр. Бұның толық қатнады десек қателесеміз. Жас болса да ауыр салмақта бақ сынап, ҚР чемпионатында қарсы келгенді алынан аударып тастады. Түйе балуан атанған Нияз Ерсайын+100 салмақта қола еншілес, көптің көңілін көтеріп келеді. Алғашында банкерлер Ерсайынның қолаңсыз көңілдері толмады. Алтынның үмітті деген ойлағаны қателікке бой алдырып жіберіп болатын. Арғынна түйе балуан бәсекесінде қайран салған қимылтай жарқ етіп, түйе балуан атанды. Дәл осындарын қатарында қола жүлдегер Бауыржан Дауытов, Бағыр Машекөвтен тәлім алған қола жүлдегер Шамиль Ахметбаевтың да ерлігін кейінгі жас буынға үлгі етуге болады.

Жалпы облыста қазақ күресі федерациясы қарсында дамып келеді. Тынғылықты жұмыс пен банкерлердің және басшылықтың ауызбірлігінің арқасында дүбірлі додадан олжасыз оралмайды. Бөлгіні қарантиндік режимде де балуандар бабынан айырылмай, үй жаттығуын тұрақты істеп, алдағы жарыстарға дайын жүр.

◆ ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА

ЕУРООДАҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТЫП ОТЫР

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 27 сәуірдегі Қаулысымен «Астана-ЭКСПО – 2017» көрмесінің инфрақұрылымы мен мұрасы негізінде IGTIC (Халықаралық жасыл технологиялар мен инвестициялар орталығы) құрылды. Орталықты құру туралы бастама алғашында 2015 жылғы қыркүйекте БҰҰ 70-ші Бас Ассамблеясы жиналысында көтерілген еді. Орталықтың қызметі «жасыл экономикаға» инвестиция салу үшін жағдай жасауға, жаңартылатын энергия көздерін енгізуге және экологиялық таза қала ортасын дамытуға бағытталған.

Қажет АНДАС

Орталықтың жұмысы ЕО, БҰҰ ЕЭК, БҰҰДБ, IRENA жаңадық жасылдандыру институтымен (GGGI), DENA, GIZ, RENAC және көршаған ортаны қорғау және су ресурстары саласындағы ЕО-ОА шиттымақтастық платформасы шеңберінде жұртсіледі. Ол үшін ұлттық үйлестіру халықаралық шиттымақтастығы жаңартылатын энергетика, энергия үнемдеу және перспективалы технологиялар, smart grid, «жасыл» қалалар, инновациялық технологиялар және «жасыл» қаржыландыру бағыттары бойынша семинарлар мен оқыту курстарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта «ЕҚТ бюросы» Орталықтың ғылыми-технологиялық даму офисімен бірлесіп, ЕО және Ресей елдерідегі ЕК-та қоңыр тәжірибесіне арналған вебинарлар сериясын өткізуде. Вебинар «Еуропалық Одақ-Орталық Азия: су ресурсы саласындағы шиттымақтастық» (WECOOP) жобасының қолдаушысы ұйымдастырылады.

Еуропалық елдердің электр энергетикасындағы ең озық көзқатымда технологияға көңіл бөлуді тәжірибесіне арналған алғашқы вебинар 2020 жылдың қыркүйегінде өтті. Жұмыда ғана қоғымдастырылған «Электр энергетикасындағы ең озық көзқатымда технологиялар қандықтары мен электр энергетикасын дамыту тәжірибесіне қызығушылық танытқаны көңілге қуаныш ұялатты.

Ең озық көзқатымда технологиялардың ңайдалану бүгінде әлемнің 39 елінде қолданылады. Соның ішінде Ресей, Беларусь және Қытайдағы өңірлерінде экологиялық таза технологияларды енгізу мақсатында қолданылатын тәсіл назарға алынған. Осындай технологияларды қолдану Еуропалық Одақта алғаш рет 1984 жылы өңірлерінің қондырғыларын дауыл дастануына қарсы күрес жөніндегі Еуропалық Кеңесте айтылған еді. Кейінірек 1996 жылғы дастануды алдын алу және бақылау жөніндегі директивадан көрініс тапты. 2010 жылғы өңірлерінің шығармышылдар директивасында озық көзқатымда технология терминине түпкілікті анықтама берілді.

Қазіргі пандемия адамзаттың саулығы және тұрақты болашақ үшін күш-жігерімізді бірікгіруге мүддені ешкімнің көрсетті. ЕО 2050 жылға қарай климаттық бейтарап континент болуға ниеті және климаттың өзгеруіне қарсы күрес және тұйық цикл экономикасына көшу жөніндегі халықаралық серіктестерге қолдау көрсетуді жалғастыруға ынтады.

Осыған орай елімізде Экологиялық кодекстің жаңа редакциясының жобасына ең озық көзқатымді технологиялардың енгізу көзделген. Ал өткен жылы «жасыл» технологиялар және инвестициялық жобалар халықаралық орталығында осындай технологиялардың техникалық анықтамаларын әзірлеуге жауапты «ЕҚТ бюросы» құрылды. Орталықтың мәліметіне сәйкес, қазіргі уақытта Қазақстанның елу ірі кәсіпорны ең озық көзқатымді технология қандатын көшуі қарастырылуда.

Экологиялық кодекстің жаңа редакциясында экологиялық төлемдерді есептеу артыру есебінен қаржыландыру арқылы (2, 4 және 8 есе) бірінші санаттағы барлық ірі кәсіпорынды ең озық көзқатымді технологияға біртіндеп көшіру көзделген. Егер бұл жоба жүзеге асса, экологиялық төлемдер бойынша жүктеме айтарлықтай артады. Бұл өңге де кәсіпорындарды белгілі бір мерзімге төлемдерді босату үшін таза технологияларды енгізуге мәжбүр етеді.

Қазақстандық бастама, міне, осылай әлем жұртын таңғалдырып отыр. Демек, «жасыл» технологиялық елдегі салмағы артқан сайын экология мен көршаған ортаны қорғаудағы бастамаларға қан жүгіріп, болашақ үшін мысты иегіз қаланады.

◆ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

Басым жобаларды несиелеу механизмі аясында шағын және орта бизнестің несие бойынша шығындарын қалай азайтуға болады?

БАСЫМ ЖОБАЛАРДЫ НЕСИЕЛЕУ

Өз қызметін агроөнеркәсіп кешенінде оңдау және қайта өңдеу, сондай-ақ, өңдеуші өнеркәсіп пен қызметтер саласында жүзеге асырылып кәсіпкерлер басым жобаларды несиелеу мехаңизмі бойынша немесе «Қарапайым заттар экономикасын» – бизнесті қолдау мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – ҚЗЭ бағдарламасы) аясында кредит ала алады. Осының шеңберінде кәсіпкерлер инвестициялар немесе айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейлі банктерден (бұдан әрі – ЕДБ) кредит ала алады (кредит сомасы 50%-дан аспайды), бұл ретте кредит сомасы шектелмейді.

ЕДБ кредиттерді жылдық 15%-ға дейінгі сыйақы мөлшерлемесі бойынша береді, оның ішінде жылдық 9%-ға дейін мемлекет субсидиялайды. Осылайша кәсіпкерлер кредит бойынша жылдық 6%-дың төлейді. Инвестициялық кредиттер бойынша субсидиялау мерзімі – 10 жыл, айналым қаражатын толықтыруға – 3 жыл. Сондай-ақ, кәсіпкерлер несие бойынша кепілдік қамтамасыз ету жеткіліксіз болған жағдайда «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – «Даму» қоры) несиенің бірлік мерзіміне өз кепілдігін беруге дайын. Бір жоба шеңберіндегі кепілдік мөлшері: 3 млрд. теңгеге дейін кредиттер бойынша кредит сомасының 50%-на дейін, ал 3 млрд. теңгеден 5 млрд. теңгеге дейін кредиттер бойынша 30%-ға дейін құрайды.

«Даму» қорының өңірлік бөлімшелерінің директоры Тимур Ескеевтің айтуынша, 2020 жылы 31 шілдедегі жағдай бойынша «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде өңірде субсидиялау бойынша алты сомасы 9,7 млрд. теңгеге 25 жоба мақұлданды, кепілдік беру бойынша жалпы сомасы 281,26 млн. теңгеге 4 жоба мақұлданды, олар бойынша «Даму» қорының жалпы сомасы 102,6 млн. теңгеге кепілдіктері цыгарылды. Субсидиялау және кепілдендіру құралдарын «Даму» қоры «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ұсынады. Бұл ретте «Даму» қоры тарапынан кредиттерді субсидиялау онлайн режимде Электрондық үкімет (E-gov) және online.

dauna.kz платформалары арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ, «Даму» қорының қызметтерлері кәсіпкерлерге ЕДБ-де қарқындылыру алу үшін құжаттар жинаудан бастап, олардың жобаларын ЕДБ-де сүйемелдеуге қолдау көрсетеді.

Барлық сұрақ бойынша Талдықорған қаласы, Төлебаев көшесі, 86 мекенжайы бойынша орналасқан «Даму» қорының аймақтық филиалына немесе 8-7282-55-87-10, 8-7282-55-87-11 телефонына хабарласуларыңызды сұраймыз.

Бұл шектеу ЕДБ мен АНК өз қаражаты есебінен жүзеге асырылатын агроөнеркәсіп кешендегі өндіру және қайта өңдеу жөніндегі жобаларды, сондай-ақ, кредитті қарқындылыру көзіне қарамастан АӨК-де өндіру жөніндегі көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге бағытталған жобаларды қаржыландыруға қолданылмайды.

Гүлназ НҰГМАНОВА,
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ облыс бойынша аймақтық филиалының бас менеджері

◆ ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ

«Балқаш ауданы Қарой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандарты жайлы халықты құлақтандырады.

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – ЖАУАПТЫ МІНДЕТ

Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету белгілерінің бірі әкімшілік кедергілерді айлту, халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету болып табылады.

Стандарт дегеніміз – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды белгілейтін, сондай-ақ, мемлекеттік қызмет көрсету процесінің, нысанының сипаттамаларын, мазмұның және нәтижесін қамтитын нормативтік-құқықтық акт.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет деген ңіз – көрсетілетін қызметті алушылардың өтінішті бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылып және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, олардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерге беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Мемлекеттік қызметтер:

1) көрсетілетін қызметті берушілер арқылы;

2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы;

3) www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетіледі.

Қазіргі уақытта «Балқаш ауданы Қарой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі сегіз мемлекеттік қызмет көрсетеді:

1. Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру;

2. Бұрын жер пайдалануға берілген жер учаскесін жекемешікке сату;

3. Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою;

4. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;

5. Өтінішті берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру;

6. Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу;

7. Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кері қарай үйлеріне тегін тасымалдауды ұсыну.

8. Жер учаскесін алу үшін кезекке қою.

«Балқаш ауданы Қарой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің гимаратында халықты ақпараттандыру мақсатында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары жазылған стенд ілініп, өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы ашылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышында және күздікті ЭЦҚ-ны өкуге арналған картридер аппараты бар. Кез келген азамат осы өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышына ЭЦҚ-сымен келіп, өзіне қажетті мемлекеттік қызметтерді ала алады.

Мемлекеттік қызметтерді әр азамат өз үйінде жеке талаптар желісі болса «Egov.kz» порталы арқылы немесе жеке ұялы телефондағы eGovmobile қосымшасы арқылы да алуға болады.

Е. МҰСЫРПАНОВ,
Қарой ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы
Балқаш ауданы

PRIMARIES 2020
НҰР ОТАН ПАРТИЯСЫ ҚАРАЛДЫ САЙЛАУ

Жария пікірсайыс өтті

Ел жұртшылығы «Nur Otan» партиясында өтіп жатқан праймериз қамтыған үгіт-насихат жұмыстарымен танысып, партияның жаңа сипаттағы іріктеуіне куә болуда. Осыған орай партияның Талдықорған қалалық филиалына 64 үміткер өтінш білдіріп, өздерінің бағдарламасын көпшілік назарына ұсынып жатыр. Солардың алтауы жария пікірсайыс өткізіп, ұстанған бағыты мен ұстанымын таныстырды. Үміткерлердің үкілеген үмітімен танысқан облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ кейбір мәселелерге сын айтып, саяси додада бақ сынауды көздеген жандардың бағытын түзетті.

Мади АЛЖАНБАЙ

Алдымен өздерін таныстырған соң сұрақ-жауап түрінде жалғасқан пікірсайысқа қатысқан облыстық «Jetisy» газетінің тілшісі Қажет Андас еліміз үшін ең басты мәселенің бірі — экология бағытындағы жұмыстарға көпшілік қолдауының, экологиялық мәдениетті қалыптастырудың жеткіліксіз отырғанын тілге тиек етсе, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті гуманитарлық факультетінің деканы Амангелді Төлемісов облыс орталығында қысқы спорт ойындарын кеңінен дамыту керектігін алға тартты. Одан кейін сөз алған І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеттің ғылыми зерттеулер кеңесінің төрағасы Дамир Дигай мен университет психологі Әсем Қалибек жастар мәселесінде көмшін түсін жатқан тұстарға тоқталды. Атап айтқанда, жастарды баспанамен қамтамасыз ету, жұмыспен қамту, сыртқа кеткен жастардың Жетісу жеріне қайта оралуына мүмкіндік беру сынды мәселелер айтылса, блогер Дана Оспан Талдықорған қаласында мүгедек балаларға көрсетілін жатқан қолдаулардың аздығын мәселе ретінде көтерді. Ал, Ушинский атындағы №7 орта мектептің директоры мұғалімдер қауымының басындағы мәселелерді алға тартты. Оның айтуынша, қаладағы мектептерде орыс тілі пәнінің оқытушылары жетіспейді.

Үміткерлерді мұқият тыңдаған облыс әкімі Амандық Баталов саяси дода соңында бірқатар ескертулер айтып, дұрыс бағыттағы жұмыстар қолға алынып жатыр. Алдағы уақытта нәтижесін көреміз.

Сосын еліміздегі негізгі саяси ұйымның бірі «Nur Otan» партиясының мүшесі болғандықтан оның негізгі бағыттарын дұрыс түсіну керек. Партияның ең алдымен халықтың қамын ойлайтынын назарда ұстап, праймериз арқылы қоғам белсенділерінің ұсыныс-тілектерін тыңдауы мемлекет мүддесі үшін екендігі ұмытылмауы тиіс. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауында айтылған негізгі бағыттар еліміздің өркендеуі үшін қызмет етеді. Сондықтан сіздер осы жолға түсіп, өз бақтарыңызды праймериз арқылы сынап көруге бет алғанда ниет түзу, жүрек таза, көңіл шынайы болуы керектігін естен шығармаңыздар! Баршаңызға табыс тілей отырып, істеріңіз берекелі болсын деген тілек айтамын.

Саяси доданың кезекті кезеңін осылай өткізген үміткерлер жиын соңында естелік суретке түсіп, бір-бірін жақсы тілек арнады.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

Биылғы жылыту маусымына дайындық жұмыстары облыстың барлық аудан, қалаларында жүргізіліп жатыр. Соған орай қажетті отын мөлшері есептеліп, жылу жүйелерін жаңарту қолға алынуда.

ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Облыс орталығына іргелес орналасқан Қоқсу ауданының орталығы Балпық би кентіндегі «Көксу-жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны өңір бойынша табиғи газбен жұмыс істейтін жалғыз мекеме. Осыны ескерген облыстық табиғи монополияларды реттеу департаментінің мамандары кәсіпорындағы дайындық жұмыстарын пысықтап қайтты.

Көксу ауданы әкімінің орынбасары Дәулет Халелов, аудандық тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Айдос Көкетаев, облыстық табиғи монополияларды реттеу департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің басшысы Бақтияр Хамзин бастаған топты қарсы алған «Көксужылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас инженері Мұхтар Сәрсенов жасалып жатқан жұмыстардың таныстырды. Оның айтуынша, аудан орталығындағы көпқабатты тұрғын үйлерді, мемлекеттік маңызы бар нысандарды жылумен қамтамасыз ететін мекеме 2010 жылы пайдалануға берілін, бүгінгі табиғи газға көшірілген. «Көгілдір отын» болмай қалған жағдайда отты мазутпен жағуға да болады. Оған қажетті 800 тонна мазут дайын тұр. Аудан орталығына 15 қазанда толықтай жылу беру үшін қазір жылу жүйелерін жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатыр екен.

– Аудан орталығындағы мектептер мен оқу-тағылар, әкімшілік ғимараттарын және тұрғын үйлерді жылумен қамтамасыз ету біздің міндетіміз. Сондықтан қазір дайындық жұмыстары жүргізілуде, – деген «Көксужылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас инженері Мұхтар Сәрсенов дайындықтың барысында үлесін салыстырды. – Қыркүйек айының соңына дейін дайындықты 100 пайыз орындаймыз. Қазіргі өлшеу 97-98 пайызға дейін жүр. Кезіг-кезігу орташалы жылыту маусымын бастауға сақадай сай жұрмыз. Барлығы 40 шақты тұрғын жүйелерін қамтамасыз етіп отырған кәсіпорынға 5 қазандық орналасқан. Оларды қазіргі 3-4 жұмысшымыз тек жылу береді. Табиғи газ жеткізетіндей жағдай орнаса мазутпен жылыту жүйесіне өтуі ауыспақпыз.

Облыстық табиғи монополияларды реттеу департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің басшысы Бақтияр Хамзиннің айтуынша, «Көксужылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны үшін бағаны департамент бекітеді. Атап айтқанда, бағытарын беру тұрғындар жылу үшін 2 мың 459,83 теңге төлейді. Бұл сома 1 шаршы метрге шаққанда 78 теңге 74 тиынның келеді. Ал, заңды тұлғалар ай сайын жылуға 8 мың 813,35 теңге төлеуі тиіс. Бұл есептегін құралып жасалған баға. Егер тұтынушылар үйлерінде немесе мекемелерінде жаңа үлгідегі есептегіш құралдарын қосса бұдан да арзан баға шығады.

М. ӘСЕТҰЛЫ

ЖЫН-ТЕРІН

ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫН қабылдау басталды



Суретті түсірген Р. ҚАДЫРОВ

Пандемияға байланысты биылғы жыл қанша қиын болғанымен қант қызылшасының алқабы жылдағыдан еселеніп, гектар береке лігі де өсе түсті. Облыстық ауылшаруашылық басқармасы егін шаруашылығы бөлімінің басшысы Ербол ӘБІШӨВТІҢ айтуынша, үстіміздегі жылы аймағымызда қант қызылшасының егіс алаңы 2,1 мың гектарға ұлғайып, жалпы көлемі 16,1 мың гектарға жетті. Облыстағы «Көксу қант зауыты» ЖШС мен «Ақсу қант зауыты» ЖШС 500 мың тоннаға жуық тәтті түбір жинап, 42 мың тоннаға дейін қант өндіруді жоспарлап отыр.

Қажет АНДАС

Аймағымызда алғашқы болып тәтті түбір қабылдауды «Көксу қант зауыты» ЖШС 25 қыркүйектен бастады. Атағымыз шарға Көксу ауданының әкімі Алмас Әділ арнайы қатысып, шаруаларды жыл бойғы жұмысының нәтижін көруге шегті екендігін білдірді. Бұл күні Талдықорған қаласы мен Қаратал, Көксу, Ескелді аудандарының шаруа қожалықтары 400 тоннаға жуық өнімді зауытқа өткізіп үлгірді.

– Өткен жылы зауыт 230 мың тонна қант қызылшасын өңдеді еді. Биыл бұл көрсеткішті 250 мың тоннаға жеткіземіз деп жоспарлап отырмыз. Жаз бойы зауыттың жайғасуына, құрал-жабдықтарын жаңалтуын, күрделі жөндеуден өткізуіне байланысты. Қант қызылшасын өңдейтін цех толығымен жаңадан жылы күрделі жөндеуден өтіп, автоматтандырылған жүйге жүктірілді. Сондай-ақ, автокөліктерді ұсынейтін аспаптар жаңадан сатып алынып, орналастырылды. Күніне 2,5-2,8 мың тонна қант қызылшасын қабылдап үлгереміз. Қазір зауытта 250 адам жұмыс істеуде, алдағы уақытта 450 адамға дейін көбейеді, – дейді «Көксу қант зауыты» ЖШС директоры Әділбек Абаттов.

Зауыт алаңына бірінші болып Қаратал ауданынан келген «Мейіржаев» және «Ерсұлтан» шаруа қожалықтарының өнімі енді. Қаратал ауданын ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Талғын Үдінев аудандағы қант қызылшасының өнімі орта есеппен гектарынан 350 центнерден асып түседі деп отыр.

Кейінгі жылдары Талдықорған қаласы да қант қызылшасын өсіру, өсіру жұмыстарына жақсы көрсетіпжүгіне жүйе жүр.

– 2015 жылы қалада 44 гектар алқапқа қант қызылшасы себілін еді, биыл 6741 гектарға қант қызылшасы егілді. Бұған «Аманбаев» шаруа қожалығы 60 тонна қант қызылшасын зауытқа өткізіп отыр. Қант қызылшасының өнімділігі де орта есеппен гектарына 400 центнерден айналады деп жүтіуде. Жалпы, 12 мың тонна қант қызылшасын өткіземіз, – дейді Талдықорған қаласы ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Нұрлан Жамаубаев.

Ескелділіктердің де есебі түзек.

– Аудан бойынша 193 шаруашылық қант қызылшасын өсуімен айналысады, биыл 3415 гектар жерге тәтті түбір себілген. Өткен жылмен салыстырғанда 515 гектарға ұлғайды. Қазір 20 комбайн, 10 тиегіш машина толығымен жұмыс істеуде, – дейді Ескелді ауданның ауылшаруашылық бөлімі басшысының міндетін атқарушы Бақыт Оразбекқызы.

Көксуліктерден да қант қызылшасы дақылын өсуге көпшілдік үлкейбесі бар. Сондықтан да озат бақсыны ауа райының қолайсыздығына қарамастан тынымсыз еңбек етіп, мол өнімге қол жеткізуде.

– Биыл ауданғы 160 шаруа қожалығы 5407 гектар жерге қант қызылшасын екті. Гектар бересілігі орташа 400 центнерден айналады деп жүтіуде. Жалпы зауытқа 84 мың тонна тәтті түбір өткізбекпіз, – дейді Көксу ауданын ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Ержан Шалқарбеков.

Қант қызылшасын өткізуге келген шаруа қожалықтары ісілерінің де көңілі көтеріңкі. Олардың бірі биылғы ауа райының қолайсыздығының тіпті тиек етсе, енді бір сұ тапшылығы салдарынан кейбір қиындықтың бетпе-бет келгенін жасырмады. Бірақ тынымсыз еңбектің арқасында өнімділіктің де айырмашылығын болатынына сенім білдірді. Айта кетейік, Ақсу қант зауыты тәтті түбір қабылдауды 29 қыркүйектен бастайды.

◆ БРИФИНГ

Мүгедектікті растау рәсімі жеңілдеді

Журналистер үйінде медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу тәртібі және департамент қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының алдын алу тақырыбында баспасөз мәслихаты өтті.

Онда Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Алматы облысы бойынша департамент басшысы Зайда Ілімжанова медициналық ұйымдар, толық диагностикалық емдеу және оңалту шараларын жүргізудің заңдылықтары жайлы айтты. Оның айтуынша, мүгедектік белгілеу рәсімінде науқасқа емдеу жүргізген мекеме жауапты. Ем жүргізгенінен кейін төрт ай ішінде дәрігерлік кеңес комиссиясы шешім шығаруы тиіс. Жыл сайын облыстық департаментке 25 мыңнан аса сырқат тіркеуге алынады.

Спикердің айтуынша, ағымдағы жылдың басынан қағидаларға бірқатар өзгерістер мен толықтыру енгізілген. Мәселен, медициналық-әлеуметтік сараптама мамандарының консультативтік көмегі алынып тасталды. Ягни, емдеуші мекеменің қорытындысы қорытынды шығаруға жарай береді. Ол сегіз жасқа толған адамдарға мүгедектік 5 жылға белгіленеді. Мүгедектікті растау рәсімі емделушінің деңсаулығы шаралардан жағдайда ғана емес, жақсарған кезде де жасалады. Сондай-ақ, қарантин жағдайында мамандар сырқатқа сырттай қызмет көрсетеді. Сараптама жүргізушілердің аудиобейне жазбасы 4 айға дейін сақталады.

Биыл 1013 науқас сырттай қызландырылған. Керек жағдайда дәрігерлік кызмет көрсетудің көлжетімділігін арттыру үшін бөлімдер аудан орталықтарында көшпелі отырыс жүргізеді. Мысалы, биылғы бастапқы алты айда аудандарда 129 көшпелі отырыс өткізілген.

Брифингте малім болғандай, жаңа қағидалар мүгедектікті анықтауды айтарлықтай жеңілдетеді. Атағлан департаменте сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу үшін барлық қадағалау шаралары ұйымдастырылған. Құқықбұзушылыққа жол бермеу үшін техникалық құралдар да жан-жақты пайдаланылады.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ

◆ ӨРЛЕУ

«Шарын» ұлттық паркінде экотуризмді дамыту бойынша құрылған қоғамдық кеңестің бірінші отырысы өтті. Кеңес құрамында ғалымдар, саланың сарапшылары, туристік құзырлы өкілдері, қоғам белсенділері мен экобелсенділер бар.

ЭКОТУРИЗМ ДАМЫТЫЛАДЫ

«Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркін дамыту тұжырымдамасы тамыз айында таныстырылған болатын. Қоғамдық кеңес аталған жобаның жүзеге асуын бақылауға алғысады. Жобада негізінен туристік маршрутқар мен соқпақ жолдарды дамытуға күш салынады. Заманауи визит-орталықтар, ғзмшинг, ғзмшингтер, этноауылдар салынады. Караванинг-ке арналған орын болады. Парк аумағында күрделі құрылыс жүргізбей, ықасындар жеңіл жиналастын конструкциялар арқылы тұрғызылады. Осылайша қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайтып, сапалы қызмет ұсынатын бірегей туристік өнім жасауға мүмкіндік туады.

Аумақта экотуризмді жеке инвесторларды тарту арқылы дамыту жоспарланып отыр. Мәселен, екі заманауи визит-орталық және этноауыл салынады. Сондай-ақ, төрт жазу жүргінші маршруты болады. Түнейтін орындар дайындалып, үш көру алаңы қойылады. Бұғы қоса, ғзмшингтер, кемпинг, қарауанинг пункттері, қоғамдық тамақтану орындары, кәдесый дүкендері орналастырылады. Қоршаған ортаға түсетін рекреациялық жүктемені азайту үшін қызмет көрсету нысандарының бәрі шатқалдың сыртында салынады.

Жоба Қоғамдық кеңес мүшелерімен талқыланып, қабылданған кейін ғана инвесторлар ашық байқау негізінде тартылады. Алдында ҚР Экология министрлігінде айтылғандай, ұлттық парк жерлері заң бойынша ешкімдай жағдайда жекемешікке берілмейді. Тек белгілі бір аумақтар ғана туризмді дамыту мақсатында уақытша пайдалануға берілуі мүмкін. Алайда инвестор өз міндеттерін орындамаған жағдайда мемлекет кез келген уақытта келісімшартты бұза алады.

А. ЫБЫРАЙ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖОБА
МЕКТЕПКЕ ЖОЛ

Мұқтаждың мұңын тыңдады

«Жерде бір жетім жыласа, көкте періште мұңайды» дейді дана халқымыз. Мұқтаждың басындағы жағдайды сұрап білім, қажетін өтеу әрбір саналы азаматтың бұлжымас міндеті. Осы қағиданы жақсы білетін мейірімді жандар Жаңашаруа ауылдық орта мектебіне барлық оқушыларға демеушілік көрсетіп, қажетті құрал-жабдықтар мен көрнекіліктер әперді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен колға алынған республикалық «Мектепке жол» акциясына белсене қатысып жүрген Еңбекшіқазақ ауданының Құрметті азаматы, облыстық мәслихат депутаты Жанғелді Осан-ет ағзілері жолында аянбай еңбек етіп жүрген жанның бірі. Аудандағы білім саласының дамуына, оқушыларын қанықтан оқу кешінде білім нәрімен сусындауына қолдау көрсетуден танбаған ол биыл 1-сыныпқа келген 11 бүлдіршінге мектеп құрал-жабдықтарын, көнбаласы, аз кантұлған, толық емес 6 отбасына ноутбук әперіп, COVID-19 індетінің таралуының алдын алуға қажетті дезинфекциялық құралдарын мектепке сыйға тартты.

Қолындағысын ағілікті іске, қайырымдылыққа жұмсап, мұқтаж жандардан көмегін аямайтын Құрманжанованар әулеті де әлеуметтік жағдайы төмен 14 отбасының балаларына 11 дана LENOVO планшетін және 3 дана SAMSUNG планшетін тарту етті. Одан бөлек, Қалижан Алмасбаев, Әділбек Орынбаев, Сәкен Тәубалдиев, Нұрғұл Сейкумова, Ерлан Рақымжанов, Дәурен Кенжебаков, Мақсат Рысбаков, Серік Өтежанов сынды азып азаматтары «Мектепке жол» акциясы аясында ағілікті іске ұйытқы болып, оқушылардың ғайықты білім алуына жәрдемдесіп отыр.

Комек көрсеткен барлық азаматқа мектеп ұжымы атынан алғыс білдіремін! Жасаған жақсылықтарыңыздың қарымы есеген қайтсын дейміз!

Әлия АЗНАБАКИЕВА,
Жаңашаруа орта мектебінің директоры

Еңбекшіқазақ ауданы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

◆ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ҚР Премьер-Министрі Асқар МАМИННІҢ төрағалығымен селекторлық кеңес өтті. Онда биылғы егін жинау жұмыстарының барысы мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері қаралды.

ЕГІН ЖИНАУ АЯҚТАЛУҒА ТАЯДЫ

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Аталған тақырып аясында бірқатар лауазымды тұлғалар есеп берді. Алдымен ҚР Ауылшаруашылығы министрі Сапархан Омаровтың баяндамасы тыңдалды. Белгілі болғандай, қазір елде егін жинау жұмыстарының 93 пайыздан астамы орындалған. Барлығы 18 млн. тонна көлемінде астық жиналады деп күтіліп отыр. Егістік алқабының әр гектарынан 12,3 центнерден өнім жиналуда. Жаңа өнімнің экспорттық әлеуеті шамамен 8 миллион тоннаны құрайды.

Асқар Ұзақбайұлы жаһандық үрдіске қарағанда әлемдік нарықта азық-түлікке деген сұраныс пен бағаның өсе беретінін, сол себепті астық өсіру мен одан жасалатын өнімдер экспортының көлемін барынша ұлғайтудың басты міндеттің біріне айналып отырғанын айтты. Осыған байланысты Үкімет басшысы ҚР Ауылшаруашылығы министрлігіне дәнді және бұршақты дақылдарды қайта өңдеу саласын дамытуды, экспорттық әлеуетті арттыру бойынша жол картасын әзірлеуді тапсырды.

Премьер-Министр әкімдіктер мен ҚР Ауылшаруашылығы министрлігіне қысқа мерзім ішінде астық жинау жұмыстарын аяқтап, егіннің сақталуын қамтамасыз ету, астыққа сатып алу бағасын белгілеу және нарық қатысушыларын хабардар ету, форвардтық сатып алу тетігі аясында қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз етуді міндеттеді. Бұған қоса ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне «ҚТЖ» ҰК» АҚ-мен бірлесіп, астықты үздіксіз тасымалдау үшін жылжымалы құраммен қамтамасыз ету шараларын қабылдау жүктелді.

Екінші мәселе бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде ҚР Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов, «Атамекен» ҰКП төрағасы Абылай Мырзахметов тағы басқалары хабарлама жасады. Биылдың 8 айында ҚР Сауда және интеграция министрлігінің тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетіне қызметтер мен тауарлардың сапасына қатысты шағымдармен 8 мыңнан аса өтініш түсіп, олар бойынша тұтынушылардың 80 пайызының құқықтары қорғалған. Биылғы маусымда үкіметтік емес ұйымдар мен бизнесті тарта отырып, тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың біртұтас жүйесін құруға ықпал ететін заңнамалық түзетулер қабылданған.

ҚР Премьер-Министрі тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың қазақстандық жүйесі «Тұтынушы – қоғамдық бірлестік – мемлекет» өзара іс-қимыл жасау байланысы нақты құрылған шетелдік озық тәжірибені ескеруі тиіс екенін атап өтті. Бұл ретте азық-түлік саласына, медициналық қызметтерге, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына, фармацевтикалық тауарларға, сондай-ақ туризмге ерекше назар аударылуы қажет екені назарға алынды.

Үкімет басшысы: «Сапасына кепілдік беруге болатын өнімдерді өндіруге, бақылау мақсатындағы сатып алу тетігін пайдалануға, адал жарнама мен маркетингке бағытталған саясат жүргізу қажет», – деді. Сонымен бірге ол жыл соңына дейін тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында қоғамдық ұйымдар бірлестігін құрып, үкіметтік емес ұйымдар базасында тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі омбудсмен институтын енгізу мәселесін пысықтауды тапсырды. ҚР Ұлттық экономика, Сауда және Әділет министрліктеріне нормативтік-құқықтық актілер жобаларының тұтынушылардың құқықтарын қорғау тұрғысынан реттеушілік әсеріне талдау жүргізу бойынша міндетті талапты қарастыру жүктелді. Бұған қоса, осы актілерді әзірлеуге қоғамдық кеңестердің құрамында үкіметтік емес ұйымдардың қатысуын қамтамасыз етудің қажет екені айтылды.

ҚР Сауда министрлігіне ҚР Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдар мен квазимемлекеттік ұйымдардың тиімділік көрсеткіштеріне (KPI) тұтынушылар тарапынан қанағаттану және сенім деңгейін бағалауды қосу тапсырылды.

Жиын барысында «Атамекен» ҰКП-ға Ерікті іскерлік тәжірибе ережелерінің жиынтығын және тұтынушылардың мүдделері мен құқықтарын ескеретін үлгілік шарттарды қабылдау, сондай-ақ ұсынылатын қызметтер мен тауарлардың сапасын жақсарту үшін бизнесті ынталандыру шараларын пысықтау жүктелді. Үкімет басшысы, сондай-ақ, 1 қарашаға дейін тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың біртұтас жүйесін құру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуді міндеттеді.

◆МӘСЛИХАТ

ІНДЕТТІҢ ЕКІНШІ ТОЛҚЫНЫНА ДАЙЫНДЫҚҚА 7,3 МЛРД. ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ



Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиясының онлайн отырысы денсаулық сақтау саласы мен білім жүйесіндегі атқарылуы тиіс шараларды саралауға арналды. Басты байлық – денсаулық. Биыл коронавирус індеті денсаулыққа еш байлықтың теңесе алмайтынын қайтара еске салды. Бір жұтым ауа үшін күрестік. Індет денсаулық сақтау саласын бір ширатып алды.

Гүлжан ТҰРСЫН

Жиында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Өмірзақ Ниязбеков Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының облыста іске асырылу барысы туралы ақпарат берді. Биылғы коронавирус індеті облыс тұрғындарының өміріне қауіп төндірді. Соның ішінде жүкті әйелдер тәуекел тобына жатқызылды. Қанша сақтандырылса да кесел кесірін тигізбей қоймады. Облыс бойынша 10 жүкті әйел індеттің кесірінен көз жұмған. Көбінің бұрыннан да денсаулығында кінәрат болған көрінеді. Денсаулық сақтау басқармасы басшысының айтуынша, әйелдер өз денсаулығына мұқият қарамай, жазылып кетермін деп үйден ем жасайды. Қайтыс болғандардың көбі індет өкпесінің үлкен бөлігін меңдеп кеткенше емханаға бармаған. «Әрбір ана өлімі бойынша осы жағдайларды талқылай отырып, өңірлік штабтар өткізілді, медициналық мекемелердің 6 басшысына және 32 қызметкерге қатаң сөгіс берілді. Білімін және практикалық дағдыларын бағалауға 52 медициналық қызметкер жіберілді», – деді баяндамашы.

Балалар арасында 23 суицид орын алған. Өтініш-өзі қол жұмсаған балалардың 15-і он жеті жасқа толмаған жасөспірімдер. Балалардың жүйкесінің сыр беруіне отбасындағы және қатарластары арасындағы қиындық әсер еткен. Суицидка ұшырағандардың біразы толық емес отбасында өскендер. «Бала жүйкесіне ата-ана қамқорлығын сезінбеу де әсер етеді» дегенді айтады мамандар. Бас дәрігердің айтуынша, жол-көлік оқиғасы көбейген. Мысалы, 2018 жылы 2073 жол-көлік оқиғасы орын алса, былтыр 2170 оқиға тіркелген. Соның салдарынан қайтыс болғандар саны 360-тан 470-ке жеткен. Жол-көлік оқиғасы көбінесе республикалық жолдарда болған. Мамандардың айтуынша, жол-көлік оқиғасы жаз айларында суға түсу мерзімінде және қыс кезінде орын алады екен. Сондай-ақ, көлік жүргізу біліктілігінің төмендігі де апаттың негізгі салдарына жатады. Медициналық алғашқы көмекті жандандыру үшін жаңа тәжірибелі дәрігердің жүктемесі төмендетілуде. Олардың саны 543-тен 816-ға дейін артты. Дәрігерлік бөлімшенің жұмысы 1878 адамнан 1717-ге төмендеген.

Облыстың медициналық мекемелерінде барлығы 4 756 дәрігер және 14 961 медбике жұмыс істейді. Дәрігерлермен қамтылу 10 мың адамға шаққанда 23,2-ні, орта буын медициналық қызметкерлермен қамтылу 73,8-ді құрайды. Облыстың денсаулық сақтау мекемелерінде 122 жаңа тәжірибелі дәрігер, 28 акушер-гинеколог, 24 хирург, 13 неонатолог, 18 анестезиолог-реаниматолог, 13 невролог, 8 онколог жетіспейді. Өткен жылы жергілікті бюджет қаржысы есебінен резидентурада оқитын мамандардың оқуын төлеу үшін бюджеттен 18,0 млн. теңге бөлінген. Облыс әкімінің гранты бойынша еліміздің медициналық жоғары оқу орындарының 2-3-курстарында 26 студент оқиды. Денсаулық сақтау басқармасы алыс елді мекендерді дәрігерлермен қамтамасыз ету үшін әрбір адамға 1,0 млн. теңге көлемінде көтерме жәрдемақы беру жайлы өтінім жасалғанын айтты.

Облыстың медициналық мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін жергілікті бюджет қаржысы есебінен «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 15,0 млрд. теңге 1 075 бірлік заманауи жоғары технологиялық медициналық құрал-жабдық, 138 бірлік санитарлық автокөлік сатып алынған. Сонымен қатар, 3 компьютерлік томограф, С-доғалы типті 2 рентгенологиялық аппарат, инсульттік орталықтар үшін медициналық құралдар жиынтығы, жылжымалы флюорографиялық кешен, сандық рентгенді диагностикалық кешен, ұрмалы-толқынды литотриптер және лапароскопияға арналған бейне эндоскопиялық құралы, ЖИТС орталығына арналған зертханалық құрал-жабдықтар жиынтығы, жаңа туған нәрестелерге арналған медициналық құрал-жабдықтар жиынтығы (жаңа туылған нәрестелерге арналған СИПАП, инкубатор) сатып алынған.

Мәслихат комиссиясының отырысында депутаттар баяндамашыға «Жедел жәрдем» көлігінің жағдайы туралы сұрақ қойды. Әсіресе, коронавирус індеті белең алғанда «Жедел жәрдемнің» тапшылығы білінді емес пе?! Облыста бүгінде 165 «Жедел жәрдем» бригадасы бар. Лизинг бойынша жақын уақытта 105 «Жедел жәрдем» автокөлігінің жеткізілетіні айтылды. Жалпы ағымдағы жылдың 1 қарашасына дейін 180 бірлік автокөлік алынбақ, бұл бригадалар санын 205-ке дейін арттыруға мүмкіндік береді Сондай-ақ, ағымдағы жылдың 1 қазанына дейін облысқа 12 жылжымалы кешен әкелінетінін баяндамашы қуанышпен жеткізді. Бұрыннан облыста 5 жылжымалы кешен болған. Көпсалалы жылжымалы кешен әр ауданға беріледі. Олар шалғай аудандар мен елді мекендерді аралап, қызмет көрсетеді. Соңғы жылдары медициналық техникамен жарақтану деңгейі облыс бойынша 79%-ға жеткізілген. Жедел инсультпен ауырған пациенттерге көмек көрсету үшін компьютерлік томографпен жабдықталған 6 инсульттік орталық ашылған.

Мәслихаттың онлайн отырысында коронавирустың екінші толқыны бола қалған жағдайда дайын болудың жай-жапсары айтылды. Бұл орайда Өмірзақ Әбілсейітұлы облыс бюджетінен және резервінен коронавирус пандемиясының екінші толқынына дайындыққа қосымша 7,3 млрд. теңге бөлінгенін айтты. Оған 3 компьютерлік томография, өкпені жасанды желдету аппараты, оттегі станциясы, дәрілік заттар, жылжымалы рентген аппараты, цифрлық рентгенологиялық жүйе, оттегі концентраторы, пульсоксиметр, өкпені емдеу үшін виброакустикалық массажер алынған. Депутаттар тарапынан пандемияны емдеу мекемесі мен төсек-орынмен жабдықталу жайы жайлы сұрақ қойылды.

– Пандемияның екінші толқыны бола қалса 5280 төсек дайын. Коронавирустық инфекциямен күресу мақсатында Талдықорған қаласында 200 төсектік, оның ішінде 20 реанимациялық және модульдік инфекциялық ауруханаиың құрылысы басталды. Ауруханаиың штаттық саны 452 персоналды құрайтын болады. Оған Талдықорған қаласындағы қоспалы аурухананың инфекциялық бөлімшесінен 118 қызметкер көшіріледі. Бес дәрігер басқа медициналық ұйымдардан тартылады. Медициналық мекемелерді дәрігер кадрларын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан – Ресей медициналық университетімен көп деңгейлі денсаулық сақтау мамандары, интерн, резиденттерді дайындау бойынша оқу орталығын құру туралы меморандум жасалды,– дейді баяндамашы індеттің екінші толқынына дайындық жайын саралап.

Жергілікті бюджеттен қосымша медициналық құрал-жабдықтармен жарақтауға 436,1млн. теңге бөлінген. Сонымен қатар, балалар үшін балалар инфекциялық ауруханаларының базасында екі ковид-орталық жарақталып бітеді.

Екінші толқынға дайындық барысында COVID-орталыққа медициналық құрал-жабдықтар қойылмақ. Бір цифрлық рентген-аппарат, 20 өкпені жасанды желдету аппараты, 12 концентратор, 30 монитор, 8 виброакустикалық аппарат, 130 пульсоксиметр. Болмай-ақ қойсын, бірақ жаман айтпай жақсы жоқ екенін ескеру керектігі осылай баяндалды. Жиында облыстық білім басқармасының басшысы Майгүл Омарова да онлайн оқыту, кәсіптік білім беру, балалардың қауіпті жағдайлардан қамсыздандыру жайымен таныстырды. Кәсіптік мектептің тәлімгерлерін дуальді оқытудың артықшылығы жайында кеңінен айтылды. Ол үшін білім беру шаңырақтары жанынан қосымша шаруашылықтар ашу, шаруа қожалықтарымен келісімшарт жасасу жайы талқыланды.

Жиында денсаулық, білім төңірегінде атқарылуы тиіс өзекті мәселелер қозғалды. Шешу жолдары, бірлесіп атқарылатын шаралар да айтылды. Халық қалаулылары ел көкейіндегі мәселелерге барынша көңіл таныты...

◆ЭКОЛОГИЯ



800 ТҮП АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Талдықорған қаласында пандемияға байланысты көп уақыттан бері болмаған сенбілік өтті. Оған қаладағы басқарма, мекеме қызметкерлері мен ерікті жастар атсалысты.

Сенбілікте арықтар тазаланып, күл-қоқыс шығарылды, көше бойлары сыпырылып, көркейі құралдар жаңартылды. Сөйтіп, қаланың күзгі тынысы бір ашылып қалды. Сонымен қатар, күзгі ағаш егу жұмысы қолға алынып, көңіл қуантар игілікті іс атқарылды.

Айта кетерлігі, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай Талдықорғанды бақ қалаға айналдыруға бағытталған кешенді жоба қабылданған еді. Содан бері жыл сайын көктем және күз айларында көшет егіліп, қаланы жасыландырудың игілікті жұмыстары жалғасып келеді.

Биылғы күздің алғашқы ағаш егу жұмысын Талдықорған қалалық әкімдігі қолға алды. Бір күнгі ағаш егу жұмысына қала әкімі Ғалымжан Әбдірайымов бастаған әкімдік ұжымы толық жұмылдырылды.

– Қазіргі жоспар бойынша қалада қазанның 10-на дейін көшет отырғызу науқаны жалғасады. Қазір 5 мың түп ағаш көшеті жеткізілген. Сонымен қатар, тағы да 5 мың түп көшетке сұраныс берілді. Жалпы, жоспардағыдай болса, биыл 10 мың түпке жуық ағаш отырғызбақпыз, – деді қала әкімі.

Сенбіліктің алғашқы күні қаламыздың Қаратал өзені жағалауы және Жансүгіров көшесінің бойы, тағы да басқа жерлерге 800-ге жуық ағаш отырғызылды. Олардың дені – жайқалып тұратын сәмбі талдар, мәңгі жасыл, діні берік, тез өсетін көшеттер. Демек, біраз жылда жас шыбықтар бой түзеп, қаланың сәнін асырып, тұрғындардың саясына айналатын болады.

Қ. ОМАРҚЫН

◆МӘСЕЛЕ

ҚИРАҒАН ҚҰРЫЛЫС ҚАЛПЫНА КЕЛЕДІ

Әлеуметтік желідегі осы аптаның басты тақырыбы Шонжыдағы дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылысы болды. Жыл соңында пайдалануға беріледі деп қуанған халықтың көңілі бір күн ішінде су сепкендей басылды. Барін толғандырған сұрақ біреу – жалпы құны 1 млрд. 171 млн. теңге болатын нысан неге қирады?

Еңлік ҚАБДЕШ

Құрылыс жұмыстарына облыстық сәулет және қалақұрылысы басқармасы жауапты. Сондықтан, аталмыш мекемемен байланыс орнаттық. Облыстық сәулет және қалақұрылысы басқармасы коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Ақт Сабитов қираған құрылысқа қатысты қандай да бір пікір білдіре алмайтынын айтты.

– Басқарма басшысының орынбасары бастаған жауапты тұлғалардан құрылған комиссия Ұйғыр ауданына аттанды. Әзірге нысан осының нәтижесінде құлады деп пікір білдіре алмаймыз. Комиссиялық топ кешенді қарап, шешім шығарады. Сараптама жасалатын болса, оны 45 күн күту қажет. Қорытындысы қашан дайын болатыны белгісіз. Шындамдылық танытуларыңызды сұраймыз. Қазіргі уақытта Шонжы ауылында құрылыс нысаны тексерістен өтуде, – деді ол.

Осы мәселеге байланысты облыс әкімінің баспасөз қызметі аймақ басшысы Амандық Баталовтың тапсырмасымен арнайы жұмыс комиссиясы құрылғанын, олар спорттық-сауықтыру кешені бір бөлігінің құлау себептерін анықтап жатқанын мәлімдеді. Комиссияға облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов төрағалық етеді. Комиссия құрамында облыстық құрылыс басқармасы, төтенше жағдайлар департаменті, мемлекеттік сәулет-құрылысты бақылау,өнеркәсіптік қауіпсіздік, техникалық қадағалау, «Лидер-НК» ЖШС өкілдері бар. Комиссия мүшелері құрылыс нысанының құлау себептерін анықтау және осындай жағдайларды одан әрі болдырмау мақсатында жұмыс жүргізеді.

Шонжы ауылындағы қираған құрылысқа байланысты облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов жауапты тұлғалардың қатысуымен жиын өткізді. Жиналыс барысында жобалаушы мен мердігер компания өкілдерінің сөзі тыңдалды. Жобалаушы «Жезқазған-проект» өкілінің сөзіне қарағанда, жоба бойынша бағананың өлшемі 45х45 болуы тиіс. Мердігер компания 40х40 етіп салған. Өз кезегінде «Лидер-НК» құрылыс компаниясы өлшем кезінде қателікке бой алдырғанын мойындады. Дегенмен де, металл конструкциясы дұрыс жобаланбағаны да сөз болды.

Тараптарды тыңдаған Лаззат Мақатұлы Қазақ құрылыс-сәулет ғылыми зерттеу институтының тексеріс нәтижесі мен шешіміне сәйкес жұмыс жасауды тапсырды. Сондай-ақ,кешенді мердігер компания өз қаржысына қайта салып, жыл аяғына дейін өткізуі қажет. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасына жобалаушы,техникалық бақылау, жоба авторы мен мердігер компанияға қатысты шара қолдану жүктелді.

Ұйғыр ауданының тұрғыны, «Ұрпақ парызы» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Жанет Керимкулов: «Өз көзіммен көру үшін оқиға болған жердің жанынан өттім. Не үшін құлағаны белгісіз,білмеймін де. Көктем айларында құрылыс жұмысы қарқын ала бастады. Оны көрген көпшілік қуанған едік. Енді, міне, осындай жағдай болды. Бір қабырғасы ғана емес, сайттарда жарияланған суреттегідей толық құлаған. Темір тұрмақ, қазақ үйді құлатпайтындай да жел болған жоқ. Құрылысы аяқталған соң желтоқсан айында болатын Шонжының құйынды желіне тап болсақ, қайтер едік? Ғимараттың іші толы адамдардың барлығы бақилық болар ма еді... Қайта Құдай сақтаған», – деді.

Бұл – өз көзімен көргән аудан белсендісінің пікірі.

Қанша тырысқанымызбен жауаптыны табу қиын екені белгілі. Көп шығынмен де нысанды салып жатқан Марат Құанышбаев басшылық ететін «Лидер НК» құрылыс компаниясының қателігінен бе, әлде құрылыс материалдарының сапасыздығынан ба? Ол жағы белгісіз. Оны облыстан құрылған комиссия тағы да анықтап жатыр.

Сайт: www.7-en.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisuqazeti

Jetisý

№115 (18823) 17 қазан, 2020 жыл

◆ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

ШЕШІМ ШЫҒАРЫЛДЫ

Облыстық қоғамдық кеңестің кезекті жиыны онлайн түрде өтті. Облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Олихан ТОЙБАЕВТЫҢ айтуынша, шараға 90 адам қатысты.

Ендік ҚАБДЕШ

Күн тәртібінде үш мәселе қаралды. Бірінші мәселе «Алматы облысының 2016-2022 жылдарғы бюджетіне инвестор енгізу» туралы облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Жомарт Әміржанов баяндады.

Баяндамашының айтуынша, әлеуметтік және жұмыспен қамту бағдарламаларына, денсаулық сақтау, энергетика, спорт, мәдениет салаларына бағытталатын қаражат көлемі артады. Мысалы, білім саласына бөлінетін қаражат мөлшері 9,7 млрд. теңгеге ұлғайса, 3,5 млрд. теңге жалақыға қосылады. Ал, 548,1 млн. теңге материалдық-техникалық базаны толықтыруға жұмсалады. Сондай-ақ, «Алматы облысының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасының жаңа редакциясын бекіту», «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет агенттігі басқармасы тарапынан шығарылған жер қатынастары саласындағы құрделі мәселелер» тақырыптары да талқыланып, шешім шығарылды.

Кеңес отырысының төрағасы Олихан Тойбаев қараша айында «Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасының орындалу барысы қаралатын мәселені енгізетінін, ал сайын кеңес отырысы онлайн түрде өткізілетін айтты.

◆РУХАНИЯТ

Тәуелсіз басты ақ болды тақырыбында тулатып, айбарлы батырлардың образын сомдап шыққанда күллі ел көне заман қаһарманын көргендей тамсанушы еді. Бір ғана, Қабанбай батырдың ролін сомдау арқылы күллі өнерсүйер қауымның тәнті еткені әлі есімізде. Саналы ғұмырын театрға арнаған Өмірсерік Қалиев бейнесі жүрт жадында мәңгілік сақтала бермек. Ол жетісулықтардың жүрегінен тұғыр сайлаған аңыз адам еді-ау.



Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒАҒА ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ

Арда азаматтың есімін ұлықтау, бейнесін жүрт жүрегінде жаңғырту мақсатында Қазақстан еңбек сіңірген әртісі, «Парасат» орденінің иегері Өмірсерік Қалиевтің тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылды. Облыстық және қалалық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен қолға алынған аталмыш шараның салтанатты рәсіміне өнірдегі зиялы қауым өкілдері, театр ұжымы мен актердің ет жақындары, көзөргендері қатысты.

Салтанатты шарада алғашқы болып қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақшабай Керімбеков сөз алды. Ол ел үшін саналы ғұмырын сарп еткен азаматтарды ұрпақ жадында жаңғыртып, есімін ел есіне салу мақсатында бірқатар тұғырлы тұлғаға ескерткіш тақта орнатылғанын, соның жалғасы ретінде театр майталманының ұлықтап отырғандықтарын тілге тиек етті. Азаматтың асқақ болмысын, тұғырлы тұлғасын, талантын тебірене атап өтті.

Ажарма дебіздеп кейін облысымыздың зиялы қауымы ескерткіш тақтаның шымылдығын салтанатты түрде тұрді.

Ән желігінде облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт сөз алып, ұлылардың образын сомдаған Ө. Қалиевтің жарқын бейнесін көз алдымызға әкелген жалпы естеліктерімен бөлісті. Сонымен қатар, осындай жарты ғасырдай уақыт бұрын Талдықорған театрын бірге ашқан әріптес достары Қазақстанның халық артісі Алмахан Кенжебекова мен Оразбай Сәрсембек сынды сахна саңлағы туралы көпті тербетіп, жан толқыған естеліктерін ақтарды.

Өмір атты кезеңді көкжиегінен астасқан айшықты өз кезеңін талантпен сөзіп, желкенін жігермен көтерген Өмірсерік Қалиев сахнада ғана емес, қоғамда да өзінің от жүректің қиюын келістіріп, әлемі жанға етіп шығару ешкімге жүгі еді. Облысымыздағы, еліміздегі мәдени шаралардың көрігін қыздырып, жас ұрпаққа гибрати мол өсиеттерін де жеткізіп, абыздықпен аршындай қадам басқан ғажайып жан болатын. Ұлтым деген ел перзенттінің үлгілігіне ұйымдастырылған салтанатты шарада ақтердің зайыбы Нұртай ананың да сөз алып, ардақты жарының жарқын бейнесін, азаматтық болмысын тебірене айтып, осы игі бастамаға мұрындық болған жандарға алғысын білдірді.

◆СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ



«Текелі су құбыры» коммуналдық мекемесі Текелі қалалық мәслихатының депутаттарының, Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті өкілдерінің және БАҚ өкілдерінің басын қосып, бишаралы атқарған жұмыстарын таныстырды.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖОҒАРЫ

Қажет АНДАС

Текеліліктер ауызсудан тапшылық көріп отырған жоқ. Жоңғар Алатауынан ағып шығатын Шажа, Қора, Қаратал өзендері тұрғындардың шөлін басып, қажеттіліктерін өтеп келеді. Дегенмен, судың тұнығын ішіп үйренген кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштерінен белгілі. Соған орай қалалық ауызсумен қамтамасыз етіп отырған «Текелі су құбыры» коммуналдық мекемесіне артылатын жүк салмақты. Бақыт Сәлімов басшылық еткен мекеменің ішкілікті істері бүгінде жүрт көңілінен шығуда.

– Аталарымыз: «Су – тіршілік көзі» деп тегін айтпаса керек. Әрине, Текелі су құбырында ауызсуға деген мұқтаждық аса көп сезілмейді. Бірақ күн сайын тапалғы мен оның жеткілікті түрде жеткізілуі қалалағы көптеген тұрғын үйлер мен мемлекеттік мекемелер орналасқан ғимараттар үшін аудай қажет. Біз осыны есептің, жыл сайын сумен жабдықтау жүйелерін жаңалап, су соратын және сүзгілеп өткізетін, таза суды сақтайтын нысандарды күрделі және ағымдағы жөндеуден өткізіп, жұрт талабын орындау үшін барынша еңбектенін өтеп келеміз. Судың сапасы туралы әлі күнге шағымданған адам жоқ. Ал бағасы тұрғындарға қолжетімді. Дей тұрғанмен, техникалық құрылғыларды уақтылы жаңғыртып тұру керек. Бақалы шаңдемнига қарамай осы бағытта жұмыстарды тыңғылықты қолға алып, бірқ шара тындырдық, – дейді «Текелі су құбыры» коммуналдық мекемесінің басшысы Бақыт Сәлімов.

Бұл қаланың «Достық» шағын ауданындағы 3488 абоненті құбыр суымен қамтамасыз ететін Қонаев көшесінің бойындағы резервуарды тазалау жұмысын жүргізіпті. Жалпы 9000 м3 су сақталатын нысанда тазалау жұмысын тындырдық, – дейді «Текелі су құбыры» коммуналдық мекемесінің басшысы Бақыт Сәлімов.

Қай қаланың келеек те «Текелі су құбыры» коммуналдық мекемесінің атқарған жұмысы көпті көпшілік. Қалалық мәслихаттың депутаты Арман Қожабек, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің өкілдере Салтанат Ерланқызы мен Жанат Сәятханқызы атапған мекеменің инвестициялық бағдарламалар мен тарифтік сметалар шегберіндегі міндеттемесін толық орындап отырғанын жоғары бағалады.

Текелі қаласы

◆АҚТАҢГЕР

Бақтыбай Жолбарысұлының 185 жылдық мерейтойына орай аудандық кітапханаңа ұйымдастырумен «Айтыс өнерінің алмас қылышы» атты онлайн режимде ZOOM платформасында конференция өтті.

БАҚТЫБАЙҒА АРНАЛДЫ

Конференцияға қатысқан Сәбит Баболов, Әміре Әрін, Раушан Барлыбекова, Қажет Андас, Жұмабек Қожамберов, Салтанат Құмарқан сынды белгілі ақын-жазушылар Бақтыбай Жолбарысұлының өз қаламынан түскен жыр шумақтарын орнап, көбінесе жомбасе көпшен жатқаседі.

XIX ғасырдың ақыры мен XX ғасырдың басында өмір сүрген тума талант, айтыс өнерінің айтулы ақыны – Бақтыбай Жолбарысұлының мұрасын оқырман қауымға насихаттау, ақынның рухына тағзым ету жұмыстары, іс-шаралар әлі де жалғасады.

Сара АННАБАЕВА,
Кеңсені ауданның кітапханаңа оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі

◆КӘСІБІ — НӘСІБІ

ӘЛИДІҢ ЖИҺАЗЫ

Шағын болса да өз кәсібін дөңгелентіп, нәпақасын тауып отырған жандар қатары күннен-күнге артып келеді. Соларды бірі Қарабұлақ кентінің тұрғыны Әли Бамишейн. Ол тұрмысқа қажетті жиһаз жасаумен айналысады.



Ендік КЕНЕБАЙ

Кез келген үйді, кеңсені жиһазсыз елестету мүмкін емес. Себебі әдемі жиһаз – үйдің сәні. Осыны түсінген жас кәсіпкер заманауи үлгідегі жиһаз жасауды қолға алған. Әңгімемен бірге жиһаздың барлық түрін дайындайтын Әлидің шағын шеберханасы ғылыс еңбектің алтын орнасына айналған.

– Әрбір адамға тағамдық керек. Заманауи ғылымның қолында тағамтай-тағамтай дәнділдары бар. Алайда көпшілігі жұмыссыз. Біз бүгінгі күннің үлкен қасіреті. Бұрын қазір «алма тіс, ағызған түс» деп отырғанын ұқпаған емес. Қолдан келгенше тіршілік жасап, қатарымды табу тек өзімізге байланысты. Сондықтан барша әділдің еңбек етуге шақырамын. Ата-анамның қолдауымен осы кәсіпті бастағалы екі жылдың жүзі болыпты. Шауқарлар қажетті жиһаздың барлық түрін жасайміз. Жалпы, кәсіпкой мағына айтыу үшін кем дегенде сол істе 5 жыл тер төгу керек. Сонда ғана жасалған өнімнің сапасын сыналарға алысын. Біз жұмыс аса тиімділігімізге, еңбегіміз тыған емеді, – дейді кәсіпкер.

Әли шеберлік айтуынша, бір қарағанда адамға кәдімгі тақтай боп көрінген дүниенің қиюын келістіріп, әлемі жиһаз етіп шығару оңай шаруа емес.

– Әр сағалың қызығы мен қиындығы қатар жүреді. Сол секілді жиһаз жасаудың да өзіндік қыр-сыры бар. Осы кәсіпті дамытуға бар күшімді салып келемін. Жасаған жиһаздарымды жүтынушымыз мақтан жатады. Бұл бізді мерейімізді өсіріп, жұмысқа деген ынта-жігерімізді шыңдайды. Әрең еңбегіміз тағамын жолдың жүтынушының ойын дөп басып, көңілдегідей етіп жасап шығару үшін күндізгі түні жұмыс істеп, барынымды салғанмын. Ендігі мақсат – кәсібімізді дамыту. Болашақта жаңа технологияны қолға алып, жаңа жиһаз түрлерін шығаруды қолға алуды жоспарлап отырмыз, – дейді ол.

Әли Болатбекұлы тұтынушылардың әлеуеті орнала болғандықтан, баға да алдын ала келісім бойынша жүргізілетінін айтты. Негізінен, асүй мен кіреберіс бөлмелердің жиһаздарына, сондай-ақ үстелдерге, орындықтарға бар үсселге тапсырыс қоп. Нарық заманына байланысты ас бөлмеге арналған ең арзан жиһаз құны 90 мың теңгеден басталады.

Отбасының үлкені Әли сонымен ерген ұлы шешіне барынша қамқор болып жүр. Ендігі армаңы – шаңарақ көтеріп, жас-шешесіне қуаныш сыйлау. Ойай болса, еңбекпен көктеп, көгерген азаматтың армаңы орындалсын деп тілейміз.

Ескелді ауданы

◆КӨКЖИЕК

УНИВЕРСИТЕТ жаңа мәртебе алды

Бұқылы қарашек айында Қазақ ұлттық аграрлық университетіне «зерттеу» мәртебесі берілді. Бұған атаған білім ордасының ректоры Тілектес Есполов және университет ұжымының күш-жігерінің арқасында қол жеткізілді. Университеті зерттеушіге айналдыру үшін жоспарлар ойласырылды. Оны мыңдаған адам қабылдап, толық қолдады.

Мәселен, кафедрада соңғы 5 жылда 12 ғылыми-зерттеу және шаруашылық келісімшарт жобалары мен екі халықаралық жоба орындалуда. Осы уақыт аралығында 11 PhD докторант шетелдік жетекші ғалымдардан оқуда. Кафедрада шетелдік жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттары оқуда. Жыл сайын кафедра жанында ветеринарлық сала қызметкерлері үшін біліктіліктерін арттырады, жаңа магистрлік мектептер өткізіледі. Кафедра бұған ауыспалы қызмет ету мерзімін ұлғайтуды мақсат етпей жұмыс сапалы әрі мерзімінде бітеді.

Әрекімді рұқсатсыз кіріге беремейтін, тіпті «Текелі су құбыры» коммуналдық мекемесінің мамандары да арнайы рұқсатпен кіретін нысанды қорғай қайтты. Резервуардың барлық жабдықтау жұмысының сапалы жасалғанын сыртқы көрінісінен-ақ білуге болады.

Ал қаланы сумен қамтамасыз ететін резервуарлар тағы су жеткізетін Қора көлінсінің басына орналасқан сүзу станысынан аралап көрін, сумен жабдықтау жұмысын атқарып жүрген азаматтардың еңбектеріне үлкен баға берілді. Қора көлінсінен алынған су алдымен бассейндерге жиналып, содан кейін арнайы орнатылған сүзгі құрылғылары арқылы тазаланып, әрілеңіп, арнайы мамандар тарапынан сапасы тексеріліп өткізіліп, резервуарларға жіберіледі. Бұлұ ауызсудан тапшылық көрін отырған қала аумағындағы жеке тұрғын үйлерге орталықтандырылған су құбыры жандағы тарылып, кептіп, ағынсыздануына бөлінеді.

Қай қаланған келеек те «Текелі су құбыры» коммуналдық мекемесінің атқарған жұмысы көпті көпшілік. Қалалық мәслихаттың депутаты Арман Қожабек, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің өкілдере Салтанат Ерланқызы мен Жанат Сәятханқызы атапған мекеменің инвестициялық бағдарламалар мен тарифтік сметалар шегберіндегі міндеттемесін толық орындап отырғанын жоғары бағалады.

Текелі қаласы

Трансформация жоспары университеттің барлық бөлімшесінде орындалуда. Кәзіргі жаңа талаптар-мен хабарламалар статикалық түрде қалмайды, ол үнемі түзетіліп, жетілдіріліп отырады. Университет атаған мәртебені алуда барлық мүмкіндік пен әлеуетке ие. Агрономжерсіктік кешенін түлгі саласында ғылыми зерттеулердің үлкен және ықпалды тарихы бар. Олар бай патенттік қызмет, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландырудағы нақты жетістіктер, халық-аралық ғылыми қызметтегі елеуі жетістіктер, заманауи деңгейде зерттеулер жүргізуге арналған баға, ғылыми жинақталған тәжірибемен бөлісуге ұмтылған дайын академиялық орта, үдемпілі және шығармашыл жастар, жоғары ғылыми атақты бар профессорлық-оқытушылық құрам, болашаққа үміт артуын бізге мамандар.

Ғылыми зерттеулер факультеті Ланьчжоу ИВВИ-мен (ҚХР) «Жануарлардың негізгі трипиносомалық ауруларының алдын алу және оларға қарсы күрес үшін жаңа өнімдерді бірлесіп әзірлеу және қолданбалы зерттеу» халықаралық жобасы орындалуда.

Университет «зерттеу» мәртебесі алған күннен бастап, ғылыми зерттеулерді тиісті деңгейде жүргізу үшін АӨК дамытуға және ел ішілігіне бағытталған барлық жаңашыл идеяларды жүзеге асыру үшін бұдан да жоғары мүмкіндіктер ашады деген сенімдемі. Осы ретте Тілектес Исабайұлын және ұжымды «зерттеу» мәртебесін алуымен ішін жүректен құттықтап, еңбектеріне табыс тілейміз.

А. ИБАЖАНОВА,
«Биодиагностика қауіпсіздік» кафедрасының профессоры, в.ғ.к.,
ассистенттер:
А. МЫРЗИЯЕВА,
Л. ЖАНТЕЛИЕВА

◆ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ

КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАЛДЫ

Қаратал ауданы бойынша от жағу маусымына барлығы 407,0 мың литр сұйық отын көзделгілігі бекітілін, сатып алу келісімшарты жасалды.



Күнінің суытуына байланысты аудан бойынша әлеуметтік маңызды нысандарда 3 қазанның бастап от жағу маусымы басталды. Аудан бойынша жалпы 68 мекеменің қамтуға 33,8 млн. теңге бөлініп, жұмыс жүргізілуде. Пеллетпен жылытылатын 8 мектепке 727,9 тонна биоотын сатып алу үшін «Медеу Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 37,122 млн. теңгеге келісімшарт жасалды. Бүгінгі күнге 70,7 тонна биоотын жеткізілді. Мектептердің өтініміне сәйкес қазіргі биоотын дер кезінде жеткізіледі, – дейді ауданлық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Сәуле Батырбекова.

Айта кетерлігі, орталықтандырылған жылуға 162 нысан қосылған. Алдағы жылыту маусымына «Жылыту орталығы» ЖШС орталықтандырылған қазандық шаруашылығына барлығы 2340 тонна мазут қажет. Жылыту маусымында сұйық отынмен қамтамасыз ету мақсатында облыстық энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы «Petro ил» ЖШС арасында келісімшарт жасалған.

Аудан бойынша тұрғындарға қажетті қатты отын көлемі 48000 тонынды құрайды. Қазіргі таңда аудандағы тұйықтамаларға 17871 тонна қатты отын (37 пайыз) жеткізілді. Бүгінгі күні аудан орталығын «Сауда кешірі», «Ыдырова» және «Ин-Сан» жеке кәсіпкерлері қамтамасыз етуде. Көмірдің нарықтағы орташа бағасы 13900 теңге көлемінде.

Ысындарды қысқы жылыту маусымына дайындау барысында тиісті органдармен қарлын, дайындық паспорттары толтырылды. Орталықтандырылған су құбырлары мен су бұрғудан құдықтары, әлеуметтік жабызуда, сорғы станысыларының ғимараттарын жылыту шаралары қолға алынды. Электр желілеріне, трансформаторлық станысыларға ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілін, майлары ауыстырылуда. Осылайша, аудан көлемінде жылыту маусымына әзірлік жұмысы жалғасып жатыр.

А. ӨМІРБАЕВ
Қаратал ауданы

◆ЖЕР-ЖАһАН

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУДІҢ нидерландтық әдісі

Біз «Малым – арымның, арым – жанымның садағасы» деген халықтың ұрпағымыз. Өткен тарихымызды сараптап көрсек, біз ұятымыздай негіз жоқ. Тарихи деректерді парақтап көрсек, осыдан екі мың жылдың алдындағы Қытай жазбаларында «жемқорлық» деген термин жиі кездеседі. Ал Күлтегін, Тоныкөк құлпытасынан бергі жазба әдебиетіміздің парақтап шықсақ, біздің тарихымызда мұндай термин кездеспеген. Қайта ерлік, еркіндік, батырлық, адамгершілікке толы дүниелерді көреміз. Осыдан 750 жылдың алдында Еуропадан Юань патшалығының астанасы Ханбалыққа дейін сапар шеккен жиһангез Марко Поло: «Ұлан-ғайыр қазақ даласын бір тынысқа кесіп өттім», – деп жазса, сол жылдары Қарақорымға келіп, Күйік ханның қабылдауында болған Карпини: «Көшпенділерде алтын мен күмістің көптігі сондай, олар оны қыз-келіншектерінің әшекей бұйымына, ат әбзелдеріне, иттерінің қарғы бауына қолданатынын көріп таңғалдым», – деп жазады. Демек, біз осындай дарқан пейіл, таза жүректі, қарапайым да қайырымды елдің мұрагерлері едік. Өкінішке қарай, төзелісіздік жылдары жанымызға жат «жемқорлық» деген термиді сөздік қорымызға енгізіп алдық. Қазақтың қаншама айманда ұлдары осы індеттің кесірінен есіміне қара дақ жалсынып алғанын көзіміз көріп, құлағымызбен естіп жүрміз.

Қажет АҢДАС

Кейінгі жылдары жемқорлық басқосуларын де бағалы тақырыбына айналды. Қай газетті ашсаң, қай сайтты көрсең, телеарналардың жаңалығын тыңдасаң, алдыңнан жемқорлықпен ұсталған, сотталған дүниелерді көресің. Бұл – қуанатын жағдай емес. Қайта жүректіңді сыздататын дүние. Бұрынғылар әр тақ аткан сайын: «Жарық күн, берекелі бере гөр» деп отыса, біз: «Бүгін кім жемқорлықпен ұсталды екен?» деген күлкінің таңды қарсы алатын деңгейге жеттік. Бұл індеттің бесі қайтпаса, қазақтың әлі қанша наркасы жіттіреуі мен айдай әруларды болашағына балта шабарын кесіп айта алмаймыз?! Сондықтан, бұл дертпен қоғам болып күресуіміз керек.

Әрине, қазір мемлекет те бұл бағытта жұмысты шұрата бастады. Жуырда жарияланған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауында жемқорлыкпен күрес қатаң қолға алынатындығы жайлы ашық айтылды және оның жолдары түсіндіріліп. Бұл туралы ел арасында түсіндіру жұмыстары да өз деңгейінде жүріп жатқанын көріп отырмыз. Сонымен қатар, еліміздегі қоғамдық ұйымдар, басқа да әлеуметтік топтар жемқорлыкпен күрестің сан түрлі жолын қарастыруда.

Осы тұста Сыбайлас жемқорлыкқа қарсы агенттік жанынан құрылған мониторинг тобының жұмысын ерекше бағалауға болады. Олар еліміздегі жемқорлық мәселесін халыққаралық тәжірибелерге сүйеніп, нақтылап айтқанда, индерландтық әдіске сүйеніп шешудің жолына кірісті. Оның толық мән-жайын «Қазақстан ТМД 16.6. жету жолында «Нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық төуекелдерін анықтаудың және жергілікті атқарушы органдардың бюджеттерін бақылауды калай үйренуге болады?» атты тәжірибелік семинарда естідік.

Онда Индерландының Қазақстандағы Елшілігінің қолдауымен «Жемқорлыкпен күрестің тиімді практикалық шаралары» жобасы аясында жүзеге асқан bablicbudjed.kz картасының артықшылықтары сөз болды. Ол жайлы Қазақстандағы парламенттік дамыту қорының төрайымы, ҚР Сыбайлас жемқорлыкқа қарсы агенттігінің жанынан құрылған мониторинг тобының мүшесі, қоғамдық кеңесші Зәуреш Батталова айтып берді.

Зәуреш Қабылбекқызы еліміздегі жемқорлық мәселесін жою үшін ең алдымен Парламенте қабылданған заңдар, министрліктер дайындаған заң жобалары мен облыс әкімдіктерінің қаулы-қарарларын жемқорлыкка жол берстін тармақтардан тазарту керек деген ұстанымда. Ол аралаған жүрген жоғарыда аталған мониторинг тобы осыған дейінгі қабылданған 18 заңға сараптама жасап, жемқорлыкқа жетелейтін мүмкіндіктерді анықтапты. Оның бірнеш былай бавнды:

– *Мысалы, кейбір заңда азаматтарға жүктелген міндеттер жазылады да соңына: «Тәртіп бұзғанда үшін өзге заңдарда өзінше қарастырылуға болады», – деген сөйлем қосылады. Әрине, осы сөйлем жемқорлыққа мүмкіндік береді. Өйткені, сіз сол заңда көрсетілген талаптардың толық орындалмағанына қарсы тұрып «Заңды да басқа» деген сөз арқылы сізде жоқ құжаттарды талап етеді. Әрине, оны мені талап ететінін адам ала білмегендіктен дәл уақытында сол құжатты тауып бере алмайсың да, жұмысты жеңіл жолмен бітіру үшін тұрып берүе ерінеті мәжбүрсыңсың. Бұл жағдай қазіргі біздің қоғамда денден кетті. Сондай-ақ, азаматтарға жеңілдік жасау талаптандатын заңдылықтар да: «Тәртіп бұзғанда үшін өзге айтық есептік көрсеткіш бөлшегі айлықта немесе өзге қалыпта бұйырылады», – деп жазылған. Осындағы «немесе» деген сөздің өзі жемқорлыққа апаратын дүние. Өйткені, адамдар ұяттыны ұстау орнында бірнеше түлік отырғанша мәселені тағы да ақылмен шеше салғысы келеді. Осының үстінде пайдаланған тәсілі мекемеге қосымша пара сұрауға ұмтылады да, сыбайласуға барады. Демек, заң нақтың жазылуы керек. Не шұма, не қалау жазасы бұйырылмау жөн. Айтылғы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңда көп кемшілік бар. Сонын салдарынан қаншама азаматтардың сотталған жатқанын көріп жүрміз. Әрине, азаматтар белгілі бір орынға отырғанда жеңіске бағынып деп ойлайды. Қайта қалыптың қағы үшін белгілі бір іс тындырғысы келеді. Алайда «Мемлекеттік сатып алу» заңындағы әлсіздікті пайдаланып, кейбір жемқор-лық жұмыстың бізіріміл кемісі келеді немесе тәжірибесіздіктен қол қойылуға тиісті құжаттарға қол қойып жібереді. Қатаң тексеріс барысында сол қателіктері анықталып, жауапқа тартылып жатады. Сонымен қатар, бүгінгі таңда жемқорлық оқу орнындағы жемқорлық мәселесінің де өршіп тұрғанын жасырға алмаймыз. Сонын көбіне 2015 жылы 20 қарашада қабылданған №19 «ережесін ескіруге тиіс келеді. Әсіресе, сол ереженің 22, 23-ші тармақтарын көрсетілген белгілемеген заңбұзушылықтың дәрежесі жоғары оқу орындары ҰБТ-дан төмен балл алған балалардың бірінші курста оқитын, ары қарай студент ол қалған басқа оқу орнының әкімі болуына заңдылығын ауыстырып оқуына жолдай жасап отыр. Бұл арада алайындық пен ақшалай жүрістің айтпаса да белгілі. Ал ол студент жоғары оқу орнын ақшамен бітіреді де, білімі мен білігі жоқ, дипломы бар заңдағы сапатын толтырып жатыр. Олардың білгілігінің қаншалық деңгейде болатынын айтпаса да түсінікті. Түрғын үй туралы заң қабылданғалы 18 жылда 23 рет өзгеріс енгізілпті. Сол заңға сараптама жасағанда қателіктерді қолдануғыз нұсқасы алғашқы қабылданған нұсқадан 50 пайызға өзгеріп кеткенін байқадық. Демек, оның ішінде жемқорлықтың белгісі бар деген сөз. Сонда салдарынан басшысындық, шенеуніктердің заңдағы шегу, үлескерлердің мәселесі қоғамдық мәселе алды. Түсініксіздіктің көбі осыдан туындап келеді. Өткен жылы қабылданған «Педагог статусы туралы» Заңда да шалалайлық жетіп артылады, – дейді ол.*

Бүгінгі таңда заңдарда осындай кателік көп. Сондықтан мұндай жемқорлыққа апаратын сөздерді заңдардан алып тастау керек. Мұндай мүмкіндікті барлық қызметкер пайдаланады деп айтудан аулақпыз. Алайда жемқорлыкпен дәнекерлер осындай әлсіздіктерді пайдаланып келе жатқаны анық. Осы сыбайластықтың жолын кесу үшін жоғарыда аталған мониторинг тобы мемлекеттік мекемелердің сараптамалық деңгейін кетеру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа сараптама өткізу әдістемесін, сараптама нәтижесі бойынша интернеттен жұмыс істейтін бағдарламаны, ашық бюджетке арналған картаны дайындап шығытты. Енді осы нәтижелерін азаматтық қоғам және мемлекеттік мекемелерге үйретін, жемқорлық індеттің жолын жоюмен тізеуде.

Соның бірі – мониторинг тобы индерландтық тәжірибеге сүйене отырып дайындаған bablicbudjed.kz интерактивті картасы. Оның осы арқылы азаматтардың бюджетті бақылау сауаттылығын арттырып, таза қоғам құру үшін күресін келеді.

Интерактивті карта – ол құрал. Карта арқылы сіз мектеп, аурухана, балабақша, тұрғын үй, жол, тағы да басқа әлеуметтік бюджеттерге қанша қаржы жұмсалғанын біле аласыз. Картаны қолданудың жолы жеңіл. Алдымен картаға кіріп, өзіңіз тұратын аймақты таңдайсыз. Сосын өзіңізге қажетті бюджеттің санатын табасыз. Сол санат бойынша өз аймағыңыздағы бюджеттер ашық көрсетіледі. Оны қарауда екі түрі бар. Бірі – кесте, екі бірі карта. Қайсысын қолданғың да керекті бюджеттің тұсын бассаңыз, экранға толық ақпарат көрсетіледі. Осы арқылы әлемнің кай түкпіріңде жүрсеңіз де өзіңізге керекті өңірдің, ауданның бюджеті туралы нақты ақпарат ала аласыз. Тіпті, осы ақпараттар бойынша тексеріс жұмыстарын жүргізіп, заңбұзушылықтарды анықтай аласыз. Осы арқылы бюджеттің ашықтығына қол жеткізуге болады.

Жасыратыны жоқ, қоғамдағы бюджеттің мекемелерге бөлінуін қаржысын тек сол мекеменің басшысы ғана біледі де, былайғы жұрт хабарсыз қалады. Енді осы карта арқылы жұмыс орнынызда жүріп жаткан қаржылық айналымды тексеріп, оны білін, өз жағдайыңыз бойынша бақылау жүргізуге қол жеткізе аласыз.

– *Біз осы карта бойынша 2018 жылы Нұр-Сұлтан қаласындағы қолжедегердің сайлауына қосылсын деп тұрған кездік. Алғашқы айында қаладағы 11 колледждерге зерделеу жұмысын жүргіздік. Осыдан кейін карта бойынша бюджет қаржысы ең көп бөлінген кошк және коммуналдық қолледждің арнаулы қалай игерілін тексере бастадық. Құжаттарды салыстырып отырып, оқу орны басшы 450 мың теңге тұратын ноутбук сатып алынын байқадық. Әрине, оқу мақсатында алынатын ноутбуктың басқа да қалыпты бағалаған белгілі. Ал неге басшы сонға қымбат бір дана ноутбукте сатып алғанына таңғалдық. Зерделеу барысында, бұл ноутбук сабаққа емес, оның оқытуға артықшы құрал болып шықты. Мұны жемқорлықпен күрес комитетіне құзырына тапсырдық. Олар тексеріп, нәтижесі қорытындысын шығарады, – дейді Зәуреш Батталова.*

Бұл бір ғана мысал. Бюджеттік мекемелерде қаржыны осындай мақсатсыз пайдаланатын жағдай жоқ дей алмаймыз. Жемқорлықтың бір ұшы осымдан шығып отыр. Айта кетерігі, жоғарыда аталған интерактивті картада кет келген бюджеттік мекеменің барлық кіріс-шығыс құжаттары жинақталған және тізеушілерге қолжетімді. Мысалы, ұяқтыда қолданысқа берілмеген белгілі бір құрылыс нысана дейінсе, карта арқылы оның жұмысы нелікten тоқтап тұрғанын зерделеп, шағымдана да аласыз.

Бұрын белгілі бір мекеменің заңбұзушылығы туралы жазылған шағым сол мекеменің басшылығы тарапынан қарастын. Ал интерактивті тақтаға берілген шағым бірден сол мекеменің үстінен қарайтын басқармаға түседі. Демек, бұрынғыдай кемшілікті жасырып қалу, бармақ басты, көз қысты жағдай орын алмайтыны анық.

Бір айта кетерігі, қазір өмірде орын алып жаткан кнптеген заңбұзушылықтарды тұрғындар әлеуметтік желілерге жүктейді. Әрине, оны біреу көрсе, біреу көре бермейді. Ал картаға жүктелген шағым шешім қабылдайтын шенеттікке тікелей жетеді. Белгіленген уақыт шегінде жауап қайтарылады.

Ең бастысы, бұл картаны тұрғындар бюджеттегі кателікті іздеу үшін қолданады деп түсінбеу керек. Бюджет – ол салық төлеушілер төлемінен құрылған қаржы. Мемлекет оны халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру үшін орынды жұмсауға қақы міндетті. Сондықтан, бюджетті бақылау халықтың өз қалтасынан шыққан қаржысын үнемдеп істеу дегеи сөз.

Биылғы пандемия жағдайында дәрігерлектің жетіспеушілігі, ауруханада орынның болмауы, емдеу аппаратының жоқтығы салдарынан қаншама кінәдық туды және қаншама отандастымыз қайтыс болды. Тіпті, әлеуметтік көмек ретінде берілетін 42 500 теңгенің өзі де үлкен зау-замайымен үлестірілді. Мұның түпкілікті себебі бюджетке деген бақылаушы жетіспеушілігінен. Оның сан түрлі себебі бодды. Соның ішінде жемқорлықтың да жалдей ескенін жасыра алмаймыз. Әлі де мұндай жағдай қайталанбайды деуге болмайды. Жоғарыда айтылған интерактивті карта тұжырауы мүмкін мәселелді шешудің жолын қарастыруға көп көмегі тиеді. Сондықтан бұл құралды әркім мүмкіндігінше пайдалануға шегті болғаны жөн.

Осы бір жақсы бастама тек іргелі қалаларда немесе облыс, аудан орталықтарындағы ұтымдарға емес, шалғай ауылдағы ағайынның да қолдануына мүмкіндік туса, нұр үстіне нұр болар еді.

◆КӨКЕЙКЕСТІ

БАЛА – өмір жалғасы. Перзент үшін ата-ана қолдан келгенше бар жақсыны істейді. «Баламның табанына кірген тікен, менің мандайыма кірсін» деген ата-ана бала көңіліне ешқашанда кірбің ұялатпаған. Бұл кешегі әке-шешенің берік ұстанымы еді. Ал бүгінгілердің арасында баланың көңіліне емес, жүрегіне ешқашанда жазылмайтын жара салып жүргендер жиі кездесіп жүр. Әсіресе, туған перзентіне көз салған қанішер әкелердің опасыз әрекеті жүрекке біраз салмақ түсіреді. Ең соракысы, облыс бойынша осы уақытқа дейін көмелетке толмағандардың жынысына қол сұққан 84 қылмыс дерегі тіркелген. Олардың 1 дерегі жасөспірімнің атасымен, 3-еуі ағаларымен, 7 қылмыс ТУҒАН ӘКЕЛЕРІМЕН, 2-еуі өгей әкелерімен, 1-і көршісімен, қалған 70 қылмыс басқа тұлғалармен жасалған. Бұл жалпақ жұртқа жар салып айтатын жаңалық емес. Алайда қазақ қоғамында болып жатқан жаға ұстатарлық жағдайдың алдын алу үшін үнсіз отыра алмадық.

АЗҒЫНҒА АТУ ЖАЗАСЫ ДА АЗ



Ерлік КЕНЕБАЙ

Нәпсіқұмарлық, зинақорлық деген сөздің өзін естігенде денеңіз тітіркеніп, жан дүниеңіз ашалай-дүлей күй кешері анық. Әдетте, бұрындары мұндай іске өзгені кінәлап жаттан қоғам бүгін тұғандарын киялауға епі үйренді. Бүгін әкенің тұған қызына сөз салуынан, атасының қаршадай немересіне қызығуынан, ағаның қарындасынан қарындаска жасқанбауынан болған қасіретті жағдайдың күн сайын артқаны көңілге қоленке үялатады.

– Көмелетке толмағандарға жыныстық қол сұғатын 84 қылмыс дерегі орын алып, олардың деңгейі былтырлы жылмен салыстырганда 9,6% төмендеді (2019ж.-93). Көмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қол сұғатын қылмыстардың жасаған тұлғаларға келетін болсақ, олардың 1 дерегі жасөспірімнің атасымен,3 ағалармен,7 туған әкелерімен, 2 өгей әкелерімен, 1 көршісімен және 70 басқа тұлғалармен жасалған. Көмелетке толмағандарға қатыстыы жасалатын сексуалдық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында полиция қызметкерлерімен атқамдағы жалпы төтенше жағдай және карантин режимдері енгізілмей тұрып,мектептерде 851 жасырын сауалнама өткізілін, денсаулық сақтау органдарымен жасөспірімдердің жүкті болуларын анықтауға бағытталған 180 салыстыру актілері жасалды (жасөспірімдердің жүкті болу 273 дерегі анықталып,37 дерек бойынша қылмыстық іс қозғалды). Жасөспірімдерге қатысты жасалатын қылмыстардың алдын алу мақсатында полиция департаментінің қалалық,аудандық бөлімдерімен ұдайы негізде рейдтік шаралар өткізілін, құқықбұзушыларға заңда көзделген шаралар қабылданады.

Медет ҚУНАНБАЕВ,
полиция полковнигі, Алматы облысы ювеналды полиция бөлімінің бастығы

Кешегінің аға сұлтаны Құнанбай нәпсіқұмарлыққа қарсы қандай үкім шығарған еді? Қайван ата мен қаразы келін арасындағы катынасқа жасалған үкімді бөріміз де жақсы білеміз. Бұл сол заманғы шариғат жолымен кесілген әділ жаза еді. Зинақорларға ең лайықты жаза осы ма дерсіз. Бірақ бүгінгі бізден солқылдақ заң зинақордың өзін ақтап, жабірленушінің даттап қоюға зәбе. Сонын кесірінен, өзіңіз үшін намыстан, ар-ұятпан безгендер қыны, немересі, қарындасы, туысы деп ешкімді бөлін-жармай айуандық іске барып жүр.

Мұндай оқиғалар кейінгі уақытта тым көп болып кетті. Теледидарға үнілсе қалсаңыз, басқасынсе көз жүтіртсеңіз, қанішерлер жайлы жазылған ақпараттан көз сүрінеді. Кейін «Құдай сақтасын» деп жалғастырып өкпуге де ет үйреді. Қалай десек те, туған перзентіне қайуандық әрекет жасаған әкеден отбасына, бала-шағасына, тіпті, қоғамға қандай пайда бар? Дамыған мемлекеттің, зайыпты қоғамның, дамыған отыз мемлекеттен тереземіз теңелін, керегеміз кеңейеді дегендер алдымызға жан салмайтын. Батыстың қанағын тағысық қылғанда жеткен жетістігімізі осы болды. Отанның өзі отбасынан құралатын болса, шағын ғана шаңырақта болған жайтқа мемлекет те жауапты болуы керек емес пе? Сонда азаматдалып, көгүрюн әрекетке бағатындай маңыз, ар-ұятын бірюола арыламыс-мыз қалай? Қылмыскерге берілген жеңіл жазаны ауырлататын бүгінгі қоғамға бір Құнанбай жетіспей тұрғандай.

Құр сөбен отбасы, тәрбие, білім жайлы айтып алты ай отыратын уақыт өткен секілді. Кешегі ең кадірлі өз кадірін ден түсінетін, бір сөзге тоқтайтын адам саны кемілді. Мүмкін, сөзге бағынбайтын азғындар үшін катал зан беспу керек. Егер қылмысына қарай жазасын алатын болса, мындай жазаны көрген, естіген екінші адам ол қадамға барғауы мүмкін. Халық әкары әр адындағы тағылымсыз өмір сүре алмаса, Заннан қорқып күн кешуге тиіс. Жоғарыда келтірілген деректе 9 жайда облыста ғана тіркелген. Ал енді өзіңіз де бағамдаңыз. Дал осындай қаншама облыс бар. Әр өңірден осындай қылмыстар шығып, елдегі жағдайды бағамдай беріңіз. Ал егер: «Құдай бетін ары қылсын. Өзімен кетсін, бізге жетпесін» деп жай-барақат жүрсек, қоғамда береке де, бірлік те болмайтыны анық.

Енді қараңызшы, осындай айуандық әрекетке АСҚАР ТАУҒА төнеген ӨКЕЛЕР не себепті барын жатыр? Қыз қонақ деп төрдеп орын ұсынып, бар жақсы мен төтіпті аузына тоскан қызғалдақ құмырды бір-ақ сәтте лақтыз үшін жұз-талкан етуге не себеп? Әлде бұл ауру ма? Осы сұрақтарға жауап алу үшін психолог Бақытгүл Бауыржанқызымен тілдестік.

Маманның айтуынша, мұндай қастандық әрекетке барған адам психикалық ауру.

Адам психологиясы өте терең білім. Кәзір дамыған елдер психологтін көмегіне көп жүгінеді. Ал бізде керісінше. Көбіне «Үят болады» деп салып, істі жасы жауып қоя салмалы. Ал ол қайта қайталанбасын ешкім кепіл бола алмайды. Әсіресе, туған қызына айуандық әрекет жасаған инанасыз ба, адамның әрекеті сақтанарда кешіреміз. Жас балаңыз дегенше қызығушылығы артып, әрам ойын іске асырғанда заңгүзінде кінән жазалануы тиіс. Құлпырып өсіп келе жаткан қызғалдақ гұмырды бір-ақ сәтте үзіп, бес минуттық ләззіге еріп, адам жанына мәңгі жара салып, ары қарай тұқылдағандай бір заңдарық астында өмір сүру дегеніміз жеңіл көрген кәзі бала үшін өте ауыр жазған. Отбасында орын алған мұндай іске ана да кінәлі. Себебі, қыз төрбиелеп отырған ана оның әр қадамын, әр сәтін назарда ұстауы тиіс. Ана мен қыздың арасында үлкен байланыс болуы тиіс. Қыз бала бар сырын өзгеге емес, шешесіне айтып үйренуі тиіс. Ол үшін тағы да ана жұмыс істеуі керек. Ал бізде «Өзіңді іс болып, бояуы сіңген соң» ғана әрекет етеміз. Қысқасы, қыз баланың тағдарына бейжай қарамайыңыз, – дейді психолог.

Төнтеріп төзге салған ақсақалдар мен жәдер мектебінен қол үзгелі ұлтымыз салт-дәстүрден бірнеше шақырым ұзап кетсекпіздәй мойындауымыз керек. Бұлай десек бүгінгінің жастары: «Ол өткен ғасырда қалған дүние. Қазір бәрі басқаша болуы керек. Заман басқа. Кешегімен емес, бүгінмен өмір сүру керек» деп болжысіңді.

Жаманы көрік. Заманауи болдық, алғашқыні қандай? Заман өзгерген жоқ, адам өзгерді. Кешегінің текті кісісінің рухы бүгін, намысы берік болған. Ал бүгін бәрі басқаша. Әлеуметтік жағдай жақсарды, *экономика* дамыды, бірақ ұлттық құндылық, ұлттық тәрбие дегеніміз көшкен көштей бізден ұзап кете барды.

Егер бүгінгінің бұлыныр боза, ертенгі күніміз жарқын болмасы анықат. Дал осы жолмен жүре берстін болсақ, отбасылық құндылық ыдырап, береке судай аты, өмірдің ешмені де қалмайды. Егер отбасында береке, бірлік, ынтымақ, сыйластық орын алмаса Отанның да бірлігі болмайды. Соз үшін бала тәрбиесіне аскан жауапкершілікпен көпіл бөлуді ұмытпайық. Бала – отбасының қана емес, Отанның да алтын қазынасы, мұрасы.

Jetisý

@Jetisugazeti
Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖАҢА АЙДАР: КӘСІП КӨКЖИЕГІ



Қажет АНДАС

Осыдан жарты ғасырдың алдында қай елдің әскері қуатты болса, сол ел кемелді мемлекет саналатын. Қазіргі таңда қай елдің кәсіпкерлігі, соның ішінде шағын және орта бизнес саласы өркендесе, сол ел қуаттылықтың өлшеміне айналды. Өйткені, қазіргі әлем жаһандануның жалпы қағидасына бағынып отыр. Мұнан біз де сырт қалмаймыз.

ҚОЛДАУ БАР, ҚОРҒАУ ШАМАЛЫ

Бүгінгі таңдағы жаһандану кісілік болмыстан гөрі экономикалық қатынастарға ықпал ете бастады. Өйткені, қазіргі адамдар өзіне керекті тұрмыстық техника, көлік, құрал-жабдық, киім-кешек, тағы басқа да толып жатқан қажетті дүниені көп жағдайда базардағы дүкендерден емес, интернет арқылы іздеуге ауысты. Дүниенің қай түкпірінде болса да өзіне керекті және ұнатқан тауарына кедергісіз қол жеткізе алатын болды. Еліміз де сол жаһанданған әлемде өмір сүретіндіктен бұл заңдылықтан тысқары қала алмайды. Сондықтан мемлекет ұлттық экономиканың өзегі болып табылатын кәсіпкерлікті қорғау үшін бар мүмкіндіктерді пайдаланып, шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландырып, тынымсыз жұмыстарды атқарып келеді. Бірақ оған біздің кәсіпкерлер дайын ба?

Кеңестік экономикалық қатынастар келмеске кеткеннен кейін Кеңес одағының шеңберінен шыққан Орталық Азия елдері өздеріне ыңғайлы экономикалық бағыттарға ауысты. Әр ел әртүрлі жол ұстанды. Солардың ішінде еліміз нарықтық экономикаға көшуді құптап, осы әдіс арқылы күйреген экономиканы қайта құрудың қадамын басты. Нарықтық экономика біздің тұрмыс қағидамызды өзгертуімен экономикалық тұрғыда тезірек аяғымыздан тұрып кетуге, кәсіпкерліктің әдіс-тәсілін меңгеруге мүмкіндік берді. Оның үстіне, көрші Қытай елінің өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының ортасынан бері жүргізген халықаралық саудаға бейімделген шағын және орта бизнес субъектілеріне саудатыққа бағытталған саясаты еліміздегі кәсіпкерлік саласының жетілуіне көмек болды. Дегенмен, оның кедергілі тұстары көп болды.

Жылдар өте келе жұмыс күші көп және арзан, оның үстіне дамушы және даму үстіндегі елдердің тұрғындарының қажеттілігіне сай тауар өндіруге көшкен көптеген шағын және орта бизнес салалары өндірген өнімдерімен көрші елдердің базарын жаулап алып, есік алды жаңа келе жатқан көрші елдердегі бәсекелестерін өзге бастырмай тастады. Оның ең басты факторы ретінде мынадай бірнеше түйінді атауға болады. Ең алдымен, отандық кәсіпкерлердің бәсекелестік қабілетінің төмендігі. Кейінгі он жылдың көлемінде еліміздегі шағын және орта бизнес өкілдері көптеген отандық және ұлттық тауар маркасын ойлап тапты. Бірақ олар базардағы бәсекелестікте үстемдік ете алмады. Оған бағаның қымбаттығы, сапаның нашарлығы себеп болды.

Кәсіпкерліктен немесе жол табу азаматтардың саудатығымен мен іскерлігі, әмбебаптығымен тікелей қатысты. Халқымызда: «Жас келсе іске» деген нақыл бар. Бүгінгі жастар колданылмалы техниканы толық біледі, инновациялық бағытта жұмыс істей алады.

Қолға алған әр бастамасын үлкен нәтиже шығаруға құлшынысы жетерлік. Бірақ нақты жағдай біз ойлағаннан бөлекше екенін жасырып қайтеміз. Оған облыстық кәсіпкерлік басқармасы тарапынан «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында жас кәсіпкерлерді қолдауға арналған байқаудың комиссия мүшесі болған кезде көз жеткіздік. Сол кезде көңіл кушатып да, жүрек жылытатын да істердің куәсі болғанымызды айта кетпесем болмайтын сияқты.

Байқаудың бір күштілігі – 18-29 жас аралығындағы кәсіпкерлерге 5 млн. теңгеге дейін мемлекеттік қайтарымсыз грант берілетіндігі. Бұл арманы бар да дәрмені болмай жүрген жас кәсіпкерлердің бизнес саласында жол табуына үлкен мүмкіндік береді. Ал екіншіден – байқауға қатысқан жастардың біліктілігі мен ұсынған жобаларының тың жұтандығы, байқаудан кейінгі арыз-арман мен талас-тартыстың жиі орын алғандығы.

Жалпы байқауға 200-ге жуық жас кәсіпкерден өтінім түсті. Оның да өз талабы бар екен. Ең бастысы, ұсынған жобасының инновациялық құндылығы болуы шарт. Өкініштісі, байқауға қатысқан жастардың көбі инновация дегеннің не екендігін түсінбейтін болып шықты. Жобаларды зерделеп көргенімізде олардың дені киім тігетін немесе құрылыс материалдарын шығаратын цех құру туралы болатын көрінеді. Шеге жасап, тазалық қағазын өндіруді армандайтын жастар да жетерлік көрінді. Бірақ бұл жобалардың инновациялық құндылығы тым аз.

Әркандай инновациялық жоба жергілікті жерде қолдау таба ма? Жоқ па? Өндірген өнімін базардағы сұранысы бар ма? Өзге де бәсекелестері алдында табан тіреп тұра ала ма? Осындай сан сауалға бас қатырғандары кемде-кем. «Алдымен мектеп директоры болып алайын, сосын диплом ала саламын» дегеннің кері. Ең қызығы, жобаны қорғау барысында екі қолын қалтасына салып, ұялы телефонның көтеріп келгендер көп болды. Көбі атқаратын жұмысын ауызтолтыра айтқанымен осыған дейін сол жұмысты қолға алып істеп көрмегені байқалып тұрды. Тек ақша қолға тисе, керекті құрал-жабдығын сатып алып, тау қопарып, жер көшіретінін айтқанда, кәсіпкерліктің айы оңынан туғалы тұр екен деп қалдық. Өйтсе де бұл кезде сөздің емес, істің, ісіккерліктің дәуірі ғой. Ыстық, суығын көріп, отымен кіріп, күлімен шығып, бір сүріниіп, бір тұрғызып жұмыс барысынан өткен кәсіпті болашағы да баянды болмайтыны белгілі. 5 млрд. теңге қаржымен ашылған кәсіпорындар тоқырауға түсіп жатқанда, 5 млн. теңгемен базарды жаулап кету деген ойлаған дүние. Демек, жастар әлдекімдердің кемегімен жағылған бизнес жобасын санасымен жүзеге асыруға ұмтылыңдағы көңілге күдік ұялатты. Тіпті, байқауға жобасын ұсынған кейбір үміткер тілдің-жақтық асаба жігіттерді де жалдап әкелгені белгілі болды.

Олардың бойындағы қалыңы қаныңды толқытатын сөздеріне қарап, жобасын өткізіп-ақ жіберген келеді. Алайда ұсынған «Айдағанның бес ешкі, ықсырығын жер жарадының» өзі болып шықты. Сондай-ақ, бұрынғы жылдары осы грантқа ие болып, кәсібін жүргізіп, бұл ретте сол жобаны іпісі мен туысының атынан қайта рәсімдеп, грантқа ұсынған кәсіпкерлер де кездесті. Өзге облыстарда қорғалған жобалардың өнімін сатып әкеліп, жаналық ашқысы келіп, білініп қалғандары да ұятқа қалып жатты.

Байқауға ұсынылған жобалардың бәрі іске алғысыз деуден аулақпыз. Жалпы, өміршеңдігі бар, белгілі нәтижеге жетуге болады деген 66 жоба мақұлданып, оларға 141 млн. теңге қаржы жылдай бөлініп берілді. Десе де, осы жобалардың дені Алматы қаласының айналасындағы аудандардан келген үміткерлер. Бұл жағын зерделеп көрген кезде жобаға үміткерлердің кәсіпкерлік объектісін Алматы маңындағы аудандарға тіркегенімен өздерінің Алматы қаласында жұмыс істейтіндігі белгілі болды. Демек, мегаполиске жүзеге асқан жобаның ауылдағы жерлерде белгілі өнімдік жаратылыстағы анық. Бірақ олар грантты алғаннан кейін өз арманын сол тіркелген елді мекенде жүзеге асырмай, Алматыдағы өнімін еселеп өткізіп, қозбоғушылыққа бармай ма деген де ой қалды санада. Өйткені, жас кәсіпкерлердің үлкен жобасын мемлекеттік қайтарымсыз грант арқылы қолдаудың түпкілікті мақсаты – ауылдық жерлерде тоқыраған кәсіпті жандандырып, ауыл жастарының жұмысқа орналасуы мен кәсіпке бейімделуіне өнеге көрсету. Егер біздің күдік шынға айналса, ауылға тағы да өркениеттің лебі жетпей қалатыны анық. Сондықтан тиісті мекемелердің осы жағынан қадағалауды күшейтуі керек сияқты.

Грантқа ие болған өзді бірқатар жобалар аудан орталықтарының еншісіне тиді. Демек, бұл қолдаудың лебі шалғай елді мекендерге жетпей тұр деген сөз. Ол жергілікті атқарушы органдардың жастар кәсіпкерлігіне салғырт қарайтының көрсеткеді. Өйтпесе, ауылдарда төмір мен ағаштан түйін түйіп, мал өсіріп, оның сүті мен етін, терісі мен жүнін кәсіпке көзіне айналдыра алмай жүрген жастар көп. Қолы ісмер болғанымен кәсіби дәнекелеріне жетегін заманауи құрылғыларға қол жеткізе алмай жүргендері қаншама?

Осы жоба барысында Райымбек, Кеген, Панфилов, Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарынан етін мен мал шаруашылығы саласында жаналық ашуға бағытталған бірнеше жоба келіп түсті. Олады қолдауға барыным пейілді болдық. Өйткені, қазақы ғасырлар бойы асылап келген атакәсіпті жандандырып шағын және орта бизнес субъектілерінің көбеюі экономикамыздың көтерілуіне де, ауыл жастарын жұмыспен қамтып, армандарын жүзеге асыруға да мол мүмкіндік береді.

Түйін: ***Анығын айтқанда, жастар кәсіпкерлігін мемлекеттік қолдау жеткілікті. Инновациялық та, әлеуметтік жобаларды қолдаудың да сан түрлі жолы бар. Өкінішке қарай, жоғарыда айтқандай, жастардың көшірме, көзбояушы дүниелерге бейім екенін байқап қалдық. Тіпті, осы барыста бұрынғы жылдары қолға тиген грантқа қымбат тон сатып алған немесе көлік мініп алған деректердің де болғанын естідік. Бұл айналып келгенде жастардың өзіне жасаған қиянат, елдің болашағына келтірген зиян. Бір сөзбен айтқанда, ауыл жастарын қолдаудың әлі де жүйеге түспегені көрініп тұр. Грантқа ие болған жобалардың жыл бойы қадағалауда ұстамақпыз. Олардың әрбірінің атқарған шаруасы туралы алдағы уақытта саралап отыратын боламыз. Соңғы нәтижесін жыл соңына қарай шығармақ.***

МҰҚАҒАЛИ – 90

«Қазақстан!
Пай, пай, пай!
Ардағым-ай!
Сен менің Шатпалсымың
жасаған ұдай.
Өзіңде өмір сүрген қандай
бақыт,
Өзіңсіз махаббатым,
арманым-ай!» –

деп жырлаған аяулы ақын Мұқағали Мақатаев тірі болса, 90 жасқа толатын еді. Нәбары қырықтың бесеуінде мынау жарық дүниеден тайып болып кете барған аяулы ақынның екінші мәңгілік жыр ғұмырының жалғасып келе жатқанына, міне, 45 жыл болды. Туған Отаны, ыстық мекенін, елі мен жерін жанындай жақсы көріп кеткен ақын ғұмырының тым келте болғанына шын мәнінде жанымыз ауырады.

Қарасаз, қара шалғын өлеңде
өстім,
Жыр жазсам, оны жұртым
елеңдестім.
Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,
Өлтіре алмас алайда өлеңді
еншім, –

деп жырлаған ақын қалың қазағының жүрегінде. Жырын кастерлеп, өзенің пір тұтқан оқырманы таудағы тұлғаны, даласындағы кең, бұлақтарындай тұнық, гүлдеріндей көркем мінезді ақынын жадынан шығарған жоқ. «Мұқағали – ХХ ғасырдың тенгажайып ақыны», – деп Қазақстанның Халық жазушысы Әбділда Тәжібаев көзі тірісінде шынайы бағасын берген. Мұқағалидың таланттын бағалаған, ақындық құдіретін мойындаған қалың оқырманының жүрегінде өлеңдері бірге жасасып келеді. Осынау қасиетті Қарасаз топырағында туып, өсіп-өніп келе жатқан жас ұрпақ Мұқағалидай ақын аталарының жырымен сусындап, өлеңінен қуат алып, қалыптасқан азаматтар бесіннен үлкен өмірге қанаттанып жатыр. Кастерлі топырақтан ақын жырын жатқа айта алмайтын бірде-бір баланың кезіктіре алмайсың. Тіпті, Қарасазды айтпағанның өзінде ауданның аумағында, Жетісудың жерінде, республика көлемінде ақын жырын жатқа білетін, өлеңді сүйетін, өнерді қадір тұтқан жастарымыз жетіп артылады. Біз бұған шын көңілімізбен қуанамыз. Нәбары қырық бес жасында өмірден өткен ақын аз ғұмырының өзінде артындағы елі-жеріне мол мұрасын қалдырып кетті. Ақынның кез келген тақырыпта жазған өлеңдері жүректің төріне бірден ұялайды. Мынау жарық ғаламда түрлі сезімдер құшағында жүрген жандар ақын жырымен тілдесіп, ақынның үнімен

АҚЫННЫҢ КӨЗІНДЕЙ



Қанат БІРЖАНСАЛ

үндесіп, сырласып, мұңдасып жатады. Мұқағали жырларынан жанына жұбаныш іздейтін, жарық күннің шуағындай сәуле іздейтіндер көп. Мұның бәрі ақын өлеңдерінің шынайылығы, жүрекпен, сезіммен жазылған жырларының құдіреті деп білеміз.

...Айналайын!
Атамекен, Ақ мекен!
Қандай қазақ іздеп сені
таппты екен?!
Туған өлке тәтті екен ғой,
Тәтті екен! –

деп ақын тебіренсе, дәл осы сөзді әркім өзі туып-өскен жеріне айтары, Мұқағалидың тілімен тілдесіп, жүрегімен үндесіп толқып кетері шындық. Ақын құдіреті осында, ақын өлеңінің өлмес өміршеңдігі осында. «Қайран, Қарасазым-ай, Үйрек ұшып, қаз қонған» деп жанары жұмылғанша сағынып жүрегін елжірете, сағынышты сезімін мөлдірете жырлап кеткен кастерлі де қымбатты Қарасазына тағы келдік. Дәл осы топыраққа аяғымыз тигенде ақын мұражайын бір аралап, көріп кетпесек, көңіліміз тыншымайтындай.

Әр бұрышы, әр түсынан ақынның тау тұлғалы алып бейнесі көз алдыға келіп, әлеуетті үні мен өлмес жыры жамырап тіл қататындай мұражайда болу – бір бақыт. Ақынға деген сарытап сағыныш. Жырына деген іңкәрлік пен құштарлық. Поэзия көгінде Шолпан жұлдыздай мәңгі жарқырап тұрған өлеңіне деген құрмет. Ақын мұражайынан шыққанда бір жеңілдеп сала бересің. Бір қуанышқа бөленгендей күй кешесің. Мөп-мөлдір сезімнің құшағына енесің. Көз алдыңа аяулы ақын бейнесі қайта-қайта келе береді.

Қарасаз, қара шалғын өлеңде
өстім,
Жыр жазсам, оны жұртым
елеңдестім.
Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,
Өлтіре алмас, алайда,
өлеңді еншім! –

дейді ақын. Шын сөз. Шынайы тұжырым. Қазақ поэзиясы жаңарған жаңа толқынымен жаңа тасырда көрікті көшін түзеп келеді. Өлең өлкесінің асқар Хантәңірі шыңындай Мұқағалидың жырын тұмар етіп түйген жыр көші көгілдір толқындардай көз тартады. Соған қуанамыз. Соған жұбанамыз.

Қарасаз ауылы.

МҰҚАҒАЛИ ЖЫРЫ – АСЫЛ ҚАЗЫНА

«Мұқағали мұрасы, сұлулық үлгісі біздің бүгінгі игілігіміз ғана емес. Мұқағали мұрасы, маржан поэзиясы – болашақ ұрпақтардың да еншісі, кастерлеп-қадірлейтін қазынасы»

Зейнолла СЕРІКҚАЛИЕВ

Әдебиеттің «алтын ғасырының» соңын ала келген Мұқағали Мақатаев сынды тұлғалардың ұлттық санасында Абайдан Әуезовке дейінгі ұлағаттылық пен сөз өнерінің озық үлгілері тұрды.

М. Мақатаев поэзиясы жайлы белгілі әдебиет зерттеушісі Т. Шаңбай: «Мұқағалиды жалпы қазақ, жалпы жұртшылық табыстырған сан себептің бірі және біреуегі – оның поэзиясындағы ұлттық сарындар еді. Бүгінгі поэзия мәдениетінің биігіне шарықтап көтерілген ақын жырларының интонациясы, тыныс ділі, лирикалық «меннің» желісінің, шалқыған дария көңілі, дархан мінезі, кең пейілі, ақынның шаңынан шаттығынан «ақ» ұрып жалын ата күрсінгенге дейін – бәрін жарақатылысы, тұтас болмысы қазақы. Қазақ оқырманы өз бойында бар деп ойлаған, жаратылысындағы көп жасырынған сезімді Мұқағали жырларынан танығандай, қайта танғандай. Бұл қасиет үлкен талантардың көбіне тән десек те, ұлттық мінезілін ең жақсы қырларын, ұлттық ұғымдағы ұлағат-өнегенің қасиеттілік, қадірлілігін тауып, талған жырлаған Мұқағали творчествосының орны бөлектей көрінеді», – деп баға береді.

Расында да, Мұқағали қазақы салт-дәстүрді кастерлеп, әр жыр жолдарында дәріптей білген. Ақынның суреткерлік шеберлігін айқындау жолында оның шығармаларындағы көріктеу амалдары мен көркемдік әдістеріне зер салып, көз жүгіртелік. Мұқағали шығармаларында оның ерекшелігін көрсететін көріктеу құралдары көптеп кездеседі. Соның бірі – теңеу. Академик Р. Сыздық: «Теңеу – танымы нәтиже-

сі, сондықтан теңеулердің дені этнографиялық ұлттық сипатта болады», – дейді.

Мұқағали поэзиясында тіл үшін дәстүрлі саналатын «дай», «дей», «тай», «тей» жұрнақтары арқылы жасалған теңеулер мол. Мысалы:

Жүрген жан ем
байымай, танымсыдай,
Сарсаң болдым ертегі
бақсысындай.
Басым қалды жасырын
мойнын бой,
Өзім тұрмын маңғаулық
сақшысындай.

Теңеуде ерекше салыстырылып нәрсе – адам баласының қасиеттері. Бұл дәстүр бөрлық тілде кездеседі. Ақын өлеңдерінде қазақ танымындағы дәстүрлі ұқсатулар (ассоциациялар) жетіп-артылады. Мысалы:

Жапырақ-жүрек жас
қайың!
Жаныңды
айырбастайын, –

деген жолдарынан ақынның сурет образын көруге болады. Образға барар алғашқы баспалдақ – суреті сөз болып табылады. Мұқағали ақынның тіл шеберігі туралы сөз қозғаса, айшықты сөз тіркестерін айтпай кетуге болмайды. Әр сөзін тура да, ауыспалы да мағынада қолданады. Ақын шығармаларында жиі ұшырасатын жүрек, тәтті, көк, күз сияқты басқа да сөздер эстетикалық қызмет атқарады. Ақпақ ақын өз ойын анық жеткізу үшін сөз-символдарға да көп барады. Символ – метафора сияқты тілдік тұлғаның тілдегі ұлттық мәдениеттің көрсеткіші. Мысалы, құстың, жан-

жануардың атаулары халқымыздың бұрыннан келе жатқан тілдегі символдары. Осы тұста суреткер ақын тілінде құстар символикасының орны ерекше. Әсіресе, аққу – әдемлілік, тектілік, махаббатқа адалдықтың, қазақы мәдениеттің символы ретінде белгіленеді. Оған дәлел ақынның «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы аққу образы. Ақын үшін тау – биіктіктің, дала – кеңдіктің, көктем – жастықтың, күз – егделіктің символы. Мысалы:

Бұлттан бұйда
тағыппын,
Көктен көрте
жалыппын.
Таулар жатыр аңырап,
Сапарларын сағынып.

Көркемдік шындық өмірді образды түрде суреттеп, озат идеал тұрғысынан эстетикалық биікке көтеріп жырлау, адам баласына мыңдау саналатын құбылыстардың типтік деңгейге дейін көтеріп суреттеуге көрінеді. Ойы өткір, шынайы өлеңдерімен Мұқағали ақын бүгін де ғасыр ақынына айналды. Ақын «Үзіліп түскен алмадай» өлеңінде:

Үзіліп түскен алмадай
Үзіліп көңіл қалғаным-ай,
Арқама басқан таудайдай
Арылмай қойды-ау
дау-дамай!
Тасыған өміл арнадай,
Таусылып бүгін
қалғаным-ай!
Кәпірмен қалған
құрықты,
Қиын да болар
жалғау-ай! –

деп адамның кірпіксіз таза көңілін кір шалуы, үзіліп жерге түсі ешкімге қажет емес алмаға теңесе, өзінің бір жерде «таусылмайтын даудамайды» – таибіға теңеу арқылы шебер үйлестіреді. Ал келесі жолында «тасыған өмір арнадай» деп адам өмірі өзен секілді арнадай тасуы

да, сұлулы да мүмкін екендігін көркем суреттейді. Мұқағали тіліміздегі соның қандай поэтикалық қызмет атқарса, ондағы антонимдер мен омонимдердің де сондай қызмет атқарады. Мысалы:

Тұмсықта тиген қара да.
Тұнық боп көрін
қалмаған.
Ақ па екен жүзің,
қара ма?
Өзіңді-өзің аңсарда.

Немесе:

Дүниенің ағын да,
қарасын да,
Мың етпесің,
қабылдап аласың да.
Қарасымен ағының жоқ
таласуға,
Ей, өмірім, тамырын
барасың ба? –

деп айтпақ болған ойын жеткізсе, сонаға сіңіре айту мақсатында Мұқағали қолданатын тағы бір тәсіл бар. Ол – бір сөзді, бір сөз тіркесін немесе шумақтың бір жолын өлен ішінде бірнеше рет қайталап қолдану тәсілі. М. Мақатаевтың тілдік тұлғасы оның шоқшыл биік, қалау-қалау көркемдеген құралдарды пайдалануымен ерекшеленеді. Халық жанына жақын ақынның тілдік тұлғасының халықтан рухтас екендігінде болса керек. Мұқағали мұрасы – ұлттық қоймаға қосылған асыл қазыналардың көмбесі. Ақиық ақын Мұқағалиды дәріптеу қазақ әдебиетін, күллі қазақ өнерін, ұлттық құндылықтарымызды санада сақтау, келірінге жеткізін бір үлгісі болмақ.

Айнұр ДӘУРЕНБАЕВА,
Медеубай Құрманов атындағы №2 орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Балтабай ауылы,
Көксу ауданы

✓ ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Бала күнімізде демалыс бола қалса ауылдағы ата-әжелерімізді үйіне баруға асығатынбыз. Мыңғырған малмен бірге сұлу табиғаттың жұпар иісімен тыныстап, жайқалған егіс басында білетіндерімізді талдырып, еңбек етіп, бір жасап қайтатынбыз. Бүгін ше? Ауылға барсаң жүретің шаншылып. Күн қақтап, жел шайқап, сұ шайып, мұжілген тоқал тамдар мен тағына тағы қалған кезіндегі мәдениет, білім, шаруашылық ошақтары, шаруасы шатқаяқтаған жатаған үйдің жағдайын көріп, жаның түтіледі. Күннің көзін алақанымен қолегейлеп қойып өлкенің өткенін әңгімелейтін аталардың, қыз-келіндерге қазақтың жол-жосынын үйретіп әжелерді кездестіре алмай көңілің құлазиды. Біз «Өркениетті ел болдық» деп малақаймызды аспанға атқанмен ауылды тоздырып жібергенімізді мойындағымыз келмейді. Оған бәріміз жауаптымыз. Көрбұлақ ауданы, Сарыбұлақ ауылдық округіндегі сапарымызда осындай ой түйдік.

ЕРІН КЕТСЕ, ТІС ТОҢАДЫ

Қажет АНДАС



Кеше және бүгін

Сарыбұлақ ауыл тұрғындары қой кешірі 1944 жылы Ақсу ауданының Қопа ауылындағы қой кешірі негізінде құрылыпты. Қазіргі Сарыбұлақ ауылдық округіне қарасты Шилісу ауылы 1-ферма, Сарыбұлақ ауылы 2-ферма, Қасиншу ауылы 3-ферма болып, орталығы Қарағашта орналасқан. Жүзді бағыттағы қой шаруашылығымен айналысып, атағы Одаққа жетіп, дүрілдеген кезінде болған екен.

– Осы ауыл құрылған 1944 жылы тұрып. Балалық, жастық, кәрілік шағым осы ауылмен бірге өтіп келеді. Алғаш құрылғанда 15 мың қой болса, кейін 100 мың тұяқтан асқан мыңғыған малы бар кешірге айналды. Мектеп интернат, клуб, балабақша, монша, алма бағы ауылға сән беріп тұратын. Мыңнан аса үй, бірнеше мыңдаған тұрғыны болды. Сол жылдары 90-нан аса трактор, 100-ден аса машина, 56 комбайн, 22 «К-700», 70 су таситын көлік, тағы басқа техникалар самсап тұратын. Қазір соның елесін ғана көресің. Тағаны қалған, қабырғасы қаусаған, шаңырағы ортасына түскен үйлерде талай өркендей ісгердің болғанын балаларға айтсаң, ертегі тыңдағандай әсерде қаласың. Еліміз тәуелсіздік алды деп қуанғанымызбен ауылды тонап, тоздырып, құртып тынды қой, – дейді ауыл ақсақалы Жанат Байсалқызы.



Қазір ауылдық округке қарасты Шилісу, Қасиншу, Сарыбұлақ елді мекенінде 297 үй, 1605 адам тұрады. Округ орталығы Қарағаштағы ауылдық орта мектепте 176 бала оқиды. Оқу орнасы күрделі жөндеуден өтіп, бар жағдайы жасалған. Алайда Шилісу, Қасиншу, Сарыбұлақ ауылдарды жоғары сынып оқушылары арысы 20, берісі 5 шақырым жерден қонамдық көлікпен осында келіп білім алады. Бұл жүрісті құп көрмеген кейбір ата-аналар аудан орталығы Сарыөзек, болмаса Қапшағай қаласынан үй жалдап балаларын оқытуға мәжбүр. «Өткен жылы Алматы – Талдықорған күрежолынан ауылға дейінгі аралықтағы екі жарым шақырым жол жасалды» деп өрлі-төмен есеп берілгенімен елді мекендегі жол мәселесі әлі де өзекті.

Су тапшылығы – күнделікті күрделі тақырыптың бірі. Кезінде Қарағаш ауылының тау жағында үлкен екі көл болған екен. Ауылға сол көлден құбыр тартылып, ауыскуды қамтамасыз етіпті. Ол көл қазір тартылып қалған. Бүгінде ауылдық округке қарасты елді мекен тұрғындары жарасты суын ингалиятордың жайлы тұрмысын қамтамасыз ету үшін келер шаруының бәрі жасалуда. Келешегіздіктер ретінде шешілін келеді. Десе де, Сарыбұлақ ауылдық округінде жұрты әбден қажыған, шешімі күткен бірнеше толғақты мәселе бар.

Күн электрстансысы бар, жарық жоқ

Сарыбұлақ ауылдық округінің әкімі Еркебұлан Жармұхамбетұлының айтуынша, өткен жылы Қарағаш ауылының көшелеріне жарық шамдар орнатылып, жұртшы қуанышын есселепті. Алдағы уақытта Шилісу, Қасиншу ауылдарды көшелерді жарықтандыру бағытында жоспар жасалып, қаржысы анықталып, құзырлы мекемелерге жолданыпты. Өкінішке қарай, осындай тыныжсыз сәбекті естігендегі көңіз-күйіңізді Сарыбұлақ ауылындағы жарықсыз отырған жұртшы жанайқайы су сепкендей басты.

– Міне, 30 жыл болды жарықсыз отырмыз. Интернет дегеи атымен жоқ. Алыстағы ағайынмен хабарласу үшін телефонымызды көкке көтеріп алып, төбе-тібесі қызарып кетеміз. «Жедел жәрдем» шақыруды ұмытып кетпеңіз, – деп мұи шақты Сарыбұлақ ауылының тұрғыны Аскар Есімбеков.

«30 жыл жарықсыз отырды» дссек артық болмас. «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» дегендей, жарықсыз қалудың себебі – осы бір құм шетіне орналасқан ауылды «Жарықсөн жарықсайымыз» дегеи орашолақ жоспардың кесірі екеи. 2012 жылы Сарыбұлақ ауылында, Қазақстанға Корея көмек беру үкіметаралық бағдарлама аясында және «Green Village» халықаралық жоба бойынша, «Daegue Кдла Газ» Корей компаниясымеи «DostykEnergo» ЖШС бірігіп, 52 кВт қуатты күн электрстансысын салған.

Дүрілдеп тұрған тұсында 80-неи аса үй болған, бүгінде 10-ға тарта түтін түтетіп отырған алакандай ауылға мұидай шығыны көп, техникалық басқаруы күрделі электрстансының кажеті жоқ еді. Басында ауыл тұрғындары бұл жоспарды құптамай, елді мекеиге Қарағаш ауылынан электр жарығын жеткізіп беруді талап етіпті. Бірақ тұрғындар ұзаққа құлақ асар пенде тәбалмай, алып құрылыс бой көтеріеп. Арада бір-екі жыл өткенде ауылды жарықтандыратын стансы күйіп кетіп, жоғары ауыл жарықсыз қалады. Тұрғындар өрлі-төмен шапқылап жүріп, 2016 жылы тағы бір мәрте жаңғыртып алыпты. Алайда екі жылдан кейін стансы мүлде істен шыққан. Қазір ауылдастар жылтылдаған майшамның қалқасында ұзақ сары таңды сабырмен атырады.

– Күн электрстансысы тұрып, жарыққа жарымай отырғанымыз былайша ұятты іс. Жағдайымызды айтып басталған табалдырық, ашпаған есігіміз қалмады. Бұрындары «Жасаймыз, қатарамыз» деген жауап алушы едік. Қазір кейбір мекеме басшылары есігін тарс жауып, кіргізбейтіндері шығады. Оны қойшы, бізді аңдайдап көрсе, «Жау көргендей» жасырына қалатын жағдайға жеттік. Дикемді құрып, төзіммізі таусылды, – дейді ауыл тұрғыны Абдул Хуичеев.

Ауыл тұрғындарынан білгеніміздей, Қазақстан мен Кореяның ынтымақтастығы аясында бой көтерген, әлемдік деңгейдегі күн электрстансысы осы күнге дейін ешбір мекеменің балансында алынбапты.

– Күн электрстансысы 2016 жылы қайта жаңғыртылды. Естуіміше, 10 млн. теңге қаржы жұмсалыпты. Сонда ешбір мекеменің балансында болмаған шығына сонша қаржыны қалай аударып, пайдаланып отыр, – деп бізден сұрайды Сарыбұлақ ауылының тұрғындары.

Анық ақпарат көздерін қанша актарсақ та, «Camrak-Green ENERGY» компаниясының сайтынан гөзсеск те қаржы туралы, оның қалай пайдаланылғаны жайында дерек таппадық. Сондықтан бұл мәселе бойынша Жетісу облыстық прокуратурасына хат жолдап, мәселенің мән-жайын анықтап беруді өтіпіп көрмекпіз.

Құм басып барады, әрекет жоқ

Сарыбұлақ ауылдық округі тұрғындарын тағы бір алаңдатар жағдай – елді мекендерді құм басу жағдайы. Аудан әкімдігі тарапынан құрылған комиссияның талдау нәтижесі бойынша, бүгінде Қазынсу ауылы аумағындағы 1606 гектар жердің солтүстік-батысынан шығысына дейінгі 851 гектар жерді, ал Қарағаш ауылы аумағындағы 2897 гектар жердің 851 гектарын құм басып үлгерген. Осының салдарынан елді мекендерге шөп шықпай, мал азығын дайындау қиынға соғуда. Оның үстіне Қарағаш-Қазынсу-Сарыбұлақ ауылдары арасындағы жолды құм басып, көлік қатынасы қиындай түскені анық.



Сарыбұлақ ауылдық округінің әкімі Еркебұлан Жармұхамбетұлының айтуынша, осы мәселені көтеріп, жоғары-төмен шапқылап, көмек сұрап көрген. Тіпті аудан, облыс аттап, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасына да уәждерін жеткізіпті. Бірақ тұшымды жауап, қолға алған шара, қабылданған нақты шешім болмаған.

– Егер елді мекендерді құм басу жағдайы тез арада реттелмесе, ауылдың келешегі бұлыңғыр. Оның үстіне құм басқан аумақтың көлемі кеш түссе, Алматы – Талдықорған күре жолының қатынас жұмысына да кері ықпалын тигізбей қоймайды, – дейді ауыл басшысы.

Расында, «Ерін кетсе, тіс тоңады» дегендей, Жетісу облысындағы аша тұяқты жануардың жартысынан көбі қыстан шығатын аумақтың жағдайын түзеу ауылдық округтің қолынан келмейді. Оны ел болып қолға алып, жұрт болып түзеуіміз керек. Осы мәселе төңірегінде Жетісу облыстық әкімдігі мен облыстық экология департаментіне сауал жолдайтынымызды айта кеткенді жөн көрдік.

Байлық бар, қарекет жоқ

Сарыбұлақ ауылының орналасқан аумағы туризмді түрлендіретін жер-ақ. Бұл манда қазақ-жоңғар соғысына қатысты, Ресей отаршылдығы тұсындағы тарихпен сабақтасатын, Кеңес одағы кезінде күғын-сүргін, ашаршылықтың ауыр дертінен дерек беретін тарихи жер өте көп. Айталық, Талдықорған – Алматы күрежолының бұрылған тұсған Қолтабан, Қарабайтал, Нұрмолданың қыстауы, Жөнкебай, Шұрық, Мақпал ана жерлеиген жер, Балпық биінің ұлы Тілеиші қазының атақонысы, Тесіктас, Үнгірқора, Шаңқұдық, Шоқпартас, Қаумен, Бадабекті өлтірген тас, Шорман байға қатысты жер атауға сияқты тарихи жерлер Құланбасымен түйіседі. Тарихи деректерде 1223 жылы Шынғыс хан Хорезм жорығынан қайтар жолында Құланбасыда құрылтай ашып, төрт ұлына жер-шекара бөлген. Сол жер осы Құланбасы болуы мүмкін деген болжам бар. Малайсары қыраттары – тұнған тарих. Тау бөктеріидегі тастарға салынған суреттерге тіл бітсе, ең кемі 3000 жыл бұрынғы дәуірді көз алдыңызға әкеледі. Өкінішке қарай, сол бағалы байлықтың бағын ашып, алыс-жақындағы ағайынға жеткізетін қарекет қана жоқ.

Сарыбұлақ ауылы
Көрбұлақ ауданы

✓ МӘСЕЛЕ

Телефонсыз күнің жоқ



Заман ағымына қарай бүгінде әрбір адам ұялы телефон пайдаланады. Рас, оның ішінде адам өмірі мен жұмысына керектінің бәрі бар. Сағат, күнтізбе, есептеуіш, сурет пен видео құрылғылары адам баласының аттап басса қажеттілігін тұмдататын дүниелер. Сондықтан да сымсыз байланыс құралын пайдалану уақыт тұмдатқан дүние деп ашық айта аламыз.

Адам өміріне қаншалықты пайдалы десек те, бүгінгі таңдағы мазһына-мазмұны жоқ уақытын бәрін осы бір көзді құрылғы жалмап жатқанын аңдамай қаламыз-ау. Кішкентай ғана заттың көмегінсіз еш нәрсені шеше алмайтын күйге жеттік. Тіпті, керек адамының өзін өзге құрылықта жүрсе де тауып алып, тіл-дескеи құрылғының жақсы жағын адамзаттың бәрі біледі. Ал мұның зиянды жағы қаншалықты? Осыны да ойлану керек-ті.

О баста телефонды құрастырған адамдар ел игілігін көксегені анық. Байланыстың тиімділігін ескерген, ойлап тапқаны жөн десек те, бүгін телефон сөйлесудің құралына ғана айналмай отыр. Үлкен адамдардың өзі жұмыстан тыс уақытта телефонды шамадан тыс пайдаланып жатады. Тіпті, дастарқан басында телефонға қарап әс ішуді дағдыға еткен көпшілік отбасылық жарасымды диалог құрмайтын күйге жетті. Соның кері әсері көрініс беріп жатқаным жасыра алмаймыз. Оны былай қойғанда былдырлап жүрген, әлі тілі шықпаған баланы да телефонмен алдарқатып болдық.

Бүгінде телефон адам өмірін заңға кетіретін құралға айналған. Көптің пікірше сүйенсек, жастар ұялы телефонға жүктелген түрлі ойынға алданып, тәуелсіздігі 10-13 сағатқа телефонға телімірумен кетіретін көрінеді. Тіпті, қызмет бабысындағы азаматтар да, өзге жандар да күндік уақытының үштен бірін телефон арқылы жоғалтып алып жатқаны жасырын емес.

Шындығына келгенде телефонның пайдасы санамалап айтсақ өте көп. Алайда, зиянды жағы да жеткілік. Мәселен аталмыш құралғы адам энергиясының 50 пайызын өзіне тартады. Бұл ғылыми тұрғыда дәлелденген дүние.


Ұялы телефонға тәуелділік – бадаиы өмірге деген қызығушылықтардан алыстатып, қарт-рластарымен қарым-қатынастан шектеу әрі вертуалды кеиістікке кету. Бұл балаға өте қауіпті. Себебі, олар қоршаған ортамен қарым-қатынасты енді ғана бастап, дүниетанымдық көзқарасы жаңа қалыптасып жатыр. Тіпті, психикасы да орныкпаған. Сондықтан телефон сатып алып бергеи алдында әрбір ата-ана баланың жасына, оның қолдану мақсатына ерекше мән беруеи жөн.

Тан атқанан кеш батқанша телефонды қолдан түсірмейтін адамдар, ұялы байланысты үйде қалдырып кетуден қорқуды «номафобия» атты психологиялық ауру екенін ескеруі керек. Осы секілді телефон тұмдатқан жағымсыз жайттарды атап өтуді жөн санап отырмыз. Мәселен, ойынға тәуелділік, сетеголизм, интернет-серфинг секілді тәуелділік түрлері бар. Сетеголизм – барлық уақытты чаттарда, форумдар мен желілерде өткіну болса, интернет-серфинг – сайттан сайтқа мақсатсыз өтіп, сілтемелер арқылы галамторды шарлау. Міне, бұл жастардың ғана емес, кейбір ересек адамдардың да бойынан табылатын дүние. Сондықтан да қазіргі таңда әрбір жан өзін мақсатты түрде телефоннан алшақ ұстауға деп қоюы керек.

Телефон мен ойындарға жегілген адамдар арасында ақшаны мақсатсыз түрде ысырап етіп, бейберекет тамақтанып, интернет желісінің әлсіздігіне байланысты бос ашуышаңдыққа салынып, оқу үдерісіне, жұмысқа үлгере алмай қалу секілді жайттарға қол тап болады. Мұның бәрі психологиялық құбылуға әкеледі. Сондықтан да әрбір ата-ана, ересек адамдар, ұстаздар осы жағынан шұғыл шешім шығаруға тиіс. Өйткені, адам деп мен жаныпын сау болуы тікелей сана тазалығына байланысты екенін дәлелдеуді қажет етпейді.

Дана ЖАСАНОВА,
педагог-психолог
Жаркент қаласы

✓ ЕЛ КҮЗЕТІНДЕ



Шекарашының сенімді серігі

Мемлекеттік шекараны тәулік бойы қорғап, елдің тыныштығын күзететін шекарашыларға көмек көрсету – абыройлы істің бірі. Өйткені елге қызмет ету және қорғау – әр азаматтың Отан алдындағы борышы әрі міндеті.

Ел шебінің берік болуы үшін әркім өзі тұратын ауыл-аймақта мемлекеттік шекара бұзу белгісін немесе күдікті адам мен техниканы байқаған жағдайда шекара бөлімі мен бөлімшелеріне, жергілікті әкімдік пен құзырлы органдарға хабарлауы тиіс. Сол арқылы шекара бұзу әрекетінің алдын алуға болады.

Осы ретте жергілікті тұрғындардан құрылған «Ерікті жасақ» мүшелерінің көмегі орасан зор екені жөнінде ой қорытқан Панфилов аудандық шекара басқармасының қызметкері, аға лейтенант Дидар Жақыпов:

– Егер ерікті жасақ мүшелері уақытылы жеткізген ақпарат мақты әрі сенімді болса және белгілі бір нәтижеге берсе мәлімет берушіге жоғарғы басшылық тарапынан мараиатқа ие болады. Жалпы, шекара шебіндегі өңірлерде ерікті жасақтардың көмегінен көптеген қылмыскердің жолы кесілді. Бір сөзбен айтқанда «Ерікті жасақ» шекарашыларының сенімді серігіне айналады, – деп тұрғындардың белсенділігіне жоғары баға берді.

Осыған орай, Панфилов аудандық шекара басқармасының басшысы арнайы бұйрықпен басқарманың саптық аланында ерікті жасақтардың атқарған адал қызметі мен мемлекеттік шекараны күзетуге қосқан үлесі үшін бір топ ерікті азаматтамаған және Алғыс хатпен марапаттады. Солардың қатарында Нариман Кибиров, Хамза Есімбетов есімді тұрғындарға «Үздік ерікті жасақшы» атағы мен бағалы сыйлық беріліді.

Ел қорғау ісіне шекарашылармен бірге тұрғындардың атсалысуы – Отан қорғаудың нағыз үлгісі. Ортақ іске бірге жұмылғанда елдің тыныштығына ешқандай қауіптің төнбесі анық.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Панфилов ауданы

26 qaŋtar
2023 jyl
beısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisu

№10 (19149) ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ■ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

✓ ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

Тасқынға тосқын қажет

ҚР Премьер-Министрі Әлихан СМАЙЫЛОВТЫҢ төрағалығымен өткен Үкімет отырысында су тасқыны кезеңіне дайындық шаралары қаралды.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин су тасқыны қаупі жоғары өңірлерді атап өтті. Оның ішінде Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Түркістан және Абай, Жетісу облыстары бар. Қардағы су қорының мөлшерін, топырақтың күзгі ылғалдылығын, оның қату тереңдігін талдап, сондай-ақ, қар астында мұз қабатының болуын ескере отырып, су тасқыны қаупі бар аймақтар төуекел дәрежесіне қарай бөлінеді.

– Бүгінгі таңда су басу қаупі аймағында 255 елді мекен орналасқан. Оларда 127 мыңнан артық үй бар және 700 мыңнан астам азамат тұрады. Өткен жылғы су тасқынының өтуін талдау қорытындысы су басудың негізгі себептері өзен арналарының толып кетуі мен балдырлануы, дренаждық-арық жүйелерінің болмауы, су қорғау белдеулерінде үйлер салу екенін көрсетті, – деді Юрий Ильин.

Су тасқыны кезеңіндегі тағы бір мәселе – жолдарда судың толып кетуі және олардың бұзылуы. Бұл көлік қозғалысының үзілуіне және жекелеген елді мекендердің оқшаулануына әкеледі. Қазіргі кезде республика бойынша су жайылуға бейім 482 автомобиль және 600-ден астам теміржол учаскесі анықталды. Осыған байланысты Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп автомобиль жолдарын жобалау және жөндеу кезінде жаңа құрылыстар салуды немесе қолданыстағы су өткізгіш құрылыстарының өткізу қабілетін арттыруды ойластыруы қажет.

Үкімет басшысы барлық өңір әкімдерінің қарды, әсіресе, ауылдық елді мекендерде уақытылы шығаруды қамтамасыз етуі тиіс екенін атап өтті.

– Арықтарды, дренаждық жүйелерді, нөсер көріздерін, өзен арналарын тазартып, уақытша бөгеттер тұрғызу керек. Өңір әкімдері «Жол картасының» іс-шараларын сапалы іске асыруды қамтамасыз етіп, өткен жылдардан орындалмай қалған проблемалық мәселелерді шешуге міндетті. Бұл ретте Төтенше жағдайлар министрі айтқан барлық ұсыныстар мен шараларды ескеру қажет. Әкімдер су тасқынын өздерінің қатаң бақылауында ұстасын, – деді Премьер-Министр.

Жиын соңында Әлихан Смайылов су тасқынына қарсы барлық іс-шараларды, оның ішінде күштер мен құралдардың дайындығын үйлестіруді және сапалы іске асыруды қамтамасыз етуді, тиісті жедел штабтар құруды, сондай-ақ, шекаралас мемлекеттермен судың шығыны және трансшекаралық өзендердегі қауіптің алдын алу туралы тұрақты түрде өзара мәлімет алмасуды ұйымдастыруды тапсырды.

ДЕНСАУЛЫҚ

Көксуда маман тапшы

Көксу ауданында медицина мамандары тапшы. Бұл туралы аудандық орталық аурухана директоры Жанұр Сырымов хабарлады.



Аудандағы 29 медициналық мекемеде 74 дәрігер, 320 орта буын медицина қызметкері жұмыс істейді. Алайда әлі де 10-ға жуық маман қажет. Өткен жылы өңірге 18 білікті дәрігер келген. Дегенмен, бұдан кадр тапшылығы толықтай шешілмеген.

Көксу бекетінің Жетіжал, Ілияс Тамшыбай, Алғабас, Мұқыры ауылдарына дәрігер мен акушер мамандар жетіспейді. Сонан салдарынан қазіргі уақытта зейнет жасындағы дәрігерлер медициналық көмек көрсетуде.

Аудандық бас дәрігердің айтуынша, маман тапшылығын шешу мақсатында Алматы, Семей қалаларында өтетін медициналық оқу орындарының жәрмеңкелеріне қатысып, «Еңбек» порталы арқылы да дәрігерлер іздестірілуде.

Айгүл АЙМАНБЕКОВА
Көксу ауданы

ЖАЙДАРМАН

Әкесі мен баласы үздік атанды


Алматы қаласында «Бойге» федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастырумен ұлттық ат спорты бәйгелерінің өткен жылды қорытындылау кеші өтті.

Үздіктер ішінде Ескелді ауданы Жалғызағаш ауылынан барған әкелі-балалы Марлан Бектенов пен Хамза Марланұлы да болды.

Осыған дейін «Талдықорған қаласының үздік шабандозы» атағын алған Хамза Марланұлын «Бойге» федерациясы елімізлегі жалпы бәйгелердің жетістігі мен үздік көрсеткіші үшін «Үздік шабандоз» атағымен марапаттады. Ал оны бауырған әкесі Марлан Бектеновке «Үздік бапкер» марапаты табыстады. 6 жастағы шабандоз «Жұмыр түяқ» атымен талай республикалық бәйгеде жүлде айрықша түсін жүр. Аламан бәйгенің алдын бермей үш мәрте «Lada granta» көлігін жеңіп алды. Уақыт өткен сайын нәтижесін үстемелеп келе жатқан Марлан келер жылдан да ерекше үміт күтеді. Соңғы мақсатта өзін де, тұлпарын да бір сәт дайындықсыз қалдырмауға барын салмақ.

Қалн АСҚАР
Ескелді ауданы

● Жайдарман



Қоғамдық көлік жанданды

2

● Үміт пен күдік



Вундеркинд балалар

3

● Медицина



Анемияның алдын алу

4

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

2023 жылғы 19 наурыз
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының сайлауы

Сайлауға қатысуға конституциялық құқықты іске асырудың кепілі Сіздің сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз болып табылады.

Тізімдерді дауыс беруге арналған жақты учаскенің аумағында тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеу негізінде жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) жасайды. Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар тізімдерге олардың орналасқан жері бойынша әкімдіктерге берген өтінішінің негізінде енгізіледі.

Дауыс беру күні өзінің тіркелген жері бойынша сайлау учаскесіне келе алмайтын әрбір азамат дауыс беру күніне 30 күн қалғанда, яғни 2023 жылғы 17 ақпанынан кешіктірмей тиісті әкімдікке өтініш беріп, өзінің нақты орналасқан жері бойынша сайлау учаскесінде тіркелуге құқылы.

Өтініш түскен кезде әкімдік азаматты тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды және оны дауыс беретін учаскенің тізіміне енгізуді ұйымдастырады.

Осы құқықты:
– дауыс беру күні тіркелген жері бойынша бюллетенінің болмауы;
– басқа қалада келген, арнаулы жоғары және орта оқу орындарында оқитын, жатақханалардан тыс тұратын студенттер;
– вахталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтар пайдалана алады.

Азамат, біртұтас жалпыұлттық сайлау округтің, соның ішінде қатар бірмандатты аумақтық сайлау округтерін ескере отырып, сайлаушылардың бір ғана тізіміне енгізіле алады.

Сайлаушылар тізіміне тіркелген жеріңіз бойынша енгізілгеніңізді тиісті әкімдіктің сайты немесе Call-орталығы арқылы тексеруге болады.

2023 жылғы 4 наурыздан бастап Сізге өз учаскеңіздегі сайлаушылар тізіміндегі деректеріңізді тексеру мүмкіндігі беріледі.

Құрметті сайлаушылар!

Сіздерді құқықтық сауаттылық танытып, өзіңіздің сайлауға қатысуға конституциялық құқығыңызды іске асыруға шақырамыз!

Өзіңізді сайлаушылар тізіміне енгізу үшін қажетті заңдық маңызы бар әрекеттерді уақытылы қабылдаңыз!

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

✓ БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

Қазақта: «Қарыз күліп келіп, жылап шығады» деген тәмсіл бар. Бабаларымыз төрт түлікті атақөсіп етіп, жаз жайлауда, қыс қыстауда көшіп жүрді.



БАНКРОТТЫҚ: КҮНГЕЙІ мен КӨЛЕҢКЕСІ

Қажет АНДАС

От кезде тіршілік тауқыметі аз емес еді. Бірақ барлық қиындық тек материалдық жетіспеушілікпен өлшенетін. Дегенмен, қалық бірде аш, бірде тоқ жүрсе де, қарыз арқалап, кім көрінгенге көтүртке болмады. Ал бүгінгі тәуелсіз ел атанып, іргемізді бекітіп, әл-ауқатымыз өсіп, мәдениетімізбен толыққан, әлем елдерімен әр салада бәсекеге түскен уақытта, қалақ бітken кредит арқалап, күнді күлкіден ажырап, түнде ұйқысы қашқан жағдайға тап келді.

Оның түпкілікті себебі – жоспарлы шаруашылықтан мүлде жат нарықтық экономикаға тәжірибе топтамай, арғы жақ-бергі жағын зерделемей ауысқанымыз. Соның кесірінен жаңа-тарманғай анталаған шетелдің экономикалық тәжірибесі аяқау елдің әттеп-төттеріп шығарды.

Қарыз алып той жасап, төнды да кредитке ала салатын «жомарттық» қалыптасты. Тіпті, бүгінгі таңда, тұрғындардың басым бөлігі тамақты да несиеге жаздырып алады. «Алмақтың да салмағы бар» емес пе? Екі нықтан басқан қарызды қайтара алмай есепшоттары бұғатталып, басқабайлы жанға айналғандардың қатары күн санап өсті. Шаруасын шалқытамын деп жаңа бизнес идеясын жүзеге асырмақ болған талай шағын және орта бизнес өкілі мүмкіндігі мол көрші елдердің кәсіпкерлері тарапынан тұрмысының шамшырып, банк алдындағы берешегін өтей алмайтын жағдайға жетті.

(Соңы 2-бетте)

✓ ЕЛ ІШІНЕН

Ескелді ауданының әкімдігінде көктемгі дала жұмыстарының дайындығы бойынша жиын өтті. Басқосуда төрағалық жасаған аудан әкімінің орынбасары Айдын Исабеков жауаптыларды сұрақтың астына алып, шикі тұстарын әлі де пысықтау керегін айтты.



Көктемгі дала жұмыстарына дайындық

Серік ҚАНТАЙ

Жалпы, жиында үш мәселе қаралды. Бірінші, көктемгі дала жұмыстарының дайындығы жөнінде болды. Екінші, «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы арқылы көктемгі дала жұмыстарына берілетін жеңілдетілген несие алу жолдары талқыланып, үшінші мәселеде дәнді мақсақты дақылдардың тұқымын жанартып, сапалы тұқымға өтіміне беру турасында айтылды. Аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы егін және тұқым шаруашылығы бөлімінің басшысы Аманбек Қасымовқа, ауыл шаруашылығы техникасын жеткізуші Ербол Әубәкіров пен Нұрсұлтан Қабдолдиновқа арнайы тапсырма жүктелді. Ал «ҚазАгроҚаржы» АҚ несие маманы Анар Датқаева мен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ несие бойынша бас маманы Азамат Қашағановқа басшылықтан міндеттеме жүктелін, жеңілдетілген несие бойынша түсіндіру жұмыстарын қарқынды жүргізу керектігі соз болды. Бұл аудан басшылығының және шаруалардың көктемгі дала жұмыстарына дайындық барысы талқыланған соңғы жиын емес, әлі алдымызда талай басқосу болып, нақты іс барысы да талқыланады.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

АЛТЫН ДІҢГЕК

Ұлағатты ұстаз

«Ұстазды алтын діңгекке балар едім», – деп ағартушы Ы. Алтынсарин айтқандай, ұстаздық – ең ұлы істің бірі. Мұғалім ісі сыртқа қарапайым болғанымен, ұлағатты ұстаз мәртебесі кез келгеннің маңдайына бұйыра бермейтін бақ.

Мақаланы арқау болып отырған кейіпкеріміз – ардагер ұстаз София Нұржаубайқызы 1975 жылдан бері № 49 орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып қызмет атқарды. Шығыс ойшылы Жүсіп Баласағұн: «Адамның мәнді болмағы, оның ары мен елі үшін еткен еңбегінде» демекші, София Нұржаубайқызы мыңдаған шәкірт пен жас мамаңды тәрбиелеп, бақытын еңбекпен танған ұстаз.

София апайдың шәкірттері бүтінде сан салада қызмет етіп, елімізді гүлденуіне атсалысуда. Атап айтсақ, Бақытбек Әбдіжәмілов ҚР Сыртқы істер министрлігінде жұмыс істейді. Қарлығаш Сәркенова Н. Гумилев атындағы университетінің ғылым кандидаты, Дидар Атантаев полковник, әскери қызметкер, Абырой Өтегенов КЭГЖК сауда-саттық бөлімінің бастығы, Әсем Шонайбаева «Қамқыздандыру» сақтандыру компаниясының жетекшісі.

Ардагер ұстаздың білім саласын жандандыруға қосқан өлшеусіз еңбегі үшін алған мақтау, марапаттарын тізетін болсақ, өз алдына бір төбе. Соның бірі – 2000 жылы «Еңбек сіңірген ардагер» атағының берілуі. Жүзінен шуақ, сөзінен жылылық төгілген тұрған ұлағатты ұстаз София Нұржаубайқызы зоққанеңіз кешін, көретін қызығушы достеп болсын демекпін!

Ардақ ТӨЛЕБАЕВА,
№ 49 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Сарыөзек ауылы
Кербұлақ ауданы

ОЙТОЛҒАМ



Ірігеннің аузынан...

Бүгінгі таңдағы өзекті мәселенің бірі – қоғамдық орында балағаттағаның үшін 69 мың теңге айыппұл төлеу болып тұр. Күн өткен сайын оның өзектілігі арта түсіп келеді десе болады. Бәдік айтқаны үшін жауапқа тарту өте орынды деп ойлаймын.

Рашад ТҰРҒАНБАЙ

Дәл қазіргі уақытта боқауыз сөз айтып, өзгенің ар-ұжданына нұқсан келтіретін адамның қатары көбейіп келеді. Заман дамыған сайын мәдениет төмендеп бара жатқандай көрінеді. Әдетте қазақ халқы балапан сөйлеген адамды ортаға қоспайтын, елді бүлдіреді деп шешеттін. Ондайларға «Ірігеннің аузынан шіріген сөз шығады», – деп қырын қараушы еді. Ал қазір басқаша, төстен алып, бетке шауып жатқан әйелдер, аузына ақ иіп кіріп, көк иіп шығып жатқан еркектерді көргенде жағаңды ұстайсың. Осылар анадан тәрбие, атадан ғибрат алды ма деп қынжыласың. Құрмет, әдуішілік, сыйластық, мейірімділік деген ұлттық сипат жойылып барады. Осыны көргеи жас ұрпақ та көргенін істеп, көпілге кірбің түсіріп, жаман әдеттің жетегінде кетуде. Әлімсақтан «текті атаның ұрпағымыз» деп кеуде қаққанда ешкімге дес бермейміз. Бірақ текті ұрпақ та жоқ, аузымыз жаман сөзге былғаның жүр. Енді осыдан кейін тоқтамға келетін шығар деген үміт басым. Үкімет осындай шешім шығарғаны өте орынды деп санаймын. Мұны біразы қолдаса, біреулері қарсы болып та жатыр. Әйтсе де заңға бағыну керек және әдептен өспбаған дұрыс. Қоғамдық орынмен ғана шектелін қалмай әлеуметтік желідегі жауапкершілікті назарға алса деген ойым бар. Ауыз өзімдікі, сөз еркіндігі деп бір адамды аш қасқырдай талауға дайын. Жеке басына тиісіп, жан жарасын тырнап, құстаналап жаткандарды көргенде жаным ауырады. Біз неге осындай күйге түстік, осыншама қатігез болатындай адамдықтан қалайша алшақтап барамыз?! Сол үшін де, әлеуметтік желідегі боқауыз сөзге тосқауыл керек. Боқтампаздар заң шеңберінде жауапқа тартылып, айыппұлдан шет қалмағаны абзал. Егер заң қатал болса, бағынуға, оның талаптарын орындауға, бір елі ауызға, екі елі қақпақ болатынымыз хақ. Жол ережесін қатайтты, жүргізушілер орган бағынды. Бұл да соның бір мысалы. Әдепті сөйлеу әдеміліктің белгісі, мәдениет пен жан тазалығы.

БІЛІМ

Ойын элементтері тіл үйренудің тиімді тәсілі



Ағылшын тілі – мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін аса маңызды құрал. Сондықтан қазіргі кезде оқушылардың шет тіліне қызығушылығын, білімге құштарлығын, танымдық белсенділігін арттыру әрбір шетел тілі мұғалімінің міндеті.

Бүгінгі таңда ағылшын тілін үйренудің маңызы зор. Ағылшын тілін оқытуда ойын түрлерін қолдану оқушының тілді үйренуге деген ынтасын арттырады. Ойын арқылы балалар ағылшын тілінде жеңіл қарым-қатынас жасай алады және шаршағанын сезбей, әсерлене, қызыға отырып тілді тез үйренеді.

Ойын – төзімділікті, адалдықты пен тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісін қалыптастыруға мүмкіндігі бар педагогикалық тиімді әдістердің бірі. Оқу үрдісіне енгізілген ойын қызықты, жеңіл және жанды болуымен қатар, оқу үрдісін жеңілдететіндіп де ескеру қажет. Оқытушының сабаққа қойған мақсат-міндетіне, шартына байланысты ойын түрін өзгерп отырған жөн. Ойын арқылы кез келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, оқушыларды қоңіл-күйін көтеруге, өздерінің жұмысқа қанағаттануға және білім үрдісін жеңіл меңгеруге көмектесуге болады.

Сабақ барысында пайдаланатын ойындарымның үлгілері: Interviewing an interesting person. Бір оқушы танымал атақты адамның (сәнгаткер, әнші, актер, спортшы, т.б) рөлін ойнайды. Сыныптастары әртүрлі сауал қоя отырып, оның кім екенін табуы тиіс. Сұрақ былай болуы мүмкін: What's your hobby? What kind of meal/ sport/clothes/ do you like? Are you a man or a woman? Are you married or a single? т.б.

Қорыта келгенде, ойын түрлерін пайдалану білім мешгеру құралы әрі балалардың сабаққа деген қызығушылығын көтеруге негіз. Бала ойын арқылы сөздерді айтуды үйренеді, лексикалық және грамматикалық материалды белгенді түрде меңгереді. Сонымен қатар, шығармашылық және ойлау қабілеттері дамиды және сабақтастық қабілетін шығады.

Назым ОСПАНОВА,
Алмалы орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Сарқан ауданы

РУХАНИЯТ

Тың туындының тұсауы кесілді

Панфилов аудандық кітапханасында «Арманына асыққан Әбілхан» атты кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті.

Көрнекті қылқаламшебері, қазақ бейнелеу өнерінің атасы Әбілхан Қастеевтің шығармашылығы мен өмірі бедерленген аталмыш кітаптың тұсаукесер рәсімін белгілі журналист Мырзагали Нұрсейіт өткерді.

Рухани шара барысында Әбілхан Қастеев атындағы көркемсурет галереясының бас маманы Мұрат Шалғынбаев, архитектор Қуаныш Арынов, Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі тарих пәнінің мұғалімі Күнчария Михиева сөз алып Мәмет Иманбайдың қаламынан туған кітаптың мәні мен мазмұнына тоқталды.

Ән әуелеп, саз төгілген рухани шара барысында аудандық кітапхана директоры Дария Сұлтанбекова сөз алып, келген қонақтарға алғыс білдірді. Ол сырлы әлемнің иесі, аса таланттың суретші Әбілхан бабаның өмірін айшықтап, өнерін асқақтаткан кітаптың оқырманы көп болсын деген тілегін жеткізді.

АРДА БИ

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ



Сарыбұлақтықтардың үміті ақталады

Газетіміздің 7 қаңтар күні шыққан №2 санында Кербұлақ ауданы, Сарыбұлақ ауылы жайлы «Ерін кетсе, тіс тонады» атты журналистік зерттеу жарияланған болатын. Онда ауылдың инфрақұрылымын, тұрғындардың әлеуметтік, экологиялық, демографиялық жағдайы, газдандыру, жол және электр энергиясымен қамтамасыз етуге қатысты бірқатар мәселелер көтерілген. Сол бойынша Кербұлақ ауданының әкімі Қанат Есболатов пен Жетісу облысы бойынша ветеринарияны мемлекеттік басқару Орман Ақкөзиевка хат жолдағанбыз. Ең алдымен аудан әкімі мен департамент басшысына газетте жарияланған материалда көрсетілгендерге түсініктікпен қарап, нақты жауап бергендері үшін басылым атынан алғыс айтамыз.

Қажет АНДАС

Аудан әкімдігі тарапынан келген хатта былай делінеді:

1. Сарыбұлақ ауылдық округі, Қазансу ауылының жалпы аумағы 1606 гектар, 48 аулада 264 адам тұрады. Ауылда 785 мүйізді ірі қара, 425 жылқы, 6825 қой мен ешкі бар. Ал Сарыбұлақ округі, Қарағаш ауылының жалпы көлемі 2987 гектар, онда 197 аулада 1077 адам тұрады. 1560 мүйізді ірі қара, 802 жылқы, 14360 қой мен ешкі және 14 мал қыстату орны бар. Бұл ауылдарға жақ мектілігінде Көксу ауылдық округінен жайылым бекітіп берілген.

2. Сарыбұлақ ауылдық округі халық санының аз болуына байланысты өңірлерді дамыту бағдарламасына кірітілмеген, сондықтан газ желісіне қосу қарастырылмаған және экономикалық тұрғыдан да тиімсіз.

3. Сарыбұлақ ауылына 2012 жылы «Достық энерго» ЖШС Оңтүстік Корея мемлекеттігін демеушілігімен күн электрстансысы салып, қолданысқа берген. Сондай-ақ, стансы ішінен ұяшына бұрмаланып, ауылға құбыр тартылып, қозонқазандар орнатылған еді. Күн электрстансысы іске қосылған соң ұяшына су реттегіш құрылғы орнатылып, ауылға ауызқу және электр энергиясы берілді. Алайда, стансы 1 жылға жетпей істен шықты. Оңтүстік Корея елінен мамандар шақыртылып, ақаулар қалпына келтірілді. Бірақ көп өтпей құрылғылар тағы ақау пайда болып, стансы екінші рет істен шықты. Облыс, аудан тарапынан мамандар шақыртылғанымен қалпына келтіру мүмкін болмады.

Іүгінгі таңда күн электрстансысының ішіне орнатылған 200 дана аккумуляторлық батарейкаң жұмыс істеу мерзімінің өтуіне байланысты оны іске қосу мүмкін болмай тұр. Осыған байланысты 2021 жылы облыстық бюджеттен Сарыбұлақ ауылына 10 кВ. электр желісіп жеткізу желісінің құрылыс нысанына жобалау-сметалық құжаттама дайындауға 10287,0 мың теңге қаражат бөлініп, мемлекеттік сатып алу өткізілін, келісімшарт жасалды. Аталған жобаны аяқтауға жылы тамыз айында сараптамадан өткізіп, құрылыс-монтаж жұмысын жүргізу үшін облыстық басқармаға бюджеттік өтінім берілді. Нәтижесінде Сарыбұлақ ауылын электр желісімен қамтамасыз ету үшін ВЛ-кВ. электр желісінің құрылыс жұмысына 251 млн. 481 мың теңге бөлініп, қазіргі кезде мемлекеттік сатып алу жұмысы жүргізілуде. Алдағы уақытта тендерді ұтқан мекеме ауылды электр энергиясы және ауызсумен қамтамасыз ететін болады.

4. Алматы – Талдықорған күрежолы Сарыбұлақ ауылдық округіне қарасты елді мекенді жалғастырып отырған облыстық маңызы бар тасжолды жөндеу жұмысына екі жылдық жоба ретінде 343 млн. 693 мың теңге (14,847 шақырым) бөлінген. Мәселен көрсетілгендей, өткен жылы 2,5 шақырым жол мен ауылға дейінгі көпір жөнделеген. Ал биыл қалған қаражатпен 12,347 шақырым жолға жөндеу жұмысы жүргізілетін болады.

5. Этномәдени тұрғымді дамыту үшін инфрақұрылым дайын болғандықтан жан-жақтылы зерттеу жүргізілуі керек.

Ал облыстық экология департаментінен келген хатта былай делінген:

ҚР Экология кодексінің (ҚР 2001 жылғы 2 қаңтардағы №400-VI ҚРЗ Кодексі) 29-бабының 1-тармағына сәйкес, коршаған ортаны қорғауға және оның сапасын жақсартуға бағытталған технологиялық, техникалық ұйымдастырушылық, әлеуметтік және экономикалық шаралар кешені қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар болып табылады.

Аталған баптың 3 тармағының 1 тармақшасына сәйкес, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жергілікті деңгейде – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, Астананың жергілікті атқарушы органы ұйымдастырады.

Яғни, туындаған мәселе бойынша жергілікті атқарушы орган тарапынан тиісті шаралар қабылданып, зерттеу және зерделеу жұмыстарын жүргізу қажет. Сонымен қатар бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шара жасалуы керек.

Сәйкесінше, жергілікті атқарушы орган тарапынан зерттелін, толықтырылып ақпарат ұсынылған жағдайда департамент тарапынан Жетісу облысының экімі мен ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне бекітілген облыстың экологиялық мәселесін шешу жөніндегі «Жол картасына» қосу мәселесі қарастырылатынын хабарлаймыз.

Тілші түйіні:

Газетке келген жауапқа сүйенсек, электр жарығы мен ауызсу және жол мәселесі шешіледі. Ал газдандыру мәселесі тұрғысынан: «Ауылдастар елді мекеннің демографиялық жағдайын жақсартудың жолдарын қарастыруы керек?» деп түйдік. Мұмкін, кезіндегі қиын жылдары ауылды тастап, тіршілік қамымен қалаға көшкендер ата-бабасының рухы сіңген мекеиге қайта оралатын шығар. Әлде, көшқоиның мүмкіндігін тиімді пайдалануды жолын қарастырып көру керек. Этномәдени туризмді дамыту бұл ауылдастардың белсенді және білікті түрде іске асыратын жұмысы. Мұмкін, ауыл жастары туризм бағытындағы мемлекеттік қайтарымсыз гранттар арқылы осы жұмысты қолға алудың жолын қарастыруы керек шығар. Ал ауылды құм басу туралы сұрақтың нақты жауабын табу үшін ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне жүгінетін боламыз.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:
Болатхан АЙТМҰХАМЕТОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Болат АБАҒАН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — 8-777-388-57-77, Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76.

Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Қажет АНДАС

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдіреміде.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама берушы жауапты.

Компьютерде 16-шы кәрекеш терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдардың көшіріп басу үшін редакциямен жазбаша рұқсаты керек.

Сурет/видеоны сотып алуға рейтинг жоқтан беріп.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: **87773880990**

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет алтасына үш рет– сейсенбі,бейсенбі,сенбі күндері қазақ, орыс,ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі,32-үйде,"Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс – 152

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 20 100, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы аумағымының таралымы – 13 015.

Индекс - 65469.


ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

АЖАРЫ ҚАШҚАН АҚЖАР

Бұл жолы Қаратал ауданының алыстағы Ақжар ауылына сапарладық. Қыстың көзі қырауда жол жүрудің өзі оңай емес. Ал біраз жылдан бері жыры бітпеген, Үштөбеден Көпбірлік ауылына дейін апаратын жолдың жайсыздығын қысты айтпағанда, жаздың өзінде мазаны май ішкендей етегін. Бір тұсы жөнделіп, енді бір жері баяғы көне асфальтпен жатқан кедір-бұдыр күре жолдың қиандығы бір жағында, интернет тартпайтын, телефон шалу мұң болатын аймақтағы меңіреу тыныштық кімді болса да мезі етеді. Бірақ, біз жалыға қоймадық. Өйткені, бұрын-соңды бұл маңға ат ізін салмағандықтан айналадағы мүлгіген табиғат, бұтасын қырау шалған сексеуілдер, тастақты адырлар мен жота-жондар, көлікпен бірге жарысып отыратын, жағалауында қалың қараағаш көю өскен Қаратал өзенінің тамаша көрінісі таңдай қақтырады. Ара-тұра күрежолды кесіп өтіп, секектей қашқан қоян мен жол шетінде тынастап отырған қырғауылдарға кездескенде көзің тұнып кетеді. Алдымыздан «Ақжар ауылы» деген жазуы бар жол белгісі кездескенше осындай көріністерге көңілімізді жүздіріп отырдық.







Қажет АНДАС

Жұпыны жұрттың жыры көп

Ауылға кіреберістегі Мықтыбек батырдың кесенесі көзімізге оттай басылды. Бел үстіне қойылған белгітас: «Біз жаудан қорғадық, сендер ел мен жерді тонаудан қорғаңдар?» деп тұрғандай сезілді маған. Әрине, сол бабаларымыз қорғаған, бізге аманаттаған жердің бүгінгі игілігін көріп, азамат боп атқа мініп жүрген соң тіземіздi бүгіп, перзенттік борышымызды өтеуді парызымыз деп білдік. Айналаны ақ мамық қар жымтап жатқан соң ба, ауыл бізге тым жұпыны көрінді. Жергілікті азаматтар бізді ауыл ортасындағы үш қабатты мектепте күтіп отыр екен.

– Біздің ауылға аң мен балық аулайтындар жиі келуші еді. Соңғы 30 жылда «Jetisý» газетінің тілшісі бірінші рет келіп тұр, – деп ауылдың ақжарқын ақсақалдары әзілмен қарсы алды.

Ақжар – Байшегір ауылдық округіне қарасты үш ауылдың бірі. 1970 жылы қой шаруашылығы кеншары болып құрылғанда 150-ге жуық үй, 30 мың бастан аса қой, 2 мың бастан аса сиыр, 1 мың бастан артық жылқы өсірілті. 150 мың гектар жайылым, 6 мың гектардан астам суармалы жері болған.

– Айналасы жазық дала, сексеуілі қалың құмды алқап малды жұтатпайтын. Балқаш көлі де алыс емес. Қалаға барсақ, қап-қап ет пен сазан апарушы едік. Тоқырау жылдары сол байлықтың тоз-тозы шықты. Енді өзіміз керек-жарағымызды қаладан қашан келеді деп телміріп отыратын болдық, – дейді ауыл ақсақалы Сетбек Жұмағұлов.

Жүдеген тіршілікті айналадағы тоқал тамдардың өзі-ақ айтып тұр.

– Бала күннен осы ауылда туып-өстік. Жорға мініп жүйткітіп, мыңғырған малды құм төбешікке иіріп қойып, әзіліміз жарасып жүрген сол күндерді сағынамыз. Көз алдымызда құрдымға кетіп бара жатқан елді мекеннің жағдайын көріп, жүрегіміз ауырады, – дейді ауыл тұрғыны Өмірсерік Сәрсенбаев.

Мал өсірем десе, жайылым мол. Кеңшар кезінде мал азығын дайындайтын суармалы алқаптарды бүгінде құм басып, құты қашқан. Өз кезінде осы ауыл 30 гектар жерге қант қызылшасын да еккен. Қазір дуласына көкөніс өсіре алмай отыр. Оған себеп – су мәселесі.

– Кеңшар кезінде Қаратал өзенінен су тартатын сорап, алқапқа су жеткізетін канал бар еді. Қазіргі кезде сорап істен шығып, каналдың жолы бітеліп, жаздыгүні тұрғындар су таппай қалады. Кезінде ауламызда түрлі көкөніс өсіретінбіз. Бүгінде борпылдаған бос құм басып барады, – деп қынжылды Ырымқұл Көшкебеков.

Ауыл әкімі бас болып, ауыл тұрғындары құптап, аудан әкіміне: «Қаратал өзенінен су тартатын сорапты жөндеп, каналдарды тазалап берсе?», – деп бірнеше рет өтініш-тілек білдірсе де, ешкім елеп-ескермеген көрінеді. Ал тұрғындар өздері қаражат жинап, бұл мәселені шешіп алуға тырысқанымен қырық шақты үйдің жиған-тергені сорапқа кететін жағармайдан аспайды.

– Егер су тартатын сорап жаңаланып, каналды тазалап берсе, бос жатқан жерге жоңышқа егіп, мал азығын дайындап алар едік, – дейді Мәди Болаубеков.

Жігері тасқындап тұрған жігіттердің қолын жоқтық байлап тұрғанын көрдік. Аудан бюджетіне де көп салмақ түсірмейді. Аудан әкімі Ұлан Досымбеков осыны ескерсе, құба-құп болар еді.

Инвестордың әлегі

Ауыл тұрғындарының айтуынша, осыдан 2-3 жыл бұрын «Темірқазық» ЖШС ауылды көркейтіп, көсегесін көгертеміз, миллиондап қаржы құйып, жастардың бәрін жұмыспен қамтимыз деп ауыл маңындағы жайылымдықтан 300 гектар жер алып, құлшынып жұмыс бастаған екен. «Су тартатын сорапты жаңартып, ауылды абаттандырамыз» деп уәдені үйіп-төгіпті. Ақырында, сол жылы 60-70 гектар жерді аударып, қорыс-қопасын шығарғанымен сепкен тұқымы, өсірген дақылы жоқ. Келесі жылдан бері көрінбей кетіпті. Жайылымдық жердің қандай құжатпен егістік жерге ауысып, құрғақ уәдесі көп инвестордың иелігіне берілгенін түсіне алмай ауылдағылар ан-таң. Оны қойшы, басында техниканың тілін білетін азаматтарды ақылы жұмысқа қабылдапты. Олардың да еңбекақысы төленбеген. Соның бірі – Рафель Валерка:

– «Темірқазық» ЖШС-нің «Т-150» маркалы тракторы әлі менің ауламда тұр. Олар басында бір гектар жерді жыртып беруге 3 мың теңгеден ақы төлейтін болып келіскен. Жұмыс істелді, жер жыртылды. Ал өздерін таба алмай жүрміз. Техникасы менің ауламда тұр. Келіскен еңбекақымды төлесін де, көлігін айдап кете берсін, – дейді ол.

Аталған ЖШС-ге ауылдағы ағайынның барлығы алданған. Өткен жылы үлкендер жиылып, «Темірқазық» ЖШС-ге берілген жерді қайтарып, ауыл тұрғындарына бөліп беруін өтініп, сотқа арызданыпты. Бірақ баяғы жартас, сол жартас күйінде қалған.

«Темірқазық» ЖШС туралы ауылдастар көп дерек білмейтін болып шықты. Біз де іздеп көрген едік. Ақжарға қатысты ешқандай ақпарат таппадық. Енді осы инвестициялық жобаның мән-жайын аудан әкімдігі түсіндіріп берер деген ойдамыз.

Мектебі бар, оқушысы жоқ

Ақжар ауылындағы 2 қабатты еңселі мектепте кезінде 200-ден аса бала білім алған. «Мектептің жанындағы интернаттың да тіршілігі қыз-қыз қайнап жататын», – дейді ауыл ақсақалдары. Кейінгі жылдары мектеп ағымдағы жөндеуден өтіп, табанынан шатырына дейін жаңаланыпты. Ол жағынан кінәрат таппадық. Берісі Талдықорған, арысы Алматы мен Астанада табысқа жеткен, жоғары лауазымды қызметте жүрген талай азаматты түлеткен оқу орны қаңырап тұр. Мектепте бүгінде бар-жоғы 25 бала оқиды.

– Ауылдағы жоғары сыныпта оқитын балалар 30 шақырым жердегі Байшегір ауылдық округінің орталығы Алмалы ауылындағы орта мектепке барса, біразы Үштөбе мен Талдықорған қаласынан пәтер жалдап немесе туыстарының үйін жағалап, білім алуда. Соңғы кезде мектеп оқушылары арасында орын алған келеңсіздіктерді әлеуметтік желіден көрген сайын балалардың жайын ойлап, ұйқымыз қашатын болды, – дейді мектеп мұғалімі Дінагүл Какимова.

Бүгінде «Мектебі бар, оқушысы жоқ» жағдай шалғай ауылдардың бәрінің бас ауруына айналды. Бала саны осылай кеми берсе, мұндағы мектеп те бір күні мүлдем жабылады. Сондықтан ауылдың демографиялық жағдайын дұрыстау керек. Ол үшін ішкі және сыртқы көші-қонның мүмкіндігін пайдаланған жөн.

– Мал бағамын, жер өңдеймін деген кәсіпкерлер болса, есігіміз қашанда ашық. Жағдайына қарайласуға дайынбыз, – дейді ауыл әкімінің міндетін атқарушы Әлішер Тілеуғасым.

Интернет бармаған, грант алмаған

Негізінен интернетке қатысты өкпені ауыл әйелдерінің аузынан естідік. «Алыстағы ағайыннан хабар алу үшін телефонды құшақтап, ауыл маңындағы төбе-төбені кезіп кетеміз» дейді өкпелі жұрт. Әйтеуір, ауылда ауызсу мен электр жарығы бар. Күндіз-түні көгілдір экраннан жаңалық тыңдап, елдегі өзгерістер мен әлеуметке жасалатын жақсылықтарға құлақ құрышын қандырады. Ауыл және мал шаруашылығы, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттен бөлінетін қайтарымсыз гранттар туралы естігендері болмаса, соңғы 30 жылда ауылдың бір тұрғыны оны алып көрмепті. Тіпті: «Гранттарға қалай қатысуға болады?» – деп бізден сұрады. Білгенімізді айттық.

Расында, облыс орталығындағы мекемелердің, «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының ғимаратында түрлі тренинг, семинарлар өтіп, кәсіпкерлікпен айналысамын дегендерді оқытып жатады. «Біз ауылды көркейтеміз» десек, «қалалықтарға аса қызықты емес, сол шаралар шалғай ауылдарда неге өтпейді?» деген ойға қалдық. Бұл қазақстандық ауылдардың бәріне ортақ мәселе. Мұны да сұрап көреміз.

Тілші түйіні:

Байшегір ауылдық округінің тізгінін қазіргі кезде ұстап отырған Әлішер Тілеуғасым еті тірі, сөзі нысық, іске икемді жігіт көрінді. Ол Ақжар ауылын өркендетуге кедергі болып отырған 12 түрлі мәселені тізіп шықты. Сол қатарда су, жер, жол, жарық, оқушыларды мектепке тасымалдау, ауылды құм басу, тағы сондай күрделі жағдайлар өз шешімін күтеді. Айта кетерлігі, өткен жылдан бері Президенттің Жарлығымен ауыл әкімдерін сайлау тәртібі атқарылып келеді. Осы айдың 12-і жұлдызында Байшегір ауылдық округінің әкімін сайлау өтпек. Сол сайлауға қатысатын үміткердің бірі – Әлішер Тілеуғасым. «Ертеңін ойлаған жұрт осындай білікті жастарды таңдайды» деген ойдамыз.

Ақжар ауылы
Қаратал ауданы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕМИНАР

Бидай өсірудің әлемдік әдісі

І. Жансүгіров атындағы ЖУ ғимаратында молекулалық генетика және геномика зертханасының ұйымдастыруымен Орта Азиялық бидай генетикасы мен геномикасы бойынша 4 күндік халықаралық семинардың қорытынды жиыны өтті.

Онда Ұлыбритания, Түркия, Пәкістан, Өзбекстан, Қырғызстанның және еліміздің жетекші оқу орнындағы дәнді-дақылдарды зерттеумен айналысатын жас ғалымдар сан түрлі тақырыптағы зерттеу жұмыстарын таныстырды.

Ұлыбританияның Джон Иннес орталығының қолдауымен өткен семинарда бидайды ғылыми тұрғыдан селекциялауда генетикалық және геномдық әдістерді қалай тиімді қолданудың бағыттары сөз болды. Осыған орай генетикалық картаны құру, QTL карталау, GWAS, RNA сeq, биоинформатикалық және геномдық ресурстарды таныстыру сияқты бірқатар маңызды тақырып талқыланды.

– Модельдік генетика және геномика зертханасының платформасы Түркия және Пәкістан елдерінде бар. Сол жаңалықты, міне, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің базасына әкелдік. Биылғы оқу жылында университетте молекулалық генетика және геномика зертханасы ашылып, заманауи құрал-жабдықтармен толық жабдықталды. Бүгінде ол жерде бидайдың генетикасы зерттеліп жатыр, – дейді молекулалық генетика және геномика зертханасының меңгерушісі Қанат Ермекбаев.

Шара аясында профессорлар Кристобал Уаур, Др Люгзи Уингеи, PhD кандидат Анна Бахус, PhD Қанат Ермекбаев түрлі тақырыпта баяндама жасап, бидай генетикасы мен геномикасын зерттеу, қазақ бидайының бейімділігі мен өнімділігі жайлы сөз қозғады.

Қ. ОМАРАҚЫН

ӘЛЕУМЕТ

Жақсылық жасауға ұмтыл

Есту қабілеті нашар балаларға ағылшын тілін үйретуде айтарлықтай жетістікке жетуге болады. Бұл Талдықорған қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің жас еріктілерінің тәжірибесінен аңғарылды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Бес жыл бойы Талдықорған NIS нашар еститін және саңырау балаларға арналған облыстық интернатпен ынтымақтаса жұмыс жүргізуде. Оқушылар апта сайын өздерінің шәкірттеріне келіп, оларға ағылшын тілін үйретеді.

– *2018 жылы интернат пен біздің мектеп арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Осының шеңберінде қоғамға қызмет ету бойынша «Жүрек қызуымен» әлеуметтік жоба жұмыс істейді. Аптасына бір рет біздің еріктілер әртүрлі жастағы төрт топқа сабақ береді,* – деді педагог-куратор-ұйымдастырушы Әйгерім Ерсинбаева.

«Жақсылық жасауға ұмтыл» – бұл NIS-тағы әр оқушының ұраны. Қоғамға қызмет ету бойынша 10-нан аса жоба оң нәтижесін көрсетуде. Мейірімділік, сенім, патриотизм, ар-намыс және қадір-қасиет сияқты адамгершілік құндылықтары жоба өзектілігі мен құндылығы болып табылады. Мектеп жылдарында қоғамға қызмет етуде алғаш тәжірибе алған түлектер енді университет қабырғасында да еріктілікпен айналысуды жалғастыруда.

11-сынып оқушысы Томирис Қасымова әлеуметтік жобалардың маңызы зор екенін, өйткені, волонтерлік бағыт оқушылардың адамгершілік дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етіп, оған мұқтаж жандарға көмек көрсетуге немесе жұртшылық назарын әлеуметтік өзекті мәселелерге аударуға мүмкіндік беретінін айтты.

СПОРТ

Үстел теннисі дамып келеді

Әлемде кең тараған спорт түрінің бірі – үстел теннисі. Жылдамдықты, шапшаңдықты және епттілікті талап ететін спорт елімізде де қарқынды дамып келеді. Қазір әр мекемеде, аулалағы алаңқайларда үстел теннисі бар. Бүгінде қызығушылар саны есепсіз болса, кәсіби түрде айналысып, биікті бағындырғысы келетіндер де көп.

Ойынды бастапқыда үйде, кішігірім алаңқайларда уақыт өткізу мақсатында ойлап тапқан болса, кейін қызығушылар қатары көбейіп, кәсіби спорт түріне айналған. Олимпиада ойындарының бағдарламасына 1988 жылы енген үстел теннисі көптеген жаңа есімді әлемге танытып, ойынның дәрежесін өсіріп тастады. Үстел теннисі негізінен энергияны көп қажет етеді. Мәселен, бір кезеңнің өзінде ойыншы 7 шақырым жаяу жүргендей күш жұмсайды. Тіпті, әуесқой ойыншының өзі минутына жүзге жуық соққы жасайды. Бұл көру қабілеттілігін жақсартып қана қоймай, епттілікті еселеп, шыдамдылық пен шеберлікті шыңдай түседі. Ойынның денсаулыққа пайдасы туралы жиі айтылады. Мысалы, бұын ауруларының алдын алады, қан қысымды қалыпты ұстайды. Тұрақты түрде айналысқан адамда денсаулықтың жақсаруы байқалып, оң өзгеріске бет бұрады.

Бүгінде елімізде үстел теннисін серік еткендер көп. Аудандық, облыстық жарыстардың өзі тартысты өтіп, ойыншылар уақытқа қарамай ойнап жатады. Бәсекелестік бар жерде сапаның артатындығы белгілі. Сондықтан да болар, әр мектепте, мекемеде арнайы үстел теннисін үйрететін үйірмелер бар. Оған жазылып, кәсіби айналысқысы келетіндер жеткілік. Әр баланың арманына жол ашып, бағыт көрсету – кез келген ұстаздың мақсаты. Үстел теннисін үйреніп жүрген оқушылардың арасынан келешекте еліміздің абыройын әлемдік аренада көтеріп тастайтын кәсіби спортшы шығуын тілеймін. Бүгінде дайындық жоспар бойынша, уақытылы жүріп жатыр. Қауіпсіз және қолжетімді спорт түрі болғандықтан әр жанның үстел теннисін жиі болмаса да аптасына бір рет ойнап тұруын қалар едім.

Әсел АҚАТОВА,
№15 орта мектептің ұстазы
Талдықорған қаласы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

✓ Мемлекеттік бағдарлама: КҮНГЕЙІ мен КӨЛЕҢКЕСІ

ҚАЙДАСЫҢ, қайтарымсыз грант?

Несін жасырайық, бүгінгі таңда шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, ауыл және мал шаруашылығы, жастардың жаңа жобаларын қолдау, тағы да басқа сан түрлі бағдарлама бар. Соның ішінде жаңа кәсіп бастаймын деген белсенді тұрғындарға көмек болатын қайтарымсыз гранттардың да қатары көп. Алайда жерлестеріміз сол көмектен толық игілік көріп жүр ме?



Қажет АНДАС

КҮНГЕЙІ

Қазіргі таңда қай елдің кәсіпкерлігі, соның ішінде шағын және орта бизнес саласы өркендесе, сол ел қуаттылықтың өлшеміне айналуда. Өйткені қазіргі әлем жаһандануын жалпы қағидасына бағынып отыр. Еліміз де геосаяси әлемде өмір сүретіндіктен бұл заңдылықтан тысқары қала алмайды. Сондықтан мемлекет ұлттық экономиканың өзгелерге тәуелділігінен қорғау үшін бар мүмкіндікті пайдаланып, шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландырып, тыңғылықты жұмыстарды атқарып келеді.

Несін жасырайық, нарықтық экономика экономикалық тұрғыда тезірек аяғымыздан тұрып кетуге, кәсіпкерліктің әдіс-тәсілін меңгеруге мүмкіндік берді. Сол қатарда мемлекет тарапынан жасалған қолдаудың нәтижесінде, отандық кәсіпкерліктің бәсекелестік қабілеті артты. Кейінгі 10 жылдың көлемінде еліміздегі шағын және орта бизнес өкілдері көтерген отандық және ұлттық тауар маркасын ойлап тапты.

Кәсіпкерліктен кемелді жол табу азаматтардың сауаттылығы мен іскерлігі, еңбексүйгіштігімен тікелей қатысты. Халқымызда: «Жас келсе іске» деген нақыл бар. Бүгінгі жастар қолданылмалы техниканы толық біледі, инновациялық бағытта жұмыс істей алады, қолға алған әр бастамасынан үлкен нәтиже шығаруға күш-қуаты жетерлік. Оның түрлі жарқын көрінісіне куә болдық. Мемлекеттік гранттардың көмегімен жұмысын жүргізіп, шаруасын шалқытып отырған кәсіпкерлердің өнегелі жетістігі туралы газетімізде көптеген материал жазылды. Әлі де жазылып келеді. Бұл өткен жылдардың жетістігі. Бүгінде мұндай қолдаудың жаңа түрлері жұртшылықтың ықыласын аударуда.

Өткен жылдың 1 қыркүйегінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезекті Жолдауында жүктелген бастамалары «Жастардың кәсіпкерлік үшін 2,5 пайыз жеңілдетілген микрокредит беру» тапсырмасын орындау мақсатында ағымдағы жылы Жетісу облысы бойынша 1 млрд. 245 млн. теңге көлемінде 249 микрокредит беру жоспарланған. Ол алдағы наурыз айында үлестіріле бастайды. Оны беру тәртібі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің өткен жылғы 7 ақпандағы №47 бұйрығымен «Кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларында» (бұдан әрі – Қағида) көрсетілген.


Қағидаға сәйкес, жас үміткерлерге мерзімді, ақылы, қайтарымды, қамтамасыз етілу, нысаналы пайдалану қағидаттарын сақтай отырып, түрлі сапаға 5 жылға, ал ауыл шаруашылығындағы жобалар үшін 7 жылға дейін шағын несие беріледі. Оның ең жоғарғы сомасы 5 миллион теңге. Орташа мөлшерлемесі 2,5 пайыздан аспайтын несие беру атқарыла бастады. Өрине, бұл талай адамның бағын ашып, кәсіппен айналысуына ықпал етеді.

КӨЛЕҢКЕСІ

Халқымызда: «Алмақтың да салмағы бар» дейтін нақыл бар. Өрине, қайтарымсыз грант берудің пайдалы тұсымен қатар, байыптап ойлайтын қиындықтары да көп. Гранттар үміткерлер талабын үкілеп комиссияның алдына жеткенде әрқандай инновациялық жоба жергілікті жерде қолдау таба ма? Жоқ па? Өндірген өнімінің базардағы сұранысы бар ма? Өзге бәсекелестерінің алдында табан тіреп тұра ала ма? Осындай сан сауал алдынан көлденеңдей келеді. Жоба қорғаушылардың дені: «Тек ақша қолға тисе, керекті құрал-жабдығын сатып алып, тау қопарып, жер кешіремін» деген үміттің алдауымен бәсекеге бас сұғады. Әйтсе де, бұл кезең сездің емес, істің, іскерліктің дәуірі. Ыстық-суығын көріп, отымен кіріп, күлімен шығып, бір сүрініп, бір тұратын жұмыс барысынан өтпеген кәсіптің болашағы да баянды болмайтыны белгілі. Тіпті, байқауға жобасын ұсынған кейбір үміткер тіл-дің-жақты асаба жігіттерді де жалдап әкеледі. Тойдың тоқпан аударып жүрген жігіттер кәсіпкерліктің қиындығы мен қыспағын қайдан білсін? Өкінішке қарай, біз қазір ине де өндіре алмаймыз. Демек, біздің жастар әлі де құр қиялмен өзен сапырып жүр. Соның салдарынан мемлекеттің қаншама қаржысы селге кетіп жатыр. Сондықтан, ең алдымен кәсіпкерлікпен айналысам деген азамат кәсіби сауатты болуы керек. Өкінішке қарай, біздің елде бизнестің құпиясын, кәсіпкерліктің қыр-сырын оқытатын бірді-екілі колледж болмаса, арнайы жоғары оқу орны жоқ. Бар деген күннің өзінде олардың аудиториясы тым жұтаң.

Біз әдетте: «Мал терісінің құны жоқ, қойдың жүнін қайда апарарымызды білмейміз» деген сөзді жиі естиміз. Расында, Кеңес одағы кезінде Қазақстан қойдың жүні, терісімен-ақ шартарапты таңғалдырған. Сол күндер неге көзден бұлбұл ұшты? Оның бірнеше себебі бар. Бірінщіден, қазір шетелдердегі киім-кешек өндірісімен айналысатын кәсіпорындар өзіндік құны жоғары қой жүні мен малдың терісінен гөрі, бағасы арзан синтетикалық материалдардан өнім өндіруді қалайды. Адамдар таза тері, майда жүннен өндірілген киім-кешектерді бағасына қарамай-ақ сатып алар еді, базардан таба алмайды. Демек, жүн мен теріні өңдеп, сапалы тауар өндірсек, сұраныс болады. Бірақ оны өңдеп, шикізат шығарып, саудаға салу мақсатында мемлекеттен берілетін қайтарымсыз гранттарға ұмтылғанмен, олардың өндіріс орнын ашуға рұқсаты болмағандықтан жобалары өтпей жатады. Тіпті, біздің елде «тері мен қой жүнін өңдеуге болады» дейтін сертификат беретін оқу орны да жоқ. Оңдай сертификаты жоқ адам, сол тірліктен айналыса да алмайды.

Мемлекеттен берілетін қайтарымсыз гранттардың кейбірі телефон арқылы шешіліп жатады. Сондай гранттқа қатысатынның көбі мықты-мықты орындықта отырғандардың жақыны болып шығатынын да жасырмаймыз. Соның салдарынан ауылдағы ағайын гранттан қағылып қалады. Ауыл аралап, жер шалып жүргенде кейбір ауылдастардың мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз гранттарды жаңалықтардан естімесе, бірде-бір тұрғыны грант алып немесе грантқа қатысып көрмегенін көп естідім. Демек, оның қызығын қала маңындағылар көріп келеді. Ең қызығы, жетім-жесір, көпбалалы ана, тұрмысы нашар отбасыларға бағытталған гранттарға астында жүйткіген көлігі, басында үйі, күніне табыс әкелетін жұмысы бар азаматтардың таласып жататыны да шындық. Нысап қайда кетті?



Басында айтқан, ауыл мен мал шаруашылығын қолдауға бағытталған 2,5 пайыздық несие алсам деп шаруасын қайырып қойып, қабат-қабат құжатын көтеріп, сабылып жүргендердің қатары көбейіп келеді. Бұл бағыттың күнгейі мен көлеңкесі жайлы әлі де оқырманмен ой бөлісеміз.

✓ ӨНЕГЕ

Ауылдың бет-бейнесін ашып, береке мен бірлігін ұйытып отыратын – көпті көрген, білгенімен түйгені мол ақсақалдар. Іс барысында негізгі салмақты сол айтып, шешімін шығарып, жауабын беретіндер де солар. Ынтымағы берік ауылдың әр істе нәтижесі де жақсы болмақ. Бүгінгі әңгімемізге арқау болған Ескелді ауданына қарасты шағын ғана Өркүсақ ауылының ақсақалдары.

ӨРКҮСАҚТАҒЫ ӨРКЕНДІ ІС

Серік ҚАНТАЙ

Өркүсақ ауылында барлық жағдай жасалған. Газ бен су бар, көше шамы жарқырап түр, жол да тақтайдай. Осы бір істер аядай ауылдың ұйымшылдығын көрсетпей ме?! Бірде Ескелді ауданының әкімі Елдос Ахметовпен сұхбаттастық. Сөз арасында Өркүсақ ауылындағы ақсақалдар алқасына риза екенін айтты. Газ тарту ісі жүріп жатқанда тұрғындар ұйымшылдықпен көмектесіп, тамағын, суын беріп, әр үй кезек-кезек жұмысшыларды қонаққа шақырып, жағдайын жасап отырған. Нәтижесінде ауылға газ мәрзімінен бұрын берілген. Ауылдағы мешіт пен мүмкіндігі шектеулі жан бар бір отбасының үйіне тегін газ қосып берген. Осы істің барінде ауыл ақсақалдары жүрді, солардың айтуымен іс бітті. Ал газды салтанатты түрде іске қосуға келген облыс басшысы Бейбіт Исабаевтың «қаймағы бұзылмаған ауылдың бейнесін көріп тұрмын», – деуі де тегін емес. Аман Дәуіталинов, Бектас Малшыбаев, Әли Байқадамов, Амангелді Өрхалықов, Бекежан Мұраталинов сынды ақсақалдар бастаған ауылдың әр ісі нәтижелі. Газ қосу бойынша ауылдағы әр үйді аралап, жағдайын сұрап шығуы да бірліктің көрінісі.

– Әр іске кіріспес бұрын ауыл ақсақалдары жиын өткіземіз, сол жерде қабылданған шешімді тұрғындарға айтамыз. Жұмыс жоспар бойынша жүреді. Бізден кейінгілер, жастар іліп алып кетеді, – дейді 4 баласынан 10 немере көріп отырған ауыл ақсақалы Аман Дәуіталинов. Аман ақсақал Өркүсақ ауылында дүниеге келген, осы жерде өскен азамат. Тұрғындар да сыйлап тұрады, құрмет көрсетеді. Ісіне қарай нәтижесі. Былтыр облыс басшысының қолынан ауыл шаруашылығына қосқан үлесі үшін Құрметті мараппатты да алды. Бұл Аман ақсақалдың нәтижелі еңбегінің жемісін көрген бір сәті. Талай жерде құрметке бөленіп жүр. Өзі де кішкене абыройға кенелсе «ауыл тұрғындарының тілегі, солардың бірлігінің арқасы» дейді.

Бүгінде шағын ғана Өркүсақ ауылында 80 үйдей бар, соның жартысынан көбі газға қосылған. Облыс, аудан басшылығы көтерген мәселеге, жұмысқа қашанда үн қосып, керек жерінде іске де кіріседі. Осының бәрі ауыл ақсақалдарының ұйытқы болуымен жүзеге асатын іс. Ауылдағы әр іс ақақалдар назарында. Өзінен кейінгілер «көрсін, білсін, үйренсін» деген ниетте жандарына ертіп жүреді, кейін ақсақал жасына жеткенде ауылдың тұтқасын ұстап қалуға жағдай жасайды. Шағын ғана ауылдағы шұрайлы істі шеңбердей дөңгелентіп отырған ақсақалдар кеңесіне тұрғындар да риза, сырттан келгендер де тамсанып кетеді.

ҰЙЫМДАСҚАН ҰТАДЫ

Жаркент өңіріндегі Алтыүй ауылының іргетасы өткен ғасырдың басында, дәлірек айтсақ, 1908 жылы жері жайдақ, іргеде ағып жатқан Шежін өзенінен арық тартып, егін өсіруге бел буған 6 отбасы қоныстанғаннан қаланған. Қазір бұл ауыл «Бірлік» ауылдық округінің орталығы. Округке қарасты Шежін, Надек, Алтыүй ауылдарында жалпы 8 мыңға жуық адам тұрады.

Алтыүйліктер өзіне қарасты елді мекендермен қатар, бүкіл өңір жұртшылығына жаңа бастамасымен үлгі болуда. Өткен жылы олар ауылының барлық көшесін өз күшімен жарықтандырыпты. Қатардағы қарапайым тұрғындар қал-қадірінше ақшасын жинаса, кәсіпкер, қалталы азаматтар ауылдастарының жетпей жатқанын қомақты қаржысымен демеп, 20 көшені жарықтандырыпты. Осындай игілікті іске ауыл әкімі Дидар Мұқаметжан бастап, ауыл ақсақалдары мен азаматтары оған қолдаушы болған.

Жыл сайын елді мекеннің көшесін жарықтандыруға бюджеттен қаржы бөлінеді. Десек те, мемлекет қаржысына қарап отырмай, ұйымшылдықпен мәселені өз күшімен шешкен алтыүйліктердің бастамасын басқалардың да қолдағаны өздеріне тиімді. Көше жарығына Алтыүй ауылының әр тұрғыны жылына орташа есеппен 4 мың теңге төлейді екен. Бұл ақшаны 12 айға бөлсеңіз қалтаға айтарлықтай салмақ түспейтінін бағамдайсыз. Ұйымдасқан ұтады деген осы.

Мырзагали НҰРСЕЙІТ
Панфилов ауданы

19 НАУРЫЗ МАРТА 2023

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН

САЙЛАУ

✓ САЙЛАУ – 2023



Кез келген жан өзі туып-өскен жерінің көркейіп, өркендеуін қалайды, сол арқылы игілікті іс тындырып, ел дамуына үлес қосуды мақсат тұтады. Осы орайда «AMANAT» партиясы сенім білдіріп, Жетісу облысының орталығындағы №10 сайлау округі Талдықорған қалалық мәслихаты депутаттығына кандидат есебінде қосып отыр.

Мемлекет іргесін нығайтамыз

Учаскеге тиесілі аймақтың артықкем түсын көріп-білдім, сол жерлегі тұрғындармен де сөйлестім. Күш-қайрат, ақыл-парасатым жеткенше жұмыс істеп, қаланың гүлденуіне қол ұшымды тигізсем дейімін. Осы іс бойынша из жоспар-жобаммен таныстырып келдім.

Бірінші кезекте өзекті мәселелерге тоқталсақ. Мұқтажмандардағы көшелерге жарық шамдарын орнату керек. Кешкісін қараңғы. Жастар демалатын, зейнеткерлер сейлгге шығатын кешкұрым шақта көше, жол бойы қараңғылықтан көрінбейді. Тұрғындардың да бірінші шағым айтып, ескерткені осы болды. Сондықтан да шамдарды іске қосып, жарықтандыру ісін қолға алып, қала әкімдігімен ақылдаса отырып шешу керек.

Екіншіден, ауланы абаттандыру жұмыстарына кірісу қажет. Қалаюшы сәнін кіргізіп, көрік беретін де осы жұмыс. Гүл егізіп, ағаш отырғызылмаған түстар да бар. Абаттандыру ісін тұрақты, жүйелі жүргіземіз.

Үшіншіден, балаларға арналған алаңдар салу – бізідің мақсат. Кез келген бала иіз тұратын жерде еркін ойнап-күлін өсіп, шымыр болып шығуы үшін барлық жағдай жасалмақ. Бүгінде спортқа деген көңіл ерек, қолдау күшті. Сондықтан да келешек ұрпақтарымыздың дені сау, ойы тұнық болып қоғамға араласуына мүмкіндігін ету тиісті.

Бұл бізідің жоспарлағы іс. Бір адамның емес, көп күштің қолдауымен шешілетін жұмыс болғандықтан, ұсыныс есебінде отырған жерімде айтамын. Ал енді мақсатымдағы тұрғындар үшін балалардың ауза спортымен айналысуына жағдай жасап, түрлі спорттық жабдықтармен қамтамасыз етуге үлес беремін. Істеген жұмыстарым сапалы орындалуын қадағалап, тұрғындармен тығыз байланыс орнатамын. Сайлауға кандидат болып тұсқен мақсаммыздағдағы бір мәселе – жылыту маусымында болатын ауа-кем қателіктер мен келіспеушіліктер. Осы тұрғыда жылыту маусымын толық бақылауда ұстап, дайындықтың әр сәтін бақылап отыру – негізгі міндетім болмақ.

Менідегі ұстаным – Жастарға тың мүмкіндік беремін! Бүгінгі жастар қабілетті, көп тіл меңгерін, сауатты ой құра алады. Тек оларға қолдау көрсетіп, тілекші болып, сенім арту керек. Сондықтан да осы бағытты ту еттім. Келешектің кемел болуы үшін жастардың қосар үлесі зор.

Таңсырыс беруші: Рустем ҚАЛИЕВ Талдықорған қалалық мәслихатының депутаттығына кандидаттың республикалық бюджет қаражатынан төленді.



Данияр Бағдатұлы ЖЕКСЕНОВ, инженер-газшы

Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ республика тізгінін қолға алған күннен бастап, ең алдымен халықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік саясатын дамуына баса назар аударып отыр.

Сонымен қатар, білім алу мүмкіндігінің алшақтығын жоюдағуға, азаулы әлеуметтік көмек көлемін көлейтуге, сондай-ақ, денсаулық сақтау саласы мен зейнетақы жүйесін жетілдіруге басымдық беріледі. Басқаша айтқанда, бүгінгі күні жүзеге асырылып отырған әлеуметтік саясаттың барар жері шектелмеген, оның бойындағы әлеуметтік әділдікті ұстанымы мен жеңістегін экономикалық бастамаларды қолдау міндеті қатарласа еріліп келеді.

Осы бағыттағы мәселелерді ұдайы көтеріп жүрген Мемлекет басшысы әлеуметтік көмекті тағайындау кезіндегі қарқынсыз бірізділікті шығаруға және пайдалануға арналған реформа әлеуметтік саясаттың тиімді бір машығы болғелі отыр.

Соңғы жылдары айтылған пікірлердің салқынды қарағанда мемлекет қаржысын халықтың алдындағы әлеуметтік міндеттемелерін өте шақты әрі зор мөлшерде орындап келеді. Зейнетақы жүйесінде және басқа да әлеуметтік төлемдер кешіктірілмей, дер кезінде берілін отыр. Мұның отбасылар дәрігері қолдаушына көл жеткізуде. Мүмкіндігі шектеулі жандарды бағып отырған отбасыларға және отбасыларды шалғаға ерекше көңіл бөлінуде.

Дүниеге келгенде берілетін бірреттік жәрдемақы мен бала бақуға берілетін төлемдер, вакцинаға алғаларға, вакцинаны отбасыларға және мүгедектігі бар балаларды әсіресе отбасыларға берілетін жәрдемақы көлемі еселеп тарғылуда.

Деегенмен, бұл бағытта атқарылар жұмысты жалғастыру керек.

✓ ТАЛҒЕСІК

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ ӨЗЕГІ

Ақырын жүріп анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға, **– деп Абай атамыз айтқандай, ұстаздық бұл өмірдегі ең жақсы, ең адал, ең жауапты, қызығы мен қиындығы қатар жүретін мамандық. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деп бекер айтпаса керек. Жақсы ұстаздан білім нәрімен сусындап, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір жолында кездесетін қиындықтардан сүрінбей, кедергілерді кесіп өтіп, болашақ жолында бағытынан таймасы анық.**

Өз басым Алланың берген қуатына мың мәрте шүкір айтамын, отбасымның береке-бірлігімен қатар, ұстаздықты жаныма серік етіп, 40 жылға жуық ұрпақ тәрбиесімен айналыстым. Ұстаз сөбегін шәкірттерінің уақыт өте келе бағалайтынына көзім анық жетті.

2015 жылдан бері Кербұлақ аудандық аналар кеңесінің төрағымы, Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы облыстық аналар кеңесі төрағымының орынбасары міндетін абыроймен атқарып келемін және бұл жетінші рет «Ең үздік аналар кеңесі» марапатын қанжығама байладым. Бұл текген-тек келген жоқ, төккен тер мен еткен еңбектің тәттті жемісі деп білемін.

2016 жылдан бері әкелермен жұмысты қолға алып «Сіз қандай әкесіз?» тақырыбында, 2019 жылдан «Рухтың күші – әкеде» жобасымен жұмыс істеудеміз. Балтырғы жылы осы жобаны ары қарай жандандыру мақсатында әкенің отбасындағы міңез-құлқы, өтегілерген қарым-қатынасы, өнері мен білімі – баланың көп алдындағы үлгі-өнеге алатын нысанасы екенін түсіндіруді жанша үрдісте өткізуді қолға алдым. Осы орайда драматург-жазушы Лидия Егембердиеваның «Менің әкем» спектаклін сахнаға шығаруды мақсат етіп қойдым. Оған қалай қол жеткізуге болады? Бұл ретте тандау Сарыөзек орта мектебінің директоры Салтанат Жалқынқызына түсті. Мектепке барып, мақсатымды айтып, ойымды ортаға салдым. Салтанат та қолдай кетті. Спектакль дайындау оңай емес. Бұл ретте бізге қоюшы режиссер ҚР Мәдениет қайраткері, продюсер Бериқжан Төкенов көмекке келді. 15 мамыр Отбасы күніне орай аудандағы Әбікен Сарыбаев атындағы Мәдениет үйінің сахнасына ата-аналар мен Сарыөзектегі барлық мектеп оқушылары мен ұстаздарына көрсеттілді. 19 мамырда Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында облыс көлемінде қойып, соңында облыс бойынша әр ауданнан үлгілі 26 әкеге «Асыл әке» медалі тапсырылды. Спектаклдің өзектілігі ескерілін, бізге облыстық ішкі саясаттан сұраныс түсіп, 24 мамыр күні түске дейін және түстен кейін екі рет Бикен Римова атындағы драма театрында оқушылар мен жасөспірімдер назарына ұсындық.

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік ұсқау хатта «Балалар және театр» жобасы бар. Осы жобаның аясында құндылықтарға негізделген тәрбие мен білім беру мақсатында Жетісу облыстық оқу-әдістемелік орталығының бекітken «Тағылым» жобасының жоспары негізінде Сарыөзек орта мектебінің ұстаздары мен оқушылары дайындаған «Дала шамшырағы» қойылымы, қазақ даласында алғашқы мектептің қанша-лықты қиындықпен ашылғаны, сол тұста ағартушы-ұстаз Ыбырай Алтынсариннің ерен еңбегі туралы үлкен дайындықпен келген бұл тарихи туынды мұғалімдер күніне орай қойылды.

Қаңтардың 25-і күні Талдықорған қаласындағы 28 мектеп-лицейінің басасында облыс бойынша барлық ауданның тәрбие жөніндегі орынбасарлары, мектеп психологтары, ата-аналарға арналған «Бала тәрбиесі – басты міндет» тақырыбында облыстық семинар-кеңес өткізілді. Облыстық білім басқармасының басшысы Айжан Адамбековаының өткізген бұл кеңестің «Ата-ана, ұстаз және оқушы» үштігінің ынтымақтастығына тигізер әсері өте зор болды. Семинар соңында «Дала шамшырағы» спектаклі қойылып, көпшілік көңілнен шықты.

Иә, бүгінгі таңда осындай игілікті істердің келешегімізі үшін әлі де атқарыла беретіні, оған ұстаздар мен аналар кеңесінің бірлесіп көтеретін жүгінің әлі де болса ауыр екенін біземіз. Біздің тілегіміз, Алла ел-жұртымызға амандық, береке-бірлік берсе екен. Әділетті заман орнап, ұрпақтарымыз білімді де білгір, тілі мен дінін қастерлейтін отаншыл, еңбекқор болып, үлкендерді қадірлейтін ұлағатты ұрпақ болып өссе екен деген ниеттеміз!

Галия АҚБАСОВА,
Кербұлақ ауданық
Аналар кеңесінің төрағымы



✓ ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Газетіміздің 4 ақпандағы №14 санында «Ажары қашқан Ақжар» мақаласы жарық көрген соң тұрғындардың өтінішітілегін Қаратал ауданды әкімдігіне жолдаған едік. Міне, ресми жауапты назарларыңызға ұсынамыз.

АҚЖАРЛЫҚТАРДЫҢ АЙТҚАНЫ ОРЫНДАЛАДЫ

Қажет АНДАС

Естеріңізге сала кетсек, аталмыш мақалада ауыл тұрғындары көтерген мәселелерді бүгінгіз жазған болатынбыз. Ондағы мақсатымыз, «тырнақ астынан кір іздеу» емес, қайта ауылдағы ағайынның ұсыныс-тілегін жоғары жаққа жеткізіп, орын алған келеңсіздіктердің түйінін тарқату еді. Ең өзекті мәселе ретінде ауылдағы мектептің жағдайын жазған едік.

Редакцияға келген хатта:

– Ақжар ауылының ірігетасы 1971 жылы қаланыпты. Ауыл аудан орталығы Үштөбе қаласынан 120 шақырым жерде орналасқан. Тұрғындар мал шаруашылығын кіріс көзі етеді. Ал ауылға қарасты 4550 гектар жерзің бәрі жайылымдық жер. Бүгінгі таңда ауылдағы 8 шаруа қожалықтарын қоса алғанда, тұрғындардың қолында 1060 ірі қара, 2500 ұсақ мал, 225 бие жылқы бар.

Ауылда тұрғындарға қажетті барлық құрылымдар жұмыс істейді. Тұрғындарға бір медпункт қызмет көрсетсе, «Кәзгидромет» РМК-нын бөлімшесі орналасқан. Сонымен қатар, Ақжар ауылы «Билайн», «Алтел» ұялы байланысымен қамтылған. Балтыр Бакай батыр мен Тілеуқұл батыр көшелеріне электр жарығы тартылған. Ауызсу мәселесі толығымен шешілген.

Мектеп мәселесіне келетін болсақ, ауылдағы Балқаш бастауыш мектебінің ғимараты 45 жыл бұрын, 1978 жылы салынған. 150 орынға есептелген білім ордасында бүгінде 5 бала оқиды. Ауылдың және шаруа қожалықтарының 7-18 жасқа дейінгі балалары Талдықорған, Үштөбе қалаларындағы мектеп-интернатта оқиды. Соз себепті де ауыл мектебінде бала саны аз. Алдағы уақытта Балқаш бастауыш мектебі жанынан интернат ашу жоспарда бар. Осыған қатысты аудандық білім бөлімі тарапынан талдау жасалып жатыр, – делінген хатта.

Ал ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтудағы қиындықтарды да сөз еткенбіз. Ол жайлы: «Өткен жылы Байшегір ауылдық округі бойынша 75 адам аудандық Жұмыспен қамту орталығына жұмысқа ретінде тіркелсе, оның 7-і Ақжар ауылының тұрғыны. Сондай-ақ, Ақжар ауылының 3 тұрғыны қоғамдық жұмысқа тартылған. «Электронды еңбек биржасы» ақпараттық порталында «Бастау бизнес» жобасы шеңберінде 4 адам кәсіпкерлік негізінде оқыған. Өткен жылы жаңа бизнес идеясын жүзеге асыру мақсатында Ақжар ауылының бір тұрғыны 1 225 200 теңге мемлекеттік грант алған», – делінген хатта.

Тұрғындар тарапынан ауыз шаруашылығы жер мәселесі бойынша да ұсыныс түскен болатын. Онда инвесторлардың әзері туралы айтылған. Ал хатта: «2020 жылы «Темірқазық С.К» ЖШС инвестициялық жоба үшін жалпы алаңы 310 гектар жер телімін уақытша өтеуді жер пайдалану құқығымен 10 жылға жалға алған болатын. Алайда, былтырғы 10 қарашада Жетісу облысы әйматтық үйлестіру кеңесінің №3 хаттамасы негізінде «Темірқазық С.К» ЖШС жобасы инвестициялық жоба мәртебесінен айырылды. Қазіргі таңда аудандық ауыл шаруашылығы бөлімдері жерді мемлекет меншігіне қайтару үшін Жетісу облыстық экономикалық сотына арыз түсірді. Сот шешімі шыққан соң жалпы алаңы 310 гектар жер тұрғындарға конкурс негізінде беріледі», – дейді.

Сондай-ақ, хатта Ақжар ауылын дамытудың болашақ жоспары жасалып жатқаны айтылып, сол қатарға суаруға арналған су тарту насосын жаңарту және орнату жұмысы енгізілетіні, бұның ауыл көшелері толық жарықтандырылатыны айтылыпты.

Әрине, қордаланған мәселе бір күнде шешіле салмайды. Бірақ, хатта уде етілгендей мектеп балаға толып, жер тұрғындарға қайтарылып, жұмысшылық мәселесінің шешілуіне сәтті қадам жасалса, бізідің де арманымыздың орындалғаны.

Қаратал ауданы

AMANAT

«AMANAT» партиясы Жетісу облыстық филиалының сайлауалды штабы, ҚР Парламенті Мәжілісі, облыстық, қалалық мәслихат депутаттығына кандидаттар, партия жақтастары, белсенді жастар Талдықорған қаласы бойынша 100-ге жуық түнгі Тәуелсіздік алаңына жиналуды.

Шара барысында үш мәселе талқыланды. Ең алдымен, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауын іске асыру мәселесі қарастырылды. Сондай-ақ, партияның 2023 жылға арналған сайлауалды бағдарламасын таныстырды. Халық партиясы белсенділерінің бастаған қалалық/аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсынылды. Шара барысында 100-ге жуық түнгі Тәуелсіздік алаңына жиналуды.

Қордаланған мәселе көтерілді

Қазақстан Халық партиясы үлгі-насихат мүшесі жүргізуде. Алматы, Жетісу облысы бойынша штаб мүшесері Тәуелсіздік алаңы, сенаторлық мәслихат депутаттығына кандидаттар, партия жақтастары, белсенді жастар Талдықорған қаласы бойынша 100-ге жуық түнгі Тәуелсіздік алаңына жиналуды.

Қызу жұмыс жүруде

Сайлау кандидаты үлгі-насихат мүшесінің белсенділігін жүргізіп жатқан «Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының» өкілдері Текелі қаласында жүргізілді. Түрлі қоғамдық-саяси іс-шараларға қатысуда.

Табысты кездесу

Талдықорғанның «Қайнар» ақпараттар шығатын орынды барған партия сарапшы Алтын Пернушина оны-бастары Қазыбек Иса өзбек ұлының сайлауалды бағдарламасын кантықтан бағытталды таныстырып, келешекте мәселелерін шешетіндігі түсіндірді. Атап айтқанда, үлкен қалалардағы қалалық инфрақұрылымын жаңғыртуға ықпалдарын тағылым, өзіндік тұлғалық жолдарын қарастырды.

Кездесуден соң ауылсу, электр құнының бағасы, жолдардың сапасы және тұрмыстық қалдықты өңдеу сынды өзекті сауалдар төңірегінде тұрғындарды сұрлеуге пайдалы жауап қайтарылды.

Жұртшылықты тыңдады

«Республика» партиясы атынан сайлауалды үгіт жүргізуге кандидаттар Тәуелсіздік мұрагерлерінің кезегі отыр. Сондай-ақ, партияның облыстық филиалының мүшесері «Алтын» өңірлерін кездесіп, бағдарламасын халықпен жиі таныстыруда.

Сонымен қатар, партияның негізгі идеясы, оның ішіне кайсы мақсат-міндеттерін айтысып, жиынға қатысушылар партия арнайы тарапты мәселелерді бергісті.

Сондай-ақ, облыс орталығы Талдықорған, Текелі қалаларындағы орталық бөлімшелерінің үгіт-насихат мүшелерімен жүргізілген партия бағдарламасын кездесулер жалғасын жүргізуде. Атап айтқанда, үлкен қалалардағы қалалық инфрақұрылымын жаңғыртуға ықпалдарын тағылым, өзіндік тұлғалық жолдарын қарастырады.

Ауылдардың инфрақұрылымы қалпына келеді

«Ауыл» партиясы сайлауалды үлгі-насихат мүшесі Ақжар ауданында Абай ауылының бірын, партия мүшесері ұйымдастырған жиынға қатысты. Кездесуде халықпен бірлігі сүрлеуге Қаныш Жақсыбаевтың ешбастері ұсынылды.

Жетісу жиырғасы «Ауыл» партиясынан үлгі-насихат жұмыстары бойынша жүріп. Парламент Мәжілісінің, облыстық мәслихат депутаттығына кандидаттар Консу ауданындағы Жамбыл, Ақтамыс, Заңғыз Таңшолай, Жаркөшек, Балқаш бөл ауылдарында тұрғындармен кездесті. Жиынға елді мекендегі шаруашылық өкілдері, халықтық тұрмыс деңгейін көтеру мақсатында келген ағымен жаңғыз жұмыстар сөз болды.

Қорғаған ортаны бірге қорғайық!

«Бәйтақ» жасыл партиясының өкілдері жергілікті өзін-өзі басқару органдарын тұрғындарға жақын зың қабылдау кезегі сөзда айтты.

– Бүгінгі таңда ауылдықтар жергілікті басқару жүйесіне байланысты жоқ. Сол үшін жақын жатқан ауылдың өкілдерімен кездесіп, жергілікті өзін-өзі басқару жөнін жолға қойдық. Сол арқылы бір жергілікті халықтың басқа дауыл жеткізіліп отыр жасаймыз, – деді партия жетекшісі.

Ахметова «Бәйтақ» жасыл партиясының басқарушылары мен жас спортшылар волонтерлік ұйымдастырды. Белсенділер қатысушылар мектептегі және демалыс саябақтарын бастап, шамдар көшелері арналды 10 шақырымдық бағыналуда.

Сонан кұрылым өкілдері осы арналған жиынға қатысушылар сөйлеуге ашық сөзіне қатысушылар, ауылдағы экологиялық тұрғындарға көңіл аударып отыр. Белсенділер жастардың бос уақыттарын тиімді ауда тиімді өткізуі маңызды деді.

✓ АЛДАСПАН

Жыр құлагері

> Ілияс Жансүгіров өмірі халық тарихындағы өте бір күрделі кезеңде өтті. Сол дәуірдің барлық қарама-қайшылығын жүрегімен сезінген, тарихтың тар жолдарында өмірін шындық іздеумен өткізді. Тағдыры жылдар тез есейтіп, қаламына қайрат бітірген қазақ әдебиетіндегі аса ірі тұлға.



Қазақ поэзиясы ой жағынан толысып, қоркемдік жағынан кемелене келіп, пайымды парасаттылық сипаттарға ие болып, ауыр жүкті арқалап, алып шыңға көтерілді десек, оған Ілиястың қосқан қазынасы, жұмсаған күші, төккен тері аз емес.

Алайда, Ілияс Жансүгіров те сол замандағы тоталитарлық режимнің құрбанына ілініп, 1937 жылы тамызда қамауға алынған. 44 жасқа жетпей жатып-ақ темір тордың жендеттерінен ажусыз тепкі көріп, жаны мен тәні азапталып, сұм сәжаттың құрбаны болды. Сол барысында Жансүгіров Қазақстанды қарулы көтеріліс арқылы КСРО-дан бөліп әкетіп, Қазақ буржуазиялық мемлекетін құруды көздеген контрреволюциялық буржуазиялық-ұлтшыл, көтерілісші-террорист және бұдғруші-зиянкес ұйымның мүшесі болды деген айып тағылды.

Ілиясты қамауға алған күннің ертеңінде, 1937 жылғы 12 тамызда бірінші тергеу жүргізілді. Тергеу айшықтайын өмірбаяның анықтаудан басталыпты. Осы мақсатта арнайы бланк түрінде орындалған тергеу хаттамасы ретімен жазылған. Тергеуші Ілиясқа тікелей мынандай сауал қояды: *«Тергеу сіздің контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымының мүшесі екеніңізді анықтауда. Өзіңіздің және сізге белгілі адамдардың іс-әрекеттеріне жауап беріңіз».* Жауап: *«Мен контрреволюциялық ұйымға мүше болған емеспін және ондай ұйымның бар екеніне хабарсызбын».*

Келесі тергеуде Ілиястың бір жұмадан кейін, 1937 жылдың 19 тамызында жеделді. Үш адам бірдей тергеу жүргізеді. Олар Қазақ ССР-і Ішкі Істер наркомы Залин, МХБ НКВД-нің өкілетті өкілдері Кисилев пен Иванов тергеу протоколын құрастырған НКВД-нің хатшысы Глухов, бөрінің де қолы қойылған. Нәтижесінде Ілияс бір түнде контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымының мүшесі болып шыға келді.

1937 жылғы 4 қарашада Иванов, Луканиндер Ілиястың келесі, үшінші тергеуге алдырады. Бұл тергеу барысында *«Ілияс Жансүгіров 1931 жылдан бастап контрреволюциялық ұйымның мүшесі болған»* деген тұжырым жасалған. РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-2,58-8,58-11 баптарына сәйкес қылмыстық жаза – атуға кесілді. Үкім орындалды. 1938 жылдың 26 ақпанында 37 адамнан тұратын тізімде №8 болып Ілияс Жансүгіров, №25 болып Бейімбет Майлин, Жұмат Шаниндер ағылып кетті. Сөйтіп 1937-38 жылдар аралығында сәуір күтып-сұрғінмен қазақ халқы сандық жағынан да, сапалық жағынан да адам айтса есіңізіз қасіретке ұшырады. Қазағымыздың бар қаймағы сыпырылып алынды.

Алайда, НКВД Ілиястың әйелі Фатима Табитовага 1938 жылғы 10 маусымда «Ол 10 жылға сотталды» деп хабарлаған. Бірақ оның қай түрмеде, қай қалада отырғаны жайлы мәлімет айтпаған. Соған алданған Фатима 10 жыл бойы Ілиястан күдер үзбеген. Оның азабы, алданышы, күдігі, қорығы өз алдына. 10 жыл өткен соң да бір хабары болмаған Ілиясты іздеп Фатимашың жазған хатына жауап ретінде 1955 жылы 9 мамырда *«Ілияс Жансүгіров 1949 жылы 19 сәуірде шифрөтпен қайтыс болды»* деген өлім жайында жазған күдік те береді.

Ілиястың 1957 жылы 4 сәуірде ақталғанын КСРО Жоғарғы Сотының әділет полковнигі П. Лихачев сол жылы 12 сәуірде арнайы мәлімдейді. *«Ілияс Жансүгіровтің ісінде ешқандай құрамы болғыдай құрамы жоқ»* деліпті. Ақын ақталғанын кейін де сүйегі қайда екенін көпке дейін біле алмады.

1937 жылдың күзі, 1938 жылдың көктеміне дейін жазықсыз жапа шегіп, атылған боздақтарымыз Алматы облысы, Талғар ауданы, Жаңалық ауылы маңына көмілгені, оның ішінде Құлагер ақын Ілиястың да мұрдесі болғаны анықталды. Бүгінгі таңда Жаңалық ауылының маңында репрессия құрбандарына қойылған азалы ескерткіш-мемориал бой көтерді.

«Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел теті алсын қайдан көмескерді», – деп Ілияс ақынның өзі айтқандай, ақын ақталғанынан кейін оның 70, 80, 90, 100, 120, 125 жылдық мерейтойлары тойланды, жинақтары қайтадан басқа бетберенде басылды. Бірнеше ірі мекеме, аудан орталығы оңаласқан ауыл (бұрынғы Абақумовка), облысымыздың аудандарында 3 мектеп ақынның атына берілді.

Жыр дүлдүлі Ілияс Жансүгіровтің шығармаларын көпшілік арасына кеңінен насихаттау мақсатында жер жинасты Жетісудың орталығы Талдықорған қаласында 1984 жылы ақынның әдеби музейі ашылып, халыққа қызмет етіп келе жатқанына 39 жыл болды. Бүгінгі күні Ілияс Жансүгіров шығармашылығы мен көзамдық қызметтеріне қатысты сирек материалдарды, 6 мыңнан астам құнды жәдігерлерді қоруге көрсеменнің қызығушылығы артуда. Жылына 10000-ға жуық көрермен музейдің жұмысымен танысып, тамашалайды.

Сәуір күтып-сұрғін құрбаны болған қазақтың Құлагер ақыны, Жетісу жерінің жеддей ескен жүйрігі, сұлу сөздің зергері Ілияс Жансүгіровті еске алу, оның шығармашылығы, өнегелі өмір жолымен жастарды терең танымдыру үдайы жүріп тұрады. Өткен тарихымыздан тағылым ала отырып, олардың санасына тарихи шындықты жеткізу мақсатында ақын мұзейінде жыл сайын еске алу кештері, тақырыптық экскурсиялар, дөңгелак өтеді. Жылжымалы көрмелер ұйымдастырылып, ақынның рухына Құран оқылып, зиярат жасалады.

Ұлы сүрөткер өзінің өмірбаянында бірге, халқымыздың бұқіл тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, мінез-құлқын жан-жақты толғаған заңғар талант еді. Қазақ халқы барда, егемендігі еліміз тұрғанда ұлтын сүйген ақын Әлекеннің ағы асқақтай береді. Оның себебі Ілияс – қазақ поэзиясының «Құлагері», құлагер тұлпар, оның шабысы тәжан, жерде борап, көкте ұшқан құспен ғана жарысатын жүйрік. Тұлпар текті ол сөзінде оттап, тұяқтасқан тағатын, жаны да, тәні де сүттен ақ, сұдан мөлдір жан. Сондықтан ол жыр-толғауларын

Нұрғұл ЖАУЫНБАЕВА,
І. Жансүгіровтің әдеби музейінің меңгерушісі

Талдықорған қаласы

✓ ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫНДЫҒЫ

СҰПТАЙДЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖОҚ па?!



Кезіндегі Талдықорған облысында дүркіреп тұрған екі есім, екі ауыл болды. Оның бірі – қант қызылшасын өсірумен данқы шыпыр, «Дала академигі» атанған Нұрмолда Алдабергеновтың Шұбар ауылы, екіншісі, Ұлы Жібек жолының бойындағы ұлан-ғайыр кең даланы игеру мен жемісін теруге көпшілікті ұйымдастыра білген, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Николай Головацкийдің ұжымшары болатын. Бүгінде Жаскент ауылдық округіне қарайтын Сұптай ауылы сол Головацкийдің қол табы қалған, жұлдызы жанған ауылдардың қатарында еді. Өкінішке қарай, 2011 жылы «Болашағы жоқ ауыл» санатына қосылып, шаңырағы шайқалып, қабырғасы қаусағанымен, ауылдастардың қажырлы еңбегі, ынтымағы мен берекесінің нәтижесінде 2016 жылы бұл санаттан алынған. Бірақ сол бірнеше жылдағы қиын күндерде ауылдың берекесі кетіп, бүлінгенін ауылдастар қынжыла баяндады.

Қажет АНДАС

ТІЛЕБАЛДЫ АТАНЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Бала күнімізде кәні дүниені өскерместіп. Есейе келе, түлп-оскен ауылымызда сибек етіп жүрсе, қолымыз босмады. Енді, міне, ауыл тарихының жастарға керегін сезініп, екі-үш жылдан бері ауыл тарихы жайлы кітап жаза бастадым. Алдымен мені Сұптай деген ата қызықтырды. Іздене жүріп, ақыры оның құпиясын да тапқандай болдым. Сөйтсем, Сұптай мәжіл-ділінде мерует, Шежін – тоскей, Қожакай – бөлістор, Нәдек – той орны, Дүшшекол – Тынық көл, Бұлақара – Алтын жер деген мағына береді екен. Жер атауын анықтап алған соң осы ауылда күзын-сұрғіне ұшырап, соғысқа кеткен жерлестеромізі жайлы іздеппп, талай есікті ашып көріп едім. Толық тізімін әлі де анықтай алмай келемін.

Сұптай ауылына 1954 жылы көшіп келдік. Ол кезде ұжымшар жанадан құрылып жатқан түс еді. Ауылдағы Абай Сағымбеков, Нұрахмет Отынбекова, Омар Ақбаев, Тәжікөк Семиов, Әлімбатыр Төлебаев отбасыларына алғашқы үй болып қосылдық. Әлімбатыр ағз ұжымшардың қойын бағады екен. Бірақ көрікті мекдетін, көп пашарлағандықтан қой бағу қиындай түседі. Осыны ескерген Головацкий экеме Әлімбатыр ағаның жұмысын аткаруға ұсынис етеді. Бұл осылай көшіп келдік. 1955 жылы Қытайдан қандастарымыз келе бастады. Сол қатарда экемнің жиені Қалимолда Жапсейсов те осы ауылға қоныстанды. 1956 жылы көшіп келгендердің қатары көбейіп, 20 шақты отбасы болды. Ол кезде бұл ауыл Жаркөнтегі балалар үйіне қарасты болған екен. Отбасы көбейген соң Головацкий бұл жерді үзеңгілеріп қосып алады. 1957 жылы осы маңдағы бірнеше ұжымшар бірігіп, оған Октябрьдің 40 жылдығы деген ат берді. Сонымен тұрғындар мен бала арпалі 1956 жылы алғаш рет екі бөлмелі бастауыш мектеп ашылды. Бір бөлмесінде Зайнудин Сәбітов деген мұғалім тұрды да, екіншісінде балалар оқитын. Сұптай ауылының іргесі осы 1956 жылы қаланды десек те болады. 1962 жылы шекара ашылып, арғы беттен өткен азаматтар осы ауылға орналасып, қатарымыз көбейе түсті.

1970 жылдан бастап ауылдың тіршілігі түзеліп, жезі оңынан туа бастады. 1971 жылы спорттағымыз қоса мектеп, оның жанынан 240 орынды Мәдениет үйі бой көтерді. 1984 жылы 120 орынды балабақша, сол сияқты монша, пошта үйі, дүкен, медпункт, тағы да басқа халыққа қызмет көрсету орындары ара-арғынан салынып, тұрғындардың жағдайы жақсара түсті. Ауылдастар кезек-кезегімен төзіп үйлер қамтамасыз етіле бастады. Өз еркімен басына тұрғызамын дегендерге жер телімі және 50 шайыз жеңілдік қарастырылды. Қысқасы, ауылдың атағы алыс-жақынға дүркіреп тұрды. Мәдениет үйінің 2-қабатында кітапхана да болды. Ауыл еңбеккерлері қолы босай қалғанда сонда жиналып, кітап оқитын. Басқа да мәдени шараларымен айналысатын. Қазақтың мақалдарына бітken талай наркасқа үздары Мәдениет үйіне келіп, концерт қойып, жұртты сергілтіп тұратын.

Головацкий марқұм өле-өлгенше: «Үжымшарды таратпандар!» деп өтінумен кетті. Бірақ біз ол өтінішке қарсы жұмыс жасадық. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары экспарсыз жасалған кинжатар қолда бар байлықты бұзып-шашып, талап-тонап, бәрін бітірді. Ішіпен шайдың самасын кептіріп, қайта қайнатып ішкен, нанның орнына кебек жеген күндерді бастан өткердік. 2005 жылы Головацкий мен Сұптай ауылы қосылып, Жаскент ауылдық округі болып құрылды.

Бір күні ауылды айналып келе жатсам, ауылымыздың азаматтары Мәдениет үйінің артынан кіріп, ішіндегі керек-жарақ, құрал-жабдықтарды тонап жатыр екен. Соз тұстағы ауыл әкіміне, құқық қорғау саласнын өкілдеріне жағдайды мәлімдедім. Назар салған адам болмады. Сонымен әбден тонағаи мектеп пен Мәдениет үйінің ғимараты қаусаған күйі ширек ғасырдан бері қаңырап тұр.

Ақсақал осы тұска келгенде көзін бір сығымдап алды. Кайтіп енді, балалық, жастық дәуірінің қызығы кездері есіне түсіп кетті ғой.

ҚАБЫРҒАСЫ ҚАУСАҒАН МЕКТЕП

Сұптай ауылының батыс жағында атшаптырым аумакка салынған мектептің қаңқасы тұр.

– Көне мектеп ғимараты 1971 жылы салынып, қолданыска берілген. Бір қабатты ғимараттқа спортзал, шеберхана, сынып бөлмелері орналасқан. 80 орынға арналған мектептің жалпы аумағы 1,371 гектарды құрайды. Қабырға материалы қызыл кесек, іргетасы цементтен құйылған, төбесіне қалыпты тақтайлар, шатыры әбзест шифермен жабылған. 1998 жылы жылу жүйесінің жөнтыны себепті ғимарат жабылған. 2011 жылы «Алматыкүрылыс-жөспері» ЖШС сараптама жасап: «Мектептің ғимараты жарамсыз, жөйылуға берілсін» деген техникалық қорытынды шығарады. Сол жыла білім орласы жабылып, жанындағы балабақшаға көшірілп, осы күнге дейін сол ғимараты мектеп орнында пайдаланып келемін, – дейді Сұптай орта мектебінің директоры Руфат Тоқымбеков.

Кезінде осы ортадан түлеген талай шәкірт бүгінде елдің құрметіне бөленіп, жұртқа алдында беделін өсіріп жүр. Бірақ берекесі кеткен білім ордасына назар аударған бірі жоқ.

– Осы мектепте алғаш ұстаздық жолымды бастадым. Ол кезде 30-дағы жастар едік. Бүтін зейнеткерміз. Алғаш ашылғанда леитасқан қонағының бірі едік. Гүлбақан, Тұрсынкан, Ерқанат, Ербосын сияқты мұғалімдер болды. Сарыбел, Сұптай, көрші ауылдың балалары осында оқыды. Сол балалардың көбі Астана, Алматы, Талдықорған қалаларында маңызды орында жұмыс істейді. Ғылым, білім, мәдениет, денсаулық сақтау саласында үлкен жетістікке жеткендері де көп. Олардың бәрі «Сұптайда тұғанбыз» деп мақтанады, – дейді зейнеткер Рәзиямен Өмірзақова.

Дегенмен, «Өзі болған кезін төркінін танымайды» дегендей, мектептің бүгінгі жағдайы сұптайлықтың дейтін әрбір азаматқа сын болатынын анық. 2015 жылы Сұптай орта мектебінде 159 бала оқыса, бүгінде 203 бала білім алуда. Мектепке дейінгі бала саны да 70-ке жеткен. Демек, жыл өткен сайын мектепке келетін балалардың қатары көбейіп, ақтай балабақша тарлық етуде. Ал көне мектепті қайта жаңғыру ісі қайта-қайта көтерілгенмен, жұмыр мында жөнделе қоятын түрі жоқ.

ДӘНЕШ ӘН САЛҒАН МӘДЕНИЕТ ҮЙІ

Есік-терезесі, ішіндегі керекке жарайтын заттары түгелімен тоналған Мәдениет үйінің ішкі және сыртқы қабырғаларындағы көркем суреттер әлі де сол қалпын бұзбатты. «Бізде талай думан, той өткен» деп өткен күндерді еске салып тұрғандай.

– Мәдениет үйі алғаш ашылған тұста осындағы қыстеткерлердің жағдайы жақсы болды. Біз ауыл-аудды аралап, концерт қоятынбыз. Түрлі мерекелік шарада атымбекан тегіп, көңілге ойынын көрсетіп, әжелер сайысын, келіндер сынын өткіздік, кандай шара болса да ауылдастар өнер көрсететін. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі, Наурыз мейрамы, тағы да басқа айтуға күндерді осында атап өтетінбіз. Жастармен, апаларман де жұмыс істедік. Сол кезде Света Рахымжанова апайымыз директор, Бибігүл Қалыбаева, Алма хамидасымен талай көңілді күндерді кештік қой. Кейін төмарау жылы бастады да, Мәдениет үйінің халі мүшкіл тартты. Бірақ жыл жанынан жаңдар қорағанымен, ол кісілер кеткен соң талаз-тараз түсе бастады. Өкінішке қарай, бүгінгі қалпын көрін, көңіліміз бұзылады, – дейді Сұптай ауылының тұрғыны Сәбетхан Мамаева.

Ауыл азаматтары ғимараттың айналасын реттеп, аралын кесіп, ішінің көкөр-сөкөрын тазалап тұрғанымен, өнердің үні естілмегеніне біраз жыл болыпты. Мәдениет үйінің сыйқы кетіп тұрса да сұптайлықтар: «Бұл үйдің саласында Нұрмұса Тілендиев өнер көрсетіп, Дәнеш Рақышев, кейінгі кезде Жанар Айжанова, тағы да басқалары ән салған», – деп мактанады.

Ауыз әкімдігі де Мәдениет үйін қайта қалпына келтіру үшін қам жасап жатқан көрінеді. Бірақ, бәрі қарыпға тіреледі ғой. Тиісті орындарда кандай жобә-жоспарлардың бар екенін білмедік.

БАЛАБАҚШАНЫ КІМ САҚТАП ҚАЛДЫ?

1984 жылы 120 орынға есептелін салынған балабақша 1998 жылдан бері Сұптай орта мектебінің баласына айналған. Қазіргі таңда мектептегі 203 бала 8 кабинетте екі ауысымнен білім алады. Білім шаңырағында спортзал, жиынжай, шеберхана деген атымен жоқ. Алдай-қана бір бөлмеде бірде концерт қойып, енді бірде депешиыстыру пәні өтіп, тағы бір күні жиналыс ашып, әбден азырын шығарып бітіпті. Қайта балабақша ғимаратының сақталып қалғанына да шүкір дейік.

– Балабақша алғаш ашылғанда 120-дай бала болды. Ата-аналарын ауыл шаруашылығында, мектепте, бөрдақылау алаңында жұмыс істеді. Ал балаларды осында тәрбие алды. Төмарау жылдары басқа ауылдағы балабақшалар тоналып, бүлінін, сатылып жатқанда Қасқырбай Тоқтасынов ақсақал күндіз-түні балабақшаны күзетіп, шын-шырағын шығармай ұстап тұрды. Біз ол кісінің тұрмыстық жағдайын қамтамасыз еттік. Кейін көне мектеп жарамсыз деп танылғаи тұста 9 адам комиссия құрып, балабақшаны ішіндегі құрал-жабдықымен мектептің балансына өткіздік. Сол кездегі мектеп директоры Ғалымжан Ырысбек балабақшаның заттарын сатып, оны қайтадан жаңғыртпақшы. Қанша қинайсың, қолайсыз болса да сосын бері балалардың білім алуына септесін келеді. Бірақ заманға сай тәрбие жұмысының айнасыз үшін көне мектепті қайта қалпына келтіруімей немесе жаңа мектеп салмай болмайды, – дейді зейнеткер Тұрсынбүбі Сағымбекова апамыз.

Сұптайлықтардың мұңы мұнымен бітпейді. Жыл өткен сайын тұрғындардың саны артып, сәбилер көбейген сайын оларға көрсетілетін медициналық көмектің де салмағы арта түскен. Ауылдық фельдшерлік-акушерлік пункттен жағдайы сын көтермейді.

– Бұл пункте екі-үш адам жұмыс істейміз. Ауылда 980 тұрғын бар. Бізге бір «Жедел жәрдем» көлігі кемшін болып тұр. Егер сол мәселе шешілсе, «Жедел жәрдемді» қалдан шақырып, сырқаттарын тұрғындарды абыройлы жағдайда құтқыдан едік, – дейді дәрігер Кенес Таланұлы.

Тағы бір мәселе, ауылдағы пошта кызметінің ашырғысы. Оларға пошта арқылы жеткізілетін дүниелер көрші бірлік ауылдық округінен орталығы Алтын үйдегі пошта вәтеткерлері арқалы келіп тұрады.

АУЫЛДА ЖҰМЫС ТОҚЫРАП ТҰР ДЕГЕННЕН АУЫЛАҚПЫЗ. АУЫЛ ӘКІМІ РУСЛАН КЕРІМҚҰЛОВТЫҢ АЙТУЫНША, ИНТЕРНЕТ ЖАҚСЫ ІСТЕЙДІ, ЭЛЕКТР ЖАРЫҒЫ, АУЫЗСУ МӘСЕЛЕСІ ТОЛЫҒЫМЕН ШЕШІЛГЕН. АУЫЛДАҒЫ 8 КӨШЕ РЕТ-РЕТІМЕН АСФАЛЬТТАЛЫП, ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАБЫ ОРЫНДАЛУДА. АУЫЛҒА АМБУЛАТОРИЯ САЛУ ЖҰМЫСЫ ЖОСПАРҒА ЕНГІЗІЛІП, ЖЕР ТЕЛІМІ БӨЛІНГЕН, КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ САЛЫНАДЫ ДЕП КҮТІЛУДЕ. АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮЙІМШЫЛ ӘРІ АУЫЗБІРШІЛІГІ МЫҚТЫ.

ДЕМЕК, «СҰПТАЙ АУЫЛЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖОҚ» ДЕП АЙТУҒА КЕЛМЕЙДІ. ҚАЙТА БОЛАШАҚҚА БАҒДАРЫН АЙҚЫНДАП, БАҒЫТЫН ТҮЗЕП КЕЛЕ ЖАТҚАНЫН БАЙҚАДЫҚ. ТЕК МЕКТЕП ПЕН МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ЖАҢҒЫРЫП, АМБУЛАТОРИЯ САЛЫНЫП, ПОШТА ҚЫЗМЕТІ ЖАҚСАРСА, АЛЫСТА ЖҮРГЕН ТАЛАЙ ЖАС АУЫЛЫНА ҚАЙТА ОРАЛАР ЕДІ.

Сұптай ауылы
Панфилов ауданы





✓ ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

ӘКІМГЕ ЗӘРУ АУЫЛ, ДИРЕКТОР ТҰРАҚТАМАЙТЫН МЕКТЕП

Халқымызда: «Жүргенге жөргем ілінеді» деген нақыл бар. Журналист болып жүрген соң неше түрлі қызық жағдайға кездесіп, ел ішіндегі қордаланған мәселелерді көресіз. Оның бәрін бірден шешіп тастауға қауқарың жетпесе де елдің жағдайын көріп, өкпе-реніштің тындап, үміттілігінің орындалуына септескен деп талпынасың.

Бірде қаршадай қызбен сапарлас болдым. Өзің: «Ақсу ауданы Қосағаш ауылында тұрамын», – деп таныстырды. Жас та болса әр нәрсеге парықпен қарап, байыппен ой түйетіндігі жылы жүзінен білініп тұр. Менің журналист екенімді білген соң тұып-оскен, бүгінде еңбек етіп жүрген ауылының жағдайын әңгімелей бастадың. Көңілі толмайтын келеңсіздіктерді жасырып-жаппай, бар қалпымен баяндағаның да білігі отырман.

Қоштасар сәтте:


– Журналистерді көп таяи бермеймін. Сізбен кездескеніме қуаныштымын. Ауылдың жайын жасырмай айттым. Егер уақытыңыз бен мүмкіндігіңіз болса біздің ауылда шешілуге тиісті дүние көп. Соны бір жазып берсеңіз? – деп өтінді.

«Аудан орталығында жаңадан салынған спорт кешеніне барыңдар» деген жауап алыпты. «Жаңсүгіров кенті мен Қосағаштың арасына күніне 400 теңге шығындап, балаларын таксимен тасып жүруге екінің бірінің жағдайы келмейді», – деп шырылдайды ауылдастар. Мектептегі балалар бір ауысымда оқиды делінгенімен, бала саны өте көп сыныпта 17, кейбірінде 5-6 ғана бала. Қыста сыныпта қалын шапандармен отыруға мәжбүр. Балалар жауған қалмасын деп мұғалімдер де 45 минуттық сабақты 30-35 минутта бітіріп тастауға асығады. Мектеп директорымен жолығып, білім шаңырағының жағдайын білмекке тырыссақ та кездестіре алмадық.

«Естіген құлаққа жазық жоқ» дегендей, Қосағаштың мектебіне директор тұрақтамағалы бірақ ауылдағы бірнеше мың гектардан астам суармалы жерге дәнді-майлы дақыл себілін, қант қызылшасын өсіруге екен. Бірнеше он мың түяқ мал осынау даланың байлығын еселепті.

– Ауылда 12 отар қой, 240 бас сауын сиыр тұратын сүт фермасы болды. Ал 2 мың гектарға қызылша себілетін. Оның сыртында майлы, дәнді дақылдарды есептей берініз. Ол кезде судан тапшылық болмайтын. Сарқынан бері тартылған каналдардан су үзілмеуші еді. Тіпті, ауылдастар ауласына неше түрлі көкөніс егіп, қысқы азығын қамдап алатын. Алқаптан жоңышқа шабылып, мал азығынан да тарықпайтын. Қазір канал қиыр бітті. Судың тапшылығынан ауылдастар ауласын өндей алмайтын жағдайға келді. Аула түгіл, ала жаздай







Қажет АНДАС

Ақын Сара туған жер

Халқымызда: «Өркімінің туған жері – Мысыр шаһары» деген сөз бар. Туған жер адамның кім болатынын, қандай өмір сүретінін белгілемесе де оның адами қасиеттерінің қалыптасуына өзіндік ықпалы болары анық. Қазақ айтыс өнерінің жорқын үлгісі саналатын атақты «Біржан сал мен ақын Сараның айтысы» Ешкіолмес тауының бауырайында өтіп, сол жер бүгінде Ақын Сара ауылы деп аталғанымен Сара қыздың кіндігі сөз етіледі отырған Қосағаш ауылында кесілген.

– Ану көрінің тұрған тоғанының арғы түсында Сара апамыз тұған екен, – деп көрсетті Төлеуғали Нұрғалиев ақсақал.

Бұл ауылдың Ақын Сара ауылы деп аталған кезі де болыпты. Бір жылдары ақынның құрметтеген ел күрөуздың ақынға бұрылатын түсына домбыра бейнесіндегі ескерткіш қойып, өнерге деген сүйіспеншілігін көрсеткен көрінеді. Өкінішке қарай, ары-бері өткен жүгіншінің көз сүйінішіне айналған сол ескерткіштің жел шайқалма, әлде, мал сүйкенді ме, құлатып тыныпты. Содан кейін ауыл азаматтары ескерткіштің орнына «Көжкайдақ» деген сөз жазбырып, ілінті. Бүгінде ауыл ресми түрде Ақсу ауылдық округіне қарасты Көжкайдақ ауылы деп аталады. Бірақ жұрт тегіс Қосағаш деп айтуға әдеттенін кеткен.

Бір қызығы, Абай туған Шыңғыстау, Біржан туған Көжағұл, Ілініс туған Ойтоған, Мұхаңалы туған Қарасаз ауылын көріп, көңілдеріне қайтып жүрміті ғой. Өкінішке қарай, Қосағаштың әр түсынан «Ақын Сара осы ауылда туған» деген бірде-бір белгі тапай қиналдық. Бұл аудан, ауыл әкімдерінде де, осы ауылдан түлеп ұшқан, бүгінде әр жерде абыройлы еңбек етіп жүрген азаматтаздарға да сын болатын дүние.

Оны қойшы, ауылдың бүгінгі халі тым мүшкіл.

Тағаны қалған нысандар

Елімізді шалғай ауылдарда бір ғана ортақтық бар – бүлінген, қираған, тоналған нысандар. Әр ауылдың кешегі берекесі тасып, тіршілігі қайнап тұрған жағдайын білетін үлкендер үшін осы көріністерді көрудің өзі ауыр.

Кезінде ауылда сауын сиыр фермасы жұмыс істеп, үш қабатты мектептен талай шәкірт болашақ бағдарын түзеле, екі қабатты балабақшадағы сәбилердің сығырлаған күлкісі ауылдың шырайын ашып тұрады екен. Ел ырысты болған соң тұрғындардың да берекесі бекем, араздасу, әлімжеттілік, зансыздық атауынадан аулақ болған. Өкініште қарай, бүгін солардың елесін де таба алмайсың. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тоқырау түсында ауылдағы бар дүние талауға түсіп, сауда орталығы мен балабақшаның тағанынан басқа түгі қалмапты. Жұмыссыздықтың салдарынан жастар қалаға көшіп, адамы жоқ қабырғасы қауқиған, қанырап тұрған үйлер көбейіпті. Оны кімдер бұзып, тасып әкетіп, қандай мақсатқа пайдаланғанын анықтау қиын.

– Мына өздеріңіз тұрған жер сауда орталығының орны. Кезінде іші азық-түлік, киім-кешек, күнделікті тұтынатын тауарға толып, берекемізді тасытып тұрушы еді. Бүгінде оның тағанынан басқа ешнәрсеі қалмады. Өкініштісі, ауыл болып, осы нысандарды көріп қала алмадық, – деп мұң шақты ауыл тұрғыны Талғар Жұмағалиев.

Сауда орталығы орналасқан жердің бір шетінен ауыл азаматтары бірігіп, балалардың ойын алаңын салыпты. Бірақ ойнап жүрген бала көрмедік. Одан арырақта мешіт пен қатымханаңы көрдік. Ауыл тұрғындарымен балалардың ойын алаңында кездесіп, әңгімелестік. Өйткені, ауылда мұнан басқа кездесетін жер де жоқ. Көпшілік белгілі бір мәселені шешетін кезде ауылдағы мектептің жиынжайына жиналды екен. Сыртқа келген қонақтармен де сол жерде кездеседі. «Ауылдың жайын білу үшін балалардың ойын алаңы орналасқан жер шығайлы», – деп шештік.

Тұрғындардың айтуынша, мектептің де жағдайы мәз емес. Сыры бүтін болғанымен жөндеу кермегелі бірақ жыл болған білім ошағының қабырғасы шытынап, есіктері ескіріп, терезесінен жел үзілген тұрады. Едендері тозған, үстел-орындықтардың жағдайын бір көрсең адам біледі. Қыстығұні катты отынмен істейтін қазандықпен сыныптарды жылытудың өзі мұң. Ақылы ата-аналар қаржы жинап, электр жылытқыштар сатып алыпты. Білім шаңырағындағы бала саны да жыл өткен сайын кеми түскен. Спорттық секция, үйірме деген жоқтың қасы. Ауыл үлкендері «Спортпен айналысамыз» деген жастардың талабын жоғары-төменге жеткізіп, ауылдан спорт кешенін салуды сұрағанымен болыпты. Мектеп директорының міндетін атқарушы болып директорлық қызметке кіріскендер 3 ай отырған соң сыныптан сүрініп, орнына басқа біреуі келеді екен. Әрине, әр қызметке кіріскен адамның өзінің жеке талабы, тәртібі, міндеттәспары болады. Сонысымен әріптестеріне жақпай қалады. Ал 3 айдан соң орнынан алынып, айналасына қадірі қашады. Бұл жағдай Қосағаштағы мектеп ұстаздарының түсіністушілігімен бірге білім сапасына да, материалдық-техникалық жағдайын жақсартуға да кері ықпал етуде.

– Ақсу ауылындағы «Маманов» мектебін күрделі жөндеуге 80 млн. теңге қаржы бөлінгені деп естідік. Ол мектеп осыдан 3-4 жылдың алдында жөнделген еді. Сол қаржының бір бөлігін бізділ ауылдың мектебіне болсе, жыртық-тесігіміз жамалар еді, – деп мұң шақты ауыл тұрғындары.

Оның шын-жалғандығын тексере алмадық. Анығын тінті мекемелердің сұрап білетінімізді айттық. Десе де «Ауыл мектебіндегі олқылықты тезірек шешкен абзал» деген ойға келдік.

Шешімін күткен мәселе көп

Ауылдағы ағайындарды алаңдататын басты нәрсе – су тапшылығы, егістік жердің жоқтығы, жайылым жердің аздығы. Үлкендердің айтуынша, Қосағаш ауылының іргесі 1930 жылдары қаланып, экономикалық-әлеуметтік жағынан тез көтерілініті. Кезінде малы мыңғырып, егіні жайқалып, алыс-жақынға атағы тез жайылыпты. Кезінде осы

Тілші түйіні:

Қосағаш ауылында қордаланған мәселе көп. Ақсу ауылдық округіне қарасты ауылдардың бірі болғандықтан аталған ауылға округ әкімі жауапты. Ал Ақсу ауылдық округіне қарасты бірнеше ауыл бар. Жалғыз әкім қайсысына жетсін?! Сондықтан Қосағаштың жұмысын бір ғана маманға жүктеп қойған. Ол да талпынып жұмыс істетінімен сәзі ауыл әкімінен ары аспайтыны белгілі ғой. Сонымен ауылдастар арманын жоғарыға жеткізе алмай біріне-бірі мұң шағып, өкпесін таратып келеді. Ауылда болған келіссөуліліктерді ағайындар өздері шешіп алады. Әкім тағайындауға Қосағаш тұрғындарының саны жетіспейтін көрінеді. «Ауылымызға әкім қойып, мектебімізге директор тағайындап, су мен жер мәселесін шешіп берсе, қалғаның өзіміз реттейміз» деген тілегін айтып, бізбен қоштасты ауылдастар.

Ауылында әкімі жоқ, мектебіне директор тұрақтамайтын жағдай тек Қосағашта ғана емес, Қазақстанның әр түсында кездеседі. «Балай тартса арба сынып, балай тартса өгіз өледі» жағдайдың қашан аяқталарын білмедік.

Қосағаш ауылы
Ақсу ауданы

✓ БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

Климаттың өзгеруіне бейімделу керек

Қазақстанда БҰҰ Даму бағдарламасының «Климаттық онтайландырылған агротехнологияларды іледілеу» жобасының ресми жабылуы Талдықорған қаласында Жетісу облысының кәсіпкерлер палатасының қабырғасында өтті.

Ақгүл БАЙБОСЫНОВА

Қазақстанның іріктелген он фермерлік шаруашылығында жаңартылатын энергия көздерін (жел және күн) пайдалану бойынша шешімдер енгізілген.

– *Қазақстан ауылында әртүрлі салада жұмыс істейтін және өз шаруашылығында жаңартылатын энергия көздерін пайдалана алатын 10 фермерді таңдадық. Атап айтқанда, күн панельдері, жаңбырлату қондырғылары, тамшылатып суару, күн энергиясы арқылы суды жылытуға мүмкіндік беретін гелиожүйелер орнатылды. Жоба мақсаты – фермерлердің жұмысына ең оңтайлы технологияларды енгізу. Іргі кәсіпкерлер мұндай технологияларды өздері де қолдана алады. Бізділ міндетіміз – шағын фермерлерге осы шешімдерді іс жүзінде қалай қолдануға болатынын көрсету.*

Мал және өсімдік шаруашылығының түрлі бағыттарында технологияларды Қазақстанның оңтүстігінде қалай пайдалануға болады, соғтүстігіне қандай қондырғы тиімдірек екенін түсіндіруге тырыстық, – деді Ербол Есеневев.

Жасыл технологияларды енгізумен қатар жоба аясында оқу да қамтылды. Қазақстанның 17 өңіріне 400-ден аса фермер ауыл шаруашылығы өндірісіне жаңартылатын энергия көздерін енгізу бойынша тренингтерге қатысты. Пилоттық фермалардың өкілдері Германияға танысу сапарына барды. Қатысушылар түйіршіктелген катты отын шығаратын зауыттарды (цилиндр тәрізді катты отынның түйіршіктелген түрі, ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары мен ағаш қалдықтарынан жасалады) аралады. Биогаз қондырғысын көріп, сүт фермасы мен ауылға барды. Германияның бұл нысандары бүтінде күннің «таза» энергиясымен толық жұмыс істейді. Қатысушылар өнімді әрі қарай өңдеу үшін «ақсыл» технологиялар мен бөшкілігатты пайдаланатын шаруашылықтардың экономикалық тиімділігі мен тұрақтылығына көз жеткізді.

«Жыл өткен сайын климаттың өзгеруі қатты білінуде. Құрғақшылықтың жиілеуіне қарамастан біз сұ үнемдейтін қондырғыны орнатуға жағдайымыз келмеді. Енді жоба арқылы өндірісіне енгізгендері қорап, тоңазғандағы мезгілде 50 пайызға дейін сақтауға көмектесетін үнемді суару технологиясын қолданатын болдық», – дейді «Алиа Голд» компаниясының директоры Алексей Коржиков.

Жобаның ресми жабылуы барысында БҰҰ Даму бағдарламасы, «Атамекен» ҰКП және Жетісу облысы экімдігінің өкілдері Сарқан ауданында дәрілік шөптерді өсіру бойынша фермерлік шаруашылыққа барды. Онда сү үнемдеу қондырғысы орнатылды.

Жапония үкіметі қаржыландырған 974 408 АҚШ доллары көлеміндегі жобаны іске асыру республикада өткен жылғы тамыз бен биылғы наурыз аралығында орбіді. Аталған жоба фермерлік шаруашылықтарды қолдауға, құрғақшылықты болжау және алдын алу үшін «Қазгидромет» РМК жабдықтарын жаңартуға бағытталған. Қорытынды іс-шарага БҰҰ Даму бағдарламасының Қазақстандағы тұрақты өкілінің орынбасары Сухроб Ходжиматов, «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасының орынбасары Ербол Есеневев, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ метеорология және гидрология кафедрасының меңгерушісі Ахамат Қазыров, сондай-ақ, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының, өңірлік кәсіпкерлер палатасының, шаруа қожалықтарының өкілдері қатысты.

Баскөсуде: *«Климаттың өзгеруі жылдамдығын ескере отырып, оның салдарына қазір бейімдесу маңызды. БҰҰ Даму бағдарламасының су және азық-түлік қатпсіздігі, экономикалық тиімділік құрылымды экспрессилды климаттық құбылыстар мен табиғи апаттардың қорқау, сондай-ақ табиғи капиталды қорғауға ерекше назар аудара отырып, елдегі ұлттық деңгейде айқындалатын салаларды климаттың өзгеруіне бейімделу басымдықтарын енгізу жөніндегі ұлттық күш-жігерді қолдайтынын мақтан тұтады»,* – деді Сухроб Ходжиматов.

Жобаны іске асыру шеңберінде келіп түскен 36 өтінімнің ішінен 10 пилоттық ферма іріктелді, олардың екеуі Жетісу облысында орналасқан. Қаратал ауданындағы «ДОН» шаруа қожалығы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын, оның ішінде пияз, картоп, қызылша, жүгері, қарбыз және қауын өсірумен айналысады. «Азия Голд» ЖШС Сарқан ауданынан дәрілік шөптер мен ауыл шаруашылығы дақылдарын (тары, күмай, арпа, бидай, қарақұмық, жалбыз, түйемақ, мелисса, валериан) өсіреді.

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

✓ Қоныстой

Қасиетті айдағы қайырымды іс



Кеше Талдықорған қаласында риясыз қуаныштың жай орын алды. 60 отбасыға баспана кілті табыстады. Тұрғын үйді болғандардың бәрі әлеуметтік осал топтағы өнір тұрғындары. Олардың қатарында 10 баланың анасы, мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеуші, жарымжан жандар бар. Баспана тегін. Қуаныш нелері ешкімге, ештеңете шығындалмайды. Тек шаралы шаһардың орталығындағы су жаңа баспанаға қоныс аударады. Мемлекет басшысы еліміздегі бизнес өкілдерін жиып, елдікті, етеменділікті бірге асқақтатуға бір-несе жұмыс істеуге, қайырымдылық жасауға, тұған жерді түлетуге, ел экономикасын өркендетуге бірлесе атсалысуды ұсынған еді. Міне, сонын жемісі Талдықорғанда жалғасын тапқандай.

Дастанбек САДЫҚ

Жаңадан пайдалануға берілген көпқабатты тұрғын үйдің жалпы ауданы 4702 шаршы метр. Өз иелерін тапқан баспаналы белгілі атымтай жомарт Данияр Абулгазин салдырған. Мұндай жандықты баспана кілтін табыстау рәсімінде Алматы облысынан бұрынғы әкімі Қанат Бозымбаев баян етті.

– Қасиетті Рамазан айында қуанышты сәттің күзеі болып тұрмыз. Баспаналы болу қандай бақыт?! Талдықорған қаласында 15 мыңнан аса тұрғынның баспанаға мұқтаждығы барын облыс әкімі болып тұрғанда білетінмін. Баспана тапшылығын азайту үшін түрлі жоба, бастамалар жасақталды. Соның бірі де бірегейі – елдегі көсіпкерлердің, мақты меценаттардың көметімен баспана салып, әлеуметтік осал топтарды үймен қамту. Данияр Рүстемұлына телефоннен хабарласып, баспаналы мұқтаж жандардың көптігін айтқанмын. Содан қайырымды азамат қамсыз қалмай, осы баспананын іргетасын қалап, бүгінде сіздерге сыйға тартуда. Осы көпқабатты тұрғын үйден пәтер алғандардың шаңырағы шаттыққа, қуанышқа, бақытқа толсын, – деді Қ. Бозымбаев.

Артынша сөз алған Данияр Абулгазин жергілікті әкімдікке, «Хареке» қайырымдылық қорына, оның ішінде құрылтайшысы Мадияр Серікбекке алғысын білдіріп, қайырлы іске Мемлекет басшысының сөзі себепкер болғанын да жасырмады. Қайырымдылық қорына ерекше тоқталуының да жөні бар. Себебі «харекеттіктер» үй иелерін анықтапты.

Мұнан соң үйымдастырушылар пәтер кілттерін салтанатты түрде иелеріне табыстады. Олардың қатарында Ерлан Серікбаев та бар. Су жаңа пәтердің иесі II топ мүгедегі екен. Қанша жылдан бері үй кезегінде тұрған. Осы уақытқа дейін пәтер жалдап тұрып келген Е. Серікбаев көз жасына да ерік берді.

– Қасиетті айда тілегім де, арманым да орындалды. Қайырлы жандарға алғысқа алғыс білдіремін. Шынын кешер, көкірегім сайрап тұрғанмен толқыныстан сөйлей де алмай тұрмын. Бастысы, осындай риясыз қуаныш әрбір шаңырақта орын алсын, – деді жаңа қоныс иесі.

Қайырлы істің иелері мұнымен тоқтап қалмапты. Баспанаға қол жеткізгендерге басқа да тарту жасапты. Әрбір пәтерге ас үйлік жиһаз бен ыдыс-аяқ, бір-бір мұздатқышты сый етіпті.

Шара барысында ел ағаларының мұндай жомарттығына разы болған Ақмарал Донбаева мстық ілтипатын білдірді. 10 баланың анасы қайырымды жандардың мұндай қамқорлығы бүгін үшін емес, болашақ үшін жасалған өрісті тірлік екенін сөз етті.

– Бүгін өзім үшін емес, балаларым үшін қуанып отырмын. Әрбір бала оятайлы ортада, жайлы жерде өмір сүруі керек. Осы уақытқа дейін пәтер алу арман болды. Қазір сол тілеуіміз орындалып отыр. Балаларымның атынан, өзімнің атымнан ел ағаларына ризашылығымды білдіремін. Сол көсілердің арқасында 10 балашағым тұлғасы алынсын білім алып, жайлы жерде тұратын болды, – деді А. Донбаева.

Шара соңында пәтер иелері естелік суретке түсіп, Рамазан айында риясыз ризашылықпен тарқасты.

✓ Қоғамдық кеңес

Бағаны құрықтау керек

Жетісу облыстық қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтіп, екі мәселе қаралды. Жиында жүргізген қоғамдық кеңес төрағасы Ерғазы Қошанбеков алдағыеп облыстық мәслихатқа сайланған депутаттарды құттықтап, белсенділіктен жұмыс істеуге тілеулестік танытты.

Кеңес отырысында алдымен «Жетісу облысы бойынша 2023 жылғы I-II-III-IV тоқсанына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту туралы» облыс әкімдігі қаулысының жобасы талқыланды. Тақырыпқа орай облыстық Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Динс Серіков пен «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы «Өңірлік даму институты» ақционерлік қоғамының басқарма төрағасының орынбасары Альмира Ибрагимова баяндама жасап, соңғы кездері орын алған қымбатшылықты болдырмау мақсатында қолға алынып жатқан шараларды таныстырды. Олардың айтуынша, картоп, сәбіз, пияз, қырыққабат, қияр, қызанақ секілді баяна дақылдарын қымбаттатпауға болады. Ол үшін облыс орталығы мен ауандардағы дүкендер мен ірі сауда орындарынан әлеуметтік бұрыш ашу керек. Сондай-ақ, бағаны тұрақты бақылауға алып, ерекше көтерілуіне жол бермеген жөн. Осындай ұсыныстарға байланысты дауыс берген қоғамдық кеңес мүшелері қолдау танытты.

Қоғамдық кеңес отырысында қаралған екінші мәселе – «Жетісу облыстық әкімі аппаратының және облыстық басқармаларын «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың дәстүрлерін бекіту туралы» облыс әкімдігі қаулысының жобасын талқылау бойынша өзекті берген ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Жетісу облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары – Өңір жиіндегі кеңес хатшысының міндеттерін уақытша атқарушы Айнұр Мұқанова мемлекеттік қызметкерлерге қойылар талаптарды таныстырып өтті.

Есепті мәжіліс тыңдаған қоғамдық кеңес мүшелері облыс әкімдігі қаулысының жобасын қолдау білдірді.

М. ӘСЕТҰЛЫ

✓ Мемлекеттік бағдарлама: КҮНГЕЙ мен КӨЛЕҢКЕ

ТУРИЗМГЕ НЕ КЕДЕРГІ?



Тарих қойнауына көз жіберетін болсақ, Асан Қайғы бабамыз желмаясына мініп, Жеруйық іздепті деген аңыз бар. Аңыз түбі ақиқат дегенге сүйенсек, мұнда да бір шындық бар екені даусыз. Сол бабамыздың қазақ даласын аралап жүріп, әр аймаққа берген бағасы бар. Жер жаннаты Жетісуға келгенде Асан бабамыз: «Мынау Жетісудың ағашының басы сайын жеміс екен, шаруаға жақсы қоныс екен», – депті. Айтса айтқандай-ақ, Жетісу өңірі қойнауы құтты, жері шұрайлы, топырағы киелі мекеннің бірі. Өзендер өрнектеген осынау өлкенің жері жемісті болуы да заңдылық еді. Жемісті жердің қашанда киелі қоныска айналары сөзсіз.

Қажет АНДАС

Күнгей

Жетісу өз алдына обзыс болып бөлініп шыққанын кейін оның болашақ даму бағытын туризм саласын өркендету арқылы кемелдендіру жайы жиі айтыла бастады. Әрине, туризмді дамытудың сан тарау жолы бар. Жолы реттелін, инфрақұрылым, қызмет көрсету сапасы жақсы болуы керек. Бұл жақтағы мәселені шешумен айналысып жатқан тиісті мекемелер бар. Меніңше, Жетісу аймағының туризм саласын өркендетуде аймақтағы қасиетті және жұрт тау етуге жиі бағатын нысандарға назар аударылмай отыр. Ата-бабаларымыз аялап, табынат өзі қорған бізге жеткізген тарихи ескерткіштер мен қасиетті жерлерді экономиканың өзегіне айналдыра алмай келеміз.

2017 жылы «Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы» жобасы жасалып, Алматы облысы бойынша комиссия құрылып, жұмыс бастады. Сол комиссияның топ жетекшісі ретінде біраз дүние жасадық. Сол кездегі Алматы облысы аумағында тіркеуге алынбаған 500 нысан анықталып, оның 57-сі Қазақстанның жалпыұлттық және өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енгізілді. Соның ішінде бүгінгі Жетісу облысына Қойлық қалашығы, Қапал батыр кесенесі, Орбұлақ шайқасы болған жер, «Тамшабұлақ» бұлағы, Алтынемелдегі Шоқан Уәлиханов мемориалды кешені және жерленген жері, Жаркөнттегі сәулет-қорқемнер кешені, Малайсары Тоқтаұлы жерленген жер Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізіміне, Қора шатқалы, Тұздыкөл (Рай көлі), Шыңғысханның тұрағы, Ешөлмес петроглифтері, «Бесшатыр» қорғаны, Әулие ағаш, Найзатаңқан бұлағы, Үйгентас жайлауы, Тезек төре қонысы, Мамания мектебі, Орыс православиялық шіркеуі, Көтен төуін, Құлжабайұлы Тайсары, Үлгілідек Дарабоз ана, Қарынбай әулие, Байтұлақ батыр, Солтанбай батыр, Ескелді би, Балпық би, Жолбарыс батыр, Айту би, Мыктыбек батыр, Смағұл қожы, Тәнеке батыр, Жәмеңде би Байшағанұлы, Есім төре, Қожаз әулие, «Сөк төре», Алаш зиялысы Базарбай Мәметов, Сәмеи батыр, Байғотанұлы Көтен төуін, Баянбай батыр кесенесі, ақын Бақтыбай Жолбарысұлы жерленген жер, Алаш зиялысы Барлыбек Сыртханов жатқан жер, Ақын Сара Тастанбекқызы кесенесі және мемориалды музейі, Фатима Габитованың үйі, Асаусай орта ерте ғасырлық қалашығы, «Қапал мешіті» сәулет ғимараты, Айғайқұм жергілікті маңызы бар қасиетті нысандар тізіміне енгізілген еді. Өткен жылы жетісулық өлкетанушылардың бәсын қосып, Қапал шатқалындағы осындан 300 жыл бұрын қазақтың үш жүзінің батырлары бас қосып, ел қорғау жолында қайтыс болған «Қызылжар шайқасы: Жүз оба және Қыз бейіттің» тарихи кешенінің орнын анықтап, зиялымды жұмыстар жүргізілді.

Қысқасы, бүгін аймақта туризмді өркендететін, табиғаттың өзі сыйға тартқан киелі мекендер жетерлік. Өкінішке қарай, шетелдіктер жоқтан бар жасап, туристерді бауран отыр. Ал бізде қолда бар байлықты елдің игілігіне жарата алмай жатқанымыз қынжылтады.

Көлеңке

Әрине, тоталитарлық жүйе бізге туған жерімізді тарихи мен қасиетін түсіндірмек түгілі, ең далада еміи-ерін өмір сүруге де мүмкіндік бермеді. Талшық, тарылдық, қаштық, қуылдық, қырылдық. Бірақ тағы да еңсемізді тіктеп, елдігімізді бүтіндедік. Әдем тарихын зерделесек, ота-бабасының жерінен алысқа ұзамаған, соны құтты бесік етіп санауды халықтың бірі – біз боламыз. Ендеше, неге сол қастерлі тарихымызды, жауқұрық ерлігімізді, қасиетті жерімізді қайта жаңғыртып, әлемге өзімізді танытпаймыз деген ой жиі мазалайды.

Оқиғіштігі, қазіргі күнде өлкетанушыларға пақты баға берілмей келеді. Менің ойымша, өлкетанушы – 4 түлікті қамы үшін қыс қыстау, жаз жайлауда ел далаиы еркін аралап жүрген малшылар, арқасына мылтық асынған аңшылар, білегіне қармағын ілген балықшылар, жал басында жалпиып отырғанмен өлкенің өткені туралы жадына жаттап алғаны көп ақсақалдар, тағысын тағы ел далаиың ойы мен қырын 5 саусағындай білетін адамдар. Есесіне, бұл күнде туған жерін танымай кеткен тарихшылар (бәрі емес) бұл міндетті арқалап жүр.

Тағы бір жағынан «Қазақстанның қасиетті жерлерін» бағдарламасы басталып, ескерілмей келген талай қасиетті жеріміз анықталып, ел бара бастап еді, оның иесі табыла бастады. Бұған дейін жекеменшікке өтіп кетіп, көне қорымдардың үстіне үй салып, көне қалаиың орны етістікке айналып кеткендері қаншама?! Жалпы, қасиетті деп танылған нысандар мемлекет меншігіне өтіп, қатаң қорғауға алынуы керек. Сонда ғана жағдай тұрақтанатыны белгілі. Қазір жерімізді қорғау, атамекеніміздің ардақтау туралы жекелей де, көпшілікпен де пікірі өстіліп жүр. Ол үшін алдымен өз өскен өлкеміздің толық танушымыз керек.

Қазақстан – әлемдегі табиғи байлығы мол мемлекеттің бірі. Біріккен Ұлттар Ұйымының «Елді ашаршылықтан қорғау» деген өсімдіктер тізіміне Жетісу жерінен 25 өсімдік енгізілген. Осы өсімдіктерді қорғау мақсатында Жетісу өңірінде 2010 жылы «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ерекше қорғалатын аумақ ретінде құрылды. Сәябақ апшалмас бұрын «Тәуелдің жабайы алмасының XXI ғасырдың бау-бақтарына дейін» деген тақырыпиен «Жоңғар Алатауының» құрамына енетін тауларының толық картасы жасалды. Сол үста бұрынғы 37 генетикалық резерваттың 11-і ғана сақталып қалғаны белгілі болды.

Бүгінде әлемде 30 мыңнан артық өсімдіи алма сорты болса, Америка, Африка, Еуропа, Азия құрлығында өсетін алманың үш тегі саналатын Сиверс алмасы «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық сәябағының аумағында өседі. Сәябақ алаңының 1,5%-ын Сиверс алмасының жабайы жемісті алқаптары алып жатыр. АҚШ-тағы Гарвард университетінде халықаралық генетикер әлемдегі өсімдік атауының атағетінің пирамидасын жасаған. Оның ең басында Жетісу тауы аймағында өсетін жабайы Сиверс алмасының гені тұр. Сондай-ақ, оның Азия, Еуропа, Африка, Америка елдеріне тараған бағыты көрсетілген.

Өкінішке қарай, жоғарыда аталған Гарвард университетіндегі өсімдіктердің атағеті бойынша Жапониядағы Сакура ағашы Сиверс алмасынан кейінгі 20-орынға орналастырылған. Ал Жапондар сакураны өз елінің символы деп санайды және оның гүлі бейресми елтаңба мәртебесіне ие. Жыл сайын наурыз айының басында сакура ағашы гүлдегенде оны тамашалау үшін әлемнің әр түкпірінен 10 миллиондаған турист келеді. Бұл дегеи қаржы. Ал әлемдегі алманың атасы болған Сарқандағы Сиверс алмасы гүлдегенде аттам жерде тұрған өзіміз бармаймыз. Демек, қолда бар байлықтың қадірін кетіріп жүрміз. Оның ең түпкілікті себебі – осы байлықтарды әлемге насихаттап, жеткізе алмай жатқанымызда. Өткен жылы «Жоңғар Алатауы» табиғи сәябағының үйымдастырушысы бірінші рет «Сиверс алмасының гүлдеуі» атты этнофестиваль өткені көңілге демеу болды.

Бүгінде біз шетелге шыққан сол елдің ұлттық кәдесыйларын ала келеміз. Әрбіріміздің үйімізде Еуропа, ТМД елдерінің кәдесыйлары бар. Ал елімізге туристік сапармен келген шетелдіктер қазақ халқының ұлттық құндылығын білдіретін кәдесыйларды таппай қиналады. Базарды, туристік орталықтарды Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан шеберлері жасаған дүниелер жаулап алған. Бұл да өзекті өртер мәселе.

Статистикаға сүйенсек, көрші Қырғыз елінде ұлттық өнерді өркендететін түрлі бірлестіпке 12500 шебер тіркелсе, Өзбекстанда 25000-нан артық шебер бірікпеи. Ал еліміздет бірлестіктер 1300-ге жуық шеберді қолдап отыр. Демек, отандық және ұлттық өнерді дамытатын шеберлерге деген қолдау жоқтың қасы. Туризм саласын дамыту арқылы экономикалық кірісін арттыруды көздеп отырған Жетісу облысы мәнделті түрде көзінер шеберлеріне деген қолдау арнасын реттеуі керек.



Тілші түйіні:

Туған жеріне кіндігімеи байланбаған тірліктен жерін қорғайтын батыздық та шықпайды. Айта кетерлігі, Жетісудағы қасиетті жерлерді анықтау мен қорғау жұмысы кейінгі кездері қолға алынбады. Бұл істің басы-қасында жүрген өлкетанушы, тарихшы, шежіреші, географ, архитектор, тағы да басқа сала мамандарының жұмысын реттейтін заңдық және құқықтық негіз әлі қалыптасқан жоқ. Туризмнің байлығына айналдыруға болатын нысандар жеке тұлғалардың иелігінде. Бірі жайлауында, енді бірі жеке мүлкі ретінде тіркелген. Жеке тұлғалар оны өркендетуге құлықсыз, кейбіреуінің қаржысы жетпейді. Сондықтан бұл жерлер мемлекет меншігіне қайтарылып, қолдау танытудың арнасы айқындалғаны дұрыс. Туристік нысандарды кешенді зерттеу жұмысы ойдағыдай жүргізілмегендіктен оны әлемге насихаттаудың жолы қалыптаспаған. Туризм бағытындағы жобаларға мемлекеттік қолдау болғанымен қол жеткізгендердің қатары аз. Біз туризмді өркендетеміз десек, осы кедергілерді шешуіміз керек.

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

✓ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ

Панфилов ауданында жалпы 44350 гектар жерге әртүрлі дақылдар мен көкөністер өсіру жоспарланда. Оның ішінде егін шаруашылығында негізгі жетекші дақыл жүгерінің егістік көлемі 26620 гектарды қамтымақшы. Бұдан басқа мың гектарға жуық арпа, бидай, 920 гектарға картоп, 595 гектар жерге көкөніс, 130 гектарға бақша, 115 гектарға көпжылдық шөп, 36 гектар күнбағыс өсіру көзделуде. Көктемгі егіс жұмыстарына 665 тонна жүгері, 79,6 тонна арпа, 103,4 тонна бидай тұқымдары дайындалған.

Науқан табысты өтуде

Мырзағали НҰРСЕЙІТ



Жүгерішілер жылдағымай сәуір айының алғашқы айтасынан бастап алдымен егіс алқаптарын суғарып алып, одан соң ізе-шала жер жыртып, тұқым себуді бастап кеткен болатын.Оған дейін топырақ жылуын талғамайтын жаздық бидай, көп және біркелкі шөп, картоп, майлы дақылдар егу жұмыстары қолға алынып, жоспарланған іс тиянақты тындырылды.

Егістіге мәлім, құйқалы құнарлы жер ғана жомарт. Аудандағы егін егістік суармалы жердің бәрі дерлік табиғи құнарынан айырылған. Сондықтан тәжірибелі егіншілер тыңайтқыштарды молынан пайдалануға үміт артады. Ал мемлекеттен жүгері өсіруге жеңілдіктен бөлінетін минералды тыңайтқыш сатып алу жоспары 8403 тонна болса, бүгінгі күнге дейін нақты сатып алынғаны 5500 тоннаға дейін жетті. Ақтау қаласындағы «ҚазАзот» кәсіпорны мен Тараз қаласындағы «Қазфосфат» зауытына 2525 тонна тыңайтқыш алуға келісімшарт жасалған. Бүгінде Алтынкөл станцысына 22 вагон тыңайтқыш жеткізілді. Бұл бикл өсірілетін жүгері алқабын құнарландыра түсуге жеткілікті. Жүгершілерге нақты мүмкіндігіне қарай жоспарлағандағыдан екі есе артық минералды тыңайтқыш қажет. Бұл орайдағы ташымалық тауқыметін егіншілер «құрыққа сырық жалғап», мал қораларынан шыққан көңді алқаптарына шашып амалдан жүр. Бикл ауданы бойынша жалпы 33000 тонналан астам органикалық тыңайтқыш егістіктерге сіңірілді.

Егіншілер дала өндірісінің жаңа технологияларын қолдануға ерекше ден қойып келеді, әсіресе тамшылатып суару әдісі тиімділігін танытып тұр. Аудан бойынша 2128 гектарға тамшылатып және жаңбырлатып суару тәсілі қолданылады. Оның ішінде «Жаркент-фрукт» ЖШС 1050 гектар жеміс бағын, «Қоғалы-Агро» ЖШС 303 гектар егістік алқабын тамшылатып, 300 гектар көпжылдық шөбі мен жүгерісін жаңбырлатып суаруды бастағалы төрт жыл болса, өткен жылдан бастап Қоцыролең ауылдық округінің диқандары 72 гектар көпжылдық шөпті жаңбырлатып суаруды қолға алды. «ОТ Агрохолдинг» ЖШС 250 гектар, «Нұрқайрат» ЖШК 40 гектар алқабына жаңбырлатып суару әдісін пайдалануда. Бұлардан басқа «Айкерім», «Айсұлтан», «Ильманов.Қ» қожалықтары да жаңа технологияны қолдана бастады. Бұл егін суғаратын суды үнемдеуге айтарлықтай көмегін тигізіп келеді.

Панфилов ауданындағы жүгері егістігінің көлемін игеру толықтай техникаға тәуелді. Сондықтан өндірдегі жеке шаруа қожалықтары тапқан табысының басым бөлігін ауыл шаруашылық техникаларын сатып алуға жұмсап жүр. Ягни, өндіре жер өңдейтін тегеуріндегі «темір тұлпарлардың» паркі жыл өткен сайын жаңаруда. Бикл көктемгі егін егу науқанына ауданда жалпы 1231 бірлік ауылшаруашылық техникалары қатысуда. Бұдан тыс жылдың алғашқы үш айында ғана жаңекелтік шаруалар 110,6 миллион теңгеге ауылшаруашылық техникасын сатып алды.

Жаркент өңірінің егіншілері көктемгі жүгері егу науқанына бикл да тыңғылықты дайындалып, іске кірісті.

Панфилов ауданы

✓ МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

Ардагерлерге биржолғы көмек беріледі



Бикл Жетісу облысында Жеңістің 78 жылдығын мерекелеу қарсаңында 2309 азамат жалпы сомасы 156,7 млн. теңге көлеміндегі биржолғы материалдық көмек алады. Оның ішінде Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында облысымызда тұратын соғыс ардагерлері мен қатысушыларға 1,5 млн. теңгеден төленеді.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, бүгінде өңірімізде Екінші дүниежүзілік соғыстың 8 ардагері тұрады. Олардың барлығы 9 мамырға дейін әркайсысы 1,5 млн. теңгеден алады. Сондай-ақ жыл басынан бері ардагерлерге коммуналдық қызметтер үшін төлем ретінде 250 мың теңге төленді. Осы мақсатқа қаражат жыл соңына дейін де қарастырылған. Төлемдер ай сайын 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүргізіледі.

Соғысқа қатысушыдар мен мүгедектер қажеттіліктеріне қарай есту аппараттары, протездік-ортопедиялық бұйымдар сияқты әртүрлі техникалық көмекші, гигиеналық құралдармен, сондай-ақ санаторийлік-курорттық жолдамалармен бірінші кезекте қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ ҚСРО-ның қорғауынан басқа кезеңдерінде майдан шебінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін атқару кезінде жараланған, контузия алған, мертігіп қалған, мүгедек деп танылған 90 әскери қызметшіге биржолғы материалдық көмек ретінде 100 мың теңгеден жалпы сомасы 9,0 млн. теңге төленеді.

Сондай-ақ Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлерде, гетто-лларда және басқа да мәжбүрлі ұстау орындарына қамалған кезде көмелеттік жасқа толмаған азаматтарға 100 мың теңгеден беріледі. Облысымызда бұл санатқа кіретін 1 адам тұрады.

Соғыс кезінде қаза тапқан (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған ата-анасы мен жесіріне (бұл санатқа жататын өңірімізде 19 адам бар) 60 мың теңгеден төлем жасалады. Төлемдердің жалпы сомасы 1,1 млн. теңгеден асады.

Осындай қаражат сомасы қайтыс болған соғыс мүгедектерінің немесе мемлекет тарапынан қарастырылған жеңілдіктері бойынша соғыс мүгедектеріне теңестірілген азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған жұбайларына да қарастырылған (бұл санатқа жататын өңірімізде 32 адам бар). Бұл санаттағы азаматтарға барлығы 1,9 млн. теңгеден астам қаражат көзделген.

Соғыс жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусымнан 1945 жылғы 9 мамырға дейінгі аралықта кемінде 6 ай жұмыс істеген (қызмет еткен) және тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен наградталған адамдарға, сондай-ақ осы кезеңде медальдармен марапатталған адамдарға да 60 мың теңгеден төленеді. Осы санаттағы 2159 адамға жалпы сомасы 129,5 млн. теңгеден астам қаражат қарастырылған.

Сонымен қатар облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының хабарлауынша, 2013 жылдың соңына дейін 6 жекелеген санат бойынша ардагерлерге 150 мың теңге мөлшеріндегі әлеуметтік төлем төленеді. Олардың қатарында Ауғанстандағы ұрыс қимылдарына қатысушылар, Семей ядролық полигонындағы сынақтардан зардап шеккендер мен Чернобыль АЭС апатының салдарын жоюға қатысушылар да бар.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

✓ «JETISÝ» ЖАЗЫП ЕДІ

Көтерілген мәселе шешімін тапты

Газетіміздің 11 наурыздағы №29 нөмірінде «Шалғай ауыл шарағы» айдарымен «Сүптайдың болашағы жоқ па?» деген мақала жарық көрген болатын. Осы мақалада көтерілген мәселелер төңірегінде қандай жұмыс атқарылып жатқаны жайлы Панфилов ауданының әкімі Марат Сағымбекке хат жолдап едік. Міне, сол хаттың жауабы ретінде қуанышты хабар келді.

Қажет АНДАС

Жалпы, Панфилов ауданы Жетісу облысына экономикалық салым салатын өңір санатында. Шегара шебінде орналасқан мекеннің бүгінгі тандағы өркендеп-өсу қарқыны жақсы. Дегенмен, аудан аумағындағы шалғай ауылдарда әлі де шешімін күткен мәселелер жетерлік. Соның бірі – кезінде тіршілігі дүрілдеп, облыстан асып, одаққа даңқы жеткен Сүптай ауылындағы ауызсу, жолдардың жөнделуі, мектеп, Мәдениет үйі, медициналық пункт сынды өзекті мәселелер тұрғындардың дегбірін қашырып келе жатқаны анық. Аудан әкімдігінің жауабына қарағанда, сол түйткілдердің түйіні тарқатыла бозынты. Осы қуанышты жаңалықты газет арқылы оқырманға жеткізуді жөн көрдік.

Хатта айтылғандай, Жаскөкт ауылдық округіне қарасты Сүптай ауылындағы ауызсу құбыры орналасқан жер телімінің құжаттары заңдастырылып, әділет басқармасына тіркелген. Бүгінде Сүптай ауылының су құбырын қайта жаңарту және салу жұмысына аралған бағалау құжаттары (ПИР) дайындалған. Демек, көп өтпей сүптайлықтар ауызсуға қатысты қиындықтан арылады деген сөз.

Шалғай ауылдардағы тағы бір өзекті тақырып – жол мәселесі еді. Бұл қиындық Сүптай ауылын да айналып өтпеген. Сүптай ауылында бұған дейін де бірақ көшеге асфальт төселген. Енді ауылдағы Б. Момышұлы мен Абай көшелеріне орташа жөнделу жұмысын жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттар дайындалып, Панфилов аудандық тұрғын үй-коммуналдық жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінде және ауданның экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінде өткізілініті. Демек, бұл жұмыс та көп өтпей өз нәтижесін көрсетеді деген сөз.

Ауылдағылар: «Сүптай орта мектебінің құрылысын қайта жаңғыртып, балабақшада бізім алып жатқан балалар жаңа мектепте оқиса?» деген ұсынысын біз арқалы жеткізген еді. Ауылдастардың тілегі орындалатын болыпты. Сүптай орта мектебін қайта жаңғырту үшін жобалау жұмыстарына аралған бағалау құжаттары дайындалып, аудандық бізім бөлімінде өткізілгені белгілі болды. Сонымен қатар, жаңадан фельдшерлік дәрігерлік пункт салу үшін 2000 шаршы метр жер телімі бөлініп, құжаттары заңдастырылуда. Тиісті құжаттар әзірленіп, қажетті қаржы бөлінген соң мектеп те, фельдшерлік дәрігерлік пункт те жүртшы қуанышын сезбемек. Ауылдағы интернет байланысының нашарлығы да мақалада көрсетілген еді. Аудан әкімінің жауабында: «Сүптай ауылына көмекші байланыс тіректі орнату және оған қызмет көрсету үшін жер телімінің сызбасы дайындалып, заңдастыру жұмысы жүргізілуде», – деп жазылған.

Тағы бір жағымды жаңалық, Сүптай ауылында жастар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізу мақсатында шағын футбол алаңының құрылыс жұмысы жүргізілуде.

Ең алдымен газет көтерген мәселені ажыратып қалдырмай мақалада айтылған жағдайды толық талдап, жүртшы көкейіндегі сауалына нақты жауап беруге аудан әкімдігіне алғысымыз мол. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, билік, басылым, тұрғындар бірлесе жұмыс істесек, алынбайтын қамал болмайтыны анық.

✓ КӘСІБІ – НӘСІБІ

ШАРУАСЫ ШАЛҚЫҒАН

Ауданда ғана емес, еліміздегі тенденссіз қожалықтың бірі – «Салем Құс» ЖШС. Бағдат Серікқожаевтың идеясы арқалы ашылған бодене шаруашылығы жөнінде аз айтылып, көп жазылғаи жоқ. Былтыр бодененің 6 миллион жұмыртқасын, 5 тонна етін өндірді. Бикл күнінде 20 мың дана жұмыртқа мен 20 келі бодене еті сатылымға шығып жатыр. Жұмыртқалары ел нарығына шықса, бодене еті экспорттағыпі БАӘ тасымалданады. Тасымалдау тұрғысында болатын қиындықтарқор аз емес. Әйтсе де қожалық қызметкерлері орайын тауып, жұмыс күшін реттеп отырады. Қожалыққа қатысты мәселе жөнінде Бағдат Серікқожаев: *«Бодененсе арналған тәлім 20 қосқадан тұрады. Оны еліміздің әр өңіріпен жинаймыз. Негізгі қосқа – сол, бидай, жүгері. Бізге қымбатқа шығатыны да, қалтаға салмақ салатыны да сол болып тұр. Осы тұрғыда сол несі-*

Ескелді ауданы – аумал шаруашылығын дамытып, оны өркендетуге қолайлы өңірлердің бірі. Бүгінде мемлекет қолдауы мен инвесторлық жұмыс арқылы өз жобаңды жүзеге асыруға тамаша мүмкіндіктер бар. Би бабаңнан атындағы ауданда орналасқан үш нысанда – түшпарасымен танымал «Ли-Шан-Шин», бодене еті мен жұмыртқасын өндіретін «Салем Құс» қожалығы, сүт тауарымен айналысатын «Сүт Мастер-М» фермасында болдық. Жұмыстарын көрдік, өнім сапасына мән бердік.

ретін суғармалы жер болса» – дейді. Біз барғанда аумағын кеңейтіп, тағы да бодене алғалған қосымша жалы орын салып жатты.

«Вкусвишки» түшпарасы облысымызда кеңінен танымал. Саудала өтімді. Кәсіпорын Карабұлақ ауылындағы Оразбеков көшесінде орналасқан. Сиыр, қой, жылқы, шошқа етінен жасалған түшпарға сұраныс ерекше. Етті жергілікті шаруалардан алады. Бұл жерде жыл ырмаға жуық қызметкер бір ауысыммен жұмыс істейді. Иесі Сергей Ли Шан Шин Көкөу ауданында дүниеге келген, іскерлік жолды ерте жастан серік еткен. Жұмысшылардың барлық жағдайы жасалған.

– *Осы жерде табан аудармастан көп жылдан бері жұмыс істеп жатқандар бар. Өзін де осы орталқ қосылғанына қуанышымын. Ал өніміміз таза, табиғи. Жүз қосағымыз, қалағы таза ет. Сондықтан да бізлер, тұтынушылар ретін. Үйде қалай жасасақ, осы жерде де дәл солай дайындаймыз. Аумақ ішінде осындай орын ашылып, көптеген адамдар жұмысқа қамтылып отыр. Жалақысы жақсы, тұрақты, – дейді* кәсіпорын қызметкері Алмагүл Увансынова.

Аудандағы Көжазық ауылының іргесінде орналасқан, 200 басқа арналған тауарлы-сүт «Сүт Мастер-М» фермасы 2021 жылдан жұмыс істейді. Инвесторлық жобалардың бірі. Ферма басшысы Фарид Жаһангір ферма қуаттылығын 200 бас сауын сиырдан 600 басқа дейін кеңейтуді жоспарлап отыр. Бастапқыда Германиядан 33 бас, былтыр 34 бас голыштин тұқымды сиырлар алып келген. Өткен жылы 160 тонна сүт өндірілді. Бикл күнінде 60 сиыр сауылады. Тәуліктік сүт сауымы – 800 литр. Ал сауылған сүт Көксудағы «Арқабаев ЛТД» ЖШС жеткізіледі.

– Малмен айналысып, бағып-қарап жүргеніме 40 жыл болды. Ғолыштин – сүтті, құнарлы, өнімді мал. Бұзауларын тез өседі. Сапыстырылып түрде алынған қарасөнім 5-6 айлық бұзауы жергілікті тұқымның бір жасарындай көрініп тұрады. Салмағы да, бойы да. Күтіміне арқасында сиырлар 30 литр сүт береді. Тағы да екі басқа сауу жоспарланып жатыр, мал басы көбейеді. Бұл ауыл азаматтары үшін де жақсы, тұрақты жұмысқа орналасуға мүмкіндік, – дейді Байқал Көптілеуов.

Біз барған, аралап көрген әр нысанның негізгі мақсаты – сапаға мән беру. Нарықтағы ең өзекті өнімнің көбейту. Табиғи, таза жергілікті өнім санын арттыру. Бұл тұрғыда мемлекет те қолдау көрсетіп жатыр, инвесторлар да іске кіріскен. Ауандағы әр нысан – ел игілігіне қызмет етсін.

Қали АСҚАР







Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Соңғы жылдары Жетісу жерінде қант қызылшасын өсіруге баса мән беріле бастады. Сөйтіп, жергілікті шаруалардың байырғы кәсібінің бойына қайта қан жүгірді. Бұл жұмыс биыл да жанданып, тәтті түбірге арналған егіс алқабының көлемі ұлғайды. Бағалы дақылды өсірудегі шаруа жайын облыстық ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдәулет Кененбаев айтып берді.

Жалпы, біз отандық агро секторды қолдау жұмыстарын одан әрі жалғастыра береміз. Соның арқасында Жетісу өңірі еліміздегі қант өндіретін орталықтың біріне айналады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Бағалы дақыл бапқа өседі

Айгүл БАЙБОСЫНОВА



– Нұрдәулет Сағадиұлы, көктеменің соңғы айына да келіп, жеттік. Бұл уақытта егіс жұмыстары қызып, қарбалас тірлік сонау күзге дейін жалғасады. Осы ретте қант қызылшасын өсіріп, алқабын ұлғайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар да аз емес шығар?

– Әрине, бұл туралы үнемі айтылып келеді. Өздеріңізге белгілі, Президенттің тапсырмасына сәйкес Үкімет қаулысымен «Қант саласын дамыту жөніндегі 2022 – 2026 жылдарға арналған кешенді жоспар» бекітілін, нақты іс-шаралар қарастырылды. Осыған байланысты биыл 8100 гектар жерге қант қызылшасын егу жоспарланды. Нәтижесі жаман емес. Бүгінге дейін 363 шаруашылық 7 689 гектар алқапқа қызылша тұқымын егуін үлгерді.

– Жалпы, биыл шаруалардың қызылша өсіруге деген ынтасы қалай, олар үшін мемлекеттен қарастырылған қандай жеңілдіктер бар?

– Шаруашылықтардың шығындарын ішінара өтеу мақсатында Мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаулар жылдан жылға артып келеді. Мәселен, биыл егін шаруашылығы бағытына 7,9 млрд. теңге бөлінді. Яғни, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,4 млрд. теңгеге жоғары. Оның ішінде минералды тыңайтқыштарды, пестицидтерді, басым дақылдарды, ауылшаруашылығы дақылдарының тұқымдарын субсидиялау бар. Жоғарыда атап өткеніндей, қант қызылшасын өсіретін шаруашылықтардың сатып алып, қолданған минералды тыңайтқыштары мен пестициидтері, тұқымдары үшін субсидиялар қарастырылған. Сонымен бірге, өткізілген 1 тонна қант қызылшасының субсидиялау нормативі 15-тен 25 теңгеге көтерілді. Нәтижесінде 1 тонна қызылшаның бағасы 40 мың теңгені құрайды. Ол үшін республикалық бюджеттен қосымша 2,2 млрд. теңгеге бюджеттік өтінім беріліп, мақұлданды. Көктемгі дала жұмыстарына аграрлық несие корпорациясының 2 бағдарламасы бойынша 2 583,7 млн. теңге алуға 109 өтінім мақұлданып, 82 өтінім берушіге 1 690,8 млн. теңге несие бөлінді. Соның ішінде «Кең далаға» 48 өтінім бойынша 800 млн. теңге, «Агробизнеске» 34 өтінім бойынша 890,8 млн. теңге берілді.



Былтыр 8100 гектар жерге қант қызылшасын егу жоспарланды. Нәтижесі жаман емес. Бүгінгі күнге дейін 363 шаруашылық 7 689 гектар алқапқа қызылша тұқымын егуін үлгерді.

1 тонна қант қызылшасының субсидиялау нормативі 15-тен 25 теңгеге көтерілді. Нәтижесінде 1 тонна қызылшаның бағасы 40 мың теңгені құрайды. Ол үшін республикалық бюджеттен қосымша 2,2 млрд. теңгеге бюджеттік өтінім беріліп, мақұлданды.

Биыл 40 мың тонна қант құрағын өңдеу жоспарда бар. Көксу қант зауытында жыл басынан бері 8 мың тонна қамыс қанты өндірілді. Жалпы биыл 92 мың тонна қант, оның ішінде 34 мың тонна қызылша және 58 мың тонна қамыс қантын шығару көзделіп отыр.

СҰХБАТ АЛАҢЫ

– Соңғы жылдары облыс бойынша қант қызылшасын өсіріп, жоғары өнім алып жүрген ірі шаруашылықтарды атап өтесіз бе?

– Қызылша егіп, өсірудің барлық кинәздығына төтеп беріп, мандай терлетіп жүрген шаруашылықтарымыз облыста аз емес. Олардың мақтан етіп айтуға болады. Мәселен, биыл Ескелді ауданындағы «Дюсенбинов А.» ШҚ 215 гектар, «Хльяненко и К» ШҚ 238 гектар, «Демеу» ШҚ 115 гектар, «Сарыев С» ШҚ 80 гектар, «Ж-А-нар» ШҚ 75 гектар, «Есимжанов М.А.» ШҚ 68,3 гектар, «Романенко В.П.» ШҚ 50 гектар, «Нам Г.Н.» ШҚ 75 гектар, «Несипбаев А» 50 гектар, «Климантович В.А.» 50 гектар, «Мирас» ШҚ 50 гектарға қызылша егелі. Ақсу ауданында да ерекше қырынан танылып жүрген қожалықтар бар. Атап айтқанда, «Аюхан» ШҚ 100 гектар, «Ақсу қант зауыты» ЖШС 60 гектар, «Дәулет Б» ШҚ 60 гектар, «Жақсылық» ШҚ 55 гектар, «Алихан» ШҚ 40 гектар, «Зейін» ШҚ 40 гектар, «Дидар» ШҚ 30 гектар алқапты осы дақылға арнаған. Ал Қаратал ауданында «Гладиус Қаратал» ЖШС 100 гектар, «Бақыт Қаратал» ЖШС 80 гектар, «Молжигитова» ШҚ 80 гектар, «Ерсмендік» ШҚ 70 гектар, «Хан Л.В.» ШҚ 50 гектар алқапқа тәтті түбір өсіреді. Кербұлақ ауданындағы «Қызылшоқы» ШҚ оны 500 гектар жерге дәп сеуіп, өнір экономикасының осуіне атсалысуда. Көксу ауданында да қызылша өсірушілер көп. Мәселен «Алан» ШҚ 220 гектар, «Қыдырәлі» ШҚ 134 гектар, «Құрақты» ШҚ 130 гектар, «Алим Тавр» ШҚ 111 гектар, «Кең дала» 86 гектар, «Жалайыр» ШҚ 85 гектар, «Қайнар Көксу» ШҚ 80 гектар, «Балпық» ЖШС 80 гектар, «Құрдалай» 40 гектар, Сарқан ауданында «Мұхамади» ШҚ 135 гектар, «Алмалы» ШҚ 100 гектар, «Мұханов К» ШҚ 100 гектар, «Абылқасымов» ШҚ 110 гектар, «Полухин Е.Ю.» 70 гектар, «Гүлдәурен» ШҚ 50 гектар, «Самал» ШҚ 57 гектар, «Мадияр» ШҚ 50 гектар, «Бекішов» ШҚ 50 гектар, «Сұлтан» ЖШС 40 гектар, Талдықорған қаласындағы «Жер ана» АШӨК 70 гектар жерге қант қызылшасын өсіреді.

– Ақсу, Көксу қант зауыттарының жұмысы бүгінде қалай жүріп жатыр?

– Көксу қант зауыты тарапынан шаруашылықтардың көктемгі дала жұмыстарына (1 гектарға 100 мың теңгеден) 567,8 млн. теңге берілді. (Әбдіс бойынша 340 шаруа қожалығынан 711,6 млн. теңге өтінімдер берілген). Ақсу қант зауытында өткен жылы қамыс шикізатын қайта өңдеу бойынша технологиялық желіні орнату басталып, бүгінде жұмыстар 98 пайызға аяқталды. Биыл 40 мың тонна қант құрағын өңдеу жоспарда бар. Көксу қант зауытында жыл басынан бері 8 мың тонна қамыс қанты өндірілді. Жалпы биыл 92 мың тонна қант, оның ішінде 34 мың тонна қызылша және 58 мың тонна қамыс қантын шығару көзделіп отыр.

– Қызылшаның қай тұқым түріне сұраныс басым немесе қайсысы көбірек егілін, өсіріледі? Жалпы, тұқым сапасына да тоқталсаңыз?

Жоспарланған 8,1 мың гектарға қажет тұқым 11,3 мың себу бірлігін құрап, шаруашылықтардан алдын ала 9,5 мың себу бірлігі бохатпен германиялық «KWS», американдық «BTS», француздық «Florimond Desprez» компанияларының тұқымдарына өтінімдер алынып, Көксу қант зауыты арқылы қамтамасыз етілді. Сонымен бірге 14 шаруа қожалығы 1,7 мың себу бірлігін (1,2 мың гектар) басқа тұқым өткізуші компаниялардан сатып алды. Тағы айтып өтетін мәселе, биыл 15 шаруа қожалығы 980 себу бірлігі болатын «Конвизо-Смарт» тұқымына өтінім беріп, 817 гектарға септі. Жалпы, жеткізілген тұқымның бәрі «Жетісу АгрЭкс» ЖШС аккредителген зертханасынан тексеруден өткізіліп, жоғары сапа көрсетті.

– Қант қызылшасын егіп, жинайтын техникалар ше?

– Басқармамен жүргізілген инвентаризация бойынша облыс аумағында қант қызылшасы дақылын егетін сепкіштердің саны 66 дананы құрады. Бүгінде алқаптар себу агрегаттарымен дер кезінде қамтылып, егіс жұмысы жүргізілуде. Сонымен бірге, облыс бойынша қант қызылшасының күзгі жинын-теріміне 61 дана комбайн қатысады деп жоспарлануда, оның ішінде өткен жүргізген комбайн 22, тіркемелі комбайн 39 дана (Ақсу 14, Ескелді 15, Қаратал 6, Көксу 13, Сарқан 11, Кербұлақ 2 дана). Аталған техникалар егіс жұмысы мен жинын-теріміне уақытылы жүргізуге септігін тигізеді. Жалпы, техникадан тарылмасыңдар.

– Суған тапшылық болмай ма немесе осы бойынша қандай жұмыстар атқарылуда?

– «Қазсушар» РМК Алматы филиалы және «Сарқаннирригация» РМК тарапынан суару науқаны жоспарлы және үздіксіз жүргізу, су тапшылығының, басқа да туындайтын мәселелердің алдын алу, шешу жөнінде жедел штабы құрылды. Суару науқанын сәтті өткізу үшін жұмыс жоспарына сәйкес іс-шаралар атқарылып болады. Мәселен, гидротехникалық құрылымдар қалпына келтірілуде. Суару науқаны мамыр айының 20-сына жоспарланған. Су арналары мен бөгеттерін тазалау жоспар бойынша жүруде. ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазгидромет» РМК-ның ағымдағы суару науқанына арналған тәулік өзендердің мәусымдық гидрологиялық болжамы туралы да айтып өтейін. Мәселен, Жетісу Алатауында (Көксу, Қаратал, Басқан, Тентек өз.) жауын-шашын мөлшері орташа көпжылдық нормадан жоғары (норма –134 мм., нақты – 237 мм.), алайда қар қоры орташа көпжылдық нормадан төмен (норма –118 мм., нақты – 98 мм.). Яғни, вегетациялық кезеңде су көздерінде су деңгейінің күрт төмендеуі байқалып, суармалы су тұрақсыздығы орын алған жағдайда суды бөлісу мен суармалы судың арнадан арнаға кезектеми алмастырып, мамандармен су өлшеу жұмысы жүргізілін, түнгі уақытта кезекшілік ұйымдастырылады.

– Бағалы дақылды өсіруге байланысты басқа да жоспарлар бар ма?

– Жоғарыда айтып өткеніміздей, қант өндіру саласын дамыту жөніндегі 2022 – 2026 жылдарға арналған кешенді жоспарға сәйкес 2026 жылға дейін қант қызылшасының егіс алқабын 15 мың гектарға жеткізу, мәселен биыл 8,1 мың, келесі жылы 10,7 мың, одан әрі жылы 12,2 мың гектар жерге қант қызылшасын егіп, 2023 жылы 287,5 мың тонна, 2024 жылы 374,5 мың тонна, 2025 жылы 427,2 мың тоннаға, сөйтіп, жалпы түсім 525 мың тоннаға жеткізіледі деп көзделіп отыр.

– Мазмұнды әңгімеңізге рахмет, жұмыстарыңыз жемісті болсын!

✓ Мемлекеттік бағдарлама: КҮНГЕЙ мен КӨЛЕҢКЕ

Игерілмей жатқан жер

немесе ел берекесі бүлінбесін десек

Өткен жылы аэрогарыштық зерттеулер нәтижесінде Жетісу облысында барлығы 857,2 мың гектар пайдаланылмаған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер анықталды. Бұл 4166 жер пайдалануышының иелігінде болған. Қазіргі дейін мемлекет меншігіне оның 128,5 мың гектары қайтарылды. Нақтылап айтсақ, 121,3 мың гектар жайылым, 6,9 мың гектар егістік, 300 гектар шабындық. Биыл 220 мың гектар пайдаланылмаған жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жоспарлануда. Жыл басынан бері 64,8 мың гектарға қайтарылғаны айтылады. Демек, жыл соңына дейін өткен және биылғы жұмыс нәтижесі бойынша 30%-ға жуық жер қайтарылады деген сөз.

Қажет АҢДАС



Десек те бұл бағытағы жұмыстарды өз деңгейінде атқарып жатқан да, тіпті нақты шаралар қолға алынбаған аудандар да бар. Мысалы, Ақсу, Ескелді, Кербұлақ, Панфилов аудандарын да өткен жылы пайдаланбаған жерлерді қайтару 13,2%-ды құраса, Ескелді ауданы 7,4% ғана орындаған. Президенттің тапсырмасы бойынша ауыл маңына жақын орналасқан жайылымдық жерлер мемлекет меншігіне қайтарылған соң жоспарға енгізіліп, халық мұқтажына, ал егістік жерлер нақты ауыл шаруашылығы пайдалануышыларына конкурс арқылы табыстауы тиіс еді. Алайда, Кербұлақ ауданынан басқа өңірлерде нақты жоспар бекітілмеген. Осының салдарынан ауыл тұрғындарына мал жаюға қажетті қосымша 688 мың гектар жайылымдық жерді бекітіп бере алмай отыр.

Жердің мақсатты пайдалануын қадағалау тікелей ауылдық округ әкімдерінің міндеті. Алайда жергілікті жерлердегі округ әкімдері қадағалау түрмақ, жер иелерінің артық жерді қандай мақсатта пайдаланып отырғанынан хабарсыз. Тіпті, мемлекет меншігіне қайтарудың заңға сәйкес өзіне жүктелген тікелей міндетін толық атқарудың тәртібін білмейді. Себебі, ауыл әкімдерінің тарапынан уақытылы мониторинг жүргізілмейді және инвест жобалардың іске асырылуы да бақылаудан тыс қалған. Сондай-ақ, аудан, ауылдық округ әкімдерінің жауапсыздығынан халық арасында наразылық туындауда. Бұл әлеуметтік желілерде жиі жарияланып тұрады. Мысалы, Ақсу ауданының Тарас ауылы, Ескелді ауданының Бақтыбай ауылы, Көксу ауданының Жамбыл ауылы тұрғындарының жер мәселесін көтеріп, шағымданған жазбалары әлеуметтік желілерде тарап жүр. Сонымен қатар, өткен жылы Ақсу ауданы әкімдігі Матай ауылдық округінің қосалқы жер қорынан заң талаптарын өрескел бұза отырып, 46 мың гектар жерге жүргізген конкурстың заңсыздығы ауыл тұрғындары арасында үлкен дау-дамайға айналғаны бәрімізге белгілі. Сонымен қатар ауыл тұрғындары арасындағы бірлігіне, ынтымағына сызат түсіп, ауыл ішінде ағайынды екі ауылдың арасында ұрыс-керіс орын алғаны да жасырын емес.

Былтыр облыс аумағында орын алған және барлық жұрт хабардар болып, жазасын ұстаткан жағдай басқаларға да сабақ болуы керек еді. Өкінішке қарай, осындай кемшілікті көре тұра Ескелді ауданының әкімдігі заң талаптарын өрескел бұзып, биыл 13 сәуірде Қайнарлы ауылдық округі аумағынан 225,8 гектар тәлімдік егістікке конкурс өткізіп, салдарынан тұрғындардың наразылығын туындатты.

Жергілікті биліктің кателігімен қатар тұрғындардың да жауапсыздығы көрінеді бастады. Мемлекет меншігіне қайтарылған жайылымдық, егістік, тәлімді жерлерді конкурс бойынша ұтып алған пайдаланушылардың арасынан да мақсатқа сай жұмыс өтемегендері анықталып жатыр. Оған Кербұлақ ауданы, Жоламан ауылындағы жер мәселесін айтуға болады. Ал жер дауы бір атаның баласының, тіпті бірге туған ағайындар арасындағы келіспеушілікті туындатуда. Қаратал ауданы, Қанабек ауылындағы ағайындылардың жер дауы да осыған сәйкес.

Ірі көлемде жер телімін алып, игермеген латифундистер де жетерлік. Айталық, Ақсу ауданы, Қапал ауылындағы «Күренбел» шаруашылығының 10,3 мың гектар жайылымды пайдаланбай отырғаны жайлы ауыл тұрғындары жиі шағымданып жүргенін білеміз. Ал Жер инспектор платформасы арқылы тексеріс жүргізгенде Сарқан ауданындағы «Жетісу биф» ЖШС 30,1 мың гектар, Алмалы ауылдық округінде 12 мың гектар, Амангелді ауылдық округінде 100 гектар, Екіаша ауылдық округінде 18 мың гектар, Ескелді ауданы, Алдабергенов ауылдық округінде «Агрофирма Жанатов» шаруашылығы 35,9 мың гектар, Қаратал ауданы, Бастөбе ауылдық округіндегі «Текелі Agro Servis» ЖШС 25 мың гектар, Балпық ауылдық округінде «Жекеембиев» ЖШС 16 мың гектар және Байшегір ауылдық округіндегі «Батыр» жеке кәсіпкерлігі 15 мың гектар жерді игермей отырғаны анықталған.

Бүгінге дейін облыстағы игерілмей жатқан жерлердің 30%-ын ғана мемлекет меншігіне қайтарғанда осындай келеңсіздіктер туындады. Демек, 857,2 гектар жерді толық қайтарғанша әлі қанша жаға ұстатар жағдайдың болаын нақты айта алмаймыз. Демек, біз тек игерілмей жатқан жерді қайтарумен қатар осы мәселеде туындайтын келеңсіздіктерді болдырмаудың да шарасын қатар аткара білуіміз керек.

✓ДИАГНОЗ



Денсаулық сақтау саласының білікті мамандарымен сұхбаттасып, халықтың көкейіндегі сұрақтарына жауап алу мақсатында ашқан «Диагноз» бетінің кезекті санын «Нұр-Авиценум» жекеменшік емдеу орталығының жалпы тәжірибелік дәрігері Жанар Қойшыбаеваға арнап отырмыз.

СКРИНИНГТЕН ӨТУ КӨП СЫРҚАТТЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Гүлжан ТҰРСЫН

– ЖАНАР ӘДІЛХАНҚЫЗЫ, КОРОНАВИРУСТАН КЕЙІН АДАМДАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНДА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛДЫ? АЙЫҒУ ПРОЦЕСІ АЯҚТАЛДЫ МА? ОСЫ УАҚЫТТА ӨКПЕ ДЕРТІ ТАРАЛЫП КЕТТІ ДЕУШІЛЕР БАР.

– Коронавирус 2020 – 2022 жылдары тұрғындар денсаулығына кері әсер етті. Дәрігерлер бұрын-соңды мұндай сырқаттың күрестегендіктен басында тосылып қалды. Алғашқы емдеу тәсілдері тиімсіз болды. Соның салдарынан ем қонбай, бірақтың созылмалы сырқаттарды қайта көзды. Көп адам қайтыс болды. COVID жұқтырған адамның иммунитеті оңайлықпен қалпына келе қоймайды. COVID-тің зардабын әлі шегіп жатырмыз. Ағза жұқпаның әсерінен арылуы үшін иммунитетті көтеретін кешпалары бар дәрумендер ішу керек. Бұл сырқат өкпе дертінің өршуіне әкелін соқтырды. Біршама адамның үйден емделуі, қалағаусыз жүруі туберкулез кеселінің жайылуына себепші болды. Денсаулық сақтау саласының мамандары өкпе дертінен зардап шегушілердің денсаулығы үшін күресуде.

– МЕДИЦИНА САЛАСЫНДАҒЫ БҮГІНГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ТОҚТАЛСАҢЫЗ.

– Медицина саласындағы өзекті мәселенің бірі – аудандық және ауылдық жерлерде білікті дәрігердің жетіспеушілігі. Сондай-ақ, алыс аудандар мен шалғай елді мекендердің медициналық құрал-жабдықтарының істен шығып, жаңартылмауы. Соның салдарынан әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына қаржы аударушыларда облыс орталықтарына немесе аналы медициналық орталықтарына жіберуге мәжбүр. Көбінесе УДЗ, МРТ, КТ сынды құрал-жабдықтарын жоқтан қасы. Осының салдарынан медициналық қызметке көңілі толмаған тұрғындар наразылығын айтып жатады. Дұрыс диагноз қою үшін сол заманауи аппараттарға түсу керек. Оз үшін ауыл халқы қалаға сабылады. Дәрігерге барар алдында ең бірінші терапевтке қаралу керек. Маман қай сала дәрігеріне бағаттының айтып, оның қабылдауына жазады. Сол уақытта сырқат бірақ уақытын жоғалтады. Бұл жүйе де сырқаттардың реншін тұдырып жатады.

– СЫРҚАТТАР ЖАСАРЫП БАРА ЖАТЫР ДЕП АЙТЫП ЖАТЫРМЫЗ. СОНЫҢ СЕБЕБІНЕ ТОҚТАЛСАҢЫЗ. ЯҒНИ БҰРЫН ОРТА ЖАСТАН АСҚАН АДАМДАРДА БОЛАТЫН СЫРҚАТТАР БҮГІНДЕ ЖАСТАРДА КЕЗДЕСУІНІҢ СЕБЕБІ НЕ?

– Иә, кәзір жастар да кәуіпті, созылмалы сырқаттарға шалдығып жатады. Экология, дұрыс тамақтанбау, зиянды әрекеттер адам ағзасын улауда. Менің ойымша, осының барлығының алдын алу үшін көптемде, күзде дәрігерге қаралып тұрған жөн. Бізде арнайы скрининг бағдарламасы бар. Сол бойынша дәрігерлерге тексерілу керек. Шақыру жіберіле де көп адам скринингтік тексеруге келмей қалады. Бұл – онкологиялық, қант диабеті, қан қысымы сияқты кеселлерді уақытында анықтауға мол мүмкіндік. Ағзада сырқат белгісі анықталса бірден ем тағайындалады. Сырқат жазылғанша дәрігердің қадағалауында болады. Ем ерте басталса сауығу мүмкіндігі де мол. Тез дайындалатын тағамдар, тағы бар тәтті сусындар, зиянды әрекеттер жастардың жас кезінен сырқат болуына әсер етеді. Көп жағдайда асқазан, бауыр, түрлі ішек ауруының пайда болуына себеп болады. Сондықтан да денсаулыққа уақытылы ден қойып, тұрғылықты мекенжайы бойынша дәрігерге тексерілін тұру абзал.

– СОЗЫЛМАЛЫ КЕСЕЛДЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ, ЕМДЕУ БАРЫСЫНДА ҮКІМЕТ ТАРАПЫНАН ҚАНДАЙ ШАРАЛАР ЖАСАЛУДА?

– Диспансерлік есепте тұратын науқастарға дәрі-дәрмек, шипажайлық ем тағайындалады. Кейбіреулеріне күндізгі стационар және шипажайлық курорттық жолдама беріледі. Үкімет тарапынан қаржыландырылады, соз арқылы созылмалы сырқаты бар адамдардың шипажайларда тегін дематуға мүмкіндігі бар. Сауықтыру орталықтары сырқаттың диагнозына қарай ем-дом, ас-ауқат беруді нақтылайды. Жаяу серуенден, көркем көріністерді көру де емделушінің өмірге құштарлығын оятып, жаңа күш береді. Ылғал айтқанда шипажай дәл қонакүй сияқты. Бұл жердегі басты айырмашылық, келушіге емдеу және сауықтыру жолдарын ұсынады. Шипажайда емделуін негізгі міндеттері: созылмалы сырқаттың симптомдарын төмендету, дәрілік терапия көлемінің төмендеуі, инфаркт, инсульт немесе сынық жарақаттарды, отадан кейінгі оналту, созылмалы және жаска байланысты ауурулардың пайда болуының алдын алу, жалпы денсаулық пен иммунитетті қатар нығайту. Сондықтан Үкімет тарапынан берілетін көмектерді алып, оның игілігін көру тұрғындардың өзіне байланысты.

– ЖАЗ МАУСЫМЫНДА АДАМДАР ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚАЛАЙ ҚҰТУ КЕРЕК? ҚАНДАЙ ШАРАЛАР ҚОЛДАНҒАНДАРЫ ЖӨН?

– Жазда күн сәулесінен сақ болу керек. Әсіресе қан қысымы жоғары кісілер уақытылы дәрілерін ішіп жүргені абзал. Күн мсыағанда суға түсуге құмартатынымыз рас. Ішімдік ішіп суға түсуге болмайды. Аяқ-қолы тартылып қалуы мүмкін. Балаларды судың терен жағына жібермеу керек. Бұлдіршіндерді көпден таза қылмаған жөн. Олар терен жерден шыға алмай қалатынын білмейді. Немесе жел соғып, толқын көтерілгенде суға шомылуға бармау керек. Лас суға түсуге болмайды. Тұрып қалған көлшікте бактерия болады. Егер құсып, бас айналып, дене қызуы көтерілсе бірден дәрігер шақыртқан жөн. Тау-таска барғанда да абайлаған дұрыс. Себебі, аллергия тудыратын шөптер болады. Бауырмен жорғалаушылар, дәрі себілген шөптер көуіпті. Сондықтан, жазғы демалысты ұйымдастырғанда сақтық шаралары қатаи сақталуы тиіс.

– АДАМ АҒЗАСЫНДАҒЫ СЫРҚАТТЫ НАҚТЫ АНЫҚТАП, ДИАГНОЗЫН ДҰРЫС ҚОЮ ҮШІН ҚАНДАЙ ӘДІСТЕР ҚОЛДАНАСЫЗДАР?

– Бірінщіден, келген емделушіден денсаулығына байланысты шағымдарын сұрайміз. Лабораториялық және инструменталық зерттеулер жүргіземіз. Мысалы, қан қысымы 160 /100 болса онда протокол бойынша анализдер алынып, УДЗ, ЭКГ, ВЭМ, СМАД секілді тексерулерден өткізіп, сәйкесінше диагноз қойып, емдеу шараларын бастаймыз. Диагноз қоюда мұқият болу керек. Дұрыс диагноз қойылмаса сырқаттың түзімді түрде емделуіне мүмкіндік берілмейді. Сондықтан да анализдердің қорытындысының маңыздылығы жоғары, себебі, сырқат түрі анықталады. Кейде анализ қорытындысының уақыты өтіп кетуі де мүмкін. Онда жағдайларда анализ қайта тапсырылып, нақты сырқат белгісін анықтап алады. Диагнозды дұрыс қою – дұрыс емдеудің кепілі.

– ХАЛЫҚ ЕМІНЕ КӨЗҚАРАСЫҢЫЗ ҚАНДАЙ? МЫСАЛЫ, ТАҢДАЙ БАСУ, ҰШЫҚТАУ, ҚҰЙРЫҚ МАЙМЕН СЫЛАУ ЖАЙЛЫ НЕ АЙТАСЫЗ?

– Қазіргі таңда емші көп. Ол әрбір адамның өз еніміне, қалауына байланысты. Емделушілерге аналған бар, маңаған барма деп айта алмаймыз. Заман дамыған сайын емшілер тінті онлайн форматына көшкен. Адамның сүретіне қарап, оның қандай дертке шалдыққанын білу мүмкін емес. Білікті дәрігерлерге жүгінген дұрыс. Медицина маманы қандай дертке душар болғанынқалаы анықтап, емделу жолдарын көрсетіп, толық айыққанша қадағалайды. Ежелгі қазақтың емдеу тәсілінс келетін болсақ, халық еміпің ең дұрысы құйрық маймен сылау дер едім. Себебі, құйрық май емдік шөптердің сығындысы. Сондықтан құйрық майдың емдік қасиеті жоғары. Көп жағдайда құйрық майды баланың терісін жұмсартып, қан айналымын реттеу үшін жағады. Тек балаға емес, сонымен қатар, бұынсыздын ауырсынуы, сүйек, бас, іш, аяқ-қол сырқоранғанда үлкен кісілер ем болсын деп дәрігерлер жазып берген рецепт бойынша дәрімен де араластырып жағып жатады. Тек пайдасы болмаса мұның ешбір тигізер зияны жоқ.

– МЕДИЦИНАДА ЕМДЕЛУІ ҚИЫН, АУЫР ДЕРТТЕРДІ ЕМДЕУДЕ ҚАНДАЙ ЖАҢАЛЫҚ, ӘДІСТЕР ҚОЛДАНЫЛУДА? ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ СЫРҚАТТАРДЫ АЯҒЫНАН ТҰРҒЫЗУДА КӨМЕГІ ҚАНДАЙ?

– Қазақстанда медицина қарқынды дамуда. Шетелдік білікті мамандармен дәрежесі тең. Небір күрделі отадарды да өзіміздің жерілікті дәрігерлерден жасатуға болады. Мысалға алатын болсақ, бауыр, жүрек, өкпе, ұйқы безі, бүйрек трансплантациялары секілді ауыр отадар жасалынады. Осындай күрделі отадардан кейін емделушінің сырқатының деңгейіне байланысты арнайы оналту орталықтарына жолдама беріледі. Отадан шығып, денсаулығын нығайтып, емделіп шығуына зор мүмкіндік деп айтуға да болады. Сол себепті де оналту орталықтары көптеп ашылуда. Тұрғылықты мекенжайына байланысты орналасуға болады. Мұндай орталықтарда мүмкіндігі шектеулі балаларға да көп көніл бөлінуде. Әр емделушіге сәйкес оналту шаралары жүргізіліп, аяғына тұрып кетуі де әбден мүмкін. Қорыта келе айтарым, қандай да бір сырқат болмасын соны қабылдап, нық ұстаныммен жүріп және білу керек деп ойлаймын.

✓ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ



ӨКІМГЕ ЗӘРУ АУЫЛ
ДИРЕКТОР ТҰРАҚТАМАЙТЫН МЕКТЕП

Газетіміздің 1 сәуірдегі №38 санында Ақсу ауданының Қосағаш ауылы жайлы «Әкімге зәру ауыл, директоры жоқ мектеп» тақырыбында мақала жарияланып еді. Сол мақалада шалғайдағы ауылдың экономикалық, әлеуметтік, білім, тағы да басқа салаларына қатысты бірқатар мәселе көтерілген. Осыған орай біз аудан әкімі Берік Тынышбаевтың атына хат жолдап, аталған мәселелердің жай-жапсарын білмекке тырысқан болатынбыз. Аудан әкімі газетте жарияланған материалда айтылған келеңсіздіктерге нақты жауап берді.

Сырғытпа жауап болмасын

Қажет АҢДАС

Мақалада ауылдық мектептің жағдайы туралы бавидап, онда орын алып отырған келеңсіздіктер туралы айтып едік. Аудан әкімі осы мәселеге: «... Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімінің «Абай атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 1979 жылдың 1қыркүйегінде құрылып, мектепке қазақ халқының ұлы ақыны Абай есімі берілген. Бүгінгі таңда мектепте 34 мұғалім еңбек етіп, 131 оқушы білім алады. Шағын ортақшада 38 база, мектепалды дайрық тобында 12 база тәрбиеленеді.

Аталған мектептің ғимараты 1985 жылы 640 орынға лайықталып салынған. Жалпы ауыаны 3186,3 шаршы метрді құрайды. Мектеп ғимараты сұйық отынмен жылытылады. Өткен жылыту маусымына бекітілген 33730 литр сұйық отын толығымен берілген. Жалпы, 1 шаршы метрге 10,5 литрден аймазады. Ағымдағы жылдың шұрық айында қосымша 2000 литр сұйық отын жеткізілді. Жылыту маусымында 35730 литр сұйық отын толығымен мектеп есебінен шығарылды. Мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жұмысын жүргізу үшін жобалық-сметалық есеп дайындалуда. Күрделі жөндеу жұмысы 2026 жылға жоспарланған.

Биыл білім шаңырағының қолжібек, баскетбол, футбол, асық ату, теннис, дойбы ұйымдеріне 81 оқушы қатыстырған. Сонымен қатар, спорт мектебі тарапынан волейбол ұйымесі құрылып, оған 18 оқушы қатысады. Бөкенбе қыстақ айында ауа райының құрт сұытуына байланысты КР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы «Қолайсыз ауа райы жағдайында орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымдарында сабақтарды тоқтату қағидасын бекіту туралы» №42 бұйрығына сәйкес мектептілік бұйрық шығарылып, сабақ уақыты қысқартылған.

2021 жылы мектеп директоры өз еркімен ұйымдастырған кемуіне байланысты КР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық тағайындау қағидасын бекіту туралы» №57 бұйрығының (КР Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 513 бұйрығымен өзгерістер енгізілді) 2-тарауының 7-тармақшасында «Бірінші басшының бос немесе уақытша бос лауазымының міндетін орындау осы білім беру ұйымы басшысының орынбасарына және (немесе) осы білім беру ұйымының педагогіне конкурстық рәсімдер ақпталғанға дейін 3 айдан аспайтын мерзімге жүктеледі» делінген. Бір адам қатарынан бір реттен артық бос немесе уақытша бос лауазым міндетін атқара алмайды», – деп жауап берінті. Демек, ауыл мектебін күрделі жөндеу жұмысы аудапның жоспарында тур. Бірақ орындалуы үшін уақыт керек.

Ауылдағы жастардың спортпен айналысуына қатысты көтерілген сұрақтарға: *«2022 жылдың қазан айының 21-де Ақсу ауданы, Ақсу ауылдық округі, Ақсу ауылында ауыл тұмасы кәсіпкер Сулейман Айдын Айқанұлының қаржылай демеушілігі, «Строй монтаж вектор» ЖШС қолдауымен жалпы құны 350 мың. теңге қаржыға «Ақсу ауылдық спорт кешені» деке шеиекіторуқұмақтыру кешені салынып, қолданысқа берілін, тұрғындарға қызмет көрсетуде. Сонымен қатар, биыл округе аумағындағы Шолақөзек ауылында жазалық футбол алаңын салуға Ақсу ауылдық округ әкімі аппаратының бюджетінде 19970 000 (он тоғыз миллион тоғыз жүз жеттіс мың) теңге қаражат қарастырылған», – деген жауап алдық. Дөмек, Ақсу ауылдық округі аумағында жастарды спортпен қамтуға қатысты мецеиаттардың қаржылай қолдауымен бірқатар игілікті жұмыстың атқарылып жатқанын көруеге болады. Бұл жақсылықтың ұшқыны уақыты келгенде Қосағаш ауылына да жетеді деген ойдамыз.*

Ауылдағы ағайынның тағы бір бас ауруы – су тапшылығы. Бұл біз соз еткен Қосағаш елді мекенінде де жиі сайын қайталанып отыратынын жасыра алмаймыз. Бұл жайлы да мақалада біраз өтініш айтылған еді. Ол жайлы аудан әкімі:«Ақсу ауылдық округіне қарасты Көкжайдақ, Шолақөзек ауылдарының шаруа қожалық иелерінің вегетациялық маусымда егістік алқаптарына суғару мәселесіне қатысты «Қазсушар» РМК Ақсу өндірістік учаскесі тарапынан 2024-2028 жылдарға арналып су қалалдарын механизацияланған тазарту жұмыстарының өткіу мақсатында әзірленген ақаулық актілер негізінде дайындалған тізбеге 2024 жылы ұзындығы 7 шақырым «Алыбай» су каналы, 2026 жылы ұзындығы 14,8 шақырым «Лагерь» су каналы, ұзындығы 30,7 шақырым «Таздмарық» су каналы, 2027 жылы ұзындығы 21,4 шақырым «Мамбетқұл» су каналы, 2028 жылы ұзындығы 18,2 шақырым «Қасқажол» су каналы енгізілін, «Қазсушар» РМК Алматы филиалына сұранпс жолданған. Қазіргі таңда Ақсу ауылдық округі аумағы арқылы өтетін су каналдарын механизацияланған тазарту, салу жұмысы «Ислам Даму Банкі» мекемесі арқылы қаржыландырылып, жүргізілуде», – деп жауап берінті. Әрине, өткенде «Қазсушар» РМК Алматы филиалының директоры Саят Құдайбергеновпен жүргізген сұхбатымызда Ақсу ауданындағы сулаларду жүйелерін «Ислам Даму банкі» арқылы жаңғырту жұмысының басталғаны туралы айтылған. Оның орындалу мерзімі де көрсетілген. Аудан әкімінің жауабы мен филиал директорының айтқандары да бір арнаға тоғысады. Демек, Ақсу ауданының сулаидыру жүйелерінің жаңғырту жұмысы аяқталумен бірге қосағаштықтардың шағымы да шешіледі деп түсіндік.

Аудан әкімінің жауабында жазылғандай, Ақсу ауылдық округіне қарасты Көкжайдақ ауылында 5345,0 гектар жер бар. Оның 518,0 гектары суармалы, 47,0 гектары тәлімді, 467,0 гектары шабындық, 4313,0 гектары жайылым жер. 2019 жылы Ақсу ауылдық округі бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға беру) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізілген. Оған 18 жер телімі қойылып, 80,0 гектар суармалы егістік ұсынылған. 2 рет өткізілген конкурс қорытындысына сәйкес аталған жер телімі пайдалануға берілген.

Иә, аудан әкімінің жауап хатында бірқатар көкейкесті мәселеге қатысты нақты жауап берілсе, кейбір сұрағымыз назарға алынбапты. Хатта көрсетілген жайттардың қалай орындалатынына алдағы уақытта да назарымызда болады.

✓ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА – 1 ЖЫЛ

Сәбилерге сыйлық жасады

Жетісу облысының құрылғанына бір жыл болды. Жыл айналып келген осынау датаны күні Талдықорғанда бірнеше шара ұйымдастырылды. Соның бірін айтар болсақ, облыстың құрылғанына дәл 12 ай толғанда дүниге есігін ашқан бүлдіршіндерге сыйлық жасалды. Облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ Талдықорғандағы перинаталды орталықта дүниеге келген 23 бүлдіршінге тербетілетін орындық сыйлады.



Гүлжан ТҰРСЫН

Мерекелік күні дүниеге келген сәбилердің 14-і ұл, 9-ы қыз. Бұл күні облыс бойынша 38 сәби дүниеге келді. Маусымның 8-і күні босанған әйелдердің 13-і талдықорғандық, қалғандары аудандардан келген.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Әйгерім Лебаеванқызы айтуынша, бүлдіршіндердің денсаулығы жақсы. Аналарының да жағдайы оңалып келе жатқанын айтты.

Аймақ басшысының іліпатына қуанған аналар Бейбіт Оксибайұлына деген алғыстарын жаудырды. «Дүниеге деп сәу ұрнақ әкелгеніміге шүкіршілік айтып жатқанбыз. Мына кәрметті көріп тіпті қуандық. Дүние есігін аша салып әкімнен сыйлық алған бөпелеріміздің болашағы жарқын болар деп тоқталадық», – дейді Жанар есімді келіншек қуанышын жасыра алмай.

Перинаталды орталықтың директоры Қанат Жұмашев былтыр дәл осы күні 21 сәби дүниеге келгенін айтты. Биыл дәл осы күні екі ұл артық туған, 23 сәби жарық дүние есігін ашыпты. «Бір қозы туса, бір түп жусан артық шығады» демекші, балалардың санының артуын жақсылыққа, несібенің артқандығына балаймыз.

Іңірлаған сәби үні перзентхана ішін жаңғыртып, жаңа өмірден хабар бергендей. Періштелер мекені аналардың қуанышты жүзімен жайнап сала берді.

✓ДАМУ

Жолаушы таситын автобус

«Ai-amiga» ЖШС компаниясы 2022 жылдан бастап жұмыс істейді. Аталған серіктестіктің негізгі қызметі Талдықорған қаласы тұрғындарын автобуспен тасу.

Компания бастапқыда «Айша» жеке кәсіпкерлігі ретінде жұмыс істеді. Кейіннен Талдықорған қаласы бойынша жолаушыларды тасу үшін автобустарды «Жигули» ЖШС компаниясына жалға берді. Сөйтіп, қала халқына қызмет көрсету бірте-бірте жандана түсті. Нәтижесінде компанияның автобус паркін ұлғайту туралы шешім қабылданды.

Өткен жылдың қараша айында компания тарапынан инвестициялық мақсатқа байланысты «Forte Bank» АҚ-дан несие алынды. «Даму» қоры жобаға «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» шеңберінде қолдау танытты. Сыйақы мөлшерінің 6%-ы субсидияланған жоба кепілдік беру құралымен қолдау тапты.

Қазіргі кезде компанияда 24 автобус бар. Олар күн сайын таңғы сағат 6-дан кешкі 20.00-ге дейін қала жұртшылығына қызмет көрсетеді. Автобус паркі жыл сайын жаңа көліктермен толығып отырады.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ
Талдықорған қаласы

✓БРИФИНГ

Демалушыларға да, табиғатқа да әсер етеді

Бейсен Құрайбек атындағы Журналистер үйінде «Демалыс орындарында, көлдерде, өзендерде, тауларда жүріс-тұрыс ережелері» тақырыбында брифинг өтті. Брифингіге экологиялық қордың директоры, экоактивист Сергей Тандеев баяндама жасады.

Спикердің айтуынша, демалыс орындарына, өзен, көл жағалауларына келген демалушылар қоқыстарды, қалдықтарды тастап жүре береді. Бұл– экологияға үлкен зиян. Осы тұрғыда аталған мәселені шешу жолында бірқатар іс-шара жоспар бойынша жүргізілмек.

– Демалыс орындарына барған адам қоқысты қайда тастарын білмей жатады. Осы тұрғыда келушілер жөнді ақпарат алмағанының кесірі боламыз. Мәселені шешуге болатын ең тиімді, оңай іс – демалыс орындарына көптеген қоқыс жәшіктерін, қоқыс тастауға болмайтынын айтілген тұрған белгісі бар тақтайшалар қою. Дәл осы арқалы экологиялық жағдайдың алдын алу шараларын ұйымдастыруға болады. Шашылған қоқыс тек адамдарға ғана емес, жануарлар мен табиғатқа кері әсер етеді, – дейді маман.

Сөзінің соңында Сергей Тандеев демалыс орындарында қоқысты тастамауға және экологияны қорғауға шақырды. Бұл тұрғыда алдағы уақытта арнайы акциялар ұйымдастырылмақ. Демалыс орындарындағы қоқыс келушілердің азайып кетуіне де, табиғаттың бүлінуіне де айтарлықтай әсер етеді.

Назым КӨШКІНБАЙ,
ЖУ-дің студенті

✓ Мемлекеттік бағдарлама: КҮНГЕЙ мен КӨЛЕҢКЕ



Ғылым мен техниканың кәсіпкерлік пен экономиканың халықаралық байланыстың өркендеуіне орай электр энергиясына деген сұраныс та арта түсті. Адамзаттың тіршілігіне сұ қалай керек болса, бүгінгі таңда электр энергиясына деген қажеттілік те сол деңгейге көтерілді. Жарты сағат жарықсыз қалсақ, бүкіл дүние шар айналып кеткендей күй кешетініміз анық. Кейінгі кезде жарықтың өшіретіні байқалып жатыр. Демек, ел болып электр энергиясына деген таппылықты жоюымыз керек. 2021 жылы Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ресейдің Владивосток қаласында өткен Шығыс экономика форумының пленарлық отырысында «Қазақстанға атом электр станысы қажет» деп атап көрсетті. Демек, біз атом электр станысына мұқтажбыз. Оның сан түрлі себебі бар. Дегенмен, «атом» десе жүрегі шайлығып қалған жерлестерімізбен арасында бұл нәтижке еңбағлық таныпын отырғандар да жоқ емес. Сондықтан біз Президент тапсырмасы мен тұрғындардың пікірін елеп-екшеп отырып, атом электр станысына деген қажеттіліктің күшеиі мен көлеңкесін бір тексеріп шыққымыз келді.

Қажет АНДАС

Көлеңке

Бүгінгі таңда энергетикалық қауіпсіздік бір елдің екінші елге тәуелді, экономикалық қиратарлыққа тап болмауының алғышарты-на айналды. Еліміз мұнайға, көмірге, темірге және басқа да қазба байлықтарға зәру болмағанымен электр энергиясын өндіретін су энергиясына мұқтаж. Бұл бүгін энергетикалық қауіпсіздік жағдандағы әлсіз тұсымыз. Кезінде біздің бабаларымыз судың басына таласып, талай қанды жорықтар жасады. Өйткені, олар су – тіршілік көзі екенін ежелден пайымдаған. Бүгінде еліміздегі электр энергиясының басым бөлігі су электр станысылары арқылы өндіріледі. Екіншіке қарай, кейінгі бірнеше ғасырда біз сол өзен бастауларынан айырылып қалдық. Еліміздің ағып жатқан өзендер бастауының көбі көрші елдерден келеді. Олардан ағып кіретін өзен суларын электр энергиясына айналдыру емес, аузыңу мәселесін шешу мен егіс алқаптарын суландыруға жеткізе алмай жатырмыз.

Кейінгі жылдары жел және күн энергиясын пайдаланып электр энергиясын өндіру кәсі де жиі қолға алына бастады. Бұл экологиялық таза энергия болып табылғанымен оны ұнтылас арналы елдің электр энергиясына деген сұранысын қамтамасыз етуге қазіргіше мүмкіндігі-міз жетпейді. Оның кейбір үйлесімсіз тұстары да бар. Жел мен күн таза жасыл энергия болғанымен оның өзіндік құны су және көмір, газ-бен өндірілетін электрден әлдекайда жоғары. Оны елімізде зор мөл-шерде өндірудің және ауыстық қонту көлемін шексіз артырудың мүмкіндігі аз. Сондай-ақ, жел энергиясы мен күн энергиясы тұрақсыз. Оның электр энергиясын аз немесе көп беруін табиғаттың өзгерісі белгілейді. Ал жылу энергиясын пайдаланып электр энергиясын алу экологиялық жағдайды нашарлатып жіберетінін ескермей болмайды. Өйткені, катты отынның шығатын көмірқышқыл газы ауаны былғай-ды. Қазір бүкіл әлем көмір шығындарынан бас тартып жатыр. Оның үстіне жылу энергиясына кеттейтін шығын кейінгі жылдары қауырт есіп барады. Мысалы, өткен жылдың өзінде 1 тонна көмір 25 мың теңгеге дейін көтерілді.

Қазіргі таңда еліміздің оңтүстік өңірінің экономикалық дамуы солтүстік өңірге қарағанда жылдам. Себебі, оңтүстікте халық тығыз орналасқан және өнеркәсіптену деңгейі де жоғары. Жыл сайын жер бетіндағы мен қоң байлығын пайдалану мөлшері электр энергиясын қоп мөлшерде талап етіп отыр. Сондықтан олар жетіспеген энергияны көрші елдерден импорттауға тәуелді. Керісінше, солтүстік өңірлер электр энергиясының бір бөлігін көрші Ресейге экспорттап отыр. Осы тұста: «Оңтүстік жетпеген электр энергиясын неге солтүстік өңірден алмайды?» деген сұрақтың туындауы да мүмкін. Себебі, электр энергиясын тасымалдаудың өз ерекшелігі болады. Оны шығыны мен кірісі, пайдасы мен зияны, бағасы мен құны сияқты түрлі жағдайлар тежеп отырады. Осыннан салдарынан электр энергиясы жетіспейтін өңірлер шарасыз түрде өзіндік құнын қымбаттатуға мәжбүр. Оның қымбаттауы зат бағасының көтерілуіне әкеледі. Ол бағаны шаруашылық тұрғындардың қалтасына жүк түсіреді.

Қанша жасырсақ та еліміздің электр қуатының тапшылығы бар, бұл энергетика саласына жүк салуда. Статистикаға сүйенсек, өткен жылы оңтүстік өңірлер электр энергиясының тапшылығын жыл бойы басып өткерді, ал биыл қаңтар айында еліміздің бұл тапшылық 4,2 млн. кВт·сағ құрса, ақпанда 23,3 млн. кВт·сағ. құрады. Әлі де сол электр энергиясына деген жетіспеушілік шешілген жоқ.

Сарапшылардың болжауынша, қазір еліміздің электр энергиясының сұранысы күннен-күнге өсуда. Сұраныс 2030 жылға қарай 136 млрд. кВт·сағ. ал 2050 жылы 172 млрд. кВт/сағатқа дейін өседі екен. Сондықтан сұранысты қанағаттандыру мен тоқтан электр станысыларының жұмысын тоқтатып, қайта жаңғырту кезек күттірмейтін мәселе. Болжам бойынша, 2030 жылға қарай 11-12 ГВт ток тарата алатын жаңа қондырғылар қажет болса, ал 2050 жылға қарай 32-36 ГВт ток тарататын жаңа қондырғылар керек.

ҚР Энергетика министрлігінің электр энергиясы мен қуаттылығының жеті жылдық болжамды балансына сәйкес 2029 жылға қарай электр қуатының тапшылығы 3 ГВт-тан асады деп күтілуде. Сондай-ақ, болжам бойынша, электр қуатының тапшылығы 2025 жылға дейін сақталады. Ал 2029 жылға қарай тапшылық 5,5 млрд. кВт·сағ. көлемінде болады. Бұл ретте қолда бар қуат қорының азаюы арта түседі. Тіпті, бұ болжағанған да жоғары көлемдегі қуат тапшылығына әкелуі мүмкін. Егер электр қуатының тапшылығы республика бойынша байқалса, онда оны көрші елдерден сатып алуға тура келеді. Демек, еліміздің энергетикалық жүйесі шетелге тәуелділіктен құлыпа алмайды.

Жан-жақтылы сараптай келгенде, атом энергиясы ғана еліміздің электр энергиясына деген қажеттілікті қанағаттандырып, көрші елдерге деген тәуелділіктен құтқара алады.

Күнгей


«Атом» десе аз-тоқымызды ала қашатынымыз жасырын емес. Өйткені жерлестерімі Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі жапондардың атомнан тартқан азабын біледі. Семей полигонының зардабын көзімен көріп өсті, Чернобыль апатында қапшама жерлестерімізді оған болғанын айтып та, жазып та жүрміз. Тіпті, өзімізді арамызға да соғыс кәсіретті жылдарын құрбандары жүр. Алайда, мұндай апат жыл сайын боға бермейді. Әлемді адам денесі деп елестетсек те бірде ауру, бірде сау тіршілікті жалғастыратынымыз анық. Әлемде кәзіре дейін 500-ге тарта атом электр станысы бар. Оның көбі АҚШ пен Еуропада орналасқан. Одан кейін Жапония, Қытай, Ресейде тұр. Сонымен бірге басқа дамушы елдерді қосқанда, жалпы 50 мемлекетте ядролық реактор бар. Елімізбен одастас Беларусь, Армения да ядролық реакторлың иелері. Олардың елінде күнде «Чернобыль» болып жатқан жоқ. Қайта атом энергиясының өнімі мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқалы электр энергиясы тұрғысынан басқаларға тәуелді емес.

Семей полигоны десек, расында атомның зардабын қазақтай тартқан халық жоқ. Бірақ «Атом электрстанысын салу Семей полигонын қайта қалпына келтіру» деген қорқынышпен арылуымыз керек. Без мұнда атом сынағын жасамаймыз, қайта елге керекті электр энергиясын өндіреміз. Ал атом электр станысына қажетті шикізат – уран десек, әлемдегі уран кенінде Қазақстан 1-орында тұр. Егер осы байлықты біз игілгенбесек, ертең көрші елдер шикізат ретінде арзан бағада сатып алады да, өндірген электр энергиясын қымбат бағада біздге сатып, 2 жеп біге шығады. Сосын: «Шикізатты сатып бітіп, өзіміз неге өндірмейміз?» деп бірімізді-бірміз кінәлаймыз да, жауласып жүреміз.

Жұрт арасында: «Елімізде атом электр станысын салуға кәзіргі тәжірибеміз жеткіліксіз» деген пікір де бар. Меніше, мұның өзі де негізсіз. Расында, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, электр энергетикасы саласына зор өзгерістер жасағанымен толықтай қамти алған жоқ. Оның құрылғылары әлі 1960-1980 жылдары пайдалануға берілгон энергетикалық құрылғылардың негізінде тұр. Бірақ бұл ел ішіндегі электр желілеріне тән келеңсіздіктер. Ондай жағдай көрші Қытайда да, кезіндегі Кеңес одағының құрамынан шыққан мемлекеттер мен Ресейдің өзінде де бар құбылыс. Ол атом электр станысын салуға шектеу бола алмайтын түсінікті. Өйткені, Қазақстан бүгінгі таңдағы жаңа технологияны енгізу, меңгеру, қолдану потенциалы тұрғысынан әлемдегі алдыңғы қатарлы 30 елдің қатарында тұр. Бұл тұрғыда атом электр станысының қызығын көріп отырған және осы істі қолға алуды жоспарлап отырған мемлекеттермен салыстырғанда көшілгіп тұрмыз.

Тағы бір жағынан, дәл қазір елімізде АЭС құрылысын салу бойынша элемнің ең үздік Франциянын мемлекеттік EDF компаниясы, Оңтүстік Кореяның мемлекеттік KHNP компаниясы, Қытайдың Ұлттық ядролық корпорациясы (CNNC), Ресейдің мемлекеттік «Росатом» компаниясымен жұмыс жүргізіліп жатыр. Алып құрылысқа құлық танытқан компаниялардың ішінде осы тәртіптің технологиясы бізден талапқа сай келіпті. Осы аталған 4 компанияның да әлемдегі орны, беделі, техникалық қуаты өте жоғары. Аталған айында корейлық KHNP компаниясының делегациясы Астанаға келді. Демек, олар да Қазақстанда салынатын АЭС құрылысына үміті.

Қазір шетелдік компаниялар арасында тағдау жүріп жатыр. Сондай-ақ, АЭС құрылысын салатын компаниядан капар оны ары қарай жүргізетін отандық техникалық мамандарды да дайындау ісі қолға алынып, көптеген талантты жастардың шетелдегі және еліміздегі жоғары оқу орындарында білімгілігін шыдам жатқанын білеміз. Демек АЭС қазақ жастарының дүлейлік технологиялық меңгеруге деген құлшынысына жол ашпы деген сөз. Осындың арасынан талай Қанша Сәтбаевтардың шығатынына сене беріміз.



Түйін орнына:

Абай хакімнің сонау XIX ғасырдағы қазақ балысына күйіне айтқан:

Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.

Сізге ешкім кім берер,
Жанбай жатып сөнеміз?
Дүние де өзі, ләл да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз, –

дегеи атақты ойеннің осындайда айтуға болады. Бүгінгі қазақ ол қазақ емес екенін білгеніміз жөн. Тағы бір жағынан, атом электр станысын салу атом қаруын құрастыру емес. Елдің электр энергиясына деген қажеттілігін қанағаттандыратын өндіріс орнын салу және бай шикізат қорын пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру. Уранның атом қаруы мен атом энергиясын өндіру әдісі ұқсағанымен оның адамзат игілгіне жұмсалатын пайдасы ұқсамайды. Атом энергиясын әлемде дамыған елдер ғана емес, дамушы елдер де өз игілгіне жаратып отыр. Сол үшін, «шегірткеден қорыққан егін екпестін» көріп келтірмей, атом десе ат-тонымызды ала қашпай елдің ертеңін ойлап, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысын қолдағанымыз дұрыс.

1 tamyz
2023 jyl
seısenbi

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

№87 (19226)

ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

✓ЖИЫН-ТЕРІН



ҚАМДАНҒАН ҚАПЫ ҚАЛМАЙДЫ

Бүгінде Панфилов ауданында 284 мыңнан астам қой-ешкі, 89 мыңнан астам ірі қара, 20 мыңнан астам жылқы және 350 түйе жазғы жайылымға шығарылып бағылуда. Жаз маусымындағы құрғақшылық аудан шауруларын алаңдатып отыр. Алдағы мал қыстату науқанына тыңғылықты дайындық қажет. «Қамданған қапы қалмайды» демекші, мал қыстату науқанына әзірден бел шешіне кіріскен абзал.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Сондықтан осыншa малды алдағы қыс маусымынан жеңіштен тарықтырмай шығару үшін 85380 тонна шөп, 23600 тонна жоңышқа, 28 мың тоннадан астам сүрлем, 28900 тонна сабан, 12900 тонна пішендеме және 39600 тонна жүгері жемін дайындау шарт. Өңірде қазір мал қыстату мен көктемгі қой толдегу науқанына жемшөп әзірлеу жұмысы қызу қарқын алған. Ауданда жалпы 5770 гектар шабындық жер бар. Осы шабындықтардан бүгінгі күнге 114 мың тоннаға жуық шөп дайындалды. Оның 11 мың тоннасы пішендеме, 102,8 мың тоннасы табиғи шөп. Мал азығын дайындау науқанына аудан бойынша 118 шөп тайлайтын және 109 шөп шабатын техника әзірленіп, олар қазір шабындықтарда тоқтаусыз жұмыс істеуде.

Бұдан тыс күзде жүгері алқаптарынан 28,3 мың тонна сүрлем бастырылмақ. Сонымен қатар, 39,6 мың тонна жүгері жемі әзірленеді. Жыл сайын шаруалар жаз маусымында әзірленген жемшөбінің 80 пайызын қысқы мал қораларының маңына тасып алады. Қатер өңірде мал қорасы мен малшы үйін жондеп, қыс маусымына дайындау жұмысы қолға алынған. Өңірде жалпы мал қыстайтын 470-тен астам қыстау бар. Түйіндеп айтсақ, жазиралы Жаркент өңірінде қыс маусымына жемшөп қорын әзірлеу мен қыстауларды дайындау жұмысы жауапкершілікпен атқарылуда.

Панфилов ауданы

ЕГІСТІК ТҮСІМІ МОЛ

Кербұлақ ауданының жұртшылығы негізінен астық өнімдерін өсірумен айналысады. Жалпы диқандар көктем мен жаздағы жауын-шашынның мол түсуіне қуанады. Жанбырсыз мезгіл шаруа адамының көңілін құлазытып, егістіктi сусатып кетеді. Сол себепті, қара күзде бидай сеуіп, қардың суын тиімді пайдаланып қалу жергілікті диқандар үшін қалыпты жағдай.

Кербұлақ аудандық ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Мәди Сәулханов айтуынша, былтыр қара күзде 26 мың 81 гектарға күздік бидай себілген. Дәл қазір күздік бидай шабу жұмыстары қарқынды жүруде. Соған орай 10 мың 620 гектар шабылып, 19 мың 116 тонна бидай алынған. Бұл өңірдің астық қамбасын толтыруға септігін тигізді.

– *Аудан бойынша 173 мың тонна шөп дайындау жоспарланған. Қазіргі өзінде жоспардың 66,4%-ы орындалды. Ямы, шабындыққа шығып түсті. Шаруалар қыстың қамын жазда ойлап, шағылысын шығып отыр*, – деген Мәди Садықұлы аудандағы сүрлемді жерлердің үлғайғанын түсіндіріп өтті. – *Күрделі өңірлі негіздеме малымыз жеткерсе сенім артады. Соған қарамастан аудандағы Жаманбұлақ, Талдыбұлақ, Матай тоғандарын мен Еңкіл, Аралтөбе су қойғыштарына күрделі жөндеу жүргізілін жатыр. Алдағы уақытта Аралтөбе, Өнжас, Қоғалы, Бастау, Қарғыағаш, Қызылжиекқтен, Шымылдық, Майтөбе, Ақтөбе, Тұзкөлі суару каналдарының 135 шақырымын қайта жаңарту көзделуде. Бұлардың жобалық-сметалық құжаттамаларын әзірлеуге облыстық бюджеттен 148,9 миллион теңге қаражатталып отыр. Қайта жаңғырту жұмыстары жалпы ауданы 9 мың 515 гектар суарылы жерді айналымға енгізуге мүмкіндік береді. Оның сыртында, Жоламан массивіндегі 700 гектар суарылы егістікті толық пайдалану үшін жауғышпаттарын мелиоратор қолданылып отыр. Осындай қарқынды жұмыстың арқасында аудандағы егістіктің түсімі биыл молайып тұр.*

Аудандық ауылшаруашылық бөлімі басшысының сөзіне қарағанда алдағы қысқа 54,9 мың тонна сабан, 30,5 мың тонна пішендеме мен сүрлем, 38,0 мың тонна жемдік азық дайындау жоспарланған. Жоспар биылдың жүзеге асуда.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

✓ЖЕТІСУ-АҚПАРАТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Айтуби ауылдық округі, Көкпекті ауылында жаңа блокты-модульді медициналық пункт ашылды.

Медициналық пункт ашылды

Жаңа заманға сай салынған блокты-модульді медициналық пункттің ашылу салтанатына Қаратал ауданының әкімі Улан Досымбеков қатысып, ауыл тұрғындарын құттықтап, ашылған нысан азаматтарға сапалы медициналық көмек беретінін айтты.

– Құрметті Қаратал ауданының тұрғындары, бүгін ерекше қуанышты күн. Ауыл халқының денсаулығын нығайту мақсатында жаңа нысан пайдалануға берілді. Ешкім ауырмасын. Науқастанып қалған жағдайда медициналық мекеменің атқаратын ролі зор, – деді аудан әкімі.

Бұдан соң салтанатты түрде жаңа ғимараттың лентасы қиылды.

Тұрғындар атынан Абай Құрмашев сөз алып, ауылдың көркеюіне өз үлесін қосып жатқан азаматтарға ризашылығын білдірді.

Қаратал ауданы

Кітап жәрмеңкесі



Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзілдің қолдауымен облыс орталығындағы «Жастар» саябағына елімізге белгілі «Ziyat» кітап дүкені арнайы келіп, жәрмеңке өткізді. Аз уақыт ішінде кітапқұмарлар бірқатар кітаптарды таласа алып кетті. Баспа бағасымен сатылған кітаптардың арасында қазақ және әлем әдебиетінің тамаша жинақтары, балаларға арналған туындылар болды.

– «Ziyat» кітап дүкені жаз сайын өңірлерге шығып, жәрмеңке өткізуді дәстүрге айналдырып келеді. Қашқама тамаша кітаптар өңірлерге жетпей жүр. Алыстан кешкен кітап дүкені келсе, жергілікті оқырман ды бір жаңсақ қалады. Биылғы кітап сапарын Талдықорғаннан бастап отырмыз. Келесі айда тағы бір қала жоспарда тұр, – дейді «Ziyat» кітап дүкенінің иесі Асылан Тілеген.

Еліміздегі беделді баспалармен тікелей жұмыс істейтін кітап дүкенінде тіздесінің бәрі бар. Оған оқырман көп дейді.

– Түрлі бағыттағы кітаптар келіпті. Балаларға арналған шығармалар өте көп екен. Алдағы уақытта да жалғасын тапса деген тілектемін, – дейді оқырман Данияр Сағындық. Ал ұйымдастырушылар болса алдағы Қала күніне орай тағы бір жәрмеңке өткізуді ойлайды.

● Үкімет отырысы



Жатақхана жайы жан ауыртады

2

● Тағылым



Ерлігі ерен – ұрпағы – өрен

3

● Шарайна



19 жылдан кейінгі қауышу

4

✓ПРОБЛЕМА. ПІКІР. ҰСЫНЫС

ҚАДІРІ ҚАШҚАН ҚОЙ ЖҮНІ қашан кәдеге асады?

Елімізде кенжелеп тұрған саланың бірі – жеңіл өнеркәсіп. Аты жеңіл болғанымен айтарлықтай ауыр деуге болады. Десе де жергілікті тауар өндірушілер өзіре бұл салаға қызығар емес.

Қажет АНДАС



Жалпы, жеңіл өнеркәсіп 20-дан аса қосалқы саладан тұратын кешенді сала. Оны үш негізгі топқа біріктіруге болады. Бірінші, тоқыма, оның қатарына мақтамата, жүн, жібек, трикотаж, жүнді бастапқы өңдеу, тоқылмаған материалдар өндірісі, тор тоқу өнеркәсібі, киіз басу және басқалары кіреді. Екінші тігін саласы болса, үшіншісі, былғары, тері, аяқкиім өндіру. Осы үш саланың ішінде тері-жүн өндірісінде қауқар болмай тұр.

Ежелден тұрмыс-тіршілігін малдың еті, сүтімен өнішілеп, терісі, жүнін де өңдеп, қажетіне жаратқан халықтың өкілімiз. Бабаларымыз төрт түлігінің терісін илеп, түйе мен қой-ешкісінің жүнін, түбітін түтіп, піріп, киім тоқып киген. Тай, құнанның жал-құйрығын тастамай бұйда жіп, арқан ескен. Ал терісінен әдемілеп, жұрнұдан киім тігіп, киген. Қой жүні, ешкі түбітін жуып, түтіп, тұрмыстық бұйымдар жасаған. Ондай дүниелер мұражайлардан бастап, ұлыстағы отбасыларда әлі сақталып келеді. Бүгінде сол жүн мен тері қадірсіз қоқымға айналып, кез келген жерде құртқан, піріп, керексіз үйінді болып жатыр.

(Соңы 2-бетте)

БАСПАСӨЗ – 2023

«Jetisý» жетісулықтармен бірге!

БАСПАСӨЗ – 2023

Қадірменді оқырман, қымбатты Жетісу жұртшылығы!

Алаш рухын арқалаған ақиқаттай хабаршы, барша-мыңға бала кезден етене таныс, көзге ыстық, көңілге қымбат «Jetisý» газеті өзімен аттас Жетісу облысында жалауын желбіретіп отыр. Тасыр асқан абыз басылым жер жаннаты Жетісу тұрғындарын ақпаратпен қамтуды абыроймен жалғастырады. Облыс бөлінгеніменен елдік мүдде, Отан деп соққан ерлің жүрек бөлінген жоқ. Ендеше, Жетісу облысында қазығын қақпан қара шаңырақ – байырғы басылым «Jetisý» газеті әр шаңырақтың төрінен табылсын! Жазылайық! «Jetisý» жетісулықтармен бірге!

Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Jetisý» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қалаңыздар

Жалпы жазылу бағасы:

Жазылушылар	Мерзімі	6 айға	
		теңге	теңге
Заңды тұлғалар үшін	**15469**	3277,60	5567,20
Зейнеткерлер үшін	**35469**	3333,60	3643,20
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	**45469**	3477,60	3787,20
Жалпы жеке жазылу	**65469**	3693,60	4003,20

Редакцияға келіп балама жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	4400
2.	Зейнеткерлер үшін	2450
3.	Жалпы жеке жазылу	3000

«Jetisýdyń» электронды нұсқасына (PDF форматына) Талдықорған қаласындағы (Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта) газет редакциясына келіп жазылуға болады.

Электронды форматтағы (PDF форматына) жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	4000
2.	Зейнеткерлер үшін	2050
4.	Жалпы жеке жазылу	2500

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласуға болады: 8 (7282) 40-20-69, 8 7753558958, 87477061373, 87474106909

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

8 747 390 09 90

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

✓ ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

■ Жыл сайын тамыз айының ортасында ҰБТ-та қатысқан оқушылардың қуанышы есселенумен бірге уайымы да көбейе түседі. Жоғары оқу орнына қабылданып, студент атандық деген түлектерді: «Ауылдан алыс қалаға барғанда қайда тұрамыз?» деген сұрақ мазалай бастайды. Себебі, университеттердегі жатақхананың жетіспеушілігінен пәтер іздеп, сабылып жүрген жастардың мәселесі күн тәртібінен түспей тұр. Әлдекімнің босағасын сығалап, қас-қабағына қарап, күн кешеді. «Әке-шешемізге салмақ салмайық» деп пәтерақысын төлеу үшін қосымша жұмыс істеп, санасын тіршақтаған жастар әбден әбігерге түседі.

Жатақхана жайы жан ауыртады



Үкімет отырысында дәл осы мәселе жан-жақты талқыланды. Жиында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Сәясат Нұрбек бұнда 11 мың орынды 37 нысан, оның ішінде ЖОО студенттеріне арналған 26, колледж студенттеріне арналған 11 жатақхана пайдалануға берілетінін айтты. Дегенмен, «Астана медицина университеті» КЕАҚ жатақханасын күрделі жөндеу, Алматы қаласында 400 орынды жатақхана салу және 450 орынды 2 жатақханаға күрделі жөндеу жүргізу сынды жобалардың аяқталмауы мүмкін. Министр жатақханалар құрылысының аяқталмауын нысандардың мақсатын өзгерту, заттай трансферттар беру және коммуналдық желілерге қосылу мүмкіндігінің шектелуіндегі қиындықтардан карастырды.

– Көптеген университет басшылары студенттерге тиісті жағдай жасауға тиелей міндетті екенін іс жүзінде ұмытып кетті деуге болады. Өз кезегінде Ғылым және жоғары білім, Оқу-ағарту министрліктері университеттер мен колледждердің сыртқа келген студенттерді жатақханамен толық қамтамасыз ету талаптарының орындалуына қатысты жағдайды бақылап отырған жоқ. Сондай-ақ, әкімдіктердің тарапынан да үйлестіру жұмыстары нашар, – деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысының айтуынша, оқуға қабылданған студенттер жатақханада орын жоқ екенін орналасуға келген кезде бір-ақ біледі. Сосын оқуға даймындалудың орнына олар өз бетінше тұратын баспана іздеуге мәжбүр болады. Осыны еске салған Әлихан Смайылов 1 қыркүйекке дейін студенттерге жатақханадан орын бөлу жұмыстарын бармынша күшейтуді, сондай-ақ, бюджетпен қаржыландырған 37 нысанның мерзімінде тапсырылуын қамтамасыз етуді міндеттеді.

– Студенттерді жатақханамен қамтамасыз етуге тиісті министрлер мен өңір әкімдері тікелей жауапты, – деп атап өтті ол.

Бір қызығы, ірі қалалардағы жоғары оқу орындары студенттерге жатақхана жеткізе алмай жатса, Жетісу облысындағы аудан орталықтарында орналасқан колледждердің жатақханалары бос тұр. Бұл мәселенің де шешімін табу керек.

Жиында Мемлекет басшысының ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі «Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асыру туралы тапсырмасын орындау мәселесі де қаралды. Осы орайда ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев бұнда бағдарламаны жүзеге асыруға республикалық бюджеттен 100 млрд. теңге қарастырылып, 17 мың шағын несие беру жоспарланғанын, бұл ауылдарда 18 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретінін айтты. Дегенмен, бағдарламаны жүзеге асыруға он облыс қана белсенді түрде кіріскен. Жетісу облысын осы катарға жатқызуға болады.

Қ. ОМАРАҚЫН





ҚАДІРІ ҚАШҚАН ҚОЙ ЖҮНІ

(Соңы. Басы 1-беттте)

Қазір малдың жүнін пайдаға асыра алмаған малшылар далаға тастап, өртеп жібереді. Ал өздері шетелдерден келген ковролин, синтепон сияқты материалдарды төсеніш, жастық қып жастанып жүр. Өзгешіке қарай, бізде керексіз болып қалған мал жүнін шетелдіктер сатып алып сұрыптап, тазалап, өңдіріс жоғары бағада қайта сатып, пайдаға белшесінен батып жүргені тағы бар. Кейінгі кезде бамбук қамысынан өндірілетін тапшықтан істелген шұлық, бет орамалға дейін тұтына бастадық. Осының кесірінен бұрын естіп көрмеген аурулардың сандарымен күресетін болдық. Әсіресе еңбектегені балаңан еңкейіген картқа дейін денеден бара жатқан аллергиялық аурулардың түпкілікті себебін дәрігерлер: «минималық, дәрілік, физикалық, биологиялық қолдыру шаралары кең материалдарды жиі қолданатынымыздан» деп түсіндіреді. Әрине, келісуге болады. Синтетикалық бұйымдарды аса көп мөлшерде қолдану түбінде бір зардабын тигізбей қоймайды. Оған қазіргін өзінде көпшілік жетіп қалды. Сондай-ақ, ковролин мен синтепонның жасалған төсеніштің мықтылығы мен төзімділігіне дау айта алмаймыз. Бірақ деңсаулыққа әсері тұрғысынан қазақ қойының жүнінен жасалған төсемет пен алаңаға жетпесі белгілі.

Осы тұста бізді «Сол байлықтан неге айырылып қалдық?» деген сұрақ мазалай бастады. Кезмеске кеткен Кеңес билігін қанша жамандағанымызбен ол кезде төрт түліктің жүні мен терісінен өндірілген киім-кешек пен тұрмыстық бұйымдар бар адамның қажетіне жарап тұрды. Әр жас деген сайын әлемдегі адамдарға арнап жеңіл әрі сапалы киім тігетін фабрикалардың өнімі сұранысқа ие болды. Осы салада арнайы мекеме, мамандар жұмыс атқарды. Тіпті, олардың жандайы басқа сала мамандарына қарағанда жақсы, табыстары да мол болды. Кеңес одағының құлауымен бірге сол байлықты дүниелердің де тоз-тозы шықты. Осы материалды дайындау барысында: «Жетісу облысында тері өңдеп, жүн түтумен айналысатын кәсіпкер азаматтар бар ма екен?» деп жан-жаққа сұрау салып, атақсіпті аңғаған тік тұрғысқан деп тырбанып жүрген Сағатбек Әшірәлиевті таптық.

Абай туған қасиетті Семей өңірінің тумасы Сағатбек Құдайбергенұлы бүгінде Қаратал ауданының орталығы Үштөбе қаласындағы «Отау Үштөбе» ЖШС-нің атқарушы директоры. Біз жолыққанда Сағатбек табасынан гөрі тәуелсіздіктің өлкесін жайып салды. Оның әңгіме барысында: «Қазір синтепон, каучук сияқты материалдардың нарыққа енуі жұн мен терінің қадір-қасиетін қашырып, сұранысын төмендетіп жіберді» деген түсініктіміздің қате екендігіне көзіміз жетті. Түптеп келгенде осы өндіру саласының өркендемеуіне өзіміз кінәлі екенімізді аңғардық.

Атақсіптің өркеніп өсуіне деп шапқылап жүрген кәсіпкер азаматпен әңгіме барысында елімізде де, әлемде де таза жүн мен саналы теріге зәру өнеркәсіп орнақтарының көптігін естідік.

– Бізге Астана, Алматы, Қостанай, Павлодар, Қарағанды, Ақтөбе, Орал, Семей, Өскеменнен сұраныс жиі түседі. Көбінесе көлеңкеден айналасатын, ұлттық бұйымдар жасайтын кәсіпорындар ашады, тіпті кейде, түйе шудасын ауруларға емдік үшін де сатып алады. Сондай-ақ, шетелдерден де көп сұраныс түседі. Бірақ солардың сұранысын қанағаттандыра алмай келеміз. Жылына осы көне цехта 25 тоннаға дейін жүн тазалауға мүмкіндігіміз бар, – дейді ол.

Кәсіпкер азаматтың көне цех деп отырғаны кезінде тұтас Қазақстанға танымал болған жүн өңдейтін, сонымен қатар, қазақтың киіз үйін жасаумен аты шыққан өндіріс орны. Кезінде «Үштөбенің киіз үйі» деген атпен елдің түкпір-түкпіріне, тіпті одақтас республикаларға өз өнімімен танымал өндіріс орнының бүгінде түті қалмаған.

Жалпы 27 гектар жерді алып жатқан аумақты бүгінде өңгелек телім-телім етіп бөліп алған. Қауғаған кабырғалар мен сорайған бағаналардан басқа мүлкі тоналып бітken. «Кезінде осында бірнеше жүз адам жұмыс істеген» деп айтуға дәлел таппайсың. Бүлінбегені «Отау Үштөбе» ЖШС-нің балансындағы 1,6 гектар аумақ. Оның да құрылыстары сол орында тұрғаны болмаса, ірі өндіріс ошағын қайта құрылымдау үшін аз қаржы кетпейтіні көрініп тұр.

«Орында бар оңалар» дейміз-ау, бірақ кезінде дүркіреп тұрған дүниені оңалтуға Сағатбек Құдайбергенұлының қаржысы да, мүмкіндігі де жетпейді. Жан-жақтан сатып әкелін, құрастырған жүн жуатын және оны түктейтін, тазалап оңғаратын, 20 шақты адамды ғана жұмыспен қамтып отырған көне цех пен қолында 200 адамды жұмыспен қамтуға арналған, жалпы құны 9 млрд. теңгеге бағаланған заманауи зауыт құруға жасалған жобасы ғана бар. Аталған жобасын арқалап жүрін кірметен мекемесі, қақпаған есігі қалмапты. Жобасын дәлелдеу үшін ой жуып, тазалап, түтіп дайындаған қазақы қойдың жүнінен Белоруссия, Италиядағы киім-кешек тігетін фабрикаларға тапсырыс беріп, заманауи үлгідегі шапан тіктіріп, таза жіптен тоқыма бұйымдарын тоқытып, талай зауыммды тұлғаларға көрсетіп, өз ісінің экономикалық маңызы зор екендігін дәлелдеуге тырысқанымен тұк шықпапты.

– Жобамен таныскандар жұмысымның өңір экономикасын өркендетуге қосатын үлесін қоштағанмен бірде-бірі оны жүзеге асыруға қол ұшын созып көрмеді, – дейді кәсіпкер кейін.

Несін жасырайық, елімізде жүн өңдеу саласын өркендетуге мемлекет тарапынан қолдау көрсетілмейді. Мысалы, бір жылда елімізде 40 мың тоннаның үстінде үйе, қой жүні қырқылады. Статистика бойынша, соның тек 20 пайызын аспайтын бөлігі ғана отандық кәсіпкерлер тарапынан қажетке жаратылады немесе дедалдар арқылы шетелге сатылады. Ал қалғаны қоқыстың көбеюіне үлес қосып жатыр.

– Егер жобамды қолдап, жұмысымды заманауи тұрғыда жүргізуге қаржылай қолдау көрсетілсе, жылына 2 мың тонна жүн өңдейтін едім. Мысалы, жуылып, түтілген бір келі қой жүні елімізгің нарығында 2 мың теңгеге сатылса, бір келі пірілген жіптің Ресей нарығындағы бағасы 9-12 мың теңге айналасында. Ары қарай есептей беріңіз, – дейді кәсіпкер.

«Шетелдерде, тіпті елімізгің өзге аймақтарында жүн өңдеумен айналысатын жеке кәсіпкерлер бар. Түтілген жүнді үлгендерін Сағатбекке ғана жабысып қалды ма?» деп ойлайтын да боларсыздар.

– Мейлі, шетелде, елімізде болсын, өңделген жүнді үлейтіндер алдымен жүннің сапасын қарастырады. Өңделетін жүннің сапасы оны жуатын суға тікелей қатысты болады. «Күнді күміс, түнде алтын» деп ешқаттатын Қаратал өзенінің суына жуылған жүннің тазалығы, сапасы басқа өңірлерге қарағанда жоғары болады. Бізде өнімге сұранысын көп болатындығы осыған байланысты, – дейді Сағатбек Құдайбергенұлы.

Қысқасы, біз барынғыдағы бағалауға, жоғымызды түгендеуге құлықсыз болып барамыз. Қазір әлемде синтетикалық, синтетикалық өнімдерге үрке қарайтындар көбейіп, таза жүннен өндірілген дүниелерге сұраныс артып келеді. Алдағыдағы елде осы саланы өркендетемін деген азаматтарға қолдау жоқ. Сойтіп, бар байлығымыз далаға шашылып жатыр. Бұл қашанға дейін созылар екен.

Біз қайтуға қамдангында чехиялық инвесторлар Сағатбек Құдайбергенұлымен байланысқа шығып, арнайы келіп, жұмыс орнын, өнімдерінің санасын көріп қайтуға сұранып жатты. Мүмкін, сол жақтан бір қолдау болып қалар.

Қаратал ауданы

✓ БРИФИНГ

Заңдастырылмаған көліктер тіркеледі

■ Шеттен көлік әкелген жүргізушілер үшін сүйінішті жаңалық – Ішкі істер министрлігі 17 шілдеден бастап бұрын тіркелген жері бойынша есептен шығарылмаған немесе шектеуге байланысты заңдастырылмаған, 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде Еуразиялық Экономикалық одақ елдерінен әкелінген автокөліктерге қатысты 5 жылға уақытша тіркеу жұмысын бастады. Заңдастырылмаған шетелдік көліктерді қайда және қай уақытта тіркеуге болатынын облыстық әкімшілік полициясы басқармасының басшысы Динас Айнақұлов мәлім етті.

Дастанбек САДЫҚ

Басқа мемлекетте тіркеуде тұрған және шектеуі бар көліктерді уақытша тіркеу үшін оның несі тіркеу тізіміне автокөліктің вин кодын енгізу өтінішімен және растайтын құжаттарымен әкімшілік полициясы басқармасының процессингтік орталығына жүгінуі қажет. Содан кейін ғана көлік құралының несі электрондық портал арқылы көлікті тіркеуге өтінім береді алады. Әкімшілік полициясы басқармасы басшысының айтуынша, автокөлікті тіркеуге өтінімі он нәтиже алған соң «темір тұлпар» несінің жеке кабинетінде мемлекеттік корпорация жанындағы тексеру пунктіне көлік құралын ұсыну қажеттігі – туралы хабарлама келеді екен. Мұнан соң тексеру нәтижелері он болған кезде автокөлік несі электрондық кезек бойынша мемлекеттік корпорация қызметкеріне автокөлікті тіркеу құжаттарын тапсыру үшін жолдайды.

– 1270 электрондық өтінім бойынша онтайлы шешім қабылданды, оның ішінде құрастырудған 375 көлік құралы тіркелді. Уақытша тіркеу үшін көлік құралының тіркеу кезілгінің көшірмесі және кезілгі, 1 қыркүйекке дейін әкелінгенін растайтын құжат болуы қажет, – деді Динас Айнақұлов.

Басқа мемлекетте тіркеуде тұрған және шектеуі бар көлік иелері үшін 5 жылға дейін уақытша тіркеу үлкен мүмкіндік. Облыстық әкімшілік полиция басқармасының басшысы жүргізушілердің 5 жылдың ішінде бекітілген алымдары төлеп, көлігін заңдастыра алатынын алға тартты.

✓ АУЫЛ ТЫНЫСЫ

Көшеге шам орнатылды

■ Кербұлақ ауданындағы Сарыбұлақ ауылының көшелері бірнеше жылдан бері қараңғылыққа бөгіп, тұрғындардың мазасын алып келген еді. Осыған орай аудан әкімі Қанат Есболатовпен кездесуде көшені жарықтандыруды мәселе етіп көтерген ауыл азаматтарының тілегі орындалып, шалғайдағы шағын ауылдың көшелеріне жарық орнатылды.



Халықпен кездесуде айтылған мәселелерді хаттамаға арнайы кіргізген аудан басшысы берген уәдесінде тұрып, бір жылдың ішінде ауылға көше шамдарын орнатуға ықпал етті. Бүгінде Сарыбұлақ ауылында 10 КВ-тық электр желісі орнатылып, тұрғындардың игілігіне қызмет көрсете бастады. Сарыбұлақ ауылдық округінің әкімі Еркебұлан Жармұханбетұлының айтуынша, жарық шамдардың ұзындығы 18 шақырымды құрайды.

Жалпы Кербұлақ ауданында жарық мәселесін бір жүйеге келтіру біртіндеп іске асуда. Аудандағы көптеген ауылдарға электр бағаналары орнатылып, көшені жарықтандыруға қолға алынып отыр. Мысалы, Жоламан, Қатынсу, Шілісу, Қоянқоз ауылдарындағы көше шамдарын «УниверсалСтройСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі орнатып, ел игілігіне тапсырған.

М. ӘСЕТҰЛЫ

✓ ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Мемлекеттік шегараның мықты болуы ел шебін күзетіп отырған әскердің әлеуетіне тана емес, шеп бұзбай отырған халықтың санына, әл-ауқаты мен жұмыспен қамтылуына да тікелей байланысты. Шегаралық елді-мекендердің келбеті кез келген мемлекеттің ішкі ахуалынан хабар береді. Шетелден сапарлай, туысқандықпен, бизнес не кәсіпкерлік байланыспен Қазақстан топырағына алғаш қадам басқандар еліміздің әлеуетін, мәдениетін, беріктігі мен бекемдігін шегара маңындағы елді мекендердің жағдайымен өлшейтіні анық. Бір сөзбен айтқанда, шегара – елдің айнасы. Өзгелер сол айнадан нені көрсе, біз жайлы солай қабылдайды. Ендеше: «Біздің айнамыз болған шегаралық өңірлердің жағдайы қалай, шалғайдағы елдің тыныштығын күзетіп тынымсыз еңбек етіп жүрген жерлестерімізді тұрмысы, әлеуметтік мәселелері сын көтере ме? Оларға тиісінше жағдай жасап жатырмыз ба?» деген сұрақтарға жауап іздеп «Шалғай ауыл шырағы» айдарының кезекті материалын дайындау үшін облыс орталығынан 500 шақырым қашықтықта орналасқан Алакөл ауданының Достық ауылына жолға шықтық.

ШАМ ЖАРЫҒЫ ТҮБІНЕ ТҮСПЕЙ МЕ?


ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН ҚҰРДАС АУЫЛ

Бүгінде Достық ауылдық округіне Достық ауылы мен Жалаңашкөл және Көктұма станциялары кіреді. Ауыл 1991 жылы шілде айының 20-ы күні Қазақстан – Қытай теміржолының ашылуымен түспа-түс құрылды. Өткен 30 жылдың ішінде ауылды Мәзіс Құсбеков, Ерлан Жаканов, Қуандық Мұхаметкалиев, Қайыржан Қайранбеков, Ринат Құрмаев сынды азаматтар басқарып, шығыс шегарадағы ауылды өркендету үшін аянбай тер төкті. Бүгін ауыл тізгінін жастайынан мемлекеттік қызметте шыңдалған Ермек Еңсебаев ұстап отыр. Ел аузында Жоңғар қақпасы аталып кеткен елді мекенде 1193 отбасы, 6729 адам тұрады. Негізінен ауылдық округ тұрғындарының 80 пайызы теміржолда жұмыс істейді. Ауылда 36 көше, 8 мемлекеттік мекеме, 3 әскери бөлім, 17 «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ мекемесінің бөлімшесі, 1 ауылдық аурухана, 2 мектеп, 1 балабақша, 1 орт сондықмекемесі, 116 шағын және орта бизнес нысаны бар. Ауылдағы тұрғындық маңызы бар нысандарда су, электр, жылыту жүйесі орталықтандырылған. Ауыл ішін 36 шақырым көлік жолы байланыстырып тұрады.

– Кейінгі жылдары ҚР «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында бірқатар игілікті жұмыс атқарылуда. Айталық, теміржол қызметкерлеріне арналған 136 пәтерлі 2 қабатты 10 үй салынып, «Теміржолсервис» ЖШС-нің тапсырысымен логистикалық жүк ауыстырып тиеушінің терминал, «Достық КаргоСервис» ЖШС-нің тапсырысымен «Контейнерлік жүк ауыстыру алаңы» іске қосылды. 250 орынды балабақша, бипл пайдалануға берілетін спорт алаңы ауылдың ажарын аша түсті. Сонымен қатар, Мемлекеттік бағдарламалардың көмегімен жеке кәсіпін ашып, жаңа жұмыс орындары құрылып, тұрғындардың тұрмысы жыныстап қалыптасуына мұрат етті.

Биыл көктемгі-күзгі санитарлық тазалық айларында 700 мұң ағаш көшеті, сәндай-ақ, тамшылатып суару әдісімен «Жастар» аллеясында әртүрлі гүл көшеті отырғызылып, абаттандыру жұмысы жүргізілді. «ЕвроТрансГрупп» ЖШС мекемесі ауылға 200 мұң шырша ағашын отырғызып берді. Округ бюджетінен «Теміржолшылар» саябағында 3 дана Workout, 10 орын, Әділбек көшесі бойына «Достық» стелласы жасауы. «Жастар» аллеясына базалар ашып алдық, көше тренажерлары, 12 дана орындық пен стела орнатылды. Білім беру мекемелерінің алдында жаңа жүргіншілер өткелі салынды. Жергілікті бюджеттен қаражат қарастырылып, ауыз ішіндегі 10 орынның қорғастау алаңы қорланып, 50 қорық жеңілі қойылды, – дейді ауыл әкімі Ермек Сейфиұл-Мәлікұлы.

Ауыл әкімінің айтуынша, елді мекеннің мүмкіндігі жыл өткен сайын кеңейіп келеді. «Евротрансгрупп» ЖШС-нің логистикалық жүк ауыстыру пункті терминал құрылысы жыл басында қолданысқа берілін, 6 мың. теңге инвестициялық салымған терминал жылына 2 млн. тоннадан астам жүк сақтау мүмкіндігін атқара бастапты. Шегара өткізу бекетіндегі жүк көліктерінің кезегін азайту үшін ҚР Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер департаментінің тапсырысымен бұс мердігер қатайлық «Нис Тесһ» ЖШС компаниясы, қосалқы мердігер «QSM инженеринг» ЖШС быстыр кедеп бекетін жөндеу жұмысын қолға алған. Жалпы құны 15 млрд. теңгені құрайтын жоба толық аяқталғанда тәулігіне 1600 (50 пайызы импорт, қалғаны экспорт) жүк көлігі өтеді деп күтілуде. Алдағы уақытта «Достық Транс Терминал» ЖШС-нің 180 адамды жұмыспен қамтитын көлік логистикасын салу жобасының 3-4 кезеңінің құрылысы басталса, қоластағы қаржы бөлінген «ЕТТ Достық» (Евротранзит) ЖШС мен «Дар Рапі» ЖШС-нің көлік логистикасын салу жобасының құрылысы қарқынды жүруде. Осыған қарап-ақ Достық ауылындағы жағдай ойлағандай деп топшылауға болады. Десе де осы бір шағын елді мекеннің күткен әлеуметтік мәселелер жетерлік.







Қажет АНДАС

ТҰРҒЫНДАР ҮЙІН ЖЕКЕШЕЛЕНДІРЕ АЛМАЙ ЖҮР

Бүгінде ауылда 1039 көпқабатты Достық жылжи 179 жер үй бар. Бұл үйлердің алды 1960 жылы салынса, сонысы 2016 жылы бой көтерген. Бір қызығы, бұл үйлер Достық ауылының аумағында орналасқанымен меншік құқығы «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ-ның теңгерімінде тұр. 2017 жылы осы үйлерді жекешелікке беру туралы жұмыс басталғанымен ол деңгейінде аяқталмай, тұрғындардың мәселе алумен қатар ауылды өркендетуге де кедергі келтіруде. Оны бірнеше бағытпен түсіндіруге болады.

Біріншіден, ауылдағы тұрғын үйлердің коммуналдық қызметін, имарақтылымын жанғыртуға қатысты жобалардың жүргізуге тұсау болуда. Яғни аталған үйлер «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ-ның теңгерімінде тұрғындықтан ауылдық округ олардың жылу, жарық, су, электр желілерін қайта жаңғыртуға заңдық тұрғыда араласа алмайды. Ал 2021 жылдан бері аталған үйлерді жекешелендіру туралы қаулы шықпағы «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ Алматы бөлімшесінің Достық станциясы аталған үйлердің коммуналдық жұмысын жетілдіруге назар аударғандай-ақ болған.

Екіншіден, «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ теңгеріміндегі үйлерді жекешелендіруге қатысты қаулы шықпасымен толық орындалмай жатқанын байқадық. 2023 жылы «Корпоративтік тұрғын үйлерді неліктен шығарудың «Жол қаргасы» бекітілген. Соған сәйкес Достық станциясы бойынша биылғы II тоқсанда 281 пәтерді, III тоқсанда 484 пәтерді, IV тоқсанда 500 пәтерді жекешелікке беру жоспарланған. Өкінішке қарай, биылғы жоспар емес, 2017 жылдан басталған жұмыс әлі деңгейінде аяқталмай келеді. Айталық, 2021 жылғы 27 мамырда «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ басқармасының №02/18 хаттамасында: Достық станциясының балансында тұрған 19 пәтер меншік құқығына өткен. Сондай-ақ, 81 пәтер меншік құқығына берілді. Алайда 81 пәтер иелері тұрған үйге құқықтық құжаттарын алғанымен «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ теңгерімінен шығарылмаған» деп көрсетілген. Осыған орай аталған 81-пәтердің иесі «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ басшылығының тұрғын үй комиссиясын отырысында осы мәселені қайта қарауға өтініш түсіргенімен әлі хабар жоқ.

– «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ Достық станциясының теңгеріміндегі үйлерді жекешелендіру жұмысы 2017 жылдан басталды. Содан бері еліміздегі, тіпті «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ Алматы бөлімшесінің құрамындағы Жалаңашкөл, Көктұма, Матай, Ақтоғай, Отар станцияларында үйлерді иелері жекешелендіріп алды. Ал Достық станциясының теңгеріміндегі үйлер жекешелендірілмей келеді. Оның себебін білмек болып, сұрау салып, қаһарлап еңсімді қалмадық. Бір күні үйден айырылып, далада қалатыңды ба деген үрейленулер көбейіп келеді, – дейді Достық ауылының Абай көшесі, 9/1 үйдің тұрғыны, зейнеткер Сәуле Керімқұлова.

Үшіншіден, тұрғын үйлерді жекешелендіруге қатысты пәтерлерді қалға алу мәселесі де ушығып тұр. Айталық, 2017 жылы 18 мамырда «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ директорлар кеңесі отырысының хаттамасына сәйкес корпоративтік үйлерді меншікке беру ережесі бойынша 144 мемлекеттік, әскери, әлеуметтік сала қызметкерлері мен 16 зейнеткерге айына 5 АЕК көлемінде төлемақы төлеу міндетделген. Ал 2020 жылдың 27 шілдесіндегі хаттамада корпоративтік үйлерді меншікке берудің жаңа ережесі қабылданыпты. Аталған ережеиің 4-бабы 15-тармағына сәйкес теміржол саласы қызметкерлері ай сайын 1 бөлмелі пәтерге 1 АЕК, 2 бөлмелі пәтерге 2 АЕК, 3 және одан көп бөлмелі пәтерге 3 АЕК мөлшерінде, мемлекеттік және әлеуметтік сала қызметкерлері, зейнеткерлер мен басқа сала қызметкерлері ай сайын 1 бөлмелі пәтерге 2 АЕК, 2 бөлмелі пәтерге 3 АЕК, 3 және одан көп бөлмелі пәтерге 4 АЕК көлемінде жалдамалы пәтер ретінде ай сайын жалға алу құнын төлеп тұру міндеттелген.

Осы аталған ереже негізінде бүгінгі таңда 85 зейнеткердің 3 жылға шақжандағы қарызы 21 млн. 114 мың теңге, «Қазақстан теміржолы ҰК» АҚ Достық станциясы филиалының қызметкерлері тұрып жатқан 1001 пәтердің 3 жылға шақжандағы қарызы сомасы 248 млн. 648 мың 400 теңге, мемлекеттік қызметкерлер (әкімшілік, әскери азаматтар, полиция) тұратын 172 пәтердің 3 жылға шақжандағы қарыз сомасы 64 млн. 087 мың 200 теңге, басқа мекеме қызметкерлері тұрып жатқан 21 пәтердің 3 жылға қарызы 7 млн. 824 мың 600 теңге, жалпы тұрғындардың «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ алдындағы қарызы 341 млн. 674 мың 200 теңгеге жеткен. Демек, Достық ауылындағы тұрғындардың бәрі қарызға белшесінен батып отыр дегеи сөз. Осыған орай тұрғындар жоғарыда аталған ережеге өзгеріс енгізіп, жылына 1 айлық есептік көрсеткіш ретінде жалдау ақысын төлеп тұруды сұрағанымен құлқыны мекеме тарапынан нақты жауап болмаған.

Бүгінгі таңда тұрмыстық жағдайына байланысты үйлері теміржол станциясының теңгерімінде тұратын барлық ауыл тұрғыны жоғарыда қабылданған ережеиеи келіспей, бірнеше рет наразылық білдіреді. Алайда, «жоғарыдан қабылданған шешім өзгертілмейді» деп жауап қайтарылған. Сондай-ақ, теміржолда істейтіндер мен мемлекеттік, әлеуметтік, құқық қорғау саласы қызметкерлерін бөліп-жару халық арасындағы алауыздықты тудыратыны белгілі. Тұрғындардың бәрі: «Жалға алу құны барлық санаттағы қызметкерлерге бірдей болуы керек» деп есептейді. Алайда арызын арқалап, қаншама есікті тоздырғанымен әлі де толық жауап ала алмаған жұрт сандалып жүр.

Ауылдағы үйлерді аралап көргенімізде тұрғын үйлердің көпшілігі 1961 жылдан 2015 жылға дейін салынғанын көрдік. Ал бір және екі бөлмелі жеке сектордағы тұрғын үйлер осы уақытқа дейін ешқандай күрделі жөндеуден өтпеген. Жылу, су, көріз желілері ауыстырылған. Тұрғындар ай сайын коммуналдық қызмет төлемін төлеумен қатар өз қаражаттарына үйлердің кіреберісі мен ішкі жолдеу жұмыстарын жүргізеді екен.

Осыған қарап: «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ Достық станциясының теңгеріміндегі тұрған үйлерді Достық ауылының балансына өткізіп берегенде ғана мәселе түбегейлі шешілін, ауыз тығысы ашыла түседі» деген ойға келдік. Бірақ құлқыны мекеме бұл туралы не айтады? Оның жауабын іздеп көреміз.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК НЕГЕ БЕРІЛМЕЙДІ?

Бүгінде Достық ауылында 200-ден астам Семей сынақ полигонының зардабын тартқандар тұрады. Олардың дені Достық станциясында жұмыс істейді. «Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарда әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсан №1787-XII Заңында ядролық сынақтардың зардап шеккен аймақта тұрған адамдарға әлеуметтік көмек көрсету мен зейнеткерлікке шығуға қатысты жеңілдіктер қарастырылған. Алайда бүкіл елдегі осындай санаттағы азаматтарға қызмет еткен ізі Достық станциясындағы ядролық сынақтан зардап шеккендерге көмектесе алмай отырғаны білді таңғалдырды. Сонын бірі – «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ Достық станциясының жүк қабылдап, тасымалдаушысы болып қызмет атқарып Мәрзия Касенова:

– Достық станциясында 1992 жылдан бері жұмыс істеп келемін. 1993 жылы Семей сынақ полигонының зардап шегуші қатарында еңбек демалысына 10 күн қосып берген болатын. Ал 1994 жылдан бастап әлеуметтік жеңілдік алып тастыды. Содан бері құжыласып қорған талай құзырлы мекеменің табалдырығын тоздырып, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттарына дейін жүгіндік. Әлі шешілмей келеді, – дейді ол.

Бір ғана адамның емес, осы ауылда тұратын 200-ден астам тұрғынның тағдырына қатысты шұқыма іс нелікten екеріліп келгенін жауапты мекемелерден сұрап, жауабын тұрғындарға жеткізетін болдық.

12 ЖЫЛ БОЙЫ БІТПЕГЕН АСПАЛЫ КӨПІР

Ауыл әкімінен әңгіме барысында Достық ауылының демографиялық жағдайы жақсарып, жыл сайын бала туу көрсеткіші 150-170 бала мөлшерінде артып келе жатканын білдік. Осыған орай мектепте дейінгі білім беру мекемесі мен мектепке дегеи сұраныс арта түскен. Достық ауылында 2 мектеп бар. 600 орындық Достық орта мектебінде 1200 бала оқиды. Ал 300 орынға арналған Достық №11 мектебінде 700 бала білім алады. 240 орынға арналған балабақшада орын жетіспеушілігі байқалады. Демек, Достық ауылында білім мекемесіне деген қажеттілік көп. Осы мәселе бойынша аудан әкімдігіне сұраныс берілін, биыл «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында жаңа мектеп салу ісі қолдау тауып, аудан әкімдігі тарапынан 2,5 гектар жер телімі бөлінінті. «Самұрық-Қазына» АҚ қаржыландырымсы мектеп құрылысы келесі жылы басталады. Бұл жоба жүзеге асса ауылдағы білім мекемесіне мәселесі түбегейлі шешіледі деуге болады. Бірақ ауыл тұрғындары оқу жасындағы балалардың қауіпсіздігі мәселесіне алаңдаушылық білдірді. Яғни, Достық ауылы – теміржолдың екі жағына бөліне орналасқан ауыл. Күн сайын теміржолдың оңтүстік бөлігіндегі Ш. Қалдаяқов көшесінің бойына орналасқан 7 және 10 үй шағын ауданының балалары қарсы бөліпгіне орналасқан екі мектепте оқиды. Олар үйінен мектепке жеткер жолда күндіз-түні пойыз ағылып жататын теміржолды кесіп өтуге тура келеді. Балалардың қауіпсіздігіне алаңдаған ата-аналар күнде таңертен таксн жалдап, болмаса жұмысын қайырып қойып, өздері балаларын теміржолдан жеткелеп өткізіп, әбден шаршап бітінті.

Осы келеңсіздікті және үшін ауыл тұрғындары Алакөл аудандық мәслихатының депутаты Жайлаубай Нұрмұхамедовтың бастамасымен теміржолды кесіп өтетін аспалы көпір салу мәселесін көтеріп келе жатканына 12-жыл толыпты. Бірақ содан бері арыз-арманын арқалап, жоғары-төмен өтінішін жеткізіп, мәселенің шешімін іздетіп жүрт әбден шаршаған. Бұл мәселе шешімін таппай жұртшы аланы да басалмайтын сияқты.

Мүмкін аудан әкімдігі немесе «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ Достық станциясының басшылары бұл мәселені тағы бір назарға алып көретін шығар. Аспалы көпірді салу мүмкін болмаса теміржолдың арғы бетіндегі тұрғындар мен балаларды тасымалдау үшін кеше автобусын жұртшы жөн сияқты.

ҚҰБЫРДАН ЛАЙ СУ АҒЫП ТҰРАДЫ

Достық ауылының маңынан Кемірсекал, Шыңдалы, Тоқта өзендері ағып өтеді. Алайда Ш. Қалдаяқов көшесіндегі 7 және 10 үй шағын ауданы тұрғындарымен кездескенімізде олар: «Құбырымыздан жиі лай су ағып тұрады» деп шағымданды. Мұның жағдайын ауыл әкімінен сұрап көрген едік:

– Көктемгі жер тоқи жібігенде немесе жаңбыр көбірек жауғанда су құбырларымызға шұғыл салдарынан Достық станциясының теңгеріміндегі тұрған 7 және 10 үй шағын ауданындағы тұрғындардың үйлеріне лай судың бағытына ашық. Осы мәселені шешу үшін 2019 жылы Алакөл ауданының әкімдігі «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ Достық станциясымен бір әлмілеге келіп, теміржол станциясы 5 жерден ауызсу сорғатын ұрымға алу үшін 2 гектар жер телімін бөліп берді. 2021 жылы 80 метр тереңдікте бір ұңғыма қазылып, зерделеу жұмысы жүргізілін, нәтижесінде таза ауызсу алуға болатыны анықталды. Өкінішке қарай, алар кезінде берген үздіксіз орындалай алмады, – дейді ауыл әкімі Ермек Сейфиұл-Мәлікұлы.

Тұрғындардың өтінішті неге ескерілмей, аудан әкімі мен теміржол станциясы арасындағы келісім қалайша жүзеге аспай жатқанын құбырын ашық мәселелерге газет тарапынан сауал жолдап, жауабын жеткізуге уәде бердік.

ТҮЙІН:

«Достық ауылын көтертіп-көркейтсек, ауыл тұрғындарына аз да болса азаматтық көмегім тисе» деп түлкі келесіздіктегі көтеріп, шаңр-шаңр болып жүрген Жайлаубай Нұрмұхамедов деген азаматты көптен білетінбіз. Бүгінде ол Достық ауылынан Алакөл аудандық мәслихатының депутаттығына сайланып, жұрты үшін елеулі еңбек етіп келеді. Өкінішке қарай, жұмыс бабының тығыздығына байланысты кездесе алмасақ та оның Достық ауылына қатысты депутаттық сауалдары әлеуметтік жүйелерге жиі жариланып тұрады. Оның ішінде Достық станциясы «Теміржолсу – Алматы» участогінің басшысы А. Саржановқа тұрғындардың үй мәселесі жайлы депутаттық сауал жолдаса, Алакөл ауданының әкімі Алмас Абдиновке Достық тұрғындары мен оқушы балаларының Достық паркінен өтетін аспалы көпір салу және Достық – Үшарал – Талдықорған – Алматы жол қатынас бағытында автобустар жүргізуін сұраи хат жолдапты. Ал Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Мақсат Толықбаевқа Семей полигонының зардап шеккен Достық ауылы тұрғындарының мәселесін шешіп беру туралы өтінішті. Жетісу облыстық білім басқармасына Достық ауылындағы аудандық білім бөлімінің есебінде тұрған, көрген көзге үрей тұғызатын ескі үйлерді сүріп тастауға шешім қабылдауын өтініп те хат жазған. «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаевқа Достық ауылы тұрғындарының тұрып жатқан үйлерін жекешелендіруге қатысты жанайқайын жеткізіп, әділдік талап еткен депутаттық сауалын да көргендік. Алайда депутаттың сауалдары тиісті құзырлы мекеме немесе лауазымды тұлға жағынан қаншалықты қолдау тапқанын халық қалаулысының өзі айта жатар.

Достық ауылына барғанда тағы бір түйгеніміз, бүгінде ауылға келетін шетелдік және отандық туристердің, кәсіпкерлердің көбейе түскенін байқадық. Өкінішке қарай, Достық ауылында шегара бекеті ашылғанына бері 30 жылдағы тарихты түгендейтін бірде-бір мұражай жоқ. Мүмкін аудан тарапынан қолдау тауып, Ермек Еңсебаев бастаған ауыл әкімі, Жайлаубай Тұрсынұлы бастаған халық қалаулылары қолға алса, бұл істі де жүзеге асыруға болады деп ойлаймыз.

Достық ауылы
Алакөл ауданы

● ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ



Автобуста екі апа өткен күндері мен өскен ауылдары жайлы айтып, шер тарқатып отыр. Жанында отырған соң құлақ күрғыр естиді екен. Балдай тәтті балалық шақтары, қызғалдақ терген қыз күндері, келін боп ақ босаға аттаған сәттері, қызығы мен қиындығы толық баяндалды. Бірақ 90-шы жылдары туған ауылдарын тастап, қала жағалап кеткен жерге келгенде екеуі де шалғайымен көз жастарын сүртіп, үнсіз қалды. Тағатым таусылып, әңгімеге еріксіз араластым.

– Ол ауылда адам қалды ма? – деп сұрадым. Манадан үнсіз отырған екі апам қайта шырай бастады:

– Иә, жалғыз кемпір қалды. Отыз жылдан бері сол ауылды күзетіп жүр.

«Туған топырағымды тоздырмаймын, күйреген ауылдың түлегенін көріп өлсем арманым жоқ» деген жансебіл үмітпен отыз жылын шалғай ауылда жалғыз өткізген апаға деген қызығушылық оянды. Сонымен байырғы тұрғындары тастап кеткен ауылдың күйреген тіршілігін оңалту үшін сан түрлі жоспарын ұсынып, аудал, аудан әкімдерінің мұнын әбден ашытып біткен, жүрт айтқандай, «Қытымыр кемпірмен» жолығуға деген аңсарымыз ауып, жолға шықтық.

ТҮБІ БІР ТҰЛЕЙТІН АУЫЛ

Қажет АҢДАС

«ИНДИЙСКИЙ» БОЛЫП БАРАМЫЗ»...

Халқымыз «Жұсты жүндей берсең жуан шығады. Қорқақты қуа берсең батыр болады» дегені нақыл сөзді тегін айтпаса керек. Жүзбе-жүз кездескенше Жұмақыз апаның кейіп-кескірін елестететін, Теректі ауылына жетіп едік. Бізді самайын ақ шалған, бетін өткен жылдардың әжімі өрнектеген, сұңғақ бойы сәл еңкіш тартқанымен жастық шағындағы әдемілігін жоғалта қоймаған қазақтың қарапайым кемпірі жылы шыраймен қарсы алды. Біз барғанда апамыз жеті шелпегін пісіріп, дастарханын жайып, дайындап отыр екен.

– Журналистер келеді дегелі келгелі бері телефонда маза жоқ. Мені көрсе де көрмеске салып, теріс бұрылып кететіндер «Апалап» жанымды қоймады. Қанша шақырсаң соншама сылтау айтып жоламайтындар келіп амандасып кетті. «Журналистерді неге шақырып жүрсіз?» деп өкпелегендері де кездесті, – деп күлді апамыз.

– Бізді сіз шақырған жоқсыз, – өз ағымызбен келдік қой, – деп ақталдық.

– Журналисті теледидардан көріп, аты-жөнін газеттен оқушы едік. Көзімізбен көреді екенбіз ғой, – деп әзілдеп қояды.

Жортып жүріп жоқ іздейтін журналистердің аңдығаны жамандық емес, жақсылықтың да жаршысы екенімізді түсіндіріп әлекпіз. Бірақ Жұмақыз апамен әңгімемізді тез жарасып кетті.

Апамыз бұл ауылда 1968 жылы келіп болып түскеннен бері тұрады. Ол кезде «Киров» ұжымшарының бөлімшесі еді. Бөлімше деген аты болмаса ірегесі бекіген, тіршілігі тынысты, шаруашылығы өркендеген, жері құнарлы, айнала жайнап, тұрғындардың көңілі жарқын тұратын. Сол жылдары 860 тұрғын, 168 оқушы болыпты. 2 дүкен, клуб, көпшілік монша, пошта, әкімшілік ғимараты жұмыс істеп тұрды.

Апамыз алғашында ұжымшар клубының меңгерушісі болып, сол жұмыста 15 жыл атқарыпты.

– Клубта көбінше «Индийский» фильм көрсетілетін. Қазір өзіміз «индийский» болып барамыз, – деп күлдіріп қойды арасында.

Расында, дәл солай. Актобе ауылынан Терекгіге апаратын қиыршық жолдарды артқа тастап, өзен жағалап келе жатқанда алдыңнан қалың ағаш қымтаған ауыл жарқ ете қалғанда көзің жайнап кетеді. Айналасын көкорай шалғынды жоталар қымтап, бір жағы сарқырап аққан өзеннен ықтасып жатқан ауылдың кезінде жүрт қызығатындай жер болғаны көрініп тұр. Түзу-түзу көшелеріне қарапайық бұрынғы тіршілігінің табысты болғаны білінеді. Бірақ бітісін өзің кеткен қалың ағаштың арасындағы құлаған қорған, опырылған керете, шаңырағы ортасына түскен үйлерді көріп, бүгінгі халіп бағамдайсың *(1-сурет)*. Көшенің екі жағындағы қатар-қатар үйлердің Жұмақыз апаның үйінен басқа қаңқасы бүтін бірде-бірін көре алмай қиналдық. Жол бойы көліктің жүрісінен жаңылдырған қырғауыл мен өзен ішіндерінде асыр салған ақ шабақтар алға жетелейді. Осындайда «Жұмақыз апаның күйреген ауылда 30 жыл бойы жалғыз тұруына қандай күш жетеледі?» деген сұрақ мазалай берді.

«АҒАШТЫ КЕСПЕСІН, ҚЫРҒАУЫЛДЫ АТПАСЫН»

Ауылдық округтің ақпараты бойынша, Терекгіде 20 үйдің тұрғыны тіркелген. Тіркелді деген аты болмаса, тұрақты тұратыны осы Жұмақыз апа ғана. Қалғаны қыстығүні аудан, облыс орталығындағы жылы баспанасына кетеді де көктем шыға оралады. Олардың дені қырғауыл атып, демалып қайтуға ғана келеді. Оның сыртында күз бастала ауылдың ағашын кесіп, ақша тапқысы келетіндер мен жазда қырғауыл атып, қызыққа батқысы келетіндер құмар-ақ. Ал Жұман апа: «Ауылдың бір тал ағашы қиылмасын, бір қырғауылы атылмасын» деп жанұшырып жүрген жалғыз жан.

Ауылды қызғыштай қорғап жүргенімен басқалар жағынан неше түрлі қысымға, көкан-лоқсыға жиі ұшырап тұратыны бар.

– Қарағашқа байлап, бензин құйып өртеп жібереміз. Қырғауылдың орнына сені атамыз, – дегендер де болыпты. Телефон арқылы да неше түрлі сұмдық жоспарларын айтып, үркітіп-қорқытатындар да көп екен. Бірақ Жұмақыз апа:

– Өртесе де, шапса да осы ауылдың бір тал шырпысын кестіріп, бір бас қырғауылын атқыза алмаймын, – деп бекініп алыпты.

Ауылдың осындай халге жетуіне әдекімдерді кінәлауға келмейді. Бірақ ауылды бұрынғы деңгейіне қайта көтеру үшін істелуге тиісті кейбір жоспардың дер кезінде қолдау таппағаны ғана өкіндіреді. Кеңес одағы ыдырағанша бұл ауылдың тұрғындарының дені өзге ұлт өкілдері болған. Олардың ата-бабалары отаршылдықпен бірге өзге елден қазақтың шұрайлы мекеніне қоныс тепкендер. Ал тәуелсіздік алып, елдің келешегі қазақтардың қолына өткенде байырғы мекендеріне қошіп кетуі заңды дүние. Иесі кетіп, қараусыз қалған үйлер жылдар өте мүжіліп, құлап, қирап қалды. Алайда халыққа қызмет көрсететін ықасындарды қорғап қалуға болатын еді. Бірақ дер кезінде қорғау шараларын дұрыс қолға алынбағандықтан шаңырағын шайқалтып, қабырғасын кеуспеп алдық.

Жұмақыз апа ертіп жүріп, сондай ықсандарды аралатып, көрсетті. Кезінде күні-түні тынымсыз жұмыс істеп тұрған пошта, дәрухана, клуб, монша, балабақша орналасқан ғимараттардың тағаны ғана қалған. Аулсын шөп пен ағаш басып, сұрықсыз көрінеді. Сақталып қалғаны мектеп пен мал бордақылау орнының ғимараты ғана *(2-сурет)*. Сақталып қалды дегені болмаса, төрт қабырғасынан басқа түгі жоқ. Жұмақыз апа осы мектепті сақтап қалу үшін табаны тозып талай мекеменің табалдырығын тоздырыпты.

– Ауылда оқитын бала қалмағандықтан мектеп жұмысын тоқтатты. Алайда 2000 жылдардың басында шеттерден қандастар көшіп келе бастады. Бізде ауылға да 20-дан астам отбасы көшіп келіп, қоныстанды. Оларды тұрақтатып қалу үшін мектепті қайта ашуға тура келді. Сонымен арғымызды арқалап ауданға, облысқа бардым. Сол кездегі облыс әкімі Серік Үмбетовпен ғана жолыға алмадым. Басқа жауапты мекеме басшылары мен саяси партия өкілдерімен кездесіп, ойымды жеткізіп, 2009 жылы мектеп қайта ашылды. Мұғалім, күзетші, шаруашылыққа жауапты адамдар болып, 11 штат бекітілді, өз жұмысын бастады. Арада 3 жыл өткенде ағайындардың арасынан жік шығып, қандастар ауылдан көшіп кетті де мектеп мұдем жабылды. Сонымен ғимараттың есік-терезесі, темір-терегі, шатыры тоналып, бүгінгідей ақтал-сақтал халге жетті. Өткен жылы біреулер келіп, мектеп ғимаратын мал бордақылайтын орынға *(3-сурет)* айналдырмақ болды. Оған қарсы болдым. Түбі ауылдастар оралып, мектеп өзінің жана міндетін бастайтынына сенемін, – дейді апамыз.







Суреттерді түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

Түйін:

Жұмақыз апа да тау қопарып, тас уатқан адам емес. Бірақ ауылға деген шынайы махаббатымен өскелең ұрпаққа өнеге бола алады. Өйткені, кіндік қаны тамған жерін қиып тастап, көшіп кеткен және «аталарымыздың сүйегі жатқан топырақ қой» деп көз қырын салуға жарамағандармен салыстырғанда Жұмақыз апаның қарттайған шағында ауылына деген жанашырлығын шалғайда жалғыз тұрып жатқаны ерлікпен тең дүние. Кеудесіне тағар медалі, үйінің қабырғасына ілін қоятын Алғыс хаты болмаса да біз үшін нағыз еңбек адамы. Әр деңгейдегі қабылдауларға шақырылмақ түгілі «Қытымыр кемпір» атанып, топтан қағыла берсе де туған топырақтың қадіріне бас иген апамызға біз де бас иеміз. Ол кісі орындай алмаған арманын біз жалғастырамыз.

Сарқан ауданы

ТУҒАН ТОПЫРАҚ

«Орнында бар оңалар» дегең нақылға сенсек, ауылдың алдағы күндері көптің қолы жетпейтін мекенге айналары анық. Өйткені, күйреген ауылдың маңы тұнып тұрған тарих. Кезінде бұл ауыл Бесдөң деп аталған екен. Ауылдың іргесінде 5 үлкен сақ қорғаны болған. Бүгінде оның үшеуі толық сақталса, біреуі тегістелін, егіске айналып кеткен, енді бірінің орнына мал азығын сақтайтын қойма салмақ болып жартылай бұздырып тастапты.

– Қорғанды қазған кезде ішінен бөренелер, білтелі мылтық, күміс ақша, күмістелген әшекей бұйымдар шықты. «Мәскеуге жеттік» деп естідік. Бірақ қайда жеткенін ешкім білмейді. Солай жабулы қазан жабулы күйінде қалды. Ауылдастар кейінге дейін қыш құмыралар, күмістелген әшекей бұйымдар тауып алып жүрді. Сөйтіп екі қорған бүлінің, бүгінге осы үш қорған ғана қалды, – дейді бізбен жолшыбай тілдескен Қайрат Кәмалұлы.

Мұнан басқа да толып жатқан тарихи өңкілдер бұл жердің қастерлі мекен екенін айғақтайды. Қазақтың әйгілі тарихшысы Мұхаметжан Тынышбаев осы өлкенің тумасы, ал Терекгінің қарсы бетіндегі жотаның арғы жағы 1846 жылы Шұбар Ағаш бітімі өткен жер. Қазақстанда алғаш мектеп ашыла бастағанда Кәмал Ыбырайұлы деген зиялы адам Құраксай деген жерден мектеп ашып, бала оқытыпты. ТҮРКСИБ теміржолының алғашқы сызбасында теміржол Терекгіні басып өтуге тиіс болып, кейін жоба өзгертілгені бар. Ұжымшар алғаш құрылғанда осы жердегі қоныс мешітті трактормен құлатып тастапты. Кейін тракторшы жігіттің аяқ-қолы тартылып, мүгедек болып өмірден өтіпті.

Ауыл іргесінде жеміс-жидек өсіретін бақша болған екен. Жаз, күз айларында жемістер жиналып, қоймаланып, қыстай ауыл тұрғындарына таратылатын. Бүгінде жейтін ауыз жоқ. Күзде төгіліп, шашылып жатады. Ауылдың айналасындағы егістіктерде дәнділмайлы дақылдар жайқалып өсіп, қант қызылшасынан мол өнім алынатын. Оның бәрі көзден бал-бұл ұшқан.

Осындай қызу тіршілік бақытты күнді көрген Жұмақыз апаның 30 жыл бойы «ауылды қайта қалпына келтірсем» деп шырылдан жүруінің себебі осы. «Біз қолдан келгенше көмектесеміз» деп үзде еттік. Ал аудан, округ басшыларының ауылды қалпына келтіру туралы жоспар-жобасын алдағы уақытта сұрап білетін болдық.

«ӨЛЕУМЕТТІК КӨМЕК АЛА АЛМАЙ ЖҮРМІН»

Бір жағына тартсаң екіншісіне жетпей жататын дүние той бұл. Жұмақыз апа 30 жыл ауыл деп шырылдан жүріп, жеке басының кейбір мәселесін шешуге уақыт таппағанын айтып мұңайды. Жалпы Запар ағамыз бен Жұмақыз тәтемізді кіндігінен Назигүл, Жанна, Сайлау, Нұргүл, Рахат, Ботагөз сияқты 6 бала тарайды. Балаларын әлпештеп өсіріп, ел қатарына қосты. Бірақ өмірдің заңы ғой. Қазірде арамыздан алыстап кеткендері бар. Алты бала тәрбиелеп, өсіргені үшін жеңілдіктен ертерек зейнетке де шыққан. Өкінішке қарай, көпбалалы ана ретінде зейнетке шыққаннан кейін берілетін қосымша қаражатқа қол жеткізе алмай келеді. Бір-екі мәрте зейнетақы төлеу орталықтарына сұрау салған екен. Көкейге қонымсыз жауап естіпті. Өзі бауға уақыт таппаған.

– Ауылдың қарағашы мен қырғауылын қорғайыңыз деп жүріп өзіміңіз неге мәселемді қарастыруға уақыт жоқ, – деп мұңайды кейуана.

«Мұның себебін зейнетақы төлеу орталықтарынан сұрап, нақтылы жауабын айтамыз» деп үзде беріп кеттік. Ауылды күзетіп, әбігер болып жүрмеген соң бізде уақыт баршылық.

● ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

АТЫ БАР ДА ЗАТЫ ЖОҚ АУЫЛ

Облыстық мемлекеттік архивтен Кеңес билігі орнағаннан кейін Жетісу өңіріндегі жер-су атауларын жаппай өзгертуге қатысты құжаттарды қарадық. Сол құжаттардың арасынан «1936 жылы Талдықорған аудандығын құрамындағы ұсақ ұжымшарлар ірілендірілін, оның саны 43 болды» деген дерек кездесті. Осы 42 ұжымшар кейін келе әкімшілік бөлініс бойынша Талдықорған қаласы, Көксу, Ескелді, Қаратал аудандарының құрамына енгенімен бүгінде ауыл немесе ауылдық округтерге қарасты елді мекен ретінде жалғасын келеді. Тек осылардың қатарындағы «Нұра» кеңшарын іздеп таба алмадық.



Қажет АНДАС

«Ел құлағы елу» деген емес пе?! Нұра ауылына қатысты тарихи деректер мол Оспанбай Ібсағұлының «Черноболь ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің торағасы Хусайын Мұстафа үлкендерден естіген әңгімесін былай сабақтады:

– 1932 жылға дейін ноғайлықтар қайтыс болған жақындарын ауылдан 8-10 шақырым жердегі Бақтыбай Жолбарысұлының кесенесі тұрған зиратқа жеткізген екен. 1921 жылы қайтыс болған атым Мұстафа сонда жатыр. 1931 жылдан бастағын апарғысқа өлгендерді ол зиратқа жеткізуге ит-қолық болмағандықтан ауылдың іргесіндегі дөңге жерлеген. Халқымыздың ауылдың іргесіне адам жерлемейтіні белгілі. Алайда бұл шарасыздықтан болған іс еді. Басында ал-ауқаты барда мүрделерді дөңнің төбесіне жерлесе, бірте-бірте ептеғне өзер жеткізіп, қабір қазуға әлдері жетпей, жерді шұңқырлап қоме салған. Өлікті іргедегі зиратқа жеткізетін адам табылмағанда әрбір үйдің ішінен шұңқыр қазып жерлеген. Ауыл жаппай қырылып қалғанда үйдің қабырғасын құлатып, мүрделерді жасырынты. Міне, осылай 1-2 жылда ырысы шалқып жатқан Нұра ауылының қаз-қатар тізілген үйлері томпайған-томпайған қабірге айналып, оты мүлдем сөнді.

– Әкем Дәуіт Мұстафаұлы 1912 ескі Нұра ауылының көне жұртына бастап барған «Чернобыль ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің торағасы Хусайын Мұстафа үлкендерден естіген әңгімесін былай сабақтады:

– 1932 жылға дейін ноғайлықтар қайтыс болған жақындарын ауылдан 8-10 шақырым жердегі Бақтыбай Жолбарысұлының кесенесі тұрған зиратқа жеткізген екен. 1921 жылы қайтыс болған атым Мұстафа сонда жатыр. 1931 жылдан бастағын апарғысқа өлгендерді ол зиратқа жеткізуге ит-қолық болмағандықтан ауылдың іргесіндегі дөңге жерлеген. Халқымыздың ауылдың іргесіне адам жерлемейтіні белгілі. Алайда бұл шарасыздықтан болған іс еді. Басында ал-ауқаты барда мүрделерді дөңнің төбесіне жерлесе, бірте-бірте ептеғне өзер жеткізіп, қабір қазуға әлдері жетпей, жерді шұңқырлап қоме салған. Өлікті іргедегі зиратқа жеткізетін адам табылмағанда әрбір үйдің ішінен шұңқыр қазып жерлеген. Ауыл жаппай қырылып қалғанда үйдің қабырғасын құлатып, мүрделерді жасырынты. Міне, осылай 1-2 жылда ырысы шалқып жатқан Нұра ауылының қаз-қатар тізілген үйлері томпайған-томпайған қабірге айналып, оты мүлдем сөнді.

– Әкем Дәуіт Мұстафаұлы 1912 жылы туған. 1931 жылғы тұтындалғандардың қатарында Алматыға айдалып, жастығы ескерілін, қамаудан босатылып ауылға келген соң Үштөбеде ашылған жұртшылар дайындайтын курсқа оқуға түседі. Оқуын бітіргеп соң күріш егісіне үсқу жеткізу мақсатында қолға алынған канал қазу жұмысына араласады. Оз кезде Үштөбедегі канал құрылысында жұмыс істегендердің жағдайы жақсы еді. Еңбек ақыр болғанымен қарындары тоқ. Осы кезде әкем ауылдастарының ашық ыспаныда қалғанын естіп, шешесіне Үштөбеге келуін айтып, хат жіберді.

Сонымен шешесі Үштөбедегі жағдайды көріп, ауылда қалған енесі мен 1918 жылы туған Хамит деген ұлын әкелмек болып жолға шығады. «Елді мекеннен алыс жерлерде жалғыз-жарым адамды ұстап алып, жеп кетіп жатыр» дегенді естіп, сақтанып жүруін тапсырып жолға салады.

Үштөбеден жаяу жолға шыққан кейуана Нұрға жақындағанда кең батып кетеді. Алайда ертеңінде ауылдастары, қолында балағына жеңе жатқан бір тілім нанн бар, далада өліп қалған жерінен тауып алады. Сол күні Нұрадағы әжесі де шіпшақтан қайтыс болыпты. Әлдеқ жоқ жақындары оларды зиратқа жеткізуге шамасы жетпей сол жерге шұңқыр қазып көмеді. Кейін егіс жұмтып жүргендер оларды шашылып қалған сүйектерін жинап, зираттың ақ жағындағы бір жерге көмеді.

1933 жылы Тұрар Рысқұлов бастаған қазақтың азаматтары Қазақстанда болып жатқан ашық туралы Сталинге хат жазып, нәтижесінде ауылдарға тамақ тарата бастайды. Ауыл-ауылдар аралап, тірі қалған балалардың жинап, балалар үйіне өткізеді. Хамит сондағын катарында кетеді. Яғни, шын Ресейдегі балалар үйіне жеткізілін, орысша ат беріліп немесе Ескіші дүниежүзілік соғысқа қайтыс болуы мүмкін. Ескіші нұсқаның мүмкіндігі көп. Өйткені әкем үнемі: «Соғыста жүрсем бір күні екі батальон әскер қарама-қарсы отқа бара жатқанда әрі жақтағыларын арасынан Хамитті көріп қалдым. «Сен Хамитсың ба?» деп едім, «Иә, мәнмін» деп жауап берді. Бірақ уақыт тығыз, кездесіп әңгімелесуге жібермеген» дегенінің де жаны бар. Мұндай жағдай ескі Нұра ауылының әрбір отбасының бәрінде бар.

Қорымды біз де аралап, сайғақа жапалған есімдерді оқидық. Сол қатарда Нұрын Бақтыбайқызы деген есім көзімізге оттай басылды. «Бақтыбай ақынның қызы осында жатыр екен ғой» дедік іштей *(2-сурет)*. 1934 жылы ашылған бұрғылын шыққан елдің ежесі қайта көтеріле бастағанда Жетісудың әр түкпірінде тарап аман қалған Қосы атаның ұрпақтары мен Қазақстаннан әр түкпірінен көшіп келгендердің басын қосып, ескі Нұрадан 2-3 шақырым жерден «Нұра» ұжымшары ұйымдастырылып, үй салынып, жұрт қоныстанады. Оны жұрт «Жаңа Нұра» деп атап кетті. Оның алғашқы басшысы Жексембай Матекеев болады. Одан кейінгі 16 жылда 6 басшы ауысты. Кеңшардың тынысы ашыла бастағанда Екінші дүниежүзілік соғыс ілініп жетіп, Қосы атадан 20 адам соғысқа аттанып, соның жетеуі тағы елге оралып, келген соң көп өтпей төртеуі қайтыс болып, тек 3 соғыс ардагері кейінге дейін арамызда жүрді. Демек, аштықтан аман қалғандардың 95 пайызы соғыста қаза тапты. Айта кетерлігі, соғыс жүріп жатқан тұста Ресейден орыс, кәріс, чешен ұлттының өкілдері «Нұра» кеңшарына күшпен көшіріліп, қатары сирек қалған елдің саны арта түсті. Дегенмен, олардың да басынан сан тауқымет өтті.

1950 жылы үкімет қаулысымен «Нұра», «Шұмыр», «Кемералы» кеңшарлары ірілендірілін, «Көкпан» деп аталды. Оның бірінші басшысы Сәрсенқұл Сопақов болды. Олжабай Ібсағұлының есебінше, сол жылдары кеңшарда 115 үй болған, оның 25-і жергілікті, 67-і орыс, чешен, кәріс және басқа ру аймақтары болса, 23 отбасы Ақтөбе облысынан көшіп келгендер еді. 1950 жылдардың соңында Қытайдан келген қандастар да «Нұраға» қоныстанады. Осылай шарушы қайта шалқи бастаған 1950 жылы қант қызылшасының егіс көлемін ұлғайту деген желеумен Жаңа Нұраның тұрғындары Шұмырға көшірілін, өндірістік ұжымшар болып құрылды. «Нұра» кеңшарын мынырған қойы мен табын-табын сиыры, үйір-үйір жылқысы мал шаруашылығымен айналысатын сол тұстағы «1 май», «Ерен», «Жамбыл» кеңшарларына берілін, орыс, кәріс, чешен ұлттының өкілдері мен Қосы атаның балаларын Талдықорған қаласы, Көксу, Ескелді, Қаратал аудандарына, бір бөлігі Ақтөбе облысына көшіп кетті. Қалғаны «Шұмырға» орнықты. Соның мен «Нұра» екінші рет тарихының, кезіндегі қайнаған тіршілігінен дәм қалмады. Тек ескі және жаңа Нұраның аты ұмытылмасын деген жүрт кейін келе Шұмыр ауылының бір көшесін Нұра деп атапты *(3-сурет)*.

Нұра ауылынан талай талантты тұлғалар есімті. Соз қатарда осімі бүгінгі ұрпаққа мәлім Ескелді би мен күйбегі Шора, Қосы, Досай батырлар, қазақ айтыс өнерінің жампозы Бақтыбай Жолбарысұлы, Аман, Амандос, Қанеш болыстар, Алаш зиялыларымен, Ілияс Жансүгіров және Кенен Әзірбаев сияқты қазақтың аймандай дарынмен сыйласып, сәлеттасып құрығына ілінген Сейдімет Қолдасбайұлы, Мәскеу қаласында өткен қазақ өнерінің онкүндігіне қатысқан Нұрсағила Бейсегелұлы мен Молбай Қоңырбаев, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, «Алтын Жұлдыз» орденінің иегері Нұрғали және Дубек Нұрөтейсөлер, қант қызылшасын өркендетуге елеулі үлесі сіңген Жексембай Ісенбаев, спорт саласында үлкен жетістікке жеткен Қапаш Сейсенұлы, ҚР білім беру саласының үздігі Рәйса Бапқалиева, экономист Қожахмет Тырапұлы, киноактер Совет Кенесұлы, генерал-майор Сәбыр Имаңсов, әр саладан шыққан ғалымдар мен білікті азамат-азаматшалар болып жалғаса береді. Осындай санатты адамдар өскен ауылдың айдалардағы төбешік болып қалғанын жүректі сыздатады.

Шымыр ауылының орталығындағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына арналған шағын ескерткіш бүгінгі ұрпақтың тағзыны есепті *(4-сурет)*. Оз ескерткішке қаржылай қолдау көрсеткен белгілі меценат, «Нам Г. Н» фармасының директоры Герман Нам. Ескертпіш ашаршылық құрбандарына арналғанымен шын мәнінде қазақтардан қамқорлығымен аман қалып, ұрпақ өрбіткен орыс, кәріс, чешен ұлты өкілдерінің қазақ халқының дарқандығына көрсеткен алғысы деуге болады. Бұл туралы алдағы уақытта жазатын боламыз.

Жергілікті көнекөз қариялардың айтуынша, Ескелді бабамыз Көксу мен Қаратал өзенін арасындағы орыстың жерге елді орнықтырғанын кейін Қаратал өзенінен тоған тартып, осынау жазықты өтін етіп, дәстірмен салып, елді отырықшылыққа бейімдеген. Кәне дәстірменнің орны мен 3 ғасыр бұрынғы тоғанның сорабы әлі де бар.

Мақсатымыз – Нұра ауылында өркенді өмір мен жұрттың ескі төбелеңдер берекелі бірлігінің болғанын анықтап, елді мекеннің жойылып кету себебін қарастыру. Ескі Нұра ауылын қайта қалыпына келтіре алмасақ, Бірақ Нұра ауылының ескі жұртына ашаршылық құрбандарының есімі жазылған ескерткіш тұрғызып, аты-жөнін қашан жазуға болмай ма? Олардың тұнық тілімі Айман Олжабайқызының қолындағы Олжабай Ібсағұлының қолжазбасында тұр.

Айту бізден, атқару ел азаматтарының еншісінде.

Ескелді аудасы

● АЙТАР МЕЗЕТ

Баланың бағын ашайық

Дана халқымыз «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілесің» деп тегке айтпаған. Баласын болашағына балаған елдің әрбір ұрпағы бақнды, қамқорлы шақты сезінін, елдің алымды һәм қарымды тұлғасы болып қалыптасуы керек. Бабалар аманаттап қалдырған ұлан-ғайыр далада етемендігіміз мәңгілік салтанат құру үшін Мағжан Жұмабаев сенген жастардың бүгінін жарқын және жарық етуен жөн.

«Арбаған мені бір сықыр» дегендей, еңбек демалысына шыққам да жаным спортқа жақын болғандықтан тенбіл дөп төңірегіндегі мақалаларымды газетке үзбей беріп тұрамын. Әлі де бұл өмірде өз-өзімді қамшылап, алға қойған мақсатыма жетуге құштармын. Биылғы футболдан Қазақстан Премьер лигасындағы тоғызыншы тұрған кейін кош басындағыларымен қатар келе жатқан «Жетісу» футбол клубы – сүйікті командам. Кезінде осы кәсіпкой футбол командасы Жаркент жерінде жасақталып, кейінінен облыс орталығы Талдықорғанға ауысып кеткен еді.

Рас, бүтінде төртқұл дүниеге ортақ футбол ойыны аудан, ауыл балаларына таныс емес. Аладоп аяққа ілініс, мейлі, топырақ, қиғал болсын, таңдамай екіге жарыла жарыса кету үйреншікті дүние. Жасыл алаң, жақсы доп болмаса да футболдан хабары бар бозбаланың көкейінде аты аңызға айналған Пеле, Марадонадан бастап бүгінгі Роналду, Мессиедің ойын орнегі тұрары хақ. Оның үстіне оларға өзімізден шыққан Абат Аймырбетов, Асхат Тағыбергенн, Бауыржан Исламхан, Бахтияр Зайнутдинов, Исламбек Қуат, Абзал Бейсебеков, Нұрәлі Әлім пен Жетісу футбол мектебінен шыққан Серікжан Мұжыков, Айбар Жақсылықовтардың ізінен ілесікі келетін оқушы балалардың қиялына қанат бітіріп, оларды спорттың осы түріне баулуды ниет еткен бапкер әрі ардагер спорт жанашырлардың бірімін.

Бүгінгі қоғамда бұқаралық спортты дамыту төтенше маңызға ие әрі көкейкесті мәселе. Әрине, қай заман, қандай уақыт болмасын жұмысбасты пенде үшін денінің саулығынан асқан байлық болмаған. Сол сияқты тоқсан ауыз сөздің түйінін тобықтай етін, дәл жеткізе білген бабаларымыз «тәні саудың жаны сау» дейтін осынет қалдырып, салауатты өмір салтының бағасын әлдекашан-ақ беріп кеткен.

Осы ретте Жаркент қаласындағы Жамбыл атындағы орта мектептің футбол командалары ғана тұрған үлкен спорт алаңының инфрақұрылымын жаңғырту мақсатында айтылған отініштімізі орындалып, бүтіндері жобалық-сметалық құжаты сараптамадан өтіп, қаржысы бөлінгенін айрықша атар едім. Енді тендерді ұтқан мердігер компания жобадағы 100х65 м. үлкен футбол алаңын айналдыра төрт жолақты жүгіру жолдарының резинады төсеніштерін төсеп, стандартқа сай ұзындығы 400 метр болатын коршауларын орнатып берсе ниті еді. Аталғандай етін спорт алаңын бітіріс, балалар футболының өркендеуімен қатар «спорт палитрасы» жеңіл атлетикаңың да ауданымызда дамитыны анық.

Осы тұста таланты жетін-артылатын ауылдық жерлерде спорт залдары мен футбол алаңдарын көптеп ашса екен дейміз. Сонда ғана жас дарындар сараланып, оларды тәуып, кәсіби шеберлігін арттыруға жол ашылар еді. Ал баланың бағын ашу, оларды спортқа баулу – баршамызға ортақ міндеті.

Сұлтанғазы ҚОҚАБИ,
Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, спортшы, ұстаз
Жаркент қаласы

Ана тілін ардақтайық

Ұлтымыздың ұлылығының үлкен айнасы қазақ тілі. Ол өзінің бар болмыс-бітімімен, сән-салтанатымен, әрінеі қамти алатындығымен бай. Бұл байлығымызға қазіргі уақытта төрт құбаладан назар аударып жатқандар қаншама?! Біз қазақ тілінің дүниө түрғанша тұратынына ынануымыз керек.

«Туған жер тұғырын, бақтасаң төзбайды, туған тіл қыдырын, сақтасаң төзбайды» дейді бағзыдағылар. Солар айтқандай, төзелістідік тұзырының мықты бозуы тіл тазалығына байланысты екенін жадымыздан шығармағанымыз абзал.

Ұлтымыздың бөік мәртебесін, озық мәдениі, әдеби мұраларын келер ұрпаққа өз дәрежесінде жеткізуді мұрат етken кезеңде уақыт жүгінін басым болған кітапханашыларға түсіне. Кітап оқу – өнер, рухани жаңғыру кепілі. Оқығандардың санасына күн сәулесіндей нұрын сіңіріп, адамгершілікке, имандылыққа, оқу-білімге ұмтылуға әсерлі өлеңдерімен тәрбиелеген Махмұт Қашқаридың даналық сөздерін, Жүсіп Баласағұнның, әл-Фарабидің, Ахмет Иүгінекідің өлеңдерін, Ахмет Иассауидің хикметтерін, ата-баба тарихының асыл мұраларын кітапханалардан табатынынмыз сөзсіз.

Жер жаннаты Жетісу текті елдің ғана емес, текті жырдың да атамекені. Төртқұл әлемге танылған қазақ тілі, даланың данасы десек қателеспегеніміз. Ұлттың ұлылары толған, тамсанып, нәрін татқан қазақ тілінде деген құрметін Ақсудың ардақты перзенті, ақын Ілияс Жансүгіров жырмен жеткізген.

Қадірін, бағасы аитып аиам тілі,
Сенімен балалаған балаң түрі.
Төрт бөлін түн ұйқысын жұбатам деп,
Сенімен алдиеген анам мені.

Ілияс ақын көзі ашық, көкірегі ояу болғаны үшін құғын-далды, ату жазасы белгіленді. Алайда тілін кесіп, бақыл алғанмен білімдінің соңында өлмейтұғын хаты, ұрпағының аты қалды. Ақиық ақын өзіне ғана емес, жастарға:

«Оқығанда кім болам?
Жаттығына үй болам.
Заманына ұл болам.
Дейсіндер ме күл болам?
Мен сендерге тіз басам,
Оқығанда кім болам?
Ауылыма ай мен күн болам!» – деген өлең жолдары кейінгі буынының санасына ана тіліміздің құдіреті мен тазалығын сақтауға үндеу іспетті. Осылай үлкен үміт артқан ұрпағы – XXI ғасырдың жастары ақтық сөзін айта алмаған ақын арманының орнын ана тілінің тазалығын сақтай отырып толтырары сөзсіз. Оның дәлелі ақынның 130 жылдық мерейтойына арналған түрлі мәдени іс-шараларды өткізуі. Кейінгі буынға ана тілін құрметтеу туған өлкенің тарихын, мәдениетін, әдебиетін, табиғатын танудан, ақын-жазушыларын ардақтаудан басталатынын насихаттау қажет.

Гүлшат САДУАҚАСОВА,
Қаратал ауылдық кітапханасының қызметкері



● ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

«Шалғай ауыл шырағы» айдары бойынша осыған дейін тіршілігі жүдеген, кезіндегі даму белесынан ажырап қалған бірқатар ауылдар жайлы жаздық. Толып жатқан мәселелер мен жетіспей жатқан тұстарын көрсеттік. Қаусаған қабырғалары қалған қара шаңырақтарды көрсеттік. Олардың мұң-мұқтажын көтеріп, келеңсіздіктерді шешудің жолын басылым арқылы оқырмандарға жеткіздік. Құзырлы органдарға сұрау салып, бірқатар мәселенің басын аштық. Алайда, шырағын сөндірмей үрлеп, жалындатып жатқан шалғайдағы ауылдар да бар. Осы ретте Панфилов ауданының Шолақай ауылы туралы жазуды құп көріп, жолға шықтық.

Қажет АНДАС

АРЫЗ-ШАҒЫМЫ ЖОҚ АУЫЛ

Орталық мемлекеттік архивтегі құжаттардан Шолақай елді мекенінің бір топ тұрғынының Жетісу облыстық әскери губернаторына жазған хатын таптық. Онда: «1881 жылы, Сіздің мәртебелі мырза, Құлжадан қоныс аудару кезінде және Шолақай ауылын құрағанымызда, Сіз бізге Дубин өткелінің паромшылары ретінде қоныстануға рұқсат бердіңіз, Шолақайда үй салуға, жоюшыға егуге, егіншілік жерлерін және мал жайылымын бөліп бердіңіз. Бұл жерлерді біздің тартып алмау және басқаға бермеу туралы бұйырған едіңіз. Соның негізінде біз бұл жерлерді егінге жыртып, жоюшыға тұқымдарын сектік...» делінген және Шолақай қонысының тарихшылары атынан 7 тұрғын арақ әрпімен қол қойған.





Демек, Шолақай атауы 1880 жылдары болған деген сөз. Дегенмен өңірде сақталған тарихи ескерткіштер сан ғасырлар бойы сақтар мен ғұндар, үйсіндердің ұрпақтары жортып жүріп жол тапқан, Жібек жолының жібі үзілмеген кезеуін жолының бір сілемі болғанын дәлелдейді. Жалпы Жаркент өңірі соңғы бір ғасырда талай тарихи оқиғалар мен өзгерістердің куәсі болды. Шолақай ауылы да сол аумалы-төкпелі жылдардың өзінде атауын да, елді мекенінің аумағын да өзгертпей бүгінге жетті. 1930-1985 жылға дейінгі аумалы-төкпелі заманда атауын да, жер аумағын да толықтай сақтап отырғанының себебі, біріншіден – ауыл шаруашылығын өркендетуге қолайлы болғандығы, екіншіден – қоныстанған халықтың береке-бірлігі мен тату-тәтті тіршілік дәстүрінің тамырластығы, үшіншіден, тұрғындардың ауызбіршілігі мен ақсақалдарының көрегендігінен деп пайымдауға болады.

Іңгә ойымызды Шолақай ауылының ақсақалдары да құптады.

– Атам Итақун Шолақайда туған екен. Кейінгі аумалы-төкпелі жылдары арғы бетке өтіп, 1960 жылдары Қазақстанға қайта оралып, Жетісудың бірақ жерін аралап жүріп, ақыры Шолақайға келіп біржолата қоныстанады. Оны атам: «Шолақайдың дәмі тартып тұрды» деп түсіндіретін. 1962 жылы Шолақайдағы орта мектептің бірінші сыныбына бардым. Ол кезде мектептегі сабақ қазақша, үйғырша берілетін. Орта мектепті бітірген соң, әскери борышымды өтеп қайтқан соң Талдықорғандағы механизаторлар дайындайтын техникумды бітіріп, ауылға оралып, өндірістің сан саласында жұмыс істедім. Осы ауылда үйленіп, шаңырақ көтердім. Зайыбым ауылдық мектепте ағылшын тілі пәнінің мұғалімі болғандықтан балаларым шешелерінің тәрбиесінде білімді болып ержетті. Бүгінде өздері таңдаған мамандықтары бойынша жоғары оқу орындарын бітіріп, елімізідің әр жерінде елге қызмет етіп жүр. Қысқасы, бір әулеттің төрт буынына осы ауылға кіндігімізбен байланғанбыз. Оған өскен жерімізді берекесі мен ауылдастарымыздың ауызбіршілігі сеп болды дер едім, – дейді Шолақай ауылының ақсақалы Әділ Нигмәділұлы.

Бүгінде Шолақай ауылында 5 мыңнан астам адам тұрады. Олар Шолақай, Дихаңқайрат, Жиделі елді мекендерінде орналасқан. Басым бөлігі үйғыр. Олар қазақ, орыс, тағы да басқа ұлт өкілдерімен берекесі бекем, ынтымағы мығым. Өрине, ел іші болған соң ағайын арасындағы түсінбеушіліктің болып жататыны анық. Бірақ өндай жағдайда жастарды жөнге салып, тәртіпке түсіріп отыратын ауыл ақсақалдары бар. Бір айта кетерлігі, шағын ғана Шолақайда 141 «Алтын алқа», 76 «Күміс алқа» иегері атанған аналарымыз тұрады. 500-ге жуық зейнеткердің ақыл-парасатын біріктіріп отырған ауылдық ақсақалдар кеңесі жақсы жұмыс істейді. Сондай кадірменді ақсақалдың бірі, бүгінде 80-нен асқан Бердікожа Жанымаков ұрпақ сабақтастығы мен ауылдастардың берекесі жайлы былай бамдады.

– Бала күнімде ауылда 100 шақты үй тұратын. Ауылымыз аралас, қойлымыз қоралас болғасын ба, бір-бірімізді жақсы танитынбыз. Мен ес білгенде Дихаңқайрат, Күйбышев өз алдына бөлек ұжымшар болатын. Кейін Дихаңқайрат пен Шолақай бірігіп, бір ұжымшарға толықтырылды. Бізділ кезімізде жастар арасында келіспеушілік болып тұратын. Бірақ қазақ, үйғыр, дүңген, татардың ақсақалдары оның бәрін реттеп отыратын. Сол үрдіс бүгінде сақталған. Әсіресе, ауылдастар ортасында бір жақсы дүние болса біріне бірі үйретсем, білдіресем деген таза ниет басым. Шаруасы шатқаяқтап тұрғандарды белсенді, іскер азаматтар демеп, жебеп отырады. Сен ана үлгісің, мен мына үлгіні дейтін бөлінушілік жоқ. «Бәріміз шолақайлықтармыз» деген ортақ ниет басым, – дейді Бердікожа ақсақал.

Осындай жүрек жылытар әңгімелерді бірталай ата-аналарымыздың аузынан естіп, көңілденіп қалдық. Сол берекені бекем ұстаған жастар да көп екен. Ауылына спорт және өнер кешенін салып, ауыл жастарын саламатты өмір салтына бейімдеп жүрген Рашид Надыров атты кәсіпкер азаматпен кездескенде осындай ойға келдік.

– Осы ауылда туып-өстік, білім алдық, алғашқы еңбек жолымызды бастадық. «Кеден ісі» мамандығы бойынша білім алсам да бақытымды кәсіпкерліктен таптым. Басында ауылда тойхана салып, кәсіптің көзін бастадық. Бірақ, жұмысымыз жүріп, қаржымыз көбейгенмен көңілімізде бір бостық тұратындай болды. Өйткені, ауыл жастарының қатары көбейіп сайын оларды спорт пен өнерге жетелейтін орталық болмады. Талай дарынды жастарымыз болғанмен оз мүмкіндігін көрсете алмай жатты. Соны көріп, тойхананы қайта өзгертіп, спорт пен өнерге баулитын орталыққа айналдырдық. Міне, биыл 3 жыл болды, 300-ге жуық ауыл жастары орталықта спорт пен өнердің сан түріне жаттығады. Ауыл арасы шалғай болғандықтан балаларды арнайы автобуспен орталыққа әкеліп, қайтадан үйлеріне дейін жеткізіп саламыз. Қазір мұнда 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Жетістігіміз де мол. Біраз жастарымыз спорт шеберлігіне кандидат болса, бәиіс, күйші, әншілеріміз республикалық, халықаралық байқауларда топ жарып жүр. Ең бастысы – спорт пен өнер үлгіқа, дәиге болибейтін дүние. Қайта күрі, тілі басқа балаларды бір тәртіпке, ұйымшылдыққа, берекеге, ынтымаққа шақырып, ортақ мақсат жолында жұмылдыруға болатынын сезіндік. Себебі, экономикалық жағдайы әр түрлі, отбасылық тәрбиесі болек, мақсаты сан алуан балалар орталыққа келгенде бір тәртіпке бағынады, – дейді Рашид Надыров.

Орталықты аралап, спортпен айналысып жаткан, өнерін өрлетіп жаткан балалардың ұмтылысына, бірлігіне тәнті болдық. Әсіресе, домбырадан күй төккен ұйғыр қызды, дутарда тамаша шертken қазақ баланы, гитараның құлағында ойнаған қарако ұл-қыздарды көргенде көңіліміз көтеріліп қалды. Айта кетерлігі бұл ауыл мерекелік шараларда аудан, облыс орталығынан, алыс қалалардан әртіс іздеп әуре болмайды. Бірлік іс-шараны осы орталықтағы өнерпаздар атқарады.

Халқымызда: «Адам адамнан үлгі, аған ағаштан мәуе алады» деген нақыл сөз бар. Шолақайлықтардың көзге көрінбе бермейтін тағы бір жақсы қасиеті – бірінде-бірі қарап бой түзейтіндігі, адал кәсіппен бәсекелесіп, нәпақа табуға ұмтылатындығы. Бұл жақсы қасиет олардың бойындағы еңбексүйгіштік пен табандылықты оятқан. Қысқасы, ауылда сендегін жүрген адам жоқ. Бәрінің де жұмыстан қолы босамайды. Тіпті көрші ауылдың азаматтары да нәпақасын шолақайлық кәсіпкерлерден тауып жүрген жәйі бар.

– Әр кәсіптің өз бастауы, өркендеу кезеңі болады. Басында қиын болғанмен кәсібің ретке түсіп, өз жолымен жүре бастағанда басқаларға көмегің тие бастайды. Өзім аспалдық өнімдермен 1990 жылдары айналыса бастадым. Басында мектептердің шағын тамақтану орындарын жалға алып, тамағынан қосы батқанша тынымсыз еңбектендім. Жүре келе тәжірибе жинап, табысым еселене түсті. 2002 жылдан бастап ғимараттарды жалға алып, қосымша жұмысшылар жалдап, кондитерлік өнімдер шығара бастадым. 2010 жылы Шолақай ауылынан «SANAM» кондитерлік цехын салып, жұмысымыз ауқымдады. Қазір екі ауысымда 25 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Оның көбі көрші ауылдан келіп жұмыс істейді. Зейнеткы және медициналық төлемдері ай сайын аударылады. Нақты жұмыс істеген 22 жылдан бері бірде жұмыс істеген 4 шеберміз осы орынған зейнеткы шықты. Қазір екі ауысымда 25 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Оның көбі көрші ауылдан келіп жұмыс істейді. Зейнеткы және медициналық төлемдері ай сайын аударылады. Нақты жұмыс істеген 22 жылдан бері бірде жұмыс істеген 4 шеберміз осы орынған зейнеткы шықты. Қазір инновациялық технологиялармен жұмыс істеуге көшіп жатырмыз. Менің жетістігімді көріп, осы саладан кәсіп ашып жатқан ауылдастарым да көбейіп келеді. Осындай бәсекелестіктің болғаны дұрыс. Өйткені, бәсекелестік болған жерде өркендеу де, даму да болады, – дейді «SANAM» кондитерлік цехының директоры Санам Тұрсынқызы.

Абай атамыздың: «Еңбек етсең ерінбей, тоқты қарның тілінбей» деген нақылына сай кәсіпкер көсіп тауып отырған Санам ханым сияқты ауыл тұрғындарының тіршілігін сезіндік. Өрине, өз тапқаны өзіне жетіп жатқан адамның үкіметке алақан жайып, бозмаса басқаға телміріп отырмайтыны белгілі.

– Шолақай ауылында бұрынның қалыптасқан өмір сүру тәсілі бар. Ол – бала ат жалын тартып мінгеннен бастап еңбекпен танқан нанның тәтті болатынын үйрететін ұрпақ сабақтастығы. Ауыл егін және мал шаруашылығымен айналысуға қолайлы жерге орналасқан. Суы жеткілікті, мал жайылымы мол, төрт жолдың торабында жатыр. Іргесінде шетаға базары бар. Ауылда орта мектеп, балабақша, амбулатория, медициналық пункт, пошта, мәдениет үйі, кітапхана, спорт және өнер мектебі жұмыс істейді. Әр отбасының айналысатын қосымша кәсібі бар. 2021 жылы осы ауылға сайлау арқылы әкім болып келдім. Содан бері 3 жылда үйім жоқ, күйім келіспей жүр деп бірде-бір адам алақан жайып келген жоқ. Қайта ақылай кәсіп ашсам, мынадай бизнес бастасам, халыққа қызмет ететін нысандар салсам деген жоспарын айтып, зандық немесе құқықтық тұрғыдан көмек сұрап келетіндер көп, – дейді Шолақай ауылының әкімі Айдос Арсаламов.

Ауыл тұрғындарының тыныста тіршілігін көргеннен кейін ауыл әкімінен көп нәрсені сұрастыруды құп көрмедік. Өйткені, біз іздеген сұрақтың жауабын Шолақай ауылының заманауи келбеті, әрбір үйдің қақпасынан ауласына дейінгі жайлы тіршілігі, жайқалып өскен егінді, өрісі толы малы, бір үйдің баласындай сыйластығы, бірін-бірі қолдап, демеп жатқан татулығы өзі айтып тұрды. Жасыл желекке толған түзу-түзу көшелердің екі жағына орналасқан саулетіне сәні сай салынған тұрғын үйлер көз қуантты. Бірақ ауылдың осынау берекесіне ұйытқы болып отырған ауыл әкімдігі орналасқан ғимараттың жұпыны көрінісі, тозықты түрі көзімізге оттай басылды. «Шіркін-ай, осы ғимаратқа тым болмағанда ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілсе нұр үстіне нұр болар еді» деп ойладық. Бұл сұрақты ауыл әкіміне қойғымыз келмеді, оны аудан тізгінін ұстағандардан сұрағанды жөн көрдік.

Шолақай ауылы, Панфилов ауданы





• ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

ИНТЕРНЕТІ ЖОҚ АУЫЛ

Бақалы ауылдық округіне қарасты Кәкімжан Қазыбаев ауылының тұрғыны Жазира Мұқанованың ауыл тұрғындарының интернет пен телефон байланысының нашарлығынан қиналып жүргені туралы өтініші бойынша жолға шықтық. Басында аудан орталығынан 45 шақырым, Талдықорған – Үшарал күрежолынан аса алыс емес жерге орналасқан, тұтас қазаққа аты белгілі Кәкімжан Қазыбаевтың есімін еншілеген ауылда осындай жағдайдың барлығына сенбедік.



Бақалы ауылдық округіне Бақалы, Кәкімжан Қазыбаев, Тасқұдық ауылдары қарайды. Үш ауылда 1500-ге жуық тұрғын, 363 үй бар. Бұлақ ауылдық округ тұрғындары 12262 гектар жерге дәнді-майлы дақыл, қант қызылшасы, көкөністік шөп сеуіп, ел ырысын шалқытып отыр.

Кәкімжан Қазыбаев ауылының тұрғындарымен кездесуден бұрын аудандық мәслихаттың депутаты Талғат Оралғазиевтың бастауымен Бақалы, Тасқұдық ауылдарын аралап, тыныс-тіршілігімен танысып шықтық. Ескелі Мәдениет үйі, екі қабатты әкімдік ғимараты, фельдшерлік-акушерлік пункт, мешіт, қатымхана, заман талабына сай салынған балалар ойын алаңы ауылдың бет-бейнесін әжарландыра түскен. Ауылдың жолдары асфальтталған. Жаңадан салынған үйлер, ретті қоршаулар тұрғындардың ауқатты екендігін көрсетіп тұр.

Бақалы ауылдық Мәдениет үйінің алдындағы мемлекет және қоғам қайраткері Мұхтар Арынның бюсті жанына жылу сыйлайды. Бұлақ К. Қазыбаев атындағы орта мектепке күрделі жөндеу жұмысы қолға алынып, үш қабатты мектеп ғимаратының жанынан үлкен стадион салынып, қолданысқа беріліпті. Ал оның бір шетінде балалар ойын алаңы орналасқан. Мектеп қақпасының құрылысы мектеп түлектерінің демеушілігімен жүріп жатыр екен.

– *Білім шаңырағы 1980 жылы ашылған. Жалпы 640 орынға арналған мектепте бүгінде 243 бала білім алуда. Шағын орталығымыз бар. Өткен жылы наурыз айында мектепке жаңа автобус берілген. Оларымен шалғай орналасқан К. Қазыбаев ауылының оқушыларын тасымалдаймыз. Бұл мектеп ғимаратын күрделі жөндеу мақсатында қозғалыста қаржы бөлініп, кіреберістен шатырға дейін жөндеу жұмысы жасалды. Есік алдыма брусчатка төселіп, еден мен есіктерді ауыстырғызып, жаңа үстел-орындық алғызып, терезелерге жаңа перде тартқызды. Жиынсыз мен аспаннан, үлкен және кіші спортзал толықтай жаңартылды. Сонымен қатар, Кәкімжан Қазыбаевтың 95 жылдығына орай көптеген шара атқарылуда. Алдағы уақытта үлкен кездесу болады. Жалпы, жаңа оқу жылына осындай жақсы көңіл-күймен кірістік,* – дейді мектеп директоры Назерке Құтбаева.

Бақалы ауылындағы жақсы істерді көріп, жадырап шыққан көңіл-күйіміз күрежолдан Кәкімжан Қазыбаев ауылына бұрылғанда су сепкендей басылды. Алдымен интернет істемей, телефон байланысы өшті. Одан кейін тас төселген кедір-бұдыры көп жол көлікті сілкі басталды. Аяңдап жүріп, ауылдың орта тұсындағы мектептің алдында күтіп тұрған тұрғындардың жанына жеттік. Бірақ көңілсіз ашулы көрінді. Бастабында себебі жараса қоймады. Бірақ «Адам сөйлескенше» деген гой, ақырында сабасына түскен тұрғындар өкпе-назын үйіп-төкті. Атағы алысқа жеткен Кәкімжан Қазыбаев атындағы ауылдың жоғарғы эшелоннан ешкімі қалмаған сияқты. Ауылдың ең ауқатты, ең беделді азаматтарының көпшілігі осында. Ал ауылдың ортасынан өтетін күре жолдың осындай күйге түскеніне ешкім таңданбайтын сияқты.



Суреттерді түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Кәжет АНДАС

Ауылдағы ең беделді ғимараттың бірі – бастауыш мектеп. Ондағы 4 сыныпта 20 оқушы бар. Ал жоғары сынып оқушылары Бақалы ауылындағы Кәкімжан Қазыбаев атындағы орта мектепте оқиды. Оларды мектепке апарып, әкелетін арнайы автобус бар. Ауылдағы балаларға қарағанда олардың көпілі тоқ. Өйткені, Бақалыда интернет жақсы істеп тұр. Кәкімжан Қазыбаев ауылындағы бастауыш сыныпта оқитын балалар ата-әжелері Бақалыдан келгенше тықыршып күтеді. Өйткені, озардан қолжетімді интернет жайлы әңгімелерді бейне қиял-ғажайып ертегісін естігендей тыңдайды.

– *Үйімізге Wi-Fi орнатып алғанбыз. Кезінде оны орнатудың құны 35 мың теңге еді. Қазір 50 мыңға өсіп кетіпті. Көп отбасының оған жеткізбейтін кезімейді. Бірақ сол құрылғы бірде ұстап, енді бірде ұстамай қинайды. Осылай ізденіздің күн кешіп жатырмыз,* – дейді ауылдық мектептің мұғалімі Әсемгүл Қалдыбаева.

Интернеттен қоса ауыл үлкендерін жолдың сапасыздығы да қинап келеді. Ауылдан асфальт төселген көше көрмедік. Оның себебін аудандық мәслихаттың депутаты Талғат Оралханов ауылдың сазды жерге орналасқанымен байланыстыра түсіндірді.

Тұрғындар арасынан Астанадан ауданға дейінгі құзырлы орындарға отбасылық мәселесін айтып, жазып, талай мекеменің табалдырығын тоздырған Айгүл Шаймерденованы кездестірдік. Істің мән-жайын оның үйінде барғанда білдік. Тұрғынның үйінің жанынан осыдан 7 жыл бұрын ауылды таза ауызсумен қамтамасыз ететін қондырғының құрылысы басталыпты. Бірақ аяқталуы қоршаған, жерасты суын шығарғанмен ысқанмен жұмысы толық аяқталмай қалыпты. Құрылысқа жауапты мердігер жер астынан сорып шығарған суды пысаншын ірегесіне ағызып кетіпті. Ақыған су жылдар бойы жиналып, қолға айналған. Соның салдарынан Айгүл және оның көршілерінің үйі бүлініп, ауласын қамыс басып кеткен. Тіпті бірнеше тұрғынның баспанасы жарамсыз болып қалған.

Біз барардан бір-екі күн бұрын Бақалы ауылдық округінің жұмыра сайлаған әкімі Айдар Жанабекөвтің араласуымен ақыл судың арнасын басқа жаққа бұру жұмысы қолға алынған екен. Жөндеу жұмысы жүргізген құрылысшы жігіттермен бірге 7 жыл бойы бітпеген істің түйінін шешіп, ақжан судың арнасын басқа жаққа бұрып, итгілікті іске атсалысып қайттық.

Әрине, Айгүл Шаймерденованы көмектесіп, оның алғысын алғанымызбен Кәкімжан Қазыбаев ауылының ірегесіндегі көне қорғанын бүлінген жағдайын көріп, жүректіміз тағы ауырды. Кешегі одағы кезінде тарихи нысанды кешіп жол салынса, бүгінде оның дәл ортасынан жерасты суын тартатын сорғы құрылысын жүргізіп, та-ғы бүлдірген. Тарихшылардың еңбегінде айтылатын «Ежелгі Атырау қалашығы» деп аталатын қоныс осы болса керек.

– *Осы жер-де 30 жыл-дан ас-там уақыт бойы ауыл-дық округ әкімі болып келемін. Кезінде қорғанның ішінде жайқалып жасыл майса шөп өсіп тұратын. Мына құрылыс түскелі айналасы жайсыз шөп пен қамыс басып кетті. Ауылдың әрқашаннан алыс қалғаны, құрылыс жұмысының шатқақтап тұрғаны қорғанның қасиеті емес пе екен?!* – деп қалды Айгүл Шаймерденова.

Мұның жайын облыстағы тарихи-мәдени мұраларды қорғаумен айналысатын мекемелер мен аудан әкімдігінен сұрап көретін боламыз.

Ең бастысы, Кәкімжан Қазыбаев ауылының тұрғындарына сапалы интернет пен жылдам телефон байланысы керек. Оған сұрау салу енді біздің назарымызда болады.

К. Қазыбаев ауылы, Сарқан ауданы

• РУХАНИЯТ

Кітаптан ұлы ұстаз жоқ. Көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаев: «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деп асыл ойын айшықтаған. Шын мәнінде аппақ әлемнің ақылы мен парасатын әр парағына, сөресіне сіңірген кітап пен кітапхана туралы тереңнен толғануға болады, кемеліне келтіре көркемдеп, кестелеп жырлауға негіз бар. Ал осынау ұлы құндылықтың қалтқысыз қызметінде жүрген кітапханашылар туралы асқақтата айтсақ артық етпес.

КІТАПХАНАШЫЛАР МЕРЕЙЛЕНДІ

Асқақтата айшықтамасақ та өткен жылдан бері күллі кітапханашыларды қуантқан төл мереке күнтізбемізден орын алды. 24 қазан ресми түрде Кітапханашылар күні болып бекітілді.

Руханияттың шырақшысы, ғылым мен білімнің алтын кені саналған кітапхана қызметін жандандырып, заманға, оқырман сұранысына сай еңбек етіп келе жатқан Кітапханашылар күнін жетісулықтар ерекше атап өтті. Дәнеш Рақышев атындағы облыстық филармонияда өткен рухани шарада алғашқы болып сөз алған облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов көпшілікті мерекемен құттықтап, бірқатар кітапханашыларды марапаттады.

Салтанатты шара барысында ұзақ жылдан бері кітапхана ісі бойынша еңбек етіп келе жатқан алакөлдік Сағатқан Дүйсенбаева «Мәдениет саласының үздігі», талдықорғандық Ғалия Ешенова «Кітапхана ісінің ардагері», ақсулық Бақытгүл Мамбетова «Кітапхана ісінің үздігі» төсбелгілерімен марапатталды. Сондай-ақ, мәндай терін шүмектете еңбек етіп келе жатқан бірқатар кітапханашыға Қуаныш Сұлтанұлы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Жетісу облысы әкімінің, басқарманың Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттарын тапсырып, арнайы аталым бойынша жеңіске жеткен мамандарды да мерейлендірді.

Өз кезегінде кітапхана деген кемел сала туралы мемлекет және қоғам қайраткері Науруз Қылышбаев ерекше толғанып білдірді. Ал, Жетісу облысының кәсіподақ филиалының төрайымы Сәуле Ахмадиева Орталық кәсіподақ комитетінің «Еңбек даңқы» төсбелгісін, ақсулық Шолпан Сүлейменова мен алакөлдік Жаңылхан Бұрғанбаеваға табыстаса, бірқатар кітапханашының комитеттің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттарымен мерейлендірді.

Сан алуан ұлт пен ұрпақ үшін қалдырған құнды мұраларын, кітаптарын арқалаған кітапханаңның қадіріне жету әрбір саналы азаматтың міндеті десек, бұл орайда оқырман мен кітап арасындағы ұлы достыққа арқау болар кітапханашылардың ісі ерен. Осынау сала мамандарына арналған мерекелік күнге орайластырылған салтанатты шарада дені мерейленсе, рухани шараға қатысқан көпшілік Дәнеш Рақышев атындағы облыстық филармония өнерпаздарының концерттік бағдарламасын тамашалап, әсем әннің ырғағымен тербелді, тебіренді.

АРДА БИ